

Қазақстанның болашағы —  
қазақ тілінде

1 2008  
5308к

# СИНОНИМДЕР СӨЗДІГІ









ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНІЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ТІЛ КОМИТЕТІ

# СИНОНИМДЕР СӨЗДІГІ

Редакция алқасы:

АЙТБАЙҰЛЫ Өмірзақ

ӘБДРАХМАНОВ Сауытбек

КЕКІЛБАЙ Әбіш

ҚАЖЫБЕК Ерден

ҚАЙДАР Әбдуәли

ҚАЛИҰЛЫ Байынқол

ҚҰЛКЕНОВ Мереке

САРЫБАЕВ Шора

СЕРФАЛИЕВ Мырзатай

СЫЗДЫҚ Рәбиға

ХҰСАЙЫН Көбей

СЕЙДІН БИЗАҚОВ

СИНОНИМДЕР  
СӨЗДІГІ



**АРЫС**

Алматы

2007

ББК 81.2-4  
С 41

Сөздік  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің  
тапсырысы бойынша дайындалып, басылып шықты

Бейімдеген және жауапты шығарушы  
филология ғылымдарының кандидаты  
Фарифолла ӘНЕС

### **БИЗАҚОВ С.**

С 41 **Синонимдер сөздігі.** – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.  
– 640 бет.

ISBN 9965-17-465-2

Тұлғасы басқаша болғанымен, мағынасы бір-біріне жуық, бірінің орнына бірі қолданыла беретін синоним сөздер – тіл байлығының құнарлы бір саласы, шешен де шебер сөйлеудің құралы, ең бастысы, халықтық таным-түсінікті, ұлттық болмысты қалыптастыратын қайнар көздерінің бірі. Қазақ тілінің синонимдері саны мен сапасы жағынан да, синонимдік қатарлардың молшылығы жағынан да өте бай.

Көрнекті тілші-ғалым филология ғылымдарының докторы, профессор С. Бизақовтың «Синонимдер сөздігі» ана тілін қадірлеп-қастерлейтін, үйренуден жалықпайтын қалың оқырман қауымға арналған.

ББК 81.2-4

ISBN 9965-17-465-2

© Бизақов С., 2007  
© Тіл комитеті, 2007  
© «Арыс» баспасы, 2007



## **ТІЛ МӘЙЕГІ – СӨЗДІКТЕ (Сөздік өндірісі – замана талабы)**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілінің қолданыс аясы күннен-күнге артқан сайын оған деген ғылыми қажеттілік те өсіп келеді. Қазақ тілін қоғамдық және ғылыми салада қолдану мен дамытуға барынша жағдай жасалып, оның жан-жақты әлеуметтік-коммуникативтік рөлін арттыру өмір талабына айналып отыр.

Осы мақсатта тілімізді дамытуға қажетті сан салалы сөздіктерді көптеп шығару қазіргі кезеңде үлкен сұраныс тудырып отырғанын айта кету керек. Қазақ тілін дамыту бағыты оның мемлекеттік мәртебесін іске асыру қажеттілігімен айқындалады. Бұл бағытта іске асырылып жатқан шаралар жеткілікті.

Қазіргі кезеңде қазақ тілін дамытуда ғылыми-лингвистикалық зерттеулер жүргізу мен олардың нәтижелерін нақты іске асыру арқылы қазіргі қазақ әдеби, ғылыми, салалық тілінің нормаларын бірыңғайлауды қамтамасыз ету де негізгі міндеттер болып табылады. Сонымен қатар қазіргі қазақ тілінің сөзжасам процестерінің, оның ішінде терминжасам қағидаттарын ғылыми негізде жүйелеу, қазақ тілінің толыққанды терминологиялық жүйесін қалыптастыру мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Қазақ тілінің ортақ нормаларын жүйеге келтіру арқылы тілдік, сөздік қорымызды байыта түсетініміз айқын. Қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әліпбиі мен орфографиясын жетілдіру жөнінде де шаралар қолға алынды.

Қазақ тілінің әдеби, лексика-фразеологиялық, терминдік, синонимдік, аймақтық тілдік нормалары жан-жақты әрі бай. Сондықтан да оны қолдануда көп жағдайда дұрыс мағынасын түсінбей үстірт кетіп жататын жағдайлар аз болмай жатады.

Осыған байланысты құрылымы мен мазмұны жағынан жалпы жұртшылықтың қолдануына қолайлы, таралымы жоғары, көпшілікқолды әр алуан сөздіктерді шығару қажеттілігі туып отыр.

Әрине, бұған дейін де қазақ тілінің сөздік қорын жинақтау, ұлттық тілдің сөз әлемін ғылыми түрде хатқа түсіре отырып, сөздік өндірісін жасау жолға қойылған. Бұл салада қазақ тіл білімінде азды-көпті жинақталған тәжірибе де, сөзді лексикографиялаудағы үлгі-дәстүр де баршылық. Басқасын айтпағанның өзінде проф. А. Ысқақовтың ғылыми басшылығымен шыққан он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1974–1986), акад. І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977), «Орысша-қазақша сөздік» (1954, 1978, 2003), «Қазақ тілінің сөздігі» (1999) сияқты еңбектер қалың жұртшылыққа жақсы таныс. Сонымен қатар соңғы жылдардың өзінде «Қазақша-орысша сөздік», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі», «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі», «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» және бұрын-соңды шығып жатқан терминологиялық түсіндірме сөздіктер, ғылым салаларына байланысты аударма терминологиялық сөздіктердің түрлері, энциклопедиялар т.б. – Қазақстандағы сөздік өндірісінің қарқынды қалыптасып, дамып келе жатқандығын көрсетіп отыр.

Қазіргі кезде «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» толықтырылып, он бес томдық етіп шығару ісі жүзеге асырылуда. Аталған сөзтізбеге кіретін сөздік бірліктерінің құрамын, лұғаттық мақаланың құрылымы мен құрылысын айқындауда, дерексөздерді талғап-таңдауда, сөздік бірліктердің мағынасын түсіндіруде бұл көптомдық еңбектің орны айрықша болатындығында сөз жоқ.

Қазақ лексикографиясы мен лексикологиясы, грамматикасы қай жағынан болсын едәуір биікке көтерілді. Нәтижелі еңбек, атқарылған іс-шаралар аз емес. Дегенмен басы ашылмаған, жиналмай жатқан, сараланбай, жүйеге түспей жатқан дүниелер әлі де көп. Тіліміздің мемлекеттік мәртебесін пайдалана отырып, оны жаңа заманғы технологиялық жетістіктердің көмегімен көрсету міндеті де алдымызда тұр.

Бұл мақсатта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығы мен іске асып жатқан «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ауқымды жұмыстар жалғасын табуда. Соның бірі ретінде қалың жұртшылықтың толықтай қолдануы мақсатында көп даламен шығарылып отырған осы – «Орфографиялық сөздік», «Орфоэпиялық сөздік», «Фразеологиялық сөздік», «Синонимдер сөздігі» және т.б. сөздіктер мен «Емлесі қиын сөздер», «Қазақ есімдері», «Қазақ жер-су аттары» секілді анықтамалық сөздіктермен қамтамасыз ету тіліміздің әлемдік бәсекелестікке төтеп беруіне мол мүмкіндіктер береді.

Сөздіктер мен анықтамалықтарды жанпай шығару дәстүрі ауызекі сөйлеуімізді кеңейтіп әрі байыта отырып және әдеби тіліміздің ғылыми негізде әрі қарай дамытуға негіз қалай береді деп сенеміз.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының ерекше ерік-жігер, қыруар күш-қайрат жұмсай отырып, тіліміздің әлеуметтік-мәдени маңызын ескере келіп, ағатан сөздіктерді құрастырудағы еңбектеріне шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

Көп таралыммен шығып отырған бұл сөздіктер ұлттық рухани мол мұрамыздың қайнар көзі ретінде баршаға қажет құрал болатындығына сенім мол.

*Ерден ҚАЖЫБЕК,  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Тіл комитетінің төрағасы,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор*



## АЛҒЫ СӨЗ

Синонимдер – қай-қай тілдің болса да тіл байлығының көрсеткіші, сөз қорының алтын сандық, асыл қазынасы.

Қазақ тілінің синоним сөздерге аса бай екенін тілімізді зерттеушілердің барлығы айтып та, жазып та келеді. Мысалы, *кішкентай* сөзінің отыз үш синонимдік қатары сөздікте көрсетілді. Түр-түске қатысты сөздердің, сондай-ақ, *күшті, сөтқар, білдей, қожандау, болдыру, цру, зымырау, есуас, аласа, ашулану*, барлық тағы басқа аталымдардың, *көл-көсір, даң-дүң, алба-жұлба* сияқты қос сөздердің он бестен отызға дейінгі синонимдік қатарының берілуі бұл айтылғанның айқын айғағы.

Ана тілінің ұшан-теңіз байлығын зерттеп, зерделей отырып халықтың дүниетанымын, болмыс-бітімін, ұлттық менталитетін анықтауға болады. Ерте кезден-ақ отандық және шетелдік түркітанушы ғалымдар қазақтардың сөз өнеріне аса жетік, сөздің қадір-қасиетіне мән беретін, сол арқылы тәрбиеленіп келгенін атап өткен.

Ана тіліміздің байлығы мен оралымдығы, көркемділігі мен бейнелілігі, әуендігі мен нәзік ырғақтығы, алымы мен кең тыныстылығы, қырлы-сырлы тіл екендігі синоним сөздердің молдығымен көрініс тапқан. Айталық, тіл өнеріне қоса сөз әдебіне де аса үлкен мән берген халқымыз мағынасы жағымсыз сөздерді жұмсартып, жеңілдетіп айтудың әр алуан түрін қолдана білген. Мысалы, естір құлаққа жағымсыз әсер ететін *өлді* сөзі эвфемистік тәсілмен айтылған мына төмендегідей отыздан астам синонимдік қатар түзеді: *қайтты, үзілді, өтті, кетті, қиылды, шетінеді, құлады, мерт болды, қаза тапты, дүние салды, қайтыс болды, опат болды, жан тапсырды, жан тәсілім етті, бақилыққа аттанды, қайтпас сапарға аттанды, жүрін кетті, жарық дүниемен қоштасты, о дүниелік болды, өмірден озды, дүниеден озды, дүниеден өтті, дүниеден көшті, демі тоқтады, бұл пәниден өтті* деп, ал онша ұнатпайтындарға қатысты *мүрдөм кетті, опат болды, жан берді* деп айту қалыптасқан. Ал атышулы қылмыскер болса, *сеспей қатты, жер жастанды* синонимдері айтылып қалады. Сондай-ақ қазақ тілі айналып-толғануды, еркелету мен ізест мағынасын білдіретін арнайы сөздерге басқа тілдерге, соның ішінде туыс тілдерге қарағанда да әлдеқайда бай. Әрі ондай мағынаны білдіретін амал-тәсілдері

де сан алуан. Мұндай сөздерді пайдалануды түркітанушылар ұлттық мінез-құлықтың ең бір маңызды ерекшелігі деп таниды. Сөздіктің бұл соңғы басылымында еркелету мағынасындағы сөздің алпыстан астам синонимдік қатары берілді.

Сөздікте сондай-ақ кейінгі жылдары баспасөзде қолданыла бастаған, әдеби тілге сұранып тұрған бірлі-жарым жергілікті ерекшелік, көнерген және кәсіби сөздер де берілді. Синонимдік қатарға байланысты түсініктемелерде сөздердің әр алуан мағыналық реңктері түгел қайталанбай, басты мағыналық ерекшелігіне ғана сипаттама берілді. Өйткені сөздің көп мағыналығын анықтау түсіндірме сөздікке жүктелетіні белгілі.

Лұғаттық мақаланың көп бөлігі алғаш рет беріліп отыр. Ұядағы синонимдік қатарлар молықтырылып, иллюстративтік мысалдармен де біраз жаңартылды. Сөздіктің үшінші басылымындағы синонимдік қатардан берілген мысалдан қысқарған тұстар мынадай: 1) Бұрынғары тілімізде қолданылып келген, бірақ соңғы он-он бес жылда балама атаулармен алмастырылған, орыс тілі арқылы енген *право, семья* тәрізді сөздер сөздікке енгізілген жоқ. 2) Сөздіктің үшінші басылымындағы *бейнетқор, бейнеткер, бейнеткеш, еңбекқор, еңбекқой, бұзық, бұзықор, теңтек, кокем, әкем, иектеу, заманғы, шам, ар, алысу, ұждан, қастерлі, обыр, бәрекелді, жалақор, пәлекор, зейінді, қарт, мықты, шындық, ақиқат, қысқа, кішкене, қария, амал, айла, сиықсыз, дімкәс, долы, ызақор, шалғай, қиян, сұрқия, тәсілқой, кездірлену, жұрдай, бәрекелді* секілді қайталанып келген, сондай-ақ басқа сөздермен синонимдік қатар құрауға тиіс сөздер қысқартылды.

Сөздік мәтінін түзуде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ұзақ жылдар бойы жинақталған картотека қоры пайдаланылды. Сондай-ақ жұмыс барысында «Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері» (екі томдық – 1959-1961; он томдық – 1974-1986; бір томдық – 1999), «Абай тілі сөздігі» (1968), «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977), «Вариант сөздер сөздігі» (2000), «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» (1999), энциклопедиялық сөздіктер пайдаланылды.

Қазақ тілінің синонимдер сөздігі төрт рет, атап айтсақ, 1962, 1975, 2001, 2005 жылдары жарық көрді. Қазіргі әдеби тілдің қалыптасып, ғылым мен техниканың қанат жайып өскен уақытында сөздікке деген сұраныс та арта түспек. Сөздіктер бір емес, әлдепеше рет жасалып, қолдан-қолға өтіп өңделеді, толығады. Мәселен, 1962 жылы шыққан сөздікте синонимдік қатар құрайтын төрт мындай сөз ғана болса, соңғы басылымда оның көлемі әлдепеше рет арттырылды.

Бүгінде егеменді, іргелі, өркенесті ел дәрежесіне қол сұзған кезімізде түрлі жаңа сөздіктер, анықтамалықтар тіл мәде-

шетіндегі табыстарды, оның жүйесі қатыптасқан нормаларын жұртшылыққа дер кезінде күнбе-күн жеткізудің, білім берудің көрінісі ретінде маңызын арттыра түсуде. Бұл – бүгінгі заман талабы. Бүкіл баспасөз, мектеп, радио, теледидар хабарларының, оқытылатын лекциялардың бәрі де ана тілінің жүйеленген сөздіктеріне сүйене отырып жасалуға тиіс. Сөздіктер тілді жүйелендіріп, ауа жайылушылықтан сақтандырады, әдеби тілдің баршаға ортақ болып, әрі тіл тазалығы арта түсуіне тікелей ықпал етеді. Бүгіндері төл тілімізде күнделікті газет-журналдармен қатар, көркем әдебиет, саяси әдебиет, ғылыми, педагогикалық және ғылыми-техникалық әдебиеттер көптен шығарылуда. Сонымен бірге тілді алдағы кезде бұдан да бай, әрі оралымды ету үшін оның шексіз мүмкіншіліктерін барынша іздестіріп, көдеге жарата білуіміз қажет. Күнделікті тәжірибеде синонимдердің қолдану аясын орнықтырып, саралап, бір ізге келтіру қажет.

Синонимдер сөздігі мектеп оқушылары мен студенттерге, филологтарға, жазушылар мен аудармашыларға, баспасөз қызметкерлері мен журналистерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, қазақ тілін тереңдеп үйренуді мақсат тұтқан барша оқырман қауымға арналған. Сөздік синонимдердің реңктік айырмашылығын айқын сезініп, дұрыс қолдануға дағдыландыратын көмекші оқулық қызметін атқаруға тиіс.

Тіліміздегі синонимия құбылысының қыр-сырын терең білсем, оның табиғатын жете түсінсем деген тілсүйер қауым үшін Сөздік соңында арнайы «Соңғы сөз» беріліп отыр.

Сөздік «Арыс» баспасы мен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлерінің бірлесе жүргізген жұмыстарының нәтижесінде жарық көріп отыр.

Сөздіктен байқалған кейбір кем-кетікті көрсетіп, талап-тілек білдірген оқырмандарға күні бұрын үлкен ризашылығымызды білдірмекпіз. Сөздікке қатысты пікірлеріңіз бен ескертпелеріңізді Тіл білімі институтына (050010, Алматы қаласы, Құрманғазы, 29) немесе «Арыс» баспасына (050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143) жіберулеріңізді сұраймыз.

## СӨЗДІКТІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Тұлғалары әртүрлі болғанмен, мағынасы жақын мәндес сөздер тобы синонимдік қатар құрап, синонимдік ұяда көрсетіледі. Жалпы алфавит тәртібімен берілген лұғаттық ұядағы сөздің синонимдік қатарының күнделікті баспасөз бен сөйлеу тілінде ең басым қолданатын сыңары алдымен беріліп, одан кейін қалғандары тұрады. Оқырманға белгілі болып үлгіре қоймаған бірлі-жарым синонимдер ең соңынан беріледі. Қолдану жиілігі теңдей синоним сөздердің негізінен алфавит тәртібімен бұрынырақ келетіні алдымен беріледі. Тірек атауы әлі анықтала қоймаған бірлі-жарым синонимдік қатар да кездеседі. Мәселен, күнделікті сөйлеу тәжірибесінде *перзентхана – нәрестехана – сәбиxана – бөбекxана* деген тәрізді бір сөздің әр алуан нұсқасы кездесе береді.

Синонимдік қатарға алынғандардың бәрі де әдеби тілдің кәжетіне жарайтын сөздер болғандықтан, ешбір стильдік белгісіз берілді. Сыртқы тұлға-түрпаты бірдей, бірақ мағыналары басқа омонимдік атаулардың тұсына араб цифрымен белгілер қойылып, мағыналары сараланды.

Синонимдік қатарға енетін сөздердің әрқайсысына барлық жанрда жазылған шығармалардан мысалдар келтіріліп, олардың авторлары аталады. Кейбір мысалдар көп нүкте қойылмай-ақ ықшамдалып берілді. Поэзиядан алынған мысалдар өлең үлгісімен емес, қара сөздің тізілу тәртібімен берілді, бірақ өлеңнің әрбір жолы бас әріппен басталып жазылды. Сөздіктерде беріліп, бірақ авторы көрсетілмеген тұстарға «түсіндірме сөздік» деп көрсеттік. Иллюстративтік мысал табылмаған кейбір сөздерге ойдан мысалдар алынып, оған «ауызекі тіл» деген белгі қойылды. Сөздікте кейбір сөздердің қолдану аясы мен таралу шегін, атыраптық өрісін, экспрессивтік реңкін сипаттау мақсатымен төмендегідей стильдік белгілер қойылды: сөйлеу тіліне тән сөз (*сөйл.*), қарапайым сөз (*қарап.*), жергілікті ерекшелік (*жерг.*), кітаби лексика (*кітаб.*), кәсіби лексика (*кәсіб.*), көнерген сөз (*көне.*), жана атау (*жаңа.*), экспрессивті сөз (*экспр.*), эвфемизм (*эвфем.*).

Лұғаттық ұядағы синонимдердің саны екіден кем емес. Олардың саны он-он бес, тіпті одан да көп болуы мүмкін. Мысалы, *секіру – қарғу – ырыу – ыргу – орғу – шоршу, созуар – сөзшең – сөйлеуік – сөйлемпаз, селқос – енжар – сүлесоқ – салғырт – самарқау – бойкүйез, сотқар – содыр – бұзақы – қияңқы – сотанақ – бұзық – бейбастық,*



*кішкентай – титтей биштей бармақтай құртымдай құртақандай – құрттай қылдай қылдырықтай мишімдей зәредей – шынтақтай – шүйкімдей.*

Синонимдік қатардың бір сыңары сөз тіркесі болып келген жағдайда оның кіріккен сөзге айналған аталмыш тұлғасы сөздің алдында тұрады. Мысалы, *сосын – сонан соң, әкелу – алып келу, әкету алып кету, апару – алып бару.* Тек аталмыш тұлға сөйлеу тіліне немесе жергілікті ерекшелікке қатысты болған жағдайда ғана кіріккен сөз синонимдік қатардың соңынан беріледі.

Қайсыбір синонимдік қатар қайта топтастырылды. Мысалы, мағыналық, реңктік айырмашылығын ескеріп *ажар, әр мен бет, жүз* жұптарын әр басқа топта көрсеттік. *Төңірек* пен *аймақ* сияқты әр басқа синонимдік қатарға жатқызған сөздер де бар. Лұғаттық ұядағы синонимдік қатардың шамадан тыс көп болуы да ескерілді. Мәселен, баланы еркелетумен байланысты сөздіктің үшінші басылымында он шақты синоним сөз бір ғана лұғаттық ұяда берілсе, жаңа сөздікте олардың санының көптігін ескеріп, мына төмендегідей жеті синонимдік топқа бөліп бердік:

1. **Жарық сәуле түсіру ұғымымен байланысты:** *шырағым, шырақ, жарығым, сәулем, сәулетай, сәулетайым, сәулеш, сәулешім, жарық дүнием, айым, күнім, күнтайым, жұлдызым.*

2. **Үй жануары, төрт түлік малдың төлдерімен байланыстырып:** *ботам, ботақаным, ботажаным, боташ, боташым, қозым, қоңыр қозым, қошақаным, құлыным, құлыншағым, құлынтай, құлынтайым.*

3. **Құс атауымен байланысты:** *қарғам, қарғатайым, қарғашым, қарлығашым, балапаным, аққуым, көгершінім.*

4. **Шыбын сөзімен байланысты:** *шыбыным, шыбынтайым, шыбын жаным.*

5. **Айнал немесе басқа атауыш сөзбен байланысты:** *айналайын, айналдым, айнам, айнашым, жаным, жарықтығым, жарқыным.*

6. **Әке, көке сөздерімен байланысты еркелету:** *әкетай, әкетайым, әкебас, әкем, әкежан, әкежаным, әкешім, көкем, көкетай, көкетайым, көкешім, көкежан, көкежаным.*

7. **Қалқа, қарақ сөздерімен байланыстырып еркелету:** *қалқа, қалқам, қалқатай, қалқатайым, қалқабас, қалқаш, қалқабас, қалқажан, қалқажаным, қарақ, қарағым, қарашығым.*

Сөздікте қайталанып келетін сөздер бар. Әдетте сөз қайталауды мотивті қайталау, мотивсіз қайталау деп екіге бөлеміз. Сөздікте мотивсіз қайталау болмауға тиіс. Ал мотивті қайталау сөздің көп мағыналығымен байланысты. Мысалы: *қасқыр* – 1) бөрі, 2) ожет, 3) жыртқыш, 4) жауыз; *бекіту* – 1) құлынтау, 2) бітеу; *күйлі* – 1) ау-

қатты, 2) қоңды, 3) тың; *қаһарман* – 1) ер, батыр, 2) кейіпкер; *дәл* – 1) нақ, 2) дұрыс; *бейне* – 1) секілді, 2) нағыз; *баяма* – 1) бояулы; 2) жасанды; *арам* – 1) харам, 2) арамза; *ретсіз* – 1) жөнсіз; 2) жүйесіз; *қаңсу* – 1) құрғау, 2) шөлдеу; *құнарлы* – 1) нәрлі, 2) мәнді, 3) шұрайлы; *қисынсыз* – 1) орынсыз; 2) ұйқассыз; *жалған* – 1) өтірік, 2) жасанды; *тәріздес* – 1) ұқсас, 2) секілді; *құрал* – 1) қару, 2) сайман; *қатар* – 1) рет, 2) қоса сияқты көптеген сөз бірнеше лұғаттық ұяда берілді.

Көп мағыналықтың әртүрлі сөз табына қатыстылары да кездеседі: *демесу* – 1) зат есім, 2) қимыл атау; *қатынас* – 1) зат есім, 2) етістік; *қашықтау* – 1) сын есім, 2) қимыл атау; *қонақжай* – 1) зат есім, 2) сын есім, *шабыс* – 1) қырқыс, 2) жарыс; *қаралы* – 1) азалы, 2) шақты; *жарату* – 1) жақтыру, 2) жұмсау және т.б.

Сөздікте берілген тұлғалық дербестігі жоқ сөздер үш түрлі. Оның біріншісі – бұрыннан қалыптасқан омоним сөздер. Мәселен, *қу* – 1) айлакер, 2) құрғақ; *кене* – 1) лашық, 2) қозы; *шабу* – 1) кесу, 2) құйғыту; *ат* – 1) есім, 2) жылқы; *тегіс* – 1) жазық, 2) түгел; *бүлдіршіп* – 1) бодене, 2) жеткіншек.

Көп мағыналықтың одан әрі дами келе омонимдік қатар түзуіне байланысты кейбір сөздер екінші топты құрайды, мысалы, *ауысу* – 1) алмасу, 2) жындану; *қатты* – 1) жұмсақ емес, 2) саран; *қарайлас* – 1) шамалас, 2) көмектес; *тастай* – 1) мұздай, 2) қатты; *үн* – 1) дауыс, 2) лебіз, сөз; *әзір* – 1) қазір, 2) даяр; *салмақты* – 1) ауыр, 2) ұстамды; *барлық* – 1) бүкіл, 2) молшылық; *құрсақ* – 1) қарын, 2) жатыр; *әкежан* – 1) менін әкем, 2) қалқатай; *жайырақ* – 1) бөсенірек, 2) кешірек; *аудару* – 1) қопару, 2) тәржімелеу; *бап* – 1) күтім, 2) бөлім; *мұқым* – 1) мүлдем, 2) бүкіл; *шырақ* – 1) шам, 2) шырағым т.б.

Ал омоним сөздердің үшінші тобына мағыналас сөздердің әр алуан сөз табына жататындары кіреді. Мысалы, *ана* – 1) есімдік, 2) зат есім; *жас* – 1) зат есім, 2) сын есім; *әдемілеу* – 1) етістік, 2) сын есім; *қорқақтау* – 1) сын есім, 2) етістік; *ақша* – 1) пұл (зат есім), 2) ақшыл (сын есім); *кебу* – 1) сын есім, 2) етістік; *жүдеу* – 1) етістік, 2) сын есім; *жалтақтау* – етістік, 2) сын есім; *дана* – 1) данышпан (сын есім); *алыстау* – 1) сын есім, 2) етістік; *биіктеу* – 1) сын есім, 2) етістік; *әмпейлес* – 1) сын есім, 2) етістік; *қорқақтау* – 1) сын есім, 2) етістік; *жазу* – 1) етістік, 2) сын есім, 3) зат есім, 4) зат есім; *елдес* – 1) етістік, 2) зат есім т.б.

## ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ

Баспа түрі		Әріптердің аты
бас әріп	кіші әріп	
А	а	а
Ә	ә	ә
Б	б	бы
В	в	ве
Г	г	гі
Ғ	ғ	ғы
Д	д	ды
Е	е	е
Ё	ё	йо
Ж	ж	жы
З	з	зы
И	и	ий
Й	й	й
К	к	кі
Қ	қ	қы
Л	л	ыл
М	м	мы
Н	н	ны
Ң	ң	ың
О	о	о
Ө	ө	ө
П	п	пы
Р	р	ыр
С	с	сы
Т	т	ты
У	у	уу
Ұ	ұ	ұ
Ү	ү	ү
Ф	ф	эф
Х	х	хы
Һ	һ	һы
Ц	ц	це
Ч	ч	че
Ш	ш	шы
Щ	щ	ща
Ъ	ъ	айыру белгісі
Ы	ы	ы
І	і	і
Ь	ь	жіңішкелік белгісі
Э	э	э
Ю	ю	йүү
Я	я	йя

## СӨЗДІКТЕ КЕЗДЕСЕТІН ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

- «Қаз. ақын. шығ.» – «Қазақ ақындарының шығармалары» кітабы  
«Қаз. әдеб.» – «Қазақ әдебиеті» газеті  
«Қазақст. әйелд.» – «Қазақстан әйелдері» журналы  
«Қаз. ертегі.» – «Қазақ ертегілері»  
«Қазақст. коммунисті» – «Қазақстан коммунисті» журналы  
«Қазақст. мект.» – «Қазақстан мектебі» журналы  
«Қазақст. мұғ.» – «Қазақстан мұғалімі» журналы  
«Қысқ. саяси экон.» – «Қысқаша саяси экономика» кітабы  
«ҚСЭ» – «Қазақ совет энциклопедиясы»  
«Лен. жас» – «Лениншіл жас» газеті  
«Соц. Қаз.» – «Социалистік Қазақстан» газеті  
«Халық. мұғ.» – «Халық мұғалімі» журналы

- жаңа* – жаңа атау  
*жерг.* – жергілікті ерекшелік  
*кәсіб.* – кәсіби лексика  
*көне.* – көнерген сөз  
*кітаб.* – кітаби лексика  
*қарап.* – қарапайым сөз  
*сөйл.* – сөйлеу тіліне тән сөз  
*эвфем.* – эвфемизм  
*экспр.* – экспрессивті сөз

## А

**А, я.** *Жалынып-жалбарынарда қосып айтатын одағай сөз.* Құла ат тәлтіректеп есінен айырылып, жығылуға айналған уақытта Бақтығұл «А, Құдай» деп айқайлап жіберіп, аттың жалынан басын секіріп кетті (М. Әуезов). Қарағайлар қойған байлап және жұмбақ әдемі, Мал айтқан ел я, құдайлап, жуытпа деп бәлені (Ғ. Орманов).

**Абайлау, байқау, аңдау, аңғару, аңыстау, байымдау, байқастау, байыптау, парлау.** *Бір нәрсенің жай-жапсарын, мән-жайын терең түсініп ажырата білу, бір нәрсенің жайын сырттай бақылап білу. Байымдау, байыптау, нарықтау, парлау дегендер әр нәрсеге жіті қарап, оның қыр-сырына нақтылы көз жеткізу.* Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар, Абайлар әрбір сөзді өз халінше (Абай). Мені ауызға алу ешкімнің де ойында жоқ екенін *байқап*, көңілім орнына түсіп, қызды көзбен іздей бастап едім (К. Баялиев). *Аңдап* қарап еді, ауылдың шетіндегі шым үйде тұратын көрні ауылдан көшіп келген жесір әйелдің қызы екен (М. Серғалиев). Айқын өзінің аңдамай ағат сөйлегенін енді ғана *аңғарды* (Ә. Әбішев). Сұлтанмахмұт елдің көңілін, бетін *аңыстады* (Д. Әбілев). *Байымдағанға* талай-талай оқиғалардың талай-талай іздері жатыр мұнда (С. Шаймерденов). Әже көңіліне ризашылық білдіре отырып, қымзын алған Шопін баланың осы әңгіме тұсындағы өзгерісін *байқастап*, әрбір болжамға ауысты (К. Оразалин). Айткен бұл жердегі астарлы сөздерді жете *байыптай* қойған жоқ (С. Бегалин). От жалын ақындардың төресі бұл, әрбір сөзін салмақтап *парлап* отыр («Ел аузынан»).

**Абдырау, дебдіреу, дегбіреу, дабдырау, әбігерлену, қалбаңдау, абалақтау.** *Айтайын деген ойып, пікірін байыптап, сабырмен жеткіле алмау, асып-сасу.* *Абдырап* бекер саснады, көрмесе дағы еш уақ. Жалау ғып бұлғай бастады, Жейдесін бірі шешіп ап (М. Неталиев). Тоқта *дебдіремей!* Алдымен өз жөніңді айт, кімің (Ә. Әбішев). Батырбектің жүзіндегі *дегбіреу* нышанын байқап қалып, күдіктене сөз қағытты хан сонда (С. Омаров). Мапағыдай *дабдырамай* жалғара жауап берді (М. Хасенов). Оның айттып келген хабары жұрттың бәрін *әбігерлендірді* (М. Қаратаев). Шапанның бір нығып жамылып, бір нығып жүре сұғынып *қалбаңдап* Бекболат шықты (Ж. Аймауытов). Көңілін қатер жайлағанымен, абдырап *абалақтаған* жоқ (М. Мағауин).

**Абдырауық, абдырағыш.** *Абдырап-дабдырап жүретін.* Келінің осыныша *абдырауық* қылық көрсетуінің тектен-тек емес екенін Алтын

шешей айтпақ-ақ сезген («Жас Алаш»). *Абдырағыш* ағайын туғандары бірдеме болып қалды ма дегендей даурығын қалды («Қаз. әдеб.»).

**Абзал, ардагер, асыл.** *Мінез-құлқымен, іс-әрекетімен елге танылған, жұрттың сүйіспеншілігіне бөленген қадірменді адам.* Бұл үйдегі жігіттердің *абзалы* Ғали, қыздардың *абзалы* Жамал секілді көрінді (Міржақып). Спорт жайлы өңгімелей бастағанда біз казак халқының *ардагер* ұлдары Балуан Шолақ пен Қажымұқанды еске аламыз (Ғ. Тәжімбаев). Ердің асылы күшінен білінеді, Қатынның *асылы* ісінен білінеді (Мақал).

**Абзалдық, ардагерлік, асылдық.** *Абзал болушылық, аяулылық. Абзалдықты* қанға сонда ескі кеп, Жұғысқанда жұмсақ қолы енгірек (Х. Ерғалиев). Жұман қарияның жұрт құрмет тұтатып *ардагерлігі*, еңбекқорлығы көпке мәлім («Лен. жас»). Апананың *асылдығын* корді Темір, Білмейтін меірімді жонді Темір, Әзірше жауыздықты ауыздықтап, Анаға жылы шырай берді Темір (К. Райбаев).

**Абзалы, жөн, лазым.** *Ең дұрысы, көкейге қонымдысы.* Көкемде, *абзалы*, атамның бойындағы ең бағалы да керек қасиеттердің көбі жоқ-ау деген күмәнім бар (М. Айымбетов). Ағайындас адамдар болған соң, бір-бірімізге керекті жәрдемimizi бергеніміз *жөн* (З. Қалауова). Замананың аужайы әркімге аян, оны тәптіштеп жатпай, тек татулықты ойлау *лазым* (М. Гумеров).

**Абыз, машайық, абзи көне.** *Сәуегейлігі бар, аса білгір, білімді, дуалы ауыз.* Баяғыда қыпшақ елінде Байсерке деген айтқыш болып, оны ел *абыз* деп атапты (С. Қасиманов). Айттыңдар, кім әулие, кім *машайық*? Меілі біз жүз жасайық, мың жасайық (Қ. Бекхожин). Файзирахан *абзидің* Хасан деген он жетідегі баласы болған (С. Омаров).

**Абыр-дұбыр, абыр-дабыр, абыр-жабыр, дабыр-дұбыр, дабыр-дүбір, абыр-гүбір, абыр-дыбыр, абыр-жұбыр.** *Даң-дұң дыбыс, у да шу.* Үлкен канал қазылады екен, – деп, жиналғандар *абыр-дұбыр* сөйлесіп жатты (О. Сәрсенбаев). Айттуар үйінің үлкен-кішісіне дейін жанталасып, *абыр-дабыр* күйге түскеніне бүгін сегізінші күн (С. Байжанов). Жастары ән шырқан, қалғандары *абыр-жабыр* боп келіп қалған шұбар ала жиынды көргенде сары іңген құлағын жымып ала қойды (Ә. Нұрпейісов). Тыстағы *дабыр-дұбыр* басылып, үй ішін жұрт кернеп кетті (С. Сматаев). Базаралының даусы бар ауылдың үстіндегі шуды, *дабыр-дүбірді* басып, алғыр, қыран үніндей, саңқылдайды (М. Әуезов). Жер ошаққа от жағып жатқан әйелдердің *абыр-дүбір* дауыстарын естіді (О. Сәрсенбаев). Әр тұстан түннің тыныштығын бұзған *абыр-дыбыр* дауыс естілді (А. Хангелдин). Мақұл, – десті *абыр-жұбыр* мойындарын созған жасақшылар (Х. Есенжанов).

**Абыржу, сасқалақтау, сасу, дағдару.** *Тосыннан кездескен қиындықтан жол таба алмай әбігерге түсу.* Әр немені бір айтын *абыржыған* көптің үміті де сол котерілген шаң тәрізді бірте-бірте басыла берді (Ғ. Мұстафин). Ахмет не дерін білмей *сасқалақтап* қалды

(Ә. Нұрпейісов). Бұл ырыққалды естуге Дәулеттің құлағы шыдамай, не істеуге білмей қатты *састы* (С. Мүқанов). *Дағдарған* жұрт мұлт шалып, тасаттық жасап, төңірден медет тіленгі (Ә. Сәрсенбаев).

**Абыржушылық, сасқалақтаушылық, сасушылық, дағдарушылық.** *Құтты қашып не істеріп білмей қалушылық.* Маңайыңдағыларға көз салып еді, олардан өте бір *абыржушылықты* аңғармады (Ә. Мемдібаев). Бұл жағдайды сезген қарсыластар арасында *сасқалақтаушылық* басталды (Б. Момышұлы). Інтей қатты қобалжығанмен, сырт көзге ешқандай *сасушылық* байқатпады (Ауызекі тіл). Елеместің бетінде әлі де түсіпбеушілік, *дағдарушылық* (С. Ерубаев).

**Абыржығыш, абдырауық.** *Асып-сасқыш, қысылғыш.* Жұмажан әншейінгі *абыржығыш* қалпынан өзгеріп, бұл жаңалықты сабырмен тыңдады («Жалын»). Ол болар-болмас нәрсені көңліне алатын *абдырауық* еді (Ауызекі тіл).

**Абырой, абыр, бедел.** *Жұрт таныған, елге танымал болған қадір-қасиет, сый-құрмет.* Ақын болдың маңдайыңа бақ дарын, *абыроймен* жүрсің оны атқарып, Ден ауылдың адамдары көңілге келгендерін айтып жатыр ақтарып (К. Мырзалиев). *Абыр* болғанда, аудандағы бір-екі қарт коммунист ара түсіп, солардың көмегімен босатылдым (Ф. Оразаев). Білгендей шапшаң қуып жетерімді. Япырау, осы қайдан көтерілді? Әкең мен шешен шешпес жұмбақ айттың. Жол бойы түсірейін *беделіңді* («Айтыс»).

**Абыр-сабыр, әуре-сарсан.** *Әбігерге түскен.* Ымырт жабылғанда арбалы, жаяулы көп адамның *абыр-сабыр* болып Сигаловтың үйіне қарай шуап бара жатқанын көрді (К. Тоқаев). Байғұс шалды бекерге *әуре-сарсаңға* салғандарын сол арада ұқты білем (К. Асанов).

**Абысын, абысын-ажын.** *Ағайынды, туыс адамдардың әйелдері.* Ертеде бір ауылға аңыз болған, бір үйде екі *абысын* өмір кешкен (А. Бақтыгереева). Әкесінің үйінде молда қыз атанған Аймангүлді кейін *абысын-ажын*, қайнағалары «молда келін» дейтін (М. Дүйсенов).

**Агажан, ағай, ағатай, ағашым, ағеке.** *Өзінің бірге туған ағасынан және жақсы көретін жасы үлкен кісілерден бір нәрсені өтініп сұрағанда айтылатын құрмет білдіру мағынасындағы атау.* Айналайын *агажан*, нүкте қойып кетіңізші осы тексеру дегенге, – деп өтінді (Ж. Еділбаев). Ол тыртық бетті бұрынғыдай *ағай* демей Дәуке деп атайтын болды (А. Жұмаділдин). Ойпырым-ай, *ағатай-ай*, енді бір жақсылығыңызды жасай көріңіз (С. Жүнісов). Егерде менде шын көңіліңіз болса ең әуелі *ағашыммен* сөйлесіп, келісіңіз (С. Омаров). *Ағеке*, жеткенде ұйқы бір-ақ қансын. Жарықтық аңсаппыз ғой дала ауасын (Ф. Қайырбеков).

**Ағайынды, ағайындас, аталас, әулеттес, бауырлас, қандас, қарындас, туыстас, рулас.** *Негізінен бір-біріне қыз беріп, қыз алыспайтын туысқандық қарым-қатынас.* Бір туған *ағайынды* екі жігіт екі танықтың мүддесін қорғайды – суреттің драмалығы да осында (М. Қаратаев).

Бәтiштiң сонау кыз күнiнен сүйген жiгiтi Айтжан Молдабайларға *ағайындас* кедей шаруаның баласы (С. Бегалин). *Аталастың* аты озғанша, ауылдастың тайы озсын (Мақал). Сосын әуелгi кезде *әулеттесiм* ғой деп, оған iш тарта қараған (К.Ахметбеков). Құлақ сал, Балмағамбетов *бауырласым*, бұл күнде мұндай күйге түстi басым (Ш. Иманбаева). Балалардың арасынан жақын достар ғана емес, алты атадан, жетi атадан табысатын *қандас* туысқандар да табылды (М. Мағауин). Моңғолиядағы *қарындас* қауымның басым көпшiлiгi таулы жерлерде негiзiнен мал бағып күнелтуде («Жұлдыз»). *Туыстас* адамдар өздерiнiң үй-жайын бiр махаллаға қарайтын етiп салады («Жас Түркiстан»). Онсыз да шыбын жанын шүберекке түйiп тұрған Нығметтiң *руластары* өре түрегелдi (Б. Момышұлы).

**Ағайын-тума, ағайын-туыс, ағайын-туған.** *Туыстас, бауырлас адамдар.* Қыз ұзатылар алдында *ағайын-тумамен* қоштасып сыңситын (А. Жұбанов). *Ағайын-туыспен* көрiспегелдi де көп айдың жүзi болды (Б. Тiлегенов). *Ағайын-туған*, жегжат-жұрағаттың бәрiне тегiс дұғай-дұғай сәлем дегейсiздер (К. Сатыбалдин).

**Ағайыншылық, жақындық, аталастық, туысқаншылық, туыстық, тумалық, туысқандық.** *Туыс болушылық, бiреудi бiреу жақын тартып қарайласушылық, өзiмсiнiп еркiнсушiлiк.* Мырзабек балаң екеуiң осында түр деп үлкен *ағайыншылық* жасады (Ж. Жұмаханов). Менiкi *жақындық* ретiмен айта салған бiр ақыл едi ғой (Б. Майлин). Қаратiлеудiң оған *аталастық* жағынан жақындығы бар (С. Мұқанов). Мен ойлаңқырап қалып, *туысқаншылық* райымнан тайып, оны сынамақ болдым («Лен. жас»). Қоспан мен Мiнайдың *туыстығы* болмаса да, бiрге туылғанға бергiсiз (Т.Ахтанов). Бәрi безген соң *тумалығым* ұстап, оны қасыма алып едiм (Ә. Сәрсенбаев). Исләмнiң бұл екеуiне iстеген *туысқандық* көмегi осы болды (Ш.Мұртазаев).

**Ағалау, ағекелеу, ағатайлау.** *Ағасын құрметтеп, ыстық сезiм бiлдiру, ағасына жалынып-жалбарыну.* Кiшкентай Көлбай бiр-екi күннен кейiн-ақ *ағалап* мойныма асыла кететiн болады (Б. Тоқтаров). Қарындасы *ағекелеп*, алдынан қия өтпей, оны ыстық ықыласпен қарсы алады («Қаз. әдеб.»). Серiлеу жiгiттердiң өзi *ағатайлап* жүрiп, әке-мiзге балдақ соқтырып алатын көрiнедi (Ө. Қанахин).

**Ағал-жағал, ағал-сағал, салтақ-салтақ, жағал-жағал.** *Кiр-қожалақ, алақ-жалақ. Ағал-жағал* күзгi дала жолаушы жанын құлазытып, көңлiн күйзелтедi (М. Сүндетов). Түү, Шынаржан, неғып *ағал-сағал* болып кеткенсiң (Ш. Құмарова). Үстi-басы *салтақ-салтақ* әйел жерошаққа от жағып жатыр («Ақберен»). Балалардың бет-аузы қап-қара *жағал-жағал* (Л. Құрманбаева).

**Ағараңдау, қылаңдау.** *Бiрден анық байқалмай, бiрде ақ, бiрде қылаң боп көзге шалыну.* Оттар өшiрiлдi де, *ағараңдап* парашют, бiраздан соң парашюттағы адамның денесi айқын көрiне бастады (К. Қайсенов). Кешiкпей *қылаңдаған* қараның түйелi адам екенi, түйе үстiндегi басына ақ салған әйел екендiгi белгiлi болды (Ә. Сараев).



**Ағару, қуару.** *Түсін өзгертін, құқыл тарту, ақ түске айналу.* Сен ержетіп жігіт болғанда, мен сақал-шашым *ағарып* қартайғанда, бөлкім бір жерде кездесіп қалармыз (С. Омаров). Сақал-мұрттың *қуарып*, бойға біткен тамырдың бәрі бірдей суалып, Алайын деп тұрмысың («Ер Тарғын»).

**Ағаттық, жаңсақтық.** *Әдейі істейін деп істемеген, байқаусыздан кеткен қылық.* Ашу үстінде ынғайсыз бір *ағаттық* істеп алғанын соңынан барып білген Зәру көпке дейін сол бір қылығынан ұялып жүрді (Ө. Қанахин). Алайда спектакльді жалғыз режиссер жасайды деу тағы да *жаңсақтық* болар еді (І. Омаров).

**Ағза, организм.** *Дене мүшесі, жан-жануар денесі.* Адам *ағзасының* әрекет, сырлары турасындағы ғылымдар бар (М. Әуезов). *Организмді* тірлту дегеніміз – тыныс алу мен орталық нерв жүйесінің жұмысын қалпына келтіру («Зерде»).

**Ағылу, жөңкілу, жосу, босу, шұбыру, шұбау, шуау.** *Ағылып бара жату, ерсілі-қарсылы тынымсыз, толассыз жүріп жату, үнемі қозғалыс-қимылда болу.* Сол жолмен Қарқаралының қаракесектері қыс бойы *ағылып* жатады (Ғ. Мұстафин). Қасқырдан қорыққан қойдай, жекеленіп те, топтанып та *жөңкілген* жұрт Қызбелдің қыры мен ойына сыймай кетті (С. Мұқанов). *Жосып* жүрген машиналар, өте алмай қалған жаяу адамдар жау қолы жақындаған сайын көбейе бермек (Ғ. Мүсірепов). Сан мың қазақ өздерінің туып-өскен жерін тастап, шұбырып, Орта Азияға *босып* кеткен (Б. Бекмаханов). Қаздың балапанындай *шұбырып*, балалар мектепке беттеді (С. Сарғасқаев). Сонда қалың жылқы өз беттерімен бұлардың соңынан *шұбай* берді («Қаз. ертегі.»). Ымырт жабылғанда арбалы, жаяулы көп адамның Сиголовтың үйіне қарай *шуап* бара жатқанын көріп қалды (К. Тоқаев).

**Ағым, бағыт.** *Ұстаған жол, жалпы беталыс, бағыт-бағдар.* Қасымның әсерімен бірталай жерге дейін әлеумет жұмысының *ағымына* да Ғайша төселіп қалғандай болып еді (М. Әуезов). Әдебиеттегі, әдебиет майданындағы теріс бағыттармен күресу үшін пролетариат *бағытын* қолданатын жазушылардың ұйымын жасау керек (С. Сейфуллин).

**Ағын, ағыс, ағым.** *Судың, т. б. нәрсенің ағуы.* А дегенде шабдар мойнын созып жіберіп, *ағынға* қарай жүзді (Ж. Жұмаханов). Толқыған судың *ағыс* екпінінің қандайлығы су бетінде қалқыған ағаштын, қоғажайдың ағуынан байқалады (С. Мұқанов). Қанның *ағымымен* жылысып барады да дәл аурудың тұсына келгенде тоқтап, ісікті тауып алады (З. Шашкин).

**Ағынды, ағысты.** *Ағыны күшті, қарқынды, екпінді.* Ағынды менің Ақсуым, Ақырып әлі ағасың, Ақиланған ашумен дұшпанды асқар сабасын (І. Жансүгіров). Қозыға *ағысты* өзеннің немесе бұлақтың суын беру керек («Абзал жандар»).

**Ағыту, шешу.** *Байланған, түйілген заттың түйінін босату.* Той басқарушы жігіт галстүгін *ағытып*, ақ жейдесінің жеңін қайырып

алды (С. Мұратбеков). Атты арқандаулы тұрған жерінен *шешіп* алып, жетектеп жүріп кетті (І. Жансүгіров).

**Адал, ақ, ақ жүрек, ақ ниет.** *Ешкімге қараулық ойламайтын, жамандық жасамайтын қасиет.* Адалға орын емес қазақ іші, татты ғой сор арылмас таза кісі (Шәкәрім). Махаббат, қызық, мал мен бақ, көрінуші еді досқа ортақ. Үміт жақын, көңіл *ақ*, болар ма сондай қызық шақ (Абай). Құп білемін, сізге жақпас. Ескі жара білтелеу. *Ақ жүрегің* енді ұнатпас, Мезгілі жоқ қай демеу (Абай). *Ақ ниетімді* қисыққа жорып, өкпелетпе мені, Раушан (З. Шашкин).

**Адал, халал.** *Пайдалануға жарайтын, арам емес.* Шалажансар ыңкылдап жатқан бір жылқыны еті *адал* болсын деп, біреу пышақпен шалып тастады (Ө. Күмісбаев). Арам қолыңмен *халал* тамақты былғайсың, саған шөміш ұстатқан қандай көргенсіз, – деп ақырды (А. Токмағамбетов).

**Адалдық, адалдылық, ақтық.** *Адал болушылық, әділдік, шыншылдық, туралық.* Ол екеуіміздің бір-бірімізге *адалдығымыз* бұл ғаламда бұзылмақ емес (М. Ғабдуллин). Жасөспірімді *адалдылыққа*, шыншылдыққа жастайынан баулуымыз қажет («Халық мұғ.»). Мен *ақтығымды* айтып құр безектей бердім (С. Сейфуллин).

**Адалсу, адалымсу.** *Адал болғансу.* Күлген қорлық емес пе, Жығылып жүріп жыртындап? Жыны жансып, *адалсып*, Мал үшін тұр ма күйтындап (І. Жансүгіров). Пара алып, не қазынаның ақшасын жеп, *адалымсып* жүретін ұлықтар көп (Шәкәрім).

**Адам, кісі, жан, пенде, қаумет көне.** *Ойлап сөз сөйлей алатын, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін саналы қоғам мүшесі, тірі жан, жан иесі.* Мұндағы «жан» деген сөз ауыс мағынада келіп, адам, кісі ұғымын білдіріп тұр. Пенде – Құдай еркіндегі кіріптар, тәуелді адам, Құдайдың құлы дегенді аңғартады. Не күшті дүниеде адам күшті, көрдіңіз бір ғасырда талай істі («Ақын жырлары»). Жамандығын сезілсе, жақын кісі жат болар, Өмір сүрген кісіге дәулет қызық, бала – бал (Абай). Тоңбике еш уақытта да байлықты арман еткен *жан* емес (Д. Әбілев). Әуелі *пенде* адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды (Абай). Аздық көп тақсыретін тартқан білер, Сағынар денсаулықты жанды *қаумет*; Қиналып, қысылғанда қол беретін Тәбиіптен кетті ме екен құрып әулет («XX ғ. қаз. ақын.»).

**Адамгершілік, адамшылық, адамдық, гуманизм.** *Ар-ұжданның тазалығы.* Жақсы жігіт өзінің *адамгершілігін* жақсы ісімен танытады (Ә. Әлішев). Шығыста адамның *адамшылығын* көзі мен жүзінен тануға болады деген сөз бар (С. Әшімбаев). Әуелі адамның *адамдығы* ақыл, ғылым деген нәрселермен тығыз байланысты (Абай). *Гуманизм* дегеніміз – адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілік, ізгі ниет («Егемен Қазақстан»).

**Адамдай, кісідей, жандай.** *Адам сияқты.* Тамақты жақсы ішеді, жөтелі күшті емес, сау *адамдай* (М. Сисекенов). Шіркін, мен де осы

*кісідей* дәрігер болар ма ем дегендей бір тәтті арман жылт етті (М. Сүндетов). Әмісе ортақ тіл қайда, өкпе үшін себен қандай көп. Қалады іні мұндайда, Жапанда жалғыз *жандай* бон (Ә. Абайділданов).

**Адамдық, азаматтық, кісілік.** *Адамзатқа тән ізгі қадір-қасиет, ар-ұждаң тазалығы, адамгершілік. Адамдықты* айт, ерлікті айт, батырлықты айт, Ел бірлігін сақтаған татулықты айт (Жамбыл).

**Азаматтық, кісілік.** *Адамгершілігінің молдығы.* Әйел басыңмен еркектен артық *азаматтық* еткенің бәріміздің жүрегімізді жылытты (Ж. Арыстанов). Кедейлігіне қарама, *кісілігіне* қара (Мақал).

**Адамзат, адам баласы.** *Жер бетіндегі бүкіл халық, бар әлемдегі кісі біткеннің бәрі.* Жан-жануар, *адамзат* бәрі де жаратылыстың жақсылығына зар (С. Дөнентаев). Күллі *адам баласын* қор қылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек (Абай).

**Адамсу, кісімсу, адамсыну, кісімсіну.** *Өзін өзгеден жоғары ұстау, менменсу, паңсыну.* Сонда бұл мұрнын кокке котереді, *Адамсын,* маңызданып жонеледі (Ы. Алтынсарин). Мейілдерің, жерді жырта беріңдер! Бәрібір бұл жерді ала алмайсыңдар! – деп, Жетібай *кісімсінді* (С. Омаров). Әшкәбус *адамсынып* тұрды күліп, Оқ атты өкнетіктен оны біліп (Т. Ізтілеуов). Қарақанның *кісімсінуіне* күйінген Әуез ақырғы ойын тағы айтты (К. Оразалин).

**Адамша, кісіше, жанша.** *Адамға ұқсап.* Балықбай мұныма қалай қарайсың деген *адамша* Нұрмолдаға қарады (С. Бақбергенов). Әдеіі түк білмеген *кісіше* кетіп бара жатады (Р. Хайруллин). Ол әлденені есіне түсіре алмай тұрған *жанша* төмен қарап, желкесін қаси берді (Х. Есенжанов).

**Адасқақ, адасқыш.** *Адаса беретін, қателескіш, шатасқыш.* Соңшалық еркелеткен әкесі баласының күндердің күнінде *адасқақ* боларын білмеген екен (Т. Әлімқұлов). Мұндай кезде ойдың *адасқыш* келетіні қандай, мойныма оралған Наташаның білегі болар деген үмітпен ұстап алдым (Ә. Әбішев).

**Адуын, адуынды, жойнар, жойпаң.** *Ешкімді бетіне қаратпайтын өр мінезді, өр көкірек.* Бір күні келін жұмыстан келгенде *адуын* ене тағы айғайға басып жатыр екен (Б. Қыдырбекұлы). Жалғыз атты жолаушы қара қасқа, *адуынды* неме екен алақашпа (М. Мақатаев). Киімдері көкала балаларды *жойнар* қатындар ысырыңқырап, шеттетіп жіберіп еді (Ж. Молдағалиев). Баяғыда күйеуі қорқақ, әйелі *жойпаң* біреудің үйіне ұры түссе керек (О. Бөкеев).

**Адым, қадам, қарыш.** *Адамның жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы.* Ол адымын кере *адымдар,* қыздардан көш озып, екі қатар үйге таянды да арғына бұрылды (Ғ. Сланов). Машинадан түсіп, жол қараймын деген кісі бес *қадам* ұзап кетсе, машинасын таба алмай адасатын болды (Р. Өтесінов). Бағандар алып қадаммен басқан *қарышын* (Ә. Нәбиев).

**Адымдай, қадамдай.** *Адым шамасындай.* Зәуре бұлардан екі-ақ *адымдай* жерде тұр еді (З. Қабдолов). Түрмеден жүз елу *қадамдай* жерде өзенді жағалаған жол жатыр (Ғ. Мүсірепов).

**Адымдау, қадамдау, қарыштау, аттамалау.** *Аяқты қосілте кең басу.* Лұқпан өкілдің қолындағы қағазды алып, қойнына тығып, ірі *адымдап* үйден шықты (Б. Майлин). Жалғыз өзі торға түскен арыстандай болме ішінде әрі-бері *қадамдап* жүрді де қойды (К. Баялиев). Сағымбек аяғын жылдамдата *қарыштады* (Р. Райымқұлов). Коридордағы басқышпен *аттамалап* жоғарғы қабатқа көтерілдік (Б. Соқпақбаев).

**Адыраңдау, ақыраңдау, одыраңдау, әкіреңдеу, жекіреңдеу, едіреңдеу, ежіреңдеу, ожыраңдау, әжіреңдеу, шақшию, бадыраңдау.** *Ерсі мінез қорсету, ажыраң-ажыраң ету, қоқаңдау.* Әшейінде *адыраңдап* мені қорсе жыны ұстайтын директорымның жүні жығылып қалыпты («Қаз. әдеб.»). Сонда ғана кім екенімді танығандай «неге жүлкылайсың» деп *ақыраңдай* түрегелді (С. Мұқанов). Еңгезердей қара жігіт *одыраңдап* шыға келеді (С. Талжанов). Бұрынғыдай *әкіреңдеп* тұрған Темірбек жоқ, жыны басылған тәрізді (Б. Тоғысбаев). Дәптерін жыртыпсың, – деп *жекіреңдеп* мектепке келеді («Қаз. әдеб.»). Сол екі арада қару-жарақты *едіреңдеген* бес-алты атты кісі қораға кіріп келді (С. Сейфуллин). Ақанға бата алмай тұрған Батыраш «борі ашуын тырнадан аладының» керімен *ежіреңдеп*, оған тап-тап берді (С. Жүнісов). Айтқожаның *ожыраңдай* бір нәрсені айтып қалғаны болмаса, қолын қоянға көтермейтін су жүректігін Жұмабек білетін (С. Бегалин). Нұраділ оны іліп алып, *әжіреңдеген* ала көз ақ құбаны қойып жіберді (І. Жансүгіров). *Шақшиып* шағыр көзі шапыраштанып, кейде күн бола қалады жалғыз ұлық (А.Тоқмағамбетов). Айтқан ақылын ұнатпағасын, *бадыраңдап* тындайтын сыңай танытпады («Жұлдыз»).

**Адыраю, одыраю, бадыраю, бакшию, бажыраю, едірею, ежірею, ожыраю, бағжию, бақыраю, ажыраю, ақыраю, ақию, бежірею, оқшию, оқшыраю, шадыраю сойл.** *Бірдеңеден сескеніп қорыққанда, үрейленгенде, таңданып таңырқағанда, біреуді жақтырмаған пішін көрсету, көз алартып тесірейіп қарау.* Қуғынға түскен киіктің танауындай Нүрпейістің танауы желпілдеп, екі көзі *адырайып* шарасынан шыға жаздады (Ғ. Малдыбаев). Сәкен қиғаштай кеп жанаса берген мені көрмегендей *одырая* өтіп кетті (С. Мұқанов). Бұл лабораторияның денсаулыққа өте зиянды екенін білгенде, Қасимановтың көзі *бадырайып* кетті (Т. Сүлейменов). Мына сөзді қалай түсінерін білмеген Дәулеттің сығырайған көзі бір сәтте кең ашылып, *бақшия* үрке қарады (Ү. Шойбеков). Асаубай бетіме *бажырайып* бір қарады да қамыс арасын қопара бастады (Ә. Сәрсенбаев). Жапан дауыс шыққан жаққа *едірейіе* қарап, мысық корген күшікше қутындай бастады (Ғ. Қабышев). Келгеннен-ақ көзі *ежірейіп*, танауы қусырылып айғай салды (А. Тоқмағамбетов). Сілем қатып олгелі отырсам, – деп

Қаламшырды оқты қозбен атып, *ажырая* сөйледі (А. Хангелдин). Қатты шыққан дауыстан Қуат оянып кетіп, көзі *бағжытып* біресе Қайныкешке, біресе Жайлаубекке қарайды (Б. Нұржекеев). Екі-үш жасар қыз коздері *бақырайып*, бейтаныс жолаушыға үрейлене қарайды (Қ. Жұмаділов). Майбасар мен Жақыптар саят етін, қабақ түкентіп, *ажырая* қарады (М. Әуезов). Шіреніп ат үстінде *ақырайып*, Рүстемге көзін тігін шатынатқан (Т. Ізтілеуов). Исмайыл *ақия* қарап еді, қатыны жым болды (О. Сәрсенбаев). Сотта де бет бақтырмай, *бежірейіп* тұрып алатынын да іштей сезеді (А. Нұрманов). Жылқы мен жақындағаннан бері де адырая бас көтеріп, *оқшия* қарасын қалды (Ш. Мұртазаев). Жайысыз сыбырдап кенет шошыған тағы күстай *оқшырайып*, еленден тұрып, Мадиярға коздің қырымен қарап қойды (С. Омаров). Көзі шарасынан шыға *шадырайып*, озеуреп қоныны ма еді ол қызыл өңеш (Ш. Хұсайынов).

**Адырлы, адырмақты** *сойл. Адыры мол, адыры коп.* Бұл аймақ бірыңғай жазық болмай, таулы, *адырлы* болып келеді (Е. Ысмайылов). *Адырмақты* тау да коп, Айқасарға жау да коп, Қазулы жатқан ор да коп, Қармасарлық қол да коп («Манас»).

**Ажар, әр, дидар, өң, келбет, көрік, шырай, кейіп, рең, рай.** *Өң-түс, тұр-тұрпат.* Шалдың жасы жетпіске жетсе де, *ажары* әлі кетпеген келбетті, кесек тұлғалы адам екен (Ә. Әбішев). Әлде жылтыраған бетінің *әрі* болған соң, бар еркек сені білу керек деп ойлаймысың (С. Жүнісов). *Дидары* ашық қарағым, Таусылмас сенде нұр бар-ау. Сен бе екен деп қаламын көтерілген күнді анау (Д. Қанаубаев). Әйгерім отқа жақындан отырғандықтан, *оңі* ажарланып, балқыпандай қызара түскен (М. Әуезов). Күләннің сүйкімді *келбетіне* бұрынғыдан бетер сұқтанып қарай бердім (Б. Соқпақбаев). Бай баласының нибарқыт шапаны көптен көрмеген жас жігіттің *коркін* ана түскен сияқты (Р. Райымқұлов). Отыз бестерге келіп қалса да, бетінің *шырайы* таймаған (Т. Дәуренбеков). Жанаста оң-түс жоқ бағынышты *кейіптеп* әркімге бір жауатандай қарайды (З. Шапқин). Наурызбайдың *реңінен* көңілінің қапалы екенін аңғарған Күнімжан оған күле қарады (І. Есенберлин). Махмұт Шағманның үлкен ұялы көзінен әкелік қамқорлықтың *райын* байқады («Бәйішешек»).

**Ажарлау, әрлеу.** *Өңің кіргізу, сәнің келтіру. Ажарлап* іші-сырғып, сырлап сырмен, бітіріп үш-ақ күнде басқалары («Рүстем-Дастан»). Бұл ұжымға үлкен сенім көрсетіліп, үлкен ғимараттарды *әрлеу*, әсемдеу тапсырылып жүр («Қазақст. әйелд.»).

**Ажарсыз, әрсіз, әлпетсіз, өңсіз, көріксіз, шырайсыз, пішінсіз, кеспірсіз.** *Ажарлы емес, көрікті емес.* Әділбек өзін *ажарсыз* жігіттердің қатарына қосады (З. Шүкіров). Үшінші таразының қасында тұрған әйел байқауымша *әрсіз* де, ақымақ та емес сияқты (К. Тоқасев). Оның қатпарланған *әлпетсіз* беті шыырланып, танауы делдің кетті (А. Сегізбаев). Ерден – жасы отыздың жетеу-сегізін келген зор денелі,

*өңсіздеу* қара жігіт (Е. Мырзахметов). *Көріксіз* адамды «сұлу» деушілік – керісінше айту, кекету (Қ. Жұмалиев). Үй іші *шырайсыз-ақ*, едені бес елі кір, терезелерінің көзі сынық (З. Шашкин). Жәмила сүйкімді емес, бірақ мінеп-сөгетін *пішінсіз* де емес (М. Әуезов). Дардың қасында *кеспірсіз* бұж-бұж қара біреу пайда болыпты (Қ. Жұмалиев).

**Ажарсыздану, көріксіздену, кейіпсіздену, ұсқынсыздану, сұрықсыздану, реңсіздену, өңсіздену.** *Ажарсыз болу, көркінен айырылу.* *Ажарсызданып* бара жатқаны да жанына батпай жүрген жоқ, әрине (О. Әбділдаев). Мүсінді қара лакпен бояу көп жағдайда монументтің *көріксізденіп*, көнеріп кетуіне апарып соғады («Қаз. әдеб.»). Бұзау ауырып қалса, Таяның іші аяп кетеді де, мұндай күндері ренжіп *кейіпсізденіп* жүреді («Соғыс жылдары»). Ағасы осы екі-үш айда-ақ қатты жүдеп *ұсқынсызданып* кетіпті («Лен. жас»). Оның қазіргі өні жапырақтары селдіреген күзгі қарағаш бұтақтары тәрізді *сұрықсызданып* кеткен (Д. Әбілев). Ауыл көрер көзге *реңсізденіп* қалғандай («Жетісу»). Бетін дақ басып *өңсізденіп* жүрген әйелдерге сәбіз шырыны немесе үккен сәбіз пайдалы (С. Сұбханбердин).

**Ажырасу, айырылысу.** *Адамдардың бір-бірімен тіл табыса алмай бөлектенуі.* Сені бес баласын шырылдатып, әйелінен *ажырасып* кетті дей ме? («Қаз. әдеб.»). Көп жыл бойы бірге болған адаммен ренжісіп *айырылысармын* деп ойламаған едім («Егемен Қазақстан»).

**Ажырату, айыру.** *Анықтап танып білу.* Екеуімізге тапсырмақ екенсіз, жарайды, ақ пен қараны өзіміз *ажырата* жатармыз (А. Хангелдин). Түріне қарап татар демесең, тіліне қарап *айыра* алмайсың (Б. Майлин).

**Ажырау, айырылу, бөліну.** *Бірге жүрген адам мен малдың бір-бірінен қол үзіп қалуы.* Көкем мен апамнан тіптен де *ажырағым* келмейді (М. Тиесов). *Айырылды* бір сүйісіп екі ғашық, ертең сонан бір-бірін таппақ болып («Дастандар»). Бұл не? Әлде отардан *бөлініп* қалған қой ма екен? (А. Сарбопин).

**Аз, азғана, азғантай, мысқылдай, аздаған, шамалы, шағын, кем, аз-маз, аз-мүз, там-түм, санамалы, санаулы.** *Заттың көлемі я болмаса құбылыстың көлемі мен сан мөлшерінің жетімсіздігі, аздығы, тапшылығы.* Азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың (Ы. Алтынсарин). Азғана мал ауылдың қорасында көлеңке сайын топтанып, көбі салған түтінге ықтасындап тұр (Б. Майлин). Еңбегіміз жанбады, мардымсыз *азғантай* балық ұстадық (Б. Соқпақбаев). Бірақ жүзінде *мысқалдай* қысылыс нышаны білінбейтін (С. Жүнісов). Қазір Заевский сырқат, *аздаған* зейнетақы алады («Қаз. әдеб.»). Оның да жұмысты жапырып тастар қауқары *шамалы* (Р. Тоқтаров). Бір кездегі Шот та сондай *шағын* шаһардың қатарына жатады (А. Сатаев). Ауруға шалдыққан өсімдіктің өнімі сау өсімдіктерге қарағанда едәуір *кем* болады (Ж. Жиенбаев). Сол үйде жуынып-шайынып, ертеңгі тағамнан ауыз тиіп, *аз-маз* жөнге келді (Ж. Жұмаханов). Ішкен-жегендерінен қалған *аз-мүз* ақшаларын алып, ертенді асыға күткен үш бала таңды атыра

алмады (Қ. Жұмалиев). Мен аға лейтенант Баубек Бұлқышев жөнінде *там-тұм* білетінімді ортаға салдым (М. Әлімбаев). Шынайы өнер *санамалы* жандарға ғана есептелінбеген, ол қашанда халықтық («Қазақст. мұғ.»). Бұл күнде айшылық алыс жерлерге қазақ енді санаулы күн, *сан аулы сағатта-ақ* жетеді (Б. Тәжібаев).

**Аз-аздап, аз-маз, аз-мұз, аз-кем, там-тұмдап, мысқалдап, шым-шымдап, біртіндеп, шыжымдап, тірнектеп, тырнақтап, сыздықтап.** *Көптен емес, аз-аздан, шағындап, ақырындап, жайлап.* Жел қағып, жаңбыр шаюмен үлкен үй *аз-аздап* сұрғылт тарта бастапты («Жұлдыз»). Партизан солдаттар келгенде газет те алып қаламыз, *аз-маз* хабар да алып қаламыз (С. Сейфуллин). Шебер қайным, Мәдине келіп кетсе, *аз-мұз* сусын қарастырса (Х. Есенжанов). Амангелді *аз-кем* ойға шомып отырып қалды (М. Қаратаев). Дала жақтан осындай жолаушылар *там-тұмдап* келіп жатты (Қ. Исабаев). Уақыт өткен сайын от басының азалы көңілі *мысқалдап* айыға бастады (Ә. Ибрагимов). Ата-ана баласының көкейіне жастайынан адамгершілік сезімін *шым-шымдап* құя берді («Қаз. әдеб.»). Дөң жайлауға қарай бұрылған соң-ақ мұның көңілінен күдіктің бәрі *біртіндеп* арыла берді (М. Әуезов). Шай ішіп, ел аяғы басылған кезде, Сәмет ағай сөз арасында менен *шыжымдап* сыр тартады (С. Омаров). *Тірнектеп* жинаған мал, дүние шелектеп төгіліп, ұстағанның қолында кеткені ме (Т. Дәуренбеков). Халық мұрасын *тырнақтан* жинап, оны жәнтөнімен сүйген ғалым тарихта өте сирек (І. Омаров). Олар қауын құрт пен қақты салады да, қою шайды *сыздықтай* тартады (С. Мұқанов).

**Азайту, алу, кеміту, шегеру, қысқарту.** *Құбылыс пен зат молшері, саны бұрынғы қалпынан кеміп, аздық қалыпқа түсу.* Қаладағы шуды *азайтуға*, ауа мен суды таза сақтауға биік сәнді ағаштың септігі тиеді («Парасат»). Он бестен алтыны *алсақ*, тоғыз қалады, – деп оқушы жауап беріп жатты («Қазақст. мұғ.»). Қозғалыстың артынан екі жылға толмай-ақ жұмысшылардың санын *кемітіп*, көбісін жұмыстан шығарып, қаңғыртып қоя береді (С. Шәріпов). Бәрінен де сізді отыз жеті жаста деп, жиырма жасқа *шегергені* керемет екен (И. Есқараев). Ал формасы жоқ балалар мен қыздар сендер үшін программаны *қысқарта* алмаймын (Ә. Бүркітбаев).

**Азамат, жігіт.** *Кәмелетке жеткен ер адам.* Содан бері міне жиырма жыл өтсе, бұл – есейген *азаматтың* жасы ғой (К. Тоқаев). Тіршілік те өзгеріп, өзгермек қой жұртшылық. Кешегі жас балалар, *жігіт* бопты мұрт шығып (С. Сейфуллин).

**Азаптау, қинау.** *Азап көрсетіп ұрып-соғу, азапқа салу.* Мені енді қанша *азаптап*, қандай қорлық көрсеткенімен не жауап аламын деп ойлады екен (Қ. Қайсенов). Бір күні қапылыста бандылардың қолына түсіп қалып, аяқ-қолымды байлап, елсіз жапан далаға апарып, *қинай* бастады (К. Әміров).

**Азат, еркін, ерікті, бостан, тәуелсіз.** *Ешкімге тәуелді емес, өз билігі өзінде.* *Азат* басың болсын құл, Қолдан келмес іске ұмтыл (Абай). Басқа әйелдерге қарағанда Злиха *еркін* өскен еді (Б.Майлин). Егер барша әйел біткен Дәмелідей *ерікті* болса, жер жүзіне бақытты өмір арнар еді (М. Дүзенов). Қазақ бұл күнге дейін солдатқа бармай *бостан* өсіп еді (І. Жансүгіров). Халқымыздың ғасырлар бойғы арманы жүзеге асып, әлем таныған *тәуелсіз* мемлекет болдық («Егемен Қазақстан»).

**Азаткер, азатшы қарап.** *Ел басына төнген қауіп-қатерден, бас-қыншылықтан құтқарушы армия немесе халық.* Бұрылып бас иеді бәрі осында. Борышты бүкіл дүние, барлық халық *Азаткер* Совет елі баласына (Ж. Молдағалиев). Ақынның соңғы өлеңдерінде Еуропаның бірқатар елінде *азатшы* болып жүрген солдаттың өз Отанына деген ыстық махаббаты жырланады (С. Қирабаев).

**Азғыру, айналдыру, дөңгелету сөйл.** *Өзінің арам ойын іске асыру мақсатымен, біреуді алдап-сулап, айтқанына көндірмек болу.* Шыныңды айт, кімсің, кімсің тербеткен, Иембісің сақтаушы? Әлде *азғырып* өуре еткен, жаумысың теуіп таптаушы? (Абай). Сымбатты, күшті қызды бағындыруға күші жетпейтінін көрген соң, ол енді Ғайниді сөзбен *айналдыруға* кірісті (С. Сейфуллин). Мен оны *дөңгелетіп* көрейін бір, бүгін вагонға барып қайта мінбесе көрерсің («Жұлдыз»).

**Азғырушы, әзәзілші.** *Үгіттеп жолдан тайдырушы.* Қатынын *азғырушы*, аздырушы деп отырғаны Әділбек Майкөт баласы екені де ақиқат (М. Тиесов). Мұсылман дініндегілер демон дегенді ібіліс, *әзәзілші* дейді (М. Ысқақов).

**Аздау, азырақ.** *Көп емес, аздық ететін.* Бөйгеге шапқан аттардың қарасы манағыдан көрі *аздау* сияқты (Ә. Кекілбаев). Әбіл ағай қабырға жаққа қарап, *азырақ* ойланып тұрды да, пештің мойын жағына көз салды (Е. Өтетілеуов).

**Аздық, кемдік.** *Аз болушылық, жетімсіз болушылық.* Әйелге бақыт *аздық* етпейді, көптік те етпейді (Ғ. Мүсірепов). Ылғалдық *кемдігі* салдарынан ауылшаруашылық дақылының өнімі тұрақты емес (М. Кәкімжанова).

**Азулы, көкжалдық, тісті.** *Ешкімді бет қаратпайтын өткір, озбыр.* Абзал ана үш баламен жесір қалса да, қорадағы малды *азулыға* талатпай тайғаласып өмір сүрді (Ә. Нұрпейісов). Ағасының *көкжалдығынан* інілері де шошынды (Ш. Хұсайынов). Күштілер мен *тістілердің* тырнағы батып жүргенде де ақындықтың осы шартынан танған жоқ («Қаз. әдеб.»).

**Азулылық, адуындылық.** *Азулы болушылық.* Аудандағы мықтылармен айқасар жерде тайынбайтын *азулылығына* қарап, Қанабек риза болып қалды (З. Шүкіров). Мәриям апай да бапты, орнықты әйел болғанмен мінезінде кейде *адуындылық* бар («Мәдениет және түрмыс»).

**Азық, қорек, азық-түлік.** *Тағамға жарататын нәрсе.* Пішеншілерге ауылдан *азықты* жұмыс жасына жетпеген балалар тасиды



(С. Мұқанов). Бетпақтың көкпек, жусан, шөбі сұйық, сол шопті *қорек* қылған байғұс киік (С. Сейфуллин). Әсия Қайыржанға киім-кешек, *азық-түлік* алып келіпті (С. Алдабергенев).

**Азықтық, қоректік, азық боларлық.** Бір күнгі еңбегі бір жылға *азықтығын* Дәлелдеп ұғындырды, білдік ойлап («Ақын жырлары»). Қыста жайылым шөбінің *қоректігі* төмендеп, қой өрістен тойынбай қайтатын кез болады (Н. Айдаров).

**Азын-аулақ, бірлі-екілі, некен-саяқ, бірен-саран, бірлі-жарым, жалғыз-жарым, бірді-екілі, қадақ-құдақ қарап., некен-нұқан сөйл.** Анда-санда бір *ұшырасатын, ілуде бір, аздаған, құнарсыз, шамалы. Азын-аулақ* малымыздың өзін етекке түсіріп, әлі қырқа алмай жатырмыз (Ф. Сланов). Шырағым, сенің сауатының *бірлі-екілі* сиыр емес, он екі сиыр, – дедім (Б. Тұрсынбаев). Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ, болады осындай қыз *некен-саяқ* (Абай). Төте жол қуалап қатынасқан *бірен-саран* салт атты жүргінші болмаса көп ағылған ел жоқ (М. Әуезов). *Бірлі-жарым* кен зерттейтін инженерлер де мөлшерлі күнге дайындалып келді (К. Оразалин). Сыртта жүрген *жалғыз-жарым* әйелдер, балалар аңқиып тұра қалып, поезға қол бұлғайды (Т. Ахтанов). Қолдарындағы *бірді-екілі* қараларын да қайда, кімге қалдыруды қарастырғандар бар (А. Хангелдин). Шашында *қадақ-құдақ* көкшіл талдар бұрыннан да бартұғын (Е. Мырзахметов). Амал қанша, мойынсерікке кірмей, сай-сайда бұғып отырған *некен-нұқан* кедейлер әлі де бар-ау? (А. Жүнісов).

**Азыңқы, жүдең, жүдеңкі, жүдеулеу, солыңқы.** *Арықтап, еттен арылыққыраған.* Қаладан демалысқа келген ұлының жүзі анасына *азыңқы* көрінді («Парасат»). Төрт кісілік купенің төменгі орындығында терезеден көз алмай жұқа өңді, *жүдең* қыз отыр (Ж. Жұмаханов). Әр ошақтың басында шоғырлана қыздырылған *жүдеңкі* жанлар (Ә. Сәрсенбаев). Менен сәл ересектеу оның өні *жүдеулеу*, ой азабын, тұрмыс зардабын, қиындықты менен аз көрмеген сияқты (Қ. Қайсенов). Қып-қызыл балпанақтай беті де бұрынғыдай емес, *солыңқы* (К. Баялиев).

**Азырқану, азсыну, назырқану сөйл.** *Қол жеткен жетістікке көңілі толмау, місе тұтпау. Азырқанар* жөнім жоқ, көпсінер де жөнім жоқ, артығым жоқ, кемім жоқ, жұртқа мәлім біреуім, барлық санға тіреуім (К. Баянбаев). Ақбілек жалғыз өзінің жетілгенін *азсығандай* болды (Ж. Аймауытов). Сөзімді жеткізуге тақсыр Мекең, бір атты *назырқанбай* алар ма екен? (С. Торайғыров).

**Айбар, айбат, айбын, айдын, зіл, доңайбат, сес, ызбар, сүс, зәр сөйл.** *Қаһарлы құштің адамды сескендірерлік, сескем алатындай үрейлі әсері, ықпалы.* Қасымханның *айбарынан* сескеніп, еш жауы оған қарсы соғыс аша алмаған (І. Есенберлин). Жолбарыстай алты ұлдың *Айбатынан* сескеніп, келе алмады еш пенде Әзімбайдың қасына («Қамбар батыр»). Бәрінен *айбыны* артық батыр Науан, Қазақта батыр бар ма жеткен оған (Қ. Бекхожин). Қазан бұзар үй тентексің, кісі ығысатын

*айдының жоқ* (М. Әуезов). Абай мен Шәке Оспанның қатты томырлығын, үнінде үлкен бір *зіл* барын байқады (М. Әуезов). Әсеннің тым ұзаққа созылған мылқау *доңайбаты* Мадиярды діңкелетіп, құртып барады (С. Омаров). Жан-жақтан қоршай келген төрт-бес ауыл жігіті тиісуге бата алмай, Сарының *сесінен* қаймыға аңтарылып қалды (Б. Тәжібаев). Мөңкенің *ызбарынан* сескеніп, бір топ сұлтандар хан тағына құтты болсын айтқалы келді (І. Есенберлин). Ауыл сыртынан мылтық атып келе жатқан солдаттардың *сұсы* жаман (М. Дүйсенов). Атарға оғы жоқ, жанарында жеп жіберерлік *зәр* бар (С. Жүнісов).

**Айбарлану, айбаттану.** *Айбат көрсету, қаһарлану.* Күжірейе *айбарланып*, от басында күйбеңдеп кетеуі кеткен әйеліне түнере қарады (З. Жәкенов). Сол-ақ екен өзі де *айбаттанып*, құбыжыққа қарай жұдырығын сілтеп қалды (З. Шүкіров).

**Айбарлы, айбатты, айбынды, айдынды.** *Айбары күшті, қаһарлы, сұсты.* Айбек тобының өздерін қалай қоршап алғанын түсіне алмай, басы мәңгіріп тұрғанда, ту сыртынан *айбарлы* дауыс естілді (Б. Мұқаев). Дәл мұндай қайратты да *айбатты* әйел ел ішінде сирек кездеседі (С. Омаров). Арқамдай жер жүзінде жер бола ма? *Айбынды* Алашымдай ел бола ма? (Мағжан). Жортас сонау жас шағында осы ортаның *айдынды* қолбасы батыры болған еді (М. Әуезов).

**Айбарлылық, айбаттылық, айбындылық.** *Адамды сескендірерлік құдіретті күш.* Мәңгілік селт етпейтін сабыр менен сендегі *айбарлылық* қайда маған (А. Бактыгереева). Жүректің айтатыны – *айбаттылық*, жүректің үйретері – қайраттылық (И. Исаев). Анадан ешкім батыр болып тумайды, *айбындылық* аспаннан түспейді («Қазақст. мұғ.»).

**Айбарсыз, айбынсыз.** *Айбарлы емес, жігерсіз, ынжық.* Қыпша бел, нәзік денесі болаттай серпіліп, буылтық атқанмен, даусы ғана *айбарсыз* (О. Сәрсенбаев). Адамның анасы тәтті, атасы қатты болмаса, одан тараған ұрпақ жігерсіз, *айбынсыз* болады (М. Рүстемов).

**Айбындылау, айбындырақ, айбаттырақ, айбаттылау.** *Айбары күштірек, қаһарлырақ.* Бидай өңі, *айбындылау* ажары көбінде мейірімді, сұсты, катал да көрінеді («Ер есімін еңбек шығарады»). Осы қарттар қалғыған *айбындырақ* басқадан. Мен олардың алдынан кесе өтуге жасқанам (Қ. Баянбаев). Ие, сүйген жүрек арыстан жүрегінен де *айбаттырақ* деуші еді (К. Туғанбаев). Иттен гөрі *айбаттылау*, тұрған бойы зұлым аң сияқты сезілді (Т. Иманбеков).

**Айғай, шаңқыл, саңқыл.** *Күшпен қатты шыққан дауыс, үн.* Мұнысы жаңағы ақырысқан *айғайларды* су сепкендей көндіре берді (М. Әуезов). Бұл кезде даладағы *шаңқыл* басылып еді (Р. Райымқұлов). Біртіндеп тақап қалған арбашылардың айғайлап сөйлеген *саңқылы* естілді (Ә. Әзиев).

**Айғай-үйғай, айғай-сүрең, айғай-шу, шаң-шүң.** *Даң-дұң, шу-шәлекей.* *Айғай-үйғай*, қыздардың шырылдаған даусы үйді жарып

жібере жаздады (М. Дүйсенов). *Айғай-сүрең* бұрынғыдан да күшейіп, поезд жылжып кетті (Ә. Шәріпов). Ағасы Сари сонау *айғай-шу* шығып жатқан тұста, ойын-сауықтың ішінде жүр (Т. Әбдіков). *Шаң-шүң* еткен дауыстар шыға бастады (М. Дүзенов).

**Айғақсыз, дәлелсіз.** *Айғағы жоқ, дәлелі жоқ.* Алмады Алтай тағы мойнына. *Айғақсыз* әлсіреп тұр айқын қылмыс (І. Жансүгіров). Ұзын-құлақтан естіген *дәлелсіз*, нәрсіз алыпқашты әңгімелер Дутовты қанағаттандырмайды (К. Тоқаев).

**Айғақтама, дәлелдеме, дәйектеме.** *Бұлтартпайтын нақтылы дәлел.* Хұсайыновты әшкерелейтіндей, бұлтартпай қылмысын мойындататын *айғақтама* бар (Р. Игенбаев). Ол жерден пәлендей *дәлелдеме* таба алмастан Баскентке атандым («Қоғамдық тәртіп»). Зерттеу жұмысын тым биік бағалаған ресми төрешілер *дәйектемесі* қолда (З. Қабдолов).

**Айғақты, дәйекті, уәжді.** *Дәлелденген, айғаққа негізделген.* Поповтың хаты қылмыстың ізін жасырып, пара ұсынғандықтан, *айғақты* зат ретінде көрсетілген сияқты (А. Машанов). Талай бір күндер, ай өтті, азапты ойлар жаныштап. Жауабын таппай *дәйекті*. Айтармын кімге бағыштап (Н. Шакенов). *Уәжді* тұжырымға кім дау айтсын, мойындарына су құйылды (Қ. Салғарин).

**Айғыр, сәурік.** *Үйірге түсетін піштірілмеген еркек жылқы.* Асыл тұқымды алып қара *айғыр* үстіне таудай боп жүк тиелген арбаны сүйреп келеді («От ортасынан оралмағандар»). Құла жиреп *сәурік* екі байталды алдына сала Шоқан мен Сотниковтың алдын орағыта өте берді (С. Бегалин).

**Айдала, иен, құладүз.** *Елсіз дала.* Мұнайып қарайды қыз *айдалаға*, жас сәби неге жалғыз айдалада (А. Жұмағалиев). Соған қарағанда бір *иен* жерге түскен екенбіз деп топшылаймын (Қ. Қайсенов). Жол түгіл, малдың ізі жоқ, алдында жатыр *құладүз* («Алпамыс»).

**Айдын, жайқын, шалқар.** *Жайылып жатқан су алабы.* Гүлдер өсіп толыпты, келіп қапты сұлу жаз. *Айдын* көлге қоныпты, ақша бұлттай аққу, қаз (С. Мәуленов). Үстінде дүниені алған *жайқын* көлдің, бетінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған («Ақан сері»). Ақырын соққан самал *шалқар* көлдің ақша бетін аймалап сүйгендей болады (Ғ. Мүсірепов).

**Айқын, анық, зайыр көне.** *Көмескі емес, белгілі, құмәнсыз.* Асфальтты жауып кеткен қыстық қарда екі адамның ізі *айқын* жатыр (Ғ. Мүсірепов). Олар машина жуық келгенде оның кузовына артқан жүгі жоқ екенін, тек шофердің қасында бір адам отырғанын *анық* байқады (Н. Ғабдуллин). Бұлардың соңынан күн шыға, әрі кетсе сәскеде қуғыншы шығатыны *зайыр* (С. Досанов).

**Айқындау, анықтау, нақтылау, дәлелдеу, айғақтау, аяндау, деректеу, растау, куәландыру, негіздеу.** *Белгілі бір істің дұрыстығына нақтылы көз жеткізу.* Ұзақ түнге бітпеген кеңестер Сырдария-

ның шөлді даласын сусындату мәселесін *айқындай* түсті (С. Мұқанов). Командирлер бұйрық бойынша бет алыстарын *анықтап*, карталарын салыстырып, тексеріп болған соң, өз топтарына кетті («Ол күндердің өшпес данқы»). Енді оқу-жаттығу уақытын *нақтылайық* (Ө. Жарылғапов). Үкімет алдында өзімнің кінәсіз екенімді *дәлелдеп* шығуға бармын (І. Есенберлин). «Жүзден-жүз» деген сөздің дабыра емес, шындық болғанын *айғақтап*, омырауында алтын жұлдыз жарқырайды (С. Бакбергенов). Уақыт, мүрша берші, аялдашы, анықтап жолдарымды *аяндашы* (М. Әлімбаев). Біраз нәрсені *деректеп*, анықтап алу керек еді (Б. Момышұлы). Есеп машинасының жасаған формуласы сынақтың дұрыстығын *растады* (Т. Шаханов). Олардың араларындағы алыс-берісті *қуәландырудан* басқа істе біздің жұмысымыз жоқ (Ғ. Мүсірепов). Осы бір көріністің бәрін Әлханбек Мәлкеев толықтыра, *негіздей* түсті (Б. Тоқтаров).

**Айқындық, анықтық.** *Айқын, анық болушылық.* Кадрлар неғұрлым көп жолақтарға бөлініп берілсе, кескіннің *айқындығы* да жақсара түседі (М. Бекбауов). Нұрланып, тірі адамдай ұйықтап жатыр, Бұл рас, шын ақиқат *анықтығы* («Пернедегі термелер»)

**Айлакер, айлалы, айлашыл, айлакес, айлақор, қулықшыл, қырқар сөйл.** *Кез келген қиындықтан жол тауып шыға алатын айлалы мол, тәсілі көп.* Әзімбай анығында өкелерінен әлдеқайда *айлакер*, көреген боп шықты (М. Әуезов). Жас та болса әр сөздің астарын аңдып, сезіп отыратын бұл да *айлалы* жігіт (М. Дүзенов). Кейде қартаң, сырдаң, жаман *айлашыл*, бұқпантай адамдар кезігеді (М. Әуезов). Астыртын жамандауға *айлакес* болғанмен, мынадай үлкен әділ қазының алдында ашық шындыққа бара алмайтын (М. Әуезов). Өш алуға келгенде *айлақор*, сабырлы аға сұлтан шу шығармай, іштен тынған да қойған (І. Есенберлин). Рахымберді деген ойыншы, өлеңші, өнершіл, *қулықшыл*, тапқыр болған деседі («Шопан серігі»). Кенежаға болса, ол да бір *қырқар*, оңай жеңіле қоймас-ты (Ғ. Мүсірепов).

**Айлакерлену, айлалау.** *Қулық ойлау, амал-айламен әрекет ету.* Небір қиын жағдайдан *айлакерлену* арқылы құтылып кеткем, – деп мақтанып қойды («Жалын»). Ол ауыл баласын *айлалап*, аймақ баласын аймалап соңынан ертеді (С. Бакбергенов).

**Айлакерлік, айлалылық, тәсілқойлық, тәсілшілдік, әдісқойлық, айлакестік, райкерлік жерг.** *Айлакер болушылық.* Батыр атамыздың *айлакерлігіне*, қысылшаң жерден жол табатындығына сүйсінеміз кеп (Т. Бідырысов). Оның мәнісі: ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісінің амалшы *айлалығынан* жетерсің деген сөз (Абай). Бұған керуен басы Мұсабайдың *тәсілқойлығы* да көп себеп болды (Б.Соқпақбаев). Ал бұл жағдай сонда істеп жүрген адамдардың тапқырлығын, *тәсілшілдігін* керек етеді (М. Қайрақбаев). Бүгін спортшыдан *әдісқойлық* көбірек талап етіледі («Спорт жүздыздары»). Жобалайдың батырлығынан бұрын, адамның ойына келмейтін

гулықты табатын *айлакестігі* бөлек еді (М. Әуезов). Сүймеген адамның құшағында Гүлпаш *райкерлік* жасай ала ма (Т. Әлімқұлов).

**Айлақ, жайлақ.** *Кеме тоқтайтын жер.* *Айлақ* деп – теңіз бен көл жағасындағы кеме тоқтатуға арналған қолайлы су алаңын атаймыз («Ана тілі»). Баржа Днепрдің оң жағындағы *жайлаққа* тақау тұр (К. Тоқаев).

**Айла-шарғы, қитұрқы, қулық-сұмдық.** *Өзінің жаманшылық ойын жүзеге асыру жолындағы ұстанатын алдамшы іс-әрекет.* *Айла-шарғыға* жетік жау жендеттері атқыштар бөлмесін нысанаға алған (Ә. Әбішев). *Қитұрқы* зымияндық қарекеттің шынтуайтқа келгенде соғар жерін ел ішіндегі ең аңқау, ең парықсыз дегендердің өздері де байқап қалды (Ә. Шәріпов). Аттың аяғын сындыру, маңдайдан балтамен ұрып жығу сияқты *қулық-сұмдық* шықты (З. Ақышев).

**Айлық, жалақы, еңбекақы.** *Істеген қызметіне, атқарған жұмысына қарай ай сайын төленетін ақша.* *Айлық* алған күні Төлеген қасындағы жолдастарын қонақ ететін (М. Ғабдуллин). Күйеуінің кеңседен алатын *жалақыдан* басқа сырт табысы жоқ (М. Әуезов). «Бейнетіне зейнеті» дегендей, күрішшілер өніміне қарай әр айда төленетін *еңбекақыдан* басқа қосымша ақы да алып отырады (Ә. Жәмішев).

**Айлықсыз, жалақысыз.** *Айлық алмаған, жалақысы жоқ.* Бүкіл бригаданы *айлықсыз* қалдыруға болмайды ғой («Түсіндірме сөздік»). Жыл бойы *айлық* алмай, *жалақысыз* отырмыз, – дейді ондағы жұмысшылар («Егемен Қазақстан»).

**Аймақ, өлке, дуан, уәлаят.** *Белгілі бір аумақты жерді қамтитын территориялық бөлік.* Сырт жайлауына дейінгі *аймақты* түгелдей сүзіп, таба алмаса да күдер үзбеген (Б. Мұқаев). Дүйсеменов туған *өлкенің* тарихынан мол хабардар екенін дәлелдеді (С. Бақбергенов). Жүсіп қызмет іздеп Ақмола, Қарқаралы *дуандарына* дейін барып қайтты (Ғ. Мұстафин). Шешесі марқұм уақтысында *уәлаятына* мәлім аспаз кісі еді (О.Сәрсенбаев).

**Аймақтық, өлкелік.** *Аймаққа, өлкеге қатысты, соған тән.* Қазақстанның тұтас бір өлкесін басқаратын *аймақтық* мекемелер болмақ (С. Сейфуллин). Облыстық конференция *өлкелік* съезге делегаттар сайлады (С. Шаймерденов).

**Айналайын, жарқыным, жаным, жарықтығым, айнам, айнашым, айналдым.** *Жасы кішіге, балаға, жақсы көретін нәрсеге қарата айтылатын еркелеткіш сөз.* Бар байлығын астық қылып ақтарған, *айналайын* аңқылдаған халқымнан (Р. Өтегенов). Аспанға болман алтын күн, қызуым оған жетпейді. Кім болам, айтшы, *жарқыным*, көкейден осы ой кетпейді (Ө. Нұрғалиев). *Жаным* балам, мен соларды, көрем бүгін тағы да. Өлең деген ағылады, менен бүгін тағы да (Қ. Шаңғытбаев). Түсінсейші *жарықтығым*, мен қоғам малы үшін осындай әрекетке бардым («Лен. жас»). Отыршы, *айнам*, саған әкелген базарлығым бар, – деп, әжесі немересін еркелетіп жатыр

(«Соц. Қаз.»). Күнім, айым, айнашым, құлақ бауын байлашы (Қ. Мырзалиев). Күлімдеген көзіңнен айналдым, – деді Айғызға емірене қараған Садырбай (Қ. Исабаев).

**Айналсоқтау, қарайлау, шырғалау, төңіректеу, айналақтау, айналшақтау.** Белгілі мақсатты оймен бөгелу, ұзап ешқайда кете алмау, қарақтау. Ауылды айналсоқтап төрт күн жаттым, сонда да шеніне бір жуытпадың («Айтыс»). Слет аяқталғаннан кейін де Болатбек келіп қалар деген үмітпен Дайрабай ағайдың үйінде бір күн қарайладым (Т. Тобағабылов). Бала «аталап», Тасболатты шырғалап, соның қасынан шықпай отырды (Б. Майлин). Осы кеште Жеңіс тек қана Тоқбаланы төңіректеп, қасынан шықпай қойды (Ө. Ахметов). Тағы бір ауыз тіл қатқалы Омар кете алмай айналақтап қалды (Ғ. Мүсірепов). Ол мені шешесінен артық көрмесе кем көрмейтін, қасымнан айналшақтап шықпайтын (З. Шашкин).

**Айналып-толғану, айналып-үйірілу.** Жаны қалмай бәйек болу. Анам да айналып-толғанып, бар білетін тілегін айтып, мені киіндіре бастады (С. Көбеев). Жер түбінен келгендей айналып-үйіріліп, маңдайынан сүйіп жатыр (Қ. Жұмаділов).

**Айнығыш, айнымалы, айнымпаз, өзгергіш, өзгермелі, өзгерімпаз, құбылғыш, құбылымпаз, толқымалы.** Айнып кететін, тез өзгертін тұрақсыз. Сатушылар мұндай айнығыш сатып алушының талайын көрген бе, тағы бір әдемі пальтоны алып берді (Б. Қыдырбекұлы). Менде жоқ айнымалы ала мінез, өмірлік бір күн үшін, сертті бұзар (Ө. Тұрманжанов). Көргенде айнымпазды шоқ басқандай шошынып күйер денем (К. Салықов). Тіршіліктің осы кезеңінде өсіп келе жатқан организм өзгергіш келеді (Т. Күлтебаев). Сиыр сүтінің құрамы тұрақты емес, өзгермелі келеді (С. Сейітов). Өзгерімпаз неткен жан едің, – деп жолдасы қалжыңдап қойды (Қ. Шөкенов). Мінез де бара өзгерер, ал сезім әсте құбылғыш (Ә. Абайділданов). Оның құбылымпаздығы, бір сөзде тұрмайтыны елге мысал болып кеткен (Қ. Әбдіқадіров). Алтай өлкесі адамдарының өміріне де толқымалы, сүренді бір жылдар келіп еді (Ғ. Сланов).

**Айнымай, аумай (тартқан).** Қатты ұқсаған, дәл өзі дерсің. Өзі әкеме айнымай тартқан, қасы, көзі, мұрны әкемнің айнымған дәл өзі болған да қойған (С. Омаров). Өскен сайын аузынан түсіп қалғандай әкесінен аумай барады (Т. Ахтанов).

**Айран, қатық.** Ұйытқы қйып қйытылған піскен сүт, ашқылтым тамақ. Су сұраса сүт берген, айран берген, қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем (М. Мақатаев). Қой сүтінен жергілікті халық айран, қатық даярлайды (М. Ермеков).

**Айтарлықтай, пәлендей, бәлендей.** Айта қаларлықтай, соншалықты, соншама, оншама. Сүйетіндей жер үсті суретші болсам ғой, айтарлықтай келісті адам жасай алсам ғой (Қ. Мырзалиев). Алмабек Әбілқасымның тосын әрекетіне пәлендей таңдана қойған жоқ

(С. Омаров). Тіпті осыдан *бәлендей* масқара ештеңе көрмей тұрғаны сезіліп тұр (Т. Әбдіков).

**Айтатыр, көлтабан.** *Ештеңе өспеген көлдің сор табаны.* Жаздын ортасына қарай көлдің суы құрғап, *айтатыр* болып қалған («Жас Алаш»). Суы тартылған көлдің *көлтабан* баптағының емдік қасиеті бар (Ж. Әбиев).

**Айтқандайын, айтпақшы, айтпақшыдай.** *Ұмытып бара жатқан ойын қайталап еске салу үшін айтылатын модаль сөз.* *Айтқандайын*, кешегі ауылда қолында шиті мылтығы бар бір қазақ жолдас комиссар отырған үйді көп торыды (З. Шашкин). *Айтпақшы*, түнеу күнгі сен айтқан өрт сөндіруші командасы жайын біз колхоз председателімен сөйлескенбіз (С. Сарғасқаев). *Айтпақшыдай*, мен сізді бұрын да көрген сияқтымын, – деп, әлденені еске түсіргендей болды (З. Шүкіров).

**Айтқыз, сөйлеткіз, сөйлеттір, сөйлет.** *Айтуға, сөйлеуге мүмкіндік беру.* Есентаудың өзін сөйлетіп, ойын *айтқызбақты* ниет етті Абай (М. Әуезов). Бүкіл ауыл адамдары «әуелі өзінді тындап алайықшы» дегендей Байдәулетті *сөйлеткізін* қойып отырған (Қ. Исабаев). Соны білетін дәрігерлер маған келген кісіні көп *сөйлеттіре* де бермейді (Ж. Өмірбеков). Өздерін *сөйлетіп*, бұл тойдың мән-жайын жөндеп ұғалық (М. Сқақбаев).

**Айтқыш, айтымпаз.** *Келістіріп айта білетін.* Төкежан мен Ысқақ ішінара Абайдың турашыл, қатал сөзінен, алғыр *айтқыш* шешендігінен де жасқанады (М. Әуезов). *Айтымпаз* қатын қолындағы шыбығымен Әсияның шәлісін оқтын-оқтын көтеріп қойып, сілтей берді (Ғ. Мұстафин).

**Айттыру, атастыру, құда түсу.** *Ескі салт бойынша ұл мен қызды үйлендіру жолы, ата-ананың келісімі, ұйғарымы.* Қарағым, қалай болса халық заңы *Айттырып* кім де болса қыз алады («Айтыс»). Найментаймен құда болып, Әйкежанды *атастырып* қойғанымды өзін білесің (М. Әуезов). Әкем алдақашан *құда түсіп*, құйрық жесіп қойған (З. Шүкіров).

**Айтыскер, айтысқыш.** *Айтысқа түсуші суырыпсалма ақын.* Жағалай тігілген үйлерде *айтыскер* ақындар, күміс көмей әншілер болды (Ә. Жәмішев). Біздің бір жақынымыз, атакты артистің әкесі, сері, *айтысқыш* ақын болыпты (Ә. Нұршайықов).

**Айтыссыз, керіссіз, талассыз, айтыс-тартыссыз, дау-дамайсыз, дау-шарсыз, ың-шыңсыз.** *Дау-дамайға бармай, жанжал тудырмай, айқай-шусыз. Пікірталасынсыз, ұрыс-керіссіз.* Жұрт «осы арадан айтыс басталып кетер» дегенімен, мәжіліс *айтыссыз* тарады (С. Мұқанов). Үй іші *керіссіз* болмас, орман бөрісіз болмас (Мақал). Деді де батыр қырандай, жан-жағына көз салды: өңшең ерлер *талассыз*, батырдың сөзін құп алды (О. Шипин). Әкеміз ынжықтау, қорқақтау болғандықтан ба екен, *дау-дамайсыз, айтыс-тартыссыз* жұмысын істей беретін («Түркістан»). Екеуара отырып олар бір

пікірге тоқтап, бұл істің жайын *дау-дамайсыз* өбден шешкен сияқты (С. Фаббасов). Ауыл адамдары ешбір *дау-шарсыз* өз тірліктерімен айналысып жатты («Лен. жас»). Күйеуі соғыста өлген әйелдер *ың-шыңсыз* тұрмысқа шығып кетіп қалысады (Ж. Молдағалиев).

**Айхай, ойхой, айхой.** *Шіркін-ай, жалған-ай, дүние-ай.* Айхай ақын өмірі, Абыржып қалса көңілі, ақырын шығар неге үні (М. Мақатаев). *Ойхой*, қызық дәурен қимас күндер-ай (Д. Досжанов). *Айхой*, майы құрғырдың ісінің жақсысын-ай (БІ. Алтынсарин).

**Айшықты, бейнелі, астарлы, тұспалды.** *Көркем тілмен жұмбақтап айтылған.* Қанатты, астарлы, суретті, *айшықты* сөздер тек билерге ғана тән болды деу ұшқарылық болар еді (І. Омаров). Ол кездегі сайлаудың сипаты, сұрқия сыры «Абай» романында *бейнелі* сөздермен терең суреттеліп, байыпты баяндалған (С. Мәуленов). Бұхар жырау Дәулетбайға хабар айтқанда Қабанбайдың халін бейнелі, *астарлы* тілмен сөйлейді (Қ. Мұхамеджанов). Лиза *тұспалды* сөзге аса түсіне алмай, екеуіне алма-кезек жалтақтай қарады (С. Жүнісов).

**Айығу, сейілу, ашылу.** *Боран басылып, бұлт тарқап, күннің жайма-шуақ қалыпқа түсуі.* Кейде бір жұмадай, кейде он күндей *айықпай*, ақ боран боп түтеп тұрып алған кездері болған (М. Әуезов). Таң ата тауды бүркеген бұлт *сейілді* (Д. Досжанов). Үш күннен соң аспан *ашылып* ауа райы күліп сала берді (Ж. Жұмаханов).

**Айызы, құшыры (қанды).** *Риза болды, құмардан шықты.* Таң қалып қана қоймаймын, ендігі балалардың бақытына *айызым* қанып қуанам (Қ. Қуанышбаев). Медет жай айтса да, Құлжабайдың жайын тапқанына ол іштей риза боп, *құшыры қанып* қалған (Е. Мырзахметов).

**Айылбас, доғабас.** *Айыл-тұрманның, белдіктің бір жақ басына бекітілген дәнекер темір.* Ер-тоқымын бауырына алған ат туласын кеп. Сөйтсе бұл айылын тартпай, *айылбасын* бос іле салыпты («Бал дәурен»). Жұмаш күрсініп, көк жейдесінің сыртынан бұған *доғабас* былғары белдігін ағытты (С. Сматаев).

**Айыл-тұрман, ат-тұрман, ер-тоқым, әбзел, тұрман, ер-тұрман.** *Салт атқа пайдаланылатын жабдықтар.* Айыл-тұрман тағынып, туған елін сағынып, Ақбөрте тұр жемде артқы аяғын қағынып («Дастандар»). Егерде әскер қатарына кіремін деушілер болса, оларға *ат-тұрман*, қару-жарақ беремін (Х. Есенжанов). Төреге ерген *ер-тоқымын* арқалар (Мақал). Бейтаныс кісі Күдербай ағасы екеуін ер-тұрман, *әбзелі* келіскен екі атқа мінгізіп жолға шыққанын өзі біледі (А. Мекебаев). Мақы күміс *тұрманды* қара жұрға тайға мініп, Жайнақ оның шылбырынан жетектеп алды (С. Мұқанов). Ең барып тұрған қара жаяу кедей қазақтың мінерге аты болмаса да, үйінде *ер-тұрманы*, жүген-ноқтасы сай болады (Б. Соқпақбаев).

**Айыпкер, қылмысты, қылмыскер, құныкер, айыпқор сөйл.** *Қылмысты іс істеген, жауапқа тартылған адам.* Заңға қайшы істеген қылмыстың іс-әрекеті үшін жауапқа тартылуға тиісті адамды әдетте



*айыпкер* дейміз («Егемен Қазақстан»). Ертеде қырғыз заманда Тарғын деген батыр кісі өлтіріп, ханына *қылмысты* болып қырық сан Қырым жұртына қашып барады («Ер Тарғын»). Мемлекеттің қаруын жауына берген ондай *қылмыскер* сіз айтпасаныз да айдалады, – деді қыз Мәдиге (Ә. Әбішев). Сырлыбай қанша ағайынға жан тартқанмен де ақ патшаның алдында да, бұның алдында да қолын қандап *құныкер* бола алмасы хақ (Ә. Кекілбаев). Солардың көпе-көрнеу кесірінен енді міне *айыпқор* болып отыр («Жұлдыз»).

**Айыптағыш, кінәлағыш.** *Орынсыз айып таққыш, міншіл.* Жігітім, қайдан таптың әдетті бұл, біреуге жала жапқыш, *айыптағыш* (Қ. Бекхожин). Оны соғыс өлтірді, *кінәлағыш* болсаң, соғысты кінәлағын (Б. Момышұлы).

**Айыр, аша сөйл.** *Шөп, сабан жинауға арналған құрал.* Жазира маяның түбінде шаншулы қалған *айырды* алмаққа оңтайланды (М. Сүндетов). Екеуі де орта жастағы шопандар, қолында *аша*, үюлі пішен үстінде шөп тастап тұр («Көктем лебі»).

**Айырбастау, ауыстыру, алмастыру.** *Бір заттың орнына екінші затты алмастырып алу.* Олар қыс бойы ағаш, ет, май, арқан-жіпке дейін *айырбастап*, поселкеден ішермен астық алып қайтады (Ф. Мұстафин). Өлгі көзі шыққыр Қирабай қаладан соқа ала барғанда, доңғалағын *ауыстырып* өкетеіпті (Ө. Қанахин). Мал шаруашылығына келген жастар жасы жеткен қарттарды *алмастырады* (Қ. Қамбаров).

**Айырлау, ашалау.** *Шөпті, сабанды айырмен шаншып тиеу, арту, шашу.* Нығыздау *айырлап*, пішен, көк майса шөпті тесіктен екінші рет тастай бергенімде өзім шөп-мөбіммен құламасым бар емес пе (Ж. Мұзапаров). Шопандар қысты күні *ашалап* шөп көтеріп малға шашуы керек (Ә. Нұршайықов).

**Айырма, айырым.** *Бір нәрсені басқадан ажыратуға болатын өзгешелік.* Өтірік те, шын да ауыздан шығады, *айырмасы* айтылуында емес, мағынасында (Мақал). Ана мен бала жырлайды, *айырым* жоқ үнінде, алалық жоқ тілінде («Халық ақындары»).

**Айырмашылық, өзгешелік, ерекшелік.** *Екі затты бір-бірінен ажыратып көрсететін ерекше белгі.* Адамның айуаннан *айырмашылығының* өзі де ақылға бағынатындығында (С. Мыңжасарова). Көп қадалып қарамаса да құс бітімінің *өзгешелігін* көзі қарақты құсбегі тез аңғарды (А. Сейдімбеков). Сүт коректілердің басқа жануарлардан *ерекшелігі* – баласын тірі туады және сүтпен асырайды (Қ. Қайымов).

**Ақ, боз, қылаң.** *Сүт пен қардың түсіндей, қарсы мағынасы қара.* Боз бен қылаң көбінесе жылқыға қатысты айтылады. Шаңқан өте ақ, тым ақшыл дегенді білдіреді. Жай көзге көрінбейтін жұлдыздардың көбінің түсі ақ, бірақ абайлап қарасаң көгілдір, сарғылт, қызыл түсті жұлдыздар бар екенін оңай көреміз (Х. Әбішев). Қазақтар боз мама бие мен ақ боз атты айрықша ардақтайды (М. Ысқаков). Бұның бірі аяншыл ақжал шабдарға мінген жас бозбала, екіншісі шоқша сақалы бар *қылаң* мінген жолдасы (М. Әуезов).

**Ақ, хақ.** *Адал, кінәсіз, құмәнсіз ақиқат.* Ақ сөйле, құлағыңа Ақ-мартуың сыбырлап кетті ғой (М. Әуезов). Жазушының да оқушыға соншалық ыстық махаббаты болса ғана еңбегі жанары *хақ* (Х. Ерғалиев).

**Ақаулық, мүкістік, кемістік.** *Мін, кемістік.* Құрылыс жобасының өзінде үлкен *ақаулық* бары байқалады (Т. Иманбеков). Құлағының *мүкістігіне* байланысты Шерәліні жұрт керен шал деп атап кеткенді (Д. Исабеков). Көз жанарынан *кемістік* табылып, Бекше әскери училищеге түсе алмады (Ә. Сәрсенбаев).

**Ақиқатшыл, турашыл, шыншыл, тура.** *Жалғандыққа жаны қас, дұрыстықты жақтағыш.* Беу достым, кіршік болмас тілегімде, ақау жоқ *ақиқатшыл* жүрегінде (К. Салықов). Сәкен өмірде адал, *шыншыл*, жалғандыққа төзе алмайтын, досына кішіпейіл адам еді («Қаз. әдеб.»). *Турашыл* Бекболды айла-амалмен сатып алуға да мүмкін емес еді (О. Сәрсенбаев). Сәкен өмірде адал, *шыншыл*, жалғандыққа төзе алмайтын адам еді («Қаз. әдеб.»). *Тура* биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ (Мақал).

**Ақ көңіл, ақ көйлек, ақжарқын, аңқылдақ, көңілшек, ақшелек.** *Өзім дегенге жаның үзетін, өткен-кеткенмен санаспайтын адал, ақ.* Ақ көңіл бір жан еді аңқылдаған, Ажары бұлтсыз күндей жарқылдаған (С. Омаров). Ой, *ақ көйлек* қарағым деп, бөйбіше даусын соза түсті (Ф. Мұстафин). Сейіт балуан жомарт мінезінің үстіне аса сауықшыл, *ақжарқын* жігіт екен (М. Әуезов). Күлсе күледі қарқылдап, қанқу сөзбен ісі жоқ, өзі ақ көңіл, *аңқылдақ*, сөзге сараң, ісі көп (Т. Жароков). Ұрыншақ ат арық болар, *көңілшек* жігіт жарлы болар (Мақал). Серік – аузын ашса, көмейі көрінетін *ақшелек* жігіт (Қ. Фабитханұлы).

**Аққу, қу.** *Мойны ұзын, ақ қауырсынды үлкен ақ құс.* Ақсақалдың көзіне әуелеп ұшып бара жатқан алты *аққу* шалынды (А. Сатаев). Жыршы құстар әуеде өлең айтып, қиқу салар көлдегі қаз бен *қулар* (Абай).

**Аққудай, аққудайын поэт.** *Аққудай әдемі, сымбатты.* Сол айдында жалғыз жайлаған *аққудай*, кербез сұлу ай керіле жылжып барады (К. Асанов). Шұбар тауға шарықтап, жетті жылдам өлеңім, *аққудайын* аруға айтшы ақынның сәлемін (Қ. Аманжолов).

**Аққұба, құба.** *Ақшыл сұр, бозғыл.* Есікті орта бойлы, *аққұба* өңді қыз ашты («Жас Алаш»). Әскери киімді *құба* жігіт Хамитпен сөйлесіп, ертемен келген қағазын көрсетті (С. Сейфуллин).

**Аққұман, шайнек, ақшайнек.** *Шай шығаратын шүмекті фарфор ыдыс.* Қалқа шайды бірге әзірлесіп, *аққұманды* демдеп, жайнаған шоққа қоя бергенде, есіктен Имаш пен өкіл кіріп келді (Б. Майлин). *Шайнек* буы аспанға көтеріліп, сақырлап қайнап жатқан еді (М. Иманжанов). Апам шүмегі кетік *ақшайнекке* шай салып бықтырды («Арқа еңбеккерлері»).

**Ақпан, екіағайынды көне, үт көне, февраль кітаби.** *Қыстың қаңтардан кейінгі соңғы айы.* Шопан *ақпанның* аяғына дейін отарды

өрісте жайып баққан (Б. Асанбаев). Қазақстанның оңтүстік облыстарында ақпан айы *екіағайынды* деп аталады (М. Ысқақов). *Үт* айының ақырында, наурыздың бас кезінде ауа айы айнымалы ғой (Ө. Көшімов). Биыл *февраль* айында күн өдеттегіден гөрі жылылау болды (А. Байтуғанов).

**Ақсақ, шойнақ, сылтыма, сылтық, солтақ, шойнаң, қолау.** *Аяғы кемдіктен сылтып басатын кемтар, мүгедек.* Ақтоқтының беріліп отырған күйеуі *ақсақ* екен (Мағжан). *Шойнақ* деуші еді оны, енді екі аяғы теңеліп кетуге жақын (Ф. Мүсірепов). Қой, ақсағы несі, жай әншейін болар-болмас *сылтымасы* ғана бар (С. Жүнісов). Ілгері қатты адымдап кетіп, *сылтық* аяғын ауыртып алғанын да сезбеді (М. Әбдіхалықов). Қуаттың әкесінің сынған аяғы *солтақ* болып біткен (Ф. Мүсірепов). Отырып істейтін жұмыс екен, мен сияқты *шойнаңға* керегі де осы ғой (Ф. Мүсірепов). *Қолау* деп көп мінілген тай-құнанның аяғынан ақсап қалуын айтады («Ана тілі»).

**Ақсақал, қария, отағасы.** *Жасы үлкен сыйлы ер адам.* Мақала орнына ол *ақсақалдардың* аузынан шыққан қанатты сөздерді жазып алып келді (С. Мәуленов). Орта жастағы әйел *қарияның* қарсы алдындағы орындыққа отыра беріп сөз бастады (Ф. Сланов). Ақ таяғын артына қыстырып, сиыр өргізетін Байбол *отағасы* да көрінбейді (Ж. Аймауытов).

**Ақсақалдық, қариялық.** *Көпті көрген, көп жасаған адамға лайық, үлкендік.* Алла тағала саған ортаймас өмір, қартаймас көңіл беріп, *ақсақалдыққа* жеткізсін («Қаз. әдеб.»). Отағасы *қариялығын* істеп, бізге басу айтты (Ә. Ахметов).

**Ақсаңдау, солтақтау, шойнаңдау, шойқаңдау, сылту, солтаңдау, шоқаңдау, шойқалаңдау.** *Бір аяқтың кемдігінен аяқты тең баса алмау, ақсаң-ақсаң етіп жүру.* Оқ тиген теке шаңырақтай мүйізімен басын жерге тұқыртып бір домалап барып қайта тұрды да, *ақсаңдай* басып жөнеле берді (Ф. Сланов). Абдолла еппен тұрып сыбдырсыз киінді де, *солтақтай* басып далаға шығып бара жатты (С. Ғаббасов). *Шойнаңдап* өрең жүретін Сүлеймен шалқалақтап барып құлап түсті (Б. Мұқаев). Биіктеу жерге желе шығып, мылтығын оқтана берген қарт киіктің *шойқаңдаған* жүрісіне қарап, ақсақ екенін білді (С. Мұратбеков). Шығыстан соққан жел *сылтып* басқан жігіттің плащының етегін желпіп тастады (Ә. Сәрсенбаев). Ақсақ, мүгедек Әліпқали *солтаңдай* басып, түйе соңына зорға еретін (С. Жүнісов). Біләлов балдағына сүйене екі-үш *шоқаңдап* ілгері ұмтылды да, тоқтай қалды (Ә. Нұршайықов). Әкпар жарды жағалай *шойқалаңдап* келеді (Ә. Ахметов).

**Ақсүйек, шонжар, бекзат, бекзада.** *Бай, билеуші таптардың өкілі, алпауыт тұқымы.* Оның өмірбаяны да таңғаларлықтай, өзі *ақсүйек* әулетінен шыққан адам (К. Сифанов). Ыбырай ауылдағы байлар мен *шонжарларға* қарсы шығып, жарлыларға жақ болды

(М. Ақынжанов). Алтын сарайдың ішінде отырған *бекзат* сияқты сөйлейсің, бар енді тезірек, Күнікей (И. Жаканов). Сұлтан оны ержеткенше асыра деп, бір *бекзадасының* үйіне беріп жіберді (І. Есенберлин).

**Ақтару, аудару.** *Бір заттың ішіндегі нәрсені төгіп алу, қотару.* Ораз үйге жүгіре кіріп, ақшайнекті *ақтарып* кетті, дастарқан бүлінді (Ш. Мұртазаев). Дөй қара жігіт селк етіп, тачканың табаны тайып, бар балығын суға *аударып* алды (Т. Ахтанов).

**Ақтау, майлау, әктеу.** *Үйдің іші-сыртын әкпен тазарту.* Оқушылар өз бөлмелерін июнь айында-ақ *ақтап*, еденді, парта, тақталарын жөндеп, сырлап бітірді («Халық мұғ.»). Айғанымға қолғабыс беріп, үш бөлмелі шым үйдің төбесін, қабырғасын *майлаған* (Ж. Молдағалиев). Жұмысшы-ұсталар сәні кеткен үйдің іші-сыртын *әктеп*, есік-терезелерін сырлады (Т. Бердияров).

**Ақша, пұл.** *Сауда-саттықта товар құнынның өлшеуіші болатын металл және қағаз түріндегі белгі.* Үкімет *ақшаны* тек таза жүн түсімінің процентіне қарай төлейді (М. Ермеков). Өмір піркіннің *пұлға* сатып алмайтын қымбаттығын ғұмырында осымен екінші рет сезінді (Қ. Найманбаев).

**Ақшақұмар, ақшашыл, ақшажанды, тиыншыл.** *Ақшаны жақсы көретін. Ақшақұмар* болу жақсылық емес («Қаз. әдеб.»). Балалары да өздеріне ұқсап *ақшашыл* болып алған, – деді кемпір жақтырмай («Жұлдыз»). *Ақшажанды* адам береген емес, сараң болады («Жалын»). *Тиыншыл* билік, Берілсе сыйлық, Жадағай қабақ, жақынсақ. Киіңкі көңіл, қу үміт, Пәреге басты бір сүнгіт (І. Жансүгіров).

**Ақшалы, қаражатты, пұлды, қалталы, сомалы кітаб.** *Ақшасы көп, қаражатты мол.* Нағашымның үйіне баратын мен оның аса *ақшалы* адам екенін аңғардым (С. Мұқанов). Жасы толмаған балаларға ата-анасы *қаражатты* ағалары мен әпкелеріне көмек талап етуге хұқығы бар («Семья тәрбиесі»). Я, шырағым, торымның *пұлды* екені рас, несін жасырайын (Ғ. Сланов). «Әрине, ондай сұлу әйел әлі де болса бір *қалталы* байды табады ғой» деген суық хабар күңк ете қалған (І. Есенберлин). Нүрке – малы, пұлы бар қалың *сомалы* саудагер бай (М. Әуезов).

**Ақшам, намазшам.** *Іңір болған кезде оқылатын намаз.* Азан тартылып, *ақшам* оқылған соң Шалматай пәтеріндегі көп кісі ауыз ашуға отырды (І. Жансүгіров). *Намазшамнан* өткенде, Құтпанға уақыт жеткенде Ақберенді сайлады, қарынға найза байлады (Жамбыл).

**Ақшыл, ақшылт, ақшылдау, ақшылтым, ақтау, ағырақ, ақшулан.** *Сәл-пәл ақ, бозғыл, қылау.* Мұржасынан лықып шыққан *ақшыл* түтін кең қалаға лезде сіңіп жатыр (Ғ. Мұстафин). Шынтағына түскен *ақшылт* жамаудың әр тұста бір жабысқан оймақ бұлттардан еш айырмашылығы жоқ екен (Р. Тоқтаров). Бекет кешегідей қара бұжыр емес, *ақшылдау* (Р. Тоқтаров). *Ақшылтым* көбік бақылау шынының орта шеніне дейін жетті (А. Жолдасбеков). *Есік*, терезені *ақтау* түспен сырлапты (М. Бекбауов). Оның түсі әлдеқайда *ағырақ*

болуы керек (Ауызекі тіл). Батар алдындағы күн сәулесіне оранған күмды дала әдеттегіден де *ақшулан* көрінді («Тоғызыншы шежіре»).

**Ақы, төлем.** *Сіңірген еңбегіне, істеген жұмысына қарай төлементін өтеу.* Сәтемір үй сыпырушы болып жалданып, *ақысына* оқу оқиды (Ы. Алтынсарин). Қанды кекті *төлем* төлеумен, күн төлеумен ауыстыратын болды («Түбі бір түркілер»).

**Ақылгөй, ақылшы, данагөй, дана, данышпан, кемеңгер, ойшыл, ұлы.** *Ақыл-білімімен жұртқа танылған қлы адам. Білгір де білімдар.* Баласы Ұлы жүздің Абак, Тарақ, көтерген *ақылгөйге* мені балап, Аш бөрідей қаңғырған ақын келсе, Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап (Жамбыл). Сонымен енді Абай өз ортасының ақылды *ақылшы* басшысы бола бастайды (М. Әуезов). Төлеби, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би – үш *данагөйдің* өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі жөніндегі айтар әңгіме аз емес (Н. Назарбаев). Қашанда да *дана* адам ел билейді, Басшысы дана болса ел гүлдейді (Е. Бердин). Шынында да, мынадай аударманы түсіну үшін Сократтай *данышпан* болу керек сияқты (Ғ. Мүсірепов). «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға» деп *кемеңгер* Абай тегін айтпаған (С. Байжанов). Ұлы *ойшыл* жерлесіміз әл-Фарабидің өмірі туралы оқушыларға мағлұмат берілді («Қазақст. мект.»). Кір жуушының баласына төтеп бере алмасаң, *данагөй* болғанымыз да құрысын (Ш. Хұсайынов). Қазақ халқының *қлы* ақыны Абайі өзінің бірталай өлеңін ат сынына арнады («Қаз. әдеб.»).

**Ақылгөйсү, данышпансу, көсемсу.** *Біреуге ақыл айтып, өзін ақылды етіп көрсету, білгірсү.* Біз балапандай шырылдап, біздің үйге көңіл айтуға бармақ болып, бірімізден-біріміз асып түсіп, *ақылгөйсін* жаттық («Лен. жас»). Үлкен бір тақырыпты ала салып, құрғақ ақыл үйретіп *данышпансумен* көркем шығарма болып шықпайды (Ғ. Мүсірепов). Ешкім мұны дастарқан басы етіп сайламаса да, осындайда *көсемсіп* шыға келетін ежелгі әдеті (К. Ахметбеков).

**Ақылдасу, кеңесу, пікірлесу.** *Қандайда бір істі, мәселені көптің талқысына салып, солардың пікірлерімен есептесу, санасу.* Егерде бала белгілі бір жаман әдетке әуестеніп бара жатса, оның ата-аналарымен *ақылдаса* отырып, тиісті шара қолдану керек (С. Көбеев). Ескі ауылдың салты қызық, жергілікті рулардан өзі кедей біреумен *кеңесе* кетсең, арғы аталарын бай болған деп мақтанады (С. Мұқанов). Ғабит аға жасы кішілермен қашан кездесе де, ақыл қосып, әлденелер жөнінде *пікірлесіп*, өзіңе ой толғандыртып жүреді (М. Әлімбаев).

**Ақылды, есті, миы, ақылман, интеллектуалды.** *Сана-сезімі жоғары, парасатты, білімді.* Ғалым көп, *ақылды* аз байқасаңыз, Досың жоқ, танысың көп санағанда (Міржақып). Егер де *есті* кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен-өзің есеп ал (Абай). Сен өндіріп жатқан мынау миллиард – сен ғана емес көпті көрген *миы* қарт (Х. Ерғалиев). «Ойсыз неме осыны да білмейсің бе?» деген түйінді

қабағымен аңдатқан екен-ау *ақылман* ағамыз (М. Әлімбаев). Асқар – романдағы кемеліне келген, өсіп жетілген *интеллектуалды* кейіпкер (С. Әшімбаев).

**Ақылдылық, ақылгөйлік, зерделілік, естілік.** *Ақылды болушылық.* Сол екі ақымақтың ісіне бола екі елді бір-бірімен атыстырып қойған да *ақылдылық* болмайтын сияқты (Б. Нұржекеев). Жаңа ғана көзінде ойнаған күлкінің ізі де жоқ болып, реңі *ақылгөйлікті*, байсалдылықты аңғартты (М. Иманжанов). Өнер жолында көрген-білгенін, танып сезгенін саралап, өз жолын табу – үлкен *зерделілік* («Жасыл белес»). Еркеліктен *естілік* басым түсіп, кей істі әкесіз-ақ өзі шешті (Б. Тұлғажанов).

**Ақыл-ой, интеллектуал.** *Сана-сезім, рухани жан дүние.* Сұлтанмахмұт та нәзік сезімді, ұшқыр қиялды *ақыл-ой* иесі сияқты (Б. Кенжебаев). Қанат – біздің сыныптағы топтан озық шыққан *интеллектуал* (Б. Қойшыбаев).

**Ақым, жарма, лақат.** *Қабірдің батыс жағынан кеулеп қазылған қуыс.* Кісі бойына жеткен соң құбыла жақ шеттен *ақым* бастап кеулей қазды. *Жарма* – көрдің батыс жағынан жартыкештеп қазылған ақым түрі («Ана тілі»). Қожа бой-бой боп терлеп, анасының *лақатын* әзірледі (О. Бөкеев).

**Ақымақ, ақылсыз, бассыз, ойсыз, есер, дәлду, дәлдір, қауқабас.** *Сана-сезімі кем, ақылды емес.* Егер түзу көрінсе, ойлап-ойлап құлаққа іл. *Ақымақ* көп, ақылды аз, деме көптің сөзі бұл (Абай). *Ақылсыз* ақымақтың бір мінезі – өзінің қарамайды шамасына («Ақан сері»). Е, шырағым, бақытсыз елді қашан да *бассыздар* билейді, ел сорына ол да болыс бола қалыпты (Ә. Әбішев). Оған бұл сұрақ алаңғасарлау, *ойсыз* адамның сөзі сияқты көрінді (К. Тоқаев). Білмегенді білуге, Есті бала тырысқақ, *Есер* бала ұрысқақ (Ы. Алтынсарин). Бір байдың болған екен үш баласы, бейне бір қатар өскен қол саласы. Кенжесі ес білмейтін *дәлду* болып, Ақылды кісі болып екі ағасы (Б. Майлин). *Дәлдір* менен дананың терезесін бір қара жер теңейді (М. Әлімбаев). Пайғамбар жасынан ассаң да, Құдай ақыл ендірмеген *қауқабас* бейшара, онан да басыңның аман қалғанына шүкірлік ет (К. Салғарин).

**Ақын, шайыр, жырау, жыршы.** *Өз жанынан тыңнан өлең шығаратын, халықтық мұраларды жатқа айтып, жұртты аузына қарататын өнер иелері, сөз шеберлері.* Өсер елде *ақын* көп, Өшер елде өкім көп (Мақал). Сөйлесе табылады *шайырдан* сөз, Жақсыны жаманменен айырған сөз («Айтас»). Салт бойынша, тойдың бірінші күні кешке ошақ бөйгесі өтіп, түнімен *жырау* тыңдалды (С. Елубаев). Бұл бірігудің абзал екенін Асанқайғы, Қазтуған, Қотан секілді бүкіл қазақ қауымы ардақтаған *жыршылар* да қолдаған (І. Есенберлин).

**Ақырында, аяғында, түбінде, соңында, ақырда.** *Түптеп келгенде, артынан.* Қапыда өткен дүние-ай, *Ақырында* еш болды-ау, ел

үшін еткен еңбегім (Махамбет). Жауыз екен, неше жыл дәмдес болып жүріп, он жылдық еңбегімді жеп кетті. *Аяғында* өзімнің күздігімді тартып алды (Ғ. Мүсірепов). *Түбінде* баянды еңбек егін салған, жасынан оқу оқып білім алған (Абай). Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты, *соңында* Шәмсі-жиһан атаныпты (Абай). Адалдың жері жоқ *ақырда* жеңбейтін (Шәкәрім).

**Алабажақ, аламыш.** *Түрлі тұсті, ала-құла, әлеміштелген.* Еденге төселген дөңгелек төсеніш қилы-қилы құрақтан *алабажақ* етіп жасалыпты (Ғ. Қабышев). Айнала төңірек *аламыш*, шұбар ала орман (С. Сейфуллин).

**Алабота, қаработа.** *Бір жылдық немесе көп жылдық шөптесін не шала бұта өсімдік.* Алабота сахар алу үшін жағатын шөп, сахардан сабын былғайды (С.Қасиманов). Облыстағы суы сарқылмайтын Лебяжі көлінің жағасында *қаработа* өседі (К.Куленов).

**Алагеуім, алагөбе, елең-алаң, алаң-ғұлаң.** *Таң атып келе жатқан кез, құлқын сәрі.* Болғанда *алагеуім* үйдің іші, қуарып бір қызарды қыздың түсі (І. Жансүгіров). Деревнялар тұрып *алагөбеден*, Есіктерін ашсын кең ғып, келем мен (Қ. Бекхожин). Елге көрінгім келмей, *елең-алаңнан* әжемнің үйінен шықтым (Т. Иманбеков). Сәлден кейін қараңғылық серпіліп, айнала *алаң-ғұлаң* көріне бастады (Ә. Нұршайықов).

**Алайда, бірақ, дегенмен, сонда да, әйткенмен, әйтсе де, сөйткенмен, ләкін кітаб.** *Қарсылықты салалас сөйлемдердегі жай сөйлем баяндауыштарын байланыстыратын жалғаулықтар.* Мұхиттың Қайырбек үйіне келгені бір бұл емес. *Алайда* мыша сәнді бөлмесін көруі бірінші рет (Ғ. Сланов). Жабай атты жақсы мінетін, киімді жақсы киетін, *бірақ* мал жимайтын адам болды (С. Мұқанов). *Дегенмен*, сақ болындар, қамысы тым үрейлі екен, қасқыр, қабаннан ала емес шығар (І. Есенберлин). Ағаштың арасына кіре өкпек желден құтылдым, *сонда да* тоңған денемнің түршігуі басыла қоймады (С. Мұқанов). *Әйткенмен* аңқылдаған ақкөңіл мінезі, сергектігі тосын көзге қарттың қалжырап отырғанын аңғартпайды (М. Иманжанов). Қайғыңның ауыр екенін мен де білемін, *әйтсе де* сабыр сақтауың керек емес пе (С. Омаров). *Сөйткенмен*, ол өз қатесін тез түсініп, ешкімге қарсы келмей, сабыр сақтады («Қаз. әдеб.»). *Ләкін* бұл Хангелдіні білмейді екем, – деді Айназар (С. Сейфуллин).

**Ала-құла, алағат, ала шабыр.** *Бір тегіс емес, бір жері олай, бір жері былай болып келген.* Киізге аяқтың тепкісі түгелдей тимеген жағдайда киіздің пысып ширауы да *ала-құла*, нашар боп шығады (С. Қасиманов). Бастың желке тұсы қиқы-жиқы болды. Оны тегістеуге қанша күш салғанмен, *алағат* үстіне алағат қосыла берді (Т.Дәуренбеков). Әлібектің көмірдей қара шашына, тығыз дөңгелек қара сақалына *ала шабыр* ақ еніпті (Ғ. Мұстафин).

**Алаңдағыш, алаңшыл, елегізгіш, елеңдегіш.** *Алаңдай беретін, мазасызданғыш.* Кішкентай бала бір істі бастап, одан екінші іске көшіп, оңай *алаңдағыш* келеді («Семья тәрбиесі»). Әпкелі-сіңділі екеуінің де жүзінде *алаңшыл* секем тұнып қалыпты (С. Сматаев). Өзі *елегізгіш* көңілге мынадай дүрмекте тіпті ерекше бір әсер бітеді екен (У.Қыдырханов). Жаңалыққа құлағын түргіш боп, *елеңдегіш* әдетке дағдыланған жігіт байыз тауып отыра алмады (Ә. Қалмырзаев).

**Алаңдау, елеңдеу, елегізу.** *Беймазаланып жан-жағына қарау, айналасына көз тастау, құлақ тұру.* Той болса, ел қатарлы бара алмаймын, жауатқандан, екі көзім *алаңдаймын* (Кепен). Ит үрсе де, есік тықыр етсе де *елеңдеп* сыртқа жарыса жүгіретін болды (А. Лекерев). Ұлжан өзі түгіл ең жақсы көрген баласы Абайдың қуанышына да іпкі бір *елегізумен* қарайды (М.Әуезов).

**Алаңсыз, бейқам.** *Қауып-қатер ойламай, қаннен-қанперсіз.* Алаңсыз жатқан жау есі шығып, соғыса алмай қаша жөнелді (Е. Бісмайылов). Ешбір күдіксіз *бейқам* келе жатқан жау өзара даурыға сөйлеп кең жолмен еркін жүріп келеді (Қ. Қайсенев).

**Алапат, нәубет, зілзала, зобалаң, зұлмат, қияпат, зәулі.** *Елге келген апатты жағдай, ауыртпалық, қырғын жойқың.* Бір жылы бүкіл елге жапнай келген *алапаттан* Медеттің отыз ұлы түгел қырылады (С.Жүнісов). Осыдан біраз жыл бұрын басына түскен *нәубет* – ашаршылық келмесе кетті ғой (Ә. Бөрнев). Бұл іргені тіпті *зілзала* жер сілкінісі де қозғай алмайды (Ж. Жұмаханов). Ел басына келген *зобалаңның* салқыны сенің де арқана аяздай батып жүрер ме екен (Ж.Мусин). Соғыс деген *зұлматты* адам тіршілігінен шығарып тастайтын кез келген сияқты («Қаз. әдеб.»). Соғыстың қандай *қияпат* екенін сол күні-ақ түсіндім (І.Есенберлин). Келген қырсық, төнген *зәуліден* ала құтылады ол (А. Алжанов).

**Аларман, алушы.** *Алуға дайын тұрған.* Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп (Мақал). Бұл жолы да *алушыны* аңдушы жеңді (Х. Есенжанов).

**Аласа, тапал, тәпелтек, тайпақ, талпақ, мыртық, пәс, қортық, тырбық, мақар, бәкене, мыртесе, бакалтақ, жатаған, мәстек, быртық, тәштек, шәлтік, мықыр, шарғы, мыртиған, тәпене, мырық.** *Биік емес. ұзын емес, тырбыған, кішірек.* Ыбырай ұста кемпірімен екеуі бір *аласа* шым дәйде тұратын (С. Сейфуллин). Ауыз үйдегі дөңгелек *тапал* столға дастарқан жайылды (Н. Серғалиев). Қанерімде түк жоқ, кабинетімде отыр едім, бір *тәпелтек* кісі кіріп келді (Ә. Нұршайықов). Үндемей кіріп келдің, *тайпақ* қара, өзін қандай, мен қандай байқап қара (Жамбыл). Жұманның қасында өзіне тартпаған *талпақ* қара баласы бар екен (М.Әуезов). Ол *мыртықты* біліп қайтесің, есімін атауға тұрмайтын бір жасық, – деп қолын бір-ақ сілтеді (К. Тоқаев). Мамалап жылап терезеге барып еді, *пәс* салынған пәкене үйдің терезесінен қызыл ай үңіле қарап тұр екен (Ә. Тарази). Дүйсенбайдың



баласы да Бибажарға тең емес, бір *қортық* көрінеді (С. Сейфуллин). Жатаған *тырбық* селеусіндер арасынан жалт еткен барақ жүндес қозыдай ор қояндары көрініп қалды (С. Әлжіков). Жәпекеңнің соқасын *мақар* огіздер мықшия гартып барады (З.Иманбаев). Ол өзі *бәкене* келген, кішкене бітік көзі ежірейген, семіз сары жігіт болатын (Т. Ахтанов). Жоғал, ақымақ *мыртесе!* – деген аудармада жазушы тағы бір сөзді тірілтті (М. Әлімбаев). Әбдіш екен, жанында *бақалтақ* келген біреуі бар (Б.Майлин). *Жатаған* келген жарау аттар сүліктей созылып, керіле құлаштап барады (Ф.Мүсірепов). Сатанға аяғынан алдырып, Әбіш әлгі арбиған *мәстекке* азар мінді (І. Жансүгіров). *Быртық* денелі кара жігіт мәжілістің аяқталуын мападан шыдамсыздана күтін отырса керек (Қ.Ыдырысов). Апырай, оздері біріне-бірі аусайшы, өңкей қысық көз, қайыстай қатқан *тәштек* қаралар (Қ. Жұмаділов). Күрессе егер, көрер ем бұл *шәлтіктің* күшін, – деп тұрды орнынан ол әрең (С.Қалиев). Доңгеленген жирен мұрты бар *мықыр* шалдан бір қарыстай ұзын Ғайни кетіп барады (О. Бокеев). Бойың *шарғы* болған соң, парадтың соңы боп өтетініңе өкініп отырмын (Т. Бигелдинов). Бір етігінің қонышын қайырмаған *мыртыған* кара жігіт жұрттың айғай-шуына карамай, тракторды жылжыта бастады (Т. Нұрмағамбетов). Қоян жарысқа мұз бел *тәпене* бойлылар мықты келеді (Б.Әбдіразақов). *Мырық* Махмұд, мимырт Махмұд. – деп кемсітіп жүретін бай ағайынына етікшінің ішінде ескі кіжілі бар (Б. Аманшин).

**Аласалау, аласарақ, мыртықтау, тапалдау, тапалтақтау, мықырлау, тапалтақ, бәкенелеу, жатағандау, бәкелтек, жертаған.** *Ониша биік емес, бойшаң емес, қысқарақ.* Оншалық ұзын емес кеңсеңің екі қапталында *аласалау* келген екі ақ үй тұр (З. Шүкіров). Жүрсе де ол аспанда қанат қағып, сезгендей өзін бізден *аласарақ* (Т. Молдағалиев). Даяр болған вагондарды көрсет, – деді *мыртықтау* келген аласа неміс (Ә. Шәріпов). Мақсұттың көзі енді Омарда, *тапалдау* келген кең иықты адам екен (С. Сарғасқасев). Сөйтіп тұрғанда *тапалтақтау* ақ сары орыс Шегір жетіп келді (С. Сейфуллин). Ол өзіне адырай қарап қалған *мықырлау* кара кісіге қолындағы қағазын ұсына берді (І. Жансүгіров). Бұл сөзді айтқан кезде *тапалтақ* капитал орнынан тұрды (Б. Момышұлы). Өне біреу *бәкенелеу* қос үйге ас-су қойылып, күтушілер тұрады (А. Сейдімбеков). Бой жағынан маған карағанда *жатағандау* болуының өзі мен үшін түп-тура кара кесел болып тиді (К. Сегізбаев). Бабаң жаудан қайтпаған, бар ұстас, – деп қарсы топтан *бәкелтек* сары қонаң етті (С. Сматаев). Теңселіс күшейіп аласалау келген *жертаған* жеміс ағаштары енген қана қозғалар еді («Лен. жас»).

**Аласапыран, бұлаң, бұлағай, дүрбелең, сергелдең, сергелең** *сөйл. Аумалы-тоқпелі қыпшылық уақыт.* Жау жағадан, бөрі етектен алды, адам айтқысыз *аласапыран* күн туды (С. Талжанов). Іргенді

қымтап сайма-сай жүрмесең, мына *бұлаң* заман артыңды ашып кетеді (О. Сәрсенбаев). Бұлан-талан бір *бұлағай* басталды, Ақырғандай мың арыстан тордағы (Қ. Шаңғытбаев). Халық кімнің дос, кімнің қас екенін ажыратып болмаған *дүрбелең* кезең (С. Байжанов). Соғыстың мұндай *сергелдеңінде* ілгері кеттік не кейін шегіндік (С. Бердіғұлов). Мұны соңғы күндердің *сүргелеңі* қатты сездіріп отыр (Ә. Қалмырзаев).

**Аласару, кішірею, шөгү.** *Биіктігінің төмендеуі, тапалдану.* Үлкен қалаға көзі үйренген адамға бұрынғы үйлер *аласарып*, аумағы кішірейіп кеткен тәрізді (Т. Ахтанов). Әжігерей қарт та осынау қара жон, қайратты әйелдің көріне көзге *кішірейіп*, шөгіп бара жатқанын сезіп, бағып отырған (Ж. Нәжімеденов). Кешегі алпамсадай Шайзада тіпті *шөгіп* қалған (Ә. Кекілбаев).

**Аласұру, жанталасу, арпалысу.** *Жанын салып арпалысу, жанын қоярға жер таппау.* Қапелімде әулеттің үні шықпады, не істерге білмей *аласұрып*, жар жағалай жүгірді (Т. Тілеуханов). Жаңа ғана өлім мен өмірдің ортасында *жанталасып*, жаны қиналып жатқан жан еді (Ж. Тұрлыбаев). Малайлар күнге шыжып, шыбындаған асау биелермен *арпалысып*, сауып қымыз жасайды (С. Сейфуллин).

**Аласы, алашақ, алымсақ.** *Біреуден алатын нәрсе.* Бермегенін тағдырымның сұрап алғым келеді, өмірден бар *аласымды* бір-ақ алғым келеді (Т. Молдағалиев). Біреуде *алашағы* бар қырғыз берешек адамға жолығып, одан есеп айырысуын талап етеді (М. Елеусізов). *Алымсаққа* алтау аз, берімсекке бесеу көп (Мақал).

**Алау, жалын.** *Лаулап жанған оттың ыстық қызуы.* Ортадағы шойын пеш бүкіл қабырғасы күреңіте түсіп, жан-жағына *алау* шашады (Ә. Сәрсенбаев). Плитаның құрсағы ұзақ күнге тас көмірдің *жалынына* қақталып, дәу қара шәйнек бусанады да тұрады (Т. Нұртазин).

**Алаша, далақ.** *Түрлі-түсті жіптен арқау салып жолақтан тоқитын тақыр кілем.* Кілемге бергісіз *алаша* бар, Ханға бергісіз қараша бар (Мақал). Алты қанат ақ үйдің ішіне *далақ* төселген («Жұлдыз»).

**Алаяқтық, көзәптық, найсаптық, сұрқиялық, сұмырайлық.** *Алаяқ болушылық.* Ертең кеңседе жиналыс болады да, сонда әлгі үшеуінің *алаяқтығы* әшкереленеді (З. Жәкенов). Демек нағыз *көзәптыққа*, баукеспелікке де бастайтын осы жол екен ғой (Ж. Алтайбаев). Сендер қасымызда балалар жоқ екен деп, үлкендердің арасында *найсаптық* істедіңдер (Ж. Өмірбеков). Жиренше туралы ертегіде халық ортасынан шыққан дарынды адамдарға хан төңірегіндегілердің *сұрқиялық* істейтіні көрсетілді («Қазақ ССР тарихы»). Сұлулықты сүйетін, *сұмырайлықтан* безетін адамға айналаның өсері, қимылы, бәрі анық көрініп отырады (А. Тоқмағамбетов).

**Алба-жұлба, алба-далба, алба-жалба, жалба-жұлба, жырым-жырым, жұлым-жұлым, өрім-өрім, далба-дұлба, далба-жұлба, дал-дал, дал-дұл, пәре-пәре, дала-дала, борша-борша, жұлма-**

жұлма, жыртық-жыртық, пара-пара, парша-парша, тоз-тоз, түте-түте, тілім-тілім, ұлма-жұлма, шоқпыт-шоқпыт, дода-дода. *Ескіріп тозған, жыртылған, бүлінген, сау тамтығы жоқ.* Жыртық мәсіден жылт-жылт еткен Малдақанның жесірі мен жетімдерін *алба-жұлба* күйінде олардың үстіне кіргізді (Х. Есенжанов). Алды он үште, арты үштегі балалардың үсті-басы *алба-далба*, тұрмысы сұмдық ауыр (Қ. Сатыбалдин). Албарды айнала бергенімде, Айтыбайдың үйінің есігінің алдында тұрған *алба-жалба* қайыршыны көрдім (Т. Әбдіков). Қонайын деп едім, – деп, есіктен бір *жалба-жұлба* әйел кіріп келді (Ғ. Мүсірепов). Жол жиегіндегі шөп арасынан балағы *жырым-жырым* шалбар киген қара бала пайда болды (А. Сатаев). Тани кеттік, үсті-басына қай-қайдағы *жұлым-жұлым* киім киген Сағади (С. Бегалин). Хакімнің көздері Жанардың тізесіне дейін саз, сирақтарына қоңыр шыт дамбалының *өрім-өрім* балақтарына түсті (Х. Есенжанов). Самуырынның есік жағына кірлі майлық орамалды жайып жіберіп, үсті-басы *далба-дұлба* бір жігіт отыра кетті (Б. Майлин). Үстінде жыртық жерлерін ескі шүберекпен жамаған *далба-жұлба* жарғақ көйлек еді (Б. Тұрсынбаев). Қалжырап, шаршаған Мұстаризанның киімдері *дал-дал* болып денесіне жара-таңба түскен (Ш. Хұсайынов). Басы-көзі қанға боялып киімдері *дал-дұл* болған Көріпжанды дектетіп алып келді (Ә. Әбішев). Жомарттың жүзі алаулап тұр, жейдесі *пәре-пәре* жыртылған (Ә. Әлімжанов). Өне бойын *дала-дала* қылған қыран шеңгелінің ең болмаса бір өткір тұяғын шайнап кетпек еді (М. Әуезов). Неше күннен бері жаумен арпалысқан жұрттың үстіндегі киімдері *борша-борша* болып жыртылған (Ә. Шәріпов). Жауынбаев шеті *жұлма-жұлма* болып тозығы жеткен тарих кітабын алдына жайып алыпты (М. Иманжанов). Потанин *жыртық-жыртық* киіз үйлерде тұрып, балық аулап күн көрген қазақ кедейлерінің тұрмысын аянышпен жазады (Н. Баяндин). Жерде жатқан жылы кеудесін алып, *пара-пара* болып жыртылған көйлегінің етегін жөнделді (А. Жағанова). Үсті басы *парша-парша*, жарасынан қан судай ағып, сорғалап келеді (Б. Мәлиев). Олардың кейбіреулерінің үстіндегі *тоз-тоз* шұға жамылғы түнде көрпесі, күндіз костюмі көрінеді (Қ. Сатыбалдин). Жидебай *түте-түте* түйе жүн шекпенін желбегей жамылып, басын қара шүберекпен бастыра танып алыпты (С. Омаров). *Тілім-тілім* шалбардың балағын тізеге дейін қайырып алып, күн ұзақ шапқылайтынбыз (С. Сарғасқаев). Далада қалды тері тон менен нән бөрік, қоянға жетсе, терісін *ұлма-жұлма* ғып, жан алар яки жан беріп (С. Тұрсынбеков). Үсті-басы *шоқпыт-шоқпыт* қойшы өгізінен секіріп түсті де, қасыма келді (С. Сейфуллин). Ескі көрпенің жыртық жерлерінен *дода-дода* боп жүні бұрқырап шыққан (Ә. Нұрпейісов).

**Албырау, албырту.** *Адамның бет-жүзінің уылжып қызаруы.* Күміс от қызуымен *албыраған* дөңгелек жүзін жалт көтеріп, жолаушыға қарады (Д. Әбілев). Жұқа ақ құба жүзі *албыртып*, қарақат көзі мойылдай мөлдірейді (Ж. Арыстанов).

**Алға, ілгері, жоғары.** *Кейін емес, алдыңғы жаққа.* Аз да болса дұшпанның көп күшін *алға* бастырмай, табан тіресіп жауға қарсылық көрсетіп жатырмыз (Б. Момышұлы). Екеулеп жүріп қызыл әскерлерді оятты, дереу *ілгері* жіберді (Ә. Нұршайықов). Үйбай, *жоғары* шық, – деп Биғайша күтпеген жерде келе қалған Жаңылға құшақ жая ұмтылды (Ж. Алтайбаев).

**Алғыз, алдыр.** *Алуға мүмкіндік беру, алуға мәжбүр ету.* Осы оймен басшы қосып *алғызуга* отыз-қырық адам жібереді (С. Шәріпов). Алған бір жазықты, *алдырған* екі жазықты (Мақал).

**Алғыр, жытқыр.** *Көрген аңды жібермейтін қыран құс.* Ержан бабына келген *алғыр* қыран аңға шығуды сұранып отыр деп жорыды (Ғ. Мүсірепов). Төңірегін көзден таса қылмай байқай білетін *жытқырдың* өзі еді (С. Бақбергенов).

**Алғыстау, алғыс айту.** *Ризашылығын білдіріп рақмет айту, алғыс жаудыру.* Жиып жігіттер дуылдасып, Кәмешті *алғыстап* жатыр (І. Жансүгіров). Алдын ала ескерткені үшін мен оған шын жүректен *алғыс айттым* (М. Қаратаев).

**Алғыш, алаған.** *Алыт үйренген, ала бергісі келетін.* Кілті өзінде қамбаның, Айналдырып өзіңді, *Алғыш* қулар бармасын (Ү. Кәрібаев). «Береген қолым *алаған*» дегендей, қалыңмалы төленгесін, қыз менікі емес пе (С. Мұқанов).

**Алда, ілгеріде.** *Алдыңғы жақта.* Құнанбай мен Ызғұтты *алда* келеді екен (М. Әуезов). *Ілгеріде* кетіп бара жатқан серіктестіктерін тездетіп қуып жетті («Қаз. әдеб.»).

**Алдағы, болашақтағы, келешектегі.** *Алдағы уақытта, келер күндерде.* Әлденеге төнген пәле серпілгендей, *алдағы* күнге үмітпен қараудың керектігі сезілгендей болды (Б. Майлин). Төраға *болашақтағы* атқарылар іс пен жұмыс жайын айтты («Егемен Қазақстан»). Бүгінгі жұмыстың нәтижесін *келешектегі* талап-тілектер көрсетпек («Жас Алаш»).

**Алда-жалда, әлдеқалай, кездейсоқ, зәуі-сайтан, зәуде, мұбада көне.** *Кенеттен кездескен, күтпеген жерден.* Алда-жалда өзінен жас біреу-міреу кіре қалса, Құбаекең шығып жүре береді (С. Мұқанов). Екеуі *әлдеқалай* кездесе қалса, аз сөйлестік дегеннің өзінде бірер сағат өткізіп жіберетін уақыттары болады (Б. Майлин). Егер *кездейсоқ* бірденеге килігіп, шырмалып қалмасақ, онда біз жұма күні партизандарға қосыламыз (Қ. Қайсенов). *Зәуі-сайтан* сонда да, біреуі түсе қалса, қасындағы қалғанын іліп әкетуге тырыс (М. Әуезов). *Зәуде* баланың көңілі Мажыраға ауған болса, қайтеміз қыстап (Ғ. Мұстафин). *Мұбада* сіз Рауаят етпек болсаңыз, мағынасыз, нәрсіз сөздерді қайталамаңыз (М. Әуезов).

**Алданыш, ермек, жұбаныш.** *Көңіл бөліп, дәтке қуаныш ететін медеу, қуат, тиянақ.* Әркімнің өз алданышы бар. Жәуке мен Балдайдың *алданышы* – осы Берен (Б. Майлин). Қалмадым бірге жаныңда,

Болмадым сенің *ермегің*, Шаршап бір жүрген шағында, Дайындап сусын бермедім (А. Бактыгереева). Алғайдайдың өліміне бүгіле қайғырған Жәкеңнің бір *жұбанышы* осы жаңа туған баласы Қуаныш болды (С. Мұқанов).

**Алдап-арбау, алдап-сулау, алдаусырату, алдаурату, алдарқау, алдастыру, алдамалау.** *Өйтіп-бүйтіп амалдау, қулықпен дегеніне көндіру.* Ол енді Файниді айтқанына сөзбен көндірмек болып, *алдап-арбап* айналдыруға тырысты (С. Сейфуллин). Гүлсім дейтін мұғалім апай шашымнан сипап, *алдап-сулап* сыныпқа кіргізді, – деді Жәзира (Р. Әутәліпов). Алғашқыда астымызға көпшік қойып *алдаусыратты* (С. Жүнісов). Біз оны әне келеді, міне кеп қалады деп *алдауратып* бақтық (Ш. Айтматов). Қажымұрат әйелдерді *алдарқатып* жолға салып жіберген (Қ. Ысқақов). Амангелді қолы патша өкіметінің әскерін осы шөл-тақырға *алдастырып* шығарып алған (С. Мұқанов). Көкірек оны *алдамалап* жар астына түсірді (Р. Токтаров).

**Алды-алдына, бет-бетіне, жай-жайына, жөн-жөніне, түс-тұсына.** *Әркім өз бетімен, әрқайсысы өз алдына.* Көріп біле алмадық, оралғысы болсын, – деп, көпшілік *алды-алдына* тарай бастады (І. Жансүгіров). Шоферлер қайта жиналып тракторшыны шешті де, *бет-бетіне* тарап жүре берді (Қ. Исабаев). Солай етіп ер Жақып Қараханды қаратты, Айдап келген көп малды *жай-жайына* таратты (Мақал). Атамбайдың сөзінен кейін шамасы елу-алпыс жігіт қонақтарды күтісуге қалысты да, басқалары *жөн-жөніне* кетісті (К. Оразалин). Жиналғандар біраз сұхбаттасып алда тұрған жұмыс жайын ақылда-сып, *тұс-тұсына* кетісті («Алғы шепте»).

**Алды-арты, бас-аяғы.** *Бір нәрсенің бастан аяғына дейінгісі, бар болғаны, небары.* Арқарлар Қарауңгір жаққа өтер көлденен терең сайға тіреліп, *алды-арты* жиналып, шоғырлана тұрып қалды (М. Мағауин). Қант істеп шығаратын заводтың көзге көрінгендері – *бас-аяғы* он шақты-ақ (С. Шәріпов).

**Алдымен, алғаш, әуел, әуелі.** *Бәрінен бұрын, бірінші рет, шу дегенде.* *Алдымен* еліктің көп тоқталатын жеріне баралық, бұйырса қалай кездеспес екен (С. Бегалин). *Алғаш* жауған қырбық қар көп жатпады, тез еріп кетті (Ә. Қалмырзаев). Ақыры болмағасын, *әуел* баста да істейін деп келгендері осы (Б. Аманшин). Жүрегі су етіп қалған Кенжеғұл *әуелі* аңырып тұрды да, замат оған қарай жақындады (Р. Райымқұлов).

**Алдыңүні, бұрнағы күні.** *Кешегіден бір күн бұрынғы.* Ат ойнын көрсететін цирк *алдыңғы* күні көшіп, басқа қалаға кеткен (С. Шәріпов). *Бұрнағы күні* иықтағы жарамның аузы ашылды да, жұмысқа шығуға рұқсат бермей қойды (С. Мұқанов).

**Алжапқыш, белдемше, шалғыш, алшалғы.** *Жұмыс істегенде тазалық үшін алдына байланатын қорғаннш киім.* Сауыншылар желіге жеткенде шүмекті ағаш шелектерін жерге қойып, сауыс болған тері

*алжапқыштарын*, дізе қаптарын байлай, әнгімелесіп тұр (Ғ. Мұстафин). Үлкен көзді қара торы жігіт мойнына *белдемшесін* киді де, шөп машинасының орағын қайрауға кірісті (Б. Майлин). Аққұба келіншек алдына *шалғыш* шалып, бие сауып жатыр (І. Жансүгіров). *Алшалғы* – бие сауғанда, ет бұзғанда, етік тіккенде алдына байлап алатын, омырауы бітеу, қолтығы оймалы алжапқыш (С. Қасиманов).

**Алжу, алжасу.** *Әбден қартайып, ақылынан адасу.* Мұқаш шал былтырғыдан да қартайып, шөгіңкіреп, аздап *алжыған* секілді (К. Әбдіков). Қиялымды жаста *алжасқан* сонда азғантай аясаң, Жан деп мені бір адасқан жастығымды сыйлайсың (І. Жансүгіров).

**Алқам-салқам, алқа-салқа, алым-салым.** *Жинақы емес, салдыр-салақ, ашылып-шашылған, олты-солты.* Ол екі беті қып-қызыл, киімі *алқам-салқам*, тәпелтек, жұп-жуан сығыр көз келіншекті нұсқады (М. Иманжанов). Қымыздың мол уақытында ұйқысы қанып тұрғаннан, кешке дейін *алқа-салқа* болып қыдырып қымыз аулауда (С. Сейфуллин). Жат елге *алым-салым* боп жұтап бармасын деп берген еді ол (Б. Соқпақбаев).

**Алқым, тамақ, өндірішек.** *Мойынның алдыңғы жағы, иек асты.* Өзінің мына тұрыс, мына күйінен зәресі ұшып, тынысы тарылып, өкпесі *алқымына* келіп тірелді (Б. Шаханов). Ұзын қара пышақты суыра сала Бақтығұл *тамақтан* ыстық қанын шапшытып құлжаны орып жіберді (М. Әуезов). Қатпар-қатпар мойны мен *өндірішегінен* терге шыланған шаң-тозаң насыбай қиыршықтанып жосылып тұр (Н. Қазыбеков).

**Алма-кезек, кезекпе-кезек.** *Бірінен соң бірі кезектесіп.* Екеуі рұльге *алма-кезек* отырып, бірі жүргізсе, екіншісі жол бойы мызғып алады (С. Жүнісов). Жас жігіттерге апта бойы *кезекпе-кезек* күзетке тұрып жатты («Жас Алаш»).

**Алмасу, кезектесу, ұтылау, алмалау, ауысу.** *Бірінің орнын бірі басу, алма-кезек ауыстыру.* Сабақ беру әдісі тек бір ізбен жүргізілмей, *алмасып*, түрленіп отыруы керек (М. Мұқанов). Екі ауылдың жылқышылары жылқыны *кезектесіп* бағатын (С. Омаров). Ашынған ызалы қол жеткенін баудай түсіріп, *ұтылай* қуып, қашқан қазақтардың тобын сирете берді (Х. Есенжанов). Сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан, Антын, арын саудалап. Бұтты-шатты, үй санатты, Байдан атты *алмалап* (Абай). Ауыл жастары қолдарына түскен кітапты *ауыса* оқып жүруді әдетке айналдырып алған (Т. Жангелдин).

**Алпамсадай, мауыздай, алып, алпауыт, еңгезердей, қапсағай, қақпақтай алпамса, нардай, қошқардай, қапсағай.** *Батыр тұлғалы, зор денелі ер адам.* Ағайынды екі малшы *алпамсадай* мол денелі, ірі қайратты жігіттер боп шықты (М. Әуезов). Сыртан келген түні *мауыздай* он жігітті Сапидың аулына аттандырды («Қазақст. мұғ.»). *Алып* анадан, ат биеден туады (Мақал). *Алпауыт* шомбал денесін ауырсынғандай, нар жілігі майыса түседі («Октябрь өрендері»).

Бұлардың соңынан вагонға теміржолшыларша киінген *еңгезердей* жас жігіт көтерілді (Қ. Жұмаділов). Мұса *қапсағай* денелі, сонысына үндес салқын сабырдың адамы (А. Сейдімбеков). Оны әлі кішкентай көріп жүрсе, екі жауырыны *қақпақтай алпамса* жігіт болыпты ғой (Қ. Қазыбаев). Сол Мұқаннан туылған Құлжанбек *нардай* болып міне отыр (Б. Әшімов). Әр есікке бір бар да *«қошқардай* қос ұл бер» деп қақсай бер (Ә. Әбішев). Байсалды, денесі ірі, *қапсағай*, көкшіл түсті үлкен көздері әрі салқын, әрі сыр берместей сабырлы (М. Әуезов).

**Алуан-алуан, түрлі-түрлі, қилы-қилы.** *Сан алуан, неше түрлі, әр қилы.* Алуан-алуан жүйрік бар, өліне қарай шабады (Мақал). Сіріккенің бос қораптарынан *түрлі-түрлі* әдемі ойыншықтар жасауға болады («Балдырған»). Ол басынан өткен ұсақ өмірдің өзі көріп келе жатқан *қилы-қилы* оқиғасын әрідегімен салыстырады (Х. Есенжанов).

**Алфавит, әліпби, әліппе.** *Белгілі бір тілдің жазу жүйесіне арналған әріптер жиынтығы мен рет тәртібі.* Абай «Әліпби» өлеңінің әр жолын араб *алфавитінің* ретімен тізеді (М. Әуезов). Ең басты, әрі негізгі мәселе славян (кириллица) жазуын латын *әліпбиімен* қайтадан алмастыру қазақ үшін қаншалықты қажет деген мәселе әрбір оқырманды толғандырады («Халық кеңесі»). Кейбіреулер қазіргі *әліппеміз* өз тумамыз емес, оны тастап, болашағын ойласақ, кереметі бар латын әліппесін қабылдайық дейді (Т. Қордабаев).

**Алшақтық, кереғарлық, шалғайлық.** *Алшақ болушылық, жанасымсыздық, үйлесімсіздік.* Екеуі жастарының арасы *алшақтығына* қарамастан, құрдастай ойнайды (Ф. Мұстафин). Көрүші қауым мен көркемөнер қайраткерлерінің кейбір тобының арасында мәдени өсу дәрежесіне келгенде *кереғарлық* бар (Ф. Мүсірепов). Қоныстың *шалғайлығы* қашық емес, көңілдің *шалғайлығы* қашық (С. Алдабергенов).

**Алым, салық, алым-салық, зекет діни, пітір діни, алман көне, құшыр көне, долық көне, раMAT көне.** *Жеке адам мен кәсіпорындардан міндетті түрде алынатын мемлекеттік төлемақы.* Міне, *алымдарын* айдап екеуі келеді. Жылқы, сиыр аралас, бірер түйесі бар, елу-алпыс ірі қара айдап келеді (Ф. Мұстафин). Өзара *салық*, астық салығы, тері-терсек салығы, әйтеуір қаптаған салық (С. Жүнісов). Шамадан тыс *алым-салық* титықтатқан кедей шаруашылығын одан бетер құлдырата береді (Т. Жангелдин). Ертеде *зекет*, үшір жинап жүрген молда шалғай бір қазақ аулына келіпті (М. Тоқбергенов). Ал бақытты әр жерден шұқынып тап, *Пітір*, зекет, салықтан сытылып қап (Х. Ерғалиев). Патша өкімдерінің тапсырысымен халықтан *алман* жинады («Айқап»). Астығыңнан *құшыр* бер, Құраннан аят айтамын. Ақыретте иман бар, Не болмақшы жиған мал (Жамбыл). Жалғыз тайыншамды хажы Мекеге баратын жылы ауылнай болып жүріп *раMATқа* алған (С. Мұқанов).

**Алымды, қарнымды, қарымды, шалымды.** *Алымы үлкен, қарнымы мол, күшті.* Ұзаққа шабатын *алымды* жүйрік бар күшін жолдың

екінші жартысына жұмсайтыны белгілі (М. Танекеев). Қаламы *қартымды* тілші әсем сөзді аямай төгіп, желдірмелетіп-ақ жазыпты (М. Мағауин). Сейділда Оспанов – жауапты қызмет атқарған тәжірибелі, беделді, *қарымды* басшы (Ә. Жәмішев). Бұл бозбала жігіт тым зерек, *шалымды*, іскер (Т. Әлімқұлов).

**Алымпаз, алымқор, алымыр.** *Тойымсыз, нысапсыз.* Көрі құда ен сұрамсақ, әсіресе *алымпаз*, тойымы жоқ, жеміт құда (М. Әуезов). Ертеде іс басындағылар арасында *алымқор* да аз болмаған (Ауызекі тіл). Тамыр болғыштар *алымыр*, жұлымыр, жуантық адамнан болса, көбінесе қолқа бермеуді әдет қылып алған (І. Жансүгіров).

**Алып, ап.** «*Ал*» етістігінің көсемше түрі. Досов өзін бөліп *алып*, мақтау айтқанына еліге қойған жоқ (С. Бақбергенов). Маңай жарық, өріс кең, көсемнен күш *ап* жүрекке жету үшін жеңіспен, Негізгі алған тілекке (Шашубай).

**Алыс, қашық, қиыр, шет, шыған, қиян, ұзақ, шалғай, жырақ, аулақ, алшақ, қырым, шырқау, қиуа, керік.** *Жақын аралықта болмай, аулақ тұрған.* Жолдасың жаман болса, *Алыс* жүріп түн қатпа (Мақал). Қалқайып өзім туған қара лашық, ұзаған сайын артта қалды *қашық* (Т. Жароков). Республика орталығынан бастап *қиырдағы* ауылдарға дейін жана қоныс боп жатқан кез (Ф. Мұстафин). Бір қызбенен айтыстым Қадиша атты, Атбасар Қараөткелде сонау *шетте* («Айтыс»). Соның қасында қомақты *шығаннан* көзге түсетін алты қанат ақбоз үй тұр (Ф. Сланов). Ананың көзі де, көңілі де *қияннан* шалады ғой («Дала шұғыласы»). Отырар қаласында да *ұзаққа* созылған жер асты жолы болған (Д. Досжанов). *Алыс шалғайда* жүрсем де, арманымдай оралып алдымда жүрдің (С. Сматаев). Қала өмірінен *жырақ* кету деген ой Зылиханың басына келмеген еді (Н. Фабдуллин). Кеткенім әр кез жоламай, Кеткемін *аулақ* наныңдар! Табыса қалар оп-оңай, Қайсыбір жұртқа таңым бар (Н. Шақенов). Тұрғанмен бірақ *алшақта*, Ұмытпайды ұлың парызды. Көңілім менің сен жақта компастың тілі төрізді (Қ. Мырзалиев). *Қырымнан* қылт еткенде қыранкөзін, Сезді кім болса да келе жатқан (Жамбыл). Бір пәлеге жолықтың *шырқау* барып, ала жаздай көгалды бір көрмедің, Сары жұртқа қондың ба ірге аударып (Абай). Алыстан сермеп, жүректі тербеп, Шымырлап бойға жайылған. *Қиуадан* шауып, қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырган (Абай). Сонда қыстың қақаған ақ түтек боранында ит арқасы қиян соншама *керік* жерге мал азығы қалай жеткізілмек (С. Шаймерденов).

**Алыс-беріс, алым-берім, ауыс-түйіс.** *Біреумен зат алысыт, зат берісіп тұратын ілік-шатыстық байланыс, қарым-қатынас, алынатын, берілетін зат.* Таныса келе қарым-қатынасымыз жақсарып, *алыс-берісіміз* көбейді (Т. Бердияров). *Алым-берімге* қазақтың жөн-жоралғысы жетеді (Т. Ахтанов). Нағашы, олжаңызды бөліскейсіз, жүргізіп *ауыс-түйіс* екі арада («Айтыс»).



**Алыссыну, қашықсыну, жырақсыну, шалғайсыну.** *Алыс деп білу, алыс деп есептеу.* Көкке тойынған қой бес-алты шақырымды *алыссынбайды* (З. Ақышев). Еламан жар басынан қиялап шығатын жолды *қашықсынып*, үйінің дәл тұсынан кеп тік жарға төтелеп салды (Ә. Нұрпейісов). Жер қара, күн жылыда ешкім мұны *жырақсынын* көрмеп еді («Жас Алаш»). Бес шақырым жердегі ауылға балаларының қатынап оқуын көп ата-ана *шалғайсынады* («Жетісу»).

**Алыстау<sup>1</sup>, алысырақ, қашықтау, шалғайлау, жырақтау, аулақтау, қашаңдау, алшағырақ, аулағырақ.** *Әжептәуір алыс, жақынырақ емес.* Апам бұл күндері жаяу жүрсе тез шаршап қалатындықтан, *алыстау* бір үй шақырса, бие жегіп апарамыз (Ж. Молдағалиев). Біраздан соң екеуміз ауылдан *алысырақ* кетіп, көк шөпке отырдық (Ж. Саин). Аяқты мал *қашықтау* өрістерге жіберілетін болды (К. Қазыбеков). Ол ауыл Сұлтанбекке жолдан *шалғайлау* сияқты көрінді (М. Әбдіхалықов). Бұл ауылдың керуен жолынан *жырақтау* отырғанының да бір мәнісі бар (Ж. Тәшенов). Алтыбақан Сүйіндік ауылынан *қашаңдау* жерде, кең алаңда екен (М. Әуезов). Өтті қыс, жетті міне, жаз жарқырап, Әсия Алматыдан *алшағырақ* (Қ. Бекхожин). Қызға бір күн бар сырын айтып еді, оңаша алып барып *аулағырақ* («Үш ғасыр жырлайды»).

**Алыстау<sup>2</sup>, қашықтау, ұзау, алшақтау, аулақтап, жырақтау, шалғайлау, шығандау, қияндау, аулақтау, ұзақтау, қашаңдау.** *Алыс жерге ұзап кету.* Қызмет бабы, өмір жолы тарам-тарам ғой, бірде қатар қызмет етіп, бірде *алыстап* кеттік (Ж. Арыстанов). Мына жерден *қашықтаған* соң, бізді ұмытып кетіп жүрмеңіз (С. Бегалин). Шана жылжып, жолаушылар бірге-бірге *ұзап* кетіп барады (Д. Әбілев). Сен келгелі Айдар екеуміздің арамыз *алшақтап* барады (А. Шамкенов). Тура келе жатқан адамдардың жолынан *аулақтап*, оңға қарай тездете басып ойысты (К. Оразалин). Мен айғырды ұстап мінгенше, қашқан қасқыр *жырақтап* кетті (С. Мұқанов). Жақын жүргенде ұл мен қызы келіп-кетіп жүретін-ді, қазір жер мойны *шалғайлап*, хабарсыз қалып отыр (М. Құмарбеков). Өздерің тіпті елден *шығандап* кетіп-сіндер ғой, екі күн жүріп зорға жеттік (Қ. Салғарин). Орталықтан жүз елу шақырымдай *қияндап*, сонау Жәметте киіз үй тігіп жатқан (С. Қалиев). Нұрлан машинасын қорадан *аулақтау* жерге қойды да, ішіне кіріп, ұйықтады да қалды (З. Шашкин). Кейде бұлар госпитальдан *ұзақтау* шығып, өзен бойлап та кететін (С. Сарғасқаев). Ай-пара ана көлден *қашаңдаған* сайын, соңын ала судан көтерілген тұман да қуа шыққан (О. Бөкеев).

**Алыстық, қашықтық, жырақтық, шалғайлық, ұзақтық.** *Алыс болушылық, жақын еместік.* Жол жағасына оның *алыстығын* көрсететін бағандар қойғызды (Н. Баяндин). Төрт-бес жастағы бөбектер кеңістік пен уақытты, алыстық пен *қашықтықты* нашар ажыратады (К. Жарықбаев). Ол Бакалда жергілікті сушылармен жарысып, су

бетінің *жырақтығына* талайынан озып та шыққан (С. Мұқанов). Қоныстың *шалғайлығы* қашық емес, көңілдің шалғайлығы қанық (С. Алдабергенов). Жолдасың келіссе, жолдың бәрі қызық, Жалықпайсың, *ұзақтығын* да сезінбейсің (М. Сәрсекеев).

**Алысу, жұлысу, жұлқысу.** *Екі адамның бірін-бірімен ұстасып, итерісіп күш қолдануы.* Күші асқанмен *алыспа*, Ақылы асқанмен айтыспа (Мақал). Белден сынды талай қару шыдамай, Аю, қабылан, арыстандай *жұлысты* («Көрүғлы»). Алдын ескен ескекші екі жігіт аюлармен *жұлқысқан* ашулы қос арыстан сияқты (Д. Әбілов).

**Амал, айла, лаж, шара, дауа, ила.** *Бір істі дұрыс атқарып шығудағы табылған ақыл, жол.* Ақылмен *амал* тауып ерлік етіп, күртуға жау тұқымын құмарымыз (Қ. Айнабекұлы). Іштегі барлық жақсылық неше түрлі еппен, *айламен* жол тауып, өз дегенін істеу керек (М. Әуезов). Тал түсте бағанағы кірме деген есікке кіріп кетті, бар ма *лажың* (Абай). Балтабек басқа *шарасы* болмаған соң, ақшаны алды да, ет іздеп кетті (С. Мұқанов). Қариялар мұндайда тағдырдың басқа салғанына *дауа* жоқ дейді («Жүздесу»). Іліп алар баспана жоқ. Сонда қайда оқытады? Қалай ойласа да, Ақмешіттен өзге *ила* жоқ (Қ. Құттыбаев).

**Амалдау, айлалау, ідалдалау, ілдебайлау, лаждау, далдалдау, емсектеу, ептесу, ептеп-септеу, өйтіп-бүйту, оғып-бұғу.** *Ептеп-септеп бір амалын табу, ретін келтіріп қиындықтан шығу.* *Амалдан* сол сұлуды қолға түсір, Шаһзадам сенен өзге жанға тең бе? (Н. Ахметбеков). Кездескен соң қиындық, шыдау керек *айлалап* (С. Бегалин). Бәтжанның тозған киімдерін тарылтып, аударып, әйтеуір *ідалдалап* кішкентайларының үстін жүдетпеуге тырысады (С. Жүнісов). Арбаның шен темірін *ілдебайлап*, сым темірмен шандып байлап тастадық («Жұлдыз»). Осы аз отынды *лаждап*, көктемге жетсек деген Айманкүлдің ішкі есебі бар (М. Дүйсенов). Білсе құмақ түгіл құрытар да, *далдалдап* тарта бер, жүр (М. Әуезов). Жерінді алса бөлшектеп, барынды алса *емсектеп*, – деді Ыбырай (Ш. Хұсайынов). *Ептескен* екеуінің бұл жолғы орталық қоймада жасырған үлкен ұрлығы да ашылды (Б. Қыдырбекұлы). Ол шынында да барлық жағдайда *ептеп-септеп* күн көреді (Б. Қыдырбекұлы). Әйтеуір *өйтіп-бүйтіп* бәрінің санын алпысқа толтырыпты (Б. Қыдырбекұлы). Дүйсенжаным қырман қағып, *оғып-бұғып* ешкімге телміртпей тұр еді (М. Серғалиев).

**Амал қанша, амал нешік, амал жоқ, амал не.** *Шарасыздық, дәрменсіздік күй.* *Амал қанша* қалай болғанда да бүгінгі түні жаудың шебін бұзып өтуге әрекет жасауымыз керек (Н. Көшекбаев). Құдай күдіреті – дуаға *амал нешік* (С. Торайғыров). Басқа *амал жоқ*, такси таптырмайды (Ө. Күмісбеков). *Амал не*, бірақ тағы үнсіз меніреу жұмбақ тыныштық (Ф. Қайырбеков).

**Амалсыз, лажсыз, шарасыз, айласыз, мұршасыз, ықтиярсыз, еріксіз, ырықсыз.** *Еріктен тыс, айласыз, істер амал жоқ.* Әлі

Қабеннің илікпес түрін танып, *амалсыз* қоштасты (З. Қабдолов). Кейбіреулер орынсыз зығырыңды қайнатып, *лажсыз* ұрыстырады екен (Б. Момышұлы). Кемпір *шарасыз* кейіппен күрсініп қойды (Д. Исабеков). Тақатсызбын, *айласызбын* баладай, әлсіз денем аян бол (М. Әуезов). Мұғалім өзінің жеке басының мүддесін былай қойып, *мұршасыздан* оқушыны қатарға қосам деп, көп уақытын жұмсайды екен («Қазақст. мект.»). Қайдар *ықтиярсыз* күліп жіберді (З. Шашкин). Мынадай күйкі көлікті көргенде, кісі *еріксіз* күледі екен (К. Жұмаділов). Еңіске іліккен арық өгіз *ырықсыз* еңкілдеп келеді (Ж. Мусин).

**Аман, аман-есен, есен-аман, тірі, аман-сау.** *Жаны бар, олмеген.* Қазақша амандасып көрісейік, жандарым, жаның *аман*, денің *сау* ма? (К. Айнабекұлы). Мұнан бұрын да екі рет жаудың қоршауында қалып, екеуінде де *аман-есен* шыққан едік (Н. Көшекбаев). *Есен-аман* жүрмісің, Ләйлім шырақ? Жаңа таптым ауылыңды көптен сұрап («Қазақ өндері»). Тойбай әкесін арқалап жазыққа шыққанда жаудың *тірі* қалғаны серпіліп, кейін қайтып барады екен (К. Әбіқадыров). Бәрі де *аман-сау* еліне қайтты («Арулар отты жылдарда»).

**Амандасу, сәлемдесу, есендесу, қол алысу.** *Кездескен кезде амандық білісу, сәлем алысу.* Қонақтармен жай сұрасып *амандасып* болған соң, Ұлжан Абайға қарап жымыды (М. Әуезов). Атшы аттарды шұғыл тоқтатып, өзі тарантастан жеңіл ырғып түсіп, әкем *қол беріп сәлемдесінті* (Н. Ғабдуллин). Құдағи Алматыға жүрер алдында ғана Иса бір күнге ұшып келіп, көрісіп, *есендесіп* кейін қайтты (М. Әбдіхалықов). Ермек енді әрқайсымен *қол алысып*, хал-жағдайын сұрады (Ғ. Мұстафин).

**Амандық, саулық, есендік, салауаттық, есен-амандық, сәлеметтік, есен-саулық, аман-саулық, аман-есендік.** *Денсаулық пен тіршілік, ден тазалығы.* *Амандық* болса, бұлдап сатса, осы он қойының ақпасына Мейірманыма арнап бір жақсы ат алмақшы (Б. Аманшин). Арамыздағы бір тентек қайда жүрсе де *аман* болса екен деп, шетімізден соның *саулығын* тілеп қала бердік (М. Дүзенов). Қария құранын аяқтап, бетін сипады да, *есендік* сұрасып, көңіл айтуға кірісті (Ә. Сәрсенбаев). Жаныңа *салауаттық* болса, бәрі де қалпына барады (С. Шаймерденов). Есентай мен Әділғазы Шернияздардан *есен-амандық* сұрасып жатыр (Д. Әбілов). Әтірмен жақсы ғой, әтір сән емес, *сәлеметтікті* сақтауға жатады (І. Жансүгіров). Құшақтасып, сүйісіп, *есен-саулық* сұрасып болғаннан кейін Дәулетті шаршы төрге отырғызды (Х. Ерғалиев). Бірақ *амандық-саулық* сұрасып, тіл қатысқаннан бөтен тіс жарып, ештеңе сөйлесе алмадық (Т. Ыдырысов). Салт бойынша әуелі *аман-есендікті* сұрапты да, сосын өз жағдайына ауысыпты (Б. Тоғысбаев).

**Анағұрлым, әлдеқайда, сонағұрлым.** *Недәуір, әжептәуір.* Шымкент облысының түйелеріне қарағанда Орал облысының түйелері *анағұрлым* ірі келеді (Н. Жұмағұлов). Күшті дұрыс пайдаланып, жұмыс тәсілін тапса, бұдан *әлдеқайда* артық өнім берген болар еді

(Ғ. Мұстафин). Қазір де шаруа жайып сөйлескенде, Абай үлкен емес, Оспан *сонағұрлым* үлкен, тәжірибелі кісі сияқты көрінеді (М. Әуезов).

**Анадағы, әнеугі.** *Осыдан біраз күн бұрыпғы.* Анадағы тез келем деп кеткен Шыңғыс тек жаңа жыл қарсаңында келетін болды (С. Бегалин). Директордың *әнеугі* Мамырәлі келіп кеткеннен кейінгі бет алысы осыны байқатады (М. Иманжанов).

**Ана жақта, анаяқта сөйл.** *Сонау корсеткен жақта.* «Ана жақта» тіркесінің кіріккен тұлғаға айналған нұсқасы «*анаяқта*» ауызекі сөйлеу тілінде басым қолданылып жүр («Қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті»).

**Анажан, апатай, анашым.** *Анасын жақсы көріп, анасына еркелеп айтатын сөз.* Бастан бақыт құсы ұшып, Ол құс қайта қонар ма? Қойғанменен, шешеке, Бұл жалғанда оңар ма? Асыл туған, *анажан* («Батырлар жыры»). Бекбай атадай беделді ақсақалды сыйлағандықтан, оның тоқалын *апатай* деп жатыр (Ә. Көшімов). Мүмкін, дәл қазір ол мені ардақты *анашымдай* қуаныштан көзіне жас алып күтіп тұрған болар (М. Шаханов).

**Анайылау, анайырақ, тұрпайылау, дөрекілеу, өрескелдеу.** *Әдепсіздеу, көргенсіздеу.* Сөзім *анайылау* шығар, бәлкім (Р. Райымқұлов). Айтсақ біз *анайырақ* қырық-елуді, Жиені жақын жүрген нағашыдай (Д. Еркінбеков). Біржан «қыздар, қарындастар» деген сөздерді әдепсіздеу, *тұрпайылау* көріп, әдейі айтпады (М. Әуезов). Сағира төтеннен қойып қалған *дөрекілеу* сұрақтан ұялып қалды (С. Алдабергенов). Кешір, қызым, *өрескелдеу* сөз айтсам (С. Тәжібаев).

**Анда-санда, кейде, қайбірде, кей-кейде, баз-базда, ілуде, қайсыбірде, шанда жерг., ілу-шалуда қарап.** *Кей кезде, әлсін-әлсін, соқта-соқпада.* Күн жылыда, жұмыс болмаған уақытта, *анда-санда* ғана барып сабақ алып тұр (С. Торайғыров). *Кейде* болмаса, мен қыздың үйіне көп бармайтынмын («Лен. жас»). Әжем *қайбірде* үнсіз мұңға шомып, ойға қалатын болды (Ауызекі тіл). Зу-зу ұшқан оқтар *кей-кейде* жуан теректің аша бұтағына тиіп, үзіп түседі (Ә. Нұрпейісов). Басқа балаларды қойғанда Ділдәнің өзі де *баз-базда* оның көмегіне тәуелді болып қалады (Ә. Омарбеков). Ниязбай қызыл тазыны *ілуде* болмаса, бұл тоғайға әкелмейтін (С. Бегалин). *Қайсыбірде* тіршілік тірегі неде деп ойлайсың («Алматы ақшамы»). Әскер киімді адамды *шанда* бір кинодан көрмесек, былай көру бізге бұрын бұйырмаған (С. Бердіқұлов). Сүйіншіңе деп пошташыға өзінің *ілу-шалуда* бір салатын бөртпе шәлісін ұсынды (Ш. Құмарова).

**Андыздау, андағайлау, анталау.** *Тұс-тұстан қаптап келіп қоршап алу.* Аттарын борбайлап, жан-жақтан *андыздаған* жұрт ілгері ұмтылып қасқырды қуып кетіп барады (С. Мұқанов). Бір жерге келгенде жолаушылардың алдынан жиырма шамалы адам *андағайлап* көріне кетті (І. Жансүгіров). Ол жан-жақтан *анталаған* көп дұшпан әке-шешемді маскаралап, өзімді Әлиге матап береді деп қайғырады (С. Омаров).

**Ант, серт, қасам** *коне. Уағдалы іске қалтқысыз болудың шынайы белгісі. Ант аумаи, ит жүгірмес деген, еліміздің ісі әділ екенін барша халықтың көзі жетсін (М. Тиссов). Алты қырлы ақ мылтық, Ата алмасам маған серт, Мен атқанда ұсынып, Оталмасаң саған серт («Ер Тарғын»).* Мені қасірет отына атпаңыздар, **Қасам** етем ешкімге айтпасыма, Ауылға мені алып қайтсаңыздар («Ғашық-наме»).

**Анығырақ, айқынырақ, анықтау, ашығырақ.** *Сәл-пәл ашық, әжептәуір анық.* Көзі де қараңғылыққа үйренген іргелердің бұрыш-бұрышы да *анығырақ* көрінеді (Т. Шаханов). Қыздың жүзі қуқылданып, қоңыр көзі үлкейе түскендей, аласы *айқынырақ* байқалады (Ж. Молдағалиев). Мына суреттегі бейнесі *анықтау* екен, – деді келген жігіт («Жас Алаш»). Ондағы жазушының ойы үй тұрмысының суретін *ашығырақ* етіп көрсету болса керек (М. Қаратаев).

**Анық-қанық, анық-танық.** *Бір нәрсенің дәйекті ақиқаты.* Әйелі мен баласының өлі-тірісінен бейхабар, *анық-қанығын* ешкім білмейді (Ә. Әлішев). Олар жазған хабардағы кем-кетіктің *анық-танығын* тез зерттеу – сот орындарының міндеті (С. Мұқанов).

**Анықтама, сипаттама, суреттеме.** *Белгілі бір заттың, құбылыстың ерекшелігі мен қасиетін ашатын, жазбаша не ауызша берілетін түсінік.* 1953 жылға дейін осы бір кішкене *анықтаманы* журнал бұрышына жазып отыру ешкімнің ойына келмепті (О. Шаймерденов). Жезқазған алқабының геологиялық *сипаттамаларын* 1908 жылдан бері талай адам жазып келді (Ә. Әзиев). Кішкентай көк құс жөніндегі осы бір шағын *суреттеме* қысқа да тұжырымды («Бәйшешек»).

**Аңғал-саңғал, ашық-тесік.** *Бүтін емес, ескіріп тозған (үйге қатысты).* Мал қораларының қабырғалары құлап, төбелері опырылып, есік-терезелері *аңғал-саңғал* қалпы өлі тұр («Лен. жас»). Үйіңіз мынау – *ашық-тесік*, жауын жауса, паналайтын жері жоқ (З. Шашкин).

**Аңғар, алап, алқап.** *Кең көлемді тегіс жер.* Орталық усадыбаға таяу Қаракөл өзенінің *аңғарындағы* суармалы жерлер овощқа, картопқа және бақша дақылдарына бөлінген (М. Әмірғалиев). Құттықтап көктем көркін сөйле, тілім, Арқаның *алабына* жетсін үнім («Пернедегі терме»). Абай алпыс жасында, Жидебай *алқабындағы* өзінің туған аулында дүние салды (М. Қаратаев).

**Аңғарғыш, аңғарымпаз, аңдампаз, аңғарымды, абайлағыш, аңдағыш, байымдағыш, байқағыш, байқампаз, бағдаршыл, байқас сөйл.** *Бір нәрсені тез байқайтын, сезімтал, көреген.* Көзің жігі, қырағы, *аңғарғыш*, шама-шарқын сезгіш болсаң ғана дүние табуға мүмкіндік бар (Ә. Әлішев). Менің өз байқауым әкем Мейірман біршама ақылды, *аңғарымпаз* адам еді (Б. Аманшин). Бәрін қалт жібермей көңіліне кестелеп отырған *аңдампаз* ағасы аспандағы қаршығаға бір, қарияға бір қарап қояды («Қаз. әдеб.»). Кузнецовтың сөзінен, көзқарасынан оның заводтағы басқа адамдарға қарағанда әлдеқайда *аңғарымды* екенін байқатады (Ө. Қанахин). Әкесіндей бұл дағы ненің қалай

тұрғанын *абайлағыш*, сынағыш (С. Мұқанов). Әсия – мұндай көп көріністерді елегіш, *аңдағыш* мәдениетті әйел (М. Әуезов). Ғалымның өскен ортасы әр нәрсені *байымдағыш*, көріп-білуге құмар болып өсуіне әсер етті («Халық мұғ.»). Елде әр нәрсені жете бақылап өскен Құрманның *байқағыш* көзі саудагерлердің қасында тұрған бір татар баласының киіміне қызығып, соның көпке дейін қасынан шықпады (Х. Есенжанов). Қорғаныс шебіндегі ойыншыларды доп берілген кезде *байқампаз* болуға үйрету керек (О. Жарылғапов). Былайша *бағдаршыл* жанымдағы серігім ай жарығында адаса қоймаспыз деп сенеді (Ө. Қанахин). Қасқырды қанша асырасан да, қанға құмартып қоймайды дегендей, Қойбалаға көп сене берме *байқас* бол (Ә. Әлімжанов).

**Аңғарғыштық, аңғарымдылық, аңғарымпаздық, абайлағыштық, аңғарғыштық, аңдағыштық, байқағыштық, байқампаздық, байымдағыштық.** *Абайлағыш болушылық, әрнәрсені аңғарғыш, аңғарғыш болушылық.* Жинақтағы жұмбақтар балдырған бөбектерді *аңғарғыштыққа* үйретеді («Лен. жас»). Ол ең алдымен ізденгіштігімен, еңбек сүйгіштігімен, *аңғарымдылығымен* көзге түседі («Соц. Қаз.»). Әйел затының сыпшыл да *аңғарымпаздығы* белгілі ғой (Т. Ахтанов). *Абайлағыштыққа* не болу үшін адам зерек, аңғарғыш болуы тиіс (М. Мұқанов). Михайло да ер жүрек, елгезек болды, бірақ ол тапқырлығы, ептілігі, жағдайды *аңғарғыштық* жағынан өз досынан кем соға беретіп-ді (Қ. Қайсенов). Жолдастарының *аңдағыштығына* сүйсініп қалды («Қоғамдық тәртіп»). Көмескі болса да, әлі есінде, мектепте оқып жүрген шағында тамам баладан мұның ала бөтен ерекшелігі – *байқағыштығы* еді (О. Бөкеев). Мұндай *байқампаздық*, сергектік біздің дағдымызға айналған еді, ал сақтықсыз жүрген жауынгер тектен-тек арам өледі (К. Копішев). Кейде үлкендер баланың зеректігі мен *байымдағыштығына* көңілшектікпен елжіреп кетеді (Т. Молдабаев).

**Аңдушы, бақылаушы, торушы.** *Біреудің ізіне түсіп бақылау жасаушы.* Жер-жердегі әміршінің сыртынан қойған *аңдушыларынан* да кісі сескенердей хабар түскен жоқ (Ә. Кекілбаев). Комбайншы жігіт *бақылаушы* қартқа есі қалмай бітеген жерлерін көрсетіп жатыр (А. Жұмаділдин). Бақылап жүретін *торушым* бар да, қорушым жоқ (Т. Иманбеков).

**Аңдысу, іштесу.** *Бірін-бірі бағыт, қалайда сүріндіру мақсатын ойлау, дұшпандық жасау.* Екі дұшпан *аңдысқан* кездесті де бетпест. Қасқыр менен арыстан кетті айқасып жекпе-жек (С. Мәуленов). Ұзақ жылдар Әшім екеуі екі ферманың бастығы боп жүрген уақытта бірімен-бірі *іштесіп* көрген емес (К. Оразалин).

**Аңқау, аңғырт, аңғал, аңғалсоқ, алаңғасар, аңғалақ.** *Ішінде бұқпесі жоқ, істің алды-артын аңғармайтын.* Қала көрмеген *аңқау* қазақтар өзінің би, болысына ғана емес, қала пысықтарына да жем (Ғ. Мұстафин). Бұл екеуінің қырдан келген *аңғырт* адамдар екенін

байқан, қыр соңдарынан қалмады (Н. Оразов). Адамға оңай ажал *аңғал* ерлік, өмірде мұндайларды талай кордік (ІІ. Баймұратов). *Аңғалсоқ* батыр сынды жан екенсің, айта кет кім болсаң да атыңды атап (І. Жансүгіров). Досымның мінезі алып ұшыа, кейде *алаңғасар* да аңқылдақ болатын (С. Бақбергенев). Қанша пысық болса да, Бұзаубақ ақ көңіл, *аңғалақ*, арамдықты білмейді, қулыққа жоқ (С. Сейфуллин).

**Аңқаулық, аңғырттық, аңғалдық, алаңғасарлық.** *Істің алды-артын байыптамаушылық, шалағайлық.* Ауыл адамдарына тән *аңқаулығы* өзіне жарасып тұрады (Ш. Құмарова). Біз қолға түссек, *аңғырттығымыздан*, ақымақтығымыздан апырақтан түсіп қаламыз (Ө. Тұрманжанов). Оның ерлерге біткен *аңғалдығы* мен мәрттігі бар (М. Әуезов). Ақнам кезінде ауылдарына қарай беттеген үш ашшы Нұрмақтың *алаңғасарлығын* әңгімелеп бара жатты (Ә. Кошімов).

**Аңқаусу, аңғыртсу, аңқаусырау.** *Аңқау бола қалу.* Сонда да болса *аңқаусыт*, аңғыртсын айта салатындар әлі де табылады (А. Хангелдин). Алдыңғы бетке *аңғыртси* қарап, үнсіз отырған Шолпан жігіттердің қарасы үзілген кезде барып бойын тежеді (А. Хангелдин). Біреу-міреу зауытқа жер сатып жатқан шығар, – деп қырқар түлкі *аңқаусырады* (Ғ. Мүсірепов).

**Аңқу, мұңқу.** *Белгілі бір (жағымды, жағымсыз) иістің жан-жаққа таралуы.* Рустам баба жұпары *аңқыған* екі алманы үзін, маған ұсынды (Ә. Әлімжанов). Үйден кепкен терінің ішкі май иісі *мұңқиді* (С. Сейфуллин).

**Аңқылдау, қауқаңдау, қауқылдау.** *Ағынан жарылып, жаны қалмай елгезектену.* *Аңқылдап* амандықтан сөз бастаған, *Қауқаңдап* қалбалақтап тез бастаған, Коңілі котеріңкі, жаны елгезек, сірә сол қажет шығар тозбасқа адам (Ж. Өмірбеков). Хасеннің өзі бір аузы ашылса, көкірегі көрінер *қауқылдаған* жан еді («Қаз. әдеб.»).

**Аңсағыш, аңсампаз, көксеміш.** *Бір пәрсені сағынып, соған ынтық-қыш.* Жазушы қауым ел-жұртты *аңсағыш*, ауыл-мекенді аралағыш келеді (Ә. Сәрсенбаев). Қазак жауынгерлері өленді, жырды *аңсампаз* (Ә. Бектемісов). Өткен тоқырау заманын *көксеміш* жаннар да қазіргі өтпелі кезеңде аз болмай отыр («Халық кеңесі»).

**Аңсақ, аңкөс, аңқұмар, аңшыл, аугер.** *Аң аулауды сүйетін, соған жан-тәнімен берілген.* Үдербай жас күнінен *аңсақ* еді, Деуні еді жеңгелері «Қара мерген» (О. Шинин). Өзінің *аңкөсін* қара, – деп баласын қамшының астына алып жүр (Х. Рахимов). Оның дүние-мүлікке көп қызықпайтын, саңлақ хайуандарға ынтық, *аңқұмар* болатын себебі де осында (Ә. Кошімов). Қасар мерген күм үстінде құмырсқа жорғалап келе жатқанын сыбысынан біле қоятын *аңшыл* (Ә. Кекілбаев). *Аугер* аңшылар көсіп ретінде түлкіні, киік пен қарақұйрықты аулағанда көбінесе бүркіт салатын («Қазак ССР тарихы»).

**Аңсар, трактат.** *Түбегейлі зерттелген ғылыми жұмыс.* Әл-Фараби – өртүрлі ғылым саласынан жүз алпыс *аңсар* жазған адам (С. Ақтаев). *Трактат* -- белгілі бір ғылым саласы бойынша түбегейлі зерттен баяндайтын ғылыми жұмыс («Егемен Қазақстан»).

**Аңыз, әпсана.** *Ертеректен жеткен таңғажайып оқиға.* Қаныш Жасыбай көлі туралы *аңыз* әңгімелерді айта бастады (Т. Оразов). Қорқыт ата туралы *әпсана* ел аузында сақталған («Қаз. әдеб.»).

**Аңызак, керімсал.** *Жаз айларында болатын құрғақ жел.* Ыстықты елен, *аңызакқа* абыржымайтып маңызды өсімдік бойлай түсті (С. Бегалин). Қазақстанның оңтүстігінде шілде кезінде соғатын құрғақ, ыстық желді *керімсал* деп атаған («Ана тілі»).

**Аңыру, аңкию, аңыраю, аңтарылу, маңкию, меңірею.** *Не істерін білмей дағдару, аң-таң болу.* Ағатай, сағындым, есен-сау көрмекке. Соз ташпай *аңырдым*, Оқыңыз ермекке (Абай). Көшеде доп қуған балалар ойындарын қойып, қастарынан өткен Елжасқа *аңқиып* қарап қалыпты (А. Жақсыбаев). Арбаның үстінде әлі де қалғып-мүлгіп отырған Шыңтемір Бибиі көріп *аңырайды* да қалды (С. Мұратбеков). Базаралы, Асылбектер Абайдың байлауын үкпай *аңтарыла* қалды (М. Әуезов). Нұрлан екі қолын артына ұстап, *маңқиып* тұра берді (З. Шашкин). Аузына сөз түспей, көзі жапақтаған Тобық *меңірейіп* тұрып қалды (З. Шәкенов).

**Апа, мама кітаб.** *Баланың туған анасы, шешесі.* Апа деп қазақ туған шешесін атаған («Ана тілі»). Ұлы Отан соғысынан кейінгі ұрпақ шешесін *мама* деп атап кетті («Ана тілі»).

**Ап-айқын, ап-анық.** *Айтарлықтай анық, күмәнсіз, беп-белгілі.* Үшінші қабаттың қабырға ернеуінен ойдағы жаңа қоныс, теміржол маңы *ап-айқын* көрініп тұр (Ә. Әзизов). Әкесі баласының көз алдында *ап-анық* болып елестен кетті (І. Есенберлин).

**Апалаң-топалаң, апыр-топыр, ығы-жығы, абыр-сабыр, алай-түлей, опыр-топыр, алай-топай, опалаң-топалаң.** *Жанталасқан, асығыс-үсігіс қимыл-қозғалыс.* *Апалаң-топалаңның* кезінде кейбір көзеген аяқтар мені тақымына қыстыра кетем дейді (Қ. Қуанышбаев). Іштен аппараттың үш-төрт қызметкерлері *апыр-топыр* шықты да, тоқталып қалды (М. Иманжанов). 1945 жылдың жазында Шәуілдір іргесіндегі Темір станциясының басы да *ығы-жығы, абыр-сабыр* адамға толып кеткен (Ж. Жұмаханов). Айқай-сүрең *алай-түлей* шабыспен келгендер аттан түсе-түсе қалысты (А. Тоқмағамбетов). Әйелдер *опыр-топыр* шығып, тұра-тұра жүгірісті (Б. Тоғысбаев). Берекелі тірлікке үйреніп, арқа-басы кеңіген жұрттың жалғыз-ақ күнде *апай-топай* болуы талайымызды мәңгіртіп тастады. Жұрт көшін бет-бетімен қашып жатыр, *опалаң-топалаң* боп сасып жатыр (Қ. Тәкежанов).

**Апару, алып бару, жеткізу.** *Бір затты немесе адамды бір жерден екінші жерге алып бару.* Біреудің сеегі мен аты болды, бір жаққа



*апаратын* заты болды (О. Тұрмағжанов). Жол жолаушы баланы. Бастан *алып барады*. Қызғалдақты даланы қызықтан ол қарады (Ә. Дүйсенбиев). Түбінде сен тұра алмас болсаң мұнда, Еліңе *жеткізуге* біз де жеттік (Абай).

**Апат, қырғын.** *Ел басына түскен ауыртпалық, қауіп-қатер.* Адамзатты *апаттан* аман алып қалатын ұлы айқастың өз үлесіне түскенін ұғынған халықтың ойы ол (М. Дүзенов). Қырық жыл *қырғын* болса да, ажалды өледі (Мақал).

**Апеке, апажан, апатай, апашым, апай.** *Анасындай жасы үлкен әйелге жалынп-жалбарынғанда, құрмет тұтқанда айтылатын қаратпа сөз.* Әкем жазған күнделікті берді *апекем* (Қ. Ыдырысов). *Апажан*, мүлде жадыра, Өткенге қапа болмастан (Д. Әбілов). Жалғыз баласы болғандықтан, әкем де, *апатайым* да мені қатты сағынады (Б. Тоқтаров). *Апашым* да жұрттың Баршагүлді мақтаған сөздеріне үнін қосып жатты (Е. Сланов). Самал сол *апайының* үйіне қонаққа барды (З. Жәкенов).

**Аппақ, қардай, құдай, сүттей.** *Кірішкіз ақ, ақтың ағы.* Жатқан төсегі де *аппақ*, бөлме іні де аппақ, басыңда үңіліп толып жатқан бір ақ бейнелі адамдар (Е. Сланов). Болды сабақ бұл бір тегін. Жауыз жауға қан аңсаған. Жаулар үшін болды кебін, Үстіндегі *қардай* нанап (Қ. Аманжолов). Есіктен аласа бойлы сақал-шашы *құдай* үйі несі кірін келді (Ә. Шәріпов). Блiктең күйылған *сүттей* аппақ ай нұры оларды маған біртүрлі сұлу етiң көрсеттi (Т. Шаханов).

**Апта, жұма, жеті.** *Мезгіл ұзақтығы жеті тәулікке тең уақыт өлшемі.* Жүрмесем амаңдасып тұра алмаймын, Інінен асып кетсе бір *аптаның* (Жамбыл). Бір *жұмадан* бері жатудан іні нысқан адамға мына сөз онша жаға қойған жоқ (Р. Хайруллин). Дымқылдаптан тоң қоймада бір *жеті* жатқан соң, қолға алуға келмей жидіп кетінгі (Е. Орманов).

**Апталап, жұмалап, жетілеп.** *Апта бойы, аптадан аптаға.* Әлі есімде, бірде баласының мектептес досы кеп, *апталап* бұның үйінде жатты (М. Сүндетов). Өзінің өлер шағын жылдап емес, айлап, *жұмалап* мөлшерлейді (К. Оразалин). Молда әр үйде бір *жетілеп* оқытады (Е. Мүсірепов).

**Апталық, жұмалық, жетілік.** *Бір аптаға арналған, бір аптаға созылған.* Адай жылқысының құлыны *апталық* жасында енесінің шабысынан қалмайды (А. Иманғалиев). Шаруа қожалықтарын *жұмалық* кездесуінде бұл мәселе түбегейлі қаралды («Егемен Қазақстан»). Оның да әскерінің жоқ ед қапы, Жетуші ед бір *жетілік* жерге шамы (Т. Ізтілеуов).

**Апыл-тапыл, қаз-қаз, тәй-тәй.** *Қаз тұрып, жаңадан жүре бастаған сәбидің жүріс-тұрысы, аяқ басысы.* Баланың *апыл-тапыл* жүргені артық, жүрек жылытың, сыңқылдап күлгені артық (Қ. Қуанышбаев). *Қаз-қаз* балам, жүре ғой. Балтырынды түре ғой. Тәйі, құлын боп шаба

ғой, Озып бөйгі ала ғой (С. Қасиманов). Бір жасқа толғанда ол аяғын *тәй-тәй* басып жүруді үйренеді (М. Қайрақбаев).

**Апыр-ай, апыр-ау, апырым-ай, апырым-ау, ойпыр-ай, ойпырым-ай, ойпырым-ау, япыр-ай, япыр-ау, япырым-ай, япырым-ау.** *Таңдану, таңырқау мағынасында айтылатын одағай сөз.* «*Апыр-ай*, қазақта да мұндай мүлік болады екен!» – деп, аузын ашып, көзін жұмады (С. Мұқанов). *Апыр-ау*, қандай жауап берсем екен, өмірдің мынау қатаң сұрағына? (Ә. Сәрсенбаев). Жаңа туған жарық ай, Сәулесі қандай *апырым-ай!* (Б. Майлин). *Апырым-ау*, құдайдың тапа-тал түсінде ауылды аралап жүруші мұның қай жүректігі екен (О. Сәрсенбаев). *Ойтыр-ай*, талай-талай мылжындарды көріп ем, мынау бір нағыз түйсіксіз мылжың екен (С. Адамбеков). *Ойтырым-ай*, мына сорлы тағы да ішіп алған екен ғой (А. Сейдімбеков). *Ойтырым-ау*, қарындас-ау, мынау шынымен Бекайдардың жүзігі ғой (Ж. Молдағалиев). Екеуміздің соғысқанмыз жаудың бір бөлігі болу керек, тіпті *ятыр-ай*, қатар тұрғанымызды қарашы (Б. Момышұлы). *Ятыр-ау*, сенейін бе, сенбейін бе? – деп, Өміртай шешесіне бір, Ақтоқтыға бір қарады (Б. Тоғысбаев). *Япырым-ай*, бірдеме болмаса игі еді, келер уақыты асып кетті (І. Есенберлин). Көрінгенге деймін-ау, бүгін дос, ертең жау, мен не қылдым, *япырым-ау* (Абай).

**Апырақтау, апыраңдау.** *Есі шығып, өлер-тірілерін білмей қимылдау, қара күшке салу.* Баңдының екіншісі өзі де келіп *апырақтап*, қара көз келіншекті екеулеп ұстап, үйге сүйреді (С. Сейфуллин). Осы кезде ауызғы үйдің есігі сарт етіп жабылды да, *апыраңдап* Есенжол бөлмеге кіріп келді («Қаз. әдеб.»).

**Ар, ұждан, намыс, ұят, шам.** *Адам бойындағы адамгершілік ізгі қасиеттер. Өмір сүрген ортадағы жан сезімнің тазалығы.* Ар адамның өз тәртібін өзі қадағалауына негіз болатын аса маңызды моральдық қасиет, адамгершілік фактор (ҚСЭ). *Ұждан* адамның өз мінез-құлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін этика категориясы (ҚСЭ). *Намыс* әркім өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортадағы қоғамдық пікірді қорғай алуын қамтамасыз ететін сана-сезімнің дәрежесі («Қаз. әдеб.»). *Ұят* адамның қоғамдық моральдық принциптерге үйлеспейтін жағымсыз, теріс қылық жасалған кезде байқалатын сезімі («Қаз. әдеб.»). Үйінен не көреді шықпаған жан, Өзге озық деген сөздің бәрі оған *шам* (Ғ. Орманов).

**Ара, орта, аралық.** *Екі заттың түйіскен бос жері.* Көксерек құйрығын артқы екі аяғының *арасына* тығып алып, іші қайта-қайта солқ-солқ етіп ұлып тұр еді (М. Әуезов). Екі қабат үй, астындағы қабатының кең екі терезесінің *ортасында* есік (Қ. Исабаев). Ағаш *аралықта-рындағы* жолдардан терлеген аттың бар шабысымен Сман құйғытып-ақ өте шығады (Ж. Мұзапаров).

**Ара, пышқы.** *Ағаш, тағы басқа заттарды кесуге арналған құрал.* Көзілдірік көзінде, Қолда аспап жарағы, Үстінде тон, отыр шал қайрап

ескі *араны* (Қ. Аманжолов). Ағаш шеберлері балта, *пышқы*, бұрғы, үскі, қашау сияқты аспаптарды пайдаланады (С. Қасиманов).

**Арадағы, ортадағы.** *Екі немесе нәрсенің аралығындағы.* Мәселе әкемен *арадағы* жанжал ма десем, бұлай ма еді (Ш. Хұсайынов). Абысындар *ортадағы* ата мен ененің қас қабағына қарап үйренді («Мәдениет және тұрмыс»).

**Араз, өш, егер, қырбай, өшпенді, қырғи қабақ, қырын қабақ, дұрдараз, араз-құраз, нәумез, кезбас, кезбастау.** *Тату емес, ренжіскен, өкпелі.* Қай қызығы татиды қу өмірдің, татуды *араз*, жақынды жат қыларға? (Абай). Фашистер Қызыл армияның командирлері мен еврейлерге өлердей *өш*, білсе табан астында ату жазасына бұйырады (Қ. Тоқаев). Екі ел *егер* болса, Елті жігіт қатын алар (Мақал). Қаратаймен *қырбай* болғандықтан, Құнанбай Көкшенің жайлауына ортақ болғысы келгендей (М. Әуезов). Балам абақтыда. Ел ішінде *өшпенді* адамдарымыздың нақақ жапқан жаласымен ұсталып кеткен (Қ. Тайшықов). Үй ішімен *қырғи қабақ* болатынын күні бұрып біліп алғандай, сен олардың қалауын тап деуін көрмейсің бе (М. Иманжанов). Жаңа жылға арналған балда Лермонтов патша әулетіне *қырын қабақ* екендігін ашық білдірді (Ф. Мүсірепов). *Дұрдараз* адамдай үңірейісіп түн ортасы ауа қойшының қыстауына жеткен (Д. Досжанов). Осыдан кейін олардың аралары салқындап, *араз-құраз* адамдардай болып жүрді («Қазақст. әйелд.»). Не дегенмен өтініш иелерін *нәумез* қылдыра беруім де келіспес еді (С. Нұрмағамбетов). Олар бір-бірімен *кезбас* екен («Алматы ақшамы»). Әңгіме басында олардың аралары *кезбастау* екендігін сезгендей болдық («Түсіндірме сөздік»).

**Араздастыру, жауластыру, жауығу, өшіктіру, өштестіру, кектендіру, қастастыру, атыстыру, шағыстыру, жауықтыру, шоқ-шоқ деу.** *Екі адамды немесе екі елді бір-біріне айдап салып, араларына от салу, араз қылу.* Тату елді әдейі орталарына от салып, *араздастырып*, ушықтырып, біріне-біріне жау қылып көрсететін болған (М. Әуезов). Ар-ұяттан безген бұл сұм Бұхар өмірі мен Отырар хандығын *жауластыруға* келді (Ш. Хұсайынов). Менімен арасын әбден ашып, қарадай *жауығып* жүрген түрі өзіңізге аян (З. Жәкенов). Опасыз сатқындардың көмегімен ұсақ ұлттарды бір-біріне айдап салып, *өшіктіруге* күш салды (Ә. Әлімжанов). Балалардың ешқайсысы «осыларды татуластырайық, не одан сайын *өштестіре* түсейік» деп, арамызға түспей, өз жайымызға қалдырды (А. Жақсыбаев). Өзіне күні кеше атарман-шабарман болып жүрген жігіттің әкімдер жағына шығып кетуі Бүрекеңді қатты *кектендірген* (Ә. Көшімов). Қоймас деп *қастастырсақ* бірімізді, Қорыққаннан Қануж ханға қашты Арқап (Т. Ізтілеуов). Жантас біреуді біреуге *атыстырып*, от тастап жүретін қу (Б. Соқпақбаев). Өтірік айтып, сол антұрғаның екеумізді әдейі *шағыстырып* жүр (Б. Нұржекеев). Бір рулы елді *жауықтырып* соңына салсаң да, оны өзіңе қарсы қоя көрмегейсің (Ә. Нұрпейісов). «Іші

кеуін өлген малды танымағансуын қарашы» деп өзіне *шоқ-шоқ деп* тұрған көршісін шал одан сайын жек көрді (Ү. Доспанбетов).

**Араздық, дүрдараздық, қырбайлық, кезбастық.** *Араз болушылық, ренжіскендік.* Ата-бабамыз бауырлас халықтармен *араздық* дегенді білмей, өрістес, қоныстас болған (Ж. Исмағұлов). Сәнияның айтып келе жатқаны Әлімбектің бұларға деген сол *дүрдараздығы* (К. Ахметбеков). Осыдан барып, хан мен билер арасында *қырбайлық* күшейе түскен еді (І. Есенберлин). Араларында ешқандай *кезбастық* жоқ жандай қарсы алды (І. Жақанов).

**Арай, шапак.** *Күннің шығар алдындағы сәулесі, қызыл шұғыласы.* Ертемен қарсы алып таң *арайып*, әр жерден ақ көйлегі бір жарқ етіп, жүрген жалаң аяқ балақайың (С. Мәуленов). Күннің алқызыл *шапағы* қырқалардың қайқы төсінде ғана қалды (Д. Досжанов).

**Арайлану, шапақтану.** *Таң сәулесінің қызарып шапақ атуы.* Алтын күн *арайланып*, күлгін-қызыл, сары ала шапағын төгіп, көтеріліп келе жатыр (К. Тоқаев). Күншығыс *шапақтанып*, тау-тастардың басына сәуле ұялады (Б. Тоғысбаев).

**Арайлы, шапақты.** *Шапақ атқан, арайланған.* Таңым қандай *арайлы*, Түнім неткен тамаша (М. Әлімбаев). Көктем мезгілінің тіршілік атаулыны аймалаған тағы бір *шапақты* таң («Білім және еңбек»).

**Арак, ішкілік, ішімдік, ақмағамбет, ащы су, ақ су, тентек су, боз жорға, жыңды су қарап., көк су қарап., көк мойын сөйл.** *Адамды мас қылып, ақылынан адастыратын алкогольдік сұйық зат.* *Арақ* мұнда жалпы ішкілік ұғымында жұмсалып тұр. *Ақмағамбет, ащы су, ақ су, тентек су, боз жорға* дегендер бейнелеген түрде ауыс мағынада қолданылған. Мұрат *арақ* ішкісі келмей, стаканның бетін жапқан адамша алақанымен енді ештеменің қажеті жоғын білдірді (Т. Әбдіков). Ол жігіттің сұлтаны еді, *ішкіліктен* азғындап, есалаң ауыруға шалдықты, мерт болды (І. Қожабаев). Келіншек *ішімдіктен* де онша тартынған жоқ, шағын рюмканы жартылай ішіп отырды (Ж. Еділбаев). Шәймерден «қатын, *ақмағамбетпен* де әкел, қонақтар бойын жылытсын», – деді (С. Мұқанов). *Ащы суға* тойдырып, бұза ма деп реңін. Адыра қалғыр заманның мен жаратпайтын сүреңін (Мұрат акын). *Ақ сумен* әуестенгеннің оңғанын көріп пе ең? («Саржайлау»). Өзі жылап-сықтап, тіленіп жүріп орналасқан жерінен кетуіне тек өзі ғана, өзінің *тентек суға* әуестігі ғана кінәлі («Орталық Қазақстан»). «Кішкене» *боз жорға*» еді, – деп Төлеген сыпайы қонағына қарап жымиды (Ж. Аймауытов). «*Жыңды суды, қарағым, ішпе*» – деді (Ы. Төлегенов). Торғайға тойынуға келін жүрсің. Қалада *көк су* ішкен катпа неме (Н. Ахметбеков). Үйге келген қонаққа 250 сомға бір «*Көк мойынды*» сатып алып қоюға бармыз да, бір жыл азық болатын газетке қаржы таппай жатамыз («Алматы ақшамы»).

**Арақатыс, арақатынас.** *Бір-бірімен байланыс.* Екі аралықтағы *арақатыс* қалпына келтірілді («Жас Алаш»). Осыдан кейін Гүлбаршын екеуміздің *арақатынасымыз* не болмақ (Б. Тілегенов).

**Арам, харам.** *Еті мен сүті тағамға пайдалануға жатпайтын.* Есектің еті *арам*, күші адал (Мақал). Халқымыз атам заманнан *харам* деп аузына алмаған нәрсені дастарқанға қоюға болмайды («Жас Алаш»).

**Арам, арамза, арамpez, арамы, бітінә, жымысқы, жымсыма, жымсық, ішмерез, жылым құрт қарап.** *Қара ниет, астыртын істейтін қулығы бар.* Болыс болғандар болыстыққа жеткен соң момынды қадірлемейді, өзіндей *арам* қуларды қадірлейді (Абай). Маған сан рет опасыздық істеген *арамза* Сейілбек мені келіп паналап, қол астымда есепші болып қызмет істеп жүр (Ө. Тұрманжанов). Мен бұл істің түбіне жетіп, ана *арамpezдің* жылтыраған көзіне су құймай тынбаймын (Ж. Мусин). Әділжанның *арамы* қылығын көріп зығырданы қайнады («Жетісу»). Баймолда – ешкімге жақсылық ойламайтын нағыз *бітінә* жігіт, – деді Әнуар зілденіп («Қаз. әдеб.»). Ол екеуі бармақ басты, көз қысты *жымысқы* қарым-қатынасқа көшкен (С. Омаров). Ол кісі баласының атын өзі сияқты *жымсыма* ұры болсын деп, Жылысбай қойған екен («Бозінген»). Бұлардың басқан ізін аңдығандай Айғанымның *жымсық* түрінен шошып қалған еді (А. Байтанаев). Сондай *ішмерез* сүмдардың біреуі Айбаланың жазған хатын ұрлап алып, жібермей жүр екен (С. Омаров). Өңі жылтырап, *жылым құрттай* жайлайтын сендей тәтті үндінің талайына су құйғам мен (М. Әуезов).

**Арамдау, ластау.** *Ұятқа қалдыру, кір келтіру.* Құдай үйін көрген қажы оның дәмін *арамдаса* қанша жас болғанымен аруақ атар, – деді Алпысбай (Қ. Тайшықов). Құртсын қарасын, бұған дейін босағамды ешкім *ластамаған*, – деп апам теріс қарап отырып алды (Б. Тоғысбаев).

**Арамдық, жамандық, бүкпе, қараулық, мерездік, бүқпантай сөйл.** *Қара ниеттілік, жағымсыз іс-әрекет. Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек* (Абай). Өзің үшін үйренсең, *жамандықтан* жиренсең, ашыларсың жылма-жыл (Абай). Байым ақ көңіл кісі еді, *бүкпе* сақтауды білмей, ортаға салып айтып жүруші еді (Б. Майлин). Мұсакең жаратылысында тірі жанға *қараулығы* жоқ, салиқалы-ақ кісі еді (О. Сәрсенбаев). Ол өз шығармасында сендерді бейнелеп, *мерездіктеріңді*, сараңдықтарыңды әжуа еткен («Қаз. әдеб.»). Сандыбай мен Аралбайдың бұл секілді *бүқпантай* әрекетінен иненің жасуындай нәтиже шыққан жоқ (С. Омаров).

**Арамтамақ, жатыпiшер.** *Еңбек еткісі келмейтін, даяр нәрсеге ие болушы.* Қазіргі күндерімізде де тақпақ бойкүйез төренiлдікке, *арамтамақтара* өлтiре соққы беру құралы болып отыр («Жұлдыз»). Еңбектен тысқары адам – *жатыпiшер*, ендеше ондай адам қоғамға жат адам (С. Мұқанов).

**Арандатқыш, айтақшыл.** *Бірді-бірге айдап салғыш, жауластырғыш.* Айғай, қиқу, *арандатқыш* сөз, жалған ерлік секілді ұсақ-түйекті мына аттылар екпіні көміп тастады (Ж. Молдағалиев). Ол ауылды бір-біріне айдап салар *айтақшыл* емес, өсек-аяңы да жоқ әйел (О. Бөкеев).

**Арандату, ұрындыру.** *Бір пәлеге, жаманшылыққа әкеліп соқтыру.* Серттестік өң мен түсте үндемеске, тіл жау ғой кетер дедік *арандатып* (Қ. Жармағамбетов). Кейде әдейі өздері түрткіп, бір пәлеге *ұрындырып*, одан тағы өздері құтқарып алған боп та бауырына тартады (М. Әуезов).

**Арандау, шатылу.** *Қырсыққа, бір пәлеге душар болу.* Әділбек тек шындықты айтамын деп *арандап* жүр (З. Шүкіров). Соры қайнаған жан болды ғой бұ да, нендей шырғалаңмен *шатылды* екен (Р. Ниязбеков).

**Арасан, нарзан.** *Емдік қасиеті бар минералды су.* Геология жергілікті жерде кездеспейтін қазба байлық пен *арасан* бұлақтарды зерттеуді талап етеді (Ж. Жортанов). Көмір қышқылды *нарзан* суы бұл курортқа дүниежүзілік даңқ әперді (М. Қайрақбаев).

**Ара-тұра, арагідік.** *Ара-арасында, оқта-текте, анда-санда.* Асау да шырқ айналып, тізгін бермей жүр, *ара-тұра* аспанға секіреді («Лен. жас»). Зауқы жоқ емес-ау, *арагідік* үйге бас сұғып, жалғызының қасына тізе бүксе-ақ қайта тұрғысы келмейді (Т. Тілеуханов).

**Арашалау, ажырату, айыру.** *Төбелескен адамдарға ара тұсу, бөліп жіберу.* Әжібай тағы мыжыды тізесімен, *Арашалаған* шешесін қоса қабат жықты итеріп, кеудесімен (С. Торайғыров). Осы кезде басқа оқушылар келіп, төбелесіп жатқан екеуін *ажыратып* жіберді (З. Иманбаев). Шал байғұс айғайлады аттан салып, *Айырып* алған жан жоқ оны барып (Абай).

**Арба, күйме, карета, экипаж, тарантас.** *Көлікке жегілетін тасымал құралы.* Партизандар көмілген қаруларды қазып алып, екі пар ат жегілген *арбаға* салды да, базаға тартты (А. Шәріпов). Біз мінген *күйме* көшені басына көтере, желе заулап барады (Ә. Сәрсенбаев). *Карета* – төбесі жабық төрт дөңгелекті сәнді арба (ҚСЭ). *Экипаж* – кісі мінетін жеңіл арбаның бір түрі (ҚСЭ). Малтабардың *тарантасқа* жеке жеккен қара бурыл аты мейлінше денелі де, елгезек те, жүрдек те, мықты да жылқы екен (С.Мұқанов).

**Ардақтау, аялау, алқату, қастерлеу, ұлықтау.** *Ардақ тұту, сый-құрмет білдіру.* Ата-екем мені *ардақтап* алақандарына салып отыр (С. Мыңжасарова). Ардақтап *аялайық* бәріміз де Жүректе махаббаты мол ананы (К. Райбаев). Сүйгенінді жоғалтпас Абылаймысын *алқатқан* (Бұқар жырау). Жақсының зая қылмай бір ісін де, Өлгенін, жерленгенін күтіп жүрмей, Талантты *қастерлейік* тірісінде (Қ. Мырзалиев). Ең алдымен Ғабит Мүсіреповті көркемсөздің шебері деп *ұлықтаймыз* («Қаз. әдеб.»).

**Ардақты, аяулы, әзіз, өз, қимас.** *Ел-жұрт ардақ тұтатын, қадірлеп-қастерлейтін.* Бұлар алып құрылыс *ардақтыларының*

қатарына қосылып, озат монтажшы атанды (С. Хайдаров). Терен ойлы тың нақылдар *аяулы* ағамыз, айтулы жазушымыз Ғабит Мүсіреповте де көп (М. Әлімбаев). Анамнан жастай айырылсам да, *әзіз* әкемнің арқасында мен жетімдік көргем жоқ («Қазақст. әйелд.»). *Әз* атаның көкірегі қарс айырыла зарығып көкसेген арманы өткен жылы көктемде орындалды (З. Жәкенов). Қияметтік *қимас* адамынан айырылып, бұлардың қатарына да суық ызғардың қашық емес екендігін аңғартқан («Жалғыз салт атты»).

**Ардың-күрдің, далдың-дұлдың.** *Істеген ісіне мән бермейтін, парықсыз, алды бар, арты жоқ.* Досымның мінезі алып-ұшпа, *ардың-күрдің*, кейде алаңғасар да аңқылдақ болатын (С. Бақбергенев). Көрмеген өмірінде ұстаз алдын, Бетімен қазақша өскен *далдың-дұлдың* (С. Торайғыров).

**Арзандау, арзанырақ.** *Онша қымбат емес.* Сүттің бағасының бұрынғыға қарағанда *арзандау* болғаны тәуір нәрсе (Қ. Ұябаев). Орыстың ғылымы, өнері – дүние кілті, оны білгенге дүние *арзанырақ* түседі (А. Әуезов).

**Арзандау, құнсыздану, бағасыздану.** *Бағасы кему, құны төмендеу.* Асханадағы тамақ *арзандаса* оқушыларға да теріс болмас еді (З. Шүкіров). Бөгелек ауруы салдарынан малдың еті, жүні кемиді, терісі *құнсызданады* (Т. Досжанов). Қағаз ақшаның құны төмендеп, *бағасыздану* қаупі бар («Егемен Қазақстан»).

**Арқа, жон, жота.** *Адам мен жан-жануардың омыртқа орналасқан жағы, ту сырты.* Білектей *арқасында* өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын (Абай). Самай мен *жоннан* сорғалаған тер мына сордың өзі сияқты ақ сортанданып, тұздың татын қалдырып жатыр (Н. Оразов). Бәрінің де белуарға дейін шешініп тастаған *жоталарын* күн қақтап, қызарып кеткен (Ә. Әлімжанов).

**Арқалану, сену, нек сүйеу.** *Біреуді тірек тұтып, сүйеніш ету, арқа сүйеу.* Сөзіндегі ірілік оның табиғатына, сүйегіне біткен іріліктен гөрі ұлын *арқаланудан* туып жатыр (Р. Нұрғалиев). *Сенгеніңнен* сүйенгенің күшті болсын (Мақал). Сондай қолында ісі бар, күші бар кісіге *иек сүйеу* керек (С. Торайғыров).

**Арқалық, мәтке, белағаш, арыс көне.** *Үйдің төбесіне жапқан өрімдерді көтеріп тұратын арқалық ағаш.* Үйдің төбесін, астын тактайламақ түгіл, тіреусіз *арқалық* салатын үйлер кемде-кем (Ғ. Мұстафин). Үйдің төбесіне ұзыннан *мәтке* салынғанда, көлденеңнен бөтелектер салыныпты (Ж. Молдағалиев). Ай-шайға қарамай үйіліп-төгіліп мінген соң балон тұрсын, *белағаш* та омырылар (Ш. Хұсайынов). *Арыс* – қораның, там үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең мықты ағаш (С. Қасиманов).

**Арқар, муфлон.** *Қой тектес жабайы аң.* Жабайы қойлардың бұл түрінен денесінің үлкендігі жағынан *арқар* қалыспайды (Ш. Жанәбілев). Қазіргі қой малының арғы тегі *муфлон* деп аталады («Ғалам ғажаптары»).

**Арқасында, арқылы.** *Көмегімен, жәрдемімен.* Ата дәулетінің *арқасында* сылаңдап ерке өскен Зейнеш еді (Б. Майлин). Омардың ойы – Жақып *арқылы* жұмысты астыртын бітіру (Б. Майлин).

**Арқау, желі, өзек.** *Бір нәрсенің ұзын-ыргасы, бір-бірімен байланыстылығы.* *Арқауы* оралмаған әңгімені жіптестіремін деп, ол да тәуір-ақ әрекеттенеді (М. Иманжанов). Композитор ария мелодиясының *желісін* үзбей, бастан-аяқ сызылтады (Ж. Рсалдин). Жырымның *өзегі* де, арқауы да Жырланбай жүрген жас пен қарт ауылда (А. Байтуғанов).

**Арлан, көкжал.** *Қасқырдың еркегі.* Жауын жауса, жер көгереді, дауыл болса, шөп шулайды, қыран қияға өрлесе, *арланның* өміріне қауіп төнеді (М. Қаназов). Қаз бауырлап кірген танкілер болса, аяғынан қақпанға ілінген кәрі *көкжал* секілді гүр-сар етті (Ә. Нұрпейісов).

**Арлану, намыстану, қорлану, қорыну, ұятсыну.** *Ар көру, намысы келу, ұят санау.* Егерде шайтандыққа жетсе қолым, алдауға *арланар* ем адам ұлын (Абай). Сіздердің кемшіліктеріңізге *намыстанамын*, табыстарыңыз болса мақтанамын (Ж. Еділбаев). Жырлады қыз, жырлады, Ағытты о да арманды. Кейіді, күйді, *қорланды*, Туылдым деп неге қарғанды (І. Жансүгіров). Бекболат бір жағынан «оқымысты» қайын ағасының алдында *қорынайын* деді (Ж. Аймауытов). Кей жігіт арсыздықпен *ұятсынбай*, Қолы жетпес нәрсеге тырқтаған (Абай).

**Арлы, арланғыш.** *Ұяты бар, ар сақтағыш.* Жарлы емеспін, зарлымын, Оны да ойла толғанып, жұртым деуге *арлымын*, Өзге жұрттан ұялып (Абай). Ар сақтағанның жөні осы екен деп, беталды *арланғыш* боп неге керек («Лен. жас»).

**Арлы-берлі, ерсілі-қарсылы, ілгері-кейінді, әрлі-берлі, олай-былай, олай-бұлай, әрі-бері, оңды-солды.** *Біресе ілгері, біресе кейін, бірде олай, бірде бұлай.* Біз машинамен *арлы-берлі* өткенде осы жазу мен суреттерді көріп жүретінбіз (Т. Ахтанов). Көше бойы *ерсілі-қарсылы* ағылған халық (Ғ. Мұстафин). Жас құмырсқалар жолды тазалап, *ілгері-кейінді* жүріп адаспауға дағдыланады (Ө. Тұрманжанов). Қуанғанынан не кетерін, не кетпесін білмей, сол арада *әрлі-берлі* жүрді де қойды (Ж. Жұмаханов). Жолға шығатындар *олай-былай* ағылған автобусқа осы жерден мінеді (К. Сатыбалдин). Жақсылық салмақты басып, *олай-бұлай* жүріп кетті де, Бексұлтан тұсына келіп тоқтады (Ғ. Сланов). Шыңғыс *әрі-бері* жаяу жүріп, ат үстінде құрысып қалған бойын жазды (С. Бегалин). Дағдарды осыны айтып торғай сорлы, жеріне барам деген барып болды. Бүркітке құс патшасы жолығуға кезіпті жер-жиһанды *оңды-солды* (С. Дөнентаев).

**Арлылық, намыскерлік, намысқойлық, намысқорлық, намыстылық, намысшылдық.** *Ар, ұяты болушылық.* Ізгілікті соңына қалдырыпты ой, Жөніменен ұялсаң – *арлылық* қой (Жинақ). Азаматты арлы ету, *намыскерлікке* баулу, ерлік салтқа берік ету – замана талабы (Ш. Есмұрзаев). *Намысқойлығымнан* болар Тайырдан көрген қорлығымды үй ішіме сездіргенім жоқ (Б. Әбдіразақов). Оған бұндай атақ-



ты тақтырған *намысқорлығы* болатын (С. Мұқанов). Арыстан бір-неше кезеңді тұста тапқырлық, *намыстылық* танытады («Қаз. әдеб.»). Абзал азамат болу *намысшылдықты*, арлылықты талап етеді (Ш. Есмұрзаев).

**Арман, қиял. Жетуге ұмтылған ой-сана, көксеген ізі мақсат.** Жиырма бес, жас еді бұл болған арман, Аңсаумен ата қазақ шашы ағарған (Қ. Аманжолов). Надандар былшылдайды, құп алмайды, үлкен жанның қиялын ұға алмайды (Абай).

**Армандас, мұңдас, бастас.** Арманы бір, сыры мен мұңы бір, тілектес. Поэзия – әрбір адамның жанашыр жақыны, жанындай досы, *армандас* мұңдасы (С. Мәуленов). Шоқбыт менің өкем Әбілмен мұңдас, сырлас, армандас болатын («Қаз. әдеб.»). Ақбала қасына Бөбекті ертіп, жақсы көретін *бастас* қайнысын ауыл сыртына ұзатып салды (Ә. Нұрпейсов).

**Армандау, қиялдау, үміттену.** Ойлаған мақсатқа жетем деп құмарту, аңсап, үміт арту. Жәкең де соны сендей армандаған, Арманнан бір оңаша қалған ба адам (Ғ. Қайырбеков). Қазір ат үстінде *қиялдап* келе жатқан Нұрила былтырғы көктемнің қиын кезеңін ойға түсіреді («Шопан сырласы»). Орман ішінен өз адамдарымды ұшыратамын деп *үміттендім* (Қ. Қайсенов).

**Арманшыл, армандағыш, қиялшыл.** Әр нәрсені армандай беретін, қиялға берілгіш. Ол бір қараңғы елдің көгіне өрмелеп шығып, күн болғысы келген *арманшыл* азамат еді (М. Сатыбалдиев). Нұғзар қолына түскен кітапты талғамай, жалықпай оқи беретін қиялшыл, *армандағыш* жігіт болатын (С. Бақбергенов). Едіге әлі балалықпен қоштаспаған, *қиялшыл* арманшыл жас жігіт (М. Мағауин).

**Арна, дере.** Өзен суы ағатын жер. Орманы, көлі сағынтқан әсем алқап, жасыл жайлау, асау *арнасы* нұр құйған алып өзен шақырады әркімді (Ә. Әзиев). *Дересі* елге мекен болған өзендердің бәрі таумен байланысты (А. Машанов).

**Арнайы, әдейі, әдейілеп, зәуімен.** Белгілі бір мақсатпен, біле тұра, ерекшелеп. Кешке жақын ол Айжан қасына *арнайы* келіп, ұзақ отырып, әңгіме шертеседі (З. Шашкин). Мен сол уақиғаларды бір қалың дәптерге *әдейі* ұмытпасқа жазып алып едім (С. Сейфуллин). Жазушының *әдейілеп* оқушы назарын аударғысы келіп отырған бір қасиеті бар (С. Байжанов). Жәукең маған *зәуімен* бір келгенде қызымды күтпедің ғой деп өкпелейді (Б. Майлин).

**Арналас, өзектес, астарлас, желілес, сабақтас, тамырлас.** Бір-бірімен тығыз байланысты, негізі бір, тектес, үндес. Ұлы ақындардың да ойлары ұлы сыншылардың ойларымен үнемі *арналас* шығады (Ә. Тәжібаев). Расында да бұл *өзектес* үш тақырып – Совет фольклорының бұрын да, қазір де және келешекте де нәр алатын қайнар бұлағы (Қ. Сейдаханов). Есдәулетовтың айтып отырған жайларының бәрінде *желілес, астарлас* күйлер, мәндер бар (М. Әуезов). Төбе қашып, тау батпас, тау жатқан жер тек жатпас. Бәрі солай *сабақтас*, Байқағанға

расында (Мақтымқұлы). Сендегі ауру да солармен *тамырлас*, сырқырауы басқа да, сарнауы бір (Ш. Хұсайынов).

**Арнау, бағыштау, бағыстау.** *Белгілі бір мақсатпен әдейі жолдау, бір нәрсені меншіктеу.* Оның жырлаған әні – жан сыры сияқты ұмытпай жүретін өзінің бала күнінде Ғайниға *арнап* айтқан сүйген өлені мен әні еді (С. Сейфуллин). Жігіт сөзін төрдегі Бақытжанға *бағыштағанмен*, Алшынға қайта-қайта қиыс сөз тастады (Б. Аманшин). Мәулен ендігі өмірін ешбір қалтқысыз осы жолға, білім жолына *бағыстаған* (С. Шаймерденов).

**Арттыру, көтеру.** *Істің сапасын жақсарту, жоғарылату.* Январь пленумы дәнді дақылдар егісінің шығымдылығын *арттыру* ісіне ерекше назар аударады (Ә. Нұршайықов). Баяндамада екінші тың деп аталған мал шаруашылығын *көтеру* ісі кеңінен сөз болады (Т. Ахтанов).

**Арту, тиеу, теңдеу.** *Жүкті көлікке, арба-шанаға салып, теңестіріп бекітіп байлау.* Әрқайсысы 40-50 түйеге жүк *артып*, жүктерінің үстіне ылғи қызыл ала текемет, кілем жапқан (С. Шәріпов). Мына Айдардың арбасына астық *тие* де ауданға тарт (Қ. Нұрғалиев). Түйеге *теңдеген* екі-үш мес қымызы бар біреу Елпан үйінің жанына тоқтады (С. Мыңжасарова).

**Арты, сырты.** *Бір нәрсенің қарама-қарсы жағы.* Үй өзіміздікі деменіз, үй *артында* кісі бар (Мақал). Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көбінің *сырты* бүтін, іші түтін (Абай).

**Артық-кемді, азды-көпті, азды-кем.** *Шамалап қана.* Түйіскен жерінде біраз отырып *артық-кемді* әртүрлі сөздер айтыстық («Майдан»). Жетпіс мың ұсақ малдың жыл сайын *азды-көпті* шығымы болып тұрушы еді (М. Әлімқұлов). Нұрлан *азды-кем* өткенді сөз қып аз отырған соң үйіне кетті (З. Шашкин).

**Артынша, соңынша.** *Істің соңын ала, ізінше.* Күн көзінде біраз жатқан кісіге *артынша* ауыр қара жұмыс жасауға болмайды (Б. Хабижанов). *Соңынша* сол жақтан автомат тырылы да естілді («Ажал құрсауында»).

**Аруақты, киелі.** *Рухын ел сыйлайтын, киесі бар.* Ел үшін еңбек еткен ардақты Абай, әуелден әлемге айқын *аруақты* Абай («Пернедегі термелер»). *Киелі* аруақтарымыздың аты жадымызда жаңғырып жатса, ол да перзенттік көңіліміздің пәктігі болар («Алматы ақшамы»).

**Аруана, мая.** *Жалғыз оркешті нар түйенің інгені.* Талай рет құйрығы шұбатылған бір туған *аруана* нарларды, желмен жарысқан сәйгүліктерді олжаладым (Ә. Әлішев). Айырдан туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз. Аруанадан туған *мая* бар, Абылып айуан десең нанғысыз (Махамбет).

**Аршыл, ұятшыл.** *Ар сақтағыш, ұяты бар.* Өзінше *аршыл*, намысшыл Мұқан билікке дәме артып жүріп, қолына тимей қалғанға өлердей өкініп, соның күйігіне шыдай алмаған (Б. Тілегенов).

Мемлекеттің миллионын қалтасына салып алғанда пімірікпеген қасқа, түрмеге келгесін *қытышыл* бола қалғаны (С. Бакбергенов).

**Аршын, кез, метр.** *Шамамен тоқсан, жүз сантиметрге дейінгі ұзындық.* Өлген айдаһарды өлшеп көрсе екі жүз *аршын* болып шығыпты (Ә. Тәжібаев). Кеше ағай дүкеннен бес *кез* көк ала суса, он бес *кез* қызыл ала шыт сатып әкелді (С. Омаров). Ұзындығы жүз елу *метр* лава айдаймыз (Ә. Әбішев).

**Арыз, шағым.** *Біреудің үстінен айтылған наразы хат.* Әзімхан сот мекемесіне барып, Шәкір мен Қапанның қылықтарын айтып, *арыз* бермек болады (С. Сейфуллин). Қанабай мұнысымен тынбай, ұлыққа «аулымды шапты» деп Мәдидің үстінен *шағым* береді (Ә. Бектасов).

**Арыздану, шағымдану, шағыну, шағу сөйл.** *Туісті орындарға, жетекшілерге қандай да бір мәселе жайында арыз айтып, шағым түсіру.* Енді жоғарғы орындарға да хабарласып, *арызданатынды* шығарды («Қаз. әдеб.»). Ол «Правда», «Известия», «Труд» газеттеріне бірнеше рет *шағымданды*. Ол сонда енді кімге *шағынбақшы* («Соң. Қаз.»). Абайға ашуланып, ренжіп барса, алдымен әкесіне *шағады* (М. Әуезов).

**Арыздасу, қағаздасу.** *Наразылық білдіріп, бірінің үстінен бірі шағым айту.* Араздасып болдық, *арыздасып* шықтық. Енді тұяқ серішесек елдігіміз, ерлігіміз қайсы (Б. Аманшин). Түкке тұрмайтын нәрсеге бола көршілер бірінің үстінен бірі жазып, өзара *қағаздасып* жатыр («Алматы ақшамы»).

**Арызқор, арызқой, арызшыл, арызкеш, шағымпаз, шағымқор, шағымшыл.** *Арыз жазғыш, шағым айтқыш, пәлеқор.* *Арызқорлар* да алысарда, бұққанда, күле кіріп, күңіресе шыққанда, ұялған ба, әлде айыбын ұққан ба? (Қ. Тоғызақов). Жалған *арызқойды* жазалау осы отырған үш полковниктің қолынан келер деймін (К. Тоқасв). *Арызшылар* мен әкімнің арасында үлкен дау туды (Х. Есенжанов). Қайда көрсең кінәмшіл, Исабай тым шыдамсыз. Ашулапшақ, *арызкеш*. Мінезі бар ұнамсыз (Ш. Смаханұлы). Арамызда әлі де кездесетін пәлеқор *шағымпаздарды* ақын уытты күлкімен буады («Қаз. әдеб.»). Өзге *шағымқор*, шенқұмар, паракор, атқа мінерлердің ешнәрсені шеше алмайтынын көреді (М. Әуезов). *Шағымшыл* шаия жорғалар, Іздегені жанжалдау, Түк сайын өсек сорғалар, Оған жүрттың бәрі жау (А. Токмағамбетов).

**Арық, қатпа, ашаң, жүдеу, жадау, қоңсыз, жарғақ.** *Семіз емес, еті қашқан, азған.* Қыстан *арық* шыққан немесе ауырған қойдың жүні қашаңда ажарсыз келеді (М. Ермеков). Атымбаев – бойы кішірек, қол-аяғы тарамыс, нәзік *қатпа* қара жігіт (Б. Соқпақбаев). Жақыптың *ашаң* сіріңке қара жүзі қызыл күрең тартқан (Ғ. Мұстафин). Нүрке алдында тұрған *жүдеу* шалды шырамығқандай қараі берді (І. Есенберлин). Жазғытұрғы әрі буаз, әрі *жадау* қойлар тізеден су кешіп, әрең жылжып келеді (Ғ. Мүсірепов). Егер ат арық, *қоңсыз* болса, оны тойындырып, күйіне келтіру, яғни «қайта

қайыру» қиын (Ғ. Нұрпейісов). Сыр бойын қыстап, Сартам жазығын жайлап жүрген *жарғақ* шалдың жалғыз қызы еді (Д. Досжанов).

**Арық, қарық.** *Суландыру жүйесіндегі шағын су жолы.* Көше бойы тартылған *арық*, арықты қуалай сылдырап су ағып жатыр (К. Әміров). *Қарық* – егін арасындағы кішкене арық («Ана тілі»).

**Арықша, ашаң, арықтау, ашаңдау, қатпалау.** *Аздап арық, ашаңырақ.* Ұзынша кең бөлменің төрінде әлде бір қағазға үңіліп отырған *арықша* келген сары кісіге көзі түсті (С. Алдабергенов). Жақыптың *ашаң*, сіріңке қара жүзі қызыл-күрең тартқан (Ғ. Мұстафин). Бұл – орта бойлы *арықтау* тарамыс денелі, жатаған келген ат жақты сары сұр кісі (І. Есенберлин). Жасы жиырма бес шамасындағы ұзын бойлы *ашаңдау* жігіт екен (С. Шаймерденов). Бұл – бойы кішірек, қол-аяғы тарамыс, *қатпалау* қара жігіт (Б. Соқпақбаев).

**Арынды, арындауық, арыншыл.** *Арыны қушті, тегеурінді.* Күздің кара суығы терістіктен соққан *арынды* желдің екпінімен күшейе түсіп, сүйектен өтіп кеткендей дірдек қақтырады (А. Байтанаев). Егер тізгін қоңыр Қожаға берілсе, *арындауық* аттай шалқасынан түсіп жатып алады (С. Мұқанов). Еркектік басыңмен қыз сөзін айтып. *Арыншыл* көргенім жоқ сендей жанды («Бозінген»).

**Арырақ, арағырақ.** *Әрі таман, әрі қарай.* Ол Шалғымбай сөзіне тіке жауап қайырмай, сөзге ынталанып отырған жігіттердің сыңайын сезген соң, әңгімені *арырақ* қозғады (І. Жансүгіров). Жетпіс келсең, сексен түр *арағырақ*. Барсаң тұсау салады тарағырақ («Алдаспан»).

**Арыстай, атандай.** *Ортан қолдай, бір деген.* Сақылдаған сары аязда *арыстай* бес еркек бес бәйтерегімізді көзімізше өлімге шығарып салып, құр сұлдеріміз ғана үйге оралдық (О. Бөкеев). Оның әйелі Ырысжан дені сау *атандай* азамат өз күйеуінің жөнсіз қасарысқапына наразы (Ә. Көшімов).

**Арыстан, қаншыр.** *Мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш аң.* Бір-біріне сынай караған кәрі *арыстан* мен жас жолбарыс біраз уақыт үнсіз қалды (С. Досанов). *Қаншыр* деген де арыстан, ол – арыстанның ұрғашысы, – деді Ақан (С. Жүнісов).

**Ас, тамақ, тағам, дәм, ауқат, ас-су, ішіп-жем, шайнама, тістеме.** *Адам баласының күнделікті ішіп-жейтін қоректік заты. Мұндағы «ауқат» деген сөз көбінесе сөйлеу тілінде айтылады. «Шайнама», «тістеме» дегендер қарапайым сөз. Ас – адамның арқауы (Мақал).* Келгендерге апам *тамақ* асып, шай беріп жатыр (Ә. Жылқышиев). Алдымызға неше түрлі *тағамдар* әкеліп қойды (І. Омаров). Стол үсті *дәмге* толы екен: құрт, ірімшік, сыр, май, күлше нан, жұмыртқалар (Ғ. Сланов). Науқасқа шалдыққан адам үшін күріштен істелген *ауқат* өте пайдалы (Ы. Жақаев). Жеңгелері қонақ күтіп, *ас-су* дайындап тыным таппайды («Ел аузынан»). Үй иесінің дәулеті, *ішіп-жемі* тақтұқ қана жетіп отыратын («Қаз. әдеб.»). *Шайнама* тамаққа тісі жоқ, қызыл иек қарт тек шаймен күн көреді (О. Бөкеев). Ішіп болысыммен жапа-жармағай *тістемеге* бас қойды (Н. Қазыбеков).

**Асаба, тамада, дәмата.** *Дастарқан басшысы, той ағасы. Асабасы жоқ асқа жарымас (Мақал). Үстел басындағы мәжіліс ағасы – тамада Сәбит көңілді, жарқын тілектестік сөзін сөйлеп тұр (М. Әуезов). Тойды дәмата ашып беріп, мерейтой иелеріне қошемет сөзін айтты («Беташар»).*

**Асадал, буфет кітаб.** *Ыдыс-аяқ, түрлі тағам сақтайтын биік кебеже, шкаф. Асадал бірнеше бөлікті, суырмалы, ашпалы болады да, ішіне тағам, ыдыс-аяқ қояды (С. Қасиманов). Сақыш буфеттің ішінен қағазбен тығындалған бір бөтелкені алып стол үстіне қойды (М. Дүйсенов).*

**Асар, үме, момыш көне.** *Біреудің науқандық қауырт жұмысына ел-жұрттың беретін көмегі, жәрдемі. Колхозшылар жана үй тұрғызу үшін ертеден келе жатқан «асар» әдетін жиі қолданып, бір-біріне комек көрсетеді (Х. Арғынбаев). Шепе маңайдағы елді үмеге шақырып, сауын айтады (С. Мұқанов). Ерте заманнан бері жылу, үме немесе момыш сияқты әдет-ғұрыптар міндеттеме хұқығына жатып келген («Халық мұғ.»).*

**Асау, қарпу, обу.** *Ауызды толтырып, қомағайлана тамақ жеу. Мамай сөздің ара-арасында тұздықталған еттен асап жатыр да Арай дәм сызған жоқ (Ш. Мұртазаев). Сол күні Байдәулет мүлде өзгеріп, тамақты қандай қарпып жеді (Қ. Исабаев). Арлан аузын арандай ашып, бірер рет қар обьп алды (Қ. Әжікеев).*

**Асау, шөлкес.** *Бас білгі емес, мініске төселмеген жылқы туралы. Қашаған ұстау, асау мал үйрету, әркімнің қолынан келе бермейді (Ғ. Мұстафин). Амантайдың мінген атының мінезі шөлкес еді және түйеден үркетін еді (С. Мұқанов).*

**Асқазан, ұлтабар, құрсақ, қарын.** *Адам мен жан-жануардың ас қорыту мүшелері. Асқазандары ауырып, тамақты нашар ішіп жүрген адамдар тиісті дәрілерді тамақ алдынан ішуі керек (С. Сұбханбердин). Ұлтабарда өт пен ас қосылып, майлы астың құрамдары ажыратылады (А. Даиров). Құрсақ қуысын көмкерген көк шандырдың қабынуы ірі қара мал жылқыда жиі кездеседі (Ғ. Әбішев). Жылқының қарны үлкен емес, бірден көп азық жей алмайды (А. Сыздықов).*

**Асқар, заңғар, зәулім, зеңгір, асқаралы, сенгір, асқақ.** *Аспаппен тілдескен биік. Қазақ табиғаты асқар Алатаусыз, көркем Көкшетаусыз қандай әрсіз болса, Абайсыз не Мұхтарсыз қазақ әдебиеті де сондай мәнсіз көрінер еді (М. Әлімбаев). Ақ мұнар ішінде Баянауылдың заңғар тау шыңдары «біз мұңдалап» тұрғандай (Д. Әбілев). Кеңгірдің биігіндегі Дархан тұрғызған зәулім күмбездің жанынан асығыс зымыраған поездар өтіп жатыр (О. Бөкеев). Төбесі бұлтпен таласқан мәңгі қар жамылған зеңгір күз басындағы қыран ұясын көргенін әңгімелейді (С. Қирабаев). Әбекең Алатау табиғатын, тұлғасын асқаралы Алтаймен салыстыра қарайтын секілді («Достық нұры»). Олар кейде биік шоқы болып, кейде қызық бітімді жартастары бар сенгір боп көрінеді (М. Әуезов). Алатау асқақ алып, сұлу керім, Ақ торғын сілкіп тастап бұлт желегін (З. Қалауова).*

**Асқыну, өршу.** *Бір пәрсенің еселеп дамуы, күшеюі.* Ауруды өз уақытында емдемесе, ол одан әрі *асқынып*, созылмалы түрге айналып кетеді (М. Қайрақбаев).

**Аспан, көк, әуе, шарық.** *Жоғарыдан жерге қарай құмбез сияқты көмкеріліп көрінетін атмосфералық кеңістік.* Сұр бұлт, түсі суық қаптайды *аспан*. Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан (Абай). Дауысы *көкке* жетіп, аспан жарған, Естілік әуезінде бір түн біз де (Жамбыл). Таңертеңгі тұнық *әуеде* биікке шығып алып, қалықтап бозторғай шырылдайды (Б. Соқпақбаев). Қанаттарын қағып, биік *шарыққа* көтерілді бозторғай (С. Талжанов).

**Аспандау, әуелеу, шарықтау, шырқау, самғау, асқарлау, кергу қарап.** *Аспан әлеміне көтеріліп ұшу, шарлау.* *Аспандап* алыс кеткен небір мықты, не қылсын томен қарап жерді ұмытты (Қ. Аманжолов). Ақша бұлтты қанатымен сүйкей *әуелеп* ұшқан тырнарлар тізбегіне қалала қарап, ауыр ойға шомып, күрсінді (З. Жәкенов). Бүркіт бұлардың төбелерін торлай ұшып, аспанда *шарықтап* самғап жүр (С. Мұқанов). Тордан босаған торғай *шырқай* ұшып аспанға шықты (Б. Баязитов). Қыран құс көзі көріп *самғағанда*, төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп, қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға (Абай). Алдына алып аспанды, *Асқарлап* бір шығасың, су жүректі сасқанды бір иіріп жығасың (Қ. Мырзалиев). Балапан құстай ондалып, қанатыңды қомданып, ұш көңілім, көкке *кергі* енді (Жамбыл).

**Аспансыз, құралсыз, саймансыз.** *Аспабы жоқ, тиісті құрал-сайманы жоқ.* *Аспансыз* көзге көрінбейтін жәндіктерді айыру қиынға соғады («Зоология»). ... *құралсыз* қолмен су ішкен, қаңбақты қара көл екен («Дастандар»). Құрылыс жұмысына керекті *саймансыз* кешелі бері жұмысты бастай алмай отырмыз, – деді инженер («Жас Алаш»).

**Ассалаумағалейкүм, салаумалейкүм, уағалайкүмассалам, әлейкүмассалам.** *Ер адамның амандық сұрасуы, сәлемдесуі.* *Ассалаумағалейкүм*, нар Кемпірбай, науқасқа шипа берсін патша құдай («Ақын жырлары»). Омарсың ғой сен? *Салаумалейкүм!* – деді жүргінші сұрлана түсіп (Б. Майлин). *Уағалайкүмассалам*, Болыс, мал-жап аман ба? Мынадайға кез болдың Аума-төкпе заманда (Абай). «Ассалаумағалейкүм» деген әдепті балаға ұзын бойлы кісі қызықтап, «*Әлейкүмассалам*» деп, сүйсінген ықыласын көрсетті (С. Бегалин).

**Астамшылық, астамдық, асылық, күпірлік.** *Қол жеткен табысқа, жетістікке мастанушылық, дандайсушылық.* Шынтас аға, дұрысын айтайық, саған соңғы кезде *астамшылық* пайда болды, білдің бе? (Т. Ахтанов). Өз ырысын өз қолымен төккісі келген біреу болмаса, итке қол көтерудің нан басқандай *астамдық* боларынан бейіхабар (А. Сүлейменов). Пар аттағылардың қазақ өдетінде жоқ бұл *асылығы* көңліне дық болып тиген Жаналы қасындағыларға қарауға ұялды (Б. Аманшин). Қазірет бастаған діншілдер тобы Сырбайға *күпірлік* еттің дегендей үрке қарап қалысқан (М. Әуезов).

**Астан-кестен, әптер-тәптер, ойран-ботқа, әлем-тапырық, ұйқы-түйкі, ұйпа-тұйпа, ойран-асыр, ойран-топыр, әлейім-тәлейім, бұлан-талап, ойпаң-тойпаң, ойпыл-тойпыл, ала-топалаң қарап.** *Асты-үстіне келген, шашылып быт-шыты шыққан.* Ол үйіне енгігіп кіріп, босағада аң-таң боп мүдіріп қалды, үй іші *астан-кестен* (Қ. Исабаев). Үйде лампы құлап, ыдыс қирап, қымыз төгіліп *әптер-тәптері* шықты (І. Жансүгіров). Дүние кенет дуылдап, қуырдақ болмақ емес *ойран-ботқа* (М. Рашев). Барақтардың асты-үстіне шығып, *әлем-тапырық* болып жатыр екен (Қ. Исабаев). Оспанның жылып берер алдында Құнанбай аулын осындай бір үлкен қақтығыс *ұйқы-түйкі* еткен еді (М. Әуезов). Етегі киімінің өрім-өрім, Қолдары тікен тілген тілім-тілім, Тарқатылған қолаң шаш *ұйпа-тұйпа*, Сұры кеткен, әл біткен көрсең түрін (И. Байзақов). Ол дыбыс бермегесін жүгіріп сыртқа шықсам, дүниенің бәрі *ойран-асыр*, шашылып жатыр (С. Сейітхазин). Сол бетімен кескілескен *ойран-топырдың* арасына сүңгіп кетті (О. Сәрсенбаев). Жарасқұл есіме түсіп, ішім *әлейім-тәлейім* болып кетті (Ә. Табылдыев). Аз үйлі жатақ *бұлан-талап* бір жағына қарай сырылып кеткелі жатыр (Ғ. Мүсірепов). Олар бірінің соңынан бірі жүгіріп *ойпаң-тойпаң* боп жатқан жерге кетті (Р. Райымқұлов). Ғасырлар бойы күн жалап, жел мұжыған тақыр дала үстінде жойқын күштер *ойпыл-тойпыл* жағаласты (К. Оразалин). Мына сұйқыл ініңіз осылай есі кеткенше ішің барады да, үй ішін *ала-топалаң* қылады (З. Қабдолов).

**Астарсыз, жұмбақсыз, ашық.** *Жасырын ешнәрсесі жоқ, бұқпесі жоқ.* Қыз соңғы сөзін ешқандай *астарсыз* айта салған болатын (Қ. Исабаев). Исеке, не айтсаңыз да *жұмбақсыз*, әзіл-оспақсыз тура айтыңыз (М. Сүндетов). Иә, сырымды *ашық* айтам, ашып айтам, ештеңесін де қалдырмай, жасырмай, бүкпей айтам (Ө. Қанахин).

**Астылы-үстілі, қабат-қабат.** *Бірінің үстіне бірі салынған, бірнеше қабат.* Москваның батыс жағында біркелкі *астылы-үстілі* тас үйлерден құралған оқтай түзу әдемі көшелердің бұ шеті мен о шетіне көз жетпейді («Алғы шептегілер»). Түнмен қарауытқан *қабат-қабат* үйлер вокзал алаңын тарылтып, қоршап тұр (Қ. Исабаев).

**Асу, бел, қия, қырқа, үстірт, қырат.** *Таудың кісі өте алатын жолы бар жері.* Зарлық батыр тағы да бір биік тауға кез келді. Тауға қарай өрледі. *Асуын* таппай терледі («Батырлар жыры»). Жазагер Антонов, бір *бел* асып түсе бергенде-ақ ауылға барлауда жүрген қызыл әскерлер келді (Ғ. Мүсірепов). Жүз елу қадамдай жерде таудың бір *қиясында* жапсыра салған дәу үй тұр (Ғ. Мұстафин). Атқа қамшы басады, қол *қырқадан* асады. Бір тобенің шаңдағын Бір тобеге қосады (Н. Байғанин). *Үстірт* – теңіз деңгейінен орта есеппен екі жүз метрдей көтеріңкі биік жер, қырқа («Түсіндірме сөздік»). Шекпенінің етегін қағып-қағып жіберіп, *қырат* қойнауындағы қалың қойға көз жіберді (Ә. Нәбиев).

**Асу, озу, арғылу.** *Біреуден біреу ерекшеленіп алға шығу, көзге түсу.* Жасы кіші демей-ақ, ақылы *асса*, аға тұт (Мақал). Өз тобында қатарда

елден озған сұлу ед, пар келмеген өзіне пішін менен ісіне («Қамбар батыр»). Біреуден біреу *артылса*, Өнер өлшеніп тартылса, Оқыған білген – білген-ақ, Надан – надан-ақ сан қылса (Абай).

**Ас үй, қазандық.** *Тамақ пісіретін бөлме.* Шолпан *ас үйге* барып, дәу жез легенмен үйеме ақ жапа көтеріп, асшы әйелді ерте келді (Ғ. Мұстафин). Мен *қазандыққа* барып, газ пештің тетігін бұрап, тұтатып, су құйып, шәугімді қойдым (А. Лекерев).

**Асхана, шайхана.** *Шай-су, ас ішетін тамақтандыру орны.* Бала біреу кіріп, біреу шығып жатқан *асханадан* айналып шыға алмады (Қ. Әбдіқадіров). Сәскеде келіп *шайханада* отырғанымда ауылнай Әлібек жетіп келді (Б. Момышұлы).

**Асшы, аспаз, қазаншы, аспазшы, бақыршы жерг.** *Тағам пісіріп, ас дайындайтын адам.* Алтай түгілі өзіңнің Матайың да Әубәкірдің бірі *асшысы*, бірі атшысы, бірі қоңсысы, шабарманы болып кеткен жоқ па (Ғ. Мұстафин). Әрбір қазанның басында шолақ тонының сыртынан халат киіп алып, қолдарына шөміш ұстап, *аспаздар* жүр (Б. Момышұлы). *Қазаншы* матүшке ас үйде тамақ істеп жатыр екен (Ж. Аймауытов). Абай астыңғы үйдегі бапты *аспазшы* пісірген ыстық самсаны да жеген жоқ (М. Әуезов). *Бақыршы* қоста қалып, ас әзірлеу мен аңды сою істерін істейді (А. Сейдімбеков).

**Асығу, аптығу.** *Алып-ұшу, дегбірсіздену, тағатсыздану.* Мен құмарта түсемін, өмір, саған, *асығамын* көруге алдағымды («Жас қанат»). Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма? Бір бес күннің орны жоқ *аптығарға* (Абай).

**Асығыс, тығыз, тығыз-таяң, тығыл-таяң, қарбалас, қауырт, суыт, жау-жалам қарап.** *Кейінге қалдыруға болмайтын, соншалықты шұғыл, жедел.* Зеңбірек командирі *асығыс* адымдап, жотаға шығып, дереу дүрбісін алып, оңтүстікке көз тікті («Майдан»). Ермек ауылға барып келетін *тығыз* шаруам болып қалды деген соң, курс жетекшісі қарсылық білдірмеді (Ә. Қалмырзаев). Ол поезд келгенше баратын жері, бітіретін *тығызтаяң* шаруасы барын білдіреді (Ө. Қанахин). Іңір кезінде Мадияр Шырынкүлдің үйіне кіріп еді, ол *тығылтаяң* шаруасымен мектепке кетіпті (С. Омаров). Бірақ бұлар *қарбалас* қимыл үстінде бір бүйірден төнген қатерді байқаған жоқ еді (Ә. Нұрпейісов). Мейрам келгелі завод өмірімен танысумен болса, кейінгі жұмада қызу жиын, *қауырт* жұмыстарға араласты (Ғ. Мұстафин). Ол *жәпелдемеде* күнде көріп жүрген Мараттың есімін тауып айта алмай тұр (М. Сатыбалдиев). Бұның да жүрісі *суыт*, асығыс (Ғ. Мұстафин). *Қарбалас, жау-жалам* сәттерде өз адамдарының да сойылдарының бір-біріне оқыс тиіп жатқаны да аз емес-ті (Қ. Оразалин).

**Асығыстық, қарбаластық.** *Уақыттың тығыз болушылығы, қауырттық, тығылтаяндық.* Балақай әкеңе менен сәлем айт, *асығыстықтан* үйіне соға алмай барам (Ғ. Мұстафин). Осындай қызу *қарбаластықпен* өліп-талып жүріп, ол ісін зорға бітірді (Қ. Исабаев).



**Асық, кеней, жабай.** *Жан-жануардың сирағы мен сан жілігін байланыстырып тұратын төрткіл топса сүйек.* Кіші бөлмелердің біріне барып, бір дорба *асықты* киіз үстіне төгіп салды әлгі бала (Т. Жармағамбетов). Алдымен әрқайсымыз екі-үш *кеней* тігіп, сақамызды иіреміз (М. Әуезов). Жабай – қорғасын құйылмаған салмақты асық, жай жақсы сақа (С. Қасиманов).

**Асықпау, жайбағыстау.** *Жылдамдатпау, баяу, асығып-аптықпау.* Аспалы құманда су толы екен, *асықпай* ұзақ жуынды (Ә.Нәбиев). Қалғанын тілмаш та асықпай *жайбағыстап*, түгел ұғындырып айтып шықты (М. Әуезов).

**Асып-сасып, асығып-үсігіп, абдырап-дабдырап, асығып-аптығып, апыл-ғұпыл, абың-күбің, қапыл-ғұпыл.** *Сасып-салбырап, жылдамдатып, қатты асығып.* Лиза *асып-сасып*, есіктің шынжырларын салдырлатып ашып жатыр (Б. Тілегенов). Сәндібала шайға қарамастан, *асығып-үсігіп* отарына қаша жөнелді (М. Дүзенов). Директор әлде біреуге әдетінше айғайлап қалды да, машинасының алдыңғы орнына *абдырап-дабдырап* отырып жатты (Қ. Ыдырысов). Рахиманы кездестіре алмай, *асығып-аптығып* үйге кіріп келсем, төрде Іздән әлкем отыр (Ә. Қалдыбаев). Ханзада газ плитасының үстінде тұрған кастрюльдегі күріш көжені жылытпастан *апыл-ғұпыл* ішті де, қайтып кетті (Н. Серәлиев). Емтиханға жарты сағат қана қалғанда әрең оянған ол ертемен-ақ *абың-күбің* күйге түскен («Қаз. әдеб.»). *Қапыл-ғұпыл* асығып жылы қанды сылпылдатып қылғып жатыр (С. Сейфуллин).

**Асып-тасу, асып-төгілу.** *Шарасынан асу, молдықты көтере алмау.* Жапардың балалары *асып-тасыған* дәулетті көршісінің үйіне қадам басып кіре алмаған (Р. Әутәліпов). Рас, бұларда *асып-төгіліп* жатқан еш нәрсе жоқ (Ж. Әбдірашев).

**Асырау, бағу, бағып-қағу.** *Тәрбиелеп өсіру, ішіндіріп-киіндіру, қамқор болу.* Мен қандай бақытты ана он балалы, *Асырау* қиын емес он баланы (А. Тоқмағамбетов). Әке-шешем жасымда мені асырады, *бақты*, адам қылды (Ы. Алтынсарин). Бәрінен де *бағып-қағғып*, рашатын көрмеген қиын екен (Д. Досжанов).

**Асыраусыз, бағусыз.** *Бағып-қағусыз, мәпелеп өсірмеген.* Жетім қалған, *асыраусыз* қалған балаларды жинап, балалар үйіне тапсырды («Қазақст. әйелд.»). Соңғы алған жесір әйел кетіп қалған соң балалары *бағусыз* қалыпты (Ж. Молдағалиев).

**Асыр-тасыр, асыр-тұсыр.** *Тасырлаған қимыл, қозғалыс.* Ауладағы *асыр-тасыр* ойнақ салып жүрген бүлдіршін бөбектерді бір емес, сан рет көрсем де, көңілім селт етпейді (Ө. Тұрманжанов). Осы кезде бір сыбыстар естіліп, бір сәт бөлме іші *асыр-тұсыр* бола қалды (Х. Рахимов).

**Ат, есім, ныспы, намы көне.** *Жаңа туған балаға қойылатын меншікті атау.* Сыр бойында туған соң, Сырбай қойды *атымды* (С. Мәуленов). Балқар елінің дарынды ұлы Қайсын Күлиевтің *есімі*

мен еңбегін кім білмейді (Р. Бердібаев). Өлсе өлген шығар қорқақтар, өлген бе батыр өмірде. Ерлердің *нысыйн* ұрпақтар сақтайды мәңгі көңілде (С. Әлімқұлов). Сізге мен көп *намынан* амандастым. Керекті кісі емессің жалғыз маған («Айтыс»).

**Ат, жылқы.** Тақ тұяқты ірі қара, төрт түлік малдың бірі. Тісін тісіңе тимесе – ас, Аяғың жерге тимесе – ат (Мақал). Ауру кісі күлкі сүймес, Ауыр жүкті жылқы сүймес (Мақал).

**Ата-ана, әке-шеше.** Баланы жарық дүниеге әкелуші, иесі. Балам закон білді деп, Қуапар ата-анасы. Ойында жоқ олардың Шарифатқа шаласы (Абай). Екі күннің бірінде әке-шешесін жылатып, қапшып кеткен қызды көресің (Б. Майлин).

**Атеке, атажан, аташым, ататай, атай.** Атаға еркелеп, атаны құрметтеп айтатын сөз. Атеке, мұндай қызықты бір кісі көргеннен көптің көргені жақсы емес пе, – деді Шоқан (С. Бегалин). Мен кеткесін, атажан, көрерсің құлдан қорлықты («Алпамыс»). Қас-қабағың мұнар түн, Айналайын, аташым (Ә. Дүйсенбиев). «Ататай, айтшы, айтшылап» Ырыс Қиякесінің алдына тығыла түсті (С. Бегалин). Әңгімелеп әжемізге кей кеште, атаймен де әзілдесіп күлетін (Қ. Жармағамбетов).

**Атақ, ат, даңқ, дабыл, дабыс, мерей, дәреже, мәртебе, лауазым, мансап, шен.** Еңбегімен, ерлігімен қол жеткен жетістік, абырой, бедел, қызмет. Атағы талай жерге оның жетті, жердің жүзін алуға талап етті (Абай). Ардақты атың шыққан қан майданда, атамас атағынды таңдай бар ма? (Жамбыл). Даңқыңды естуші едім бұдан бұрын, шешілмес бір көргенде сенің сырың (М. Хакімжанова). Есіттік Біржан деген дабылыңды, ала түр сойлескенше дамылыңды («Айтыс»). Құлагер айналайын шабысыңнан, Атағың елге шыққан дабысыңнан («Ақан сері»). Біздің елімізде еңбек – мерей, еңбек – байлық пен береке көзі (С. Ғабдуллин). Қажекең атқа да, даңққа да, дәрежеге де тек қана еңбек арқылы жеткен кісі (З. Қабдолов). Жаманның көңлі көкте, жерде басы, Алыс қой аңғарғанға екі арасы. Жақсының өзі кішік, ойы биік, бірдей ме екеуінің мәртебесі (Жамбыл). Байқаймын, жаңа лауазымыңа риза сияқтысың, бірақ менен жоғары отырғаныңның мәнін түсінбедім («Қожанасыр хикаялары»). Ханның басын хан алады, екі мансап бір жаққа сыймайды (Ш. Хұсайынов). Соғыс кезіндегі әскери адамдардың арақатынасы үлкенді-кішілі шенге тәуелді (Ж. Тілеков).

**Атаққұмар, атақшыл, даңққой, даңқшыл.** Атағын, даңқын шығаруға құмар. Мені атаққұмар деп ойлап қалмаңдар, мен ортақ игілікке бола ала шаңқын болып жүрмін, – деді Әбілсейіт («Қаз. әдб.»). Келе-келе жалғаншыл, атақшыл жандар ұлы мағынапы тар мағынаға бұрып кеткен (Ж. Жұмаханов). Даңққой, баққұмар, күншілдік сияқты жағымсыз қылықтармен күресу – тәрбие жұмысының міндеті («Семья тәрбиесі»). Барын тұрған даңқшыл соғысқұмар емес пе (Ж. Тілеков).

**Атақты, дақты, айтулы, әйгілі, көрнекті, мәшһүр, дырау, мақтаулы, дәріпті, дүр көне, әйгі сойл. Ецбегімен, ерлігімен елге танылған, бір деген, дәрежесі жоғары.** Бай мен батыр емен, хан емеспін, *Атақты* артық туған жан емеспін (Абай). Қаныш Имантайұлы – Қазақстандағы ірі өндірістердің құрылуына, дамуына белсене ат салысқан *дақты* ғалымдардың бірі (Қ. Жұмалиев). Бұлардың барлығы да осы қаланы өз қолдарымен орнатқан ардақты маман, *айтулы* майталмандар еді (С. Мәуленов). Менің атым – *әйгілі* Балуан Шолақ, Ерегескен дүшпанның көңілін басқан (Балуан Шолақ). Қасым сияқты аса *көрнекті* ақын мәдениетін творчестволық жолмен пайдалану керек (Е. Ысмайылов). Аты *мәшһүр* адамға еліңде тым Аударады назарың келім-кестім (Қ. Мырзалиев). Ағамыз соғысқа дейін бір облыстың *дырау* қызметкері болыпты (Қ. Сатыбалдин). Ауылының үлкенді-кішісі аузынан тастамайтын *мақтаулы* келін болып шықты ол («Қазақст. әйелд.»). *Дәріпті* жүйрік емен жарысқандай, топ ішінде аяғым кетсе тайып, жүйрікке қалды деген намыс қандай («Айтыс»). *Дүр* Шорман, жуан Шорман, шонжар Шорман атанып, Сарыарқаның байы болған (Ғ. Малдыбаев). Атағың сенің бүгінде біз ғана емес, бүкіл елге *әйгі* (С. Жиенбаев).

**Атақтылық, дақтылық.** *Атақты болушылық.* Сол кезде болған бір оқиға онсыз да әйгілі Мұқанды *атақтылықтың* биік тұғырына шығарды (М. Төнекеев). *Дақтылық* жағынан Шыңғысханға ұқсас Александр Македонскийдің өмір тарихына арналған шығарма жарық көрді («Жас Алаш»).

**Аталмыш, аталған.** *Жоғарыда аталып кеткен. Аталмыш* мақала жарық көрген заматында-ақ шет тілдеріне аударылып кете барған еді («Қаз. әдеб.»). Бұрын Торғай уезі *аталған* жердің өзіне Белгия сияқты бес мемлекет еркін сыяды екен (С. Мұқанов).

**Атамекен, Отан, ел, туған жер, атақоныс.** *Ата-бабадан ұрпаққа мирас болып қалған ежелгі құтты мекен, туған ел, өскен жер.* Сарыарқа сағындырдың *атамекен*, Сары дала анам едің құшағың кең (Қ. Аманжолов). Тудым, остім *Отан* үшін. Отанымды сүйе білем. Отан үшін – қуат күшім, Отан үшін күйе білем (М. Хакімжанова). Қуатым сенсің *ел* – ана. Құшағың жылы, лебің нұр. Қапан да саған мен бала. Қартайтпас сірә мені бұл (Ғ. Орманов). *Туған жерімнің* бусанған тошырағымен мен де көктем сайын нұрлана түскен сияқтымын (Б. Қожабеков). Туған анам сияқты Орманды *атақонысым*. Бала күнгі мекенім, Жоғалдың ба, әлде солмысың (Қ. Аманжолов).

**Атамирас, атамұра.** *Атадан балаға, баладан немереге қалдырылған ескерткіш.* Әбілден Нұрымға, Нұрымнан Мұрынға *атамирасындай* болып қалған «Қырымның қырық батыры» бұған толық дәлел (Қ. Жұмалиев). Сарыарқа жері байідікі, жер бітті ме келдейге. Дауласа келсеі бай зекін, *атамирам* демейі ме? (Б. Майлин).

**Атбегі, атпаз, атсейіс, сейіс** сөйл. *Ат сыншысы, атты баптап бәйгеге қосатын бапкер.* Қазақ *атбегілері* баптаған сайгүліктер алыс қашықтыққа төзімді, ал ипподром аттарының оз артықшылығы бар («Егеменді Қазақстан»). *Атпаз* көрген ат таныр, ұстаз көрген хат таныр (Мақал). Абай әрі шебер ақын болудың үстіне, аса білгір, саятшы, *атсейіс*, сыншы боп шығады (М. Әуезов). Бәйгеге шабатын аттарға шабандоз балаларды мінгізіп, *сейістерді* жетектеп қыдыртып жүр (Ә. Кекілбаев).

**Атжалман, аламан, алағоржын, егеуқұйрық.** *Ауылшаруашылығына қыруар зиян келтіретін жоны күрең, бүйірі қызғылт тышқан.* Таяқ тастам жерде бір *атжалман* топырақты бұрқылдатып қазып жатыр (Н. Қазыбеков). Қара желдің басы қара жыланға ұқсаса, құйынның құйрығы *аламанның* өзіне ұқсап кетеді (Т. Әлімқұлов). *Алағоржын* тышқан тұқымдасына жататын кеміргіш жануар (ҚСЭ). Су жағасында көгөніс және бау-бақша болса, *егеуқұйрық* оларды едәуір зақымдайды («Қазақстанның аң байлығы»).

**Атқару, өткеру, орындау.** *Белгілі бір жұмысты, міндетті, борышты істеп шығу, тындыру.* Ақын болумен қатар, ол асыл азамат, үлкен мемлекет қайраткері ретінде өз өмірінде орасан зор қоғамдық қызмет *атқарды* (С. Мәуленов). Әскерлік міндетті *өткеріп*, туған үй, өскен ортаға қайтқаннан артық қуаныш бар ма! (Т. Қойшыманов). Лаулаған отқа енсең сен, *орындап* қайтсаң міндетті, өзің тірі келсең сен, Олжаға баттың, нең кетті (Қ. Аманжолов).

**Атқылау, атқақтау.** *Сыртқа шапшыт, саулап ағу.* Анау іргежалдан *атқылап* жатқан мөлдір су осы жердің астындағы дарияның кішкене қайнары (С. Бақбергенов). Сокқыма шыдамай, ат үстінен ұшып түсіп, аузынан қан *атқақтап* жатқанда жігіттері тайсақтап жалт бұрылды (Ұ. Доспанбетов).

**Ат-сайман, қамыт-сайман, қамыт-доға.** *Арба-шанаға ат жегу үшін пайдаланылатын жабдықтар.* Елден қашқан-құсқан жігіттер *ат-сайманын* бет-бетімен лақтырып тастап кетіпті (З. Шашкин). Әдемі шана мен *қамыт-саймандары* сықырлай түсіп, жегулі дара аттар, пар-пар аттар да көрінеді (М. Әуезов). Ер-тұрман, *қамыт-доға* құралдары магазиндерде үнемі бола бермейді (Ж. Ертілесов).

**Аттану, жөнелу, жөнеу, шерулеу.** *Бір жаққа бет алып жолға шығу, жол жүру.* Он шақты кісі жолдас ертіп, Абай Қарамолаға *аттанбақ* (М. Әуезов). Ол майдан штабына *жөнелгелі* тұрған бір машинаға отырып, жүріп кетті (Ж. Тілеков). Әкімдер *жөнеп* кеткеннен кейін араға бір апта салып, Раушанның үйіне барған едім (Ә. Сәрсенбаев). Қасқа мен жайсандар күймелі солқылдақ арбаларына мініп, жиын болатын тұсқа *шерулей* жөнелді (А. Сатаев).

**Аттас, есімдес, адас көне.** *Бір есіммен аталатын.* Сенің де жарын болса Ләйлі *аттас*, қайғылы сорлы болсаң өзім заттас (Шөкәрім). Ойына өзімен *есімдес* тағы бір жас Ибрагимнің шығыстың жеті

жұлдызына снышып, шабыт шақырған өлеңі түсті (Ж. Молдағалиев). Олған баламмен *адас* екенсің, карағым, – ден, кеудесін кере ауыр күрсінді әйел (С. Омаров).

**Атты, есімді, ныспылы.** *Аты бар, есім қойылған.* Зейнұрдың бұрынғы күйеуінен Назгүл *атты* қызы бар (Ә. Әбішев). Әйел іздеген Әлен Алқабайдың Күләнда *есімді* қызына сөз салады (Ә. Бектенов). Аулымызда Тоқмолда *ныспылы* мұғалім бар (Б. Соқпақбаев).

**Атшы, атқосшы, көшір, жәмшік кітаб.** *Біреудің жаньна ілесіп жүріп, оның атып бағушы, делбе ұстаушы.* Рахимов шаршаған болу керек, сылқ етіп отыра кетті де, менің *атшыма* тамақ әкеліп беруге бұйырды (Б. Момышұлы). *Атқосшы* жігіт қалыңдық пен күйеуге бұрылып, жымысып бір қарап қойды да, аттарының делбесін қаға түсті (Н. Ғабдуллин). Оқас дейтін *көшірі* бар еді, о да мен сияқты әумесерлеу жігіт болатын (Б. Майлин.). *Жәмшіктер* де, салт аттылар да біріне-бірі жымия қарасып, ара-арасында қалжың жарыстырып, жарысын келе жатыр еді (Р. Сейсенбаев).

**Атыз, жүйек.** *Егістікке су жіберу үшін қазылған арық. Атыз* дегеніміз барлық суаратын егіс танабының шахмат түрінде жасалған көрінісі десек те болады («Егемен Қазақстан»). *Жүйек* – егістіктегі су ағатындай етіп жасалған арықшалардың екі жақ жағасы (ҚСӘ).

**Ау, тор.** *Балық ұстайтын үлкен тор көз сүзгі.* Ол үш-төрт адам сыйғандай қайық тауып, балық аулайтын *ау* сатып алды (С. Шәріпов). Балықшы бейнетқор халық қой, бақыты теңіздің түбінде. Жимаиды *торын* ол Ақпанның қақаған күнінде (Т. Бердияров).

**Ау, иә, а, әу.** *Шақырғанда жауап ретінде айтылатын ишарат* сөз. Біреумен құрып отыр қатын кнесс, сөздерін алмашалап салып егес, *Ау* демес, шақырғандай қайда десең, Өзіңмен сөз сөйлейді болып теңдес («Ақан сері»). Сен *иә* десең болғаны, күні ертең не Арқаға, не Еділ жаққа өтіп кетеміз (С. Мыңжасарова). *А*, Қараке, сіз бе едіңіз, кешіріңіз, міне, бұйрығыңыз бұлжыған жоқ (Ә. Әбішев). Бірдеме ден тіл қатқан адамға «*әу*» деп бір қарайды да, оқи береді («Ол күндер»).

**Ауа, әуе.** *Сыртқы ортаның тіршілікке аса қажетті мәнді бөлшегі, тыныс алу үшін керекті тұссіз, иіссіз зат.* Күнделікті тыныс алатын *ауамыз* негізінде оттегі мен азоттан тұрады (Е. Оразақов). Тымырсық аяздағы тымық *әуені* сіміре, Жақын күндегі әдетімен колхоз ауылын аралап келсді (Ғ. Мұстафин).

**Аударма, тәржіме, қотарма сөйл.** *Бір тілден екінші тілге аударылған шығарма.* Уәй мырза қазақ мақалының *аудармасын* естіп, сәл ойлашып қалды да сөз төркінін түсінгендей күліп жіберді (Ә. Шәріпов). Бұл өлең сол жылдың майында қазақтың белгілі ақыны Сырбай Мәуленовтың *тәржімесімен* «Қазақстан әйелдерінде» басылды (Ә. Мендібаев). Әртүрлі жүйеге жататын тілдерден *қотарма* жасаудың өзіңдік қиындығы бар («Қазақст. мұғ.»).

**Аудармалау, аударыстыру.** *Асты-үстіне келтіріп, аударып-төңкеру.* Өмірде жан көрмеген нәрседей, *аудармалап* қарай бастады («Мәдениет және тұрмыс»). Ол бар жұмысты сонымен тындырғандай, алдында жатқан қағаздарды *аударыстырып* кетті (З. Шүкіров).

**Аудармашы, тәржімеші.** *Бір тілден екінші тілге аудару ісімен шұғылданушы маман.* *Аудармашы* білімді, екі тілді де еркін білетін, жазу-сызуға ебі бар адам болуға тиіс («Қаз. әдеб.»). Сен неміс бөлімдерінде *тәржімеші* болып жүрген Павел Соломонович Михайловты білесің бе? (Ә. Шәріпов).

**Аудару, тәржімелеу, қотару** *сөйл.* *Бір тілдегі сөздерді не жазылған шығарманы екінші тілмен сөзбе-сөз жеткізу.* Ыбырай қазақ тіліне тұңғыш рет орыс классиктерінен Крыловты *аударарды* (М. Ақынжанов). Халифа Алтай «Құранды» араб тілінен қазақ тіліне тура *тәржімелеп* шығыпты («Лен. жас»). Қарт мерзімді уақыт таусылғанша өзімде барды түгел *қотарып* үлгермеймін бе деп асыққан (М. Мағауин).

**Аудару, қопару, қотару, төңкеру.** *Бір нәрсенің астын үстіне шығару.* Сансызбайдың атқан жебесі Қоренді құлатып, одан өтіп, үй орнындай бір төбені *аударып* тастайды (М. Әуезов). Тың жерлерді *қопарып*, тракторды жүргізген, әділдікті айталық, Артар екен кім бізден (С. Мұқанов). Үлкен тегенеге *қотарып* алған қымызды ақ бөйбіше құлаштап сапырып, сырлы аяқтарға құя бастады (З. Ақышев). Ескі өмірді *төңкеріп*, шығарды астын үстіне, кім сүйсінбес, дәл мұндай кереметті күштіге! (К. Аманжолов).

**Ауқатсыз, әлсіз, дәулетсіз.** *Тұрмыс жағдайы нашар, әл-ауқаты төмен, кедей.* Көпейдің төркінінің *әлсіз, ауқатсыз* екендігіне соқтығып, соны тілге тиек етті (Ғ. Мүсірепов). Дәмежандар әлі де қаланың *әлсіз* ғана тұрғын кедейінің бірі (М. Әуезов). Тегі баянауылдық, *дәулетсіз* атадан, әкесі атақты шебер ерші әрі етікші (Д. Әбілев).

**Ауқатты, дәулетті, бай, тұрмысты, жағдайлы, қорабалы, әлді, қуатты, күйлі, қонды, шаруалы, бардам жерг., қотты көне, бақуатты** *сөйл., байшыкеш сөйл.* *Ішін-жемі мол, мал-мүлкі жеткілікті. Ішкені алдында, ішпегені артында.* Ауылдағы ең бір *ауқатты*, күйлі тұратын семья – ауылдық кеңестің төрағасы Батырханның үйі (Б. Соқпақбаев). Бұл ауыл уезд кол астындағы ең *дәулетті* адам Дабылбайдың ауылы еді (Х. Есенжанов). Шығыс Түркістандағы қызай аталатын руды Жүсіп деген *бай* билейді (Х. Сүйіншалиев). Ауылдағы *тұрмысты* ағайындарымен сөйлесіп, елдің жалпы жағдайымен танысты («Заман Қазақстан»). Мені өзімен жақын аралас *жағдайлы* отбасының үйіне түсірді («Жас Алаш»). Жаңабек сияқты алды-арты тып-типыл адамға өсіп-өнген, *қорабалы* жермен құдандалы болған жақсы еді (Б. Тоғысбаев). Абайдан енші алып, еліне қайтқан палуан бұл күндері Мамай руының ішіндегі *әлділердің* қатарына қосылып қалған-ды (К. Оразалин). Қыз

әкесі *қуатты* тұрады екен. Бір өзінде 2-3 жылқы, 4-5 сиыр, бірнеше қой бар болып шықты («Қаз. әдеб.»). Естайдың бақытына бір ағасы *күйлі* болып, Естай жас басынан соның қолында болады (А. Жұбанов). Ол өзі мұнда кейін келген, осылардың ішіндегі ең *қоңдысы* болатын (Т. Ахтанов). Өзіме-өзім тоқ *шаруалы* жігітпін (С. Мұқанов). Әсіресе, Марданды бауырына тартқан Садық атты бір *бардам* ағайыны еді (І. Жансүгіров). Бұрынғыдай емес, ауылдағылар *қотты* тұрады, үй басы бір-бір машина («Арқа сібеккерлері»). *Бақуатты* мол дастарқаннан дәмді тамақ ішіп, жүрек жалғау өз алдына (Қ. Жұмаділов). Есіктен қажыға сәлем бере, елдің жайын айта келген бірнеше *байшыкеш* мырзалар келіп кірді (Е. Бекенов).

**Аула, долан.** *Үй айналасындағы, құрылыс төңірегіндегі қоршалған жер.* Әр үйдің алдындағы *аулаларда*, Малынған қызыл гүлге бақшабақша (Т. Жароков). *Долан* – айналасы шарбақпен қоршалған аула («Ана тілі»).

**Аунау, домалау.** *Біресе олай, біресе бұлай аударылып тұсу.* Қайғырып, Арзыны ойлап, шашы ағарып. Түн болса ұйқы көрмей шығады *аунап* (Ғ. Малдыбаев). Со бойы лақтырып кеп жібергенде, Әріп төртбес *домалап* барып, жан дәрмен тұра қашты (Қ. Жойқынбаев).

**Ауру, сырқат, науқас, кесел, індет, дерт, дімкәс.** *Организмнің физиологиялық әрекеті мен құрылысының бұзылуы, өсіп-өну қабілетінің зақымдануы.* *Аурудың* жеңіл не ауыр өтуі де нерв жүйесіне тығыз байланысты (М. Қайрақбаев). 1945 жылдың көктемінде кенеттен кездескен *сырқаттан* жазушы қайтыс болады (С. Мұқанов). Қасым Аманжолов бұл кезде қатты хал үстінде, төсекте ауыр *науқас* күйінде жатыр еді (Ғ. Қайырбеков). Ғани сол жылы Москваға кетті. Бірақ жабысқан *кесел* қыр соңынан қалмады (Ш. Өтепов). Алдыңғылар да, мына соңғылар да бір белгісіз *індеттен* өлді (Қ. Бектұрғанов). Қымыз адам ағзасын нығайтып, күш-қуат беретіндіктен қазақтар оны *дертке* шипа ретінде ұрпақтан-ұрпаққа пайдаланып келеді («Қымыз бен шұбат»). Қызуы денесінің түсті ме деп, Дәрігер тұр *дімкәстің* кеп алдында (М. Рашев).

**Аурулы, сырқатты, сырқаулы, науқасты, кеселді, індетті, дертті, дімкәсті.** *Денсаулығы бұзылған, ауруы бар.* *Аурулы* болып, құрсақ көтере алмаған әйелі жақында кенеттен жүрек ауруынан дүние салды (А. Байтанаев). Данияр *сырқатты* болып, ауыл мектебінен дер кезінде оқи алмаған (С. Омаров). Жасы болса алпысты алқымдаған Асыл соңғы кезде *сырқаулы* боп алды (Е. Мырзахметов). Жасында көп жыл *науқасты* болып жатып қалдым (А. Тоқмағамбетов). Бұл ауруды *кеселді* мал немесе паразиттер тасығыштар таратады (С. Сыбанбаев). Бұрын шешек адам баласына келген нағыз *індетті* ауру болатын («Семья тәрбиесі»). Қыста суық, жазда күн жеп, көп

жігіт *дертті* болды (І. Жансүгіров). Шал болса *дімкәсті*, ауырып үйде жатыр (Д. Исабеков).

**Аурусыз, дертсіз, кеселсіз.** *Ауруы жоқ, сырқаттан сау.* Екі арыстан жабылса, дәуді өлтірер, Ажал жетсе, *аурусыз* сауды өлтірер («Алдаспан»). Қай ата-ана өз ұрпағының *дертсіз, кеселсіз* дені сау болып өсуін армандамайды («Қазақст. әйелд.»).

**Аурухана, госпиталь.** *Ауру адам жатып емделетін орын. Ауруханаға* әйеліне тамақ апаратын уақыты боп қалып, Қати аяқ асты асықты (М. Сүндетов). Отан соғысының ардагер ветерандары қаладағы *госпитальға* жатып емделіп шығады («Лен. жас»).

**Аурушаң, науқасшаң, сырқатшаң.** *Көп ауыра беретін, ауыра бергіш.* Балаларымыздың *аурушаң* болып өсуіне кінәлы өздеріңіз демеп пе едіңіз (Б. Соқпақбаев). Әкесі мен шешесі бірдей *науқасшаң* болғандықтан, соларға қарайлап Бейсен институтқа да үйленіп алған соң түсті («Қазақст. әйелд.»). Шешем *сырқатшаң*, өзім көмектеспем болмайды, – деді Кәмшат («Алматы ақшамы»).

**Аушы, кермеше.** *Ау құрып балық аулаушы.* Бисенбі *аушы* болғаннан гөрі маман болғанды қалайды (М. Неталиев). Балықшылар үлкен *кермешемен* шағын көлді екінші қайтара тағы сүзіп келеді (Т. Ахтанов).

**Ауызба-ауыз, бетпе-бет, жүзбе-жүз, көзбе-көз.** *Сырттай емес, тікелей, бірме-бір.* Сырттан көрген, көрген бола ма, *ауызба-ауыз* сөйлеспеген соң (Б. Майлин). Жүрмеймін сырттай жауласып, *бетпе-бет* келіп тура айтам (Қ. Мүсірепов). Бұрын да естігенім бар, *жүзбе-жүз* танысқан соң осы мығым да мол соғылған жігітке тіпті ғашық болғандаймын (С. Хайдаров). Олармен *көзбе-көз* әңгімелесуге екінің бірінің сәті түсе қойған жоқ (М. Жұмағұлов).

**Ауызбастырық, берім, алым, пара.** *Өз мүддесі үшін біреуге жасырын түрінде берілетін ақы.* Сорлы басым, тағы бір сондайға кездесіп, *ауызбастырық* беріп әрең құтылдым (Ө. Қанахин). Ендігі жерде *беріммен* ғана аузын алып, жарамсақтанып ұстамақшы-ау (Ә. Нүрпейісов). Бай балалары майданға барудан не *алым* беріп құтылып жатыр, не орнына біреуді жалдап жіберіп жатыр («Абзал жан-дар»). Ғалия сотты *параға* көндіргенше, біз Қоқыштың үйінде жаттық (С. Мұқанов).

**Ауызекі, ауызша.** *Жазба түрде емес, сөз жүзінде.* Сәкен аға жүріп өткен жерлердегі таңғажайып өзгерістің бәрін *ауызекі* айтып жеткізу қиын (А. Сатаев). Болған жайды *ауызша* да, жазбаша да колхоз председателіне хабарламақшы (К. Оразалин).

**Ауыл, қыстақ, село.** *Шаруалардың бір жерге топтанып орналасқан елді мекені.* Соқпақ жолмен зымырап *ауылға*, ауылдан ауданға жеттік (Б. Соқпақбаев). Олардың қай *қыстақта* тұрғанын, қай ауылда өскенін білмейміз (Ш. Хұсайынов). Осы бір ұзақ жолда оқатекте кездескен *село*, ауыл маңы да жайқалып тұр (Р. Райымқұлов).



**Ауыр, сом, батпан, зіл, зілмауыр, зілбатпан, салмақты, қорғасындай, зілдей, шомбал.** *Салмақты, ірі, кесек, зор.* Қойдың жүндес етті тұқымдарының жүні мол болуымен қатар, тірідей салмағы *ауыр* келеді (А. Елеманов). Ортада тұрған *сом* денелі жігіттің бір қолында қайла, екінші қолында тудың тұтқасы (Ә. Әбішев). Тоғай *сом* денесінің *батпан* салмағымен талдырмаш денемді майыстыра жаншып, орнынан көтерілген (Ә. Сәрсенбаев). Шана қисайғанда үстін басқан *зілі* жеңілдегендей болып еді (Қ. Жұмалиев). Зәли еңсені басқан *зілмауыр* жүкті лақтырып тастағандай орнынан жеңіл тұрды (А. Мекебаев). Бұлар *зілбатпан* бірдеңелерді арқалап, бастарына қойып әлдеқайда ағылып барады (Қ. Сатыбалдин). Маяны қозғалмастай етіп, *салмақты* сырықтармен бастырықтап тастады (Ж. Тілеков). Үстімді *қорғасындай* ауыр салмақ басып қалғандай, тұра алар емеспін («Қаз. әдеб.»). Әйелдің иығынан *зілдей* жүк кенет жерге түскендей, аяқ басуы жеңілденіп кетіп еді (Х. Есенжанов). Бұл талай рет бөйге алып жүретін *шомбал* *сом* денелі Батырбек деген палуан еді (Б. Соқпақбаев).

**Ауырғыш, дерттенгіш.** *Тез ауруға шалдыққыш.* Осылардың салдарынан қозы нәзік, нашар әрі жиі *ауырғыш* келеді («Шопан серігі»). Содан жүрекке тамыр жая бастайды, жүрек тез *дерттенгіш*, тез алқынғыш пендедей (Д. Досжанов).

**Ауырлық, салмақтылық.** *Ауыр болушылық, салмағы молдық.* Дененің *ауырлығы* дегеніміз – ол денені Жердің тарту күші (Х. Әбішіұлы). Лыпыл қағып Шынтеміров денесінің соншалық *салмақтылығына* қарамай, елпендеп ұшып кеткелі тұр (Б. Тілегенов).

**Ауырсыну, ауырықсыну.** *Ауырғанын сезіну.* Табанына шөгір кіргенде *ауырсынатын* қайран құлыным-ау, қайтіп қана шыдадың екен (М. Иманжанов). Ақымақ, аяғанды білмейді, – деді Әбдірахман ішін ұстап, *ауырықсынып* тұрып (Ғ. Мұстафин).

**Ауыртпалық, ауыртпашылық, ауырмалық, сабыт жерг. Көрген қиыншылық, азап, зардап.** Соғыс қазақ халқына да салмағын сала, *ауыртпалығын* арта келеді (С. Көбеев). Салықтың негізгі *ауыртпашылығы* еңбекшілердің мойнына түсті («Қазақ ССР тарихы»). Қара төре *ауырмалықтан* арылғандай, қып-қызыл болып, көзін күйқылжытып отыр (І. Жансүгіров). Содан кейін бар *сабытымды* мемлекет көтерді де, интернаттың тамағын ішіп, киімін кидім (С. Шаймерденов).

**Ауыру, сырқаттану, науқастану, дерттену, дімкәстану, кеселдену, бейтаптану жерг. Денсаулығы бұзылу, дертке шалдығу.** Көп *ауырып*, сартөсек болған ана басын зорға көтеріп, қасындағы мұнтаздай қара көз қызға мұңын айтып отыр (Ғ. Мұстафин). Жексембі күніне қараған кеште *сырқаттанып* қалған Торғайдың анасы баласын бригадирге жұмсады (Б. Баязитов). Тортай *науқастанып*, Абай алпыс жасында Жидебай алқабындағы өзінің туған аулында дүние салды

(М. Қаратаев). Осы кеселге дәру тауып, оның алдын алмаса, істің насырға шауып, *дерттеіп* кетерін сезгендей болды (Б. Дәулетбаев). Тамақта витаминнің жетіспеуінен адам ағзасының әлсіреп *дімкәс-тенуі* мүмкін («Денсаулық»). Бұл паразиттер мал организмі әлсіреген кезде олардың белгілі бір аурумен *кеселденуіне* себепші болады (Ғ. Әбішев). Сол Шәлдубек күндердің күнінде *бейтаптаным* қалып, ыңкыл-сыңқылы күшейіп, кәдімгідей төсек тартты (Т. Бердияров).

**Ауысу, жындану, алжасу.** *Ақылдан адасу, естен тану, есеңгіреу.* Шал, сен *ауысқан* шығарсың, менен Ақбілектің құнын сұрағалы келіп отырмысың? – деді Сұлтанғазы ызалапып (Ж. Молдағалиев). Біреу «мынау *жынданудан* сау ма өзі» деп, кеудеме түйіп жібергенде қатты жұдырықтың күшімен ғана есім кірді (С. Мұқанов). Қайыпқожаның әйелі *алжасып* жатыр ма деп үрейленіп, еріне тесіле қарай берді (Х. Есенжанов).

**Ауытқығыш, толқығыш.** *Ауытқи беретін, айнымалы, тұрақсыз.* Қыз жігітті қаншама сүйіп, үзіліп тұрса да, осындай жеме-жемге келгенде қатты *толқығыш, ауытқығыш* келеді (М. Дүйсеннов).

**Аша, адалбақан.** *Киім ілетін көп тармақты ағаш.* Төсектің бас жағындағы қайың *ашада* әкемнің жаңа киімдері ілулі тұр (А. Лекеров). *Адалбақан*, босаға дегендер неше түрлі киім, жылтыраған мүліктерге қайысып тұр (Ғ. Орманов).

**Аша, айыр.** *Екі не одан да көп тармаққа айырылып шыққан ағаш.* Зу-зу ұшқан оқтар кей-кейде жуан теректің *аша* бұтағына тиіп, үзіп түседі (Ә. Нұрпейісов). Көшпелі ауылдағы ауқатты үйлер жайлауға шыққанда ат байлайтын *айыр* бұтақты ашаларын ала келеді (С. Мұқанов).

**Ашаршылық, ашығушылық, аштық, жұтшылық.** *Ішіп-жемнің жетімсіздігінен болатын күйзеліс, жоқшылық.* Қасболат тағы да елге шығып, кешегі *ашаршылықта* ата-анасынан айырылған, туыстарын паналап жүрген жетім балаларды жинайды (Т. Ахтанов). Ол озбырлыққа, қорлыққа қарсы аштық жариялап, қашан осы түрмедеп босанғанша *ашығушылығын* тоқтатпайтынын жариялады (Ғ. Мүсірепов). *Аштық* жылы Орынбор маңындағы Ноғай Қарғалысына босып барған алыс жегжат, жақын жұрағатымыз бір ауыл екен (Б. Аманшин). Торғай губерниясына қараған ел *жұтшылыққа* ұшырап, біздің елден жәрдем жиналды (Ш. Айманов).

**Аш-жалаңаш, ашалаң.** *Тойым ас іштей, киімсіз, тамақсыз.* Жиырма бірінші жылы қатты күйзеліске ұшыраған *аш-жалаңаш* елмен бірге ар жаққа ауып кеттік (Ғ. Сланов). Арық жүріп семірдім, *Ашалаң* жүріп тойындым, Жарлы жүріп байыдым, Жалғыз жүріп көбейдім («Манас»).

**Ашкөздік, ашкөзділік, құзғындық.** *Қанағатсыздық, алымсақтық, тойымсыздық.* Поэмада әділдік пен жауыздықты шендестіріп, қанқұмарлық *ашкөздікті* әділдікке жеңдіреді (К. Жұмалиев). Әкемнің дәулетін басып қаламын деп, күйеу баланың ұмтылуы – *ашкөзділік* («Қызыл жалау»). Өнбес іске өкпе ғыш, Келмей қойма бұлттыңдан, Қолданып кетсе қулықты, *құзғындықпен* құтыңдан (І. Жансүгіров).

Ашқарақ, қомағай, тамақсау, оңаза, обыр, мешкей, жалмауыз, құзғыш, тойымсыз, жалмауық, жалмағыш, сұғанақ, обаған, асағыш. *Тамақ десе жанын салатын, араны ашылған. Ашқарақ* сопы дастарқан басына тезірек отырғысы кеп, іш дәреттің ырымын ғана істеді (Ә. Нұрпейісов). Солардың ішінде, мысалы, қасқырдың етіне жеріген әйелден ашушаң, *қомағай* бала туылады (С. Мұқанов). *Тамақсау* кемпір бұл үйдің дастарқандағысын сынырып соғып, алдағы асты жеңірін жіберуші еді (А. Нұрманов). Сұлтандар баяғы ата-бабаларындай жегені алдында, жемегені артында, сондай ашқарақ, *оңаза* (С. Бердіқұлов). Өмір бойы бүйірі шығып, тамаққа тоймаған ашқарақ адам дәмге қаншалықты *обыр* болса, ол ғылымға да сондай *обыр* еді (Т. Сұлтанбеков). *Мешкейдің* қарны үлкен, өзі тойғанымен көзі тоймайтынын білесіңдер ме? (Т. Дәуренбеков). Сорлы *жалмауыз* қайдан табақтас болып едің, бір жапырақ жегізбедің ғой (Б. Майлин). Болыс-бн елдің басқа *құзғындары* Жипалған осы ауылға түгел бәрі (Ж. Саин). Әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі *тойымсыз*, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады (Абай). Жұманның қомағайлығына қарап, өмір бойы тоя тамақ ішпеген *жалмауық*, *жалмағыш* жандай әсер қалдырады («Жұлдыз»). Ұры байымайды, *сұғанақ* семірмейді (Мақал). Олар дүниелерді талан-таражға салып, озбырлықпен олжаланып, *обаған* аранын ашқан (С. Мәуленов). Қанды қақпан сарт етті, Қасқырдың жағы сарт етті. Көп *асағыш* көк бөрі Колденең түсіп жалп етті (С. Қасиманов).

**Ашқарақтану, қомағайлану, обығу, обырлану, жалақтау, оңазалану, жалмаңдау.** *Тамақты оліп-өшіп жеп-ішу, араны ашылу, құшығу.* Бүбітай *ашқарақтаным* көжені алды-артына қарамай апыл-ғұпыл іше бастады (С. Мұратбеков). Оның баласы ө дегенде ыссы жарманы *қомағайлана* ұрттаймын деп аузын күйдіріп бақырып жіберді (Н. Серғалиев). Бидай көжені *обыға* жұтқан маған Орынтай жымын-жымың күле қарайды (Ғ. Орманов). Қайша да ешқандай қымсынбастан, бір жауырынды қолына ұстап, *обырлана* жұлып жеі бастады (К. Жұмаділов). Біздің *жалақтап*, тоймай қалған түрімізді көрін Қағаз аға Зәуреге нан алдыратын (Б. Соқпақбаев). Күн ұзын тамақ ішпегендер тақ осы тамақ үшін ораза ұстағандай *оңазаланып* қырып барады (І. Жансүгіров). Маңғыстауды талай шарлаған шоферлер *жалмаңдап* ас ішін, жалпылдап әңгіме қозғады (М. Сатыбалдиев).

**Аштырмау, ашырмау.** *Толассыз әрекетінен ес жидырмау.* Кешелі бері көз *аштырмас* түтеген боран соғып түр (К. Қазыбаев). Біздің арада да күндіз-түні түтеген боран соғып, көзді *ашырмады* (С. Мұқанов).

**Ашты-тоқты, аштылы-тоқтылы.** *Бірде аш, бірде тоқ. Ашты-тоқты* болсақ та бірге тұрамыз, – деді Ғаббас намысына тырысып (С. Мұқанов). Жабай дымқос жер үйде бес айдан артық *аштылы-тоқтылы* жатқан (Ғ. Мүсірепов).

**Ашу, ыза, зығыр, зығырдан.** *Наразылықтан, зығырданы қайнағандықтан пайда болатын сезім, бірқан-талқан күй. Ашу* келсе,

ақыл кетер, Ашудан ақыл көп болса, Ашу не егер (Мақал). Іш толған у, ыза, қыжыл, кек мендеткен көп күнге дейін ешкіммен араласпады (Т. Әлімқұлов). Солай ма, бала, солай ма! *Зығырыңа* Жамбылдың тисе сөзі оңай ма («Айтыс»). Біздің мынау заманда қызын малға бергісі келген бейшаралық әрекетіне *зығырданым* қайнады (Б. Бодаубаев).

Ашулану, ызалану, ызақорлану, долдану, долыру, алабұрту, зығырлану, тұлдану, шатынау, долығу, қыжырлану, шамырқану, шытынау, бұрқану, атқуылдау жерг., қыжылдау қарап. *Ыза кернеу, ашуға булығы, бұлқан-талқан болу, қаны қайнау*. Долдықпен хан Ескендір *ашуланды*, Ашуланып қақпаға жетіп барды (Абай). Көмшаттың неге екенін хатты тез оқи алмай мүдіре бергеніне *ызаланды* (Д. Исабеков). Тұмсығыңа жұдырық тисе, сен де *ызақорланарсың*, – деп жігіттер мырс-мырс етеді (Б. Тілегенов). Бұзаубақ ызаланып, *долданып*, буынып сөйлей алмады (С. Сейфуллин). Мамыттар сайдағы атына мініп жатқанда, Әбунүсіп *долырып* үйіне кірді де, қосауыз мылтығын оқтады (Д. Әбілев). Жүр еді батыр Науан жонда жортып, Ашулы жолбарыстай *алабұрттып* (Қ. Бекхожин). Осыдан кейін Зейнет мүлдем *зығырланып* кетті (Ә. Әбішев). Шұнақ келіншек *тұлданып* жүріп сиыр сауысады, қой-ешкісін қамасады (Р. Токтаров). Жақып жарылып кететіндей, *шатынап* біраз отырды (Қ. Ысқақов). Әкет, ойбай, өзінің бөлмесіне, – деп әбден *долыққан* кемпір келініне әмір етті (Ө. Қанахин). Ол бұған іштей *қыжырланып*, күндеп қарайтын (Б. Соқпақбаев). Бірақ бүгінгі дүниедегі барша арлы адам күннен-күнге *шамырқанып*, ызаланып, өшігіп отыратын бір есім бар («Бейбітшілік даусы»). Теріме сыймай *шытынап*, шала бүлініп отырғанымның ыңғайсыздығын енді сездім (И. Жақанов). Осындай күймен кеп, есікті ашып жібергенде, алдынан Жәмила тағы *атқуылдап* шықты (М. Әуезов). Бақылдамай жатшы әрі! – деді Дәулет аталған жігіт *қыжылдап* (М. Сүндетов).

Ашуланшақ, ашушаң, ашуқор, шамшыл, шая, ызақор, шақар, долы, шөлкес, көкдолы, шақылдақ, ашуланғыш, күйгелек сөйл. *Тез ашуланатын, шырт етпе*. Небір *ашуланшақ* келіншектердің мінездері бүгін жадырап кеткен (С. Адамбеков). Апам да *ашушаң* адам еді, менің арадан соққы жеп, сілейіп келгеніме бұлқан-талқан болды (А. Сарбопин). Халфе жеңілтек, адымы қысқа, *ашуқор* сияқты көрінді Тоқашқа (З. Шашкин). Есей тік мінезді, *шамшыл* кемпірді ашуландырып алдым ба деп қысылып қалды (Ә. Нұрпейісов). Басқа бір ұшқалақ, қалжың түсінбейтін *шая* әйел болса ғой, осы жерде қыпқызыл ұрыс басталар еді (Ә. Шәріпов). Егер бала *ызақор*, өзіншіл, томырық болса, бұл әдетін қойғызу үшін тереңірек тексеріп, оймен іс қылу керек (С. Көбеев). Ойпырмай, кішкентай болып алып, өзі бір *шақар* неме көрінеді ғой (Б. Соқпақбаев). Жанай аузын ашар болса, ызалы *долы* айқай мен боқтық сөздер ғана шығатын сияқты (С. Мұратбеков). Адам атаулының мінезі бірдей емес, түзуі де, *шөлкесі* де бар (С. Мұқанов).

Бір ашуланып алса, көпіріп болмайтын *көкдолы* екен ол (С. Мұқанов). Ауылдың ақсақалы Шегір деген күс тұмсық, пысық, *шақылдақ* шал (Б.Аманшин). Күнделікті өмірде тез *ашуланғыш*, не болса соған көңіл аударатын күйгелек адамдарды кездестіріп жүреміз (Ф. Қайырбеков). Ерінің соңғы жылдары тіпті *күйгелек*, бұрынғыдан да қатыгез халге душар болғанын Күлпаш білетін (З. Жәкенов).

**Ашуланшақтық, ашуланғыштық, ашушандық, ызақорлық, шаялық, күйгелектік, дольлық.** *Не болса соған ашулана берушілік, ызақор болушылық.* Көке, осы күйгелектігінді, *ашуланшақтығыңды* қойсаң қайтеді? – жасөспірімдердің көңіл ауаны өте өзгергіш, өкпелегіштік пен *ашуланғыштық* байқалады («Адам анатомиясы»). Өзіңді сабырлы ұста, *ашушандығыңды* көрсетпе, – деп әпкесі ақылын айтады («Қазақстан әйелдері»). Бәзікен *ызақорлығы* ұстап, ашуланып кетті (С. Мұратбеков). Тобықты *шаялығыңды* қылдың ба, білегі жуандығыңды қылдың ба (М.Әуезов). *Күйгелектігі* шын құрыстаған кезде қызған табаға тірі түскен балықтай шоршып тулайды (З. Жәкенов). Жанар бұрынғы жібек мінезді қыз емес, *дольлық* буып, көгеріп алыпты (Т. Ахтанов).

**Ашусыз, ызасыз.** *Ашулы емес, ашуы жоқ.* Ол мұның өзін де ешбір *ашусыз* сабыр сақтап айтты (Ө. Тұрманжанов). Ол әдетте еш ашусыз, *ызасыз* зекітін еді (Ф. Мүсірепов).

**Ашығу, бұрлығы, бұралу.** *Тамақтан тарығып, аштыққа қшырау, қарны ашу.* Жүннің кейбір жерінің жіңішкеруі қойдың сол мезгілде *ашыққандығын* көрсетеді (М. Ермеков). Байлаулы тұрып, одан қатты жүріспен *бұрлыққан* аттар ауыздығы алынған бойда басын отқа қойды (С. Бақбергенов). Тау ішінің аш қасқырындай *бұралып*, Сарымсақтының қарағайында бір күн, бір түн бекініп жатты (М. Әуезов).

**Ашыққан, жұтыққан.** *Аштыққа қшыраған.* Көрді де дайын олжаны, *Ашыққан* түлкі ұмтылды. Төзуге шыдап болмады, Құртқан өбден құлқынды (С. Жиенбаев). Жүдеп-жадап, *жұтыққан* Жылысбайлар сол ауылдан (І. Жансүгіров).

**Ашымал, ашымақ, ашытпа.** *Тары, бидай, арпаға сұт қосылып жасалған ашқылтым сусын.* *Ашымал* бидай көжеден әрқайсысы бір-бір шарадан тартып алды (Қ. Жұмаділов). Қараңғы дәлізден үйреншікті салқын *ашымақ* тауып ішеді (Ә. Тарази). Әртүрлі сусын, *ашытпа* дайындайтын ыдыстарды қауақ деп аталатын асқабақ сортынан жасаған (А. Алманиязов).

**Ашы, ашты.** *Ауызды, тілді қуырып, ашытып жіберетін дәм, тәтті емес.* Осынау қу тақырда қандай тіршілік болды дейсің, көлінің бұл тастағы суы тіпті қазір де *ашы* ғой (Ф. Сланов). Бір дәмді, бір дәмсізді қосып шайнап. *Ашты* ма, тәтті ме деп талғадың ба («Айтыс»).

**Ашылау, ашырақ.** *Сәл-пәл ашы.* Қақпансай бойының суы *ашылау*, шөбі малға жұғымды (З. Ақышев). Екіқабат кездің екінші жартысынан бастап *ашырақ* тағамдарды жемей, ас тұзын кеміту керек (Ж. Қодаров).

**Аю, кірекей.** *Ірі денелі икемсіз жыртқыш аң.* Жаз бойы семірген жанат қалың қар жауысымен аю мен борсық сияқты қысқы ұйқыға кетеді (Х. Қыдырбаев). «*Кірекейді* өлтірме, қонжығы жетім қалмасын» деген сөз бар, – деді Ақан (С. Жүнісов).

**Аюдай, аюдайын.** *Аю тәрізді.* Аюдай әжені қайтеміз, күндіз түгіл түнде көзден таса қылмайды (Ғ. Мұстафин). Көгіс пенен тегістің сыртқы түрін қарасақ, Арыстан мен аюдай. *Аюдайын* айбатты, арыстандай қайратты («Батырлар жыры»).

**Аяғыш, аямпаз, мүсіркегіш, есіркегіш.** *Жаны ашығыш, аяй беретін.* Қорлық, бейнетті көп көрген адамның жүрегі беріш-беріш боп қатып, түк сезбей ме деп топшыласа, бұл кісінікі жұмсақ *аяғыш* (З. Шашкин). Күләйім, көтер басыңды, *Аямпаз* едің бастан сен, Құпиясы терен хатыңды сумкамен бірге тастап па ең (Ә. Сәрсенбаев). Гуманизм рақымшылық, адамгершілік дегенді білдірсе, аямпаз – *мүсіркегіш* дегенге мәндес (С. Шүкіров). Еркім бар *есіркегіш* елім берген, Жүремін жер үстінде сенімменен (І. Мәмбетов).

**Аяз, үскірік, ызғырық.** *Қыстың бет қаратпайтын қатты ызғары.* Ақпанның аяқ кезінде басталған ақ боран бірнеше тәулікке созылып ашылған соң, қатты *аяз* болды (Ә. Кошімов). Дем алысы – *үскірік*, аяз бен қар, кәрі құдаң қыс келіп әлек салды (Абай). Батыстан соққан *ызғырық* малдың өңменінен отіп, алды ұшып жығыла бастады (З. Ақышев).

**Аяқталу, біту, аяқсу.** *Бір пәрсені аяғына жеткізіп тоқтату, тамамдау.* Конференцияның *аяқталуын* бүкіл адамзат баласы ынтыға күтті (Т. Шаханов). Бейне соғыс *біткендей*, Күлімдейді көкте күн (А. Лекерев). Ән *аяқсыт*, жалағай әңгіме бастала бергенде ол сөз козғады (С. Омаров).

**Аяқтау, бітіру, тындыру, тамамдау, тиянақтау, адалау.** *Бастаған істі ақырына жеткізіп тауысу.* Домбырашы жүзін жуған ащы жасты сүртпестен, күйді *аяқтағанда* барып алақанымен бір сышырып тастады (Н. Сералиев). Ей, койсаңдаршы, бажылдама, ауылда отырып-ақ *бітіретін* жұмысты осы араға әкеп бажылдасқандарың не? (С. Сейфуллин). Мен қолымнан келгенше тыңғылықты етіп *тындыруға* тырысып бағам. (Ө. Қанахин). Қазір педагогикалық институттың соңғы курсың да *тамамдауға* жақындадым («Лен. жас»). Сәтті басталған үлкен жұмысты *тиянақтау* жолында кішкене де болса кірбің дақ түсірмесе неғылсын (Ғ. Сланов). Ақыры жауды *адалап*, Женісті кордім козіммен. Жарыма айтар аманат ауылға қайтты озіммен (Т. Шапашев).

**Аялау, әлпештеу, мәпелеу, өбектеу, үпілеу.** *Бетінен қақпай бағып-қағу.* Оны қамқор әке мен шеше көп *аялап*, салқын тиіп ауырып қалар деп тысқа көп шығармай, басқан ізін аңдыды (Ғ. Тәшімбаев). Әкенің *әлпештеуін* қормеген Айдарға өз әкесін ойласа, Тауекеннің бейнесінен өз әкесін елестететіндей еді (К. Баялиев). Алтай аяулы

ана, елін әлдиіндей *мәпелеп* тосінен түсірмейді, қойнынан шығармайды, баурында қысып ұстайды (Ә. Тарази). Аясында балалары ұшып-қонып бәйектейді. Балажан бұл аналары өсіруге *обектейді* (З. Қалауова). Оны күнделік алақанына салып, *үтілеп* отырған сияқты («Білім және еңбек»).

**Аялдаңқырау, кідіріңкіреу, бөгеліңкіреу.** *Аздап аялдау, кідіретісу.* Шәмшүгіл сәл *аялдаңқырап* қалған Жантуардың жеңінен тартты (С. Шәймерденов). Келіншек сәл *кідіріңкіреп*, ақырын ғана дыбыс беріп жөтеліп қалды (З. Шүкіров). Жетегінде жас баласы бар, жүдеу бастау жас әйелді көргенде Бердібек *бөгеліңкіреп* артына бұрылды (З. Ақышев).

**Аялдау, кідіру.** *Тоқтап бөгелу, кідіріс жасау.* Аты шулы дуанбасы Боштай аулына таянғанда иттер арсылдан жолатпай, қорыққанымнан *аялдай* алмадым (С. Талжанов). Олар бұл арада көп *кідірмей*, тасты тапқан жерді көруге шығып кетті (А. Хангелдин).

**Аялы, мәпелі.** *Мейірімді, шапағатты.* Ізгілікке жаны құмар адамның *аялы* жан-жүрегіннің алдында басымды идім (І. Жақанов). Мыналар әп-сәтте *мәпелі* қолдан өтіп, ертенгі күні дүкенде киімге әр беріп тұрғанын бір-ақ көресің (Ж. Дәуренбеков).

**Аямаймын, аяман.** *Тарлық етпеу, аяп қалмау.* Өзің білесің, сенен мен еш нәрсені де *аямаймын* ғой (М. Сүндетов). Білімдіден *аяман* сөздің майын, Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын (Абай).

**Аянкес, аяншақ, аяппаз, әйеншек, аянсақ сөйл.** *Жанын аяғыш, ауырлықтан қашатын.* Кейінгі кезде оның өзі *аянкес* жалқаудың өзі болып алды (С. Бакберженов). *Аяншақ* емес жандар өз жүгін ауырлаған да емес, міндетсінген де емес (Ғ. Мүсірепов). Жаман адам *аяппаз* келеді (К. Кемеңгеров). Солайы солай ғой, көбіміз *әйеншек* болып алдық емес пе? (Қ. Иманғалиев). Жігіттер Молдабектің *аянсақ* күйректігіне шектері қата күлді («Жұлдыз»).

**Аянкестену, тақыстану, әйеншектену, аяншақтану, тартыншақтану.** *Жанын аяп әккілену, қорғаншақтау.* Жұман алғашында *аянкестеніп*, қара жұмысқа араласпай жүрді («Қаз. әдсб.»). Олар осы күні сөз сөйлеп *тақыстанып* алған, көрі қойдай тартыншақ (О. Бөкеев). Сафура суық жел күні *әйеншектеніп*, көп сактық ететін (Р. Әбутәліпов). Ел ішінен сырт еңбек дегеннің өзімен күн көріп үйренбеген жігіттер *аяншақтанып*, босқа болдырып отыр (Ғ. Мүсірепов). Жасы елулердегі шау тартқан кезі болса да, ол *тартыншақтануды* білмейтін (Ж. Арыстанов).

**Аянкестік, аяншақтық, аяппаздық.** *Жанын аяғыштық, аянкес болушылық.* Құнқардың жұмысты беріліп істемейтін *аянкестігі* мені тағы бір жиһалыста қатты сойлеуге мәжбүр етті (Б. Қыдырбекұлы). Адам өзіне-өзі қатал болмаса, мұндай мінез *аяншақтыққа* үйретеді (І. Омаров). Асан осы сәтте Сапардың *аянпаздығына* бір есептен таңырқанын, екі түрлі ойда отырды (А. Байтапасев).

**Аяу, есіркеу, мүсіркеу, жебеу, обалсыну.** *Біреуге жаны ашу, демеу болу.* Күйеуі әйелін *айиды*, әйелі күйеуін *айиды*. Екеуі жиналып кеп түрмеде жатқан баласын *айиды* (Т. Әлімқұлов). Тапсырдым сізге *налынып*, толтырып *жасқа көзімді, есірке* деймін жалынып (Абай). Үрейлі шошып қалған Мариямды, Бәрі де *мүсіркеді* ортаға алды, Қорықпа, Мәриямжан, айқайынан, Шырқашы тағы да сол тағы да әнді (Қ. Бекхожин). Аттаныс алдында палатадағылар сапаршыны сөзбен *жебен*, көңілін жұбатады (Б. Ырзабаев). Серікбай бейшара сықырлаған жолаушы болса *обалсынып*, қондырып аттандырады екен (Р. Тоқтаров).

## Ә

**Әбден, кәміл, толық, мейлінше, барынша, жете.** *Түгелдей дерлік, бүтіндей, тұтас, барынша.* Ол бұл екеуінің кім екенін *әбден* айырып алайын деген адамша шаншылып тұрып қалды (Х. Есенжанов). Бие *кәміл* орнығып тұрғаннан кейін саууды бастаған дұрыс («Қымыз»). Еркебұланның жағдайын тек Нұржамал ғана *толық* сезіп отыр (І. Есенберлин). Сұлтанбек Қожановтың өзі *мейлінше* көпшіл адам болатын (С. Мұқанов). Қарлығаш қарағанда өзге құсқа, *Барынша* жұмысына тым-ақ ұста (Ө. Тұрманжанов). Бұл мезгіл ішінде ол Иран жұртының әлеуметтік тіршілігімен, тарихымен, мәдениетімен, тұрмыс-салтымен *жете* танысты (С. Шәріпов).

**Әбзелдеу, ерттеу, тұрмандау, жабдықтау.** *Атқа қажетті жабдық, ертоқым салып мінуге әзірлеу, сайлау.* Жиылғандар бозбала! *Әбзелденіп* мін атыңды, Аузы мүжік хан иелер, Неден мұнша шатылды (Жамбыл). Қонақтар аттарын *ерттеп* жатқанда, тысқа үй иесі – айыр сақал қария шықты (Ә.Хасенов). Ел салты, жігіт салты ер *тұрмандау*, шешендік – ел мерейі, бітірген дау (Ә. Шалабаев). Асып туған Төлеген жағалбайлы халқынан, *жабдықтап* атына мінеді («Қыз Жібек»).

**Әбиір, абиыр сөйл.** *Жалаңаш дене, тән, әурет.* Тым болмаса *әбиірімді* жапқандай бір көйлек алып бермейсің (С. Шәріпов). *Абиырын* жабатын шүберегі де жыртылып қалған соң, байынан киім сұраған еді, оның жауабы қысқа болды (С. Шәріпов).

**Әбігерлену, әурелену, әлектену.** *Әлек болып, әуреге түсу.* Келіншектер мен қыздар бірі қымыз әкеліп, бірі дастарқан жайып *әбігерленіп* жүр (Ғ. Қайырбеков). Ол машинаны от алдыра алмай, ұзақ *әуреленді* (М. Сүндетов). Үлкен бала әкесі мен шешесінің қолын шешпек боп, көп *әлектенді* (Ә.Нұрпейісов).

**Әбігерлеу, әурелеу, мазалау.** *Әуреге түсу, әлекке түсіру.* Сүйеу қарағым, үй ішін *әбігерлеп* қайтесің, кісі қартайған сайын барған үйінің қабағына қарайды екен (Ә. Нұрпейісов). Үй деген аты болмаса, құшак



жайып қарсы алар ешкім тұрған жоқ, *әурелеп* қайтем деп ойлады (Ж. Тұрлыбаев). Телеграмма бермеді деп жазғырма, сендерді *мазалағым* келмеді (М. Иманжанов).

**Әбігерлік, әбігершілік, дүрлігушілік.** *Әбігер болушылық.* Бұл *әбігерліктің* бәрі-бәрі Тоғанайға ұнамады, ол ашуланып, наразылық білдірді (Ш. Өтепов). Бір нәрсеге көңілі алаң болса, Әбекеңнің осылайша *әбігершілікке* түсіп, мазасызданатыны бар («Саржайлау»). Бұл *дүрлігушілік* түн ортасына дейін созылды («Шопан серігі»).

**Әдемілену, өңдену, өңею, ажарлану, әрлену, көріктену, нұрлану, түрлену, шырайлану, сұлулану, реңдену, райлану, құлпыру, зияттану.** *Гүл-гүл жайнау, құлтырып өңі кіру, көркею.* Былайда ұзын бойлы, сұлу жігіт еді, суықтан келгендіктен бетінің қаны құлпырып, тіпті *әдеміленіп* кетіпті (С. Мұқанов). Өмір көктеміндей өңір *өңденіп*, жерге сепкен жеміс те жарық дүниеге түйін тастаған (І. Қадырханов). Ол ән салғанда кейде өңі қашып бұзылып, кейде әдеміленіп, *өңейіп* отырды (С. Бегалин). Майра гармонын қолына алды. Оның отты көздері жайнап, ақша беті ерекше бір *ажарланып* кетті (Қ. Жармағамбетов). Елуананың шешесі *әрленіп*, жақсы киініп жүретін (С. Бакбергенов). Нәр алып көк емендей *көріктенем* Туған жер топырағының ырысынан (М. Әлімбаев). Ақ құба өңіне қан жүгіріп, бұрынғыдан гөрі *нұрланып* кетіпті (А. Лекеров). Көк торғындай аспан-көк Білемін жайнап ашылар, исі аңқыған бөйшешек *түрленіп* жерді жасырар (Абай). Жеткен соң жаз *Шырайланған* түрге ендім, Күннен алып күшімді, Жасардым да гүлдендім (С. Мұқанов). Ханшайымның мөлдіреген көзі, кішкене қыр мұрны, желге тотыққан қара торы өңі бұрынғысынан да *сұлулана* түскен тәрізді (С. Мыңжасарова). Сыпайы сыйластық ажарлары, өнерлі жастар мәжілісі *реңдене* түскендей (М. Әуезов). Айжан апай қазір де Дәуренше қалбаңдамай, толық бетіне нұр жиып, бар ықыласымен баласына *райлана* қарады (З. Қабдолов). Әйгерімнің жүзі ағы ақ, қызылы қызыл болып, өзгеше *құлтырғандай* (М. Әуезов). Балқыған сонау болат сияқтанып, Құбылып тоты құстай *зияттанып*, Немесе оқ жыландай ирелеңдеп, Садақтың жебесіндей қияқтанып (Е. Ибраһим).

**Әдемілеу, әдеміше, әдемірек, әсемдеу, әсемірек, сәнділеу, сәндірек, көркемдеу.** *Әжептәуір әдемі, әжептәуір көркем.* Оңашада өңі жұқа *әдемілеу* бір баланы жомырақ етіп, Әділбектің өзі тамыр болып дауласады (М. Тиесов). *Әдеміше* келген, үстінде су жаңа ақ халаты бар сап-сары жігіт бөлмеге кірді (Ө. Қанахин). Күнзиладан Ақзейнеп *әдемірек*, беті сұлу еді (Ж. Молдағалиев). Жатақхананың қыздар тұратын бөлмесі *әсемдеу* безендірілген екен («Жетісу»). Үй тұрғызды тағы қайта тас қалап, Бұрынғыдан *әсемірек* басқарақ (Т. Молдағалиев). *Сәнділеу* киінген жігіт дастарқанның төріне шоқпардай болып отырды (С. Сейфуллин). Өзге тас үйлерден үлгісі, архитектурасы да *сәндірек* жасалған үй Таңаттың көңіліне обкомға

ең лайық үй тәрізденген (М. Әуезов). Есікті отыздар шамасындағы *көркемдеу* жігіт ашты (К. Туғанбаева).

**Әдемілеу, әсемдеу, сұлулау, сымбаттау, әйбаттау** *сойл. Сырт пішінін әдемі ету, көрікті ету.* Газет арасынан *әдемілеп* төрт бүктелген бір қағаз кенет жерге түсіп кетті (С. Шаймерденов). Осынша нығыздап, осынша *әсемдеп* хат жазып отырған кім? (Б. Майлин). Қатар-қатар үй салып, *сұлулаймын*, сырлаймын. Жаңа үй болған жігітке Ең жақсысын сыйлаймын (Ө. Тұрманжанов). Оркестрге түсіргенде артығын жонып, *сымбаттап* алдарына тартқанымызда екеуі де риза болатын (А. Жұбанов). *Әйбаттап* салынған қалалық кітапхананың кең залы адам керпеген сайын алқынатын тәрізді (Ғ. Қайырбеков).

**Әдеп, иба, инабат, ибадат, ізет.** *Белгілі бір халықтың әдет-ғұрпында тұрақтанып қалыптасқан этикалық тәртіп, өнегелі ізгі қасиет.* Біздің қазақ қыздары *әдептеп* аттағысы келмей, кілең оранып-қымтанып жүр еді (Ө. Қанахин). Өңіне қарап ынжық деуге бола ма? Жок, жок, ол шығыс әйелінің ана сүтімен бойына сіңген сыпайылығы, *ибасы* (Т. Ахтанов). Өзінше *инабат* көрсетіп жылы жүзіне жылық-бақпен жауап қатты (С.Бақбергенов). Үйге кіріп, қымыз ауыз тиіңіз, ата, — деп ырысты *ибадат* етті (Б.Дәулетбаев). Сөзге нарықсыз, әлденелерді айта салатын Нұржамал Жақыпбек десе құлдық ұрып, *ізет* білдіріп тұратын болды (М. Иманжанов).

**Әдепсіз, ибасыз, бейбас, инабатсыз.** *Әдеп сақтамайтын, көргенсіз.* Аға дәстүрін аяқасты етіп, ара ағайынға *әдепсіз* мінез көрсеткені қызының шымбайына батып кетті (О. Сәрсенбаев). Кетіп қалуды *ибасыз* көріп, кетпейін десе берекесі қашып, жұқа өңі қызара түсіп, Жұмабекке қарайды (Т. Ахтанов). Не аш қалып, не *бейбас* болып өсіп, жүрсе ұят қой, көршіңнен тауық ұрлап (Ә. Есмырзаев). Оның арсыз, *инабатсыз* тұл өмірден адал өлімді мың мәртебе артық көргені анық (З. Жәкенов).

**Әдепті, ибадатты, инабатты, ізетті, ізетшіл, ибалы, ілтипатты.** *Әдеп сақтағыш, тәрбие көрген, кішіпейіл.* Бұл қызды ешкім жамандай алмас, бұндай *әдепті*, жатық болса, қыздарың жаман болмас (С. Мұқанов). Кішіпейіл, білімді, ойы зерек, *ибадатты* боп келсін, арсызданбай (Қ. Аманжолов). *Инабатты*, ибалы жастардың әйелге көрсететін лайықты құрметіндей түсінді (Ә. Нұрпейісов). Бірақ кейін келе оғаш мінезін байқата бермей, ылғи сыпайы, *ізетті* қалпында ғана көрінді (Т. Ахтанов). Осындай ажарқын, *ізетшіл*, үріп ауызға салғандай келбетті келінді жаманатқа қалай қиярсың (Ж. Мусин). Жасамыз әйел *ибалы* қылықпен илді де, топты бастап, емхананы аралады (З. Шашкин). Әп-әдемі келіншектер, ақ тамақ қарлығаштар, көбінің сүп-сүйкімді *ілтипатты* күйеулері бар (М. Байғұтов).

**Әдептілік, ибадаттылық, инабаттылық, ізеттілік, сыпайыгершілік, сыпайылық, сынықтық, биязылық, бипаздық, ибалық, ибалылық, ілтипаттылық, ізетшілдік.** *Қоғамдағы қалыптасқан этикалық*

*тәртіпті бұлжытпай орындаушылық, оиегелік, үлгілілік.* Кепжекей бұны бейтаныс келіншектің *әдептілігіндей* көріп, бір көргеннен іш тартып қалды (Ә. Нұрсейісов). Өзінің сырт көркімен де, жарасымды *ибадаттылығымен* де Кәмшат оған еліктірген әсер қалдырды («Жұлдыз»). Үй несі аса бір ыстық *инабаттылықпен* маған бір пияла шай ұсынды (Т. Бердияров). Айнұр үлкен кісі алдында *ізеттілікпен* құрмет көрсетіп, түрегелген бойы тұрып қалды (Е.Мырзахметов). *Сытайыгершілігі* мол Аїбас бұл сапар үндемей қалуды қолайсыз көрді (Р. Раїымқұлов). Ол аға алдында *сытайылық* сақтап, жылы шыраймен күліп тұрады (Т. Құрманғалиев). Мінезінің *сытықтығына* қарамастан, ол кезі келгенде қатал да, таланты да қоя біледі (Ә. Әбішев). Инженер жігіттің он бойынан адамды өзіне еріксіз тартып тұратын *биязылық* аңғарылады («Қаз. әдеб.») Сафураның жаққан отына жылынып отыра берсеіні, – деп ол орынсыз *бипаздықты* бойына мін көретін сырдақ салтпен жорға тойтарып тастады (Р. Әбутәліпов). Олар үлкендердің алдында *ибалық* жасады ма, сөзге көп араласпады (Т. Ахтанов). Аяғын аңдап басып, төрағалар отырған жаққа ерекше бір *ибалылықпен* келе жатыр (Ф. Мыңжасарова). Қызметкерлерге мұндай *ілтінаттылықтың* үлгісін басқа ешкімнен ешқашан да кездестіргенім жоқ (М. Смағұлов). Ол өзінің ағасындай болып кеткен Әбекеңе әрдайым үлкен ілтінат, *ізетшілдік* көрсетеді (Ә. Жәмішев).

**Әдет, дағды, машық.** *Сүйекке сіңген үйренішті қылық, бейімділік.* Таппадым көмек өзіме, көп наданмен алысып, Көңбейді ешкім сөзіме, *Әдетіне* қарысып (Абай). Ас қайнап, пісуге айналған кезде ожаумен іліп ап дәмін қору Дәметкеннің *дағдысы* еді (С. Мұқанов). Қамар аянбайды-ау байғұс, бірақ қанша тырбанса да, ескі *машықтан* шыға алатын түрі жоқ (Т. Ахтанов).

**Әдеттегі, күндегі, ежелгі, әрқашанғы, қашанғы.** *Қиі сайығы, үйренішті.* Мөңіреген сиыр, маңыраған қой, оянған ауыл өзінің *әдеттегі* тіршілігімен жаңа ғана тыныш жатқан далапы у-шуға бөледі (І. Есенберлин). Нұрқаттың *күндегі* қылжағының бірі ме деп, Аїжан жауап қайырмай жүре беріп еді, ол шап етін қолынан ұстай алды (З.Шашкин). Ол өзінің *ежелгі* сүйкімді әдетімен қой көздерін күлімде бір қарады (Ш. Сыздықов). Мәлғаждар бізді *әрқашанғы* қалпымен күшак жая қарсы алды («Мәдениет және тұрмыс»). Ақсақалдың *қашанғы* әдеті осы ма, әлде бүгін көңілінің хошы келіп отыр ма? (Ж. Қосыбаев).

**Әдеттегідей, әдеттегіше, кәдімгідей, кәдуілгідей, күндегіше, әдетінше, дағдысынша, қалпынша.** *Бұрынғыдай, жайшылықтағыдай.* Жұмыс *әдеттегідей* елең-алаңнан басталады да, қас қарая аяқталады (Н. Баяндин). Өзен де *әдеттегіше* күмісше сылдыр қақпай, ыза кернеп бұлқынғандай (С. Сарғасқасв). Онда шаршаған кісі *кәдімгідей* шешініп жатып дем алады (Ә. Шәріпов). Баласын босатқандар *кәдуілгідей* бөлестеніп, іргесін аулақ салып жүре сойлеседі

(Ғ. Мүсірепов). Қарашаш атқа мініп, қойды *күндегіше* жыңғылды сайға айдап апарып ірді (Ж. Нәжімеденов). Ол ертеңіне сол күндегі *әдетіше* түк болмағандай, кепкен тезекті жинап, түске дейін таба паш жапты (С. Мұратбеков). Палмақан күндегі *дағдысыңша* мауыты шекпенін иғына желің жамылып, тысқа сеіілге шықты (О. Сәрсенбаев). Алуан түрлі жұмыс жыл сайын сала-саласымен сол мерзімінен жазбастан өз *қалтынша* жүріп жатады (А. Байтқанов).

**Әдеттену, бастығу, жуасу, көндігу.** *Әдетіне айналдыру, тоселін алу.* Сағиға үй ішіндегі жұмысты істеп, *әдеттеніп* алған (Ә. Шәрипов). Ол жұмысқа тез *бастықты*, шонандармен оңай тіл тапты (Т. Нұртазин). Тұлпардың оттауы бір болса да, *жуасуы* бір басқа (Мақал). Алғашқы кезде бұл араға *көндігу* оған өте қиынға түсті (І. Есенберлин).

**Әділ, әділетті, әділетшіл, гәділетті кітаб., әділшіл сөйл.** *Істің ақиқатын жақтағыш, турашыл.* Осының салдарынан бізде *әділ* билік болмай, ел күңіреніп, берген шағымдары босқа қалып отыр (А. Сатаев). Мұғалімнің қаталдығы *әділетті* оқушының ар-намысына тимейтін, қорламайтын болу керек («Халық мұғалімі»). Сәт үкімет басына ақылды, *әділетшіл* адамдар отырса дейтін үміттен де күр емес (С. Байжанов). Қиын дейді билерге, Шаригатты аударса, *Fadil* демей не дейміз, Төрені дұрыс берген соң («Қаз. ақш. пығ.»). Ол жаратылысында *әділшіл* болам деген антын бұзған емес (А. Байтанаев).

**Әділдік, әділеттік, әділеттілік, әділетшілік, әділет, туралық, турашылдық, түзулік.** *Әрдайым дұрыс жолда болушылық, жұртты алаламай бірдей көрушілік.* Олар өзінің қара басын ғана ойламай, дүниеге *әділдік* орнатуға талпынған нағыз ақ жүрек ерлер еді (М. Қаратаев). Осындай адалдығы мен *әділеттігі* үшін жұмысшылар оны жақсы қоретін, ел алдында беделді болатын (К. Әміров). Оқытушы ауылда *әділеттіліктің*, адамгершіліктің насихатшысы болуға тиіс (С. Көбеев). Молдаскен *әділетшілік* істеді-ау! – дегенді ғана айтты Ахмет (Қ. Тайшықов). Дүниенің адал ниетті *әділет* сүйгін ақ жүрек адамдары бұл туды еш уақытта қолынан түсірмейді (С. Мәуленов). Арық айтып семіз шық, әр адамға сол үлгі, *Туралыққа* тізе бүк (Ө. Тұрманжанов). Жақсы мінез дегеніміз – алдымен кішіпейілділік, одаң соң қайырымдылық, *турашылдық*, әділеттік («Шарапат»). Перзентін ата-анасы баға білсе, Әртүрлі жамандықтан қаға білсе, Баласы бір бұзық-тық қылған болса, *түзулік* тура жолға сала білсе (Қ. Тәкежанов).

**Әділетсіз, қарау.** *Әділеті жоқ, турашыл емес.* Әйгерімге жаны ашып, оны жацағыдай *әділетсіз*, аянышты зорлықтарға қимаса да, үн қатқан жоқ (М. Әуезов). Сен шыпыңды айтпадың, мен айтайын, сен принципісіз *қарау* жігітсің (З. Қабдолов).

**Әділетсіздік, қараулық.** *Әділетсіз болушылық.* Жер бетін *әділетсіздік* билеген сонау қу заманда тарих княпаты әлсін-әлсін қайталанған беретін (І. Есенберлин). Мүсекең жаратылысында тірі жанға *қарау-*

лығы жоқ, тау бұзылса қозғалмайтын, сөзге сараң, салиқалы кісі еді (О. Сәрсенбаев).

**Әдіс, тәсіл, жол.** Белгілі бір жұмысты орындап шығу үшін қолданылатын іс-әрекет. Сәтжан ителгісін шақырып алатын әдістерінің бәрін істегенмен, ителгісі оған ойысар емес (С. Бегалин). Абылғазы мен Базаралы жас күндерінен атүсті соғыстың тәсілін үлкен онердей үйреніп өскен-ді (М. Әуезов). Жолын тапсаң орын көп, білмейді соның жолын көп, табалайды бір-бірін, Қойшы ісін соның деп («Үш ғасыр жырлайды»).

**Әдісқой, әдіскер, әдісті, әдісшіл, тәсілқой, тәсілді, тәсілшіл.** Айла-тәсілі мол, айла-амалы бар. Түлкі құйрығын оң жағына бұлаң еткізіп, өзі солға бұрылғанда әдісқой тағы сол жағынан сарт етіп ұстап қалды (Ш. Айманов). Жерде танқ, көкте ұшқыш, суда флот, қырда әскер. Әрі күшті, әдіскер, қайнаған халық қауымы (Т. Жароков). Көкпар жөнінде қазақ салтында бұл ойын атты сынау, әдісті шабыстың ойны (С. Бегалин). Шығарманың мазмұнын оқушыға барынша ұғындыру үшін бала ұғымына сай шебер тілді, әдісшіл, тәсілшіл болу керек екен (Р. Кереев). Амангелді алысқанының қапысын табатын тәсілқой екен (С. Мұқанов). Ерғазы өзінің көнтерлі, тәсілді әдетіне сап, тағы күтпек болды (І. Есенберлин).

**Әжей, әжетай, әжеке.** Әжеге еркелеп, құрметтеп, жалынғанды білдіретін атау. Күнде-күнде кешікісін, Көрші әжейге келемін. Сауғызамын ешкісін, Отын жарып беремін (С. Қалиев). Тікқұлақ аман, Нұрбибі әжетайым үшеуін мәпелеп күтеді (М. Гумеров). Аяладың, әлдиледің, көтердің, Не қаласам, соның бәрін әпердің. Жаны жайлау жазиралы әжекем. Еңбегінді немен, сірә, өтермін (Б. Тәжібаев).

**Әжептәуір, едәуір, недәуір.** Айтарлықтай, кәдімгідей. Мен де әжептәуір қажып қалған екенмін, жантая салысымен ұйықтап кетіпін (Ә. Көшімов). Мергенбай қанша сабырлы болғанымен, «ақылсызсың» деген сөзге едәуір шамданып қалды (С. Бақбергенов). Қолындағы ұсақ балаларын үлкен қызының қолына шығарып, өзі кетті деп естігенде недәуір қапаланып қалды (О. Сәрсенбаев).

**Әжім, қатпар, қыртыс.** Адамның бетіне, мойнына түскен сызық. Айсаның жасынан көрген зор бейнеті жүзіне із қалдырып, бетіне әжім түсірген (Қ. Жұмалиев). Несібелінің қызыл жүзі көп қатпар жасап жиырылып, көзінен жас аққанша күлетін кездері жиі-жиі болады (М. Әуезов). Шырылдаған бозторғай әуеніне ұйып жүлгеленген қыртыс маңдайын күнге тосып ұйықтайды (Ә. Бөриев).

**Әзірейіл, әзірейлі.** Жан алатын қасқуіем періште. Ажалың жеткен күні әзірейіл періште келеді де, жаныңды алып ұшады (З. Ақназаров). Ұры мақтаншақ ханға барып, жаныңды ала келген әзірейлімін дейді («Қаз. әдәб.»).

**Әзірлеу, даярлау, қамдау, дайындау, сайлау, қаузау, жабду.** Бір нәрсеге қозғау салып керек-жарағын дайып ету. Раушан жуынып

болғанна Майра лыпылдап шайды *әзірлеп* те жіберді (Ш. Құмарова). Тойшылар қак жарылып боліпді де, Балуанын *даярлады* екі жағы (Ж. Саин). Биыл біраз малды осы маңда алып қаламыз деп, қысқы азығын *қамдау* қнын боп жатыр (С. Мұқанов). Қысқы оқуға мектеп үйін *дайындап* алсаң, одан қуаныш не бар? (Б. Майлин). Оқ *сайла*, кылыш қайра Жауына арнап, Жер жүзі жұмыскерлері бірігіндер (І. Жансүгіров). Әке-шешен бар ма, шырағым? – деді кемпір, қазандықтың отын *қаузап* жатып (Қ. Сатыбалдин). Күн кешкіре Құрман қарт ат-шанасын *жабдып*, қалың киіне бригадасына қайтуға шықты (Ғ. Орманов).

**Әзірлік, даярлық, дайындық.** *Бір нәрсені істеп бітіруге қам жасаушылық, әрекеттенушілік.* Сұлтанмахмұттың Семейге оқуға кеп, гимназияға түсуге *әзірлігі* жетпеді (Д. Әбілев). Болашақта қазақтың кең даласын қак жарып өтер болат жолдың бойына барлаушылар шығып, *даярлық* жұмысын жүргізіп қайтты (Ш. Есмұрзаев). Немістер енді зеңбірек оғын қардай боратып, ұзақ артиллерия *дайындығын* жасады (Т. Ахтанов).

**Әйел, қатын, ұрғашы, ақжаулық, шүйкебас, төмен етек.** *Адам баласының ұрғашы жыныстылары.* Жетектеген жеті жасар баласы бар *әйел* кара жолмен келе жатыр (С. Ерубаев). Кім екен деп келіп ем түйе қуған, *Қатын* ғой күлдәрімен белін буған (Абай). Қажыке-ау, күні құрсын *ұрғашының*, Билігі болмаған соң бір басының. Берген соң темір-терсек ит те алады, Бұлындай берекесіз арбашының (Сара). Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – *ақжаулық*, үшінші байлық – он саулық (Мақал). Өзіне бір *шүйкебас* алып берсең, үй болып кетейін-ақ деп түр (С. Жүнісов). Заты ұрғашы демесең *төмен етек*, әйелдің көрдім сондай бағлан керіп (Әсет).

**Әйелді, зайыпты, жұбайлы.** *Әйелі бар, үйленген.* Тамақ дайын деп хабар бергеннен соң, Ерлі, *әйелді* екеуі кірді үйге (Ш. Әбенев). Сол құдіретке бас иген күйсуді де қалыңдықтан бөлмей-ақ, тостымды жас *зайыптыларға* арнаймын (Ж. Тілеков). Ол жалғызбасты кісі емес, *жұбайлы*, балалы-шағалы адам (Ауызекі тіл).

**Әйелжанды, қатынжанды, қатыншыл, әйелқұмар, әйелшіл, әйелмен сойл.** *Әйелін жанындай жақсы коретін.* Сені салып, құрдастың бетін Аманға бұрсам, ол *әйелжанды* кісі ғой, бұрылатын да еді (Ғ. Сланов). Қаңбақтай тым *қатынжанды* неме едің, оған көніп жүрме, – деді сесті үнмен (З. Жәкенов). Ой, ит, көрдің бе жаман неменің *қатыншылын*, – деп қалжыңдап қойды (Ә. Сараев). Патша *әйелқұмар* адам болса керек, кең сарайды толтыра әйелдерін жинап ап, сауық құрады екен (С. Мұқанов). Тышқанбай шіріктің *әйелшілін* қарашы, қатынына мылтық ұстатып қойыпты (Т. Жармағамбетов). Ол өзі жүрген бір *әйелмен* адам еді («Варианттар сөздігі»).

**Әйелсіреу, қатынсырау.** *Үйленгісі келу, әйел алғысы келу.* Алпысқа таянған адам, *әйелсіреп* жарылып бара жатыр дейсің бе? (С. Адамбеков). Әйелі өлгелі жылдан асты *қатынсырап* жүр («Жалын»).

**Әйелі, жұбайы, зайыбы, жамағаты, қатыны, жары, қосағы, нақсүйері, бәйбішесі, тоқалы.** *Ерлі-зайыпты адамдардың ұрғашы жыныстылары. Әйелің жақсы болса, қонағың мен үйіңнің тұрағы («Ел аузынан»).* Ұрының қатыны өзіне лайық дегендей, *жұбайы* да өзіне лайық екен-ау (Ө. Тұрманжанов). Бала-шағасының анасы, отыз жыл отасқан *зайыбы* Ақбике аяқ астынан ауруханаға түсіп қалды (Ж. Алтайбаев). Ұзын қара пешпентті, ұзын шашты, *жамағатты* итеріп, біреудің жолын ашты (М. Әуезов). *Қатыны* өзінен он бес жас кіші екен («Әдебиет майданы»). Жас жігітке жайдары күлім қаққан. *Жарын* көріп жүрегі тыным тапқан (Ө. Тәжібаев). Сенің анаң Зейнен көп жыл отасқан *қосағым* еді (А. Мекебаев). Мұнаура өрі той иесі, өрі Қарабай мырзаның *нақсүйері* еді (Д. Әбілев). Келесі күні бай көршіміздің *бәйбішесі* біздің үйге ентігін жүгірін келді (С. Мәуленов). Нұртаза әлгі өзінде *тоқалының* үйінен шығып, екі шақырымдай жердегі қойлы ауылға келген (С. Жүнісов).

**Әйтпегенде, әйтпесе, болмаса.** *Сөйлем мен сөйлемді, сөйлемдегі сөз бен сөзді өзара байланыстыратын жалғаулықтар.* Мені құтқарған сіздің әкеңіз ғой. *Әйтпегенде* немістер мені азаптап өлтірген болар еді (Ө. Нүрпейісов). Хат тасушы әлі ауданнан қайтпаған болды ғой. *Әйтпесе* енді бір соқса керек еді (М. Иманжанов). Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, *болмаса* жұмасында бір, озынпап-өзің есеп ал (Абай).

**Әк, утас.** *Тасты өртеп күйдіру арқылы алынатын ақ түсті минералды зат.* Адырдың беткейінде *әкпен* сыланған үйлерді көргенде Меңдігүлдің ішкі дүниесінде бір түрлі сағынышты сезім оянады (Ж. Жұмаханов). Ескі қыстаудағы әдеттегі жайпақ там, сырты *утаспен* майланған, аппақ (С. Бердіқұлов).

**Әке, ата.** *Баласы бар ер кісі.* Басында *әке* айтпаса ақыл, жарлық, Ағайын табалмаса ой саларлық, Қалжыңдасып өткізген қайран дәурен Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық (Абай). *Ата* көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер (Мақал).

**Әкей, әкежан, әкеке, әкетай.** *Әкені құрметтеп, сыйлағанды білдіретін атау.* Ол біздің *әкеймен* жолдас еді, генерал атағын да қатар алған (Ғ. Қайырбеков). Ерліктен басқа мінің жоқ. Сөйлесер едің *әкежан*, Бұрынғыдай тілің жоқ («Батырлар жыры»). *Әкеке-ау*, басымызға кезең туды, Құдай артық жаратты өзен-суды, Еліңді жи, *Әкеке-ау*, жұртыңды жи, таңда бүгін біздерді ажал туды («Батырлар жыры»). *Әкетай*, ақынға жауапты өз домбырасы берсін де (М. Сүндетов).

**Әкей-үкей, әмпей, әмпей-жәмпей.** *Бірімен-бірі ауыз жаласқан, ымы-жымы бір, көңілде, сырлас.* Бұғыбайдың бұл ауылға келгеніне бір-ақ жыл болса да, тез үйренісіп, көбімен *әкей-үкей* араласып кетіпті (С. Омаров). Балқаш пен Мүсәпір көптен таныс, көптен *әмтей* адамдар сияқты (С. Мұқанов). Бұрыннан *әмпей-жәмпей* Жамағат екеуі оңай-ақ сөйлесті (Ғ. Сланов).

**Әке-көке, әке-үке.** *Біреуге жалынып-жалбарынғанда айтылатын сөз.* Үйінің тұсынан өтіп бара жатқан бір қызға *әке-көке* деп жалынып, Үмітті шақырттым (Ө. Күмісбаев). Қысса жаныңды шығарады. Жалынып-жалпайып, *әке-үке* демесең, босатуы екіталай (Б. Тілегенов).

**Әкелу, алып келу, әпкелу.** *Бір жақтан бір нәрсені жеткізіп беру.* 1942 жылдың сәуір айында біздің дивизияға Қазақстаннан бір топ делегация келіп, көп сыйлықтар *әкелді* (М. Фабдуллин). Біздің үйде қалдырған жүкті осында *алып кел*, – деп ұлын жұмсады («Самғау»). Баласының *әпкелген* елігіне анасы қуанып қалды («Мәдениет және тұрмыс»).

**Әкеңді, көкеңді, дәдеңді.** *Қолына берейін, көзіңе көрсетейін, танытайын деп сес көрсеткенде айтылады.* Айтқанымды істемей көрші, *әкеңді* танытамын (Ауызекі тіл). Айтпады деме, Жәмиланы ренжітсең *көкеңді* көзіңе көрсетемін (Ауызекі тіл). Екінші осылай істесең *дәдеңді* қолыңа беремін (Ауызекі тіл).

**Әкетай, әкетайым, әкебас, әкем, әкежан, әкешім, көкем, көкетай, көкешім, көкежан.** *Өз баласын немесе баласындай адамды еркелетіп айтылатын қошемет сөз.* *Әкетай*, қазір бітіреміз, үлкен үйге бара тұршы (Ш. Хұсайынов). *Әкетайымның* қарны ашып қалыпты ғой, – деп шешесі жік-жапар болып жатыр («Қаз. әдеб.»). Отыршы, *әкебас*, асықпай бізге жай-жапсарыңды айтып бер, – деді Сейдахмет қана жанашырлық білдіріп («Мәдениет және тұрмыс»). Өте бер, *әкем*, бізге кіруге әлі ертерек, – деп бір апай жол берді (Ауызекі тіл). *Әкежан*, мына қапты көтеріп арбаға салып берші, – деп бір әжей қиылып сұрады (Ауызекі тіл). Менің сол *әкешімді* қаралапты, елдегі өсек, пәле терген қулар (Қ. Бекхожин). Келе қойшы, *көкем*, – деп, апасы үш жасар ұлын көтеріп алды (Ауызекі тіл). Бораншы ауылын сілтеп жіберіңіздерші, *көкетайларым* (Ж. Молдағалиев). Тиген кім саған, *көкешім*, танытайын көкесін (Ш. Смаханұлы). Ала ғой, *көкежаным*, – деп қария немересіне қалтасынан бірдеме алып беріп жатты (Ауызекі тіл).

**Әкету, алып кету, әпкету.** *Бірдемені қалдырмай, өзімен бірге ала кету.* Кей жау жүрек батыр ұлдары қастарына саяқ жинап, Кейде хан тұқымының жылқысын барымталап *әкететін* (І. Есенберлин). Балаларын өзімен бірге *алып кетпек* болып, біраз аялдады («Қазақстан әйелдері»). Балаларды *әпкеліңдер* бөлмесіне, – деді әжей келіндеріне («Қазақстан әйелдері»).

**Әккі, жырынды, аққатпал, қақсал, әккіс, тақыс, ысқаяқ, ыспар, тісқаққан, қасабалы көне, ыспандияр кітаб., тысқаяқ қарап., тіс қаққан экспр.** *Өмір көріп ысылған, еңбек етіп төселген, тәжірибелі де айлакер.* Осы ауданға көптен бері қашып жүрген, қару-жарағы бар *әккі* болған қылмыскер тап болды (С. Мұратбеков). Әзірге *жырынды* болып үлгермеген қара сұр аңдар су бетіне бейқам көтеріледі (Ә. Сәрсенбаев). Талай елді зар еңіреткен *аққатпал* ұры бұл жолы да



ұстатар түрі жоқ («Жұлдыз»). Гимназияның бір қақсал қызметшісі мені өңменімнен итермеледі (Қ. Әміров). *Әккіс* неме жасырынып жатқан шығар, – деді ол (С. Балғабаев). Ол зұлымдығына найза бойламайтын *тақыс*, ішінде не сыр барын аңғартпайтын (С. Мұқанов). Аңдамай ауылдың *ысқаяқ* жігіттердің төлкегіне түсіп қалған өзіме ренжимін (Ө. Қанахин). Губернатордың өзін шақырып, қонақ асы бергенде де мүлт кеткен жері жоқ, ондайға *ыспар* (З. Ақышев). Жолда көп жүріп *тіс қаққан* Кенжетай мұндайда қимылдың шапшандығын сүйетін (Д. Әбілев). Ол – жол көріп жорытып қалған *қасабалы* қатын емес, қызыл гүлі жаңа ашылған жас қыз (С. Мұқанов). Көпті көрген, талай-талай ауыр науқастыларды ажалдан құтқарып алып қалған, өр кеуде, *ыспандияр* дәрігерлердің байсалды мінезі сол бір сағатта жым-жылас жоғалады (С. Омаров). Азаль өйелдердің келінді өз дегеніне екі еткізбеуге үйрететін *тысқаяқ* мінездерін Дәмелі іштей байқап отыр (М. Дүзенов). *Тіс қаққан* жауынгерлер жеңілсе, ашына ызаланып, кектене күреседі (Б. Момышұлы).

**Әккілену, ысқаяқтану, ысылу, ыспарлану, тақыстану.** *Әккі болу, төселіп машықтану.* Қымыз жігер берді ме, әлде жұрттың дабырын жақтырмады ма, ұлық *әккіленіп* сөйлей жөнелді (А. Сатаев). Құдалықтың сан қиян-кескін сөзіне кірісіп *ысқаяқтанып* алған Бөтен бәйбіше Бибікенді мүлде ығыстырып тастапты (С. Бегалин). Кестелер түсті әртүрлі. Арық, атыз тартылды, Испен ширап *ысылды*, Жаз қамын өстіп бігірді (Ө. Тұрманжанов). Ол ылғи орыс, ноғай арасында өсіп, әбден *ыспарланып* қалған еді («Қызыл жалау»). Олар осы күні сөз сөйлеп *тақыстанып* алған, көрі қойдай тартыншақ (О. Бөкеев).

**Әккілік, жырындылық, көнігілік, ыспарлық, тақыстық.** *Әккі болушылық, ұмашықтық, төселгендік.* Жырынды жау *әккілігіне* салып, тағы да қару сілтеді (Т. Рахымжанов). Өзгелер алдында ептілігіңмен қатар *жырындылығыңды* да көрсете білгенге не жетсін (Ө. Қанахин). Жалғызаяқ жолдар, сілемдер, соқпақтар жолаушылардан *көнігілік* тілейтін (Т. Әлімқұлов). Балаларға лайықты білім беру *мұғалімнің ыспарлығына* көп байланысты («Қазақст. мұғ.»). Арамза *тақыстық* пен жымысқы қулыққа әбден дағдыланып алған (З. Жәкенов).

**Әккіш, иінағаш, мойынағаш, күйенте.** *Шелекпен су тасығанда иыққа салатын құрал.* Бірқатар үйге су құбыры жүргізіліп, өйелдердің иығынан *әккіш* түсіп, қолдарынан шелек кетті (Ш. Ерманов). Қарашаш ұстап тұрған *иінағашын* лақтырып жіберді (Ж. Нәжімеденов). Ішуге, кір жууға су тасыдым, Иығыма *мойынағаш* шелек салып (С. Торайғыров). Иығына *күйенте* салып шыға келген Күлән Ақжолды кенет көріп, жалт берді (Н. Фабдуллин).

**Әкім, төре, ұлық, сұлтан, шора, мырза, бек, елбегі көне, манан кітаб.** *Елге билік жүргізуші лауазымды адам.* Жақсыдан *әкім* қойсаң, елді түзетер, жаманнан *әкім* қойсаң елді күйзелтер (Мақал). Жаздың әдемі бір күнінде таңертең бір *төре* өзінің баласымен бақшаға барып,

егілген ағаштарды көріп жүрді (Ы. Алтынсарин). Мәз болады болысын, Арқаға ұлық қаққанға (Абай). Біреудің елінде *сұлтан* болғанша, Өз елінде ұлтан бол (Мақал). Күні кеше аға боп қосылған жеті рудың өзінде қанша *шора*, қанша жақсы бар (Ә. Кекілбаев). Старшын қасында отырған екі *мырзаның* бетіне өздеріне байқатпай кезек-кезек қарады (Б. Аманшин). Бұзақылар бүйтсең *бек* боласың, бүйтсең мықты атанасың деп, ауқатшыларды азғырғалы әлек болып жүр (Абай). *Елбегі* – түркі тілдес халықтар арасындағы жергілікті әкімнің лауазымы («Ана тілі»). Арғы атамыз кім болғанын өзі біледі, әкелеріміз бай да, *манап* та болмаған («Самғау»).

**Әкімсымақ, төресымақ, мырзасымақ, бишікеш, бисымақ.** *Әкім сияқтанған, белсенді.* Әсет жұмбақты шеше отырып, заманындағы *әкімсымақтарды* мейлінше масқаралайды (М. Әуезов). Ылғи *төресымақ*, ұлықсымақ жандар бірінен соң бірі сөйлеп тұрып алды («Қаз. әдеб.»). Кешегі жалшы Қосабек Сәрсендей бейпіл ауыз *мырзасымаққа* күш көрсете сөйлейді (М. Мырзағұлов). Кейрудің қайны, сол сол ауылдың *бишікеші* Хұсайын қажының Оспаны деген кісі екен (С. Мұқанов). Жездесі әперген қызметті тастап, бұл күндері дау-жанжалға араласып, *бисымақ* болып жүр (А. Хангелдин).

**Әкімшіл, төрешіл.** *Мансап сүйгіш, әкімқұмар.* Тілемсековтың *әкімшіл*, дөкір екендігіне бұл бір айғақ (Б. Қыдырбекұлы). Ежелден *төрешіл*, бақшыл болып үйренген ел жуандары оқығандардың әлгіндей ауруын жарастықты істеп көріп жүрді (М. Әуезов).

**Әлбетте, әрине.** *Мақұлдау, қоштау мағынасын білдіретін қошемет сөз.* *Әлбетте*, адам бойындағы өнегелі іс, ерлік қасиеттер өзінен-өзі келмейді (Т. Сыдықов). Білімділер сөз айтса, Бәйгі атындай аңкылдап, өзгелер басын изейді, *әрине* деп мақұлдап (Абай).

**Әлгінде, әлгіде.** *Жаңа бір әзірдегі.* *Әлгінде* ғана жарқырап тұрған кең даланы мұнар басты (Ә. Бірмағамбетов). *Әлгіде* сыбырласып отырған бес жігіттің басшысы Құдабай Омардың сұмдық сөздерін есік күзетіп отырған жігіттен сұрап алды (С. Шәріпов).

**Әл-дәрмен, әл-қуат, әл-шама, шама-шарқ.** *Адам бойындағы күш-қауқар, қайрат-жігер.* Үрей билеп, *әл-дәрмені* құрыған қарт шөпке қарай шегіншектеп тұрып қалған еді (М. Хасенов). Дәулеттің госпитальдан жаңа ғана шыққан кезі ғой, *әл-қуаты* бұрынғыдай емес (Х. Ергалиев). Қуаң тартып тозған ажары бір кездегі қатал, қуатты адамның *әл-шамасы* азайғанын танытады (М. Әуезов). Әркім өзінің *шама-шарқына* қарай қимылдауы керек қой (Б. Нұржесеев).

**Әлдебір, қайсыбір, небір.** *Әлдеқандай бір нәрсе, әрқилы бірдеме, біреу.* Қараған сайың жігіт жүрекке жылы тиіп, қыз жанын *әлдебір* жұмбақ сырға толтыратын (М. Иманжанов). *Қайсыбір* халықтың болмасын өзінің қадір тұтып, кастерлейтін дәстүрі болады («Лен. жас»). Көші-қонның да *небір* қызық, күлкілі оқиғалары болып жатады (Т. Ахтанов).

**Әлдекім, әлдебіреу, біреу, бір, біреу-міреу.** *Бейтаныс кісі, белгісіз, танымайтын, білмейтін адам. Әлдекімнің терезе тұсынан өте бергенде шаңқ еткен үрейлі даусын Сейіт анық естіді (Р. Райымқұлов). Кеше ғана сап-сау жүрген Мыңсары өткен түнде далаға шыққанда әлдебіреу соққыға жығып кетіпті (С. Досанов). Үй сыртындағы төбенің басында қойға қойған қарақшыдай жарбиын біреу отыр (Б. Майлин). Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсесің (Абай). Ол біреу-міреу даусымды естіп қойған жоқ па екен деген үрейлі оймен жап-жағына қарады (І. Есенберлин).*

**Әлдеқандай, әлденендей.** *Белгісіз бірдеме, беймәлім нәрсе. Өзі үшін де, өзгелер үшін де әлдеқандай үлкен бір қуанышты айтып кетіп барады (Ф. Мүсірепов). Әлденендей себеппен көше алмайтын болсаң, біздің үйде қыстап шығарсың, – деді Иман ағай (Ж. Саин).*

**Әлдеқашан, баяғыда.** *Бұдан көп бұрын, қашанғы. Жақаш мырзаның бәйбішесі әлдеқашан қаза тапқан деп еститін Сәкен (Ә. Көпшімов). Баяғыда есігінде жүргенде есімде қалған түр-тұлғасының кейбір бөгепайы бұзыла қоймапты (З. Жәкенов).*

**Әлдилеу, бөпелеу.** *Жас сәбиді жұбату, аялап, мәпелеу. Жәмила бөбектерін әлдилеп, талай түн ұйқысын төрт бөлген болар (Л. Ғалымжанова). Ақ сүтін берген ана, адал күшін жұмсаған ата бөпелеген, мәпелеген ұлдарын солдат етіп беріп отыр (Б. Момышұлы).*

**Әлді, дәрменді, қауқарлы, қауметті.** *Құш-қуаты мығым. Әлді адам шалқақ келеді, әлсіз адам жалтақ келеді (Мақал). Өзін ұстай білетін, керек кезінде өзін қорғай алатын дәрменді кісі ғана соңынан басқаларды ерте алады («Дала шұғыласы»). Тісім тісіме тимейді. Қарынға түскен де қауқарлы ештеме жоқ (С. Шаймерденов). Ал соққы көтере қоятындай қайбір қауметті адаммын, оқ мылтықтай тиді де, қолма-қол алып ұрды (Е. Мырзахметов).*

**Әлек, машақат, мехнат.** *Адам басына түскен ес жиғызбас қиыншылық, ауыртпашылық, ауыр бейнет. Бұдан алты жыл бұрын соғыс әлегімен бүлінген кәсіпорындары бүгін ірі өнеркәсіп орындарына айналады (С. Мұқанов). Мен өмірдің рахатынап машақаты көп күндерімнің хикаясын шерткім келеді (С. Омаров). Мехнат болмай, рақат болмас (Мақал).*

**Әлем, дүние, жаһан, жиһан, жер-көк, дүниежүзі, жержүзі, жер-жиһан, ғалам, әлемет, дүния кітаби.** *Бүкіл жер шарын қоршап тұрған аймақ. Бүкіл әлемге аты шыққан Шыңғыс ханның дүниежүзін аламын деп талпынғанда небары екі жүз мың әскері болған (І. Есенберлин). Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да (Абай). Космосты игерудің пионері Гагаринге күллі жаһан қол соғуда (С. Сейітов). Бар жиһанға таң сәулесін таратқан, жолдарымыз тоғысады әр тараптан (Ж. Сыздықов). Дер біреу: «Ақынның өз әні қайда? Жер-көкті суреттеген мені қайда?» (С. Сейфуллин). Қажымұқан деген кісі – дүниежүзіндегі атақты балуандардың біреуі*

(Б. Соқпақбаев). Жеңешем білді дегенше, *жержүзі* білді десеңші (Мақал). Жездей кезсең бар *ғаламды*, құстай ұшсаң *жер-жиһанға*, Таба алмайсың әділ заңды, Терең келетін алтын заңға (С. Машақов). Күллі әлем поэтикалық тілде *әлемет* деп те аталады («Ана тілі»). *Дүниыдағы* барша халық бейбіт өмір сүргей («Түркістан»).

**Әлемдік, ғаламдық.** *Әлемге тән, әлемге қатысты.* Шоқан орыс мәдениетінің білімімен сусындап, *әлемдік* сахнаға шықты (С. Мәуленов). Лұғмановтың дәуірінде *ғаламдық* қазынаның жолы тар болды («Лен. жас»).

**Әлсіздену, әлжуаздану, қауқарсыздану, осалдау.** *Күш-қуаты кему, күші азаю.* Құлағымды жүрегіне төсеп байқаймын, тынысы тарылып, *әлсізденіп* қалған сияқты (М. Қалдыбаев). Әкесінің осыншама *әлжуаздануына* ауру ғана себеп болмаған шығар («Мәдениет және тұрмыс»). Қақаған құрғақ аяздан тынысы тарылып, *қауқарсызданған* денесі қалжырап, ұйқы буып құр сүлдесі келе жатыр (І. Қожабеков). Қарт адам қайта айналып жасармайды, Күн санап күш-қуаты *осалдайды* («Айтыс»).

**Әлсін-әлсін, ауық-ауық, дамыл-дамыл, мезгіл-мезгіл, дүркін-дүркін, оқта-текте, дүрмек-дүрмек, оқтын-оқтын, дембе-дем, әлсін-әлі, қайта-қайта, тақыл-тақыл, жиі-жиі.** *Уақыт мерзімін кешеуілдетпей, үзбей, үздіксіз.* Қымызды *әлсін-әлсін* іш, етті тақыл-тұқыл же (Қ. Тайшықов). Ардақ есікті *ауық-ауық* ашып қойып, көйлекшен жұмыс істеп отыр (Ф. Мұстафин). Біресе шешеме, біресе әкеме көзімнің астымен *дамыл-дамыл* қарап қоямын (Н. Сералиев). Ондай ауру жатқан бөлмеге *мезгіл-мезгіл* терезені, есікті ашып, таза ауа жіберіп тұру керек (Е. Оразақов). Кеше інірден бері жабысқақ қара жаңбыр *дүркін-дүркін* сабалап тұрған (Б. Аманшин). Оған *оқта-текте* бөтен әнші қыз бен жігіттер қосылып, той қыза түскен (І. Есенберлин). Хабарландырудың алдына жұрт *дүрмек-дүрмек* жиналып, әңгіменің не туралы болатынын біле алмай, кетіп жатыр (М. Дүзенов). *Оқтын-оқтын* аспан жүзі жарқылдап, *дембе-дем* найзағай шартылдайды (С. Омаров). Қасқа ат бір дыбысты сезгендей құлағын қадап, *әлсін-әлі* тындап келеді (Қ. Жұмалиев). Қыз жүзіндегі бар құбылысты анық байқап, Бакытжан *қайта-қайта* қарай берді (М. Дүйсенов). Ауырған адам тамақты *тақыл-тақыл* ішсе, сіңімді болады («Мәдениет және тұрмыс»). Құлай сүйген от жүректің күші ме, *жиі-жиі* еніп жүрсің түсіме (Ш. Мұхамеджанов).

**Әлсіреу, талмаурау, қалжаурау.** *Бойдағы күш-қуаты азаю, кему, сілесі қату.* Өңі қуарып, *әлсіреп* қалған ауру жігіт ерні қыбырлап, сыбырлай сөйлейді (М. Әуезов). Әжімді жүзі сарғайып, *талмаураған* ана терең ойға шомып томсарайды (С. Орманов). Осы топ қойдың ішінде даусы барлығып, өбден *қалжаураған* қойшы да келді (С. Бегалин).

**Әлтек-төлтек, қалт-құлт, әрең-әрең. Тәлтірек қағып, қалтырақтап.** Арыстан қарт жеңіл киініп жүріп көріп еді, аяғын *әлтек-*

*тәлтөк* басып сүріне берді (Ғ. Сланов). Аяғын *қалт-құлт* басып тәлтіректөп келе жатқан тайлақ байғұс бір бұтаға сүрініп кетіп, омақаса құлады (А. Сарбопин). Жұрттың өзі *өрең-өрең* күн көрген соғыс жылдарында бізге кім қол ұшын береді деген уайым қоса орнады («Достық нұры»).

**Әмбебап, бесаспап.** *Қолынан келмейтіні аз, жан-жақты.* Өзі домбыра да тартатын, ән де салатын сол *әмбебап* бір күні қонаққа шақырды (Т. Әлімқұлов). Осы өзің көп мамандыққа ие болған *бесаспап* жігіт екенсің, ал енді өнеріңді, күшіңді көрсет, – деп мені арқаға қақты (С. Омаров).

**Әмпейлес, сыбайлас, сырлас.** *Ымы-жымы бір, бір-бірімен тығыз байланысты.* Соңғы екі-үш жылдан бері Сәтібек ауылдарымен бір жерден сөз шығарып, *әмпейлес* болып жүретін (С. Сейфуллин). Алғаш келгенде атаманды аузына алуы тегін емес екен, екеуі *сыбайлас*, дос болып шықты (Қ. Исабаев). Тіпті мұны бірге мұңдас, ойы бірге *сырлас* жандар емеспіз бе біздер (З. Ақышев).

**Әмпейлесу, жәмпейлесу, әкей-үкейлесу.** *Бір-бірімен шүйіркелесу, ауыз жаласу.* Мәдияр қыздың ағасымен *әмпейлесіп*, шешесіне ұнаса, о да онша кет әрі бола қоймас (С. Омаров). Қалтаның қалыңдығына қарай, ірі-ірі түрік саудагерлерімен *жәмпейлесіп* кету мүмкін деседі (Қ. Толыбаев). Несіне онымен *әкей-үкейлесіп* тұрсың? – деп Тұрап келген бетте иегімнің астынан періп кеп жіберді («Қаз. әдеб.»).

**Ән, өлең, әуен.** *Вокальды музыкалық шығарманың сазы, әуені.* Неше түрлі құбылған, бұралған, кестелі, өрнекті сұлу *ән* естіледі (С. Сейфуллин). Туғанда дүние есігін ашады *өлең*, өлеңмен жер қойнына кірер денең (Абай). Осы күнге шейін халық *әуендерін* өңдеу керек пе, әлде сол байырғы күйінде қалдыру керек пе? – деген дау белең алып келді (І. Омаров).

**Әндету, өлеңдету, әуендету.** *Ән салу, өлең айту, шырқау.* Кейде баяу *әндетіп*, кейде оқып жырларын. Отырды ақын тербетіп, Шыңғыстаудың шындарын (С. Мәуленов). Үлкен зал, әйел-еркек жүзден аса, *ән* салған, *өлеңдеткен* той, тамаша (А. Тоқмағамбетов). Таң ата далаға шықсам, бір жас жігіт ат үстінде *әуендетіп* желе жортып келе жатыр екен («Жұлдыз»).

**Әне, әнеки.** *Көрдің бе, қарашы.* *Әне*, клуб алдындағы сол ардагерлерге орнатылған ескерткішке жиналысқа келген жастар гүл қойып жатыр (С. Ақтаев). *Әнеки*, ол көпірге кеп, отырды да бір тізерлеп, көзәйнегін сүрте салып, сом болатты сол қолға алды (Ә. Сәрсенбаев).

**Әнпаз, әңқұмар, әңқой, әншіл.** *Әнді ұнататын, ән салғыш.* *Әнпаз* ауыл адамдары үркер ауғанша Біржаннан *ән* үстіне *ән* қолқалап отырып алды (Х. Ерғалиев). *Әңқұмар* қауым соңғы жылдары халық әндерін қалпына келтіріп, жаңартуда жақсы табысқа жетуде («Мәдениет және тұрмыс»). Кешелі бері ауылдың *әңқой* жастары бүкіл маңайды *ән-күйге* бөлеп, үлкен дырдумен жүр («Лен. жас»). Қош

алдың ақын жаңды *әншіл* халық, Жүректен күз де, қыс та, жаз арылмай (Ж. Молдағалиев).

**Әншейін, жайша, құр, әшейін, бекер, жай, босқа.** *Жайдан-жай, бостан-бос, текке.* Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап, *әншейін* күн өткізбек әңгімеге, тыңдар едің бір сөзін мыңға балап (Абай). Кейбіреулері шылым тартады, екіншілері *жайша* дем алып отыр (М. Ғабдуллин). Бағанадан бері әкесі мен баласының сөзін *құр* тыңдап отырған Жаған сөзге кірісті (І. Есенберлин). Бастапқы кезде Жақып мұның бәрін *әшейін* ойын шығар деп отырды (Б. Майлин). «Жаман да болса ұлың зор тусын» деп, қазақ *бекер* айтқан ба? (Қ. Жұмаділов). Ақмола оязынан шақырылғандар кешіккен себептен бес-алты күн *жай* жаттық (С. Шәріпов). «Қатынды бастан, баланы жастан» деген мақалды қазақ *босқа* айтпаған болар (Д. Еркінбаев).

**Әнші, өлеңші, әуенші сөйл.** *Әнді нақышына келтіре жақсы орындаушы, өлең айтушы адам.* Ел ішінде талай бармағынан бал тамған күйші, бұлбұл көмей *әнші* әйелдер болған («Қаз. әдеб.»). Жаным-ау, мына Әлжан домбырашы ғана емес, әжептәуір *өлеңші* де екен ғой (М. Дүйсенов). Сол кітабын қыпшақ даласынан шыққан әйгілі *әуенші*, қобызшы өз шәкірті Қорқытқа сыйлаған еді («Лен. жас»).

**Әңгіме, сұхбат.** *Белгілі бір оқиға жайын баяндап айтып беруге арналған отырыс, жиын.* Олардың осылай бастаған *әңгімесін* сұраусыз кіріп келген почташы бөліп жіберді (Ж. Тілеков). Нұржанар түнгі ән-күйден, әңгіме-кеңестен құр қалғанымен, ертеңгіліктегі *сұхбат* үстінен дөп шықты (Ә. Бісқақов).

**Әңгіме, хикая, хикаят кітаб.** *Қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма.* Шын болған оқиға жайында мен бір *әңгіме* жаздым (С. Ерубаев). Бала кезімізде оның жазған *хикаялары* бізді Жюль-Верннің романдарынан кем қызықтырған емес (Қ. Жұмаділов). Бұл *хикаятта* айтылған жайттар баз біреулерге бұрыс та, біреулерге дұрыс та көрінуі мүмкін (Ә. Бөриев).

**Әңгіме-дүкен, әңгіме-кеп, әңгіме-кеңес.** *Қызды-қызды сөз, кең отырыс.* Үйдің сыртында төртеуі отырып тағы *әңгіме-дүкен* құрды (С. Талжанов). Ауыл-ауылға соғып, адамдардың *әңгіме-кебіне* құлақ күрді (М. Жұмағұлов). *Әңгіме-кеңестен* қажыған Әліби қатты ұйқыға кетті (М. Жұмағұлов).

**Әңгімелеу, баяндау, көйіту.** *Көрген-білген іс жайында жүйелеп айтып беру.* Шопан сәл ойланды да, сол бір төбенің тарихы жөнінде *әңгімелеп* кетті (Н. Әбуталиев). Бұл арада Мукусовтың берік кірпішті қалай жасау технологиясын *баяндап* жатудың қажеті жоқ (С. Мұқанов). Бәріне келген жұрттың тағы *көйітті*, Әжібайдың не жасырын қылғандарын (С. Торайғыров).

**Әңгімешіл, әңгімеқой, әңгімеқұмар.** *Әңгімені жақсы айтып, жақсы тыңдайтын.* Абайдың Әйгерімнен туған үшінші баласы Мекеш *әңгімешіл*, ертекшіл еді (М. Әуезов). Ал мынау Мұқан ағай да *әңгімеқой*,

ертегіші (А. Машанов). Бағанағы әзірде зәреміз қалмап еді, – дегеннен бөтеп әншейін *әңгімеқұмар* әжем ештеме айтпады (С. Жүнісов).

**Әпенді, қожанасыр.** *Ойына келгенін айта салатын, алаңғасар.* Шал қаншама аңғал, *әпенді* болғанымен, жүрегі таза еді (Ә. Қалмырзаев). Бар десек, әрине, ол барады, бірақ *қожанасыр* неме ғой, бірдемені бүлдіріп алар (М. Ғабдуллин).

**Әперу, алып беру.** *Бір нәрсені қолына алып басқаға беру.* Шүкіман шырағым, ана жақтан апаңа болысып, орамал *әпер*, дастарқан жайып жібер, – деді Бекей (М. Әуезов). Сөренің жоғарғы жағынан сұраған кітабын *алып бердім* (Ауызекі тіл).

**Әнке, әпеке сөйл.** *Ата-анасы бір, туыстас қыздардың үлкені.* *Әнкесінің* киген тонын сіңлісі де киер (Мақал). Жұмысшылар балшық беріп жіберсе, *әпекеңнің* бір қой, бір қос қазысын шығын қыласың ғой, – деді Шоқанға (С. Бегалин).

**Әпкей, әпкетай, әпкешім, әпкежан.** *Әпкесіне жалынтып, еркелеп, құрметтеп айтылған сөз.* *Әпкей*, сізге қоятын сұрағым бар (Ауызекі тіл). *Әпкетай*, көмектесіп жіберіңізші (Б. Соқпақбаев). *Әпкешім* тезірек келсе екен (Ауызекі тіл). *Әпкежан*, мені де өзіңізбен ала кетіңізші (Ауызекі тіл).

**Әпкелі-сіңлі, апалы-сіңлі жерг.** *Әпкесі мен сіңлісі.* Егер екі қыздың бірі – әпкесі, екіншісі – сіңлісі болса, үйлесімін дұрыс келтіріп *әпкелі-сіңлі* деп атауымыз керек қой («Ана тілі»). Өкінішке орай, қазақ тілі сөздіктерінде *апалы-сіңлі* атауы ғана беріліп жүр («Ана тілі»).

**Әрегірек, әрменірек, әртінірек.** *Әрі тамандау, бертін емес.* Бірақ Жүнісов *әрегірек* отырды да, баяндаманың қалай өткенін сұрай алмады (Х. Есенжанов). *Әрменірек* тағы бір-екі жылқы шөпті бырт-бырт үзіп, жайылып тұр (Б. Соқпақбаев). Терезе тұсынан *әртінірек* жалғыз алма ағашы үй орнындай жерді иемденіпті (Р. Әутәліпов).

**Әрең, азар, зорға, әзер, әупірімдеп.** *Зордың күшімен, әрең дегенде.* Ақзейнеп көзіне кеп қалған жасты *әрең* тыйды (Ж. Молдағалиев). Қашан Шудың бойында отырған Алшын Әйтеке үйіне өліп-талып *азар* жетеді (С. Талжанов). Бақыт сүлесок боп әбден шаршалты, баспалдақтан аяғын сүйрете басып *зорға* көтерілді (С. Мұратбеков). Аяқсыз көрген күнің де күн емес-ау, сегіз жүз метр жерге екі түн жылжып *әзер* жеттім (Ә. Әбішев). Малды әйтеуір *әупірімдеп* қыстан аман алып шықтық (Т. Әбдіков).

**Әркелкі, әрқалай, әрқилы.** *Алуан түрлі, түрлі-түрлі.* Балық түрлерінің тағамға жарамдылығы *әркелкі* болады (К. Күлеков). Өйткені әр жылда, әр айда ауа райы *әрқалай* өзгеріп отырады (А. Балтабаев). Өз қарауындағы қызметкерлерге Ақаң *әрқилы* міндеттер жүктеді (Ауызекі тіл).

**Әркім, әрбіреу.** *Кім көрінген, кез келген кісі.* Боз үйдің жанында бағанадан бері *әркімнің* атын атап шақырып тұрған дауыс басылды (Ғ. Мұстафин). *Әрбіреудің* тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді (Абай).

**Әрмен, бетер.** *Бұрынғыдан әрі.* Бет қаратпайтын бір ызғар жел шығып, мал мен жанды онан *әрмен* бүрсендетіп жіберді (Б. Соқпақбаев). Жау көп болса басында, Бірі қалмас қасында; Жетектесең табандар, Далаға шығып өзіңді, Жаудан *бетер* жамандар (Абай).

**Әріптес, қызметтес, істес, кәсіптес, еңбектес, жұмыстас.** *Бірге жұмыс істейтін, қызметі бір.* Әдепті, зиялы адамдар *әріптесінің* сөзін аяғына дейін тыңдап алады да, өз ойын сонсын барып айтады (С. Байжанов). Қыздың *істес, қызметтес* адамның жайын білгісі келген ғана сиқы байқалады (Т. Нұртазин). *Еңбектес* достары сияқты Мағауия да жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу ісіне өз үлесін қосты («Қазақст. мект.»). Осы бір жайдары мінезді, абзал жанды *жұмыстасым* туралы сіздерге айтуға хақым бар сияқты (Ж. Қалмағамбетов).

**Әсер, ықпал.** *Қимыл-әрекеттің немесе бір заттың екінші бір затқа тигізетін ырқы.* Пушкин үйінен өмір бойы көңілден кетпейтін мол *әсер* алдық (С. Мәуленов). Орыс шаруаларының игі *ықпалымен* қазақ халқы біртіндеп отырықшылыққа ауыса бастады (М. Ақынжанов).

**Әсерлілік, тартымдылық, ықпалдылық.** *Көңіл күйіне үйлесімділік, әсерлі болушылық.* Суретшілдігі, *әсерлілігі* соншалық күшті осы қысқа сөйлем қазақшаға қалай аударылған? (М. Қаратаев). Даусында кімнің де болса ұққысы келетін бір *тартымдылық* бар («Бәйшешек»). Бұл берілген тапсырманы орындап келу сабақ *ықпалдылығына* тікелей байланысты («Қазақст. мект.»).

**Әскер, армия, жасақ, қол, қосын, шеру.** *Мемлекеттік қарулы күш.* Лезде қаланың барлық көшесі танкі мен машинаға, сұр киінген *әскерге* толды (Ф. Мүсірепов). Совет халқының құрыштай шыныққан жеңімпаз *армиясы* төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысында зұлым жаудың тас-талқанын шығарды (С. Мұқанов). 1219 жылы қыркүйек айында Шыңғысханның *жасағы* Отырар қаласына да жетеді (Т. Тұрлығұлов). Рахымжан өз құралыптастарын жиып алып, Амангелді *қолына* қосылуға Торғайға бет алды (Е. Өтетілеуов). Бұлар ауылға келісімен мананы *қосынды* сұрай бастады. Жұрт оларды қызыл емес, ақтардың қосыны деді (С. Сейфуллин). Бұл уақытта Ақша хан талап етіп, неше мың *шеру* әскер алып аттанды («Ер Тарғын»).

**Әсірелеу, гипербола.** *Бір құбылысты белгілі шектен асыра бейнелеу.* Кейбір жас ақындарымыз өмір шындығын *әсірелеп*, боямалап беруге әуестенді (С. Мәуленов). *Гипербола* деп бір нәрсенің жеке белгілері мен сипаттарын асыра дөріптеуді айтамыз («Қаз. әдеб.»).

**Әсіресе, өте-мөте.** *Ең әуелі, соншама, бәрінен де.* Көң қотырмен ауылшаруашылық малдарының ішінде *әсіресе* қой мен ешкі көбірек ауырады (Ш. Қалықов). Аспанда түнерген қара бұлт қаптап қара түнді *өте-мөте* меңіреу қылып түр (С. Сейфуллин).

**Әтек, белсіз, инақ көне.** *Аталық бездің қабілетсіздігі.* Дұшпанның қысастығына қысастықпен жауап бере алмаған еркекті біржолата *әтек* қып ақталап жіберген дұрыс (Ә. Кекілбаев). *Белсіз* болып, үйлене



алмаудан өткен бақытсыздық жоқ шығар («Мәдениет және тұрмыс»). Берке оны ұстап алып, *инақ* етіп жіберген (І. Есенберлин).

**Әткеншек, алтыбақан, әлпеншек сөйл.** *Тербеліп ойнау үшін жасалған құрылғы.* Үзілген ән шарықтап қайта көтеріліп, қыздар *әткеншек* тебе бастады (С. Елубаев). Тоғжанның жеңгесі мен Ербол *алтыбақан* тебу қонақтың жолы деп, *әлпеншекке* Абайды мінгізген (М. Әуезов).

**Әттеген-ай, әттегене, қап, әттең.** *Қатты өкініп, опық жегенде айтылатын көңіл-күй одағайы.* *Әттегене-ай*, неғып біз бұлай болып қалдық деген ой әрқайсымызды қинады (С. Сейфуллин). Боса да бұлай болған соң былтырғы, ұлы конфискесі дұрыс еді, әй, *әттегене*, – деп басын шайқады (Б. Майлин). Елдегі шаруалардың нанғаны да бар, нанбай ернін тістеп, *қап* бәлем деп жүргендері де бар (С. Шәріпов). *Әттең*, бұдан гөрі басқадай ортада тәрбие көрсе алысқа ұзап баратын жастың тап өзі ғой (Б. Соқпақбаев).

**Әтуер, марқадам, марқадар.** *Сый-сияпат, қошемет, ілтипат.* Үлкендігімізді сыйласа жақсы, сыйламаса *әтуеріміз* кете ме деп, жасы үлкендер де оған қасақана үндемей отыр (Б. Нұржекеев). Қатын-баламды қаңғыртып жіберіп, мұнда қалғанда не *марқадам* таппақпын (Қ. Жұмаділов). Сен әлі тым жассың ғой, қызмет істеп не *марқадар* таптыра қоярмын дейсің (А. Хангелдин).

**Әтір, жұпар, иіссу.** *Адамның бет-аузына, шашына, мойнына жағатын, спирт қосып жасалған хош иісті сұйық зат.* Қыз қырынып болған кісінің *әтір* бүріккен бет-аузын желпіп тұрғызды (К. Баялиев). Жұлдызы көп әлемге сайрандағым келеді, Айдай ару өйелге *жұпар* сепкім келеді (Қ. Бекхожин). Дәмеш ерніне жұқалап қызыл бояу жағып, киіміне, тамағының астына аздап *иіссу* тамызды (А. Жақсыбаев).

**Әуежай, аэродром кітаби.** *Ұшақпен ұшатын жолаушылар аялдайтын орын, жай.* Алматыдан ұшқан ұшақ кешікпей өз уақытында *әуежайға* қонды (Ауызекі тіл). Ауа райына байланысты *аэродром* ұшақ қабылдамайды екен (Қ. Ұябаев).

**Әуелде, әзелде, әуелі, әуелгіде, о баста, әу баста, алғашқыда, бастапқыда, әдепкіде, әуелінде, басында.** *Әдепкі кезде, ең басында.* *Әуелде* бітеу жараша ісіне ауырған бас енді жанды күйзелте солқылдап, Төлешті қайтадан төсекке сұлатты (Ө. Қанахин). *Әзелде* Құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан (Абай). Алтай байсалды пішінмен аяғын сабырмен сенімді басып келіп, анасына *әуелі* қант берді (Ө. Тұрманжанов). Мен *әуелгіде* бұны өйелдер журналы болғаннан кейін онша менсінбейтін едім (Б. Соқпақбаев). Гүлнаш *о баста* бас бостандығы үшін алысты (Т. Әлімқұлов). Күйеуінің шүбеланып отырғанын немесе танданғанын *әу баста* Қанипа ажырата алған жоқ еді (С. Омаров). *Алғашқыда* ұнатып қалған сезім қызбен таныса, сөйлесе келе ұлғайып, сүйіспеншілікке соққан еді (М. Иманжанов). *Бастапқыда* Дина халық күйлерін пайдаланып, өзі де жаңа күй

шығарып жүрген еді (Ғ. Бисенова). Бүгерім жоқ, *әдепкіде* ағайымнан айбындым, айта алмай біраз жүрдім (Н. Сералиев). Осы жанан далада *әуелінде* он шақты үйдің басы құралып, қоныс тепті («Саржайлау»). Ол *басында* күмілжін ештеме айта қоймап еді, ақыры шынына көшті (Қ. Жұмаділов).

**Әуелден, екібастан, жаратылысынан, тумысынан.** *О бастан-ақ, атам заманнан.* Жеткіншекке *әуелден* назар болмаса, кейін жөнге келтіру қиыңа соғады (М. Әлімбаев). Биыл ана ініңе тоқал әпереміз бе деп жүрміз ғой, одан да құлағдарсың *екібастан* (Б. Аманшин). Ғани *жаратылысынан* сондай талантты болатын (Ш. Өтепов). Әбден машықтанып қалған ба, әлде *тумысынан* сөзге жүйрік пе, секретарь жігіт мүдірер емес («Саржайлау»).

**Әуелім, әуелі.** *Керек десе, тіптен де.* Келе-келе механизатор емес қыз-келіншек қалмауы мүмкін бұл ауылда *әуелім* (О. Әбілбаев). Басқасы былай тұрсын, *әуелі* үй арасына да жаю жүрмейді (І. Жансүгіров).

**Әуенділік, әуезділік, саздылық.** *Әуенді болушылық.* Оның музыкасында өзгермейтін негіз *әуенділік* болып қалады, оның қайнар бастауы ұлттық өнерде («Қаз. әдеб.»). Үкілі Ыбырай, Естайлар халық әуесіне қаншалық мазмұн, қаншалық түр, мың бұралған *әуезділік* енгізіп кетті (І. Омаров). Әнші әнінің кеңдігі, *саздылығы* көркемдікті сезінуге ықпал етеді («Мәдениет және тұрмыс»).

**Әуесқой, әуесшіл, еліккіш, еліктегіш, көрсе қызар, қызыққыш.** *Әр нәрсеге құмартатын, қызыққа жаны құмар.* Уайымсыз адам *әуесқой* болады ғой, ханның бар ермегі құс салып, аң аулайды екен (Т. Ахтанов). Баланың ең жас шағынан бастап айналасына ықыласы, *әуесшілдігі*, байқауға тырысушылығы көріне бастайды («Семья тәрбиесі»). Сәби көңілде жазық жоқ, әрнеге *еліккіш*, не болса соған көңілі те (А. Байтанаев). Дегенмен тілші дегендер әр жағдайға, әрбір фактіге қызыққыш, *еліктегіш* келеді ғой (С. Бакбергенов). Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ, *көрсө қызар* нәпсіге ерме (Абай). Мүмкін сол тәрбиенің әсері болар Маржангүл осы күні жылытыраған заттарға *қызыққыш* (Н. Ғабдуллин).

**Әуесқойлық, әуескерлік, әуестік, қызыққыштық.** *Әуесқой болушылық.* Болат ызаланған сайын оның аңшылық *әуесқойлығы* да қыза түскен сияқты (А. Нұрманов). Соңғы он жылдың ішінде шошқаны *әуескерлік* жолымен ату көбейіп кетті (Х. Қыдырбаев). Балам, бүркітке *әуестігіңе* ішім жылиды, маңдайың жарқырай берсін оқып бақ (Ж. Арыстанов). Егер бұған жеткіншектің жаңаға, құпияға *қызыққыштығын* қоссақ, талай жәйітті аңғарамыз («Білім және еңбек»).

**Әулиелі, қыдырлы.** *Әулиелі бар, қыдыры бар.* *Әулиелі* жерде шырақшы жүреді, ол мына алдында отырған ақылшы атаң (Д. Досжанов). *Қыдырлы* қонақ қыдырып келер, *Қыдыры* артынан шұбырып келер (Мақал).

**Әулиелік, әулиешілік.** *Әулие болушылық.* Ол да біздей жаралған адам шығар, соларға *әулиелік* қайдан келген («Батырлар жыры»).

Соның алып бара жатқан *әудіешілігі жоқ*, – деп шал орнынан тұрды (С. Адамбеков).

**Әуре, сарсаң, әбігер, әурешілік.** *Бос машақат, нәтижесіз іс.* Біреулер қанға боялып ұрыс жүргізіп жатса, біреулер біз сияқты сол ұрысқа әзірлікпен *әуре* (Р. Хайруллин). Біздің пененемізге жібі тұзу адамды жазбай, остін *сарсаңға* түсумен бар өміріміз өтін барады (О. Сәрсенбаев). Кетін бара жатып та әжесінің оны-мұны заттары қалып кетіп, асыққанда олар табылмай, текке *әбігер* болды («Таң нұры»). Осы *әурешіліктің* басталғанына екі аптадай уақыт өтті (Ш. Дәрмағамбетов).

**Әуселе, аужай.** *Бір нәрсенің немесе біреудің ыңғайы, жай-күйі.* Үп-түнсіз омырылып отырған жолдасының *әуселесін* байқаған Сатай оны одан бетер қажытып, табалауды мақұл деп таппады (Т. Бердияров). Өкіметтің *аужайына* қарармыз, егер тынышты өкімет болса, біз де қолдай кетерміз (С. Мұқанов).

**Әшекей, өрнек, ою, мәнер, нақыс, нақыш, безеу, бедер, оймыш.** *Бір нәрсенің бетіне түсірілген сымбат өнерінің суреттері.* Үйдің екінші жағындағы алуан түрлі *әшекейі* кете бастаған ағаш төсектің үстінде ұйықтап жатқан өзінің шалы Қазыбектен басқа бұл үйде қазір жан жоқ (Ә. Әбішев). Шебер қол ақ жібекке *өрнек* салған, бір қымбат нәрсе екен-ау жүрер есте (З. Шүкіров). Неше түрлі әдемі *оюлар* салған жаңа сырнай оған қатты ұнады (С. Бакбергенов). Киев жапа салынған үйлерімен ғана емес, әрқилы *мәнермен* салынған ескерткіштерімен де әдемі (К. Токаев). Кешегі өзіне ғана тән бейнелесу *нақысы* мен ою-өрнегін жоғалтып алып, қайтадан таба алмай жүрген халық аз ба (Т. Ахтанов). Әр тасы, әр бояуы, әр *нақышы* жаңданып, күмбірлеп тұрғандай сезіледі (А. Лекеров). Алтынан бір *безеуге* жабдық салып, ертемен залға біреу келді алып (Т. Ізтілеуов). Кейбір жартастың бетінде шілтер сияқты күрделі *бедерлер* өрнектеледі (С. Орынбасев). Таяғын кенет жігіт қолына алды, *Оймышқа* бетіндегі көзін салды (Ө. Тұрмаңжанов).

**Әшекейлеу, өрнектеу, мәнерлеу, нақыстау, нақыштау, оймыштау, оюлау, бедерлеу, безеу, сәндеу, көркемдеу, әспеттеу, әлеміштеу, зерлеу.** *Түрлі-түсті өрнек салып безендіру, сәнін келтіріп көріктендіру.* Имам қалтасынан күміспен *әшекейленген* сүйек шақшаны суырын алды (З. Шашкин). Қолөнер жиһаздарының ішінде *өрнектен* түр салынған ши тоқушы қазақ әйелдері ерекше көзге түседі («Қазақст. әйелд.»). Заттарды қажетке жаратумен қатар *мәнерлеу*, оюлау, бедерлеп әдемілесу сияқты эстетикалық сезім де дамыды (С. Қасиманов). Ақ сүйектен *нақыстап*, жез шегені қаусырып қалай шебер қақты екен? (Ж. Сыздықов). Біз ұстамыз – темірден өрнек өрген, *нақыштаған* болатты зер-бедермен (Қ. Бекхожин). Сүйектен *оймыштаған* төсек ағаштың алдында кемпір отыр (С. Бегалин). Терісін ақбөкеннің бостек қылған, Ақ киіз *оюлатып* сырмақ салған (И. Байзақов).

Домбыра тоғыз ішектегі тартқан баптап, *Бедерлеп* піл сүйегін қойған қаптап (Ө. Тұрманжанов). Алтынмен ішін *безеген* Сырты күміс ақ отау. Келістіріп түзеген Арттыруға сайланды (Қобыланды батыр). Ақ мәрмәр тастан оюлап *сәндеген* аппақ орданың алдында айбалта ұстаған сақшылар әрлі-берлі сенделіп жүр (О. Сәрсенбаев). *Көркемдеп* көргенін де жеткізе алмай, Кейде бір қиналады жаңа арманда (З. Шүкіров). Сәулетті қала, зәулім үй, Өсті білім, ой-сана, көк тіреген көп үйлер *Әспеттелген* астана (А. Тоқмағамбетов). Оюмен *әлеміштеп* отауларды торлаған туырлығын неше қабат (И. Байзақов). Үшеуі де етек-жеңін *зерлеп* тастаған қынама бел камзол киген (Ө. Қанахин).

**Әшекейлі, өрнекті, оюлы, мәнерлі, нақысты, нақышты, оймышты, бедерлі, сәнді.** *Ою-өрнек салып безендірілген, әдемі, әсем, келісті.* Байдың бұйымы ақтарылғанда *әшекейлі* ала кебезенің ішінен ескі қобыз шықты (Б. Майлин). Көгала киіздей тұтасқан көк сазға жағалай тігілген әсем *өрнекті* киіз үйлердің көркі көздің жауын алғандай (Н. Айдаров). Кілемдер тұтылып, әсем *оюлы* сырмақтар жазылыпты (М. Әуезов). Бөлме іші тап-таза, еденге түкті, *мәнерлі* кілемдер төселген (Ж. Молдағалиев). Өрнек *нақысты* әшекейді тек қана тастан ойдырған (М. Әуезов). Баяғы сәукеле, баяғы *нақышты* етік жоқ (Т. Әлімқұлов). Көмбенің төріне қастерлей жиналған *оймышты* сандық осы дүниелердің басы іспеттес (А. Мекебаев). Бір кезде осы жағалаудағы ең еңселі, *бедерлі* көк терезесі бар әдемі үй болушы еді (Б. Тілегенов). Сұлтан үстіне жібек түкті *сәнді* бұқар кілемі жабылған төрдегі үлкен сандыққа барып отырды (І. Есенберлин).

## Б

**Ба, бе, ма, ме, па, пе.** *Сұраулық шылаудың фонетикалық нұсқалары.* Құлмамбет, сен жақсы да, мен жаман *ба*, Ақында сен жүйрік те, мен шабан *ба* (Жамбыл). Үлкенің бар, кішің бар, осынша жанның ішінде сөзге шешен мен *бе* едім («Бозінген»). Бұл үйде Сара бар *ма*, отыр неғып, Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып? (Біржан сал). Ақыры көп тілеуі көл болып, сол азаматтарымыз аман-есен елге келмеді *ме* (І. Жансүгіров). Байқасам, сол әріптестерімнің айтқаны рас *па* деймін (К. Тоқаев). Адамның денесі өзін жүрген жердің бір битімдей құмына ұқсас емес *пе* (Абай).

**Баға, нарық, құн, бәс.** *Бір нәрсенің ақшаға шаққандағы қаражат мөлшері.* Совхоз жұмысшыларына, колхозшыларға жеке пайдалану үшін керекті ағаш республика немесе облыс белгілеген *баға* бойынша сатып беріледі (А. Әбішев). Бұлғын терісі қашаннан да өте жоғары *нарықпен* бағаланады (Ж. Кенжебаев). Неге олай дейсің, сен оған жерінің *құнын* түгел төлейсің (Қ. Исабаев). Дутов кезінде шығарылған Орынбордың жаңа ақшасы бұрынғы *бәсін* жойған жоқ («Әдебиет және искусство»).

**Бағалы, құнды, қымбат, бұлды, татымды.** *Нарқы өте жоғары, арзан емес.* Маңдай тер, табан ақыммен тапқан, шешем мен жеңгеме әкеле жатқан *бағалы* асыл бұйымдарым бар (Б. Соқпақбаев). Ірі ғалымдар мен қаламгерлер аталған шығарманың ғылыми және әдеби жағынан аса *құнды* еңбек екеніні атап өтті (Д. Дәуренбеков). Пәтері төрт бөлмелі екен, бөлмелердің іші толған *қымбат* гарнитур, асыл кілем (І. Есенберлин). Бөліп үйір жылқысын, Жібек жал тұлпар *бұлдысын*, Жігіттің балуан ірісін (Жамбыл). Тасқынды еңбек поэзиясынан нәр алмай *татымды* шығармалар тумайтыны белгілі (С. Мәуленов).

**Бағана, бана.** *Біраз уақыт бұрын.* Ол *бағана* қос атты арба әрі асып кеткен боз белге жоғы жасырулы тұрғандай ұзақ қарады (Б. Шаханов). *Бана* өзім барғанда ішек-қарын аршып, бірталай нәрсе әкелетін едім (Б. Майлин).

**Бағанағы, банағы, манағы.** *Бұдан біраз бұрынғы.* *Бағанағы* ақсары бас өгізін құдай жолына бағыштаған қара сақалды кісі жиналысты ашты (Ш. Байбатшаев). Бібырайдың үйінде жәрдемші болып, *банағы* Нияз деген бала жігіт тұратын еді (С. Сейфуллин). Өзіме таң қала қарап, иіріліп тұрған жігіттерге *манағы* өленді оқып берсем деймін (Б. Мұқаев).

**Бағанадан, манадан.** *Манағы бір кезден бері.* Есімнің оң жағында *бағанадан* бері үндемей отырған қонақ бала күліп жіберді (А. Лекеров). *Манадан* бері қалай байқамағам дегендей, Сәнжан оған бір сәт таңдана қарап қояды (Ә. Тарази).

**Бағасыз, құнсыз.** *Бағасы төмен, арзан.* Егер кісі орын таппай, не болса сол бір баянсыз, *бағасыз* нәрсеге қызығып құмар болады (Абай). Әке-шешесі үшін Дәмеш сияқты қыздар *құнсыз* бәсеке сатылып жатыр (Б. Майлин).

**Бағлан, марқа, кепе.** *Есейген, ересек тартқан қозы.* Ол қоламтаның үстіне етке толы қарынды салды да үстін *бағланның* терісімен жапқан-ды (Ә. Бектасов). Ерте туған *марқа* қозылардың шөбін тартып жеуі көңіл бөліп қарамауға болмайтын өте қызық суреттер (К. Шәкенов). Жүндері жылтырап жетілген *кепе* қозыларды бірінен-бірін ажырату да қиын («Дала шұғыласы»).

**Бағу, жаю.** *Малды өріске шығарып қарау, күту.* Қой *бағу*, малды күту қазақ үшін өте сүйікті еңбек, абыройлы іс болған (М. Әуезов). Ерте қоздатуға көшірілген саулықтарды астық дақылдарының аңыздарына және беде орамаларына *жаю* қажет (Т. Әпсеметов).

**Бағындыру, қарату, жүгіндіру, бас идіру.** а) *Біреуді айтқанына көндіру, мойынсындыру.* Кімде кімнің шаруасы бар? Елдің бәрін өз дегеніне *бағындыру* мүмкін бе? (З. Қабдолов). Әрбір солдат пен офицердің жүрегін билеп, өзіне *қаратып* алды (І. Омаров). Бірақ балаға әкеп *жүгіндіріп*, соның сөзіне ергені батып кетті (Б. Тілегенов). Байқадам қашқындарға *бас идірудің* жолын қарастырып ой үстінде

тұрған сәтте Жетібай мен Дауыл жетті (О. Иманалиев). ә) *Құшпен жаулап алу, тәуелді ету*. Кенесары бұл айқасты қазақ даласын өзіне бағындыруда Ақмола бекінісін алудан бастамақ болды (І. Есенберлин). Индияға Бабурдың соғыспен кіріп, осы күнгі Дели қаласына шейін өзіне қаратып алған жылы 1526 жыл еді (М. Әуезов).

**Бағынышты, бағыныңқы.** *Басқаға бағынуға мәжбүр болған*. Командирдің әр қимылы, әр сөзі оның жүзіндегі әрбір белгі бағыныштыға тез танылады (Ә. Нұршайықов). Пендеге пенде басы бағыныңқы, желіге байлап қойған құлындаймыз («Айтыс»).

**Бағып-қағу, бағып-күту, асырап-сақтау.** *Қамқорлық жасап, тәрбиелеп өсіру, асырау*. Қайыржанды өзім бала ғып алам, кішкентайында мұның әкесі мені бағып-қағып адам қылған (Ө. Қанахин). Ашығып, жүдеп, терісі терісіне жабысқан жанды қайырымды бір қарт ана талай күн бағып-күткен (Е. Әкімқұлов). Күләш осы бір үлкен семьяны асырап-сақтап қана қоймайды, балалардың оқып, білім алуына да көп көңіл бөледі (М. Ғабдуллин).

**Бағыт, бағдар, беталыс, бет, жол.** *Алға ұстаған нысана, жоба-жоспар*. Мен он жаққа қарай жылжыдым, бағытым – қарауытқан қалың орман (Ж. Жұмаханов). Төңіректе бағдар етіп бетке ұстайтындай ештеңені боран көрсетпеді (Б. Соқпақбаев). Рота, взводтар тобымен, әрқайсысы өз беталыстарымен жүрсін, – деп, Момышұлы бұйырған («Ол күндер»). Біріне-бірі жаяу қатынасып тұрғандай жақын отырған ауылдардың біреуіне бетімізді түзеп келеміз (С. Шәріпов). Бір үміт, бір қауіп көңілге жол тауып, кірген соң сөз қиын, өрнеге ой ауып (Абай).

**Бағытсыз, бағдарсыз.** *Бағыты көрсетілмеген, бағдары белгісіз*. Ей, суық жел, кара жел құр бағытсыз барламай, Айжанға ой сала кел, сауал сұрап сарнамай (А. Шамкенов). Жас келіншек қараңғылыққа сүңгіп кетіп, түнгі даланы бағдарсыз кезіп көп жүрді (Д. Шабеков).

**Бадана, жуашық, пиязшық.** *Жерге түйін тастап өсетін өсімдік*. Хош иісті бадана, Гүлі өте көп әрі хош иісті өсімдік (С. Түрдиев). Алақоржындар жазда өсімдік сабақтарын, жуашықты жейді (Б. Мұқаев). Көбейтуге арнап отырғызылған пиязшықтар вегетациялық дәуірінің соңында өсіп-жетіледі (Т. Мұсақұлов).

**Бадырақ, бадыраң, адырақ, адыраң, бадана (көз).** *Сыртына шығыңқы бақырайған үлкен көз*. Дәулетқан – бадырақ көз, қыр мұрын, ат жақты, бойшаң сары бала (Ж. Өмірбеков). Арасы алпаң бадыраң көздері шатынап, дөңбекшіп шарасынан шығып барады (Ш. Шалқаров). Оған қатарласа күйек сақалды, адырақ көз кара Лұқпан дейтін отыр (Б. Майлин). Қоян шалмақсың-ау, адыраң көздерінің еті тығыз ғой (Ж. Мусин). Төрде отыр үкі тамақ, бадана көз, қиық мұрт, аузы толған сарала сөз (С. Баймолдин).

**Бажылдақ, бажылдауық.** *Бажылдап ұрыса беретін, керіскек*. Сол гүрілді тастағысы келгендей бір бажылдақ ащы айғай найзағаймен

қабаттаса шықты (Ш. Мұртазаев). Тұу, апажан-ай, мына қыздың шешесі мынадай *бажылдауық*, өзі қандай екен демей ме? (С. Мұратбеков).

**Базар, рынок.** *Арнайы алаңға орналасқан еркін сауда-саттық орны.* Соңғы жылдары бұл аңның терісі де аң терілерінің дүниежүзілік базарында қымбат бағаланатын болып жүр (Х. Қыдырбаев). Дүние жүзілік *рынокта* жылқы етін жоғары бағамен өткізу үшін оны шетелге дайындауды дұрыс ұйымдастыру керек (К. Дүйсембаев).

**База, базар, қалашы.** *Қалаға әдейілеп барып, керек-жарағын алып, сауда-саттық жұмысын атқарып қайтатын адам.* Қонақтарын *базаршыларға* қосып, Белгібай қарт үйіне қайтты (Ғ. Мұстафин). Кейде керуен болып, көп түйелі, шаналы *қалашылар* да Сейіттің кішкене қорасына көлік сайманымен зорға сыйып, әлденеше күндер жатып кетіп жүретін (М. Әуезов).

**Базына, наз.** *Өзімсінген адамдарға айтатын өкпе, сыр.* Беркінді ауруханадан шығарғандай болса, уақытша өз үйінде ұстай тұр, не болмаса, өкеліп бер деп жолдастық *базына* жасаған-ды (М. Дүйсенов). Өкпенді де, *назыңды* да ашық айтып арылуға да болады (С. Сматаев).

**Базыналы, назды.** *Базынасы бар, қылығы жарасқан.* Сары қыздың *базыналы* бұлқынысы бар, тас бұлақтың сылдырымен жарыса, назды сықылықтағаны көкейде (Т. Әлімқұлов). Жолаушылар жол бойы әсем ән, *назды* қалжың айтып, Бостандыққа жеткенін байқамай қалды (Л. Құрманбаева).

**Бай, мол, ен, көп, қыруар, ырғын.** *Шамдан тыс, толып жатқан, есебі жоқ, сансыз.* Қазақ ауыз әдебиетінің бір *бай* жері – Көкшетау (С. Мұқанов). Өнер түрі елде *мол*, өнім сыры жерде *мол* (Мақал). *Ен* тегін етке қолым тиіп тұрғанда білем-білем құйрықты, қос-қос қазыны оған да бердім, бұған да бердім (І. Жансүгіров). Тілі де, махаббаттың түрі де *көп*, Шегі жоқ, шыңырау терең түбі де жоқ (Ж. Молдағалиев). Ақыны, әнші, күйші *қыруар* жан Аймағын Жетісудың жинап алған, Сабаннан төсек, ерден жастық етіп, Жастарға жай салғызды ат қорадан (Жамбыл). Былтыр жүз гектар жерге егін егіп көріп еді, өнімі *ырғын* болды (С. Ақтаев).

**Байбаламдау, байбайлау, бажалақтау.** *Күйіп-пісіп безектеу, байбалам салу.* Іске шын үйіліп ортақтаса шешудің орнына қара басын қорғап *байбаламдап* шыға келеді (М. Қаназов). Қасымдағы досымның табанына бірер рет қураған жиденің шөңгесі кіріп, *байбайлап* отырып қалған (О. Сәрсенбаев). Айналаны даңғыратып *бажалақтаған* біреу оны тенкіге алып жатыр (Ж. Төшенов).

**Байжанды, еркекжанды.** *Еркекқұмар, қызғаншақ.* Әйелі болар *байжанды* («Халық жырлары»). Менен екі есе мықтысың, *еркекжандысың* (М. Сатыбалдиев).

**Байқаусыз, аңдаусыз, қаперсіз, абайсыз, бейқам.** *Ойламаған, күтпеген кезде.* Ат басын кейкитіп шұлғып қап еді, *байқаусыз* келе жатқан шалдың қолынан ноктаны жұлып әкетті (З. Шашкин).

Мүлгіп-шүлгін отырған Жәрдем Төленді *аңдаусыз* иығынан түрткіп қалды (Ө. Ахметов). *Қаперсіз* тұрғандар назарып алыстан аспанға түйдек көтерілген шаң бірден аударды (А. Нұрқапов). Қасым өзінің кезерген ернін Қаншайымның оттай лаулаған бетіне *абайсыз* тигізіп алғанын бір-ақ білді (Ө. Қанахин). Жыланның уы басында, *Бейқамның* жауы қасында (Мақал).

**Байланысты, қатысты.** *Байланысы бар, сай, орай.* Осы құмдағы жайлауға *байланысты* менің ес білетін кезімде мынадай бір оқиға болыпты (Ө. Қанахин). Тәрбиешіге *қатысты* сөз: әуелі өзіңе-өзің түзік бол, өйткені тез қасында қисық ағаш жатпайды (М. Әлімбаев).

**Байлау<sup>1</sup>, байлам, бітім, тоқтам, шешім, ұйғарым, мәмле, арман көне.** *Белгілі бір істің, ойдың қорытындысы, ортақ бір пікірге келушілік.* Әкем оның сөзін қабағы түйіліп, салқын тыңдап отырды да, өз *байлауын* кесіп айтты (Н. Фабдуллин). Үстірт сөйлеп, жеңіл *байлам* жасап тұрған бұл жігіттің сөзіне мен әрі кейіп, әрі ойланып қалдым (С. Шаймерденов). Ақылға келейік, қызып кетсек, мына бала бізді ажырата алмас, – деп атынан түсті, *бітім* ыңғайын білдірді (Д. Досжанов). Тек Бауыржан Момышұлымен ақырғы *тоқтамға* келгеннен кейін ғана Александр Бек кітап қолжазбасын баспасөз бетіне ұсынды (Ә. Нұршайықов). Гүлфайым оқуға түсетін болғандықтан, есебі алынсын деген *шешімге* келді (С. Бегалин). Қарт малшылармен ақылдасып шешкен *ұйғарымы* осы еді (С. Байжанов). Жақыпбектің сөзінен кейін Жарқын Сапармен қанша *мәмлеге* келейін десе де, бір иліге алмай-ақ қойған (М. Иманжанов). Сурет өнерінен, ән мен күйден хабары бар ойлы ақын сол айтыстардан өзі үшін үлкен бір *арман* алып кетіп еді (Ф. Мүсірепов).

**Байлау<sup>2</sup>, матау, тую, таңу.** *Жіппен, тағы басқамен бір нәрсені бекіту.* Ол белін буынып, тымағының бауын мықтап *байлап* далаға шығады (З. Ақышев). Қойларды *матап*, куәларды жинап, қол қойғызып қойдым, – дейді көршісі (Д. Досжанов). Ол үн-түнсіз қойнынан шүберекке *түйілген* бірдеңені алып, Бөрібайға қос қолдап ұсына берді (Т. Дәуренбеков). Сарғасқа тоқтап, пышағын алып, Хадишаны *таңған* арқанды кесіп-кесіп жіберді (С. Мыңжасарова).

**Байлаулы, матаулы.** *Жіппен және басқамен байланған, буылып, таңылған.* Бір шетте он шақты жігіт қолы артына *байлаулы* тұтқындарды қамап тұр (Б. Аманшин). Онда да аяқ-қолың *матаулы* хал кешкенмен, көлденеңнің көзінен аулақсың ғой (Ә. Кекілбаев).

**Байлық, қазына, дәулет, игілік, кеніш көне., мүкәммал кітаб.** *Жиналған көп мал-мүлік, мол жиһаз, бағалы заттар.* Мынадай *байлықты* қолына ұстата берген соң, көрейін оның қалай жанын салмасын (С. Жүнісов). Енді осы қыруар *қазынаны* бұрынғы орнына апарып жасыруға да болмай қалды (О. Сәрсенбаев). Құнанбай қара шаңырақ иесі, қалың *дәулет* пен өмір, билік иесі (М. Әуезов). Ел дәулетін солықтырып, материалдық *игіліктерді* өндіруші адамдар таңғажайып кереметтер жасап жатыр («Қаз. әдеб.»). Арам, арам түбі –



репіш, Адал, адал түбі – *көпіш* (Мақал). Оның Ақбақайда орыс байларынікіндей мол *мүкәммалы*, қарағай үйлері бар (Б. Аманшин).

**Байпақ, шұлық.** *Аяққа киетін ұзын тоқыма зат.* Қой жүнінен шаруалар қолғап, *байпақ* және сол сияқты керекті жылы заттар тоқиды (М. Ермеков). Қалипа ұзын *шұлығының* қонышынан бір топ он сомдықты суырып алды (С. Омаров).

**Байсалдырақ, байыптырақ.** *Әжептәуір байсалды.* Бүгін, міне, бозбаламын, өзімді соған лайық сылқым да, *байсалдырақ* ұстауға тырысамын (Б. Соқпақбаев). *Байыптырақ* ойлап қараса, бұл айтылғанның бәрі де жөн екен (Ә. Жәмішев).

**Байсырау, ерсіреу, күйеусіреу, еркексіреу.** *Күйеуге шыққысы келу, күйеу іздеу.* Бұл жаста қазақ әйелінің *байсырамайтыны* анық (Ұ. Доспанбетов). Ертайы төрт жыл майданда жүргенде де, *ерсіреп* емешегі үзілген кезі болмап еді (К. Кереева). Бір жыл болмай жатып *күйеусірей* қалса, мен қайтпекпін, – деді Сүйеу мысқылды дауыспен (Ә. Нүрпейісов). Қарық қылдым дегені *еркексіреген* қатынның бір ықыласындай ғана баянсыз (Ә. Нүрпейісов).

**Байырғы, заманғы, заманалық, баяғыдағы, ескілікті, заманауи.** *Бұрынғы өткен дәуірдегі, ертедегі.* Қазақ халқы өздерінің жеті атаға жеткенде ғана некелесетін *байырғы* салтын сақтап келген (М. Ысқақов). Шалғынға жүзген кең жазық, *Заманғы* жайлау Ералы, Ақынға тартқан жол азық Сақтапты сырын ол әлі (Ф. Орманов). Аға ұрпақ атқарғап, әлемдік тарихқа әсер еткен *заманалық* жұмыстар жалғасын табуда («Қазақст. мект.»). Өмірбай *баяғыдағы* ақ селеудей үлпілдеген жауқыр көз сұлу мен кексе тартқан мынау келісті ақ бөйбішенің қайсысы Жамбы екенін біле алмай аңырап қалды (Ш. Құмарова). Өне бойын қына басып кеткен төрт-бес қара тас – *ескілікті* моланың орны (Ә. Кекілбаев). Әділдік жолындағы адамның сөзі, қарекет-тірлігі арқылы *заманауи* міндеттерін алға тартамыз («Қаз. әдеб.»).

**Бақ, бақыт, құт, ырыс, талай, береке.** *Адамды үстем ететін, қуанышқа бөлейтін игілік, мерей.* Қалмаған Онегиннің ешбір *бағы*, өтіп кеткен жүректің отты шағы (Абай). Қорқыныш пен ерлік, мұң мен қуаныш қосақтасып, бір бейнеге сыйып тұрса, ақын үшін бұл үлкен *бақыт* қой (Ф. Мүсірепов). Мал деп жиырылма, ұлым. Ол халқымның *құты* болатын (К. Сегізбаев). «Жақсы туылса, ел ырысы, Жаңбыр жауса, жер *ырысы*», – дейді халық даналығы («Жас Алаш»). Тәңірім *талайыма* не жазса да, бір іске бел бұғаным рас (А. Сейдімбеков). Астық – ол бүкіл елдің *берекесі*, Астық – ол бейбіт күннің мерекесі (О. Шипин).

**Бақай, башпай, башай, бақайшақ.** *Омыртқалы жан-жануарлар мен адамның қол-аяғының саусақ сүйектері.* Көбінің ұлтаны түсіп, ұрттары тесілгендіктен *бақайлары* жылтындайды (Ә. Шәріпов). Түні бойы кескен аяғы сырқырап, жоқ *башпайларына* дейін сезініп, қиналып шықты (З. Шашкин). Әдетте үсік алдымен адамның құлағын,

мұрнын, *башайлары* мен саусақтарын шалады (Е. Оразақов). Қалың қойым қаптаған қара жерде қайысқан, көтере алмай денесін *бақай-шағы* майысқан (Ж. Жолданов).

**Бақбақ, үргедек сөйл.** *Ерте көктемде өсетін көпжылдық шөп тектес өсімдік. Бақбақтың гүлі ертеңгі сағат алты шамасында, ал итмұрынның гүлі таңертеңгі сағат төрт жарым-бесте ашылады* (Ж. Әбиев). Талай бақ түлеп мәуелі, өтті ғой талай ай-жылдар, *Үргедек* ұшып әуелі, Қанатты сосын жайдыңдар (Қ. Шаңғытбаев).

**Бақталастық, күндестік, бақастық, бәсекелестік.** *Бірін-бірі көре алмаушылық, егестік, өштесушілік.* Хандыққа таласқан қазақ сұлтандарының арасындағы *бақталастық* ашық жаулыққа айналды («Қаз. әдеб.»). Өзінде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден, *Күндестігін* қоздырып, артылам деме езбеден (Абай). Қожа Ахмет Ясауидің мұрагерлеріміз деген қожа тұқымынан өзара *бақастық* күшейіп, ұрыс-жанжалдар шыға береді (О. Дастанов). Кей кезде *бәсекелестіктің*, дәріп құмарлықтың сайтаны араларын ажыратушы еді (Т. Әлімқұлов).

**Бақылдасу, арыздасу, қоштасу.** *Дүниеден өтейін деп жатқан адаммен кешу айтысу.* Әжем әкемнің бетін ақ шүберекпен жаба берді де: «балапаным-ай, *бақылдаса* алмай қалдың-ау», – деді (С. Сәрсенбаев). Бөжей: – Әйтеуір, кеше кешке бар жанкүйер ағайынын шақырып, *арыздасып* жатыр дегенді есіттік (М. Әуезов). Балалық балауса шағымен ерте *қоштастырған* кешегі сұрапыл соғыс жылдары көз алдына келді («Қаз. әйелдері»).

**Бақырауық, бақырғыш, айғайшыл.** *Бақыра беретін, айғайлай беретін.* Машаның *бақырауық* мінезінен Жамал бұрыннан да запы болса, енді тіпті қысылып, бір жерге тұрақтамайды (З. Шүкіров). Көршінің *бақырғыш* әйелінің даусы естіліп жатты («Соц. Қазақстан»). Өнегелі сыннан досын, өнеріне қажеттіні ала білмеген кәсіпкердің ызақор, *айғайшыл* келетінін тәжірибе де көрсетіп жүр («Қаз. әдеб.»).

**Бақыру, ақыру, бажылдау, ойбайлау, аттандау, айқайлау, шыңғыру, қышқыру.** *Баж-баж етіп қатты дауыс шығару, ащы дауыспен байбалам салу, ұлап-шулау.* Құр айғай *бақырған*. Құлаққа ән бе екен? Өнерсіз шатылған, Кісіге сән бе екен? (Абай). Алыстан Түйебайдың аюдай *ақырған* даусы естіліп, денені түршіктіреді (Ә. Әбішев). Шарафиянов айғай мен пәле сөзді айтып, көп *бажылдаса* да, төбелеске бата алмай, тайқи берді (М. Әуезов). Кенет, әуелі әлдене дүсір ете түскендей болды да, *ойбайлаған* қыз даусы оқыс естілді (Қ. Исаев). Молдаш қарт бар дауысымен *аттандап*, баласының жанына жете бере сүрініп жығылды (К.Сегізбаев). Ызаланған төбеттер өршеленіп қыздың өзіне тап бергенде, қыз қорыққанынан *айқайлап* жіберді (М. Қаратаев). Жау әскері басқан жерден оқта-текте *шыңғырған* әйелі не бала даусы шығады да, тына қалады (Ғ. Сланов). Пашка атай бір түрлі дауыспен *қышқырып* кеп жіберді (Қ. Қайсенов).

**Бақытсыз, бақсыз, бақ-талайсыз, маңдайсыз.** *Бақыты жан-баған, соры қалың.* Адал жар, асыл перзент, айнымас досы барлар да *бақытсызбын* дей аламас (Ө. Қанахин). Талапсыз, *бақсыз* мен сорлы Еріксіз аттап ұттан, Қорлыққа көндім бұл құрлы (Абай). Өздері де кілең *бақ-талайсыз* бейшаралар екен (Ақ бұлақ). Тумысымнан жолым құтсыз, *маңдайсыз* едім (Ш. Хұсайынов).

**Бақытты, оразды.** *Арманына жеткен, бағы жанған, бағы бар.* Мен сонда анаға деген махаббатын ән әуезімен жеткізе алған осы жігітті ерекше *бақытты* жанға балағанмын («Бал дәурен»). *Ораздымен* оттас ет, қыдыр атамен жолдас ет (Қ. Жармағамбетов).

**Бал, әсел.** *Бал арасы гүлді сорып шығаратын тәтті, қоймалжың шырын.* Сырлы, зерен аяқпен *бал* ұрттаған ер едім (Махамбет). *Әселдің* өте сіңімділігімен қоса шипалық, емдік қасиеті де ерте кезден белгілі («Денсаулық»).

**Бала, перзент, құрсақ, балдырған, жас иіс, шикі өкпе.** *Адамның артында қалған ұрпағы, тұқымы.* Үй жанында май шаңдақты бұрқылдатып, шауып жүрген екі *бала* – бір ұл, бір қыз Ахметтің көзіне оттай басылды (Ә. Нұрпейісов). Аппақ, кіршіксіз ана мейірімі бауырындағы *перзентіне* алдағы өмірден бақыт тіледі (М. Әуезов). Гүлдәрісі болса онбір *құрсақ* көтерген екен, содан қалған жалғыз тұяқ осы – Пірәли (Ә. Тарази). Ақаң сол бір шұғыл жұмыстарда жүрген кездерде Ғазиза әлі мектеп есігін ашпаған *балдырған* болатын (С. Мыңжасарова). Біздің томпандаған баламыз болар ма еді. Шіркін *жас иіске* не жетсін (Т. Ахтанов). Араларында алданыш етер бір *шикі өкпенің* жоқтығы екеуінің де жанына батады (Т. Иманбеков).

**Балағат, боғауыз, боқтық.** *Біреудің ар-ұятына тиетін былапыт сөз.* Қамшы денесін жараласа, *балағат* сөз жанын жаралаған (М. Дүйсенов). Қайрақбайдың тағы бір ермегі – кішкене балаларды жинап алады да, *боғауыздың* неше түрлісін үйретеді (С. Мұқанов). Біреуді қарғап-сілеуге, *боқтық* сөзге Балсалбай бара бермейді (Ә. Қалмырзаев).

**Балағаттау, тілдеу, былапыттау, сыбау, боқтау.** *Біреудің түгін қалдырмай тіл тигізу, жер-жебіріне жетіп ұрсу.* Болмашы нәрсеге бола ашу шақырып, қарамағындағы адамдарды *балағаттайсың* да жатасың, – деп ескерту айтты (М. Ғабдуллин). – Неге тілдейді мені ол? – *Тілдеп* тұрған өзің ғой, – дейді Ғани (М. Иманжанов). Сатылғұл әйелдердің артынан жер тебініп, білгенінше *былапыттап* өтті (Ж. Жұмаханов). Қатпа қара кемпір әйгілі бейпіл ауыздығымен бәрімізді де сыпыра *сыбап* жатыр (З. Иманбаев). Құрман зәрін шашып, жақсылықты жер-көкке сыйғызбайтын болып әке-бабасынан бері қарай *боқтай* бастады (М. Әуезов).

**Балажан, балажанды.** *Баланы өте жақсы көретін.* Бірақ бұл сырын *балажан* ана өзге біреу түгіл сүйген жары Бегарысқа сездіруден именетін (З. Жәкенов). Гауһар Ақынғұлдың *балажанды* мінезі майда екенін осы арада анық байқаған сияқты (С. Мыңжасарова).

**Балалы, бөпелі, перзентті, нәрестелі, сәбилі, кішкентайлы.** *Баласы бар, сәбиі бар.* Есенбай Зайсаңда қазақ қызына үйленіп, бірер балалы болыпты (С. Мұқанов). Тағы бір бөпелі болған шығармыз (Ә. Сәрсенбаев). Кеше күйеуін жіберіп, перзентті болған қуаныш кешіне Сұлтанмахмұтты шақыртқан (Д. Әбілев). Жасы отыздан асқанда нәрестелі болып, қуанышы қойнына сыймады («Жетісу»). Ынтымағы жарасқан жас отбасы бірер жылдан соң жаңа пәтерге көшті, сәбилі болды («Лен. жас»). Жылдар жылжып өтіп жатты, кішкентайлы болдық (А. Жұмаділов).

**Балалық, жастық, сәбилік.** *Жас кез, балғын шақ.* Он жеті-он сегіз жас – балалық пен жігіттіктің аралығы (Т. Ахтанов). *Жастықта* бір күлгенің бір қаралық, Күлкі баққан бір көрер бишаралық (Абай). *Сәбилік* шіркін қызық қой, күні кешеге дейін Жанар өзін әкенің аузынан түскен қызбын деп ойлайтын (З. Қабдолов).

**Балам, балақай, балақан, бопам, бопашым, бопатайым.** *Жасы үлкендердің баланы, жасы кішіні еркелетіп, кішірейту мәнінде айта-тын сөз.* Балам, отыра ғой, аздап дем алып ал, – деп, әжей жанашырлық білдіріп қойды («Мәдениет және тұрмыс»). Қайғырма, балақай, Амангелдіге бар, ол саған береді, – деп Бектепберген орнынан тұрды (М. Жұмағұлов). Айтпаппын саған, балақан, Аспаны бар деп аспанның (Ж. Молдағалиев). *Бопам-ау*, мынадай қайратты күшіңмен, мынадай қаруларыңмен өтештей қаршығаға қайдан алдырдың? – деді Нұралы (Ш. Айманов). *Бопашымды* енді қашан көрер екем? – деп анасы сыбырлай сөйлеп, күрсініп қойды («Лен. жас»). *Бопатайым* келіп көзайым болып қалдық («Қаз. әдеб.»).

**Балаңдау, балаң, балалау, балғындау.** *Жастау, жасырақ.* Есіктің көзіндегі басқышта балаңдау екі жігіт отыр екен (Ғ. Қайырбеков). Жақын келген екеудің бірі мосқалдау келген тымақты да, екіншісі балаң жігіт көрінеді (Қ. Сәрсекеев). Ең шетте отырған балалау жігіт атып тұрып орнын беріп, өзі есікке қарай сырылды (А. Шамкенов). Бүгін Айсұлу Айназарға балғындау, бойшаңдау көрінді (С. Сейфуллин).

**Балапан, шөже, шіби.** *Тауықтың және басқа құстың баласы.* Біреу қағып кетер ме екен деп, қоңыр үйрек балапандарын баурына қарай тарта берді (З. Ақышев). Тауықтар шөжесін өзі басып шығарады ғой, ал көкек балапанын өзі шығармайды (Н. Сералиев). *Жас шібилер* де жиналып, қораға енді (Т. Жабаев).

**Баласыз, перзентсіз, тұяқсыз, тұқымсыз, қу бас, ұрпақсыз, кіндіксіз, жұрнақсыз.** *Перзент көрмеген, баласы болмаған.* Баласыз Жаңыл Қаламұшті іштен шыққан перзентінен кем көрмейді (Т. Ахтанов). Мына кең дүниеде адамға перзентсіз өтуден қиын не бар дейсіз (Ә. Ибрагимов). Аллаға шүкір, тұяқсыз емес, артында қалған бір-екі қарғасы бар (М. Дүйсенов). Тұқымсыз өткен бұл адам бар өмірін кедей-кепшік пен жетім-жесірлерге қамқорлық жасаумен өткізді («Лен. жас»). Шындықты бетке айтқанды жақсы көремін,

менің бала жоқ *қу бас* екенім рас (М. Дүзенов). Кемпірдің жалғыз баласы соғыстан қайтпай, *ұрпақсыз* қалғанына іштей қан жылайды («Қаз. әдеб.»). Ел-жұртты құрмет тұтатын қария көп жасағанмен, бұл өмірден *кіндіксіз* кетті ғой («Мәдениет және тұрмыс»). Жалғыз үйден *жұрнақсыз* қалған мен ғана (С. Жүнісов).

**Баласыну, жассыну, кішкенесіну, майдасыну.** *Бала деп, жас деп есептеу.* Үш келіншек пен бойжеткен мені *баласынды* білем, жүрек сырларын көзімше-ақ ақтарыса береді (Ө. Қанахин). Онсыз да сөйлесетін адамы көп Дәрмен оны *жассына* ма, не ойы болса да ішінде (А. Байтанаев). Мені *кішкенесінетін* болар, көп жұмсай бермейтін («Жас Алаш»). Бізді үлкендер *майдасынады*, тойда біздің орнымыз – босаға (Н. Серәлиев).

**Балау, телу.** *Тең көру, бірдей санау.* Алайда елік пен құдырды халық ешкіге *балайды да*, оның төлдерін лақ деп атайды (Қ. Қайымов). Рухы жоғары, тәні таза, құрылысы күрделі заманамызға өткен күннің шнырын әкеп *телісек*, мұны бізге кім кешірер (Ү. Доспанбетов).

**Бала-шағалы, үйлі-баранды.** *Бала-шағасы бар, үйлі-жайлы.* Кешкі асқа Ознобиннің *бала-шағалы* үлкен семьясы тегіс жиналды (Ә. Нүрпейісов). Тұрғын жайлар өуелі *үйлі-баранды* адамдарға берілген (Н. Фабдуллин).

**Балгер, құмалақшы, бақсы, тәуіп, балшы, жауырыншы, құшнаш, диуана, шайқы көне.** *Бал ашып, ем-дом жасайтын діндар адамдар.* Балгерге бал аштырып, бақсы ойнатып, Қалмаған құмалақшы айырмаған (І. Жансүгіров). Шешесі *құмалақшы* әжейге апта сайын барып, әскерден қайтуы жақындаған ұлына құмалақ аштырып жүрді («Лен. жас»). *Бақсылардың* қинауынан, ажалынан бұрын өлген адамдардың балалық шақта талайын көрдік (С. Мұқанов). *Тәуіп* кемпір үшкіріп, дем салып жүргенмен, науқастың беті әлі бері қарайтын емес (М. Дүйсенов). Атам ауылдың басындағы *балшы* кемпірге құмалақ тарттырмақ болды (Ө. Қыстаубаев). Адамдардың келешегін болжап біле алатын *жауырыншылар* бұл күндерде ара-тұра кездесіп қалады (Х. Ақназаров). Ауырсақ бақсы мен *құшнашқа* шауып келдік бұдан бұрын (А. Жүнісов). Арада осындай күлкіге батырып жүретін *шайқы* болмаса, ажарлы топтың ойын-күлкісі де өрбімес еді (Ө. Күмісбаев).

**Балгерлік, тәуіптік, тәуіпшілік, тәуіпшілдік, дәруіштік.** *Тәуіп болып, ем-дом жасауды кәсіп етушілік.* Олжадан иегі қышығандар құмалақ ашып, *балгерлікпен* әуреленді (Т. Әлімқұлов). Кейін келе оның әншілігі мен *тәуіптігі* қатар жүріп, ел енді оны қолдан-қолға тигізбейтінді шығарды (А. Хангелдин). Аздаған *тәуіпшілігі* бар Айдар ишанды шақыртып, Ағабек тамырын ұстатқан (О. Сәрсенбаев). Бақсы-балгердің дүмшелігінен, *тәуіпшілдігінен* адам өмір бойы азап шегеді (Ф. Құдиярова). Сопылық мистицизм, *дәруіштік* аскетизм қоғам өмірінде елеулі рөл атқарды («Ислам діні»).

**Балғын, балауса, жауқазын, уыздай, жап-жас, уылжыған.** *Толық-сыған, уылжыған жас.* Балғын ұрпақ өзгеге емес, ең алдымен, ұстаздарына қарап бой түзейді (С. Байжанов). Қарсы алдында отырған балауса жігіттің адам жүрегін баурап алатын бір сикыры бар екенін аңғарды (Ә. Кекілбаев). Дәлила ақыры ауруынан айыға алмай, өмірінің жауқазын шағында үзіліп кетті (Х. Елебеков). Өмір бақи қыз білегінен ұстамаған уыздай бозбалалар ұйқыда (Т. Бердияров). Әйелдің біреуі – бүлдіршіндей жап-жас бойжеткен қыз, екіншісі ескі өңділеу (Қ. Сатыбалдин). Айнымаған Тоғжанның уылжыған жас күні (М. Әуезов).

**Балигат, кәмелет.** *Ұл мен қыздың тұрмыс құруға болатын жасы.* Балигатқа толмай жатып осыншалық қатты сынға түсем деп ойлап па еді (О. Бөкеев). Жиырма бес – кәмелетке келген жасым, қырықта қынсыз кылыш болған басым («Алдаспан»).

**Балқарағай, майқарағай.** *Қысы-жазы көгеріп тұратын қылқанды қарағай.* Алтай тауын майқарағай, балқарағай, сібір шыршасынан құралған қылқанды ормандар мен едәуір территорияда кездесетін қайың, көктерек алып жатыр (Қ. Құрманов).

**Балқу, еру.** *Қатты күйден сұйық күйге айналу.* Домнадағы ең негізгі процесс – кокстың жануы мен руданың балқуы (К. Смайылов). Ине біраздан соң оттың күшімен еріп, қызарды (Ы. Алтынсарин).

**Балпылдау, барқылдау.** *Жөн-жосықсыз, бетімен, орынсыз сөйлеу.* Арай астыңғы ернін қымқырып, басын шайқаса да, Кенжегүл оны байқамаған болып балпылдай берді (Ш. Мұртазаев). Ұзын дәлізге кіре бергенде-ақ Нұржанның барқылдаған жуан дауысы естілді (З. Шашкин).

**Балташы, ағаш шебері, ағаш ұстасы, ағашшы.** *Ағаштан түйін түйетін, неше түрлі зат жасайтын шебер адам.* Ол жаз шыға қызу жұмысқа кірісіп, Қарқаралыда жиырма бес балташыны жалдап үйін салдырды (Т. Оразов). Біздің мектепте ер балалар темір ұстасы мен ағаш шебері сияқты түрлі техникалық мамандық алады («Халық мұғ»). Енді бірінде ағаш ұсталары, колхоздың диірмені де осыларға жалғаса салынған (Ғ. Сланов). Етікші мен ағашшы, Зергер бөлек ұйысты, Мақан шал мен Әлімбет Аспабын көпке қиысты (Б. Майлин).

**Балуан, күрескер.** *Күреске түсетін адам, күреспен айналысушы.* Күндерде бір күн ас берген үлкен той болып, басқа елден де жүйрік ат, атакты балуандар келеді («Бозінген»). Қарымбай жеткен кезде күрескердің тапалдауы енді қайырып соғып, жығылғанның үстінен аттап шыға беріп еді (М. Қуанышбаев).

**Бап, күтім, күй.** *Адам мен үй хайуандарына жасалатын тартымды жағдай.* Ырғызбайлар мына қаланың өзінде де ылғи осындай күтім мен бап көріп келеді (М. Әуезов). Сол күні сол үйге қонған жолаушылардың күтімі жаман болған жоқ (С. Мұқанов). Әйел жок жерде отбасының сәні кетеді, жігіттен күй кетеді (О. Сәрсенбаев).

**Бап, бөлім, тарау.** *Бір жазбаның, хабардың жеке бөлігі.* Республика конституциясының бірнеше *бабында* тіл мәселесі тиянақталып айтылған («Егемен Қазақстан»). Апта сайын берілетін бұл бағдарлама үш *бөлімнен* тұрады («Жас Алаш»). Диссертацияның үшінші *тарауы* тіл мәдениеті мәселесіне арналған («Алматы ақшамы»).

**Бапсыз, баптаусыз, күтімсіз, қараусыз.** *Күтімге алынбаған.* Құнан бәйгесін де аламыз дер еді, бірақ әкеле жатқан құнандары *бапсыз* болды (С. Сейфуллин). *Баптаусыз* піскен егіндей, жайылған құлан көгіндей («Қазақ ақындары»). Ш. Уәлихановтың үнемі қауіпкәтер үстінде және *күтімсіз* жағдайда ұзақ жол жүруі оны мейілінше жүдеткен (С. Бегалин). Бала-шаға *қараусыз* болмасын десең жұмысты маған қалдырып, үйге қайт («Жұлдыз»).

**Баптау, күтімдеу, күйлеу.** *Жерді, малды, бау-бақшаны жақсылап күтіп, бабына келтіру.* Айта берсек, жүзімдікті күтіп, *баптаудың* түрлері әлі толып жатыр (Ф. Сланов). Түні бойы Сейдахмет пен әйелі ұйықтамай Нұржанды *күтімдеумен* болды (Б. Сокпақбаев). Жерді *күйлеп* айдасаң, кәсібің тасар өрістеп (Н. Байғанин).

**Бапты, күтімді, мәпелі, баптаулы.** *Күтімге алынған, бабына келген.* Гүлзипаның жүріс-тұрысы кербез, бойын күтетін *бапты* кісі екені аңғарылады (Қ. Жұмаділов). Өзгеге тентек Иса оған жуас еді, сондықтан үй ішінде *күтімді* де болды (С. Мұқанов). Емізіп, еңбек сүтін ақ бидайға, *мәпелі* бесік еттің ел білегін (Т. Шопашев). Балқаш аты естілсе, әлемді сүйіндіретін, әлемге жүлде бермейтін жүйріктің *баптаулы* тұрғандай көңілің қатты лепіреді (Ә. Әбішев).

**Бар, баршылық, барлық.** *Жоқ емес.* Шоқпардай кекілі *бар* қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ (Абай). Сонымен бірге сүт өндіруді жап-жақсы жолға қойған шаруашылықтар да *баршылық* (С. Әсіпов). Прозаға Бейімбеттің қыры *барлығын*, қаламы жүйріктігін «Шұға» дәлелдеп берді (С. Мұқанов).

**Барбию, ісіну, баржию, быржию.** *Бет-пішіннің, дененің құмтіп, дүрдің көрінуі.* Ықыластың *барбиган* жалпақ бетінде сайрап тұрған сұрқиялық бар еді (С. Бегалин). Басы-көзі *ісініп*, кірпігі былшықтанып, терезенің алдында қарнын сыйпап тұр (А. Нұрманов). Әйелдің *баржиган* денесінің бәрін май басып, үстіндегі киімі сөгіліп кететіндей боп тырсылдап тұр (Б. Майлин). Мен *быржиып* семіріп кеткен бұл адамды қайдан көрдім деп ойланып отырғанда, ол мені тани кетті (Ә. Нұршайықов).

**Бар-жоғы, бас-аяғы, небары, бар болғаны, ұзын-ырғасы, ұзын саны, айналасы, айналдырғаны, болған-біткені.** *Бір нәрсенің жалпы мөлшері, көлемі мен аумағы.* Қазақ тілі лексикалары бүтіндей бір жерге жиналып, *бар-жоғы* сөздікке алфавиттік тізіммен тізіліп, жинақталған да емес («Қазіргі қазақ тілі»). Әлгі топ *бас-аяғы* жиналысымен келіп, Амангелді қабірі басына тоқтады («Лен. жас»). Сүйеу қарттың ауылы *небары* бес-алты үй ғана (Ә. Нұрпейісов). Республикада

1951 жылғы он бір айдың ішінде жоспарланған мыстың *бар болғаны* 87,3 пайызы ғана қорытылды («Соц. Қаз.»). Ауылда *ұзын-ыргасы* жиырма шақты отбасын біріктіретін шаруа қожалығы ұйымдасып, екі-үш жылда ірі табысқа жетті («Жас Алаш»). Өзге жұрттан бөлініп көшкен бұл бір топ ауылдар – *ұзын саны* жиырма шақты ауыл (М. Әуезов). *Айналасы* жарты сағаттың ішінде бас механик тез жеткен еді (С. Мұратбеков). *Айналырғаны* аудан бойынша қырық машина, қырық трактор болса, ол қайсысына жетеді? (С. Досымов). Алтынбелі бұдан он жыл бұрын көргенде *болған-біткені* жаңа салынған үш-төрт-ақ үй бар еді (С. Омаров).

**Барқыт, мақпал, қыжым, қыжыма сөйлеу.** *Бір жағы тығыз, түкті келген мата.* Ешкінің кейбір тұқымдарының жүнінен плющ *барқыт*, тағы түрлі әдемі киімдік бұйымдар істеледі (М. Ермеков). Күйшіні ертіп келіп есік ашты, *мақпал* бау, манат ойған атауына (І. Жансүгіров). Қаракөк теңіз жаңа ғана көктеген *қыжым* көрпе сияқты (Қ. Найманбаев). Жасыл *қыжымадан* тіккен қысқа етек бешпент киіп, басына түбіт шәлі жамылған (М. Сқақбаев).

**Барлаушы, шолғыншы, шолушы, бақылаушы, ертәуіл көне.** *Барлау ісін жүргізуші.* Тұйғынбек көбіне тас қараңғы түнде жолға шыққан *барлаушылардың* командиріне ұқсайды (Ә. Ибрагимов). Жаудың алдыңғы *шолғыншы* отрядтары Бугтың бергі бетіне өтті (Т. Жанұзақов). *Шолушы* солдаттар кіші бесін ауа осы асудың қатерлі екенін айтып барды, жасырған жоқ (З. Ақышев). – Жолдас аға лейтенант, танктер келе жатыр! – деді *бақылаушы* солдат (Ә. Нұршайықов). Көш көзден жоғалған кезде Карпов пен Серғазы жасақтарының *ертәуілдері* де жеткен (І. Есенберлин).

**Барлық, барша, бар, бәрі, күллі, түгел, тегіс, тамам, дүйім, мұқым, әмбе, бүкіл, бүтін, бүткіл, тұтас, исі, жамиғы, тайлы-таяғы, толайым, кіл, жұмлә көне.** *Тұтасымен, бүтіндей, дерліктей.* Біз штабқа кірген кезде *барлық* офицерлер подполковникке тікесінен тік тұрып ізет көрсетті (Б. Момышұлы). Соғыс жылдарында *барша* Ақсай аулы жіп иіру тоқыма фабрикасына айналып кеткен сияқты еді (Ш. Мұртазаев). Арыстаны арқаның, Асқақтап тұрған ер Мәлік, Ерлігіне сүйсініп, Ерім деп сүйді *бар* халық (Ғ. Мұстафин). Әйелдердің *бәрі* үнсіз жылап, аһ ұрып, күрсініп отыр (М. Әуезов). Ол «жиналған *күллі* халықтың көзінше мұны жалғыз мен емес, жұрттың бәрі айтады», – деді (М. Гумеров). Елекең кітаптарды өз қолына алып, іші-сыртын *түгел* қарап шықты (Қ. Жұмаділов). Әке кәсібінен бастап өзімнің қалай оқығаныма дейін қызыға *тегіс* айтып бердім (Ж. Саин). Аралбайдың лақтырған тасы өрге домалап, *тамам* елді аузына қаратып алған (С. Омаров). *Дүйім* жұрттың ішінде абыройын айрандай төккені үшін інішектің, сірә, үлкен кісіге көңілі қалса керек (Қ. Бектұрғанов). Өзін *мұқым* ел алдында айыпты санап, күйрек ойдан баз кеше алмай, әуре-сарсаң болып еді (С. Омаров). Жазба әдебиетіміздің тарихы жас екені *әмбеге* белгілі



(Ә. Тәжібаев). Осы бір адал ниетті шағын отбасымен *бүкіл* бір тайна ел бірге қуанды (А. Байтуғанов). *Бүтін* Қазақстанның бүгінгісін сөз қылғанда алғысымен айтар, қуанышымен айтар, мақтаныш айтар (Ә. Жәмішев). Кәкітайдың бастыруы Абайдың көп өлеңін *бүтін* Қазақстан өлкесіне таратуға себеп болғаны рас (М. Әуезов). Қоспақ санамақ түгіл, шұқыр-шұқырдағы қойдың аумағын да *тұтас* көре алмайды (Т. Ахтанов). Бұл содан бері ат үстінде, содан бері *исі* түрікменнің Дүйімғараға қаны қатулы (Ә. Кекілбаев). Атамыз алыс болғанмен *жамигы* қазақ бірге туған. Бір бәлеге жолығар, Есебін таппай сөз қуған («Үш ғасыр жырлайды»). Ауыл адамдары *тайлы-таяғына* дейін жүгіріп, шатырлы үйге қарай шұбырады (С. Жүнісов). Сөйлеушілер талай мәселені *толайым* қозғап, татымды пікірлерін ортаға салды (М. Әуезов). Бұл үйдің үстінгі бөлмелеріне пулемет құрып, *кіл* сенімді адамдарды топтады (Ә. Нұрпейісов). Тамаша бір ғазал шығар бұл сөзге, біліп жүрсін *жұмла* жұрттар Хафиз курсант («Шығыс жұлдыздары»).

**Барылдақ, барылдауық.** *Көп айғайлайтын, бар-бар деп үн шығаратын.* Берекесіз *барылдақ* Бағиранш ойбайды сала өкіре жөнелді (Д. Әбілев). Шетінен *барылдауық*, шетінен бастықсымақ әбден мазаны алып бітті, – деді толықша мұртты жігіт («Егемен Қазақстан»).

**Бас, кәлла кітаб.** *Адам мен жан-жануардың көз, құлақ, ауыз орналасқан дене мүшесі.* *Бас* жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде (Мақал). Қасиетті жануардың *кәлласы* деп, қос гауһар төбесіне тас орнаттым («Айтыс»).

**Басқару, билеу.** *Елге басшылық ету, билігін жүргізу.* Ел басқарған адамның басындағы аса зор қайғы – сол елді өз соңына ерте алмаса, қайғының үлкені сол (С. Бақбергенев). Жазғаным елді біраз *билегенім*, Әйел мен кедейлерге теңелдің деп, Оларды өрге қарай сүйрегенім (С. Сейфуллин).

**Басқыншы, оккупант, шапқыншы.** *Қушпен жаулап алушы, басып алушы.* Сарыарқа даласына ұмтылған кезде *басқыншылар* шегінуге мәжбүр болды (М. Тоқжігітов). Жаудың тылында *оккупанттарға* қарсы бүкіл халықтың күресі өрістетілді («Соц. Қаз.»). Бұдан үш жүз жыл бұрын осы Жетісу өлкесіне Жоңғар *шапқыншылары* сау етті (Ә. Әлімжанов).

**Басқыш, баспалдақ, тепкішек, саты, зәңгі жерг.** *Жоғары шыңға, төмен түсуге арнап жасалған құрылғы.* Биік *басқышы* бар үйге келгенде оның қақпасы таныс сияқты болды (Х. Есенжанов). *Баспалдақтан* түсе бергенде Еркебұланды арт жағындағылардың біреуі бастан ала қамшымен тартып жіберді (Ғ. Мүсірепов). Ермек шаршан *тепкішекке* аяғын дәлдеп басып, жоғары қарады (С. Ерубасев). Сағатовты *сатыдан* түсіп бара жатқанда Рахимов пен Қожақов қуып жетті (З. Шашкин). Бақытжан маған қолым бұлған, қораның ішіндегі ағаш *зәңгімен* жүгіріп шықтым (Тұлпар).

**Баспа, ділбас.** *Дауысты қарлықтырып, жұтынғанда ауыратын тамақ ауруы.* Ларингитпен және *баспамен* ауырған кезде тырнақшагүл дәрісімен тамақты шаяды (С. Субханбердин). Ешбір дәрігердің көмегінсіз тәжірибелі елшілер *ділбас* ауруын емдей алады («Денсаулық»).

**Баспагер, баспашы.** *Кітап басып шығарушы, баспа қызметкері.* Сондай бір игілікті іс, ұлы өнердің атасы орыстың тұңғыш *баспагерлерімен* – Иван мен Петрдің бастамасына өткен жылы 400 жыл толды (Ә. Тойғанбаев). Егін орағының қызу жүріп жатқан кезінде облыс *баспашыларын* қаладан кездестіре қою қиын еді («Тербеледі тың дала»).

**Баспалағу, бастырмалау, төпелеу.** *Сөзді дамыл таптырмай үсті-үстіне жаудыру, ұрғылау.* Мариям – бір ауыз сөз айтсақ, он ауыз сөзбен *баспалататын* кісінің түрі (Б. Майлин). Қасболатты бір арықша қара торы әйел қуып жетіп, үсті-үстіне *бастырмалата* сөйледі (Т. Ахтанов). Нұғыман бұл желдірмені желісін үзбей, аяғына жеткенше *төпелеп* айтып шықты (Қ. Сатыбалдин).

**Баспана, үй, шаңырақ, там сөйл.** *Адам тұратын, адам қоныстанған орын, тұрақ.* Ішіне темір пеш орнатқан киіз үйлер – малшылардың *баспанасы* (Т. Әлімқұлов). Бұл кездерде *үйдің* жабық-жабығынан сыртқы екі босағадан кеп, екі бәйбішенің көздері қадалып тұрды (М. Әуезов). Екеуі бір *шаңырақта* өмір сүріп келеді (Қ. Жұмаділов). *Там* салғанның тамтығы қалмас (Мақал).

**Баспаналы, үйлі, мекенді, мекен-жайлы.** *Баспанасы бар, үйі бар, жеке үй болып тұратын.* Қалаға көшіп бару үшін ең алдымен баспаналы болу жағын ойластырған жөн («Егемен Қазақстан»). Отбасын құрған бес баламның бәрінің *баспанасы* бар, бәрі де *үйлі* («Түркістан»). Алтайдың сақшылары өздерінің *мекенді* қостарынан күн түс ауып бара жатқанда аттанды (Б. Тұрсынбаев). Ауданға көшіп келген екі жүздей отбасының бәрін *мекен-жайлы* еттік («Заман Қазақстан»).

**Баспанасыз, үйсіз, мекенсіз, панасыз, үй-күйсіз, шаңырақсыз.** *Баспанасы жоқ, қоныс тепкен жері жоқ.* Қыстың көзі қырауда кімнің ен далада *баспанасыз* жалғыз тұрғысы келеді? («Қаз. әдеб.»). *Үйсіз* емеспіз, екі бөлме, әйтеуір жағдай жақсы көрінеді (Б. Қожабеков). *Мекенсіз* боп әр жерде жүргеніңше, үй болып отырсайшы деп айтамын («Ақан сері»). Алғашқы қоғамда адам жалаңаш, жалпы үйсіз, *панасыз* өсіп ер жеткен, – дейді Бек мұғалім (Ж. Жұмаханов). Қатын-баласыз, *үй-күйсіз* салт атты, сабау қамшылы бір жанмын (Ғ. Мұстафин). Ошақ пен *шаңырақсыз* екі аяқты тірліктің төрт аяқты тірліктен ешқандай айырмасы жоқ екен (Ә. Кекілбаев).

**Бастапқы, әуелгі, әдепкі, бірінші, алдыңғы, ілкі, басқы.** *Бұрынғы, осыған дейінгі, ең алдымен.* Бірінші оқу жылының *бастапқы* айларында – Жарқын өзінің ұғымталдығымен, сабырлы тәртібімен көзге түскен (Н. Ғабдуллин). Сәндібала күйеуінің Қалипаға деген *әуелгі* беттегі жаман ойынан қайтқанына қуанды (М. Дүзенов). Еркекше киінген, қолына мылтық ұстаған жас әйелді Аралбай *әдепкіде*

танымады (С. Омаров). Бұл Жомарттың әлеуметтік *бірінші* адамы болса, Алма оның көңіліндегі алма бағы болатын (Ғ. Мұстафин). *Алдыңғы* арбада қалғып отырған Бейсен теңселе түсіп, құлай кетті (Ғ. Мұстафин). Бұл жәндіктер палеозойдың ең *басқы* кезінде, кембри дәуірінде болған еді (А. Машанов).

**Бастапқыдай, әдепкідей, әуелгідей, алғашқыдай.** *Бастапқы кездегідей, алғашқы уақыттағыдай.* Үш айдан кейін дерті *бастапқыдай* болып қайтадан білінді (Н. Ғабдуллин). Сүлеймен мылтығын қайта оқтап алып, *әдепкідей* аспапға атты (Б. Мұқаев). Бірақ Бекен *әуелгідей* жадырамай, оқу, Алматы жайын ғана сұрастырып отыр (М. Мағауин). *Алғашқыдай* емес, өзен бойының түнерген қараңғылығына да бой үйренді (С. Бегалин).

**Басты, негізгі, маңызды, түбірлі, түбегейлі, өзекті, күре, асаси кітаб.** *Шешуші мәні бар, ең қажетті.* Бұл өнер осы шыққан биігіне дейін *басты* үш түрлі творчестволық жеңісті басынан кешіргенін көреміз (С. Омаров). Алтынсарин осы бағытта әдебиетті *негізгі* құрал ретінде пайдаланды («Қазақ. мект.»). Мен сізге аса *маңызды* бір жауынгерлік тапсырма бергелі отырмын (С. Сейітов). Күрес дәуірінің *түбірлі*, шешуші шындығын қайталанбас шынайы қалыпта суреттей білу – ақынның ұмытылмас еңбегі (Р. Бердібаев). Жәукенің Оспанды қалыңмалдан қыстамауының *түбегейлі* себебі де бар (С. Омаров). Ашуыма көп тисең, *Өзекті* жанға бір өлім, Орданды талқан ғып шабармын (Махамбет). Мал басын көбейтіп, өнімдерін арттыра түсу – бүгінгі күннің *күре* міндеттерінің бірі (С. Ысқақов). Революцияның ежелгі *асаси* мақсаты – Отанды шетел отаршыларынан азат ету болып табылады (Ж. Тілеков).

**Бастықтыру, жаттықтыру, көндіктіру, жуасыту, үйрету, жөндіктіру.** *Бас білгізу, дағдыландыру.* Адамда белді қызмет істеп, тоңирегін түгендеген Қадырбай ұзын құрығын салып жүріп, асау қызды *бастықтырып* алған сияқты (Т. Тоғысов). Көк серкенің басына өкпе байлап, бір емес, бірнеше рет жіберіп, ителгіні әбден *жаттықтырды* (С. Бегалин). Асау биелерді, құлындарын ұстап байлау, саууға *көндіктіру* өте қиын («Лен. жас»). Соңғы кезде Мәдидің аты шығып бара жатқанын іштей күндеп, *жуасытып* қоюды ойлап жүретін (С. Бектасов). Раушанды жұмысқа *үйретсе*, ешкімнен де кем істемейді (Б. Майлин). Ал енді сен бала, бір жеті болып, құла жабағыны әбден *жөндіктірі* («Лен. жас»).

**Басшы, жетекші, аға, бастаушы, басқарушы, бастық.** *Ұйымдастырушылық жұмысын атқарушы, жол көрсетуші.* Исатай – *басшы*, мен – қосшы, Исатайдың сол күнде ақтабан аты астында, Дулығасы басында (Махамбет). Асыл аға, жалынды саяси *жетекші* Ғани оны білетін бүкіл Орта Азия жастарының жүрегінде (Ш. Өтепов). Рулы елге жарасқан үлгі айтатын *ағасы*, Бәйбішеге жарасқан орындықты сабасы (С. Сейфуллин). Топты *бастаушы* көркем әйел Сарыбалаға

құшағын жая келіп амандасты (Ғ. Мұстафин). Директордың бөлмесіне мектептің шаруашылық ісін *басқарушы* Сәйбек қарт кіріп келді (Б. Соқпақбаев). Жнылыс тараған соң оны күткен адамдарды *бастыққа* жібере бастады (І. Жансүгіров).

**Басшылық, басқарушылық.** *Басшы болушылық.* Тәрбие жұмыстарын Скрябиннің тікелей *басшылығымен* көптеген ғылыми қызметкер жүргізеді (Ө. Қарамендин). Қызылжарда *басқарушылық* қызметте тұратын Нұрғали, Зейнолла пікірлес адамдар болатын (С. Мұқанов).

**Басыну, нықтау, иектеу.** *Еңсесін көтертпеу, үстемдік көрсету.* Елді *басынып*, асқақтап кеткен Мырзабек атына мініп, шаба жөнелді («Қаз. әдеб.»). Бұл енді сүйтеді! Бұрынғы *нықтауы нықтау* ма, енді мүлде басынады (Д. Әбілев). Осы манды мекендейтін үлкендігі атан өгізге жуық кержағал еркек аю, әсіресе биыл қойшы ауылын *иектеп* алып еді («Дала дауылпаздары»).

**Батпақ, саз, балшық, қопа, томар, ми.** *Суға езіліп лайланған, шалшықты жер.* Әлгіндегі жауған долы нөсерден кейін жер беті шалшық суға толып, лайсаң *батпақ* болып қалған (Б. Соқпақбаев). Сонда да етігінді шеш, табаның *саз* көрінеді («Қаз. әдеб.»). Күнде жауын, жер *балшық*, үсті-бастары да *балшық* («Жалын»). Қыз білек қоға, қулы көл, қасқыры қайсар, қабаны өр, Қамысты *қопам* ну, дүлей (І. Жансүгіров). Бақтыбай көші ағашы көп, суы мол *томарға* кеп аялдады (С. Жүнісов). Артқы доңғалақтарды шығарам деп қозғалған сайын *миға* бата берген екен (З. Иманбаев).

**Батпақтану, балшықтану, саздану.** *Батпаққа айналу, сазды болу.* Кейде төменгі қабаттарына су өтпегендіктен, жер *батпақтанып* кетеді (Н. Баяндин). Әбден *балшықтанып* кеткен жолдың жиегімен жүріп келеміз («Соц. Қаз.»). Жаңбыр жауған сайын топырақ *сазданып*, ауырлай түседі емес пе? (Т. Бердияров).

**Батыл, өжет, өткір, жүректі, өтті, бетті, өр, тәуекелшіл, қасқыр.** *Еш нәрседен тайынбайтын, қорықпайтын.* Қоспаны Балқожаның еді *батыл*, Жаулардан ауыл кегін алған ақыр (А. Нұртазин). Қалқаманның мінезі де баяғы қалпы, әлі де *өжет*, әлі де ойыншы, әлі де жайдары (С. Мұқанов). Қаланың да, даланың да түрлі жандарын көріп жүрген оқыған әрі *өткір* қыз Мәмбеттен сескене қоймады (Х. Есенжанов). Сондай жортуылда қаптаған жаудан қайтпайтын Нұрболдай *жүректі* адамды көрген емеспін (Қ. Жұмаділов). Өжет, *отті* жас жігіт жар қолынан дәм татып, көк ала түтін майданда шапты жауға шаңдатып (С. Мәуленов). Қайша – тілді де *бетті* әйел, бұл жолы шын ерлік жасады («Лен. жас»). Ол көздегеніне жетпей тынбайтын өр, алғыр бала боп шықты (З. Серікқалиев). Аламын деп Лағылды, Алтын бастар қағылды. *Тәуекелшіл* жастың да, Тауы қатты шағылды (Қ. Мырзалиев). *Қасқыр* ғой Мәжит, қасқыр ғой, – деп Жәкен өз ойын тағы қайталады (Б. Нұржекеев).

**Батылдану, батырлану, өжеттену, жүректену.** *Тайсалмау, батыл болу.* Әлденеден *батылданып* кетіп, қасымдағы Гүлсімді

қаусыра құшақтай алдым (С. Бегалин). Бастанқыда жүрегіміз лүпілден, үрейленгендей болып едік, енді бірден-бірге етіміз үйреніп, *батырланып* алдық (Ә. Сәрсенбаев). Жаумен тұңғыш егесе, отқа кіріп шыққан соң, *өжеттендің* ересен, өлмесінді ұққан соң (М. Әлімбаев). Ыбырай жас жолбарыс *жүректенген*, дұшпанға арыстандай білектенген («Біржан сал»).

**Батыңқы, батық, кіріңкі.** *Ішке қарай ойыңқы, түсіңкі.* Үсті *батыңқы* таңқы мұрнын бір тартты да, қоңыраулы сағатты қойнына асыға сұқты (С. Шаймерденов). Кеңсірігі шөгіп кеткен *батық* мұрны шу-шу етеді (Ә. Кекілбаев). Оның көзі *кіріңкі*, шүңіректеу еді (Ауызекі тіл).

**Бау, бау-бақша, бақша, бақ.** *Әртүрлі жеміс ағаштары мен гүл егілген көлемді жер.* Алыстап қалды ауыл да, Ай деген жарық, ал бірақ колхоздың үлкен *бауында* Алмалар тұр-ау салбырап (А. Сопыбеков). Шыңдарында қар сіресіп тұрғанда етегінде *бау-бақшасы* құлпырып тұратын Алатаудың әсемдігіне бір көрген адам құмарланбай қоймайтын (Т. Жангелдин). Олар бұрыннан егіп келген дөңді-дақылдың көлемін азайтып, оның орнына *бақша, бақ* шаруашылығымен айналысты (С. Жортанов).

**Баурай, бөктер, бауыр.** *Биік жердің, таудың төменгі етегі.* Қарашоқы *баурайынан* жазғытұры жуа, қарагеней қазып жеп жүретін сол қара бала қазір жетпістен асқан шал (Ә. Әбішев). Қыстақ Жақаш тауының *бөктеріне* салынған екен (С. Шаймерденов). Ол өзінің Еділ бойындағы еліне, мен өзімнің Алатау *баурындағы* аулыма қайттық (Б. Момышұлы).

**Бауырласу, туыстасу, ағайындасу.** *Жақын болу, туыс сияқты болу.* Зархан мен Гүлжанның институт тұңғыштарымен, соның ішінде Есімбекпен *бауырласып* кеткені рас (Е. Оразақов). Жансұлтанды баласындай көру сол *туыстасудың* заңды жалғасы болу керек («Алтынтау»). Дос-жарандарымен сыйластығымыз жарасып, *ағайындасып* кеттік («Мәдениет және тұрмыс»).

**Бауырмал, бауырмашыл, туысқаншыл, туысшыл, бауырсақ, үйірсек, қарындасшыл, ағайыншыл.** *Өзім дегенге жанын беретін жақыншыл.* Кәріліктің таянғанын ойлаған сайын адам тәубешіл, алыс-жақынды танығыш, *бауырмал* болатын сияқты (А. Жақсыбаев). Мен де өзіңдей *бауырмашыл* жан едім, Тірлігіммен мен де өзіңе тән едім (А. Шақенов). Әлімхан әрі *туысқаншыл*, әрі балажанды адам еді (Ж. Жұмаханов). Е, өзің емес пе *туысшыл*, шақырып жүрген, – деп Қабекең оны шалып өтті (Х. Рахимов). Өз шешен – *бауырсақ*, өгей шешен – сарымсақ (М. Әлімбаев). Ол кісіге жақын, тез тілдесіп, шүйіркелесе қалатын *үйірсек*, бауырмал жігіт (Ә. Нүрпейісов). Бай боламын деген жігіт айырбасшыл келеді, Адам болайын деген жігіт *қарындасшыл* келеді (Мақал). Ат арқасына ер батса, аяңшыл болады, Ерге жаттың тізесі батса, *ағайыншыл* болады (Мақал).

**Башлық, ианалдырық.** *Үстіге жамылатын, жауын-шашында қиетін сулық.* Үстінде жасыл төстікті ұзын ақ жібек камзол, мойнын-

да *башлық*, иығында мылтық, төсінде кішкене дүрбі (Ә. Сәрсенбаев). Ерте кезде киізден *ианалдырық* деп аталатын жамылғы тігілетін болған («Қазақ ССР тарихы»).

**Баяғы, бұрынғы, ертедегі, ежелгі, көне, бағзы, қадым, атам заманғы.** *Ең алғашқы, ілгерідегі.* Ел *баяғы* ел емес, жаңа қоғам, жаңа адам (І. Жансүгіров). *Бұрынғы* өткенді де, бүгінгіні де сөз еткен әр кез, әр жайда қазақ баласы ақынның қанатты сөздерін ауызға алмай қоймайды (М. Әлімбаев). Ең алғашқы сөздікті V ғасырда, *ертедегі* гректер құрастырған («Ғалам ғажап»). Әрбіреуімен *ежелгі* танысындай-ақ күліп амандасты (Н. Ғабдуллин). Құлпырған сағым құм арасынан *көне* замандағы адам мекендерін табады (Ғ. Мүсірепов). Жапон киносы мен прозасының *бағзыдан* келе жатқан табиғи ежелгілікке қалай ие болып жүргендігі таңғаларлық құбылыс (Ә. Кекілбаев). *Қадым* заманда өмір кешкен Шалғиіз жыраудың жырларында толғағы жеткен ауыр ойлар, бұрауы қатты күйлер бар (Р. Нұрғалиев). Мидай жазық даланың бетіндегі мен тәрізді көне қорым айналасын шыммен қоршап тастаған *атам заманғы* ескі қабір (З. Қабдолов).

**Баяғыдай, ертедегідей, бұрынғыдай.** *Бұрынғы уақыттағыдай, ерте кездегідей.* Мыналардың *баяғыдай* елді билеп-төстеп жүруі дұрыс емес (І. Жансүгіров). Осы кезде Әлия *ертедегідей* батырларға ұқсады (Ә. Нұрмаханова). *Бұрынғыдай* той емес мұның өзі, тәртібін талай жұртқа баяндағай (С. Керімбеков).

**Баяғыдан, ежелден, ертеден, қашаннан, заманнан, бұрыннан, әлмисақтан, елауадан жерг.** *Ерте кезден, бұрынғы уақыттан бері.* Әбілов жолдас *баяғыдан* таныс жігіттерді басынан бастап бір таныстырып шықты (Ғ. Мүсірепов). Ақжолдың шешесі Қанипа өзімнің де *ежелден* сыйлас қадірлі адамым деп еді (Н. Ғабдуллин). Қазақ, өзбек халықтары *ертеден* араласып, ежелден достасқан (Ғ. Мүсірепов). Бұл жалғыз үй *қашаннан-ақ* гөрт жолдың торабында тұр (К. Исабаев). Темір ұсталығы бұл әулеттің *заманнан* бері жалғасып келе жатқан кәсібі («Жетісу»). Аңшылардың бұл кезеңге *бұрыннан* соғып қойған тас оба қорғаны бар екен (Ш. Айманов). Женеше-ау, ол *әлмисақтан* бері қарай ел-елді қыдырып жүрген Қалекеш қой (Х. Есенжанов). Ол ел сонау *елауадан* бері отырықшы – егін егеді, балық аулайды (Б. Аманшин).

**Баяндама, лекция.** *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста айтылатын кең ақпар.* Мұғалім Шарапов халықаралық жағдай жөнінде *баяндама* жасады (Б. Момышұлы). Қазақтың академиялық драма театрының артистеріне барып, *лекция* оқуыма тура келді (С. Шаймерденов).

**Баяндамашы, лектор.** *Баяндама жасаушы, лекция оқушы.* *Баяндамашы* – аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Көккөзов жолдас (Б. Соқпақбаев). *Лектор* – ұзын бойлы, жадыра жүзді, толық денелі жігіт ағасы болып қалған кісі (Е. Оразақов).

**Баяу, ақырын, саябыр, шабан.** *Тез емес, жылдам емес.* Женьшень тым *баяу* өсетін өсімдік, ол елу жыл және одан да артық өмір сүреді

(С. Сұбханбердин). Өзі қатты шаршаса керек, екі иығы салбырап, *ақырын* аяндап кетіп барады (Ә. Ахметов). Қыс қатайған кезде желі *саябыр*, бораны аз болатын шөптесін ойпаттарды, тау ықтарын сағалайды (Ғ. Мұстафин). Сәлима *шабан* жүгіріп келеді (М. Гумеров).

**Баяулау, баяуырақ, ақырынырақ, жайлау, ақырындау, сылбырлау, митыңдаған, бөсеңдеу, саябырлау.** *Жылдам емес, мардымсыз, өнімсіз.* Өзімді жазықты жандай сезініп, ауыз үйге ақырын *баяулау* ғана кірдім (Ә. Сәрсенбаев). Өсімдіктердің эндоспермдері жетілген кезде ұрық *баяуырақ* дамитын болады (Т. Мұсақұлов). Шәмшігүл, тоқташы ақылды едің ғой, *ақырынырақ* жүрші, – деп Жантуар әйелінің соңынан ерді (С. Шаймерденов). Сырлы тостағанға салып қойған бауырсағын бір-бірлеп алып, имене жеп, қымызды *жайлау* жұтып отырған (С. Бегалин). Еркін *ақырындау* жүріп денесін бекітіп алайын десе, Сейітқалидан қалып қойып адасатын сияқты (Ғ. Мұстафин). Аяқ алысы *сылбырлау* жас жігіт, қазақша тілдесіп көріп едім, өзбекшелеп қоя берді (К. Сатыбалдин). *Митыңдаған* өгіз шананың жүрісінде не береке бар дейсің? (С. Ғаббасов). Атыс мүлде тоқтап қалған жоқ, әйтсе де манағыдан гөрі тартыс *бөсеңдеу* (Ж. Саин). Өзеннің ағысы *саябырлау* тұсына келгенде Мұратбек секіріп түсіп, су домалап келе жатқан қойды ұстап алған (Ә. Әлімжанов).

**Баяулық, мимырттық, шабандық. Баяу болушылық.** Өтер уақыт *баяулығы* байқалмай, Жүрсін бе екен сағынсаң да айта алмай (М. Айтхожина). Күнделікті атқарған жұмыстан басқа қалары жоқ *мимырттықтан* не күтуге болады («Бал дәурен»). Осы кезге дейін сылбыр *шабандықпен* ақырын қозғалған әскердің алдынан мина жарылды (Ә. Нұрпейісов).

**Бәйге, сыйлық, жүлде.** *Жарыста үздік шыққандарға берілетін сый-сияпат.* «Осындай қарақшыға» жеткен аттар ғана ең бірінші *бәйгені* алады (С. Сейфуллин). Үлгілі еңбегі үшін жылма-жыл *сыйлық* алу да Ахметтің әдетіне айналған (С. Алдабергенов). Кішкене қыз олимпиадаларға қатынасып, *жұлде* алып жүрді (С. Мынжасарова).

**Бәйек, бәйпек қағу.** *Жаны қалмау, құрақ қишу.* Ұлдайдан тапсырма алған біздер Ақмаралдың айналасында *бәйек* қағып жүрміз (К. Жұмалиев). Құсайынның да алдынан *бәйпек қағып*, сыртын жымаңдатып, қонақ қылып сыйлап қайырған (І. Жансүгіров).

**Бәле, бәлекет, пәле.** *Қырсық шалған, бәле-жала, басқа түскен іс.* Тергеуші мұның зәресін ұшырып, өрен дегенде бұл *бәледен* аулақ болуға көндіріп еді (Ә. Қалмырзаев). Мынау мұнар сыртында тұрғанда бір *бәлекет* жасырынып тұрғандай сезінемін (Ә. Сәрсенбаев). Аңдысып, арбасып алыстан болса да, Абайдың басына *пәле* тілеп жүретін каскөйлер бар (М. Әуезов).

**Бәлелі, пәлелі, кесапатты.** *Бәлесі көп, бәле-жаласы бар, дау-жанжал шығаратын.* Нысан мына *бәлелі* іске басы шатылса, су аяғы құрдымға кеткені ғой (Ә. Қалмырзаев). *Пәлелі* іске басынды сұқсаң,

шашынды беріп құтыла алмайтыныңды білесің (Е. Мырзахметов). Мен әкесінің тәкаппарсыған *қесанатты* сөздерін елегем жоқ (Ш. Айманов).

**Бәлеқор, жалақор, бәлеқұмар, пәлеқор, зәнталақ.** *Пәле іздегіш, бәле қуғыш, жала жапқыш.* Осындай заңсыздықты айтқан адамдар *бәлеқор*, жалақор атанып, қуғынға ұшыраған (С. Адамбеков). Бұл жігітін өзі тәртіп бұзғанымен қоймай, *жалақор* да екен (Р. Райымқұлов). Сөзқұмар, *бәлеқұмар*, Баймұрындар аз ба (М. Әуезов). Арамызда әлі де кездесетін арызқой, *пәлеқор* жағымпаздарды ақын уытты күлкісімен буады («Қаз. әдеб.»). Өй, атаңа нәлет, *зәнталақ*, – деп Жексембай таяғын көтере бергенде, Берік зып беріп шығып кетті (Б. Тоғысбаев).

**Бәленше, түгенше.** *Әлдебіреу, әлдекім деген мағынада айтылады.* Қыстаққа кірген әуелі *Бәленшенің* баласы, Келе алмады себебі, Ауыр екен жарасы (Қ. Аманжолов). Қашан болмасын жанама бойында пәленше пәлен алыпты, *түгенше* түген алып киіпті деген алып-қашты сыпсың сөз гу-гу етеді (Б. Тілегенов).

**Бәлкім, бәлки, зайыры, жүдә.** *Мүмкін, ықтимал.* «Әміртай ер көңілді жігіт еді ғой, *бәлкім*, түсінер, қателігімді кешірет, кет әрі дей қоймас» деп ойлады Ақтоты (Б. Тоғысбаев). *Бәлки* кейбіреулер мені өзінің ағасын жазып отырғаны несі деп жазғырар да («Саржайлау»). *Зайыры*, жексенбі күндері олар бас қосып, әр жерге барып, қол жұмыс істеп, ақша тауып жүрсе керек («Мәдениет және тұрмыс»). Сонда алдыңғы күнгі жиырма тұтқынның ең соңғысы бұлар келместен бір сағат бұрын өлімін осы жерден тапқан-ау, *жүдә* (Қ. Исабаев).

**Бәрекелді, бәлі, жарайсың.** *Мадақтау, қошеметтеу мағынасын білдіретін қошемет сөз.* *Бәрекелді*, Жамбылым, сөз жүйесін келтірдің. Аңғарынды таныдым, көтеріліп желпіндім (*Жамбыл*). Оған Белгібай қымызшы қошемет көрсетіп: – О, *бәлі*, – деді (І. Жансүгіров). *Жарайсың*, балам, жарайсың, Естимісің сақ-сақ күлкінді, Алдыңнан күтер талай күн. Сыйларсың маған түлкінді (С. Сматаев).

**Бәсеке, жарыс, күндес, бақас, бақталас.** *Көре алмаушылықтан, қызғаныштан, күншілдіктен туатын өзара егес.* Оразбай, Жиреншелер де Абаймен қас, *бәсеке* болғандықтан, Абай сөзін есте ауызына алыспайды (М. Әуезов). Айбаршамен *жарысқа* түсем деген ой Сырбайдың үш ұйықтаса есіне келмеген (С. Мұқанов). Бір-бірімен *күндес* байдың көшірі де күндес (І. Жансүгіров). Тентек қайынсіңлісі жас жеңгесімен *бақас* болғандықтан, үйдегі жанжал да екеуінің мінезінен ұшырасатын еді (З. Шүкіров). Қодар өзінің *бақталасы* Қозымен қыз үшін ашық майданда жан қиып күресе алмайды (М. Әуезов).

**Бәсекелес, бақталас.** *Бәсекеге түскен, ерегескен.* *Бәсекелесінің* атын қамшымен ұрған шабандоз жарыстан шығарылды (Ә. Бүркітбаев). Тіптен болмаған соң *бақталас* ауыл адамдары сол Сауранбайды атып өлтірген (М. Дүйсенов).

**Бәсекелесу, жарысу, бақталасу.** *Күш сынасып, сайысқа түсу, өнер таластыру.* Мектепті «үш» пен «төртке» ғана бітірген Сәлкен-



нің олармен *бәсекелесуге* шамасы келмеді (Н. Баяндин). Шешендікке, қаныпезерлікке Базаралымен *жарысам* деген басым жоқ (М. Әуезов). Өнер жарысында мұнымен *бақталасқандар* аз болмады («Заман Қазақстан»).

**Бәсекеші, бақасшы, жарысушы.** *Бәсекеге қатысушы, ерегеске түсуші.* Жоғары баж алымы арқылы шетелдік *бәсекешілерге* шек қойылады («Саяси экономия»). Абай мен оның жас достары артта қалған рудың надан *бақасшыларына* қарсы күрес ашты (Қазақ ССР тарихы). Өздерінің жетістігін айтып, *жарысушы* ұжымның кемшілігін сынап, өлең айту әдет болып жүр («Шопан серігі»).

**Бәсең, нәзік, солғын, көмескі.** *Анық, айқын емес, күңгірт.* Бұқа мойын семіз бөйбішемен сүйісіп жатқанда, екінші жағынан біреу келіп, *бәсең* дауыспен құлағына сыбырлады (Б. Майлин). Терезенің алдынан өте бергенімде менің құлағым біздің ауылда жоқ бір *нәзік* дауыс таза бұлақтай естілді (Ү. Уайдин). Сапар бұл сөзін қаншама нық айттым десе де, даусы сәл дірілдеп, *солғын* шықты (М. Иманжанов). Әкесінің күн өткен сайын *көмескі* тартып бара жатқан бет-бедерін көзіне елестетеді (З. Қабдолов).

**Бәсеңдеу, солғындау<sup>1</sup>.** *Қарқыны төмендеу, екпіні жайлау.* Залдың іші қара-көленке бола бастаған шақта тынышсыздануым *бәсеңдеу* орнына үдей түсті (С. Мұқанов). Сұлушаштың даусы *солғындау* шықты (Т. Нұрмағамбетов).

**Бәсеңдеу, солғындау<sup>2</sup>.** *Қарқыны төмендеу, екпіні басылу.* Киініп сыртқа шыққанда жауын *бәсеңдегенімен*, тұман қымтал алған айналаны (С. Сарғасқаев). Менің-дағы *солғындап* ыза-кегім, Арманым тұлшықтықым ішім күйіп (Ш. Әбенев).

**Бәтшағар, қызталақ.** *Біреуге онша риза болмағанда айтылатын сөз.* Бірақ *бәтшағар* күріш жайында мардымды ештеңе білмей-ақ кетті, – деді ол (С. Алдабергенов). Бірақ сол *қызталағың* түгел бермеді де, бес сомымды бойдақ салық деп ұстап қалды (О. Сәрсенбаев).

**Беде, жоңышқа.** *Мал азықтық маңызы бар көпжылдық шөптесін өсімдік.* Ұстатпады бөдене, бұғып қалып көдеге, Ұстап алсам егерде, тойғызар ем *бедеге* (М. Әлімбаев). Даланың шалғынын жапыра өскен самалдан *жоңышқаның* хош иісі аңқиды («От тас»).

**Беделді, абыройлы, өтімді, ықпалды, мейірлі, сыйымды, абырлы, мерейлі, мәртебелі.** *Қадір-құрметке бөленген, беделге ие, абыройы бар.* Аудан жұртшылығына *беделді* Әшір бұл жолғы сөзін бір ғана мақтауға арнады («Алғы шептегілер»). Айсұлулар да астықты төкпей-шанпай жинап алып, *абыройлы* болғысы келеді (Ә. Әбішев). Оның сөзі қырдың қазағы түгіл, дуанның ұлығына да *өтімді* (І. Жансүгіров). Өткір, өз ортасына *ықпалды* Лиза өз ұсынысын өткізді (С. Мұқанов). *Мерейлі* еңбегімен көпті қуантып жүрген озат тракторшы бұл тұста жол тартып еді (Т. Қауыпбаев). Жаңа түскен келіншектің ауыл үйге *сыйымды* болуы абысын-ажынға байланысты (Ә. Нұрпейісов). Бай

болам деп ойлама, Қойды сүйреп, жылқы ұрлап, *Абыырлымын* деп ойлама, әркімге тиіп бұрқылдап (І. Жансүгіров). Ендігі бір айтарым, қайда жүрсендер де қайырымды, әрдайым *мерейлі*, бақытты болыңдар (К. Асанов). Өлім болса алдымда, *Мәртебелі* ағалар, Тыңдармысыз арызымды, Демім бігер алдымда (М. Әуезов).

**Беделділік, абыройлылық, өтімділік, ықпалдылық.** *Жүрген-түрған, қызмет істеген жерінде сыйлы болушылық.* Біз балалардың: «Біздің папамыздың қолынан бәрі келеді», – дегенді мақтанышпен айтатынын естиміз. Зор *беделділіктің* белгісі емес пе? («Семья төрбиесі»). Халқына қалтқысыз қызмет етіп, өзінің тынымсыз адал еңбегінің арқасында *абыройлылыққа* ие болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. (Қ. Қуанышбаев). Өзінің *өтімділігін* байқағаннан кейін Жұмабек енді бұрынғыдан да еркінсіді (Т. Ахтанов). Отырықшы жұрттын тұрмыс-тіршілігінің *ықпалдылығы* арқасында қазақ кедейдері де жер кәсібімен айналыса бастады (М. Ақынжанов).

**Бедеу, манжақы көне.** *Бала көтермеген әйел.* «Тас бедеу әйелмен несіне тұрасың», – деп, оны тәлкек етушілер болды (Ф. Мүсірепов). *Манжақы* – «бедеу» сөзінің синонимі, екінші аты («Ана тілі»).

**Бедеу, қасаң.** *Қысыр, бойдақ мал.* Байлап кеткені – қатарынан төрт жыл бойы айғыр көрсе де құлындамай қойған *бедеу* екен (Ж. Молдағалиев). Шанаға күрең *қасаң* жегулі түр («Жұлдыз»).

**Безектеу, безілдеу, безіреңдеу, тызақтау, быжылдау, быжалақтау, дызақтау, шырылдау, шырқырау, дызалақтау.** *Күйіп-нісіп шыжбалақтау, шыжалақтау.* Мен ақтығымды айтып құр *безектей* бердім (С. Сейфуллин). Осы кезде қыз баланың *безілдеп* жылаған дауысы шықты (С. Алдабергенов). Егер де қар-сылассаң, *безіреңдеп*, Жалғаннан жан боларсың күдер үзген (Ф. Малдыбаев). Мелдес ағаң аппақ болса, неменеге байбалам салып *тызақтап* жүр (С. Шаймерденов). Сіз, операция жасағанда *быжылдап*, Тыныш таппай шыжылдап, отырмайтын ба ек босағанда! (А. Токмағамбетов). Айдын *быжалақтаған* досын босатып жіберді де, алыс биікте қарауытқан жұмбақ қорымға тағы қарады (К. Соқабаев). Жақын *дызақтап* қатты кейігенмен, жұдырық көтерері жоқ, шығасыз жан (М. Сүндетов). Емшектегі баламның *шырылдаған* дауысы құлағымнан кетер емес (Ф. Сланов). Балалардың *шырқырап* сілесі қатып, зар қағып жатқандары да бар (Ф. Мүсірепов). Елдің бірлік-ынтымағы ыдырады деп, *дызалақтап* жүргендер де бар (С. Омаров).

**Безену, құбылу, құлпыру, жайнау, түрлеп, сәулеттену.** *Гүл-гүл жайнап көркею, неше түрлі түске ену.* Енді көрсем – бұ да сәндене киінген сұлу келіншектей *безеніп* түр (С. Мұқанов). *Құбыласың*, жайнайсың Бұхардың қызыл пайындай, Ойнақтайсың, ойнайсың, қысырдың қызыл тайындай (Қ. Райбаев). Шілде айында Қызылжар атырабы жасыл ала рең алып, жердің жүзі масатыдай *құлпырады* (С. Омаров). Сіркіреп жауған жаңбырдан жеміс ағаштарының қалың

жапырақтары да жасаңғырап, *жайнай* түскен (З. Жәкенов). Көктің көлін шебер қолдар, Өзгертіпті сәндеп *тұрлеп* (С. Бегалин). Астанамыз өсіресе көктем күндерінде мамырдың өзіне ұқсап *сәулеттеніп*, сымбаттанып келеді (С. Сейітов).

**Бей-берекет, қым-қиғаш, быж-тыж.** *Қалай болса солай ретсіз, жөнсіз.* Су шаруашылығы бөлімінде судың, су құрылыстарын салатын қаржының жұмсалуды *бей-берекет* (Б. Қыдырбекұлы). – Мен одан жаңағы *қым-қиғаш* ұрыс ішінде адасып қалдым (М. Ғабдуллин). Бұрын-сонды басымда болмаған беймаза, *быж-тыж* күйден айығар емес (Н. Сералиев).

**Бейбітшілік, тыныштық.** *Ел арасындағы татулық, бірлік.* Соғыс зор апат болғандықтан, дүниежүзіндегі барлық ізгі ниетті адам *бейбітшілік* болуын тілейді (К. Қайсенов). Жер қайысқан қол жинап, дүниеге *тыныштық*, әділеттік орнатуға аттандым (И. Байзақов).

**Бейнелеу, суреттеу, сипаттау, кейіптеу, кескіндеу.** *Біреудің кескін-келбетін, өмір көрінісін көркем образ арқылы кескіндеу.* Мынау ғажап суретті өлеңменен *бейнелеп*, өлеңменен өріп болар ме еді? (Ә. Сәрсенбаев). Ол аққудың дауысының, үнінің сұлулығын *суреттеп* сөйледі (С. Сейфуллин). Сақып жолай бірнеше қыздың түр-түсін *сипаттап* айтып үлгерді (Ж. Өмірбеков). Балаға, келінге тәлім айтып, ұстаздық етіп отырған ақынды *кейіптейді* (М. Әуезов). Әр ұлттың өзіне тартатын, өз өкілім деп қарайтын ықыласынан ұлттық *кескіндеулер* туған (Ф. Оразаев).

**Бейнет, мехнат, машақат, азап, тепкі, кебеп, теперіш, құқай, құқықай, көресі.** *Адамның жанын қинайтын қиыншылық, ауыртпалық, зәбір.* Біз баспаған тау-тас, біз көрмеген *бейнет* жоқ (Ә. Бектемісов). Өткен күндерде шеккен *мехнатымыздың* бәрі түс көргендей артта қалды (Б. Момышұлы). Асқар Ержанға жолшыбай көрген *машақатын*, жүрген жол мәнісін түгел баяндады (С. Мұқанов). Бұзауларды қолдан сүт беріп асыраудың *азабы* көп (Ә. Нұршайықов). Көрген қорлық толып жатыр, сондай *тепкінің* астында жүріп қалай тозбассың («Жыл он екі ай»). Бала қашып кетуге ана себеп, Бала үшін болады ана *кебеп* (Ш. Әбенов). Мен өмірдің *теперішін* көп көрген адаммын (Н. Ғабдуллин). Жарайды, қорықпашы жөні жоқ, сенен келген *құқайды* көре жатармыз, – деді жақтырмай қолын сілтеп (К. Сатыбалдин). Жасынан *құқықайды* көп көргендікі ме, Майлық өзінен үлкен-кіші болсын, бетіне жасқаншақтай қарайтын (А. Нұрманов). Бар екен осындай бір *көресің де*, Қалмайды өткен күннің бәрі есімде, күрсініп қарай бердім, қарай бердім, сабалақ сары шаштың төбесіне (Ә. Сәрсенбаев).

**Бейнетқор, бейнеткер, бейнеткеш, бейнетшіл.** *Еңбек сүйгіш, еңбек құмар.* Сол қарттың өзі бір *бейнетқор* адам болса керек (Ә. Қалмырзаев). Күні-түні қорлық көріп, арып-талып, Шырқайды *бейнеткер* тап бойын жазып («Халық ақындары»). Жердің мәнін, дән-дақылдың тілін біле-

тіп *бейнеткеш* қайратты диканды көргендей болды (Ө. Тұрманжанов). Қайтадан үйірін тауып, *бейнетшіл* қауымына қосылғалы бері кәдімгі орнықты адам санатына кіретіндей үмітте еді (О. Сәрсенбаев).

**Бейнетсіз, мехнатсыз, азапсыз, машақатсыз.** *Азап көрмей, мехнат шекпей.* Ысқақ *бейнетсіз* таңы атып, тауығы шақырмайтын момын шаруаның өзі (О. Сәрсенбаев). Майдансыз, ұлы ерліксіз, *мехнатсыз*. Өмірде көрген жан жоқ рақатты (Ж. Саин). Бақыт жолы *азапсыз* болмасына бекінген ақын бетін ықтамас жаққа біржола бұрып алған болатын (Ф. Мүсірепов). Шығыстан шығып келеміз, шыққан күндей тынышпыз, *машақатсыз* ұрыссыз, Шығысты өлеңдетеміз (С. Баймолдин).

**Бейнеттену, еңбектену, азаптану, мехнаттану, машақаттану.** *Еңбек етіп іздену, әрекеттену.* Сайдалы бір жағында *бейнеттеніп* жатқандарды, бір жағында бұлдырлап тұрған тамдарды көрді (С. Шәріпов). Кедейлік өзің *еңбектеніп* тырбынбасаң, желкеңе онан сайын міне түсетін көрінеді (Ж. Қосыбаев). Бұл асауды қанша жыл *азаптануып* үйрете алмаған соң, амал жоқ, сатпақшымын (С. Мұқанов). *Мехнаттана* жүре тиелген ауыр жүкті арнаулы жеріне жеткізіп жатады (Т. Нұртазин). Біздер біраз оқыған соң бұрынғы *машақаттанған* күндерімізге қарағанда көзіміз ашылды (С. Торайғыров).

**Бейтарап, қалыс.** *Ешкімге қосылмайтын, оқшау, немқұрайлы.* Құрыштай бойындағы ерекше бір қасиет – ол еш нәрсеге *бейтарап* қарай алмайды (С. Байжанов). Мен *қалыспын*, тек тұрмын, көріп келдім, айтпайым, ұнатпадым бет түрін (М. Әуезов).

**Бейтараптау, қалыстау.** *Оқшаулау, немқұрайдылау, қалысырақ.* Кейін бауыр улы заттарды *бейтараптау* қалыпта ұстайды (З. Шойынбаев). Науан қайтсе де жұбата беруге ден қойып, *қалыстау* әңгімемен көңіл аулады (А. Байтанаев).

**Бекерден-бекер, тектен-тек, бостан-босқа, құрдан-құр, жазықсыздан-жазықсыз, нақақтан-нақақ.** *Еш нәрсе болмай-ақ, жай қарап тұрып-ақ, еш себепсіз.* *Бекерден-бекер* өзіме бір ашу жабысып, тиісуге жан таппай қысылғанымды қайтейін? (Р. Райымқұлов). Қазір сол досымның сөзіне ой тоқтатып тұрсам, *тектен-тек* айтпаған екен-ау, – деп ойлады қызылшашы («Ауыл ажары»). Мен Алма шығып үлгермеді ме екен деген күдікпен тағы да мелшиіп *бостан-босқа* біраз тұрдым (Т. Әбдіков). Жас жігіт бұл шақырыстың *құрдан-құр* емес екенін білсе де баруға тура келді (Т. Жармағамбетов). Неге біздер бірін-бірі *жазықсыздан-жазықсыз* жаралап, тірідей жеп жатқан жыртқыштарды ғана көреміз (Ә. Әбішев). Ең ауыры, жанға бататыны *нақақтан-нақақ* жаза шегіп, көп кісі атылды, асылды (Ә. Шәріпов).

**Беку, берку.** *Бекемделіп, нығайу, шынығу, төзу.* Сол достықтың *бекіген* дінгегісің, туысың. Мейірбан, қамқор, пейілі кең, ұлы орысым, туысым (М. Әлімбаев). Қыз іздеп шықты Біржан жолдас ертіп, өзіне-өзі сенген әбден *беркіп* («Айтқыс»).

**Беку, бігеу.** *Саңлау қалдырмай біркен, тұмшалап жабу.* Мұнан соң қауырсынның қуыс өзегіне бидай немесе күкірт тығып, бергі жағын мақтамен *бекіте* салды («Лен. жас»). Қар жер үйлердің есік-терезесін бірден басып, тас жолдарды *бітеп* салды (Ғ. Мұстафин).

**Бекітулі, кілттеулі, құлыптаулы, жабулы.** *Ашық емес, бекітіп қойған.* Сол кезде іштегі қару асынған адамдар шығып, *бекітулі* қақпаны ашып жіберді (Р. Тоқтаров). Әрі-бері жатып ұйқы келтіре алмаған соң орнымнан тұрып, төрде *кілттеулі* тұрған сандықты аштым (Т. Тобағабылов). Айжан енді тұтқаны тартып көріп еді, есік *құлыптаулы* екен (М. Хасенов). Бос шелектің бірін алып, аула ішіндегі аузы *жабулы* тұратын құдықтан су тартып алып, қайтадан үйге беттеді (Б. Тәжібаев).

**Белбеу, белдік, кісе.** *Киім сыртынан буыну үшін былғарыдан жасалған бұйым.* Мәншүк жаралы аяғын орап, қайыс *белбеумен* тас қып байлады («Ол күндер»). Ол тік жаға гимнастеркасын жалпақ қайыс *белдікпен* буынып алған (Ғ. Сланов). Ана кебежедегі күшіңді, тымағыңды алып берейін, *кісеңді* буынып ажарлы болып бар, – деді кемпірі (С. Бегалин).

**Белгі, нышан, тұспал, нышана.** *Айтпақ ойды жорамал, болжам арқылы білдіру.* Үйдің сыртындағы тоғайға қарап ит үргені екі жас әйелге *белгі* болды (М. Әуезов). Кемпір-шал мұны жақсы тілектің *нышаны* деп түсінді (Ә. Әбішев). Ащы айтсын, ашық айтсын – бұл екеуінің *тұспалы* жарысқа келгендей (Б. Әбдіразақов). Бұл қауымға жаңа толқынның келіп қосылуы жақсы *нышана* деп қараған жөн (С. Мәуленов).

**Белгісіздеу, беймәлімдеу, неғайбілдеу.** *Онишама белгілі емес, оншалық мәлім емес.* Амангелді ол кезде көп ешкімге *белгісіздеу*, жиырма алты жастағы жігіт болатын (М. Жұмағұлов). Олардың біразымен жақында ғана таныстық, бірсыпырасы бізге әлі де *беймәлімдеу*; (Т. Жанұзақов). Баскасынан бұрын тіпті жеңіс екені де *неғайбілдеу* («Қаз. әдеб.»).

**Белдесу, күресу.** *Екі адамның бірін-бірі жығу мақсатымен ұстасуы.* Бұл екі арада ұмар-жұмар болып *белдескен* екеу төбешіктің арғы жақ бетіне келіп құлаған еді (А. Сейдімбеков). Досыммен ұстасуға ұялғанмен, қыстады, қоймады, жұрт *күрестірді* (З. Шүкіров).

**Белсену, құлшыну.** *Бір нәрсеге жанын салу, аянбай, ыншамен кірісу.* Қоңыр жолақ шалбар киген біреуі, сірә, ересектеуі болу керек, ойынға *белсене* кірісіп жүр (Ә. Көпбаев). Аймағын еңбегімен сүйсіндіреді, өнерге көп достарын *құлшындырады* («Айтқыс»).

**Белуар, белдеме.** *Бел тұқы.* Серәлі өзеннің жайпауыт жерін тауып, жейдесін шешті де, *белуардан* жуынып алмақ болды (Т. Ахтанов). Бұл тазылар ұртына тісі біздей шаншылып жүрген тұлкілерді *белдемеден* тістеп, сілкілеп өлтіреді (С. Мұқанов).

**Белуардан, белшесінен.** *Орта белге дейін, орта белінен.* Бәрі жырылған жерге *белуарынан* су кешіп, тұра-тұра қалысты («Ақ бидай»).

Ертеңгі мұздай суға *белшесінен* кіріп, ауырып қала көрмесін құлыным, – деді кемпір мүсіркеп (Х. Есенжанов).

**Бен, пен, мен, бенен, пенен, менен.** *Сөйлемдегі сөз бен сөзді байла-ныстыратын жалғаулық, шылау.* Осы Шәкізат, сіз *бен* біздің есімізге келмеген жайды ойландырып отыр-ау (Д. Әбілев). Қиын-қыстау кезеңде от *пен* судан қашпаған (К. Аманжолов). Ауыл *мен* қала арасын сайрандатып, желдетіп, желмаядай поезд келед (Жамбыл). Солардан жүрген шабарман, күнәсіз зарар тигізді жалғыз *бенен* жартыға (Ф. Шөреков). Ұрлық *пенен* қулыққа байлағанда кестің бау, Берерменде бесеусің, аларманда және алтау (Абай). Көңіл *менен* көзді ашып уанта гөр, құдай-ай (С. Торайғыров).

**Берекелі, дарқанды.** *Берекесі мол, кең-мол.* Еңбек оларды абырой-атаққа бөлесе, өздері де *берекелі*, шат тұрмыста тұратынын жақсы біледі (С. Байжанов). Дастарқан *дарқанды* болса, үй іші де шырайлы, бала-шаға да шат-шадыман (Б. Соқпақбаев).

**Бересі, бересілі, берешек, берермен, берімсек.** *Беруге тиісті, қайтаратын қарыз.* Шұбарға келсе, әкесі кедейлер тізіміне жазылып, бірінші *бересі* астығын да алып келіпті (М. Мырзағұлов). Өмірдің босағасын аттаған соң, Адамға өмір сірә *бересілі* (Б. Бұлқышев). Біреуде алашағы бар қырғыз *берешек* адамға жолығып, одан есеп айырысуын талап етеді (М. Елеусізов). *Берерменге* бесеу көп, аларманға алтау аз (Мақал). Колхоз астық салығы, тұқым қоры, тағы басқа *берімсектен* құтылғаннан кейін Дөмеқұлдың үй іші отыз центнер астық алды (С. Ерубаев).

**Берілгіш, әуестенгіш, әсерленгіш.** *Бой ұрғыш, қызыққыш.* Біреулер *берілгіш* тыншытпас ойларға, Біреулер бақытты мысықша тойғанға (Ә. Тәжібаев). Есірткінің бәріне *әуестенгіш* жолаушым, Жолың түссе, зәуіде, Бұрылып бәлки соғарсың (Т. Әлімқұлов). Тез *әсерленгіш* Бектай таусылып келсе, кетерінде көп нәрсе ұққандай болды (М. Иманжанов).

**Берілу, салыну, бой ұру.** *Бір нәрсенің соңына түсу, соған берілу.* Сол толқынға жан-жүрекеп *берілем*, Сол толқынмен бір жарқылдап көрінем (Ф. Мүсірепов). Адам нашаны *салынып* тартса, түбі қорлыққа соқтыратынын әрдайым есте ұстаған жөн (Е. Оразақов). Сағыныш па, белгісіз орманға *бой ұрған* елігу ме, әйтеуір Раушанның көңілі қаяу (Т. Ахтанов).

**Берірек, бермен.** *Бері таман, жақындаңқыра.* Адасып ахандама жол таба алмай, *берірек* түзу жолға шық қамалмай (Абай). Сол тұсқа жете бере ханның шерут ашарыла тоқтай қалды да, екі солдатты *бермен* қарай ызғытты (Б. Аманшин).

**Беріш, шор, түйін.** *Денеге шығатын қатып қалған өлі ет, ісік.* Беттің бір жерін ісік, бір жерін *беріш* қаптап, адамның өңін алады (М. Исамбаев). Денесі теңбіл бұғыдай, тыртығы мен *шор* біткен жерлері де көп (А. Әбуталипов). Бруцелезбен ауырғанда бірсыпыра

адамның терісі сарғыштанып, онда теріде кішкентай *түйіндер* пайда болады (А. Дайров).

**Бестас, қақпақыл, қақпақтас.** *Бес таспен қағып ойнайтын ұлттық ойын.* Қыздар бос уақытында *бестас* ойнайтын (Б. Соқпақбаев). Бес тас жинап *қақпақыл* ойнау да қыздарды жылдамдықа, ептілікке жаттықтырады («Мәдениет және тұрмыс»). Бес тас жинап, *қақпақтас* ойнау Орта Азия халықтарының бөріне ортақ ойын түрі («Қазақстан әйелдері»).

**Бет, жүз, әлпет.** *Адамның көз, мұрын, ауыз орналасқан алдыңғы жағы.* Шу дегенде көрінер сұлу артық, көбі көпшіл келеді ондай қаншық. *Бетім* барда бетіме кім шыдар деп, кімі паңдау келеді, кімі тантық (Абай). Мариямның *жүзі* құбылып, ұялған адамша қызарып, көпке шейін үндемей шайын ішумен болды (Б. Майлин). Байжан адамның *әлпетіне* қарап отырып, түр-ажарын қағаз бетіне айнытпай түсіретін ебі бар (Н. Ғабдуллин).

**Бет-әлпет, бет-бейне, бет-жүз, бет-пішін, кескін-келбет, кескін-кейіп, түр-тұрпат, түр-түс, рәпат.** *Адам басының алдыңғы жағынан көрінісі, сырт пішін.* Осындай бір құлпырыс өзге жауынгерлердің де *бет-әлпетінен* аңғарылатын еді (Ж. Жұмаханов). Ол Мәрзияшты көрген мезетте мұнан он екі жыл бұрынғы Мырзаштын *бет-бейнесі* көз алдына келе қалғандай болды (С. Алдарбергенов). Қабеннің *бет-жүзі* балбырап, ішкі шабыттың сыртқа шыққан әсем, әсерлі сезімнің *бет-пішінінен-ақ* көңлінде жатқан ойының арғы астарын аңғарып қалатын (С. Мәуленов). Әкесі соғысқа аттанғанда Жайлау оның *кескін-келбетін* ажырата алмайтын жаста қалды (М. Неталиев). Адамның жаны да, *кескін-кейіті* де, мінез құлқы да, ішкі дүниесі де сұлу болуға тиіс (С. Мәуленов). Тандаған жігітінің *тұр-тұрпаты* онша емес екен деп ойлады әпкесі («Жалын»). Жиырма жыл көрмеген адамның *тұр-түсін* ажыратып, бірден тану қиындау екен («Егемен Қазақстан»). Көңілім құлазып, *рәпатым* өзгеріп, өзіме жат, бөгде суық көріндім (Ө. Тұрманжанов).

**Беткейлі, бөктерлі.** *Биік қапталды* Ақадырды оның тез табуына *беткейлі* төбеде шоқтала өскен сексеуіл себеп болды (С. Мұқанов). Қыстақ *бөктерлі* таудың баурайына салынған («Қаз. әдеб.»).

**Бетпақ, көкбет, бейапар, бейауыз, көкауыз.** *Ұрысқақ, долдағыш, Бетпақ* болмасаң, мұндай сөзді айтуға қалай аузың барды (Ә. Әбішев) – *Көкбет* қатындай кенет баж ете қалды (Ә. Тарази). *Бейапар, бейауыз, көкауыз* деп, аузына келгенін айта беретін ұрысқақ әйелдерді айтып келген («Мәдениет және тұрмыс»)

**Бибі, бикеш, бике, ханым.** *Әйел адамға қарата айтылатын ізет атауы.* Әкесі мен шешесі ажырасып кеткен қыз сегізжылдықты бітірісімен *бибілер* өзірлейтін оқуға түсуге мәжбүр болған (Ә. Тарази). Көп кешікпей сізге бір сұлу *бикеш* қонаққа барады, жақсылап қабылдап, қарсы алыңыз (Б. Момышұлы). Сұлу *бикенің* шабарманы

қара торы жігіт жанымдағы көкбестіге міне сала бір топ қыз-бозбалаға қарсы шапты (І. Есенберлин). Ләтифа *ханым* толық денесіне шәркез нәзіктік көрсетіп, келіншекше майысты (Т. Әлімқұлов).

**Билік, қожалық, әкімдік.** *Елге басылық, үкім жүргізушілік.* Ер басына жау келсе, Ерлігі кетер басынан, Би басына дау келсе, *Билігі* кетер басынан (С. Сейфуллин). Отыз-қырық мың гектар жер мен отыз-қырық мың малға *қожалық* ету оңай емес (С. Еркебаев). Ол өз жолдасының ықтиярына қарсы *әкімдік* әмірін көрсеткісі келмеді (К. Тоқаев).

**Бипаз, мипаз.** *Икемді, ыңғайлы, оңтайлы.* Жеңгемнің *бипаз* қолы тамақты да дәмді етіп істеуші еді (Б. Соқпақбаев). *Мипаз* майда жүріс смес, соншама ауырлық та жоқ, туфлидің биіктігінен бе, аяғын қадаңқырап басады (Т. Тілеуханов).

**Бипаздау, майдалау, мипаздау, майпаздау.** *Сөзді жайлап, баптап, мәнеріне келтіріп сөйлеу.* Қоңырбаев әйтеуір ақылмен *бипаздап* сөйлеуге тырысып-ақ отыр (Д. Досжанов). Абай баласының *майдалап* айтса да туралап сынап отырған ажарына қарап, күле түсті (М. Әуезов). Ең алдымен соған көмектескен жанды *мипаздап*, мақтап алу қажет (С. Бакбергенев). Бектас бүгін де жарқылдай күліп, тізе түйістіре отырған Қадірге қарап, *майпаздап* сөйлей берді (Қ. Жүсіпов).

**Биік, жоғары, аңсағай, ұзын, еңселі, сырықтай, сындар көне.** *Аласа емес, ұзарып өскен, ұп-ұзын, тіп-тік.* Елдегі қыстау – қала тәртібімен көше боп салынған *биік* қарағай үйлер (С. Мұқанов). Қайда жүрсең, өз еліңді ұмытпа, өз еліңнің туын көтер *жоғары* (Т. Молдағалиев). *Аңсағай* бойлы, күрең жүзді Албан суық көзбен «кет», «жоғал» дегендей жирене қарады (М. Әуезов). Текше таудың бауырында *ұзын* терек еді (Ф. Мұстафин). Ауыл көшелерінде *еңселі* сәнді үйлер сап түзеген (С. Байжанов). *Сырықтай* ұзын болғандықтан ба, ол екі жағына теңселе басып жүреді (А. Жақсыбаев). Ұзын бойлы *сындар* Мәстүра шелек алып құдыққа қарай жүрді (Ф. Сланов).

**Биіктеу, биігірек.** *Әжептәуір биік.* Күні бойы ат үстінде отырып шаршаған кезімде *биіктеу* жерге шығып отыратын әдетім бар (С. Сейітов). Олардан *биігіректе* штурмовиктерді көктен қорғап, истребительдер шүйілің, жүйткіп жүр (Б. Момышұлы).

**Биіктеу, жоғарылау.** *Жоғарыға өрлеу, көтерілу.* Мұз жиегінен көтеріле бергенде қос доңғалағы теңіз бетін тіліп өтті, самолет күш салып, ақырын *биіктей* берді (Т. Ахтанов). Таудың төбесіне *жоғарылап* шыққан сайын күн суығып келеді (С. Шәріпов).

**Биязы, байпаң, кішіпейіл, майпаң, сыпайы, сынық, бипаз, қыздай.** *Мінез-құлқы, кісімен қарым-қатынасы мәдениетті, әдепті, мінезі жұмсақ, сыпайы.* Сөз қайырмайтын, беттен алуды білмейтін *биязы* мінез Дуся қазақтарға ұқсайды (Б. Соқпақбаев). Үйіне келген мейманды қайырымен тойдырса, Бай жолдасы *байпаң-ды* – Бәйбішеге жарасар («Үш ғасыр жырлайды»). Сатушылар да білімді, мәдениетті,



сыпайы, *кішіпейіл* болуға тиіс (К. Смайылов). Пәлі, Қарағұлдың *майпаң* мақамы ғой мынау, — деп Ғылман Сейілханға сұрана көз тігеді (М. Сатыбалдиев). *Сытайы* жүр де шаруа ойла, Данғойланып аптықпа (Абай). Ол жасы үлкен болғанымен, елтең-селтеңі де жоқ, *сытық* жігіт болатын («Лен. жас»). Айшаның мінезі қандай биязы, *бипаз* болса, тілі де сондай жұмсақ, майда (З. Шашкин). Шіркіннің *қыздай* мінезін, еңбек сүйгіштігін айтсаңшы (А. Бекбосынов).

**Бодан, бұратана, бодам көне. Тәуелді, бағынышты.** Кешегі мырзалар еріксіз *бодан* болғанын жасыра алмай, әр адымын түнере басып, зілдене өтіп кетеді (І. Есенберлин). *Бұратана* атанған далалықтардың ұрпағы дарындылығымен, білім тереңдігімен патша төрелерін шұлғытқан емес пе (М. Әлімбаев). Әбілхайыр хан патшаға *бодам* болғанда қазақтан солдат алмайтын болып мөріні басқан, — деді ұлыққа (Қ. Жұмалиев).

**Божырау, қожырау, пышырау. Берекесі кету, тоз-тоз болып бөліну.** Бас ие болмаған соң жұмыс *божырап* кеткен екен (Б. Тоғысбаев). Іргесі бұзылмаған берекелі ауылдың бірлігі *қожырады* (Ж. Еділбаев). Отрядтарыңыз әлі аз және *пышырап*, бір жерге басын қоса алмай жүрген көрінеді (Х. Есенжанов).

**Бозаң, бозғылт, бозша, бозамық, бозғыл, бозандау, бозғылт-тау, бозғылтым, бозалаң, бозарыңқы.** *Оншалықты ақ емес, бозғылтым тартқан қылаң түс.* Қаратау қойнауына қарай *бозаң*, қылаң түсті үйір-үйір жылқы ала құла боп өріп барады (І. Есенберлин). *Бозғылт* тартқан дала енді көктемнің алғашқы бұрқан-талқан нөсеріне ансары ауып жатқандай («Лен. жас»). Бір мерген *бозша* құсты атып алды, Қоймады, өлтіріп-ақ жалғыз жанды (БІ. Алтынсарин). Жайқалып жатқан ойпаттар биыл сортаңы шығып *бозамық* тақыр болып қалды (С. Мұқанов). Үсігі қайтқан сайын қанның жансызданып, үсіген сияқтанып, *бозғыл* тартып бара жатқанын байқаған (Н. Ғабдуллин). Түйенің еті тауықтың етіндей *бозандау* және тап сондай жұп-жұмсақ болады екен (Ө. Қанахин). Дөңгелеп ай мұз бетіне *бозғылттау* сәуле жолағын тартышты (Ә. Сәрсенбаев). Олардың өзі көкпенбек емес, өңі көше бастаған *бозғылтым* (М. Мағауин). Жауған қардың *бозалаң* сәулесі мен жолдан оқта-текте өте шыққан машинаның жарығы ғана алды-артыңды бағдарлатады (Ш. Құмарова). Осы мезетте оның жүзі аяз сора-сора үсуге айналған беттей *бозарыңқы* екен (Б. Аманшин).

**Бозару, бозамықтану, бозаңыту, бозғылттану, қылаңыту.** *Бозғыл түске айналу, ақшылдану.* Таң *бозарып* атып келе жатты. Әуелі бір қорадан, сонсоң бірнеше қорадан өтеш айғалады (Ж. Жұмаханов). Ай туған соң төңірек *бозамықтанып*, соңымызда көлеңкесі ерді (А. Жақсыбаев). Толық қанды өңі кіршіксіз жылтырап, сәл *бозаңытқан* (С. Шаймерденов). Өсімдіктің сыртын түгелдей ақшыл түктер басқандықтан оның түсі айқын жасыл болмай, *бозғылттанып* тұрады

(«Қазақст. мект.»). Алыстан қарағанда қызыл көк, семізден жараған аттың басы *қылаңытып*, ақбастанып көрінеді (С. Бегалин).

**Бозару, сұрлану, көгеру, құқылдану.** *Адамның көңіл-күйіне байланысты түсі бұзылып, өңінің қашып, солғын тартуы.* Молданың онсыз да қан-сөлсіз сүп-сұр жүзі боз шүберектей боп *бозарып* кетті (Ғ. Мұстафин). Отырғандардың барлығы қандарын ішіне тартып *сұрланып*, жүздері құқылданып шыға келді («Лен. жас»). *Көгеріп* көлеңкедей түсі қашып, оқ тиген қан-қан жара төсін ашып (Т. Жароков). Мына отырған жұрт онысын байқап қалды деп ұғып, сүп-сұр өңі онан сайын *қуқылданып* кетті (М. Дүйсенов).

**Боздақ, қыршын.** *Жас ер азамат.* Қыршынынан қиылған талай аяулы *боздақтың* өлімін, жосадай аққан қанды көріп жүрмін (Р. Әутәліпов). *Қыршын* кезінде жолдасыңды майдан көзіне аттандырып, оны ұзақ күттің (С. Шаймерденов).

**Бойдақ, қысыр.** *Төлдемеген мал.* Оның отыз мыңы – саулық, он мыңдайы – *бойдақ*, қалғаны тұқым мал мен тұсақ («Ақ бидай»). *Қысырдың* орнын жабатын артық төл болмаған соң, көрсеткіш те қалпынан аса қоймады (С. Мыңжасарова).

**Бойжеткен, ержеткен.** *Кәмелетке толған.* Жігіт өзінің ер қимылын қалт жібермей бағып тұрған *бойжеткенді* жаңа ғана байқап еді (Қ. Нұрғалиев). Қызы *ержеткен* кезде патша сынап, бір өнерлі адамға берсем деп ойлайды екен («Қаз. ертегі.»).

**Бойшаң, бойлы, сұңғақ.** *Бойы ұзын, бойы бар.* Жасы он жеті-он сегіз шамасындағы *бойшаң* келген аққұба қыз талай жасты күрсінткен шығар (Қ. Жұмалиев). Маңғазданды күнбағыс: Маған көкте күн таныс. Басым үлкен, *бойлымын*, Бағалымын, сойлымын (Ә. Табылдиев). Абайлар Ділданың бойын ғана көрді. Ол кебісін шешіп жатқанда сырт сымбаты талдырмаш, бірақ аса *сұңғақ* көрінді (М. Әуезов).

**Бок, нәжіс, тезек, қи.** *Адам мен жан-жануардың ішкен тамағының, азығының қорытылған түрі, қиы.* Адам – бір бок көтерген боктың қабы, Боктан сасық боласың өлсең тағы (Абай). Малдың іші өтеді, оның *нәжісі* қою қоймалжыңнан сұйық қойырtpаққа айналады (З. Шойынбаев). Жол үстінде қара қоңыз жылқының жас *тезегін* аунатып әкетіп барады (Ш. Мұртазаев). Алда, қарақтарым-ай, түнде жата кетіңдер деп ек, көнбедіндер, – деді сырттан *қи* арқалап кірген Ақлима (М. Мағауин).

**Бокша, бокжама.** *Оны-мұны салатын, матадан немесе киізден тігілген сөмке.* Бәйтiк молда ұшып тұрып, киіз *боқшасының* ішінен көзiлдiрiгiн алып, көзiне кидi (С. Торайғыров). Сатуда шебер әйелдердiң қолымен тiгiлген және тоқылған *боқжамалар* (М. Әуезов).

**Болат, құрыш.** *Темiрдiң, тағи басқа элементтердiң қосындысынан жасалған қатты металл.* Мартендi шойын көмiртегiнен тазарып, таза *болатқа* айналады («Соц. Қаз.»). Тынбады күрес қызып, күмiс таңда, Күштiмiз балқып жатқан *құрыштан* да (Қ. Жармағамбетов).

**Болашақ, келешек.** *Алдағы уақыт, келер кезең.* Ол осы жақтағы қазақ даласының бүгіні мен *болашағы* туралы маған әңгіме шертіп қояды (С. Мұқанов). Баланың қандай мамандықты таңдайтынын *келешек* көрсетеді («Семья тәрбиесі»).

**Болдыру, шаршау, қажу, тұралау, талығу, қаржалу, итырықтау, өліп-өшу, өліп-талу, өліп-тірілу, титықтау, шалдығу, жүйкелеу, діңкелеу, шаңырқау, талу.** *Діңкесі құрып қиналу, өлі құру.* Оның өзі ыр-ыр етіп шаршап *болдыруға* айналды (О. Сәрсенбаев). *Шаршап* келген, жәбірленіп келген Омарға үйге кір деп те айтқан жоқ (Ф. Мүсірепов). Биыл жылқышылардың өзінде күндіз-түні ұйқы жоқ, әкең де *қажып* жүр (Т. Дәуренбеков). Екі қарт әбден қас қарайғанша қимылдағандықтан екеуі де *тұралап* шаршап жеткен еді (Ә. Қалдыбаев). Көпке дейін ұйықтай алмай, *талыққан* кезде талып кетсем керек, у-шу дауысқа шошып ояна келдім (С. Мұқанов). Бұған дейін *қаржалып* қалған аттар енді тіпті әлсізденіп, күймені мықшия, емірене тартты (С.Мұқанов). Буына пісіп келе жатқан. Бауыршық әбден *итырықтады* кеп (Д. Досжанов). Күн сайын ыдысымызды жеміске толтырып *өліп-өшіп* арқалай үйге қайтамыз («Лен. жас»). *Өліп-талып* Айыртаудың шыңына шыққанымда, мен бүкіл дүниенің төбесінде тұрғандай сезіндім (Ә. Нұршайықов). Шал мен Рым *өліп-тірілгендеріне* қарамай, құдықты арши бастады («Алғы шепте»). Жер жыртып *титықтағанда* қызғалдақ теруге мұрша келмей, жығыла сүрінуші еді (Ш. Мұртазаев). Шаршағанын, *шалдыққанын* ұмытып, Бексұлтан қайдасың деп, Әлімхан жүрісті тездетті (Ж. Жұмаханов). Әбден *жүйкелеп*, зығырданы қайнап тұрған Шидүр бұдан арғыға шыдай алмады (Ә. Кекілбаев). Бір кезде менің де әлім бітті, *діңкелеп* жүрс алмауға айналдым (Б. Соқпақбаев). Шаршап *шаңырқайым* дедім де, аздап тынығып алайын деп, бір топ жыңғылдың көлеңкесіне кеп қисая кеттім (Ө. Тұрманжанов). Күні бойы бел жазбай жұмыс істеп, үйге келе *талып* жығылам («Парасат»).

**Болжағыш, көреген, көрегенді, көргіш.** *Келешекті болжай алатын.* Саяси жұмысқа ертеден араласқанмен, Мадияр оншалық *болжағыш* адам емес еді (С. Мұқанов). Алдымен көргені көп *көреген* тәжірибелі ата жер шалып, астықты жерді бағдарлайды (Ө. Тұрманжанов). *Көрегенді* бабаларымыз әкеге қарап ұл өсер деп айтқаны тегін емес («Өрлеу»). Бағып тұр *көргіш* көзі алыстарды, Танып тұр алысқанды, жарысқанды (Ә. Тәжібаев).

**Болжағыштық, көрегендік.** *Көреген болушылық, болжай алушылық.* Оны мұндай дәрежеге жеткізген ақылдылығы, *болжағыштығы*, заман жайына қырағылығы екен (С. Мұқанов). Енді Бекіш әжесінің *көрегендігіне* таңғалып отыр («Дала шұғылысы»).

**Болжалды, болжамды, түспалды, болжамалы сөйл.** *Болжамы бар, жорамал жасаған.* Сүйкімді қазақ қызы жымыя күліп, ұшақтың *болжалды* жеріне келіп жеткенін хабарлады (М. Хайрутдинов). Бір

жерлерді шырамытқан боламыз, *болжамды* деген ескі бейітті қаумалаймыз (Ж. Арыстанов). Түс ауа *тұспалды* жерге жетіп, аялдадық («Жас Алаш»). Осы жылдары ол Нұркеге мыс кені жайлы *болжамалы* пікірін бірнеше рет айтқан (І. Есенберлин).

**Болпию, борпию, былпию, болбыраю.** *Дененің семіріп, толығуы. Болтиган* семіз денелі Масакбайдың Рахметке орынсыз жалпылдауы Байжанға онша ұнаған жоқ (С. Мұқанов). Қатыны қарғандау, *бортиган* қара әйел екен (С. Сейфуллин). Енемнің сиырындай *былтиган* қара қатын келіп тұр (М. Сатыбалдиев). Ісік дене *болбырап* көтермедей омбылап жүргізбейді қар сіреу (І. Жансүгіров).

**Болып, боп.** «*Бол*» *етістігінің көсемше түрі*. Әншейінде қырғи қабақ *болып*, айтысып-тартысып жүретін қарындастарым да монтия қалыпты (М. Шаханов). Әбен атам ертелеткенімізге ренжіген жоқ, қайта риза *боп* қауіпдеп қалды (Н. Сералиев).

**Болысу, жәрдемдесу, көмектесу, қарайласу, жағысу, қарасу.** *Біреуге біреу қол шын беру, қолғабыс тигізу.* Ерден апасына *болысып*, үйдің керегесін жайысып, уық шаншысып, киізін жабысып, ширақ кайрат көрсетті (С. Бегалин). Уа, қарт Кавказ, сын сағатта әрбір тасың гранатқа, әрбір талың ұқсап оққа *Жәрдемдессін* азаматқа (А. Тоқмағамбетов). Темірбектің саяси сауатына өзім *көмектесейін*, – деді Степан (Қ. Әбдіқадыров). Ауылды іздеп табайын, Күні құрсын кірменің. *Қарайласар* ағайын Күн көрістің бір жөнін (М. Әлімбаев). Туыс адамдар бір-бірімен *жағыспаса*, туыстығы қайсы (Ауызекі тіл). Шал, кемпірлердің өз тұстарынан тамақ істеп іше алмайтындары бар, оларға бұрын ауыл адамдары болысып, *қарасып* тұрған (Ж. Өмірбеков).

**Боран, борасын, дауыл.** *Ұйтқып соғатын қатты жел.* Далада *боран* ұлып тұр, Көрінбес көзге түп тал да, Келеді бала сүрініп, Таба алмай пана ықтарға (Ә. Дүйсенбиев). Гүлсім терезе алдына орындық қойып, тыстағы түтеген *борасынға* көз жіберіп, ұзақ отырды (С. Алдабергенов). Күздің күндері осы маңайда топырақ суырған қара *дауыл* соғушы еді (А. Байтанаев).

**Боранды, борасынды, бұрқасынды.** *Бораны көп, бораны бар.* Күнсіз, айсыз *боранды* далада Хасен мезгілдің қай уақыт екенінен де адасты (І. Есенберлин). Жайдары жарқын жаздың орнына *борасынды* қыс келетіні сияқты, кезінде азаматқа ашу мен ыза да лайық (Ж. Жұмаханов). Оның үстіне жауынды-шашынды, *бұрқасынды* күндердің көп кездесетінін ескерсек, біздің жұмыстың қандай екенін ұғынуға болады (Қ. Баялиев).

**Борау, бұрқау, бұрқақтау, бұрқасындау, борату, борандау, ұйтқу, түтеу, төпеу.** *Қыс мезгілінде ұйтқытып, дауылдатып боран соғу.* Үстімізден қар аралас тонған кесек атқылап, топырақ *борап*, бас көтертер емес (Б. Момышұлы). Үдей түсті дем сайын *бұрқап* боран, жел арсылдап боранға қосты ұран (Қ. Жұмалиев). Қалбақтап қалақ

бұлқынса, *бұрқақтайды* бораны, тас сырылдап айналып, бірін-бірі жонады (І. Жансүгіров). Қазанның аяқ кезінде күн суыта бастап, оқтын-оқтын *бұрқасындатып* алады (Ә. Сәрсенбаев). Ұйтқи *боратып* қатты жел тұрды (Ғ. Малдыбаев). Дала да аппақ, көк те аппақ, Сықырлайды басқан жер. Ысқырады *борандап*, Қысқы шұға мінген жел (Ж. Саин). *Ұйтқыды* боран ышқынып, Бұлқынып, ұлып, ысқырып (М. Рашев). Бүгін күні бойы *түтеген* боран көз аштырмай ұйтқып тұрды (М. Сатыбалдиев). Түн бойы *төпеген* боран таң ата ашылды (С. Мұқанов).

**Бордақылау, семірту, байлау, жемдеу.** *Малды ерекше құтімге алу, баптау.* Қой семірту керек болғанда, қойды *бордақылайтын* кезде жүгерімен жемдейді (А. Еламанов). Қара өгіз екі жылдан бері көп мінілмей, жүні жылтырап *семіріп* қалған екен (З. Ақышев). Қысқы соғым үшін деп, бір-екі мал *байлап*, семіртіп алмақ ойы бар («Лен. жас»). *Жемделген* жылқылардың сойылғаннан кейінгі салмағы 1056 килограмм болды (Д. Керімбаев).

**Борпылдақ, борбас, борқылдақ.** *Борпылдаған бос, жұмсақ.* Жар жағасындағы *борпылдақ* май топырақта менің балалық шағымның куәсіндей болып ізім жатқандай (К. Сегізбаев). Бүгін анықтаса, бұл маңайда *борбас*, ойылма бос топырақты жерлер көп (М. Әуезов). Арт жағы *борқылдақ* бос топырақ («Балдәурен»).

**Борсу, жінігу, баздану.** *Исі шығып бұзылу.* Көп шыққан сылау май қалың қабыршыққа айналып, ол *борсиды* да жағымсыз иіс шығады (С. Омаров). Балқаш арбаның үстіндегі астауға салынған піскен етті *жінігіп* кетер деп жайды (С. Мұқанов). Ыссыда ет біткеннің *базданып* кететіні белгілі (Қ. Мырзалиев).

**Боршалау, кескілеу, бөлшектеу, паршалау.** *Денені бөліп-бөліп тастау, бірнешеге бөлу, түте-түтесін шығару, тілгілеу.* Бұл келгенде жылқышылар бір семіз байталды *боршалап* тастап, қуырдаққа енді ғана бас қойған екен (Қ. Жұмаділов). Әлгі әйел мен шалдың *кескіленген* денесі, жігіттердің өле-өлгенше есінен кетпестей ауыр әсер етті (М. Жұмағұлов). Әрі-беріден соң құрбақаны кішкенедең *бөлшектеп*, жіңішке шыбықтың ұшына шаншыды (Ө. Тұрманжанов). Дәнекердің өз бәкісі өз серкесінің етін *паршалап* жатыр (Қ. Қазыбаев).

**Борыш, несие, қарыз.** *Кейінірек қайтару келісімімен ауысатын ақшалай-заттай алыс-беріс.* Тапқан малының бір бөлімімен *борышымды* өтеймін, бір бөлімін өсімге беремін (Ы. Алтынсарин). Шөмелені шөбім бар деме, *несиені* малым бар деме (Мақал). Апасы әудем жердегі көрші үйден *қарыз* тұз сұрауға кеткен болатын (С. Нарымбетов).

**Борышқор, борыштар, борышты, қарыздар, дебитор, борышкер сөйл., борышқар сөйл.** *Біреуге біреудің ақшалай-заттай алыс-берісі бар.* Осы мүмкіндікті пайдаланған әкем *борышқорлардың* бересілерінен әлденеше еселеген түрде сыпырады-ай кеп! (С. Мұқанов).

Туған ел, қарызым көп өтелмеген, өмірден *борыштар* боп кетем деген (Қ. Аманжолов). Зағипа *борышты* емес, қарызын түгел өтеп біткен («Қаз. әдеб.»). Жазда ішкен-жегенін ұстап қалғанда көншілігі колхозға *қарыздар* болып шығады (Д. Қасенов). *Дебитор* болған қайсыбір кәсіпорындар қарызын мерзімінде өтей алмай банкротқа ұшыраған («Егемен Қазақстан»). Ақын болсын, артист болсын, драматург болсын еңбек адамының алдында ұлан-асыр *борышкер* («Қаз. әдеб.»). Бір-екі киік атып алу керек боп тұр, біреуге *борышқар* едім (М. Жұмағұлов).

**Борыштану, қарыздану.** *Борыштың астында қалу, бересілі болу.* Сонда Шермек аузы-мұрны қисаймастан: «Өлсең *борыштанбай* өлсеңші, неңді бересің?!» – деді (Б. Майлин). Ол өзінің туысқандарынан жалынып-жалпайып *қарызданып*, бірнеше бас мал тауып, көпестерден өрең дегенде құтылды (М. Жұмағұлов).

**Борышты, міндетті, міндеткер.** *Бір нәрсені орындауға, атқарып беруге тиісті.* Өлгенше заманыма *борыштымын*, Өтеуді ұрпағымнан жөн сұрауым (Ж. Молдағалиев). Серт еткен Күләндамен нысанаға, Беттеуге қас қарая *міндеттімін* (Ж. Саин). Ұяты бар жалшыны. Күні бітпей кім кетер, Еңбек шартын бұзбауға Екі жақ та *міндеткер* (С. Сейфуллин).

**Бос, болбыр, босаң, мәнжубас, маубас, болжыр, босаңдау, босалаң.** *Қатып-ніспеген ынжық, мәңгіріп бей-жай жүретін.* Бақтыгүлдің ойына Сәлменнің Қоқай дейтін адамның *босы*, қорқақ жылқышысы сап ете түсті (М. Әуезов). Ауылдық кеңестің ағасы аузынан сөзі түскен жасық, *болбыр* жан екен (С. Сарғасқаев). Шындық үшін күреспесем, жанбасам, жігіт болып шықпаймын ба мен *босаң* (Т. Қызықбаев). Соны алып кел десем, мына *мәнжубастың* тауып кеп жүрген көкегі ғой, – деді жеңгесі (О. Әубәкіров). Айналайын Есмұрза, келіндердің етегіне тығылып жүрген мына өңшең *маубастарыңа* жұмыс тапсайшы (М. Сүндетов). Мендей *болжырға* үй сыпыру, еден жуу, төсек жинау бір ақырет екен (Ә. Табылдиев). Сіздерді қайдам, мен өзім әйел қауымы алдында сөйлей алмайтын бір *босаңдау* адаммын (Б. Қыдырбекұлы). Ұлы момын, *босалаң*, қызы дерек. Қыз жататын бөлмесі бізден бөлек. Еркектен әйел бұрын ойланбай ма, хан қызы маған ғашық болса керек (Ш. Әбенов).

**Босану, туу, табу.** *Жарық дүниеге келу.* Фанидың ішінің жуандығына қарағанда, бүгін-ерген *босанатын* түрі бар (С. Сейфуллин). Мені *туған* анадан сіз де туылған едіңіз ғой (Ә. Әбішев). Алғадай майданға аттанғаннан 7 күннен кейін әйелі Жәмеш босанып ұл *тапты* (С. Мұқанов).

**Босаңсу, ыбылжу, жиду, былжырау, ылбырау, болбырау, болжырау, сылбырау.** *Сылбыр тарту, жай қимылға ауысу.* Шынтуайтына келгенде, алғашқыда қарқынды басталған құрылыс ісі уақыт өткен сайын *босаңси* берген болатын (С. Ләмбеков). – Әй, *ыбылжыған*

өңшең мәжнүндер, – деді Асанбай шыдай алмай (Ш. Хұсайынов). – Қой, мына түрің жаман екен, *жидіп* барасың, – деп, қояр да қоймастан Жаңылды ала кетті (Т. Ахтанов). Осы арада аузыннан сөзін түсіп, *былжырай* қалғаның не сенің (С. Омаров). *Ылбырамай*, сылбырамай, ширасандаршы, қарақтарым, – деді Бошан оларға (Ш. Хұсайынов). Мен әкеп берген жүз грамды қағып алғаннан кейін, Мақагон ширау орнына, *болбырай* түсті (С. Мұқанов). Төгіп жүріп көз жасын, тілдегенмен қожасын, тынбады ісі *болжырап* (Қ. Мырзалиев). Жігіттің *сылбыраған* жай қимылы қыздың жүйкесіне тиді (З. Шүкіров).

**Босқын, үркін, босқыншы, қашқын, ауғын, жосқын, қашақ, шұбырымды.** *Қуғын-сүргін көріп, аштыққа ұрынып, жосыған, үріккен ел-жұрт.* Ертеңнен кешке дейін, түні бойы үлкенді-кішілі жолдармен шығысқа қарай қалың *босқын* халық ағылды (Т. Ахтанов). Іле басы – қас, күнес, Өткел таппай *үркін* ел, кетті суға талай көш (І. Жансүгіров). Сол кезде әнеугі *босқыншы* қызды ертіп, Сәуле кіріп келді (Ж. Арыстанов). Замана жаугершілік *қашқын*, босқын, өткіздік үркіншілік күнді небір (Д. Берсүгірова). Сарысу, Талас ауданының елі бұрын өздері көрмеген *ауғындарды* көрді (М. Әуезов). Үлкен *жосқынға* біреу еріп, біреу ермеген (Д. Досжанов). Сені бізге біреулер *қашақ* дейді, Кімнен қаштың, қаһарман мүскін балам (Ә. Ахметов). Сенің аулыңнан қаншама үй *шұбырындыға* ұшырап, алды сонау Сибирь, Алтай өлкесінен бір-ақ шықты (Ш. Хұсайынов).

**Босқыншылық, үркішілік.** *Қуғын-сүргінге, үркінге ұшыраған құй, жай.* Осы секілді сорақылық түбі халықты *босқыншылыққа* ұшыратты (Е. Оразақов). Е, бұл не көрмеген Гүлжөмила, әкесін *үркіншілік* жылы ақтар өлтіріп кеткенді де көргенмін (К. Қазыбаев).

**Бостандық, азаттық, еркіндік, еркіншілік, теңдік.** *Қоғамдасқан адамдардың өз билігі өзінде болушылық.* Мариям Кеңес өкіметі әйел *бостандығын* жарыққа шығару үшін арнайы декрет шығарғанын айтты (Б. Майлин). Батырлар елінің бақыты, *азаттығы* үшін жанын отқа салады (Е. Ысмайылов). Жыр жазып талай желпіндік, Жанардан төгіп шуақты, Қыранға керек *еркіндік* Маған да керек сияқты (Т. Молдағалиев). *Еркіншілікті* көксеу адамға емшек сүтімен бірге келеді (Қ. Кеменгеров). Біз секілді күндіктегі сорлылар *Теңдік* алды міне бүгін қараңыз (Ш. Иманбаева).

**Ботам, ботақаным, ботажан, боташым, қозым, қоңыр қозым, қошақаным, құлыным, құлыншағым, құлынтай.** *Баланы жақсы көріп, еркелеткенде айтылатын атау.* Бәрінен де мен үшін үлкен қуаныш сенің хатың болды, *ботам* (М. Сүндетов). *Ботақаным*, құлыным, Ки, мінеки тұлыбың. Қарашығы көзімнің, Пимаңды ки өзіннің (Қ. Мырзалиев). Ержаным, *ботажаным*, Қайда кеттің, қайда екенсің жалғызым (Ә. Әбішев). Үйден сұрап алғандарын, Қалтасында қалғандарын *Боташым*, боташым, – деп, Беріп жатыр қолда барын (Б. Аманшин). Айналайын, *қозым* менің, – деп әжесі немересін аялап

жатыр («Балдырған»). Карашығым, *қоңыр қозым*, Абай жаным, – деп кәрі әжесі Зере кемседеп жылауға айналды (М. Әуезов). Қойшы енді, *қошақаным* менің, – деп, әжесі басын сипап отырғанын ол біраздан соң сезді (М. Сүндетов). Қозым менің, *құлшым*, әрі қызым, әрі ұлым. Құсым менің құлшынған, Гүлім менің құлпырған (Қ. Аманжолов). Алдымда жүрсің жайнап, жаным менің, Арман жоқ, *құлыншағым*, енді міне (М. Әшірбеков). Бауырымда жалғыз ұлың *құлынтайың*. Бір көріп іскеші тұлымшағын (Ф. Малдыбаев).

**Бояк, бояу.** *Затты белгілі бір түске келтіру үшін тағылатын зат.* *Бояқтары* мен қыл қаламын дайындап, өзiрге ешкімге ұқсамаған ала-қожалақ портретті орындыққа қойды (Ә. Сәрсенбаев). Ретсіз орналасқан *бояу* түстері қандай жақсы ою-өрнекті болса да күнгірт, солғын түске айналдырады (С. Қасиманов).

**Бояма, бояулы.** *Боялып қойған, бояуы бар.* Әркашан сондай жігіт тәуір болмас, *бояма* шүберектей жасыл болса («Ақан сері»). Тамған қаны, жуған тері бабамның, Аққан жасы, төккен сүті анамның Шөп бөп өскен сан *бояулы* даламда, сүймей оны айтындаршы, қалам ба (Ә. Тәжібаев).

**Бөбешік, кішкене тіл.** *Адамның ауыз қуысындағы көмекейіндегі желбезек. Бөбешігім* ауырып, жұтындырмай тұрғаны («Жас Алаш»). *Кішкене тіл* – артқы таңдаймен жалғасып жатқан бөпешік («Қазіргі қазақ тілі»).

**Бөгеліс, іркіліс, кідіріс.** *Сәл-пәл бөгеліп, кідіріп қалу.* Орманшының қазіргі *бөгелісінен* сол орындалмаған парыздың нышаны сезіледі (Р. Әутәліпов). Жолдағы *іркіліс* кезінде Құспан әңгімесін әрі жалғастырды да, Шанау екеуі өзек жалғап алды («Жалғыз салт атты»). Бір жақсы жері, әйтеуір, егіс жұмысында *кідіріс* жоқ (И. Салахов).

**Бөгет, бөгесін, бөгеу.** *Кедергі келтіретін нәрсе, тосқауыл.* Екеуінің қосылуына Левитанның өкпе ауруы *бөгет* болған (Ә. Нұршайықов). Ол азаматтың қолына байлау, аяғына тұсау болып келген *бөгесін* торды бұзды (Ы. Жақаев). Құдай-ау, *бөгеу* берме қызыл тілге, кез келді алты кісі рулы елге («Батырлар жыры»).

**Бөгетсіз, бөгеусіз, кедергісіз, тосқауылсыз.** *Бөгет жасамай, кедергі келтірмей, бөгеуі жоқ.* Ұзын бойлы әскери адам есік алдындағы күзеттен мені *бөгетсіз* алып өтті (Б. Тоғысбаев). Ол аттылы топтың өн бойын қуалай жүгіріп *бөгеусіз* жетіп келді (Х. Есенжанов). Тұрған жерін ауыстырған кезде оқушылар ешбір *кедергісіз* басқа мектепке ауыса алады («Семья тәрбиесі»). Барлаушылар ешбір бөгетсіз, *тосқауылсыз* түні бойы жүріп отырды (А. Байтанаев).

**Бөгеу, ірқу.** *Тосқауылдап кідірту.* Қоғамдық іс дегенде, көрмейді ұйқы, күлкіні, Болмайды оны *бөгеуге* не күндіз де, не түні (С. Мұқанов). Екі көзі тола сорғалап аққан жасты да *ірқуге* шамасы келер емес (А. Байтанаев).



**Бөгу, бөрту (астық).** *Дәннің суды бойына тартып ісінуі.* Қарынның тым үлкеюі тез *бөгетін* азықты көп жегенін көрсетеді (Ә. Әбішев). Дән суға тиген соң *бөрткен* ғой, қап толмақ түгіл асып кетті (С. Шарипов).

**Бөдене, бытпылдық, бүлдіршін көне.** *Қалың шөп арасында жүретін ақшыл жолақты кішкене сұр құс.* Екі бөдене секіріп барып шоқып, кейін шегініп, қайта барып төспен қағысып, айқасқа түсті (С. Адамбеков). Көкек шақырып, *бытпылдық* үн қатты қарағанның арасынан (О. Бөкеев). Бөдененің ерте кезден *бүлдіршін* деп те аталып келгені белгілі («Жас Алаш»).

**Бөкен, ақбөкен.** *Далалы жерді мекендейтін аша тұяқты жүйрік аң.* Ақ даланың бойында *бөкен* менен құлан бар, теңіздердің бойында жолбарыстай ұлы аң бар (К. Жапсарбаев). Бауырында *ақбөкеннің* лағы ойнап, Сағымдай сұмандаған салып ойнақ (С. Сейфуллин).

**Бөктеріншек, бөктерме, бөктерінді.** *Қанжығаға байланған, буылған керек-жарақ зат.* Әбен қоржын, *бөктеріншектерін* сау атқа салып, шылбырын Нұрилага ұстатты (Ж. Арыстанов). *Бөктермесі* тоқ көрінеді, қаладан базарлы қайтқан болу керек («Жетісу»). Менің мынау арт жағымдағы қомақты *бөктеріндімді* көрдіңдер ме? (Б. Соқпақбаев).

**Бөлек-бөлек, жеке-жеке, оқшау-оқшау.** *Өз алдына оңашаланған, дара-дара.* Алыс беткейлерде ауылдың малы, ақтылы қойы, үйірлі жылқысы *бөлек-бөлек* жайылып жатыр (Д. Қасенов). Диетаны дәрігер әр аурудың жағдайына қарай *жеке-жеке* ұсынады (С. Сұбханбердин). Ауыл шетінде *оқшау-оқшау* қонған малайлардың үйлерінің жанынан мал өріп барады (С. Мыңжасарова).

**Бөлектену, оқшаулану, оңашалану, жекелену, даралану, алалану, шеттеу, аулақтау.** *Әркімнің өз бетінше сырттап жүруі, басы бірікпеу.* Алғашқы күндері екеуі *бөлектеніп*, басқаларға қосылмай шеттеп жүрді (С. Бакберженов). Үйге таман жақындаған соң, Сақыпзада бізден *оқшаулана* бастады (Қ. Қайсенов). Олжай манадан бері Дәменнің *оңашалануын* аңдып тұр екен (Ә. Әбішев). Үйде *жекеленіп* қалған қыз бен шеше осыдан кейін бір-бірін көздерімен ұғысып, тіс жарыспады (Ж. Арыстанов). Түсінігі о баста кең Мұхтар кластас балаларының ішінен *дараланып* оқшау шықты (А. Әуезов). Елден *алаланбай*, бері отырсаңшы, шырағым («Лен. жас»). Қанша жұрттан *шеттеп*, тасаланып өмір сүрем дегенмен айналадағы қайнаған қызу өмір еріксіз тартады да тұрады (Б. Тілегенов). Ел көзінен *аулақтап*, Бодан тағы да су басына келді (Б. Соқпақбаев).

**Бөлме, кабинет.** *Үйдің, пәтердің жеке бір бөлігі.* Бір күні Маржангүл отырған *бөлменің* есігін біреу ақырын ғана қақты (Н. Ғабдуллин). Айгүл сол бетінде директордың *кабинетіне* кірді (Қ. Сатыбалдин).

**Бөлік, бөлшек, бөдім.** *Тұтас нәрсенің бірнешеге ажыратылып бөлінгені.* Дүниежүзі халқының үштен екі *бөлігі* небары он тілде ғана сөйлейді (С. Мұқанов). Олар көп кешікпей-ақ машинаның әртүрлі

ұсақ бөлшегін жасауды үйреніп ала қойды (Ә. Жәмішев). Мысырлықтардың бөлшекті қалай есептегенін түсіну үшін оларды алым мен бөлімге бөлмей, басқаша таңбалау қажет болды (О. Жәутіков).

**Бөлісу, үлесу.** *Әркімге белгілі бір нәрсені тарату, бөліп беру.* Семіз бе екен? Әй, ол да қаныпезер-ау, кісі құсап айтпай ма, бөлісіп алатын едік қой (С. Нарымбетов). Қып-қызыл бейнетін тартып келген малды қалай қолдан үлесесің? (Р. Тоқтаров).

**Бөпетай, бөпеш, бөпежан.** *Жас нәрестені аймалап жақсы көргенде айтылатын атау.* Аймалап бөпетайын, жан-жүрегін, Шұбыртып айта берді бар тілегін. Серпіні сергек сезім бойға тарап, Сынықтай сырқыратты сай сүйегін (С. Омаров). Тыныш, ұйықта, бөпешім, Жақсы бала екенсің. Дайындайын тамағын, Келіп қалар көкешің (К. Шілдебаева). Аққа аузымыз ілінді, әлгі бөпежаныңа да сүт ала кет, – деп ақ кемпір Аннамен қатарласа берді (Б. Дәулетбаев.)

**Бөрткен, бөртпе, теріскен.** *Адам денесіне қызарып шығатын жұқпалы ауру.* Белгілі бір антибиотик жақпаса соны қабылдағаннан кейін дене (тері) кышып, уақ бөрткендер қаптап кетеді («Денсаулық»). Көп баладан қалған соңғы ұлына да қызылша бөртпе шығып, әл үстінде жатыр еді (Ә. Нұрпейісов). Теріскеннің пайда болуын біреулер дененің салқындап тоңуына саяды (О. Сейтекова).

**Бөртпе, бөртпек.** *Дәнді дақылдан бөрттіріп істелген тағам.* Күн батарда шай қайнатып, олар тарыдан бөртпе жасады (Қ. Жұмалиев) Көз алдына балбырап піскен жылы-жұмсақ пен бөртпек елестеп кетті (Ә. Кекілбаев).

**Бөрік, тұмақ, малақай, құлақшын жерг.** *Елтіріден, қой терісінен тігіліп, қыста аязды күні киетін бас киім.* Сұр бөрік, қасқыр бөрік хан басына, Аю тон айқарылған арқасына, Арсиып тұлып басы жолбарыстың, Қызыл көз қыран дәл қасында (Қ. Бекхожин). Жездем тұмағын алып, қолтығына қыса бергенде, ішіндегі тақиясы жерге түсіп кетті (М. Дүзенов). Оның үстінде белін бүрген орысша ұзын тон, басында малақай бар еді (С. Мұқанов). Досмағамбет Базанның басындағы жыртық құлақшынды жұлып алып, шымылдықтан асыра лақтырды (З. Шүкіров).

**Бөрікші, малақайшы.** *Бөрік тігетін тігінші.* Бұл кісі – Метжанның шешесі, Жамалдың туған інісі Шариф деген бөрікші еді (Д. Әбілев). Мұнда төрт киім тігуші, екі малақайшы қызмет істеп отыр (Ж. Тілеков).

**Бөспе, лепірме, көпірме, көкіме, көкігіш, еспе.** *Шын, өтірікті араластырып есіп сөйлей беретін.* Бөпенің бөспе екенін біле тұра, қоздаған ашу мен қаулаған қызғанышқа қылар лажы жоқ (Б. Нұржекеев). Жаны терең адам лепірме сөзден, орынсыз мақтанудан бойын аулақ салатын болса керек (Ж. Еділбаев). Ауыл өтірікшілері неғұрлым қараңғы болса, соғұрлым көпірме келеді (Б. Соқпақбаев). Ат жақты, албырт ауыз, көкіме қыз, өнінің жаңа көрдім сары екенін («Қаз. әдеб.»). Дәл осындай көкігішті тыңдау қандай өкінішті (Ш. Смаханұлы).

Жоламан ауыл қазақтарының *еспе* сөзіне келгенде алдына жан салмайды (С. Омаров).

**Бөсу, лепіру, көку, есу, көпіру, күпсіну, күпіну.** *Мақтанып, әр нәрсені айтып көп сөйлеу.* Көңілді адам ойындағысын ірке қоймайды, кейде *бөсіп* кетіп, артық сөздер шығып қалатын (Ғ. Сланов). Қызара бөртіп алып *лепіруіне* қарағанда саудасы немен бітерін кім білсін (Қ. Мұқамеджанов). Қаскелеңнің атаманы Андрей Малышев базарда *көкіп* отырды (З. Шашкин). Қаншама азғырып, жалынып сұрасам да, кейбір шалдардай балпылдап, көсіле мақтанып, ерсілі-қарсылы *еспеді* (З. Шашкин). Ең жаман өтірік – *көпіріп* отырып, дастарқан басында айтылған өтірік (Қ. Мырзалиев). Ондайлардың өздерін-өздері әлдеқандай қылып *күпсінгені* өзгеге тек күлкі екендігін сезбейтін шығар (С. Сейфуллин). Жамбыл-ау, *күпінесің* неге сонша, құтқарып қыз біткенді қалған жанша («Айтыс»).

**Бөтелке, шиша, шөлмек.** *Сұйық зат құю үшін жасалған шыны ыдыс.* Кулевакин үйінде жалғыз өзі отыр, алдында *бөтелке* (С. Ерубаев). Шәуке поезға мінгелі тұрғанда татар жігіті екі *шиша* спирт әкеп берді (Т. Әлімқұлов). Дастарқан шетіне тығыны ашылған бір *шөлмек* шарап қойды (С. Досымов).

**Бөтен, жат, бөгде, өзге, өңге, басқа, былайғы, бөлек, сырт, бейтаныс, бейсауат, қаймана, қағай көне.** *Жақындық, туыстық қатысы жоқ, таныс емес, көлденең.* Оның үстіне осы күнгі жұрттың құлағы сақ, есігінді *бөтен* біреу аттаса содан сыр тартпай қоймайды (Б. Нұржекеев). Сыйласа білмес туғаннан шапағатты *жат* жақсы (Мақал). Бөтен ат, *бөгде* кісі жоқ сияқты (М. Әуезов). Біздің қазақтың қосқан ағы алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті *өзгеден* озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады (Абай). Бұл салада істелген жұмыстар *өңгені* білмеймін, дәл біздің ауданда әлі де қанағаттанғысыз (Ә. Нұршайықов). Иван механикалық цехтан шыға беріп етпетінен қатты жығылған Махметті жүгіріп келіп, *басқадан* бұрын көтеріп алды (Н. Ғабдуллин). Өз туыстарынан ешкім қалмаса да, *былайғы* көз көрген ағайын-туғандай жылы шырай беретін (Ж. Молдағалиев). Мұндағы ноғайлы деген сөзді қазақтан *бөлек*, басқа ел деп түсіну керек емес (Қ. Жұмалиев). *Сырт* адам дейтін сияқты емес, жағдайыңызды сұрап, мүмкін болған көмегін көрсетуде («Қаз. әдеб.»). Әкесі Құралайдың қасында *бейтаныс* жас жігіт тұрғанын аңғарған жоқ (М. Қаратаев). Иттер ауылды айнала жортып, *бейсауат* адамды маңайға жолатар емес (Ғ. Мүсірепов). Әлгі қыз-келіншектердің тілі де, тіршілігі де басқа, *қаймана* біреулер сияқты боп көрінеді (Ө. Қанахин). Бірақ амал қанша, өгей емес, *қағай* емес – көнеді (Н. Қазыбеков).

**Бөтендеу, жаттау.** *Оншалық туыстық қатысы жоқ, жақындығы жоқ.* Қарсы кезіккен жұрттың көрісі мен өзі қатарласының бірін жыға таныса, енді бірі әншейін жылы ұшырайды, жастары *бөтендеу*

(М. Сқақбаев). Бұл үйге исі қазаққа тән сапырылысқан қонақбастылық *жаттау* (М. Сқақбаев).

**Бөтенсу, жатсыну, жатырқау, тосырқау, бөгдесіну, тосансу, бөлексу, өгейсу.** *Бөтен деп тану, өзгеге санау.* Бекет күннен-күнге алыстап, *бөтенсіп* бара жатқан қыз әлпетін қырнай берумен жалығайын деді (Р. Тоқтаров). Бәріміз біртүрлі бір-бірімізден ұдайы алыстап, *жатсынып* бара жатқандаймыз (М. Қабанбаев). Жақсы *жатырқамайды*, аңқау аңдамайды, әңгүдік тыңдамайды (Мақал). Ол әдепкіде бәрін де *тосырқап*, балалармен үйренісе алмай жүрді (Т. Дәуренбеков). Бізді *бөгдесініп*, ашылып жарылып еш нәрсе айта қоймады («Жұлдыз»). Шу дегенде құлағың *тосаңсиды*, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей (Абай). Мен аулақпын *бөлексіп* бәлденуден, Үйренбеймін «ұлттықты» әлдекімнен (Ж. Молдағалиев). Ерекше бір риза сезіммен өзін *өгейсімеген* мына құрбыларына жанарынан жайдары шуақ атып, қуана қарайды («Балдаурен»).

**Буаз, жүкті, екіқабат, күмәнды этногр., аяғы ауыр.** *Әйелдің бойында баласы бар, бойына бала біткен.* Бозмұнай балаға зар болып жылап жүргенде, қатыны *буаз* болып, бір ұл табады (С. Сейфуллин). «Рабиға *жүкті* болып қалған екен», – деген осек елге жайылып жүре берді (Б. Майлин). Ділда *екіқабат* уақытында бірнеше айдай ауру адам сияқты болатын (М. Әуезов). Екеуінің зайыбы *күмәнды* екен, Ғайып жерден алдынан аң қашыпты («Қозы Көрпеш»). *Аяғы ауыр* Ұлпанның жүкті кезі, күндіз-түн Дандун оны күтті өзі (Е. Бердин).

**Буда, байлам, шоқ, бума, будам.** *Буылған, топталған заттың түрі.* Үй ішінде көз тоқтатар текшеленген кітаптар мен газет-журналдар *будасы* да мол-ды (Х. Есенжанов). Бақытжан шөпті маялап үйді, баулардың *байламын* шешіп шашты (М. Дүйсенов). Қазыкештің бірдеме дегені күрең тақияға тағылған бір *шоқ* үкінің дірілінен ғана байқалады (Ф. Мүсірепов). Жігіт *бумаларды* кіргізіп, вагонның ең үстіңгі сөресіне орналастыра бастады (Ж. Жұмаханов). Бір *будам* жіп, бір *будам* ішек (С. Қасиманов).

**Будан, шатыс, дүбәра, дүрегей.** *Екі түрлі тұқымнан жаратылған, пайда болған.* Тез өсіп жетілетін қылшық жүнді *будан* саулықтардан қыста алынған қозыларды сол жылдың күзінде күйектен өткізуге болады (С. Төлешов). Ол таза башқұрт емес, бәлкім, татарға *шатыс* бірденесі бар (Н. Әбуталиев). Қой фермаларында *дүбәра* қозыларды жинап, бір жерге бақтырғанын көрдім («Жетісу»). Біздің үйдегі екі иттің біреуін «*дүрегей*» дейміз де, ана тапалдақ итті «ақ күшік» деп атаймыз (С. Талжанов).

**Булығы, тығылу, тұншығу, бастығырылу.** *Адамның тынысы тарылып, азапқа түсуі.* Үйде шаршап ұйықтағаннан ба, *булығып*, денесі дел-сал болып шығып еді (А. Нұрманов). Нағи дауыстап жібере жаздап еді, бірақ үні *тығылып* шықпай қалды (З. Шүкіров). Оның кеудесінен ап-ауыр бірдеңе басып, *тұншығып* барады (Р. Тоқтаров).

Шалдың екі қолы ербеңдеп, *бастығырылып* жатқанын корің, кемпірі оятып жіберді (Ә. Кекілбаев).

**Бусану, жіпсу, тершу, терлеу.** *Тер бөлініп шығу, терге малыну, ерің-кіреп сулану.* Қара күрең ніл салғандай жасыл бақтың жапырағы, Бұлдыр тартып *бусанғандай*, Алатаудың жатыр қары (Ж. Молдағалиев). От қызуына жазық маңдайы *жіпсіген* Ақан басын төмен салып, ұзақ ойланып қалды (С. Жүнісов). Түрекең көз әйнегін алып, *тершіген* қасқа маңдайын қол орамалымен сүртті (Ә. Нәбиев). Жігіттер зыр жүгіріп жүріп жұмыс істегендіктен, ағыл-тегіл *терлеген* болатын (И. Салахов).

**Буу, байлау.** *Бір нәрсенің басын қосып топтап, жіппен қатты қысып бекіту.* Биені жығып, төрт аяғын *буды* да, қыл бұрау салып тақымын бұрады («Қаз. ертегі.»). Жұмаш байланған семіз қойды жығып, аяқтарын *байлап*, жүнін қырықтықпен қырқа бастады («Соц. Қаз.»).

**Буындыру, қылқындыру, қиқындыру қарап.** *Біреуді тамақтан алып, сығымдап қысу.* Жағамнан алып, *буындырып* жатқанда жаның ашығаны сол ма? (Д. Әбілев). Итбай басын көтере беріп еді, Темірбек *қылқындыра* тартып тұрған тұзақты босатып жіберді (С. Мұқанов). Жау солдатаның кеңірдегінен алып *қиқындырып*, біраз тұрдым (Ауызекі тіл).

**Буыншақ-түйіншек, буын-түйін.** *Буылған, түйілген заттардың топтамасы.* *Буыншақ-түйіншектерін* көтеріп, олар автобустың артық есігінен міне бастады (Б. Соқпақбаев). Жамбыл станциясынан толық жігіт пен әйелі де түсті. Өздерінің жүктері, *буын-түйіні* көп-ақ екен (Ә. Тарази).

**Бұғақты, жемсаулы.** *Бұғағы бар, алқым еті өскен.* Байғұлдың баласы Ысқақ дейтін жұмсақ көз, *бұғақты* сары жігіт (Б. Майлин). *Жемсаулы* келген сары жігіт баласына кейіді (Ж. Алтайбаев).

**Бұғы, марал.** *Аша тұяқтылар тобына жататын сүтқоректі салалы мүйізді ірі аң.* Былтырғы жайлауда алыстан *бұғының* өкіргені, сілеусіннің арс етіп қалғаны құлаққа келіп жататын (Ғ. Сланов). Айдай берді бір кезде көзім шалды Көлденең өте шыққан қос *маралды* (Д. Әбілев).

**Бұғалық, шалма.** *Асау ұстауға ыңғайлап, үш жағын ілмектеп байлаған мықты қыл арқан.* Момыш оған бөйгеде жүйрік атқа шабуды, асауға *бұғалық* салуды үйретінті (Н. Әбуталиев). Боз атты қуған жылқышы *шалманы* оның мойнына лақтырып жіберіп тақымға сап тұра қалды (М. Иманжанов).

**Бұжыр, бұдыр, қожыр.** *Тегіс емес, бұжыр-бұжыр.* Мынаның алақаны кепкен ағаштың қабығындай әрі кебір, әрі *бұжыр* екен (А. Сүлейменов). Бедерлеп тіккенде кестеленген материалда әртүрлі ою-өрнек, мөнерлі *бұдырлар* пайда болады (С. Қасиманов). Әр жерден бір қараңдаған *қожыр* тастардың ығында өскен бірен-саран ырғайлардың сырдаң бұтақтары қалт-құлт етеді (С. Сарғасқабев).

**Бұзау, бұзауқан, торпақ.** *Сыр, марал, т. б. мүйізді малдың жас төлі.* Ақ бұзау да аяғын митындай басып, енесінің жанына келіп қалған болатын (Ф. Дінісламов). Үй арасын көң еткен. Балаларды тоң еткен. *Бұзауқанның* атасы Бұқа бассын үйінді (С. Сейфуллин). Баяғыда бұзауыма сенің шарбағыңның қадасы кіріп өлтірген деп, Құлжан деген қазақтан *торпақ* төлетіп алдым (С. Сейфуллин).

**Бұзық, бұзақар, басбұзар, кәззап, жауыз.** *Біреуге жаманшылық ойлайтын қанішер, қанытесер.* Мұсылман қауымның адал перзенті Қасқырбай мырза бір *бұзықтың* қолынан шейіт болды (Ә. Сәрсенбаев). Тұрғалидың *бұзақар* екенін, сотталып түрмеге жатып шыққанын ептеп сырттан естігені бар (С. Мұратбеков). Сол әкесінің байлығының арқасында баласы жасынан қиянатшыл, *басбұзар* болып өсті (Қ. Байтұрғанов). Қарабеттің ақшасында қисап жоқ, ол *кәззап* шылқыған бай емес пе? (С. Жүнісов). Бір кісіден туылған үш ұлдың екеуі қара ниетті *жауыз*, біреуі ақ көңіл ізгі мінезді болып өсті («Мың бір түн»).

**Бұзық, бұзылған.** *Тәртібі нашар, теріс жолға түскен.* Тудырған *бұзық* болса аналары, Кейінгі не болмақшы балаларым («Үш ғасыр жырлайды»). Ол *бұзылған* әйел, неміс офицерлері үйінен шықпайды (Қ. Қайсенов).

**Бұзылу, иістену, былығы, бүліну.** *Жылылықтың әсерінен белгілі бір заттың өзіне тән қасиеттерінен айырылуы, дәмін, түсін өзгертіп сасып кетуі.* Акула тіршілігін зерттеуші ғалымдар сасып, *бұзылған* ет тасталған жерге оның жоламайтындығын анықтаған (Қ. Қайымов). Қыран құстар тұздалған, яки ескіріп *иістенген* ет жесе, дертке шалдығады (Ш. Айманов). Мына ыстықта жаңа сойған етіміз аздап *былығып* қалыпты («Қаз. әдеб.»). Сазандарды жіпке тізіп, суға салып қой. Күн болса қапырық, иістеніп, *бүлініп* кетіп жүрер (С. Досымов).

**Бұйрық, әмір, жарлық, билік, құзыр, өкім, үкім.** *Қолында билігі бар өкімдер тарапынан бағынышты адамдарға берілетін айрықша тапсырыс, міндет.* Жолдас комбат, өзіңізден *бұйрық* болмай, мына төбені қолдан шығармаймыз (Б. Момышұлы). Менен *әмір* болғанша, шикі тары мен қара судан бөтен нәр татырмандар (С. Омаров). Жәнібек те сол сағатта Сауран шаһарын шабуға әскеріне *жарлық* шығарған (І. Есенберлин). Ел ісіне араласып жүрген кезінде біздің әкеміз үлкен бір дауға *билік* айтыпты (Б. Шаханов). Есен балам, мұқым елді мекенінен қуып, жер аударам десең де, *құзырыңда* екенбіз (Ф. Сармүрзин). Көпшілік Мылқайдар бандыны қылышпен кескілеп өлтіруге *өкім* етті (С. Бакбергенов). Зарлады екі тұтқын екі жақта, молда оқып өз *үкімін* болған шақта Әбікеш өтініш қып сұрады онан, Өлерде Күләндамен жолықпаққа (Ж. Саин).

**Бұйрықты, әмірлі.** *Бұйыра айтылған.* Сашаға *бұйрықты* нұсқау бергендей саусағын сілкіп тұрып, тұжыра сөйледі (З. Қабдолов). Қасымның *әмірлі* даусы саңқ етіп бір шыққанда, өзен жарына соғып, әлдеқайдан жаңғырық естілді (Ф. Сланов).

**Бұйымтай, қолқа, қалау.** *Біреудің біреуден қалап сұрап алатын заты.* Сонша жерден әдейі іздеп келген екенсің, *бұйымтайыңды* айт (Ғ. Орманов). Не қыз жүрегіне, не жақындар көңіліне өзім жақпас болсам, *қолқа жоқ* (М. Әуезов). Атамыз жарықтық Қарақожадан қоярда-қоймай жүріп *қалау* қылып, ат беріп алған екен (С. Торайғыров).

**Бұйырса, реті келсе, сәті түссе, сәті келсе, сәтін берсе.** *Жол болып, оңтайын берсе.* Көз барда мына Хургейтастан өтіп, *бұйырса*, бүгін сәрсенбінің сәтіне, қараңғы түсе арғы бетке өте шығармын (Қ. Жұмаділов). *Реті келсе* жазда елге барып қайтпақпын (Ауызекі тіл). *Сәті түссе* жоғары оқу орнында оқуыңды жалғастырасың (Ауызекі тіл). *Сәті келсе*, бізде бұл мәселеге қатысты өз пікірімізді айтпақпыз (Ауызекі тіл). *Сәтін берсе* биыл да егіннен мол өнім алмақшы («Жас Алаш»).

**Бұқара, еңбекші, қара халық қарап.** *Қоғамға адал еңбек етіп, өнім өндіретін, табыс табатын жұмысшы шаруа қауымы.* *Бұқараның* жүрегіне жол таба білу – командир өнерінің тағы бір басты шарты (Б. Момышұлы). Қазақстан *еңбекшілері* көмекке келген достардың қолғабысына сүйенеді (С. Сейітов). Дау-дамайда әлділер жағы жеңіп кете беретін, *қара халық* көбіне теңдік ала алмай, жәбір-жапа шегетін («Лен. жас»).

**Бұқашық, бұқаша.** *Жас бұқа.* Мұның өзі екінші топтағы *бұқашықтардың* тәуліктік орташа салмағынан едәуір жоғары болды (Қ. Құсаинов). Ірі қараның екі жастан жоғары тұқымдыққа қалдырғанын *бұқаша* деп, ал одан гөрі есейгенін бұқа дейді (Х. Арғынбаев).

**Бұққыш, бұқпантай.** *Бұғына беретін, бұғып қалатын.* Бірақ ондай жыныс арасын мекен еткен *бұққыш* аң жеке қыран құс түгіл, тазы иттерге де оңайлықпен алдыра қоймайды (Ә. Көшімов). Күйеу жас болса да, молда торғай секілді *бұқпантай* өмірге үйренген байғұс екен (Д. Досжанов).

**Бұлай ету, бүйту.** *Осы айтылғандай ету, осы көрсетілгендей ету.* *Бұлай етіп* тасада жасырынып жүріп тағы өмір сүре алмаймыз (Т. Ахтанов). Алматының өзінде талай құрылық салып жатқан трест бастығы *бүйтіп* отыра да бермейді (З. Жәмішев).

**Бұлақ, қайнар, бастау, көз, тұма.** *Жер қыртысынан шымырлап шығып жататын таза да мөлдір су қойнауы.* Ойпанның оң жағында тік жарды жанай мөлдір сулы *бұлақ* ағып жатыр (С. Шаймерденов). Тау арасындағы ойпаттың астынан *қайнарлар* тесіп шығып жатыр (Ғ. Сланов). Мен бұдан мал судан таршылық көріп отыр дегім келмейді. Аяқ басқан сайын бұлақ, *бастау* («Ақ бидай»). Ол екі қолымен жер тірей еңкейіп, көз суынан ғана ішті (Т. Әлімқұлов). Осы *тұмадан* ат суарып, өзіміз де тамақтанып алайық (Қ. Шөкенов).

**Бұлақтай, қайнардай.** *Бұлақ сияқты.* Ол адам жанының сылдыраған таза *бұлақтай* мөп-мөлдір боп тұруын ғана аңсайды (Н. Фабдуллин). Қайрат қылды, *қайнардай* тазалығы, Кейде жарқын, кей шақта азалы үні (Ж. Молдағалиев).

**Бұлбұл, сандуғаш.** *Қоңыр-қызыл түсті әдемі сайрайтын торғай тұқымдас құс.* Алма бағы жайнаған, *Бұлбұл* құсы сайраған Жер әсемі Жетісу, Қызу еңбек қайнаған («Қазақ әндері»). Сайра еркін бұлбұлым, Сайра, сайра *сандуғаш*. Шаттандыр, сайран ел ұлын, Сайра, сәндеп әнге бас (О. Сәрсенбаев).

**Бұлғын, кіс.** *Терісі бағалы қоңыр-күрең түсті кішірек жыртықш аң.* Шабденге топтан таңдап ер-тұрманымен ат мінгізіп, *бұлғын* ішік кигізді (К. Әзірбаев). Ормандағы ақ тиін, *кіс*, күзеннен кейінгі қырғын жұты – түлкі (Ә. Көшімов).

**Бұлғақтау, бұралаңдау, былқылдау, сылқылдау, бұлғалақтау, бұлғалаңдау, қисаңдау, қиқаңдау, шайқақтау, тәлтіректеу, қиралаңдау, қисалақтау, бұлғаңдау.** *Дененің, заттың нық болмай, былқ-сылқ етуі.* Ауыздарынан арақ иісі аңқып тұр. *Бұлғақтаған* бір-екеуін Төлеген кабинеттен шығарып жіберді (Б. Тоғысбаев). Үлкен күректі топыраққа көміп алып көтергенде *бұралаңдап* кетеді (Т. Ахтанов). Ботакөздің дірілдеген қолынан шешесінің *былқылдаған* жансыз денесі түсіп кетті (С. Мұқанов). Тордың астыңғы жағында бір шегенің *сылқылдап* бос тұрғанын білді (Қ. Қайсенов). Петрушкин де *бұлғалақтап*, мас болған кейіп білдірді (К. Тоқаев). Біз *бұлғалаңдап* Айдарбектің үйіне жеткенше түн ортасы әлдеқашан ауып кетіп еді (Ғ. Мүсірепов). Битабар *қисаңдап* шахта кеңсегіне келді, баяғы таныс бөлме, таныс қыз (С. Шаймерденов). Есікті айқара ашып, *қиқаңдай* басып Әшірбек кірді (А. Жақсыбаев). Топ алдындағы *шайқақтап*, теңселе басқан Степан екен (Б. Тілегенов). Салиха *тәлтіректен* Асқарға жақындап, жылайын деп кемсеңдеп еді, көзінен жас шықпады (С. Мұқанов). Төмендегі әрекеттерді жоғарыдан тез аңғарған тастүлек жаралы, *қиралаңдаған* түлкіні аттатпастан бас салды (Ә. Көшімов). *Қисалақтап* кеп бөлмеге әкесі кіріп еді, соза бір күрсініп қасына отырды (Б. Нұржекеев). Екі жеңге қасында Қыз *бұлғаңдап* жөнелді, Тас құдықта отырған Ер Қосайға келеді («Батырлар жыры»).

**Бұлдану, бәлсіну, әулиесу, бәлдену, керігу, міндетсу, тәлімсу.** *Әлдеқандай болып кісімсу, өзін жоғары санау.* Кейбір қыздарша *бұлданбайтын*, әннің кезегі келгенде бөгелмей айта жөнелетін (Н. Ғабдуллин). Күнде өзіммен бірге жүрген мынаның бүтін *бәлсінуің!* – деді (А. Сарбөпин). Осы *әулиесін* отырған Тілеуімбет бидің мініп жүрген сары ала жорғасы кімдікі екенін сұрап беріңізші (Ғ. Мүсірепов). Олардың сынайын білгесін, жол жүріп шаршап келген екенмін деп Шолпан да *бәлденбеді* (А. Хангелдин). Мардан біраз *керігіп* отырып, Мәмбет жалынып қоймаған соң бүгінгі болған шатағын айтпақ болды (І. Жансүгіров). Ақан, сен өзің жастық шақтағы сезімді білмейтіндей, қазақша *міндетси* беруің қалай (М. Иманжанов). Қарагөз баз біреулердей *тәлімсін*, іркілген жоқ (Ә. Әлішев).

**Бұлтаң, бұлтақ.** *Бұрылыс көп, қыңыр-қисық.* Машинаның жүрісі *бұлтаң*, доңғалақтары ауытқып келеді (К. Тоқаев). *Бұлтағы* жоқ жолда «ақ жол» демей ме қазақ (А. Тоқмағамбетов).



**Бұлыңғырлану, тұмандану, түнеру, буалдырлану, мұнарту, мұнарлану.** *Аспан бетін бұлт жауып, күңгірт тартып қарауыту.* Көз алдым кілегейленіп, дүние *бұлыңғырланып* кетті (Т. Иманбеков). Әлгінде ғана ашық тұрған аспан түнеріп, жаңбырлатып, арты *тұманданып* кетті («Саржайлау»). Бұлт ойнады, *түнерді* күн төбеден, Орманнан орманға атып нажағайын (И. Байзақов). Ай сәулесімен тау етегіндегі аудандық село тұтасып, *буалдырланып* көрінеді (З. Ақышев). Биік жартасты аралдың жағалауы алыстан *мұнартып* көрінгенде күн түстен ауып кетіп еді («Тұлпар»). Алыстан *мұнарланып* Қаратау бейнесі де көрінеді (Е. Тұрысов).

**Бұндай, мұндай, осындай.** *Бұл сияқты, дәл осындай.* Әрине *бұндай* жұмыс әсіресе мен секілді өмірде тек сәулелі жағынан көретін адамға қиын соғады (І. Есенберлин). Қонақтап күні оралған, Асылып айы Алтайға, Керіліп жатқан гүл дала, Бақытты *мұндай* жер қайда (Қ. Аманжолов). Ана үшін *осындай* теңдесі жоқ баламыз, Кейде соны сезінбей, ренжітіп аламыз (Ж. Байтанаева).

**Бұрқасын, бұрқак.** *Ұйтқыта соққан жел.* Ол үйге жақындағанда далада алай-түлей *бұрқасын* ойнақ салып жатты («Мәдениет және тұрмыс»). Аждаһадай ысқырған *бұрқак* күндердің арты шыңылтыр аязбен ашылды (Х. Әбішев).

**Бұрылыс, бұрылма, бұрылым, бұрма.** *Жолдың бір бүйірге қарай айналған тұсы.* Әрбір *бұрылыста* бағытты белгілеп, жүріп келе жатқан жерімді картамен салыстырып қоямын (Б. Момышұлы). Автоматын кезеп траншеяның *бұрылмасында* келе жатқандарды кім болса да қарсы алуға дайын тұр (Ж. Тәшенов). Төбежік, Таспесс аймақтарын да жер *бұрылымын* картаға түсіру жұмысы жүргізілді (Е. Жамалбеков). Борасынды тас қараңғы түнде жолдың төтесін іздеп жүріп, *бұрмаға* түсіп кетіппіз (С. Мұқанов).

**Бұрыс, кереғар, бүйрек сөйл.** *Келе жатқан бағыттан қиыс, шеткері.* Қанша барғымыз келгенмен, жолдан *бұрыс* болған соң соға алмадық (С. Сейфуллин). Қыс күндері мұнда аңшылар келе алмайды, *кереғар* (Ғ. Мұстафин). Ақтардың бір қосын әскері Танабайдың ауылына қарай *бүйрек* шығып келе жатты (С. Сейфуллин).

**Бұрыш, келімдәрі жерг., лазы сөйл.** *Тамаққа қосатын ащы өсімдіктің ұнтағы.* Жапондар басқа шығыс халықтарындай емес, *бұрыш*, тұз, ащы жағына құмар емес (Ә. Кекілбаев). «Пұлы күйген *келімдәрі* шайнайды» деген мақалды ескерткісі келді (Р. Райымқұлов). Тұлғалық дербестігі жоқ «бұрыш» сөзінің орнына Алматы облысы тұрғындары «лазы» атауын қолданады («Ана тілі»).

**Бұрыштама, виза.** *Лауазымды адамның ісқағаздарының шетіне қиғаштап жазатын белгісі.* Бұл өзі Иноземцевтің қаулысын өзі жазып, білікті деген біраз жолдастарына *бұрыштама* соқтырып алған пікірі (А. Сүлейменов). Жазып барған түсініктемемізді растайтын директордың *визасы* керек екен («Жас Алаш»).

**Бұт, борбай, аяқ.** *Адамның жүру-тұру қызметін атқаратын жамбастан төмен қарайғы дене бөлігі.* Ханым, жаным дегенге Көтере берме *бұтыңды* Ту сыртыңнан жармай алар өтінді (Махамбет). Екі иығымнан лай су сорғалап, *борбайым* мен бақайларыма барып іркіліп тұрады (С. Сейфуллин). Қысқа жіптей күрмеуге келмес бойдақтық серілік – *аяғына* қан түскен аттай сүріншек, қалжау халінде медетке жарар (О. Бөкеев).

**Бұтақтау, отау.** *Өсімдіктердің бұтақтарын ықшамдап кесу, қырқу.* Жүзімдікті күзде *бұтақтап* жабу жұмыстары кемі бір айға созылады (Ф. Сланов). Күрішті *отау* жұмысы да маңызды жұмыстың бірі (Ы. Жақаев).

**Бүгу, ию.** *Тұзу қалтын өзгерту.* Онсыз да сырқырап, сыздаған аяқтары ұйып, *бүгуге* илігер емес (И. Салахов). Үсен пышақпен инені алып ептеп *ин*, қармақ істеді (Ы. Алтынсарин).

**Бүгіңкі, иіліңкі.** *Тұзу қалтынан өзгеріңкі, иілген.* Боб-қаракүл елтірісінің гүлі бұршақ дәніне ұқсас *бүгіңкі* келеді (Р. Әбуғалиев). Қанаты *иіліңкі* болып көрінгенмен, ойдағыдай толысқан дәннің қыры дөңестеніп тұрады («Агроном анықтамалығы»).

**Бүкеңдеу, бүгжеңдеу, бүгжіңдеу, бүкшеңдеу, бүкшіңдеу.** *Бүгіліп жай қимылдау, бүкең-бүкең ету.* Әлгінде сіз жер бауырлаған жоқсыз, тізе бүгіп қана *бүкеңдедіңіз* (Ж. Жұмаханов). Сабыр көзін қысып еді, Ықсан түсіндім дегендей қутың қағып, үйге қарай *бүгжеңдей* жөнелді (С. Сарғасқаев). Сөзін бітірген Құраштың екі иығы түсіп, қалай қарай жүрерін білмегендей жалтақтап, *бүгжіңдеп* қалғанын байқадым (А. Жақсылықов). *Бүкшеңдеп* қожыр бет қара кемпір шықты, Жақыпты құшақтап, бетінен сүйді (Б. Майлин). Жомарт көрші ауылға қарай *бүкшіңдей* жөнелді (С. Адамбеков).

**Бүкпелеу, күлтектеу.** *Жасырып тығу, құпиялап білдірмеу.* Ұрғашының күні құрысын бәрін *бүкпелеумен* өткізген, Тым болмаса, көңілдегісін досымен де бөлісіп-жарыса алмаған (А. Хангелдин). Нағыз дос адам кемшілікті қымтап *күлтектемейді*, Ғаббастың бұл сыны да сол кездің ақиқат болмысын бейнелеп еді (Ж. Арыстанов).

**Бүкпесіз, қалтқысыз, риясыз, бұлтарыссыз, бүркемесіз, бүкпантайсыз, бүкпесіз, желеусіз, қалтарыссыз, көлеңкесіз.** *Шын ықыласпен, адал көңілмен, бар ынтасымен, тура да дәл.* Қулық, сұмдықтан аулақ өз ісін ғана білетін бірбет адам ойын *бүкпесіз* айтып тұр (Ф. Мұстафин). Бәріміз де оны *қалтқысыз* шын жүректен мақтадық (Қ. Жұмалиев). Сыр алыспаған жас жігіт бәрін де *риясыз* көңілмен, іркілмей істейді (Ф. Мүсірепов). Мәуленнің *бұлтарыссыз* тік жауабын Инеш көңіліне алып қалды (С. Шаймерденов). Осындай *бүркемесіз* аңқылдақ адамдар екен ғой ақын деген, – деп Зияш ашық сүйсінді (Б. Нұржекеев). Әміршінің *бүкпантайсыз* әңгімелесетін адамы – қазына бастығы мен осы күтуші кемпір-ді (Ә. Кекілбаев). Саужан көргенбаққанының бәрін *бүкпесіз* айтып берді (Х. Мұстафин). Бәрі де

*желеусіз*, адал ниет, адал қарым-қатынас (М. Иманжанов). Саған айтар сөзім бар, тыңдашы, – деп Бану өзінің *қалтарыссыз* көңілін аша түсті (Ж. Молдағалиев). Осы бір қызыққа бой алдырған ұлының сергек те албырт жүзінен өзгеше бір *көлеңкесіз* құмарлықты аңғарады (А. Сейдімбеков).

**Бүктемелі, жиналмалы, жималы, жиылмалы, жазылмалы.** *Жиып қоюға ыңғайланған жазбалы, ашпалы.* Қонақ қоржыннан *бүктемелі* домбырасын алды да, жай шерте отырып бұрады (С. Бақбергенев). *Жиналмалы* кереует құрып күзетте отырған Байназар бүгін де тым тынымсыз еді («Саржайлау»). Тамағын орамалмен кылғындыра байлаған келіншек бұрыштағы *жималы* кішірек столды әкеле жатты (Р. Тоқтаров). Бәріміздің күлкіміз *жиылмалы* төсектегі балаларды оятты (С. Бердіқұлов). Ортадағы *жазылмалы* кең столдың үсті сыңсып тұр (С. Жүнісов).

**Бүкірею, бүгжию, бүкшию.** *Тұқшыып, еңкейіп қалу.* Қапсағай денесі дір-дір етіп *бүкірейіп*, аянышты халге түскен (К. Тоқаев). Енді бірде өкілге қарасам, пальтосының жағасын көтеріп, желге жонын тосып, *бүгжиіп* тұр екен (С. Шаймерденов). Үйдің алдында ағаш күрекке сүйеніп, *бүкшиіп* тұрған ақ сақалды шалға алдымен Алтай сәлем берді (С. Омаров).

**Бүкіш, бүкір, құныс, күдіс.** *Жауырыны шығыңқы, еңкіш бойлы.* Бүгінгі мына тойдың үстінде шешемнің *бүкіш* белі түзеліп, арық бетінің ұшында қызғылт нұр пайда болған (Б. Соқпақбаев). Төсекте ауырып жатқан Құрманғазыны ұшықтап отырған *бүкір* молла Бопан (А. Сатаев). Айттырылып отырған қыздың жігіті өліп, оның малға сенген *құныс* ағасы ғана болған екен (К. Шабаев). Оның сірә белі *күдіс* болса керек (Ф. Сланов).

**Бүлдіру, зақымдау.** *Істен шығарып бұзу.* Әлгі Ботпанның хабарынан кейін әлденені *бүлдіріп* алғандай Шынардан қашқақтап, үндемей жүретінмін (Н. Серәлиев). Оқ өкпесін жұлып, қабырғасын *зақымдап* кеткен екен (К. Тоқаев).

**Бүлкіл, бүлкек.** *Желістен жай, аяңнан шапшаң жүріс.* Тыныс алып қалған жирен *бүлкілге* салып, шананы жеңіл сүйрей жөнеледі (Х. Есенжанов). Бекбол жуан торының дағдылы *бүлкегіне* салып, тауға қарай тартып берді (М. Әуезов).

**Бүкілдеу, бүлкектеу.** *Бүлк-бүлк етіп қозғалу.* Сәлден кейін *бүлкілдеп* кетіп бара жатқан арлан қасқыр анық көрінді (Т. Ахтанов). Басын шұлғып тастап *бүлкектеп* келе жатқан көк қасқа аттың тұяғы Қызылсайға жаңа ілінген еді (Ә. Нұршайықов).

**Бүркемелеу, күлбітелеу.** *Ойын бүкпелеп білдірмеу.* Басқа түскен ауыртпалықты ашып айтады, ащы шындықты *бүркемелеп* жасырмайды (С. Мәуленов). Ол әңгіме *күлбітене* айтылса да, әзіл-оспақтың көлеңкесі көрініп тұрды (С. Талжанов).

**Бүркіт, мұзбалақ, шәулі, ақнық, барқын, жана, тірнек.** *Тегеуріні қатты ірі жыртықшы құс.* Тегеурінім теріс біткен, теңсе жілік

сындырған, қыран *бүркіт* мен едім (С. Сейфуллин). Алғыр болғанда өзіңіз айтқан биік таудың *мұзбалақ* қыран тәрізді алғырсыз (С. Бақбергенов). Шіркін, бөрінен де мына *шәулі* кара сұр қыранды айтсаңшы (Ә. Көшімов). Атаулы *ақыықтардың* қиян тұрағы да Алатау мен Қаратау ғой (Ә. Көшімов). *Барқын* – ұзақ жасаған, қартайған бүркіт (С. Қасиманов). Жасына қарай сегіз жасар бүркітті *жана* деп атайды («Лен. жас»). Сыздық аннан қайтып келе жатып, *тірнегінің* кешкі шабытын қимай, томаға тартты (А. Сейдімбеков).

**Бүрісу, бүрсю.** *Құнысып, бір уыс боп қуырылу.* Інім мен қарындасым да көп жылаған болса керек, екеуі *бүрісіп* екі жерде отыр (Ө. Қанахин). Окоптың түбінде, салқын кара жерде *бүрсюіп* бос құрсақ, шаршап-шалдыққан жауынгерлер ұйықтап жатыр (Б. Момышұлы).

**Бүтіндеу, жамау.** *Жыртылған, тозған дүниелерді, бұйымдарды қалтына келтіріп жөндеу.* Жұмағұловтың басқаруымен жігіттер бұл үйді ағартты, есік-терезесін *бүтіндеді* (К. Қамбаров). Көктеп, жамап инемен, Көйлегінің жыртығын. Отыр солдат шуақта, Сүйеп қойып мылтығын (Ә. Тәжібаев).

**Быжылдақ, быжылдауық.** *Быж-быж еткіш, быжылдай бергіш.* *Быжылдақ* кемпір-шалдар шала бүлініп, мұның жөнсіздік екенін айтып жатыр («Лен. жас»). Содан бұл шыбын мылқау *быжылдауық* болып қалады (Б. Кенжебаев).

**Быжынау, бықу, самсау, сыңсу, жыпырлау, толу, быжу, бықырлау.** *Біртектес заттардың бір жерге шоғырланып тұруы, көп болуы.* Аспандағы жұлдыздар *быжынай* жымындап көрінеді (Ғ. Сланов). *Бықыған* өсіп келе жағқан малына жайылым іздеген жоңғарлар бос жаппаған еді (І. Есенберлин). *Самсаған* сансыз жұлдыздар сәулесін қанша төксе де, түн көрпесін серпе алар емес (Ә. Әбішев). Көлдің айпаласы *сыңсыған* үлкен құстарға сыймайды (М. Әуезов). *Жытырлаған* киіз үйлердің маңында тірі жан көрінбейді (С. Жүнісов). Лезде қаланың барлық көшесі танкі мен машинаға, сұр киінген әскерге *толып* кетті (Ғ. Мүсірепов). Қалыпты киіз, кілем былғаныш боп, Үй-мелеп қоңыз, шыбын жатыр *быжып* (Т. Ізтілеуов). Тазды ойпаң *бықырлаған* бақа-шаян екен («Лен. жас»).

**Бықсу, түтіндеу.** *Оттың жанбай түтін шығару қалпында болуы.* Дымкыл отын бірден тұтана қоймай, *бықсып* мазаны кетірді (Т. Ахтанов). Аңның жайын жақсы білетін Көбеген қу іннің аузына от жағып, ішін бықсытып *түтіндетті* (Ә. Жылқышиев).

**Быламық, былама, ботқа.** *Жармадан, ұннан бөктіріп жасаған тағам.* Бұл сексен көрейін деген жасым ба еді, *быламық* ішейін деген асым ба еді (Мақал). Анамыздың сүтке бөктіріп берген *быламасын* жеп, жарымқұрсақ болып өскен кезіміз болды («Мәдениет және тұрмыс»). Қасық тары *ботқа* болмас, Ботқа болса да жұртқа болмас (Мақал).

**Былапыт, бейпіл.** *Ойланбай, толғанбай айтылған дөрекі сөз.* Қайдағы жоқ *былапыт* сөздермен мені сыбап, Жапар үйге кіре берді

(Ж. Мұзапаров). Екі мас қыза қалжыңдасып, әрбір *бейпіл* сөздерін түп аспанына бәсекемен шегелесіп тұр (Ғ. Мүсірепов).

**Былбырау, жиду.** *Тағамның жұп-жұмсақ болып езіліп пісуі, ыл-жырауы.* Екі әйел қазанды көтеріп әкелгенде, үйдің ішіне *былбырап* піскен жас еттің уыз иісі жайылды (Ә. Кекілбаев). Былбырап піскен тоқтының еті ауызға уыздай сыпырылып түскенше, *жидіген* қой етін салып әкелді (С. Жүнісов).

**Былғаныштық, ластық, настық.** *Былғаныш болушылық, таза еместік.* Еденнің *былғаныштығы*, шашылып жатқан қоқсық реніш тудырған шығар, – деді Гауһар («Қаз. әдеб.»). Сенің күймең менің күйсіздігіме шарапатын тигізгенімен, бәрібір *ластықтан* тазармайсың (ІІІ. Хұсайынов). «Олардың тұрмысындағы ең үлкен кемшіліктің бірі – *настығы*, оның басты себебі – моншаның жоқтығы» дегенді айтып келді (С. Мұқанов).

**Былғаныштау, лақтау, настау.** *Аздап былғаныш, тазалығы нашарлау.* Күздің *былғаныштау* жаңбырлы бір күнінде бірсыпыра жігіт Ғалияның үйінде қымыз ішіп отыр еді (С. Мұқанов). Фазыл, мынауыңды жуып кетпесен, уылдырығы *лақтау* екен, – деп Құмар қарқылдап күлді («Бал дәурен»). Қарсы келе жатқан сақал-шашы өсіп кеткен, нашар киінген *настау* адамға сескене қарады (Ауызекі тіл).

**Былғары, сафиян, шегірен, көн.** *Өңделіп, киім тігуге, бұйым жасауға арналған тері.* Қара *былғарымен* тыстаған қос қабат ауыр есіктің ар жағында белінде алтыатары бар чекист формасындағы күзетші тұр (І. Есенберлин). Шалқасынан ашылған *сафиян* іші бар күймеде Абай мен үш баласы отыр (М. Әуезов). Нұрбек жақында сатып алған *шегірен* етігін сықырлата басып, сыртқа беттеді (Қ. Жұмаділов). Әлмолда етікші әскерге кетпей тұрып *көннен* тігіп берген етік еді (Ә. Қалдыбаев).

**Былғау, лақтау, кірлеу, саталау, салтақтау.** *Тазалық қалтын жою, кір басу, былғаныш ету.* Аяғы жаман төр *былғайды*, ауызы жаман ел *былғайды* (Мақал). Көлдің киесі болғанда да, оның суын *лақтап* жатқан Сағаттар жоқ (Ғ. Сланов). Бір-екі рет ол *кірлеп* кеткен киімдерін жуып, жыртықтарын жамап-жасқап берді (Б. Соқпақбаев). Жолдастарының жүгін тасып көмектесіп жүргенде кимін *саталап* алыпты («Лен. жас»). Маңдай тұсынан тер дағы *салтақтаған* қоңыр салыны түмшалай байлаған Төкен де ағаш күрегіне таянып, маған қарап қалыпты (М. Иманбаев).

**Былдырлау, шүлдірлеу, былдырақтау.** *Баланың сөздерді анықтап, түсінікті етіп сөйлей алмауы.* Зәуре әке-шешесіне әлденені айтып, *былдырлай* сөйлеп келе жатты (І. Есенберлин). Бір мезгілде әлдене деп *шүлдірлеп* қаеыма екі жасар қызым келді (А. Шамкенов). Сөзін тілі жаңа шыққан балаша *былдырақтатып* айтып, кіріп келе жатқан шалды қуана қарсы алды (А. Байтанаев).

**Былыр, өткен жылы.** *Бұдан бір жыл бұрынғы. Былырдан* бері Зейнегүлдің әкесі қысы-жазы тау етегіндегі жертөледе жалғыз үй (Ф. Мыңжасарова). Тұңғыш қызы *өткен жылы* ҚазГУ-дің химия факультетін бітіріп, мұғалімдік қызмет атқарып жүр («Соц. Қаз.»).

**Былш-былш, сылп-сылп.** *Шылқылдаған, шылп-шылп, шалп-шалп еткен.* Машинаның доңғалағынан илене ұшқан лай балшық, алдыңғы әйнекке *былш-былш* ұрылады (Р. Әутәліпов). Екеуі тағы да бір жерге кептеліп келіп тұрады. Жаңбыр суы *сылп-сылп* етеді (С. Сейфуллин).

**Былшию, быттию, быртию.** *Тым жуандап, рабайсыз семіру.* Үйден кешегі енесіндей *былшия* семіріп үлгерген Әубәкірдің әйелі Меңсұлу шықты (А. Сатаев). Кемелтайдың өзі де *быттиып* семіріп кегіпті, мойны көрінбейді, басы мен нығы тұтасып кеткен (Ә. Қалмырзаев). Аязда *быртиып*, икемге келмей қалған қолдарын пешке тосып отыра кетісті (Ә. Шәріпов).

**Былшыл, бос мылжың.** *Мылжыңдап аузына келгенін танту-шылық.* Арзан күлкіге, басы артық *былшыл* әуес сөзге бой алдырмайтын Бейсен ішін ақтара бермейді (О. Сәрсенбаев). Осының бәрі Ахтанға түкке де керегі жоқ *бос мылжың* болып көрінеді (О. Бөкеев).

**Бытыраңқы, бытыранды, шашыранды, шашыраңқы.** *Бір ортаға бірікпеген, шоғырланбаған, әрқайсысы өз алдына бөлек, жүйесіз.* Қалпы да, салты да бірыңғай мал баққан *бытыраңқы* ауылдар екен (С. Көбеев). Әділбектің ұғынуынша, сай-саладағы *бытыранды* киіз үйлерді қарусыздандырудың сылтауына екі винтовка желеу болды (М. Тиесов). Өзге жақсылық өзге қасиеттерінің бәрі осының бір *шашыранды* бөлшектері ғана секілденеді (С. Шаймерденов). Бұл ауылдар аралары қашық *шашыраңқы* болушы еді, енді олар шоғырланып топталыпты (М. Әуезов).

**Бытыраңқылық, бытырандылық, шашырандылық, шашыраңқылық.** *Бытыраңқы болушылық.* Өлеңнің ырғағында, көркем сөзбен жасалуында сылбырлық, жасықтық, *бытыраңқылық* басым (Е. Ысмаилов). *Бытырандылықтың* және өкімет билігі үшін күрестің салдарынан Алтынорда бірте-бірте әлсірей бастады («Қазақ ССР тарихы»). Ептеген *шашырандылық*, көп сөзділік романның кейбір беттерінен кездеседі (І. Омаров). Біргалай дүниеден арпалыс үстіндегі асығыстық ізі, *шашыраңқылық* байқалады (М. Әлімбаев).

**Бытырау, шашырау, ыдырау, тарау, тарқау.** *Жан-жаққа тарам-тарам болып бөліну, бет-бетімен кету.* Беткейде *бытырай* аралас жайылып түйе, жылқы, қой-ешкілер жүр (Ф. Мұстафин). Алдыңғы жарылып жөнелген жылқының артынан өзгесі де *шашырап*, жан-жағынан жөнеле бастады (М. Әуезов). Келесі күні жиналған топ жан-жаққа *ыдырап*, колхоз, совхоздарда кездесулер өткізді (С. Мәуленов). Кездесу аяқталып, мектеп үйінен топ-топ адамдар шығып, жан-жаққа *тарап* жатты (С. Бақбергенов). Біраз отырып ойнап-күлдік, осы да жетер, *тарқайық*, жігіттер (С. Шаймерденов).

**Бытыр-бытыр, қатұр-құтыр, күтір-күтір.** *Қатты затты басқанда, уатқанда, шайнағанда шығатын дыбыс.* Бір жұмысшы көк тасты күрекпен тастайды, ауыз *бытыр-бытыр* шайнайды да, өзінен төменгі ауызға береді (Ғ. Мұстафин). Аяқты басқан сайын өзін-өзі жұлып, *қатұр-құтыр* шайнайды (К. Оразалин). Байбосын оқыс шалқайып қалып еді, бел омыртқасы *күтір-күтір* етті (С. Жүнісов).

**Біз, үскі.** *Бір нәрсені тесу үшін жіңішке темірден істіктеп жасаған сайман.* Ермек жұқа тақтайдан номер жасап, *бізбен* тесіп, жіппен байлап отыр (С. Бегалин). Тайды үйге әкеліп, тілерсектің астынан жіліншікті *үскімен* тесті (Н. Қазыбеков).

**Бізше, біздіңше.** *Біздің ойымызша.* Әбудің осы тақырыпқа жазылған өлеңдерінің, *бізше*, ең шарықтау шегі – Ұлы Отан соғысы кезіндегі жырлары (С. Мұқанов). Шеберлік мәселесінің қаралуы, *біздіңше*, өте орынды болған («Лен. жас»).

**Білгіш, білгір, жетік, судай.** *Әр нәрседен хабары мол, көп білетін.* Хасан дүние халінен хабардар, *білгіш* сықылды көрінеді маған (С. Омаров). Фараби – саясатшы, ғалым-географ, тарихшы, философ, әдебиетші, музыка *білгірі* (Ш. Қожахметов). Бас зергердің құрылыс есебіне *жетік* жан екеніне енді көз жеткізді (Д. Досжанов). Қазақ тіліне *судай* әрі мінезі жақсы Андрейді Нұрмағамбет бөтенсудің орнына жанындай жақсы көріп кетті (С. Мұқанов).

**Білгішсу, білгірсу, білімдарсу, білгішсіну.** *Білімдар болғансу, көп білетіндей боп көрінгісі келу.* Тегі, менің *білгішсінген* достарым заман жайын түсіне білмейтін болуы керек (Ә. Омарбеков). Жұмабай бұл жолы Әлімбек алдына *білгірсіп*, көсемдік құрудан сақтанып еді (А. Байтанаев). Хасен *білімдарсып*, дүниежүзі халқынан хабардар екенін білдіргісі келген болуы керек («Қаз. әдеб.»). Жанбосын мені осындай *білгішсінетін* әдетім үшін, тілім мен мінезімнің қыршаңкылығы үшін жек көреді (Б. Соқпақбаев).

**Білім, білік.** *Ақыл-парасат, ой-өріс, таным-түсінік.* Фани менің *білімімді* байқағысы келіп, маған біраз сұрақтар берді (К. Әміров). Білгендердің *білігін* өнеге етіп, кейін қалмай келемін замандастан (М. Әшірбеков).

**Білімдарлық, білімпаздық, білгірлік, білімділік, білгіштік.** *Көп нәрсені жете білетіндігі, ой-өрісінің кеңдігі.* Қазақ музыкасының ерекшелігін, табиғатын жете түсінетін *білімдарлық*, қазақ музыкасына деген өзгеден ерек естігіштік А. Жұбановқа үлкен көмек болды (Ж. Рсалдин). Василий Иванович Попов – Мұхтардың *білімпаздық* жолындағы ұстазы (А. Әуезов). Біраз жыл ұстаздық етіп, *білгірлігімен* көзге түскен Еркін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлығына тағайындалды (Е. Жәкенов). Бәйге аттың мүсінін сынауда Абай үлкен *білімділік*, байқағыштық танытады (М. Әуезов). Ат суару, суат ою десе *білгіштігін* бір байқатып қалатын Аманқұл да сөз үлесін алды (Х. Есенжанов).

**Білімді, білімпаз, білікті, білімдар, білімгер, зайырлы, жолгер.** *Әр нәрседен жан-жақты түсінігі бар, көп білетін.* Қазақтың талай шежіре қартын көре жүре мен Жабайдай *білімдісін* өте сирек кездестірдім (С. Мұқанов). Әрі бастық бұ кісі, әрі инженер *білімпаз*. Таусылмайды жұмысы, Тәулік бойы тынымы аз (Қ. Баянбаев). Сәтімбай – ағайын арасында абыройлы, шаруа жайына майталман *білікті* адам (С. Шаймерденов). Рецензияда қол қойылмапты, бірақ кімде болса *білімдар* кісінің жазғаны – сайрап тұр (Т. Әлімқұлов). *Білімгер* азамат боп нұр заманда, Қиянға шарықтады шырқап бәрі (М. Әшірбеков). Бұл қазақтың ішінен Уәлилер өтті *зайырлы* (Қашаған). Жеңешем *жолгер-ақ*, өркімнің тілін таба біледі (Ж. Түменбаев).

**Біліну, көріну, байқалу, сезілу.** *Көзге түсіп танылу, жұртқа мәлім болу.* Мұндай науқастың алғашқы *біліну* мерзімінің мөлшері адамда әртүрлі болады (З. Сырғабаев). Леонов Шығыс тарихын жете білетін ғалым ретінде де *көрінеді* (І. Омаров). Екеуінің де көңілдерінде шер, көкіректерінде уайым күрсінген сайын дауыстарынан *байқалады* (Б. Тілегенов). Жамандығың *сезілсе*, жақын кісі жат болар (Мақал).

**Бір, жалғыз, сыңар, жалқы.** *Саны барынша шектелген, тым аз, шағын.* Көп ауыз біріксе, *бір* ауыз жоқ болар (Мақал). Айшаның Құлмырза деген *жалғыз* інісі қалада бухгалтер болып істеуші еді (М. Дүйсенов). *Сыңарынан* айырылған қоңыр қаздай жүрегім зарланып, іштей күйік тартып жатырмын (Е. Мырзахметов). Жалғыз қайың, мен де сендей *жалқы* едім, Бір әулеттің кенжесі едім, арты едім (Т. Молдағалиев).

**Бірде, бір жолы.** *Бір кезде, бір күні.* *Бірде* дала қосына келген аудан басшылары машинаның қос басында тұрғанын көріп, қайран қалды (М. Неталиев). *Бір жолы* ол ағынан жарылып, бұл іске өзінің қатысы жоқтығын айтты («Мәдениет және тұрмыс»).

**Бірдей, тең, барабар, пара-пар, тепе-тең, теңдес, теңдей кітаб.** *Бір-бірінен артық-кемі жоқ, қатар, теңдес.* Жапар екеуінің маған алалығы жоқ, екеуінді де *бірдей* көрем (Т. Ахтанов). Жаураған адам жаралыға *тең*, мардымды іс бітіре алмайды (М. Фабдуллин). Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын, Арғынның алтай-қарпық ақтан кері, *Барабар* сөзі теңдес адам болса, Көңілімнің тарқаушы еді қайғы, шері («Айтты»). Осы маңда өзiрге жирен қасқа атқа *пара-пар* жүйрік жоқ (З. Жәкенов). Білімі *тепе-тең* адамша сөйлесіп, мұғалім сенерліктей кейбір жақсылықтың ұшығын да аңғартты (Қ. Жұмалиев). Сұрапыл күнде кешегі өлімнен қорғап *теңдесін*, жас қазақ оққа төседі қаһарман кекті кеудесін («Сәлем саған, Украина»). Асқар таумен *теңдей* боп, Белдескен күні жарадың (Д. Әбілев).

**Бірдеме, бірдеңе, әлдене.** *Дәлдігі белгісіз бір нәрсе.* Шәріпқалидың жаутаңдауында да *бірдеме* ала келмеді ме екен деген үміт бар еді (Ә. Сәрсенбаев). Қобдиша ұстаған ақ халатты дәрігердің мойнынан асылған қара *бірдеңесі* бар (Р. Тоқтаров). Сұлтанмахмұдтың көз алдына *әлденелер* елестетеді (Д. Әбілев).



**Бірден, күрт, дереу.** *Салған жерден, тез.* Ортадағы шанқан ақ үйдің екі ашпалы сырлы есігін *бірден* ашып, Мырза үйге енді (Ғ. Мұстафин). Осы жерге келгенде шал кенет демігіп кетті де, бейне көмейіне бірдеме тұрып қалғандай *күрт* тоқтады (Т. Жармағамбетов). Таңырқағаным сонша, *дереу* домбыраны ала салып айналдырып қарап жатырмын (С. Аққошқаров).

**Бірден-бір, бірме-бір.** *Жалғыз ғана.* Заманында жайлап салынған Рим тас жолы орта ғасырдағы оның *бірден-бір* сауда керуен жолы болды (Н. Баяндин). Оның *бірме-бір* емі балшыққа салу деп Нағима үшін Жанар жауап берді (Т. Ахтанов).

**Біржола, басымен, бұратала, біржолата, басыбүтін, біротала, бүтіндей, құлантаза, ада-гүде, ада-жұда, басыбайлы қарап.** *Үзілді-кесілді, қайтып оралмайтындай.* Енді өлеңге *біржола* беріліп, кей кездерде күні-түні сонымен ғана отыратын болды (М. Мағауин). Сен балама қанат бергенде, мен сенен ат аяйын ба? *Басымен* бердім (Ғ. Мұстафин). Неге қоштасып жатырмыз. *Бұратала* ма? – деген жігіттің күбірлей сөйлегенін естіді («Лен. жас»). Түзу көшелер шетке таман барған соң әуелгі бағытын *біржолата* жоғалтып, бұлтактатып кетеді (Ә. Сәрсенбаев). Әй, тәйірі, *басыбүтін* беріп тұрған жоқ, ұста мынаны, – деп бүркітті жігіт қолына қондырды (М. Әуезов). *Біротала* қараңды өшір дегеніміз қатыгездік болар, күнәлі жолдан қайырып алуымыз керек (С. Шаймерденов). Ережелті Әсеттен кем көрмейтін Зылиханьның сыры Қожамқұлдың жанжалын *бүтіндей* теріске шығарды (К. Оразалин). Әйтеуір біржола босадым, шеше, *құлантаза* ақпын, – деп жауап берді (Б. Тоғысбаев). Геморрой ауруын қанша емдесе де, ол *ада-гүде* жазылмайды (К. Өтегенов). Езгі тіршілік ескі жұртынан *ада-жұда* қол үзіп, біржола қоныс аударып жатқандар да аз емес (Ө. Қанахин). Мына сөзді естіген Бұхарбай бір білеудей атты *басыбайлы* мінгізіп аттандырған екен («Ел аузынан»).

**Бірлеп, біріндеп, жалғыздап, жекелеп, жалқылап, бір-бірлеп.** *Жалғыз-жарымдап, бір-бір күйінде.* Жоғары дәрежелі оқу орнын біз Қазақстанда *бірлеп* емес, ондап санаймыз (Ә. Бірмағамбетов). Талапкер жастар *біріндеп* келіп, Ғаниға жолыға бастады (Ж. Арыстанов). Мыналар қалың қолға қаймықпай *жалғыздап* шабатын қас батырлардың өзі екен (О. Иманалиев). Жиналыс тараған соң ел ақсақалдарын Ақмоланың өз ұлықтары *жекелеп* шақырды (А. Жұмаділдин). Денедегі екі жұдырықты *жалқылап* қайтеміз, екеуін де тұтас берем, – деп айтты ол (С. Мұқанов). Қасына Митяны шақырып алды да, тұтқынлардан жеке-жеке, *бір-бірлеп* жауап ала бастады (Қ. Қайсенов).

**Бірлік, ынтымақ, бүтіндік, ұйымшылдық, ұжымды, ауызбірлік.** *Адамдар арасындағы бөлініп жарылмағандық, татулық, тұтастық.* Бұндайда *бірлік* керек қой, шырағым (Ғ. Мұстафин). Коллективті берік *ынтымақты* ұстай білу өзіңе байланысты (Е. Оразақов). Бір

малдың сүтін бөліп ішкен *бүтіндікке* не жетсін, – деп жылы сөзбен Еламанның бауырына кіріп бара жатты (Ә. Нұрпейісов). Ол өткір жырларымен халықты *ұйымшылдыққа*, бірлікке шақырды (С. Мұқанов). Романда білімді не білікті басшының қарамағындағы *қжымның* ұжымды еңбегі әңгімеленеді («Қаз. әдеб.»). Ел ішінің *ауызбірлігін*, татулығын сақтау таптырмайтын нәрсе («Лен. жас»).

**Бірлікшіл, бірлікті, ынтымақшыл, ұйымшыл, ынтымақты, ұжымды, ұжымшыл.** *Ауызбірлігі мығым, өте ынтымақты.* Абайдың ұғымында жақсы я жаман ел болудың тетігі *бірлікшіл* я бірліксіз болуында (С. Мұқанов). Мұндағы отырған жұмыскер жігіттер қырық рудан болса да өз арасында аса *бірлікті* (І. Жансүгіров). Балалардың не анасының дыбысы естілмейді, барлық бала бір баладай *ынтымақшыл* екен (Ө. Тұрманжанов). Семьяда қандай тату-тәтті, *ұйымшыл* болса, сол бір ізгі қасиет жұмысқа да ере кепті (К. Қазыбаев). Киров атындағы колхоз да көп ұлтты, *ынтымақты* коллектив ретінде көпке мәлім (Ж. Исмағұлов). Отбасы *қжымды*, берекелі адамдардың қоғамдық еңбектегі ісі де берекелі (Ж. Еділбаев). Өңшең нашар жарлы-жақыбай, басыңа қиыншылық түскенде *қжымшыл* бол, біріге біл (Б. Аманшин).

**Бірнеше, бірнешеу, әлденеше, әлденешеу.** *Жалғыз-жарым емес, көбірек, біраз.* Кузовта отырған *бірнеше* адамның ішінен көзіне оттай басылып, Жанар ұшырай кетті (Б. Соқпақбаев). Мамық жастықтың *бірнешеуін* астына жұмарлап шірене көлбеп сұлап жатыр (З. Жәкенов). Рахмет бақшаның ішін *әлденеше* рет аралап, Дәмеліні таба алмады (С. Ерубаяв). Қарағанды, Қарсақбай, Ембі менен Балқаштан кеннің *әлденешеуін* тағы тауып беремін (Жамбыл).

**Бірөңкей, бірыңғай, кілең, өңшең, шылғи, шымқай, өңкей, кіл сөйл., ыңғай сөйл.** *Тұр жағынан өзара ұқсас, біркелкі, біртектес, бірбеткей.* Осы бір аса абыройлы іспен *бірөңкей* шұғылданғанымызға екі жыл («Соц. Қаз.»). Есіктен *бірыңғай* киінген интернат қыздары кіре берді (Р. Тоқтаров). Күн шыға бұл жерге *өңшең* мылтықты, сұр шинелді атты әскер келді (І. Жансүгіров). Үндістандағы таксидің екі қапталы *шымқай* қара бояумен сырланған (Ә. Шәріпов). Президиум столында тізіліп отырған *өңкей* қара бешпет, ақ жағалылар (Т. Ахтанов).

**Бірсыпыра, бірталай, бірқыдыру, бірқатар, біраз, бірғауым, біршама, әжептәуір, талай, пәленбай.** *Көлем жағынан аз емес, саны әлденеше, көбірек.* Жас-кәрісі бар үйге *бірсыпыра* адам кіріп, тізелерін бүге отырып, бірдеме күткендей (М. Хасенов). Орынбай өз қабілетін шамалай білген құсбегінің соңынан *бірталайға* дейін қарап тұрды (Ө. Көшімов). Оралбай Оспан үйіне әдейі соғып, оған *бірқыдыру* ауыр сөз айтқаны бар (С. Омаров). Сәкен есімімен байланысты «Тар жол, тайғақ кешуде» суреттелген *бірқатар* елдімекен бар (А. Сағаев). Асқардың табыстарымен бірге, өсудің қиыншылығынан туған *біраз*

қателері де бар (С. Ерубәев). Осылайша *біргеауым* үнсіз қарап тұрды (Б. Соқпақбаев). Өзі сияқты орыс тілі маманы болу жолында оқып жүргеніне *біршама* (М. Айтхожина). Кешкі ауада анық көрініп тұрған кішкене құмға дейін әлі де *әжептәуір* жер бар (Т. Ахтанов). *Талай* ақын өткен сенің тұсыңнан, сонда Көкшем көк пердесін ысырған (Ж. Сыздықов). Баласы *пәленбай* жылдан соң әкесін іздеп табады деген кімнің ойына келіпті (О. Сәрсенбаев).

**Бірте-бірте, біртін-біртін, біртіндеп, біріндеп.** *Бірден емес, ақырындап, жайлап.* Паровоздың жер тарпыған дүрсілі *бірте-бірте* жақындай түсті (Ө. Қанахин). Осы кезде үйде Қамқаның да, Қодардың да көздерінен үнсіз жастар *біртін-біртін* сорағытып ағып отыр еді (М. Әуезов). Сәуле есейген сайын шешесінің бір мінезін өзіне *біртіндеп* жұқтырып отырды (Н. Фабдуллин). Дөң жайлауға қарай бұрылған соң-ақ мұның көңілінен күдіктің бәрі *біріндеп* сейілейін деді (Т. Ахтанов).

**Бітім, бітімшілік, жарастық, келісім, мәміле, ымыра, бәтуа, тоқтам.** *Көп ойласып келісілген мәселе, шешім, тоқтам, түйін.* Қызып кетсек, мына бала бізді ажырата алмас, – деп атынан түсті, *бітім* ыңғайын білдірді (Д. Досжанов). Әйтпесе келгеніне екі күн болды, ағасының үйінде не *бітімшілік* бітіріп жатыр (Р. Тоқтаров). Оның қуанышты жүзін көріп, Нәсербай мен Тышқанбайдың көңіл *жарастығына* да іштей тоятын (Т. Жармағамбетов). Кешегі *келісім* бойынша бүгін Досжанды егіс басына алып шықпақ болатын (А. Байтанасв). Айтыста жұрт екіұдай болып бөлінді де, қайтып *мәмілеге* келе алмай қалды (Ш. Мұртазаев). *Ымыраны* бұзу – жаманның ісі (Мақал). Кейде семьяның өзі де әлдененің кесірінен *бәтуаға* келмей, өз берекесін өздері қашырады (К. Тоқаев). Тек Бауыржанмен ақырғы *тоқтамға* келгеннен кейін ғана Александр Бек кітап қолжазбасын баспасөз бетіне ұсынды (Ә. Нұршайықов).

**Бітімші, мәмлегер.** *Екі ел арасын келістіруші, бүтінші, ақылғөй адам.* Қанша күтсе де, ішінен ақ ту ұстап шауып шыққан *бітімші* елшілер бәрібір көрінбейді (Ә. Кекілбаев). Қазыбек есімі қазақ пен қалмақ арасындағы шапқыншылық кезінде бітімші, бүтінші болған парасатты *мәмлегер* ретінде мәлім («Қаз. әдеб.»).

## В

**Венгр, мадияр.** *Венгрияның жергілікті тұрғын халқы.* 1241 жылы қыпшақтың біраз аулы бастығы Қотан хан болып *венгрлерге* көшіп кетті (І. Есенберлин). Көшіп келген қыпшақтарға *мадиярлардың* королі жер беріп, алдарына мал салып, жақсы қарсы алды (І. Есенберлин).

## Г

**Гүл, шешек.** *Түрлі түсті ұлбіреген хош иісті өсімдік.* Жайқала бер, қызыл *гүлім*, Төңіректің көзін тартып, Айналаңда қағып күлім, Қыздар жүрсін ән шырқатып (Қ. Аманжолов). Оранып гүл, *шешекке* жұпар иіс, Жайқалған жапырағы жасыл бүліш (С. Торайғыров).

**Гүріл, күріл.** *Гүр-гүр еткен дыбыс.* Кенет аспан беті қарауытып, құлақ тұндырарлық *гүріл* естілді (Т. Шаханов). Жер мен көктің жапсарында, сонау қара түнектің ішінде нажағай жарқылдайды, *күріл* естіледі (Ф. Мұстафин).

**Гүрілдеу, күрілдеу.** *Гүр-гүр етіп дыбыс шығару.* Үй сыртындағы көшеден анда-санда *гүрілдеп* машина өтіп жатыр (Д. Исабеков). Алатау сілкінгендей дірілдеді, күркіреп күндей күшті *күрілдеді* (Т. Жароков).

## Ғ

**Ғажап, ғажайып, ғажаби, керемет, әлей, таңғажайып, жойқын, ғаламат, керім, жойыт, алапат.** *Адам таңғаларлық, өте келіскен, өте қызық.* Артына өлмес мұра қалдырған Иса ақынға еліктеп, оқыған адамды жылататындай *ғажап* дастан жазғым келеді (Б. Бодаубаев). Табиғатта кездесетін *ғажайып* құбылыстың бірі – жабайы хайуанаттың адам балаларын асырап, өсіруі (Х. Қыдырбаев). Парнастамын, *ғажаби* қиялдамын, қай лүпілін жүректің тыя аламын (К. Салықов). Әншінің *ғаламат* даусынан басқа тырс еткен дыбыс естілмейді (К. Боқаев). Дүниенің небір *ғажап кереметін*, Секілді жалғыз ғана сен білетін (Ф. Қайырбеков). Қара көктің үйіріне де қызығуым *әлей* еді (Ф. Мүсірепов). Ақынды шабыттандырған оқиға ұшқыш әйелдердің *таңғажайып* ерлігі еді (Р. Бердібаев). Украина жерін жарып өткен майдандық ауыр сапарда қазақтың талай батыр жігіттері *жойқын* ерлік көрсетті («Лен. жас»). Бұл қауым жұрттың *ғаламат* ерлігінің, үлкен еңбегінің нәтижесі болатын (Б. Тоқтаров). Осы ауылға әлгі жуырда көшіп келген қара мұрт Сәрсенбайдың Бақтыгүл деген қызы *керім* әнші екен (Н. Ғабдуллин). Ат машина емес-ау, ана шынжыр табан *жойыт* қой жерді қазып кететін (Қ.Жұмаділов). Бұдан жиырма бес жыл бұрын *алапат* соғыстың дауылы бұрқ ете қалды (Ә. Нұршайықов).

**Ғана, қана, гәне көне, көне көне.** *Шектеу, кішірейту мәніндегі демеулік шылау.* Үлкен ақсақал оларға тек ұстаз *ғана* емес, әке орнына әке болғандай еді (Ш. Мұртазаев). Ендігі қалған төреден Шоқанға жаны ашитын жалғыз Аппас *қана* (С. Мұқанов). Ертеректе *ғана*, *қана* сөздерімен қатар «бір гәне», «тек көне» сияқты тіркестерде *гәне*, *көне* нұсқалары да тілімізде қолданылып келген («Ана тілі»).

**Ғарыш, аспан әлемі, космос.** *Аспан кеңістігі, біртұтас әлем.* Ғарышқа самғап шыққан жұлдызды жігіт Юрий Гагарин де өзінің мәңгі өшпес тарихи сапарын Орталық Қазақстан жерінен жасады (Ә. Нұршайықов). Түнгі *аспан әлемінде* шок жұлдыздар самаладай жарқырайды (Ғ. Малдыбаев). Біздің заманымызда адам аспанға ұшты, *космосты* аралады (М. Токжігітов).

**Ғарышкер, космонавт.** *Ғарыш кемесімен ғарышқа ұшушы адам.* Байқоңыр ғарышжайында қазақ *ғарышкері* де ұшуға даярлық үстінде («Жас Алаш»). Арада шамалы уақыт өткенде алғашқы *космонавтан* қолтаңбасы бар суретіне қоса мынандай хат келді (А. Сейдімбеков).

**Ғаріп, қасер, ғаріп-ғасер, көріп сөйл.** *Жоқшылық пен кемтарлықтан зардап шегуші, халі мүшкіл.* Таққа мініп, тәж киген, Жұртына жағып, халық сүйген, *Ғаріп* пенен *қасерге*, Қамқоры сырттан көп тиген («Үш ғасыр жырлайды»). Не *ғаріп-ғасер* өтіпті, Рақат көрмей дүниеден, қаса соры қайнаған (С. Жанғабылов). Білімсіз надан өскен *көріптерміз*, Қорлықпен өмірі өткен ата-тегім (Ғ. Малдыбаев).

**Ғашық, асық поэт.** *Ынтызар болып шын беріліп сүйген адам.* Сіздердей *ғашық* көп, қайсысы саған дөп, Жөндеп те айтпадым, Жүрегім лүпілдеп (Абай). Қосылған, екеуі де сертке жеткен, Өлерлік бір-біріне *асық* еді (Б. Майлин).

**Ғой, қой.** *Бір нәрсенің анықтылығын, реттілігін көрсететін демеулік шылау.* Күні бойына дамылсыз еңбектенгенде балтатұмсықтың қоректенетіні осы екен *ғой* (А. Бүркітбаев). Шикізат *қой*, жаным-ау, – деп қалды Сұлтанмахмұт (Д. Әбілев).

## Д

**Да, де, та, те, дағы, тағы.** *Сөз бен сөзді, сөйлемді байланыстыратын шылау.* Қаһарлы қазақ халқы *да*, Ер салып тұлпар атына, Мініп жауды жапыра, Шықты майдан төріне (Т. Жароков). Көптеген мұғалімдер оқушылардың терең *де* берік білім алуын қамтамасыз етті («Халық мұғ.»). Әлі келген алып *та* жығады, шалып *та* жығады (Мақал). Ондай ағаштардың қатарына терек *те* жатады (М. Ахметов). Ботақаным, бөбегім, Бейне туған баладай, Менің *дағы* дегенім, Сенің *дағы* анандай (Ә. Тәжібаев). Оқымадың демесе болад *тағы*, тілімнің келмегенін қайтушы еді (Абай).

**Дабыл, ұран, үндеу.** *Халықты белгілі бір іске жұмылдыру мақсатындағы тілек, шақыру.* Самғаған құз, қияға тау құсындай, Елімнен *дабыл* шықты көкті жарып («Пернедегі термелер»). Үйлердің қабырғалары «Астықты уақытында және ысырапсыз жинап алайық!» деген *ұрандармен* безелген («Қаз. әдеб.»). Бір күні газеттен жастарды Қазақстан мен Сібірдің тың жерін игеруге шақырған *үндеуді* оқыдым (Н. Ғабдуллин).

**Дабылдау, ұрандау, азандау, дабыра қылу, шақыру.** *Халықты белгілі бір іске жұмылдыру, үндеу. Дабылдан* туған Отан шақырғанда, Алдында келген талай жарыстардың (Т. Әдірахманова). Өлеңменен *ұрандан*, еңбекпенен олжаға. Шақыр тегіс қалдырмай, даланың ауыл, қыстағын (Жамбыл). Далада *азандаған*, айқайлаған, ойбайлаған, бақырған, жылаған дауыстар (А. Машанов). Шырағым, мұндай даулы мәселені сен жұрт арасында өзiрге *дабыра қыла* көрме (С. Мұқанов). Абзал алаш азаматтары халыққа үндеу тастап, ортақ игілік үшін біріктіріп, жұмыла іске кірісуге *шақырды* («Түркістан»).

**Дағдылы, үйреншікті, машықты, қалыпты, әдеттегі.** *Бұрыннан әдетке сіңген, еті үйренген, қалыптасқан.* Иг дауысынан күзетші де оянып, сарылған *дағдылы* айғаймен жым-жырт дүниені жаңғыртып айтақ салды (М. Әуезов). Дағдылы өсем сарай хетдарабхаузға келгенде *үйреншікті* мекенге келгендей болдық (М. Әуезов). Бақтығұл түн баласында малмен араласа көп жүрген *машықты* көзбен маңайды тағы бір шола қарады (М. Әуезов). Соңғы сөзді айтқанда Мінайдардың ашуы түгел тарап, *қалыпты* күйіне келіп еді (Б. Майлин). Қала *әдеттегі* тіршілігінде (Д. Әбілев).

**Дағыра, барабан.** *Шанағына сірі керіп қаптаған іші қуыс ұрып ойнайтын аспап.* Қалың қытай шуылдап, *дағырасын* қағыпты, Алтынайдың сүйегін қашарға артып алыпты («Манас»). Қайырбаев оларға жақындай бергенде горн тартылды да ілесем *барабан* соғылды (Ә. Нұршайықов).

**Дайын, әзір, даяр.** *Алдын ала қамдалған, дайындалған, әзірленген.* Жас жігіттер мен қыздар, тіпті егделеу адамдар қолдарына қару алып, өз Отанын қорғауға *дайын* екенін білдірді (К. Аманжолов). Күдері мен Жақыпбек қайнап тұрған *әзір* шай үстіне келді (М. Иманжанов). Еркемнің шайы *даяр* болмады-ау деп, Айбаланың өзіне-өзі күңкілдеуін Асқар естіп қалды (С. Мұқанов).

**Дайындықсыз, даярлықсыз, әзірліксіз.** *Күні бұрын қам жасалмаған, даярлық жасалмаған, әзірліксіз.* Балалар алгебра сабағы болатынын байқамай қалыпты да, *дайындықсыз* келіпті (Н. Ғабдуллин). Табысқа тағы мастанбайсың қауырт кетіп жүрмейсің. Қандай іске болсадағы *даярлықсыз* кіріспейсің (С. Ерубаев). *Әзірліксіз* емеспіз, келетін қонақтарды қарсы алуға барлық жағдай жасалды («Егемен Қазақстан»).

**Дақпыртсыз, даурықпасыз.** *У-шусыз, еш даурықпай-ақ.* Скориков сонан арғы сөзінде зор қимыл алдындағы *дақпыртсыз* дайындық жабдығын айтты (Ә. Нұрпейісов). Олар еш *даурықпасыз* өз міндетін мерзімінде тындыруға дағдыланған («Лен. жас»).

**Даладай, дағарадай, абажадай, далиған.** *Рабайсыз үлкен, кең, ұлан-байтақ.* Абай да *даладай* ойлы, даладай дана, даладай байтақ болды. Абай өлеңдерінің ең басты қасиеті – даналық, тереңдік. Қай өлеңін алсаң да қорғасындай ауыр жатады (С. Мәуленов). Ағаш

үйлетін қойманың *дағарадай* кең қақпасынан шығысымен құрылыстың дабыра туына араласып, көп машинаның бірі боп жүре берді (А. Жақсыбаев). Тәкежанның өз үйі көл жақ шеттегі үлкен *абажадай* қоңыр үй (М. Әуезов). Төрт қыз жататын жатақханасынан кең сарайдай төрт бөлмелі профессордың *далиган* пәтеріне шығады (І. Есенберлин).

**Далбаса, құр әурешілік, бос әурешілік.** *Нәтижесіз әрекет, нәтиже бермейтін іс-қимыл.* Тіліндегі жүрегінде болмаса, әлдекімді сендірем деу – *далбаса* (Мақал). Бастыққа барып арызданам дегендерің – *құр әурешілік* («Лен. жас»). Автобус кешкі сағат 8-ден кейін жүрмейді, мұнда жол тосқандарың *бос әурешілік*, – деді әжей («Алматы ақшамы»).

**Далақтау, далаңдау, далбақтау, далбаңдау, далпылдау, елпелектеу.** *Есі кетіп жүгіру, шапқылау.* Құнанымен соңымыздан *далақтап* шапқан бала маған Мүсәпірден бұрын жетті (С. Мұқанов). Артынан Аян бала келді жетіп, Аптығып, *далаңдатып* балақ-жеңді (Қ. Бекхожин). Қаруы бары атып, мылтығын ұстап үлгіре алмағаны *далбақтап* жүгіріп, жан сауғалап барады (Ә. Әлішев). Ернім кезеріп, екі етегім *далбаңдап* шауып келемін (С. Бақбергенов). Қуаныш қуған Зейнеп *далтылдай* жүгіріп, нұсқаған бөлмеге жүгіріп келсе, Шыңғыс жалғыз отыр екен (С. Мұқанов). Ғани жайдары келбетімен *елпелектей* жүгіріп келе жатыр (Ш. Өтепов).

**Далаңқай, далашық, далаң.** *Шағын көлемді жазықтық.* Орман аралығындағы *далаңқайға* өскен шабындықтан кісі көрінбейді (Қ. Исабаев). Тау жақтан кейде тоғайы мен жап-жасыл *далашығы* бар әдемі қоныстар көрініп қалады (М. Әуезов). Қараған орман таусылып, батальон ашық *далаңға* шықты (Т. Ахтанов).

**Далдалау, көлегейлеу.** *Бірдеңеден бетін тасалау, бойын жасыру.* Қыран бүркіт жартастың солтүстік иығындағы бір бұтаны *далдалай* зырлап бара жатқан бір тұлкіге барып, жарқ-жүрқ айқасып кеп қалды (С. Бегалин). Аттың тұяғынан түйдек ұшқан соқта қар үстіне түсіп, маза бермеген соң, ол қара тұлыбын *көлегейлеп*, бір қырындау отырды (М. Дүзенов).

**Далию, жайылу.** *Бір нәрсенің көлемін кеңейтіп жазу, созылып кету.* Қабат-қабат үйлер қаланың етек-жеңін *далитып*, алысқа әкетіп жатыр (С. Мәуленов). Одан оңға таман жаңа көктеп келе жатқан егіндік *жайылып* барып, көп үйлі ауылға барып тіреледі (Т. Ахтанов).

**Дамбал, ыштан кітаб.** *Бұтқа қиетін ұзын, кең ішкіім.* Көйлектің етегі жұмысқа оралғы болмау үшін *дамбалдың* ышқырына салып, шалбарланып алындар (С. Мұқанов). Тоқсанға келген атамның, Бұтында жоқ *ыштаны* («Қобыланды»).

**Даму, өсу, өркендеу, өрістеу, өрбу, өрлеу, қарыштау, қарқындау, гүлдену.** *Алға басып ілгерілеу, көркейе түсу.* Тіл қоғамның *дамуымен* байланысты дамып, өзгеріп отырады («Қазіргі қазақ тілі»).

Есікті станциясы бұл күнде өскен, көп өзгерген (Б. Тоқтаров). Әдебиет сыны мен әдебиет тарихын зерттеу жұмысы советтік дәуірде ғана өркендеді (С. Мұқанов). Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанда көркем аударма орасан өрістеді (М. Қаратаев). Алуан ұлы есімнің Дәнін алып білімнің, өрбіген өнегелі ордан (Жамбыл). Жаңа жерлерді игеру осы аудандардың экономикасы мен мәдениетінің барлық салаларын өрлетуді тездете түсті («Қазақст. коммунисті»). Поэзиямыз соңғы екі жыл ішінде қайтадан қарыштап, бір белге шықты (Ф. Мүсірепов). Ұлттық шеңбердегі үлгілерді ғана мектеп еткен әдебиет қарқындап өсе алмайды (Ф. Мүсірепов). Сәкен қазақтың ұлттық мәдениетін көтеріп гүлдендіруге көп еңбек сіңірді (Ф. Мүсірепов).

**Дамылдау, тынымдау, тыныстау.** Дем алу, тыным табу. Суыт жүріп отырып, қас қарая берген кезде Мыңбұлаққа келіп дамылдадық (Т. Сұлтанбеков). Жұрттың бәрі тынымдап, Түн ортасы ауғанда, Машина тартты зуылдап, Бетті түзеп ауданға (С. Мәуленов). Ол сәл тыныстап, арт жағына қараса, екі жендет жүгіріп келеді екен (К. Қайсенов).

**Дамылыз, тоқтаусыз, тынымсыз, үздіксіз, толассыз, кідіріссіз, іркіліссіз, үзіліссіз.** Еш тынбастан, ешбір толастамай, дамыл таппастан. Күндіз көп жүріп дамылыз оттаған жылқының ымырт жабыла тұрақтап жусайтыны болады (С. Мұқанов). Ханшайымдар үйге таяу қалғанда тағы да шашу шашылып, шымылдық ұстаған екі әйел үйге тоқтаусыз кіріп кетті (С. Мынжасарова). Жан-жақтан естілген комбайн, трактордың тынымсыз гүрілі түн тыныштығын дүр сілкіндіріп тұр (Р. Райымқұлов). Үздіксіз соққан ызғырық желдің өтінен ығып, жылқыны ылдига беттеткен Доскей ат басын кері бұрды (Д. Досжанов). Толассыз ағылып жатқан машина дыбысы зың-зың етіп, миыңды шаққандай (О. Сәрсенбаев). Жаз өтті, кідіріссіз күз де келді. Жұмылтып қыс қамына дүздегі елді (І. Мәмбетов). Іркіліссіз, талмас еңбектің арқасында татымды табыстарға жетті («Ақ бұлақ»). Қырмандығы агрегат үзіліссіз жұмыс істеп тұр («Лен. жас»).

**Дана, бір тал, тарақ.** Біртектес заттардың біреуі, жекесі. Сонан соң газетінің бір данасын қонышына, бір данасын қойынына ұрып жіберді (Т. Нұрмағамбетов). Шашының бір талын жұлып алып қарап жатты («Қаз. әдеб.»). Қара жігіт сол қолымен бір тарақ қағазды ұсына берді (Б.Қожабеков).

**Даналық, данышпандық, кемеңгерлік, ойшылдық.** Ақыл-білімі асқандық, ұлылық. Ақындардың адалдығын – даналықтың даналығы деп білем (Ф. Мүсірепов). Меніңше, данышпандықтың ең бірінші белгісі – адамның өзін-өзі тани білуі дер едім (С. Бакбергенов). Тезек теріп, күл шығарып жүрген сенен не кемеңгерлік шығушы еді (Ә. Хасенов). Ғанидың аққұба жүзі мен өткір көзінен үлкен бір ойшылдық пен байсалдылық байқалатын (Ш. Ерманов).

**Данасыну, көсемсіну.** Өзін ақылғөй, білгіш санау. Жас та болса көпті көрген, көп оқыған азаматтың данасынып сөйлегені оғаш



саналмаушы еді («Халық мұғ.»). Жол енді құдалардан басталсын деп, сөйледі *көсемсінip* Ұрқия өне (И. Байзақов).

**Дандайсy, асу, мастану, талтаңдау, тақыраю, еркінсу, асқын-дау, асқыну, көкию, масығу.** *Шектен шығып асып-тасу, көкірек керу, кеуде көтеру.* Мәртебесі өсіп, мерейі көтерілгенде сабындай бұзылып, *дандайсyт* кететіндер де бар ғой («Лен. жас»). *Асқанға* аспан да аласа, Тойғанға тоқты еті – топырақ (Мақал). Бізге табысқа *мастану*, токмейілсу мүлде жат нәрсе (С. Сейітов). «*Талтаңдасаң* талтаңда, ақшаң болса қалтаңда» дегендей, серілікке де дәулет керек шығар (С. Мұқанов). Жас талапкердің жап-жақсы шығармасын «жақсы» деп айтудан именеміз. *Тақырайып* кетер деп қауіптенеміз (Т. Бердияров). Қалменнің ойда жоқта үйге *еркінси* кіріп келгенін көрген жұрт мынау не қылып жүр дегендей сескенісіп қалды (А. Хангелдин). Жібек оны сүймейді, осыдан барып Бекежанның зұлымдығы *асқындай* түседі (М. Әуезов). Арыстан *асқынса* айға шабар; Ақымақ асқынса, анасын сабар (Мақал). Сен жоғарылап *көкиip*, Адамдықта кете бардың (Ж. Өмірбеков). Әбден асыптасқан, мансапқа *масыққан* Баймағамбет сұлтан әйелін жамандатты (Қ. Сатыбалдин).

**Даңғой, даңғаз, дарақы, дәлеку, даңғыра.** *Істің мән-жайына терең бойламайтын алып-ұшпа, жеңілтек.* Өйткені ол *даңғой* емес басқалардай. Еппенен іс қылады артын барлай (С. Дөнентаев). Енді байқаса, көңілді, дархан өмір сүрдім дегені *даңғаз*, бейпіл өткен күндер сияқты (Т. Ахтанов). Мінезі ашық болғанда тым *дарақы* емес, бір түрлі биязылығы басым, жұғымды, жарасымды мінез (Б. Тоғысбаев). Оның *дәлеку* шешесі жақсылықты білуші ме еді (О. Сәрсенбаев). Кеңсе жұмысы көп *даңғыраны* көтермейді (Х. Есенжанов).

**Даңғойлау, даңғазалау, дарақылау, әңгілеу, әулекілеу, желөкпелеу.** *Айтарлықтай әулекі, ұшқалақ мінезді.* *Даңғойлау*, жалаңкеуделеу, даңғаз айғайы молдау Көшербайды інісі айнытпай бейнелеген сияқты (Т. Иманбеков). Бір күндері батағөй қария картайыпты да, *даңғазалау* жалғыз ұлы басындағы бақ, алдындағы дәулет азық еткендей әкесіне алақөзденіпті (Д. Досжанов). Кемпірлердің ішіндегі бір *дарақылауы* Төлептің басынан ұдайы шешпей жүретін тақиясын жұлып алды (К. Қазыбаев). Құлтума ептеп *әңгілеу*, өлең айт десен іркілмейді, бебеулей жөнеледі (Ә. Нүрпейісов). Ой, өзі де сабазым екен! – деген *әулекілеу* дауыс шықты (А. Сатаев). Желді аяқ, *желөкпелеу* жеңген болсын, оны алдар жібек көйлек, теңген болсын (Қ. Мұқамеджанов).

**Даңғойлық, даңғазалық, дарақылық, әңгілік, әулекілік, тыраштық.** *Даңғой болушылық, әулекі болушылық. Даңғойлыққа,* тыраштық пен тыртаңдыққа қарсы еді (М. Әлімбаев). Ол кезде бір нәрсенің шеті шығып, науқанға Мұқанның жұлдызы айналса, маңызын жете ұғынбаған желөкпе уәкілдер асыра сілтеп, ел ішіне

алуан түрлі *даңғазалық* туғызатын (С. Бегалин). Жұрт оны Шолпанның *дарақылығы*, жеңіл мінезділігі демей, оның *дәл* өз ойындағыдай етіп ұққан еді (А. Хангелдин). Мұртын сипап қойып, өзінің *өңгілігіне* бағып, Қаратаздың құлағына ғана күңк етті (Ә. Нұрпейісов). *Әулекілік*, көрсеқызарлық, жаңғалақтық бір кісінің бойынан табылса, ар жағын сұрап керегі не (С. Бегалин). Садуақас сорлы кедейдің намысқойлығы мен *тыраштығына* мырс-мырс күліп жата береді («Лен. жас»).

**Даңғыра, кепшік, дап жерг.** *Дөңгелек ағаш шеңберге қарын не тері қаптап жасалған қазақтың соқпа музыка аспабы.* Сыбызғы, шаңқобыз, дауылпаз, дабыл, *даңғыра* сияқты музыкалық аспаптар лекциясы да қызық («Қаз. әдеб.»). Олар үш қатардан сап түзеп, кернейлетіп, *кепшік* пен барабанды қатар соққылап, қаланы бөріктіріп, көшеге шықты (Ж. Тілеков). *Дап* – қарын немесе жұқа тері қапталған шеңберлі сазды аспап («Ана тілі»).

**Даңғыр-дүңғыр, қаңғыр-күңгір, салдыр-гүлдір, салдыр-сұлдыр, сатыр-күтір.** *Зат пен заттың соғылысуынан тарсылдаған, салдырлаған, күңгірлеген дыбыстың пайда болуы.* Қара қатын шелекке сүрініп, үй іші *даңғыр-дүңғыр* болды да қалды (Ә. Нұрпейісов). Тілінен ұстап отырған қоңырауды қоя бердім де, *қаңғыр-күңгір* еткіздім (Ж. Молдағалиев). Анда-санда *салдыр-гүлдір* етіп өткен трамвай ғана қаладағы күнделікті тіршілігіне кіріскенін мәлімдейді (М. Мағауин). Машина моторлары, басқа темір-тұмыр саймандары *салдыр-сұлдыр* етіп мазаны алады (С. Шарипов). Қожахан мен Әлибек тұрған биік құз ортасынан қақ жарылып, *сатыр-күтір* етіп суға құлады (Н.Ғабдуллин).

**Даңғырлау, қаңғырлау, салдырлау.** *Заттардың бір-біріне соғысуынан шығатын сатырлау, күңгірлеу.* Қатты желден шелектің *даңғырлай* құлап түскені естілді (М. Сүндетов). Көше жақтан бос бөшкенің *қаңғырлағаны* естілді (Қ. Мұқанбетқалиев). Көше жақтан арбаның *салдырлағаны* құлаққа шалынып тұр (М. Гумеров).

**Даң-дүң, у-шу, азан-қазан, дырду, даң, ың-жың, айқай-ұйқай.** *Улап-шулаған, даурыққан көп дауыс.* Көп адам *даң-дүң* дауыспен ит үйшігінің маңына жинала бастады (С. Мұқанов). Қала жақтан мылтық атылып, *у-шу* болған берекесіз дыбыс шықты (Х.Есенжанов). Жылқы кісінеп, сиыр мөңіреп оған жиылған көптің шуылы қосылып, ауыл *азан-қазан* (Ғ. Мұстафин). Осындай *дырдумен* жүріп, Жәнібек алғашқы екі-үш күннің қалай өткенін байқамай да қалды (Қ. Жұмаділов). Және де бір тайпы аңды көрдім. Уда-шу, айғай-ұйғай *даңды* көрдім (С. Торайғыров). Отау іші *ың-жың*, ойран-топыр, азан-қазан (С. Талжанов). Лезде көше *айқай-ұйқай* дауысқа, сатыр-күтір шабысқа, тарсыл-тұрсыл атысқа толып кетті (С.Мұқанов).

**Дап-дайын, дап-даяр, әп-әзір.** *Бәрі де дайын болған, әзірленген.* Өрнекті сөз орамдары тілге орала кететіндей *дап-дайын* күйде кездескенімен, қисынын біліп қолдануға қаламның біраз ебі керек («Қаз.

әдеб.»). Сауда жүгім буылып-түйіліп *дап-даяр* түр екен («Мың бір түп»). Ал бүгін өзіне көмектесетін Роза тұрғанда бәрі де *әп-әзір* болып қалыпты (Ғ. Мүсірепов).

**Даралау, бөлектеу, жегенелеу.** *Бір-бірлеп бөлу, жеке-жеке етіп ажырату.* Жазушының кейіпкерлерді *даралап*, әрқайсының жеке өзгешелігін көрсетем дегені дұрыс (М. Қаратаев). Оралған шилерді өрнегіне сәйкес *бөлектеп*, жіңішке шуда жіппен тізіп отырады (С.Қасиманов). Мұндай ретте міндетті түрде жеке-жек *жегенелеп* тастау керек (Қ. Ертаев).

**Дарандау, дарақтау.** *Есі шыға елпең қағу.* Өзі салдырлап қалған, ашу-шамы жоқ жеңгем қашан көрсең *дарандап* жүретін қалжыңбастау әйел-ді (Ғ. Ахметбеков). Осы сен бекерге *дарақтайсың* (Ә. Бөриев).

**Дардию, қауқию.** *Өзін-өзі көтеру, әлдеқандай болу.* Бәріміздің айпарадай болып, *дардиып* жүргеніміз сенің арқаң екен (Қ.Жұмаділов). Жұмабек болса едәуір атағым, еңбегім бар, – деп *қауқиып* жүрген (Т. Ахтанов).

**Дарқан, кенен.** *Өте кең, мол, пейілі кең.* Мұндай шалқар дүние шалқыған шексіз ой, *дарқан* дарын иесінің ғана қаламынан туар деп ойлаушы едім (Е. Тұрысов). Бір Мешітбай емес, талай шопан-ақ осылайша *кенен* көңіл танытады («Саржайлау»).

**Дарқандық, дарқаншылық.** *Кеңшілік, молшылық, дарқан болушылық.* Көк әлемнің кең астында табиғат та *дарқандық* құшағын еркінше жайғандай, дала да байтақ, өріс те үлкен (Х.Есенжанов). Асанғалидың айтқандары орындалса, елге еркіндік, теңдік, *дарқаншылық* болатын сыңай бар (Ж. Төшенов).

**Дарындылау, дарындырақ.** *Әжептәуір дарынға ие.* Басқалармен салыстырғанда бұл шәкіртін ұстазы *дарындылау* деп есептейтін («Қазақст. әйелд.»). *Дарындырақ* оқушыларды іріктеп алып, көркемсөз өнеріне баулыды («Қазақст. мұғ.»).

**Дастан, поэма, жыр, қисса.** *Әдебиеттегі белгілі бір оқиганы өлеңмен баяндайтын сюжетті көркем шығарма.* «Қыз Жібек» *дастаны* – қазақтың өткендегі көшпелі тұрмысының да мол айнасы (М. Әуезов). *Поэма* – дүниежүзіндегі барлық халықтардың әдебиетінде бар көне жанр (ҚСЭ). Ыбырайдың шешесі ертегілер мен *жырларды* көп білген (М. Ақынжанов). Әжесі көп *қиссаны* жақсы білетіндіктен, мынау айтып тұрғанда соның сөздері бар секілді көрінді (Ғ. Қайырбеков).

**Дастаншы, қиссашы.** *Дастанды жатқа айтушы.* Ол бірде лирикашы, бірде *дастаншы*, сәті түскенде баллада шығарады (Ә.Тәжібаев). Қиссаны жатқа айтушы жыршыны *қиссашы* дейміз («Қаз. әдеб.»).

**Датқой, ғайбатшыл.** *Ғайбат сөз айтқыш, даттап сөз қылғыш.* Ал бұған ел ішінде «тілімізді бүлдірді» деп кінә тағып, кері тарту осы *датқойлар* болды (С. Мейіржанов). Ақыры *ғайбатшылдың* өзі жазадан құтылмағанын мысал етіп баяндаған (Р. Бердібаев).

**Дау, талас, айтыс, тайталас, дау-дамау, жанжал, қақтығыс.** *Пікір қайшылығынан туатын келіспеушілік, ерегіс, шатақ.* Біреуді-біреуге ұтылап салып, *дау* туғызбаса, Нүрпейіс пысықтың ішкені ас бола ма? (Б. Майлин). Тұрымтай мұндай *тартыс*, таласқа жауап беру үшін сөз іздеп жатпайды (Р. Райымқұлов). Әйтеуір Сабыржан ертең Құсановтармен болатын жеміссіз *айтыстан* қашып барады (Ә.Сәрсенбаев). Құда боп құйрық-бауыр жегеннен соң, Басылған бақ күндестік, *тайталасы* (С. Торайғыров). Талай құлақтың, *дау-дамаудың* айтысына түсіп, көбіне жеңіп шығатын Нұртаза (С.Мұқанов). Оның бұл сөзі маған қатты батты. Бірақ *жанжал* шығып кете ме деп үндемедім (З. Шашкин). Ақан әлгі *қақтығыстан* кейін әлдеқалай қолайсыз күйге түскен (З. Шүкіров).

**Дауалы, шипалы.** *Ем қонатын, шипа болатын.* Ұябектің мәңгілік өмір сыйлайтын *дауалы* тарағы болмаса, өлген ана тірілмес еді (С. Қасиманов). Оңтүстік Қазақстан облысында алыс шетелге дейін белгілі *шипалы* су көздері бар («Жас Алаш»).

**Дауасыз, бейдауа.** *Емі жоқ, ем қонбайтын.* Көрілік – *дауасыз* дерт ем қонбайтын, Жылаймыз қартайдың деп соның үшін («Қазақ ақынд. шығ.»). Сол кеткеннен қайтып тұрмыс құрмаған жас ана *бейдауа* кеселге ұшырап, екі-үш күн жанталасып жатып, дүниеден қайтады (О. Сәрсенбаев).

**Дау-дамай, дау-даңғаза, дау-жанжал, дау-шар, дау-талас, айтыс-тартыс, талас-тартыс, ұрыс-керіс.** *Әр алуан жанжал, реніш, айтыс, келіспеушілік.* Жұрт *дау-дамайын* шешу үшін үнемі соған келіп жүгінеді екен («Қазақстан әйелдері»). *Дау-даңғаза* салып, жылқымды айдап алды, – деді біреуісі (Н. Әбуталиев). Шиеленіскен *дау-жанжал* Абайдың өз басына да үлкен қауіп төндірді (Х. Сүйіншалиев). Ел арасының *дау-шары*, алыс-жұлысы былай тұрсын, үй ішінің шаруасына да көп араласпайды ол (З. Ақышев). Бірталай жерге кеп қалған Егде тартқан жасым бар, *Дау-таласқа* көп салған пісіп қатқан басым бар (Д. Қасенов). Толқын келін түсіру кезінде болған қым-қиғаш *айтыс-тартыстан* толық хабардар (Ө. Қанахин). Мұғалімдер кеңесі ұзаққа созылып, *талас-тартыс* көп болған (С. Омаров). Үй ішіндегі үлкен кісілердің арасында балалардың көзінше *ұрыс-керіс*, айғай-шу, қатты сөз болмауы керек («Мәдениет және тұрмыс»).

**Даукес, нау, даушыл, күнезер, даулағыш.** *Орынсыз таласып дау қушы, жанжал құмар.* Сұңқар текке жыртқыш анды бүрмейді, Шешен келсе, *даукес* тілін күрмейді (Р. Ниязбеков). *Нау* жүрген жерде дау жүреді (Мақал). Қыс бойы *даушыл* Омар қыр соңынан қалмады («Заман Қазақстан»). Жұман байды жерлеп, жетісін өткізгеннен кейін оның *күнезер* балалары енші алысу жайын қолға алысып, тарбайысып қалып еді (Ғ. Мүсірепов). *Даулағыш* болсаң, түгел даула (Ғ. Мүсірепов).

**Даукестік, жанжалшылдық, күнезерлік.** *Дау құмарлық, даукес болушылық.* Менің ойымда қалғаны Жолбосын *даукестігі* еді, оң-

теріске көп көне бермейтін (Т. Тілеуханов). Губковскийдің ойы Шоқанның күш-қайратын теріске, яғни *жанжалшылдыққа* емес, оңға, яғни Ресей империясының пайдасына жарату еді (С. Мұқанов). Мен *қүнезерлік* қылмаймын, қайыр сұрайтын халге жеткенім жоқ, – деді Шолақ (С. Мұқанов).

Дауласу, таласу, тартысу, айтысу, ұрысу, керісу, керілдесу, салғыласу, шөлкемдесу, қырқысу, қырылысу, сілкілесу, қарсыласу, тәжікелесу, шатақтасу, жанжалдасу, шаңқылдасу, қаржасу, екілесу. Бір мәселе жайында біреумен біреу сөзге келісу, ерегісу, байланысу. Бірі көйтке таласып, бірі арам қып, Төбелескен, *дауласқан* жанжал керіс (Абай). Ауданды Жаппасбай аулына көшіру туралы мәселе қаралғанда олар жік болып *таласады* (Б. Майлин). Іргелі елмен *тартысу* қарашыға қайткенмен оңай жұмыс бола алмады (И. Байзақов). *Айтысқан* соң дау емес пе, Алысқан соң жау емес пе? (Мақал). Жоқ, айта көрмеңіз, әжем *ұрысқан* жаман болады деген (Қ. Әбдіқадіров). Бұл бригадада істейтін жігіттердің бір-екеуімен *шөлкемдесіп* те қалғанмын («Білім және еңбек»). Екі қатын ұрысар да *керісер*, керісер де келісер (Мақал). Түпкі үйде дүрілдеген дауыс, *керілдескен* адамдар бір-біріне мұрындық бермейді (І. Жансүгіров). Қалабай – түрлі жұмыста, жиналыста байларға қарсы шығып, *салғылысып* жүрген жігіт (Б. Майлин). Тайлақ екеуіміздің өстіп *шөлкемдесіп* қалатынымыз болады кейде (А. Хангелдин). Патша үкіметінің көздеген мақсаты бір халық бұқарасын өзара араздастыруға, *қырқыстыруға* тырысып бақты (А. Нұрқанов). Бәрі де карта құмар екен, кеше өзді-өзі бірін-бірі ұтып, *қырылысып* қала жаздады (С. Шәріпов). Айшаны тұтқынға алды, бұдан кейін Әлиге Мағауиямен *сілкілесуге* тура келді (М.Токжігітов). Именіп жүріп көрген игіліктен *қарсыласып* жүріп көрген қорлық артық (Б. Момышұлы). Баламен тағы да біраз *тәжікелесіп*, ақырына келгенде, жөн сөзге көштік-ау! (С. Жүнісов). Қасымбай інің неғып Жасұзақпен *шатақтасып*, шатысып жүр (Ф.Сармұрзин). Үйде Сәлім екеуі *жанжалдасып*, біреулер ажыратып араға түсті (Б. Қожабеков). Атам заманғы аласысын даулап, *шаңқылдасып* кетті (Д. Досжанов). Сөйлеген соң *қаржасып*. Сөзбен мен де сұлаттым, болмаса да ол жасық. Бір жігітті жылаттым (М. Әлімбаев). Екі жақ *екілесті* бетпе-бет кеп, Қанға қан, жанға жан да, кекке кек деп (І. Мәмбетов).

Даулы, даушарлы, таласты, егесті. *Дауға, таласқа түскен. Даулы* үйде бас ауруы көп болар, даусыз үйдің торғайы да тоқ болар (Мақал). Махалла ақсақалдарының бас қосуында *даушарлы* мәселелер қаралады («Алматы ақшамы»). Оза шауып олжа алған, *Таласты* жерде жүлде алған. Жасанған жауға қол салған, Қарт Қожақ деген ер едім («Ер Тарғын»). Алтын, Топжан, Әлібай, *Егесті* жерде тоқталмай, Нұсқалы жауап сөз табар («Үш ғасыр жырлайды»).

Даурығу, шулау, шуылдау, дуылдау, дабырласу, самбырлау, сампылдау, санқылдау, дулау, дабырлау, дүрлігу. *Жамырап*

*қатты сөйлесу, дабыр-дүбір, у-шу болу.* Бір-біріне айқайлай сөйлеп, *даурыға* күлісіп, жағалауды бастарына көтерді (Р. Тоқтаров). Далада ойнаған балалардың айғайлаған, *шулап* күлген дыбыстары шығады (Т. Сағымбаев). Көне, *шуылдап*, жұмысшылардың мазасын алмай, тарандар бұл арадан, – ол (Ә. Әбішев). Салют, салют, – деп, балалар *дуылдай, шуылдайды* (М. Әлімбаев). Бір топ балықшы Еламан мен Мөңкенің төңірегіне жиналып, *дабырласып* жатыр (Ә. Нұрпейісов). Бұлар жақындап келгенде қалың ағаштың ішінен *самбырлаған* дауыс шықты (Қ. Әбдіқадіров). Бір күні мерзімді уақытта ояnsам, коридордан тасыр-тұсыр жүріс, *самтылдаған* сөздер естіледі (С. Мұқанов). Бөлменің жартылай ашық қалған есігінен біреудің *саңқылдаған* дауысы естіліп жатыр (Қ. Исабаев). Торқалы топыр тойында, Топ бас қосқан ойында, Қасқа-жайсаң алдында топ жиынды *дулаттым* («Үш ғасыр жырлайды»). Біріне-бір сөз бермей, *дабдұрлай*, жамырай сөйледі (З. Шашкин). Түрменің бастығынан бастап пешіне от жағатын жұмысшысына дейін түгел *дүрлікті* (З. Ақышев).

**Даурыққыш, даурықпа, айқайшыл, ойбайшыл, дүрліккіш.** *Жоқтан өзгеге даурыға беретін, көпірме бос сөзі көп.* Терлікбай аңшыларға тиісіп, шеттерінен өтірікші, босқа *даурыққыш* болатынын айтты (Ж. Молдағалиев). *Даурықпалар* күйшінің атын дабырайтып қошеметтей жөнелді (Д. Досжанов). *Айқайшыл* әңгі жігіт көрінесің, қырындап жақтырмаймын қарауынды («Айтыс»). Байбалам салып, ат-тонын ала қашатын *ойбайшылға* ұқсамайды («Түркістан»). Қорқып қалған ауыл адамдары *дүрліккіш* болып қалған («Жас Түркістан»).

**Даусыз, талассыз, шәксіз, сөзсіз.** *Дау-шары жоқ, бұлтартпайтын, күдік келтірмейтін.* Отанымызда қалыптасқан мәдени байлықтармен өзара алмасып тұру дәстүрі ұлттық өнердің кең тынысты дамуына мол әсерін тигізетіндігі *даусыз* (І. Омаров). Қайткенде де жақсының жақсылығы көпке өнеге екені *талассыз* шындық («Тоғызыншы шежіре»). Газет шығару сендердің де қолдарыңнан келері *шәксіз* (Ә. Қарағұлов). Авторлардың тиянақсыз, теріс түсініктері келелі көркем шығарма жасауға *сөзсіз* кесірін тигізеді (М. Қаратаев).

**Даушы, дауласушы, даугер, даукер.** *Дау қуушы.* Күнібұрын ойлап, алдын ала дайындалып алатындықтан, *даушының* сөзі әдетте дәлелмен айтылады (Б. Нұржекеев). Сот ісіне тек *дауласушылардың* мүддесіне жататын іс қараушылықтан кейбір реттерде «бидің билігіне төленегін» әдет пайда болған (Ш. Уәлиханов). Қалада Құнанбай жағының сөзін сөйлеген қуғыншы *даугерлер* тіпті көбейіп кетті (М. Әуезов). Алдыма келген *даукерді* аудара қарап тергедім (Ф. Шөреков).

**Дауыс, дыбыс, үн, дым.** *Физикалық денелердің соқтығысынан пайда болатын гүрі, гүрсіл.* Енді ауылдың шіміркеніп күткені қараңғы тыныш түнде шаңқ еткен оқ *дауысы* еді (Ф. Мүсірепов). Клуб ішінде ызындаған жалғыз масаның *дыбысы* бір ұшақ үніне пара-пар болып естіледі (Ә. Нұршайықов). Сіздерге сенетұғын сорлы басым, келгенде

Жиенкұлға шықпайды *үнім* («Ақын жырлары»). Бос кеңістікте дыбыстың *дымы* шықпай өшеді де қалады (А. Қалығұлов).

**Дауыстау, айғайлау, дыбыстау, дабыстау, үн кату.** *Дауысты қаттырақ шығарып даурыға сөйлеу.* Ауыз үйдегі мас болып қалған біреуі елінде қалған әйелінің атын атап *дауыстап* жатыр (С.Шәріпов). Дөң басындағы қойшының *айғайымен* қатар ауылдағы көрі-жас иттерді айтақтап түгел жүгірді (М. Әуезов). Ол осы ойға бекіп, есікті жартылай ашты да, қарсы бөлмедегі көмекшісіне *дыбыстап* шақырып алды (С. Әйешов). Ақан да Қалтайға «Тысқа шық, айғайлап *дабыста*, тез бар», – деді (М. Әуезов). Біз манадан бері енді-енді бір-бірімізге қарап *үн қата* бастадық (Ә. Әбішев).

**Дәл, дақ, тақ, тақа, нақа, нақ, тап, тура, қақ, дөп, дер, дөп, құдды, мәш.** *Тұпа-тура, тұп-тура, нағыз, дәлме-дәл.* Арқамды қабырғаға сүйеген қалыпта *дәл* бір қолға түскен адамдай отырдым да қойдым (С. Мұратбеков). Баяғыда болыстың Сергей деген пәсірі болып еді, мынау киімді киіп, сақалымды қырғаннан кейін *дақ* соған ұқсадым да қалдым (Д. Еркінбеков). *Тақ* осы жерде өзімізбен сөйлесіп, мына өзенге қарап отыратын еді (І. Жансүгіров). *Тақа* бір тас жүрек біреу болмасаң, аямасқа өддің жоқ (С. Омаров). Мысалға, жалақы таратқан сайын *нақа* ақшаны өз қалтамнан шығарып жатқандай айбағтанып мысын басып тастаймын («Мәдениет және тұрмыс»). Осы ауруханаға кеп жатқаным да, міне бүгін *нақ* төрт ай (Н. Фабдуллин). Құнанбай кішкене қаланың *тап* ортасындағы үлкен ағаш үйді жатақ еткен (М. Әуезов). Ертеңіне Жәнібек пен Мәди сағат *тура* тоғыз жарымда аэродромға жетті (Қ. Жұмаділов). Өзінше өш алмақ қой қақбас. Қойын қасақана *қақ* төрімізге әкеп жаяды (Б.Нұржекеев). Тек соны ғана есіркеп, сақтап келемін, тек соны ғана көтерем биік *дөп* бүгін (Т. Молдағалиев). Қасболат *дер* кезінде келе қалды (Т. Ахтанов). Бойынан бір мінімді *дөп* таппасаң, өріне өтіріктің бастырмаймын («Айтыс»). Көзін жалт еткізіп қарағаны, күлгені – *құдды* әкесі (М. Дүйсенов). Менің қоңыр дауысым мен оның нәзік дауысы *мәш* келіп, көдімгідей-ақ әсерлі шыққан еді (А. Әлсеров).

**Дәлдестіру, сәйкестіру, дөптеу.** *Бір нәрсені ыңғайға, жөнге сай келтіру, үйлестіру.* Сұлтанмахмұт бақанды жерге тірмей, уық ұзындығына *дәлдестіре* биік көтеріп тұр (Д. Әбілев). Ертең не уақыт өткізіп ап, не өмірге *сәйкестіре* алмай қалса, ұяты кімге келмек (З.Шашкин). Нағандардың үңірейген ауыздары бірі жоғары, бірі төмен *дөптеліп* қосарлана қалды (Х. Есенжанов).

**Дәлел, айғақ.** *Бір нәрсені нақтылы болғандығына айқын куәлік.* Абайды бағалаушы халық саны сол тұстың өзінде де көбейіп қалғанына осы *дәлел* еді (М. Әуезов). Азаматтық борышты ынта-жігермен атқаратындарыңа адал ниеттерің толық *айғақ* (Х.Есенжанов).

**Дәлме-дәл, нақпа-нақ, тұпа-тура, дақпа-дақ.** *Сөзбе-сөз, сайма-сай.* «Бұрыс көзі – ылғал» – «Влага – источник богатства» дегеннің

*дәлме-дәл* аудармасы (М. Әлімбаев). Жүгіре жеткен командирлерге Ключков келте-келте, *нақпа-нақ* бұйрық берді (Б. Момышұлы). «Шағала келмей, жаз болмас» деген *тұпа-тура* өз мағынасында айтылады (М. Әлімбаев). Көк драп пальтоның ішінен киген ақ көйлектің жағасына *дақпа-дақ* қан тамған (С. Адамбеков).

**Дәлдік, дәлме-дәлдік, нақтылық, нақпа-нақтық, тұпа-тура-лық.** Тұлымхан батылдардың да, именшектердің де тобына жатпайды, ол *дәлдікті* сүйеді (М. Мағауин). Аударманың *дәлме-дәлдігі* туралы ұғым заманалар озған сайын өзгеріп отырады (М. Әлімбаев). *Нақтылық* пен тұтастық жоқ жерде шынайылық та жоқ (Р. Тоқтаров). Махамбетке тән *нақпа-нақтық*, қызғындық бұл күйді өдемілеп жіберген (А. Жұбанов). Істің мән-жайын, ақ-қарасын *тұпа-туралықпен* айтып берер деген сенімдемзі («Жас Алаш»).

**Дәліз, сенек, ауыз бөлме, ауыз үй.** *Үй ішіндегі кіре беріс бөлме.* Есік сықырлап *дәлізге* кірдім, ауызғы бөлмеде тірі жан жоқ (З. Шашкин). Ақық әжей *сенекте* жағулы тұрған фонарын қолына алып, сыртқа асығып шықты (Н. Фабдуллин). Қаматай кеш жатса да мен бұрын тұрып, шайын әзірлеп, дастарқанын жайып, *ауыз бөлмеде* менің оянуымды күтіп отыр екен (Ж. Жұмаханов). Кемпір *ауыз үйден* шылапшын мен құман әкеліп, Галяның алдына қойды (Т. Ахтанов).

**Дәлірек, нақтырақ.** *Әжептәуір дәл, анығырақ.* Раушан екеуінің арасында қандай қарым-қатынас болғанын *дәлірек*, толығырақ білгісі келді (З. Шашкин). Бұл ретте оны шағын өн іспетті десек, *нақтырақ* болар (Ж. Әбдірашев).

**Дәм, татым.** *Ауыз қуысындағы дәм сезіну мүшелері арқылы білінетін ас-тағамның өзіндік қасиеті.* Бақшада бақырға пісірген еттің *дәмі* балдан артық болады (С. Сейфуллин). *Татымын* байқап көрейік деп тағы тұзын көрді (С. Мұқанов).

**Дәмдес, дастарқандас, табақтас, дәмдес-түздас.** *Біреумен-біреу аралас-құралас болу, бірге отырып ас ішу.* Үлкен атаңмен *дәмдес* болып, бірге жүрген адамды көрудің өзі қандай керемет (Қ. Жүмаділов). Абайға көптен таныс, сан рет *дастарқандас* болған қаланың бір шешен қазағы – Қали болатын (М. Әуезов). Үлкен кісімен *табақтас*, мәслихаттас болса, әркім-ақ өз қадірін біліп, іріленіп қалады ғой (Т. Ахтанов). Малайларының ішінен ішкіктің ішкі бауындай көретіні, көптен *дәмдес-түздас* болған жылқышысы Құдайберген еді (С. Талжанов).

**Дәмді, татымды, нәрлі.** *Бабымен даярлаған дәмі жақсы, жұғымды.* Қойдың майын алмаған сүтінен жасаған жұмсақ *дәмді* құрты ауызға түсісімен-ақ еріп жүре берді (І. Есенберлин). Үйіне жиі барып, *татымды* тамақ ішетінбіз («Халық кеңесі»). Түйенің сүті қою, *нәрлі* болады да, одан қымызға ұқсас сусын жасалады («Қаз. әдеб.»).

**Дәмелену, үміттену, дәмету, емексу, дөмегөйлену, үміттенісу.** *Бір нәрсеге сенім білдіру, көксеу, үміт арту.* Осынымыз ұл болмас па



екен деп *дәмеленіп* жүргенде қыз туылып, атын Дәметкен қойыпты (З. Ақышев). Қолды болған халық мүлкін орнына салар деп *үміттенуден* басқа не айтамыз (Ф. Мүсірепов). Көптен *дәметкен* аздан құр қалар (Мақал). Сен сол қызға әлі *емексіп* жүрсін бе, қайтесің оны, – деді Рүстем бесінші күні сөз арасында (К. Жүсіпов). «Сүйгені шын болса иілер, өкпесі тарқар, құшағыма қайта енер» – деп, *дәмегөйленген* (Д. Досжанов). Бірнеше күн бүйіріміз шығып тоярмыз, – деп *үміттеніседі* (К. Бақбергенев).

**Дәмесіз, үмітсіз.** *Дәме етпейтін, үміті жоқ.* Жалпы қыз атаулыдан, оның ішінде сұлу қыздардан да *дәмесіз* болмасақ керек (Б. Соқпақбаев). *Үмітсіз* шайтан деген, асамасаң, асарсың (А.Сүлейменов).

**Дәндену, сүттену.** *Өсімдіктің дән алып толығы бастауы.* Үстеп қоректендіру өсімдіктің *дәндену* мерзімінде өнімділігін арттыруға көмек етеді (Ж. Жиенбаев). Егін басы *сүттеніп*, қамырланған кезін көре тұра бірсыпыра директорлар орақ салуға даярлық жасамаған (Ө. Нұршайықов).

**Дәндеу, дәнігу, тұшыну, көнігу, құныгу, ауыздану.** *Бір істі істеуге сонша құмарту, қызыгу.* Әбден *дәндеген* борсық жүгерінің ішіне күндізден-ақ кіріп алып, шықпай қояды екен (Ө. Қалдыбаев). Ералының барымтаға үндемегенін Рахымбек басқаша ұғынып, одан сайын *дәнігіп* алды (М. Жұмағұлов). Тыныштық сүймей қышынып, өтірікке *тұшынып*, пәледен тұрмас шошынып, тұла бойы желік жеңгені (Абай). Қаңбақбай бұл қоржыннан талай-талай дәм татып әбден *көніккен* (З. Жәкенов). Оның желке жүні күжірейіп, кеңірдегі сарқ-сарқ етіп жұтынып, *құнығуы* күшейіп бара жатқан секілді (Ф. Қабышев). Жас туған козының аузын үрлеп, енесінің баурына салып *ауыздандырады* («Шопан серігі»).

**Дәнекерлеу, лекерлеу, ілдалдалау.** *Бірдемені селбестіріп байла-ныстырушы.* Дәулеткелді әйтеуір адамдардың арасын ретіне қарай өстіп *дәнекерлеп* ұстағысы келеді (Б. Нұржекеев). Қыз көйлегін жуып, айырылып кеткен жерлерін жіп-жінішке кендірмен *лекерлеп* қойды (Ө. Әлімжанов). Қораның төбесі ортасына түсіп қалмасын деген болуы керек, *ілдалдалап* сым темірмен тартып тастапты (А. Айтбаев).

**Дәрежелес, шендес.** *Дәрежесі бірдей, бір-бірімен қатарлас.* Семен Степанович заводта директормен *дәрежелес* адам (Т. Нұртазин). Ержан мен Әмірбай жастары жағынан құрдас, лауазымы жөнінен *шендес*, яғни екеуі де шаруашылық бастығының орынбасары (Ө. Қарағұлов).

**Дәрежелі, мәртебелі.** *Атағы, шені, қызметі жоғары, мәртебесі жоғары.* Колхоз шаруасын көтеруге орталықта отырған биік *дәрежелі* қызметкерлер жіберілді (Ф. Қайырбеков). Кейде кіші залда шетелден келген *мәртебелі* меймандар қабылданады (З. Қабдолов).

**Дәретхана, әжетхана, гуалет кітаб.** *Дәрет сындыруға арналған орын, үлкен үй.* Мына жұпары бұрқыраған құрма бағының ішінен *дәретхана* қаза алмаспыз (М. Сқақбаев). Шыбын ауру коздырғыш

микробтарды өзіне көбінесе *әжетханадағы* нәжісті аралау арқылы жұқтырады (Ж. Сұлтанов). *Туалеттерге* хлорка құйылып тазартылды («Лен. жас»).

**Дәрменсіз, мүшкіл, азусыз, қайратсыз, шамасыз.** *Жағдайы өте ауыр, нашар, күш-қуаты кем.* Ақбала қолын көтеріп, дәрменсіз бір қарсылық көрсеткендей болды (Ә. Нұрпейісов). Жұмағұлдың *мүшкіл* халін көргенде Қасымбек үндеген жоқ-ты (З. Ақышев). Азулы, *азусызбен* бітім таппай. Тау қойны талайдан ұласқан дау (Ш. Әбенев). Қарусыз адамның қайраты зая, *қайратсыз* адамның айбаты зая (Мақал). *Шамасыз* батырлық – шарасыз өлім (Мақал).

**Дәрі, дәрі-дәрмек.** *Ауруды емдеу үшін қолданылатын шипалы зат.* Айтқанындай-ақ *дәріні* алып, таңертең бір, түсте бір, кешке бір, күніне үш мезгіл ішіп қарадым (Қ. Тайшықов). Дүниежүзіндегі барлық *дәрі-дәрмектің* отыз пайызы өсімдіктен алынады (С. Сұбханбердин).

**Дәрігер, дарушы, дарымшы, емші, емдеуші, тамыршы, емсек сөйл., емгер сөйл.** *Ем-дом жасаушы, ауруды емдеп жазушы.* Хұсайын соғысқа аттанғанда Гүлнәрі титтей ғана қыз еді, қазір *дәрігер* болып істейді («От ортасынан оралмағандар»). Қытайдан келген *арушылардың* ине терапиясының емі ме, Дәрмен соңғы айларда аздап айыға бастаған (Ө.Қанахин). Бұған Құлжамал деген *дарымшы* дем салып отыр екен (І.Жансүгіров). Мұның сырын білмегендіктен, *емшілер* ешбір емдеу шараларын қолдануға тырыспайтын (Х. Арғынбаев). Мен де *емдеуші* болсам, кім ауырса, солардың бәрін емдеп жазсам деп армандаймын (М.Тиесов). Туберкулез ауруының атакты профессоры Захаров дегеннен бөтен білгір *емгерін* білмеймін (Д. Әбілев). Менің әкем *тамыршы*, қан алғыш *емсек* болған екен, — деді Мұқаметқали (С.Бегалин).

**Дәрігерлік, емшілік.** *Дәрігер болушылық, ем-дом жасаушылық.* Сол бір жазда жұртты жинап, *дәрігерлік* міндетті де орындауға әнші Мақанжанға оның әні көмектеседі (М. Тиесов). Зейнештің *емшіліктен* де басқа таланттары жоқ емес сияқты (О. Сәрсенбаев).

**Дәстүрлік, ғұрыптық.** *Дәстүрге айналған, ғұрыпқа қатысты.* Қай театрдың да қаққан қазығының мықтылығы, шеберлік қалпының *дәстүрлік* жалғасының сақталуы әр актер буынының бір-бірімен байланысында («Қаз. әдеб.»). Бұл бастаманың мазмұны оқушыларға еңбек, *ғұрыптық* пен эстетикалық тәрбиені жан-жақты беруге бағытталған («Қазақстан мектебі»).

**Дәуір, кезең, заман, замана.** *Белгілі бір қоғамдағы өмір сүрген уақыт, бел-белес.* Үш *дәуірді* көзімен көріп, басын өткізген Алтай қарт осы өңірдің ой-шұқырын түгел біледі (З. Ақышев). Кейінірек колхоздастыру *кезеңі* басталып, ел арасында әртүрлі алыпқашты сөз гулейді (Ж. Жұмаханов). Түп-түгел көрікті бітімді құрылыстар *заман* екпінінің куәсіндей өрлеп, қанатын самғай түскен (С. Хайдаров). Ал біз болсақ көне *замана* шеңберінен шығар емеспіз (Б. Шаханов).

**Дәуірлеу, дәурендеу, дүрсу көне.** *Дегені болып бағы жану, болып-толу. Дәуірлеп,* тасың өрге домалап тұрған кезде екен, айтқаныңның бәрі алтын боп, көкейге бәрі қона кететіні (К. Жұмаділов). Біреу ұзағырақ, біреу қысқарақ *дәурендеп* тұрған (Ө. Қанахин). Сен пәлекеттің дәурені он жерден *дүрсін* тұрса да, қызымды аламын деп аузың қисаймай-ақ қойсын (Ө. Қанахин).

**Дәуірнама, эпопея.** *Үлкен тарихи уақиға жайында жазылған көлемді шығарма.* М. Әуезовтің төрт томдық «Абай» романы – нағыз *дәуірнама* («Соц. Қаз.»). Ф. Мүсірепов Қарағандының ашылу тарихынан бастап осы күнге дейінгі өмірінен көп томдық *эпопея* жазып жүр (К. Смайылов).

**Дәуіт, сиясауыт.** *Сия құятын кішкене құты.* Алдындағы *дәуітті* қағып кетіп, қасындағы қыздың шағаладай ақ алжапқышына сия төгіп алды (Қ. Жаркенов). Асан дүкеннен *сиясауыт* сатып өкелді («Лен. жас»).

**Дегбірсіз, сабырсыз, мазасыз, шыдамсыз, тағатсыз.** *Тыным таптайтын, өзіне де, өзгеге де маза бермейтін, күйгелек.* Ермек мазасы кете бастаған *дегбірсіз* халін сездірмеуге тырысты (А. Байтанаев). Іштеріндегі *сабырсызы* да, ақылы аздауы да мен едім (Р. Тоқтаров). Атымтай дегеннің кемпірі *мазасыз*, шаң-шұң ұрыстың адамы екен (С. Мәуленов). Ішінен ағасының қызба, *шыдамсыз* мінезін жақтырмай ашуланды (Р. Райымқұлов). Сұлтанмахмұт та Мәликенің келер минутын *тағатсыз* күтуде еді (Д. Әбілев).

**Дегбірсіздік, сабырсыздық, мазасыздық, тағатсыздық, шыдамсыздық.** *Тыным таппаушылық, дегбірсіз болушылық, беймазалық.* Зеренің аулы осы *дегбірсіздік*, мазасыздық үстінде үдере көңілі отырып, Бақанасқа жетті (М. Әуезов). Басқаларымыздың да ондай сыйға ие болғымыз келгенімен, *Сабырсыздық* жасамалық (Ө. Нұршайықов). Бақытжаннан хат тоқтағалы бері жүрегінде үлкен бір *мазасыздық* пайда болған (М. Дүйсенов). Жылқышы жігіттің даусында *тағатсыздық* бар (С. Санбаев). Ол *шыдамсыздық* көрсетіп алғанын сезіп, аузын баса қойды (Р. Райымқұлов).

**Дедек қақты, лыпыл қақты, дегелең қақты.** *Шапшаң қимылдап, зыр жүгірді, дедектеп лыпылдады.* Екі өкпесі қолында *дедек қаққан* бала жау бұза алмас берік қамалы – әке-шешесіне жеткенше асық (М. Құмарбеков). Қамқоршы жардың жүрегі карлығаш қанатындай *лыпыл қағып*, дамыл алмақ та, шаршамақ та емес екен (Ө. Нұршайықов). Майға қуырған бидайдай екі беті жылтырап, *дегелең қағып* жүретін ол еңкіш тартып, аяғын сүйреге басады (Ш. Құмарова).

**Деймісің, дейсің бе? Ден айттың ба?** Менің қалаға аяғым жетпес *деймісің*, военкоматтың тура өзіне барам, – деп, қонырауды қағып-қағып қойып шаптығады (Н. Серәлиев). Ал бүгін басқа жаққа бармай-ақ осында қал *дейсің бе?* («Таң нұры»).

**Дейін, шейін.** *Бір нәрсенің межесін, шегін танытатын шылау.* Бүкіл үйдің төрінен есігіне *дейін* төселген алқызыл текеметтің үстінде

дөңгелек стол түр (С. Бақбергенев). Шернияз соңғы кездерге *шейін* әдебиет тарихына кіре алмай келді (Қ. Жұмалиев).

**Делбе, божы.** *Арба-шанаға жегілген көлікті жөнге салып, жүргізіп отыратын ұзын қайыс бау.* Әбдіқадыр осы бір қиялдың ұшқыр жетегінде отырып, аттың *делбесін* қағып-қағып жіберді (Х. Ерғалиев). Әлденені сезгендей күрендер де құлақтарын қайшылап, *божыны* жұлқи тартып келеді (Ә. Әбішев).

**Делбе, тентек.** *Миына жалқық құрт түсіп, бас айналдыратын жүйке ауруы.* Делбе жылқының орталық нерв жүйесінің қызметін бұзатын жұқпалы жіті ауру (Т. Телеуғалиев). *Тентек* ауруын болдырмаудың әртүрлі жолдары бар (Ш. Халықов).

**Делбеші, божышы.** *Делбе ұстаған ат айдаушы адам.* Делбеші делбені қағып жібергенде пар ат есіп жөнеле берді (Х. Есенжанов). *Божышы* қалаға кіре берістен-ақ аттарды төртіпке шақырып алған (Д. Әбілев).

**Делдал, дәнекер, лекер, жалдап, ілдалда қарап.** *Екі адамның арасын келістіруі, селбестіруі арқылы пайда табатын адам.* Жау кісілердің жүзін жылытып жіберсін деген оймен екі араға *делдал*, дәнекер болғысы кеп еді (Ә. Нұрпейісов). Тәңірберген қайын атасы мен екеуінің арасына *делдал*, дәнекер болуын өтініп еді, анау құлшынып кірісетін пейіл білдірді (Ә. Нұрпейісов). *Лекер* атауы бірдемеге әсері тиетін дәнекер, себеп, *ілдалда* деген мағынаны білдіреді («Қаз. әдеб.»). Бұл бүркенген байдың көркем әдебиеттегі үшінші қосыны базардағы *жалдаптар* тәрізді (С. Сейфуллин).

**Дел-сал, мең-зең, әрі-сәрі, бейжай, дегдар.** *Басы қатып, не істерін білмей манаураған.* Бектас *дел-сал* боп сенделіп тұрғанда, байқаусызда Әміржан кеп құшақтай алды (А. Байтанаев). Ұшақтан түскенде Тайманның басы *мең-зең* еді (З. Қабдолов). Дәулетхан мұндай шақыруды күтпегендіктен, күмілжіп қалып, әуелі *әрі-сәрі* ойда тұрды (Ж. Жұмаханов). Сондай бір түрлі *бейжай* отырысынан, көз-қарасынан осы өмірге әбден көндіккені байқалады (Қ. Сатыбалдин). Бекіш көзін терезеге қадап, қайғысы да, қуанышы да жоқ *дегдар* бір кейіпте бір сәт отырып қалды (С. Шаймерденов).

**Демалу, ерулеу.** *Шаршағанын басу, тыныстау.* Қолы босағанда дұрыстап *демалуына* барлық жағдай жасалған («Егемен Қазақстан»). Жаңа бұлақтың басында бір күн *еруледік* («Көктем лебі»).

**Демалыс, каникул.** *Дем алу үшін заңды түрде уақытша жұмыстан, оқудан босататын мезгіл.* Сол қызды жазғы *демалыс* кезінде іздеп барса, бөтен бір сүйген жігіті бар екен (Т. Райымқұлов). Араға бірер апта салып, оқушылардың көктемгі *каникулы* келді (Ә.Ибрагимов).

**Дембелше, орта бойлы, шапаты.** *Адам бойының ұзын да, қысқа да емес, шағын да жуантық болып келуі.* Көшенің түйіскен мүйісінде *дембелше* бойлы милиционер тұрады (Н. Сералиев). Алдымда *орта*

*бойлы* капитан түр (С. Бақбергенов). *Шапаты* бойлы Қамбар тасқа қолын тіреп еңкейе берді (С. Шаймерденов).

**Дем беру, рух беру.** *Рухтандыру, жігерлендіру.* Жамбыл атасының жыры әрбір оқылғанда Әлияға *дем беріп* жігерлендірді, жеңіске жетеледі, ерлікке шақырды (Ә. Нұрмаханова). Қазақ халқы өзінің ұлттық өсу жолында кездескен қиыншылықтарды біртіндеп жойып, өзіне-өзі *рух беріп*, ілгері қарай қадам басып келе жатқан жоқ па? (Ә. Шәріпов).

**Демек, яғни, ендеше.** *Бір ойды екінші оймен жалғастырып, айқындау үшін айтылатын шылау сөз.* Диссертацияны ұнатқан екенбіз, *демек*, біз де бірдеңе ойлаған болармыз (М. Иманжанов). Нұрила екеуміз биыл бір класта оқып, *яғни* төртіншіні бірге бітіргенбіз (С. Сарғасқаев). Олай десең ойла да, Қарауыл бол қоймаға, ол қолыңнан келмесе, егін суғар *ендеше* (Ш. Смаханұлы).

**Демеуші, жебеуші, желеуші, медеткер.** *Қолдап-қостап демеу беруші, жәрдем көрсетуші.* Жоғарғы жақта жоқ дейсің бе Нәбидің *демеушісі*, талайдың аузын алған болар (З. Шашкин). *Жебеушім* болдың, қолтығымның астынан демедің, – деді ол (С. Сматаев). Қиын-қыстау, қысталаң кездерде мені жебеп, дем беріп келген *желеушім* болдың емес пе? («Қаз. әдеб.») Бұл айтылған қиын жолда маған ел де *медеткер* (Ғ. Сланов).

**Дене, бой, сүйек, тән, ден.** *Адамның бүкіл дене тұрқы, тұлабойы.* Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер *денең* (Абай). Жүнісбай – *бойы* сұңғактау, талдырмаш, қызба мінезді бала (Б. Соқпақбаев). Бетінді таяп барсаң тамағына, Шымырлап бу енеді *сүйегіне* (Абай). Неге мұндай жалындайсың, жанасың, жанды қинап, *тәнді* өртеп барасың? (Қ. Аманжолов). Жылқымды айдап салам қалың қаудан, Жүрегім ойнап-күліп *денім* саудан («Ақын жырлары»).

**Денелі, сүйекті, мүшелі, күжбандай, еңсегей, еңсе сөйл.** *Адамның тұлга бітімі кесек те ірі болып келген, биік те жуан.* Басына данғарадай ақ жаулық ораған толық *денелі* қара кемпір келді (Б. Тәжібаев). Кенже қызының өзіне тартқан *сүйекті*, қарулы болатынын дене бітімінен білетін еді (С. Бақбергенов). Қатарынан Қобыланды асып туған жан еді, құрбысында адам жоқ Қобыландыдай *мүшелі* («Қобыланды»). *Күжбандай* дәу қара ақ жастықты шынтаққа бүктей басып, нақ бір осы үйдің сыйлы қонағынша емін-еркін отыр (С. Бақбергенов). Сол сәтте бір бүйірден астындағы Ақтанкерін көсілдіре салған *еңсегей* бойлы Есім көрінді (І. Есенберлин). *Еңсе* денелі қатқыл жүзді қарт бізбен қоштасып қалып қойды («Соң. Қаз.»).

**Денелілеу, қапсағайлау, сүйектілеу, тұғалылау, еңсейлеу, еңселірек.** *Тұлга бітімі кесектеу, сүйегі ірілеу.* Бұлардың класында Санат деген бала болды, Максүтқа қарағанда *денелілеу* (С. Сарғасқаев). Жасы алпыстың үстіне шыққан *қапсағайлау* қара кісі Айсарының

қарсы алдына келіп отырды (С. Алдабергенов). Жалғызсырап, тыпыршып тұрған Нұрлан ападай оқшау тұрған *сүйектілеу* қызға барды да, биге шақырды (З. Шашкин). Есік алдынан шоқша сақалы бар кесек *тұлғалылау* егде жастағы кісі қарсы алды («Жас Алаш»). Айнала жыпырлаған тоқал тамдар, бұлардың бәрінен *еңселілеу* бір ақ үй тұр (Н. Серсәлиев). Таяу маңда *еңселірек* шоқы болса, соның басына көтеріліп, тастың үстіне шығады («Жұлдыз»).

**Дерексіз, хабарсыз, хабар-ошарсыз.** *Қайда екені, не болғаны белгісіз, дерегі жоқ.* Мені сағындырған Сағыныш болса, еш *дерексіз*, корген түске ұқсап, ізін суыта берді (К. Асанов). Әкем қырық бірінші жылдың күзінде соғысқа кеткен, содан *хабарсыз* (С. Жүнісов). *Хабар-ошарсыз* кеткен Дәнекерден қалған белгі осы ғана, – деді ойлы пішінмен (К. Қазыбаев).

**Десі қайту, тәсі қайту.** *Тауы шағылып, беті қайту.* Мынаның қатыгездігінен Қапарбай екеуі бірдей жер болып, *десі қайтып* қалғандай (М. Абдрахманов). Ауылдың атқамінерлері Бекең қарттың сонысын ұнатпай, ол бірдеме сұраған сайын *тәсін қайтаруға*, бермеуге тырысады (Ж. Нәжімеденов).

**Дилану, тыңаю.** *Дем алып, тынығып, күш жиып өзіне-өзі келу.* Кешкі салқында теріп үгіп, жем жеп, *диланып* алған жарау аттар сау желгенде, жер танабын қуырғандай болды (Т. Әлімқұлов). Денем сергін, бірнеше сағат ұйықтағандай-ақ *тыңайып* қаппын (С. Бақбергенов).

**Диуана, дәруіш.** *Ырзығын көптен тілеп, кәсіпсіз жүретін діндар, тақуа адам.* *Диуана* болып зарланып, жүрегіме бастым тасынды. Халқың үшін туған қалаулым, жоғалттым сендей асылды (Х. Өтеуғалиев). Мен сен ойлағандай *дәруіш* емеспін (О. Бөкеев).

**Дойбы, шатыраш кітаб.** *Шаршылаған тақтайша бетіне тігіп, 24 таспен ойналатын ойын.* Жолкелді үйіне келсе, папасы мен мамасы дөңгелек столда *дойбы* ойнап отыр (Н. Серәлиев). Екі қыз *шатыраш* ойнап білмей қалды, кірді де тұра қалды орта жерде (Абай).

**Дойыр, нойыс, шадыр, дүлей, ұрма, ұрт.** *Сабырсыз, әрі дөрекі, томырық, бір бет.* Енді байқан жүріндер, осыған бола ертең-ақ бұлар мені *дойыр*, тентек атандырады (С. Ләмбеков). Бастығымыз Ерден деген қатыгез, *нойыс*, тоңмойын жан еді (З. Шашкин). Қолына түсең, оңдырмайды, мінезі *шадыр* адам (С. Жүнісов). Әмір күдірет етпейтін *дүлей* Әзімбаиды сендердің көзің көрді (М. Әуезов). Бір берілсе қайта қобалжымайтын, *ұрма* мінезді Фани күн санап өсті (Ж. Арыстанов). Ілиястың әкесі кесек *ұрт* мінезді, тура адам болғаны белгілі (Р. Нұрғалиев).

**Долбар, жоба, мөлшер, меже, нобай.** *Бір нәрсені іске асыру үшін алдын ала жасалған тиянақталмаған үлгі-нұсқа.* Ол жобаланған *долбарын* әдемі сөздермен жеткізуші еді (Ж. Мұзапаров). Мына шойқараның бас имейтінін түсінді де, өз *жобасын* астыртын іске асырудың жайын ойлады (Х. Есенжанов). Отыз күннің тіллеймін *мөлшер*

қылып шамасын (М. Әуезов). Менің биылғы *межем* – жүз саулыққа жүз он қозы (Ө. Ахметбеков). Ақ бөріктіні *нобаймен* нысанаға алып, көздемей атып жіберді (Б. Тілегенов).

**Дорба, көлбар.** *Ұсақ-түйек салуға арналған қапшық.* Апам далаға шығып кеткенде жүгіріп шидің ішіне кірдім де, *дорбасының* аузын ашып көрдім (З. Ақышев). «Сізден қалмаймын» деп көшпен тігілген *көлбарын* мойнына салды (Т.Ізтілеуов).

**Дорбаша, дорбашық.** *Кішкентай дорба.* Қырық құрау ғып үйдегі бар қиықтан құрап *дорбаша* жасап беріп ем (Ш. Құмарова). Алдарында *дорбашықта* екі нан, Жүректе жоқ ыза деген, кек деген (Х. Ерғалиев).

**Дос, тамыр, жолдас.** *Бір-біріне шын берілген сыйлас, қимас адам.* Көріспегендеріне он бес жылдай болған екі *дос* қилы кезең күндері тағы ұшырасты (Д. Досжанов). Жақсы көрер *тамырдың* атын алма, тайын ал (Мақал). Менің шыққан биігімнің етегінде де, ұшар басында да құрдасым, сырласым, қимас *жолдасым* тұр (С. Хайдаров).

**Дос-жаран, дос-жора, жақын-жуық, тамыр-таныс, жора-жолдас.** *Көңіл жетер сыйлас жандар.* Ата-анасын, *дос-жаранын* сағынып, үнін естігендей болады (Ғ. Мүсірепов). Момынбай дәулеттен айырылып, кедей болған соң, оның бұрынғы *дос-жоралары* мұны тастап көшіп кетеді («Қаз. ертегі.»). Қанатжанның бұл тойын дұрыстап өткізейік, *жақын-жуықтың* бәрін шақырып қой (М. Дүзенов). Алматыда *тамыр-танысы* көп Қараш Елеусізді талай үйге ертіп барды (Т. Әлімқұлов). Балдай төтті балалықтың елес кездерін еске алған сайын топырағынан түлеп ұшқан жақсы *дос, жора-жолдастар* көз алдына көлденеңден келе береді (М.Кеңбейілов).

**Доссыз, жолдассыз.** *Досы жоқ, жолдас-жорасыз.* Ойсыз, *доссыз, бақытсыз, жыбырлақпен* өмір өтті (Абай). *Жолдассыз* туған дарасың, Адам тастап кете ме, өзінің ата-анасын («Батырлар жыры»).

**Достасу, тамырласу.** *Дос болып кету.* Бірге туған бауырлар, *Достасын* қол берген жер. Ұмыт болып өткен күн, Шын достыққа енген жер («Батырлар жыры»). Бір-біріне қонаққа барысу, «аксарбас», «көкқасқа» айтысып баталасу, *тамырласу* көп (М.Әуезов).

**Достық, татулық, бауырластық, сыйластық.** *Адамдардың ниеттестік қарым-қатынаста болушылығы.* *Достық* түбін сүйек айырсын деп, Досай аулына күйеу болып Қалышты айттырды (М. Әуезов). Ол ағайынды екеуінің *татулығын* қатты қадірлейтін (Р. Токтаров). Қазақ халқының туысқан халықтарға деген *бауырластық* махаббатына титтей де нұқсан келтіре алмайды (С. Сейітов). *Сыйластығы* жарасқан кісілер еді (Ауызекі тіл).

**Дөңбекшу, аунақшу.** *Тынышы кетіп, мазасызданып әрі-бері қозғалу.* Рахмет ашу үстінде айтарын айтып салса да, артынан өкініп, тыныштық көрмей *дөңбекшуден* болды (С. Ерубәев). Олай-бұлай *аунақшып* біраз жатып, талын ұйықтап қалыпты (Т. Ахтанов).

**Дөрөкі, анайы, тұрпайы, дөкір, оспадар.** *Сытайы емес, өрескел, оғаш.* Ергалидың осы сөзі есіткен құлаққа бір түрлі жат, *дөрөкі* секілденіп тұрады (Б. Майлин). Оның *анайы* сөзіне мән берген жоқ (С. Баязитов). Оспанның *тұрпайы* мінезін Ақылбай дәл жеткізіпті (М. Әуезов). Ол емес, бірақ содан аумаған. Сөзі де *дөкір*, әрі өктем (Х. Есенжанов). Оның бейпіл сөз, *оспадар* қылығы жоқ (С. Байжанов).

**Дөрөкілік, дөкірлік, тұрпайылық, анайылық.** *Адамның мінез-құлқында, іс-әрекетінде кездесетін өрескел, оғаш қылық.* Өзара сыйласуды білмей, жалаң бұйыру бұл жолдастық қарым-қатынас емес, *дөрөкілік* (Б. Момышұлы). Жусанбайдың *дөкірлігін* айтып, анасы сыртынан кейіп те алды («Қаз. әдеб.»). Көргені ылғи шектен шыққан *тұрпайылық* еді (Ф. Мүсірепов). Ол жақын көретін жігіттерге «сіз, біз» деп отырмайтын, «сен, мен» деп *анайылық* білдіре сөйлесетін (М. Ғабдуллин).

**Дуалау, дұғалау, жадылау, киелеу, арбау.** *Сау адамның дуамен басын айналдыру.* Сау адамды *дуалап*, Шала молда ел бұзар (Б. Адамбаев). Молда неке суы құйылып, *дұғаланған* тостағанды Байқазыға ұсынды (С. Мыңжасарова). Оларды Бекжанның таза ойны, күйдің асау серпіні *жадылап* алғандай (М. Мағауин). Қазақтар *киелеуді* жады деп атайды (Ш. Уәлиханов). Залымның *арбауына* уанбаймыз, Сатылып қалыңмалға жүре алмаймыз (Ш. Иманбаева).

**Дуалы, уәлі.** *Айтқаны келетін, көріпкелі бар.* Сөйтіп, бір-екі жылдақ Оспан Жанғабылов үлкен беделге ие, аузы *дуалы*, салауатты қызметкер боп шыға келді (М. Мәжитов). Әділқазы да, дәл таразы да, аузы *уәлі* шешен де – адамның ісі (Ә. Нұршайықов).

**Дұрыс, жөн, тура, түзу, түзік, жөндем, жөндемді, жөнді, оңды.** *Дәлме-дәл, нақпа-нақ, ешбір ауытқусыз, тәп-тәуір.* Баяғы жылдары бұл есебіміз де *дұрыс* болып шықпайтын (М. Тиесов). Я, *жөні* осы ғой, – деп күлімсіреді Зейнегүл (С. Мыңжасарова). *Тура* биде туған жоқ (Мақал). Мен білетін адамның көпшілігі өмірде *түзу* келе жатыр («Оныншы асу»). Қимылы сылбырлау болғанмен, аяқ алысы әзірге *түзік* (К. Жаркенов). Тайыр әдебиетке араласқан осы он жыл ішінде оның шығармасына *жөндем* пікір айтқан бір де бір мақала болмапты (І. Есхожин). Осындайда ауызға *жөндемді* сөз түспей қиналып қалады екенсің (М. Рахманбердиев). Өңгелерге қиындықсыз әйел табыла кетсе, Сұлтанға дегенде *жөнді* әйелдің ыңғайы келмеді (Ә. Тарази). Сіздің қиын-қыстау жағдайда бір шешімге келіп, оны іс жүзіне асырғаныңыз *оңды* екені даусыз (Б. Момышұлы).

**Дұрыс емес, нақұрыс қонө.** *Жөн емес, қате, теріс.* Көп кешікпей-ақ олар өз ойларының *дұрыс еместігін* түсініп, жөнге келісті («Қаз. мект.»). Ақылдың көкірегінде көзі барлар, Шығармас бұл сөзімді *нақұрысқа* («Үш ғасыр жырлайды»).

**Дұрыстау, дұрысырақ, жөндемділеу, жөндемірек, жөнділеу, жөндірек.** *Біришама дұрыс, ойдағыдай.* Ақсақал, жазда салқын, қыста



*дұрыстау* жылы бөлме болса дегенім ғой, – деп шірөнді («Таң нұры»). *Дұрысырақ* баспаналар салынып, жағдай жөнделгенше басқа жерде қызмет атқара тұрыңыз, – деп ақыл айтып еді (Н. Фабдуллин). Би емес, бөрік болсам, сөзім *жөндемділеу*, өткірлеу келе ме деп қалдым (С. Бақбергенов). Қайта бұдан гөрі екі жаққа қанаттаса тоқтаған вагондар *жөндемірек* сияқты (А. Бекбосынов). Құданың кәдесі *жөнділеу* болса болмай ма (К. Баялиев). Дүкен аралап, *жөндірек* ештеңе таба алмадық («Таң нұры»).

**Дұрыстау, жөндеу, тәртіптеу, реттеу.** *Дұрыс етіп жөнге, тәртіпке келтіру.* Тақаны *дұрыстап* және қатты етіп қағу өкшенің қисаймауына себеп болады (С. Қасиманов). Жеуді білген батыр оның ізін жасыруды да, құжатты *жөндеуді* де біледі (Б. Қыдырбекұлы). Қару-жарақ, ер-тұрманымызды *тәртіптеп*, киімімізді сығып, судан шыққан соң қайта киіндік (Б. Момышұлы). Ағай алдында қара чемодан, киімдерін *реттеп* салып жатыр еді (З. Шүкіров).

**Дұшпандық, жаулық.** *Қас дұшпаны болушылық.* Енді Ақбибинің үйіне жиналғандардың бәрі *дұшпандық* ниетін бүркеніп келіп отырғанға ұқсады (Ұ. Доспамбетов). Өмір бойы Абаймен атысып, *жаулық* жасаған Атамбайдың бүгін оны аза тұтып жоқтауы күтпеген жай болатын (К. Оразалин).

**Дүмбілез, шала.** *Еркін пісіп-жетілмеген, шикідей.* Өзіміз түкпір-түкпірден келген, шала піскен нандай *дүмбілез*, шала сауаттымыз (Б. Тұрсынбаев). Сүт қосып жұмыртқаны *шала* пісірген (М. Қайрақбаев).

**Дүниеқор, дүниежанды, дүниеқоңыз, дүниеқұмар, дүниешіл.** *Дүние десе ішкен асын жерге қоятын, тойымсыз, қанағатсыз.* Мал қызығына батқан *дүниеқор*, сараң Қарабайда ар-ұят, әділет жоқ (М. Әуезов). Хасеннің *дүниежанды* жігіт екенін сезімтал Шәкізат қана білетін (Д. Әбілев). Ағасының іні бойынан ұнатар жалғыз қасиеті – оның *дүниеқоңыз* еместігі (Ж. Молдағалиев). Қазынадан үлес сұрайтын *дүниеқұмар* болсаң, үйіндегі алтынды неге алып шықтың (С. Жұбатыров). Дүмше молда *дүниешіл* (Мақал).

**Дүңкию, дөңкию, діңкию, теңкию.** *Көзге күржііп, ерекше үлкен болып көріну.* Оның сирағы тілім-тілім болып, табанының *дүңкиіп* іспеген жері, тікен кірмеген жері болмайтын (Б. Бұлқышев). Жиырмаға таяп қалған жігіттің кішкентай балалардың арасында *дөңкиіп* отыруы өрескел (С. Жүнісов). Игіліктің жаңа үйі *дүңкиіп* ерекше көрінеді (Ф. Мүсірепов). Басын көтеріп, жан-жағына қарады, өзіне он метрдей жерде *теңкиіп* біреу жатыр (С. Алдабергенов).

**Дүңкіл, дүмпіл.** *Үздік-создық шыққан қатты дыбыс.* Келіннің *дүңкілі* балғаның тықылы сияқты күлді-көмеш күнкөріс күйбеңнің үні (Ә. Кекілбаев). Атылып алға ұмтылды, Осындай ағын үстінде Раушанбектің құлағы, Есітті арттан *дүмпілді* («Көрұлы»).

**Дүрдию, томпаю, дүмпию, көнтию.** *Адам денесінің жарақаттану салдарынан үлкейіп, ісініп көрінуі.* Мұқатай *дүрдиін* ісіп кеткен ернін жыбырлатып, жұмылып қалған көзін сығырайта ашып бір қарады да, қайта жұмды (Б. Тұрсымбаев). Жағы *томпайып* шыға келген қой шөп жеуден қалыпты (Б. Тоқтаров). Көптеген ауру адамдардың денелерін сызса, кейде ақ сызық болып, көтеріліп *дүмпие* бастайды (С. Табынбаев). Жұдырық тиген бір жақ шекесі *көнтиін* ісіп шыға келіпті («Лен. жас»).

**Дүрлігісу, үрпиесу, үдірейісу, үрдіісу** сөйл. *Бір нәрседен секем алып сескену, үрейлену.* Атыс үдеп бара жатқанын байқаған немістер не болғанын білмей, өзді-өзі *дүрлігісін* жатыр (Х. Рахимов). Сейдалымның қаһарынан қорыққан жұрт зәре-құты қалмай *үрпие* жалтақтай берді («Қаз. әдеб.»). Қасында үш-төрт солдаты бар большевиктің комиссары келді, қазақ азаматтары *үдірейісін* қалды (Ж. Аймауытов). Мына сөзге жұрт *үрдіісін* қалды (К. Жұмаділов).

**Дүрс-дүрс, гүрс-гүрс, тарс-тарс.** *Қару-жарақтың атылуынан, жарылуынан шыққан қатты үн.* Алдымыздан да, артымыздан да *дүрс-дүрс* снаряд жарылады («Қаз. әдеб.»). Шәукенің ойын мылтықтың *гүрс-гүрс* еткен дауысы бөлді (Т. Әлімқұлов). *Тарс-тарс* жарылыс жаңғырығы бірде алыстап, бірде жақындап келгендей болады (Ә. Шәріпов).

**Дүрсіл, гүрсіл, тарсыл.** *Тасұр-тұсыр еткен дыбыс.* Тарантастың сүрлеу жолда солқылдата соққан *дүрсілі* бірте-бірте алыстап барады (С. Омаров). Мылтықтың күшейе түскен *гүрсілі* жер жарып, сарбаздардың құтын қашырып барады (І. Есенберлин). Жеті түнде есік қатты қағылған *тарсылдан* ерлі-зайыпты Досановтар шошып оянды (М. Иманжанов).

**Дүрсілдеу, гүрсілдеу, тарсылдау.** *Тарс-тұрс еткен дыбыс шығару, тоқпақтау, қойғылау.* Ат тұяғының дүбірі құлак қабын жаратындай *дүрсілдейді* (Р. Тоқтаров). Күнбатыстан үсті-үстіне *гүрсілдеп* жарылған снарядтар дауысы мен бомбалардың дауысы да естілді (Ә. Шәріпов). Біреу есікті *тарсылдатып*, сындырып жібере жаздап тұр (Р. Тоқтаров).

**Дымдану, дымығу, дымқылдану.** *Су сіңіріп, дымқыл тарту.* Кітапханаға барып көріп еді, көп жазбалар *дымданып*, көгеріп шіруге айналған (Д. Досжанов). Төсек-орын *дымығады-ау*, Сенің әкең бізді қайдағы тұманға әкеп қамады, – деп күйінді атам (М. Тиесов). Бәтестің басына тартқан орамалы *дымқылданып*, шашымен жабысып қалған секілді (Ш. Молдағалиев).

**Дымқыл, дымқос, дымды, сулы, ылғалды, сызды, сыздауыт.** *Су сіңген, ылғал аралас, құрамында су бар.* Табандарына тиген *дымқыл* топырақ пен қызылшаның салқын жапырағынан бойлары серги түсті (Ұ. Доспанбетов). Топырақ неғұрлым *дымқос* болса, күріштің тамыры соғұрлым мықты болады (Б. Жақаев). Гүлмира Мадинаның басын

сүйеіп, *дымды* алақанымен маңдайын сүйеді (Д. Әбілеу). Денені шынықтыру, таза ұстау үшін *сулы* орамалмен денені сүртіп тұрудың үлкен маңызы бар (М. Көшербаев). Егіс даласын *ылғалды* күйде ұстау үшін қыстыгүні қар тоқтату керек (Ф. Оңғарсынова). Олар шекпенін *сызды* жерге төсеп тастап, ер жастанып, батырдың алғашқы айқайын күтіп жатыр (М. Жұмағұлов). Жер *сыздауыт*, сондықтан ол көнетоз қоңыр пальто төсеніпті (Ж. Жұмаханов).

**Дінсіз, құдайсыз, имансыз, кәпір.** *Дінге сенбейтін, Құдайдан қорықпайтын, діннен безген.* Ол *дінсіз* бізді Құдайдың қарғысына ұшыратты (О. Сәрсенбаев). Ол *құдайсыздар* кімді аяушы еді («Көктем лебі»). Сендей *имансыздардың* қолын босатса құран орнына қамшы ұстайсыңдар (О. Бодықов). Берназардың ұрлығын былай да сеземін, бірақ ол *кәпір* құйрығын ұстатпай жүр (Б. Серкебаев).

**Діншілдік, діндарлық, тақуалық.** *Діншіл болушылық.* Әпкем әжемнің әрекетінің бәріне, әсіресе *діншілдігіне* күле қарайтын (С. Мұратбеков). Оны нығарлай түсу үшін Асылбек жігіттің *діндарлығын* да пайдаланып қалуды жөн көрді (Ж. Еділбаев). Мұстафа Мекеге тағы да барып қайтып, *тақуалығы* арға түсті (Ғ. Мұстафин).

**Дірілдеу, селкілдеу, қалшылдау, қалтырау.** *Тоңғаннан, болмаса қорыққаннан дененің түршігіп діріл қағуы.* Тұрлыбек дәл осы сәт бойын әлдене қарып өткендей тым жайсыз сезініп, *дірілдеп* кетті (Т. Қауыпбаев). Тұла бойымнан ызғар өтіп, алғашқы дірілі бірте-бірте ұлғая түсіп, *селкілдеп* кеттім (Ә. Жылқышиев). Үрей билеген мен ғана ма десем, басқалар да *қалшылдап* тұр (Қ. Жұмаділов). Әкемнің соңғы кездері қолы дірілдеп, басы *қалтырайтынды* шығарды (Қ. Сәрсекеев).

## Е

**Ебедейсіз, икемсіз, қобалақ, епсіз, бейімсіз, ептейсіз, ерепейсіз, қолапайсыз, қорбаң.** *Жұмыс істеуге бейімі жоқ, қорбиган, орашолақ.* Ол өз пайдасына келгенде сол *ебедейсіз* денесімен ұршықша айналады (Қ. Қуандықов). Көзімен көрмеген соң біреудің сөзіп әсірелеп айтуға қыздың *икеімсіз* екенін Төке байқап отыр (М. Дүзенов). Ломакин өзінің қыз алдында *қобалақ*, икеімсіз екенін байқап іштей ызалануда (А. Жұмаділдин). Ол *епсіз* қимылдап, гүлі бар кішкене тарелканы қолынан түсіріп сындырып алды (М. Қабанбаев). Сонда менің іске *бейімсіз*, шалағайлығымның себебі белгілі болмақ (М. Ғабдуллин). Ол есіктен діңгектей серсейіп, етпең денесі *ептейсіз* қозғалып әрең енді (М. Қуанышбаев). – Ә, Әбілемовпісіз, өтіңіз бері, – деп, бастық *ерепейсіз* үлкен денесімен қалбалақтап қарсы жүрді (З.Иманбаев). Оның сырт түр-тұлғасы қандай *қолапайсыз* болса, жымыған қунақы көзқарасы сондай ақылды (Т. Ахтанов). Емберген

қорбаң денесімен қопарыла қол созып, стол үстіндегі тарелкадан нан үзіп алды (Р. Әбутәліпов).

**Ебедейсіздік, ебдейсіздік, икемсіздік.** *Ебедейсіз болушылық.* Мен өзімнің *ебедейсіздігіме* қатты налыдым («От ортасынан оралмағандар»). Саусақтарының икемдігінің аздығы, бас бармақтың қалған саусақтарға қарама-қарсы орналасуы қалам ұстауға *ебдейсіздік* келтіреді (Қ. Жарықбаев). Шынында да оның *икемсіздігін*, тым баяу қимылдайтынын жолдастары да көріп-біліп жүр (Т. Сүлейменов).

**Ебелек, ебей көне.** *Шөлейтті, сортаңды жерде өсетін бір жылдық шөп.* Қаракүмда алабота, жантақ, *ебелек*, тағы сондайлар өседі (С. Шаймерденов). Сен ұтылығш Кенейсің, Ебелек қаққан *ебейсің*, Бір ұстасып қалсам деп, Күшінді байқап шенейсің (Жамбыл).

**Еврей, яһуди көне.** *Израиль мемлекетінің негізгі халқы.* Ал ол кезде *еврейлер* Палестинада халықтың он пайызына да жетпейтін (Ә. Шәріпов). Қайсыбір мұсылман халықтары еврейлерді *яһудилер* деп те атайды («Заман Қазақстан»).

**Егер, егерде.** *Алда-жалда дегенді білдіретін шарттық мағыналы жалғаулық.* Хан икемге келетін болса асықпайсыңдар, *егер* икемге келмесе, қар суы кетпей келетін болыңдар (М. Тиесов). *Егерде* жұлдыз бол десең, Жарқырап көкте жанар ем. Арманым жалғыз бол десең, Айды да барып алар ем (А. Асылбеков).

**Егес, ерегіс, тірес, қысас.** *Ел мен елдің, біреу мен біреудің арасында болатын талас-тартыс, текетірес.* Бұл – ескіден келе жатқан ескі *егес*, ел билігіне таласудан шыққан бақастық (І. Есенберлин). *Ерегісте* ер өлер, Екі батыр егесе, Екеуінің бірі өлер (Мақал). Болат онға келгенде Қанат пен Әукеңнің арасында бір *тірес* туады (С. Аманжолов). Бұл Еркежан мен Абайға қатар жасаған *қысас* еді (М. Әуезов).

**Егесшіл, ерегіспе, егескіш, ерегіскіш, ерегісімпаз.** *Тайталасқа құмар, егесе беретін.* Мақсат өзінің *егесшіл* мінезіне бағып бетбақтырмады («Қаз. әдеб.»). Сұр мойнақ арғымақ атының кеңірдегін бір-ақ орған *ерегіспе* ер жігіттің шынашағынан алынған ұр тас (Ә. Кекілбаев). Нұрғанымның көр өтпес шұғылалы жүзіне *егескіш* бір мысқыл толыпты (М. Әуезов). Оған қараған Оспан жоқ, бұл бір *ерегіскіш* мінезі бар, қисықтау кісі еді (Ғ. Қайырбеков). *Ерегісімпаз* кісі кекшіл келеді («Жұлдыз»).

**Егжей-тегжей, ұңғыл-шұңғыл, бүге-шіге.** *Бір нәрсенің жай-жапсары, қыр-сыры.* Содан кейін ол элеватор жұмысының *егжей-тегжейін* түгел тәптіштеп айта бастады (Р. Райымқұлов). Бұл күні Дәмеш санаторийді аралап, *ұңғыл-шұңғылымен* тегіс танысты (З. Шашкин). Қатира колхоз есебінің *бүге-шігесін* қалдырмай танысып баурап өкетіп барады (Б. Майлин).

**Егу, себу, отырғызу.** *Айдалған жерге тұқым шашып өсіру, өнім өндіру.* Екеуі Жем жағасына тары *еккендердің* маңына барып, қолғабыс тигізіп жүрген (Н. Оразов). Тұқым *себер* алдында жерді суару қажет

(М. Ерлеспесов). Өсімдікті көшіріп, басқа ыдысқа *отырғызуға* тура келеді (С. Түрдиев).

**Егіндік, егістік, егінжай.** *Егін егуге арналған немесе егін егілген жер.* Жаңа көктеп келе жатқан *егіндік* жайылып барып, көп үйлі селоға тіреледі (Т. Ахтанов). Бригадир Қалмұрат Құмтөбеге келгелі *егістікке* су беретін бас арықтың құрылысына үш рет барып қайтты («Жасыл белес»). Ол арада *егінжай*, аққан бұлақ, мол шабындық бар (Ш. Айманов).

**Егінші, диқан, диқаншы.** *Егін салуды кәсіп етуші, егін салушы адам.* Мен Сырдың арғы бетінде отыратын *егіншілердің* тұрмысымен таныстым (С. Мұқанов). Егінін аралап жүрген *диқан* бабаның көзі ылаңшыл сары шырмауықты шалып қалды (Ө. Тұрманжанов). *Диқаншылар* да астықтың пісетін кезін Үркерге қарап айырады (Х. Әбішев).

**Егіншілік, диқаншылық.** *Егін шаруашылығымен айналысушылық, егінші болушылық.* *Егіншілік* оңай іс емес, оған алдымен жер тандай білген жөн (Қ. Исабаев). Халық өзінің ғасырлар бойғы көне кәсібі *диқаншылықты* тастаған жоқ (Д. Досжанов).

**Едім, ем.** *Негізді сөзден болған баяндауышты тиянақтау үшін қолданатын көмекші етістік.* Сенімен бір мәселе жөнінде ақылдасайын деп келіп *едім* («Жұлдыз»). Дардан айтса қысастықпен айтқан болар деп, құлақ аспаушы *ем* сөзіне (А. Хангелдин).

**Едің, ең.** «*Е*» («*еді*») *етістігінің екінші жақ формасы.* Гүлбаршынның дәл мұндай тілекпен келе қалатынын ойламаған *едің* (Б. Тілегенов). Шешең мен туған анаңның аясында өскесін сылаңдап ер жетіп, көзге түскеніңді де білмей қалып *ең* (С. Алдабергенов).

**Езу, жаншу, таптау, басу.** *Бір нәрсені уыстап қатты қысу, табанмен жанғыштау.* Дәу қараның қарулы саусақтары ананың білегін *езіп* жіберсе керек (О. Сәрсенбаев). Айғанша апам жыланға тарпа бас салып, тақасымен басып *жаншып* тастады (Ө. Қанахин). Қабекең шылымның тұқылын табанымен *таптап* өшірді (З. Жәкенов). «Бір күні құлап кетіп, балаларды *басып* қала ма» деп үрейленді (А. Лекеров).

**Екпін, қарқын, пәрмен, тегеурін, ағын сөйл.** *Бойдағы қиықайрат, жылдамдық.* Жастардың *екпіні* Сұлтанның қисық мінезін сындырған сияқты (Т. Ахтанов). Аттың *қарқынын* бәсеңдетіп, тізгінін тартуға болмайды (Ө. Жолымбетов). Қойбағар ауыр тоқпақты *пәрменімен* сілтей соққанда, келте қазық жерге ортан беліне дейін кіріп кетті (М. Хасенов). Балуан Шолақ итергенде қалың қарағай есік *екпінді* күштің *тегеурініне* шыдамай, орта тақтайлары омырылып шалқасынан түсті (С. Мұқанов). Ол құс ағаш түбіне кіріп үлгіргенде, бүркіттің *ағыны* ағашты қиратқан екен (Қ. Әбдіқадыров).

**Екпінді, қарқынды, пәрменді, тегеурінді, өктемді, ағынды, қарышты.** *Екпінді күшті, қарқынды мықты.* Саян өз даусының тым *екпінді* екенін сезіп, сөзін баяу бастаса да, бара-бара қайта көтеріліп кетеді

(С. Шаймерденов). Қара тұлпар *қарқынды*, Шапқан сайын аяғын, Теміржолға ұрғылады (С. Жанғабылов). Кемшілікті жою үшін өте *пәрменді* шаралар қолдану қажет (Ж. Дүйсекеев). Біздің *тегеурінді* шабуылымызға төтеп бере алмаған көтерілісшілердің бірқатары қолға түсті (Ш. Ерманов). Осындайда балаларына *өктемді* бұйрық берілді («Семья тәрбиесі»). Алпамыс сияқты қиссалардың өлеңі түйдектеліп, шапқындатып келеді, *ағынды* келеді (С. Мұқанов). Маңғыстау байлығын өндіру *қарышты* қадаммен даму жолына түсті (Е. Жамалбеков).

**Екпінсіз, пәрменсіз.** *Қарқыны жоқ, екпіні кем. Екпінсіз*, ерегісте ер туар ма, Көтерген тауды жердей ел болмаса (Т. Жароков). Қорқыныш сезімі кейде бір адамның буынын босатып, *пәрменсіз* етеді (Қ. Жарқынбаев).

**Екі, қос, пар кітаб.** *Саны бірден астам, жұп. Екі* өгіз жегетін ырдуанға айыр жетекпен жалғыз ат жекті (Ф. Мұстафин). *Қос* анардың кеудеме тиіп өткен сәтінде не күйде қалғанымды білмедім («Бәйшешек»). Екіншілердің қосы жағынан жіңішке жолмен заулатқан бір *пар* атты көріне кетті (С. Мұқанов).

**Елегізу, елегзу.** *Іші пысып құлазу, өгейсу.* Бөбек қана ояу, қараңғы үйде жалғыз қалғандай әлденеден *елегізетін* сияқты (Ә. Сараев). Өзен жағасында от жағып, түн түнегінен *елегізін* бір-біріне тығыла отырған үш баланың айтатын әңгімелері де таусылған (А.Жұмаділдин).

**Елес, көрініс.** *Өткен күннің (істің) қым-қуыт оқиғасы, шымшытырық бейнесі.* Бұның бәрі де өткен күндердің еске түскен *елесі* еді (Н. Фабдуллин). Ташкенттегі тағы да көзіме бірден түсе кеткен *көрініс* – қолтықтарына кітап қысқан өзбек, қазақ қыздары болды (Қ. Әміров).

**Елеулі, көрнекті.** *Әжептәуір, айта қаларлықтай.* Олар соңғы жылдары егіншілік мәдениетін жетілдіруге *елеулі* іс атқарып тастады («Ақ бидай»). Үстіміздегі жылы шаруашылық бітік егін өсіріп, *көрнекті* табысқа қол жеткізді («Жас Алаш»).

**Елеуіш, елгезер, елек.** *Ұн елеуге арналған майда тор көзді ыдыс.* Мына тұрған үйден *елеуіш* әкеле ғой дегеніме, дәл бір шай қайнатым уақыт болған шығар (С. Мұратбеков). Шешесі *елгезер* елеп, Ембінің наубайханасында жұмыс істеді (Б. Момышұлы). *Електің* мап-майда көзінен аппақ ұн стол үстіндегі сыпыраға сауылдап түсіп жатыр (Т. Бердияров).

**Елжірегіш, елжірек, егілгіш, еміренгіш, босағыш, елжіреуік.** *Елжіреп тұратын, егіле беретін, мекіренгіш. Елжірегіш* аналар сауық кешке деп баласына әкесінен жасырып ақшаны асыра беріп жаман үйреткен (М. Әлімбаев). Анасының бұрын-соңды мұншалық *елжірек* кезін көрмеген Айғанша үрейленіп кетті (Ә. Нұрпейісов). Арынның бордай *егілгіш* босандығы жалғыз Шериге мәлім (Р. Токтаров). Ағайдың осы езілгіш, *еміренгіш* мінезінен Жатыватар көп шарапат көрді (О. Сәрсенбаев). Әжем соңғы жылдары елжірек, *босағыш* болып кетті

(«Алматы ақшамы»). Өмірлері өкінішті екі жақ осы отырысымен бірін-бірі жұбатқан, *елжіреуік* езгек күйде еді (С. Мұратбеков).

**Елпілдеу, елбектеу, ебелектеу, лепілдеу.** *Жаны қалмай бәйек болу, құрақ ұшу.* Төлеутай келе қалғанда Исакан оны *елпілдей* қарсы алып, жақсы ниет білдіріп отыратын (Ғ. Сармурзин). Ол өзі *елбектеп* қонақтың шешінуіне жәрдемдесе бастады (Ө. Қанахин). Обалы не керек, Жолдасбек *ебелектеп* ананы да, мынаны да шақыртып жатыр (К. Баялиев). Сонымен бірге көңілдегі талайғы салмағынан жеңілей-йіп серпілгендей *лепілдеген* елгезектік белгісі де байқалған сияқты (М. Әуезов).

**Елсіз, елсіз-жұртсыз.** *Ешқандай ел жоқ, халық мекендемеген.* Намаздан михрабтағы сенсіз өткен, Сүренсіз өмір артық *елсізде* өткен («Шығыс жұлдыздары»). Әуелі *елсіз-жұртсыз* ен далаға тап боламыз ба деп үрейленіп едік (Ә. Дүйсенбиев).

**Елші, жаушы.** *Екі елді бітімге келтіру үшін жүретін делдал адам.* Бұлармен соғыспаймыз, *елші* жіберуіміз керек деген сөздерді анық айта бастады (А. Жұмаділдин). Жауластырмақ – *жаушыдан*, елдестірмек – елшіден (Мақал).

**Еліккіш, елікпе.** *Тез еліктейтін, еліктеуге бейім.* Аманның мұнысын болмашыға *еліккіш* баланың ісіне жорып, шофер жігіт оның бетіне тесіле қарады (Ә. Қалмырзаев). Жеке шығып кеткеннен кейін еріксіз жетелеген *елікпе* сезімнің сағынышы басыла ма, жоқ па (Қ.Қазиев).

**Еліктегіштік, еліккіштік, елікпелік.** *Тез еліктейтін, еліктегіш болу.* Төменгі сынып оқушыларына тез берілгіштік, *еліктегіштік*, тағы басқа қасиетті жатқызамыз (К. Жарықбаев). Раушаннан аңғарған бір мінез оның бір нәрсені естисе, не көрсе, соған *еліккіштігі* (С. Сарғасқев). Дыз етпе *елікпелігі* жоқ Мұқан қарт сабыр сақтаса да, әлгіндегі ағат ойынды жуып-шаймаққа көшті (М. Сүндетов).

**Елірме, әңгүдік, желөкпе, желікпе, желікбас, желікқұмар, желікпелі, әулекі.** *Істің мән-жайына терең бойламайтын алып-ұшпа, жеңілтек, қызба.* Қыз-келіншек, бозбалалар толған үлкен үйдің төрінде *елірме* ақын домбыраны екі өкпеге тепкілеп, сілтеп отыр (К. Мұқамеджанов). Балзия байғұс құрыпты, Кеше *әңгүдік* еркегі Итше тепкілеп ұрыпты (О. Әубәкіров). Қалжыңқұмар *желөкпе* жігіттер өздерінің тілегін орындамай кетпейтіндерін айтып, тұрып алғаны (І. Есенберлин). Ерғабыл бұрынғы *желікпе* мінезін қойған сияқты (Д. Исабеков). Ана тілін білмеген – Ақылы жоқ *желікбас*. Ана тілін сүймеген, Халқын сүйіп жарытпас (Қ. Мырзалиев). Қымыз құйып, қиылғанда бұраң бел, Қадалғанын қиып түсер қыран бол? Желеулетіп *желікқұмар* қымызын, Қызды ауылға таң бозара қылаң бер («Қаз. әдеб.»). Басынан балдыр сөзді пысықтаймын, Жел сөзге жүрегімді ысытпаймын. Аластап әрі-бері асқындырып, Жегіңді *желікпелі* ұшықтаймын («Айтыс»). Көзі қанталап желігін алған *әулекі* жігіт не болса да тайсақтап, ығатын емес, тәуекеліне басып, дырау камшыны салмақтап ұстап тұра ұмтылды (Б. Тілегенов).

**Еліру, есіру, елеуреу, көтерілу, өрекпу, екілену, елеру сөйл.** Қызбалыққа салынып едіреңдеу, желігу. Дырау камшы ұстап, көлденеңдей шапқан даяшылар аттарының омырауымен қағып, есірген, елірген жұртты шегіндіріп әлек (С. Жүнісов). Үйдегілер қыран-топан күліп жатыр, мен одан сайын есіре түсем (Ө. Қанахин). Әлденеден үріккен ботадай елеуреп, екі көзі шатынап кеткен жас қызды маңдайынан сипады (Х. Есенжанов). Олар әлденеге көңілденіп, көтеріле сөйлеген адамдар тәрізді (М. Әуезов). Шаңырақ иесі біз деген дей, еліріп, өректі күлген содыр топтың пысы еңсеңді басып кетті (Б. Соқпақбаев). Аттың қатты желісі мен екілене үдеген жел өтіне қарсы қасқая қараған Құдайберген күні бойы шырмауықтай шырмаған зіл батпан оймен қаны қарайды (З. Жәкенов). Өртше қаулап елеріп келе жатқан жігіттер бір-бірімен сойыл қағысқанда күн шатырлаған секілденді (Ә. Әбішев).

**Ем, дауа, шипа, дәру.** Аурудың жазылуына, сауығуына себін тигізетін шипалы зат. Үйірілген қышқыл, төтті сары қымыз, Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі қымыз (Жамбыл). Ауасы дертке дауа, жұпар исі, көкірек қанша жұтса тоясың ба? (С. Сейфуллин). Ұлы тілек менің дертіме шипа болып, көңіліме жігер берді (І. Есенберлин). Жас адамның жан жүрегіне қадалған осы кеселге дәру тауып, оның алдын алмаса, істің насырға шабуы мүмкін (Б. Дәулетбаев).

**Емдік, дарулық, шипалық.** Ем боларлық, шипа боларлық. Қымыз, қымыран тәрізді емдік қасиеті мол сусындармен қамтамасыз етуге жағдайларыңыз жеткілікті (Ж. Еділбаев). Мумиенің дарулық қасиеті сол аңның азықтанатын өсімдіктерінен келіп шығады («Қазақстанның аң байлығы»). Дермене шөбінің шипалық қасиетінің молдығынан оны бізден басқа елдер сатып алады (С. Ысқақов).

**Емдеу, дәрілеу, ем-домдау.** Ауруға қарсы ем жасау. Сонымен не керек, дәрігерлер бар жарамды емдеп жазады (Ө. Нұршайықов). Еркін жүрген жылқы малын танбалау, дәрілеу үшін ұстау аса қиынға түсетіні мәлім (А. Иманғалиев). Ол бақандай 23 күн суық сорған аяқ-қолының башпай саусақтарын ем-домдап жазып алды («Лен. жас»).

**Емеурін, емеусін.** Мақсат-ниетті аңғартатын бет-ауыздың қимыл-ишарасы. Жездесі бүгін Бикенге көз сап, апанның орнын бас дегісі келеді. Тіке айтпаса да, емеурінінен белгілі (З. Шашкин). Дәмелінің бір мінезі – сол адам өзі кешірім сұрап емеусін білдірмесе, жібімей қатып қалады (Ө. Қанахин).

**Ему, сору.** Ана сүтін бала аузымен ішке тартып тамақтану, қоректену. Ақ бота енесінің төрт емшегін алма-кезек қомағайлана еміп жатыр (Ө. Қанахин). Азаппен жиған ақ сүтін, мезгіл-мезгіл сорушы ең, жұмыста анаң, жоқ күтім, өксікпен өкпе созушы ең (І. Жансүгіров).

**Емшек, төс, мама сьп.** Әйелдің баланы қоректендіретін, сүт шығатын мүшесі. Терендігі емшектен келеді, түс әулетінде Досхан соған



келіп жуынады (А. Жұмаділдин). Жас бала өз анасының *төсін* еміп, тіршілік етеді (Ж. Тілеков). Төсінде бір нәрсе жыбырлағандай болғанға қараса, Сақып сұраған *мамасын* сорып жатыр екен (С. Мұқанов).

**Емшектес, жатырлас, кіндіктес.** *Бір анадан туылған, анасы бір.* Екеуің де ет бауыр *емшектесімсің*, бір қызды қалай қақ жар дейсің маған? (Ф. Мүсірепов). Ой, бүйтіп қор болғанша деп, жалғыз *жатырласы* Мұсалдың көркем қызы Гүлжаһанды ханға апарды (О.Сәрсенбаев). Шешем менімен *кіндіктес* ұл болмаған соң, атымды Ұлтуған қоямын деген екен, Жәкем көнбепті (Б. Тоғысбаев).

**Еміну, тілемсектену, сұраншақтану, тілену.** *Жұрттан телміреп бірдеме сұрай беру, тіленшектену.* Мен өзім де жас шағымнан бір нәрселерді білгім кеп, *емініп* сұрауға әуес едім (Ө. Тұрманжанов). Біреуге *емініп тілемсектенуі* оған өдетке айналып кеткен (М. Иманжанов). Механизатор кадрларын жас жігіттерден даярлап, көктемгі егісте жылдағыдай *сұраншақтанған* жоқпыз («Лен. жас»). Елден елге *тіленіп*, жамбастай жатып шіреніп, Жасыңнан қылған кәсібің, Тентіреуді қоймайсың (Жамбыл).

**Ен, енек, ұма.** *Ер адамның, жан-жануардың аталық безі.* Қолға ұстап тұрып, өткір пышақпен үстінен тіледі, бір *ені* алынған соң екінші енін де солай пішеді (М. Ермеков). Бұғының *енегін* пішіп тастаса, өгіз болады (Ауызекі тіл). Өзі де шыбығынан жаралған, *ұма* майы қалпақтай асыл жануар екен («Саясатшылық»).

**Енді, қазір.** *Дәл осы кезде, тап қазір.* Тәкежан *енді* қатты сұрланып, ызалана түсіп, Абайға анық зекіп отыр (М. Әуезов). *Қазір* көрсен сол жерде Жайқалып тұр көгорай (Ф. Қайырбеков).

**Ендігәрі, екіншіде, екіншілей, екіншідей, ендігіде, ендігіден әрі.** *Бұдан былай, осыдан кейін, екіншілей.* Ерінің бір ескерткенін *ендігәрі* қайталантпауға дағдыланған сылаң тоқал Айғанша зыр жүгіріп жүр (Ф. Мүсірепов). Бұл сөзде ақыл да бар, ғибарат та бар, өзіңе *екіншіде* пайда болар (Абай). Әбден дінкесі құрып сылқ етіп отыра кететін кездерде *екіншілей* жазу столына жоламайтындай көреді (Т. Ахтанов). *Екіншідей* есте болсын деп, берік байлам жасады (М. Дүйсенов). Ұрыспай-ақ қойыңыз, *ендігіде* мұндай жаман қылықтан аулақ болатын шығар, – деді мұғалімі («Таң нұры»). Бірін-бірі мақұлдап, Бектасты *ендігіден әрі* мазалай бермеуге келісе тарасты (А. Байтанаев).

**Ендігісі, қазіргісі.** *Осы кездегісі, бүгінгісі.* Ол біздерге алыптың берді күшін, Бүгін мен дүниенің *ендігісін* (Ж. Молдағалиев). Шаруа қожалығының *қазіргісі* жылқы шаруашылығын аудан көлемінде маңызды салаға айналдырып отыр («Егемен Қазақстан»).

**Енділеу, ендірек.** *Колденеңі үлкендеу, жалпақтау.* Бір жолы өзеннің *енділеу* жерінен әлгі баланы көтеріп өткіздім (Т.Нұрмағамбетов). Жазық далада егістікті қорғайтын орман алқабын *ендірек* етіп, 7-11 қатарға дейін жеткізуге болады (А. Балтабаев).

**Енетай, енеш, енеке, енежан.** *Енені құрметпен, жалбарынған атау.* Ақырында сол өсектің құрбаны болған жоқ па, аруағыңнан садаға кетейін, *енетайым* (С. Мұқанов). Сен дәрменсіз балақан, Енен дән де тереді, Шегіртке ұстап береді *Енешіңнің* қасынан (М. Әлімбаев). Есітіп, біліп көргенің бар ма, *енеке*, Қарабайдың аулы қайда болды («Қозы Көрпеш»). Кешіре гөр, *енежан*, – деп келінім жалынып құшақтай алды («Қазақст. әйелд.»).

**Ентелеу, ентелендеу, төну, итіну, кимелеу, анталау, мінбелеу.** *Бір нәрсенің үстіне төне түсу, кеуделеп ұмтылу.* Тоқал сұр дөненің тебініп жіберіп, Ақмалдың қасына *ентелеп* жетіп барды (Ф. Орманов). Алмалап екі жағын *ентелеңдеп*, Көксағым қарағанда жер төмендеп (С. Керімбеков). Көгендегі қозыдай болып, отқа *төніп* отырған балалар қорқып, кейін шегініп кетті (Ф. Мүсірепов). Қолдарын жуған жұрт жұтынып, дастарқанға қарай *итіне* отырысқан (Ө. Қанахин). Біреуді біреу баса-көктей, *кимелеп* барады сатушыға (Ф. Мұстафин). Кішірек үйге сыймағаны есіктен сығалап *анталауда* (Ф. Мұстафин). Колодин ақ қағазға *мінбелеп* төніп алып, қаламымен жосылтып жатыр (Б. Тілегенов).

**Еңтігу, алқыну, демігу, солықтау, аптыгу, абығу, танаулау қарап.** *Асығыс қимылмен жүрегі қысылу, өкпесі өшу.* Өрт болып жатқан жерге мектептен шыққан балалардың соның ала *ентігіп* Асқар да жетті (Ә. Нұршайықов). Жүгіре басып келе жатып, *алқына* сөйлеген бір әйелдің даусы естілді (Н. Фабдуллин). Үй ішінде ентіккен, *деміккен*, қарлыға шыққан үндер естіледі (Р. Райымқұлов). Түні бойы тоқтаусыз қуылған аттар бүйірін соғып, *солықтап* тұр (І. Жансүгіров). Шапшаңдықтан қашпа, *аптығуға* баспа (М. Әлімбаев). Қап, осылар-ақ асығып, *абығып*, жағадан алады да тұрады, – деп кейістік білдіріп жатыр («Алматы ақшамы»). Аруақ, аруақ қайдасың? – деген кезде *танаулап* Жақып пен Байбол келді (Ф. Мұстафин).

**Ені, көлденеңі.** *Белгілі бір заттың ұзындығы емес, қысқа жағы.* Қабырға іргелерін қара көк сырмен бояған *ені* тарлау коридор екен (С. Шаймерденов). Ұзындығы он екі метр, *көлденеңі* бес метр үй соғылды (Б. Қожабеков).

**Еңбекқор, еңбекшіл, еңбекқой, еңбеккер, еңбекқұмар.** *Еңбек еткіш, еңбек сүйгіш, еңбек құмар, бейнеткер.* Нұрақын – осы ауылдағы ерекше бір *еңбекқор* да өнерлі адам (Б. Соқпақбаев). Оспан – өз шаруасын тындырып жүре беретін *еңбекшіл* бір жан (С. Жүнісов). Қазақтың алғашқы *еңбекқой* оқушы жастары орыс тілін де тез игеріп, білім алуға ынта-ықылас білдірді («Айқап»). Жарасбай Бақтығұлды еш бөтен жаққа мойын бұрғызбай, *еңбеккер* де іскер жігіт қылып алды (М. Әуезов). Жадырап жатыр жайсаң жер-несібе, Тартынсын *еңбекқұмар* ел несіне (І. Мәмбетов).

**Еңбекқорлық, еңбекшілдік, бейнетқорлық, бейнеткештік, бейнеткерлік.** *Еңбек сүйгіштік, еңбек құмарлық.* Майшекер бұл жолы

да өзінің асқан шеберлігін, *еңбекқорлығын* танытты («Лен. жас»). Есберген әуелден-ақ ерінбейтін *еңбекшілдігімен* көптің көңілінен шықты («Құрыш білектер»). Атамның еңбек сүйгіштігі *бейнетқорлығы* жайында өнгімені аудандық газеттен оқыдым («Жетісу»). Мұның *бейнеткештігіне*, еңбекшілдігіне сүйсінбеске лажың жоқ (О.Сәрсенбаев). Баламыздың өз адал еңбегімен, *бейнеткерлігімен*, табандылығымен, төзімділігімен жұрт құрметіне бөленгенін мақтан етеміз, – деді анасы («Жас Алаш»).

**Еңкіс, еңкістеу, еңкейіңкі, күдістеу.** *Алга қарай бүгілген, төмен иілген.* Ондай жаппа қораның ашық жағы оңтүстікке қаратылып, едені де солай қарай *еңкіс* болады (А. Еламанов). Жуылған сабан еденге *еңкістеу* қойылған жәшікке ауыстырылады (Қ. Құсайынов). Ерні салпы ер аты, Семірмес қайта ер өтсе. *Еңкейіңкі* тартпады, Ер қолынан мал кетсе (С. Сейфуллин). Алпасамдай денесінің жауырыны *күдістеу* (С. Мұқанов).

**Еңкіш, еңкек, бүкіш.** *Адам белі бүгіліңкі, бүкірейіңкі, иіліңкі.* Әжесінің белінің тым *еңкіш* екенін алғаш рет көргендей, Төлеген ақырын қарап қалды (Ө. Қанахин). Қылышбаев биік, *еңкек*, кен жауырынды, сүйір иекті (С. Мұқанов). Ақсақал Жамбыл келді жанаттанып, Жазылып *бүкіш* белі қуаттанып (Жамбыл).

**Еңкіштеу, еңкектеу.** *Аздап еңкіш, бүкірейіңкілеу.* Олардың алдынан қапсағай зор денелі, кеудесі *еңкіштеу* ақ шашты қытай қарты шықты (А. Лекеров). Төртбақ кісі дәу қазақ пен оның жанындағы ұзын бойлы *еңкектеу* келген иықты кісіге кезек қарады (А. Сатаев).

**Еңкіштік, еңкектік, еңкістік.** *Еңкіш болушылық* Бақайдың *еңкіштігі* бір қалыпты дұрыс болуы керек (А. Сыздықов). Су ағысын күштілігі яки бәсеңдігі өзен арналарының *еңкектігіне* байланысты (С. Орынбаева). Арықтардың түбінің *еңкістігі* 12-13 сантиметрден аспауы керек («Бөгет салудың әдістері»).

**Еңсеру, бөксеру, еңселу, қусыру.** *Апырып-жапырып істеу, ойсыратып тындыру.* Қуанышы бойын кернеген Жүсіп ертеңінде қызметті де *еңсере* істеді (З. Шашкин). Қан майданда қолбасшының тапқырлық әдісі тең келсе, жау қамалын *бөксеріп* жүре берері хақ (Х.Есенжанов). Бұлар біреуді алдарына салып *еңселеп* түйіп айдап кірді (Ө. Нұрпейісов). Егін дариясының етек-жеңін механизаторлар қызу қарқынмен күн санап *қусырып* келеді (С. Мәуленов).

**Еп, икем, ыңғай, бейім.** *Бір нәрсенің ретін білетін, ебін табатын қасиет.* Ол жас болғанымен, ине көзінен өткендей *ебі* болатын (Ө. Нұрпейісов). Сенің сурет салуға *икемің* бар болғаны тіпті тамаша (Ө. Тұрманжанов). Ол үшін машиналар жұмыстың *ыңғайына* қарай қамтамасыз етілуі керек (Д. Әбілев). Адам жаратылысында не нәрсеге *бейім* болса, соның соңына түскені дұрыс (Қ. Жұмалиев).

**Епті, икемді, ыңғайлы, ықшамды, орамды, оралымды, бейімді, ептейлі, епсекті, ебдейлі.** *Шаруаға, еңбекке икемі бар, жұғымды, бейімді.* Тым *епті*, өте шебер күсбегі болғандықтан, құсының қандай

екенін білгісі келгендер Қазақбайға келіп жүгінетін (Ә. Жылқышев). Балалардың ішіндегі әлжуаз болса да, адалы әрі жұмысқа *икемдісі* осы Дүйсен екеніне оның көзі жеткен (Б. Тоғысбаев). Бір *ыңғайлылау* жермен құзға түсіп келеміз (Ә. Бірмағамбетов). Мұндағылардың бәрі үстеріне *ықшамды* көк, көк сұр халат киген (Ө. Тұрманжанов). Ол – қимылы *орамды*, адамға тайсалмай, тура қарайтын жан («От ортасынан оралмағандар»). Оның шертісінен көкейге *оралымды* қоңыр үндер күмбірлеп шыға бастады (Т. Әлімқұлов). Мектептердегі сурет сабағын қолынан өнер келетін, *бейімді* мұғалімдерге тапсырған жемісті болар еді («Қазақст. мұғ.»). Сабыр топырақ арасын ашты да, әлгі көшетті *ептейлі* тез ғана отырғызды (С. Алдабергенов). Оңалбек сабаққа ғана жұғымды емес, үй жұмысына да *епсекті* (Ө. Тұрманжанов). Балалар үйінің директоры бөкене бойлы, сарғыш өнді, орта жасқа келіп қалған *ебдейлі* адам екен («Түркістан»).

**Ер, батыр, қаһарман, қаһарлы, жауынгер, сайыпқыран.** *Қиындықтан қорықпайтын, қайтпас қайсар, батыл да өжет адам.* Ер мойнында қыл арқан шірімейді (Мақал). «*Батыр* қол бастайды, шешен сөз бастайды» дейді халық даналығы («Көктем лебі»). Ерлігі үшін қазақ халқының *қаһарман* ұлы Хасан Мажытовқа Совет Одағының Батыры атағы берілді (Ә. Жәмішев). *Қаһарлы* қазақ халқы да, Ер салып тұлпар атына. Мініп жауды жапыра, шықты майдан төріне (Т. Жароков). Жанындағы ағасы Есенгелдіге қарағанда Саржанның *жауынгер* жан екені бірден білінеді (І. Есенберлин). Сіздің ұл нағыз *сайыпқыран*, ол кеше майданға аттанғанда омырауында үш бірдей Даңқ ордені жарқырап кетті (Ж. Мусин).

**Ербең-ербең, ербең-сербең.** *Ербеңдеген, шошаңдаған.* Қарашаловтың жүзінде қуаныш, аяғын адымдап басады, екі қолы *ербең-ербең* етеді (З. Ақышев). Жаралылар қолдарын *ербең-сербең* еткізіп, бірінен соң бірі бақырып өтіп жатыр (Ә. Әбішев).

**Ерегестіру, қайрау.** *Біреуді біреуге айдап салу, өшіктіру.* Жол белгілерін білмесең, бәрібір таба алмас едің, – деп Жалғас *ерегестіре* түсті (С. Баязитов). Аппастың баласы Қашқынбайды Шоқанға қастық жасауға *қайрап* жүрген (С. Мұқанов).

**Ереже, қағида.** *Белгілі бір құбылыстың қалыптасқан арақатынасына негізделген заңдылық, тәртіп.* Бұл діннің негізгі *ережелері* мен уағыздары құранда баяндалған (М. Токжігітов). Елдос шыдамы тоза, берекесі қашқанымен, бар адамгершілік *қағидасын* еске ала тырп етпеді (А. Байтанаев).

**Ережелі, қағидалы.** *Белгілі заңдылыққа сүйенген, ережеге негізделген.* Мектеп жасына дейінгі балалар қозғалып ойнайтын ойындармен қатар *ережелі* ойындарымен де әуестенеді («Семья тәриесі»). Бұл *қағидалы* пікірді Қажекең тек айтып қана қоймай, өз ісімен дәлелдеп те келе жатыр (З. Қабдолов).

**Ерекше, айрықша, өзгеше, бөлекше, төтенше, ересен, ерек, басқаша, бірқилы, артықша.** *Әдеттегідей емес, гажжап, галамат, дара.* Төлебай батырдың да кигені бәлендей мәз емес, әйтсе де ол *ерекше* көзге түседі (І. Есенберлин). Кітапты көпшілік бұқараға көп жеткізуде әйелдердің еңбегін *айрықша* атап айту керек («Аялы жандар»). Әр аптасы да, әр айы да есте қалған 1933 жыл бір *өзгеше* жыл болып еді (Ж. Арыстанов). Бурабай тауынан шығыс жақ жырағында шоқысы ашпақ болып көрінетін *бөлекше* бір тау бар (С. Мұқанов). Оның шетелге қашуының тағы бір *төтенше* себебі бар (Қ. Толымбаев). Бізді балықшылардың өрен ерлігі мен *ересен* табыстары қатты сүйсіндіріп келе жатыр (А. Тоқмағамбетов). Ол істе өзінің топтан *ерек*, дара озықтап кетуін ұнатпайтын-ды (Н. Фабдуллин). Абай енді Семей қаласының құр төрелікке мәз болған ұлықтарынан мүлде *басқаша* ортаны тапты (М. Әуезов). Бұлардың стол сервиздері біздікінен *бірқилы* (Қ. Сатыбалдин). *Артықша* туған Лазымды, Алсам деп сонда кегімді («Қамбар батыр»).

**Ерекшелеу, айрықшалау, өзгешелеу<sup>1</sup>.** *Айтарлықтай өзгеше.* Баласының мына шешімі тым *ерекшелеу* болған сияқты (М. Әбдіхалықов). Бұлардың Мауладиге көрсеткен ілтипатының *айрықшалау* екенін сезіп тұрмын (О. Сәрсенбаев). Ол мына ауылдың балаларына қарағанда *өзгешелеу* еді (М. Сүндетов).

**Ерекшелеу, айрықшалау, өзгешелеу<sup>2</sup>.** *Басқаша ету.* Қасымбек бұрын Зікірия қартты ауыл ақсақалдарынан көп *ерекшелей* қоймаушы еді («Шопан сырласы»). Қазір жақсы танымал болған ақын алдағы уақытта да жаңа ізденісімен *айрықшалана* берсе дейміз («Қаз. әдеб.»). Факультативтік сабақтар күнделікті сабақтарға ұқсайтын да, одан *өзгешеленетін* де жерлері көп («Қазақст. мект.»).

**Ерен, тамаша, әйдік жерг., ойсаң көне.** *Соншалықты, айта қаларлықтай күшті, елден ерекше дараланған, керемет.* *Ерен* күшті жұмыс малы болғандықтан, бір түйенің күші екі өгіздің күшімен тең түседі (М. Жұмағұлов). Мына ақ үйде *тамаша* бір қыз тұрады (А. Лекеров). Қыры түспеген дауысы кезінде Қалампырдың *әйдік* әнші болғандығын аңғартады (А. Хангелдин). Мынау кетіп бара жатқан қалың көш екен, малы да *ойсаң* көрінеді (С. Шәріпов).

**Ересек, естияр, ер жеткен.** *Жас жағынан үлкенірек, оң-солын, жақсы-жаманды тани бастаған.* *Ересек* адамдарда созылмалы гастрит өте жиі болып тұратын ауру (Х. Әбисатов). Арманбегімнің ақылы кіріп, *естияр* болып, жаным тыншып қалды (Ө. Тұрманжанов). Қайсардың *ер жеткен* алты баласы облыстың әр ауданында халыққа қызмет көрсетіп, өмірден өз жолдарын тапты («Мәдениет және тұрмыс»).

**Ерке, еркетай, тотай, шолжаң, әздек, шолжақ, шалжақ, шолжың, тәліпш, бұлаң, бұла, әздек, көлең.** *Бетімен бұла болып өскен, ешкім бетіне келмеген.* Есер баладан *ерке* бала жаман (Мақал). Жылы

пештің қасында отырған елдегі *еркетайлардың* бұлайша бүрсең қағуы мүлдем ұят шығар (О. Сәрсенбаев). Үйінен театрға «Волга» мініп баратын ерке ұлдар, *тотай* қыздарымыз көп-ақ (О. Бөкеев). Өзі өсірген *шолжаң* баланың орынсыз тентектігі ананың мазасын алып, қажытты (О. Бөкеев). Біреудің алпыс моншақ *әздегі* боп, жасымнан кесір еді жинағаным («Айтыс»). Мен онда он үш-он төрт жаста едім, Әйтеуір үйдің *шолжаң* Асқары едім (А. Тоқмағамбетов). Шаймұхамметтер мұндай мәжілістегі ең *шалжақ* мырзалардан болғандықтан, әркімге бір соқтығып, әулекіленіп кетті («Қаз. әдеб.»). Кезінде мен біреудің *шолжың* өскен еркесі, маңдайына біткен жалғыз едім (Қ. Салгарин). Жасынан бұла өскен *тәліш* қыз күлбілтенді де білмейді (Б. Аманшин). Күлімбала – шал-кемпірдің ортасында *бұлаң* өскен жалғыз қыз (Б. Соқпақбаев). Егіндікөл, көзіме ерте шалындың, менің ерке, *бұла* жігіт шағымның (С. Сейітов). Біреудің алпыс моншақ *әздегі* боп, Жасымнан кесір еді жинағаным («Айтыс»). *Көлең* қыз келмей жатып сөзін айтып, Бала екен бір дәріпсіз сүйрендеген («Айтыс»).

**Еркек, ер, ражұл кітаб.** *Ер жынысты адам.* Анандай екі әйелді бір үйде қатар ұстау осал *еркектің* қолынан келе бермейді ғой (Б. Тілегенов). Оң жақтан жасы отызды алқымдап қалған *ер* кісі шыға келді (М. Хайрутдинов). Зина қылған әйел мен *ражұлға* қараңыз. Мойнында сом шынжыр, жылап кетіп барады (Қ. Малдыбаев).

**Еркекше, ер адамша, ерлерше.** *Еркек сияқтанып, еркекке ұқсап.* *Еркекше* киінген әйелдер біз тоқтаған лашыққа ағылып келе бастады (С. Омаров). Біздің жанымызға *ер адамша* киінген мұғалима келді (Ж. Молдағалиев). Ерлер батырларша қимыл көрсетсе, әйелдер белдерін буынып *ерлерше* еңбек етті (С. Еркебаев).

**Еркелеу, шолжаңдау<sup>1</sup>, еркетотайлау.** *Еркелегіштеу, аздап ерке.* Хайдар *еркелеу* болды, бірақ еркелігін әкесіне ғана жасайтын (Н. Фабдуллин). Шәйгүлдің артынан екі ұл бала туылып, ақжолтай болды деп *шолжаңдау* өсіріп едік (Қ. Баялиев). Қыз мінезі шолжаңдау, *еркетотайлау* болса керек («Лен. жас»).

**Еркелеу, шолжаңдау<sup>2</sup>, арсалаңдау, арсалақтау, наздану.** *Үлкендер алдында жасы кішілердің наз білдіріп өзімсінуі, еркінсуі.* *Еркелеген* тентек баладай арсалаңдап келіп, Омарды бас салды (Б. Тілегенов). Бала тіпті *шолжаңдап* жұрттың алдына шығып кетіпті (Р. Райымқұлов). Нұрқат жерден жеті қоян тауып алғандай, анайдан айғайлап, *арсалаңдап* жетіп келді (З. Шашкин). Кіріп келген Нұрланды *арсалақтай* қуана құшақтап, өзінің орнын ұсынды (З. Шашкин). Аяулы ару *наздана* келіп, ақ білегін мойынға орады (М. Сатыбалдиев).

**Еркелік, еркетайлық, шолжаңдық, шолжындық, шалжақтық, еркетотайлық.** *Бетімен бұла болып өскендік, ерке-тотайлық.* Бір үйдің жалғыз баласы болған соң аздап *еркелігі* болғанмен, тәрбиесіне, мінезіне қарап жақсы адам бола ма деген үмітім бар (С. Мұқанов).

Үй тәрбиесінде *еркетайлықтың* қызығын Сағат көбірек көрді («Лен. жас»). Дұрыс талап қойылмай, баланы бетімен жіберсе, оның мінезінде *шолжаңдық*, қыңырлық сияқты жарамсыз қасиеттер қалыптасады (Ш. Әмірәлиев). Үрмәш Әлимағамбеттің баласы Жұмабектің *шолжыңдығын* есіне түсірді (Ә. Әлішев). Әкем-шешем ол *шалжақтығыма* жібермес пе еді, қайтер еді (С. Мұқанов). Үні қандай жұмсақ еді, біртүрлі бір *еркетайлық* бар (М. Сүндетов).

**Ерке-шолжаң, ерке-шолжың, ерке-шора, ерке-тотай, ерке-тәйтiк.** *Қағу-соғу көрмей, бетімен ерке болып өскен.* Теңіз деген осы, қулығын асырады, кейде ру қыздың *ерке-шолжаң* мінезіндей өзі («Теңіз тарландары»). Қарлығаш сол баяғы *ерке-шолжың* әке-шешесінің мойнына асылып, маңдайынан сүйгізді (Қ. Жұмаділов). *Ерке-шора* бай қызы бір жағы қалжыңбастық еркелікпен жігіттердің намысына тиіп, мазақ етті (І. Есенберлин). Кішкентай *ерке-тотай* Мәкенді жүрегінің түкпірінен бөлек шығару оңай болмады (М. Жұмағұлов). Біреудің *ерке-тәйтiк* қып өсірген баласын алған соң тілін тауып, жарасу керек (Т. Әлімқұлов).

**Ерлі-зайыпты, ерлі-байлы, ерлі-әйелді.** *Неке заңымен тұрмыс құрған, жұбайлы.* Бұлар жандары жарасқан *ерлі-зайыптыдан* гөрі тағдыр тауқыметімен күнкөріс үшін еріксіз қосақталған жандардай сезілуші еді (А. Әлсеров). *Ерлі-байлы* екеуінің арасында бір салқындықтың бар екендігі еріксіз көзге шалынарлық еді (Б. Майлин). Тамақ дайын деп хабар бергенінен соң, *ерлі-әйелді* екеуі кірді үйге (Ш. Әбенев).

**Ерлік, батырлық.** *Ер жүрек болушылық.* Жас әдебиетшінің осы еңбегін ғылымдағы *ерлік* деп атасақ, артық болмас деп ойлаймын (Р. Бердібаев). Талғат Бигелдиновтың кеудесінде *батырлық* жұлдызының екеуі жалтырайды (С. Мұқанов).

**Ерсі, сөкет, сорақы, сөлекет, оғаш, өрескел, әбес, шеккі, одағай сөйл.** *Қоғамдық нормамен үйлеспейтін, шектен шыққан ыңғайсыз, жөнсіз.* Оның қазанбұзар қылығы өзге түгілі саған да *ерсі* болды-ау (С. Бегалин). Жұмыссыз жастың жүргені *сөкет*, иттен басқаның үргені *сөкет* (Мақал). Ел бірлігі жоқ жерде бұдан да *сорақы* күйзеліске ұшырау таң емес (І.Есенберлин). Жағыпар өз ісінің *сөлекет* екенін біле тұра тіс жарып ештеңе айтпады («Қаз. әдеб.»). Отырған жұрттың көбі себебін білмегендіктен, қыздардың күлкісін *оғаш* көрді (Т. Әлімқұлов). Оқытушылардың айтқанын қаншалықты зер сала тыңдайын десе де, Сәлімнің *өрескел* сөзінің құшағынан шыға алмай қойды (Т. Жанкелдин). Жасаған берген Ебейсінің қылығын *әбес* көрсе де, жұрт көзінше үндей алмады (Ә. Нұрпейісов). Жасы отыздан асқан томырықтау Андрейді *одағай* мінездері көп болған соң бірсыпыра жастар құрдас қылып алған (Ғ. Мұстафин).

**Ерсілік, сөкеттік, әбестік, оғаштық, өрескелдік, сорақылық, сөлекеттік.** *Қоғамдық нормамен үйлеспеушілік, жөнсіздік ыңғайсыздық.* Өздерінің бұл тұрысының *ерсілігін* сезгендей олар енді қайтіп

тілдеспестен қырманға үнсіз бет алды (М. Сүндетов). Оның ерсілігі де, *сөкеттігі* де жоқ сияқты (Ә. Шәріпов). Қараш пен Елеусіз тағы да бір *әбестік* жасағанын сезіп, төмен қарасты (Т. Әлімқұлов). Мұқышев жолдастың қоғамдық мінездерінде едәуір *оғаштықтар* бар (Ф. Мүсірепов). Ұлбосынның күлкісі басым, біртүрлі *өрескелдігін* көрсетіп тұр (С. Ерубаев). Абай жалтармай, жасқанбай, бар *сорақылықты* көзге шұқып айтады (М. Әуезов). Үлкенмен иіліп, кішімен сызылып сөйлесудің еш *сөлекеттігі* жоқ шығар («Жалын»).

**Ерсіну, батырсыну.** *Өзін ер санау, мықты болғансу, батылсыну.* Әшейінде отбасында қатын-баланың алдында *ерсінгені* болмаса, бұл өзі зәті қорқақ адам (Ә. Нұрпейісов). *Батырсынған* жігітті, Жау келгенде көрерміз (Мақал).

**Ертелі-кеш, ерте-кешті, ертелі-кешті, ертеңді-кеш сөйл.** *Ілгерінді-кейінді, әр мезгілде.* Бала күнінде *ертелі-кеш* осы тоғай ішін аралаудан бір жалықпайтын (Қ. Мұхаметқалиев). Отжалын ой өртеп ішті, Жай таптырмай жаныма. Өткізумен *ерте-кешті.* У жайылды қаныма («Қаз. ақын. шығ.»). Шілдеде Ахмет жарғақ құлағы жастыққа тимей, *ертелі-кешті* уақытын өлкелерде өткізеді (С. Мұқанов). Тауға қарай өрлей беретін осы жаяу жолмен қала халқы *ертеңді-кеш* серуен жасайды (Ә. Нұршайықов).

**Ертемен, ертеңісін, азанмен.** *Таң атар-атпастан, азаннан.* Қасым күнде *ертемен* келіп аттарды суарып, жем салады (Ф. Мифтахов). *Ертеңісін* взвод командирлері жауынгерді қала сыртына алып кетті (М. Жұмағұлов). Қатыны *азанмен* тұра салып, ханға барып арыз айтады («Қаз. ертегі.»).

**Ер-тоқым, ер.** *Атқа салт міну үшін керекті әбзел.* Желідегі аттар *ер-тоқымынан* босатылып, жылқыға қосылды (М. Рүстемов). *Ер* – атқа салт міну үшін ағаштан, темірден, киізден жасалған жабдық (С. Қасиманов).

**Ерттеулі, ертті.** *Ер-тоқым салынған ерттеулі.* Қызыл шырайлы, күнге тотыққан балдырған інім *ерттеулі* атты алдыма әкеп ұстап тұр (Ф. Мүсірепов). Күнбатыс жақтағы қияқ үрнектің құбыла бауырында үш-төрт *ертті* ат тұсауымен шапшып жайылады (Ж. Нәжімеденов).

**Ерігіш, ерімтал.** *Сұйық күйге айналғыш, еруге бейім.* Канал бойындағы сұр және шалғынды сұр топырақ құрамында тез *ерігіш* тұздар көп (Е. Жамалбеков). Әдетте сабын ретінде жоғары май қышқылының суда *ерімтал* натрий мен калий тұздары қолданылып келген («Зерде»).

**Ерік, билік, қақы, құқық, құқы.** *Мемлекет заңдастырған, жалпыға бірдей тәртіп, ереже.* *Еркім* жоқ жастық шақта қия алмасқа, Ендігі арман басқа, қиял басқа («Соң. Қаз.»). Малда ерік, баста *билік* қалмады (І. Жансүгіров). Жайық бойына қазақтың да, қазақ малының да баруға *қақысы* болмай келді (Ж. Төшенов). Командирлік *құқықтың* өзі кейбіреудің қара басының бостандығымен санаса



бермейді (Р. Хайруллин). Менің білетінім саврамаат қызы елінің бір жауын өлтірмей ерге шығуға *құқы* болмаған (І. Есенберлин).

**Еріксіздік, хұқықсыздық.** *Хұқығы болмаушылық.* Өмірде *еріксіздік*, езушілік бар дейтін, біз оны да көрмеген едік (С. Ерубаев). Шетелден келіп, жалданып жұмыс істейтіндерден *хұқықсыздығы* басты проблемаға айналып отыр («Түркістан»).

**Еріктілік, хұқықтылық.** *Тең хұқылы болушылық.* Ол шын мәніндегі *еріктілікті* және біреуге біреудің тәуелсіздігін көрсетеді (Ә. Шәріпов). Қазақстан халықтарының тең *хұқықтылығы* конституцияда көрсетілген («Жас Алаш»).

**Ес, жады, қапер.** *Адамның көрген-білгенін, естігенін сақтайтын қабілет.* Адам *есі* туған күннен бастап дайын да жетілген күйде болмайды («Семья тәрбиесі»). Ескіні еске алмай, жаңа *жадыға* түспейді (Мақал). Көзін қоймен ашса да, қызы қойшы болар деген ой Нұрғалидың *қаперіне* де кірмеген-ді (С. Ақтаев).

**Есек, мәш, әңгі көне.** *Жылқы тұрқымдас, аласа бойлы, ұзын құлақты күш көлігі. Есектің* егі арам, күші адал (Т. Дәуренбеков). Дала көз қайтар жерге дейін сүр *мәшінің* тізесінен асар-аспас аккүлгін бу жамылыпты (А. Сүлейменов). Ол елде бір әйелдің ауылдан мініп келген *әңгісі* қырманға таяна бергенде басын кекшендете бар даусымен айғайға басты (С. Алдабергенов).

**Еселеу, үстемелеу, қосу.** *Заттың үстіне өзіндей зат қосып толтыру, молықтыру.* Рабиға ас үйіне шығып, әлі қайнай қоймаған қазанын *еселеп*, соңғы қонақтың сыбағасын салды (Ж. Тілеков). Гүлжан мен Шолпан бірінен соң бірі кезектесе тұрып, орталанған самаурынды *үстемелеп* қайнатуда (А. Хангелдин). Қарқынға қарқын *қосудың* басты жолы жанды басшылық ету («Лен. жас»).

**Есен, сау, сәлемет.** *Ауру-сырқау емес, науқасы жоқ.* Шал үйіне *есен* жетіп, кемпірі екеуі алтынды сатып, тамақ тауып жең күнін көре береді («Бозінген»). Жатсам, тұрсам ойлағаным Биғайша болып, ауру мен *саудың* арасында талай күндерді кештім (Ә. Нұршайықов). Сәлем айтса, өздері де *сәлемет* болсын, Ардақ келіннің халі қандай, соны айтшы (М. Дүзенов).

**Есеңгіреу, есалаңдау, мәңгіру, зеңу.** *Басы айналып мең-зең күйде болу, қалжырау, әлсіреу.* Сағди мен Шайқан біраз *есеңгіреп* жатып, ақыры жантәсілімін қылды (А. Байтанаев). Ақтоқты көп кенестен басы айналып *есалаңдау* күйге түсе бастады (С. Жүнісов). Төбемнен біреу сойылмен салып қалғандай есім ауып, *мәңгіріп* тұрын қалдым (Ж. Кәрменов). Көзі қарауытып, басы *зеңіп*, бірден тұра алмай қалды (С. Мұратбеков).

**Есеп, қисап.** *Бір нәрсенің сан мөлшері.* Табақшы етті қайта білін алып келгенде-ақ, оның *есепін* біле қалып еді (С. Сейфуллин). Мысалы, қара шыбын *қисабы* жоқ, жығылдым сол арада есім кетіп («Ғашықнаме»).

**Еседан, есепқой, есепқор, есепшіл, еседар сөйл.** *Орынсыз артық шығын шығармайтын, пайдақүнем.* *Еседан* кісі болатын, – деді қария оған шамданбай (Т. Әлімқұлов). Шәкен *есепқой*, қатал адам болғанмен, малайларды әсіресе ішіп-жемнен онша қыспайтын (Ғ. Мұстафин). Кіріс-шығыс, пайда-шығынның бірін елемейтіндей көретін Игілік бұл далада теңдесі жоқ *есепқор* еді (Ғ. Мүсірепов). Сенің түскен жерің дүниеқоңыз, мансапқор, тым *есепшіл* жандар (Ж. Жұмаханов). *Еседар* әке қызының туған күнінің тойын мектеп бітіру тойымен әдейі ұштастырған (Ә. Нәбиев).

**Есепсіз, сансыз, қисапсыз, өлшеусіз, енепай көне.** *Есебі жоқ көп, аса мол.* Қолында қару ойнаған кезіндегі аяусыз қырған *есепсіз* аңдар мен жануарларды есіне түсіріп еді, өз-өзінен жиіркенді (Н. Мұраталиев). *Сансыз* жұлдыз қара көк аспанның күмбезіне іліп қойғандай қимылсыз жарқырап тұр (Қ. Сақабаев). Қазақ жұртында есендік-саулық сұрасудың түрі *қисапсыз* мол болғанмен, ақын көңілінен көкала үйректей ұшқан өлең жайын көп адам сұрай бермейді (С. Жүнісов). Қайдағы бір *өлшеусіз* көп күш-қайрат келіп бойын кернеп кеткендей (З. Ақышев). Ауылды жерден келген *енепай* жігіттер жұмысқа тұра алмай, бос сандалуда («Оңтүстік Қазақстан»).

**Есептеу, санау.** *Санын санап мөлшерлеу, есебін шығару.* Жанбота Айсұлуға жауап қайырған жоқ, қағазын алып *есептей* бастады (Ғ. Мұстафин). Көбі майда ақша екен, ары *санап*, бері санап жүз жиырма бес сомнан асыра алмады (А. Оразалин).

**Есею, марқаю, сақаю, ересектену.** *Ер жету, үлкею, өсу.* Қыз *есею* жана жарылған гүлдей әркімнің көзін тартып, көңілін ынтықтырады екен (С. Сарғасқаев). Айналайын, аналар, ақ сүттеріңізбен *марқайыт*, өсіп келе жатырмыз (О. Бөкеев). Фрунзенің қалың ақсары сақалы, сәнді ұзын мұрты кескінін *сақайтып*, салмақты пішін береді (З. Шашкин). *Ересектеніп* қалған жастар үшін Гаванада қысқа мерзімді техникумдар ашылды (Б. Момышұлы).

**Ескеру, елеу, құнттау.** *Еске алып көңіл бөлу, қымтпай ықылас қою.* Бүйрек пен бауырды емдер кезде хренді тамаққа қосып пайдалануға болмайтынын *ескерген* жөн (С. Субханбердин). Жалаң аяқ, қалқан құлақ баланы, Ер жетер деп *елегендер* шамалы (Т. Молдағалиев). Кәдуілгі баланың үсті-басын таза ұстау деген бар ғой, соны *құнттамаймыз* (С. Шаймерденов).

**Ескерусіз, ескерімсіз, елеңсіз, елеусіз, құнттаусыз, атаусыз.** *Ескеру жасамай, елемей.* Егін салса, *ескерусіз* жап деме, Көргені де, жұтқаны да шақ деме (Т. Айдаров). Бірінші қарағанда *ескерімсіз* бір жағдайдың үлкен іске себеп болып кетуі мүмкін (А. Жұбанов). Мен *елеңсіз* жоғары өттім де, өзімнің бұрынғы орныма бардым (К. Баялиев). Ақынның *елеусізі* болмайды әсте, Болады аласасы, асқарлары (С. Асанов). Үйде *құнттаусыз* бос жатқан заттар шашылып қалған («Жұлдыз»). *Атаусыз* қалып тойдан мың, Арылмай қойды ойдан мұң (Қ. Ұябаев).

**Ескерткіш, жәдігер.** *Ерте дәуірден қалған белгі, көненің көзі.* Әлекеңнің бұл көне дәуір *ескерткіштері* жайындағы әңгімесін тындап отырсаңыз талай тамашаға қанығасыз (Ә. Жәмішев). Өкінішке орай, ұлы өнерпаздың туған жерінде оны есте қалдырарлық мардымды *жәдігерлер* жоқ болып шықты («Соц. Қаз.»).

**Ескі, көне.** *Көп күйген, тозығы жеткен.* Үстінде өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған *ескі* көйлек (Б. Майлин). Дәркембай омырауы ашық *көне* көйлектің сыртынан жұпыны шекпенін жамылып Абаймен әңгімелесіп отыр (М. Әуезов).

**Ескіру, көнеру, тозу.** *Тозығы жетіп жарамсыз болу.* Ауыз үйдегі *ескірген* диванға шаршаған адамдай сылқ етіп отыра кеттім (З. Шашкин). Хамит үстіндегі *көнерген* түйе жүн шекпенінің етегін баса келіп, қасына отырды (Қ. Жұмалиев). Қара құрымданып *тозған* тесік-тесік түндіктен сырттағы жарық Үркер жұлдызындай бығынап көрінеді (І. Есенберлин).

**Ессіз, түссіз, ес-түссіз.** *Есінен айырылған, есінен танған.* Оны сол төбе басынан *ессіз* жатқан жерінен барлаушы жігіттер келесі күні түс кезінде іздеп тапты (С. Сарғасқаев). Ентіге басып жеңешем үйге еніп, *түссіз* жатқан шалын көрді де, бетіне су бүркіп еді, Аңлекең көзін ашты (Б. Дәулетбаев). Сол күні дәрі-дәрмек әкеле жатқан Қания аттан жығылып, он алты күн *ес-түссіз* жатты («Дәрігер мерейі»).

**Етсіреу, қызылсырау.** *Етті аңсау, ет жегісі келу.* Өстіп *етсіреп* жүргенде Жылаған ата шатқалында қаңғып қалған аңнан қағып қайтса ше (Д. Досжанов). Көптен *қызылсырап* жүрген жұрт үлкен-кіші, көрі-жас демей, тайлы-таяғы қалмай тегіс жиналды (М. Мағауин).

**Ешкім, ешбіреу, ешқайсы.** *Еш адам, біреуі де емес.* Енді алданар *ешкімі* болмағасын Көпбай да сол жылдың күзінде келіп оқуға түсті (А. Байтуғанов). Бізді керек қып жатқан *ешбіреу* жоқ сияқты («Көктем лебі»). Көзімнің тірісінде *ешқайсыңа* да салмағымды салман (Ш. Хұсайынов).

**Ешқайсысы, ешбірі.** *Еш нәрсесі де емес.* Әкелген заттарыңның *ешқайсысы* да жарамсыз болып, ескерусіз қалмайды, – деп уәде берді (Ауызекі тіл). Бұл айтылған тілектің *ешбірі* ескерілмеді («Алматы ақшамы»).

**Ешқашан, әсте, ешбір, ешқандай, өмірі, әстілі жерг.** *Барлық кезде, әрқашан, ығи да.* Мылтық оқтағанда оның аузын *ешқашан* кісіге қаратып оқтама (Ш. Айманов). «Әділдік» деген жалғыз сөз қарт ананың ойынан *әсте* шықпайды (С. Омаров). Бауыржан *ешбір* кемшілікті кешірмейтін (С. Бақбергенов). Ашық мінез, ақ мандай, менмендік жоқ *ешқандай* («Қазақ әндері»). Біз болсақ *өмірде* тозбайтын, табаны берік, қабырғасы кірпіш не ағаш үй тұрғызамыз (Ғ. Сланов). Сен ешкімге *әстілі* өтірік айтушы болма («Соц. Қаз.»).

**Ештеңе, ештеме, дәнеме, дәнене, түк, дым, сымбылбай қарап.** *Жоқшылық мәнді білдіретін белгісіздік есімдік.* Мен жаңа білдім, туған

жердің топырағына жетер *ештеңе* жоқ екен (Қ. Қазыбаев). Асылхан басым ауырып отыр деп, *ештемеге* араласқан жоқ (Қ. Жұмаділов). Бұларға Нарым ағай қарамай, *дәнемені* сезбегендей ілгері аршындап барады (М. Дүзенов). Ойында *дәнеңе* жоқ, қаннен-қаперсіз жұмысында жүрген Меңдештің төбесінен жай түскендей болды (Б. Аманшин). Орынборда қамауда қалған гарнизонның қоршауды бұзып өту әрекетінің бәрінен *түк* шықпады («Қазақстан тарихы»). Олар шабуыл жасаса, Иман мен Жанайдар *дым* да істей алмас еді (І. Есенберлин). Ақшасын төлейін деп, жан қалтама қолымды салып едім, күмәжнік түгілі *сымбылбай* да жоқ (Ж. Аймауытов).

## Ж

**Жабайы, тағы.** *Қолға ұйренбеген (дала аңы).* Патшаға қарсы қол көтеріп босқан елі Шалқөде тауының ішінде *жабайы* ақ киік сықылды күндерін бұғумен өткізді (С. Шарипов). *Тағы* ешкі, арқар, елік, бұғы сияқты аңдар тауда табындап өретін еді (С. Мұқанов).

**Жабайылану, тағылану.** *Жабайы болу, тағыға айналу.* Адам тұрмайтын тамдарды мекендеп, кісі көрсе безіп жөнелетін *жабайыланған* мысықтар пайда болған (Б. Соқпақбаев). Жыл бойы адам көрмеген аралдағы жылқылар *тағыланып* та қалған (Ж. Орманбаев).

**Жабайылық, тағылық.** *Далада, түзде өсушілік, жабайы болушылық.* Адам *жабайылықтан* енді-енді арылып, болашаққа қадам жасай бастаған кезінде мәдениет орындары бой көрсетеді (Б. Шаханов). *Тағылығы* болмаса аңдардың нәсілі малдарыңызбен бір ғой (Ф. Сланов).

**Жабдықтау, жасақтау, жарақтау.** *Қажетті құрал-саймандармен, қару-жарақпен қамтамасыз ету.* Алғашқы екі күн колхоздың жаңадан ашылған дәрігерлік пунктін *жабдықтаумен* өтті (Т. Ахтанов). Біздің бөлімдер өз күшін қайта *жасақтап* алып, жаудың қалың қолына бүйідей тиген (С. Омаров). Олар облыстың үлкен астықты керуенін *жарақтауға* елеулі үлесін қосты (С. Хайдаров).

**Жабу, бекіту.** *Бір нәрсенің аузын, есігін ашық қалдырмау.* Жазушылар кеткеннен кейін директор кабинетінің есігін тарс *жауып* алып, юмористің дәптерін ашып оқи бастады (Ф. Қабылов). Мұнан соң қауырсындардың қуыс өзегіне бидай немесе күкірт тығып, бергі жағын мақтамен *бекіте* салады («Лен. жас»).

**Жабы, мәстек.** *Бой-тұрқы аласалау, қазақ жылқысының нашар қарабайыр тұқымы.* *Жабыны* атқа санама, жақсыны жатқа санама (Мақал). Әлі де Алтыбастың қалың *мәстегін* бағып жүрген әке бар, қазір қыстауға алынып, енесі төңірегінде жүрген шеше бар (Ж. Молдағалиев).

**Жабығу, жабырқау.** *Көңіл күй болмау, сәл-пәл уайымдау.* Алайда Тоқаштың *жабыққан* көңілі ашылмай, бір түрлі камыға берді

(Ж. Арыстанов). Жапан түзде жалғыз жүріп, *жабырқап* өскен жан едім (А. Хангелдин).

**Жабысқақ, жабысқыш, жабыспақ.** *Жуысқан күйде жабысып қалатын.* Өсімдік бойынан түссіз, иіссіз, *жабысқақ*, созылмалы май бөлінеді (С. Шаймерденов). Аквариум суындағы жасыл балдырдың кейбіреуі жүзіп жүреді де, енді бірі *жабысқыш* келеді (Т. Мұсақұлов). Өзі ошаған сияқты *жабыспақ* қу еді, айырылмай-ақ қойды (Ф. Қабышев).

**Жабысу, баттасу.** *Бір-бірінен ажырамай беттесіп, қабаттасып қалу.* Балық аз түсіпті, әрі тайызға салған аудың арқалығы мұзға *жабысып* қатып қалған екен (Ә. Нұрпейісов). Әйелі нан *баттасқан* қолымен самай шашын жинай беріп бір «сылп» деді де, аузын ашып қатып қалды (Ф. Мүсірепов).

**Жаға, жағалау, жиек, қабақ.** *Сулы алаптың құрылық кенересі, айнала шеті, жардың үсті.* Ерке өзенін шолып түнде елімнің, Тұрмын жалғыз *жағасында* Еділдің (С. Мәуленов). *Жағалауы* ойдым-ойдым қамысты, орталығы жалаңаш дөңгелек көл ай жарығымен жалтырап, мөлдіреп жатыр (М. Иманжанов). Қайратты қолдардың ырқына еріксіз көнген соң жай жүзіп *жиекке* келді (А. Сарбөпин). Жайлау-бай төрт қанат қоңыр үйін шаңнан аулақ, шалғынды өзекшенің *қабасына* тігіпті (Ф. Мүсірепов).

**Жағалау, жиектеу, көбелеу.** *Бір нәрсенің жағасымен, жиегімен.* Көл *жағалап* жүріп су ішкен жалғыз жылқының ізін кездестірдік (Т. Дәуренбеков). Көлді *жиектеп* жүріп, құмға із бастаған әйел кебісінің таңбасы сенікі екеніне күмәні қалмаған (А. Мекебаев). Тоқсаба ұмытқанын ойына түсіргісі келгендей, тауды *көбелей* біраз із шалды (М. Мағауин).

**Жағдай, жағдаят, жай, жәйт, күй, тұрмыс, хал, ахуал, жайт.** *Күнделікті өмірдегі нақтылы әл-ауқат, тіршілік.* Баланың *жағдайын* енді түсіне бастаған Қазтай одан үйден қалай шығып кеткенін тәптіштеп сұрай бастады (Е. Өтетілеуов). Менің бұдан басқа *жағдаятымды* Зағира мамаңнан, жан досым Шынарбайдан естірсің (С. Омаров). Ел *жайы* өзіне мәлім, мынау теріс дейтін адам жоқ екенін біледі (Б. Майлин). Мен сонда істеген біраз жылдың ішінде неше түрлі *жәйтті* басымнан кешірдім, – деді ол (Т. Әбдіков). Дәл қазір өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей *күйдемін* (Ә. Әбішев). Аңшылардың бұл күндегі *тұрмысы* сол аң аулау ыңғайына қарай бейімделген (М. Әуезов). Үрмәш Қарагөздің *халін* сұрағысы келіп еді, ауылға дабыра етіп қайтейін деп ойлады (Ә. Әлішев). Ол дала халқының басындағы *ахуалды* түйіндеп аңғартарлық суреттер жасайды (Р. Бердібаев). Дәл осы *жайт* қазір сендердің бастарыңда бар десем, ешкімге де өтірікші болмас едім (А. Байтанаев).

**Жағдайлы, жайлы.** *Қажетке сай, жанға жағымды.* *Жағдайлы* орын осы Хаманның үйі болар деп, жібергеніне риза боп келемін (Р. Райымқұлов). Жұрт жаңа қоныстың малға *жайлы* болғандығын әңгіме қылысады (М. Әуезов).

**Жағдайсыз, жайсыз, күйтсіз.** *Жағдайлы емес, пайдасы жоқ, жағдайы жоқ. Жағдайсыз* жаман жерге бара алмаймын. Сыртымнан сыбырласып алып қашқан («Айтсы»). Тұрмыс-тіршілігі қиындау жайсыз болса да «жақсымын» деуден танбайды («Лен. жас»). Тілім, сенде айып бар, *Күйтсіз* күнде күйледің. Аяғым, сенде айып бар, Ілгері жүр деп сүйредің (С. Мұқанов).

**Жағымды, ұнамды, қонымды, қылықты.** *Жұртқа ұнайтын, көңілден шығатын.* Оспанның сондағы не түрлі жағымды қылықтарын бірауық еске түсірді (С. Омаров). Оның сөз сөйлеуі, өзін ұстауы – бәрі де біртүрлі ұнамды (З. Асабаев). Ол бойы үйреніңкіреген соң жұртқа қонымды сөзбен сырды ағытты (Т. Нұртазин). Гүлжаһан есімді осы бір қылықты қыз көптен бері көрші тұратын (Б. Әбдіразақов).

**Жағымдылық, ұнамдылық, сүйкімділік.** *Жағымды болушылық.* Әкесінің жұртқа жағымдылығы мен шеберлігін айтып, бірнеше ақсақал да келіп кетті (К. Оразалин). Үй іші жиһазынан ұнамдылығы жағынан да, көркемділігі жағынан да сырмақ жасау өнері – халық ұнататын өнер (С. Қасиманов). Қыздың ашаңдау келген ақша жүзінде адамды еріксіз тартып әкететін бір сүйкімділік бар (Ә. Әбішев).

**Жағымпаз, жарамсақ, жағынымпаз, жалбақ, жалпаң, жағынғыш, жәркелеш, жәреуке** *сөйл., жампаң сөйл.* *Біреуге жағынғысы келіп тұратын, құлдық ұрғыш.* *Жағымпаз* чиновниктерді, тілмаштарды ергіп алып, Орынбай аулына келіп түскен-ді (М. Әуезов). Ақ көңілдігі маған да ұнайды, бірақ үлкенге табынғыш, өте жарамсақ жан (С. Талжанов). Шенқұмар, мансапқор топтың әмір иесіне жағынымпаз бір бейшара мінезі де осы: күрессе – жиғылады, ойнаса – ұтылады (Ғ. Мүсірепов). Жағымды жігіт боламын деп, көрінгенге жалбақпен күнін өткізді (С. Дөнентаев). Жетім – жалтақ, момын – жалпаң (Мақал). *Жағынғыш* шығар ол менен, Беделдіні таныған. Арға біткен кеудемен. Қайтып кімге табынам (Қ. Бекхожин). Үлкен үмітпен оқталған адамның өзі көп ұзамай тұрлаусыз, шенқұмар немесе жәркелеш біреу боп шыға берді (Ө. Қанахин). Жоламан – мақтау сүймейтін жылымшы жәреукеге жаны қас қатал адам (С. Омаров). Омар қашанғы жампаңы мен жағымпаздығын жасыра алмай келеді (Ғ. Мүсірепов).

**Жағымпаздану, жарамсақтану, жағыну, жалпақтау, жалбақтау, жағымсыну, байпаңдау, майпаңдау, жалпылдау, жампаңдау, жалбаңдау, жалпаңдау, жалпоштау, жарану, күлтектеу көне, маймаңдау** *сөйл.* *Біреуге жақсы көрінгісі келіп бәйек қағу, құрдай жорғалау, қалайда ұнауға тырысу.* Атқамінер алаяқтар тарапынан болысты қолпаштау, жағымпаздану әлі де сезіледі (А. Хангелдин). Садықтың завхоз әкесі атамды көрсе болды, жарамсақтана асты-үстіне түсетіні бар (М. Жақыпов). Жүсіп жылмаңдап, сол минутта Жамалға шын жағынғысы келген адамның пішініне кірді (Б. Майлин). Қалай жағарын білмей жалпақтап жүрген дәу жігітті жек көре тұра іштей аяи бастадым (Б. Мұқаев). Балаға жатып жастық, иіліп

төсек боп, *жалбақтаудан* жаман ештеңе жоқ (М. Әлімбаев). Көрген жоқ еш нәрседен сағым сынып, Ешкімге көрген емен *жағымсынып* (Ә. Нілібаев). Өзінен төменге қайқандамайтын, орны жоғарыға *байпаңдамайтын* нағыз адам сол (С. Талжанов). Бастықтар алдында *майпаңдап*, ол да уәде үстіне уәдені жаудырып қала берді (А. Байтанаев). Есік алдында бұларды Мәржан қарсы алып, *жалтылдап* амандасып, жөн сұраса бастады (Р. Райымқұлов). Халелді Ақбөпенің туысы боларсың-ау деп, ол асты-үстіне түсіп *жампаңдай* қалыпты (С. Жүнісов). Келін, мал-жан амандық па? – деп, Демесін *жалбаңдап* амандасып жатыр (Б. Майлин). Әйелдің дұрыс шырай білдіргеніне Қапарбайдың көңілі орнығып, *жалпаңдай* бастады (М.Әбдірахманов). Біреуге *жалтоштанып* күн көрер жайым жоқ, – деді ол ұнатпаған пішінмен («Түсіндірме сөздік»). Билерге байлар *жаранды* (Ф. Жанғабылов). *Күлтектеп* анаған да, мынаған да, Күлкелеу мен білмейтін сырың бар ма? (Б. Майлин). «Дарбазаның» мына дәуі бірдеме сұрай келгенде осылай *маймаңдап*, тілінің майын осылай ағызатын (Ә. Әбішев).

**Жағымсыз, ұнамсыз, сүйкімсіз, баяпар.** *Жағымды емес, сүйкімі жоқ.* Әлдебіреулер мені елге *жағымсыз*, мінезі шатақ, жанның бәрін ит етінен жек көретін жексұрын адам дейді (А. Жағанова). Ол үстіндегі арестант киімін тастап, моншаға түсіп тазалап алса да *ұнамсыз* аттан құтылмады (Ә. Нұрпейісов). Жібер мені военком, Емеспін сияр көшеге, Бұл жүргенім бойға мін, *Сүйкімсізбін* шешеме (Д. Әбілев). Осы кезде жігіттің жексұрын *баяпар* даусы құлаққа жетті (І. Есенберлин).

**Жадыгөй, дуашы.** *Сиқырлап-дуалап, алдап-арбаушы.* Бұл молда мүмкін елді алдап жүрген бір *жадыгөй* болар, – деп толғайды ішінен (С. Телжанов). Қыз жеті жұрттың тілін білетін *дуашы* сиқыршы екен («Қаз. ертегі.»).

**Жадығат, материал кітаб.** *Түрлі құрылысқа қажетті шикізат, жабдық.* Мазар салуға қолданылған күйген қыш, майолика тақтасын жасайтын *жадығат* таптырмайды («Жаңа атаулар»). Мәдениет сарайын салу үшін керек-жарақ *материалды* күн демей, түн демей ауданнан тегіс жеткізіп алдық (С. Омаров).

**Жадырау, жайдарылану, көңілдену, мажырау, райлану.** *Жаймашуақтанып қуанышқа бөлену.* Қалау осы балаға айтқанының бәрін істете алатынына ырза болғандай, көңілі *жадырап* күле түсті (Ә. Нұрпейісов). Шешеміз Әспет қарт та балаларын көріп *жайдарылана* түскен (Қ. Әміров). *Көңілденіп* ішкен шай Әміржанды көтере түскендей болды (Б. Майлин). Көңілі *мажыраған* қойшы ақ шарбы бұлттан жылт еткен күнге қай уақ болды екен деп, сығырайған көзін қадай қойды (І. Жансүгіров). Хасан қожа кіргенде қабағын көтеріп, *райлана* қарсы алды (О. Сәрсенбаев).

**Жаза, қылмыс, сазай, саза, зауал, дәде.** *Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі қылмыстылығын, айыптылығын танытатын қылық, теріс әрекет.* Көңіліңді қалдырып көрмеген, қайта кекті

жерден кегінді, текті жерден теңінді әперген Нұрымның не *жазасы* бар еді (С. Торайғыров). Осындай қарбалас уақытта қонып жатудың өзі *қылмыс* болады (С. Шаймерденов). Даланың надан байлары жердің түгіне таласып, қырқысып жатса, о да өз *сазайы* (Ф. Мүсірепов). Мойында тау бүркіттің мың сан жаза, Тартылмақ мың жазаға бір-ақ *саза*. Алдырған балаларын күйіктіден, таппай ма ісі асқынған бір күн қаза (Қ. Құсайынов). Адамшылықтан безген иттерге Құдай тағаланың да бір *зауалы* бар шығар (С.Жүнісов). Талай Амантайлар өтірікшінің *дәдесін* беріп барады (Ф. Мұстафин).

**Жазалаушы, жазагер.** *Қылмыс істегенді айыптаушы, зорлық-зомбылық жасаушы.* Осыдан кейін Қисық оқиғасына қатынасқан ел *жазалаушы* әскер шығуынан өте-мөте қауіптенді (Ә. Хасенов). Яков Петрович *жазагер* отрядын қырға шығарса, оны қайта басу өте қиынақ шаруа (Ж. Молдағалиев).

**Жазасыз, зауалсыз.** *Сазайын тартпай, жазасын бермей.* Сол себепті оны сотқа беруге қимаймын, бірақ жазалау керек, *жазасыз* қалдыруға болмайды (Ж. Жұмақанов). Бостандыққа қарсы атылған оқ *зауалсыз* қалған емес (І. Омаров).

**Жазғытұрғы, көктемгі.** *Көктем кезіндегі. Жазғытұрғы* әрі буаз, әрі жадау қойлар тізеден су кешіп әрең жылжып келеді (Ф. Мүсірепов). Көктемнің гүлі сияқты *Көктемгі* құсты атпаңдар Орманға бара жатқандар (Ө. Күмісбаев).

**Жазғытұры, жазғытұрым, көктем, баһар** *кітаб.* *Қыс соңынан келетін жыл мезгілі, жазғы салым уақыт. Жазғытұры* көлік майын берем деп-ақ ұнды ала беруші едік (С. Шарипов). Жайлауқұмар қазақтар *жазғытұрым* тастай қашқан қыстауларына бүрсең қағып қайта келіп жатыр (Ф. Мұстафин). Атақты *көктем* келді күзден бөлек, көрінді көк жамылып түзден желек (Х. Ерғалиев). Қанатпен құсты ұшырған, күдіретіне қарашы. Жаңбырын жүктеп *баһардың*, суға толған сабасы («Үш ғасыр жырлайды»).

**Жазғыш, жазарман.** *Тез жазып тастайтын, қаламы жүйрік.* Мұны сипаттау үшін Бейімбеттей *жазғыш* болу керек (Х. Есенжанов). Кейбір оқушылар мақаланы жазып тастап, аяғын тұмандатып жіберген *жазармандарға* өкпесін айтыпты (Ж. Молдағалиев).

**Жаздығүні, жазда.** *Жаз айлары мезгілі.* Бірақ *жаздығүні* аю інінде болмайды (С. Бегалин). Әйелдеріміз баласынан шыға алмайды да, *жазда* балықты жалғыз аулап келеміз (Т. Ахтанов).

**Жазмыш, жазу, жазылмыш сөйл.** *Маңдайға жазған тағдыр, бұйрық.* Егер сен осыған тұрсаң, мен *жазмыш* салған ауыртпалықтың қандайын болса да көтеруге бармын (С. Жүнісов). *Жазу* солай болды, балам, тағдырдың ісіне шара бар ма, – деді қария («Жас Алаш»). Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, бәрі де маңдайға *жазылмыш* (Т. Әлімқұлов).

**Жазу, жазба.** *Қағаздың немесе басқа нәрсенің бетіне түсетін шартты белгілер мен графикалық таңбалардың жүйесі.* Осы кезде



халыққа жұмбақ болып келген ескерткіштегі екі жазу оқылды (Д. Досжанов). Ерте заманнан жазба деректерге қарағанда сорпаның қырықтан аса түрі бар көрінеді (С. Қасиманов).

**Жазық, мидай, тегіс, тақтайдай.** *Кедір-бұдырсыз, теп-тегіс аймақ.* Ұшы-қиырсыз көз жетпейтін Тарақты жазығына үлкен бір жасыл көрпе жаза салған секілді (З. Ақышев). Біздің елде тайга жоқ, кең, *мидай* дала болады (Б. Момышұлы). Ауылдың қазіргі Елжас тұрған беті ақ көделі далаға жалғасатын ойпаң, дөңесі жоқ *тегіс* жер (А. Жақсыбаев). Төселген *тақтайдай* тегіспен зымыраған машина аттан озып кетті (С. Мұқанов).

**Жазықсыз, жазасыз, айыпсыз, бейкүнә, кінәсіз, кінәратсыз, нақақ.** *Кінәсі жоқ, күнәдан пәк, жазықты емес.* Бүгінге дейін талай *жазықсыз* тірі жандының тіршілік тынысын жойған жыртқыш қазір сұлап жатыр (Р. Райымқұлов). Бөкенді атып мерген өлтіргенде, *жазасыз* жан өлді деп, ойлай ма екен? (С. Сейфуллин). *Айытсыз* сіз ата-ананың сіз баласы, Түбінде тамам жұрттың сіз анасы (С. Торайғыров). *Бейкүнәні* тонаған, Бейбіт елді талаған – Қарақшыға қанішер еш рахым болар ма? (Жамбыл). Қапан болыс Баранқұлдың бес баласын бірдей ұлыққа *кінәсіз* ұстап беріп жазалайды (М. Әуезов). Бәрі де *кінәратсыз*, қитықсыз өтіп жатыр (Ғ. Мүсірепов). Мұңайма, ісің ақ, *нақақтан* келгеніңді естідім (Б. Әшімов).

**Жазықсыздық, айыпсыздық, бейкүнәлік.** *Жазықсыз болушылық, кінәсі жоқтық.* Өлеңдерінде өзінің *жазықсыздығын*, қара ниет Қарабайдың көрсетуімен жатқандығын баяндайды (Ә. Бектасов). Бір кезде қатал, әрі мейірімсіз болып көрінген Молдаш байқаймын, менің *айытсыздығыма* сенетін сияқты (Ж. Молдағалиев). Көз ашып, жарық дүние көрген бесік, *бейкүнәлік* пен сәби шақтың, періште кездің сүт иісі шыққан бесігі (С. Бакбергенов).

**Жазықты, айыпты, кінәлі, жауапты, істі, жазалы, күнәлі, жазықкер** *сөйл.* *Жарамсыз іс-әрекет жасаған, тәртіп бұзған.* Сол жылғы егінді өртеп жіберген *жазықты* жанды Қарасай ғана біледі (С. Жүнісов). Осы бір келеңсіз кешкі уақиғаға өзіміз *айыпты* адамдай бәріміз үнсіз келеміз (Ә. Сәрсенбаев). Кезекші мұғалім *кінәлі* адамдай пәлен дей алмай, тартына берді (М. Иманжанов). Хасен мырза *жауапты* болып, жер ауып, үш жылдай елде болмады (С. Бегалин). Сөйтіп жүргенде бастығы *істі* болды да, құрылыс материалын шопанға сатқаны үшін тергеуге алынды (Т. Әлімқұлов). *Жазалы* адамды жазаландыратын пәтуалы, әділ сотты, күшті үкіметті табу қиын бола бастады (С. Сейфуллин). Жұрт алдында да, Құдай алдында да *күнәлі* болатын жайым жоқ (Х. Есенжанов). Таңдайы тақылдап *жазықкерге* билік құрған, қу көмейін жалғыз сәт ұмытып көрмеген дүниеқоңыз жан (О. Сәрсенбаев).

**Жазым, жазатайым.** *Кенеттен болған бақытсыздық, ауыр жағдай.* Түні бойы өстіп адасып, ауыл таппаса, *жазым* болатынына

да көзі жетіп, есі кете бастады (Б. Соқпақбаев). Егер шал *жазатайым* болып кетсе, екі баланы қалай асыраймын деген уайым ішіне сыймайды (С. Шарипов).

**Жай, жасыл, найзағай, нажағай, жасын сөйл.** *Жауын-шашын кезінде аспан кеңістігіне жиналған электр зарядтарының соқтығуынан пайда болатын күшті жарқыл.* *Жай* дегеніміз – шын мәнісіне келгенде, екі бұлттың арасындағы электр заряды («Шопан серігі»). Естілді ат дүбірі тасырлаған, Кем түспей жазғы жайдың *жасылынан* (С. Мәуленов). Бертін келе *найзағайдың* электрден келіп шығатынын көптеген ғалымдар түсіне бастады (Қ. Әбдіғапаров). Кенеттен қою қара бұлт аспанды қаптап, *нажағай* шатырлап, нөсер құйып береді (М. Мырзағұлов). Осы мезетте дәл төбемізден жарқ етіп *жасын* ойнады да, артынша үлкен бір бөрене морт үзілгендей күн шатыр ете түсті (С. Мұратбеков).

**Жай, сылбыр, марғау, самарқау, мимырт, солбыр.** *Асықпай-саспай ыбылжып қана, ілбіген шабан қимылмен.* Ат *жай* ғана басып жүріп келеді (М. Әуезов). Салт адам көзіне шалынған үш кісіге *сылбыр* аяңмен жақындады (С. Мұқанов). Тапсырған ісі орындалмаса, бастық ашуланады, *марғау* қимылдайтын жұртты айыптайды (І. Омаров). Ерғожа біраздан соң ғана *самарқау* бұрылып, екеуімізге алма-кезек қарады (Ғ. Сланов). Әжімгерейдің келіні *мимырт*, өнімсіз кісі көрінгенмен, тыңғылықты еді (Ж. Нөжімеденов). Соғысқан соң шығын шықпай тұра ма? Осы өледі мен білсем, *солбыр* шығар басын күте білмейтін (Ә. Тәжібаев).

**Жайбарақат, бейбіт, қамсыз, жайуат, жайқуат, беймарал жерг.** *Ешбір алаңы жоқ, қаннен-қаперсіз, тыныштығын бұзбаған күйде.* Поселке өзінің күндегі қалпындағысындай тып-тыныш, *жайбарақат* жатқан тәрізді (І. Есенберлин). *Бейбіт* жатқан Отанға салғанда көп жау бүлік, Қанын қайнап жапанда, қарақшыға жан күйіп (Жамбыл). *Қамсыз* жатқан қалың ел дер кезінде хабарланып, жауға қарсы аттанатын болған (Т. Жанұзақов). Сөзінің ішіндегі ызғарын бүркеу үшін даңғыл Ноғайбай күлімсіреп, *жайуат* баяндады (С. Талжанов). Шоғырланған көп малды емес, *жайқуат* жатқан шағын ғана ауыл (С. Бегалин). Олар үйдің үстіне шықса, мұржаның үстінде қаннен-қаперсіз *беймарал* біреу отыр (Ә. Бектасов).

**Жайғастыру, жайластыру.** *Жөнге келтіру, реттеу.* Сен отыра тұр, мен кей шаруаларымды *жайғастырып* келейін, – деді Курагин Шыңғысқа (С. Мұқанов). Жәнібек заттарын *жайластырып*, костюмын шешіп, іліп қойды да, терезенің пердесін ысырып, Алатау жаққа қарады (Қ. Жұмаділов).

**Жайдақ, жадағай, жайма, жайпақ, жайпауыт, жайпуат сөйл.** *Тегістеу келген жазық, жайпаңдау.* Бұл бұрын көркем әдебиет пен оқу құралын сататын саманнан салынған *жайдақ* төбелі бөкене үй болатын (С. Жүнісов). Жетісай даласына дейін құйын ғана ұйтқыған *жадағай*

жалпақ дала екен (С. Мәуленов). Бодман ескекшілерге қайықты судың *жайма* тайыз жағына қарай бұруға бұйырды (С. Мұқанов). Жары тік, тасты жаға төмендеген *жайпаққа* айналғанда арғы қабақта жылқының жаңа іздері көрінеді (Ф. Мүсірепов). Серәлі өзенді бойлап *жайпауыт* жерін тапты (Т. Ахтанов). *Жайтуат* суатқа туралап келген келіншек арна ішінен жайын ойнағандай салдыр естіді (Н. Серәлиев).

**Жайдары, жарқын, ашық, жадыраңқы, жарқылдақ, ақбейіл, марайма, жайпаң.** *Тұйық мінезді емес, аңқылдаған ақ көңіл.* Ал Гусев болса уайымы жоқ адамдай *жайдары* мінезінен танбайды (Т. Ахтанов). Туыскандары Абайды *жарқын* жүзбен қуанып қарсы алды (М. Әуезов). Рабиға *ашық* шыраймен үй қожасы әйелдің қалпына толық түсіп, шай әзірлеп жүр (Б. Майлин). Елді сағынған ауыл адамдары Оспан мен оның қасындағы жолдасы Дарқанды көңілді, *жадыраңқы* жүзбен қарсы алды (М. Әуезов). Ол жайшылықтағы *жарқылдақ* өзілқой қалпымен емес, ақырын ғана ықылассыз жымып қойды (І. Қожабаев). Ақылды деп, арлы деп, *ақбейіл* деп, Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп (Абай). Қадірхан ақын жігіттің *марайма* мінезін танып қалды (Д. Досжанов). Назымның кудай *жайпаң* жеңгелері («Қамбар батыр»).

**Жайласу, орналасу, орнығу, жайғасу.** *Мекен-жайға орын теуіп тұрақтау.* Әбдіжан Есенқұловтың көңілдегідей орналасып, *жайласқанын* көріп, директор совхоз орталығына қайтты (С. Бегалин). Балқыбай аулынан кеттім де, Жуанағаш аталатын ауылға *орналастым* (С. Мұқанов). Жаңа мекен еткен жеріне *орныққан* соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтті (Ы. Алтынсарин). Костя Сариков бізді мейманханадағы *жайғасқан* нөмірлерімізге дейін шығарып салды (Ә. Шәріпов).

**Жаймалау, тегістеу, жайдақтау.** *Ой-шұңқырын түзеп, теп-тегіс ету.* Хасен баласының арбамен өкелген топырағын төккізіп алып, жөндеп *жаймалап* тұр (С. Сейфуллин). Борасын қарлар шұқырларды нығарлап толтырып, жер бетімен бірдей ғып *тегістеп* жатыр (Ә. Нұрпейісов). *Жайдақтаған* жауыр болады, Жабдықтанған тәуір болады (Қ. Айнабекұлы).

**Жаймашуақ, жайсаң, мамыражай, мамырлы, мамыра, мамырстан, мамырайқап** *сөйл.* *Жадыраңқы, жылы лебіді, тыныштық орнаған.* Әлі ыстығы қайта қоймаған *жаймашуақ* қоңыр күзге салым болатын (Ө. Тұрманжанов). Көктем – барша тіршілік иесіне қуаныш, үміт әкелетін жақсы, *жайсаң* мезгіл (О. Сәрсенбаев). Ей, асау Ағарыс сенің *мамыражай* баз кешуің сондай қысқа екенін білесің бе? (О. Бөкеев). Ақыры жаздың *мамырлы*, жайсаң күндерінің бірінде кеме Натальяға жақындады («Зерде»). Айналайын табиғат – ананың жан сейілтер, көңіл қарлығашын еркін самғатар *мамыра* шағы бір (К. Ахметбеков). Мейірбан мінезді, майда лепті *мамырстан* майдың ақтаңдақ таңы рауандап атып келеді (С. Сейітов). Сіз менімен боларсыз, қазір соғыс уағы емес, *мамырайқап* заман ғой (Е. Тоқтасынов).

**Жайпау, жаусату, жамсату, жапыру, жайрату.** *Жапнай қыру, тып-тыпыл етіп жойып жіберу.* Қарсы алдында көп жаумен бір өзі айкасып, бәрін де *жайпап*, қырғын далада жалғыз қалған батырдай қалжырап күйші отыр (Ә. Кекілбаев). *Жұрт жаусатып* жапан түзде жайлаған, Ата-бабам мұңын шағып зарлаған (Ж. Өмірбеков). Қоян аулаған болып жүріп, бүгінгі келетін жендеттерді қалай *жамсатуды* кеңесеміз (Ә. Әбішев). Қызыл Армияның шабуылы жолындағы жау күштерін, техникасын жаныштап, *жапырып* отырды (К. Қайсенов). Ол жау ордасын *жайратып*, жеңіспен елге оралып, Сырдария бойында жемісті еңбек етіп жүр (С. Мәуленов).

**Жайран, қарақұйрық.** *Киік тобына жататын әдемі тұз жануары.* Алтай тауының жазық далаларында түйе, *жайран*, бөкендер үйір-үйірімен қаптап жүретін (Н. Бекмаханов). Бұл таудың күнгеі жақ баурайындағы далада *қарақұйрық* көп болады («Соц. Қаз.»).

**Жайраңдау, жайнаңдау, жайтаңдау, жарқырау, қайнаңдау қарап., жайрау сөйл.** *Көңлі тасып жайраң қағу, ойнақшып құбылу.* Амантай Итбайдың бетіне қараса, сәті келді дегендей кескіні *жайраңдап* тұр екен (С. Мұқанов). Оспан жерден жеті қоян тапқандай *жайнаңдап*, түйіншекті шешті (С. Омаров). Келіншектің әлгінде ғана *жайтаңдап* тұрып, енді солғын тарта өзгеріп кеткенін байқаған жігіт ойланып қалды (Ш. Құмарова). Қонақтар келе бастағаннан-ақ бұл үйдің іші де, адамдары да біртүрлі *жарқырап* кеткендей (Ш. Құмарова). Кейде жетіліп, омырауын көтеріп, Ала тазыдай *қайнаңдап*, Балақаздай байпаңдап ұнатушы еді кабинетке кіргенді (А. Тоқмағамбетов). Қара сақал қазақ ақ киізді вагонның бір жағына жайып тастап, өз үйіндей *жайрап* отыр (Ф. Мұстафин).

**Жайсыз, қолайсыз, ыңғайсыз.** *Көңілге қонымды емес, жайлы емес.* Жәния оның мына бір *жайсыз* оқиғаның үстіне тап болғанына іштей қысылып қалып еді (С. Шәймерденов). *Қолайсыз* жағдайдан мені құтқарып алғысы келгендей, әкем сөзге араласты (Е. Мырзахметов). Ал жоғары білімді бүгінгі қыздың сүйген жарына мұнша дөрекі кетуі *ыңғайсыз* (Р. Нұрғалиев).

**Жайшылықта, әншейінде.** *Жай уақытта, әншейін кезде.* *Жайшылықта* ел көзіне жарқырап түсе бермейтін қарапайым қазақ қызы осы арада қараңғы түндегі найзағайдай атылды (С. Омаров). *Әншейінде* шыдамды жылқы дәл бұл уақытта ыстықты шын ауырлап, мең-зең болып тұрғандай (М. Әуезов).

**Жайылым, өріс, жайылыс.** *Ауыл маңынан шалғайлау оты мол өрістік жер.* Қыстаудың ортасындағы кең көшемен бақташы көп сиырды *жайылымға* айдап барады (А. Сыдықбеков). Базекен аулының *өрістен* қайтқан сиырлары бақайлары сыртылдап ауылдың түс-тұсынан аңдап тола бастады (Б. Майлин). Мынау көрінген қоңыр тауда қыста қар жатпайды. Күнгейдің бөрі *жайылыс* болады (І. Жансүгіров).

**Жайын, лақа.** *Басы үлкен, ірі жыртықш балық.* Шабақты алабұға, алабұғаны шортан, шортанды *жайын* жеңді, адамдар да сол сықылды (О. Ахметов). *Лақа* – бауыры теңбіл келген, басы жалпақ, мұрты бар, қоңыр түсті үлкен балық («Ана тілі»).

**Жайында, жөнінде, туралы, жайлы, турасында, хақында, тарапты.** *Бір нәрсе төңірегінде, соған арналған.* Аңшылар шөл даланың кемесі түйе туралы, тау қырындары *жайында* нелер қызық әңгіме шертеді (С. Мәуленов). Саржанның бұл *жөнінде* ұстаған жолы оған жұмбақ (І. Есенберлин). Енді пролетариат бағытындағы жазушыларымыз *туралы* бір-екі сөз айта кетейін (Ғ. Мүсірепов). Меніңше, бүгінгі сөз өндіріс мәселесімен бірге диқанның рухани бейнесі *жайлы* болуға керек еді (С. Сарғасқаев). Училище басшылығы осы бір оқиға *турасында* әскери штабына түсініктер жазуға дейін барды (С. Нұрмағамбетов). Акулаға аққайран, Аққайранға акула Ескертпейді ешқашан Борыштары *хақында* (К. Баянбаев). Тіпті мен Қазизен *тарапты* қателесіп-ақ қояйын (Е. Мырзахметов).

**Жақ, тұс, тарап, маң, маңай, шен.** *Белгілі бағдардағы кеңістік пен жер, айнала төңірек.* Ауыл *жақтағы* белестен шыға келген үш салт атты Төрекелдінің басынан бір ойды сілкіп тастады (М. Иманжанов). Аурухананың ауласындағы отырғыштардың *тұсына* келгенде Алма алға оза берген мені тоқтатты (Т. Әбдіков). Муссон дегеніміз жаңбырлы айларда тек қана Үнді мұхиты *тарапынан* соғатын желдің аты (Қ. Сатыбалдин). Бұл *маңдағы* қазақ көршілерінің әйелдері Дөмежанды аса жақсы біледі (М. Әуезов). Әзілқой, қуақы адамның *маңайына* жанап кетсең-ақ күлкіден аузыңды жиғызбайды (Н. Келімбетов). Ұры-қары, түн жамылған қаракшылар *шенімізден* аттай алмайды (Қ. Толыбаев).

**Жақ-жақ, жік-жік.** *Бөлек-бөлек болып жіктелу, бөлек топ құру.* *Жақ-жақ* айтыс, өнер жарысы, ортаға палуандар да шықты («Лен жас»). Ежелгі сақ, скиф, оғуз, одан бергі *жік-жік* жүзге, ру-руға бөлініп кеткендердің баршасы біздің ата-бабаларымыз еді (Д. Досжанов).

**Жаққыш, жағымтал.** *Адамдардың көңілінен шыға білетін, адамдар ұнататын.* Сәлімжан – адамдармен тіл табысып, сөйлесе беретін, кісіге *жаққыш* азамат, – деді директор («Жұлдыз»). Өткен күзде ғана келген жас жігіт өзінің *жағымтал* мінезінен елдің ойынан шықты («Түсіндірме сөздік»).

**Жақсару, оңалу, түзелу, жөнделу, дұрысталу, тәуірлену.** *Оңдалып қатарға қосылып жетіліп кету.* Қадишаға үйленгеннен кейін Мұхамедтің тұрмысы *жақсарған* (М. Тоқжігітов). Тұрмысымыз кәдімгідей *оңалып*, аз уақыттың ішінде үйімізге дүкеннен бірсыпыра бағалы заттар кіріп үлгірді (Б. Сокпақбаев). Еңбекпен *түзелген* талай байларды көріп жүрміз, меніңше, Төлебайды колхозға алу керек (С. Мұқанов). Ол байғұстардың мұнда келгенде тұрмысы қайбір *жөнделіп* кетер деп ойлайсың (Ж. Өмірбеков). Ол заманнан бері талай

рет *жөнделіп*, іші-сырты сыланып, *дұрысталған* (Ғ. Қайырбеков). Қазір пақ өзіндей үлгермегенімен, бәрі де бірқыдыру *тәуірленіп* қалғанға ұқсады (Ө. Қанахин).

**Жақсы, тәуір, әжептәуір, керім, келісті, әйбат сөйл.** *Көңілге ұнайтын, мақтауға тұрарлық.* Баланың *жақсысы* – қызық, Жаманы – күйік (Абай). Ата-анасы да *тәуір* адамдар, өзі де әжептәуір жігіт (Қ. Мұхамеджанов). *Әжептәуір* бала көрінеді, Кенжебек мұны қайдан тауып жүр? (А. Хангелдин). Шыбындай талай *керім* аттар келед Бос мойын, бота тірсек, қамыс құлақ (Ж. Саин). Сабырсыз, салмағы жоқ түрің мынау, *Келісті* кеңес шықсын қай тұлғаңнан («Айттыс»). Кейде бір жақсы көретін, іш тартатын адамыңмен үлдемей-ақ жәй отырғаныңның өзі *әйбат* (Т. Ахтанов).

**Жақсылық, оңдылық, тәуірлік.** *Жақсы болушылық, жөні түзулік.* Сол айтқандай, баспадан шығып жатқан кітаптың *жақсылығы*, жамандығы оз алдына әңгіме («Қаз. әдеб.»). Онысы – жайылым жайы, отар жайы, қора *оңдылығы*, қой қондылығы («Шопан серігі»). Нүреке, менікі әншейін әзіл ғой, құсыңыздың *тәуірлігіне* талас жоқ (Ө. Көшімов).

**Жақтау, қорғау, қолдау, қоштау, қостау, құптау, мақұлдау, қуаттау.** *Біреудің іс-әрекетін, пікірін дұрыс деп табу, сөзін сөйлеу.* Зұлқияның ұсынысын сессияға қатысқан көп депутаттар *жақтады* (М. Иманжанов). Қадшаның мінезін білетіндер Айманкүлді *қорғап*: «Пейілінен тапты дейсің бе?» – десті (Б. Тілегенов). Механизаторлар істің мәніне түсінгеннен кейін бірден *қолдап*, қостап кетті (Ә. Нұршайықов). Меніңше, негізінен дұрыс шешім қабылдағансыз, генерал да *қоштар* деп ойлаймын (Б. Момышұлы). Меніңше, осы пікірді қазір отыз-қырықтағылар, ой түйген азаматтар *қостар* еді (М. Әлімбаев). Бұл атауға Рамазан да, басқалар да қарсы болмай, *құптау* айтты (М. Ғабдуллин). Жиналыста Тұрсынбай сөйлеген кезде отырғандардың айызы қанып, бас иұлғып, *мақұлдап* отыратын (А. Жақсыбаев). Жұмысшылар бірінен соң бірі шығып сөйлеп, комиссарды *қуаттады* (К. Сейдаханов).

**Жақтаушы, қолдаушы, қостаушы, қуаттаушы, мақұлдаушы, жоқшы.** *Бір нәрсені құптап, қуаттаушы.* Өзін *жақтаушылар* жағында айтысқа шешініп түскен жалғыз редакторы еді (З. Шүкіров). Аста жүйрік ат емес, кімнің ат тартушысы, *қолдаушысы* көп болса, соның аты келеді (Ғ. Нұрпейісов). Бұл олардың «тың бастаманы *қостаушы* ғана емес, атқарушы боласың ба?» дегені ғой (Д. Сапаров). Жиналған жұрттың ішіндегі аз ғана сол жаңа жолда *қуаттаушылар* болмаса, өзге әлеумет пьесаны жамандады (С. Сейфуллин). Серікбайдың бастамасын қолдап, жүргізген іс-шарасын *мақұлдаушылар* аз болмады («Жас Алаш»). Содан бері егі тірі Сұлтанмен тізе қоса отырып, Балта ауылының *жоқшысы* болдым (С. Жүнісов).

**Жақтырмау, жақмау, жаратпау.** *Дұрыс көрмеу, ұнамсыз деп табу.* Басқа бөлмеден есік ашып қараған Сүлеймен мұны *жақтырмады*

(Ж. Жұмаханов). Бірақ бала оны *жақмай*, жорғалата жөнелді (Б. Қыдырбекұлы). Тергеуші капитан қарсы алдына оны отырғызып, *жаратпаған* ниетпен шұқшия қарады (М. Қосшығұлов).

**Жақын, таяу, таман, жуық, тақау.** *Екі аралығы алыс емес, қашық емес.* Жақын қалды деп ойлап ем сол тауға жетуге Салтанатпен өз еркіммен сауық сайран етуге (Ж. Сыздықов). Сіздерде ұйымдасып қызық кітап оқу деген бола ма? – деп сұрадым *таяу* отырған біреуінен (С. Мәуленов). Құнанбай қарсысына *таман* отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйледі (М. Әуезов). Байтабан таңға *жуық* шыдай алмай, ұрлана басып келіншектің үйіне қарай беттеді (І. Есенберлин). Ел қыстау іргесіне *тақау* қонған (С. Омаров).

**Жақындағыш, жанасқыш.** *Жақындай бергіш, жуықтай түсетін.* Маған *жақындағыш* болып кетті, бір нәрсені сұрайын деп жүрген шығар, – деді Жамал («Қазақст. әйелд.»). Нұрым бірден-бірге қара жігіттің ақылды және адамға аса *жанасқыш* екеніне көзі жете бастағандай болды (Х. Есенжанов).

**Жақындастыру, жағыстыру.** *Арақатынасын жуықтату, туыс адамдай етіп табыстыру.* Ашық өңгіме екі жастың арасын көптен бері таныс адамдай *жақындастырып* тастады (Т. Ахтанов). Ауыл әдетінде қыз бен жігіттің арасына жеңгелері жүріп, егер *жағыстыра* алса, алымға молығып қалады екен (С. Мұқанов).

**Жақындау, тақау, таяну, таялу, жуықтау, маңайлау, жетіңкіреу.** *Жақын келу, таяп қалу.* Біз биікке *жақындағанда* алты тазы бірінің соңынан бірі тізіліп биіктен асты (Қ. Тайшықов). Жау ес жинап, жан-жағынан қапталдап, әсіресе арт жағынан *тақап* қалды (Ғ. Мүсірепов). Ол білген жоқ, үйіне *таянғанда* ғана жалт қаран, менің қатарласып қалғанымды көрді (Ж. Өмірбеков). Мектепке *таялғанда* бұлардың алдынан орта жастағы әйел – Сәлімнің мұғалімі күліп шығып қарсы алды (Н. Ғабдуллин). Уақыты жақындап, практикасы бітер сәт *жуықтаған* сайын әлденеге тынышсызданып, өз-өзінен дегбірсізденіп қалатын болып жүр (С. Сматаев). Көлікті кісі түгіл жалғыз-жарым жаяулар да теңіз жағасына *маңайлап* бара алмайды (Ә. Нұрпейісов). Арттағылар *жетіңкірегенше* тоса тұралық, әйтпесе бізден көз жазып қалар, – деді Нұрлан («Қаз. әдеб.»).

**Жақындық, жуықтық.** *Жақын болушылық, алыс еместік.* Осы теміржолмен өтетін поездар үшін *жақындығы* жағынан Екібастұз көмірі таптырмайтын арзан отын еді (Қ. Исабаев). Ондайда үстелдің көлемдік мағынасы солғынданған *жуықтық* не қашықтық сана ретінде қолданылады («Қазіргі қазақ тілі»).

**Жалаңаш, жалаңқай, жадағай.** *Бетінде қылтиғаны жоқ, тақыр.* Өзенсіз, таусыз яки ормансыз *жалаңаш* дала шөлдеген соң шаңыға бастапты (Ғ. Мұстафин). Жол ұзақ, елсіз үстірт панасыз, *жалаңқай* бұл беткейге көліктің жол тартып шығуы сирек болатып (С. Әлжіков). 1950 жылға дейін *Жетісай* жері құйын ғапа ұйтқыған *жадағай* жалпақ дала екен (С. Мәуленов).

**Жалаңғабат, қоңылтақ, қоңылтаяқ.** *Жұқа, астарсыз.* Қоқанның *жалаңғабат* шапанындай, Жырымның ұнатпаушы ем құрғақтарын (Жамбыл). Сырбай жалт қараса, ішігін *қоңылтақ* киіп, шығып келе жатқан Анатолий екен (С. Мұқанов). Төсектен түсіп, босағадан сипалап жүріп, кимін тауып, *қоңылтаяқ* киіп, сыртқа шықты («Қаз. әдеб.»).

**Жалап-жұқтау, сыпырып-сиыру.** *Жұғын қалдырмай тақырлау, түк қалдырмай жалап-жұқтау, тақырлау.* Шешем кебекті ұшырып болғаннан кейін, Алыпсоқ түгін қалдырмастан *жалап-жұқтап*, сылқытып тұрып соғып алды (Ө. Қанахин). Жеңгесінің алдына жайып салғанын түгел *сыпырып-сиырып* жеп, жатып қалды (С.Аққошқаров).

**Жалған, өтірік, бояма, жасанды, бекер.** *Шынайы емес, рас емес, өңі боялған, көз алдағыш.* Орыс адамында *жалған* сыпайылықты керек қылмай, нені болса да бадырайтып бетке айтатын бір мінез бар (Ғ. Мүсірепов). *Өтірік* лақап тарату жаудың бір әдісі екенін Тоқаш да, Ораз да түсіндіріп еді (Ж. Арыстанов). Жүректің сөзін сөйле тіл, *Жалғаны жоқ бояма* (Абай). *Жасанды* сақал байлап қарт түріне енген Майлыбаев өткен күннен бері Петрушкин үйіне қатаң бақылау қойдырған (К. Тоқаев). Жұрттың Дәуғараның бала-шағасы бар екен деп жүргені *бекер* болып шықты (О. Сәрсенбаев).

**Жалғасу, ұласу, ұштасу, шектесу, астасу, сабақтасу, жіптесу, тұтасу.** *Бір-бірімен байланысты болу, өзара бірігіп, біте қайнасу.* Бес-ақ тиынны билет боп, қалғаны қолдан-қолға *жалғасумен* иесін табады (Ғ. Сланов). Сұрқай аспан мен ақсұр дала *ұласып*, кілегей сұйық сұрғылт бір бояуға батқан (М. Әуезов). Мереке мерекеге жалғасса, табысқа табыс *ұштасты* (З. Қабдолов). Созақ – Шымкент облысының шалғай терістігіндегі атақты Мойынқұм өңірімен *шектесіп* жатқан шет аудан (С. Байжанов). Аспан мен жер *астасып*, Алай-дүлей борайды, Шылбырынан ұстасып, Алға адымдап қарайды (С. Мәуленов). Қант өндіру процесі бір-бірімен *сабақтасып* жататын сатылы жұмыс екеніне көзіміз жетті («Қазақст. әйелд.»). Ойдың сілемі білінсе-ақ ар жағын өзі *жіптестіріп*, жалғап әкетуге Жақыпбектей қабілетті адам сирек кездесер еді (М. Иманжанов). Бұл таудың басы адыр-адыр болып келеді де, одан соң жалпақ жон болып *тұтасады* (Ө. Нұршайықов).

**Жалғыздық, жалқылық, даралылық.** *Жалғыз қалғандық, жалқы болушылық.* Қасірет екен *жалғыздық*. Сен барда мынау қос бөлме Ұқсайтын қазды қос көлге, Құлазып қалған секілді (Ф.Оңғарсынова). Жалғыз-жалғыз жүргенше, *Жалқылықты* көргенше, Дос болып бірге тұрайық, Ұзақ өмір сұрайық (Ө. Тұрманжанов). Бұрын көрмеген үлкен қалада көпке дейін *даралық* өмірдің жаншуында болдым (С. Бегалин).

**Жалғызсырау, жалғызсу, қарасырау, жетімсіреу.** *Жоғының орны толмай, көңілі жабығып өгейсу.* Өстіп *жалғызсырап* жүргенінде еркепазыңды көтеретін досың болу – дүниенің рахаты емес пе (А. Байтанаев). Өзің кейде үйде жоқта *жалғызсымын* жалығып (Ө. Жайлауов). Қаладан шықпай жатып *қарасырап* аяғын баспай тұрып алды



(Ә. Нұрпейісов). Жолтай шығып кеткен соң мен біртүрлі *жетімсіреп* қалғандай болдым (Қ. Сатыбалдин).

**Жалдау, кешу.** *Терең суды кешіп жүру.* Қатын-қалашы, кемпір-шалы аралас топ-топ адам су *жалдап* шұбырып келеді (Қ. Сатыбалдин). Ер басына күн туса, етігімен су *кешер* (Мақал).

**Жалдау, майлау.** *Ақы төлеп, жалға алу, пайдалану.* Екі мыңнан астам үйі бар бұл болыста жүз елуден артық ауқатты шаруа кісі *жалдайды* (С. Мұқанов). Қора жалдап Бекей жүр, өзгелерден бүйірсіп, Ат *майлап* мініп әлі жүр. Мал тапқыш, асқан ұрысып (І. Жансүгіров).

**Жалқау, еріншек, кежір, шабан, қырсау, керенау, бойкүйез.** *Жұмысқа мойны жар бермейтін, іс-әрекет еткісі келмейтін, еріне беретін. Жалқауға* сөз, шабанға таяқ өтпейді (Мақал). *Еріншек* етікшіден елгезек масақшы артық (Мақал). *Кежірдің* ас ішкісі келгенмен, пештен түскісі келмейді («Шопан сырласы»). Адам атаулының мінезі бірдей емес, елгезегі де, *шабаны* да бар (С. Мұқанов). Бірақ Қазыбек елпілдек емес, *қырсау*, ықыласы түскенде ғана бірер қиссаны айтып береді (Ғ. Орманов). Кейбір колхоздың *керенау* басшыларының шаруашылықты бұдан былай басқаруға хақысы жоқ (Р. Бердібаев). Романды оқып шыққанда Обломов өзінің *бойкүйез* жалқаулығымен нақтылы тірі адамдай көз алдында тұрады (Қ. Жұмалиев).

**Жалқаулық, еріншектік, кежірлік, қырсаулық, керенаулық, бойкүйездік.** *Мойны жар бермеушілік, жалқау болушылық.* Абай заманындағы қазақтың көшпелі аулында болған *жалқаулықты*, еңбексіздікті ең алғаш өлеңмен сөз қыла бастайды (М. Әуезов). Адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: әуелі – надандық, екіншісі – *еріншектік*, үшіншісі – залымдық (Абай). – Әй, мұндар-ай, осы *кежірлігіңнің* жазасын тартарсың-ау түбінде (А. Нұрманов). Түп-түгел орнында тұр есен-саулық, Әйтсе де қозғалтпайды бір *қырсаулық* (Ә. Тәжібаев). Егіннің тез жиналатынын білген соң, енді *керенаулықтың* абырой бермесін түсінген-ді (Ә. Әлішев). Жалқаулық, еріншектік, *бойкүйездікті* бейнелейтін Обломов образы тәрізді жаман мінездерден біз қашамыз (Қ. Жұмалиев).

**Жалқаяқ, жалқақ.** *Денеді көлкілдеп тұратын сұйқылтым жалқылдаған нәрсе.* Көк ет қабынғанда кейде көк еттің бетінде көпіршіген *жалқаяқ* пайда болады (А. Даиров). Жамбасымдағы жараның ішін *жалқақ* ірін кеулеп, ыстығым көтеріліп кетті (З. Жәкенов).

**Жалма-жан, жан-дәрмен.** *Лездің ішінде, дем арасында, тезбете.* Әнуарды итеріп жіберді де, *жалма-жан* сыртта тұрған Еламанды ішке кіргізіп алды (Ә. Нұрпейісов). *Жан-дәрмен* суырып алып тамағына тақағанда, қараңғы түнде жарқ еткен семсерді көріп: – Ой, сен Жортармысың? – дегені (М. Әуезов).

**Жалмау, жұту, қақшу.** *Лып еткізіп ала қою, жоқ қылу.* От аяғы өртке айналып кетпек. Тез сондірмесе, есіл малды түп-тұянағымен *жалмап* кетпек (С. Жүнісов). Алғашқы үшеуін Англия, Италия, Франция

*жұтып* қойса, Кореяны Япония жұтып жіберді (С. Шарипов). Таксист екі сомды *қақшып* алып, лезде қонақүй аталатын жатаған тамның алдына апарып түсірді (С. Бердіқұлов).

**Жалпақтау, жалпағырақ. Біршама жалпақ.** Он сегіз үй ішіндегі ең бүтін және үлкендеуі ортада тұрған *жалпақтау* бес қанат үй (М. Әуезов). Еркектердікіндей емес, әйелдердің жамбасы *жалпағырақ*, қысқарақ келеді де, жамбас қуысы кеңірек болады («Адам анатомиясы»).

**Жалпылық, абстрактылық. Нақтылы еместік, жалпыламалық.** Сөйтіп оның өз басының нақтылығы *жалпылыққа* ауысады (С. Мәуленов). Кейбір жас ақындар өлеңдерінің қайдағы бір *абстрактылығы*, ой бұлыңғырлығы – жас адамның бойына қонбайтын жарамсыз жағдай (С. Мәуленов).

**Жалтақ, жасқаншақ, бүгежек, қорғаншақ, қорғанымпаз, именшек, қорғалақ, жалтаң, қорыншақ, сескеншек. Біреудің қабағына қарап, әр кез бұғып қала бергіш, табансыз, қорқақ.** Әлді адам шалқақ келеді, Әлсіз адам *жалтақ* келеді (Мақал). Қалай екенін қайдам, бұл *жасқаншақ* деп, Исабек сөзге қыстырылды (Б. Тоғысбаев). Сол үшін қамқор дос алдында *бүгежек*, қас алдында қаймыққыш («Қаз. әдеб.»). Тосын адамға ұяң, *қорғаншақ* көрінетін ересек қара бала өзі ұнататын аға алдында орнықты сөйледі (Ә.Көшімов). 1917 жылғы Ақпан революциясы қарсаңында *қорғанымпаз* қылықтан толық қол үздік («ҚСЭ»). Ал одан сескеніп, *именшек*, қорғалақ болсаң, онда тіпті оңбайсың (Т. Ахтанов). Сен басар ізінді батыл баспай, қорқа соғатын *қорғалақ* әдетіңнен айырылмай-ақ қойдың-ау (А. Байтанаев). Қалтай ерте күннен *жалтаң* болып өскендіктен, мырзасының жанын ауыртатын сөздерді айтпайтын (М. Әуезов). Ол өз-өзін қайрағанмен, көңілінің бір қыртысында *қорыншақ* жалтақтық та бұғып жатыр еді (Ә. Сараев). Нағыз өнер қуған адам бетті болушы еді, ал бұл *сескеншек* («Қаз. әдеб.»).

**Жалтақтау, жасқаншақтау, бүгежектеу, қорғаншақтау, қорғалақтау, қорыншақтау, именшектеу, жалтаңдау, қорқақтау, жауғандау, бұқпантайлау, жапақтау. Жасқаншақтық білдіру, беттемей тайсақтау, бата алмау.** Біреудің қас-қабағына қарап, жетім балаша *жалтақтау* – шын ақынға, әр ақынға жат қылық (Д. Әбілев). Балаң жігіт сол қызда көңілі барын *жасқаншақтап* өзер айтты (З. Жәкенов). Бұрынғыдай *бүгежектеп* ұялуды қойып, ат ізін Мәмбет аулынан суытпай жиі қатынасатын болдым (С. Мұқанов). Енді сол емнің арты бұрын *қорғаншақтап* жатқан Базаралыны қатарға қоса бастады (М. Әуезов). Түрмені бұзғанымды етті ғажап, Бендеге өзім өлмей болман мазақ, Қиратып терезеден шық дегенде, Шықпады *қорғалақтап* орыс, қазақ (Балуан Шолақ). Мен сұмдық пималарымды балаларға көрсеткім келмей *қорыншақтап* отырмын (Б. Соқпақбаев). Жоғарыға иек артып, шаруаның тығызтаяң кезінде *именшектеп*, өз

бетінше шешім қабылдамайды (Ә. Нұршайықов). Малай Сәрсен дедектеп, жүгіреді қалтаңдап, сасып, қорқып басынан, бұйрығын істеп *жалтаңдап* (С. Сейфуллин). Елім-жұртым ақтарыла барын әкеп отырғанда, әлі де сенше *қорқақтап*, «тәубе-тәубе» деп жатайын ба (М. Әуезов). Ол ағаның әр қимылын бағып, әлі де кінәлі күйінде екі көзі *жаутаңдап*, бәйек болып отыр (Б. Ілиясов). Өйтіп *бұқпантайлап* өткен күні құрсын да дейді іштегі адал, адуын сезім (О. Сәрсенбаев). Тіпті ол Қаденмен кездейсоқ кезігіп қалса, кінәлі адамдай *жапақтап* карап, сасқалақтап қалатын (С. Ғаббасов).

**Жалтарғыш, жалтарымпаз, бұлтарғыш, жалтарма.** *Жалтара беретін әдісқой, епті.* Үлкендігі дала көгершініндей жағалтай басқа аң-құстарға карағанда *жалтарғыш* (Е. Байболов). Қосаяқ – аса жүйрік, *жалтарымпаз* аң (Ж. Орманбаев). Тазымен *бұлтарғыш* аңдарды аулаудың өзіндік қиындығы бар (С. Қасиманов). *Жалтарма* жоқ мінезім-бүкпелерім, қулықты қоқырсыған жек көремін (К. Көпішев).

**Жалтару, бұлтару.** *Алған бағытынан жалт беру, ицғыл бұрылу.* Кезенсе, жаза баспаған, *Жалтаруып* жаудан қашпаған, Қорамсағын байлаған, Жамбыдан оғы таймаған, Мергендер келсін тойыма («Манас»). Қашсам да қалай *бұлтаруып*, Қойдың-ау, Сәке, құтқармай (С. Мұқанов).

**Жалтырауық, жарқырауық.** *Жалт-жалт, жарқ-жұрқ еткен.* Шанадағы кісінің *жалтырауық* түймелерімен тұтасып кара шинельдің иық, омырау, жағасы тегісімен сап-сары ала (Х. Есенжанов). Жа-на жылда киімге себетін жалт-жұлт еткен ақ ұлпа, *жарқырауық* (С. Досанов).

**Жалшы, батырақ, малай.** *Байларға жалданып күн көретін, есігінде жүретін қызметші.* Большевиктер – қалың жұмыскерлердің, *жалшылардың*, кедейлердің тілегін көздегендер (С. Сейфуллин). Жалдағы *батырақтарын* шетке қойды да, өздері әйелдерге қарай баллаңданды (Ж. Арыстанов). Жаратылғалы кім көрінгеннің есігінде жүрген *малайға* қандай адам қызын берсін (І. Есенберлин).

**Жалыну, өтіну, жалбарыну, қиылу.** *Тіленіп-өтініп сұрау.* Өтірік айтып жағынғанша, шыныңды айтып *жалын* (Мақал). Барлауға шықпа, тынық деп бұйырсам да, Әлия *өтініп* болмады (Ж. Жұмаханов). Тұтқындар буындары дірілдеп, гвардия капитанына *жалбарына* қарайды (Ә. Сәрсенбаев). Қыр астынан шуақ шашып, Келе жатты күн шығып, Омырауға құлап шашым, *қиылып* ем қымсынып («Ақын жырлары»).

**Жамағат, жамағайын, қабырға ағайын.** *Аздаған жақындық, жанама туыс.* Байсақал *жамағатына* қарады, мұнысы «қымыз құй» деген ишараты екенін түсінді тоқал (С. Талжанов). Тәжірдің жақын туыстары мен бір *жамағайындары* кара шаңырақта бас қосысты (Т. Әлімқұлов). *Қабырға ағайын* Ақайдың Хасені Мәдидің кішкентай күнінен бастап осы Қақабайға қандай қарсы істер істеп жүргенін білетін (Ә. Бектасов).

**Жаман, нашар, жөндеу, жөндекі.** *Ұнамды емес, жағымсыз, көзге қораш. Жаман* әдеттерді жою адамның өзінің жеке басына байланысты (Б. Тұрсынбаев). *Нашар* диханның сай жері көлдейді, дөң жері шөлдейді (Мақал). Обалың Есімбек пен Тұрысбекке, Жігітің *жөндеу* екен, ей, бейшара («Айтыс»). Түстеріне, жөніне қарағанда екі жігіт Бақтығұлдың кісі ғұрлым көрмейтін әлсіз, *жөндекілеу* жігіттері еді (М. Әуезов).

**Жамандау, жаманырақ, нашарлау, нашарырақ, жөндекілеу.** *Оншалық жақсы емес, айтарлықтай нашар, сапасы төмендеу.* Александр патшаға Шоқан жөнінде бір жағымсыз, *жамандау* сөздер үстін-үстін дүңкілдеп келіп жатқан (Б. Соқпақбаев). Біздің фельетонымыздың биті мұнан гөрі күресуге қиынырақ, жабайы биттен *жаманырақ* биттер (І. Жансүгіров). Енді араздаспайық, мінезімнің *нашарлау* екенін байқаған боларсың (Х. Әдібаев). Балаңыздың сабақ үлгірімі былтырғыдан гөрі *нашарырақ*, – деді Сағидың мұғалімі («Қаз. әдеб.»). Сонда қырдан келген *жөндекілеу* арбаның кейде мұрындығы шығып кетіп, кейде дөңгелегі шойырылып, білігі сынып қалады (М. Әуезов).

**Жамандық, нашарлық, Жаман болушылық.** Дүрс-дүрс соққан жүрегім бір *жамандықтың* боларын сезгендей ме, немене (І. Қожабаев). Күнің бар, ғұмырың бар көп жасарлық. Болды үйір қайдан ғана бұл *нашарлық* (Қ. Аманжолов).

**Жаман-жұман, жаман-жәутік, ескі-құсқы.** *Тозығы жеткен, істен шыққан, жарамсыз болған.* Үсті-бастарына ескі-құсқы шекпен, шапан, *жаман-жұман* бөрік киген, жалаңаяқ қозышы, қойшылар үйге кірді (Ә. Көшімов). *Жаман-жәутік* киімімді үстіме іле салып жүгіріп барсам, уәкіл шананың қасында тұр екен (Б. Тұрсынбаев). Жәмила одан кейін біраз кір жуып, балаларының *ескі-құсқысын* жамап-жаскады (Л. Фалымжанова).

**Жанама, қосымша, қосалқы.** *Бір нәрсені толықтыра түсетін, толымды ететін.* Директор маған *жанама* сұрақтар беріп көмектесіп отырды (Ә. Нұршайықов). Еңбек жөніндегі заңды қатаң сақтауға байланысты *қосымша* шаралар белгіленді (Ж. Жанарыстанов). Бірақ өмір тәжірибесі сендіруден басқадай, *қосалқы* әдісті де теріске шығармайды (Б. Момышұлы).

**Жанамалау, жанамайлау, жамбайлау.** *Жанаса жүру, қасына жақындай түсу, айналсоқтау.* Келбет ат үстінен *жанамалап* келіп, боз айғырдың жалын сипай бастады (Ә. Әбішев). Шал мал қайырған адам боп *жанамайлап*, Ақботаның қасынан өте берді (З. Шашкин). Ат желісін үдетейік, – деді, қасынан *жамбайлап* мен де қалмай келем (Ғ. Орманов).

**Жанар, қарашық.** *Көздің көретін нұры.* Ол шын көңіліндегі қысық көздері сығырайып, *жанарлары* кеңейе түсетіндей (Ж. Әділбаев). Сая көзін ашты, *қарашығы* жай жылжып Далабайдың жүзіне тоқтады (Д. Досжанов).

**Жанасу, қабыргалау, жанасалау, жанамалау.** *Жақын келу, маңайлай түсу, қатарласу.* Танаулары ұстаның басқан көрігіндей екпіндей пысылдаған Көрімнің буырылы да *жанаса* берді (С. Мұқанов). Көшті *қабырғалап*, бір үйір жылқысын айдап, ауыл бастығы келеді (С. Сейфуллин). Екі жылқышы малдың алдын бөгемей, *жанасалай* шауып барады (Ф. Мүсірепов). Біз енді тас жолды *жанамалай*, ағаш ішімен тағы да жүріп кеттік (М. Ғабдуллин).

**Жанау, жуысу, жуу, жолау, жұғысу, алқымдау** *сөйл. Жақындап қасына келу, маңайлап келу.* Ойпаңның оң жағында тік жарды *жанап*, көз жасындай мөлдір сулы бұлақ ағып жатыр (С. Шаймерденов). *Жұртқа жуыспай*, ылғи бір бұрышта отырып, әлденені ойлама, түсіну қиын (Д. Досжанов). Судан өткен соң сазға *жуымай*, тауға қарай жүруге тырыстық (Ә. Сәрсенбаев). Осы Биғайша мен келгеннен кейін біздің үйге *жоламай* қойған (Ә. Нұршайықов). Шаймерден ауыл жігіті Борашпен келген күннен бастап тез *жұғысып*, басқадан гөрі оған тез үйреніп, достасып кеткен еді (М. Иманжанов). Сейфолла жарау кербестімен сарыбауыр атты *алқымдап* қалып еді (С. Талжанов).

**Жанашыр, жанкүйер.** *Есіркеп-мүсіркейтін, аяйтын ет жақыны, ыстық-суығына бірдей күйетін туған-туыс, дос-жаран.* Дүниеде *жанашыр* жалғыз жақыным да, камкор досым да сол әпкем еді (З. Шүкіров). Барлық *жанкүйер* жақындары бата қылған кезде, сол үйдің екі жақ босағасына екі ат жетектеліп келді (М. Әуезов).

**Жанжалшыл, жанжалқой, байланысқыш.** *Жанжалға әуес, бүлік шығарғыш.* Бізге махаббат лирикасы керек-ақ, болмайықшы *жанжалшыл* құр (Ә. Сәрсенбаев). Осы қалада ел қарғысын алған Степан ішіп алса, ешкімге тыныштық бермейтін соқтыққыш, *жанжалқой* (Х. Рахимов). Ол бұл күндері мысықпен арбасқан жыландай ысқырынып, жоқ нәрсеге *байланысқыш*, кім көрінгенмен ұрысқыш болып кетті (С. Мұқанов).

**Жанкешті, өлермен, жансебіл, жанкешпе.** *Өлген-тірілгеніне қарамайтын батыл. Жанкештіге* баратын өңкей ер жігіттерді сайлап ал (Ф. Сланов). Неткен *өлермен* екенін білмеймін, жаңағы немістер өлгендеріне қарамай, тағы да жер бауырлай жылжып келеді (М. Ғабдуллин). Кешегі қабыландай қайратты, *жансебіл* жандар кенет Құдайдың қарғысы ұрғандай, сан мәртебе оңай жеңілді (І. Есенберлин). Сойылға жығылмайтын *жанкешпе* боларлықтай маңдай сүйегі қалың емес, – деді ол (К. Оразалин).

**Жанталас, арпалыс.** *Есі қалмай, есі шыға қимылдады.* Жарым өн, жарым түстей *жанталас* шақта Ақлима ойы бір қуанышты жайларына ауысып кетті (Ф. Мүсірепов). Қала күйреп, от құшып, көк күңіреніп, ел күйзеліп жатқандағы өмір мен өлім арасындағы қиян-кескі *арпалыс* (Б. Момышұлы).

**Жантаю, жамбастау, қисаю.** *Бір жақ қырынан жату.* Ол үй ортасындағы ошақта жанған отқа қарап, қырынан *жантайып* жатады

(З. Қабдолов). Қаныбек сарайдың көлеңкесінде *жамбастап* жатқан шалдың қасына келіп дем алып отырды (Ж. Тәшенов). Жәнібек атын тұрып атап, қолын ұсынды да, диванға барып *қисая* кетті (Қ. Жұмаділов).

**Жан-тәнімен, ынты-шынтымен.** *Бар ықыласымен, күйіп-жанып.* Кірпіжан күй тартқанда көзін айырмайды, күйді бүкіл *жан-тәнімен* тындайтынға ұқсайды (Қ. Жұмалиев). Оның әңгімесін Шоқан бар *ынты-шынтымен* тындайды да отырады (С. Мұқанов).

**Жану, тұтану, қоздану.** *От алып жалындау, қызуланып шоқтану.* Борисов *жанып* жатқан үйлерді қолымен көрсетіп, аңырайып тұрып қалды (Б. Момышұлы). Самауырды үрлей бастап еді, мұржасынан құрғақ түгін бұрқырап, онысы *тұтана* қоймады (Ж. Жұмаханов). Біреу сабанға от қойып кетіпті, қып-қызыл боп, *қозданып* жанып жатыр (Б. Соқпақбаев).

**Жанұя, отбасы, үйелмен, түгін, үй іші, шаңырақ, әйле кітаб.** *Бір ата-ананың өрен-жараны, бала-шағасы.* Арақ ішуден *жанұядағы* ұрыс, жанжал, ең аяғы кісі өлтіруге шейін ұласады («Жас Алаш»). Қален – *отбасына* тыныш, қатын-балаға кең, мейірбан кісі (Ә. Нұрпейісов). Осы бір бөлмелі үйде Ақмола ауданынан келген Асанбаев деген ағайдың *үйелмені* тұрды («Жұлдыз»). Қажы атамның әулеті қазір жетпістен астам *түтінге* жеттік («Қазақстан коммунисті»). Еліме барып, сонау татар жерінен *үй ішімді* көшіріп алып келдім («Халық кеңесі»). Құлан – бір *шаңырақтан* қалған жалғыз жігіт (М. Хасенов). Семья атауына «жанұя» деп ойдан сөз қиыстырғаннан гөрі туыс тілдерден көбінде айтылатын «*әйел*» деген баламасын қолданғанымыз тиімді болмақ («Ана тілі»).

**Жанұялы, үйлі-баранды, үйлі-жайлы, үйлі-күйлі, балалы-шағалы, әйелді.** *Өз алдына бас құрып, үй болған, үйлі-күйлі.* Сержан – жоғары білімді маман, *жанұялы*, әйелі, екі ұлы мен бір қызы бар («Егемен Қазақстан»). Тұрғын жайлар әуелі *үйлі-баранды* адамдарға берілген (Н. Ғабдуллин). Үлкен ұлы *үйлі-жайлы* болып, өзімен-өзі болып кеткеніне көп болған (А. Хангелдин). Олар ер жеткен соң, өз беттерімен *үйлі-күйлі* боп кетер (С. Мұратбеков). Әрқайсысы әлдеқашан *балалы-шағалы*, өз алдына ақар-шақар үй боп кеткендер (Д. Әбілев). Біздегі құрылыста істейтіндердің басым көпшілігі – *әйелді*, балалы-шағалы жандар («Жетісу»).

**Жануар, жәндік, хайуан, мақұлық, аң.** *Жылжу және сезу қабілеті бар, ақылсыз хайуанат.* *Жануар* қой болса да мал басы еді, Бір малдан семіздікке қалмас еді («Қаз. ақын. шығ.»). Адамнан қорықпайтын бұл дүниеде ешқандай *жәндік* жоқ (С. Төнекеев). Адам баласы қанағатсыздықпен *хайуандардың* тұқымын құртып, жәбір қылмасын деп, бірін ұшқыр қанатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп қойған (Абай). Тілсіз *мақұлық*, жануар, Бірге келген жолдасым, Қасыма менің келмейсің («Қыз Жібек»). Қандай *аң* болса да адамның назарынан сескенуге тиіс (Ө. Көшімов).

**Жаншу, жаныштау.** *Мыжғылап езу, таптау.* Ұйқы қысқасын айдалмай жатқан жерге құлай кетіп, тас ұйқыда жатқанында трактор денесін *жаншып* кеткен (Ұ. Доспанбетов). Адыр-адырдың арасымен арқандай шұбалған көне сүрлеуді ат тұяғымен *жаныштайды* (З. Қабдолов).

**Жаңағы, әлгі, әлгіндегі.** *Әлгі бір әзірде, әлгіндегі, бағанағы.* Жаңағы өзіміз рақаттанып шыққан іші самал, салқын орман сол айтылған жылы егілген екен (З. Ақышев). Әжемнің *әлгі* сөздері шаруаға жарап қалғанымды еске салғандай болды (А. Жақсыбаев). Ақын *әлгіндегі* өзі көрген көріністерді көз алдына елестетіп өтті (А. Сатаев).

**Жаңалау, жаңару.** *Қайтадан өзгерту, орнын ауыстыру, жаңғырту.* Заманды заман *жаңалап*, Бірден-бірге жағалап, Ханның күшін патша алды (И. Байзақов). *Жаңарған* жер, өзгерген аймақта Ақанның жаз бойғы ермегі де баяғыдан басқа болды (Т. Әлімқұлов).

**Жаңалық, өзгеріс.** *Бір нәрсенің бойындағы өзгешелік, бұрынғы күйінен ерекшелеп тұрған айырмашылық.* Қала оның көзіне қадамын басқан сайын әрқилы *жаңалығын* колденен тартады (Р. Райымқұлов). Ұлының бойындағы *өзгерісті* әкесі де, шешесі де аңғарды (Ә. Әлішев).

**Жаңқа, жоңқа.** *Ағашты балтамен шапқанда, өңдегенде түсетін ірілі-уақты жұқа кесінділер.* Жаман балташының *жаңқасы* көп (Мақал). Жәшік ішінде *жоңқаға* оранып, оннан астам винтовка жатыр екен (Қ. Исабаев).

**Жаңылу, мүдіру, алжасу.** *Бір нәрсенің жүйесінен шығып, шатысу, қателесу.* Әмзе ұзақ уақыт ойынан *жаңылып*, үн-түнсіз отырып қалды (Ж. Жұмаханов). Дәулет алғашқы кезде Айжан сөзіне жауап таба алмағандай, *мүдіріп* қалды (С. Бақбергенов). Өрелі сөздің үдеуін көтермей, кей сұм шамданды, *алжасты* ақыл-есінен (Қ. Сатыбалдин).

**Жап-жақсы, тәп-тәуір.** *Әжептәуір жақсы.* Бұрынғы Қарақобда болысында халық мұғалімі Қазым Аталықовтан оқып, *жап-жақсы* білім алған (Ә. Қарағұлов). Орта мектепті *тәп-тәуір* бітірсе де, оқуға түсе алмаған (Ж. Жұмаханов).

**Жаппай, сыпыра, шетінен.** *Бәрі бірдей, баршасы.* Қазақстанда көшпелі ауылдарды *жаппай* қоныстандыру науқаны жиырмасыншы жылдардың орта тұсынан басталды (С. Мұқанов). Бәрін *сытыра* боқтап, маңайына жолатпайды (Қ. Жұмаділов). Ауыл ақсақалдары *шетінен* оқуымның жайын сұрап, кісі болып шығуыма тілеулестік білдіреді (Б. Тоғысбаев).

**Жапырлау, топырлау, жапа-тармағай.** *Көп болып жиналу, үйме-жүйме болу.* Осы кезде өзімізге жалт етіп қазақтың бар қызы *жапырлай* қарап қалған тәрізденді (Ә. Нұршайықов). Ботпан есіктен *топырлай* кірген бізге жақтырмай алара қарап қойды (Н. Сералиев). Сүйек түсті-ау деген жаққа жұрт *жапа-тармағай* лап қоя жүгірісті (Д. Әбілев).

**Жар, жарқабақ.** *Табиғат әсерінен пайда болған тік жаға, биік қабақ.* Ақылсыз, көңілі бігеу кей жарымес, алды *жар*, арты тұйық,

кайда барар (Ү. Кәрібаев). Бұлар *жарқабакқа* жеткенде, машина да өзеннің жайпақ жерімен суға қойып кетіп еді (Е. Өтетілеуов).

**Жара, жарақат.** *Зардап шеккен дене бөлігі, бүлінген, бұзылған клеткалар.* Жарам жеңіл, сіздерден қалып ешқайда бармаймын (М. Фабдуллин). Базаров жолдасына еріп каникул кезінде деревняға келгенде, қолын қатты *жарақаттап* алды (Ф. Мүсірепов).

**Жаралану, жарақаттану.** *Дененің бір жеріне жара түсіру, жарақат салу.* Нүргүл еңкейіп, оның *жараланған* жерін байлаған шүберекті ала бастады (Т. Жанұзақов). Ол атыс үстінде ауыр *жарақаттанып*, тілге келмей өліп кетті (К. Тоқаев).

**Жаралы, жарақатты, жарадар.** *Жарақаты бар, жарақат алған.* Қалжырап отыра кеткен мен арқалап келе жатқан *жаралыға* көз тоқтатып қарап едім, Зейнет екен (Д. Сейсенов). Мен оған ымдап, қай жеріңнен *жарақаттысың* дегендей, аяғымды, қолымды көрсеттім (Б. Момышұлы). Өзі әлсін-әлсін арқасындағы *жарадар* жанның жай-күйін біліп қойды (Н. Әбуталиев).

**Жаралу, жасалу, туылу, туу сөйл.** *Ана құрсағынан шығу, дүниеге келу, пайда болу.* Көрінгелі *жаралдым* өлмек үшін, Көңілдің тілегенін бермек үшін, Айтпаймын Құдай мені жаратты деп, Ойыншық қып сынауға ермек үшін (Абай). Осы біз тұрған Ақбет шыңы қолдан *жасалғандай* тамаша емес пе? (З. Ақышев). Сіз өзіңіз *туылғаннан* бері сарғайып күтіп жатқан үлесіңізге жеттіңіз (Д. Исабеков). Мені туған анадан сіз де *туған* едіңіз ғой дегісі келіп еді, оны айтқан жоқ (Ә. Әбішев).

**Жарамау, татымау.** *Іске асарлық емес, жарамды емес.* Ауыл сыртындағы су жазда лайланып ішуге, тағам пісіруге *жарамай* қалған («Алматы ақшамы»). Еткен еңбек, төккен тер Қалай түкке *татымас* (Жамбыл).

**Жарастықты, жарасымды, үйлесімді, ұнасымды, келісті, қонымды, мінәсәр, мінәсіп.** *Әдемі де сәнді көрінетін, жарасып тұрған.* Қыз бала *жарастықты* әдеппен отырып, көз астымен мөлдіреп Махмұт ағасына қарап-қарап алады (Д. Әбілев). Сыртынан қарағанда, ерекше ұқыпты киінген, өзіне *жарасымды* қою қара шашы бар (А. Әуезов). Жеңгем киімнің өз түсіне *үйлесімді* жамау табады (Б. Соқпақбаев). Балаларға *ұнасымды* киімдерді неге алып бермеске (Б. Қожабеков). Жас әйелдің кескіні қоңырлау болғанымен қара торының *келістісі* екенін Ахмедияр жаңа ғана аңғарғандай (Ө.Қанахин). Осы бір жаңа сән кімге де болса *қонымды*, сұлу көрінетін сияқты (Қ. Жұмаділов). Ірі денелі, *мінәсәр* тұлғалы Наз әже тік түрегеліп, екі қолын қусырып, аз-кем мүлгіп тұрды (А. Жағанова). Бармаққа ел алдына міндім атқа, *Мінәсіп* көрінген соң көңіл шатқа («Үш ғасыр жырлайды»).

**Жарастырушы, келістіруші.** *Келісімге келтіруші, татуластырушы.* Ата-енесі отау құрған екі жасты ренжістірмей, *жарастырушы* бола білді («Қазақст. әйелд.»). Арада келіспеуші әйел жүргенде, әкелері де, қыз бен жігітті де *келістірген* («Қаз. әдеб.»).



**Жарасу, қону, келісу.** *Ажарын кіргізіп көрік беру, әдемі көрсету.* Оның омырауындағы алтын жұлдызы да сол батырлық тұлғасына қона кетіп *жарасып* тұр (С. Мәуленов). Киімнің *қонғаны* сондай, таңдайын қағып, тамсанып-тамсанып қойды (С. Алдабергенов). Екеуі бір-біріне соншалық *келісіп*, мінездері де үйлесіп тұрғандай (Ш. Құмарова).

**Жарасымсыз, ұнасымсыз, қонымсыз, келісімсіз.** *Жарасып тұрмайтын, әдемі де сәнді көрінбейтін, көңілге қонбайтын.* Келіншегінің бойынан әсіресе мына ауыл арасына *жарасымсыз* қылықты барған сайын көбірек тапты (К. Баялиев). Өз міндетіне жауапкершілікпен қарамау, өзіншілдік мінез көрсету – *ұнасымсыз* қылық («Жас Алаш»). Көңілге *қонымсыз*, түсініксіз бұлдыр бірдемені айтып еді, оны директор құлағына ілмеді (С. Досымов). Күнипаның *келісімсіз* мінездерін қадам басқан сайын кездестірсе де, кешіре береді (З. Шүкіров).

**Жаратқыш, жасағыш, жасампаз.** *Жарата алатын, жасауға құдіреті жететін.* Аралды табиғат өзінің *жаратқыш* күшін аңдатуға әдейі арнай жасаған секілді (Т. Нұртазин). Жаңа әдіс, жас техника, *жасағыш* қол, Қазуға машинамен табылған жол (А. Тоқмағамбетов). Біздің *жасампаз* өмірде мұндай кереметтер бола береді («Алтынтау»).

**Жарату, жұмсау, ұстау, тұтыну, пайдалану, қолдану.** *Бір нәрсені іске асыру, керегіне пайдалану, қажетіне жарату.* Төсек-орын, киім-кешегіне *жаратсын* деп, ағасына азын-аулақ қаржы берейін деген ойы бар (С. Омаров). Тіпті соншама көп ақшаны неге, қалай *жұмсарын* білмей сасқалақтап қалды (Қ. Сақабаев). Мың теңгені бір сомдай қызығыма *ұстар* ем (Абай). Индиузм дінін *тұттыңан* қалың индус жұрты бұл шаққа дейін ерекше діндарлығымен мәлім болған (М. Әуезов). Қоңыраттың тасы гауһар, суы балық, Байлығын *пайдаланып* жатыр халық (Шашубай). Бибі – ғылымның жаңалықтарын батыл *қолдана* алатын көзі ашық қойшы (Ж. Еділбаев).

**Жаратылыс, табиғат, дүние, жаралыс сөйл.** *Дүниедегі барлық тірі және өлі болмыс-бітім, тіршілік атаулы.* *Жаратылыстың* біз көзімізбен көрмейтін, сол нәзік қалпында қабылдай алмайтын сиқырлы кілті бар (Т. Шаханов). Халық *табиғат* құбылыстарының арасындағы өзара байлықтарды бақылап, ауа райын болжап білуге тырысқан (Х. Әбішұлы). Тып-тыныш маужыраған *дүниеде* құм жолды тіліп бара жатқан екі дөңгелектің ызыңы ғана естіледі (Ф. Мұстафин). Түз құсының бойынан Сыздықты таңғалдырғаны оның дене қауырсындарының ерекше *жаралысы* еді (А. Сейдімбеков).

**Жариялау, жария ету, жар салу.** *Мәлімдеу, баршаға әйгілеу.* Біте алмас ел алғысын *жариялап*, Газеттер басқанымен жалғасына (С. Мәуленов). Омбыдан келген қағазды қазақ, орыс, ұйғыр кедейлеріне бірден *жария етіп* жіберу керек еді (М. Дүзенов). Қызымды осы жігітке бердім, – деп, Хан қуанып халыққа *жар салады* (И. Байзақов).

**Жарлау, жарлауыт.** *Онша биік емес жар.* Днепрден су ішкім келіп еді, алайда оның бір *жарлау* жағасына тап болдым (К. Қайсенов).

Өзеннің арғы беті *жарлауыт*, ит мұрны өтпейтін қалың орман (Р.Токтаров).

**Жармасу, жабысу, айырылмау.** *Шап беріп ұстау, тырмысып жібермеу.* Сол үйден тоғыз-он жасар бала шыға келіп, торы аттың шылбырына *жармаса* кетті (Ф. Мүсірепов). Ол жүгіріп келіп шылбырға *жабысты*, бірақ ат қозғалмады (Ә. Нұрпейісов). Мақсат ұстаған жерінен *айырылмай*, арқанның ұшын білегіне орап, бар күшімен өзіне тартты («Дала шұғыласы»).

**Жарты, жарым, жары сөйл.** *Бір нәрсенің тең ғып екіге бөлгендегі бір бөлігі.* *Жартыны* жарып жеген – татулықтың белгісі (Мақал). Бұл кісі Өскемен қаласындағы ауруханада жыл *жарым* емделіп, ажалдан әупірімдеп аман қалған (З. Жөкенов). Рай қарт әжесіне тұтас қойды бұзып берді де, *жары* етін қазанға салып, көршілерін шақырып алды (Ә. Нұрпейісов).

**Жартылау, жырымдау.** *Жартылап* болса да, малды айдап келеді ғой деп ауыл адамдары үміттеніп отырған (С. Шарипов). Су көпке ортақ, жер де көптікі, ештемені *жырымдап* бөлмейміз (М.Жұмағұлов).

**Жарық, нұр, сәуле.** *Күннің, жанған оттың қараңғыны сейілтпін төңірегіне шашырап тұскен шұғыласы.* Кең, таза бөлме шам *жарығымен* күндізгідей жайнап тұр (М. Иманжанов). Алтын ай толықсыған сар дөңгелек, *Нұр* сепкен жер жүзіне аспанды өрлеп (С. Торайғыров). Қыраусыз терезеден көк жиегін күмістеп қызарған күннің *сәулесі* көрінді (Б. Майлин).

**Жарықтық, сабаз.** *Жасы үлкен адамның іс-қылығына, қасиетіне риза болғанда, кейде мінез-құлқын жаратпағанда айтылатын сөз.* Баяғыда атамыз *жарықтық* Қарақожадан қоярда-қоймай жүріп қалау қылып, ат беріп алған екен (С. Торайғыров). Қаратілеуді қайда деп жүрсем, жанына тыныш жұмыс тапқан екен-ау *сабаз* (С. Мұқанов).

**Жарыместену, мақаупестену, есуастану.** *Жарымес болу.* Мынаның *жарыместеніп*, түк білмей қалуын қарашы, – деп Төре бұлқанталқан болды (Б. Тілегенов). Қойшы әй, қыз, *мақаупестенбей*, – деді Ағиба (Е. Домбаев). Бірақ *есуастана* ашынған халық ештеденен тайынар емес (Ө. Қанахин).

**Жарыместеу, мақаупестеу, мәжнүндеу, есерлеу, есуастау.** *Жындыкештеу, есерсоқтау, ақымақтау.* Қаусат бұл суық хабарды ең алғаш кеше өзінің *жарыместеу* жеңгесінен естіген еді (Ә. Әбішев). Қыз-келіншектердің орнына үсті-бастарына ескі-күскы киген жалаңаяқ қозышы, қойшы түрінде *мақаупестеу* жеткіншектер пайда болған (Ә. Көшімов). Мағзұм ағаның *мәжнүндеу* бір інісі жуықта машина авариясынан қайтыс болыпты (Ауызекі тіл). Алғаш біз алаңғасар, *есерлеу*, ұшқалақ бір ұрыншақ баламен кез боламыз (З. Серікқалиев). Ойбай, шырағым-ау, мен әншейін ол баланың өзі *есуастау* болған соң айтып едім (Ә. Әбішев).

**Жарыс, мүшәйра, сайыс.** *Адамдар арасындағы өзара бәсеке, озат атану үшін күрес.* Хасен әншілерге кезекпен ән айтқызып, өнер жарысын жасамақшы болды (М. Майшекин). Олар өнер мүшәйрасын біздің республикамыздан бастады (Ж. Исмағұлов). *Сайысқа* түсіп өнер көрсету, көкпар тарту, қыз қуу, тағы басқа ойындар кімнің етін қыздырмаған («Тарту»).

**Жас, сора.** *Жылаган кезде көзден шығатын мөлдір су.* Көзінің жасын тыймай жылап жүріп, Зарланып неге өнге салады ол (Абай). Қазақтан солдат алуға жарлық келді патшадан. Қанды жасы аралас Қалмады *сора* аспаған (Н. Байғанин).

**Жасару, жасаңғырау.** *Жастау болып көріну, ажарланып өңею.* Әрі жыл сайын *жасарып* бара жатқаным жоқ, қартайып келем (Е. Домбаев). Зайыбы қайтыс болғасын жаңа алған жары жас болып, *жасаңғырау* әдісін көбірек қолдана бастаған (Ә. Жылқышиев).

**Жасаурау, боталау.** *Көзден жас шығу, көзге жас үйірілу.* Қатулы қабағынан ызғар төгілген оның от шашқан көздері сөл қызарыпқы тартып *жасаурап* тұр (К. Оразалин). Жалпақ мүйіз үлкен қара ешкі көзі *боталап*, толғақ дыбысын шығарып мекірене маңырады (С. Бегалин).

**Жасауыл, ертөле.** *Әскер басының оң қолы, шабарманы.* Бір кезде қасында он *жасауылы* бар, Көксандағын ойнақтатып Қобыланды батыр үстеріне сау ете қалған (І. Есенберлин). Шынғыс нояндары бір елді шабар болса, ең алдымен *ертөлелерін* жібереді (І. Есенберлин).

**Жасу, жүнжу.** *Еңсесі түсіп, берекесі кету, көңіл күйі болмай жабығу, құйректік білдіру.* Қарашаш *жасып*, жүнжіген жігітті жеккөрінішті назарымен атып тастап, ыдыс-аяқ қамына кірісіп кетті (М. Қабанбаев). Өмір бойы қиындық көрмей бұла боп өскен жігіт күрт сынып, *жүнжіп* кетті (Ә. Тарази).

**Жасыру, тығу, бұқпантайлау, құпиялау, бұғу, көмескілеу, бүкпелеу, бүркемелеу, жытыру, кізнеу көне.** *Көзден таса қылу, қағаберіс ету, қалқалау, бір нәрсемен жасырып жабу.* Олжалаған көп болды, Аттарын ұрлап *жасырып*, Басшылыққа алмаққа Келмембетті шақырып («Қамбар батыр»). Бүркіт томағалы басын толғап, қос қанатының астына *тығып*, бір жерін қасығандай болады (К. Әбдіқадіров). Бір шоқ шидің түбінде көзі бақырайып отырған жапалақты *бұқпантайлап* келіп бас салған (С. Жүнісов). Алғаш жұмысқа кіріскен күні Қалмұратқа оңаша шақырып алып, *құтиялап* кеңескені бар (О. Сәрсенбаев). Күләнда оның бір жаманатты *бүгіп* тұрғанын сезіп, қатты мазасызданды (Т. Ахтанов). Жалаңаш кеудеден бұрқыраған бу, будақтаған шам түтіні тұтасып, өзі сарғылт сәулені *көмескілеп* барады (Ф. Мұстафин). Обкомның секретары жолдас, мен де *бүкпелемей*, турасына көшуді ұнатып отырмын, – деп кесіп айтты («Қаз. әдеб.»). Соның бәрін *бүркемелеп*, үйлердің тасасына орнатып қойдық (Б. Момышұлы). Қалдыбай шөлмекті стаканымен бірге қайыра кереуеттің астына

*жытырды* (К. Асанов). Өз малын *кізгеген*, кісі малын іздеген түбінде өз малына ие болмас (Алдаспан).

**Жасырын, астыртын, астырт, құпия, бұғыңқы, бүркенішті.** *Ешкімге айтылмаған, жария болмаған, ашық түрде емес.* Ол сыр құпиясы тек тұқым қуалап, өте *жасырын* түрде ұрпақтан-ұрпаққа көшеді (Д. Досжанов). Абай Ерболмен анда-санда, түн кездерінде *астыртын* хабарласып тұратын (М. Әуезов). Патшаға сеніп ердің деп, Сөзінді *астыртыт* бердің деп, Кенекең қылған өкпені (М. Әлімбаев). Қара көз қарап маған, көп қадалған, *Құпия* қайғы өртеніп, бойын алған, Болатша дірілдеген жалын көрген, Бір күнгірт тартып және оттай жанған (Абай). Махамбеттің шарасы таусылып, құты қашқан осы *бұғыңқы* күндердің өзінде оған кеңес қосқан кезі сирек (Т. Әлімқұлов). Сонымен қазақ әдебиеті Орталық партия комитетінің 1932 жылғы қаулысына бірі ресми ашық түрдегі, екіншісі *бүркенішті* түрде екі-ақ ұйыммен келді (С. Мұқанов).

**Жасырынбақ, бұғынбақ, тығылмақ.** *Балалардың ішінен біреуі көзін жұмған кезде қалғандары тығылып, соларды іздеп тауып ойнайтын балалар ойыны.* Көбіне ойнайтындары – *жасырынбақ*. Бірі тығылып, бірі іздеп, ымырт үйірілгенше ауланы бастарына көтереді (С. Сарғасқәев). Ой, ән тындай берген қызық емес, онан да *бұғынбақ* ойнайық та (С. Мұратбеков). Бала күнде сенімен көп ойнадым *тығылмақ*. Ол күн бейне керуен, Көшті алысқа зымырап (Ф. Қайырбеков).

**Жасырыну, бұғыну, бұғу, бұқпалау, тығылу, тасалану, бұғыншықтау.** *Көрінбей бой жасыру, бір нәрсені таса қылып көзге түспеу.* Жуан қайыңның түбіне *жасырына* қалып, әйелді бақылап жүремнен біраз отырдым (Қ. Қайсенов). Үшеудің бірі менің ескі жауым Баймырза мені анадайдан көріп, *бұғынып* тосып тұрған (Б. Соқпақбаев). Албанның патшаға қарсы қол көтеріп босқан елі Шөлкөде тауының ішінде жабайы киік сияқты күндерін *бұғумен* өткізді (С. Шәріпов). Партизандар да *бұқпалай* отырып алға жылжыды (Қ. Қайсенов). Сол адамның өкпе тұсына келгенде бұқпайлап келіп, қарағайдың түбіне *тығылды* (Ә. Шәріпов). Неге көнбеді *тасалана* тұр дегенімізге (Д. Әбілев). Оның нанды үйде отырып жемей, далаға тұра жүгіруінен сезіктенген шешесі артынан кейде қуа шығып, үйдің артында *бұғыншықтап* тұрған мені көріп қойды (Б. Соқпақбаев).

**Жат-жала, жат-жара, жат-жаран, жат-жора.** *Бөтен адам, бөтен жұрт.* Эттең, мына тойдың үсті болып тұр, *жат-жаладан* кісі бар (Ф. Мұстафин). *Жат-жарадан* кісі боларын білмей осы қалпымен келгенде, Шыңғыстан ұялғаннан Тілеміс жерге кіріп кете жаздады (С. Мұқанов). *Жат-жарандар* кетіп, енді тек өз шаруасындағы адамдар ғана қалған (Ф. Мүсірепов). Тұз тағыларын, құс атаулыны *жат-жоралардан* сақтандырғыш, байбайшыл балшықшының үні естілді (Ә. Көшімов).

**Жаттағыш, жаттампаз.** *Жаттап алғыш, тез жаттайтын.* Жазу жағы мандымағанмен, Баймырза да *жаттағыш* екен (Ғ. Қайырбеков). Биікбай болса *жаттампаз*, құймақұлақ жігіт (С. Бақбергенев).

**Жаттығу, қалыптасу, қалыптану, көнігілену, дағдылану, әдеттену, машықтану, әдістену.** *Белгілі бір іске әбден үйреніп, оны дағдыға айналдыру, жетік болу.* Ұйқы-күлкі дегенді жинап қойып, жатпай-тұрмай *жаттығуға* тура келді (А. Шамкенов). Біраздан кейін дене шынығып, бұған да етіміз үйреніп, *қалыптасып* кетерміз (Ғ. Сланов). Бар адамның әдет алып, аузы *қалыптанып* кеткен өзінше бір мәтелдері болады (Қ. Тайшықов). Бақша ісіне жергілікті халықтың әбден *көнігіленіп* алғанын Дәулет өз әкесінің қылығынан көреді (С. Мұқанов). Итті жаттықтыру жайында жазылған кітаптардан оқып, итті аң аулауға үйретіп, *дағдыландыра* біл (Ш. Айманов). Мүмкіндігінше сендер де шаруа істеуге, істеушілермен көп кеңесуге *әдеттеніңіздер* (С. Дөнентаев). Соңғы он үш-он төрт жылдан бері қой соңында келе жатқан Қоспан өз тіршілігінің тәсіліне жетіліп, *машықтанып* алған еді (Т. Ахтанов). Өзара өзін-өзі оспақпен қағысқанда, олар *әдістеліп* қалған тазы мен қасқырдай біріне-бірі көпке дейін алдырмайды (С. Мұқанов).

**Жатыр, жатын, құрсақ.** *Әйелдің, аналық жан-жануарлардың бала, төл өсіп жетілетін ішкі органы.* Шешелерінің *жатырынан* найза ұстап туылған Абылайдың қандыбалақ ұрпақтары бір жағынан бастары алынып жатса да, тәуба етер емес (І. Есенберлин). *Жатындағы* қатерлі ісікті емдеу мойындағы ісікке қарағанда баяу, ұзақ уақыт қажет етеді (Ә. Есенқұлов). Әкесінің белінен, *Құрсағынан* шешенің шыққан ұл-қыз – бауырлар көрдік шығыспайтынын (Ш. Әлдибекұлы).

**Жау, дұшпан, қас, қастан, қастас, қаскүнем, қастаншы, қастаншыл, қасас, қаскөй сөйл.** *Біреуге жамандық ойлайтын, өштескен, қастасқан адам.* Адам досы, жетімдердің жолдасы, өз еліне *жау* болатын пенде емес (Т. Молдағалиев). Досың дос болғанға шаттан, *дұшпанмен* дос болудан сақтан (Мақал). Бастан кешкен тіршілікте Елеусіздің өзіне лайық досы да, *қасы* да болды (Т. Әлімқұлов). Көрмеген қайыр малынан, Қарынбайдай *қастанның* Талайын кеткен жер тартып («Ақберен»). Бір *қастас* жолыма қақпан құрып, Қалдыруға тырысты көштен кейін (М. Құрманалин). Айып жоқ жөнін тапса адасқанға, Қаталмыз *қаскүнемге* талас барда (Қ. Бекхожин). Біздің ісімізге анық дұшпан, *қастаншы* жауларға қарсы күрестің мән-жайын көптен білетін де сияқты едім (І. Есенберлин). Біршама бұған адамдар жатбауыр, өзімшіл, *қастаншыл* болып та көрінді (Ж. Жұмаханов). Жат тілеуім жоқ менің, *Қасас* болсам Ақын болып қалайша жүре аламын (О. Иманәлиев). *Қаскөй* иелері қапталған қара шұбар қалың пәлесі әдейі ұрланып, өшітіп кіргендей (М. Әуезов).

**Жаулау, шабу, тию.** *Елді, жерді басып алу, дүние-мүлікті талау, шауып алу, отарлау.* Бірімізді-біріміз аңдып, *жаулап*, ұрлап, кірпік

қақтырмай отырмыз (М. Әуезов). Аттан, ойбай! Жау *шанты* (Б. Аманшин). Осы кезде тыныш Дулат аулына кенет жау *тиді* (І. Есенберлин).

**Жаутаңдау, мөлтендеу, телміру, телмендеу, жаудырау, мөлию.** *Жаутаң-жаутаң ету, көзін сатып жалынышпен қарау.* Отырған колхозшылар *жаутаңдап* Өмірбекке қарады (Б. Майлин). Қатал табиғаттан мейірім сұрап *мөлтендеу* – совет адамына мін (Ә. Нұршайықов). Биыл ағайын өзі білмесе, балам өліп еді деп, жатқа *телмірген* адамдай көлік сұрап жүруді лайық көрмеді (М. Әуезов). Әлдекімдердің босағасында *телмендеп*, нағыз жетімдік күй сонда түседі басыңа (Т. Рахымжанов). Қазан жанында біртүрлі қимастықпен көздері *жаудырап* тұрған балаларға бұрылды (Ә. Нұрпейісов). Жұрт алдында *мөлініп* тұрған екі балаға барлық көз қадала қарап қалды (М. Иманжанов).

**Жауын, жаңбыр, нөсер, жауын-шашын.** *Бұлттан бөлініп жерге түсетін су тамшылары, атмосфералық тосап.* Сол тамшының аяғы ақ *жауынға* айналып, бір жұма бойы еді жанды далаға шығармай қойды (М. Дүзенов). Сезімнің тербеп айдынын, жауып тұр көктем *жаңбыры* (Ш. Әлдибекұлы). Бұлттың демін ішіне тарта қоюына қарағанда, не сұрапыл дауыл, не *нөсер* жауын болатын сияқты (С. Мұқанов). Жұрт *жауын-шашыннан*, бұлтты, тұманды күндерден әбден безер болды (Ә. Ипмағамбетов).

**Жауынгер, сарбаз, шерік көне.** *Қатардағы әскери адам, жасақшы қол.* 1944 жылдың мамырын мен майдан шебінен өтіп, біздің *жауынгерлер* арасында қарсы алдым (Т. Жанұзақов). Алмас қылыш белінде, Тақымында айбалта, Қырамын деп солдатты, – Амангелді *сарбазы* Алып кетті жер-көкті (О. Шипин). Бие сауым уақыт ішінде Манжу қолынан жүз қаралы *шерік* қалды (С. Сматаев).

**Жауынды, жаңбырлы.** *Жаңбыры қалың, жауыны көп.* Көктем *жауынды* болғанмен, жаз шыққалы бір тамшы жерге тамбады (С. Сарғасқаев). Қысын қарлы, жазын *жаңбырлы* етіп, табиғатына да өзгеше бір қызғылықты рең беруші еді (А. Сейдімбеков).

**Жаю, жазу, жаймалау.** *Бір нәрсенің жиюлы, жинақы күйін ашып тегістеу, ыдыратып төсеу.* Бұлар үндемеген соң Ыбырайым үйілген шөпті айырма қозғап, *жайып* тұрды (А. Жақсыбаев). Сәрсен кесте төккен жібек орамалды *жазып* жіберіп, ай сәулесіне тосып желбіретіп тұрды (Т. Ахтанов). Хасен баланың арбамен әкелген топырағын төккізіп алып, жөндеп *жаймалап* тұр (С. Сейфуллин).

**Жаяусоқпақ, тротуар.** *Көшенің жаяу адам жүруге арналған шеткі бөлігі.* Үйлерді бойлай, жол жиегінде салынған, жаяу адам жүретін *жаяусоқпақпен* келе жатырмыз (Ауызекі тіл). Табаңдарына және *тротуарына* асфальт немесе тас төселуі керек (С. Мұқанов).

**Жә, болды, жетті.** *Жарайды, болар, доғар, тоқтат деген мағынаны білдіреді.* Жә, болды, жарайды, жарайды, Ақсақ қой түстен кейін маңырайды (І. Жансүгіров). – *Болды, тоқтат, жаңылып қалдың, –*

деп, жігіттің одан әрі аузын аштырмады (Ғ. Мұстафин). – *Жетті*, жетті, елеуреме, өнесі-ей! Әкенді бір жерге тығып қойды деп отырмысың (С. Жүнісов).

**Жәбірлеу, зәбірлеу, қорлау, масқаралау.** *Зорлық-зомбылық жасау, ұрып-соғу, қорлық көрсету.* Әр үйден киім, азық-түлік алғанда қарсылық қылған адам болса сабап, ұрып, *жәбірлей* бастады (С. Сейфуллин). Дыз етпе ашуы бар, ойына келген ащы сөздерін тез айтып салатын Нүсен зайыбын талай *зәбірледі* (Б. Ойшыбаев). Сен өлім жетті деп, келінді *қорлай* берме деп, қарт өз баласын жазғырды (Ә. Тарази). Чернышевскийді Петербургтегі Митнинский алаңында азаматтық *масқаралауға* салуы ақынның жанын түршіктірген (Ә. Нұршайықов).

**Жәкөтай, жәкежан, жәкешім.** *Жәкеге жалына, еркелей, оны құрметтей айтылған сөз.* *Жәкөтай*, біреуін ғана беріңізіші, – деп, Ержанның ынтызары арта түсті (Б. Соқпақбаев). *Жәкежан*, сізді үйде апам күтіп отыр, – деп үйге кіргізді («Мәдениет және тұрмыс»). *Жәкешім* келсе, не дейміз, – деп әпкем мазасызданды («Жетісу»).

**Және, әм, әрі, тағы, жә сөйл., әлі сөйл.** *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы жалғаулық шылау.* Автор Қазақстанда өсетін *және* көп заманнан бері қолданылып келе жатқан дәрілік өсімдіктерді жан-жақты сипаттайды (С. Сұбханбердин). Газетіміздің өткен санында тілшілер ұйымдары туралы *әм* оларды құрудың қазіргі мезгілдегі қиын жақтары жазылып өтті (С. Дөнентаев). Қыранның көзі қырағы болады, *әрі* өзі алатын аңды алыстан сезеді (Қ.Әбдіқадіров). Барлығымыз да үйден әкелген кішкене киізге, *жә* көрпеге оранатынбыз (Қ. Әміров). Жыр керек болар *әлі*, Гүл керек болар *әлі*, Бір керек болар достарың Мың керек болар *әлі* (С. Сейітов).

**Жәрдем, көмек, қолғабыс, сеп, септік, жылу.** *Бітпей жатқан іске тигізетін демеу, қосымша күш.* Қазақстан үкіметі бұл ретте қолынан келген *жәрдемін* аямас (С. Сейфуллин). Енді қалған жігіттер де жапа-тармағай секіріп *көмекке* ұмтылады (О. Сәрсенбаев). *Қолғабыс* етуге адам керек болар деген оймен қасыма бір *жәрдемшімді* ертіп алдым (Б. Момышұлы). Менің әділдік хақында айтқан сөзім де ештеңеге *сеп* боп жатқан жоқ (С. Бақбергенов). Меңіреу орманның ар жағында не бар, не жоғын, не боп жатқанын білуге дүрбінің де *септігі* болмады (Ә. Нұрпейісов). Бірнеше кісі жетім-жесір қалған үйдің балаларына *жылу* жиямыз деп, бір кісінің үйіне келеді (Ы.Алтынсарин).

**Жәрдемші, көмекші, қолғанат.** *Жәрдем беруші, қолғабыс тигізуші, көмек көрсетуші, болысушы.* Лабораторияға ұқсас көршілес бөлмеде доктордың *жәрдемшісі* ғана аяғының ұшымен аңдап басып жүр (Ә. Шәріпов). *Көмекшім* мен секілді жаңадан келген Песков деген чуваш жігіті еді (М. Ғабдуллин). Сан гүлдерді қолға алды Гүлжазира даладан. Анасына ол-дағы *Қолғанатқа* жараған (М. Мақатаев).

**Жездей, жездеке, жездетай.** *Жездені құрметтеген ізет атауы.* Осындай ойлармен қазан айналасында абыржып тұрғанымда *жездей* де жетті (Е. Әлімқұлов). Ашық есіктен көріп отырмын, Файша самаурын көтеріп дедек қақса, *жездекем* шырпы ұсақтап әуре-сарсан (М. Қабанбаев). *Жездетай*, өзіңіз жәрдем бермесеніз, үлгіретін түріміз жоқ, – деді Файни («Соц. Қаз.»).

**Жезөкше, жәлеп, жүргіш, жүрімпаз, зинақор, нәпсіқор, зинашы, салдақы, сайқал, ойнасқор, ойнасшыл, ойнасшы, бұзық, нәпсіқұмар, қар көне.** *Суық жүрісті, жеңіл мінезді әйел (немесе ер адам).* Заң тәртібін бақылаушы еңгезердей бұжыр жігіт бір жастау *жезөкше* әйелді сыртқа қарай әкетіп барады (І. Есенберлин). Елді құртқан, жерді құртқан *жәлеп!* – деп, қоңыр көйлек шаужайыма жетіп кеп жармасты (Б. Нұржекеев). Әйелі *жүргіш*, күйеуі баскесер ұры болса, семьяда не береке болады («Қаз. әдеб.»). Қылтын-сылтын мінезі жоқ, әдеті әйелдің бірі екен. *Жүрімпаз* жігіттің бірінің сол әйелге көңілі кетіпті («Мың бір түн»). *Зинақор* адамның нәпсі қызығы дегенде көзді жұмып, күліп беретін мінезін сеземіз (Р. Нұрғалиев). Ал сарай маңының сабылмаларының да *нәпсіқор* еркектердей өліп-өшетін ежелгі әдеті бар (Ә. Кекілбаев). *Зинашы* қатындар ерлерді аздырар, жалғаншы жандар ізгіні аздырар деген (Х. Есенжанов). *Салдақы* келіннің бұзықты асырап жүргенін осы төңіректің бәрі біледі (Х. Есенжанов). Жастай қосылған қосағым орта жастан асқанда бір *сайқалды* құшақтап жатқанын көріп, жарылып кете жаздадым (З. Ақышев). Алыс сапардан аман-есен оралған саудагер *ойнасқор* қатынын камшының астына алған («Әзербайжан халқының ертегілері»). Салақ, олақ, *ойнасшыл*, керім-кербез, жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек (Абай). Ел аңдып сені, сен аңдып оны, Қылт етпей бағып көр. *Ойнасшы* қатын болса қар, Аңдыған елде қалар ма ар (Абай). Розаны тәртібі нашар, *бұзық* әйел деп, сол көршілері айтып жүр емес пе («Қаз. әдеб.»). Күйеуі майданда жүрген жас әйелдің *нәпсіқұмар* ұстамсыздығына күйіп кеткендіктен айтқаны («Лен. жас»). Әйелдің *қары* күлегеш, еркектің қоры күлегеш (Мақал).

**Жеке, бөлек, дербес, дара, саяқ.** *Өз алдына ала бөтен, жападан жалғыз өзі.* Жан ертпей-ақ жаныма, *Жеке* барып көрейін (Жамбыл). Дәріленген тұқымдар *бөлек* қоймада сақталады (Ж. Жиенбаев). Халық болған соң өзіндік қалпы, *дербес* тілі, діні, сенім-нанымы болуы шарт (Ө. Қанахин). Әнін алты қырдан асырған, асқақ үні сұлу Көкшенің иығына асылған Біржан теңдесі жоқ *дара* әнші еді (Қ. Жармағамбетов). Осынау бір ел-жұрттан *саяқ* қалып, өмірден хабар-ошарсыз қалғанын біреуге айтып, Омардың шағынғысы келіп кетеді (Ж. Жұмаханов).

**Жексұрын, сұмырай, сұмпайы, сұмқай, мүттәйім, оңбаған, соғынды, әжине көне.** *Оңатын қылығы, сүйкімі жоқ, жағымсыз қылықты, ниеті қара, құдай ұрған (адам).* Құлаққа жат *жексұрын* хандық есім, Қазақ көрген қашаннан хан тізесін (Н. Ахметбеков). Қаны қара



*сұмырай*, Қатты басты белінді, Үн шығармай тұншықтың, Шығара алмай шерінді (Жамбыл). Екі жасқа өшіккен бір *сұмтайы* жандар қыз жаққан отты өшіріп тастап, жігіт суға кетіп өледі (І. Омаров). Кей-бір кесір жандар әркезде әртүрлі *сұмқай* мінездер көрсетіп қап жүрді (М. Әуезов). Сол *мұттәйімдерді* тәубесіне келтіріп, халқының көзін ашу үшін көмекке келеді олар (Д. Досжанов). Егер мен десен, Жарқынның *оңбаған* екенін ертең жиын алдында айтып бер (М. Иманжанов). Ол *соғындыны* ерте оянған шешесі кеп босатып жібергенін еш пенде байқамай қалып еді (Ә. Әзиев). Жақсы қартайса – қазына, жаман қартайса – *әжине* (Мақал).

**Жекіру, жеку, жекіріну, зекіру, зеку.** *Ұрсу, қатулану, дауыс көтеру.* Бастығы бұған жұрт көзінше *жекіріп* ұрса береді, бұл оны кек тұтпайды (Ә. Тарази). Сол екі арада әлдекімнің *жеки* сөйлеген үнін, оған жауап бергендей, бір әйелдің қорғана шыққан даусы да естілді (А. Нұрманов). Бұл не деген әдепсіздік! – деп қария әлденеге риза болмай, балаларға *жекірініп* тұр екен («Әдебиет және искусство»). Олар балаларға үйде ұрыспайды, көшеде де балаға *зекіріп* жатқан ешкімді көрген емеспіз (Ә. Кекілбаев). Әйелге қол көтеру былай тұрсын, оған қатты *зеку*, ер адам үшін үлкен масқарашылық (Ә. Азиев).

**Желаяқ, желдіаяқ.** *Табаны жерге тимейтін жүйрік.* Қыз бас салып қуды, *желаяқ* екен, екі аттатпады (Н. Серәлиев). Желаяқ – адамның жүйрігі болса, *желдіаяқ* – жылқының жүйрігі (Ә. Меңдекеев).

**Желбегей, желегей, желең.** *Сырт киімнің жеңін кимей, түймесін салмай шыққа іле салу.* Оразбай *желбегей* киген жаздық коңыр пальтосының екі жеңі артқа кетіп, тақ-тақ жолдың нақ ортасымен келеді (Ж. Жұмаханов). Махамбет боз шекпенін *желегей* жамылған (Т. Әлімқұлов). Жібек ала шапанды *желең* жамылған аққұбаша арық кісі күлімсірей қарайды Нартайға (О. Бодықов).

**Желбір, желпіншек, желбіршек.** *Сәндік үшін әйел көйлегінің етегіне, кеуде тұсына, иығына жапсыра тігілген бұрме.* Қыздардың көйлектері де түрлі әшекейлермен әрленіп безенетін, көбінесе етегіне екі қатар етіп *желбір* тігілетін (Х. Арғынбаев). Етегіне *желпіншек* салған жібек көйлегі малынып, сызыла басып жақындап келеді (Ә. Нұрпейісов). Қос *желбіршек* салған ақ бөтес көйлегі, көнетоз қызыл барқыт камзолы, біріне-бірі жарасады (С. Талжанов).

**Желбіреу, желпілдеу, желкілдеу, желектеу.** *Желл-желл етіп, дамылсыз қозғалақтау, тербеле шайқалу.* Түс қайтқан мезгіл болса керек, тұлмымы *желбіреп* көршінің мен қатарлы қызы бізге жүгіріп келді (Ө. Қанахин). Қарақтарым-ау, жаулығым *желпілдеп*, арашаға түсіп жүрген мен де қашанғы жүрер дейсің (Т. Нұрмағамбетов). Жел тұрса, *желкілдейді* қызғалдағы, Мен сұлу, мен әдемі, сүй дескендей (А. Токмағамбетов). Ұзын пальтосының етегі *желектеп*, алды-артына қарамай жөнөп барады (Е. Әкімқұлов).

**Желді, желдесін, желдеу, желкемді.** *Жел соғып тұрған.* Садуакасов қазір *желді* күнгі қайықтай су үстінде қалтылдап тұр (С. Мұқанов). Күн салқын, *желдесін* болғанмен де, шағырмақ еді (Ж. Жұмаханов). Бүгін күн *желдеу* екен (А. Машанов). Тіпті *желкемді* кездің өзінде де сенің жүзіңе жел емес, алау еседі (Ә. Сәрсенбаев).

**Желең, жеңілтек.** *Жеңіл-желпі, жалаң қабат.* Апрель айында жасөспірім балалар үнемі *желең* көйлекпен жүрді (Т. Әбдіков). Бейсен ішкі бөлмеге өтіп, *жеңілтек* киініп қайта шығып, дастарқанға келіп отырды (О. Сәрсенбаев).

**Желке, жегеге.** *Бас сүйектің қарағұстан, шүйдеден төменгі жері.* Басындағы сарғыш орамалын бір-ақ байлап, жуан бұрымдарын *желкесіне* түйіп тастаған (Б. Шаханов). Сенің болса *жегеге* тамырың кейін, ауылға қарай тартады (Ш. Ерманов).

**Желігу, құтыру, елігу, еліру, желпілдеу.** *Бірдемеге орынсыз әуестену, ұшқалақтана құмарлану, жөнсіз тиісу, қызбалана даурығу.* Басқармалар күреске шыққан соң онсыз да еліріп тұрған жұрт тіпті *желігіп* кетті (К. Қазыбаев). Шу болды қала іші содан кейін. *Құтырды* полицейлер кешке дейін, әр үйге тінту салып, адамды ұстап, ұшырды әбігер ғып қала үрейін (Ф. Орманов). Байларда үрей жоқ, кедейлер *елігіп* алған (Ф. Мұстафин). Жаққан палуанға қошемет айтып, *еліріп* жатқан жұрттың қоршауынан шыққан соң атына қарай беже жөнелді (Ә. Кекілбаев). Өңкей желөкпелерге еріп алып *желтілдеуіңді* неге тыймайсың (М. Дүйсенов).

**Желін, сүме.** *Сұтқоректі жануарлардың сұт бездері. Желіні* сыздаған сиырларының июін қайтармай сауып алуға асықты (А. Хангелдин). Сиыр да күтімді тілейді, күтім келіспесе, *сүмесі* тартылып, сүті азайып қалады (С. Мұқанов).

**Желіскор, желіскер, желісті, желгіш, жүргіш, жүрдек, желгір** *сөйл. Жақсы желетін, желісі қишті.* Попов Әлімбайдың астына өзінің *желіскор* биік қара арғымағын берген (А. Машанов). Жирен қасқа – *желіскер* арғымақтың тұқымы (С. Мұратбеков). Республикамызда желісті жылқының екі түрі: Орловтың және орыстың *желісті* жылқысы өсіріледі (А. Сыздықов). Сәкеннің қарамағында түгі аппақ сүттей, *желгіш* боз арғымақ бар (С. Мұқанов). Жауынды-дауылды күндерде аттар да *жүргіш* болады (А. Машанов). Қаршыға салған адамға ыңғайлы, *жүрдек*, жуас, жылпос ат керек (Ш. Айманов). *Желгір* аттардың жауырыны қиғаштау және ұзын болады (А. Сыздықов).

**Жемтіктес, құлқындас, жемдес, сыбайлас.** *Ауыз жаласып бірігін жеген, жең шынан жалғасқан.* Рас-өтірігін кім білсін, олжаға таласып, *жемтіктестерді* өлтіріп тастапты деген өсек тарапты, – деді ол (З. Ақышев). Бүтіндей комбинат коллективінің көзін бояп жүрген ежелгі мешкей Литвинов пен оның *құлқындастарының* қомағайлығы сорақының сорақысына ұласып барады (М. Рашев). Пысықтар шалқайды, Таласып теңдеске. Бермеске қағып шонтайды Өзімен *жемдеске*

(Абай). Ушаков өзінің *сыбайластарымен* бірге бұл бай кендерді рәсуа етіп пайдаланды («Қазақ ССР тарихы»).

**Жендет, баскесер, қанішер.** *Аяушылықты білмейтін қанытезер, қанқұйлы жауыз. Жендеттің* бірі Махамбеттің қатын-баласын сыртқа шығармай, қара қанжармен жасқап тұрған (Т. Әлімқұлов). Ұрыс тағдыры минаның дәл мезгілінде жарылуында, өйтпегенде бізден үш есе көп бұл *баскесерлерге* төтеп беру мүмкін емес (Ж. Саин). Төбеден жай түскендей домалады, Аптыққан қара жүрек *қанішерлер* (Ғ. Малдыбаев).

**Жент, қоспа.** *Тары мен бидай талқанынан, үгітілген ірімшіктен қант, май қосып жасалған тағам.* Нағиманың бүйен түбінде бұрыннан сақтаулы жұдырықтай *женті* бар екен (Ш. Құмарова). Қарын-қарын май, қап-қап құрт, ірімшік, балдай *қоспаны* осында көресің (Б. Серкебаев).

**Жентектеу, соқталау, жұмбаздау.** *Илеп немесе шылап кесек күйге келтіру, түйдектеу.* Тұяқтары тиген жердің топырағын аспанға *жентектеп* лақтырған ат лезде көзімізден ғайып болды (С. Мұқанов). Сұлтанмахмұт екеуміз қосылған соң, шымнан *соқталар* баспана тұрғызып алдық («Мәдениет және тұрмыс»). Шойтық саз балшықтан *жұмбаздап* үйіп-үйіп биіктепті де, үстіне жыңғыл қамыстан күрке жасапты (Н. Серәлиев).

**Жеңілтек, ұшқалақ, жаңғалақ, шошақай, шыжбақай, тыштақай, тұштақай сөйл.** *Жеңіл мінезді, ұшып-қонба, шыжбық қаққан, шоштандаған.* Жаңағы Абай мен *жеңілтек* чиновник арасында болған өткір қағысуды да түгел естіген болатын (М. Әуезов). Нина атты бір қыз бар, мінез жағынан қарағанда ол барып тұрған *ұшқалақ*, сыланғыш (С. Мұқанов). Қоқыш – шаруаға қыры жоқ, *жаңғалақ* адам болатын («Түсіндірме сөздік»). Асыл ана ешқашан да аптықта, асықта, *шошақай* болма деп, қызының құлағына сіңіріп отырған-ау, тегі (Ә. Нұршайықов). Галина – бас дәрігердің жұбайы, әрі ызақор, әрі *шыжбақай* (Ә. Тарази). Бұл басқа да *тыштақайларға* мықты сабақ болады (Ө. Қанахин). Сәдудің *тұштақай* бедеу ақ тоқалы қазан-аяқты басына көтере бастады (А. Жүнісов).

**Жеңімпаз, жеңіскер, жеңгіш.** *Жеңе білетін, жеңіске жеткен.* Спартакиаданың соңында *жеңімпаздардың* құрметіне Кремльде өткізілген балға қатысты (Ғ. Тәшімбаев). *Жеңіскер* палуанға көрсеткен құрметі ретінде төреші оған жаңа байлаған биенің уыз қымызын ұсынды (Н. Баяндин). Біз текке өсірмедік *жеңгіштерді*, Біз текке сүймегенбіз туған жерді (Ә. Тәжібаев).

**Жеңімпаздық, жеңгіштік.** *Жеңімпаз болушылық, жеңе бергіштік.* Сол *жеңімпаздық* дәстүрді жалғастыру сендерге жүктеліп отыр («Спорт»). Жананы *жеңгіштігін* өз басынан өткерген, содан сабақ алған, өзі де жаңаша өзгерген (М. Әлімбаев).

**Жеп-жеңіл, қаңбақтай.** *Тым жеңіл, өте жеңіл.* Есенбек атшабар баладай *жеп-жеңіл*, түлкі алатын жүйрік тазыдай жұтынған адам еді (С. Әлжіков). Мен саған ұқсаған *қаңбақтай* адамдармен күреспейтін дәумін, – дейді дәу («Қаз. ертегі.»).

**Жеребе, зеребе.** *Алғашқы таңдау, бірінші кезекті кімге беру, тағы басқа мәселені шешу шарты.* Біраздасын *жеребе* тасталып, кезек мәселесі және кімнің кіммен шайқасатыны шешілді (Ө.Қанахин). Ойынды кім бастау хұқығын төреші *зеребе* арқылы шешті («Түсіндірме сөздік»).

**Жеркеншек, жиреншек, жеркенгіш, жиіркеншек, жиренгіш, кірпияз.** *Көңіліне алып жеркене бергіш, лас, кір нәрседен секемденгіш.* Танагөз де жоқтан өзгеден секем алғыш, *жеркеншек-ақ* болатын (Ғ. Мұстафин). Қой сауғанда ауылда, Атанып жүрме *жиреншек* (Қ. Қуанышбаев). Ықпайтын я суықтан, я ыстықтан, *Жеркенгіш* жаны да ұсақ пысықтықтан (Ә. Тәжібаев). Пай-пай, *жиіркеншек* еді-ау бұл пәтшағар, – деп күбірледі шал (М. Сқақбаев). Бибігүл өзінің ластығына қарамастан Тұрлыбектен сондай *жиренгіш* (Б. Сокпақбаев). Төсегі мен дастарқанына қарап, тыжырынатын *кірпияз* адам (Ә. Кекілбаев).

**Жеркепе, жертөле, жер үй.** *Дені жерден қазылып, төбесі жабылған тұрғын үй, уақытша баспана.* *Жеркепенің* маңында үлкен мая-мая шөп пен үйілген құрақтар (М. Қаратаев). Мына *жертөлеге*, аңырап тұрған төрт қабырғаға кімді күтіп аларсың (Ә. Тарази). Әнтекей арбақеш Сұлтанмахмұттың чемоданын өзі көтеріп *жер үйге* енді (Д. Әбілев).

**Жер қабу, жер құшу.** *Ажалы жетіп, бұ дүниеден кету.* Осымен әуел бастағы алты, бөлкім алпыс өмірші тегіс *жер қауып*, бәрінің орнын жалғыз Шыңғыс басты (М. Мағауин). Раджпуттардың ержүрек көсемі Читара жекпе-жек кезінде Әқбардың қолынан қаза тауып, қорған іргесінде *жер құшты* (Ә. Әлімжанов).

**Жерлес, ауылдас, мекендес, қоныстас.** *Кір жуып, кіндік кескен туып-өскен жері бір, Отаны бір, қонысы ортақ.* Қазір Қазақстан ғалымдары *жерлесіміз* ұлы Фарабидің ғылыми мұраларын зерттеу мақсатымен оның туған қаласы Отырарды қазатын болды (Н. Баяндин). Бейімбеттің күнделікті жазу жұмысында кейіпкерлерді *ауылдас*, елдес, сыры белгілі адамдарға сүйеніп жасағанын көреміз (С. Қирабаев). Ташмағамбет ондағы *мекендес* жатақтармен сөйлесіп, жәрдем сұрамақ еді (М. Жұмағұлов). Ежелден қоян-қолтық аралас болған *қоныстас* керей, уақ бір ауылмыз (Ғ. Малдыбаев).

**Жерлеу, көму, қабірлеу.** *Қайтыс болған адамды ақ жауып арулап, жер қойнына салу.* Таң әбден атқанда барып Сарының денесін сапарлас серіктері жол жағасына *жерледі* (Б. Тәжібаев). «Әкеңнің өлгенін жасырасың, көмгенде қайтесің» дегендей, не ойы барын ашып алған жөн (Қ. Исабаев). Қоңырқұлжа үш күн жер құшып жатып, баласының денесін ел-жұрты боп *қабірлегеннен* кейін бір-ақ тұрды (І. Есенберлин).

**Жеру, безу, күсу көне, жалқу сөйл.** *Бір нәрседен қашқақтау, жоламау, тұңілу, қол ұзу, ат-тонын ала қашу.* Жаз шықса болды, қаланың қапырық ауасынан *жеріген* халық осы көлге ағылады (С. Шаймерденов). Сөйлеген аға тұрып ініден *без*, Ежелден елде сондай

бар еді сөз (Жамбыл). Пейілі жаман кісіден *күседі*, өз асып өзі жасырын ішеді (Мақал). Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең *жалқып*, Суып қайтар көңілім желше шалқып (Абай).

**Жерігіш, жеруік.** *Малдың төлінен безгіш, қашқыш болуы. Жерігіш* сиыр өз бұзауын өзі бауырына алмай, емізбей, оны сүзіп жолатпайды (Ш. Жанәділов). *Жеруік* қой – өз қозысын үнемі жатырқап емізбей, тек телу арқылы емізетін қой (Ш. Жанәбілев).

**Жесір, түл.** *Отасқан ерінен ерте айырылған әйел.* Осыдан бес жыл бұрын әкесі Әлібек қайтыс болып, Смайылдың шешесі Қамқа екі баламен *жесір* қалды (Ж. Дәуренбеков). Ауылдың үлкендеріне сөлем беріп, соғыста *тұл* қалған жеңгелеріме амандастым (Ә. Нұршайықов).

**Жетек, қосар.** *Салт адамның жетекке алған аты.* Шүреннің қасында ерткен қырық кісі бар, *жетегіндегі* көк арғымақты жабулап тастапты (Ә. Кекілбаев). Қоңқаның тұлпарына мініп алдым, жетелеп өз атымды *қосарға* алдым («Батырлар жыры»).

**Жетектеу, жетелеу.** *Адамды қолынан, мал болса, бас жібінен (шылбырынан) ұстап, өзімен бірге алып жүру.* Жаңылды ұштап *жетектеп*, төсекте жатқан шешесінің қасына әкелді (Т. Ахтанов). Жылдамдата шанасын доғарған Абдолла салтақтай басып, өгіздерін қораға қарай *жетелей* жөнелді (С. Фаббасов).

**Жетесіз, санасыз, зердесіз, зейінсіз, ойсыз, көкірексіз.** *Келешегін ойламайтын, талапсыз, сана-сезімі төмен. Жетесіз* туған жігіттер Жиырма бесте жас болар («Алдаспан»). Саналы адам сағынды сындырмас, *санасыз* адам жағынды тындырмас (Мақал). *Зердесіз* болса, оқыса да түк шықпайды (С. Мұқанов). Есте қалдырудың нашарлығы баланың сабақты дұрыс тындамауынан, *зейінсіз* болуынан да кездеседі (К. Жарықбаев). Күнде көріп жүрген Шелестов өзінің *ойсыз*, мәнсіз бос күлкісінен тез тыйылды (С. Бақбергенев). Жазығым – жақсылығым жанға ойлаған, Күнім жоқ алдарыңа дәм қоймаған. Барыңды жоқ дейтұғын *көкірексіз* Көрсөқыр көкежасық бар ғой надан (Ғ. Қайырбеков).

**Жеткілікті, жетерлік.** *Толық жететін, жетпей қалмайтын.* Шыныққан зор денелі жігітті ұрып құлату үшін *жеткілікті* күш керек (К. Тоқаев). Екі кісінің аяқ киімінен *жетерлік* былғарыдан оған өзгергенде бір етік тіктірдім (М. Фабдуллин).

**Жеткіншек, жасөспірім, жас ұлан, жас өрен, бозбала, бұлдіршін, түлек.** *Ер жетіп, есейіп қалған ұл бала, қыз-бозбала; Жас ұрпақ, жас буын.* Шыңғыс пен Мұса орталарындағы жас *жеткіншекке* мелшіе қарап қалды (А. Сатаев). Ол өмірге ойлана қараған *жасөспірім* шағынан Абай өлеңдерін сүйіп оқыды (І. Есенберлин). Тағзым ет, иіл, *жас ұлан*, Есіңе ал батыр атаңды (Қ. Ыдырысов). *Жас өрендерді* болашақта жан-жақты азамат етуге барлық жағдай жасалып отыр («Лен. жас»). Сандық тас үстінде ойнап, қой жайып жүріп өткізген *бозбала* шағында да осының үстіне келіп отырып ойға бататын еді

(К. Сегізбаев). Бұл балалардың қай-қайсының да жас мөлшері 16-17 шамасындағы өрімдей-өрімдей *бүлдіршіндер* (Қ. Сағынбаев). Жас *түлек* ғалымдар Африка халықтарының тілдері туралы диссертациялар жазуда (Ә. Шәріпов).

**Жетілу, теңелу.** *Өсіп, дамып, қатарға қосылу.* Аш тойып, кем *жетілген* заман болып, жайылды төрт тарапқа құлашымыз («Пернедегі термелер»). Өзіне айтылған сыннан тиісті қорытынды жасап, озаттар қатарына *теңеледі* (Ш. Ерманов).

**Жетім, жетімек, панасыз, ата-анасыз.** *Әкесі не шешесі жоқ немесе екеуінен де айырылған бала.* Бұдан кейін екеуі *жетім* қызды құтқарудың жолын ақылдасады (Н. Фабдуллин). Байдың малын бағып, аяғымды тас тіліп, *жетімек* атанып, қой соңында жүргенімде осындай халге душар болдым (Б. Қожабеков). Үш жасар сіндісі *панасыз* қалған соң, оны Ажар қолына алды (А. Лекеров). Бір кезде *ата-анасыз*, *панасыз*, сонау Украинада, Македон селосында қалған кіп-кішкентай бес жасар Витя есіме түсті (Қ. Қайсенов).

**Жетімсіз, жеткіліксіз, толымсыз.** *Жеткілікті емес, аздау.* Теплицада қанша айтқанмен күн сәулесі *жетімсіздеу* келеді (Д. Әбілов). Олардың жылы қорасы жоқ, өсіресе жемшөбі *жеткіліксіз* (Е. Жәкенов). Өткендегі ісінің бәрі *толымсыз* сияқтанды (К. Оразалин).

**Жетістік, табыс, жеңіс.** *Қол жеткен нәрсе, жеңіс.* Әбенді ерте кел, сенің *жетістігіңді* көріп, байғұс шал қуансын (М. Иманжанов). Әдебиет, мәдениет салаларында бұрын болып көрмеген ғажайып *табыстарға* қол жетті (С. Мәуленов). Ұлының еңбек жолындағы алғашқы *жеңісіне* мез болған ата-анасының қуанышында шек болмады (Қ. Қуанышбаев).

**Жетісу, жару, жарылқану, кенелу.** *Бір нәрсеге қолы жетіп, қарық болу.* Көрсем деп ансап сені өргенемін, Қайтейін мен *жетісіп* жүр деймісің (Б. Тәтібаев). Жақсымен көрші болсаң, *жарысың*, жаманмен көрші болсаң, *арысың* (Мақал). Осы Жақан, Қасымдар – Бейімбеттің мол алақанынан талай жақсылық көріп, *жарылқанып* шыққан жандар (С. Мәуленов). Бес мың саулықтан үш-төрт мың жоғары сортты қаракөл алынса, совхоз пайдаға *кенеледі* («Тоғызыншы шежіре»).

**Жиған-терген, тапқан-таянған.** *Онан-мұнан жинастырған, құрастырған қаражат, мал-мүлік.* Қаматай маған арнап *жинап-тергенін* жұмсап, ауыл үйдегілердің басын қосып, шағындау той жасады (Ж. Жұмаханов). Басқа жақын туысы жоқ. Кәдібай бар *тапқан-таянғанын* осы үйден аямаса керек (Б. Тоғысбаев).

**Жиғыш, жинағыш.** *Жинай беретін, жинауға құмар.* Тамыр түйнекшелерінде болатын азот *жиғыш* бактериялардың бір түрі бар (Т. Мұсақұлов). Қаладағы балам әр алуан марка *жинағыш* болып алды («Жас Алаш»).

**Жидек, жамауқат.** *Таңқурай, бұлдірген, құлтынай өсімдіктері жемісінің жалпы атауы.* Жаз айларында *жидек* теріп жүріп талай рет ақ қайыңның бауырында отырған күндерім есіме түседі (Ж. Саин). Үй хайуандарын үйретіп алғанша адам перзенттері ғасырлар бойы аң аулап, *жамауқат* теріп жеп күнелтті (Х. Әбішев).

**Жинау, жию, топтау, шоқтау, шоғырлау.** *Бір нәрсені, малды немесе біреулерді бір жерге басын құрап жиыстыру.* Офицерлерін қарусыздандырып, жасөспірімдерді *жинап* әкеліндер (Қ. Қайсенов). Бар кедейді *жиып* келеді де, өткен түнде түсімде көргенді дәл өнімде істейді (З. Жәкенов). Ауыл қотанымен сиырды *топтап* айдап, Жүсіптер басқарма кеңсесіне келді (Б. Майлин). Қазанғап жылқыны *шоқтап* қойды да, жаяу жүріп өзі ұстады (Ғ. Мұстафин). Ол осы жерде қалың көштің алды-артын тез *шоғырлап*, суыт жүріспен Шығыс Түркістан даласына келіп жетті (З. Жәкенов).

**Жиренішті, жиіркенішті, жеркеништі.** *Адам көргісіз, жек көрінішті.* Осы екі-үш күн ішінде ол осындай *жиренішті*, тіпті сұмдық жайлардың біразын естіп құлағы сарсылды (А. Нұрманов). Басқыншылардың елге істеген қаталдығын *жиіркенішті* етіп көрсетеді (Е. Бісмайылов). Өткен өмірінің *жеркеништі* суреттерін көз алдынан тізбектеп өткізіп, ойы мен қырын түгел аралап шықты (С. Омаров).

**Жиылыс, жиналыс, мәжіліс, мәслихат, кеңес, отырыс, қаума көне.** *Белгілі бір мәселені талқылап, бірлесе отырып шешетін жиын.* *Жиылыс* бастығы тізімдегі адамдарды дауысқа қойғанда, көпшілік дауыспен олардың бәрі қабыл алынды (Е. Бекенов). Ойлап қараса, *жиналыста* айтылған сөздердің барлығы да бұған ақыл екен (Ә. Жәмішев). Мұқаң редакциялық алқа *мәжілістерінде* сөйлегенде жұрт бір рақаттанып, бір үлкен мектептен өткендей болатын (С. Мәуленов). Байжан мен Гүлнар екінші рет искусство жұмысын басқаратын мекеменің *мәслихатында* кездесті (С. Мұқанов). Бір күн хан, уәзір *кеңес* құрды, Екі ойшылдың ісіне көңіл бұрды (Е. Бердин). Біздің ісіміз соттан бұрын Жарыпшыққан ауылсоветінің исполком *отырысында* қаралатын болды (Б. Аманшин). Қаттылықтың белгісі – халықтың көңілін көрмеген, Жамандықтың белгісі – *қаумаға* басы енбеген («Ақберен»).

**Жиын, топ, тобыр, топыр, шоғыр, сап, лек, группа кітаби.** *Көп адам жиналған жер, топталған ығы-жығы халық.* Көптен мұндай *жиын* көрмей, бұйығы болып қалған бала-шаға жиналып, тар үйге сығылысып, сыйғанша кіріп алды (Ш. Мұртазаев). Ол тынымсыз болған сайын Бактығұл *тобы* бұрынғы адал, тыныш еңбектен айырыла берді (М. Әуезов). Кездесіп тұрған *тобырдың* ішінен Советті түсінгісі келмейтіндер де табылатын еді (Д. Әбілев). Қоңырау даусы шылдырлап, пар-пар ат жеккең өрт сөндірушілердің дыбысы шыққанда, скважин маңы үлкен *топыр* еді (Ғ. Сланов). Таң құланиектеп, қуғыншылар *шоғыры* да көрінді (Ғ. Мүсірепов). Бау-бақшалыққа

алғаш шығырмен су айдағандардың *сапында* Қали қарт та бар екен (М. Сатыбалдиев). Оның сөзін әншіге екпіндете қосыла шыққан жүздеген *лектің* даусы бөліп жіберді (Б. Момышұлы). Асығыс шаруасы бар екен, онда ертенгі тапсыратын *группаға* неге қоспайды, – деді Гүлжан (М. Дүйсенов).

**Жиілету, жидірмелету.** *Жиі-жиі қайталау, тездету.* Соңғы кезде мұнаюды *жиілеткен* досымның бұл сөзіне Алтынторы қуанып қалды (Ж. Молдағалиев). Кенет сол қапталдан, мана Пірзада оқ шығарған тұстан арасын *жидірмелете* мылтық атылды (К. Бектұрғанов).

**Жиіркену, жирену, жеріну, жеру, жеркену.** *Нашар тамақтан, сасық иістен сескену, секем алу, сұқаны сүймеу, жек көру.* Кейпінде мерез жарасын көргендей *жиіркену* пайда болды (Ө. Қанахин). Бәрінің де ішек-қарнына шейін тығып жүргендерін анықтап танып, *жиреніп* шықты (М. Әуезов). Өзі туралы ойдан *жерініп* сытылып шығып, жұртқа байқатпай көзімен жүгірте Іңкөрді іздеген (Е. Әкімқұлов). Осыдан кейін күнде көріп, көңілін *жеріткен* қантөгіс алыстап, туған деревня елестейді (С. Бердіғұлов). Кеше ғана төре тұқымының абыройын сақтап қалған Қоңырқұлжа тоқалына *жеркене* қарады (І. Есенберлин).

**Жоғарылау, жоғарырақ.** *Біршама жоғары, әжептәуір жоғары.* Төсектен *жоғарылау* күйеу, күйеу жолдастары және жағалай қыз, жігіт боп араласа орналасқан кілең жастар (С. Сматаев). Бұлардан *жоғарырақ* тұрған кең маңдайлы, аққұба келген ойлы көзді мыңбасы татар жігіті Ягуда Әлімұлы (І. Есенберлин).

**Жоқшы, жоқтаушы, іздеуші.** *Жоқ қараушы, сұрау салушы адам.* Ұры бір-екі айға жоғалып кетіп, *жоқшылар* қайтқан соң ел шетіне қайта оралып келмек (М. Әуезов). Барар Алматысы да, қайтар үйі де жер жұтқан шығар оны деп отырған шығар бұны *жоқтаушылар* (Б. Аманшин). Күндерден күн өтіп, арып-ашып жылқы таба алмай жүргенде *іздеушілер* бір-екі қосқа келді («Қазақ ертегілері»).

**Жоқшылық, тапшылық, қатшылық, жетімсіздік, таршылық, жетіспеушілік.** *Аз болушылық, жетпей жатушылық, жарлылық.* Қарын жағың – тоқшылық, Ақыл жағың – *жоқшылық* (Т. Нұрмахамедов). Қабақ шытып көрген жоқпыз сол кезде, Кездессе де *тапшылық* пен топшылық (Ж. Молдағалиев). Іздеген заттарымыздың *қатшылығы* қиындық тудырды («Соц. Қаз.»). *Жетімсіздік*, таршылық уақыттары – бәрі де нанды қадірлеуге үйреткен біздің мектебіміз болды (Б. Тілегенов). Бірақ жұртқа күнімізді салдырмаймыз деп қанша тыраштанғанмен, *таршылық, жетіспеушілік* әбден өздерін титықтатып, күйзелтіп-ақ жіберді (Б. Тілегенов).

**Жолаушы, жүргінші, сапаршы, жүргін.** *Жол жүруші, сапар шегуші адам.* Екі *жолаушы* қыр басындағы өткінші автобустан түсіп, киімінің шаңын қағып тұрды (Т. Әлімқұлов). Жақсыбайға жетпей, жол үстінде *жүргіншілер* көрінді (Х. Есенжанов). Аттаныс алдында пала-



тадағылар *сапаршыны* сөзбен жебеп, көңілін жұбатады (Б. Ырзабаев). Қылыштың қырында, қылдың үстінде келе жатқан *жүргіндерге* мұнан артық қуаныш бола ма (Ө. Тұрманжанов).

**Жолды, ақжолтай.** *Жолы болғыш, жақсылық әкелгіш.* Егер ұстанған жолы жақсы болып шықса, өзін *жолды* бала деп атау керек шығар (Ө. Сәрсенбаев). Бұл көктем – барша қауым алдында салауатты ой тастаған, *ақжолтай* көктем («Лен. жас»).

**Жол-жора, жол-жоба, жол-жоралғы, жол-жосық, жөн-жоба, жөн-жосық, жөн-жоралғы.** *Дәстүр бойынша берілетін ырым, көде, жөн-жосық, мән-жай.* Бірнеше құрбы-достар, тойдың *жол-жорасына* алған буыншақ-түйіншектеріміз қолтығымызда, бүггендей басып асығып келеміз (С. Байжанов). Шоканжан, сен қазақтың көп ырымын, *жол-жобасын* біле бермейсің-ау (С. Бегалин). Екі жақ бірін-бірі шақырып, құдалықтың *жол-жоралғысы* жасалды (Н. Ғабдуллин). Африка халықтарының мәдениетін өркендету үшін католик дінінің *жол-жосығын* ұсынғаны тым-ақ ерсі шықты (Ғ. Мүсірепов). Дәулен – жаны адал, досқа берік, *жөн-жобасын* білетін адам (С. Бақбергенов). Немене, тойды да, шілденехананы да бүтіндей жаңа *жөн-жосықпен* өткіземіз деп мақұлдасамыз ба? (С. Омаров). Жәуке қалай десе де елдің ежелгі *жөн-жоралғысын* бұзғысы келмеген (С. Омаров).

**Жолшыбай, жол-жөнекей, көш-жөнекей, жолай, жол-жолай, жөнекей.** *Жол жүріп бара жатқанда, жол үстінде, жол бойы.* Сәнжан *жолшыбай* бір ескі шелек тауып алыпты (Ә. Тарази). *Жол-жөнекей* талай сыр ақтарылып, көп әңгіме айтылды (Ә. Нұршайықов). Жас жігіт *көш-жөнекей* туғанын естігенде басын шайқап таңғалды (Ұ. Бағаев). Астаудағы суға жуынып болғаннан соң *жолай* сүртініп, жалғыз аяқ жолмен үйге қарай жүгіре жөнелдім (Д. Исабеков). Мың күн жортып *жол-жолай*, Тауда безген құлжалай, Жиһанды кезіп жүрмісің (Жамбыл). Жол ашық *жөнекейдің* бәрі бейбіт, деп сенді ел, жау хабарын естімеген (Н. Ахметбеков).

**Жорамал, болжал, болжам, түспал, жоспақ.** *Алдын ала жасалған ұйғарым, долбар.* Ол Ақжолдың құнын жоқтап Жәнібек пен Керей құрқол келе қалады деген *жорамалының* бұрысқа шыққанын ұқты (І.Есенберлин). Мұндай қоғам туралы Белинскийдің *болжалы* бос арман, құрғақ қиялға құрылған емес (М. Қаратаев). Егер осы *болжам* анықталса, онда адам ағзасын жасартып, оның өмірін ұзартуымызға болады (Т. Шаханов). Естіген – өтірік, көрген – шындық, – деп Алдар жаңа ғана өзінің көргендерін *түспалмен* әңгімелеп, жолда үлкен жыланмен соқтығысқанын айтады (М. Ғабдуллин). Олардың бірнешесі мың жасады, сөккен жоқ кәрісің деп қылып *жоспақ* («Айтыс»).

**Жорамалдау, долбарлау, мұғдарлау, нобайлау, түспалдау, топшылау, болжау, болжамдау, болжалдау, бағдарлау, жоспақтау, межелу, шамалау, мөлшерлеу, жобалау.** *Ойша алдын ала долбарлап жорамал жасау, ұйғарым жасау.* Жұрт сықырлауық

шалдың мына сөзін әртүрлі *жорамалдап* жатыр (Д. Досжанов). Шығыс пен батысты, күнгей мен теріскейді шырпылардың басына қарап *долбарладым* (Т. Әлімқұлов). Алматыға аттанбаққа жиналған сапардың сәтін *мұғдарлап* жатпай, жол қамына шапшаң кірісті (О. Бөкеев). Тарғынбайдың *нобайлауына* ішінен күліп те қойған болар (Ш. Мұртазаев). Қар жамылған ақ адырлар *тұспалдап* жер шамасын болжатпады, әйтеуір жылжып келе жатыр (Т. Ахтанов). Жас жігіттер Бөкейдің өзін де үйде жоқ болар деп *топшыласып* еді (М. Әуезов). Бируни қалыптасқан пікірге қарсы шығып, Жердің Күнді айналып жүретіні жайында *болжау* айтқан (Б. Бекмаханов). Бұл енді не болды екен деп, ой жүгіртіп, *болжамдап* қарай бастайды (Ф. Сланов). Қолдан жем жесе, біраз күн өтпей-ақ жаман тоқтылар қойға қосыларын ақсақал іштей *болжалдады* (Ж. Оспанов). Адам да әр кез артына үніліп, артқы өмірдің артық-кемін көз таразылап барып, болашағын *бағдарлайды* (Б. Нұржекеев). Меніңше, осыңыз артығырақ, өшейін ұйқас қуып *жоспақтадық* («Айтыс»). Даңқты мерекені лайықты қарсы алу үшін жастар бастама көтеріп, өз қосар үлестерін *межелеген* (Қ. Мыңжанов). Оңтүстік теңіз ғайып болғаннан кейін оның орнына үш айдың қалды деп *шамалауға* болады (Қ. Исабеков). Көбей ерте келдім дегенде, сол кездің сыйлы қонағының оянатын мезгілін *мөлшерлеп* келіп еді (Қ. Әбдіхалықов). Сын күндері туғанда салмаққа салмақ қосылатынын Бекең ешкімнен сұрамай-ақ *жобалап* келеді (Ф. Мүсірепов).

**Жору, ұйғару, телу.** *Лайық көру, тоқтамға келу, солай болар-ау деп шамалау.* Оспан сөзін қалжыңға *жорыған* Әшір бұрынғыдай емес, жадырай күлді (А. Хангелдин). Сырымбеттерге көпшіліктің *ұйғаруы* бойынша Ақық жүрмекші болды (М. Мырзақұлов). Әлгі келіншектің өзіне сүзіле қарауын осы сымбатына *теліп*, ойына өлдене оралып, тоғайып қалды («Қаз. әдеб.»).

**Жорық, шабуыл, аттаныс, шапқын.** *Жау күшіне қарсы іс-әрекет, қарулы күш-қимыл.* 1393 жылдың аяғында Темір екінші рет үлкен *жорыққа* дайындалды (О. Жәутіков). Деревняда жайғасқан жауға *шабуыл* жасаған партизандар тобы көп адамды тылға жөнелтті (Н. Фабдуллин). 1726-1727 жылдарда Сарарқаны, барлық қазақ жерін алған қалмаққа қарай *аттаныс* қылуға сауын айтысады (С. Сейфуллин). Соңғы *шапқынға* барып қайтқан сарбаздар да салбырап отыр (Ә. Кекілбаев).

**Жорықтас, қанжығалас, майдандас.** *Жорықта, шайқаста бірге болған, бірге жүріп қиыншылықты бөліскен.* Сол кезгі *жорықтас* жауынгер серіктерімді кездестіремін деген үмітім бар еді (Қ. Қайсенов). Басқасын қойғанда, ол шіркін ауыр өмірдің азабын бірге арқалаған кешегі *қанжығалас* жолдас емес пе (Ә. Нұрпейісов). Әйтсе де қиынқыстау, тар кезеңде істес болған не жорықта *майдандас* болған қанды жейде жолдастың да орны ерекше бола ма деймін (Ф. Сланов).

**Жота, белес, жон, адыр.** *Жатаған таудың биіктеу дөңестері.* Құлағы әжесінде, екі көзі сонау қатпарлы қалың Шыңғыс жотасын қыдырады (М. Әуезов). Кенет бір белеске көтеріле беріп, Қайыпжан машинаны жолсызбен тауға қарай бұрды (Б. Соқпақбаев). Асқар биік таулар да, қыратты адыр жондар да көп (М. Ермеков). Екеуі тағы да біраз жүріп, қала сыртындағы қарлы адырға шықты (С. Шаймерденов).

**Жөнсіз, жөн-жосықсыз, жөн-жорықсыз, келеңсіз. Жөні жоқ, орынды емес.** *Жөнсіз* айыптау деген – адам жанына салынған жара (Қ. Баялиев). Кейде қараңғы түнде жол таба алмай, жөн-жосықсыз құр бет алды қаңғырып жүргендей болады (С. Омаров). Әкем үй ішінде, жөн-жорықсыз ісіне, Мамам ұрсып тастайды, Әкем аузын ашпайды (Е. Елубаев). Қанар шал мына келеңсіз оқиғадан кейін сөзін тындауға ешкімнің зауқы жоқ екенін байқады (М. Гумеров).

**Жөнсіздік, орынсыздық, оғаштық. Жөнсіз болушылық.** Әр нәрсені сезгіш, байқағыш, көреген Мұқаң жөнсіздікті жөндеп жіберуге де күш салады (Ә. Омаров). Ол қыстауынан айырылған жаңа біреуге тиіспек я болмаса орынсыздығынан елден кетпек (Абай). Даладан келген жігіттер бұдан ешқандай оғаштық таппай, жоғары баға берісті (Қ. Жұмаділов).

**Жөпшенділікпен, оңайшылықпен.** *Оп-оңай, еш қиындықсыз, жан қинамай-ақ.* Жөпшенділікпен уысын ашып, дым шығара қоймайтын қоймашы да алғаш ісі түскен жас жігіттің тауын қайтарғысы келмеді (Б. Тілегенов). Қабымды жерден жұлып алмақшы болдым, сөйтсем, зіл батпан, оңайшылықпен көтере алатын емеспін (Б. Соқпақбаев).

**Жөргек, жаялық.** *Жас нәрестені бөлеп, орайтын мата.* Жұқа өңді егделеу әйел жөргекке оралған нәрестені кеудесіне қысып емізіп отыр («Қызыл жалау»). Дымқыл тартқан жаялықтарды жуып, шайып құрғататын (Ғ. Сыланов).

**Жөтел, жөткірік, тұмау.** *Тыныс жолы мен өкпенің суық тиіп қабынуына байланысты, нерв талшықтарының тітіркенуінен болатын ауру.* Жөтел – тыныс мүшелерінің әртүрлі ауруға шалдығуының белгісі (Ғ. Қыдыр尼亚зов). Сырт жақтан сырп-сырп басқан кебісі дыбысы мен жөткірік естілді (Қ. Мұханбетқалиев). Әлдеқалай бір тұмау шығар, айығып кетеді ғой деп қараудың салдары жаман (М. Тілеуғабылов).

**Жөтелу, жөткіру, күркілдеу.** *Тыныс жолының, өкпенің қабынуынан дүркін-дүркін тамақты кенеп, күрк-күрк ету.* Күндіз-түні түтін астында отырған ауылдан көп көрі-құртаңның дамылсыз жөтеліп жатқаны естіледі (Ғ. Мүсірепов). Аула жақтан біреудің жөткірген дыбысы білінді (Н. Фабдуллин). Ауру адам күркілдеп жөтеле беріп, ұйқысы бұзылып, жөтелген сайын жалқаяқ тастайды (Е. Оразақов).

**Жуалдыз, тебен.** *Көзі ұлкендеу, өзі жуан ұзынша ине.* Екеуі жуалдызбен қаптардың аузын қайта тігіп, есекке артты (Ш. Мұртазаев).

Рысекең етік жамап отыр екен, ол да тарамыс, *тебен*, біздерін алдынан ысырып тастады (Т. Жармағамбетов).

**Жуан, толық, етті, етшең, етжеңді, жардай, местей, бөшкедей, күбідей, құжбан, кебежедей, гүжбандай, қабақтай.** *Денесі тырсыған, іркілдеп май басқан, төртбақ келген, арық емес.* Кіруге мүмкін бе? – деп, қаба сақалды *жуан* қара есіктен басын сұқты (Ә. Нұрпейісов). Ашаң жүзді келбетті *толық* әйел шапшаң қимыл жасап, ақ самаурыннан шай құйды (К. Тоқаев). Оның *етті* ақ балтыры менің балтырыммен жанасты, екеуіміздің де жүрегіміз алып ұшқандай (Х. Рахимов). Майбасардың *етшең* денесі селкілдеп, жирен қасқалыға дүрсе қоя береді (М. Қуанышбаев). Жасы қырыққа жаңа келген, *етжеңді* аққұба әйел Айжан – Мұхиттың өгей шешесі (М. Дүйсенов). Сонан соң *жардай* денесін орнынан ауыр қозғап атып тұрды (К. Зәкенов). *Местей* біреудің мінбеге шығып алып, не сөйлеп не қоярын білмей, мыңқылдап тұрған кейпі қай театрынан кем (Ә. Әубәкіров). Қуанышты үй иесі табан астында *бөшкедей* нән қабанды жарып тастады (Т. Бердияров). Ол *күбідей* тырсылдаған қарнын сипап, екі-үш рет қатты кекірді (З. Жәкенов). Бірақ жалпақ бет, май мұрын *құжбан* қара мыңқ етер емес (С. Бакбергенов). Оралбай бұғағы түскен, қарны *кебежедей* шүңірек көз қара шал (С. Мыңжасарова). *Гүжбандай* жүнді қолы келіп стол үстіндегі газет жыртығына жармасты (М. Қаратаев). Қарны *қабақтай* полк командирінен бастап түгел екі-үш күн бойы қолды-аяққа тұрмай жүгірумен болды (А. Нұрманов).

**Жуандау, жуантық, семіздеу, семізше, етжеңділеу, еттілеу, етжеңдеу.** *Жуанша келген, сәл семіз, жуанғырақ.* Екіншісі – бурыл, оның денесі *жуандау*, мінезі салмақтылау, шабандау (С. Мұқанов). Өзгелерден ерекше еркіндей басып *жуантық* қара төрлете кеп отырды (С. Әлжіков). Орта бойлы, орта жасқа келген *семіздеу* қызыл шырайлы бәйбіше өзен жаққа қарап тұр (С. Сейфуллин). Ең алдыңғы қатарда лақаның қарнындай тырсыя қалған *семізше* би ырсылдап тұр (А. Токмағамбетов). Бойы ортадан сәл жоғары, шалқақ кеуделі *етжеңділеу*, жазық маңдай, қоңқақ мұрынды адам еді (М. Мырзағұлов). Шоқан әжесіне бетінен иіскеткенде, *Жақып* та *еттілеу* томпақ бетін төседі (С. Бегалин). Көзінде үрей мен үміт арбаса ұйтқып, *етжеңдеу* ақ сұр кескіні бір қызарып, бір бозарды (Ө. Қанахин).

**Жуас, момын, момақан, иіс алмас қарап.** *Өзімен-өзі болып тыныш жүретін, қақ-соқпен жұмысы жоқ, қойдан қоңыр адам.* Қонақ қойдан да *жуас*, май берсе де жей береді (Мақал). Колхоздың қарт кісілері *момын* (Т. Иманбеков). Фариза былайша *момақан* аңқаулау болса да, ойға алғанын жүзеге асыруға келгенде жігерлі жас еді (М. Иманжанов). *Иіс алмас* есептелетін Есқара бұлардың біреуіне де арланбай, ерінбей, жалықпай жүре беретін (С. Мұқанов).

**Жуықта, жуықпанда, жуғарақпанда, жақында, таяуда, жуырда, бергінде, беріде.** *Жақын күнде, жуық арада, таяу кезде. Жуықта* сіздің

апаңыз осында болып, біздің үйге қонып кеткен (С. Омаров). Күйеуінің бір ауған бетінен *жуықпанда* қайта қоймайтынын білетін (К. Оразалин). Жіп-жіңішке ширақ қызға *жуғарақпанда* ұстатпаушы еді (Ә. Бүркітбаев). *Жақында* Алматыға сонау Орал бойынан бір қария көшіп келді (С. Мәуленов). *Таяуда* облыс әкімі ауданымызды аралап ауыл тұрғындарының қам-қарекетімен, мұң-мұқтажымен танысты («Жас Алаш»). Сөйтіп жүргенде осы *жуырда*, ойламаған жерден аякасты шұғыл тапсырмамен Алматыға келдім (К. Асанов). *Бертінде* реті кеп Дәметкен Жалтыршаға барып қайтса, жерошақ та, киіз үйінің іргесіне көмгендері де со қалпында жатыр екен (С. Мұқанов). Бұл сөз *беріде* ғана өз орнында қолданыла бастады («Ана тілі»).

**Жуынды, шайынды, жұғынды.** *Бідыс-аяқты жуғаннан соңғы майлы су, ас-су қалдығы, тамақтың қалған-құтқаны.* Мәлікенің келе жатқанын күтіп тұрған ба, *жуынды* төге шыққан келіншек қарсы жүрді (Р. Тоқтаров). Шелегін шайқап-шайқап алып, оның *шайынды* суын әлдеқайда шашып жіберді (Н. Қазыбеков). Байдың *жұғындысымен* күнелткен қойшының қазіргідей ақшалай табысының өзі уысына сыймайды («Тарту»).

**Жуып-шаю, жайып-жуу, жайып-шуу.** *Айыбын жеңілдету, жұмсарту, кінәсін ақтау.* Шалдың қыңырлығын *жуып-шаймақ* болып қайсыбірі ыңылдай бастады (Т. Әлімқұлов). Тікелей айтса, бұл сұрақтың жауабының оған оңай тимейтінін қыз бірден аңғарды да, *жайып-жумақ* болып күлімсіреді (І. Есенберлин). Бірі болса, бірі болады – деп, қыз өзінше *жайып-шуды* (Ж. Жұмаханов).

**Жұбай, қосақ, жар, жолдас.** *Ерлі-зайыпты екі адамның бірі, жан серігі.* *Жұбайы* да өзіне сай, Аты Айсұлу ақ маралдай (Ә. Тәжібаев). Сенің анаң Зейнеп көп жыл ащы-тұщыны бір тартқан *қосағым* еді (А. Мекебаев). Жас жігітке жайдары күлім қаққан, *Жарын* көріп жүрегі тыным тапқан (Ә. Тәжібаев). Теңің болса *жолдасың*, көңілді өтер тойың да. Жаман болса *жолдасың*, өмірің өтер уайымда («Айтыс»).

**Жұбату, алдарқату, уату.** *Баланың жылаганын қойғызу, қайғырған адамның көңілін аулау.* Анаға баласының қазасы үшін қайғылы көңіл айтып, *жұбатқан* болдым (Ә. Омарбаев). «Қайтер дейсің, төсек теңестіреді ғой», – деп, өзін-өзі *алдарқатып* жүрген-ді (Ә. Нүрпейісов). Жабыла *уатқан* елдің құрметін қадірлегендей өзіне-өзі сабыр да берді (С. Бегалин).

**Жұғымды, жұғымтал, сіңісті, сіңімді, құнарлы, қоректі.** *Қорегі мол, тез қорытылып, бойға жақсы тарайтын.* Расында сары майдың адамға аса сіңімді, *жұғымды*, тағамдық қасиеттері мол (С. Сұбханбердин). Дәмін кәдімгі бұлақ суы дерсің, аса *жұғымтал*, ішсең кете береді (Қ. Қамбаров). Ана сүті құрамы жағынан бөбекке өте *сіңісті* (Х. Нұрғалиев). Ас-суды да аямаймыз, бірақ ашыққандарға *сіңімді* болу үшін дәрігердің ақылымен тамақтандырамыз (С. Мұқанов). Мұнда малға жұғымды

құнарлы шөптің әр түрі табылады («Дала қырандары»). Архар оты мол жерде шөптің *қоректісін* теріп жейді (М. Ермаков).

**Жұғымдылық, сіңімділік, нәрлілік, қоректілік, құнарлылық.** *Азықтық сапасының жұғымды да нәрлі болушылығы.* Ғалымдар теңіз капустасының тамақтық *жұғымдылығы* кәдімгі капустадан едәуір жоғары деп есептейді (Т. Таубаев). Карбидтің ұнтағы мен өңделген сабанның *сіңімділігі* едәуір артатындығы байқалады (Қ. Құсайынов). Аурулардың тамағы *нәрлілік* жағынан жоғары болып, оның жұғымдылығын ойластырған жөн (Х. Әбисатов). Жұмысқа түспеген жас түйенің еті жұмсақ, *қоректілігі*, дәмі сиыр етінен кем емес (И. Жұмағұлов). Адам денесіндегі зат алмасуы ішкен тағамның *құнарлығына* байланысты (Ж. Қодаров).

**Жұдырық, жұмырық, мүш көне.** *Саусақты тегіс жұмып, қысқандағы қолдың басы.* Қатынына *жұдырық* ала жүгіргенше, адам болудың қамын ойласаң нетті (О. Сәрсенбаев). Кішкене нәресте *жұмырығын* тарс жұмып іңгөлап жатыр (Р. Дутәліпов). Көптің көңілі қожырар, Көрсетсек күшпен *мұшыңды* («Үш ғасыр жырлайды»).

**Жұқалаң, жұқалтаң, жұқалтым, жұқалтай, жұқалтақ, жұқалтақтау, жұқалау, жұқалаңдау.** *Жұқа келген, жұп-жұқа ғана.* Қалпақ, кебенек, жайнамаз сияқты *жұқалаң* келетін киіздерді әртүрлі өрнек жасау үшін кейін қайшымен оюлап, кесілетіндей етіп жасайды, мұны талдырма дейді (С. Қасиманов). Әкесінің үйінен жайырақ шыққан Нағымның киімі *жұқалтаң* болатын (А. Жүнісов). Кейде мұздың жаңадан қатқан *жұқалтым* кемері омырылып кетеді (Ә. Сәрсенбаев). Алдымызда жатқан *жұқалтай* ғана қоңырқай кітапша (М. Қаратаев). Жеңіл шана *жұқалтақ* қардың бетімен сырғып келеді (С. Сарғасқаев). Көп ортасынан *жұқалтақтау* егде адам көтерілді (Ө. Қанахин). Орынбасар одан гөрі қысқарақ, одан гөрі *жұқалау* көйлек киіп көрінді (Ж. Молдағалиев). *Жұқалаңдау* келген орта бойлы жас келіншектің қай уақытта болса да көңілді жүргенін көресің (Қ. Сатаева).

**Жұлқылау, жұлмалау.** *Жұлқыған үстіне жұлқу, қайта-қайта тарту.* Рақыш түн ортасында күйеуін *жұлқылап* әрең оятты (Т. Әлімқұлов). Қамар бақсының *жұлмалауымен* есін жия алмай жатыр еді (С. Торайғыров).

**Жұмарлау, илектеу, умаждау, умаштау.** *Бүктеген үстіне бүктей беру, мыж-мыжын шығару.* Алғашқы қапсыра құшақтаған қарқынмен алып соғып, астына басып *жұмарламақ* болды (М. Иманжанов). Асқардың балшыққа былғанған су шалбары шөптің үстінде *илектеніп* жатты (А. Байтанаев). Шешей ақшаны қалтасына салмай, қомсына *умаждап*, сәл бөгелді (М. Мағауин). Үй іші көкала түгін, бөрі қолтықтарына бір-бір жастықты *умаштап* жатыр (Ж. Молдағалиев).

**Жұмбақтау, астарлау, түспалдау.** *Ойын тура айтпай, бүркемелеп жеткізу.* Сұлтанмахмұт туралы ойын түспалдап, *жұмбақтап*

айтты (Д. Әбілев). *Астарлап* сөйлеу әдетім емес (Х. Есенжанов). Жездем дәмесін әуелі шешесіне *тұспалдап* жеткізіп, ол маған айтты (З. Шүкіров).

**Жұмсау, жегу, жіберу, аттандыру.** *Біреуді бір жұмысқа жөнелту, тапсырма беріп міндеттеу.* Жаман еш нәрсе біле алмайды, жұмсаған тіл алмайды өзі біліп пайдасын қыла алмайды (Мақал). Келінді де биыл мықтап *жекпесе* болмас, әйтеуір көп малды орнын тауып жұмсау керек (Ш. Өтепов). Аякең жылқыға Серікбайды *жіберіп*, бір түнге әңгімеге қанайын деген ойда (Р. Тоқтаров). Балалар көшет үшін қалаға Майсаны *аттандыру* керек деп ұйғарды (А. Хангелдин).

**Жұмыс, іс, қызмет, шаруа, еңбек, қаракет.** *Адамдардың өмір сүру мақсатындағы әр алуан іс-әрекеті, қимылы.* Жан қиналмай жұмыс бітпес, Талап қылмай мұратқа жетпес (Мақал). Сапар қартпен ақыл-даспай тұрып, ауылда бір де бір іс істелмейді (Ә. Әлімжанов). Күзетшілер күндізгі *қызмет* басталғанша ұйқыларын қандырып алатын (С. Мұқанов). Ауылға бара қалсаң, қарап отырмайсың, *шаруа* істейсің (Қ. Қуанышбаева). Бар өмірін *еңбекпен* өткізіп келе жатқан Шарипа қайырым тілеп, кісі алдына барып көрген жан емес (Ө. Қанахин). Қыстың күні малдың у-шуымен, адамның сергек айғайы, қарбаласқан *қаракеті*, желікті әңгімесімен батады (М. Әуезов).

**Жұмыссыз, еңбексіз, қаракетсіз, қызметсіз, іссіз, кәсіпсіз, шаруасыз.** *Жұмысы жоқ, қаракеті жоқ, еңбек етпейтін. Жұмыссыз қарап отыруға дағдыланбаған Қиқымды одан әрі ешкім ұстай алған жоқ (Ж. Арыстанов). Оның еңбексіз, қолын қусырып бос отырғанын көрген емеспін (Ә. Жылқышиев). Сен болсаң қаракетсіз мұңға баттың, Барасың баяу сөніп ұялғаннан (М. Әлімбаев). Біздің бұрынғы сыныптас жолдастарымыздың арасында қызметсіз жүрген адам жоқ («Жас Алаш») Әрбір тірлік-сүйініш, ойсыз, іссіз өткен күн-орны толмас күйініш (Ә. Табылдиев). Оның Маслованың үйіне барғанын дәлмедәл анықтағаннан кейін көзіме кәсіпсіз алаяқ елестеп кетті (К. Тоқаев). Қазір ауылда шаруасыз жүрген көрілер де жоқ, жастарды айтпағанның өзінде, – деді ауыл әкімі («Егемен Қазақстан»).*

**Жұмысшы, жұмыскер, еңбеккер.** *Өндірістік еңбекпен шұғылданатын, осы салада жұмыс істейтін адам.* Мыс қорытатын пештердің өзі қазақ жұмысшыларының қолында (Ғ. Мүсірепов). *Жұмыскерді* мініскер жұмсайды (Ғ. Мұстафин). Қарағанды совхозының *еңбеккерлері* егіс даласын қорғайтын орман алқаптарының өте пайдалы екенін әбден түсінген (А. Балтабаев).

**Жұрдай, тып-типыл, жұда.** *Түгі жоқ, жым-жылас, құралақан.* Жерден, өріс-жайылымынан *жұрдай* болған ауылдар қоныс іздеп аласапыран (Ә. Әлімжанов). Дұшпан бізді *тып-типыл* етіп, үрім-бұтағымызды жер бетінен жоймақ (Л. Құрманбаева). Өзін-өзі басқару

тәртібінен *жұда* болған, діні де патша чиновнигінің қарауына көшкен халық бас көтерді (Х. Есенжанов).

**Жұртшылық, көпшілік.** *Қалың қауым, ел-жұрт.* Оның халқыммен бірге болсам деген тілегі енді *жұртшылыққа* айқын естіле бастады (І. Есенберлин). *Көпшілік* құптағандай, ұйып тыңдап қалды (М. Әуезов).

**Жүту, сыңғыту, қылғыту, қылғу.** *Сұйық асты, сусынды өңеш арқылы тынымсыз өткізу, қылғыту.* Жұмағұл қымызды қарбыта *жүттып*, кесені еңсеріп тастады (Ә. Нәбиев). Местегі қымыз таусылғанша *сыңғыта* бердік («Жұлдыз»). Әттең, кебірсіген таңдайды мұздатып, *қылғытып* жіберер сұп-суық қымыз-ай десенші (О. Бөкеев). Ол бейне жыртқыш, аранын кең ашыпты арнадай. Адалын мейлі арамын *қылгиды* бір-ақ талғамай (Ә. Сәрсенбаев).

**Жүдеу, ару, арықтау, таралу, азу, солу, ашаңдау, азғындау, кілмию.** *Еттен арылып, жүзі солғын тарту, кетеуі кету.* Сақал-мұрты өскен, *жүдеген* Құрманғазы терезе алдында тұр (А. Сатаев). Көктемде тоңып, қыста *арып*, Титықтап о да болдырды (Ж. Молдағалиев). Біз көріспеген аз уақыттың ішінде генерал *арықтап*, жағасы мойнына кеңіп қалыпты (Б. Момышұлы). Өткен кездегідей бұртиған семіз емес, әжептәуір *таралып* қалыпты («Лен. жас»). Ауруы күн санап ұлғайып, бала көз алдында *аза* береді (Е.Ибрагимов). Шураның екі ұрты шұқырайып *солып*, көзінің алдында көгілдір мұнды көленке ұялаған (Ә. Нұрпейісов). Бір жағынан көрілік, екінші жағынан сырқат жеңе бастаған есіл ер бұрынғыдан да *ашаңдай* түсіпті (Ы. Жақаев). *Азғындап* шөктің, Сара, жылдан жылға («Біржан-Сара»). Ол не жыламайды, не күрсінбейді, іштей сарғайып, майы таусылған шамдай *кілмиіп* сөнуге қалған (Ш. Құмарова).

**Жүкааяк, жүкағаш.** *Жүк астына қоятын төрт аяқты, ағаштан жасалған бұйым.* Оң жақ қабырғаға тіреп қойылған *жүкааяқтың* үстіне қатар-қатар тақталай жиылған көрпе, қызыл жібек қозы көпшіктер көздің жауын алып тұр (М. Сүндетов). Жасыл жастығы шошайып, *жүкағаштың* үстінде тұр (Б. Аманшин).

**Жүргізу, айдау.** *Белгілі бір бағытпен қозғалту, алға қарай жетектеу.* Қала ұнамаса, тіпті қайтып келуің қашпас. Паровоз *жүргізетін* боласың (Т. Дәуренбеков). Төрт жыл соғыста генералдың машинасын *айдаған* шофермін (З. Қабдолов).

**Жүрдек, жүрісті, жүріскер, жүргіш, жүйрік, шалымды.** *Жылдам жүретін, шатшаң қозғалатын (жылқы).* Қаршыға салған адамға ыңғайлы, *жүрдек*, жуас, жылпос ат керек (Ш. Айманов). Ат қанша *жүрісті* болғанымен, алшақ ауылдардың арасындағы ашық күнде көзді ұялтатын әппақ дала адамды жалықтырып жібереді екен (С. Мұқанов). Бүркітпен аңға шығу үшін *жүріскер* екі семіз ат, екі кісі керек («Шопан сырласы»). Қасқырлар бәрі де жонданып, құтырынып, мықты *жүргіші* болып алды (М. Әуезов). Әлжанның *жүйрік*, жарау күрең қаскасы ә дегенде қасқырды бастырмалатып суырылып шыққан-мен, ұзақ үрдіс



шабысқа шыдай алмай, түске таман босаңси бастаған (С. Жүнісов). Айтбайдың ырғай дөнені тегінде *шалымды* мал екен (Ә. Көшімов).

**Жүре-жүре, жүре-бара, бара-бара, келе-келе, жүре-келе.** *Уақыт озған сайын, ақыр аяғында, соңыра таман.* Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды, *жүре-жүре* тілден де айырылды (Ә. Кекілбаев). Зылиха *жүре-бара* ауыл өміріне қызу араласып кетті (Н. Ғабдуллин). Біртіндеп тоңази бастаған дене *бара-бара* дел-сал болып әлі кетті (М. Иманжанов). Айдар *келе-келе* жаңа ортаға үйреніп, жұмысына төселіп, ауыл өміріне қызу араласып кетті («Жетісу»). Параз *жүре-келе* киындыққа кедергі болар күш-дағдыны қалыптастырады (С. Хайдаров).

**Жығылу, құлау, омақасу.** *Тік тұрған қалыптан төмен қарай сұлап түсу.* Ол жасында аттан *жығылып*, сынған аяғы қысқа болып біткен кісі болатын (Ә. Нұршайықов). Өлден уақытта оның тізгін ұстаған қолы босап, аттан *құлап* түсті (Ф. Сланов). Барлық дене салмағын салып ұрған кейбір соққысынан өзі де тәлтіректеп, *омақаса* жаздап қалды (С. Бакбергенов).

**Жылау, еңіреу, боздау, өкіру, аңырау, азынау, еңкілдеу, солқылдау, сынсу.** *Көз жасын көл қылу, еңк-еңк етіп зарлы үн шығару.* Бүркітжан қозыларды сол алаңқайға өргізіп, өзі текше тасқа шығып, еңіреп *жылай* берді (М. Құмарбеков). Назгүл бетін баса құлап, *еңіреп* қоя берді (Ә. Әбішев). Бижамал Жаңабекті бас салып, *боздап* тұрын жылады (Б. Тоғысбаев). Қалай көзіме жас келгенін білмеймін, *өкіріп* қоя бердім (С. Жүнісов). Даланы, маңды үн қылып, Ата-ананы *аңыратты* (Жамбыл). Кемпір-шалы болса, қандай қиын, бір жағынан қысқанда о да *азынап* (Абай). Күнпейіс шал мен машинадан түсер-түспестен *еңкілдеп* келіп, иығыма асылды (Ө. Қанахин). Екі «мүсәпір» қосыла *солқылдасып* жылап, шүңкілдесті де қалды (А. Тоқмағамбетов). Дәл осы кезде бір нәзік үн, әйел үні, *сыңсып* қоя берді (З. Қабдолов).

**Жылдамдату, тездету, жеделдету, шапшаңдату, жеппелету, жебелеу.** *Бір нәрсені жиілете істеу, бастырмалата қимылдау.* Атын жетектеп, жай ілбіп басып жүрген шопан бізді көрісімен адымын *жылдамдатты* (Ә. Жәмішев). Зейнекүл-ау, түскі тамақтың уақыты болды, *тездетсейші* (Б. Майлин). Тоқаш Бокин даусы қалтырап, қыза сөйлен сөзін *жеделдетеді* (З. Шашкин). Машина жүрісін бірде *шапшаңдатады*, бірде баяулатады (Ғ. Мұстафин). Зейнеп не дерін білмей тоқырап қалғанда, оған тыныс бермей жеңуге талаптанған Шоқан, *жеппелетіп* кетті (С. Мұқанов). Қайран анам, қайырылмай өткенің бе? Ажал шіркін, *жебелеп* жеткенің бе? (К. Тәкежанов).

**Жылмию, жылмындау, жылмаңдау.** *Езу тартып күлу, қылмың-қылмың ету.* Байқан жалт қарап еді, есінен тана жаздады, айдай сұлу бір қыз *жылмиып* күліп түр (Б. Майлин). Жылтырақ көрсе *жылмыңдай* күліп, жайылып сала беретін жандар ғой (М. Сүндетов).

Елдегі Еркін Ержановтың өтірік *жылмаңдауына* алданып, ыңғайсыз бір іске ұрынғалы келген түрің бар (С. Мұқанов).

**Жылнама, шежіре.** *Әр кезде болып өткен елеулі оқиғаларды баяндайтын деректеме.* Кейін ойлап көрсем, ол халық тарихын, *жылнамасын* қолдан қысқарта салған екен (Ж. Молдағалиев). *Шежіре* деген болады қазақта, орысшасы летопись (Ф. Сланов).

**Жылпос, жылмақай, ылпың-жылпың, жылым, жылмағай, пысықай, сумақай, жылмаң, жылтықай сөйл.** *Іші-бауырға кіріп қылымсыған, іші арам алдамшы.* Қалтай аса пысық, әрі жылпос, әрі тілді ер жігіт еді (М. Әуезов). *Жылмақай* Жүніс пальто сатушы адаммен бір сағаттай саудаласты (Б. Соқпақбаев). *Ылпың-жылпың* мінезі, барып тұрған қу өзі (Ж. Смақов). Қожамберді жым болды, *жылым* жігіт жұрттың сыңайын байқап қойды (Б. Майлин). Баяғы ауданның инспекторы *жылмағай* жігіт, бұл күнде осындағы мектепке ауысқан-ды (Ә. Кекілбаев). Адамдар арасында пысық та, *пысықай* да мол (К. Ахметбеков). Сапардың жымысқы күлкісі мен *сумақай* қолы оның көз алдына елестейді (Қ. Жұмаділов). Айшаның ойына терезеден қашқан *жылмаң* студент тағы да жылт етіп орала кетті (Х. Есенжанов). Тәйірі, ол азғантай елдің ішінде көзге түскен *жылтықайлар* ғой (Ф. Мұстафин).

**Жылтыңдау, қылтыңдау, қымыңдау, сумаңдау, жылпылдау.** *Мың құбылып жылмаң қағу, қылмың-қылмың ету.* *Жылтыңдап* қыз жағына қарағыштап еді, анау бұған рай көрсетпеді (О. Сәрсенбаев). Қасында *қылтыңдаған* бейтаныс келіншек, Шайқы оны қолтықтап алыпты (М. Дүйсенов). Күйіне келіп жараған, жүзiктің көзінен өткендей әдемі сұлу шабдар ат оқ жыландай *сумаңдап*, Айшаны алып, күн астына қарай жөнелді (С. Сейфуллин). Жабысқақ Мияш қызыл командирiнiң қасында тағы да *жылтылдап* жүрді (С. Сейфуллин).

**Жылымшы, жылырақ, жылымық, қанжылым.** *Аздап жылы, жылылау.* Күні бойы балдыр иісті *жылымшы* суды қанша ішкенмен, шөлі бір қанбады (А. Нұрманов). Күн *жылырақ*, Қала жұртшылығы қыс киімін жеңілдеп, өзен бойына шыққан (С. Бегалин). Ал көктемнің *жылымық* бір күнінде шопан отарлары төлді алуды кебейтті (Б. Аспанбаев). Содан соң жүрелеп отырып, құмандағы *қанжылым* сумен беті-қолын сипалап ұзақ жуынды (О. Сәрсенбаев).

**Жым-жырт, тым-тырыс, тып-тыныш.** *Ешбір у-шусыз, ұн-тұн жоқ.* Бірлі-жарымды жүрген, күлген демалушылардың дыбысы болмаса, санаторий төңірегі де *жым-жырт* (К. Ахметбеков). Жұрт бірден өлең бастап кетуге батылдары жетпей, *тым-тырыс* бола қалды (Т. Оразов). Түннің бір уақыты, айнала *тып-тыныш* («Лен. жас»).

**Жымсию, тымпию, тымыраю.** *Ештеңе болмағандай аярлана үндемей отыру.* Жұрт жұмысқа кірісіп жатқанда Ұзақ бір басқа жақтан *жымсиып* жаяу келеді (Т. Сағымбаев). Ақан сыр бермеуге тырысып, тойған қозыдай *тымпиып* отыр (Н. Серәлиев). Ақанға

күймесде *тымырайған* Шыңғыс та, қарқылдай күлген Нұртаза да мойын бұрмастан, желке тұсынан өте шыққан (С. Жүнісов).

**Жындану, есерсоқтану, есуастану, жарыместену, нақұрыстану, ақымақтану, аусарлану.** *Жынды боп кету, ақылынан адасу, құтырып аласуру, ақымақ болу.* Арада екі-үш күн өткен соң «Файни қашты» дегенді естігенде Қарашол *жынданып* кете жаздады («Бәй-шешек»). Шортан деген су бүлігі шабақ қуып, *есерсоқтанады* да жүреді (Ф. Сланов). Бөз орнына сөз берген бөсер байлардың соңына еріп елірме, *есуастанба* (Ө. Қанахин). Мынаның *жарыместеніп*, түк білмей қалуын қарашы (Б. Тілегенов). Кімде-кім әуелі *нақұрыстанып* жүріп, артынша түзеліп кетсе, бұл дүниеге бұлттан шыққан күн сияқты нұр құяды (Қ. Сатыбалдин). Ахмет пен ақсақалдар *ақымақтанған* жастарға қой десін! – деген болыстың сәлемі жеткізілді (Қ. Тайшықов). Тәйт әрі *аусарланбай*, не қылып құғырып жүр өзі (М. Әуезов).

**Жынды, есалаң, есуас, нақұрыс, делқұлы, мәңгүрт, миғұла, есерсоқ, жарымес, келесау, қояншық, есірік, мақаупес, мәжнүн, әумесер, әулекі, жындыкеш, мәңгі, ауыш жерг., әңгі көне, бәңгі көне, дәндүріс кітаб., дәнекүс сөйл., екі есті сөйл. Ақылынан адасқан, есі дұрыс емес, жындысүрей.** Болған соң уәделі күні жаңбыр жауды, судан ішкен *жынды* боп, ақылы ауды (Абай). Сол уақытта *есалаң* кісі секілді не ғып, не қойғанымызды да аңғармайтын едік (С. Торайғыров). Көржерге ақша шашатын мені *есуас* деп отырсың ба? (С. Мұқанов). Жынды ма, *нақұрыс* па, таз ба, соқыр ма – оны да білмейсің (С. Жүнісов). Сол бір өткен жолдары есіне түссе болғаны, Кенжебек *делқұлы* жандай есенгіреп, әлсіреп сала беретін (Р. Райымқұлов). Әйел еркекті бақытты етемін десе де, *мәңгүрт, миғұла* етемін десе де қолында, әйел наласы кісіні құр жібермейді (Д. Досжанов). Кім бізге жасамақшы қоқан-лоқы, Біз мұндай көрмеп пе едік *есерсоқты* (Қ. Аманжолов). Ақылды қасыңнан қорықпа, *жарымес* досыңнан қорық (Мақал). Түзде отырып галстугін шешіп, қайта байлады, Біздің жерімізде мұндайларды *келесау* дейді (Р. Бердіғұлов). Енді сөзді қысқартайық, сенің *қояншық* ұлыңа менде беретін қыз жоқ (Д. Исабеков). Маңдайынан сыйпағанмен, *есірік* есіркегенді білмейді (Қ. Толыбаев). Рәуіш пен Сары Ырысбекті *мақаупеске* есептеп, өздері орысша сөйлесіп, шаруаларын сөз қыла бастады (Ф. Сланов). Шын ғашықтық адамды *мәжнүн* қылады дейді ғой, шырағым (Н. Серәлиев). Өзі бір *әумесер*, әңгі адам ба деймін, – деп, қатты таңданған Соломон да тайып тұрды (К. Тоқаев). Алаңғасар *әулекілердің* айтқанына біз құл болмаймыз (С. Бегалин). *Жындыкеш* болма, ақылыңа кел, сабыр сақтап, ата-анаңа ұят келтірме («Жұлдыз»). Өз бетімен үйге келмей, басқа бір сиырға еріп жүре беретін *мәңгі* еді (З. Шашкин). Ақсақалдың жалғыз *ауыш* баласы бар еді, жуырда қайтыс болды («Түсіндірме сөздік»). Аңқау аңдамайды, *әңгі* тындамайды (Мақал). Бес-алты мисыз *бәңгі* күлсе мез боп, Қиналмай, қызыл тілім, кел, тілді ал, қой (Абай). Егер мені бір *дәндүріске* балап, жай әншейін мазак еткісі келмесе, жаныма бір оралып

соғуға тиіс (Ф. Дінісламов). Ол желөкпе *дәнекүске* не керек? («Қаз. әдеб.»). Момын жігіт не десек, *екі есті* ме өзі («Лен. жас»).

**Жырту, айыру.** *Қағаз, мата сияқты жұқа затты бөлшектеп, дал-далын шығару.* Ақтыны қолыма алдым да, дар еткізіп *жыртып*, лактырдым да жібердім (Ә. Нұршайықов). Өз жаулығын өзі *айырып*, ақсақ қатын ойбаймен үйді басына көтерді (Б. Майлин).

**Жыртық, шоқпыт.** *Ескіріп тозған, әбден тозығы жеткен, алба-жұлба, жырым-жырым.* *Жыртық* үйді жел табар, өтірік сөзді шын табар (Мақал). Мен бұрылып секіре бергенімде, *шоқпыт* шапан үшкір тақтайға ілігіп, ту сыртымнан асылдым да қалдым (Ғ. Мүсірепов).

**Жібү, жұмсару, балбырау.** *Жылылықтың әсерінен еріңкіреу. Жұмсақ болу, былқылдап босау.* Сыландап сылқ-сылқ күліп ақты бұлақ. Тоң *жібіп*, жер бу атып күн қызғалы (Д. Әбілев). Қозықұйрық әбден *жұмсарғанда* оларды кесектеп турайды (С. Сұбханбердин). Ет болғанда қандай! Ішіне іңкөл салынып, *балбырата* пісірілген мол ет (Ә. Сәрсенбаев).

**Жінішке, сида, сидам, сыптығыр, жіптіктей.** *Тал шыбықтай сырғана, ашаңдау келген, жадаулау. Жінішке,* сұңғақ бойлы, сұлу әйел махаббат жолында тұрақты сезім иесі болады (М. Әуезов). Ұзындығы есік пен төрдей келген *сида* көк атқа мен мінетін едім (Ә. Нұршайықов). Денесі *сидам* Қали жасырақ кезінде кеуде балуанның бірі болып жүрген еді (С. Мұқанов). Кешкі апақ-сапақ мезгілде аласа бойлы, шүңірек көз *сыптығыр* қара жігіт кеп енді үйге (Ж. Алтайбаев). Батальон командирін іздеп келсем, ол *жіптіктей* болып ордың ішінде тұр екен (Ә. Нұршайықов).

**Жінішкеру, сидалану, сыптығырлану.** *Созылып жінішке қалыпқа келу, ашаңданып сидиу.* Қойдың жасы ұлғайған сайын тісінің сүйегі *жінішкеру* бастайды (М. Ермаков). Бұрын да ашаң жігіт қазір тіпті *сидаланып*, жүдеп қалыпты (А. Жұмаділдин). Орта бойлы топ-толық денесі *сыптығырланып*, сөл сидаң тартыпты (Ф. Дінісламов).

## З

**Зағиптену, соқыр болу, өз болу, көзі ағару.** *Көзі көрмей қалу.* Дәрігерге дер кезінде көріне алмады ма, әлде дұрыс емдемеді ме, әжесі *зағиптеніп* қалған екен («Қазақстан әйелдері»). *Соқыр болып* қалудан өткен қасірет жоқ шығар («Тұлпар»). Барлық денем сау, тек көзім ғана соққының зақымынан *өз болып* қалыпты, – деді Балғын (С. Бақбергенов). «Көзіңнің оты өткір, *көзің ағарғыр*» дегендер балаға да, үлкенге де қарата айтылатын қарғыстар («Қазақ тілі мен әдебиеті»).

**Зады, тұқым, тек, нәсіл, түбі, сүйек, сой көне.** *Шыққан арғы негізі, тұп тамыры, өсіп-өнген ататегі.* *Задың* қазақ, қазаққа қызмет атқар, – деп Орынбордағы мектепке мұғалім ғып жіберді (С. Мұқанов).

Бір *тұқымнан* қалған жалғыз тұяқ емес пе, қайтіп қана оны жаманатқа қияр (М. Дүйсенов). Тойынғаннан кейін *тегіңді*, туған еліңді ұмытып кетпесең болғаны (С. Мұқанов). *Нәсілі* жаман сиырдан екі бұзау туады (Мақал). Туысы бірге кетпейді, *түбі* бірге тұтпейді (Мақал). Балам, өзіңнің *сүйегің* кім? – деді шал сөзін маған арнап (Ө. Қанахин). Ақбобек – өкең сүйіп қойған атың, Мамыртай – асыл *сойдан* арғы затың (Б. Адамбаев).

**Залым, зәлім, қу, алаяқ, сайқал, мыстан, сұм, сұрқия, зымиян, зұлым, сұмырай, найсап, рияшыл, аяр, мекер, зәндем, мүдәйі, пітіне.** *Қулығын ішіне бүккен, ізін білдірмейтін сұмырай.* Әлде бұл сырттан жылтырап көрінген *залым* қатынның айласы ма? (К. Тоқаев). Жете алмай келе жатыр екен, әйтпесе *зәлім* атаулы мынаның қалтасынан аспайды-ау, – деп ойлады Тәшен (К. Оразалин). Жуасты мін де, айран іш, Жоқ немеге шатылма, Ұры, залым, *қуларға* Нысанаға шаншылма (Абай). Қасындағы айлашыл *алаяқ* билер тобы Оразбайға еміне, ісіне қарап қапты (М. Әуезов). Мәлібектің әлгі *сайқал* сұрағы жанына іштегі жатқан қорғасын оқтан бетер батты (М. Дүйсенов). Бәрідей бағып келіп қапты сені, кір көңіл көлгірсіген өңшең *мыстан* мезгілсіз қаза таптын жау қолынан (Қ. Аманжолов). Ол – бір қарағанда момақан көрінгенмен, барып тұрған *сұм*, залым адам (М. Жұмағұлов). *Сұрқиялар* мылтық даусын естісімен тоз-тоз болып, жан-жаққа жүгіре бастады (Ә. Шәріпов). Көпті білетін *зымиян* Тұрсынбайға дәлелсіз бас салып тиісуге Ушаков та іркіліп қалды (Ғ. Мүсірепов). *Зұлым* саудагер інісінің екі жолдасын Қаражанның өз қолымен атып өлтіргенін оған айтпайды (І.Есенберлин). Сұлуға *сұмырайлар* сұқтанғыш-ақ, жаяуды өліп-өшіп сырттан құшақ (М. Әлімбаев). Мүсәпір-ау, өзің құдайдан безіп кеткен *найсап* екенсің ғой, – деді ол (Ә. Әбішев). *Рияшыл* жалған жыршыларды да, обыр Қадырбайды да бет-жүзіне қарамай түйредім (Жамбыл). *Аяр* Шөгел қай елге келсе де, кіммен сөйлесе де, ішке кіре біледі (Ғ. Мұстафин). Есіл жігіт-ай, сиқыр әйелдің *мекерінен* талай күйік тарттың-ау (Ш. Шалқаров). Бірақ ерген жолдастарының бәрі *зәндем*, бәрі залым, сен байғұсты бір-ақ күнде қып жүрмесін алым-салым (С. Дөнентаев). Айтылған сөзі екіұшты, көбейген аяр *мүдәйі* (Базар жырау). Өзара жанжалдасып қанға батқан, Ішінде түрлі *пітіне* толып жатқан (С. Торайғыров).

**Замандас, құрбылас, тұстас, тұрғылас, өкшелес, жоралас.** *Жас жағынан қарайлас, заманы бір. Замандасы* да жоқ емес. Сонау Салық дейтін жігіт – түйдей құрдасы (Б. Майлин). Әріп екеуіміз *құрбылас* болғандықтан, жиі қағысып қалып жүретінбіз (К. Оразалин). *Тұстас* қыздарының бәрі үйлі-баранды, балалы-шағалы боп кетті (Н. Қазыбеков). Жақып, Майбасар сияқты *тұрғыластары* және әлденеше інілер бар (М. Әуезов). Әбілхан *өкшелестерін* де, үзеңгілестерін де батыл сынады (Б. Әбдіразақов). Қуғынды бірге қуысқан, Қойымыз

бір қоралас, Асымыз артық *жоралас*, Артықша туыпты еренім («Манас»).

**Заң, низам, мизам көне, жарғы көне.** *Ереже, қағида, тәртіп.* Күндізгі мектептегілер оқуды тастап кетсе, олардың ата-аналары *заң* алдында жауапты болады (С. Мұсабеков). Патша өкіметінің отарлау саясаты кеңінен өріс алып, жаңа *низам* бойынша ел басқару тәртібі аға сұлтанның қолына көшкен («Қазақст. мект.»). Барлық қазақтың жерін қазынаға мүлік қылып, *мизам* шығарған («Айқап»). Хан кеңесінің шешіміне екі *жарғы* қойды (І. Есенберлин).

**Зандасу, жарғыласу көне.** *Заңға жүгіну, заңға сүйеніп дауласу.* Енді олар *зандасу* ештеме бітіре алмайтын болған соң, ағайыншылықпен бітісті (С. Мәуленов). Жасып, жылап өлмей, *жарғыласу*, адал арманыңды ақтап ол деген тәжірибелік сананы көрсетеді (М. Әуезов).

**Заңшыл, заңқор, заңқой.** *Заң айтқыш, заңға жүгінгіш.* Оның ұғымында орысша оқығандардың бәрі *заңшыл* да, әрбір заң білетін адам қауіпті (С. Мұқанов). Түрме бастығы кәрлі көзін әмірден аударып, аласа бойлы *заңқор* адамның бетіне төңкереді (Х. Есенжанов). Барша жұртқа жағуға бола ма, айтпайтындары жоқ, осы күні жұрттың бәрі *заңқой* (Е. Қонарбаев).

**Запы, зәрезап, запыс, мезі, ығыр, зәтте кітаб., қапыс сөйл.** *Әбден мазаны кетірген, діңкесін құртқан, зықысы шыққан, жүрегі шайлыққан.* Әлділердің лаңынан *запы* болған ол тағы да барып Ерделімен жауласып жүрем бе деп те қорықты (Б. Тілегенов). Қаншама жақын тартсаң да, Мауладидің жатсына беретін *зәрезап* мінезінен хабардармын (О. Сәрсенбаев). Талай таяқ жеп *запыс* болып қалған қара бие сойылды көргесін, дір-дір етіп қолға тұрды (Х. Есенжанов). Бейберекетті алып, *мезі* қып жіберетін қарасуық жел биыл соққан жоқ (С. Мұратбеков). Алмас Арғынғазыны әбден *ығыр* еткен ұзын сонар ақыл-нақылын асықпай қоздатып діңкесін құртады (З. Қабдолов). *Зәтте* болып қалған Степан жақын келуге бата алмай, тайсақтап тұрған сияқты (Б. Тілегенов). Сонымен аздаған *қапыс* боп, Белгісіз ұрымен шатыс боп, Жалаңаш қалып *запыс* боп, Қызметке мәйкішен келетін болдық (О. Әубәкіров).

**Зарлау, күңірену, зарилеу.** *Күйініп зар жылау.* Сен де жат елге кетіп барасың, құдай-ау, – деп, баласын құшақтап *зарлаганы* естіледі (К. Тоқаев). Шалқалай есік ашылып, өлікті үйден ұзатты, Ана зары *күңіренген* тұндырып салды құлақты (А. Жұмағалиев). Тіпті анадағы келген артық малмен де шаруасы жоқ, жылап-сықтап *зарилегенін* де қойды (Б. Тілегенов).

**Зарлауық, қақсауық, сарнауық, заржақ.** *Тіл мен жағына сүйенген, сарнай бергіш.* Білесіз бе, Ибрагим, тым *зарлауық* болу да пайдалы емес, – деді Крыжановский (М. Ақынжанов). Өзін анау *қақсауық* аспазға беретін нәрсе екен, Таң атпай кісінің жер-жебіріне

жетіп, ұрысатын еді (К. Тоқаев). Самбырлақ, *сарнауық* женгенін айқай-шуына үйреніп кеткен Жанардың тіпті іші пысады (К. Қазыбаев). Айбас есейе келе епті, тақылдаған *заржақ*, айлакер, пысық болды (Ә. Ақбаев).

**Зарсыз, мұңсыз, шерсіз.** *Зары жоқ, мұңы жоқ.* Тапсам табам, Таба алмасам, бұл жалғанда тұрмаймын, Арсыз, Жансыз, Жарсыз, *Зарсыз* жатқа мойын бұрмаймын (Б. Күлеев). Еркін ойнап елде өскен, Бақтан ұшқан балапан, Күнмен, аймен тілдескен, Шалқыған шат *мұңсыз* жан (З. Қалауова). *Шерсіз*, мұңсыз балғын балалық шағымды еске алдым («Түркістан»).

**Зарығу, зар болу.** *Қолы жетпей ынтықты, мұқтаж болып сарғая тосты.* Тұла бойы тұңғышын – ұлын бір көруге *зарығып*, аңсаумен ғана өтіп барады ғой бар ғұмыры («Оттас»). Инеге жіп сабақтап көрмеген пенде енді бір үзім нанға *зар болып*, көсіп іздеді (Ө. Қанахин).

**Зат, нәрсе, бұйым, дүние, мүлік, жасау, жиһаз.** *Адамның күнделікті өмір тұрмысына қажетті керек-жарақ, жабдықтар.* Үйдің іші әдемілеп жиналған, өрескел тұрған бір *зат* жоқ (С. Ерубаяев). Иленген теріден көксауыр, таспа, қайыс, қапшық сияқты *нәрселер* жасалады (С. Қасиманов). Ылғи күрең қызыл кілемдер мен сандық сияқты *бұйымдардан* айналып кіруге болмайтын (С. Жүнісов). *Дүние* де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз (Абай). Дүкенші жеңгейдің де бүгін Жөлекке *мүлік* алып қайтуға кеткенін білетінмін (О. Сәрсенбаев). Сол үйлерге арналған ішкі *жасау*, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ – баршасы үйлермен бірге келеді (М. Әуезов). Асыл *жиһаз*, дүниеге толған осы ақордада ақ мамық жастықтарды шынтақтай он шақты кісі отыр (І. Есенберлин).

**Затсыз, тексіз.** *Намыссыз, жаман, нашар.* Өш алуды білмейтін неткен оңбағансыңдар, *затсыз* жандар екендіктеріңді осыдан-ақ білуге болады (І. Есенберлин). *Тексіз* өскен шикі өкпелер-ай, аяғымды жіпсіз байладыңдар-ау, – деп қынжылды (Х. Әдібаев).

**Зая, зайығы.** *Құр босқа, текке.* Қарусыз кісінің қайраты *зая*, Қайратсыз кісінің айбаты *зая* (Мақал). Білімін бір жігіттің білседағы; Не керек *зайығы* кеткен білген малы («Ақан сері»).

**Зәбірсіз, жәбірсіз.** *Ешбір зәбірі жоқ, зілсіз, қиянатсыз.* Мен де сені келешекте ақылы алдында, ашуы соңында жүретін *зәбірсіз* жан бола ма деуші едім (Ә. Нұрпейісов). Манат үндемей қысық көздеріне *жәбірсіз* күлкі жинаған қалпы кабинаға кіре бере дауыстады (С. Шаймерденов).

**Зәбірші, жәбірші.** *Зәбір көрсетуші, қиянат жасаушы.* Біздің шахтамызда камера жүйесін қолдануды кім қуаттап отырса, сол айыпты, сол *зәбірші* (А. Хангелдин). *Жәбіршіден* жанымдағының өшін алып бере алмасам, өз-өзімнен қыстығып, қиналатынымын (Ә. Нұршайықов).

**Зәмзәм, көусар (су).** *Шипалы, кіршіксіз су.* Мөлдір, балдай тәтті суын айтсаңшы оның, тұпа-тура *зәмзәмнің* өзі дерсіз (Е. Тұрысов).

Жаратылыс жомарттытын бұл жерде қарағайлы шың бар, шыңнан құлаған *кәусар* су бар (Б. Әбдіразақов).

**Зәңгі, негр.** *Қара түсті адам.* Ол Африкадағы *зәңгілердің* ұлтазаттық күресі, Америкадағы үндістердің аянышты тағдыры жайлы ойланған жоқ (М. Мағауин). Отаршылдардың саясатын алсақ, бұлар да бір индеец, бір *негр* қалдырмай дүниеден жоқ етуге дайын (І. Есенберлин).

**Зәру, қат, ділгір, зар, мұқтаж, тапшы, дәркер, кенде.** *Табылуы қиын, жеткілікті емес, жартымсыз боп тұрған.* Совхоз ауылшаруашылығы машиналарының запас бөлшектеріне *зәру* еді (З. Жәкенов). Айналамыз теп-тегіс, адыры да аз, шалқыған суға да *қат* құла түз (Х. Есенжанов). Заводта сол кездегі бір *ділгір* нәрсе – темір аркан, онсыз көмір шықпайды (Ғ. Мұстафин). Бір кезде ұлы теңіз алып жатқан жер енді бір тамшы жаңбырға *зар*, – деді Виктор тракторға өзі отырып жатып (Ш. Мұртазаев). Шынында, соғыстың алдында тамаққа, киімге *мұқтажбын* деген бір жан жоқ еді (З. Ақышев). Біздің республикамызда суы *тапшы*, жері құрғақ аудандар көп (М. Ерменов). Сендерден ішетін ас, ат сұрамаймын, мен дүние-мүлікке *дәркер* адам емеспін (С. Омаров). Егін орағындағылар киімнен, тамақтан *кенде* болмасын («Дала қырандары»).

**Зәрулік, ділгірлік, мұқтаждық, тапшылық, қатшылық.** *Қажетті заттарға зәру болушылық, аздық етушілік.* Мұқаң Қазақстан секілді алыптың суға *зәрулігін* айтты (М. Әлімбаев). Айранбай, Кемелбай секілділерге қаншама еңбегін сіңірсе де, алған еш нәрсесі жоқ, *ділгірліктен* құтылған да емес (Б. Майлин). *Мұқтаждық* баржоғына қарата ма, қуғанда кедейшілік қара табан (Қ. Мырзалиев). Сейіт қаражат *тапшылығын* талай-талай сезінген (Р. Райымқұлов). Қазіргі қиын кезде ас-ауқат тіпті *қатшылық* (О.Сәрсенбаев).

**Зәулімдену, заңғарлану.** *Биіктеу, зораю.* Пальма ағаштары жиілеп, *зәулімденіп*, жолда жіңішкеріп, жалғыз аяқ соқпаққа тірелгенде машинаны тоқтатты (Т. Әбдіков). Торғайды айт Амангелді туын тіккен, Замаңдар озған сайын *заңғарланып*, Тартады ұрпақтары жылылықпен (М. Әлімбаев).

**Зейін, назар, зер, зерде, зейіл, зін көне.** *Адам санасының айнала-сындағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алу процесі, ақыл-ес.* Өжеттігі кемшін соқпаса, ақыл, *зейін*, ықылас жағынан қорлық көрерлік түрі жоқ (М. Сатыбалдиев). Осы кезде клубтың алдынан Баймұрат көрінді де, Есенбектің *назары* соған ауды (М. Иманжанов). Қақпа алдында екі адамның айналаға *зер* сала қарап тұрғанын көрген бір әйел көшені қиып өтті (К. Тоқаев). Алдын болжап, артын ойлар *зерде* әрбір бойда бола бермейді (С. Бегалин). Сыр ашпайды, Атырау саған көңілі толмаса, Баяу шерткен күй сазы *зейіліңе* қонбаса (Қ. Жұмағалиев). Көрді дағы ағашқа кетті *зіні* («XX ғ. қаз. ақын.»).



**Зерек, алғыр, ұғымпаз, ұғымды, ұғымтал, ұққыш, зейінді, тапқыр, тұтқыр, зейінтал.** *Бір айтқанды қағып алатын, тез түсініп ұғып алғыш, зейін тоқтатқыш.* Жаңа көршім сабаққа зерек, қоғам жұмысына да ынталы (К. Асанов). Өзі ғана емес, Жәнібекті де дәл өзіндей көреген. *алғыр* жас қыран қып баулып алып еді (М. Әуезов). *Ұғымпаз* бала әкесі сықылды халқының өн өнері мен сөз өнерін сүйеді (М. Қаратаев). Зейінді болса, *ұғымды*, Көкірегі хат болар, Араласып тұрмаса, Ағайынды адам жат болар (Ү. Кәрібаев). Оны Дәулет ағай жақсы көретін, әрі *ұғымтал* шәкіртім деп есептейтін («Білім және еңбек»). *Ұққыш* жансып шабынар, Ұқпай жатып жалығар, Ұйқылы-ою бойкүйез (Абай). *Зейінді*, ықыласты шәкірттің бірі боп, ауылдың барлық үлкеніне сүйікті көрінетін Мағаш та бүгін осында (М. Әуезов). Аталары Мәнке би заманында аса *тапқыр*, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам болған (А. Жұбанов). Осы бір өнер жұлдызының алғыр, *тұтқыр* зердесіне қайран қаламын (М. Әлімбаев). Құдай *зейінтал* ғып жаратпай, кеше қылған өздеріңнен көріңдер, маған не дейсіндер, – деп қампая түсті (Ә. Қалмырзаев).

**Зеректік, алғырлық, зейінділік, ұғымталдық, ұққыштық, ұғымпаздық, ұғымдылық.** *Айтқанды, оқығанды ұғып алғыштық, зейін қойғыштық, зерек болушылық.* Ұлының пысықтығына, *зеректігіне* сүйсінген әкесі Жүністі ауыл молдасы қылғысы келді (З. Шашкин). Біздің достығымызға оқуды жақсы меңгеретін *алғырлығымыз* дәнекер болды (С. Көбеев). Кадет корпусында оқып жүргенде-ақ жолдастары оның *зейінділігін* таныған (Н. Баяндин). Оның ересек адамнан бетер *ұғымталдығына* мұғалімдер де қайран қалды (Т. Әбдіков). Көксеген өзінің ақ дегенде құмарта сөйлейтін *ұққыштығын* істеп сөйлеп отыр (С. Бегалин). Банзаров Шоқанның *ұғымпаздығына*, ой-санасының ерте марқая бастауына қайран қалған (С. Мұқанов). Шоқанның алғырлығына, *ұғымдылығына* қызығып, өзі білетін ақындардың шығармаларын сабақ ретінде оқытты (С.Бегалин).

**Зерігу, іші пысу, жалығу.** *Істер іс таптау, мезі болу. Жалығу, іші пысу.* Бірер күн ферма басында боламын деп, *зерігуден* ішім жарылып, өліп кете жаздадым (Б. Соқпақбаев). Мырзахмет келгенде мен жұмыссыз *ішім пысумен* қатар туған жерімді сағынып жүр ем (С. Мұқанов). Болса да сөн-салтанат, қызық, әсем, *Тез жалығып*, айнымын, тұрлауым кем (Абай).

**Зиратшы, қабірші.** *Көр қазушы. Зиратшылар* өзара әңгімемен болып, Алмасты алғашында байқаған жоқ (О. Дастанов). *Қабіршілер* жұмыстарын енді ғана бітіріп, демалуға отырмақ болып жатыр екен («Қаз. әдеб.»).

**Зиялылық, мәдениеттілік.** *Мәдениетті болушылық.* Алыс жол арып-ашыған Әбунәсірдің сыртқы кейпі *зиялылықтың* белгісін білдіріп тұр (О. Бодықов). *Мәдениеттілік* адамның көрген тәлім-тәрбиесімен, ақыл-парасатымен байланысты («Қазақст. әйелд.»).

**Зиян, залал, зарар.** *Кесір келтіретін, қиыншылық тудырып зардап шектіретін.* Адам сұйық затты көп ішеді, бұл жүрекке зиян (Б. Омарұлы). Шырағым, Ыбырай-ай, сенің тұқымыңда адамға залал келтірген ешкім тумап еді, – деді кемпір кемсеңдеп (О. Сәрсенбаев). Колхоздың жыл сайын қарақүйеден шегетін зарары 20-70 центнерден асып түсетіні байқалды (Ж. Жиенбаев).

**Зиянданғыш, зақымданғыш.** *Зиян шеккіш.* Өздігінен тозаңданған линиялар арам шөптерден зиянданғыш келеді (М. Ерлепесов). Бұл дақыл күтімді көп керек ететін әрі арам шөптен зақымданғыш келеді («Дала қырандары»).

**Зиянды, залалды, зарарлы, зардапты.** *Зиян келтіріп, зардап шектіретін.* Жүрек қорегі ұдайы жеткілікті болып тұрмаса, оның жұмысына зиянды әсерін тигізеді (Б. Омарұлы). Бәтен ескіліктің залалды сарқыншақтарына қарсы мықтап күрес ашуымызға себепкер болатын шығар (С. Омаров). Сабанның дұрыс ашып, жақсы азық болып шығуы үшін зарарлы микробтардан таза, ескірмеген болуы керек (Қ. Құсайынов). Ракпен ауырғанда клеткалар зардапты жағдайға ұшырап, одан уыт шығып, денеге тарайды (М. Қайрақбаев).

**Зиянкес, зиянкер, залалкес.** *Зиян келтіретін, зардап шектіретін.* Бірақ бұл тұрғындардың ішінде зиянкес жоғын іші сезетіндіктен амалы құрып тұр (Б. Тоғысбаев). Дос, досқа зиянкер емес, зиянкер болса дос емес (Мақал). Залалкес залым қалдығын өшкере, қатал соттадық. Қанжарын тастап қанды күн, Аңсаған сағат соқты анық (Х. Ергалиев).

**Зиянкестік, қаскүнемдік, қастық, қастандық, жауыздық, өштік.** *Зиянкес болушылық, өшпенді болушылық, көре алмаушылық.* Көп мезгілден бері Кеңес өкіметіне істеп жүрген зиянкестік қылмысы ашылып, Қаражан ұсталған болатын (І. Есенберлин). Амангелді Әбдіғардың бұл қаскүнемдігіне қатты ренжіп, оны ұстап, қамауға алуға бұйрық берді (З. Мұхамеджанов). Өгей шешенің қыз балаға сор туғызатын қастығын орыс халқының қиял ертегілері де көп әңгімелейді (М. Әуезов). Шөпіштің өз тарапынан тікелей жасалып тұрған қастандық болса, заң жүзімен де сөйлесе алатындықтарын ортаға салысқан-ды (К. Оразалин). Күншілдік жүрген жерде бірде көрініп, бірде көрінбей жүретін оның мәңгі серігі – жауыздық (С. Жүнісов). Ол Тәттімбеттің Құнанбаймен өштігін білетін жанша сөйлеп өтті (А. Сатаев).

**Зиянсыз, залалсыз, зарарсыз.** *Зияны жоқ, кесірі тимейтін.* Олар қатерлі ұраның көзін құртатын сәуле қуатымен бірге басқа да дәрілерді сау ағзаға зиянсыз ету жағын іздеді (Е. Оразақов). Қолға түсіп маталып жатқандардың ішінен бесеуін алып қалып, залалсыз дегендерін тағы да босатып қоя берді (С. Шәріпов). Дос та дос, туған да дос, діндес те дос, Түбінде зарарсызды шын дос көрдім (С. Дөнентаев).

**Зияратшы, сиынушы.** *Зиярат қылушы.* Құрғамас зияратшы күн арасы, Құрғамас Ақбикештің мұнарасы (Т. Әлімқұлов). Күні-түні

Құдайға *сыбынушылар* Ганга озенінің жағалауына толын кеткен («Соц. Қаз.»).

**Зорлану, күштеу.** *Бар күшін жиып тыртыңдау, өзін-өзі мәжбүр ету.* Бірақ амал не, ықыласын аумаған сезімге *зорланудан* қиыны жоқ екен (К. Асанов). Қажетті дағды қалыптасқаннан кейін *күштеліп*, зорланып, киналып істеу жойылады (К. Жарықбаев).

**Зорлау, қыстау, өктемдеу, өктеу, күштеу, қыспақтау, қыстау, қыштау.** *Еркіне қоймай күшке салу, жан алқымға алып мәжбүр ету.* Оның үстіне Зүлдәинаны оған *зорлап* берейік деп отырғанымыз жоқ, өздері келісіпті (Ә. Сатыбалдиев). Ішімдікке салынып кетудің өзі осындай біреулердің *қыстап* ішкізуінен болады (Ш. Әмірәлиев). Аздаған балық артық аулағаныңа өзінді де, сөзіңді де *өктемдете* берме (Т. Қойшыманов). Алшынбай кірісіп, «аяқтап көрем» деген соң, Майбасардың да *өктей* қоятын жөні жоқ (М. Әуезов). Сардар қызының *күштеуімен* тағы да докторға қаралды (З. Қабдолов). Дәулет қашқалақтап мектепке барғысы келмеп еді, ерке баласын өкесі *қыспақтамады* (С. Мұқанов). Ол да мені көріп, әрі қарай бұрылып отырғасын мен де оны *қысталамадым*, жақындамадым (Ф. Мүсірепов). Бұл уақыттың ішінде Сәкен домбырашыны *қыштамай*, өзіне ерік беріп қойған (Т. Әлімқұлов).

**Зорлық, зомбылық, қиянат, қысым, қияпат, озбырлық, өктемдік, көтензорлық.** *Біреуге көрсетілген жөнсіз күштеу, қысаң, зәбір-жапа шектірушілік.* Жүзіне қарап о кісінің *зорлықпен* емес, шын ықыласпен айтып отырғанын сезді (М. Дүйсенов). Жасында зорлық пен *зомбылықтың*, жаманшылық пен жақсылықтың зардабын көп тартты (Е. Асқаров). Қокан, Хиуа хандықтары қазаққа қандай *қиянат* жасамады десеңізші (І. Есенберлин). Фашистер *қысымында* ол жырын ұшырып, әртүрлі жолмен еркіндікке, бостандыққа қол бұлғап жатты (С. Қирабаев). Қарабет басқарманың бұрынғы *қияпатын* білетін жүрг дүрлігіп, наразылық білдірді (С. Жүнісов). Осы жәбіршілік пен *озбырлық* Сәкенге амалсыз арыз жазғызды (Т. Кәкішев). Үндістан ешбір көрші-қоңсы халыққа басқыншылық жасап, *өктемдік* етіп шауып-жаншып соқтықпапты (М. Әуезов). Көрпебайды күйт-күйттеп, байға істегенін бізге де істегісі келсе, ол *көтензорлығына* кім көнеді (А. Нұрманов).

**Зорлық-зомбылық, зәбір-жапа, жәбір-жапа.** *Қиянат-қылмыс, озбырлық.* Әлсіздердің күштілерден көрген *зорлық-зомбылығына* жаны төзбейтін (К. Әміров). Ақбала Тәңірбергеннен *зәбір-жапа* шеккен сайын баяғы балықшы ауылында өткен күні есіне түсе береді (Ә. Нұрпейісов). Өгей шеше десе көптің ұғымында бір бала-шағаға *жәбір-жапа* шектіретін адам дейтін жаңсақ ұғым қалыптасқан («Түркістан»).

**Зорлықшы, қиянатшы, озбыршы.** *Зорлық жасаушы, қиянат келтіруші.* Ыбырайдың байларды, *зорлықшыларды* шеней айтқан

өлендері толып жатыр (С. Мұқанов). Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман (Абай). Патша озбыршылары бізді ата-мекенімізден қуып, оны қоныс аударушы орыстарға тартып өперді (С. Ерубаяев).

**Зорман, балпақ, саршұнақ, сартышқан жерг. Дене тұрқы 30-40 см-дей, арқа жоны қоңырлау, бауыры сарғыш ірі тышқан. Зорман сарышұнақтардың ішіндегі терісі ең бағалысы («Қазақстанның аң байлығы»).** Қолым босай қалса, әкемнің соғып тастап кеткен қақпанын алып, *балпақ* тышқанға құрам (Ө. Қанахин). Көрі бүркіт бір түп сарғыш шидің арасынан қылтиған *саршұнақты* шалып қалып, ұмтыла беріп еді (Ә. Әлімжанов). Зорманды кейбір жергілікті жерде *сартышқан* деп те атайды (Х. Қыдырбаяев).

**Зым-зия, жым-жылас, ұшты-күйлі, ізім-қайым, із-түзсіз.** *Қайда кеткені белгісіз, жер жұтқандай, хабар-ошары жоқ.* Мына комбайндардың барлық қосалқы елеуіш торларына дейін *зым-зия* жоғалып кетіпті (С. Балғабаяев). Сонан кейін *жым-жылас* жоғалып, жыл жарым өткенде милиция боп келгенінді де білеміз (М. Сүндетов). Қосқа жегіп жүрген ала өгіз екі-үш күннен бері *ұшты-күйлі* жоқ (С. Бақбергенов). Майданға былтыр аттанған Мәуленнен *ізім-қайым* хабар жоқ (Ө. Ахметов). Жаңағы қайырымды қарақшылар *із-түзсіз* жоқ болып кетіпті (О. Әубәкіров).

**Зымыран, ракета.** *Реактивті күш әсерінен қозғалатын ұшу аппараты.* Тартып алып бар қуатын күннің де, Сапар шектің *зымыранға* мінді де (О. Иманғалиев). Шолпанға ұшырылған *ракета* жөнінде радиодан берілген хабарды талқылап, өз пікірін қосып жатыр (К. Баялиев).

**Зымырау, зулау, заулау, зауылдау, зуылдау, зырлау, зырылдау, гулеу, лекілдеу, зыргу, зыркырау, замғау, жүйтку, құйылту, құйғыту, құйындау, ызғыту, құлдырау, зыту, зымғау сөйл. Желдей есіп, үлкен жылдамдықпен жылдыздай ағу, зыта жөнелу.** Қыз велосипедіне қайта мінді де, ылдиға қарай *зымырай* жөнелді (А. Сатаев). Желкені керілген кішкене қайық толқындар үстінен жайша атылып, *зулай* ағады (Т. Құрманғалиев). Әлгі машина *заулап* келіп, қарсы алдына кілт тоқтай қалды (Д. Досжанов). Еңбек ері майданда оттай жалындап, Жер астында машиналар *зауылдап* (С. Ерубаяев). Оқыс көтерілген адамды *зуылдай* ұшып жатқан көп оқтың бірі болмаса бірі іліп өкеткендей (Т. Жанкелдин). Не істерін білмей дағдарып тұрғанда күнбатыстан *зырлап* келе жатқан машинаны көріп, соған қарай үкідей ұшты (А. Лекеров). Арба ылдиға қарай *зырылдаса*, өрге келгенде шикылдап, жүйке шағады (Т. Әлімқұлов). Автомобиль жолменен *гулеп* жүріп келеді (С. Сейфуллин). Анандай лепіре, *лекілдеп* аққан тентек ағынның қасында, жол басында мерткікен аттай теңкиіп жатқан неткен ерсі (Ә. Кекілбаяев). Табанына шаңғы байлаған самолет *зырғыған* бойы күтіп тұрған көпшілікке жақындай бере тоқтады (Қ. Мұхамеджанов). Автобустар жалтыраған асфальт жолмен ойға қарай өз екпінімен

*зырқырап* келе жатты (Е. Оразақов). Құйын боп *замған* барады, Көбігін пашқан пар-пар ат (Н. Шәкенов). Еліміздің талай қаласын жалғастырып, күндіз-түні бір толас таппай *жүйткітін* сансыз поезд осы жерді басып өтеді (Ә. Ибрагимов). Осы кезде шайқасып жатқандардың ішінен бөліне шығып, *құйылта* шауып келген (И. Есқараев). Көп ұзамай он шақты қара киімді мотоциклистер де құйынша *құйғытып* тас жолға шыға келген еді (Қ. Қайсенев). *Құйындап* қол алдынан шапқыншы озды (С. Бегалин). *Ызғытып* келе жатыр едім, далақтаған біреу көлденең шықты (Ш. Хұсайынов). Жалғыз *құлдырап* аққан жұлдыздай Құлагер Көкөзектің сайына екпіндетіп түсе берді (С. Жүнісов). Көзі тұнған әуез аннан-саннан бір басып, *зытып* келе жатты (А. Мекебаев). Тоғайдағы тікенді шіліктердің арасымен қояндай орғып, бөгеліссіз *зымғаймыз* (Б. Соқпақбаев).

**Зындан, зәндем.** *Адамды жазалау үшін жер астынан қазылған ор, апан.* Халық бостандығы күресінде ерекше көзге түскен ұйғырдың халық батыры Садыр палуан Манжүр *зынданында* өледі (С. Мұқанов). Кедейдің еңбегін жыланша соратын антұрған қулар *зәндем* түбіне кетеді (І. Жансүгіров).

**Зыпылдақ, зуылдақ, жыпылдақ.** *Зып-зып етіп сөйлей беретін, зытылдап қалған.* Өзінен оқитын қыздарға да көз қиығын тастап, қырындап қояды десті *зытылдақ* ауыздар (Б. Қыдырбекұлы). Әбеннің *зуылдақ* долы бәйбішесі оны демалыс күні қала шетінен шығарып кететін (С. Бегалин). Жанғабыл *жытылдақ* құрдасының сөзіне бөгелген жоқ, әй-шайға қарамай басқарма отырған бөлмеге кіріп барды (О. Сәрсенбаев).

**Зырылдауық, зырлауық.** *Желге қарсы зырылдатып ойнайтын айналмалы ойыншық.* Ағаштан жұқалап жонып, қалақша төрізді жасалған ойыншық *зырылдауық* деп аталады (С. Қасиманов). Зырылдап *зырлауықша* шыр айнарлар, кідірсе кілт айналмай қалатындай (Д. Еркінбеков).

**Зілді, қатулы, ызғарлы, сұсты, сесті.** *Ашуланып зілденген, қатуланған.* Бұл сөз кеше кешке келген жаман хабардан гөрі әлдеқайда *зілді* естілді (Б. Майлин). Мұнда неғып жүрсің? – деді *қатулы* үнмен Майлыбаев екенін танып (Қ. Тоқаев). Егер екінші рет қолға түссең бізден рахым күтпе, – деді бала *ызғарлы* үнмен (С. Мұқанов). Молданың қабағы тым түксініп, қарауытқан өңі кешегісінен де *сұсты* сияктанды («Қаз. әдеб.»). Обком секретары сырттай *сесті* болғанымен, жасы үлкенді сыйлай білетін адам екен (Ф. Оразаев).

**Зілділік, сестілік, сұстылық.** *Зілді, сесті болушылық.* Лептосироз ауруы *зілділігіне* қарай өте жіті және жітілеу болып үш түрге бөлінеді (Ш. Халықов). Онда өзін сыйлата да алатын құдірет пен кейбір адамдарда болатын *сестілік* те бар екен (М. Иманжанов). Кірбец қабағының мағдайында қайғы-қамығудан гөрі ыза-кекті байқататын әлдебір *сұстылық*, өжеттік бар (А. Жұмаділдин).

**Зілсіз, ызбарсыз, ызғарсыз.** *Зілі жоқ, ызбары жоқ, жайдары.* Бозжанов көптің осы бір *зілсіз* өзілін ұстартып жатыр (С. Шаімерденов). Әкесі кешегі болған жайды сабырмен баяндап, *ызбарсыз* жымиды («Мәдениет және тұрмыс»). Директор түйілген қабағын жазып *ызғарсыз* сөйледі (М. Сқақбаев).

## И

**Иә, рас.** *Мақұлдауды, келісуді, қоштауды білдіретін ишарат сөз.* *Иә*, біздің мырза екі айтпайды, – десті жігіттер де жамырап (Ф. Сланов). Кейбір қосылмайтын пікіріңіз бар екені *рас*, мені жазғырмай-ақ айта беруіңізге болады ғой (М. Иманжанов).

**Игі, ізгі.** *Жақсы (іс), шапағаты, қайырымы мол.* Жалпы жастарға, *игі* жұмысқа атсалысқан ел еңбекшілеріне мектеп кеңесінің атынан алғыс айтамын! (Б. Майлин). Бұл *ізгі* мақсатты совхоздың жүзім өсірушілері де түсініп отыр (Ф. Сланов).

**Игілікті, ізгілікті.** *Игілікке бастайтын, құт-береке беретін.* Бұл *игілікті* іске әр малшы өз үлесін қосып, еңбек жолын оза шыққан озаттарша бастайды (Ә. Ибрагимов). Осы бір *ізгілікті* іс совхоз директоры Шамаханның да құлағына шалынбай қалған жоқ (Қ. Салғарин).

**Иелену, малдану.** *Өзіне меншіктеу, сіңіріп кету.* Арғы жер бұрыннан ұйғыр нәсілді халықтың орнығып, *иеленген* жері болып, онан әрі бара алмапты (Абай). Ертеде осы күнге біздің *малданып* жүрген түліктеріміз бәрі де аң секілді далада жүрген тағылар екен (С. Бегалин).

**Иелі, қожалы.** *Бас иесі бар.* Өзі өлсе, аз ғана тұяқ пен шаңырақтың *иелі* болуынан оның жанына келетін пайда бар ма? – деп ойлады Қарпық (Қ. Тайшықов). Енді жерге, осынша малға *қожалы* болған өздерің (С. Еркебаев).

**Иесіз, қожасыз.** *Иесі жоқ, билеушісі жоқ.* Бұл күндері жертөле естен шығып, *иесіз* қалған болатын (Ә. Жылқышиев). Аударылып асты-үсті, Астан-кестен болған жоқ. Шен, знақты *қожасыз*, Кеңесті кең құрған жоқ (І. Жансүгіров).

**Изек, изең, итпек, митың, итең.** *Баяу қозғалған, изектеген, ілбіген жүріс, өнбес қимыл.* Әлекен тақымдауын қоймай, сол *изек* жүріспен Кеусер өзеніне түс қайта өрең жеттік (Ф. Орманов). Елдерінен шыққалы қыл арқан кесіп, қанталап қалған білектері түйенің *изең* жүрісінен қайтадан қажалып, бебеулетте түсті (Ә. Кекілбаев). Мұндай *итпек* қимылмен айтылған мерзімге дейін жұмысымыз біте қояр ма? («Жалын»). Онсыз да өгіз *митыңмен* келе жатқан такси, ол жүріс те көп болғандай, тоқтап қалды (Ә. Мархабаев). Күні бойы жол жүріп шаршаған серіктері сол бұрынғы *итеңмен* жылжи берді (Ауызекі тіл).

**Икемдеу, ыңғайлау, оңтайлау, ықшамдау, ебдейлеу.** *Біреулерді бір іске бейімдеу, бір затты ұстауға қолайлы ету, жөнге келтіру.*

Оқиғаның беталысы бұларды өз ырқына *икемдеп*, ойынды шынға айналдырып жіберді (Қ. Жұмаділов). Төлеген домбырасын *ыңғайлап* отырды да, тартатын күйінің тарихын түсіндірді (Ә. Нұршайықов). Мен кетуге *оңтайланғанда* Ғалияш тыпыршып, қалай тоқтатудың амалын таппай састы (Т. Ахтанов). Ол иектегі кішкене сақалды күн сайын тегістеп қырып *ықшамдай* түсетін еді, бүгін о да қырқылмаған (Б. Майлин). Қу тұяқ, құлан шеке *ебдейленіп*, Күткендей үлкен жарыс, ұлы дуды (Қ. Жұмалиев).

**Иланғыш, сенгіш, нанғыш, нанымпаз, ергіш, сенімпаз, сенімшіл, алданғыш, нанымсыз.** *Біреудің айтқанына мойынсұнғыш, жоқтан өзгеге көнгіш.* Шайқас үстінде жаужүрек, қайтпас-қайсар қаһарман болғанымен, тыныштық кезінде аңқылдаған ақкөңіл, *иланғыш* ұяң еді (Ә. Әлімжанов). Қасым өте адал, турашыл және достарына *сенгіш* еді (Е. Ысмайылов). Кішкене кезінде аңқау, *нанғыш* және тентек бала болса керек (М. Әуезов). Аузын ашса көмейі көрінетін Тұңғышбек *нанымпаз* да болатын («Алматы ақшамы»). Мариям бірде өтірікке сенгіш, өсекке *ергіш* боп көрінеді (С. Бакбергенов). Аңқау көңіл *сенімпаз*, Аңғал едік екеуміз, Алданудың себін аз аңғармайды екенбіз (Т. Нұрмұхамедов). Қамысты терең көлдей төңкерілген, *сенімшіл* екі көз ғажайып бір ыстық сәуле шашады (Ә. Нұршайықов). Жасының ұлғайғанына карамай, бұл өзі бір *алданғыш* адам (Ауызекі тіл). Айтылған хабарға сене беретін *нанымпаз* адамдар да баршылық («Түсіндірме сөздік»).

**Иланымды, нанымды, сенімді.** *Күмән тудырмайтын, көңілге қонымды.* Астық шірімесін деп ауыстырып едім деген Қамбашының жауабы *иланымды* шықты (Т. Әлімқұлов). Бұл екеуі де Өмірбекке *нанымды* ақыл сияқты көрінді (С. Шаймерденов). Мына қара молданың *сенімді* жігіттерінен төрт-бесеуін ертіп аламыз (С. Мынжасарова).

**Имектеу, имегірек, иіңкі.** *Аздап имек.* Бастары сопақ, тұмсықтары сәл *имектеу*, жіңішке. Сирақтары ұзын, үйрек, қазға мүлде үйлеспейді (С. Бегалин). Оймақ ауыз, *имегірек* қас, аққұбаша қыз төлқұжатымызды алып қарады («Қаз. әдеб.»). Жұмысқа елгезек, мизалы ағаштай басы *иіңкі* үнемі ой үстінде жүретін Ғарибулла көз алдымда түр (Ж. Арыстанов).

**Имену, қаймығу, жасқану, ұялшақтау, қымсыну, ығысу, сескену, айбыну.** *Бата алмай бой тарту, жүрегі дауаламау, қысылып-қымтырылу.* Ешкімнен *именбей*, сөзді бұрмай кесек-кесегімен тастап түр (І. Жансүгіров). Шалының осы түрінен *қаймыққан* кемпір Кәлен әкелген сұмдық хабарды іркіп қала берді (Ә. Нұрпейісов). Шәріпжан қатты айтылған айыптау сөзден *жасқанып*, ығып қалды (М. Әуезов). *Ұялшақтап*, қысылып-қымтырылып төменгі курстың екі студенті кірді (О. Сәрсенбаев). Бейтаныс бізді көрген бетте сәл тартылып, *қымсынып* қалды (З. Шашкин). Ол не дерін білмей сасқалақтап, үні тұтыға шығып,

*ығыса* берді (С. Сарғасқаев). Ханның қаһарынан *сескеніп*, ет жақын үзірлері де тіл қата алмай, анадайда иіріліп тұр (О. Сәрсенбаев). Мен өкем қасымда тұрса, арыстанға да *айбынбай* ұмтылар едім (Ы. Жақаев).

**Инабатшыл, ізетшіл.** *Ізет тұтып тұратын, ізет сақтағыш.* Үлкенге де, кішіге де *инабатшыл* деп ауыл тұрғындары оны құрмет тұтатын («Жас Алаш»). Осындай ақ жарқын, кішіпейіл, *ізетшіл*, адамгершілігі мол, үріп ауызға салғандай келбетті келінді жаманатқа қалай қиярсыз (Ж. Мусин).

**Ирек, ирең, иір.** *Тұзу емес, иіліп келген, ирелеңдеген.* Ирегін *ирек* қылып әр әріптің кескінін айнытпай түсіре берсеңіз болды ғой (Ү. Уайдин). Бұл да иірі мен *иреңі* көп қиын жол еді, үлкен асу еді (С. Бақбергенов). Сол бұж-бұж бұтақтар кейде *иір* мүйіз қошқарға не басқа бір аңға ұқсар еді (С. Байжанов).

**Иректеу, иірлеу.** *Аздап ирек.* Топырақ неғұрлым жұмсақ болса, ін жолдары соғұрлым *иректеу* де күрделі болады (М. Исмагулов). Ұзындығы төрт тұтамдай, ұшы ғана кішкене *иірлеу*, ерекше біткен ақ мүйізін қарап өтіп мерген (Ғ. Сланов).

**Иреңдеу, ирелеңдеу, ирелектеу.** *Ирең-ирең ету, бұралаңдау.* Достар *иреңдеген* тар көшеге түсіп, ала шапан киген еңкейген қарттарды басып озып келеді (Ж. Арыстанов). Ұзын тұра орнынан *ирелеңдей* тұрып, босағада тұрған қара портфельге ұмтылды («Сыбызғы сазы»). Біздің келуімізді күткендей тентек *ирелектеген* қара сызық көрінді («Тұлпар»).

**Ислам, исламият.** *XII ғасырда араб елінен тараған мұсылман діні.* Меккедегі *ислам* дініне қарсы болған арабтар Мұхаммедті өлтірмекші болған (М. Исақов). Біздегі *исламият* туралы пікірлерді үш топқа бөлуге болатын секілді (М. Бұлұтай).

**Итаршы, құйыршық.** *Біреудің айтағына еріп, сөзін сөйлеуші, қолшоқпары болу.* Қазанғап Шәкенге жағыну үшін *итаршы* болып көрінсе, Шәкен малайларға жағымды болып шығады (Ғ. Мұстафин). Қазақ кедейі өзінің байынан зорлықты бір көрсе, оның *құйыршығы* болған төрелерінен зорлықты екі көрді (С. Сейфуллин).

**Иттік, итшілік, айуандық.** *Адамшылыққа жатпайтын жат қылық, іс-әрекет.* Қалмырзаның мұндай *иттік* жасайтынын күтпеген жігіттер не істерін білмей аңтарылып қалды (К. Зәкенов). Оның жолдастары *итшілік* жасап, айдалаға тастап кетіпті (М. Ғабдуллин). Жаудың *айуандығы*, оған деген өшпенділік еш уақытта ұмытылмас (М. Иманжанов).

**Итшілеу, итпектеу.** *Әуреге түсу, қиындық көру.* Әйтеуір атпен, шанамен, кейде жаяу, *итшілеп* жүріп өзіміз тасимыз (Ж. Кеттебеков). Сәлем айта бар әке-шешене, Күнімше де осылай *итпектеп* жүріп жатыр екен дерсің (К. Ахметбеков).



**Иық, иін.** *Жауырын мен тоқпақ жіліктің астасқан тұсы.* Әбдінің соққысы тигенде Қарабайдың да оң *иығы* сынып кеткендей сытыр етті (М. Әуезов). Бәйбіше қара шашын тарқатып, екі *иініне* жайып салған (М. Әуезов).

**Иықсыз, қушық.** *Иықты емес, қушиған.* Оның *иықсыз* денесіне алған киімі онша қона қоймады (Ауызекі тіл). Сұңғақтау, *қушық* жауырын, қара торы, Мөлііп тұр алдында бір тапжылмай (И. Байзақов).

**Иықсыздау, қушықтау.** *Оншалық иықты емес.* Өзінен бір жарым есе ұзын бойына, *иықсыздау* келген денесіне, аршындап басқан адымына қарсы келеді (Х. Есенжанов). Арынның да шекесі жылтыр, сәл *қушықтау*, бұйра шашы жидіңкіреп, кейін қарай кетіпті (Р. Тоқтаров).

**Иықтасу, иіндесу.** *Қатарласа, жанаса иық түйістіру.* Сайд-дың табанына таман түсіп, көгалға екеуі *иықтаса* келіп отырды (Б. Нұржекеев). Қыз бен жігіт *иіндесе* тұрып, кітапты қарай бастады (Т. Нұртазин).

**Иықты, жауырынды, жоталы, төртбақ, кеуделі, денелі, тұлғалы.** *Сом денелі, жауырыны кең, жалпақ.* Бақтығұл өзі де кесек, балуан денелі, *иықты*, кеуделі келген де, інісі Тектіғұл бұдан да бойға биік болатын (М. Әуезов). Ол адам баласына бітпеген *жауырынды*, қыр мұрынды қара кісі екен (Ә. Әлішев). Жуан *жоталы* жігіт ілмиген саудагерді итеріп жіберіп, ішке еніп кетті («Қаз. әдеб.»). Балуан Шолақ *төртбақ*, тым жоталы екен (С. Шаймерденов). Дене бітісі мығымырақ, жауырыны жалпақ, кең *иық, кеуделі* жігіт (Ө. Қанахин). Сәлден соң *денелі* жігіттің құшағынан сытылып шығыл, көзден таса болған Мұңлықтың соңынан сүзіле қарап тұрып қалдым (А. Мекебаев). Ол шоқша сақалы бар, кесек *тұлғалы* қара қоңыр кісі еді (Ә. Нұршайықов).

**Иілу, еңкею, бүгілу.** *Белін бүгіп, кеудесін төмен ию.* Мен тез *иілдім* де, орындықты алып, тікесінен тік қоя қойдым (Ә. Нұршайықов). Абыстай жалма-жан *еңкейіп*, гүлдерінің ішінен бір түп гүл жұлып алды (Х. Есенжанов). *Бүгілді* белім, Жар тайған соң әр сертген (Абай).

**Иіндеу, инелу сөйл.** *Сабаның, местің сұйыққа лықа толуы.* Әжептәуір қомақты қара саба бес биенің екі күн жинаған сүтіне *иіндеп* тұр (Ғ. Мұстафин). Сүмесі дерткен биелердің сүріне *инелген* қара сабалар тізіліп тұр (С. Мұқанов).

**Иір-иір, иір-қиыр, ирек-ирек, иір-шиыр.** *Бұрысы көп, қисық-қисық, буылтықтанған.* Жігіт ойы мына өздері келе жатқан *иір-иір* бұралаң тау жолына ұқсап сан саққа жүгірді (К. Зәкенов). *Иір-қиыр* сайларда *Ирек-ирек* із қалған. Аққан бұлақ жайлаудан, Атқылайды күз-жардан (М. Мақатаев). *Иір-шиыр* үлкен қос мүйізін арқасына жатқызып алған үлкен қоңыр қошқар қыраңға қарай қайқая оргиды (Ө. Көшімов).

# К

**Кәде, жол, жоралғы.** *Жөн-жора, ырым-сырым, сый-сияпат.* Оның қыздар жағы жасайтын *кәденің* нешеленген түрлерін алғаны бар (Р.Райымқұлов). *Жол* Алжан руынікі, той бастар жолы да Алжандікі, – деді той иесі («Жетісу») Бізде баяғыдан келе жатқан қонаққа мал арнап сою *жоралғысы* бар (Қ. Сатыбалдин).

**Кәдесый, сувенир.** *Базарлық ретінде берілетін әдемі бұйым, зат.* Дос-жарандарға естелік ретінде сыйлайтын ұлттық нақышты әдемі *кәдесый* дүкенге түсіп, сатылып жатса, жарасымды емес пе («Соц. Қаз.»). Сарайдың ішінде *сувенир* сататын бірнеше лавка тұр (Ә. Шәріпов).

**Кәдешіл, ырымшыл.** *Ырым ұстанғыш, кәде сақтағыш.* Құрманғазы *кәдешіл* жан емес, бірақ байғыз үні құлағына жағымсыз сыбыс күйғандай (С. Бақбергенев). Ақбер діншіл болмағанмен, сондай *ырымшыл* болса керек (Қ. Сатыбалдиев).

**Кәдімгі, бейне, кәделгі, кәдуілгі.** *Әдеттегі сияқты, үйреншікті нәрседей, дәл бір.* Оқушылар *кәдімгі* мейрам күніндегідей жасанып, бар тәуір киімдерін киініп келіпті (І. Омаров). Кара баспақ *бейне* өз қорасына кіргендей, тәтті шөпке тұмсығын еркін көміп, бырт-бырт күйсеуге кірісті (З. Шүкіров). Тоңасың, бешпетінді өзің ки десем, ол маған *кәделгі* сақа жігіттей-ақ «дем алшы, мен тоңбаймын» дегені ғой (С. Мыңжасарова). Екеуміз *кәдуілгі* ерлі-зайыпты адамдай ертеңімізді бірлесе ойлай бастадық (А. Сагаев).

**Кәмпит, мәмпәси, карамель.** *Тәтті етіп жасалған кондитер тағамы.* Шашуын шашты, лақтырғаны бір табақ өрік, мейіз, *кәмпит* (М. Әуезов). *Мәмпәси* – түрлі-түсті кішірек, қатты кәмпиттің түрі («Ана тілі»). *Карамель* – ішіне әртүрлі тәтті салынған сырты қатты кәмпит («Түсіндірме сөздік»).

**Кәне, кәнеки, қанеки, қане, ал, қанекей сөйл., қанікей сөйл., әйда сөйл.** *Бұйрық, сұрау мәнді ишарат одағайы.* *Кәне*, тездетейік, қараңғы түспей бәрін тәртіпке келтіріп орналастыралық деп бізді асықтырды («Жұлдыз»). *Кәнеки*, қаламды маған бере тұрынызшы (Б.Момышұлы). *Қанеки*, құлағыңды түрші бүгін, Естисің ерке бұлақ мың сылдырын (А. Асылбеков). *Қане*, не істейміз, батальонды күтеміз бе, әлде өзіміз бір әрекет жасаймыз ба? – деп сұрады (М. Фабдуллин). *Ал* домбыра қағайын, Кернеген күй құйылсын (С. Сейфуллин). *Қанекей* жабыла көтерейік («Қаз. әдеб.»). Қыдыра келсең де, құп аламын, *қанікей* қонақ бол (М. Әуезов). Мен тоят алған бүркітті бақылаймын, көш басшылар ұзап кетпесін, *әйда* шап (Ә. Көшімов).

**Кәнігі, машық.** *Әбден үйреніп, төселген, қалыптасқан.* *Кәнігі* үгітші сндігі сөзді мал төлдету науқанының қазіргі барысы жайына бұрды (С. Байжанов). Қанабектің арманы – өзінің музыкалық білімін, актерлік *машығын* арттыра түсу (Ә. Жәмішев).

**Кәпір, гәуір** *кітаб. Мұсылман дінінен басқа діндегілер. Мен жасымнан көп көрдім мұсылманды, кәпірді, Абралыдай көрмедім намаз білмес пақырды (Абай). Таң атқанша тынбады ғой, әй, гәуір. күн батқанша үн шықпайды әйтеуір (Т. Нұрмұхамедов).*

**Кәртаю, қартаю, қарығу, мосқалдану, егделену, қаусау.** *Жасы ұлғайып және басқа себеппен күш-қуаты азаю, егде тарту. Жасымда бейнет бер, кәртайғанда дәулет бер (Мақал). Қатерлі ісіктің пайда болуына адам ағзасының ерте қартаюы да едәуір әсер етеді (Ә. Есенқұлов). Атты арығанда көр, жігітті қарығанда көр (Мақал). Самайына ақ кіріп, шашы сиреп, денесі толып мосқалданған (Д. Досжанов). Егделеніп, қайраты мұқалып қалды, әйтпесе осы үйдің бар тауқыметін әлі де өзі арқалай берер еді (Ж. Молдағалиев). Қаусаған екі қарт осында отырған тірі аруақтай елестейді (Қ. Жабаев).*

**Кәрі, қартаң, қартамыс, егде, мосқал, кексе, жасамыс, жасамал, жасамалы, саргідір, лақса** *кітаб. Мосқал тартқан, жасы жеткен, ұлғайған. Жас та, кәрі де, бала-шаға да осында (Ш. Құмарова). Акбибінің өз тұстастары – дерлік қартаң немесе орта жастағы адамдар (Ү. Доспанбетов). Қашанда орнынан табылатын қартамыс журналистер мұның сәлеміне енжарлау бас изесті (Қ. Жұмаділов). Егде жылқышы да жетіп, құрыққа ол да жармаса кетті (Н. Фабдуллин). Басында көнетоз коян тымақ, селдір сақал мосқал кісі сырғышпен көпене қарды тірене итеріп келеді (Ғ. Мұстафин). Екі-үш кексе әйел самауыр маңында күйбеңдеп жүр (М. Гумеров). Бұл күнде жер ортасына келген жасамыс күйші басынан нелер қызық хикаяттар өткізіпті (Т. Әлімқұлов). Біз жасамал жұмысшыларға хат танытып, өз бетімен кітап, газет оқитын халге келтіруде ерінбей еңбек істейік (Қ. Әбдіқадіров). Дөнен айғыр, бесті айғыр, жасамалы айғыр деп, олардың жасына қарай айтады (Х. Арғынбаев). Қара қамзол киген саргідір бөйбіше сырлы шараға қымыз құйып, жігіттерге ұсынды (М. Жұмағұлов). Оның өзі лақса кәрі, қарны салбырап, белі қайқайып кеткен (І. Жансүгіров).*

**Кәрілік, қарттық, мосқалдық, егделік.** *Егде тартқандық, жасы жеткендік. Кәрілік келген бетте сұрды алды, Балбырап, жайнаңдаған түрді алды (К. Төкежанов). Боқаш Аупаев өзінің қарттығын айтып, алыс жолға жүруден бой тартты (С. Бегалин). Өзінің мосқалдығына қарағанда алпыстың жуан ортасына кірген әйел секілді (С. Омаров). Анасы егделікке қарай бет алмай, үнемі жас күйінде тұрса екен деп ойлайтын (Ж. Жұмаханов).*

**Кәсіп, мамандық.** *Өмір тіршілігіндегі, еңбек қызметіндегі іс-әрекет. Өнерпаздық ой, талап, іс болмай, сүйген кәсібімнің күншуақ шыңына өрлеймін деп ойлаған емеспін (М. Иманжанов). Ғалияның техникумнан алған мамандығы – мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі (Ж. Тілеков).*

**Кәсіпкер, кәсіпші, кәсіпқой, кәсіпқор, кәсіпшіл.** *Белгілі бір кәсіппен айналысатын адам, кәсіп етуші. Кәсіпкерлер есебіне*

қарағанда жыл сайын әлем көлемінде қара металдың он пайызы тоттанып, бүлініп жатады екен (Ә. Жәмішев). Шоқан ол колде балық байлығын пайдаланып отырған *кәсіпшінің* де жоқ екенін естіген (С. Бегалин). Ембіндегі барлық ашылған мұнай алаңдарын *кәсіпқой* қожалар қысқа мерзімге жалдады (М. Маталиев). Сол торығу күшейген кезде осы Сүгірбай ауылына бор, жоса, әктас сататын *кәсіпқор* келіп жоса сатты (Х. Есенжанов). Қырдан көшіп келгендері *кәсіпшілі* емес екен (Ә. Нұрпейісов).

**Кәсіпкерлік, кәсіпқорлық, кәсіпшілік.** *Кәсіпкер болушылық, кәсіп етушілік.* Көп талапкердің мамандыққа *кәсіпкерлік* тұрғысынан ғана қарайтыны айтылды («Қаз. әдеб.»). Мұнда ұрда-жық та бар, *кәсіпқорлық* та бар, жауапсыздық та бар (Ф. Мүсірепов). Көп нәрсемен танысып үлгірген Қабенмен *кәсіпшілік* жайы әңгіме болды (З. Қабдолов).

**Кебу, құрғақ, қу.** *Дымқыл емес, кеуіп құрғаған.* Апам жол бойында кездескен *кебу* жапаларды теріп, арқалап алып келеді (Б. Соқпақбаев). Аралдың тоғайынан жаз бойы *құрғақ* бұтақ, қу ағаш жинап, қысқы отынын қамдап алды (М. Әуезов). Осы аралдан отындық ағаш алуға тоқтады да, сармейіз тартқан *қу* теректі таңдады (Ә. Сараев).

**Кебін, ақырет.** *Өлген адамды орайтын ақ мата.* Сол жақ ағаш керует үстінде *кебінге* оралған Қасымның денесі жатыр (І. Есенберлин). Тілеубайдың сүйегіне түскен замандастары суық денесін *ақыретке* орады (З. Шашкин).

**Кебіс, галош.** *Етік, мәсі сыртынан киетін қонышсыз аяқ киім.* Тезірек жету үшін ол үйден ұзағасын, *кебісін* алып, мәсішең жүгірді (А. Хангелдин). Кейбір жерді қар басып, Жатыр судың шалшығы, *Галоштына* жабысып, Жібермейді балшығы (С. Мәуленов).

**Кедей, жарлы, кембағал, жалаңаяқ.** *Киер киімі, ішер тамағы жетіспейтін, күнкөрісі кем, жоқ-жітік. Кедейлер* қамыс арасынан үй орнындай жер қыртып, жүгері егетін (С. Бақбергенов). Ол ауылдың өте сыйлы адамы *жарлы* болғанмен, қай мәселеде болса да әділ, шыншыл болатын (Ж. Тәшенов). Қара сирақ *кембағал* сорлыларға ондай алау бұйырмайды, оны бықсытып өртей салады (Қ. Сатыбалдин). Ауы атқа, аузы асқа жарымай жүрген жалғыз атты *жалаңаяқ* біреуге берсем ғана обал (С. Мұқанов).

**Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай, жоқ-жітік, жалшы-малшы, жарлы-жалшы, жалшы-жарым, жалшы-жабы, жалшы-малай, қара кедей, қара сирақ, кедей-кембағал, аш-арық.** *Тұрмысы нашар, дәулетсіз, кем-кетік адам.* Ондайда тапшылық, жоқшылық ең алдымен *кедей-кепшіктің* есігін сығалайды (Ө. Қанахин). Осы төбе биді сайлаған да Абай, *жарлы-жақыбайға*, жетім-жесірге, қаріп-қасерге жақсылық ететін кісі керек деп (М. Әуезов). Әкесі жалғыз-жарым, *жоқ-жітікке* жалғыз қызын қатындыққа қимақ емес (О. Сәрсенбаев). Ертеректе өзі де тұрмыс-тауқыметін көп көргендіктен бе екен, ол *жалшы-малшыға* өте мейірімді еді («Қаз. әдеб.»). *Жарлы-жалшының*

атам заманнан бергі көксеген арманы жүзеге асты (К. Әміров). Жатыпты кезек тасып қамшыларын, Жүріпті жүгірісіп *жалшы-жарым* (Ә. Жәмішев). Сорына *жалшы-жабының*, Дүние салды деседі (Ж. Молдағалиев). Таң атты, көз ашылды, содан былай, Жетілді, қатарға енді *жалшы-малай* (С. Машақов). Қасиетті қанын төккен *қара кедей* Қаһарлы кешіп бастан небір майдан (Ф.Қайырбеков). *Қара сирақ, кедей-кембағалға* әкелген бидайын тегін үлестіріпті («Лен. жас»). Титығы құрығаннан кеп паналап, сағалаған өңшең бір шыр бітпеген *аш-арық* емеспіз бе (М. Әуезов).

**Кезбелік, кезгіштік, кезегендік, кезбешілік, қаңғыбастық.** *Кезіп кетушілік, кезіп жүргіштік, кезбе болушылық.* Бұдан кейін ол талай жердің суын татып, бірнеше жыл *кезбелікпен* тіршілік етеді (Ж. Жұмаханов). Өсекшіні ұнатпа – *кезгіштігі* бар оның, Соқыр көрсен жылатпа – сезгіштігі бар оның (Р. Ниязбеков). Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі өзінің кәсібін тастап, *кезегендікке* салына ма (Абай). Олар әбден *кезбешілікке* салынып, үйінен кетіп қалатын болған («Қазақст. мұғ.»). Қазақтың кейбір байлары мен төрелері ғалымның саяхатшылығын *қаңғыбастық* деп, жоғары мәдениетін жастық деп бағалады («Лен. жас»)

**Кездесу, жолығу, жүздесу, дидарласу, ұшырасу, душарласу, көрісу, кезігу, беттесу, көзігу, қауысу, жолғасу жерг.** *Бетпе-бет келіп қарсы кез болу, жүзбе-жүз әңгімелесу, бірін-бірі тауып алу, жол-жөнекей тап болу.* Үйден шыға бере Орынбасардың үлкен ағасы Ақжолмен *кездесіп* қалдым (Ж. Молдағалиев). Бөкенбайға жеті түнде *жолығып*, қарақшылар тобынан айырып алған осы Кеңес еді (М. Хасенов). Қарақалпақстанда біз көп адамдармен *жүздесіп*, тілдесіп қайттық (С. Мәуленов). Ханмен *дидарласар* алдында Қасым төре балаларының да ой-пікірлерін білу керек (І. Есенберлин). Тірлік ағысы ойда жоқта екеумізді тағы *ұшырастырды* (О. Сәрсенбаев). Оның Шоканға серіктесе үн қосуы өзін тағы бір қанаттас досқа *душарластырды* (С. Бегалин). Ұзынқұлақтан ғана амандығын естігеніміз болмаса, соғысқа келгеннен бері Мұқанмен *көріскен* емес едік (Б. Момышұлы). Аудандық бөлімшеге алып келгенде ол таныс адамына *кезікті* (К. Тоқаев). Көксерек пен көрі шолақ екеуі қайта *беттесіп* келгенде, біріне-бірі ұмтылмай, ырылдасып тұрды (М. Әуезов). Заманның *көзікті* ме желгіріне, Адамның көзікті ме көлгіріне (Қ. Жұмағалиев). Сіздерге тез *қауысып*, іздегенімді тез таптым (Х. Есенжанов). Уақас сылдырақ бұлақ басында сүйгенімен *жолғасқан* жігіт жайлы жырлар жазды (М. Мағауин).

**Кезең, асу.** *Тау жотасындағы екі жағы түйетайлы болып келген аласа жер.* Жәрмеңке жақтан бізге қарсы бір атты кісі *кезеңнен* шыға келді (І. Жансүгіров). Тура тартқан даңғыл жол сонау Шелекті басып, Кегеннің қыруар *асуларынан* асып, Нарынқолға әкетеді («Ақ бидай»).

**Кезу, шарлау, жортуылдау.** *Көп жерді аралап, қыдыру.* Соқса да қыстың бораны, Жайы жоқ мүлде жасқанар, *Кезді* елсіз даланы *Кезді*

тау мен тасты олар (Ж. Әбдірашев). Қажығаным жоқ, Маңғыстаудың ойы мен қырын *шарладық* (Ә. Сатыбалдиев). Махамбет он сегіз ай *жортуылдап* жүріп талай төбені, шоқыны, талай өзенді, биік тауды көрді (Н. Әбуталиев).

**Кезінде, уақытында.** *Бір кезде, өз заманында. Кезінде* әкесі елге сыйлы адам болған («Жетісу»). *Уақытында* үлкен қызмет те атқарған сияқты («Соц. Қаз.»).

**Кей, кейбір, қайсыбір.** *Топтың ішіндегі біреуі, бірнешеуі. Кей* кісі, балам, қатал шындықтан гөрі жайлы өтірікті жақсы көреді (З. Шашкин). *Кейбір* балалар да Түктібайдың сөзін қостап сойледі (М. Гумеров). *Қайсыбір* уақытта екеуінің қол ұстасып жүргенін көріпті, көрілер әлденеге күрсініп, езу тартады (Т. Ахтанов).

**Кейбіреу, қайсыбіреу, қайбіреу, базбіреу.** *Кей адамдар. Кейбіреулері* бастарын, қолдарын ақ шүберекпен таңып алған (Қ. Жармағамбетов). Бір сұмдықтың боларын біліп тұра қашқан әйелдердің *қайсыбіреуі* жолдағы Сайранды да басып кетті (Ә. Әбішев). *Қайбіреу* талай дұзақ салсадағы, Дөп қояд тарлан едім шалынбаған (Т. Жароков). *Базбіреулер* бәрінен де түңіліп, Келешекке асыл мұра қалдырмақ (Ж. Мұхамеджанов).

**Кейігіш, кейімпаз, кірбіңшіл.** *Әр нәрсеге бола ренжи беретін.* Ауруға шалдыққан адам ұйқысыздықтың азабын шегіп, ашуланшақ, *кейігіш* болады (Н. Әжіғалиев). Ұсақ-түйекке бола *кейімпаз* болу ересек адамға жараспайды («Жалын»). Кейістен арылмайтын *кірбіңшіл* қабағы ашылып, айналасына жалт-жұлт мамыражай көз тастады (О. Сәрсенбаев).

**Кейіннен, кейінірек, кейіндеу.** *Кейін таман, соңынан.* Олар *кейіннен* қазақ тілінде шығарылған майдандық газеттерде қызмет етті (Р. Бідырысов). Төрт тарантас тіркелген көк арба *кейінірек* келді (Ғ. Мүсірепов). *Кейіндеу* тұщы судың көзі Қаратастың өзінен табылып, скважина қазып, үйді-үйге машинамен тасыды (А. Жақсыбаев).

**Кейінірек, соңырақ, кейіндеу, жайырақ, кештеу.** *Артына таман, сәл кейін.* Өтеш пен Меруерт жұрттың бәрінен де *кейінірек* келді (А. Жақсыбаев). Алайда *соңырақ* Берденнің сойылынан бас жарылып, қол сынғандарды да көре-көре «томырық Берден» дейтін болды (Б. Серкебаев). Бастықтың ызғарлы көздері *кейіндеу* тұрған Өскенге қадалды (М.Хасенов). Өзі азырақ жүн түтіп, жіп иіріп *жайырақ* жатушы едім (І. Жансүгіров). Жауапты *кештеу* бергеніне кешірім сұрағанын білдіріп жатты (Н. Баяндин).

**Кейіпкер, қаһарман, кейіп, бейне, образ.** *Көркем шығармада сипатталатын іс-әрекет иесі.* Бір шығармадағы бар *кейіпкердің* бейнесі түгел өз орнында болып шығуы өте қиын (Ғ. Мүсірепов). Баяндалатын ертегінің жағымды *қаһарманы* қарапайым еңбек адамының күнделікті тіршілігі арқылы өрбиді («Қаз. әдеб.»). Жырдағы сүйіскен жастардың аңсаған талабына балта шапқан ұнамсыз *кейіптің* бірі – Қодар

(М. Әуезов). Абай *бейнесі* Қанабек Байсейітов ойнағанда да жақсы шыққан («Соц. Қаз.»). Пушкин сол Мазепа *образы* арқылы Бірінші Петр заманындағы Россия тарихын көз алдына алып келеді (С. Талжанов).

**Кейіптес, кейіпті, кескіндес, келбеттес, әлпеттес.** *Кейіпне ұқсас, пішін, нобайы бірдей, кескіні ұқсас.* Түрлері моңғол *кейіптес*, Кейісінің жуан мұрты салбыраған (І. Есенберлин). Қасында интеллигент *кейіпті* жас жігіт бар (М. Мағауин). Әкесі Көкшағыр *кескіндес* қонқақ мұрын, сарғыш жүз, көкшіл Майқы биік жастыққа басын салып жатыр екен (Д. Әбілев). Достарым бар туған елмен *келбеттес*, Жүрген жері береке (М. Әлімбаев). Өзінің түрі қытай *әлпеттес*, сопақ бет, қоңырқайлау құба жүзі тотығып қарауытпаған (Т. Ахтанов).

**Кейістік, кірбіндік, қапалық.** *Риза болмағандық, қапа болушылық.* *Кейістікпен* келіп тұр Ұстай алмай нарларын («Көрұғлы»). Міне, бұл ниетің дұрыс, – деп Нұржан әлгі *кірбіндіктен* тез айығып, жадырай сөйледі (З. Жәкенов). Қамауда өскен күн көрмей, *Қапалық* басқан жайым бар (М. Әуезов).

**Кек, өш, зіл.** *Біреуге деген өшпенділік, басылмаған араздық, іштей қастық.* Бірақ өкініші жоқ, *кекті* достар қайтарды (Н. Фабдуллин). Екі жақсы қосылса, өлгенінше дос болады, Екі жаман қосылса, өлгенінше *өш* болады (Мақал). Темір би Жәнібектің бұл салмақты айтқан сөзінің ар жағында қандай *зіл* жатқанын бар жан-тәнімен сезінді (І. Есенберлин).

**Кекесінді, кекетінді, кекетпе.** *Мысқыл мен мазағы аралас.* Тағы да мәжіліс екен ғой, – деді ол *кекесінді* үнмен (Б. Әбдіразақов). *Кекетінді* сөз екенін Азамат білді, өйткенмен үндемей шанаға мінді (Б. Майлин). Құс етін дәмді екенін есептеу жоқ, Уа, Сәке, мәнсіз жерде *кекетпе* көп («Айтыс»).

**Кексіз, дықсыз.** *Кек сақталмаған, зілі жоқ, бүкпесіз.* Жүгір, жүгір, көп ізде, Жүгірмейді дегізбе. Үлкен ұрса, күле бер, *Кексіз* жандай жүре бер (Ә. Тәжібаев). Ау, енді қойсаңшы, – деді кемпір ренішсіз, *дықсыз*, ақырын ғана ескертіп (Ә. Нұрпейісов).

**Кектестік, қастастық, өштестік, өшпенділік.** *Бір-біріне кектес, өштес болушылық.* Жата бер сен, қалсын енді *кектестік*, өлген жауға жерім менің жетеді (Ә. Тәжібаев). Бізге деген *қастастығыңызды* қоятын мезгіл жеткен сияқты (Ауызекі тіл). Маған деген *өштестігің* көрсетіп, дұрыс мінездеме де бермей қойды («Жетісу»). Дос адамдар сүйсіне, қуана қараса, дұшпандар ызалы *өшпенділікпен* көз алартады (Т. Жанұзақов).

**Кекті, өшпенді, дықты, кектес.** *Кегі кеткен, өші бар, өшіккен.* Мені тастап, әлдебіреуге тиіп кетті деп Даригаға да *кекті* болатынымын (Ә. Нұршайықов). Балам ел ішінде *өшпенді* адамдарымыздың нақак жапқан жаласымен ұсталып кеткен (Қ. Тайшықов). Майдандас батыр достарынан айырылған ақын әрі *кекті*, әрі *дықты* (Ә. Тәжібаев).

Сіз бен біз қанды *кектеспіз*, олай болмаса, құнымды төлейсіз (Ә. Бектасов).

**Кекшіл, дықшыл.** *Кек тұтқыш, дық сақтағыш, көңілге алғыш.* Қырық жылғыны қылға тізіп жүретін өте *кекшіл* халық (К. Жұмаділов). Жетім көңіл *дықшыл*, өкпелетіп алармын деп бұл ойымды Арманға айтуға батпадым (Н. Серәлиев).

**Кекірею, кекию, кекендеу, кекектеу, кекшию, кердию, кейкию, кержию, кертию, кеңірею** *сөйл. Әлдеқандай болып тұмсығын көтеру, кеудесін керіп паңсыну.* Әке-шешесі бидің канатының астында, өздері де *кекірейген* тыраш немелер (Р. Тоқтаров). Бейкүнө жігітті беттен қағып, сонша *кекигені* қалай (З. Шүкіров). Шәукен сен қырағының шырағы боп, Кеуденді кере берме, *кекеңдеме* (Қ. Бекхожин). Күлмендеп келер көздері, Қалжыңбас келер өздері, *Кекектеп*, секектетем деп, Шошқа туар сөздері (Абай). Олар көктен түскендей қоразданып, болдым-толдым деп *кекишиеді* (С. Байжанов). Жылқы ұстатпай, жұрт лаңға түсіп жатқанда, сен неге *кердиіп* тұрсың? (Е. Өтетілеуов). *Кейкиген* нояндар әлгіндегі мысқыл күлкіден сап тыйылды («Қаз. әдеб.»). *Кержиіп* өз айтқаным ғана дұрыс деп барды (Ә. Тарази). Үйден әлдеқандай болып *кертиіп* Дәрікүл шықты (З. Шүкіров). Кейде ол айтқан сөзді тыңдамай, *кеңірейіп* қалатын жайы бар (Б. Қыдырбекұлы).

**Кекіру, кекірену** *сөйл. Асқазаннан бөлінген ауаның ауыз жолы арқылы шығуы.* Е, таңертең жейміз де, – деді маңдайы тершіген Бекен *кекіре* сөйлеп (С. Мұқанов). Ішіп-жеген сайын *кекіреніп* кодиланып қалады (А. Сатаев).

**Келгіштеу, келімсектеу.** *Қайта-қайта келе беру.* Соңғы кездері Нүсекең сіздің үй жаққа көп *келгіштеп* кетті ғой (Қ. Сәрсекеев). Бастық болып тағайындалған соң Қажекеннің жаңа қонысқа *келімсектеуі* жиілеген (О. Сәрсенбаев).

**Келесі, ендігі, алдағы.** *Бұдан былайғы, келер кезектегі, одан кейінгі.* Ұрмаш *келесі* жылы үшінші класты өте жақсы деген бағамен аяқтап шықты (Ә. Әлішев). *Ендігі* жұмада тарыны орып, сөкке тоятын болдық (А. Тоқмағамбетов). Жанат *алдағы* жиналыста жасайтын баяндамасын жазып, әкесінен бірер мәлімет алуға тосқан еді (Ф. Мұстафин).

**Келімпаз, келіш.** *Қайта-қайта келе беретін.* Асқардың бұл үйге *келімпаз* болып кеткен себебін Айбала іштей жорамалдайды (С. Мұқанов). Көрші ауылға Көжек те *келгіш* болып кетті (Т. Ахтанов).

**Келін, келіншек.** *Жаңадан тұрмысқа шыққан әйел.* Шұға киген қыз есімің өзгеріліп, жар-жар-ай, Жаулық түсіп басыңа, *келін* болдың, жар-жар-ай («Үш ғасыр жырлайды»). Жақсы болсаң, *келіншек*, бола көрме еріншек (А. Қуанышбаев).

**Келіп, кеп.** *Кел етістігінің көсемше түрі.* Жар басына қиялап шығатын жолды қашықсынып, үйінің дәл тұсына *келіп*, төтелеп тартты (Ә. Нұрпейісов). Бір сабаз қызды келіп алмақ болған, Қалап *кеп* іздеп құлақ түруменен (С. Сейфуллин).



**Келісім, контракт.** *Бірнеше жақтың өзара алған міндетін белгілейтін шарт. Келісім* ауызша немесе жазбаша формада жасалуы мүмкін («Лен. жас»). *Контракт* – келісуші жақтардың алған өзара міндеттерін белгілейтін келісімшарт («Түсіндірме сөздік»).

**Кемдеу, кемірек.** *Көп емес, кемдік ететін.* Батпақты жерде кемдеу болатын азот қосылысын насекоммен қоректену арқылы толықтырады (Т. Мұсақұлов). Сирек шыққан егіске қарағанда қалың шыққан егісте судың бұға айналуы кемірек болады (М. Ерлепесов).

**Кемер, ернеу, кенере, шет.** *Өзен, көл, су арналарының, тағы басқа нәрсенің жағасы, жағалауы.* Вагоннан түсе бергенде-ақ тас кемерін гүрс-гүрс сабалап жатқан теңізге тірелдік (Ф. Мүсірепов). Кесенің ернеуіне жеткізе аққұманнан қызғылтым шай құйып, түрегеліп тұрған бойда іше берді (А. Жақсыбаев). Көл кенересінен құзға құлаған ақбұйра су орман ағашын бір қылғып асап әкетті (Ф. Сланов). Жазушы өзіне келген почтаны да столының сол жақ шетіне қояды екен (Ә. Нұршайықов).

**Кемпір, кейуана, ебей, ебене, ебесін, ебейін.** *Жасы ұлғайған, қарттайған әйел.* Жар бетіне қарай алам, О дүниеде не түрмен, Міне, бүгін кемпір болдым, Кеше жас қыз секілді ем (Т. Молдағалиев). Әлгі кейуана әйелдің айтқанында аздап та болса шындық бар (С. Бақбергенев). Ебей сөзінің тағы бір мағынасы көрі әйел, кемпір (С. Аманжолов). Есіктің алды ебене, Ерлер киер кебене. Кеткен кісі келер ме, Алғанын төңір бере ме («Батырлар жыры»). Айналайын ақыл табарға Есіктегі ебесін, Сонда, ханым, не дейсін. Мен жоқ болсам, Есім хан («Алдаспан»). Есік алды ебейін, Күйген үрер көмейін. Алдымда тұрған Барынау, Шалдың қарны тоқ па екен («Батырлар жыры»).

**Кемпірауыз, атауыз, тістеуік.** *Темірді қысып тұратын, шеге суыратын құрал.* Қолында балғасы мен кемпірауызы бар Баянды ұста жөшіктердің қасында аз бөгеді (Ф. Мүсірепов). Балонды ұстаға апарып, атауызға тістетіп, балталап, балғалап жатып, ішкі қабатын бөліп алды (Б. Соқпақбаев). Алдыңғы машинаның шофері Володяға қолындағы тістеуікті лақтырды (Ә. Шәріпов).

**Кемсіну, қорсыну, қомсыну, менсінбеу, қорашсыну, олқысыну.** *Біреуді қор санау, кем тұту, місе тұтпау.* Құл, күн деген сөз – қазақта кемсініп айтылатын сөз (С. Мұқанов). Албан атаулы Әлжанды әрқашан кемсіте, қорсына шетке қаға жүретін (М. Әуезов). Бірақ мені өнебойы бүйтіп қомсына бермей, адасып бара жатсам, ақ жарқын көңілден ақылыңызды айтуыңыз керек емес пе (М. Иманжанов). Ираның шешесі бұған жары, әкесі деп қарамады, менсінбеді (Ө. Күмісбеков). Оның жер табандаған аласа бойына қарап, іштерінен қорашсынатын (С. Бегалин).

**Кемтар, жарымжан, мүгедек, жермешел, кемтік, кемтікті, кембағал.** *Он екі мүшесінің бірі кем, шарасыз бейшара.* Міне, екі жылдан асып барады, кемтармын, алмаймын (Н. Ғабдуллин). Аурудан бір шықпайтын жарымжан анасының халі Қойбағардың бала көңіліне

козғау салды (М. Хасенов). Әрі ауру, әрі *мүгедек* шалдың жалғыз серігі кемпірі ғана болатын (Р. Райымқұлов). *Жермешел* деп екі аяғынан бірдей мүгедек адамды атайды («Ана тілі»). Бірі – ақсақ, бірі – соқыр, бірі – *кемтік*, Киімі – жүз құрайлы жемтік-жемтік (Абай). *Кемтікті* кедей кенелсін деген ұстанымды білдірді (І. Жансүгіров). Бір аяғы тізеден жоқ *кембағал* жан екен (Б. Тоғысбаев).

**Кему, кетінеу.** *Кем тарту, азая тұсу.* Өткен ұрыстан есеңгіреп қалған жау әскері кейіннен тың күштерін әкеп, *кеміген* қатарын толықтырып алды (Ә. Нұрпейісов). Егер де денсаулығың *кетінесе*, Шетіндей шойын таба шетінесе, Қайғырып қасіретке батар кісі, Өндімес не істесе де оның ісі (М. Құсайынов).

**Кемшіл, кемшін, кеміс, кемістеу, кемшілдеу, кемтар сөйл.** *Жетпей жатқан, жетіспеген.* Әлі де *кемшіл* соғып жатқан жерлеріміз бізді қатты толғандырады («Лен. жас»). Мақтан пайда бермейді әуел бастан, Жетістік пен *кемшінді* талдап айтсақ, Екеуін қатар теріп қалдырмастан («Айтыс»). Қаралас, әркімдерге болар *кеміс*, Шыға ма барлық жерге бірдей жеміс (І. Есенберлин). Ет пен май жеткілікті, тек көгөніс жағы *кемістеу*, – деді аспазшы (М. Ғабдуллин). Бес-алты колхоз тұқымы *кемшілдеу* еді, басында түгел болды, бұл күнде арамыздан табылып («Айтыс»). Сонымен ішерге-жеуге, киюге де *кемтар* соғып, бір қалада жүрген уақытта қаланың әкімі бұйрық шашты (Б. Алтынсарин).

**Кемшіліксіз, кемістіксіз.** *Еш кемшілігі жоқ, кем-кетіксіз. Кемшіліксіз*, қатесіз адам бола ма, ендігәрі аяғымды байқап басармын (С. Омаров). Емтиханға жақсы әзірлену – қалай болса солай емес, пейілді, *кемістіксіз* жүйелі оқу («Семья тәрбиесі»).

**Кенет, тосын, күрт, оқыс, қапыл, дүрік көне.** *Ойда жоқта, аяқ астынан, салған жерден.* Қалың тұман басып тұрған төңірек түске таман *кенет* өзгерді (Қ. Серікбаев). *Тосыннан* кеп тосырқамай сыр ашқан адамның әр сөзін құптап, бас изеп тыңдап қалды (К. Тоқаев). Бәрі де бұлай ойламаған жерден *күрт* бітетінін кім білген (М. Жұмағұлов). Дауыс шу дегенде *оқыс* қатты шығып кетті де, артынша тез саябырлай қойды (М. Иманжанов). Бір жылы су *қапыл* тасып кетті де, сиырымыз арғы бетте қалып қойды (Ө. Қанахин). Дүрік соққан дауыл *дүрік* тынды (Ә. Сәрсенбаев).

**Кенеттен, тұтқиылдан, бұйқыт, қапияда, қапыста, қапелімде, қапылыста, жөпелдемеде, ғайыптан, төтеннен, тосыннан, оқыстан, аяқастынан, қайымнан көне, табанда, шұғылдан сөйл., матқапыда сөйл.** *Күтпеген жерден, табан аузында, жөпелдемеде.* Телегей теңізіне көштің малтып, Халықтың қайнарынан шәрбат іштім. Сондықтан мүдірмейді тіл мен жағым, *Кенеттен* тез қамданып ой, қиялым (Жамбыл). Қоспан айнала беріп, *тұтқиылдан* шыға келіп, сойылын тағы сермеді (Т. Ахтанов). Тілге *бұйқыт* оралған осы жолдарды қайталаса, көкірегі аузына дейін лікіген запыран сырп-

сырл шашырайтындай (М. Қаназов). Сан қырғыннан аман өткен ел ері, *Қапияда* кетті-ау деген өкініш қан қақсатып, қалтыратты денені (Ғ. Қайырбеков). *Қапыста*, батыр, кеп қалдың, Көңіліме тоқтау шек салдың, Абақ, Тарақ баласы ек, Қара шалды шепке алдың (Қ. Жапсарбаев). Разумов иіліп бара жатқан басын *қапелімде* тіктеп көтеріп алды да, бетін Нұржанға бұрып, тура қарады (Ә. Нұрпейісов). Май гүліндей маздаған майдангерлер, *қапылыста* мерт болған қайран ерлер (М. Шаханов). Өзің де жөніңді айт, *ғайыттан* жолыққан жақсы жігіт, – депті (Т. Ахтанов). Ақ сұңқардай қанатын жайып жау тобына *төтеннен*, қырандай қырған Төлеген Тоқтаров бастаған алты жігіт көз алдыма елестеді (Б. Момышұлы). *Тосыннан* қойылған осы бір сұрақ Махметті селт еткізді (Н. Фабдуллин). Күзетшінің айтағы басында қатты үріккендей болып *оқыстан* шықса да, аздан соң басылып қалды (М. Әуезов). Осындай абыржып жүрген кезде бір жолдасымнан *аяқастынан* айырылып қалдым (А. Байтанаев). Не де болса бұл оқиға сол күні кедейлерге кез кеп қалған *қайымнан* (Қ. Көпішев). Бригада штабының бастығын шақырып алып, оған *табанда* әмір етті (Ә. Нұрпейісов). Мінезі неге *шұғылдан* өзгерді, – деп анасы іштей ойға қалып жүрді («Лен. жас»). Андреймен бірге жасырына тұрмасаң, *матқапыда* қолға түсіп қаларсың, олар ондырмайды (М. Құмарбеков).

**Кенеу, калория кітаб.** *Қуш, қуат, колорит.* Қыдырып ішкен көженің *кенеуі* жоқ, қыдырып айтқан биліктің керегі жоқ (Мақал). Адам ағзасына түскен тамақтың мөлшері *калориямен* өлшенеді (Р. Сәтбаева).

**Кенже, кіші.** *Баланың кішісі, кештеп өмірге келгені.* Төрт-бес ұлдың артынан сүт *кенже* боп туылған соң атын Балсары қойған екен (С. Мұқанов). Қонақтарды тыста Ысмайылдың *кіші* баласы қарсы алып, үйге кіргізді (М. Әуезов).

**Кенжелеу, кейіндеу.** *Артта қалу, қатарынан кейін қалу.* Поэзиямыздың эпикалық саласы кешеу тартып, *кенжелеп* келеді (С. Мәуленов). Қазірдің өзінде бірге оқыған жолдастарынан *кейіндеп* қалғаныма өкінемін (Жарық жұлдыз).

**Кеңесқор, кеңесшіл, кеңесімпаз.** *Кеңес сүйгіш, кеңесқұмар.* Сұлтанбек адамшылық қасиеті мол, ойыншы, күлкіші, *кеңесқор*, әдебиет пен өнерді сүйетін адам екен (С. Мұқанов). Кенде емес *кеңесшілден* кеңселерің, Газеттің қарап тұрсақ дерегіне («Айттыс»). Жолдыбай *кеңесімпаз*, жайдары адам екен, ұйықтағанша ел жайын сұрап отырады (С. Мұқанов).

**Кеңею, кену.** *Көлемі үлкею, молаю.* Өзеннің айнадай жарқыраған айдыны бұрынғысынан да *кеңейе* түсіпті (З. Ақышев). Машина жақындаған сайын қала да қойнын ашып *кеңі* береді (З. Шашкин).

**Кен-мол, сабадай.** *Үлкен, мол, кең.* *Кең-мол* жаратылған сырт пішініне жан-дүниесі де сай келеді («Саржайлау»). Жұмыртқаның сары уызы мен ақ уызын қоса жеп өссе, мен сенің *сабадай* қарныңды ақтарайын, – дей бергенде әлгі әйел үйден тұра қашты (Т.Нұрмағамбетов).

**Кепсер, кәкпір, майшолпы сөйл.** *Сүзгіш, тесік ожау.* Үлкен қайнағаның Әмірбегінен хат бар ма екен? – деді *кепсер* ұстаған әйел сырласына (Ә. Әзиев). Шыққан көбікті мастер *кәкпірмен* қалқып алып жатыр (А. Машанов). Ошақ қасында *майшолпы* ұстаған жас әйел отыр («Лен. жас»).

**Кептіргіш, құрғатқыш.** *Тез кептіретін, құрғата алатын.* Әкет, дән *кептіргішке* апарып төк, астығың дымқылдау екен деп Нина бір шоферге әмірін тез айтты (Ф. Сланов). Келген астықтың ылғалы бар, *құрғатқыштан* өткізбесе болмайды, – деді Марианна («Лен. жас»).

**Кепілдеме, рекомендация кітаб.** *Біреудің мінез-құлқына, жұмыс істеу қабілетіне берілетін жағымды пікір.* *Кепілдеме* ауызша және жазбаша түрде берілетін жағымды пікір, рекомендация («Ана тілі»). Біздің ұйымға өтуіңіз үшін *рекомендация* керек деп ескерткеміз («Егемен Қазақстан»).

**Кепілдік, гарантия.** *Растаушы, еркіндік беруші куәлік.* Созамын қайта қолымды, Созған қол болсын *кепілдік* (М. Әлімбаев). *Гарантия* – белгілі бір затқа, іс-әрекетке жасалатын растаушы куәлік («Түсіндірме сөздік»).

**Кербез, сәнқой, сылқым, паң, сырбаз, керім, керден, сылаң, маңғаз, кер.** *Керіліп-созылған, әсемдікке құмар, сылаңдағыш, сән-салтанатшыл.* Өзі – соншама келбетгі, *кербез*, сақал-мұрты мойылдай, қараторы кісі (Қ. Жұмалиев). Маржан қырықтарға келіп қалса да, желөкпе, *сәнқой* әйел еді (М. Иманжанов). Ән түзейтін, өлең жазатын *сылқым*, серілеу жігіттің өзі осы (М. Әуезов). Менің көптен естіп жүрген әңгіменің бірі – Сағынайдың *паң* Нұрмағамбеті (С. Сейфуллин). Оу, кер маралдай керілген *сырбаз* жеңешем! – деп, оған сүйсіне көз тікті (Ш. Құмарова). Әсемсіп, сәнсіп, Білгенсіп білсіп, Әр нәрсенің орынын, Керенау, керден бір *керім*, жақпайды маған сол жерің (Абай). Арайды сырттан бөтен адам көрсе, мынау неткен *кердең* кемпір еді деп қалғандай (Ш. Мұртазаев). Ерінің бір айтқанын қайталауға дағдыланған *сылаң* тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйткіп жүр (Ф. Мүсірепов). Әдемі, *маңғаз* жігіт қарапайым көп ішінде асқақ мінезімен оқшау көзге түскендей (З. Шүкіров). Мұндай аса көкіректі де *кер* мінез сұлуды Ертістің ар жағы мен бер жағынан кездестірген емес (Ж. Жұмаханов).

**Кербездену, сәндену, паңдану.** *Сән қуып сыланып-сыйпалану, әдеміленіп керіліп-созылу.* Мінбеден түскен жас қыз аяғын *кербездене* басып, біздің алдымыздан өте берді (І. Есенберлин). Жанна шашына аппақ бантик тағып *сәнденіп* келді (Қ. Жұмаділов). Тап бір төренің, не бір мырзаның қатынындай *паңданасың* (С. Сейфуллин).

**Кергу, шалғаяқтау.** *Кеудесін көтеру, әлдеқандай болу.* Қазақ ғұрпы бойынша бұлай *кергуді* мүлде көтермеуге хұқы бар (О. Сәрсенбаев). Егер *шалғаяқтайтын* болса, қытығына тие сөйлесем, бұрынғы мінезімен өзі де ыршып түсер (С. Мыңжасарова).

**Кергіш, кергі.** *Бір нәрсені керіп қоятын аспап.* Болат әлгінде атып алған қоянды сойды да, терісін *кергішке* керіп қойды (Б. Соқпақбаев). Қоржынмен үйге алып кірген түлкіні сойды да, терісін *кергі* ағашқа кигізіп, ауыз үйге ілгізіп қойды (С. Бегалин).

**Кердендеу, шалқақтау, алшаңдау, шолжақтау, шолжаңдау, қайқаңдау, қаздаңдау.** *Тәкаппарлана маңғаздану, паңданып кергу.* Келін жақсы, *кердендеп* керілмесе, жұмыс десе, жалқау боп ерінбесе (Қ.Тәкежанов). Мен бүйтіп кекірейіп, *шалқақтай* бергеннен не түсер дейсің (Б. Тілегенов). Бұл өзін *алшаңдатып* келе жатқан өмірдің алғашқы соққысы болғаны ма? (Т. Ахтанов). Болыстың жарым ақыл ұлын бәрі *шолжаңдатып*, неше түрлі қылығына көнуші еді (Ш. Мұртазаев). Қарқаралы қыз болды оң жақтағы, Ағайынға еркелеп *шолжақтады* (Т. Молдағалиев). Кейбір кербездің қолға түскенше осылай *қайқаңдайтын* әдегі емес пе (Қ. Исабаев). Өлең келсе, сен шығасың *қаздаңдап*, Мен отырмын сасқалақтап, сөз таңдап («Лен. жас»).

**Кереге, қабырға, ірге.** *Үйдің тұрғызылған қаңқасы.* Мәдениет сарайының шығыс жағын ала *керегесі* қаланып, төбесі жабылуға таяу құрылыс тұр («Қазақстан мұғалімі»). Үйдің қарама-қарсы екі *қабырғасындағы* төбеге тірелетін бес-алты полқада сығылыстыра қойылған кітаптар (С. Шаймерденов). Бұл үйдің *іргесі* түгел қаланып, төбесі жабылған (С. Мұқанов).

**Керегінше, қажетінше, тиісінше.** *Қанша керек болса, сонша.* Өзіне тиісті пайдалы заттарды *керегінше* ала алмайды (А. Балтабаев). Маңайдағы кедейлерді ақы алмай емдеп, дәрі-дәрмекті *қажетінше* беріп тұратынбыз (С. Шарипов). Ұжым бұл қасиетін кезінде *тиісінше* бағалап отырды (Ж. Еділбаев).

**Кереғар, қарама-қарсы.** *Бір-біріне қайшы.* Осында үлкен дау қозғалып, үш ру ел бітімге келе алмай, *кереғар* даумен керкілдесіп отыр (С. Бегалин). Өткен өмірді жан-жақты зерттеген жазушы біріне-бірі *қарама-қарсы* бұл екі байдың образын тамаша шығарған (Қ. Нұрмаханов).

**Керек, қажет, тиіс.** *Бір нәрсеге мүдделі болғандық, зәрулік, ділгірлік.* *Керек* тастың ауырлығы жоқ (Мақал). Бетонды қабылдайық десек, кемі әлі үш кісі *қажет* (А. Жақсыбаев). Үйленуге *тиіс*, өйткені үй-жай болу адам үшін табиғи нәрсе деп ойлайды (Қ. Мұханбетқалиев).

**Керексіз, қажетсіз.** *Керегі жоқ, қажет емес.* Өтірік сөзге үйір боп, *керексіз* істі атқарма («Пернедегі термелер»). Бұл мақалаға бұдан әрі тереңдеу *қажетсіз* деп ойлаймын (Ф. Мүсірепов).

**Керекті, қажетті.** *Қажеті бар, керек болатын.* Дихан *керекті* құралдарын жинастырып, жолға шығуға дайындалып отыр (Қ. Әбдіқадыров). Данилов *қажетті* сөздерін қысқа-қысқа сұрап алды (С. Мұқанов).

**Керектік, қажеттік, қажеттілік.** *Қажет болушылық, керегі барлық.* Жігіттер бірінен соң бірі келіп, үйге жіберуін, қыс жабдығын

жасау *керектігін* айтты (М. Жұмағұлов). Жаумен табан тіресе күресу үшін алдын ала не істеу *қажеттігін* түсіндіріп берді (М. Ғабдуллин). Ұйқының *қажеттілігі* адамның жасына, денсаулығына, өмір бейнесіне, тағы басқаларға байланысты (М. Қайрақбаев).

**Кертартпа, кербақ.** *Кері кетіретін, дұрыс істегісі келмейтін.* Осы ауылға *кертартпа* жалқаулығымен танылған Жабағы дейтін ұзын бойлы, аш өңді, шикі сары кісі болатын (Ғ. Сланов). Өзі не қылған *кербақ* адам, – деп әйел ренішін білдіріп жатыр («Қаз. әдеб.»).

**Кертік, кертпеш, кертпіш, кертпек, кертпе, кертеш, таңқы, тәмпіш, тәмпек, кейкі, таңқыш (мұрын).** *Мұрнының ортасы батыңқы, таңқы танау.* Бибатырдың қасында *кертік* мұрын біреу бар (С. Шаймерденов). Ұзын бойлы, ат жақты, *кертпеш* мұрын бір көмірдей қара жігіт қасқа бас біреуге қағазды беріп жатыр (С. Мұқанов). *Кертпіш* танауы таңқырайып жоғарыға аңқиды (Т. Тілеуханов). *Кертпек* танау, суық сұрғылт көзді кісі қарсы жолықты (Е. Мырзахметов). Оның қасында тапал бойлы *кертпе* танау біреу отыр («Лен. жас»). Мұрнының ортасы *кертештеу* келген жігіт (С. Мұқанов). *Таңқы* мұрын қара домалақ бала есіктен ентелей кірді («Абзал жандар»). Қымтай тартылған шәлісінен тек қана қараторы жүзі, *тәмпіш* мұрны көрінді (М. Гумеров). Қарны жаркылдап, *тәмпек* мұрын қара бала поэзбен жарысып келеді екен (Ғ. Мұстафин). Ол аласа бойлы, бажырайған көк көз, *кейкі* сары мұрын әйел (А. Байтуғанов). Япырай, мынау өзі ғажап екен, – деп, *таңқыш* мұрнын тартып, кеңкілдеп күлді (Д. Әбілев).

**Кері, кейін.** *Артқа қарай, қайта.* Біз төртеуіміз қамысты орнына апарып, *кері* оралдық (Ә. Сәрсенбаев). Серікқали келесі күні бұларды да *кейін* қайтарды (Қ. Исабаев).

**Керіс, тәжіке, ұрыс, тартыс, кермал сөйл.** *Сөзге келіп, салғыласқан дау-дамай. Керістің* неден шыққаны Төлепке бірден белгілі болды (Б. Сөкпақбаев). Бұл *тәжікеден* ештеңе шықпайтынын аңғарған көк қалпақты жігіт екі әйелді ертіп, үй төңірегін шарлады (С. Шаймерденов). Екеуміз бірге істесе алмайтындықтап, *ұрыс* жоқ, талас жоқ, жақсы атпен орнынды босат (А. Жақсыбаев). Тұрымтай мұндай *тартыс*, таласқа сөз іздеп жатпайды (Р. Райымқұлов). Інісімен ылғи *кермал* сөйлесіп қалатын (Ә. Кекілбаев).

**Кесе, шыны, кәрден, пиала, жанан кона.** *Фарфордан дөңгеленіп істеген, шай ішуге арналған кішірек шұңғыл ыдыс.* Қара қыз төмен қарап, *кесе* жұумен болды (Б. Майлин). Абай бірер *шыны* шай ішті де, тоқтап қалды (М. Әуезов). *Кәрден* – ас, қымыз, сусын ішуге арналған үлкен кесе, шыны ыдыс («Ана тілі»). Бір *пиала* қымызды тауысқан соң, ол сөз бастады (Ә. Тарази). Келіні бір *жананға* шүрпілдете толтырын қымыз құйып берді («Түсіндірме сөздік»).

**Кесектеу, кесегірек.** *Үлкенірек, ірірек, сомдау.* Дене тұлғасы ағасы секілді емес, *кесектеу* біткен (Қ. Тоқасев). Ақула біраз сұнғағырақ, Бұланбай біраз *кесегірек* көрінсін (Ғ. Мүсірепов).

**Кесене, сағана көне, мавзолей кітаб.** Қабір басындағы ғимарат. Таяу Шығыс елдерінде көне заманда тұрғызылған кесенелер күрделі жөндеуден өткізілген («Түркістан»). Қызыл кірпіштен Шығыс архитектурасының стилімен салынған биік мола – сағана (Т. Нұртазин). Самарқандта Ақсақ Темірдің анасының мавзолейі бар екен (Ж. Алтайбаев).

**Кескілескен, қырқысқан.** Қиян-кескі ұрысқан, өзара таласып қырық пышақ болған. Қоңырөзектегі әр үйдің тағдырын енді сол кескілескен қан майдандағы азаматтардың күресімен өлшедік (М. Дүзенов). Ең шұрайлы жерді бөлісе алмай, күн құрғатпай қырқысқанымыз мүлде жарасымсыз әрекет («Жас Түркістан»).

**Кеспек, бөшке, күбі.** Әртүрлі сұйық зат құюға, балық, көкөніс тұздауға лайықталған үлкен ыдыс. Қара нарлардың қапталында келген кішкене емен кеспектердің суы қотарылды (Ә. Кекілбаев). Мынау – ат арба, мынау – су таситын бөшке (І. Жансүгіров). Қырық шелектей су сыятын төрт үлкен күбі, сегіз кісілік шабынары болсын (Ф. Мүсірепов).

**Кеспелтек, төртпақ.** Аласа бойлы, жуантық келген, быртиған. Кеспелтек шымыр қара жігіт ұнатпағанын жасырмай, түксініп шеткері тұр (Т. Ахтанов). Екі иығына екі адам мінгендей кең, көлденені бірдей төртпақ жігіт (І. Есенберлин).

**Кесу, қырқу, қию, күзеу, қырғу, шабу.** Бір нәрсені өткір құралмен тілу, бөлу. Бағашар балтасын қабынан суырып, балапан самырсынның бірін кесіп алды (О. Бөкеев). Осы бір ағаштың көшеге ендеп, кіркіреп тұрғанын өзі де байқаушы еді, соны қырқуға кірісті (Т. Нұрмағамбетов). Қылышпен жердің жігі қиылғандай, Алып күш айбынды үнмен бұйырғандай (Н. Исахметов). Қу бұтағын күзен қырқып, Құрт, қоңыздан аршып, Сілкіп тазалатып алма бойын, Бұған бөліп Асан ойын (Ә. Тұрманжанов). Егінді қиқалап ормай, қырғып орудың өнімді болатыны сияқты кетпенді де жеңіл ұстамай, батыл сілтеп, топырақты қомақты аударуға шеберлік керек (Б. Әбдіразақов). Шапты балта көрі ағашты, Кесілді ағаш құлады (Ж. Сыздықов).

**Кесікті, кесімді.** Нақты мөлшермен өлшенген, тиянақталып шектелген. Киекең кесікті ақы алмағанымен, «орамал» деп бергенді өмір бақи тастаған емес (С. Әлжіков). Сергей мырзаның кесімді ақшасын пайдалы көріп, ең ілкі жылы қоныстанғанның бірі де осы кісі еді (Ф. Сланов).

**Кесім, кесік, үкім.** Айыптау шешімі, шығарылған тұжырым. Соттың бүгінгі кесімі де осы оқшау істің жайына байланысты өзгеше кесім боп шықты (М. Әуезов). Законның мұнша қатал кесігіне, көндігін кештен бері есі кіре, әскерден сайға жуық әуес отыр, Асылып сәбиінің бесігіне (Х. Ерғалиев). Сыздық бертінде тұтқынға алынады да, соттың үкімімен Торғай уезіне жер ауады (С. Мұқанов).

**Кесімпаз, кескіш.** Кесуге шебер, турағыш. Аннак май, сары кыртыс, уылжыған қазыны қиялай кескен кесімпаздар жапырақтай

түсіріп жатыр (Ғ. Мұстафин). Мұнда отырған жігіттер шетінен тұрағыш, *кескіш*, пышақты соларға ұстат («Жұлдыз»).

**Кесінді, қиынды.** *Кесіп-пішкеннен түсетін қалдық, кішкене бөлік.* Екі-үш адамның қолынан кездеме *кесінділері* көрінген (К. Тоқаев). Өкшенің жербасарын тұтас ұлтаннан қағады, ал түп пен жербасардың аралығына былғарының *қиындыларын* қақса да, жарай береді (С. Қасиманов).

**Кесірлі, кесапатты, кекірт.** *Менмендігі күшті, тәкаппар.* Қали осы *кесірлі* қылығымен-ақ Сағираның жанын жаралап тұрғандай еді (С. Алдабергенов). Мен әкемнің тәкаппарсыған *кесапатты* сөздерін елегем жоқ (Ш. Айманов). Бәкеңнің де мысы құрып, қорлыққа шыдауға, *кекірт* қызға бас июге мәжбүр болды (М. Мағауин).

**Кетпен, шот.** *Топырақты қазуға, цюге арналған қол құралы.* Былайғы басым көпшілік кедейлердің егіске пайдаланатын құралы – *кетпен* (С. Мұқанов). Қолдарымызға күрек, *шот* алып, бақшаның жағасында ор қазуға даярланып жатырмыз (С. Сейфуллин).

**Кету, жоғалу, таю, жөнелу, тайқу, қайқаю.** *Белгілі бір арадан қашықтау, ұзап, көзден таса болу.* Бұдан әрі істер шарасы қалмаған серіктері Сарыбастан бұл арадан *кетуін* өтінді («Түркістан»). Екі-үш күнде бір көрінеміз де, біз отгонға кеттік деп *жоғаламыз* (С. Байжанов). Оқып алады да, балаларымыз үлкен қалаға *таяды* (М. Иманжанов). Әкемдер *жөнеліп* кеткеннен кейін жексенбі күні Раушанның үйіне барған едім (Ә. Сәрсенбаев). Шүйіліп келген сотқар қыран *тайқыт* кетіп, зу етіп соға алмай өтті (Ғ. Мүсірепов). Ол қарулы қолдарымен нанды менен жұлып алды да, қоштаспастан *қайқая* берді (М. Сатыбалдиев).

**Кеудемсоқтық, амбиция.** *Өзін-өзі көтермелеп өнербақанданушылық. Кеудемсоқтық* – өзі-өзі өзгелерден жоғары ұстауға шектен тыс, негізсіз ұмтылушылық, *амбиция* («Ана тілі»).

**Кеудеше, кофта, нымша көне.** *Әйелдердің жұқа, жылы сырт киімі.* Апам тігіп берген *кеудешені* киіп сыртқа шықтым («Қаз. әдеб.»). Жеңісгүл өзінің ең әдемі көйлегі мен көкшіл түсті *кофтасын* киіп келді (С. Баязитов). Көйлектің сыртынан *нымша*, оның сыртынан ұзын камзол киетін (Х. Арғынбаев).

**Кеш, кейін, соң, кешеуіл.** *Бір істің, бірдеменің артынан, соңына таман.* Ағай сол күні жұмыстан үйге *кеш* оралды (Ә. Бүркітбаев). *Кейін* бұл үйлер балалар ауруханасына айналыпты (Е. Оразақов). Ауданға барысымен жазған хаты үш күннен *соң* келіп қалды (Н. Ғабдуллин). Еуропаның қапырық жазы өтіп, біресе ерте көктемге, біресе *кешеуіл* күзге ұқсайтын қысы келді (Ж. Жұмаханов).

**Кешен, барқын, ескерткіш.** *Өлген кісінің моласын қоршап жасалған ескертпе құрылыс.* Өлгендерді есте қалдыру құрылыстары *барқын*, кейінірек *кешен* деп аталды («Қазақстан тарихы»). Қайтыс болған атасының жылын өткізіп, *ескерткіш* орнатты (Ауызекі тіл).



**Кешқұрым, кешкісін, кешкірім, кешкітұрым, кешке, кешкілік.** *Кеш болғанда, кешке қарай.* Күн сайын таңертең алған тапсырманың орындалуын *кешқұрым* келіп, өзіне баяндайтынбыз (Б. Момышұлы). *Кешкісін*, кіші бесін кезінде, Махмұд қастарында Уәйіс бар, үшеуі алдынан шықты (Б. Аманшин). Екі жас, жаңа өспірім Паркте жүрді *кешкірім* (Ж. Молдағалиев). Ауыл жастары *кешкітұрым* алтыбақан тепкенде, оның ырғағына әнмен қосылды (А. Жұбанов). Олардың әр күні *кешке* мұнда соқпай кететіні кемде-кем (Б. Тоқтаров). Кішкентай кезінде баласы *кешкілік* осы жырды тындап отырып ұйқыға кеттік («Тұлпар»).

**Кешігу, кешелдеу, кешеуілдеу, кешеулеу.** *Уақытынан кеш қалу, уақыт мерзімін өткізіп алу.* Хатымды көріңіз, көңілді бөліңіз, қуатың ерік берсе, *кешікпей* келіңіз (Абай). Бір сағаттық *кешелдеу* өмір бойы өкініш туғызатыны бар (Қ. Әбдіқадыров). Өзіміз *кешеуілдеп* отырып, өзгеге тұра тұр деп айта аламыз ба? – деп тіл қатты (Ғ. Мүсірепов). Қария ерте де емес, *кешеулеп* те қалмай баратын жеріне үш күнде, яғни үш түнеп жететін (Ә. Сараев).

**Кешіру, кешу, гапу ету.** *Айытқа бұйырмау, көңіліне алмау, кешірім ету.* Ең жақын жарыңның оқыстан болған кінәсін *кешірдің*, бұл – үлкен ерлік (Ғ. Сланов). *Кеш*, жаным, Зере абзалым, мен кінәлі, Мәңгілік махаббатқа от тұтанды (З. Қалауова). Хабарды ерте алсақ та, кеш келдік, онымызға *гапу етерсіз* (Ш. Ахметов).

**Кешірім, кешім сөп.** *Біреудің істеген айыбын жазасаға бұйырмай, кеңшілік жасағандық.* *Кешірімі*, мейірімі жоқ екенін Көкше неше жерде көрді (М. Әуезов). Қыбын тауып, қырын келсе біреуі, екіншісі *кешім* сұрап жарасты (Қ. Жармағамбетов).

**Кешірімді, кешіргіш, кешірімпаз, кешірімшіл.** *Кек сақтамайтын, дықшыл емес.* Әміре *кешірімді* болатын, кісі көңілі қалсын демейтін (М. Тоқжігітов). Адам едім темірден де төзімді, *кешіргіш* едім (Ә. Тәжібаев). Адам баласы *кешірімпаз* келеді ғой, бәрін де ұмытуға тырысар (І. Есенберлин). Сабыржан жаратылысында *кешірімшіл*, кеңпейіл болатын (О. Сәрсенбаев).

**Кеше, микеше, топас, меңіреу, милау, миқата, миғұла, мисыз, мұңғыл қарап., мұңғыла қарап., мияқы сөйл.** *Ойлау, сөйлеу қабілеті дамымаған, түсінігі төмен, ақыл-ойы дамымаған, ұғым-түсінігі төмен.* Сабағын үлгіре алмай жүрген балаға «*кешесің*, сенен түк шықпайды» деп ұрсу – зиянды әдістің бірі (С. Көбеев). Түкке түсінбейтін *микеше* шәкіртіне ыза болған ұстаздай, Мөңкеге мысқылдай бет бұрды (Ә. Нұрпейісов). Өз менмендігіңізді бар қасиеттен жоғары санайтын томырық та *топас* пенде ме едіңіз (Ғ. Сланов). Я асқан данышпан шығар, я дым білмейтін *милау* шығар (Б. Майлин). Маған *миқата* қыздар ақыл айтпаса екен (Ш. Хұсайынов). Есболдың ештемене ісі жоқ, ештеменің мәнісін білмейтін *миғұла* деп, ішінен оны бір сыбап алды (М. Гумеров). Бес-алты *мисыз* бәңгі күлсе мәз боп, Қиналмай,

қызыл тілім, кел, тілді ал, қой (Абай). Аузыңды ашсаң – ақылы шамалы екен дейді, аузыңды жұмсаң – *мұңғыл* екен дейді (Ғ. Қабышев). Есіл-дерті мал басын көбейтуді армандайтын кейбір *мұңғыла* байлар жылқы тұқымын жақсартуды ойламайды (Х. Арғынбаев). *Мияқы* адамша, Жолдасбек ананы бір, мынаны бір айтып, аузына келгенді сөйледі («Жұлдыз»).

**Кешелік, топастық, миғұлалық.** *Нашар түсінушілік, кеше болушылық.* Бахытгүл Жеңістің *кешелігіне* күйіп, ызадан жарылып кеткелі тұр (З. Шүкіров). Томырық мінез *топастық* қандай бейнені болса да бұзып, бүлдірмей қойған емес (Ғ. Мүсірепов). Айтқан сөзге түсінбейтін *миғұлалығына* күйіп кетесің (А. Байтанаев).

**Киліккіш, килікпе.** *Тап болғыш, соқтықпа.* Қырсыққанда кісіге әр нәрсе *киліккіш* қой (С. Алдабергенов). Өмірде бар осындай *килікпелер*, арыңа арсыздықпен шүйліккендер (Қ. Көпішев).

**Киім, киім-кешек.** *Адам үстіне киюге арнап тігілген бұйымдардың жиынтық атауы.* Жаңа *киімдер* Есейді жасартып, жаңа дүниеге келтіргендей ажар берді (Ә. Нұрпейісов). Бастықпаған өндірістің арқасында малыңа салық түспей, сол малдың сүгін күнбе-күн сатып, *киім-кешекке* тарықпайсың (Ғ. Мұстафин).

**Киімсіз, лыпасыз.** *Кімі жоқ, кімі болмаған, тыр жалаңаш.* *Киімсіз* алба-жұлба тыр жалаңаш. Жегені қатқан қалаш, тамақтан аш (О. Шипин). Аулада ойнап жүрген 5-6 жас балалар *лытасыз*, тыр жалаңаш («Әдебиет майданы»).

**Киіп-жару, баса-көктеу, бұзып-жару.** *Еш нәрсемен есептеспей, жарып өту, құшке салып омыраулау, ай-шайға қарамай алға ұмтылу.* Сөйткенше арт жағынан *киіп-жарып*, жолдағыларын қағып-соғып біреу келді (С. Жүнісов). Осы бір сәт *баса-көктеп* айбынды екпінмен Якупов кіріп келді (З. Шашкин). Осы сәтте өзгелерді *бұзып-жара* қасыма Қаматай келіп еді, мен оны құшақтай алдым (Ж. Жұмаханов).

**Көбеген, көбдік, көбе сөйл.** *Ерте туылған қозы.* Базарбайдан Төлеген, Ерте туылған *көбеген* («Қыз Жібек»). Адам болмайтын ерте туылған бір *көбдік* шығарсың, сірә (Х. Есенжанов). Ерте туылған марка қозыны біздің халқымыз *көбе* дейді («Балдырған»).

**Көбею, арту, молаю, көлдеу.** *Бір нәрсенің саны мен мөлшерінің асып түсуі, көп болу.* Дәулетінің қоры болып табылатын мал басы *көбейіп*, тұқымы асылданып жатыр (Ғ. Сланов). Көміршілер арасында қайлашы үлкен атақ, жоспардан асыра орындаса, ақшасы да, беделі де *арта* береді (Ғ. Мұстафин). Жыраға жыра қосылып, *Молайып* өзен көл болған, Кеңейіп, арта, жосылып, Дария теңіз сел болған (С. Сейфуллин). Тасып, толып, төгіліп, сөзің *көлден* ағады, Кетсе бүрмең сөгіліп, Кім аузыңды қағады (Қ. Тоғызақов).

**Көбі, көбісі, көпшілігі.** *Басым бөлігі, көп бөлігі.* Тойшының *көбі* тарап кетті (М. Әуезов). Жарыста озып шыққандардың *көбісі* біздің ауылдың азаматтары (Ауызекі тіл). Сайлауға қатысқандардың басым *көпшілігі* жақтап дауыс берген бұрынғы әкім қайта сайланды («Жас Алаш»).

**Көбіктену, көпіршіктену.** *Көбікке айналу, көпіршіктің пайда болуы.* Сырдария ақ көбіктеніп шалқып жатыр (Т. Дәуренбеков). *Көпіршіктеніп* қайнап жатқан қазандай («Қаз. әдеб.»).

**Көбінесе, көбінше, көбіне, көбінекей, көбісінде, көбіне-көп, көбінде.** *Көп жағдайда, көп уақытта.* Ол кездегі көшпелі ауылда той, ас сияқты ұлы жиындар *көбінесе* ел жайлауға шыққан кезде болатын (С. Мұқанов). *Көбінше* сұрауын мен сұраймын да, жауабын Берік қайырады (Х. Ергалиев). Бұлар *көбіне* Сығанақтың өз іргесіндегі Бестам жаққа қадалып көз тігеді (Ә. Сәрсенбаев). Нұрғазы азанғы аста *көбінекей* жеңіл тамақтанатын (К. Ахметбеков). Осы ақынның жақсы жырларын мен *көбісінде* дауыстап оқимын («Қаз. әдеб.»). Тілді *көбіне-көп* өмірден, халықтан үйрен, қазақша кітаптардан көп оқы (С. Омаров). Жазда жаттығулар *көбінде* таза ауада жасалады («Семья тәрбиесі»).

**Көгал, көгарыш.** *Жайқалған көк шөп.* Танабай көгалда шалқасынан жатыр еді (Ә. Тарази). Күй боп енер сезімге Көл жағалай *көгарыш*, Мұндай жердің өзінде еңбек ету демалыс («Асылбеков»).

**Көгалды, майса, майсаң.** *Шөбі қаулап өскен, көгалы мол.* Көгалды шалғын, жалбыр жапырақты ағаштар табиғатқа рең беріп, көз тартардай (Ә. Бүркітбаев). Ен жайлау ерке қоныс, жасыл *майса* Тұрағы төрт түліктің әуелден-ақ (Ө. Тұрманжанов). Кілем-гүлдер *Майсаң* белдер үстінде жорға жырың жігіт болып билесін (Қ. Бекхожин).

**Көгеру, көктеу.** *Көк шөп басу, жасыл желекке айнала бастау.* Жауған күнмен жаңғырып, Жер *көгеріп* күш алар (Абай). Қауын тұқымы жер бетіне *көктеп* шыққаннан піскенге дейін 88-92 күн өтеді (А. Алманиязов).

**Көгершін, кептер.** *Ақ қауырсынды, көкшіл сұр түсті жемсауы үлкен құс.* Балуан бағына *көгершін* асырап, сол бейкүнө құстарға жем шашып жүретін деседі (О. Бөкеев). Үй құстары қаз, үйрек, тауықтармен бірге кейде *кептер* мен үкіні де асырайды (Қ. Әбдіқадіров).

**Көз, жанар.** *Көру мүшесі.* Абайдың екі көзі сонау алыс көк тау, Шыңғыс жотасын қыдырады (М. Әуезов). Шалдың іштегі мысқыл қуатының әсері ме, екі *жанары* жарқырап, езуі дір-дір етеді (З. Шашкин).

**Көзайым, күнайым** *сөйл.* *Көп күткен адамы келіп, қуанышқа бөленді.* Келіншек, күйеуің келіп *көзайым* болдың ба? (Б. Сокпақбаев). Әскерден баласы келіп, *күнайым* болып қалыпты («Диал. сөздік»).

**Көздеген, диттеген.** *Қалаған, ұнаттып таңдаған.* Сырынды жасырмай айт, замандасым, Менің де өзің едің *көздегенім* (Е. Қандеков). Сардар бірақ *диттеген* жерінен шыққан жоқ (А. Сүлейменов).

**Көздестіру, кезіктіру, көзіктіру.** *Жолықтырып көзіне түсіру, кездестіру, табыстыру.* Арын мен Мәликені білдірмей *көздестіріп*, ынтық еттіріп қойған да соның өзі (Р. Тоқтаров). Болатбек ағанды менімен қалай *кезіктіре* алар екенсің? – деп ініме қарадым (Т. Тобағабылов). Қайтіп *көзіктіргенімді* білмеймін (А. Сүлейменов).

**Көздеу, нысаналау, кезеу.** *Бір нәрсені нысанға алу.* Даниловтың түспалды бұйрығы болған кезде, *көздеген* маузерді мен бір емес, екі атып жіберіппін (С. Мұқанов). Біздің артиллерияның *нысаналап* ататын жері екенін жау жақсы білген секілді (М. Фабдуллин). Сол сәтте Ермек бір жақтан шыға келіп, бұған тапаншасын *кезеп* тұра қалды (Қ. Жұмаділов).

**Көземел, гипотеза кітаб.** *Ғылыми болжам, жорамалдау.* Көземел – белгілі бір құбылысты түсіндіретін ғылыми болжам, гипотеза («Ана тілі»). *Гипотеза* жорамалдау ой амалымен тығыз байланысты (М. Мұқанов).

**Көзқарас, пікір, ой.** *Белгілі бір іс, құбылыс туралы топшылаған ұғымы, тұжырымы, пайымдауы.* Өмірге деген, мына отырған біздерге деген *көзқарасы* қандай болмақ (Н. Серәлиев). Бұл мәселе талқыға салынып, біздің *пікірдің* дұрыс екені айқын көрінді (С. Сейфуллин). Биыл да астықты өткен жылғыдан кем алмайық деген совхоз еңбекшілерінің жақсы *ойы*, жоспар, межелері бар (Ж. Жұмаханов).

**Көзілдірік, көзәйнек.** *Көзді қорғау мақсатымен немесе көз жанарының ақауы бар адамның анық көруі үшін киетін екі әйнекті оптикалық прибор.* Көзілдірік киген біреу бір конвертті әкелді де, Дәуқараға ұстатты (Б. Майлин). Бұл – *көзәйнек* киген үлкен мұрынды, кішкентай сұр кемпір (Б. Соқпақбаев).

**Көйлек, сарапай.** *Әйел адамның денесіне шақтап тігілген жұқа киім.* Шифон *көйлек* киген келіншектей жайнаң қағады (М. Рашев). *Сарапай* – адамның басынан аяғына дейін толық жауып тұратын көйлек (Н. Оңдасынов).

**Көке, жәке, дада көне., папа кітаб., төте жерг.** *Балалы болған жасы үлкен ер адамды балаларының қарата атауы.* Амангелдіні үлкен ұлы Рамазан *көке* дейтін (М. Жұмағұлов). *Жәке*, бүгін меймандыққа мені ертіп барасың ба? (Б. Соқпақбаев). Өкінішке орай, Ұлы Отан соғысынан кейін туылған ұрпақтың өз әке-шешесін ана тіліндегі сөзбен атамай, орысша, мама, *папа* деп атауы кең етек алып отыр («Ана тілі»). Кейбір аудан тұрғындарының балалары әкесіне «дада» сөзімен төркіндес *«тәте»* (дада-дәде-тәте) атауымен қарата атайды («Қаз. әдеб.»).

**Көкейгөз, интуиция.** *Шындықты тәжірибенің көмегінсіз-ақ ашуға болады дейтін түсінік.* Кеме іздеушілер су астындағы іске көне карталар мен өздерінің ішкі *көкейгөзін*, демек *интуициясын* ғана басшылыққа алатын («Зерде»).

**Көкейкесті, көкейтесті, көкейжарды.** *Ойда жүрген, дйттеген, маңызды.* Сұлтанмахмұт шығармаларында да өз дәуірінің ең *көкейкесті* озық мәселелері айтылады (Р. Бердібаев). Жабайхан қазір *көкейтесті* арманыма жеттім бе деп, іштей қанағат етті (А. Байтанаев). Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие беру ісінде де біраз *көкейжарды* проблема бар («Қаз. әдеб.»).

**Көкетай, көкежан, көкеш.** *Көкесіне еркелеп, жақсы көргенде айтылатын түрі.* Ағатай, көкетай, – деді ол дауысы шырылдай шығып (Р. Райымқұлов). Сен кеткелі, көкежан, Отқа салдым жанымды (Қ. Ыдырысов). Қару-жарак асынып, Майданда жүр көкешің («Пернедегі термелер»).

**Көкжиек, горизонт.** *Көзкөрім жер.* Күн көкжиектен көтеріле бастапты (Қ. Мырзалиев). Күнбатыс жақ бейне бір *горизонтты* түгел өрт шалғандай алауланып, мұнартып тұр екен (Н. Баяндин).

**Көкпаршы, додагер.** *Көкпар тартатын адам.* Көкпаршы серкешті алдына кесе-көлденең тастап жіберіп, кейін оралды (М. Дүзенов). *Додагер* – көкпар тартқанда додаға түсетін адам, көкпаршы («Ана тілі»).

**Көкпаршыл, көкпарқұмар.** *Көкпарды жақсы көретін, көкпарды ұнататын.* Жігіт дәуірімде атқұмар, көкпаршыл едім, – деді дәу қара (О. Сәрсенбаев). Қырғыздар да қазақ секілді *көкпарқұмар* халық («Алматы ақшамы»).

**Көкшіл, көгілдір, көгілдірлеу, көгілжім, көкшілтім, көгірек, көгалжым, көгеріңкі.** *Ашық көк, көк түстілеу.* Асқабақтың да қызылы, ағы, сарысы, *көкшілі* көз тартып домаланып жатыр (Д. Досжанов). Әй, бала, Машаны білесің бе? – деді Гауһар өзіне бажырая қарап тұрған *көгілдір* көзді балаға (Ф. Мыңжасарова). Қап-қара көз жанары қоңырланып, қарашығының төңірегі *көгілдірлеу* түспен сақиналанған (С. Мұқанов). Ақтоты бір теректің түбінде ай сәулесімен *көгілжім* тартқан тау жаққа қарап алаңсыз тұрған (Б. Тоғысбаев). Кенет бүкіл әлемді *көкшілтім* жарық сәуле қаптады (М. Мағауин). Бурабайдағы Көкше көктен гөрі *көгірек* сияқты әсер қалдырады (С. Мұқанов). Ол мені *көгалжым* көзімен бір ғана шолып өтті (Ғ. Мүсірепов). *Көгеріңкі* тартқан құқыл бетіне біресе болмашы қан жүгіріп, біресе қуара қалып, әудемде әлденеше құбылады (С. Омаров).

**Көкірек, кеуде, омырау.** *Омырау тұс, төс сүйек.* Әліп екі қолын *көкірегіне* қойып, ырзалық білдіріп, басын шұлғиды (С. Ерубәев). Нұрмолданың *кеудесінде* екі бірдей Алтын жұлдыз жарқырайды (С. Бақбергенов). Ол гимнастеркасының түймелерін ағытып, алдан ескен күзгі салқын желге ашық *омырауын* тосты (Н. Ғабдуллин).

**Көлбендеу, көлбектеу, көлеңдеу.** *Көлбең-көлбең етіп, әрлі-берлі жүру.* Елең-алаңда *көлбеңдеп* жүрген бұ қайсың, жап есікті, – деді ол (Қ. Ажкеев). Екеуі келе жатса, алдынан бір аң шықты да, *көлбектеп* жүре берді (Ы. Алтынсарин). Есіктің алдына ақ көйлегі *көлеңдеп*, ырғала басып Мәрукей шықты (І. Есенберлин).

**Көлгір, мүләйім, аяр.** *Сырт қарағанда қулық-сұмдықтан ада, момақансынған, арамдығы мен айлакерлігін білдірмеуге тырысатын.* Бораш, сен онша қатты кетпе, – деп, *көлгір* күлкіге салып маймаңдаса да, Борашқа онысы шаншудай қадалды («Жұлдыз»). Аташы солардың аттарын, – деп көрленгенде, Құнанбайдың *мүләйім*, момын жүзі мүлде

жоғалып кетті (М. Әуезов). Бірде ашадды, бірде *аяр* Шөгел кіммен сөйлесе де ішке кіре біледі (Ф. Мұстафин).

**Көлгірсу, монтансу, момақансу, өзәзілдену, көлтектеу, аярлану, сайқалдану, сайқалсу, сұрқиялану, момынсу, сиқырсу.** *Жасанды мінез көрсетіп момын болғансу, аярлықпен жуасығансу.* Өтірікті, *көлгірсуді*, екі жүзділікті білмейтін, уәдеге берік адам еді (С. Мұқанов). Па, шіркіннің *монтансуын*, айғақтарың қасыңда, қайда қашып құтылар екенсің (С. Камалов). *Момақансыған* ағаның жасырулы алтын жамбылары болуы керек (О. Сәрсенбаев). Менің айтқан жөн сөзіме *өзәзілденіп* жауап бергенің не? («Лен. жас»). Саған зиян емес қой менің мұным, Күнделікті өміріңе сабақ болар *көлтектемей* көзіңе айтқансынам («Айтыс»). Торғауыт еркін болар-болмас жыбырлатады да әлгі сөзін елемей *аярлана* қалып, көзін жандаралға қарай аударып әкетеді (С. Талжанов). Айгүлді бағанадан сол арада күтіп тұрған ба кім білсін, Сағира *сайқалдана* күліп тосып алды (Қ. Сатыбалдин). Сілкіне сөйлеген Түндебай өз-өзімен уәж табармын деген үмітпен Сүңгібайға *сайқалси* қарады (А. Хангелдин). Өзінің жаңа ғана *сұрқиялана* күліп отырғанын көз алдына келтірді (Қ. Қайсенов). Тістеп яки теппейтін, Тұр қимылсыз *момынсып*, ұрсаң да бүлк етпейтін (С. Сейітов). Майор Есенді *сиқырсып* жорта сұрап тұр деп ойлап, қолындағы қағазды лақтырып жіберді (Ә. Нұрпейісов).

**Көлденеңдеу, ойқастау, орағыту, кес-кестеу, кесе-көлденеңдеу.** *Қарсы алдында көлденең тұру, қарсы келу.* Мергендер өлтіріп алған аюды ауылдарына алып келгенде, алдарынан *көлденеңдеп* «Олжаластар» шығады (С. Сейфуллин). *Ойқастап* қызға Абылай жақын келіп, ұнатып қыздың сөзін мақұл көрді (С. Сейфуллин). Менен бұрын алдымды *орағытып*, тіпті сөйлетпей қойды (Т. Тобағабылов). Қалың ормандар боран жолына жонын тосып, *кес-кестей* жайқалып, қандай қарсы тұрар еді (Ф. Мүсірепов). Біз сыртқы есікке жақындай бергенде, алдымыздан *кесе-көлденеңдеп* бір топ адам шыға келді (Ә. Шәріпов).

**Көлдеуік, көлдеу, көлдеуіт.** *Су жайылып кеткен жер.* Еділдің *көлдеуін* шалшыққа айналған бастаулары да шабуылдар жолды кілкітіп жатыр (Ә. Сәрсенбаев). Ол кез еді-ау жадыраған жаз болып, *көлдеулерден* аққу ұшып қаз қонып (Қ. Сыдықов). Шуағы тапшы *көлдеуіт* өлкенің табиғаты жауынгер жағдайын ауырлата түсті (Ә. Сәрсенбаев).

**Көлем, аумақ, мөлшер, ая, қарам, шама, ауқым, қорам көне, мұғдар кітаб., қарым сөйл.** *Белгілі бір нәрсенің ұзындығы мен кеңдігін, саны мен шегін білдіретін ұғым.* Ол кездерде Одақ көлемінде бұл көрсеткіштің өзі де үлкен жетістік саналатын (Б. Тоқтаров). *Аумағы* кең ойпаттағы бақша алабы, балбырап, күн астынан алуан түспен құбылады (Т. Сағынбаев). *Жас мөлшері* қырықтан әлі аспаған сияқтанды (Ж. Жұмаханов). Кешке қарай *аясынан* көтеріліп кететін

шалқар көлдің үстінде күн тұсау бойы жоғары тұр (Х. Есенжанов). Мен есіктен сығалап қарасам, *қарамы* 50-60-тай жылқы біздің отаудың үстіне қарай дүсірлеп келеді екен (С. Сейфуллин). Қырғызстан астанасындағы Пржевальскийге арнап орнатылған алып ескерткіштің биіктігі бес метр *шамасында* («Заман Қазақстан»). Табиғат та ана тәрізді. Жаз болса, жан-жағына *ауқымы* жайылып күннен-күнге қызғылт тартып өсе гүседі (Р. Әутәліпов). – Балуан! Балуан! – деп көтеретін едік, асқарлы таудай көретін ек. Төмпедей-ақ *қорамы* бар екен ғой мұның! – деді Қордабай (С. Мұқанов). Сәби сүт пісірім *мұғдарында* дүние салды (Ж. Алтайбаев). Сондай-ақ Есенжанов романдарының *қарымы* кең екенін атап өткен жөн («Соц. Қаз.»).

**Көлемді, қомақты, ауқымды, аумақты, өрелі.** *Көлемі ұлкен, аумағы кең.* Біз отырған бөлме *көлемді*, кең болса да іші қапырық, ыстық болды (Ә. Шәріпов). Әжептәуір *қомақты* қара саба бес биенің екі күн жинаған сүтіне иіндеп тұр (Ғ. Мұстафин). Бұғының мүйізі басқа мүйізді аңдарға қарағанда *ауқымды* келеді («Түсіндірме сөздік»). Оның көтерер жүгі, айтар моралі, суреттер уақиғасы, бейнелейтін адамы романдағыдай кең де *аумақты*, әр тарапты болуға тиіс (Ф. Оразаев). Қоғамның *өрелі* парыздарын ойдағыдай жүзеге асыра алатын азамат болу үшін жан-жақты білім керек («Қазақст. мұғ.»).

**Көлемсіз, аумақсыз.** *Көлемді емес, аумағы аз.* Жүйткіді, жүйткіді алға қара күйме, *көлемсіз* көк жиекте дара күйде (Ғ. Қайырбеков). *Аумақсыз* көл, малсыз жер сенің жерің болар ма («Халық ақындары»).

**Көлеңке, сая.** *Күн көзін түсірмей, оны көлегейлеп тұратын пана.* Түс кезінде әйелдер бастарына *көлеңке* жасап, сусындарын ішуге отырады (С. Мұратбеков). Әміржанды қасыңа ертесің де, осы ағаштың бірінің *саясына* келіп, арықтың жиегіне төне отырарсың (Б. Майлин).

**Көлеңкелі, саялы.** *Көлеңкесі мол.* Қонысбай дегенің мына *көлеңкелі* баспаның астында ағаш шауып отырған бурыл сақал (Б. Майлин). Қыста сорайып тұратын ағаштар қалың тоғайға айналып, *саялы* жасыл көлеңкелерді молайтты (Р. Тоқтаров).

**Көл-көсір, көл-көпір, ағыл-тегіл, ұшан-теңіз, телегей-теңіз, аспа-төк, аспа-төкпе, ұлан-асыр, ұлан-ғайыр, шылқыма, аста-төк, ен-тегіл.** *Қисапсыз мол, орасан көп.* Дәл осыны түсінудің өзі оның бойына *көл-көсір* күш бітіріп, сенімін арттырып жіберді (С. Сейітов). Жайпақ тарелкаға таба нанды *көл-көпір* ғып үйіп, турап қойыпты (Н. Фабдуллин). Қазір елде сауатын бие көп, демек бұл тойға *ағыл-тегіл* келетін қымызда қисап болмайды (С. Мұқанов). Қазақстанда биязы жөне ұяң жүнді қой шаруашылығын өркендетуге *ұшан-теңіз* мүмкіншілік бар (М. Ермеков). Тұйық адамның мүншалықты *телегей-теңіз* біліміне қайран қалды (Е. Домбаев). *Аспа-төк* сырапшылықтан қашан құтыласың, Байсал (Ш. Хұсайынов). Баймағамбеттің үйі *аспа-төкпе*, ішкен мас, жеген тоқ аса бай екен (Ж. Жұмаханов). Көкбесті өткен жылғы бір *ұлан-асыр* аста жүз аттың алдынан келгені сөз

болды (С. Бегалин). Сырласудың арты *қан-ғайыр* әңгімеге жалғасты («Қаз. әдеб.»). Біздер өстіп тіршілік қуып жүріп жатқанда, *шылқыма* өмірдің шаңырағы ортасына түсті (М. Қабанбаев). Ерте кезде өлген адамға ас беру деген ұлы жиын, *аста-төк* болатын (Ауызекі тіл). Қанатын жайған жер-көкке, Заманға бейбіт не жетсін, *ен-тегін* енген еңбекке Адамға, шіркін, не жетсін (М. Мақатаев).

**Көлшік, көлме, көлмекше, көлмек.** *Жиегі тұйықталған көлемі шағын су, шағын көл, тоспа.* Ертедегі теңіз кейін шегінгенде әр жерлерде *көлшіктер* қалған (Х. Ермұратов). Аудан көлеміндегі үш *көлме* көктемде қар ерігенде суға толатын («Егемен Қазақстан»). Ауыл адамдары осы арадан көктем кезінде *көлмекше* жасатып малдарын суаратын («Лен. жас»). *Көлмек* жасатып, мініс аттарын суаратын (М. Дәулетбаев).

**Көлік, керік, мінгі.** *Әртүрлі жұмыспен жол қатынасына пайдаланатын мал. Көлігі* – мүйізі абажадай, дөңкиген үлкен арық қызыл өгіз (Б. Соқпақбаев). Соған мініп баратын бір *керікке* менің хақым бар шығар («Жұлдыз»). Бұл үй уездік әкімшіліктің *мінгі* аттарына арналып салынған ұзынша сарай екен (С. Мұқанов).

**Көмбе, белде, сөре, мөре, қарақшы көне.** *Жарыстың аяқталу шегін айғақтап тұратын белгі.* Ат Шортанкөлдiң сағасынан жіберiлдi. Бұл арадан Көкөзек бойындағы *көмбеге* дейiн екi көш жер (З. Ақышев). Көкқасқа ат *белдеге* таяп қалғанда барлық атты қуып жеттi (Ауызекi тiл). Бәйгенiң қорытындысы оған қатысқан аттардың бәрi де *сөреге* келiп болғаннан кейiн шығарылады (Д. Керiмбаев). Тiптi *мөреге* жетiп, бiр топ қыздар оны велосипедiмен көтере жөнелдi (Ә. Бүркiтбаев). Ат жарысында Темiршенiң Ахметiнiң Бәйгекөк деген аты *қарақшыға* жалғыз келдi (С. Мәуленов).

**Көмей, көмекей.** *Ауыз қуысын өңешпен жалғастырып тұратын мүше.* Адамның тыныс алу жолдарына, бiрiншiден, мұрын, жұтқыншақ, *көмей*, кеңiрдек пен оның өкпеге қосылатын тарамдары жатады (М. Қайрақбаев). Қасен жуан қамшының сабын Көксеректiң *көмекейiне* тығып жiбердi (М. Әуезов).

**Көмейлеу, көмекейлеу.** *Көмейiне тығып жiберiп асау.* Кейде аузынан май мен бауырсақты *көмейлетiп* жiберiп, сөйлей алмай қалады (Б. Тұрсынбаев). Тастап-тастап жiбердi де, еттi *көмекейлей* асап жатыр (С. Шаймерденов).

**Көмекшілік, жәрдемшілік.** *Көмекші болушылық, болысушылық.* Әуелi сүт құйып, ыдыс тазалайтын *көмекшілік* мiндетiн атқарған (Ж. Нәжiмеденов). *Жәрдемшілікке* Жұмабектi ал, өз туысың, қалай жұмсаған да өз уысында, – дедi ол (Ы. Жақаев).

**Көмеш, көмбеш, көмбе.** *Қоламтаға көмiп пісірген нан.* Көшкен елдiң *көмешi* болса, еру елдiң елдiгi бар (Мақал). Қайдан үлгiргенiн кiм бiлсiн, шай өкелiндi, дастарқанда екi-үш үзiм *көмбеш* нан (С. Сарғасқаев). Мен дастарқан үстiндегi аппақ *көмбе* нандарға қызыға қараймын («Ақ бидай»).



**Көмкеру, жиектеу.** *Киімнің шетіне екінші түсті матамен немесе терімен жиек салып тігу.* Жақыман қалпағының жиегін қызылмен көмкертіп тастапты (К. Оразалин). Мен Дәулетиярдың күндызбен жиектеген бөркі астынан тершіген қыртысты желкесін ғана көремін (Т. Ахтанов).

**Көнбіс, көнімді, көнімпаз, көнімшіл, шыдампаз, көнбісті, шыдамды, көнтері, иісалмас сөйл.** *Неге болса да шыдайтын, не айтса да көнгіш, анау-мынауға төзімді.* Кешегі күнге дейін көп көнбістің бірі атанып келген Нағима ананың жүзінде бүгін жаңа бір нұр бар (Ғ. Мүсірепов). Жылқы жарықтық пышаққа қандай көнімді, жарақаттары күрттамайды да («Лен. жас»). Қараңғы ел зорлыққа, құлшылыққа көнімпаз болады (М. Ақынжанов). Жалқау дәмешіл келеді, жасқаншақ көнімшіл келеді (К. Әбдіқадіров). Саған шыдампаз, шалымды дос керек (Т. Әлімқұлов). Ауыр азапқа көнбісті, қабағын шытпайтын жан керек («Ол күндердің өшпес даңқы»). Нәскен осы ауруханада палата сестрасы болып істеген үш жыл ішінде мұндай шыдамды адамды көрген емес (З. Шүкіров). Бәтима да аналардай шаршау білмес көнтерінің біреуі (Б. Соқпақбаев). Иісалмас есептелетін Есқара бұлардың біреуіне де арланбай, ерінбей, жалықпай жүре беретін (С. Мұқанов).

**Көну, мойынсыну, бағыну, бойсұну.** *Бір нәрсеге бағынып, көнімділік білдіру, ыңғайына көшу.* Осыған бағанадан бері тырыспай-ақ көне салсаң да болатын еді ғой (Ә. Шәріпов). Қорлық-зорлыққа мойынсынудан қиын не бар дейсің (Ә. Көшімов). Нұрәлі ақыры өз жүрегінің өміріне бағынуға мәжбүр болды (С. Алдабергенов). Отыр шапшаң арбаға! – деп бұйырып еді, анау оның өміріне бірден бойсұна қоймай, шегіншектей берді (С. Омаров).

**Көңіл, месел.** *Адамның мінез-құлқына байланысты сезім.* Сезімпаз көңіл, Жылы жүрек, Бір тәуір дос тым-ақ керек, Ойы мен тілі бөлінбес (Абай). Менен бір түз тағысын қалаған екенсің, қалайша меселіңе тосқау болармын (А. Сейдімбеков).

**Көңілсіз, ықылассыз.** *Зауқы жоқ, пейілді емес.* Аса бір көңілсіз, жүдеу кескінмен бояушылар шашылып жатқан бұрышқа қадалған (Т. Ахтанов). Бригадир тағы бір жерге жұмсайды-ау деп, ықылассыз орнымнан тұрдым (Ғ. Сапаев).

**Көңілсіздік, ықылассыздық.** *Көңілсіз болушылық.* Әке-шешесінен қалайда бір көңілсіздік байқаған ол көпке дейін кірпік іле алмады (А. Жүнісов). Адамдардың бір-біріне деген ықылассыздығы тек ой бірлігінің жоқтығынан болатын шығар (М. Сатыбалдиев).

**Көпе-көрнеу, ашықтан-ашық, көріне, көрінеу.** *Көз алдында әйгілі түрде, көріне көзге.* Андысқан екі жақ әуелі бірін-бірі ықтырып тастағысы кеп, көпе-көрнеу даудан бастады (Ә. Кекілбаев). Енді бір-қатар ақын-жазушылар халықты ашықтан-ашық жаңаша оқуға, өнер-білім үйренуге шақырды (Б. Кенжебаев). Ақылда жан табылмас маған

сырлас, *Көріне* тентек көп надан мойын бұрмас (Абай). Әй, жігіттер, ойланыңдар, осынша *көрінеу* қарсы шыққан бізге не жақсылық көрсетер дейсің, – деді Тасжан баласы (С. Шарипов).

**Көптеген, сандаған.** *Өте көп, толып жатқан.* Бүгінгі шабуыл да сәтті болып, жаудан *көптеген* селоны азат еттік (М. Фабдуллин). Қаһармандардың ерлік күресін суреттейтін қазақтардың *сандаған* ертегісі бар (К. Жұмалиев).

**Көпшіл, қауымшыл, ортақшыл, орташыл.** *Көп көңілінен, көп мүддесінен шыға білетін, барын ортаға салғыш.* Болмасын кекшіл, Болсайшы *көпшіл*, жан аямай кәсіп қыл (Абай). Ол бір ерінбей-жалықпай түсіндіре білетін *қауымшыл* кісі екен (Ы. Жақаев). Студент шағында *көпшіл*, *ортақшыл* сияқты еді (О. Сәрсенбаев). Әңгімешіл болатын-ды, *Орташыл* ол жүрген жері думан еді қайда да (И. Исаев).

**Көркеуде, көркөкірек.** *Көргені жоқ, білімсіз, түйсіксіз.* Барып тұрған дым сезбес *көркеуде*, алтын үшін анасын да өз қолымен ол дүниеге аттандыратын дүлей (З. Жәкенов). Мен *көркөкірек* емеспін, кімнің дос, кімнің қас екенін айыра білетіндей шамам бар (Ә. Әбішев).

**Көргенсіз, тәрбиесіз, көрлат, көрбала.** *Тәрбие көрмеген, тәртібі жоқ.* Несіне селтиіп қалдың, *көргенсіз* шіркін, – деп, қара кемпір келініне тағы шаптықты (Б. Майлин). Қажетсіз заттың көбінен, қажетті заттың азы артық. *Тәрбиесіз* жастардан өнегелі шал артық («Шұғыла»). *Көрлат* – еш тәрбие көрмеген, тебір, тәрбиесі аз көрбілте адам («Ана тілі»). *Көрбала* – көргені жоқ, білімсіз, надан, тәрбиесіз деген ұғымды білдіреді («Қаз. әдеб.»).

**Көргенсіздік, тәрбиесіздік.** *Дұрыс тәрбие алмағандық.* Мен сіздердің әділетсіздігіңізді айтсам, *көргенсіздік* болады, – деді Хадиша (Ақылжанов). Мүгедек адамдарды кемсітудің өзі оңбағандық, *тәрбиесіздік* болып табылады (М. Тоқжігітов).

**Көрешек, көресе, көрім, көрешік сөйл.** *Көретін нәрсе, бастан өткізер іс-әрекет.* Мына бір балалардың *көрешегі* шығар, аяғы қайырмен бітті ғой әйтеуір (Ж. Молдағалиев). Өрім кетіп, ылдиым қалды, *көрешемнен* көргенім көп (Б. Қожабеков). Гүлбаршынды алам деп, Сенің де бітсін *көрімің* («Алпамыс»). Бұл да мен сияқты жасынан *көрешікті* көріп баққан екен (С. Сейфуллин).

**Көр-жер, көкір-шүкір, асай-мүсей, көрбай-жербай сөйл.** *Ұсақ-түйек пен ескі-құсқы, оны-мұны нәрселер.* Сол күні әжем түйесін әкеліп, *көр-жерін* үстіне артты (Ө. Қанахин). *Көкір-шүкір*, көр-жерді пайда көріп ептеймін, Мынау арам, тентек деп еш кісіні теппеймін (Абай). Сәди ерте тұрып, үй ақтайтын *асай-мүсейін* көтеріп жеткенде есікті Таутан ашты (О. Әубәкіров). Күл-қоқыс төгетін жәшікте *көрбай-жербай*, қиқым-сиқымның бірте-бірте үйіліп, жиналып қалатыны бар («Қаз. әдеб.»).

**Көркею, гүлдеу.** *Құлпырып өсу, гүл-гүл жайнау.* Қазақ пен өзбектің де тұрмысы мен мәдениеті совет өкіметі жылдарында

*көркейіп* өсті (Ф. Мүсірепов). Шолпан жыл құсы еді, жаңа *гүлдеген* қызғалдақ еді (С. Сейфуллин).

**Көрші, сыбай, қоңсы, ауыл-үй, көрші-қолаң, қоңсы-қолаң, көрші-көлем, хошына жерг. Үйме-үй тұратын адам, іргелес отырған отбасы.** Жас келіншек қолы қалт етсе, *көршінікіне* бір кіріп шығуға асығады (З. Шүкіров). Ақ курай, қара курай, курай-курай. Құдайым қызды ауылмен *сыбай* қылғай (И. Байзақов). *Қоңсы* тату болса – құт, қаңқу болса – жұт (Мақал). *Хошынамның* өте бір ақ пейіл, қонақжай адам болғанына мың да бір шүкір («Жетісу»). Ақбөпе бәйбіше қабағын шытқанда, *ауыл-үйдің* адамдары торғайдай бұғатын (С. Талжанов). Барлық ауылдың үлкен-кішісі, *көрші-қолаңы*, ет бауыр жақыны – бәрі де Абайдың жүзіне тура қарай алмады (М. Әуезов). Өз баспанасын тіге алмаған *қоңсы-қолаңдар* Жұманның көшін жөнелтуге кірісті (Ф. Мүсірепов). Үй иесі *көрші-көлем*, ағайын-туысқа рахметін жаудырып, жаңа үйіне кірді (Ж. Нәжімеденов).

**Көршілес, қанаттас, қатарлас, есіктес, қоңсылас, қабырғалас, қапталдас, босағалас, шектес, қотандас, қоныстас.** *Көрші тұратын, қатар отырған, қонысы бір, бір-біріне жақын қонған.* Кішкентай достарымен *көршілес* класта ересектердің оқуы жүріп жатыр (М. Иманжанов). *Қанаттас* бір ауылға апам мені жетелеп, қыдырыстап келген (Б. Соқпақбаев). *Қатарлас* ауылдардан хабар күтіп әбігерге түскендерді тыныштандырдық («Қаз. әдеб.»). Біз ол кісімен *есіктестіз* («Түсіндірме сөздік»). *Қоңсылас* ауылдың қотиын жігіттері қой дейтін, кезек бер дейтін (О. Бөкеев). Бізбен *қабырғалас* тұратын Біркұлақ дегеннің үйінде бес бала бар (Қ. Сәрсекеев). Төлеу мен Қалау Куркос Иваннан қалмай, олардың қайығы *қапталдас* келіп қалыпты (Ә. Нұрпейісов). Иә, қырғыз бен қазақ – бек араласып кеткен *босағалас* елдер («Түсіндірме сөздік»). Кешке керуен Жанасемей ауданының Павлодар облысымен *шектес* шеткі колхозына келіп, әр үйге бөлініп қонды (Ә. Нұршайықов). Ақжол бидің аулы Жәнібек ауылымен *қотандас* отыр еді (І. Есенберлин). Төлек қарт бүгін *қоныстас* отырған 5-6 шопанды қасына ертіп, сәске кезінде атқа мінді («Дала шұғыласы»).

**Көрінеу, көріне, көпе-көрнеу.** *Ашықтан-ашық, көрер-көзге.* Ноғайбектің *көрінеу* өтірік айтқанына күйініп кетсем де, әңгімелеріне араласпадым (Б. Тоғысбаев). Әділ кісі ғой, жарлы-жақыбайға *көріне* болысады, – деп Хакімді мақтай бастады (Х. Есенжанов). Андысқан екі жақ бір-біріне ықтырып тастағысы келіп, *көпе-көрнеу* даудан бастады (Ә. Кекілбаев).

**Көт, көтен.** *Дәрет шығаратын ағза.* Біреулер *көтіне* құрым киізді тұзға малышып тыққан соң, есі шығып, еріксіз кім болса соған емізіп жүр (Абай). Ат үстінен Қозыкем лақтырғанда, Алты құлаш түсіпті *құл көтені* («Қозы Көрпеш»).

**Көтерем, ыңыршақ.** *Әбден шыңына жетіп арықтаған, өлімтік болған.* Арықтаған көтерем малдың да жілігі мен жүрегінің басында жылтыраған май болады (К. Жұмаділов). Оның астында *ыңыршағы* айналған өте арық тарланбоз аты бар болатын (З. Шүкіров).

**Көтерме, көтеріңкі, үстеме.** *Көбірек мөлшердегі.* Ауылшаруашылық өнімін жоспардан тыс *көтерме* бағамен сағу колхоздың ақшалай табысын арттырады (Н. Фабдуллин). Астығымыздың шығымына қарай жаңадан *көтеріңкі* міндеттеме алдық (Ф. Сланов). Қазір елімізде *үстеме* жоспар алу мәселесі күн тәртібіне қойылған (Ж. Ертілесов).

**Көтеру, жоғарылату.** *Бірдемені тұрған немесе жатқан жерінен қозғап, белгілі биіктікте ұстап тұру.* Бір адамның аяулы қызын алып, қарақұс аспанға *көтеріп* кеткен екен (М. Фабдуллин). Қыл мойыннан ұстаған саусағын бірте-бірте *жоғарылатып*, алқымына таман әкеле жатыр (Т. Ахтанов).

**Көтеріліс, бүлік, ереуіл.** *Көпшіліктің құралды қарсылығы.* 1905 жылы желтоқсанда Мәскеу жұмысшыларының *көтерілісіне* қатынасқан Кузнецов, көтеріліс басылғаннан кейін жер аууға бұйырылған (С. Мұқанов). Кулаков Осипов *бүлігіне* қатынасқаны үшін жазасын өтегенсін Фоголевқа қайтып бармай, осы жаққа орныққанды (Ж. Арыстанов). Маған салсаңдар, *ереуілден* түк шықпайды, босқа қантөгіске ұрындырады («Әдебиет және искусство»).

**Көтеу, геморрой.** *Тік ішектің қан тамырлары кеңейіп ауыратын сырқат.* *Көтеуі* бар сырқат адамдарға бұл дәрі берілмейді (С. Сұбханбердин). *Геморрой* – артқы ішектегі қан тамырының кеңейінінен болатын сырқат («Денсаулық»).

**Көшпелі, көшпенді.** *Көшіп-қонып тіршілік ететін, отырықшы емес.* *Көшпелі* ел жайлауға бармақ, күздікке келмек, мал тісі қайда айдаса, иесі соған ере бермек (Ф. Мүсірепов). Халқымыздың өн құмар, сауықшыл болуына *көшпенді* өмір, кең өріс, таза ауа, шалқар дала себепші болған (Д. Әбілев).

**Куәгер, айғақкер, айғақшы, растаушы.** *Куә болушы, айғақ келтіруші.* Нарынқұм сонау көне заманнан бері батыс қазағының өмірін көріп келе жатқан тілсіз *куәгер* ғой (Ә. Әлімжанов). Гринев оқиғаны тудырушы, өркендетуші әрекет иесі емес, тек *айғақкер* ғана (Ә. Кекілбаев). Қиналып қалмаса да, ар мен намыс *айғақшы* тату досты қашық етті (З. Қалауова). Мұраттың айтқан сөздерін *растаушылар* да болды («Жетісу»).

**Күбілжу, күмілжу, міңгірлеу, мыңқылдау, кірбіндеу.** *Нақтылы ойын кібіртіктеп жеткізу, естілер-естілмес етіп айту.* Ұзақ күндер *күбілжіген* өзара сын еді ақтарылып большевиктік толқынға соққан (І. Жансүгіров). Әлекең қойылған сұраққа нақпа-нақ жауап қатпай, сәл мүдіріңкіреп, *күмілжіп* қалды (С. Байжанов). Түкпірдегі тас үйден шыққан біреулермен Сербов *міңгірлесіп* және бір-екі қылыш асынған адамдармен күбірлесіп, әрмен кетті (С. Сейфуллин).

Ақылбек мұрнының астымен түсініксіздеу *мыңқылдап*, отыра берді (О. Сәрсенбаев). Қапар үйге жеткенше, кінәлі пішінмен *кірбіңдеп* отырып баяу сөйлеген (А. Жағанова).

**Күбігу, көпірту, бұрқырату, өкірту сөйл., төпеу сөйл.** *Бастыр-малатып сөйлей беру, бірінің үстіне бірін жаудыру.* Ойларында түк жоқ, асфальт жолдың қақ ортасында әңгімені *күбітіп* келеді (С. Бердіғұлов). Ең жаман өтірік – *көпіртіп* отырып, Дастарқан басында айтылған өтірік (Қ. Мырзалиев). Ол бейпіл сөзге келгенде, аузы-аузына жүқпай, үсті-үстіне *бұрқыратып* жіберетін (М. Иманжанов). Бастығының жасайтын баяндамасының текстің *өкіртіп* жазып тастады («Лен. жас»). Қанапия мен Нәзір өтінген соң мен «Зарқұмды» дағдылы әніммен домбыраға қосып *төпей* жөнелдім (С. Мұқанов).

**Күдік, сезік, секем, шүбә, күмән, кәдік, дүдәмал, шәк, дәркүмән, қалтқы.** *Сенбеуден туған сезікті ой, әлденеге шек келтірушілік.* Оның көңілінде жанын жегідей жеген бір *күдік* бар (І. Есенберлин). Гүлжан бойын әлдебір қандай *сезік* билеп, Кенбайдың әрбір қимылынан секем алғандай болады (М. Дүйсенов). Оның көңілінде осылардың біреуі бірдеме дей ме деген *секем* бар (А. Нұрманов). Халқыма пайда келтіре алмас күйге түсіп барам ба деген *шүбәдан* да сау емеспін, не істеуім керектігін айтшы (М. Иманжанов). Куәлі істі куә табар, Куәсіз істі *күмән* табар (Мақал). Нанасың не айтса да амалың жоқ, Түсінде бір *кәдік* жоқ алдар деген (Абай). Ол айтқан ойларын пысықтай, *дүдәмал* жайлардың басын ашып алды (З. Мұхамеджанов). Ой түкпірінде бұған біраз *шәгі* болса да, Уәлидің сөзіне сене бергісі келеді (Т. Ахтанов). Олай деп *дәркүмән* келтірме (О. Бөкеев). Айтқанының бәрі *қалтқысы* жоқ шын тәрізді көрінеді (Х. Рахимов).

**Күдіктену, қауіптену, сезіктену, күмәндану, шүбәлану, дүдәмалдану, кәдіктену сөйл.** *Әлденеден секем алып, шүбә келтіру, қауіп ойлау.* Сұлтанбек *күдіктеніп* ойға қалса да, өзі бастап әңгіме айта алмады (М. Әбдіхалықов). Балзия үйдегілердің *қауіптенетінін* түсіңкі қабағымен сездіріп, үйге қарай иегімен ым қақты (С. Омаров). Әйелінің дертінен шошып қалған жүрегі *сезіктеніп*, ауруханаға қорқып барды (Н. Фабдуллин). Мұғалиманы көргенде, өз көзіне өзі сенбей, оған ойлана, *күмәндана* қарады (Ж. Жұмаханов). Абайдың аты аталғанда оның сөзіне ешкім *шүбәланбайды* (С. Талжанов). Енді мына беткейге тартып шыға алар ма екен деп *дүдәмалданып* жүр едім, жақсы кезіктіңдер (Б. Сокпақбаев). Той күні түнде Жәніш екеуміздің сыртта оңаша тұрғанымыздың *кәдіктеніп* қалған сияқты (З. Шүкіров).

**Күдіктілік, сенімсіздік, дүдәмалдық, сезіктілік, күмәндылық, секемділік, шүбәланушылық.** *Күдікті болушылық.* Мещандықтың үшінші белгісі адам баласына қастық істеушілік, *күдіктілік* жағы байқалады («Семья тәрбиесі»). Өзіне деген *сенімсіздік* оны тағы да меңдеп алды (Т. Алшынбаев). Ораздың бұл сөзі әлгі жауаптың *дүдәмалдығын* білдіретін сұрақтай болып шықты (Ж. Арыстанов).

Қарияның жүзінде қыз сұрағына деген *сезімділік* бар (М. Сүндетов). Қаржау жүре-жүре тіпті әйеліне деген *күмәнділығы* насырға шауып, өзінше бір ауру сияқты боп кеткен (Ж. Жұмаханов). Менің жай бұрылған назарыма ілесіп, қазір де оларға ілкі бір *секемділікпен* қарап қойғанын байқадым (Ұ. Доспанбетов). Олардың арасында енжарлық, селқостық, тіпті *шұбаланушылық* сияқты ұнамсыз жайлар қалыптаса бастады («Қаз. әдеб.»).

**Күжқара, дәуқара.** *Толық денелі, еңгезердей.* Қапар елеусіз ғана жүріп оны сыртынан көрді, қапсағай денелі, көкшіл көзді, *күжқара* көрінеді («Лен. жас»). Зор денелі Есенқұлды ауыл адамдары *дәуқара* деп атайды екен («Жетісу»).

**Күжілдеу, дүрілдеу.** *Дүр-дүр ету, гүр-гүр еткен дыбыс шығару.* Машиналар *күжілдеп*, төңіректі бензин иісі алып кетті (Р. Тоқтаров). *Дүрілдеген* зор тасқын бәрін жұтып жалмады. Ішінен сол жолдастың өзің болдың қалғаны (С. Мәуленов).

**Күжірею, күдірею, дөңкию, күржию, теңкию, күрбию, қорбию.** *Бір нәрсенің аумағының кең, оралымсыз боп ерекшеленіп көрінуі.* Арбада *күжірейіп* теріс қарап отырған нағашым әжеме мойнын бұрды (А. Жақсыбаев). Күшіктің жотасы *күдірейіп*, ауыз-омыртқа мен күйрығына шейін түп-тұтас болып күлдеуіштей бүгіледі (М. Әуезов). Қызметтен келсем, Нариман диванда *дөңкиіп* ұйықтап жатыр (Б. Аманшин). Шофердың жанына *күржиіп* отырып алған Дүйсен әлі де үнсіз келеді (Н. Серәлиев). Басын көтеріп жан-жағына қараса, өзінен он метрдей жерде *теңкиіп* біреу жатыр (С. Алдабергенов). Күдірейген, *күрбиген*, Бедірейген, дүрдиген, Келсе үйіне мұн кірген, Жеті жылда бір күлген (Ж. Өмірбеков). Дуадақтар қаршыға келе жатқанда жүнін *қорбитып*, үлкен қаптай болып тұра қалады (Ш. Айманов).

**Күзек, күзеу, күздік, күздеу.** *Жаз жайлаудан қайтқан елдің күзде отыратын жері.* *Күзекте* отырған шопан аулы өзіне таныс адамдар боп шықты (Ә. Қалмырзаев). Сонадайдан әлі *күзеуге* түсіп үлгірмеген шопандардың киіз үйлері көрінді (Ә. Әлімжанов). Көшпелі ел жайлауға бармақ, *күздікке* келмек, мал иесі қайда айдаса, иесі соған ере бермек (Ғ. Мүсірепов). Бүгін ел көктеуде, ертең жайлауға көшеді, оның күні өтсе *күздеуі*, қыстауы бар (Ж. Арыстанов).

**Күзету, қарауылдау, қоруылдау, қору.** *Бір нәрсені бақылап сақшылық ету.* Бырдай болып жатқан бір қора қойды жалғыз өзі *күзеткен* Қаратай түс көріп жатқан секілді (А. Жүнісов). Сай қабағынан түспей, үнемі ит-құс *қарауылдап* отырған Бөрібасар да Сәтжанның қасына келді (С. Бегалин). Түнге қалып кетсе, көз ілмей машинасын *қоруылдап* шығады-ау енді (Т. Иманбеков). Солардың малынан сескеніп, жер *қорумен* күн кештік қой (М. Әуезов).

**Күзетші, қарауыл, қақпашы, сақшы, қарауылшы.** *Бір нәрсені күзетіп тұрушы, қорғап сақтаушы.* Әлгі ағайынның ері мектепте

*күзетші*, әйелі үй сыпырушы болып жүре береді (Б. Аманшин). Нұқы қарт біраз жылдан бері балық қоймасында *қарауыл* еді (Ә. Сараев). Уәлихан деген қожа шаһардың *қақпашыларын* алдап, қорған ішіне кіріп кетіпті (С. Бегалин). Атасы да, әжесі де малға *сақшы* жалғыз тобеттен айырылдық деп, қатты ренжіген (М. Мағауин). Осы ғимаратты әліпті таяқ деп білмейтін *қарауылшы* күзететін (Б. Тәжібаев).

**Күйбен, күйбің, күйтің, қошан, күйбежек.** *Ұсақ-түйек, күйкі тірлік.* Ауылдағы адамдар да әрқайсысы өз шаруасымен *күйбең* (А. Сатаев). *Күйбіңмен* жүріп күн батты, Білмедім неге сескендім (М. Құттықов). Қара көрсетіп, күні бойы *күйтің* шаруамен жүріп алды (Қ. Қуанышбаев). Алматыдан ат шаптырым жер болса да *қошан* тіршілікпен жүріп, әдейілеп бір барып қайтпаппын (Б. Қожабеков). Жасыратыны жоқ, көп нәрседен *күйбежекпіз* (Ә. Жәмiшев).

**Күйбіжіктеу, қипақтау, сипақтау, қыбыжықтау, қыпылдау, қипыжықтау, қипаңдау, қипыңдау, қойғақтау, күйбендеу, күйбіңдеу, кібіртіктеу, күйбектеу, күйбелектеу, күйбелеңдеу.** *Бір нәрсені батылы барып айта алмай күйбің-күйбің ету.* Қызым оқуға түсті деп түсініп қалған байғұс қуанышын қалай білдірудің ретін таба алмай, *күйбіжіктеу* берді (М. Дүйсенов). Байқаймын, әкемнің көзі шатынап кетіп, мұғалім бір түрлі *қипақтап* қалды (Т. Иманбеков). Бағанадан бері *сипақтамай* жайыңа көшпейсің бе? (Б. Тілегенов). Өзінің бұл ойын Құрманбай директорға батып айта алмай, *қыбыжықтап* қалды (М. Хасенов). Осының өзін артық айтып қойдым ба деп *қыпылдап* қалды (Ж. Нәжімеденов). Іштен ешкім дыбыс бермеген соң кетпекші бала *қипыжықтап* төргі үйге кіре беріп еді (Д. Досжанов). Бұлғақтап қалай өзі *қипаңдайды*, Нансаңыз әрбір ісі күлкі маған («XX ғас. бас. қаз. ақын. шығ.»). Айтолқын да *қипыңдап* маңғаз шешесінің алдын орап, сөз қоспаққа ниет етті (Т. Тілеуханов). Маған оқты көзімен ата қарап, *қойғақтап* еді, мен ештеме аңғармағансып, үндемей қойдым (М. Сқақбаев). Қабыл *күйбеңдеп* ештеңе айта алмады (Х. Есенжанов). Бұл сұраққа Гүлжәмила *күйбіңдеп* жауап бере алмай қалды («Жетісу»). Гүлжанның даусы шықпай, абыржып *кібіртіктеп* сөйледі (М. Дүйсенов). Ол жаныма келіп *күйбектеп* сәл тұрды (А. Мекебаев). Жоқтан өзгеге *күйбелектеу* берсең, жүйкең таусылар (Т. Иманбеков). Беткейде *күйбелеңдеп* бір әйел жүр (К. Әбдікәрімова).

**Күйеу, бай, ер.** *Әйелдің некеленіп қосылған адамы, қосақ жары.* Лекциядан жаңа таман келген Гүлжан *күйеуінің* неге бүк түсіп жатқанын білген жоқ (М. Дүйсенов). *Байым* ақ көңіл кісі еді, көргенбілгені болса, ортаға салып айтып жүруші еді (Б. Майлин). *Ерінен* ерте айырылып, екі баласын екі өкпесіне қысып, өзін аямаған ананың жақсылығын айтайын деген емеурін сездірді (А. Жаксыбаев).

**Күйеусіз, байсыз, ерсіз, жұбайсыз.** *Күйеуі жоқ.* Меруерттен бала туылған жоқ, жап-жас сұлу әйелді *күйеусіз* жүргізер ме екен (С. Шәріпов). Мені қатынсыз, қарындасыңды *байсыз* қалады деп

қорқасын ба (Ә. Нұрпейісов). Әттең, өмір-баки *ерсіз* өтуді ант еткен Аққозы Орақтың тірі қалғанын білген жоқ (І. Есенберлин). Қыздарымды да құтты орнына қондырдым, *жұбайсыз* емес, – деді Гүлімхан әже («Қазақст. әйелд.»).

**Күйзелу, жұтау, азып-тозу, азғындау, кедейлену.** *Аш-жала-наштыққа, жоқшылыққа, дертке ұшырау, жүдеп-жадау.* Ауру әбден *күйзелді*, ыңырану жиленді (Т. Әлімқұлов). Сиыр, қой, өзге мүліктерді кеңестің қаулысы бойынша соғыстан *жұтағандарға* бөліп берді (М.Жұмағұлов). *Азып-тозған* кедейдің қатындары қолдары тілім-тілім болып үй сылап жатыр (Б. Майлин). Ақ білегін *азғындап*, Білезіктерің босапты, Қарағанға байымдап, Саусақта жүзік бос қапты (І. Жансүгіров). Жібек бұрын байлау болған, сонынан *кедейленген* Қарсақбай деген шалдың қызы еді (С. Сейфуллин).

**Күйзеліс, күйзелушілік, дағдарыс.** Жұман үй ішінің әлпетінде бір *күйзеліс* барын байқады (Ғ. Мүсірепов). Оның түсі суық, қабағында терең кейіс, *күйзелушілік* бар (Д. Досжанов). *Дағдарысқа* ұшырап, Жауар бұлттай түнерген, Ойлар билеп қысырақ, Бір тұйыққа тірелген (А. Шамкенов).

**Күйкі, күйкіл, күйкілі, күйкілжің.** *Көзге қораш, тартымсыз.* Кедейлердің *күйкі* тіршілігіне Нартайлақ кейіген сайын әкесі Шабанбайды есіне түсіріп Нағым келеді (А. Жүнісов). Оларға керегі *күйкіл* өмір, күйкіл тіршілік емес қой (Қ. Тұрсынқұлов). Жиналғандар *күйкілі* тірліктің жанды сыздатар қасіретін айтады (Ә. Мейірбеков). Нағимасыз жерде күнделікті *күйкілжің* өмірдің бәрі қызығы жоқ қуыс дүние (М. Дүзенов).

**Күйлеу, күйттеу.** *Ұрғашы жануардың жыныстық шабытының қозу кезеңі.* Қонды саулық тез *күйлейді* («Тарту»). Жайлауда қошқар *күйттеген* саулықтарды ғана қашырады («Түсіндірме сөздік»).

**Күйлі, тың, ширақ, қунақы, қунақ, сергек, қонды, дилы.** *Қайраты қайтпаған, құш-қуаты мол, жағдайы жақсы.* Зизешім, *күйлі* жүрмісің: жақсы ма, қалқам, тұрмысың (Е. Бердин). Есен аға жасы жетпісті қаусырса да, өзі әлі *тың* екен (С. Талжанов). Бержан ақсақал жасы жетпіске таяп қалса да, әлі қуатты, *ширақ* еді (Ш. Дәрмағамбетов). Жасы жер ортасына келсе де, жүріс-тұрысы *қунақы*, солдаттай шапшаң (Ғ. Сланов). Қазір де *қунақ* жарақ кемпір Сақыштың өзі де қасына қара кемпір Әселді ерте келіпті (М. Әуезов). Тағы бір жетідей уақыт өтті, өзімді *сергек* сезінемін (Б. Соқпақбаев). *Қондысы* да, қара шаңырағы да сонау шеткі үй, – деді Сәкеннің екінші жолдасы (Т. Әлімқұлов). Күтімі күшті *дилы* жануар ұйтқыған боранда бағдарыңнан аумай жетер жеріне дік еткізер түрі бар (М.Рахманбердиев).

**Күйрек, күйреуік, күйінгіш, күйреуіңкі сөйл.** *Уайымға берілген, жігерсіз, боркемік.* Өмір бойы қиындық көрмей бұла болып өскен жігіт күрт сынып, жүнжіп, *күйрек* болып кетті (Ә. Тарази). Нақ осы кезде Сармаев өзінің *күйреуік* жан екенін жолдасына сездіріп алды



(Б.Қыдырбекұлы). Сүйікті ұлы Жанұзақ 42 жасында қайтыс болғаннан кейін Тойпан әжем *күйінгіш* болып кетті («Мәдениет және тұрмыс»). Бұл да *күйреуіңкі* жанына үлкен медеу (О. Бөкеев).

**Күйректік, уайымшылдық.** *Уайымшыл болушылық.* Жанжігіт өншейінде қамыға, қайғыра білмейтін досының тосын *күйректігіне* қайран қалды (М. Сатыбалдиев). Әкеме *уайымшылдық* тән емес («Жетісу»).

**Күйшіл, күйтшіл, күйтегіш, бапшыл, күтімшіл.** *Ерекше бап іздейтін, күтімді керек ететін.* Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан, *Күйшіл»* деп бабын білмей кінә таққан (Абай). Мүсінші сондай-ақ *күйтшіл* әйелдердің де мүсінін жасаған (Т. Ахтанов). Тек өз мүддесін діттеп, өз жанын ғана *күйттегіш* адаммен көп жыл қызметтес болдым («Қаз. әдеб.»). Күнде жарыс қайда бар жүйрік озған? *Бапшыл* байғұс күй тілеп ғұмыр тозған (Ғ. Қайырбеков). *Күтімшіл* жанның Аяжанды бұл сапарға күнттап, майпаздап шығарып салғаны көрініп тұр (Б. Соқпақбаев).

**Күйі, ыпыны қарап.** *Адамның күнкөрісі, жай-жағдайы, тұрмысы.* Әйел жоқ жерде отбасының сәні кетеді, жігіттен *күй* кетеді (О. Сәрсенбаев). Бұл кезде елдің *ыпыны* ерекше жүдеу екен (К. Ахметбеков).

**Күл, қоз.** *Отын жанып біткеннен кейінгі қалдық.* Барақ маңы жота-жота *күл* болғандықтан, жел тұрса қара боран бұрқырайды (Ғ. Мұстафин). Кешкілікте *қозға* көміп тастаған бақаның үш жұмыртқасын пісіріп жедім (Дефо).

**Күлдібадам, күлді-көмеш.** *Шала-шарпы, шикілі-пісілі, құны төмен, арзанқол.* Серке еш уақытта да, еш спектакльде де ала-құла ойнап, көруші жұртшылыққа *күлдібадам* өнер танытып көрген емес («Қаз. әдеб.»). Өлеңді жаза салып *күлді-көмеш* күйінде газетке қарай тоғыта беру ағаттық болады («Қаз. әдеб.»).

**Күлдіргіш, күлкіші, күлкішек, лаққы, күлдіргілі.** *Күлкілі өңгіме айтып, күлкілі қылық көрсетуші, күлдіре алатын.* Үстіндегі ала-құла қызыл киім, басында *күлдіргіштің* (клоунның) қалпағы (Ә. Шәріпов). Жиын-тойда, мереке күндері халықты қыран күлкіге бөлеп, көңілін көтеретін адамды *лаққы* деп атаймыз («Оңтүстік Қазақстан»). Қызықты қызуды, қыздырманы ғана айтатын *күлкіші* сауықшыл Дулат емес (М. Әуезов). Осыны айтып түлкішек, Жайдары жан, *күлкішек* (Ө. Тұрманжанов). Бұл адамның бойындағы тамаша бір қасиеті – *күлдіргі* әзілқойлығы (Б. Соқпақбаев).

**Күлегеш, күлеген, күлкішіл, күлімпаз, жыртақы, жыртақай, жырқылдақ, тырқылдақ, күлешек, ыржақай, ыржаншыл, ыржаңбай, жырбақай, жыртаңбай сөйл.** *Күлкіге әуес, көп күлетін, жырқ-жырқ ете беретін.* Бұл кезде жігіт ағасы Тәкежан қалжыңқой, *күлегеш* болатын (М. Әуезов). Болмайды иттің жаман үрегені, әйелдің мәз болмайды *күлегені* («Айтыс»). Еңбексіз ыржан, *күлкішіл* қылжаң,

Еріншек, масыл, шағым, дау, Жұмыссыз адам, Санасыз надан, Саналы саған болды жау (Ж. Сыздықов). *Күлімпаз* жас келіншектерге қызыға, ынтыға қарады (С. Бакбергенов). *Жыртақы* жігітті сарт еткізіп балдағымен қойып қалғанын өз көзімен көрген («Қаз. әдеб.»). *Жыртақай* әйелдерді қас-қабағымен үйіріп отыратын сабырлы Жаңылдың тұла бойынан шуақты күннің нұры ескендей (С. Жүнісов). *Жырқылдақ* әсіреңкі сылаң емес, үн бетті, бояу ерін қылаң емес (Б. Момышұлы). Жағыпардың *тырқылдақ* әйелі қонақтарды жайдарылана шығып қарсы алды («Лен. жас»). О, жо-жоқ досым, Бұл – өсек. Болмашы, білмей *күлешек* (Т. Нұрмұхамедов). Кей кезде әйел «қойсаңшы, не деген орынсыз *ыржақай*» бұл деп тастайды (Д. Исабеков). Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл, Қыз таныстыр, қызыққа жұрт *ыржаңшыл* (Абай). Өзің бір *ыржаңбай* біреусің ғой, – деді тарамыс қара жігіт Топышқа («Лен. жас»). Бір күлсе, қоймайтын сендей *жырбақай* адамды көргенім осы («Қазақстан әйелдері»). Әлде бәрі өзін сияқты жыртық жаулықтан астынан шыға алмай жүрген *жыртаңбай* деп пе едің (Б. Тоқтаров).

**Күлу, сықылықтау, сақылықтау, жырқылдау, жыртақтау, тырқылдау, хақақалау, қарқылдау, сыңқылдау сөйл. Күлкі шығару, мөз-мейрам болу, шек-сілесі қату.** Қыз бұған жас балаша мөз болып, сықылықтап *күле* береді (М. Әуезов). Күлгенде қатты *сықылықтауға* болмайды, күлгенде де шамалап күлу керек («Семья тәрбиесі»). Мәрзия *сақылықтап* күліп, жас балаша мөз-мейрам болады (Ш. Мұртазаев). Бухгалтер Ешмұхан күлер сөзге де, күлмес сөзге де *жырқылдап*, екі езуі екі құлағында келе жатыр (Қ. Қазыбаев). Неге жетісіп *жыртақтаймыз*, жастарымыздың құнсыз, дымсыз өтіп бара жатқаны ма (Д. Досжанов). Ол осы хабарға мөз болғандай, *тырқылдай* күліп кете берді (С. Сарғасқаев). Бұл қатындарды қойсаңшы, Танабайды аттан аударып алып, *хақақалап* у да шу болды (Ш. Айтматов). Ырысбек дәл біреу екі қолтығынан бірдей шап беріп қытықтап жібергендей, *қарқылдай* жөнелді (С. Мұратбеков). Қыз-келіншек үй тігер, Бұрала басып былқылдап, Ақ білегін сыбанып, әзілдесіп *сыңқылдап* (Абай).

**Күлшік, күлсауыт, күлсалғыш. Темекінің күлін, шылым тұқылын салатын сауыт ыдыс.** Шылымын құшырлана сорып, тұқылын *күлшікке* нығырлап өшірген Қанат тамағын кенеп жөтелді (З. Жәкенов). Шағын бөлмедегі үстелдегі *күлсауыт* шылым тұқылына толыпты («Соц. Қаз.»). Бөлме көк түтін, *күлсалғыш* темекі тұқылына толған («Соц. Қаз.»).

**Күлімдеу, күлімсіреу, жымыңдау, жымию, ыржию, күлмеңдеу, ырсию. Жылы шырай білдіріп күлім қағу, жымың-жымың ету.** Маржанкүл ағасына тағы да еркелеп, *күлімдеп* қарады (Н. Фабдуллин). Хасеннің жайшылықта адамды өзіне тартып *күлімсіреп* тұратын жарқын өні бүгін біртүрлі қуарып кеткен (І. Есенберлин). Жас

келіншектер тағы бір-бірінің құлағына сыбырлап, *жымыңдасып* қалды (Ә. Кекілбаев). Дәмеш әдеппен *жымылып* меймандос пиғылын сездірді (З. Шашкин). Көп ішінен шыққан зор денелі, салпы ауыз бала жігіт ұялшақ екен, *ыржия* күліп, қызараңдап әзер келді (Ф. Мұстафин). Ойда жоқта бір күні *құлмеңдеп* қасына жетіп келетін секілді (О. Сәрсенбаев). Аузы *ырсия* күлген Керім орнынан тұрып жатты (Е. Өтетілеуов).

**Күлімсі, қолаңса.** *Жағымсыз сасық иіс.* Бөлме жаралыларға лық толы, үйдің ауасы *күлімсі* сасып, тынысты тарылтады (С. Мыңжасарова). Тер сіңіп әбден сіре болған. *Қолаңса* сасыған киімдер қара күрен тартып жана берді (С. Бақбергенев).

**Күмәнды, шүбәлі, күдікті, дүдәмал, дүдәмалды, сезікті, секемді, кәдікті, неғайбіл, екіталай, белгісіз, екі ұрық, екіұшты, күпті қарап.** *Күмән тудыратын, шүбә келтіретін.* Бұл еңбектер өздерінің ғылыми дәлелдігі жағынан көп жағдайда *күмәнды* (Д. Досжанов). Түрлі *шүбәлі* сезімдерді кешкен аласапыран күндері дәл қазір артта қалған тәрізді (М. Иманжанов). Оны да үрейін ұшырған *күдікті* күндердің отбасындағы күйкі күйбеңі шөжітіп тастаған (З. Жәкенов). Хатшының алдында бүгін төтенше өзі отыруы да *дүдәмалды* нәрсе (Д. Досжанов). Ожар, содыр Қарабай *сезікті* ойларын Сейілге соқтыға айтты (М. Әуезов). *Секемді* көңілдің осындай аума-төкпе құбылуы кезінде өзіне таныс бір комсомол мүшесімен кездесіп еді (С. Шаймерденов). Бұрын да сезікті Жәнішке сол түні Нәзеннің маған еріп кетуі *кәдікті* көрінуі анық (З. Шүкіров). Бірақ жеме-жемге келгенде күш көрсетері *неғайбіл* (М. Дүзенов). Қаусаған, қос ескекті қайықпен мына алапат толқында жағаға аман жетудің өзі *екіталай* еді («Тұлпар»). Оқуға қайтар-қайтпасы *екі ұрық* екені есіне түсіп, Жарболдың іші удай ашыды (Ф. Орманов). Жігіт оның келер-келмесіне *екіұштылау* жауап берді (С. Жүнісов). Түнерген төңірек жабыққан көңілді еш көтермеді, *күпті* жүректі де серпілтпеді (М. Иманжанов).

**Күмәнсыз, күдіксіз, шүбәсыз, секемсіз, қалтқысыз, сезіксіз.** *Күмән келтірмейтін, күдік тугызбайтын.* Үн қосуың *күмәнсыз*. Жер жүзінің бар халқы. Мүддесі бір екі елміз қорға бақыт құсыңды («Ақын жырлары»). Жүде офицер ештеңеден хабарсыз, *күдіксіз* келе жатыр (М. Жұмағұлов). Қарттың сөзінің шын жүректен шыққандығы *шүбәсыз* сезіліп тұрды (Б. Нұржекеев). Оларға анау-мынауға мән бермейтін сенгіш, *секемсіз* кісі керек (Ж. Нәжімеденов). Ғазиз жүректер бір-біріне *қалтқысыз* сенді (С. Досжанов). Ол тура сөйлеп, өзінің бүкпесіз, *сезіксіз* мінезділігіне бағып, орынды да пәтуалы сөзін айтты («Жас Алаш»).

**Күнбағыс, күнбағар, шекілдеуік, шемішке сөйл.** *Ірі жапырақты сары гүлді, дәні майлы биік өсетін дақыл.* Таулы аудандағы негізгі сүрлемдік дақылдардың бірі – *күнбағыс* (К. Боранғазиев). Бір түп *күнбағар* жаз бойы 250-350 метр суды буландырады (Т. Таубаев). Жұрт жайлап қыдырып, *шекілдеуігін* шағып, базарын, дүкенін аралап жүр

(Б. Тілегенов). Көшеде, тіпті қоғамдық орындарда темекі тартып, *шөмішке* шаққандар да жоқ емес (З. Шашкин).

**Күнбе-күн, күнде, күніге, күніне.** *Әр күн сайын, араға күн салмай.* Малдың сүтін *күнбе-күн* сатып, ақша етіп, шай-қант, киім-кешекке тарықпайды (Ф. Мұстафин). Сабакқа келгенде, молданың оң жағында жататын екі көк шыбыққа *күнде* көзі түскенде, оны ылғи сол үрей билейтін-ді (Н. Фабдуллин). *Күніге* қойды үш рет аралап шықпаса, Әміржанның көңі лі көншімейді (З. Шашкин). Оның зейінді жас екенін Якуп жақсы танып, *күніне* бір сағат кешкілікте сабақ беріп тұратын боп келісті (Д. Әбілев).

**Күндеу, қызғану.** *Көре алмау, қызғаныш білдіру.* Аязби екеумізді *күндеп*, ақырында екеумізді айырдындар, – деді хан («Аязби»). Шіркін-ай, бізге бұйырса деген қызығу мен біреуге кетіп қалар ма екен деген *қызғану* ішкі дүниемді қатар кеулеп тұрған (Б. Тоқтаров).

**Күнкөріс, тіршілік.** *Күнделікті тірлік, өмір сүру үшін жасалатын іс-әрекет.* Біреу аңға серілікпен шығады, біреу оны *күнкөрісіне* жамау-жасқау етеді (Ф. Мүсірепов). Жас болғанмен *тіршіліктің* әрбір жүйесіне Асқардың өз көзқарасы бар (С. Мұқанов).

**Күншіл, қызғаншақ, іші тар, күндегіш, табашыл.** *Біреудің табысын, жетістігін қызғанып күндейтін, басқаға ерік бермейтін.* Бәрінде де өзіншіл, *күншіл*, қиянатшыл, озбыр Қодар алдыңнан шығады (М. Әуезов). Ана құла айғыр үйірге жас түскен *қызғаншақ*, құлындарды шайнап тастауы мүмкін (Х. Есенжанов). Үлкен ұлының *іші тар* екен, ол барса маған түйенің несі қалады, – деп өкпелепті (К. Әзірбаев). Сұлтанмахмұттың өнерін *күндегіш* Есдәулет манадан бері тыжырынып отыр еді (Д. Әбілев). Жаман сопы тобашыл, жаман адам *табашыл* (Мақал).

**Күн, ебей көне, көнізак кітаб.** *Бас бостандығынан айырылған басыбайлы әйел.* Азаматын опат етер, қатынын күң қылар күн туарын болжады (Д. Досжанов). Есіктегі *ебейді*, қайбір тоқал жебейді. Нәр татпаса күн бойы, күнім қайда демейді (Қазыбек би). Бай-манаптар мен хан сарайындағы күнді *көнізак* деп атаған («Түркістан»).

**Күңгірт, бұлдыр, бұлыңғыр, буалдыр, көмескі.** *Жарығы аз, анық емес, қарауытқан.* *Күңгірт* көше бойында адам аз, автомашиналар жоқтың қасы еді (С. Жүнісов). Шығыс жақ бірден-бірге көк *бұлдыр* тұманға айналып, көлеңкелер ұзара түседі («Ол күндердің өшпес даңқы»). Күз келді, күн *бұлыңғыр* сәске түстің шамасы (Б. Соқпақбаев). Көз алдындағы *буалдыр* тұман біртіндеп сейіліп, әсем аспан көрінді (Т. Жармағамбетов). Шам жарығы *көмескі*, ұсақ жазуды оқу қиындық келтіреді («Жұлдыз»).

**Күрес, гартыс, арпалыс.** *Біреуге қарсы жүргізілетін қимыл-әрекет.* Табиғаттың бораны мен қойшылардың қажырлы еңбегі бетпелет *күреске* түсті (Ж. Еділбаев). Өмір алдыңнан *тартысын* тосады

(З. Шүкіров). Күрес дегеніміз тап тартысының майданындағы саяси арпалыстар (С. Мұқанов).

**Күрессіз, тартыссыз.** *Күресі жоқ, тартысты емес.* Табанды күрессіз баянды жеңіске жету мүмкін емес (С. Бегалин). Бұл екі команданың кездесуі *тартыссыз* өткен емес («Спорт»).

**Күрілдеуік, күрілдек.** *Күрілдеп шығатын, күр-күр еткен.* Бізыңдаған желмен бірге *күрілдеуік* таныс дауыс келе бастады (Р. Тоқтаров). Қазыбай өзінің әдеттегі мінезділігіне бағып *күрілдек* дауысымен үйді басына көтере сөйледі (С. Шаймерденов).

**Күту, бағу, баптау, сылап-сипау, қаузау.** *Қамқорлық көрсетіп қадір тұту, бағыт-қағып асырау.* Ысмайылдың үй іші құдасының жақсы көрген оқымысты баласы келген соң, барынша құрметтеп *күте* бастады (М. Әуезов). Ауру солдатты қайырымды бір қарт ана талай күн *бағып* күткен («Лен. жас»). Мектепке баратын баланы анасы қандай *баптаса*, старшина солдатты сондай баптайды (Т. Ахтанов). Масқара етіп жамандап кетпес үшін мұны *сылап-сипап* шығарып салғанымыз жөн болар деп білді (Ж. Жұмаханов). Төсектен тұра жанның бәрі мал *қаузаумен* болады, көтерем күтіп арпалысумен болады (К. Әбішев).

**Күтімсіздік, күтүсіздік, қараусыздық.** *Күтімсіз болушылық, қараусыз қалғандық.* Оның үстіне үнемі аштық, *күтімсіздік*, ауыр жұмыс қосылып, Қасымның ойын шатыстыра берді (М. Әуезов). Осындай адамның қабірі *күтүсіздіктен* бұзыла бастағаны көрініп тұр («Жетісу»). Әйтім *қараусыздықтан* жетілмей, қурап қалған, мал жеп, аяқасты етіп кеткен ағаштарды көріп ренжіді (Р. Райымқұлов).

**Күтімшіл, күтімшен, күтімдар** *сөйл.* *Жақсы күтетін қамқор, күтім жасай алатын бапшыл.* *Күтімшіл* жанның Аяжанды бұл сапарға құптап, майпаздап шығарып салғаны көрініп тұр (Б. Соқпақбаев). Оның бой жетіп қалғанын үсті-басына *күтімшен* қарай бастағанынан ішіме түйіп жүруші едім (М. Сатыбалдиев). Осылайша ол ұсынақты да *күтімдар* әйел болып алды (Ө. Қанахин).

**Күтірлек, күтірлеуік.** *Күтір-күтір еткіш.* Қыстыгүні қар өлі кеткен жоқ, беті қатып қалған *күтірлек* қар бар (С. Шарипов). Көп ұзамай қайыра оралған сәтте қос уысындағы *күтірлеуік* сухарларды Ырымбек етегіне қотара салды (Ө. Көшімов).

**Күш, қуат, әл, қайрат, дәрмен, қажыр, жігер, қауқар, қару, мұрша, дымақ, шама, шарық көне, қаумет** *сөйл.* *Адамның, жан-жануардың қимыл-қозғалысын, сыртқы ортаға физикалық әсер етуін қамтамасыз ететін ықпалы, әсері.* Қайғы оты асты *күшімнен*, қызықты күнім қалмады Әбішті көрген түсімнен (Абай). Ұшақты зордың күшімен әрең отырғыздым, бірақ кабинадан шыға алар *қуат* қалмапты (Т. Бигелдинов). Алуан-алуан жүйрік бар, *әліне* қарай шабады (Мақал). Ноян бойына біткен *қайратын* жұмсайтын жер таппай аласұрып, ауылда әзер жүрген (І. Есенберлин). Іш қазандай

қайнайды, күресуге *дәрмен* жоқ (Мақал). Неткен керемет *қажыр*, қандай қайрат бар десеңізші оның бойында (Ә. Омаров). Оның шешімді үні *жігер* беріп, тұтқасынан нық ұстап, есікті айқара аштым да, еңсемді көтере үйге ендім (Ж. Мусин). Ер екенінді білейін, осындай тау толқынды тасқынға қарсы тұрар *қауқар* тапшы (О. Бөкеев). Осының кесірінен ферманың барлық жұмысын істеп отырған он шақты әйелдің *қаруы* қайта бастады (З. Ақышев). *Мұршасы* құрып, әлі біткен адамдай отырып қалды (С. Сарғасқаев). Қара қасқа ат, қалтырап, осынша неге қорқасың, шаң болып тұрма *дымағың* («Қамбар батыр»). Салбыраған қанатын жиюға *шамасы* келмей, сүйреткен бойы сырт айнала берді (Н. Ғабдуллин). Пәлен деуге *шарқым* жоқ, мен не дейін енді (Т. Нұрмағамбетов). Жыланды үш кессең де, кесірткідей *қауметі* бар (Мақал).

**Күшену, ышқыну.** *Бойға қатты күш салу, күш жинау.* Жақпар тастың астына қолын сұғып жіберіп, *күшене* тартып еді, ауыр екен (С. Жүнісов). Бар күшімен *ышқынып*, бөшкені тақтайға дейін жеткіздім (Б. Тоғысбаев).

**Күшею, үдеу, екпіндеу, қарқындау, ағындау, пәрмендеу, тегуріндеу, қозу.** *Бір нәрсе қарқынының қалыпты шамадан артуы, екпіні ұлғайып, қуаты тасуы.* Не қылса да, науқасы күннен күнге *күшейіп*, болмасқа айналды (С. Торайғыров). Түнімен зікір салған боран дүлей, құтырып онан сайын соқты *үдей* (Қ. Аманжолов). Туған жерге жақындаған сайын машинамыздың жүрісі *екпіндей* түсті (С. Мұқанов). Ә дегенде біраз *қарқындағанша* қатарласа, қапталдаса шапқан шабандоздар шоғыры енді ыдырады (М. Хасенов). *Ағындап* ұшып келе жатқан бестінің екі жағында көделі, бетегелі көк дала артқа қарай құлдырап ағып кетіп жатыр (М. Әуезов). Әбіш Даниярдың қара жорғасын *пәрмендетіп* жорғалата отырып, Затонға жетті (М. Әуезов). Жұманияздың соңына түсіп, *тегеуріндеп* келе жатқан топтың бастаушысы түсі ызбарлы, жуан қазақ еді (А. Сатаев). Ағзасында қоректік заттың алмасуы нашарлайтындықтан, туберкулездің *қозуына* әйелдің бала көтеруі де себеп болады (Е. Оразақов).

**Күш-қуат, күш-жігер, қажыр-қайрат, қажыр-қуат.** *Бойдағы әл беретін қайрат.* Жас маман бар, *күш-қуатын* өндірісті өркендетуге жұмсап келді («Жас Алаш»). Біз бар *күш-жігерімізді* Отанымыздың қуатын арттыруға жұмсауымыз керек (Ж. Дүйсекеев). Оған білімім де, ақылым да, *қажыр-қайратым* да жететін еді (М. Мағауин). Ол ірі денелі *қажыр-қуаты* мол, жасы елуден жаңа ғана асқан адам болатын (Н. Ғабдуллин).

**Күшсіз, қуатсыз, қауқарсыз, дәрменсіз, әлжуаз, әлсіз, осал, әлуетсіз, жәутік, кетеу, нәрегей.** *Күші кем, мықты емес, нәзік, күші аз, әлсіз.* Дамыққан ой дамылсыз тұншығуда, Көлеңкесі жүргендей *күшсіз* қалып (И. Байзақов). Қураған шал *қуатсыз* келеді, әдепсіз келін ұятсыз келеді (Қ. Әміров). Іштен тынған қарт ана бейне қара

суға батқан салыдай *қауқарсыз* (А. Мекебаев). *Дәрменсіз* жан қашанда тасыр ашу жетегінде кететін әдеті емес пе (Қ. Салғарин). Қатира соғыстан бұрын жіп-жінішке *әлжуаз* ғана бала еді (Ғ. Сланов). *Әлсіз* адам жалтақ келеді, әлді адам шалқақ келеді (Мақал). Жомарт бұларға қарағанда *осал* екен, қайықты дұрыс есе де алмады (Т. Дәуренбеков). Мұнараның ұшар басында сырғынан қарағанда құмырсқадан да *әлуетсіз* әлдененің қыбырлағаны байқалады (Ә.Кекілбаев). *Жәутік* сұрша шыбыннан бастап, алтын қанат өлексе қоңыз – бәрі де осында (І. Жансүгіров). Бабаңның ақылы алтау, ойы жетеу, Бермесе тәңірім жерден кетті кетеу. Талабы, төлқаты жоқ, үміті жоқ, Балтаның бозбаласы бәрі *кетеу* («Айтыс»). Суық тиген қозы өлмесе де *нәрегей* болып нашар өседі (З. Шүкіров).

**Күшті, қарулы, әлуетті, әндемді, қайратты, қажырлы, жігерлі, қуатты, құдіретті, белді, мықты, қабырғалы, қарымды, атпал, әпжемді, бұғаналы, білекті, дүмді, егеудей, мығым, қауқарлы, жолан, абадан көне., мелжемді көне, өлменді сөйл.** *Бойында күшқуаты мол, қайрат-жігері жеткілікті.* Түйенің *күшті* болуы мойын, қол, аяқ және сан еттерінің жақсы жетілуіне байланысты (И. Жұмағұлов). *Қарулы* жігіттің қимылына, адамшылығына риза болған Тоғайбай, өзі түйеге мінді де, атын оған ұсынды (А. Тоқмағамбетов). Ол *әлуетті* екі малайды ертіп, Ертіс жағасына шапты (М. Әуезов). Қажымұқан шабуылын Маверден анағұрлым *әндемді* бастады (М. Төнекеев). Жоқшылықтан бөтен серігі жоқ *қайратты* Дәметкен төрт баланың қамы үшін ағайынның бермесін күшпен тартып алуға кірісті (І. Есенберлин). Шіркін-ай, Сұлтанбек қандай *қажырлы* еді (Ә. Көшімов). Оның күнге тотыққан кесек әлпеті, бурыл шашы бейне бір *жігерлі* алып адамды аңғартады (Б. Қожабекұлы). Алып денелі, орасан *қуатты* шалдың өзі оны оп-оңай-ақ баса салатын (С. Мұқанов). Қазақтың қара сирақ баласы *құдіретті* Совет Армиясының офицері боламын деп, сірә ойлады ма екен (С. Сарғасқаев). Ат оған *белді* жылқы сияқты көрінді (Х. Есенжанов). Оның өзі де тек ауыл арасындағы ғана *мықты* жігіттердің бірі (Қ. Жұмалиев). Хамзаның астындағы *қабырғалы* ат төрт тағандап жер тіреп тұрып алды (Ә. Әлімжанов). Қос құлағын қамти ұстап, қарыстыра басқан Жанұзақтың *қарымды* қолы қасқырды босатпады (С. Бегалин). Атан жілік *атпал* азаматтар ақ балтырлары жарқылдап, біріне-бірі ұмтыла түскен сияқтанады (Ә. Нұршайықов). Рас, әлдеқалай *әпжемді* біреуді серік ете қалса, кімге де болса тиісіп, төбелесе кетуге ықаласты-ақ (Б. Шаханов). Ендеше батыр емес *бұғаналы*, иттер ғана бұл шақта бұға алады (Х. Ергалиев). Тақсыр, бұл үш жүзде мен жықпаған *білекті* жан қалған жоқ, – деп мақтанышпен жауап берді (А. Сарбопин). Қайын жұртың сойылын сүйретіп келіп қалар еді де, *дүмді* неме шаңырағыңа қобыз ойнатып зықыңызды шығарар еді (С. Мұқанов). *Егеудей* ерлер жиналып, Егей төсті ат мінді, жұп-жұмыр қылып сауырын («Ақын

жырлары»). Күнге күйіп тотыққан *мыгым* денелі жас жігіт қолын созып, жиналыс басқарушыдан рұқсат алды да, орнынан атып тұрды (Б. Қыдырбекұлы). Жасы жетпістен асса да, жүк көтерісінен *қау-қарлы* адам екені байқалады («Жас Алаш») Сол бір жолан жігітті *жолан* демей, не дейміз, су тілесе жігіттер, сары майды берген соң («Қазақ ақын. шығ»). Ішінде *абаданы* бір болар, Абаданынан айырылса, Олардың әрбіреуі һәр бір итке жем болар («Лен. жас»). Жауырыны жерге тимеген *мелжемді* жігіттер бүгін талай солдаттың, болыстың төбе құйқасын шайнайтын секілді (І. Жансүгіров). Ортадағы кісінің жанындағы шеткі екеуден әлдеқайда *әлменді* екенін ретіне қарап біліп отыр («Қаз. әдеб.»).

**Күштілік, әлділік, әлуеттілік, қарулылық, қайраттылық, мықтылық, балуандық, дүмділік, қажырлылық, жігерлілік, қуаттылық, қарымдылық.** *Құш-қуаты молдық, қайрат-жігері жетерлік.* Әділ өзінің *құштілігін*, қайрат-жігерінің басымдығын көрсетуге тырыспады («Қаз. әдеб.»). Ғазиз *әлділігін* қылып, Ғайшаны төсегінің жанына келгенде белінен құшақтап әкеліп жыққан (М. Әуезов). Жұмақанның *әлуеттілігінің* арқасында суда тұрып қалған арбаны сүйреп шығардық (Ауызекі тіл). Бір бригададағы тоғыз жігіт Диканын *қарулылығына* қайран қалды (С. Жүнісов). Биіктігі өзімдей ғана төртбақ адамның *қайраттылығына* сүйсінемін (Ә. Сәрсенбаев). *Мықтылығымды* көрсеткім кеп, тізгінді тартыңқырап ұстап, атты бүйірге қамшымен осып қалдым (Н. Ғабдуллин). Бойына біткен *балуандық* кара күш қана емес, адамдық күш-қасиеті де өзі тұстас жастардан озық болатын (Д. Әбілев). Дүрліктіріп *дүмділігін* көрсете келмесе, мықты бола ма, қызталақ (Б. Әдетов). Раушанның бұл жолы да көрсеткен *қажырлылығына* қатты риза болды (С. Сейітов). Әбіштің *жігерлілігін* жастар қолданса, оның қылған еңбегі босқа кетпегендігі (Ж. Арыстанов). Алғашқы кезде сол *қуаттылығы*, сол қайраты жақсы-ақ еді (Қ. Мұханбетқалиев). Тарбанның әкесі қырдағы шаруаларға көзін жалдамай, білегінің *қарымдылығын* танытқан деседі (Т. Әлімқұлов).

**Күштісіну, мықтысыну, мықтымсыну.** *Құшті болғансу, мықты болғансу.* Көгерміз әлі кімнің әлсіз болып, кімнің жыққанын, тіпті *құштісінуін* қарашы өзінің (М. Сүндетов). Бүгін *мықтысынған* жау онша көп қарсылық көрсеткен жоқ, қашып барады («Ол күндер»). Мен құлатамын, – деп *мықтымсына* балтаға жармастым («Қаз. әдеб.»).

**Күшік, итақай.** *Иттің және ит тұқымдас жыртқыш аңдардың баласы.* Жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқырдың бауырында кішкентай көк *күшіктері* қыбырлайды (М. Әуезов). «*Итақай*» атауы иттің күшігі деген ұғымды білдіреді («Алматы ақшамы»).

**Күю, жану, өргену.** *а) От алып жалындау, қызулана тұтану.* Кереку өргенгенде адам былай тұрсын, ит пен мысыққа шейін *күйіп* далаға безді (Р. Токтаров). Борисов *жанып* жатқан үйлерді қолымен



көрсетіп анырайып тұрып қалды (Б. Момышұлы). Нұржан төбесі *өртеңіп*, дуалының да бір басы опырылып құлаған кішкене кірпіш үйдің ішіне кірді (Ә. Нұрпейісов). ә) *Ауыс. Жанға бату, зығырданың қайнатып күйіндіру*. Мына иттікке Сұлтанмахмұттың зығырданы қайнап *күйіп* кетті (Д. Әбілев). Түтінің жоқ, отың жоқ, Тұншығып кеудем *жанасың* (С. Торайғыров). Арыстандай жаралы, *Өртеңді* қайнап қанымыз (С. Сейфуллин).

**Кіді, кідің, кілт етпе, тік, шыртылдақ.** *Болмашыға өкпелегіш, шырты етпе, шорт мінез.* Райхан қызараңдап, көңіліне *кіді* алып қалды (З. Шашкин). Оның тікшіл, *кідің* мінезін аңғарып үлгірген Григорий бөлмесіне бірден кіріп баруға бата алмады (С. Мұқанов). Әдетте өз өмірін баласыз оңаша өткізген кәрі әйел *кілт етпе*, кінәмшіл келеді (К. Тоқаев). Алғашқы бетте бұл адам оған *тік* мінезді, тым маттақам көрінді (М. Иманжанов). Редактор *шыртылдақ*, ашушаң адам еді (Р. Райымқұлов).

**Кіділеу, кінәмшылдау, өкпешілдеу, ренжігіштеу.** *Кілт етпелеу, өкпелей бергіштеу.* Қарт қойшының мінезі *кіділеу* екенін Александр енді ғана ұқты («Көктем лебі»). *Кінәмшылдау, өкпешілдеу* адаммен жылдар бойы жұмыстас, істес болу оңай емес («Әдебиет және искусство»). Жас бала *өкпешілдеу* келеді («Семья тәрбиесі»). Менің бір мінезім *ренжігіштеуім*, – деп ол ағынан жарылды («Лен. жас»).

**Кідіріссіз, кідірусіз, аялсыз, дамылсыз, бөгетсіз, бөгеліссіз, мүдіріссіз, іркіліссіз.** *Ешбір толастамай, бөгеу жасамай, жедел түрде, мүдірмей.* Қолында «Ешбір *кідіріссіз* балалар үйіне қабылдансын» деген қағазы бар (Қ. Әміров). Зейінді тез аудары білу көлденеңнен кез келген әсерлерге *кідірусіз* жауап беруде аса қажет (Қ. Жарықбаев). Ұшады малтып ол көкте, жерде де заржақ, *аялсыз*. Кедей құс көкекке, күшіген сынды бай арсыз (Ж. Молдағалиев). Таңның атысы, күннің батысы *дамылсыз* бәрі де сарбаздарға қару, киім дайындап жатты (М. Жұмағұлов). «Өмірдің сан қиын асуларынан *бөгетсіз* өткен тәжірибесі мол адам» деп ойлаған-ды (К. Оразалин). Алайда *бөгеліссіз* бір қалыпты жылжи алмай, ілгері аттаған сайын қақпан ауырлай берген (М. Мағауин). Бұл сөздерді Фани *мүдіріссіз* шын ықыласымен жайдарылана айтты (Ш. Өтепов). Жамандық атаулы кейін ысырылып, жақсылық *іркіліссіз* алға басуда (Ә. Әзиев).

**Кіжің, кіжініс.** *Ашуланып, ренжіп сөзге келгендік.* Әуелі ренжіспен жай бастаған сөзінің соңын *кіжіңмен* аяқтады (С. Мұратбеков). Еркемовтың *кіжінісі* көп болғанымен, килігуі жоқ («Қаз. әдеб.»).

**Кілем, қалы, зербарақ.** *Түрлі-түсті жіптен өрнек сала тоқылған бұйым.* Керегеге тұтас *кілем* ұсталған (Ф. Мүсірепов). Түрлі-түсті ою-өрнекпен безендірілген қымбат бағалы кілемді *қалы* дейді («Қаз. әдеб.»). Шашағы зерлі, түкті кілемді *зербарақ* дейді («Қаз. әдеб.»).

**Кілет, еттік, етхана.** *Сойылған малдың (соғымның) етін, басқа да азық-түлік түрлерін сақтайтын салқын бөлме.* Абай оң жақта

қысқы ас тұратын екі *кілетті* шошаланы қарап шықты (М. Әуезов). Суық *еттіктен* жаңа әкелген шыртылдақб құрт, ірімшік, май, қазы-қарта қойылды столға (С. Жүнісов). Далаға шығып серги алмаған Қамқор қайта келгенде, Қатира *етханада* жүр екен (К. Оразалин).

**Кілт, ашқыш, ашар сөйл.** *Құлыпты ашып-жабуға арналған темір құрал.* Ермек қалтасынан бір шумақ *кілт* суырып, Щербаковқа ұсынды (Ғ. Мұстафин). Әлгі *ашқышыңды* Арыстанға беріп, есікті сыртынан құлыптап кетіндер (Ж. Тілеков). *Ашарымды* жоғалтып алып, үйіме кіре алмай жүрмін («Түсіндірме сөздік»).

**Кілттеу, құлыптау.** *Кілтпен бұрап жабу.* Ақшаны қара абдыраға салдым да, аузын *кілттеп*, жұмысқа барғалы үйден шықтым (М. Хасенов). Жұмысқа барарында ол есікті сыртынан *құлыптап*, мені үйге қамап кетті (Н. Серәлиев).

**Кінә, кінәрат, айып, жазық.** *Адамның іс-әрекет, мінез-құлқындағы кемшілік, мін, ағаттық.* Сәуледен басқа баласы жоқ, істеп отырған қызметі жоқ дені сап-сау Бибидің өзі үйінде қызметкер әйел ұстағанына да ауыр *кінә* тағады (Н. Ғабдуллин). Көккөзов *кінәраты* бар көзін жүре сүртіп, мінбеге қарай беттеді (Б. Соқпақбаев). Мұны естіп кемпір мен шал өздері шығып, екі жігітке жалынып, *айыбымызды* кешкін, – дейді (С. Сейфуллин). Мал айдап келген орысты сенін аулыңа жеткізгеннен басқа *жазығы* қанша (Б. Тілегенов).

**Кінәлау, айыптау, кінәраттау, мінеу, жазғыру, сөгу, жазалау, күстаналау, қаралау, жазықтау, жауаптау.** *Айып тағу, жауапқа тарту, қылмысты деп тауып, жаза кесу, біреудің кемшілік-мінін айтып мойнына қою, сынау.* Солай, солай, ұқтың ба енді, ағайын, сонда-дағы отырған жоқ *кінәлап* (К. Мұқашев). Бетіне бүркенген зұлымдық-киянат перделерін сыпырып алып, сүркия тұлғасын тарих алдына тырдай жалаңаш шығарып, *айыптап* отыр (Д. Әбілев). Енді байқаса, қолындағы малының шылбыры қысқарып, тұяқ шиыры молайғалы тұр, қыбын таппасаң *кінәраттап* бітеді (Т. Иманбеков). Ауруым бар деп қағаз алуды бойына ар көрген інісінің қылығын *мінеді* (К. Оразалин). Мекешті қанша *жазғырғанымен*, кететін жерде Жарастың жаны ауырды (З. Шүкіров). Елекеңді ұятқа батырды-ау деп жұрт Кәмелбекті *сөкті* (М. Қосшығұлов). Аудандық комитетке кеше ғана өзін *жазалаған* бастықтың бірі Назаровтың алдына қайта келді (С. Бақберженов). Бір көрген адамның ішіне терең сүңгімей жатып, *күстаналай* қоюды ағаттық деп есептеді (С. Жүнісов). Басқан ізімен вокзалға күніне барып қайтатын Столетовты *қаралап* ұстарлық дәнекер таппады (К. Тоқаев). Мұндай тентектікті көрі істемейді – қолынан келмейді, жазса да, жаңылса да жастық істейді. *Жазықта-масып*, жастық ісіне Құдайдан жаза сұрамасын (Б. Нұржекеев). Атқан адам өз жөнімен кетті, оны *жауаптаған* да, жазықтаған да еш адам жоқ (Б. Нұржекеев).

**Кінәмшіл, кінәмпаз, кінәшіл, кінәлағыш, шікамшыл көне.** *Жоқтан өзгеге шамдана беретін, кінә таққыш, кілт етпе.* Төре тұқымдарының бәрі де *кінәмшіл*, жиіркенімпаз гой (С. Мұқанов). Үлкен кісінің көңлі де жас баланың көңіліндей кірсең де, *кінәмпаз* да келеді (С. Бақбергенев). Көбіктідей көп ауру хан сұлтанның мықтысы *кінәшілдің* кектісі тәу етіп күтіп алмасаң, келіп пәле салмасын (М. Әуезов). Оны мен емес, соғыс өлтірді, *кінәлағыш* болсаң, соғысты кінәлағың (Б. Момышұлы). Тұла бойындағы бір міні – *шікамшыл* адамдай, басы кекжеңдеп, шартақ маңында сыр беріп қояды (Т. Әлімқұлов).

**Кір, лас, сатпақ, салтақ, қожалақ, сатал. Таза емес, кір басқан, айғыз-айғыз.** Қолың кір, мойның кір, класқа кіргізбеймін, – деп Майра мені талай қуып еді (Б. Соқпақбаев). Ыбырсыған жүн-жұрқа, әртүрлі қажеттен қалған *лас* қағаз (Ө. Қанахин). Ақбике баласының бетінің *сатпағын* да жумай, күлді-көмеш күйінде жіберетін (Қ. Қазыбеков). Шабынып құйрығымен соққан, *салтақ* сауыры қып-қызыл жосадай (Х. Есенжанов). Сен жөн сұрасаң, айтпайтын несі бар? – деп жігіт *қожалақ* қолын шалбарының жамбасына сүйкей берді (С. Омаров). Парторг Женя Антонов жылдам еңкейіп, *сатал* сары қағазды жұлып алды (Ш. Мұртазаев).

**Кіресі, кірекеш. Кіре тартушы, жүк тасушы.** Төрт-бес өгізді, түйелі *кіресілер* үйілген көмірді тиеп алып жатыр (Ғ. Мұстафин). Бұлар ілгері Шу өзенінің бойындағы елдерге кәсіп қылуға бара жатқан Арқаның *кірекештері* екен (С. Омаров).

**Кір-қоқыс, кір-қолаң, кір-қоқыр, кір-қоң, кір-қоныс. Әртүрлі кір, лас нәрселер, қоқыр-соқыр.** Тұрғын үйінде, ауласы мен жұмыс орнында ешқандай *кір-қоқыс* жуытпайды (М. Серғалиев). Ауру лас, *кір-қолаң* Ауыртып еді мазаны ап, Арылта жуып, сабындап, Алайын бәрін тазалап (І. Жансүгіров). Мына шелекте толып тұрған *кір-қоқырды* анау сыпырынды төгетін жәшікке апарып төгіп кел (Ө. Тұрманжанов). Асанның әйелі ас пісіріп, *кір-қоңдарын* жуады (З. Шашкин). Жел ерке койны-қонышын аралап, *кір-қоңдыс* жуытпай, мұнтаздай ғып тазалап тұратын (М. Сәрсекеев).

**Кірме, бұратана, келімсек, қиягелді көне, бұралқы қарап. Басқа бір жерден немесе өзге елден ауып келіп қоңсы қонған (адам).** Әр ауыл ішінде өзге, кейде алыстағы аталар мен рулардан келетін «*кірме*» дейтіндер де болды (С. Мұқанов). Бұрын *бұратана* атанған қазақ халқы еркіндік алып, өз алдына шаңырақ көтерді (С. Мәуленов). Шеттен келген *келімсектер* ғана емес, осы жерден байырғы тұрғындарының да үйдің кезегінде тұрғандары аз емес («Егемен Қазақстан»). «Қайдан шыққан немесің, пісірген асым қайдағы бір *қиягелді* түгіл өз адамдарыма да жетер емес», – дегенді білдіргендей аспазшының жаңағы қарасы (Ә. Нұрпейісов). *Бұралқы* жауды қаңғыртып қамалын бұзып алдыртып, Көк пен жерді жаңғыртып, оқ ататын күн туды (Жамбыл).

**Кірпі, кірпікшешен.** *Үстін тікенек тәрізді иелер басқан кішігірім жәндік.* Ал анау домаланған мақұлық тікенек тонды *кірпі* екен (Ә.Көшімов). Сарышұнақтардың балаларын *кірпікшешен*, бозжылан да жейді (Х. Қыдырбаев).

**Кірпіш, кесек, саман, қыш.** *Балшықты қалыпқа салып құйған қыш, құрылыс материалы.* Ол еңтігіп, *кірпіш* күйдіріп жатқандарға қарай кетіп бара жатқанын хабарлады (М. Дүзенов). Енді бәрін тастап, әлгі ауру әйелге де қарамай, мың *кесек* құйып беруім керек (Д. Досжанов). *Саманнан* салынған осы қыстау сексен жылдай тұрыпты («Октябрь өрендері»). Қызыл *қыштан* салынып, төбесі шиферленген он шақты ақ үйлер оқшау көрінеді (С. Алдабергенов).

**Кіртию, кілмию, кірбию.** *Көзі кірбиіп, жүзі солғын тарту.* Сыртқы бейнесі өте жүнжіген, көздері *кіртішіп*, жүзі солғынданып, азап шеккен әйел кіріп келді (Б. Момышұлы). Баламысың деген, сен соған елігіп ораза ұстағандай *кілмиіп* кетіпсің (Д. Досжанов). Жылай-жылай көзі *кірбиіп*, үрейі ұшқан баланы ат қорада бүрісіп отырған жерінен тауып алды (Ә. Бөриев).

**Кіршең, кіршіл.** *а) Кір көтермейтін, кірлей беретін.* Шалбар арзан. Қоңыры жақсы болар, ана ақшылы *кіршең* (Х. Есенжанов). Кісі киімі *кіршіл* деген бар емес пе, кірлетіп қойды деп ренжіп жүрерсің, сенікін кимей-ақ қояйын («Қазақстан әйелдері»). *ә) Ауыс. Кінә қойғыш, дық сақтағыш.* Үлкен кісінің көңілі де жас баланың көңіліндей *кіршең* де, кінәмпаз келеді (С. Бақбергенов). *Кіршіл* көңіл көлі таза мұң шайым, Балалықпен қоштасыппын байқамай (А. Нысаналин).

**Кіршіксіз, таза, мұнтаздай, қылаусыз, кірсіз, кіршіктей, кіршітей.** *Кір жұқпаған, қылаусыз таза.* Үстінде мол пішілген қара костюм, *кіршіксіз* ақ көйлек (Қ. Жұмалиев). *Таза* сыпырылып, *таза* жиылған оңаша үй Абай көңілін көтеріңкі етеді (М.Әуезов). Бұл аяулы ата жүрегінің терең түкпіріндегі ақ ниеті азандағы ақша қардай *қылаусыз*, ең ізгі тілегі еді (З. Жәкенов). Қол жуғыш жанында шегеде *кірсіз* таза сұр кенеп орамал ілулі (І. Есенберлин). Киген киімдерінің бәрі судай жаңа, үсті-басында *кіршіктей* кірдің ізі жоқ (Б. Тұрсынбаев). Балауса қыз, бал мінез, бал мінез-шығатындай ойыңнан, Беті аппақ *кіршітей*, тісі аппақ күршітей (Манас).

**Кіріспе, алғы сөз.** *Кітапқа, жинаққа жазылған сөз басы.* Кітаптың *кіріспесінде* ауыз әдебиеті туралы түсінік берілген (К. Сейдаханов). Ақынның қазақша басылғалы жатқан өлеңдер жинағына мен *алғы* сөз жазғанмын (Ғ. Мүсірепов).

**Кірімді, жұғымды, жұғымтал, жұғымпаз, үйірсек, үйір.** *Іші-бауырыға кіріп кететін, көппен тіл тапқыш.* Қонақ *кірімді* екен, бұрын көрісіп жүрген адамдай, әңгімеге араласып кетті (Ғ. Мұстафин). Сағила абысын-ажынға да, дос-жораға да *жұғымды* (М. Иманжанов). Крупскийлер өте іскер, әділ әрі адамдарға ілтипатты, *жұғымтал* жандар еді («Лен. жас»). Кісіге *жұғымпаз*, әңгімешіл бұл қарттың

өмірбаяны бізге аса қызық көрінген (С. Мұқанов). Кісіге жақын, тез тілдесіп, шүйіркелесе қалатын, *үйірсек* жігіт (Ә. Нұрпейісов). Ежелден адамға *үйір*, жайдары мінезді Ғани жан жолдассыз бір күн де тұра алмайтын сияқты (Ж. Арыстанов).

**Кісен, бұғау.** *Малдың аяғына не адамның аяқ-қолына салынатын кітті бар тұсау.* Ауыр кісен аяғын қимап па еді, – деді Айғаныс (М. Ақынжанов). Аяқта кісен, қол, мойын шынжыр *бұғау*, Жауапқа алып кірді хан Жамбылға («Батырлар жыры»).

**Кісендеу, бұғаулау.** *Кісен салу, тұсау, шынжырлау.* Онда өзіме ерік беріндер, бес күнде Шыңғыстың аяқ-қолын *кісендеп*, Омбыға айдап әкелейік, – деді Еселей (Ф. Мүсірепов). Ашуланған ақпатша олардың қол-аяғын *бұғаулап*, Сібірге итжеккенге айдады (М. Жұмағұлов).

**Кісінеу, арқырау, шұрқырау.** *Жылқы малының қаттырақ үн шығаруы.* Көл табанында қу шулап, жылқы пысқырып *кісінеп*, төңірек әдемі үнге толады (С. Көбеев). Бір беттен желге беттеп жылқы шығып, Айғырлар үйір жинап *арқырасқан* (С. Бегалин). Жайылып етегінде төрт түлік мал, *Шұрқырап* құлын-тайың салады ойнак (М. Хакімжанова).

**Кішкентай, кіп-кішкентай, жұдырықтай, титтей, қаршадай, кішкене, бармақтай, биттей, құйттай, құйтымдай, құртымдай, құйтақандай, құртақандай, құрттай, қылаудай, қылдай, қылдырықтай, митімдей, қарашықтай, титімдей, оймақтай, зәредей, сіркедей, тырнақтай, тинақтай, тинімдей, тілдей, шынашақтай, шынтақтай, шүкейттей, шүйкімдей сөйл., шүйкедей сөйл., тұянадай сөйл. а) Көлемі үлкен емес, тым ұсақ, бір жапырақ.** Кең жазиралы кеңістікте көрінген дариядағы *кішкентай* қайық секілді (А. Сатаев). Түгін де түсінбеген Әскербектің *кіп-кішкентай* жүрегін үп-үлкен үрей шалықтады (Ш. Мұртазаев). Түсінгендей болды ма *жұдырықтай* жүрегі тарс-тарс соғып шошып кетті (Т. Алшынбаев). Бала келіншектің камзолын *титтей* саусақтарымен бүріп алып, одан айырылғысы келмей, көкірегіне жабысып қалды (М. Дүзенов). *Қаршадай* қара бала қалбаңдаған, Шаршамай шаршы топқа салғанда әман (Ф. Қайырбеков). Қария өз қырындағы күйме есігінің *кішкене* терезесіне жауаңдай қарады (А. Сатаев). Кең дүниенің қойнына *бармақтай* баланы сыйдырмаған жокшылық, көзіңді ашпа (Қ. Әбдіқадыров). Шынар бетін *биттей* қолымен басып, тығылып жылап жіберді (Ш. Құмарова). Сонда мен мынау *құйттай* бойыммен аспанды тіреп тұрған секілдімін (Ф. Оңғарсынова). Сырықтай болып *құйтымдай* балалардың арасында өңкиіп отырмақсың ба? (С.Жүнісов). Кенет ол өзіне-өзі *құртымдай* болып кішірейіп кеткендей болды (Р. Тоқтаров). *Құйтақандай* қызымның қылығымен, көз алдымнан өтеді балалығым (К. Ахметова). Айнала төңірек жым-жырт тыныштық, тек алыста *құртақандай* бозторғай шырылдайды (Т. Есімжанов). *Құрттай* баласына дейін шұбырып жүр (С. Шәріпов). Аспан мөп-мөлдір көкпенбек, *қылаудай*

бұлт жоқ (М. Сүндетов). Күйсандық алдындағы оның белі *қылдай* болып, пернеде ойнаған қолдары да жігітті тарта береді (Ж. Жұмаханов). Кешегі ені *қылдырықтай* қыр өзені дегенге адам нанғысыз, кәдімгі шалкып жатқан телегей теңіз дерсің (Ө. Қанахин). Үйге кенеттен кіріп келген үшеуі үш бөлменің де *митімдей* жерін қоймай тінтіп шықты («Лен. жас»). Бозторғай ұшып, үлгірді сәтте сайрап та, *Қарашықтай* құс қайда жүр өзі, қай жақта (К. Мырзабеков). Күні кешегі *титімдей* баланың дыңдай азамат боп қалғанына қуанатын тәрізді («Бал дәурен»). Оқиға болған маңайда картаға түсіріп, *оймақтай* жерін қоймай, тексеріп кетті (Т.Қойшыманов). *Зәредей* жалғыз тарының бетінен үлкейткіш әйнек арқылы жер бетіндегі материктерді түгел көресіз (С. Қасиманов). Ақсақал анда-санда төбесіне үймелеген *сіркедей* ұсақ шіркейлерді қолымен жасқап қояды (Қ. Ысқақов). *Тырнақтай* бала екеш бала да ауылға келген қайғы салмағын сезетін сияқты (Қ. Салғарин). Фабрика ішінде Жылқыбай білмейтін *тинақтай* тетік қалмаған еді (Ә. Ибрагимов). Қарашы өзіңе, тіске қыстырар *тинімдей* етің қалмаған (Ф. Дінісламов). Медсестра келіп, *тілдей* ғана қағазды қолына ұстата салды (Е. Оразақов). Толқын қыз Наурызға *шынташақтай* ғана домаланған бір бөлекет боп көрінді (Ө. Қанахин). Кешегі *шынтақтай* қызының ер жеткенін енді сезгендей еді анасы («Лен. жас»). Мүгедек ана *шүкейттей* болып бүрісіп қалыпты (С. Талжанов). Қолында *шүйкімдей* ғана ораған нәрсесі бар («Соц. Қаз.»). *Шүйкедей* бұлт шүйіліп, Шыға келді төбеге, Торғай әннен тыйылып, Бұға қалды бөгеле (С. Боранбаев). ә) *Азғантай, шағын, шамалы ғана*. Ыбырай атамның балаларға қандай қайырым жасағаны жөнінде *кішкентай* әңгіме айтып бермейсіз бе? (С. Мәуленов). Халыққа *титтей* де болса пайдам тисе, арманым жоқ (О. Бодықов). Жүмекең *кішкене* кідіре тұрсын, – деді Нұржан мазасызданып жан-жағына қарай берген Михаилға (С. Мыңжасарова). Қазанғап беті *биттей* аумастан байдың дүниесін аман-есен ауылға жеткізді (Ғ. Мұстафин). *Құрттай* қарнымды тойдыра алмай, құмның құмаршыған қаққан кезім де болған (М. Сатыбалдиев). Кісіге *қылаудай* қиянатың жоқ колхозшы көпшіліктің біреуісің (О. Сәрсенбаев). Жоқ, Рәбиға, өзгеге сенбесең де, тап осыған сен, *қылдай* қиянатым болған емес (Б. Майлин). Сен мені *митімдей* де жақсы көрмейсің деп өкпелеп аузын бұртитты (Ө. Қанахин). Камалдың бойындағы ашылмай жатқан мол дарын мен тың талант *зәредей* нәрседен ғана көзге түсті (Б. Қыдырбекұлы). *Тырнақтай* бала екеш бала да сол кездегі ауылға келген қайғы салмағын сезетін сияқты еді (Қ. Салғарин). Жақай да жақыным екен деп олардан *тинақтай* жақсылық күтпейтін (С. Омаров). *Тұянадай* үш қанат отаудың төрінде Әсия мен Сарыбала, бір бүйірде келіншегімен Аманбай (Ғ. Мұстафин).

**Кіші, кішік.** *Жас жағынан төмен, жас.* Ал ішіміздегі *кішіміз* сен екенсің, қолға су құйып жібер (Е. Қонарбаев). Арамызда аға жоқ сендей дара, жасымызда Көкбайдай *кішік* емес (Қ. Бекхожин).

**Кішілеу, кішігірімдеу, шағындау, кішірек, кішіректеу.** *Онша үлкен емес, кішкентайлау.* Үш бала биыл көктемнен бері бір *кішілеу* қайыққа ие болыпты (М. Әуезов). Үйден *кішігірімдеу* шелек ала шыққанмын (Ө. Қанахин). Зиямен екеуі *шағындау* бөлмеде (С. Омаров). Әсет қайта шығып кетіп, *кішірек* шарамен қымыз әкелді (Ө. Тарази). Тәрде *кішіректеу* келген жазу столы, оның бір жағында кітап шкафы (З. Ақышев).

**Кішірейту, тарылту.** *Кішкентай ету, тар қылу.* Алты қанат ескі киіз үйді *кішірейтіп* тіккен екен Бірмаған (С. Шарипов). Киім пішсең, кең піш, *тарылтуың* оңай (Мақал).

**Кішірею, кішіру.** *Кішкентай болып қалу.* Қарасы барған сайын *кішірейе* мұнартып, Сапар бірте-бірте алыстап кетті (М. Иманжанов). *Кішір*, наздан, жорғала бөденедей, мен жасық қыз емеспін бөгелердей (Ж. Еркімбаев).

**Кішіру, кішірею.** *Өзін төмен ұстау, кішпейілдік білдіріп иілу.* Алдында біреулердің *кішіргенін* көрмеймін енді деп-ақ қатуланам, жетпей жүр бірақ соған күшім менің (Ф. Оңғарсынова). Өзі *кішірейіп* келіп тұрса, кеудесінен итерме, баурыңа тарт, татулас (М. Гумеров).

## Қ

**Қаба, қауға.** *Өте тығыз боп біткен қалың сақал.* Ол өңкиген үлкен денелі, қалың бетті, қара сұр өңді, *қаба* сақалды кісі екен (С. Мұқанов). *Қауға* сақал бір шалды көрсетіп кеңк-кеңк күледі (Т. Жармағамбетов).

**Қабаған, қапқыш.** *Қабуға бейім, кісі талайтын.* Сол сәтінде-ақ тесіктен екі езуіндегі өткір тістері аксиган, көздері қанталаған *қабаған* иттің басы көрінді (М. Мағауин). Аулыңның иттері кісі талайтындай *қапқыш* екен, – деді ойланып («Мәдениет және тұрмыс»).

**Қабару, көтерілу.** *Ашытқы арқылы қамырдың ашуы жетіп қалыпқа келуі.* Тандыр *қабарып* көтерілгенше бетін жылы орап жауып тастады (С. Мұқанов). Ашуы жетіп *көтерілмеген* қамырдың бауырсағы дәмді болмайды (Ауызекі тіл).

**Қабаттасу, қосарлану, жарысу, қосамжарлану, қалыспау.** *Бір іске көп болып араласу, қоса қабаттасу.* Шешей амандасып жатқасын оның *қабаттасуының* қажеті де жоқ (А. Хангелдин). Абылай әйелдің сөзге *қосарлануын* ұнатпағандай Жаңылға түйіле қарап қойды (С. Мұқанов). Бәрі жағалай жайғасып, жан-жақтан қаумалай қоршап, *жарыса* сөйлеп жатыр (Б. Тілегенов). Күмпілдеген қанды майдан бітер болмады, онымен *қосамжарланып* қыс келді (Б. Соқпақбаев). Жұмабек те Сәменнен *қалысатын* емес, мықшындап жатыр (Б. Тілегенов).

**Қабаттау, қалыңдау, қаттау.** *Бірінің үстіне бірін салып, қалың ету.* Едендегі алашаны тазаладым да, төрге қос *қабаттап* көрпе төседім (С. Омаров). Төрге *қалыңдап* көрпе төсеп, басына биіктетіп

жастық салды (Б. Тілегенов). Қатып-семіп қалған тулақ терілерді аса ықтияттықпен бірінің үстіне бірін *қаттады* (О. Бөкеев).

**Қабыл-құбыл, апыл-құпыл.** *Асығып-үсігіп, асып-сасып.* Жұмсақ жерді басымен бір сүзіп, *қабыл-құбыл* тұрып жатқанда Жәнібек дауыстады (Ғ. Мұстафин). Нұрлан *апыл-құпыл* асығыс киініп, көз ілеспес қимылмен терезеден секіріп түсті (З. Шашкин).

**Қабылдағыш, қабылдампаз.** *Тез қабылдайтын.* Олар өте сезімтал және *қабылдағыш* көрермендер еді («Семья тәрбиесі»). Бұл Шоқанның өзі мақтаныш тұтқан *қабылдампаз* қасиеті (Т. Әлімқұлов).

**Қабыну, ісіну.** *Суықтың зардабынан дененің зақымданып, ауруға шалдығуы.* Солдатқа қатты суық тиіп денесі қызған, өкпесі *қабынған* екен (З. Ақышев). Бетін, қолын үсік шалғандар аз болмады, оның домбыққан саусақтары *ісініп* кеткені енді білінді (Ә. Шәріпов).

**Қабілетсіз, дарынсыз, талантсыз.** *Қабілеті жоқ, дарынды емес.* Осы сырт көрінісі көз тартқысыз болған соң, бір қарағанда ол *қабілетсіз* бос инженерге ұқсайды (Ш. Мұртазаев). *Дарынсыздар* мен дәрменсіздер барынша сақ, абай келеді, қой аузынан шөп алмайды (Ғ. Мұстафин). Поэзия – қызу майдан алаңы, таланттының жанады, онда талабы, *талантсыздар* көшке ілеспей қалады (Р. Нүрпейісов).

**Қабілетсіздік, дарынсыздық, талантсыздық.** *Қабілетсіз болушылық.* Көптеген жағдайда мұғалімдердің өздері де жаңа бағдарламаны игеруге *қабілетсіздік* көрсетіп жүр («Қазақст. мұғ.»). Еламан Нүркенің *дарынсыздығын*, жартыкештігін пайдаланады («Қаз. әдеб.»). Талапсыздық *талантсыздықтан* да жаман (Мәтел).

**Қабілетті, талантты, дарынды.** *Қабілеті қушті, талабы зор.* Назым – жай көп дәрігердің бірі емес, аса дарынды, *қабілетті*, тәжірибесі мол хирург (А. Тоқпанов). Махамбет – *талантты* ақын болған кісі (С. Мұқанов). Қазақтың *дарынды* ақын қыздарының бірі – Шолпан Иманбаева (А. Сатаев).

**Қабірсіз, моласыз.** *Қабірі жоқ, мола тұрғызылмаған.* *Қабірсіз* қалды төбеде Түнеріп кім отырған? Әлде бір күбір келе ме Амангелді батырдан (Қ. Бекхожин). Қашты дұшпан алысып, Тыныстары тарылып, қырылып оқтан толассыз, Далада қалды *моласыз* (Ү. Кәрібаев).

**Қағажу, шетқақпай (етті).** *Әр нәрседен құр қалдырып, қиыншылық көрсетіп сыртқа тебу.* Олай *қағажу* көрсен, мұнда өзімізге кел, – деп дауыстады Мұздарапов (С. Шаймерденов). Үлкен істің бастамасы екенін сезе тұра Ақкенжені *шетқақпай* қылатын жөндері жоқ (С. Байхонов).

**Қағажулау, шеттету, шетқақпайлау.** *Шетқақпайлап бөліп тастау, бөлектеу.* Қазір Құнанбай балаларына тимегендей, бұларды да *қағажулаған* жоқ (М. Әуезов). Екінші кезек отыз кісі болып келіп Базаралыны тықсырып, қараша тасынан *шеттетіп* әкетті (М. Әуезов). Ел деп келіп едік, бізді *шетқақпайламай* екеуімізге де жұмысын берді («Фермаға кел»).



**Қағынды, жүгермек.** *Құдай атқан, оңбаған деген мағынадағы зілсіз қарғыс.* Кілең бір қағындылар мен соғындылар келмеуші ме еді мұнда әдетте (Б. Мәдиев). Әй, дәуде болса, әлгі Нұрғалидің жүгермегі жымқырып кеткен шығар деп, айдап отырып бұған жетіп келуші еді (Б. Әдетов).

**Қағыстырып-соғыстыру, үзіп-жұлу.** *Онан-мұнан жұлып-тартып пайда түсіру, кіріс кіргізу.* Жұрттың еркегі құсап, қағыстырып-соғыстырып, бір тиын болса да кіріс кіргізуге тырысса қайтеді («Қаз. өдеб.»). Сұғанақтықпен бір нәрсені *үзіп-жұлып* қалуға дөмегөй қошан мұндайда қалт жібермейді («Мәдениет және тұрмыс»).

**Қағытқыш, мұқатқыш, кекеткіш.** *Қағыта сөйлейтін.* Жәкеңнің өмиянынан осындайда алмасаң, қолға түсе бермейді ғой, – деді *қағытқыш* біреу (Т. Әлімқұлов). Әй, Әбілбек сен ана мені *мұқатқыш* газетке жазғыштарды осында жинап әкел (Ә. Тәжібаев). Жоқтан өзгені айтып әркімді *кекеткіш* сабазың өзіне де бір қараса етті («Жұлдыз»).

**Қағыту, шалу, ілу, іліп-қағу, іліп-тарту, іліп-шалу, шалуаттау, кекету, мұқату.** *Біреуге сөзбен тиісіп, мысқылдау, сынап-мінеу.* Қойыңдар енді қалжың бір басқа, *қағыту* бір басқа, – деп, Ахмедияр екі серігін басып тастады (Ө. Қанахин). Кешегі сөзінде бригадир біздің звеноны *шалып* кетті ғой, жолдастар, енді намысқа тырысалық, – деді Сөлмен («Лен. жас»). Сонда Қобылан сөйледі, Әзіл айтып *іледі*, Езу тартып күледі («Қобыланды»). Көкең әлі де баяғы мінезіне басып, Төлеубайды сөзбен *іліп-қағып* қатты әзілдейді (Н. Ғабдуллин). Жеңгелік мінезіне басып, жасы қатар қайнысын қалжыңмен *іліп-тартып* жатыр («Жетісу»). Біреумен сөйлесе қалса, *іліп-шалып* кетеді де, ұрыса кетуге дайын тұрады (А. Жақсыбаев). Ойнап сөйлесе де, шын да көрініп жүретін күйік шеке директордың неге *шалуаттап*, шалқақтап отырғанын да түсінбейді (С. Адамбеков). Тағы бір-екі күн ұйықтай түссендер еді, – деп шал оны *кекетіп* тастады (Ғ. Мүсірепов). Көрген сайын сары Сатай мені бір *мұқатып* қояды (О. Сәрсенбаев).

**Қадағалау, бақылау, тексеру.** *Белгілі бір істің орындалу барысын мұқият қарастыру.* Ашқан жаңалықтары мен зерттеу жұмыстарының өндірісте қалай жүзеге асып жатқанын ұдайы өз көзімен көріп, *қадағалап* отырды (С. Аққошқаров). Ұзын бойлы талдырмаш жігіттің жүріс-тұрысына дейін сынап қарап, басқан ізін *бақылаумен* болдық (М. Дүзенов). Жанат жалықпастан әр кластың балаларын басбасына *тексерді* (Ғ. Мұстафин).

**Қадағалаусыз, бақылаусыз, тексерусіз.** *Қадағалау жасамай, тексеріп жатпай.* Жас баласын, ересек болсын балаларды *қадағалаусыз* өз бетімен жіберу өкінішке ұрындырады («Қазақст. мект.»). Балалар *бақылаусыз* қалмас үшін балабақша керек, – деді Галя (Т. Ахтанов). Мұндай халық шаруашылығы үшін айрықша маңызы бар істің *тексерусіз* нәтиже бермеуі анық («Жетісу»).

**Қадалу, тесірею, үңілу, шүкшию, шегірею, тесілу** *сөйл. Біреуге немесе бір нәрсеге зер салып үңілу, көз алмай назар аудару.* Аяздың қасына келіп, қағаз, қаламын қолға алып *қадала* қарады (Ә. Тарази). Біліміңіз төрт кластық екен, – деп, көзілдірігінің астынан *тесірейді* («Лен. жас»). Күнтуар *үңіле* қарап тұрған қолындағы құмыраны тастай беріп, тастарға еңкейді (І. Есенберлин). Рабиға біресе Дәуқараға, біресе Әміржанға *қарайды* (Б. Майлин). Әрбір әрпіне *шүкшия* көз тоқтатып, есіл хатты қайта оқыдым (Т. Бердияров). Ақбота жағалай тұрған жұртты көзімен бір сүзіп өтті де, әлдекімге *тесіле* қалды (З. Шашкин). Көзіңді *шегірейтпе*, кімнің алдында тұрғаныңды білесің бе өзің (Х. Есенжанов).

**Қадір, қастер.** *Жақсы қасиет, бедел, құрмет.* Ауылда ат, құс *қадірін* Әзімханнан асып ешкім білген емес (Б. Момышұлы). Бірі – адал зайыбым, бірі – ақ жүрек жұбайым деп қана емес, бірін-бірі ұлымның әкесі немесе ұлымның анасы деп те қадірлеп, *қастерін* арттырғандай (Қ. Сегізбаев).

**Қадір-құрмет, сый-құрмет, сый-сияпат, зияпат.** *Қадірлі адамдарға ақ ниетпен көрсетілетін шынайы зор қошемет.* Шоқанды ол үйіне шақырып, *қадір-құрмет* көрсете бастады (С. Мұқанов). Бәтима апа, *сый-құрметтеріңізге* қатты ырзамыз (Ғ. Мұстафин). Ол қадірлеп мал сойып, бас тартып, баяғыша *сый-сияпатпен* аттандырды (Б. Нұржекеев). Жайықбайдың Ыбырайын қолдан келген *зияпатымызды* істеп күттік (С. Бегалин).

**Қадірлес, сыйлас.** *Бір-біріне сый-құрмет көрсететін, қошеметтес болу.* Қатар-құрбы *қадірлес* замандасты сағындым (К. Әзірбаев). Құнанбайдың көп уақыттан бергі *сыйлас* құрдасы да, досы да осы Тыныбек (М. Әуезов).

**Қадірлі, құрметті, қымбатты, қадірмен, қадірменді, әзіз, қастерлі, қалаулы, әспетгі, ғазиз, сүйікті.** *Қадір-қасиет тұтарлық, сыйлы, сүйкімді.* *Қадірлі* інім Тілесім, Қазақтың жайын білесің. Сұрақтан қазақ ешкімге Жіберген емес үлесін (Х. Ерғалиев). Уа, *құрметті* астанам, сәлем берген өзіңе, Мен тарттым өзіне, жылы ұшырап көзіме (Жамбыл). Бөлімше жауынгерлері *қымбатты* жолдасынан, майдандас батыр серігінен айырылуды орны толмас ауыр қазадай көрді (С. Сейітов). Бұл жолы Ұзынағаш көшелерінен Тоқаш Бокин, Абдулла Розыбакиев сияқты *қадірмен* кісілердің есімін кездестірдім (Қ. Әміров). Магнитка құрылысшылары *қадірменді* қартты Қарағанды облыстық советіне депутат етіп сайлады (Ш.Мұртазаев). Қадамы *әзіз* ердің ұзамайды, Жігітке бақыт шіркін сырт айналса (Ы. Алтынсарин). Әдетте бала ұғымында ұстаз – аса *қастерлі* де ардақты адам («Лен. жас»). Майра – қазақ халқының *қалаулы* қызының бірі (А. Жұбанов). Қыз қуыршақ аюдың мән-жайына түсіне қойғандай, үй ішіндегі ең бір *әспетті* жерге апарып қойды (Т. Ахтанов). Ақмарал өгей деген суық сөзді бірінші рет өз анасының, *ғазиз* анасының аузынан

естіген еді (З. Рысбекова). Соғыс жылдарында да өзінің *сүйікті* Отанына деген махаббат оқушыларды ешбір қиыншылықтан тайынбайтын ерлік күреске жұмылдырды (С.Көбеев).

**Қадірлірек, құрметтілеу, сыйлырақ.** *Қадірі молдау, құрметі артықтау.* Қораптың ішінде өзінен гөрі *қадірлірек* бір нәрсе кеткен екен ғой (С. Сәрсенбаев). Бірақ тек жыршылықпен жүргеннен гөрі ақын жолы *құрметтілеу* де (Т. Жармағамбетов). Елге, жүрген ортаңа *сыйлырақ* боламын десең, тер төгіп еңбектене біл (Ауызекі тіл).

**Қадірлілік, құрметтілік, қадірменділік.** *Қадірлі болушылық.* Абайдың өз заманында жұрттан асқан даналығы, бүгінде бізге *қадірлілігі* – оның халықты сүюшілігінде (М. Ақынжанов). Славиннің *құрметтілігі* сол биіктің шынар төбесіне орнатқан ескерткішіне байланысты (К. Тұрсынқұлов). Жас ұрпақты еңбекке деген сүйіспеншілікке, еңбек адамына деген *қадірменділікке* тәрбиелеуіміз керек (Ш. Өтепов).

**Қадірсіз, абыройсыз, қасиетсіз, құрметсіз, сыйсыз, беделсіз.** *Қадірі жоқ, абыройлы емес.* Ол үшін алаң болмаңыз, әке-шешесіне *қадірсіз* қыз емеспін (Ә. Әбішев). Мен сізге, Харон мырза, кім абыройлы, кім *абыройсыз*, мұны айырып бере алмаймын, – деді Қален ақырын ғана (Х. Есенжанов). Кім білсін, кәрілік пе *қасиетсіз*, Осының бәрін маған телімдеген (К. Райбаев). Тірлікте тырбанып қал сайран етіп, Ажал келмей тұрғанда шауып жетіп, *Құрметсіз* зайыбыңмен өмір сүрсең, Қотыр бұзау секілді қалдың өліп («Ақан сері»). Ыбекең ел ішінде *сыйсыз* емес секілді (Ж. Өмірбеков). Сауран ауыл азаматының бірегейі, жұрт алдында, аудан алдында *беделсіз* емес (Ә. Тарази).

**Қадірсіздік, қасиетсіздік, беделсіздік.** *Қадірі жоқтық, сыйлы еместік.* Оның әжесінен естіген әлгі секілді сынын домбыраның, күйдің *қадірсіздігі* деп ұққан (Ж. Нәжімеденов). *Қасиетсіздік* жалғанда опасыз жанның қаруы ма қалай, Исахметтің беті бүлк етер емес (М. Сүндетов). Оқушы жанына жақын бармау, тек сабақ беріумен шектелу – бедел емес, *беделсіздік* («Лен. жас»).

**Қажау, қаужау.** *Біреудің жанына тие сөйлеу, тынышын алу, мазалау.* Қойшы, жалғыз ұлды *қажай* беріп нетесің түгі (О. Бөкеев). Шынын айтпаған соң *қаужағам* жоқ, – деп ақталды (С. Мұқанов).

**Қазақ, алаш.** *Қазақстан Республикасының негізгі тұрғын халқы.* Қазақ болып туғаннан соң бөбегім, *қазақ* болып өлген жақсы түбінде (Т. Молдағалиев). Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз. Енді ешкімнің *алашты* Қорлауына бермейміз (С. Торайғыров).

**Қазақшылық, қазақбайшылық, қазақлық.** *Қазаққа тән мінез-құлық, қалыптасқан дәстүр.* Күнбала осы жаз басында ауылға барып, *қазақшылық* жолмен Жәукеге қолқа салды (С. Омаров). Ол *қазақбайшылығы* жоқ, әділ, тура мінезді адам (Б. Тоғысбаев). Әрине, *қазақшылығыңда* дау жоқ, Мұқан дұрыс айтады (И. Жақанов).

**Қазақы, қазақи, қазақбай, қазақнамай.** *Қазаққа тән қарапайым.* Раушанның жеңгесі – ескішілдеу, *қазақы* әйел (Т. Ахтанов). Қалқам, біздей *қазақи* адам бұндайға енді қайтып кез боламыз ба, былай киіп көрсем қайтеді (Е. Домбаев). Осы *қазақбай* тірлігінді қойсаң қайтеді, – деп тастады сөз арасында («Түсіндірме сөздік»). Аман қаладан тым қашық жатқан нағыз *қазақнамай* тау елдерінен бірсыпыра өзгешелік тауып келеді (Ф. Мұстафин).

**Қазақшыл, қазақуар.** *Қазақтық қасиеті мол, қазақ ғұрпын сақтағыш (адам).* Жарықтық *қазақшыл* адам, ағасы өліп, соның қызын асырап алды (А. Тоқмағамбетов). Қазақ арасында көп жүріп, өбден *қазақуар* болып алған адам (С. Шаймерденов).

**Қазандық, қазанаспа.** *Ас үйдегі тамақ пісіруге арналған қазан орнатылған орын.* Шеткі үйдің алдындағы *қазандықтан* көгілдір түтін бұйралана шығып жатыр (М. Сүндетов). *Қазанаспасындағы* әлі сөнбеген, жалындап жанған от бар (М. Әуезов).

**Қазба, қазбалы (байлық).** *Жер астынан қазып алынған кен, руда, тұсті металл.* Маңғыстаудың оңтүстік жазығы – *қазба* байлық шығып жатқан негізгі өндірістік аймақ (Е. Жамалбеков). *Қазбалы байлықтарды* пайдаланған кезде пайда болған шұқырлардың бетін тегістеуі керек (Ә. Стамқұлов).

**Қазбалау, қазымырлау.** *Біреуден бір нәрсені қайталап сұрай беру, мазалау.* Мұнан әрі ол ештеңе деген жоқ, жұрт та *қазбалап* ештеңе сұрамады (С. Мұратбеков). Ол өкеммен жолдас болған жайын сөз етпеді, мен де *қазымырлап* сұрағаным жоқ (С. Бегалин).

**Қаздию, қақшию, қақию, қалшию, қыдию, қақаю.** *Бір орыннан тапжылмай серейіп тұрып қалу.* Кемпір аң-таң, терезе алдында тұрған қалпында *қаздиды* да қалды (Қ. Ыдырысов). Ахмедияр сол сазарған қалпы қаққан қазықтай *қақшиыт* әлі тұр (Ө. Қанахин). Түрме бастығы бедірейген күйі селт етпей, *қақиыт* әлі тұр (Б. Тілегенов). Жайынбек не дерін білмей, беті оттай күйіп *қалшиыт* қалды (С. Жүнісов). Әлдебір қызық күткендей *қыдиып* тұрған жігіттердің кейбірі мырс-мырс күлді (О. Бөкеев). Қара түнде ол тіс жармай, қара ниеттеніп *қақайып* тұр (М. Рахымқұлов).

**Қазекем, қазағым.** *Қазақ біткен, бар қазақ.* Жүрген аяққа жөргем ілінеді деген осы, жүрген сайын *қазекем* бір туысқа жолығады (М. Дүйсенов). Отанымнан шеткері сырт өлкеде жүргенде *қазағымның* кең пейіл дарқандығын, қонақжайлығын сағынады екенсің («Түркістан»).

**Қазір, әлгінде, жаңа, әзір.** *Әлгі бір кезде, жап-жаңа ғана, осы күні, бұл кезде.* Өткенге топырақ лақтырудан пайдалы іс шықпайтынына *қазір* бәріміздің де көзіміз жеткен секілді (М. Қаратаев). *Әлгінде* ғана жарқырап тұрған кең даланы мұнар басты (Ә. Бірмағамбетов). Сол түні кішкентайынан бірге өскен *Жанарды жаңа* ғана танығандай боды (Т. Ахтанов). Күн ұзын шахтада болып, үйіне *әлгі әзірде* ғана кеткен (Н. Фабдуллин).

**Қазіргі, әзіргі.** *Қазіргі кездегі, әзіргі уақыттағы.* Бұрын мұндай киім киіп көрмеген ерке қыз өзінің *қазіргі* қораш қалпына бойы үйренбей жүр (Ә. Нұрпейісов). *Әзіргі* аты – Қоянқора, мұнда ірісі, ұсағы бар он шақты үй қояны жүр (З. Ақышев).

**Қазірше, қазірінше, әзірге, әзірше.** *Уақытша, біразға дейін.* Келін екеуіңе *қазірше* бір бөлмелі пәтер жетпей ме, бала-шағаң көбейгенде үлкейтіп аласыңдар ғой деген-ді (Р. Райымқұлов). Неге асығып, жор-та жүріп келетімізді мен *қазірінше* білмеймін (Б. Момышұлы). *Әзірге* біздің армияға қиын жағдайда соғысуға тура келіп тұр (Б. Момышұлы). *Әзірше* бос отырған жер асты жөндеу жұмыстарын барлаушыларға көмекке жеттік (Ә. Әлішев).

**Қайғылы, шерлі, қаяулы, қамырықты, күйікті, құсалы, қаралы, мұңды, зарлы, уайымды, налалы, азалы, қапалы, зарлық.** *Қайғы-қасірет тартқан, налып күйзелген, қайғыға толы, жан ашырлықтай.* Амангелді туралы көп жырлар оның өмірі, күресі, *қайғылы* өлімі жайын айтудан басталады (Е. Ысмайылов). Жартасты талай *шерлі* баспана ғып, қаңғырып жылдар бойы мекен еткен (Ж. Саин). Бақытың баста тұрғанда, бар сөзін қалмас қосталмай, *қаяулы* күндер тұрғанда, қасыңда тұрар дос қандай (К. Қалиев). Зияның жүзіндегі күлкі лезде тарады да, бет пішіні ойлы, *қамырықты* қалыпқа ауысты («Асыл ана»). Кемпір бір-екі күннің ішінде *күйікті* ойдың салмағынан езіліп, бөлекше ауруға ұрынды (М. Әуезов). Қыздың *құсалы* жүрегін біреу өлтіре осықлап жатқанға ұқсайды (Ө. Қанахин). Бір Абай емес, биылғы жыл осы отырған бар ағайын, көп туыс тегіс *қаралы* (М. Әуезов). Осы көлеңке оның дөңестеу келген маңдайына, бүкіл жүзіне *мұңды* рең беріп тұр (Т. Ахтанов). Құлағынан алпыстағы анасының мұңға толы *зарлы* даусы кетер емес (Н. Төреғұлов). Отырған адамның бәрінің түстері *уайымды*, қабақтары салбыраңқы (С.Сарғасқаев). Шырынгүл Әлиханның суретіне мұңдана қарап отырып, *налалы* дауыспен өлендетіп кетті (С. Омаров). Бұлқынып аласұрды *азалы* жан, Қорқанды байдың бейпіл мазағынан (С. Омаров). *Қапалы* күндерімде бір келіп, жайымды білуге жарамаған сенен не жақсылық күтуге болады (З. Шашкин). Қиянатшыл жалғыз мен екем де, өзгенің бәрі көкірегінен шер атқан мұңлық пен *зарлық* болғаны ғой (С. Смайылов).

**Қайғыру, налу, күйіну, мұңаю, қамығу, қамырығу, азалау, уайымдау, мұңдану, жамығу, аһылау, үһілеу, шерлену.** *Мұңды, шерлі болып күйзелу, қайғы-қасірет тарту.* Мен олай-бұлай болып кетсем, Ақпардың күні не болар деп *қайғырды* (Ғ. Мүсірепов). Әсет біраз *налыды*, күйінді Сәулетайға (С. Мұратбеков). Әке өлімі Ақжаңылды қатты *күйіндіріп*, дүние төңкеріліп, бүкіл тірлік біржола күйреп біткендей болды (Д. Әбілев). – Ата-анам жоқ, олар былтыр қайтыс болды деп, Байжан *мұңайды* (Б. Кенжебаев). Баздан *қамығып* қайтқан Райхан үйге келгенше ләм-мим деп, тіл қатпады (С. Жүнісов). Еңбегі сіңген адамға жол берсе қайтеді деп *қамырығады* (Д. Досжанов).

Егіле берді сорлы ана, Ұл өлімін *азалап*, Зарына сен де қосылдың, Жас жаныңды жаралап (А. Жұмағалиев). Аш қалар ма екенбіз деп *уайымдап* қиналудан, шешем шынында керемет күйзеліп жатыр (Б. Соқпақбаев). Қайғымен іштей *мұңдану*, міне, шын адамгершілік белгісі (Р. Токтаров). Сөзіннен көріп өзінді, Құшақтай алдым *жамығып*, – деген жеріне келгенде қыз шыдай алмады (О.Бөкеев). Тек күңгірт күйлер мені күйзелткенде, *Аһылап*, ақ арымды кеміремін (Қ. Бекхожин). Олар малдары үшін қайғырысып, *үһилесіп* ренжумен кетіп барады (Ғ. Мүсірепов). Бәрінен айырылып жалғыз қалдым, – деп *шерлене* өксіп-өксіп еңіреп жіберген кезінде дауысынан таныдым (З. Жәкенов).

**Қайғысыз, қаяусыз, мұңсыз, уайымсыз.** *Қайғысы жоқ.* Осындай тамаша дүниеде адам *қайғысыз* болса, қандай рахат (І. Есенберлин). Көңілге қайғы, ойға уайым оралмай, *қаяусыз* шаттықпен отырып, ең соңғы шырқағаны да сол жолы (Ж. Мусин). Бала үшін ойын, *мұңсыз*, қамсыз ойыннан артық бақыт бар ма (К. Сегізбаев). *Уайымсыз* ұйқы тәтті ғой, Ұйқыға түнде не жетер, Түсіңе енсе тәтті ой, әлдилеп ол да тербетер (Ж. Молдағалиев).

**Қайғышыл, уайымшыл, мұңшыл, қамыққыш, жабырқағыш, езгек сөйл.** *Мұңайып қамыға бергіш.* Болып алды *қайғышыл* әке деген, бай деген. Ал ұлы оған сөйледі бір жымып жайменен («Шығыс жұлдыздары»). Өзі көп бала тапқан жаратылысында арық әрі күйгелек, *уайымшыл* Ділда ерте қартая бастаған (М. Әуезов). Уайымшыл, *мұңшыл* бір әйел жыласа, аза бойы қаза болатын Қалиманың жарын жоқтап аза салған айқайы алты қырдан естіледі (Ә. Бөриев). Жігіт адам болар-болмасқа *қамыққыш* болмау керек, – деді ақсақал («Қаз. әдеб.»). Жан емес Ақан сері *жабырқағыш*, Жүрегін езген әлгі зәбір-запыс (Қ. Бекхожин). Өмірлері өкінішті екі жан осы отырысымен бірін-бірі жұбатқан, елжіреуік, *езгек* күйде еді (С.Мұратбеков).

**Қайдағы-жайдағы, өткен-кеткен.** *Өтіп кеткен, ескіріп кеткен оқиғалар.* Туған жерге қайта оралып келуін келсе де, *қайдағы-жайдағы* қиялға түсіп, лұшайман боп жүр (Ә. Кекілбаев). Жиналған жұрт дабырласып, *өткен-кеткенді* әңгімелеп, шай ішіп ұзақ отырды (Б. Тілегенов).

**Қайрақ, білеу, жануыш, білеме көне.** *Кескіш құралдарды өткірлеу үшін арнайы дайындалған сопақша тас.* Жеңгесінен пышақ, тарелка және *қайрақ* тас беріп жіберді («Аязби»). Бір дегенің – *білеу*, екі дегенің егеу, үш дегенің – үскі, төрт дегенің – төсек (С. Сейфуллин). Осы от Махамбеттің жанын *жануыш* боп қайрап, жігерін алмастай қылпылдата түсетін (Ә. Нұршайықов). Маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаңаманы *білемеге* білеп-білеп бауыздап келдім («Қазіргі қазақ тілі»).

**Қайрақшы, шарықшы.** *Жүзді құралды өткірлеп қайраушы адам.* Пышақ пен тарақты *қайрақшыға* он-он бес қойды қырыққан соң қайрауға берді (Р. Әбуғалиев). Ішінде *шарықшысы*, бес-алты ақ қалпақты қариясы, отызға тарта жас әйел бар (Е. Тұрысов).

**Қайран**, шіркін, есіл, әттең, дариға, айхай сөйл. *Өкініш-онық жесуді білдіретін көңіл-күй одағайы. Қайран*, тектім-ай!.. алпамсадай арысым едің, қаңбақтай жеп-жеңіл боп қаусап қалғаның-ау! (М. Әуезов). *Шіркін*, өмір өтер, кетер, Алды-арты білінбей (К. Шілдебаева). Неміс оғы *есіл* ердің ішінен тиіп, ішегін шұбалтып кетті (Ә. Нұршайықов). *Әттең*, дүние, өз жүрегінің оты сөнген адам жаңа лаулаған жүрек жалынын сезе алар ма!? (М. Иманжанов). *Дариға*, кетті айналмай сол шақтарым, Қайтып мен бал татпадым, жар таппадым (З. Шүкіров). *Айхай*, заман-ай! Үлкеннің алдында ауыз бағып, өдеп сақтау деген болар еді! (Б. Майлин).

**Қайрау, өткірлеу, білеу, безеу, шарықтау.** *Құрал-саймандардың жүзін жанып-егеу, өткір қалыпқа келтіру.* Әкем онсыз да өткір пышағын одан бетер өткірлеп *қайрап* отыр (Б. Соқпақбаев). Саржан қынабынан семсерін суырып *өткірлеп* қайрауға кірісті (І. Есенберлин). Ел қызымын мен Зере, Қылышын тасқа *білеген* (М. Әуезов). Найза өткір, жанып алған тасқа *безеп*, Ат үстінен өзіне шапшығанда, Аузынан ақ найзаны сұқты кезеп (С. Әлімбетов). Мұсалдың қолында Қаратаудың тоқпақтай тасы, жауырыны күжірейіп, кетпенін *шарықтайды* (О. Сәрсенбаев).

**Қайтадан, қайыра, қайта, қайтара.** *Екінші рет, тағы да қайталап.* Ол қызының сөзінен қайтпайтынын түсініп, ауыр күрсінді де *қайтадан* жол жабдығына кірісті (Ә. Нұршайықов). Айтылған жайтты Мұқаң *қайыра* сұрады да, менің жауабымды күтпестен өзі сөйлеп кетті (С. Мәуленов). Сайын келгенде ұмыт қалған альбомдағы суретті сылтау етіп, күн бата Ұлбосынның үйіне *қайта* бардым (І. Есенберлин). Молаға барып бекініп алған соң, бір-екі *қайтара* пулеметтен оқ боратты (С. Шарипов).

**Қайталау, пысықтау.** *Оқыған, жатталған, білген дүниелерді еске түсіру.* Тоғыз деген төл басы, Он деген он жолдасы. Сан білмеген айта ма, Санамақты *қайтала* (М. Әлімбаев). Шапшаң ұмтылыңдар, көз жазып қалмаңдар, – деп, екеумізді әбден *пысықтап* алды («Жыл он екі ай»).

**Қайтп, қалай етіп.** *Қалайша істеу, қандай қылып орындау.* Алда-жалда кеудемнен итеріп жіберсе *қайтпекпін* деп қауіптенген түрі бар сияқты («Қаз. әдеб.»). Міндеттеме етіп алған жоспарды *қалай етіп* іске асырсаңыз да өз еріктеріңіз (Ауызекі тіл).

**Қайуана, қаймана.** *Қайдағы бөгде біреу.* Нұралы шешеммен *қайуана* қазақтың біреуімен сөйлескендей сөйлеседі (Б. Соқпақбаев). Жәрменкеге жиналған елдің әкім-қарасы сонда отырғанда, өзге *қаймана* қазақтың бұнымен ісі жоқ (Б. Аманшин).

**Қайырлы, құтты, мүбәрәк (болсын).** *Сәтті, игілікті, қуанышты болсын.* Қоныстарың *қайырлы* болсын, шырақтарым, жақсы келдіңдер ғой (Б. Майлин). Жолы *құтты*, қадамы қайырлы болсын, – делі Дәуіт Дәуішке ризалық сезіммен (Ф. Сланов). Құрбан айт *мүбәрәк*

болсын деп, үйге құттықтап келушілер көп болды («Егемен Қазақстан»).

**Қайыру, қайтару.** *Алған дүние-мүлікті иесіне қайтып беру, тапсыру.* Ал мал жөніндегі Оразбай мен Дайыр айтқан қалың мал шығынын Абайлар жағы дау-дамайсыз толық *қайырып* бермек болды (М. Әуезов). Апам біреудің жоғалған нәрсесін тауып алсаң, өзіне *қайтарып* бер, ол саған алғыс айтады дейтін (Ө. Тұрманжанов).

**Қайыршы, тіленші.** *Қайыр-садақа сұраушы.* Күн бесіннен түсіп кеш болғанда бір *қайыршы* біздің үйге келіп, босағаға отыра кетті (С. Мәуленов). Мойнында дорба, қайыр сұрап жүрген *тіленші* шығар деп шошып кеттім (С. Жүнісов).

**Қайыршылау, тіленшілену, тілемсектену.** *Қайыр сұрау.* Қарық болмай қалған жоқ ең аяғы, Кедейлер *қайыршылап* жиган тиын (С. Мұқанов). Ешкім сенің алдыңнан *тіленшіленіп* өтпесе, өз бетіңмен қайрыла қоюың да екіталай («Лен. жас»). Әр үйдің есігін ашып, қайыршыдай *тілемсектенуге* кімнің жаны шыдар еді (М. Сатыбалдиев).

**Қайыршылық, тіленшілік.** *Қайыр сұрап құн көрушілік, қайыршы болушылық.* Қарапайым үнділіктердің *қайыршылық* кескінін айтып жеткізе алмайсың (Ә. Шәріпов). Көкеш қарасар жаны болмағасын, *тіленшілік* тұрмысқа түсіп, жүдеп барып өлген (С. Мұқанов).

**Қайырылу, қайту, бұрылу.** *Кері оралу, келе жатқан бағытын өзгерту.* Ауданнан келген Байтенов Бейсене арнайы *қайырылып* жөн сұрасты (Ә. Ибрагимов). Жұмалар аттарын алдырып, аулына *қайтуға* ыңғайланды (С. Мыңжасарова). Мақсұт олай-бұлай *бұрылуға* мұршасын келтірмей бастырмалатты да отырды (Б. Шалабаев).

**Қайыспау, қайтпау, мойымау.** *Қиыншылыққа төтеп беру, жасымау, жасқанбау.* Халықты жан-жақты жан-тәнімен жақсы көретін, оның жауларына *қайыспай* қарсы баратын (І. Омаров). Амангелді Совет өкіметінің Торғайда уездік әскери комиссары болған қажырлы азамат, *қайтпас* ер еді (С. Сейфуллин). Қиыншылыққа *мойымау* жалынды күрескердің ең басты қасиеті екені белгілі («Заман Қазақстан»).

**Қақ айыру, қарс айыру, қақ бөлу, қақ жару.** *Ортасынан тең екіге бөліну, екіге жарылу.* Зада шашын төбесінен *қақ айырып*, бір бұрым етіп қана өретін (С. Шаймерденов). Таңынан жарылғалы тұрған жарықтық қауын пышақ тиер-тиместен қарс айырылды (Т. Әлімқұлов). Бір топ бала асық ойнап жүр едік, Мырқал келді де, менің сақамды қылышымен *қақ бөлді* (Ә. Әбішев). Төле би қара қылды *қақ жарған*, халық қамын ойлаған адам еді («Халық мұғ.»).

**Қақалу, шашалу.** *Тамағына бірдеме тұрып қалып, булығы тұншығу.* Көрі қойдың жасындай шақ ғұмырым қалғанда өндірістің шаңына *қақалып* қайтем (С. Сматаев). Қара келіншек *шашалып*, аузын алақанымен басып әуре болды (Д. Әбілев).



**Қақандау, қақшандау, қақақтау.** *Тыным таппай, қақаң-қақаң ету.* Ол қақаңдап жүріп-жүріп, белі кеткен нардай болып шөгіп қалды (Д. Досжанов). Кеше ғана ел-жұртпен қоштасып жатыр деп еді, қақшандап тұрып алыпсың ғой (К. Жұмаділов). Асан ертемен қақақтап басып, асығыс бір нәрсемен үйінен шығып кетті (С. Мұқанов).

**Қақаю, қақию, қақшию.** *Бойын тіп-тік ұстау.* Сәдуге барып, әскери төртіппен алдына қақайыт, тұра қалды («От ортасы»). Тығыз сапқа тұрған қақиған қарулы адамдар оларды араларынан өткізіп тұрды (С. Мұқанов). Ахмедияр сол сазарған қалпы қаққан қазықтай қақшиыт әлі тұр (Ө. Қанахин).

**Қакпа, дарбаза жерг.** *Ат-көлік енетіндей етіп жасалған үлкен, кең есік.* Сәнді күйме бай үйдің қақпасынан дүрілдей шылдырлап, ағындап шыққан еді (М. Әуезов). Кең қораның дарбазасынан кіре беріс оң жағында күйдірген кірпіштен салынған еңселі қызыл үй тұр (М. Дүйсенов).

**Қақпайлау, қақпалау.** *Малды, көлікті өз еркіне жібермей тура жолмен жүргізу.* Өріске жеткенше малды қақпайлап отыруға тура келді (С. Мұратбеков). Егер біраз қойды қақпалап осында қалдырсақ, жауапкершілігін өз мойнына алар ма едің (С. Шаймерденов).

**Қақылдау, қақсау, тақылдау, зарлау, сұңқылдау, сарнау, заржақтану.** *Ауыз жаппай, мүдірмей сөйлеу, тілмарсу.* Аласа бойлы дембелше жігіт қарсы алдымызда отырып алып біраз қақылдады (Т. Ахтанов). Келген науқас есік ашылысымен ауыз жаппай қақсады (Е. Оразақов). Бір бастаса тоқтамай тақылдайтын Бейсекүл онан әрі өршіді (С. Сарғасқаев). Мен келдім жәрдем қолын созайын деп, Естіліп құлағыма зарлаганың (Ж. Саин). Дастарқан үстінде ол «тарта жесең тай қалар, қыса жесең қой қалар, тоя жесең не қалар» – деп, сұңқылдап отырады (К. Сейдеханов). Әйел сарнаған күйінде жастыққа құлай кетті де, есінен танып қалды (Ә. Ибрагимов). Бар тындырғаным бір айтқанымды он қайталап кешке дейін заржақтану ма (Ә. Әлімжанов).

**Қал, мең.** *Адамның денесіне туа біткен дақ, таңба.* Оң жақ көзінің астындағы бармақ басындай қалы да адамның назарын еріксіз тартарлықтай екен (М. Сүндетов). Бет ұшындағы қара меңі енді мүлде айқын, көз қарашығындай мөлдір қара ноқатқа айналған (С. Шаймерденов).

**Қала, шаһар көне, шәр сөйл.** *Әкімшілік, сауда-саттық, өнеркәсіп орналасқан ірі елді орталық.* Біз өзінің тарихи және архитектуралық ескерткішімен әлемге белгілі Агра қаласына келдік (Ә. Шәріпов). Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа, Барды ма кезі келіп бір жұмысқа (Абай). Алты шәр туралы еңбегін жазғанда Шоқан Уәлиханов бұл елдің шаруашылық өміріне бірінші дәрежелі маңыз береді (Д. Дулатова).

**Қалайда, қайткенде.** *Қалай болған жағдайда да. Қалайда бүгін жолығып сөйлесуіміз керек (Ауызекі тіл). Қайткенде де үш күнде жұмысты аяқтап, қалаға қайтпасақ болмайды (Ауызекі тіл).*

**Қалалы, шаһарлы, кентті.** *Қаласы бар, қала салынған.* Мекенжайын білмегесін, *қалалы* жерде жөн табу қиын (С. Мұқанов). *Шаһарлы* жердегі жұрттың тұрмыс-тіршілігі ауылдардан өзгеше («Парасат»). *Кентті* жерде жайлаған Үзілмейді базары, Қайда қалмас жігіттің өлгеннен соң мазары («Қобыланды»).

**Қалалық, кенттік.** *Қалаға тән, қалаға қатысты.* Сонан кейін келіп Керекудегі *қалалық* мектепке түстім (Ш. Айманов). Ықтайды жаңа заманнан Есепкер *кенттік* ноғайша (Ж. Молдағалиев).

**Қалам, қаламсап.** *Қағазға жазу жазатын құрал.* Балалардың кітап пен қағаздары, *қарындашы мен қаламдары* қалып қойса, белгілі жерге алып қояды (С. Бегалин). Бір бұрышта стол үстінде сызғыштар, сиясауыт, *қаламсаптар* жатыр (С. Хайдаров).

**Қалау, сұрау, тілеу, қолқалау.** *Бір істің сәті түсіп орындалуын қажет ету, өтіну.* Байдың әумесер баласы біреуден қоярда қоймай, атақты бір «Саршолақ» деген бүркітті *қалап* алды («Қаз. әдеб.»). Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сізден *сұрайды* ел (А. Тоқмағамбетов). Ата-анасы ұлының абыройын *тіледі*, Алыс сапар шығуы, лүп-лүп етті жүрегі (О. Шипин). Сартайдың *қолқалауымен* көп жалындырмай-ақ бір-екі ән шырқады (С. Алдабергенов).

**Қалауынша, еркінше, ұнатуынша.** *Қалауы бойынша, өз еркімен.* Бұл күнделікті жұмысты өз *қалауынша* жүргізсем деп талаптанады (С. Әсіпов). Бүгін өкіметінің әділдігімен әр ұлт өз *еркінше* тіршілік қылып отыр (Ш. Өтепов). Бес балам да өздерінің *ұнатуынша* жоғары оқу орнын бітіріп, мамандық алды («Түркістан»).

**Қалашық, кент.** *Шағын қала, қала типтес елді мекен.* Арқалық бұрынғы шағын *қалашық* емес, о шеті мен бұ шетіне көз жеткісіз («Қаз. әдеб.»). Жақсы әкім жүрген жеріне *кент* салады (Мақал).

**Қалбалақтау, елпектеу, елпілдеу, елбелектеу, еңкелектеу, қалбалаңдау, қалбақтау, қалталаңдау.** *Біреуге ізет білдіріп жаны қалмау, құрақ ұшу, бәйек болу.* Үлкен-кіші бәріне бірдей *қалбалақтап*, апамның жаны қалмады (Б. Соқпақбаев). Шапанын сүйретіп, басқарманы шырқөбелек айналып *елпектеп* жүр (О. Сәрсенбаев). Атана жақынырақ отыр, – деп кемпір *елпілдеп*, Саматты жоғары шығарды (Б. Тоғысбаев). Байғұс *елбелектеп*, ананы да, мынаны да шақыртып жатыр (К. Баялиев). Бұққан адам үн шығармай Бұланбай жаққа қарай *еңкелектей* жүгіріп кетті (Ғ. Мүсірепов). Ол *қалбалақтап* о жақ, бұ жағына шығып, «жарыңыз әлі-ақ жазылып кетеді» деп, көңіліне демеу береді (Р. Хайруллин). Әйтеуір Айжанды көрсек, күлімсіреп, жадырап, *қалбақтап*, жік-жапар болады да қалады (З. Шашкин). Құдағиымыз мен келген соң-ақ *қалталақтап* дамыл көрген жоқ (Ғ. Орманов).

**Қалғу, мүлгу, мызғу, маужырау.** *Ұйқылы-ояулы қалыпта болу, көз шырымын алу.* Таң алды болар, әбден қалжырап *қалғып* кетіпін (С. Бегалин). Қария күн нұрына *мүлгіп* кетті (Ә. Бөриев). Имаш түнде кеш жатып азғана *мызғыса* да тынайып қалған екен (С. Алдабергенов).

Серігім сусындаған соң дем алмақ болып қисайғаны сол еді, лезде-ақ *маужырап* ұйқыға кетті (М. Дүйсекеев).

**Қалғып-мүлгу, мүлгіп-шұлғу, мүлгіп-қалғу.** *Ұйқылы-оюу, бей-жай күйде болу.* Жақыпбектің арбасында *қалғып-мүлгіп* келе жатқандағы ойым да, үмітім де осы еді (Ж. Өмірбеков). Қашан көрсен де кілкірген мағынасыз көзін әрең ашып, *мүлгіп-шұлғып*, бетін бытпITYITып сазарып жүргені (З. Қабдолов). Жақыпбектің арбасында *мүлгіп-қалғып* келе жатқандағы ойым да, үмітім де осы еді (Ж. Өмірбеков).

**Қалдық, жұрнақ, тамтық, сарқыншақ, сарқынды, жұқана көне, таусыншақ қарап., сарқын сөйл.** *Бір нәрсенің таусылып қалған кішірек бөлшегі.* Каролин аралдарынан жартылай суға батқан көлемді қаланың *қалдығы* табылған («Соц. Қаз.»). Қыстауымның қазір *жұрнағы* да жоқ, жермен-жексен (Ө. Қанахин). Окоптан бір шақырымдай қашықтықта тастан соғылған үйдің *тамтығы* көрінді (І. Есенберлин). Шәйнектің түбіндегі суды *сарқыншағына* дейін қалдырмай радиаторға құйды (Ә. Әзиев). Ол сабаның түбінде қалған бір аяқ *сарқындыны* құйдырып алып, бір-ақ көтерді (А. Хангелдин). Түтеленген, шіріген заттардың *жұқанасы* көп шықты (Н. Баяндин). Ол көбінесе жұмырланған, жуылған сабынның *таусыншағы* сияқты келеді (А. Машанов). – Сусын бар ма еді? – деп сұрады Асқар. – Торсықта *сарқын* қалған, – деді (С. Мұқанов).

**Қалдық, қалынды матем.** *Бөлінгіштің толымсыз бөлінді мен бөлінгіш көбейтіндісінен айырмасы.* 21-ді 4-ке бөлгенде толымсыз бөлінеді 5, *қалдық* 1 болады (ҚСЭ). *Қалынды* – бір саннан алғаннан кейінгі қалған сан («Түсіндірме сөздік»).

**Қалжың, әзіл, ойын, қылжақ, қалжақ, қылжың, қылжалаң.** *Көңілі жақын дос-жарандар арасында айтылатын, ойын-шыны аралас күлдіргі сөз.* Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі, Абыройлы *қалжыңмен* келсін сөзі (Абай). Қанат сөзден ұтылғысы келмей, әзіліне *әзіл* қайтарды (А. Хангелдин). Жүзіне қарасам, *ойыны* жоқ шын сөзі екен (С. Шаймерденов). Жайшылықта *қылжақтан* аузы босамайтын Жәкен мен Ақанның мінездері тіпті салмақты (Ф. Мұстафин). Бұл елдер ішінде әрқашан бір гу-гу мақтан әңгіме де, күлкі, мысқыл, *қалжақ* та жүруші еді (М. Әуезов). Осының сайқымазақ, *қылжың* мінезінің аржағында әзір бөтен жұрт танып біле алмай жүрген бөгде адам бар секілді (О. Сәрсенбаев). Содан ба, кейде оқтай қадалады, Еш зілсіз досымның да *қылжалаңы* (Б. Аманшин).

**Қалжыңбастау, әзілкештеу, қалжыңқойлау.** *Қалжың айтқыштау.* Бұл – менен төрт-бес жас үлкен Ұзақ деген *қалжыңбастау* жігіт (Е. Салахов). Өзі аңқылдаған ақкөңіл, *әзілкештеу* екен (Ә. Ибрагимов). Өзі пысық, әңгімешіл өрі *қалжыңқойлау* Бидәулеттің төңірегіне жастар үйірілгіш («Жұлдыз»).

**Қалжыңбастық, қалжыңқойлық, әзілқойлық.** *Қалжыңбас болушылық.* Тегінде ауру қалса ла, әдет қалмай ма деймін, баяғы

*қалжыңбастығы* сол қалпы (К. Асанов). Бұрынғы пысықтығына енді өтірік күлетін *қалжыңқойлығы* жамала түскен тәрізді (С. Сарғасқабев). Бұл адамның бойындағы тамаша бір қасиеті – күлдіргі *өзілқойлығы* (Б. Соқпақбаев).

**Қалжындау, өзілдеу, ойнау, қалжыңбастану, қалжақтау сөйл.** *Күлдіргі сөз айтып, бірін-бірі қағыту, тәлкек ету.* Қаймақ құйған қою шайды *қалжыңдаса* отырып ішсе, ашу тарқап, денесінің құрысқан-тырысқаны жазылып кетпей ме (З. Ақышев). Садыр Бибігүлмен кездессе-ақ болды, бірдемелерді айтып *өзілдей* бастайды (С. Шаймерденов). Қайран қарт қызық кісі еді-ау, жастармен құрдасындай *ойнай* беретін (Қ. Жұмаділов). *Қалжыңбастанып* тұруына қарап, Амантай Бүркітбайдың сөзіне сенбей, ұзақ сөйлескісі келмеді (С. Мұқанов). Ойынтой, жиында Беренге *қалжақтап*, аузына келгенін сөйлейді (Б. Майлин).

**Қалжынды, өзілді, қуақылы.** *Өзіл, қалжың аралас.* Жасым жетпегенмен, бойымның жеткенінше қарап алған болар, – деп *қалжыңды* жауап беретін (Б. Ізтөлин). *Өзілді* сөз, назды лебіз, ерке қалжын, сиқыр сыбыр – бәрі қосылып делбелі бір тұтас гуіл (Х. Есенжанов). Ертең сессияға да бірге бара ма? – деп, Медеулиев Тұрсынға *қуақылы* сұрау тастап жатыр (С. Мәуленов).

**Қалжыңқой, қалжыңбас, қалжыңшыл, өзілкеш, күлдіргіш, өзілқой, өзілшен, қуақы, күлдіргі, өзілшіл, қушыкеш, ойыншыл, ойнампаз, өзілші сөйл.** *Қалжың-өзіл айтуға жаны құмар, қу тілді, күлкілі әңгіме айтқыш.* Ораз адамға жақындасқыш, сөйлескіш, ойыншы, *қалжыңқой* жігіт екен (С. Мұқанов). Тәкежан Абайдан екі жас үлкен, *қалжыңбас*, өзілқой болатын (М. Әуезов). Ашық болам деп әдепсіз, *қалжыңшыл* болам деп дарақы болған түрі бар (Ф. Мұстафин). Салиханың атасы *өзілқой*, шақпа, қу тілді адам болып шықты (С. Еркебаев). Ашық жүз, *өзілшен* де, мығым дене, Бар өнер қолында да, тілінде де (З. Ыбыраев). Атшабарды осындай еркін мінезі үшін де, қу тілді *күлдіргіш* көңілділігі үшін де Сұлтанмахмұт тіпті жақсы көреді (Д. Әбілев). Қасында екі жігіт бар, оның біреуі әңгімешіл, *қуақы* адам болып шықты (Ә. Қарағұлов). Дәулеткелді құр ғана қалжыңшыл, *күлдіргі* емес, ол Абайдың өзінің де өлеңін жатқа біліп, ел ортасында ағыл-тегіл айтып жүреді екен (М. Әуезов). Ағайдың *өзілшіл* жайдары мінезі, қазақуар әңгімелері сондай көнілін көтеріп тастайды (С. Бегалин). Әукеннің де үш жыл оқып алған правосы қалтасында тұр, – деп қалды бір *қушыкеш* жігіт (С. Досымов). Өзі *ойыншыл*, қалжыңқой, ісіне мейлінше адал, өте іскер жігіт болатын (С. Мұқанов). Бұл сөйлесе, күл де отыр, *ойнампаз*, ақ жарқын жан (Ф. Қайырбеков). Артистер әнші де, домбырашы да, *өзілші* де, қалжыншы да болуға тиіс (С. Мұқанов).

**Қалжынсыз, өзілсіз.** *Қалжыңы жоқ, өзілдемей.* *Қалжыңсыз* отырмайды қазақ халқы, Қашаннан келе жатқан ата салты («Пернедегі термелер»). *Өзілсіз*, өзөзілсіз, әуре-мұңсыз, Әр адам бөлек өтсе – дәурен құнсыз (М. Жұмабаев).

**Қалқа, таса.** *Бір нәрсенің көлегейлеген жағы. Қалқасы* жоқ есіктей анырайып тұрған жырадан шұбап шығып жатқан атты, жаяулар қыстаққа қарай ағылып келеді (К. Сыдықбеков). Қуғыншыларды байқап қалған Жұманияз үйдің *тасасына* жасырынды (А. Сатаев).

**Қалқалау, көлегейлеу, тасалау, күнгейлеу, көлкештеу.** *Бірдемені қалқалап көрсетпеу.* Рахмет алақанын көзіне *қалқалап* тұрып, төңірегін тағы да шолды (С. Мұқанов). Көрінбей көктен ай кетті, *Көлегейлеп* күзгі бұлт (С. Мәуленов). Басқа жерге *тасалана* тұрғаныңыз дұрыс болар еді (Т. Қойшыманов). Осы сен қай баласың? – деді қолын көзіне *күнгейлеп* (Н. Қазыбеков). Құныс түйе жүн шекпенінің жағасын көтеріп, бетін күннен *көлкештеп* қойып, шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр дейді (Х. Есенжанов).

**Қалқам, қалқа, қалқатай, қалқатайым, қарағым, қалқабас, қарақ, қалқаш, қалқажан, қарашығым.** *Өзінен кіші жақын-жуықты, баланы жақсы көргенде айтылатын еркелеткіш сөз.* Құдай-ай, көрсеттің-ау, *қалқам*, құлыным! – деп, шеткі үйдегі кара кемпір сарнап жылап, елді басына көтерді (Б. Майлин). Жылайын, жырлайып, ағызып көз майын, Айтуға келгенде *қалқаға* сөз дайын (Абай). Ақ боз үйдің сыртынан аттандырып, Дегенің, қош, *қалқатай*, естен кетпес («Қазақ әндері»). *Қалқатайым*, – деп әжем төсіне қысатын еді (Б. Соқпақбаев). Сен екенсің ғой, *қарағым*. Аман ба қызым? – деп те алды (А. Тоқмағамбетов). Немене, *қалқабас*, жұмысына кірістің бе? – деді Әшім Әсетке (К. Оразалин). Келесі күзде келесің, Әзірге үйге бар, *қарақ*, – Мұғалім солай дегесін, Көшеге кеттім әр тарап (Т. Молдағалиев). Сарғайдым сағынғаннан, *қалқаш*, сені, Қиял мен ойдың саған ауып дені (С. Сейфуллин). Күнінде уәделі *қалқажанның* Сылантып сал торыны мінген қандай («Ақан сері»). Құлыным, *қарашығым*, күнім деп айналып-толғанып отырағын анасының даусын Нұрлан енді естімейді (З. Шашкин).

**Қалқаю, қалқию.** *Қозғалмай, бір орнында ербиіп тұру.* Қарыс жердегі киіз үйлер қарауытып, әйтеуір бәрі де *қалқайып* аман тұр (Қ. Жұмаділов). Жаңа салынып жатқан үйдің қабырғасы үстінде *қалқиып* жалғыз тұрмын (К. Баялиев).

**Қалпынша, бүтіндей, түгелдей, қалыбымен, түгелімен.** *Бірі қалмай тұтас, сытыра, шетінен.* Екі кило бола ма? *Қалпынша* кебек қой (Қ. Сатыбалдин). Ережепті Әсеттен кем көрмейтін Зыликаның сыры Қожамқұлдың жанжалын *бүтіндей* теріске шығарды (К. Оразалин). Шынарды біздің ауылдың үлкен-кішісі *түгелдей* Қарақыз дейтін (Н. Серәлиев). Денесін *қалыбымен* суық ұстап, Ызың жел селкілдетіп аңкылдап тұр (І. Жансүгіров). *Түгелімен* қостайды, Ана деп мені сыйлаған («Ақын жырлары»).

**Қалтырақтау, қалтылдау, қалтақтау, қалталаңдау, қалталақтау, қалтандау.** *Қалт-қалт етіп тәлтіректеу, селкілдеу, аяғын нық баса алмау.* Қалайша қыламыз, – деп *қалтырақтап*, Аяғын абыржыды

өптек басып (Т. Ізтілеуов). Ашуланған кездегі өдетімен ұзақтың басы *қалтылдап* кетті (К. Жұмаділов). Омар *қалтақтап*, сүріне түсіп, ербиген талды қармана құлады (Б. Майлин). Ерін аркалап *қалталақтап* басып ол атына барды (Ә. Нұрпейісов). *Қалталаңдап*, қайта-қайта сүрініп, машинаға таянғанда сорлы шал өзгелерден қала берді жырылып (Қ. Жұмалиев). Сейіттің анасы не болғанын білмей, басы *қалтаңдап* әркімге қараумен болды (Р. Райымқұлов).

**Қалтырауық, қалтырақ, қалтылдақ, қалтақ, дірілдеуік, дірілдек.** *Қалт-қалт етіп, дірілдей беретін.* Қарны аш адам суықта *қалтырауық* келеді (А. Жақсыбаев). Жаумен аралары жақындаған сайын қол-аяғына әлдебір *қалтырақ* біте бастады (Б. Нұржекеев). Дір-дір еткен қолың мынау *қалтылдақ*, Төгесің ғой құм аралас алтынды ап («Шығыс жұлдыздары»). Бергін келе басына да, қолына да аздап *қалтақ* кіре бастаған (С. Мұқанов). Ғадис аппараты ашылды да, естілді сымнан дыбыс *дірілдеуік* (Т. Жароков). Ағылшын ұшағының біршама баяу ұшуына қарай зіркілдегі жоқ, *дірілдегі*, шуы аз (Ғ. Мүсірепов).

**Қалың, ну, жиі, бітік, тығыз, қау, қаба, дүм.** *Шөп, егін, орман-тоғай араларының ит тұмсығы өтпейтіндей болу қалпы.* Алтыншы таудан әрі асып, Жетінші тауға жанасып, Қарсақ жортпас *қалыңнан* Қарғып кетіп барады («Батырлар жыры»). Сейхун бойы *ну* орман, Сейхун бойы *ну* қамыс. Аңшылары солардан Аңдиды екен жолбарыс (Ә. Ахметов). Үй арасына үй сыймастай *жиі* тігілген (Ғ. Мүсірепов). Биік те *бітік* бетегелер жібек желдің аймалауымен толқи шайқалады (Т. Әлімқұлов). Биыл егін-шөп бәсекелесіп өскендей *тығыз* да бойшаң («Қаз. әдеб.»). Тығыз өскен *қау* шөпті морт-морт орып, орылғанын кейін онай буып алу үшін ашық жерге апарып қойып жатыр (Ш. Айтматов). Төртбақ, бұйра қою қара *қаба* сақалды, ұзын бойлы капитан кіріп келді (Б. Момышұлы). Бүркіт ұясын таудың шыңына, не *дүм* қарағайдың ішіне салады (Ш. Айманов).

**Қалыңқы, қалық.** *Сәл артта, озық емес.* Қазақ киносы табыстары бола тұра өмірдің өрлеу қалпынан *қалыңқы* екені ойландырмай тұрмайды («Қаз. әдеб.»). Ауыл секторы бұл тұста қала қатарынан сәл кейінірек *қалық* келді (Х. Ерғалиев).

**Қалып, қап.** *«Қал» етістігінің көсемше түрі.* Мен сені күтемін деп, жұмыстан *қалып* қойдым (С. Мұқанов). Бір жылан *қапты* таянып, Шақпақшы мені жайы анық (Ө. Тұрманжанов).

**Қамал, қорған, бекініс.** *Жаудан қорғану мақсатымен жасалған берік, мықты қоршау.* Бізді жаудан қорғаған *қамал* қорған (Т. Иманбеков). Айтады Афросияп хан болғанын, Төрт мың жыл салғанына сол *қорғанын* (Қ. Тоғызақов). Шоқанның туған жері, ескі әскери *бекініс* те бір бүйірде қала берді (Ж. Молдағалиев).

**Қамау, қоршау, қаумалау, қусырмалау, қамалау, қамажаулау, қаумажаулау.** *Жан-жақтан шеңбер жасап қысу, ортаға алу.* Алды-артымызда жау *қамап* келе жатса керек, үш жақтан мылтық даусы

шығады (С. Шарипов). Сәлимаһның есіктен шығуы мүң екен, бір топ әйел оны *қоршап* алды (А. Нұрманов). Жиналыс бітіп, жұрт тараған соң, балалар Сикымды *қаумалап* ортаға алды (Д. Қасенов). Алдымнан екеу, артымнан екеу тап бола кетті де, *қусырмалай* мені ортаға алды (Т. Қойшыманов). Сол кезде сырттағы ат үстінде дүбірлеген, *қамалаған* жұрттың біреуі айғайлады (С. Сейфуллин). Бәрі *қамжаулап*, алқымдап, саскалақтап отырғаным жоқ па («Лен. жас»). Сырттай қарағанда жоңғарлардың *қаумажаулап* келе жатқаны ойларына кіріп шықпайтындай көрінеді (Ә. Әлімжанов).

**Қам-қарекет, іс-әрекет.** *Әртүрлі жұмыс, тындырылатын шаруа.* Бұл жағынан да қаланың *қам-қарекеті* мол (Ә. Нұршайықов). Бала есейген сайын үй ішіндегі ата-анасы мен аға-әпкелерінің *іс-әрекетіне* еліктей бастайды («Келіншектерге кеңес»).

**Қамқор, пана, қорған, қормал, қамшыл.** *Арқа сүйер қиш, тірек тұтар сүйеніш (адам).* Ол үлкен-кішіге де бірдей ақылшы, *қамқор* Төлеппен де қатынасып тұрады (К. Сейдаханов). Кедейлердің ақысын Жегізбеді малдыға, Амангелді *пана* боп Жетім, жесір жарлыға (О. Шипин). Ел *қорғаны* ер болар, Ер *қорғаны* ел болар, Елден қуат алған ер Не мұқтаждан кем болар (К. Әбдіқадыров). Әшім Бекбосынға *қормал* жасағандай жайлаудағы үйіне әкеліп түсірген-ді (К. Оразалин). Төрт түлік малға түгел қора дайын, Жем-шөбін жинап алды *қамшыл* адам («Айтыс»).

**Қамқорлық, қормалдық.** *Қамқор болушылық.* Алексей 1946 жылы әскерден қайтып оралғанша оның үй іші менің *қамқорлығымда* болды (С. Көбеев). Бірер жыл әкемнің жора-жолдастары біздің үйдегі шнеттей бала-шағаға *қормалдық* жасап жүрді («Қазақст. әйелд.»).

**Қамқоршы, қорғаныш.** *Жақтаушы, қорғаушы адам.* Қалыңмал әкесінің, ең жақын туысының немесе *қамқоршысының* пайдасына түсетін («Қазақ ССР тарихы»). Тегі, күндердің күнінде қолдағы байлықтан айырылып қалмау үшін де *қорғанышы* мықты болу керек емес пе (Ә. Нұрпейісов).

**Қампаю, қампию, қомпаю, қомпию.** *Өз-өзінен ісініп-кебіну, әлдеқандай боп дардио, қодию.* Күлмен қағып қасқиып, Салынып ап мақтанға, Таң қаламын *қампайып*, Жоқты барды шатқанға (Абай). Жұдырықтай өкпесі әлдеқашан *қампиып* жарылатын шығар десең, жоқ әменде «өкпеледім» дегенді алдына тарта қояды (С. Сарғасқаев). Әй, Сапбас-ай, – деп әлдекімдердің атын қайта-қайта атап, білгішсініп, *қомпайып* қояды (Қ. Рахимов). Осындайда таныстықтың да септігі тиеді екен, – деп Шымырбай *қомпиып*, тамағын бір қырнап алды (Б. Тілегенов).

**Қамысты, қамысақ, қамысақты.** *Қалың, ну қамыс өскен. Қамысты көл басына қатар-қатар қонған төрт-бес ауылдың қыз-келіншектері алтыбақанның басында екен (Ж. Мұзапаров). Еділдің етегі қамысақ, шүйгін келеді («Қаз. әдеб.»). Көл үсті қарауытып, қоғалы, қамысақты жаға тынып тұр (Ж. Молдағалиев).*

**Қанағатсыз, тойымсыз, нысапсыз, құнпар жерг.** *Еш нәрсені қанағат тұтпайтын ашқарақ, ашкөз (жан).* Өзі тойса да, көзі тоймайтын қанағатсыз бай қарамағындағы кара шаруасының апшысын бидайдай қуырып, жеп қоя жаздайды (Ө. Тұрманжанов). Оны сатқындық жолына жетелеген *тойымсыз* мансапқор құлқын желігі болатын (О. Сәрсенбаев). Әдеп пен нысапта жұмысыңыз болмасын, қайсымыз *нысапсыз* екенімізді көре жатармыз (С. Мұқанов). Қызды көрнеу сатпайды, Сатайын десе батпайды. Көп жеп қалған *құнпарлар* Күңіреніп жатпайды (К. Әзірбаев).

**Қанағатсыздық, тойымсыздық, нысапсыздық.** *Қанағатсыз болушылық.* Малды сүйген қомағайлыққа, сарандыққа, *қанағатсыздыққа* келгенде, жас келін енесінен асып түсті (М. Әуезов). Оның жүзінде ашқарақ шабыт, *тойымсыздық* белгісі бар (Р. Тоқтаров). Ел мүддесінен гөрі өз мүддесін ойлаушылық, *нысапсыздық* байқала түсті (Б. Әбдіразақов).

**Қанағатшыл, нысапшыл, нысапты.** *Барға риза болғыш, місе тұтқыш.* Әкең Үмітбай да сен сияқты барына *қанағатшыл*, аш-тоқ отырса да басқаға емінбейтін еді (С. Мұқанов). Мен *нысапшыл* жанмын, маған осы тіршілігімнің өзі қымбат («Лен. жас»). Бұл *нысапты* карт оның бірін де кәсіп қылып көрген емес («Лен. жас»).

**Қанағатшылдық, нысаптылық.** *Қанағатшыл болушылық.* Оның есесіне бұларда терең байлық – *қанағатшылдық*, тартымдылық, адамшыл тәртіп бар («Қаз. әдеб.»). Ер азаматтың есте тұтар бір қасиеті *нысаптылық* болса керек («Түсіндірме сөздік»).

**Қанар, қап.** *Ішіне зат салатын кенеп, жүннен, я мақтадан тоқылып жасалған үлкен ыдыс.* Мақта салған *қанардан* өзім де көрінбей қаламын («Самғау»). Бұлардың ендігі әңгімесі жол азығын салған *қаптың* қасында созыла берді (М. Әуезов).

**Қандай, қайсы, нендей.** *Бір нәрсені тану, білу үшін, айқындау үшін қойылатын сұрау есімдігі.* Бұл хат сізге *қандай* жолмен келгенін білмейсіз ғой, шеф (К. Исабаев). Естігенім *қайсы*, көргенім *қайсы*, ажыратып алу маған оңай емес (Т. Ахтанов). Содан бері Омар *нендей* өзгеріс, *нендей* жаңалықтың куәсі болмады дейсіз (Б. Тоқтаров).

**Қандайлық, нендейлік.** *Қандай болушылық, қандай бір.* Ғазизаның қасынан кетпей отырып, *қандайлық* күйік болса да осымен бірге тартуды ниет қылған (М. Әуезов). Әсет жастайынан Дүйсенді көріп өссе де, ол кісінің ішінде *нендейлік* қазынаның барлығын білмейтін (К. Оразалин).

**Қант, секер.** *Қант қызылшасынан жасалған ақ түсті кристалды тәтті зат.* Бір центнер қызылшадан 18-20 килограмм *қант* түседі екен (З. Ақышев). Ол бұйра шайға *секер* тастап, күміс қасықпен араластырып отырды (І. Жансүгіров).

**Қанша, неше, қаншау, нешеу.** *Бір нәрсенің сан мөлшерін білу үшін қойылатын сұрау есімдігі.* Мен одан Басөткелге дейін *қанша* жер



екенін сұрадым (Ә. Нұршайықов). Олардың әрқайсысының жасы *нешеде*, білімі қанша екенін анықтаңыздар (С. Сейфуллин). Олардың *қаншауы* қайтып келгенін қазірше ешкім білмейтін көрінеді (Ауызекі тіл). Өнерпаз *нешеу* болса, өрнек те сонша (Мақал).

**Қаншама, нешеме, қаншалық, қаншалықты.** *Талай-талай, өте көп.* *Қаншама* адам сүйгенінен өлідей айырылды бұл соғыста (Ә. Нұршайықов). Бұл арадан *нешеме* сылқым қыз-келіншектерді де көресің (С. Сарғасқаев). Бүкірейе түскен жауырынан бұл адамның *қаншалық* қайғы құшағында отырғанын аңғарды (Қ. Исабаев). Ақын халық үшін *қаншалықты* қызмет істесе, халық соншалықты құрмет көрсеткен ғой (Ж. Молдағалиев).

**Қаныпезер, қанқұйлы, қанішер, қанқұмар, қанқор.** *Бейбіт елге бұлкі салып бүлдіруші, ылаңдаушы.* Осы *қаныпезер* қарақшыларды неге ғана жер жұтып кетпейді екен (Б. Жетпісбаев). Ол әскерге барып, Отанымызды *қанқұйлы* жаулардан қорғауға аттанды (Ә. Жәмішев). Бұл келгендер – *қанішер* жендеттер, бұзық атаманның бұзық солдаттары (С. Сейфуллин). Жолына ұлы күрес шақырам да, Аянбай оқ атамын *қанқұмарға* (С. Мәуленов). Қасасқан жау Қызылбас, *қанқор* Қазан қол бастап шауып кетті Қиятта (М. Әуезов).

**Қаңғыбас, қаңғыма, кезбе, кезеген, жел аяқ сөйл.** *Ел аралап қыдырып күн көргіш, кезіп кеткіш.* Ұшты-күйлі жоғалған көп серіктерінен соң, қос *қаңғыбас* іштей мұн қосқандай жұп жазбайтын (С. Елубаев). Менің қалаға аяғым жетпес деймісің, военкоматтың тура өзіне барып, милициямен айдатып жіберем сендей *қаңғыманы* (Н. Серәлиев). Беталды сапар шегіп, әуреленген *кезбе* жандай, өлшеулі өмірін мағынасыз, мәнсіз өткерген-ді (А. Жолдасбеков). Күлдіргіштеу күлкішіл, қалжыңға ұста, *кезеген* ит тым-ақ көп біздің тұста (Абай). Садыр *жел аяқ* жеңіл бала болатын (Т. Сағымбаев).

**Қаңғыбастану, қаңғыру, қаңғуылдау, тентіреу.** *Бос тентіреу, сенделу, кезу.* Қарайғанға ұрынып *қаңғыбастанып* кететін бала ол емес (Б. Соқпақбаев). Жөн емес жат жолында *қаңғырғаның*, Жақсы ғой өз жұртыңмен жаңғырғаның (Қ. Бекхожин). Түнде атымнан айырылып қалып, содан *қаңғуылдап* келе жатқан бетім (Е. Домбаев). Көшеде ақсақ негр азап шеккен, *тентіреп* талықсыған күйге жеткен («Бейбітшілік дауысы»).

**Қаңтарылу, қаңсу.** *Азық пен тамақтың немесе басқа бір нәрсенің жетіспеуі, құрқол отыруы.* Әкем шай ішіп отырғанда, қызыл өгіз есік алдында оны күтіп, аш *қаңтарылып* байлаулы тұрады (Б. Соқпақбаев). Қырған шақшадан бірдеме иіскеуге күніұзын насыбайдан *қаңсып* келе жатқан қойшы да ыңғайланды (І. Жансүгіров).

**Қап, қаптама.** *Бір нәрсені қаптап қоятын қорғаушы зат.* Қайсар жейдесінің ішінен су өткізбейтін *қабы* бар дәптер шығарды («Тұлпар»). Нүркеннің қолында сыртында *қаптамасы* бар чемоданы бар («Ақ бұлақ»).

**Қапсырма, қаптырма сойл.** *Әйелдердің сыртқы киімінің екі өңірін қауыстырып тұратын әшекейлі күміс ілгек.* Жеңсіз бешпеттерге күміс әшекейлер қадалып, сәнді күміс *қапсырмалар* тағылатын (Х. Арғынбаев). Камзолының *қаптырмасын* жүгіріп келе жатқан бойы шалыс-шалыс лектіріп Жұбай шыға келді (Ғ. Мүсірепов).

**Қапсыру, қаусыру.** *Қымтай құшақтау.* Ержан оқ тиіп құлаған Күләнданы *қапсыра* құшақтан алды (Т. Ахтанов). Әттең, шіркін-ай, Ментайдың ақ денесін *қаусыра* құшып жатқан жаңағы қызыл көрпе қандай ғажап, – деп ойлаймын ішімнен (Ә. Нұршайықов).

**Қапталғы, параллель.** *Бір нәрсеге тең, бара-бар, қатар.* Олар *қапталғы* көшемен қалалық кеңсеге жүрді (З. Шашкин). Бір ғана оқушы болса, онда жеке тапсырма бойынша *параллель* қайталау жүргізіп отырады («Қазақст. мект.»).

**Қапталдау, қиялау, қабырғалау.** *Тау беткейімен қиғаштай жүру, қиямен жүру.* Қараспан тауын *қапталдап* Тартты жаулап бір состав (С. Бегалин). Оқжетпестің ар жағын айналып, Көкшенің биігіне *қиялай* өрледік (С. Мұқанов). Біршек тағы да бағытын өзгертіп, қайтадан қаншық кеткен жаққа *қабырғалай* салды (С. Жүнісов).

**Қаптау, қанарлау, дағарлау, қапшықтау.** *Бір нәрсені қапқа, дағарға салып толтыру.* Бибі диірменнің ішінде тартылған ұнды шетінен *қаптап* отыр (С. Мұратбеков). Діқаншылар қырмандағы қызыл астықты *қанарлап* Отан қоймасына құйып отыр (М. Жұмағұлов). Қырмандағылар астықты кептіріп, шетінен *дағарлап* отыр («Советтік шеғара»). Орал тауынан ерген алтын-күмісті құлазыған далаға *қапшықтап* апарып шашып жатырмыз (Ғ. Мүсірепов).

**Қаптау, қаулау, қаптағайлау, құжынау, бықынау.** *Толып кету, көп болу.* Таңертең ит үріп, көрші ауылдың адамдары *қаптап* келіп, ауылды азан-қазан қылып жатқанда ояндық (І. Жансүгіров). Уа, халайық, ел-жұртымыздың басына қатерлі күн туғалы тұр. Күншығысың мен оңтүстігіңнен *қаулап*, қалың жоңғар келе жатыр, – деді Қаракерей Қабанбай батыр (І. Есенберлин). Маңғұлдың тосқауыл әскері аяқ астынан *қаптағайлап* ұрысқа шықты (Ә.Кекілбаев). Ертемен кеңсеге келсем, есіктің алды *құжынаған* солдат (Х. Рахимов). Осыншама *бықынаған* шардың арасында басқа бояулы біреуі болсайшы (Қ. Исабаев).

**Қапы, қапыл, қапыс.** *Өкініш, опық жеушілік.* *Қапыда* өткен дүние-ай, Аяғына айдай таға қақтырып, Еділдің күзгі қатқан көкше мұзындай, Шауып кетсем тая алмас («Ер Тарғын»). Сол екен нағыз күшті ең бір батыр, Қалмаймыз, қадірлі күн, енді *қапыл* (Ғ. Қайырбеков). Сонымен аздап *қапыс* боп, Белгісіз ұрымен шатыс боп, Жаланапш қалып запыс боп, Қызметке мәйкішең келетін болдық (О. Әубәкіров).

**Қапыста, абайсызда, қапелімде, қапияда, қапылыста, оқыстан, аңдаусызда, қапыда, қапыдан, байқаусызда, жазатайым, аңсызда.** *Аңдамай қалып, байқамай тұрғанда.* *Қапыста*, батыр, кеп қалдың, Көңіліме тоқтау шек салдың (Қ. Жапсарбаев). Менің бел бай-

лаған тәуекелім – жауды *абайсызда* оған сездірмей басып қалу (Б. Момышұлы). *Қапелімде* сөз таба алмаған Жантуар күмілжи берді (С. Шаймерденов). Қараңғы түнде қол бастап, *қапияда* жол тауып, жауды жайратқан Заслоновтың есімін Одақта білмейтін жан жоқ (С. Мәуленов). *Қапылыста* біреу қойып кеп қалғандай, көкірек тұсы зырқ ете қалды (Б. Нұржекеев). Күзетшінің айтағы басында қатты үріккендей болып *оқыстан* шықса да, аздан соң басылып қалды (М. Әуезов). Нұржан *аңдаусызда* талайдың аяғын басып кетіп, сөгіс те естіді (Ә. Әбішев). Ұйықтап жатқан өкілдерді *қапыда* қолға түсіріп, қаруларын алды (Ж. Еділбаев). Баталыон «маршпен» дұшпан тылына білдірмей өтті де, *қапыдан* келіп соқты (С. Сарғасқаев). Бектал *байқаусызда* қатты дауыстап жіберді (А. Байтанаев). Бұлардың жаман ауына *жазатайым* ірі балық түссе де, шірік торлар жыртылып кете беретін (Ә. Нұрпейісов). Мына мейрімсіз жандардың ішіндегі көктен түскен шапағатшыл ма, әлде бұл да мендей *аңсызда* қолға түскен пенде ме (Х. Есенжанов).

**Қарадан-қарап, жайдан-жай, қараптан-қарап, бостан-бос.** *Тектен-тек, құр бекер, құр әншейін.* Ылғи *қарадан-қарап* бос жүретін болған соң, заводтың қыз-келіншектерін айналдыратын (С. Сейфуллин). Баласы сол келген адамдардың *жайдан-жай* келмегенін сезгендей («Жау тылы»). Қынама кейде тіпті *қараптан-қарап* отырып, меңірейіп қалатынды шығарды (А. Хангелдин). Қыздарға тиісін, *бостан-бос* көше таптауды машық көрмедім (З. Шашкин).

**Қаражат, қаржы.** *Күнделікті құнкөріске, қажетке жұмсалатын ақша, пұл.* Оқуға көп *қаражат* керек болғандықтан, біраз іс басында болсам ба деп едім (Х. Есенжанов). Комбинат өнімді мол беріп, артығымен орындаса, бізде *қаржы* болады (С. Бақбергенов).

**Қаражатсыз, қаржысыз.** *Қаражатты жоқ.* Биыл *қаражатсыз* емеспіз (Ауызекі тіл). Аяқ астынан асығыс, *қаржысыз* шығып бара жатқан ағасының ернінің емеурінін олар түсінбеді (Б. Қыдырбекұлы).

**Қаражатты, қаржылы.** *Қаражатты бар, әлді-ауқатты.* Ондай жағдайда өздерінің *қаражатты* ағалары мен әпкелерінен, атасы мен әжесінен олардың көмек талап етуге хұқығы бар («Семья тәрбиесі»). *Қаржылы* адамдар көмек қолын созар деген үміттеміз (Ауызекі тіл).

**Қарайлау, қарағыштау.** *Қайта-қайта қарау.* Қашса, тарланбоз жеткізер емес, бірақ Керей жолдастарына *қарайлап*, ат басын тежей берді (Ғ. Сланов). Жан-жағыма *қарағыштай* жүрегімнің алқынғанына қарамай жүгіріп келемін (Ө. Қанахин).

**Қарақаптал, киенкі.** *Жылқыда болатын жыныстық ауру.* Тәжірибеде шыжын биеге шапқан айғыр *қарақаптал* ауруына ұшырайды (Х. Арғынбаев). Қарақаптал айғырдан биеге жүкса, *киенкі* деп аталады (ҚСЭ).

**Қара-құра, қараң-құраң.** *Адам мен мал шоғыры, тобы.* Ауылдың қыдырмашылары да ауылдағы *қара-құраны* молайтып ертеңді-кеш

топырды көбейтіп жүр (М. Әуезов). Ет жеп, шай ішіп, әңгімеге қанған қариялар *қараң-қураң* болып, үйлеріне қайтып бара жатты (С. Мұратбеков).

**Қаралу, көріну.** *Денсаулықты тексерту, емделу.* Доктор Шұғылов наукастанып, Орал қаласына *қаралу* үшін кетті (Х. Есенжанов). Егер адам аза бастаса, тез дәрігерге *көрініп*, ауруханада емделуі керек (А. Дайыров).

**Қараңғы, көрдей, тастай, түнек, қап-қараңғы, тастай қараңғы.** *Қараңғылыққа шомған, көзге тұртсе көргісіз.* Өткен түн бұлты қалың, *қараңғы*, дауылды түн болды (М. Әуезов). Әуелінде маған *көрдей* көрінген бөлме іші бірте-бірте сейіліп, көзім үйрене бастады (С. Сарғасқаев). Үйдің іші *тастай* қараңғы («Бөйшешек»). Ат құлағы көрінбейтін қара *түнек* басты да кетті (М. Жұмағұлов). *Қап-қараңғы* үйдің ішінде де манағы дөң үстіндегідей көк сағым көлкіп тұрғандай (Ә. Кекілбаев). Түн көзге тұртсе көріксіз *тастай қараңғы* екен (Ө. Қанахин).

**Қарапайым, жабайы, жұпыны, жай, қарабайыр, жобалғы сөйл., жөнтек сөйл.** *Көз тартарлықтай емес, қалай болса солай, алқам-салқам.* Қонақ қанша *қарапайым* болғанымен, үй иесі оның председателі екенін еске ала берді (К. Баялиев). Ол милиционерлік белгісінің бәрін тастап, *жабайы* киініп алған еді (К. Оразалин). Ауыл тұрмысы *жұпыны*, қай үйге кірсең де, жер еден, аласа дөңгелек үстел (Ә. Әлімжанов). Ол да осы қаладағы май зауытында *жай* қызметкер болып істейтін (Ә. Шәріпов). Мұндағы адамдар – *қарабайыр* сауыншы емес, жалықпай ізденгіш творчестволық еңбек адамы (С. Сарғасқаев). Қара мұрт бұл жігіт, өте *жобалғы* киінеді екен (С. Мұқанов). Көкшіл кителінің сыртынан *жөнтек* қана бірденені кие салыпты (Ә. Шәріпов).

**Қарауыту, күңгірттену, бұлдырау.** *Қараңғы түсіп түнеру, күңгірт тарту.* Кеш болып, *қарауытып* бұл та төнді (Ғ. Малдыбаев). Төңірек бірден-бірге *күңгірттеніп*, қою тартып келеді (Б. Соқпақбаев). Үй іші қара күңгірт тартып *бұлдырай* бастады (Б. Майлин).

**Қараша, қауыс қоне, ноябрь кітаб.** *Күздің соңғы айы.* Ақырап, *қарашаның* өзінде күн бір суытса, бір жылынып тұратын (С. Әбдіхалықов). Шіркін, ешкі түшкіріктің өзін жаңғыртып алып кететін *қауыстың* қызыл шұнақ аязы болар ма еді дейді (А. Сүлейменов). Кешкі сағат жеті еді, *Ноябрьдің* алтысы, сұлу сазын шертеді, Музыканың тактысы (Т. Жароков).

**Қараю, тотығу.** *Күн тиіп, жел қағып қошқылдану.* Күн қағып, шаң басқандықтан, Бұтабайдың жүзі *қарайып* кетіпті («Өзбек әңгімелері»). Күн мен желге *тотыққан* қара сұр жүзі кешкі шапақпен тот басқан темірдей күреңіте құбылды (Н. Серәлиев).

**Қарбаласу, асып-сасу.** *Тез-тез, сасып сасқалақтап қимылдау.* Ас үй мен қонақ үй арасында Майбасар мен Жақын та *қарбаласады*

(М. Әуезов). Бірденеден қалып қоярдай *асып-саспа* жүріп, жуына саламын да, автобусқа қарай жүгіремін («Лен. жас»).

**Қарға, ұзақ.** *Қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын еті арам құс.* Бола алмас *қарға* қыран қарқылымен, өзінше о да ұшқан боп шарқ ұрса да (Аймангүл). Таралды күймелі арба, жайдақ арба, Аспанда топ-топ ұшып *ұзақ* қарға (І. Жансүгіров).

**Қарғам, қарлығашым, балапаным, қарғатайым, қарғашым, көгершінім.** *Баланы, өзінен кішіні еркелетіп, әлпештеп айтатын ізет атауы.* *Қарғам-ау*, отырып демалсаңшы, шаршадың ғой, – деп Әміржанның шешесі жанашырлық білдіріп жатыр («Жұлдыз»). Бір жасадым, екі *қарлығашым* келіп, – деп Айша апай төкті ыстық көз жасын көп (Қ. Жұмағалиев). *Балапаным*, балдырғаным, Сендер үшін бақыт таңын, Қорғайды анаң қиып жанын, Қорғайды әкең төгіп қанын (М. Хакімжанова). Солдат бермейміз деп азамат атқа мінгенде менің *қарғатайым* да бір тайға мініп далбандап шауып жүрді (Ғ. Мүсірепов). Қалған күнім қасында өтсін, *қарғашым*, Тірлігінде түк көрсеткен жоқпын ғой (С. Жиенбаев). *Көгершінім-ау*, жұлдызды айтасың екен ғой, –деп әкем Жәния мінезіне сүйсіне күліп, төбесін көтерді (Ә. Сәрсенбаев).

**Қарғампаз, қарғысшыл, қарғағыш.** *Қарғысты көп айтатын, қарғыс айтуға бейім.* Рәзия әпкей *қарғампаз* болып алған, қит етсе қарғауға дайын тұрады («Мәдениет және тұрмыс»). Бұл секілді жарымжан әрі көне көзділер тыжырынғыш, қырсық, *қарғысшыл* келеді ғой (Ж. Нәжімеденов). Кейбір адамдардың соншама *қарғағыш* болатынына түсінбеймін, – деді Анар ренжіңкіреп («Жалын»).

**Қарғау, лағынеттеу, нәлеттеу, қарғыстау, қарғап-сілеу.** *Жек көрген адамды балағаттап сөгу, тілдеу.* Күйеуін Ділда талай ызаланып жамандап, *қарғаған* да болатын (М. Әуезов). Екі кішкентай баланы *лағынеттеп* қуып келе жатқан өзіміздің көршіміз Сейілхан екен (Ә. Бүркітбаев). Төртінші күні боран басылмаған соң әкесі белсенді атаулыларды түгін қоймай сықпыртып *нәлеттеумен* болды (Қ. Сегізбаев). Кедей батрактар олардың арттарынан топырақ шашып, *қарғыстап* қуып шықты (М. Жұмағұлов). Қарадай *қарғап-сілеп*, бүкіл ауылды басына көтеріп Токбибі жүр (Б. Тілегенов).

**Қарғымпаз, қарғығыш, секіргіш.** *Қарғауға бейім.* Қарағайлар қамал бұзар ерлер ме, *Қарғымпаз* кіл тұлпар мінген тұмарлап (Д. Әбілев). Биіктен суға *қарғығыш* түрінен де спортшылар жарысқа қатыспақ («Спорт»). Ол мектепте оқып жүрген кездің өзінде-ақ шапшаң жүгіретін әрі *секіргіш* еді (Ғ. Тәшімбаев).

**Қарғыс, лағышет, нәлет, нағылет.** *Жек көрген адамға айтылатын жаман тілек.* Жасымның жүзге жеткені – Алты алаштың алғысы. Екі көзімнің кеткені – Қарақожаның *қарғысы* («Жидебай батыр»). Кешегі қауесет бетіне шіркеу боп, бойын тежеп, аяқ-қолын бүріп отырғанын қарашы, *лағынет!* (З. Шашкин). Сіз өзіңіз жазушы болған

соң ұлы ақынды өлтірген жауызға *нәлет* айтып, жеркенетін боларсыз (Ғ. Мүсірепов). Көріңде өкіргір, Әлмағанбет! Сатқын болып шықтың ба? Құдайдан безген *нағылет* (Т. Дәуренбеков).

**Қарташыл, қартакеш.** *Қарта ойнауға құмар. Қарташыл* қасқабастарды, соларға ермек болсын деп, өзің секілді Тасбастарды шақырып қамданып жатырмыз (О. Әубәкіров). Мұның шүйіркелесіп тіл табатыны кеңсірігі қусырылған *қартакеш* қу Кемелтай осы өзі (Ә. Қалмырзаев).

**Қартаю, қаусау.** *Жасы келу, жасы ұлғаю.* Сөйтіп біздің шал *қартайғанда* осындай өнер шығара бастады, – деп бітірді Ақан әңгімесін (Ә. Тарази). Ақшолақов – пенсияға шыққанына он бес жылдан асып кеткен *қаусаған* шал (І. Есенберлин).

**Қару, құрал, сайман, аспап, жабдық, жарық сөйл.** *Белгілі бір еңбек өнімін өндіруде пайдалануға қажетті аспап.* Кеншінің алмас *қаруы* әрі жан серігі ғой бұл бұрғы (Ө. Ахметов). Үздіксіз еңбек ету барысында адам өзінің *құралдарын* жетілдірумен болды («ҚазССР тарихы»). Көктем туа арба жөндеуге керекті *саймандар* жасала бастады (С. Мұқанов). Оразхан қоймай сұрап жүріп сөрелер жасатып, барлық *аспапты* түр-түрге бөліп, тізіп қоятып болды (С. Хайдаров). Станциядан өз көлігімен ағаш, әртүрлі *жабдық* тасыған маусымда жұмысшылардың арасында екі трактор да жүк тасып жүр (Ғ. Мұстафин). *Жол жарығы* сай болсын (М. Әуезов).

**Қарулану, жарақтану.** *Қару-жарақпен жабдықтану, құралдану.* Винтовка және қол гранаталарымен *қаруланған* қызыл отряд ата-калаған казактарды маңына жуытпады (Х. Есенжанов). Есепсіз әскер ертіп *жарақтанып*, Есіткен елдеріне жүріп кетті (Абай).

**Қарымта, қарым, қарымжы, қармыжы, өтесін, төлем, өтеуі, есесі, сырымта.** *Еткен еңбек, жасалған жақсылыққа, қиянатқа жасалатын қайтарым, есе.* Қоңыр күз – диқанның ала жаздай еткен еңбегінің *қарымтасы* қайтар шақ (Ш. Есмұрзаев). *Қарым* қайтаруға Мирастың мүмкіндігі болмады (Ә. Тарази). Ол бірақ сақина өзіне сан рет келгенде, бір рет те *қарымжысын* қайтара алмады (Ғ. Мұстафин). Тірлік болса, маған көрсеткен сый-құрметіңіздің *қармыжын* қайтарармын (С. Омаров). Екінші шал Сырымға: – Жә, осы сен беріп жатырсың, төгіп жатырсың. Ал енді осы ненің орайы, *өтесіні* не болмақ? – деді (М. Әуезов). Төкең торайлардың *төлеміне* Маукеңнің көк байталын алды (К. Намангенов). Әкеден көрмеген қамқорлықты осы кісіден көрді, *өтеуі* не болмақ? (М. Дүйсенев). Керек десеңіз оның кісиде кеткен *есесі* жоқ, өзінің мойнында кісінің *есесі* бар (Р. Тоқтаров). Көргендерге барымта, көрмегенге *сырымта*, көрнеу қылған зорлықты (К. Әзірбаев).

**Қарындас, сіңлі.** *Бір анадан туылған бауырлардың жасы кіші қызы.* Оның Жібек дейтін *қарындасы* Ташкенттің политехникалық институтында оқиды (Ғ. Сланов). Ертеңінде Баян Қозының келгенін

шешесіне, *сіндісіне* айтып, олар келіп, оңашада Қозымен көрісіп амандасты (С. Сейфуллин).

**Қасақана, әдейі, жорта.** *Біле тура қыңырлықпен, қисықтықпен.* Балдағы бар жігітті көрдім-дағы *Қасақана* сауал бердім келдім де (Қ. Аманжолов). Бөрібай кемпірдің жерінен бір-ақ шыққысы келіп, *әдейі* жерін айтпай, руын айтты (Т. Ахтанов). Махамбеттің көлденең тартқан атынан бас тартып, Исатай жау ішінде *жорта* жаяу қалып түр (Т. Әлімқұлов).

**Қасақы, қаскүнем, қасқой, қастанды, қасқой, сұрқылтай.** *Арам ниетті, жаман пиғылды (дұшпан).* Сүттей ұйып отырған семьяны *қасақы* тағдырдың бір шикі өкпеге зар қылып қойғанын қайтерсің («Мәдениет және тұрмыс»). Бақытжанның жинап қойған үш мая пішенін *қаскүнем* біреулер өртеп жіберген (Б. Аманшин). Жәрдем Тілеков – қару-жарағымен де, қаламымен де *қасқой* жауды жамсатқан жауынгер жазушы (Ж. Тілеков). Салынған аққан термен үйімізді сақтастың, – деді Конев, – *қастандыдан* (Қ. Көпішев). Осы тұрған ашынған жұрттың *қасқой* жауы, қандықол айыпкері сенсің, – деді зілденіп (Ә. Әбішев). Адам баласының сорына қашанда, қай заманда да бір *сұрқылтай* кездеспей қалмайды (Ғ. Сланов).

**Қасапшы, сойымпаз, сойғыш қарап.** *Мал соятын етші, шебер, маман адам.* Сүлеймен – жас кезінде Қызылжар қаласындағы ет зауытында істеген белгілі *қасапшы* (С. Бегалин). *Сойымпаз* жігіттер көзді ашып-жұмғанша қара-сұр денелердің бірінен екіншісіне көшеді (Ә. Сәрсенбаев). Үйге Жаңбыршы ата қонғалы келеді, *сойғыш* болсаң бір қойынды бүгін сой (М. Тиесов).

**Қасармалық, қарыспалық, қарысушылық.** *Қасарма болушылық.* Кінәнді мойында, түзел, жөн жүр, *қасармалықтан* пайда жоқ (Ә. Қарағұлов). Зейнеп оны сезсе де, сүйекке біткен *қарыспалық* еркін алып, бір табанға шейін бас имейтін (Б. Майлин). Сенімсіздік әдетте адамды қатуландырады, кемшілігін түзетудің орнына *қарысушылық* туғызады («Семья тәрбиесі»).

**Қасастық, қасақылық, өшпенділік, қасқойлық, қасқойлік.** *Біреуге жамандық ойлаушылық, өштескендік, қаскүнем болушылық.* Көздеріңіз көрді, егер Жәуке *қасастық* жасамаса, Көктайрақ бірінші келетін еді, бас бөйге біздікі десті (М. Мағауин). Сыртқа сыр бермеген, екеуі не *қасақылық* емес, не сыйластық емес бір түсініксіз қалыпта томаға-тұйықпен ғана өмір кешісіп келе жатқан (Ш. Құмарова). Дардан айтса *өшпенділікпен* айтқан болар деп, құлақ аспаушы ем сөзіне (А. Хангелдин). Қаншама кешірім жасағанымызбен, олар көре алмас қызғаныштығын, *қасқойлығын* қоймады («Жас Түркістан»). Өмірде ізгілікпен қабат *қасқойлік* те қалған емес, әлі де қалмайды (Е. Тұрысов).

**Қасиетті, қастерлі.** *Аса құрмет тұтатын, қастерлейтін.* Бүгіннен бастап бөріміз *қасиетті* Отанның солдатымыз, қорғаушысымыз

(М. Фабдуллин). Айтып тілім жетпейтін, *Қастерлі* қалың қасиет Тольпы жатыр елімде (Жамбыл).

**Қаскөйлену, қаскүнемдену, қасасу.** *Қастық ойлау, жамандыққа бару.* Тұрғандар бірер секунд аңырып қалды да, бағанадан *қаскөйленіп* баққан Әріпбек пен Оразбай Ганкеге қарады (Ә. Әзиев). Өмірде жамандық ойлап, *қаскүнемденетін* адамдар да аз емес (Қ. Қуанышбаев). Жүрісімді сұрама, *Қасасқан* жау Қызылбас, қанқор Қазан қол бастап, шауып кетті Қиятты (М. Әуезов).

**Қасқаю, қасқию, қасқару.** *Қаймықпай тура ұмтылу, тайсалмау.* Адамзаттың қамын ойлап *қасқайған* Сендерге арнап шын көңілден жырладым (М. Хакімжанова). Сабазым *қасқиып*, сойылды сілтеп жүр екен, мен де қызынып аттың басын ыңғайлап-ақ алып ем (Б. Майлин). Қанаты талмас дауылпаз *қасқарып* алға заулайды. Әрі дос саған, әрі ұстаз, Жаныңды дәйім баулайды (Ф. Орманов).

**Қасқыр, бөрі, серекқұлақ сөйл., ұлыма эвф., ит-құс этногр.** *Малға шабатын ит тұқымдас жыртықшы аң.* Төртінші күні кешке ғана ұлыған *қасқырлардың* дауысын естіді (Р. Сейсенбаев). Алыстан ұлыған басқа *бөрілердің* де үні еміс-еміс естіледі (Т. Әлімқұлов). Соңынан күйрегі сөлендеген *серекқұлақ* желіп келеді (Б. Тоғысбаев). Қасқыр ұлиды, қой маңырайды, солардың дыбыстарына қарай «*ұлыма*», «маңырама» дей салу қандай жеңіл (С. Талжанов). Осы жылдар ішінде бір-ақ тоқтыны *ит-құсқа* тартқыздым (Б. Токтаров).

**Қасқырдай, бөрідей.** *Қасқыр сияқты, қасқырға ұқсап.* Сан жағынан басым жау қорқау *қасқырдай* қарсы шапты (С. Сейітов). Бәйбіше келді алаңдап, Жас *бөрідей* жалаңдап, Жерігі қанбай сандалды («Алпамыс»).

**Қасы, жаны, маңы.** *Адам мен ауыл-үйдің ең жақын тұрғысы.* Абайдың *қасынан* асыға шыққан Дәрменнің демінде күрсіну білінеді (М. Әуезов). Желсіз түнде жарық ай, Сәулесі суда дірілдеп, Ауылдың *жаны* терең сай, Тасыған өзен күрілдеп (Абай). Жаулар тұр жау-таңдап, Келе алмай *маңыма* (А. Токмағамбетов).

**Қасыну, қышыну.** *Дененің қышыған жеріне тырнақ батырып тыныштандыру, тырналау.* Денесінің кейбір жерлерінен қаны шығып тұр, бөсе, түні бойы тыр-тыр *қасынуы* жаман еді (С. Сарғасқаев). Қотыр болған қой жайылудан қалып, өз-өзінен *қышынып*, мазасы кетеді (С. Тілеубергенев).

**Қатал, қатаң, қытымыр.** *Рақымсыз, мейрімсіз, тас бауыр.* Жұмабек өзінің дәл қазір соншама *қатал* болып кеткеніне таңғалып тұр (Б. Тілегенов). Бюрода осындай *қатаң* да әділ шешім қабылдауы адам тағдырын алдыңғы шепке қойғандық еді (Ф. Оразаев). Бұл кісі отбасында қаншама ызақор, *қытымыр* болғанымен, тым тамақсау (З. Жәкенов).

**Қаталдану, қатаңдану, қытымырлану.** *Қатыгез, қатал болу.* Ол осы сәтте *қаталдана* қалған сезімді сергіту үшін әдейі осылай



сөйлеп отыр (Қ. Тұрсынқұлов). Капитан күн сайын *қатаңданып*, өскери тәртіпті күшейтуге тырысты («Жұлдыз»). *Қытымырланып*, Жұмабектің жан-жүйесін тілгілеп барады (Ә. Әлішев).

**Қаталдық, қытымырлық, қатаңдық.** *Қатал болушылық.* Біз талап қоюшылық пен *қаталдық* деген ұғымның айырмасын өбден анықтап, терең түсініп алуымыз керек (Б. Момышұлы). Кемедегілер капитанның тәртіп сүйгіштігін әдепкіде *қытымырлықпен* шатастырған еді (Б. Әбдіразақов). *Қатаңдықтың* да шегі бар емес пе («Қазақст. әйелд.»).

**Қатар, қабат, қоса, бірге, үстіне.** *Қатарма-қатар, бірлесе, қабаттаса.* Ол ой еңбегінің екі маңызды салаларымен *қатар* шұғылданып, әрі ғалым, әрі көркем творчествоның шебері болды (Е. Байзақов). Оқумен *қабат* ұйым жұмысын дұрыстап алғанша тыным таппады (С. Бегалин). Байбол салы суға кете, *қоса* аттанды (Ф. Мұстафин). *Бірге* тұмақ болса да, *бірге* жүрмек жоқ (Мақал). Мұның *үстіне* қайнағамның үш баласы да біздің қолымызда өсті («Қазақст. әйелд.»).

**Қатаю, қаттығу<sup>1</sup>.** *Өсіп жетілу, ширау.* Адам еркінің күштілігі неше түрлі ауыртпалықты жеңу үстінде шыңдала түседі, онан сайын *қатайып* беки береді (Қ. Жарықбаев). Әлі *қаттықпаған*, бұзылмаған балаң дауыс, бала даусы «мен пәкпін, мен тазамын» дейді (М. Мағауин).

**Қатаю, қаттығу<sup>2</sup>.** *Қатты күйге көшу, беки түсу.* Асқабақ жемісінің сыртқы қабығы қалындап *қатайғанда* толық піседі (А. Алманиязов). Сазды жер әлі *қаттықпаған* (Б. Соқпақбаев).

**Қателесу, шатасу, жаңылысу, адасу, алжасу, жаңылу, жаңсақтау, шатастыру қарап.** *Ағат іс істеу, теріс жолға түсу.* Сержант *қателесе*, бөлімше кырылады, – дейді командир (Б. Момышұлы). Менің ойым да, жағдайым да тіптен *шатасты* (С. Мыңжасарова). Әрине, мұндай есептен *жаңылысу* көп жабдықты атүсті жасауға әкеп соқтырған (І. Омаров). Мұндай арпалыс үстінде жас адамда толқу, *адасу* болмай тұрмайды (М. Иманжанов). *Алжасып* тұрған шығарсың, кім керек елі (Х. Есенжанов). Жаза баспас *жаңылып*, Махаббат күші өктем ғой, Саргая күткен сағынып, Ғашығы сырдың көктем ғой (Ә. Оңалбаев). Көз сүрініп, қол *жаңсақтамас* үшін қатар-қатар камыс қада қағып қойған дұрыс (Б. Әбдіразақов). Бекет қартқа дұрыс мәлімет бермей, қасақана *шатастырып* отырған сияқты (Қ. Зәкенов).

**Қат-қат, қатпар-қатпар.** *Қабат-қабат, қыртыс-қыртыс.* Жатыр *қат-қат* тау Теңдес шежіресі жиналып. Мыңнан бірін еңсермес Мен түгілі Иванов (М. Әлімбаев). Осыншама *қатпар-қатпар* жер қыртысындағы кенді ашық шахтада өндірудің өзі қанша пайдалы («Лен. жас»).

**Қатпарлану, әжімдену, қалталану, шалбарлану.** *Бет-жүзге әжім түсіп, құрысып тұру, әжім басу.* Төлеген бір нәрсені ойласа, қабағы *қатпарланып*, жінішке сызықтар пайда болады («Лен. жас»).

Жүзі *әжiмдене* бастаған Сақып Маржанға шай қамдатып, өзі ұршық иіріп отыр (З. Иманбаев). Сұрғылт үлкен коздің ақ еті қызарып, асты *қалталанып* тұр (М. Сүндетов). Жездеміз жетпіске толған, бет-ауызы қатпар-қатпар *шалбарланған* (С. Мұқанов).

**Қату, тоңазу, мұздау.** *Температураның төмендеуінен заттың суып, мұзға айналуы.* Ауыздан ұшып шыққан түкірік жерге барып жеткенше *қатып* қалады (З. Ақышев). Қанеки, ішке кірейік, қуырдақ *тоңазып* қалады (Д. Досжанов). Мұздатқыштағы піскен қазы-қартаны *мұздаған* қалпында жедік (Ауызекі тіл).

**Қатулану, қаһарлану, жігерлену, қатаю, беку, батырлану, қайраттану, буырқану, ызбарлану, сұстану.** *Ашу шақырып тұнеру, ұрықтану, ширау.* Ол *қатуланып* алыпты, даусы да өзгерген – кәдімгі командирше бұйыра сөйлейді (Ә. Бектемісов). Аттан шықса дүр сілкініп, *қаһарлана* аттанатын қазақтардың әдеті ғой (Абай). Айтылары айтылған соң мен оның ашуына қарамадым, *жігерленіп* алдым да, ақтарыла сөйлеп кеттім (Ж. Дүйсекеев). Қорлықты көп көрген адам қайта *қатаймай* ма? (С. Ерубаев). Шырағым, *бекі* енді, Қаншама бос болсаң да (Қ. Аманжолов). Ақыштың алдында өзінің белсенділігін көрсетемін деген сертке мінгендіктен *батырлана*, көтеріле сөйледі (Б. Майлин). Ел басына күн туғанда Жомарт ата *қайраттанып*, қайта атқа конды (С. Омаров). *Буырқанып*, бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Ашу қысты денені («Алпамыс»). Ол неміс майорының өңменінен өткізе *ызбарлана* бір қарап алды (Б. Момышұлы). Дүкенұлы ішінен мазақ қылған старшинаға *сұстана* қарап, назарын тайсалдырмады («Лен. жас»).

**Қатыгез, қатыбас, қатыбезер.** *Аяушылықты білмейтін, мейірімсіз.* *Қатыгез* хан, катал бай гартып апты топталып, Өз жемісін тата алмай, қамығыпты көп халық (М. Әлімбаев). Қайтіп жаның ашымас, Неткен заман *қатыбас*. Еткен еңбек, төккен тер Қалай түкке татымас (Жамбыл). Хан деген осындай *қатыбезер*, озбыр болады екен ғой. Ауруынан жаздым, енді менде несі бар (А. Хангелдин).

**Қатыгездену, қатыбастану.** *Қаталдану, мейірімсіздену.* Бұл мінезі әсіресе көршілес черкестерге дегенде өте *қатыгездене* түсті (І. Есенберлин). Ол өзінің күн сайын *қатыбастанып*, қайыс тақымданып кеткеніне күйінді (Д. Досжанов).

**Қатыгездік, қатыбастық, мейірімсіздік, рақымсыздық.** *Мейірімсіз болушылық, қатыгез болушылық.* Қадірлі апатай, біржола қаранды өшір дегеніңіз *қатыгездік* болар (С. Шаймерденов). Мыржақып, мен сенің баяғыда ұстазың болып едім ғой, осынша *қатыбастығың* ба маған айтқан алғысың (М. Жұмағұлов). Мақтапбергеннің қаталдығы, *мейірімсіздігі*, жауыздығы бүкіл елге белгілі (Ж. Тәшенов). Залым құрттар қан сормасын, бітсін деп, Сүйген жалғыз бейнетқорлар жүрегі, Тасбауырлық, *рақымсыздық* кетсін деп (И. Байзақов).

**Қатықсыз қаужұмыр.** *Қатық қосылмаған, қатығы жоқ.* «Сексен бес коремін деген жасым ба еді, *Қатықсыз қаужұмыр* көже ішемін деген асым ба еді» деп, көкірегі қарс айырылып, әкесінің қоштасқанын көрген (С. Бақбергенов).

**Қатынас, байланыс.** *Аралас-құралас, қарым-қатынас.* Ленинград қоршауда тұрды, көктен, жерден *қатынас* үзілді (С. Мәуленов). Алғашқы жылы *байланысымыз* үзілген жоқ (Р. Райымқұлов).

**Қатынау, қатысу, қатынасу.** *Аралас-құраласқа түсіп барып-келіп тұру.* Атты казак-орыстардың азық-түлік таситын жолдарын кесіп, не әрі, не бері *қатынатпа*, – деп тапсырды Ыдырыс (С. Шәріпов). *Қатысқысы* келетіндер Осташево қаласын екіге бөліп жатқан Руза өзеніне салынған үлкен тас көпірден өтеді (М. Фабдуллин). Екеуі бір-біріне *қатынасып*, әйел адамдарға ғана тән қиынас тату, сырлас боп кеткен (Ф. Оңғарсынова).

**Қатыңқы, шытыңқы, түйіліңкі, қату.** *Өңі жүдеу, жүзі сынық, ренішті, көңілсіз.* Енді, бауырым, тіпті жалғыз қалдың, – деді Асан қабағы *қатыңқы* түрмен (Ғ. Қайырбеков). Ұйқылы күйінің өзінде қабағы *шытыңқы*, жүзінде реніш көлеңкесі байқалатындай (З. Шүкіров). Баласының жүзі сынық, қабағы *түйіліңкі* көрінді («Бал дәурен»). Мінбедегі Қабекенің қабағы *қату*, бірақ қажу емес, көзінде ұшқындаған әлдебір белгісіз қайрат, жігер оты бар (З. Қабдолов).

**Қатырлату, күтірлету, қашырлату.** *Ауызға түскен тамақ пен жемді қатыр-құтыр шайнау.* Алдына қойған арпаны торы ат *қатырлатып* шайнай бастады («Жұлдыз»). Шөптің бір жағында кебеже қарын ала сиыр пішенді *күтірлете* күйсеп тұрған (С. Елубаев). Ол көк пияздың ақ басын тұзға тығады да, *қашырлатып* шайнайды (Ғ. Малдыбаев).

**Қатырма, қатырмалы.** *Қатырылған, қақиып қатып қалған.* Деру *қатырма* жейдесін киіп, галстугін тағып, иығына костюмін іліп тысқа шыққан (Д. Досжанов). Ол ұзын бойлы Жаншаның *қатырмалы* тік жағалы ақ көйлекке таққан қара бантигін түзегеніне наразы пішінмен қабағын шытты (Х. Есенжанов).

**Қатыстыру, жұмылдыру.** *Іске ұйымшылдықпен бірлесе кірісу, күш біріктіру.* Табиғат байлығын сақта, бұл абзал іске жолдастарыңды да *қатыстыруға* тырыс! (Ш. Айманов). Ауыл жұртшылығын ұлы іске *жұмылдыру* жалаң әкімшілік жасауды көтермейді (С.Алдабергенов).

**Қауғабас, кәубас, кәуміс, астаубас.** *Қауқиған үлкен бас.* Мына отырған *қауғабас* менің жиенім еді (Т. Бердияров). *Кәуміс* сөзінің ұғымы *кәубас* (үлкен бас) сөзінің мағанасымен бірдей (Ә. Жақыпов). *Астаубас* – үлкен, қауқиған ірі бас («Ана тілі»).

**Қауғадай, қабадай.** *Қауқиған, үлкен. Қауғадай* сеңсең тымағын тамағынан тартып байлап алыпты (Б. Соқлақбаев). Сол бір құйрықжалы *қабадай* кезде сүріну дегенді білуші ме еді (Ә. Сараев).

**Қаудыр, қаудырақ, қаудырлақ.** *Кепкен, қаудыр-қаудыр еткен, қаудырлаған.* Егер осы қалпында мына мектепте оқитын болса, оның мынау *қаудыр* тоны, қалқан құлақ малақайы қандай талапайға түсерін кім білсін (С. Бегалин). Байқадың ба, Сүйеніш батырыңның ұнжырғасы жығылып-ақ қалды деген Танабай *қаудырақ* тонының жағасын көтерді (Ж. Еділбаев). *Қаудырлақ* шекпен иығын қысып, еркін қимылдауына кедергі болған тәрізденді (Ә. Сараев).

**Қауқалақтау, қауқандау, қалбалақтау, қауқақтау, қауқылдау, қауқалаңдау, қауқалақ қағу, қаупілдеу, қаупалақтау.** *Сасқалақтап, безектеп абыр-сабыр болу.* Жоғарғы қабаттағы шағын бөлмеде халағын шешіп жатқан құрдасын көріп, *қауқалақтап* қалды (Д. Досжанов). Аңқылдап амандықтан сөз бастаған, *Қауқандап, қалбалақтап* тез бастаған. Көңілі көтеріңкі, жаны елгезек Сірә сол қажет шығар тозбасқа адам (Ж. Өмірбеков). Өзінен үлкен командирдің алдына келгенде саспай, көрген-білгенін сабырмен, *қауқақтамай* баяндайтын кіші командирді Баукең барынша ұнатады (С. Бакбергенов). О не дегеніңіз, Ишеке, айтыңыз! Рахметтен басқа қарсылығымыз жоқ, – деп *қауқылдасып* қалдық (С. Фаббасов). Мәссаған, кімді көріп тұрмын десем, нағашым келіпті ғой, нағашым, – деп *қауқалаңдап* жатыр (Ж. Еділбаев). Текемет жамылып жатқан күйеуі бірінші рет сасқалақтап, *қауқалақ қақты* (Т. Әлімқұлов). Әбен атам ертелеткенімізге ренжіген жоқ, қайта риза боп *қаупілдеп* қалды (Н. Серәлиев). Атын атағаннан кейін есіне түсті білем, аюдай денесімен *қаупалақтап* келіп құшақтай алды (Б. Тоғысбаев).

**Қаулау, қабындау.** *Тез көктеп, бұрқырап өсу, жетілу.* Қар суымен егілген жоңышқа *қаулап* өсіп, бойлап қалыпты (С. Шаймерденов). Ғалия шалғыны *қабындап* өскен өзен алқабына, одан теріскейде көлбеп жатқан тастақты қыратқа қарайды (Т. Ахтанов).

**Қаулы, қарар, жарғы көне.** *Жиналыста, мәжілісте алынған шешім.* Көпшіліктің пікірін қорыта келіп, кедейлер жиылысы мынадай *қаулы* шығарды (Б. Майлин). Ғылыми-зерттеу жұмысын одан әрі жүргізу шараларына қатысты бұл кеңестің әр алуан *қарарларын* жүзеге асыруда көптеген іс атқарылды (Ә. Есенжолов). Хан кеңесінің шешіміне екі *жарғы* қойылды (І. Есенберлин).

**Қаусату, күйрету.** *Күш-қуаттан айыру, іштей таусылып желіну.* Ол менің балам ғой, қабырғамды қайыстырып, *қаусатып* кетті, – деп манағы үзілген сөзінің арқауын онан әрі жалғап әкетті (С. Омаров). Мақұлбекті туған перзентінің күйігі *күйретті* (Д. Досжанов).

**Қаусырма, қаусырмалы, қапсырма.** *Айқасып келген, қаусырылған.* Сөйтіп, Тыңжан алғашында үстіне қара мақпал *қаусырма* шапан жапса, артынан оны ескірді деп есептеп, жасыл пүлші шапанды және әперді (Ә. Нұршайықов). *Қаусырмалы* есіктің қайырмасында бүрісе жыламсырап тұрған манағы бала Шолпанның мойнынан құшақтай алған («Қаз. әдеб.»). Дархан қолымен рельс пен рельсті жалғар *қапсырманың* бұрандасын бекіткен (О. Бөкеев).

**Қаусырмалау, тықсыру, ығыстыру.** *Қыспаққа алу, тақымдап қуу, соңына түсу.* Қаһарман біздің ерлер залым жауды қамап тұр, *қаусырмалап* жан-жағынан («Айтыс»). Жау әскері шабуылды оқыстан бастағанын пайдаланып, қатты *тықсырып* келеді (Ә. Сатыбалдиев). Біздің әскерлер жауды әбден иықтап, *ығыстырып* бара жатты (С. Хайдаров).

**Қауынқақ, қауыншек** *сөйл.* *Қауынды жұқалап тіліп, кептіріп алған тәтті тағам.* Сыр бойына көшіп келіп, қолына кетпен алған жұртқа қауын тігіп, *қауынқақ* тілуді үйретіңіз (Д. Досжанов). Қауынның кейбір түрінен *қауыншек* кептірсе, екіншілерінен қауынкүрт қайнатады. («Мәдениет және тұрмыс»).

**Қауышу, қауысу, мамырласу, табысу.** *Жақын адаммен кездесіп, қуанышқа бөлену.* Ең алғаш Нахабино селосында көрісіп, *қауышқаннан* кейін, осы жорық үстінде мен онымен бірнеше рет кездестім (Ә. Нұршайықов). Мәкен екеуіңнің қайта *қауысып*, күле жайнап отырғаныңды өз көзіммен көріп кету ыстық тілегім еді (М. Әуезов). *Мамырласып* ел болып, байсалды жайлау табылды (Бұқар жырау). Біржан мен Абай екеуі ескі мұңдас достай кедесіп, тез *табысып* кетті (М. Әуезов).

**Қауіп, қатер.** *Тосыннан кездесетін қиындық, қорқынышты жағдай.* Адамды *қауіп* пен қиыншылық киюластырады (Ж. Жұмаханов). Сағат сайын жақындап келе жатқан осынау *қатерді* балықшылар байқады ма, белгісіз (Т. Жанұзақов).

**Қауіпті, қауіп-қатерлі.** *Қорқынышы мол, қауіп-қатері күшті.* Осы ара-атқа жеткенше, ең *қауіпті* жер (Т. Жармағамбетов). Қоңыр-кұлжа бұларды патша қызметі үшін *қауіп-қатерлі* Кенесары аулына жібермек түгіл, аждаһаның апанына да жұмсауға шімірікпейді (І. Есенберлин).

**Қаһар, көр.** *Ашу, ыза, айбар, ызбар.* Бұл Құдайдың жіберген *қаһары* шығар колхоздаспағанда бұлай болмаған да болар еді (С. Мыңжасарова). Тәңірінің *көріне* ұшырамай тұрғанда кетейікші тезірек бұл жерден (О. Сәрсенбаев).

**Қашаған, қашқақ, қашқалақ, қашқыш.** *Қаша беретін, қашып кеткіш.* Жасыл белдің қасында жатыр жылқы жайылып, Жел жүйрігі астында, *Қашағанды* қайырып (С. Мәуленов). *Қашқақ* кара бие бүгін де қашып, желінің басына жоламай жүр («Қаз. әдеб.»). Түзден ұстаған құс қолға тұрмайтын *қашқалақ* келеді (Ш. Айманов). Бұл антұрғанның тұқымы семіріп кетсе, құс қайтқан кезде *қашқыш* болады (С. Бегалин).

**Қашақтау, қашқалақтау, қашқақтау, қашауылдау** *сөйл.* *Аздап қашу, бір нәрседен қашыңқырап жоламау.* Енді осыдан жайлауға жетіп жайласқанша, бұлар үйренген жеріне *қашақтай* тарта беруі де мүмкін (Б. Тоқтаров). Қос ішектен есіліп шыққан қоңыр саз әлі бір арнаға түспей *қашқалақтап* жүр (Ә. Кекілбаев). Бірдеме сұрап не

айтып мазамды алар деген кісіше, көрінер көзге *қашқақтайды* (Ж. Нәжімеденов). Майданнан жаралы оралып, енді *қашауылдан* жүрген бейшара орнынан шарасыз қозғалды (Ә. Сәрсенбаев).

**Қашу, безу, зыту.** *Бір нәрседен қорқып-үркіп тайып тұру.* Мен *қашуды* жөн көріп тұрмын (Б. Момышұлы). Қайда *безіп* барасың? – деді Күлжан Шойынқұлаққа (І. Жансүгіров). Кембаш домалап жатқан бөркін алып, есікке қарай *зыта* жөнелді (Т. Иманбеков).

**Қаяу, дақ, дық.** *Қайғы-қасіреттің, уайым-решістің белгісі, ізі.* Көкірегінде *қаяу* жоқ, қиянат жоқ; Қажымас, қайта айнымас қайран тату (Абай). Сәлиманың бетінде ерекше қайғы *дағы* бар еді (Ф. Сланов). Онда сағыныштың ғана жылауы емес, көкірегінде зілді *дық* бар, асқынған ыза бар сияқты (Т. Әлімқұлов).

**Қиғаш, қиыс, қияс сойл.** *Тұзу емес, тіке емес, көлденең.* Машина *қиғаш* бұрылып, басқа бір сұрлеуге түсті (А. Әлсеров). Күн еңкейіп барады, терезеден *қиыс* түскен сәуле вагонның ішін шақырайтып жіберді (Қ. Жұмаділов). Ақ шоқыдан асып кеп түскен күннің *қияс* нұрын Марқакөл көптен күткен ғашығындай кеудесіне қонақтатып, аймаласып жағыр (О. Бөкеев).

**Қиқандау, қиқақтау, қикалаңдау, қикалақтау, қиғалақтау, қисалақтау.** *Ырыққа көнбей қиқаң-қиқаң ету.* Сен *қиқаңдамай*, анықтаманы дұрыстап жаз, мақта молдекенді, – деп қиғылық салды (М. Гумеров). Кәрі ит, жақсылықты біле алмайсың, *Қиқақтап* жөніңменен жүре алмайсың («Айтыс»). *Қикалақтап* жүріп, жан баласын жолатпайтын аяулы нәрсесіне сырт адамның суық қолын сұқтырып қойған (Т. Ахтанов). Қырман басында *қиқалаңдап* жүретін есек дәме еркектердің біреуі шығар дегем де қойғам (Қ. Қазыбаев). Тәтем әбден жаман үйреткен екен, ауланың ішінде ойнап жүргеннің өзінде маған көтерші деп *қиғалақтайды* (Б. Нұржекеев). Мен *қисалақтап* көңгім келмеп еді, баяғысындай балаларға ұстатып қойып бес шыбық дүре салды (Б. Тұрсынбаев).

**Қиқар, қиқаң, қияс, қисық, қитар, қиқақ, қикалық, қиңыр, қайсар, қырсық, кежір, безер, кесір, қиыс, қияңқы, кеж көне, қыржық қарап.** *Өз дегені болмаса жөнге көнбейтін, қайтпайтын бір бет адам.* Бәлкім сіз отырарсыз енді, қайтесіз *қиқар* баланы, – деді ол баланың машинаға отырмайтынын көрген соң (Ж. Молдағалиев). Мені тәлкектейсің-ау, бірақ бізге жерді үкімет берді, ол сенің *қиқаңыңды* көтермейді (С. Сұбханбердин). Келіспеске елшілер өмірін орындамауға бас тренердің шаруасы бар ма? – деп тағы да *қияс* Азат сөзге килікті (С. Бердіқұлов). Әлгі *қисық* сөздің иесінің де қисық ойлы жан екенін бірден сездім (І. Есенберлин). Кемпір өзінің *қитар* әдегіне басып оның айтқанын тыңдамаған түр білдіріп, жұмысын істей берді (Т. Жармағамбетов). Солай дегеніңмен, еркіңе қоймай ілгері жылжыған уақыт заңдылығы ол *қиқағыңа* көне ме? (Р. Токтаров). Ау, үшеуің бірінді-бірің жаңа көргендей-ақ, бұларың не *қикалық*, –

деп кекетті Салиха (Ә. Көшімов). Фазизаның кейде осындай тік, *қайсар* мінезіне Нұрила ақыры көлді (С. Сарғасқасев). Міне, сол *қырсық* мінезді қиын шалға ісі түскелі тұр (Қ. Қазыбаев). Мақтайтын түк те жоқ, ол *кезсір*, кертартпа, жалқау антұрған емес пе (Ж. Орманбаев). Бірінен-бірі өткен *безер*, кесір, ішін жарыл алмасаң, шындығын айтар түрі жоқ (Ғ. Мұстафин). Өз дегені болмаса, жанға көнбейтін *кесір*, – деп күлді Қален (Х. Есенжанов). Мұса отырыс үстінде жұртты атыстырып-шабыстырып, *қиыс* сөйлен отырады (С. Жүнісов). Қауырт бір жұмыстан жолсыздыққа ұшырап, қатты күрсініп қайтқандай күрең қабақтанып, Тұрсынбай *қияңқы* да жеткен еді (Ғ. Мүсіренов). Кей-бір *кежс*, қызғаншақ буралар буралық әдетін ала жаздай бастамайды (Х. Есенжанов). Қайдан, қалай жинамақпыз, қолғабыс тигізер азаматтарды, – делінген сұрауға *қыржық*, қыңыр шал бөгелген жоқ (Ә. Көшімов).

**Қикарлану, қиястану, қыңыраю, қитарлану, қиқаңдау, қайсарлану, кежірлену, қикаю, қырсықтану, қиыстану, кесірлену, қияңқылану, қиқақтау, безерлену, кеждену, қитию сойл.** *Біреудің ыңғайына көнбей қарсы әрекет жасау, қасарысып қарсы тұру.* Бұрын айтқанды екі етпейтін елгезек жігіттің бұлайша *қиқарлануын*, айтқанға көнбеуін әлденеше рет аңғарып, ішіне түйін жүрді (А. Жақсыбаев). Байсал оның сөзіне шамданып, қабағын *қиястана* түйіп алып, бір қырынан қикарлана қарады (Ә. Әбішев). Көкесі, сен *қыңыраюыңды* таста, командирің мен сияқты жуас болып кездескенде (С. Сматаев). Әй, Мәдеш, Сен олай деп *қитарланба*, – деп Кәдірбек жатқан жерінен оң иғын сол қолымен басып көтеріле берді (А. Әлсеров). Кілтінді таба алмай *қиқаңдауыңда* бір сыр бар еді-ау, айт шыныңды (Ә. Сәрсенбаев). Тоқтар кіп-кішкене кеудесін жоғары көтеріп *қайсарлана* тұрды (Р. Райымқұлов). Жәңгүдейдің салқындау тыңдағанына *кежірленіп* қалған Зарқұмар таласа сөйлемеді (С. Бегалин). Менің дегенімді істемедің, – деп, алдымен Өтебай *қиқаяды* (Б. Майлин). Бұл – әлгі аш-жалаңаштардың өмірі, – деді Кенжеқара *қырсықтанып* (Д. Әбілев). Ықсан оның сұрағын естімегендей аяқсыз қалдырып, әлде неге *қиыстанып* тұр (М. Сүндетов). Оның жүзінде жылылық белгісі бар екенін байқап қалған Битабар қайта *кесірлене* қалды (С. Шаймерденов). Сен бармасаң, мен де бармаймын, – деп, Беркін *қияңқыланып* отырып алды (М. Дүзенов). Қипақтағандар да, *қиқақтағандар* да болды (С. Талжанов). Осы жағдайды мен анықтайын сен аса *безерленбе* (С. Бегалин). Бірақ олар да қасарысып, *кеждене* ерегіскендей ақшаны әдепкіден де қосып көбейтіп шығарады (Ә. Нұрпейісов). Сыздық өзінен асқан пешші жоқтай, соған *қитиды* (Ғ. Мүсірепов).

**Қимастық, қимағандық.** *Көңіл жықпастық.* Жүсіпбек қақпақтай жаурыны ат жүрісімен шайқалып ұзап бара жатқан ақынның соңынан *қимастықпен* қарап тұр (Ж. Кәрменов). Осы Мадияр менің көңілімді *қимағандықтан* амалсыз тыңдап отыр ма? – деген екіұшты күдік бар Мөкеннің өңінде (С. Омаров).

**Қимыл, қозғалыс, қыбыр, жыбыр.** *Жанды қозғалыс, қимыл-әрекет.* Екі көзі Оспанда, оның әр қас қағысып, қыбыр еткен *қимылын* қалт жібермей отыр (С. Мұқанов). Биенің алдыңғы екі аяғы шоқырақтай шапқан жылқының *қозғалысын* танытқанымен, артқы аяқтары қатты аяңдап қана келе жатыр (Ж. Молдағалиев). Әлде бірдеңе *қыбыр* етсе, екі қашқын айналаға үрке қарайды (С. Омаров). Қобыланның бет-аузына, үстіне ел жүріп өткен судай *жыбыр* пайда болған сияқты (Қ. Исабаев).

**Қимылдау, қозғалу, қыбырлау, жыбырлау.** *Қимыл-қозғалысқа түсу, жүріп-түру, әрекеттену.* Жәдігер ұзақ уақыт *қимылдамай* қалды (Р. Тоқтаров). Абырой болғанда, эшелон әлі де тоқтамай, *қозғалуда* (Б. Соқпақбаев). *Қыбырлауға* шамасы келмей шоңқиып қалды-ау деген ойда өзегі өртенумен жатты (С. Алдабергенов). Бәйбіше сыбырлап, Ауызы *жыбырлап*, Малайын сөгіп жүр (М. Дүйсенов).

**Қимылсыз, қыбырсыз, қозғалыссыз.** *Қозғалысқа түспеген.* Ол тастай қатып қалған *қимылсыз*, тек демін күрсіне алған өксігі ғана естіледі (Ш. Хұсайынов). Хадиша Ақтоқтының алдында *қыбырсыз* тұрып, ағыл-тегіл жылады (С. Жүнісов). Бұл кейіпті көз алдына неғұрлым ұзағырақ ұстаудың бір-ақ тәсілі – Қаратайдың *қозғалыссыз* отыра беруі (Қ. Исабаев).

**Қирату, сындыру, қаусату, бұзу, бүлдіру, талқандау, күйрету, ойрандау.** *Быт-шыт қылу, істен шығару, тас-талқан ету.* Олар жаудың бес танкісін *қиратып*, көптеген автомашинасын істен шығарды (С. Сейітов). Қолмен ұрып жілік *сындыруда* Байғазы көзге түсті (Т. Жармағамбетов). Қазір бергі босағасын *қаусатады* (Ә. Әбішев). Сол түнде Өзербай мен Үсен терезені *бұзып* қашып кетті (Б. Шалабаев). Ауранзеп ескерткіштерді *бүлдірумен* бірге, өз атасы салдырған храмды да ойран еткен (М. Әуезов). Егер қолынан келсе, олар таудың тасын *талқандап*, ағашын өртеп, күл ғып кеткісі келді (С. Мұқанов). Оңай екен *күйрету* Ежелгі ескі ауылды, Қиын-ақ екен үйрету Жасауды жаңа қауымды (Ә. Тәжібаев). Жаудың берік қамалдай шегін *ойрандап*, талқандап бұзып шықты (Б. Момышұлы).

**Қисынды, орынды, ретті, нанымды, дәлелді, рауа кітаби.** *Көңілден шығарлық, орнымен, жөнімен, ұнасымды.* Ауыз әдебиетіндегі үлгілерді Әуезов трагедияларына *қисынды* ендіріп, жақсы пайдаланған (Р. Нұрғалиев). Болашақ үшін алысқан ардагерлердің ерлігін кейінгі жас ұрпақ *орынды* мақтан етеді (Ш. Ерманов). Сөз тапқанға қолқа жоқ деген, бұл әзілің *ретті* де орынды болып шықты (С. Бегалин). Бұл екеуі де Өмірбекке *нанымды* ақыл сияқты көрінді (С. Шаймерденов). Әбіштің сөзі Тәкежандарға жат көрінгенімен, *дәлелді* сияқты (М. Әуезов). Ел ұйтқысын бұзып, ұлыққа шапқаны үшін не жаза істесе де *рауа* десті (М. Әуезов).

**Қисынсыз, орынсыз, ретсіз.** *Жөні жоқ, ыңғайсыз, көңілге қонымсыз, бей-берекет.* Енді ойлап қараса, сол әңгімеден кейін



мынандай ұсыныс айтудың өзі *қисынсыз* екен (С. Досанов). Жүріс-тұрысына, мінезіне, ақылына қарап Ботагөздің *орынсыз* отқа түспейтініне сенеді Айбала (С. Мұқанов). Айтқаныңды екі етпейміз десек те, бұл жолғың тіпті *орынсыз*, қиянат болды, – деді Омарға (Б. Тілегенов). Ол мені *ретсіз* жұмсап, діңкеме тиіп келе жатқан (С. Мұқанов).

**Қисынсыздау, жөнсіздеу, орынсыздау.** *Қисыны жоқ, онша жөнді емес.* Сыздық ішінен қалыңдығының бұл мінезін *қисынсыздау* көріп, небір нәрселерді сенен сұраса да, қалыңдығы бұған бұрылып қараған жоқ (М. Әуезов). Оһо, бұлардың енді *жөнсіздеу* екен, – деп, жақтырмаған күй білдірді (С. Жұбатыров). Сейіт өз қылығының *орынсыздау* екенін біліп, үндемей қалды (Ауызекі тіл).

**Қисынсыздық, жөн-жосықсыздық.** *Қисынсыз болушылық.* Қазақ шонжарларының пікірінің *қисынсыздығын* көрсете отырып, мен өз пікірімді дәлелдейтін фактілер келтірдім (Ш. Уәлиханов). Ол өз пікірінің *жөн-жосықсыздығын* түсініп, райынан қайтты («Жас Түркістан»).

**Қиын, ауыр, қыстау, биқат көне.** *Азабы мол, қиыншылығы көп, мехнатқа толы.* Мұнай табу – *қиын* іс, ал табылған мұнайды өндіру де оңайға соқпайды (Ғ. Сланов). Еңбекші бұхара болса, *ауыр* еңбегіне қарамастан, қайыршылық тұрмыста өмір сүреді (М. Елеусізов). Басыңа *қыстау* іс түссе, Дүспанның қолы жете алмас! Бар күшінді сынамай, Балундармен күреспе («Алдаспан»). Мұнда көрдім мехнат, машақат көрдім мен *биқат* («Батырлар жыры»).

**Қиындық, қиыншылық, шыжық көне.** *Көрген бейнет, азап, мехнат.* Талай *қиындықты* бірге көріп өскен, бүтін құртты бөліп жескен егіз қозыдай екі құрбы бір-бірін көріп, көзайым болды (Ш. Құмарова). Барлық *қиыншылық* қыздар мен келіншектерге, қарияларға түсті (О. Әлішев). Қызығы мен *шыжығы* араласқан Жанатымның түбінен дала қашқан (Р. Ниязбеков).

**Қиынырақ, ауырлау, қиындау.** *Біршама қиын, әжептәуір қиын.* Сегіз бұт, сексен қадақ бұл әнімді салуы басқа ақынның *қиынырақ* (Ш. Қошқарбаев). Әр уақытта адам үшін жасалынатын іске *ауырлау* болса да, ер көңілмен кіріскен жөн (С. Ғаббасов). Сабақтарымының оңайлауын осындай кешкісін, *қиындауларын* ертеңгісін жасайтын сүйегіме сіңген үйреншікті әдетім болатын-ды (Ө. Тұрманжанов).

**Қиюластыру, үйлестіру, қисындастыру, қиыстыру, келістіру.** *Иінін келтіріп, жүйесін табу, қисындастыру.* Жазушының сюжет құруға шеберлігі, оқиғаны орынды *қиюластырып*, характерлер қақтығысын дамыта алды (С. Қирабаев). Түлкібай сөзін көкейіндегі мақсатына *үйлестіріп* сөйлеген секілді (Н. Ғабдуллин). Тәжірибесіздігін *қисындастырып* айта алмады (М. Мағауын). Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан *қиыстырар* ер данасы (Абай). Жиналған көпшіліктің құлағының құрышын қандырып, Роза «Ақмаңдай-лымды» нақышына *келістіріп* орындады («Жетісу»).

**Қиямет-қайым, ақыр заман.** *Басқа түскен ауыртпалық, тау-қымет, азап.* Күйіп тұрған ыстық күнде тер сасыған қалың адамның арасында жүрудің өзі *қиямет-қайым* (Қ. Сатыбалдин). Оның үстіне қырдың қыстағы қызметі *ақыр заман* қиын болды (І. Жансүгіров).

**Қобалжу, лоблу, бұзылу, толқу, қабыржу.** *Екі ойлы болып толғану, шешімін таппай тайсақтау.* *Қобалжи* бастаған Атбасар мен Қорғалжын болысына мың жарым шақырымдай екені бастан белгілі еді (І. Есенберлин). Әдікен жараланып келген соң Файныштың көңілі *лоблыты* (Ә. Нұршайықов). Ол бір байға бармаймын деп *бұзылып* жүрген кедей қызы екен (М. Әуезов). Олай *толқып*, бұлай толқып ақыры Оразбай қарт Нұрбөпе әжейдің дегеніне көнді (Қ. Сатыбалдин). Осыған қалай шыдан барасындар, – деп Мұсақ *қабыржып* орнында отыра алмады (С. Бегалин).

**Қобырау, будырау, дудырау.** *Шаштың ербиіп-ербиіп тұруы, дода-дода қалыпта болуы.* Қанипа *қобыраған* шашын тарап, жөнделіп киініп алды (С. Омаров). Тым өсіріп жібергендіктен, шашы *будырап*, басты шамадан тыс үлкен көрсетеді (М. Иманжанов). Шашы *дудырап* қараңдап жүгірген әйелдің дауысы бәрінен де ащы (Р. Тоқтаров).

**Қобырау, қоқырсу, қобырсу, ыбырсу, қоқсу, бықсу.** *Қалай болса солай шашылу, бықсу.* Екі кереуеттің төргісі бос, төсегі жинаусыз, қалай болса солай, *қобырап* жатыр (З. Шүкіров). Мына үйдің ішін-ай, қара құстың ұясындай *қоқырсып* та кетіпті (Р. Райымқұлов). *Қобырсып* жатқан шөп пен боқтықтың лып ете түспегеніне шыдамай барады (Ғ. Мүсірепов). Ішкі ауызғы бөлме қара көлеңке, *ыбырсып* жатыр (С. Жүнісов). Стол үстінде *қоқсып* жатқан қағаздар, сия сауыт (С. Сейфуллин). Айталық деп отырғанымыз құрып кеткірдің аты да, заты да жаман, *бықсыған*, қоқсыған, көлгірсіген бірдеме екендігі (С. Төлешов).

**Қоға, қона, құрақ.** *Су жиегіне өсетін жапырақ сабақты бойшаң өсімдік.* Биік тауға жарасқан Басындағы обасы, Өзек суға жарасқан Жағалай біткен *қоғасы* (С. Сейфуллин). Қыз білек қоға, қулы көл, қасқыры қайсар, қабаны өр, Қамысты *қопам* ну, дүлей (І. Жансүгіров). Ол арадан әрі өзен, оның жағасы жайқалған *құрақ* (С. Бакбергенев).

**Қоғамдасу, қауымдасу, ортақтасу.** *Көп болып жұмылып іс істеу, ұйымдаса топтасу.* «Көп түкірсе қол» дегендей, көптің *қоғамдасуымен* жылқы көп шығынданбай қыстан шықты (Т. Нұртазин). Олар жұртты жаппай жұмылдырып, пісіп үлгерген алқапты *қауымдасып*, тез орып тастайды («Қаз. әдеб.»). Жат қалада жатқан жігіттің қайғымұңына *ортақтасуды* артық санаған жоқ (А.Тоқмағамбетов).

**Қожа, қожайын<sup>1</sup>, ие.** *Үй иесі, жанұя басшысы.* Бұл кемпір – осы үйдің қазіргі *қожасы* (М. Әуезов). Ақулина әжей – бұлар жататын үйдегі *қожайынның* үлкен шешесі (С. Сматаев). Мұндағы әңгіме – бәріміздің де бірсудің келіні екендігімізде, бір-бір отаудың *иесі* болатындығымызда (Б. Бабаков).

**Қожа, қожайын?** *Белгілі бір кәсіпорынның, шаруашылықтың басшысы.* Сәті түсіп, сол ұсыныс бекіді де, Орай тағы да бір мықты мекеменің *қожасы* болып шыға келді (М. Хасенов). Күндерде бір күні *қожайын* мен жұмысшылардың екі арасында жалақы жайында жанжал туды (Ж. Қосыбаев).

**Қожандау, қодилану, әкіреңдеу, едіреңдеу, екіреңдеу, кідіңдеу, кіжіңдеу, кіжіктеу, қоқақтау, қоқандау, қодыраңдау, қыдындау, қоқыраңдау, әкімсу, қораздану, қодаңдау, қожактау қарап., қоқыраю сөйл.** *Орынсыз белсенділік көрсету, қоқаң-қоқаң ету, кісімсу.* Еркек кіндікпін деп *қожандауды* жақсы көретін (Ә. Көшімов). Е, Шынтас па деп, шал осы арада бір *қодиланып*, дауысын ірілеп, гүжілдей сөйледі (Т. Ахтанов). Байбол кейінгі кезде орынсыз *әкіреңдейтінді* шығарды (Ғ. Мұстафин). Қолына тисе билік *едіреңдеп*, Болады өкімдікпен өрім өрмек (Е. Әукебаев). Қойшы, сонымен күйеуі әр кез оған *кідіңдеп*, қоразша қоқиланды (Т. Есімжанов). Бір дөндеп алған соң бұлар елге *кіжіңдейді* де тұрады (С. Мұқанов). Немене *кіжіктен* ашу шақырасың, – деді Раушан бас сап, тілдеп (З. Шашкин). Тиген әменгері мейірімсіз қатты адам болғандықтан, тек мен саған бай деп *қоқақтағаннан* басқа қылар жақсылығы болмады (С. Дөнентаев). Үш-төрт ай төсекте жатқан Өреновты ауруханадан шығысымен қамамақ болып *қоқаңдасты* (Б. Қыдырбекұлы). Ауылдағы жалғыз машинаны соның әкесі айдайтын болғандықтан, бізге *қодыраңдап* күн көрсетпеді (Қ. Қазиев). Көңілінен шықпаса *қыдыңдап*, жұртқа бүйідей тиеді (Б. Тілегенов). Енді менен бірдемесі көрерсің, – деп Сымағұл *қоқыраңдап*, кемпіріне сес көрсеткен болды (Б. Тілегенов). Талдырмаш бақа сары жігіт *әкімсіп*, книге көтеріп жүр (Б. Майлин). Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып, Қас кермек, мойын бұрмақ, *қоразданбақ* (Абай). Қодар көрсе, *қодаңдап* ызындар деп, Көйлегінің жағасын бүгіп берді («Қозы Көрпеш»). Әбден дайындалып алған соң, тіпті *қожактай* беретін болса, ірге аудару керек (М. Әуезов). Басшымен танысып алған соң, жанды менсінбей *қоқырайып* шыға келеді (Ә. Қалмырзаев).

**Қоздырушы, өршітуші, асқындырушы.** *Күйейтін жіберуші.* Дегенмен әрбір аурудың *қоздырушы* бір микробы болу керек қой (М. Сисекенов). Екі жақты жауластырып, араздықты *өршітушілер* жоқ емес («Жас Алаш»). Ауруды *асқындырушы* бұл микробтар жуылмай жеген көкөніс пен жеміс-жидектен де адам ағзасына баруы мүмкін («Денсаулық»).

**Қой, сарық, мәліш, маңырама эвф.** *Күйіс қайыратын тығыз жүнді уақ мал.* Жақсы қойшының қозысы түлеп тұрғанда, жаман қойшының қойы жүдеп тұрады (Мақал). Оның қырық-елудей *сарығы*, он шақты сауын сиыры, жұмысқа жегілетін өгіздері болатын (С. Мұқанов). Жаяу әскер солдатаның белінде *мәліш* қойдың құйрығындай салпаңдап жүретін қол күрегі бар (Ә. Нұршайықов). Бөріден үріккендей есі

шығып, жақ ашуға мұршасы келмей қалған көп маңырама енді ғана есін жияды (Ғ. Сұлтанов).

**Кой, тек, тәк-тәк.** *Болмайды деген, тежеу деген мағынасын білдіретін сөз. Кой*, не де болса қалмайық, Байтас, жүр, – деп шаба жөнелді (М. Әуезов). *Тек*, о несі, ең жақсы таяқтарды отқа жағып (Ө. Сәрсенбаев). Өмірдің өзі Сейсіметті *тәк-тәкпен* сабасына түсіреді де, баяғы үйреншікті шаруасына ойысады («Қаз. әдеб.»).

**Қойдыру, қойғызу, қойдырту.** *«Кой» етістігінен жасалған өзгелік етіс.* Айғаным тіктірген үйдің ішіне ерекше қымбат мүліктің біразын *қойдырды* (С. Мұқанов). О жер, бұ жерін шұқылай бастап еді, ұшқыш бірденесін босатып жібересің деп *қойғызды* (Ө. Қанахин). Ақылмен, өз үлгі-өнегесімен балалардың тентектігін *қойдыртты* («Мәдениет және тұрмыс»).

**Қойқаңдау, қойқақтау.** *Қойқаң-қойқаң ету, одыраңдау.* Жем басқан жерінде *қойқаңдап* біраз отырып, ителгі көтеріліп ұшып аспанға шықты (С. Бегалин). Жапонның чемпионы күрес алаңынан көрініп *қойқақтап* жүр (С. Бегалин).

**Қойма, көмбе.** *Сақтаулы қымбат дүние; қазына байлық сақталатын арнаулы орын.* Сіздің қолға ілікпеген көмулі жатқан *қойма* мүмкін менің қолыма ілігер (Қ. Жұмаділов). Жұман белгілі *көмбедегі* алтын-күмісті қазып алып, орнын қайта жауып, тегістеп үйге кірді (С. Мыңжасарова).

**Қойнауы, қойны.** *Бір нәрсенің құшағы.* Лезде-ақ бір ғажайып дүниенің *қойнауына* кірдік те кеттік, аузыңды аш, көзіңді жұм, таңдана бер дегендей (С. Бегалин). Олар тау *қойнынан* үңгіп алынған жынысты сыртқа шығарып жүр (Ж. Жұмаханов).

**Қойшы, шопан.** *Қой малын бағып-қағып, кәсіп етуші адам.* Мал қайырып келе жатқан бір *қойшы* ит талап жатқан әйелді көріп тұра жүгірді (А. Тоқмағамбетов). *Шопандар* бір үйге жиналып аудан орталығынан әкелген жаңалық хабарға қанық болды (С. Бегалин).

**Қойшылық, шопандық.** *Қойшы болушылық.* Көзін тырнап ашқалы кәсібі *қойшылық* болса да, ауыл адамдары бүркітші қария, саятшы қарт деп құрметтейтін (А. Сейдімбеков). Мандайалды шопан Ырымбала Дәметкенді өз жанына ертіп жүріп *шопандыққа* баулыды («Қазақст. әйелд.»).

**Қойылу, орнатылу.** *Бірдемені жасау, жерге қондыру, көрнекті етіп тұрғызу.* Қазір оның туылған жерінде атақты композиторға ескерткіш *қойылған* (І. Омаров). Алматының бас көшелерінің қиылысқан тұсына Абай Құнанбаевқа ескерткіш *орнатылды* («Соц. Қаз.»).

**Қоқан-лоқы, домбытпа, бопса, домбай қарап.** *Сес көрсетушілік, қорқытып-үркітушілік.* Екі жалшының бір-біріне бата алмай, құр *қоқан-лоқымен* айбат шеккеніне Ақан шыдай алмай күліп жіберді (С. Жүнісов). Ұлық бетінен ықпаңдар, *домбытпасы* болса, сескенбедер (М. Әуезов). Сыр мінез төселген ақындар осы *бопсаның* неше

алуанын қолданады (М. Әуезов). Оның елінде ағайындар тысқа шығып күңкілдеуші еді, мыналардың *домбайы* ыңғайсыз тиді («Қаз. әдеб.»).

**Қоқтық, қоқырсық, қоқсық, қоқыс, сыпырынды, боқтық, қоқыр, қоқыр-соқыр, ыбырсық.** *Ұсақ-түйек қалдық, қыл-қыбыр үйінді.* Кең қорасының іші былыққан *қоқтық*, әрі бұрқыраған шаң (С. Мұқанов). Қарға күл төгілген *қоқырсыққа* қонып алды да, аударыстырып шоқи бастады (А. Сарбөпин). Үйдің ішінде жан жоқ, бірақ ыбырсып жатқан *қоқсықтар* (М. Ғабдуллин). Олардың бір өзі одан әрі асып түсіп, *қоқыс* төгілген шұқанаққа құлайды (Ж. Молдағалиев). Шелекте толып тұрған кір-қоқырларды анау *сыпырынды* төгетін жәшікке апарып төгіп кел (Ө. Тұрманжанов). Мазардың бер жағы қаланың *боқтығы*, сасық иісі мұрныңды жарады (С. Шарипов). Үйлердің алды шұңқыр, шұңқыр толған *қоқыр* болады (А. Тоқмағамбетов). Тып-тынық айдыңның беті *қоқыр-соқыр*, шөп-шалаңнан көрінбейді (С. Ерсебаев). Үйіріле соққан жел бір құшақ *ыбырсықты* ұмар-жұмар етіп, аспанға көтеріп әкетті (Р. Райымқұлов).

**Қолайлы, ыңғайлы, орайлы, оңтайлы.** *Көңілге жағымды, тиімді, жәнді.* Ауа райының *қолайлы*, жылы кезінде баланың барынша таза ауада болуы қажет (Б. Айтқожина). Бригадирлікке біраз күнге дейін *ыңғайлы* адам табылмады (С. Мұратбеков). Өз тағдырының шешілер түйіні ойда жоқта өз қолына келіп тисе, бұдан өткен *орайлы* іс бола ма (А. Хангелдин). Бахытжанды шақыртқанда, қалаға шапшаң барып қайтуға *оңтайлы* көлік – мотоцикл деп білді (К. Тоқаев).

**Қолайлырақ, ыңғайлылау, ыңғайлырақ, оңтайлылау.** *Әжептәуір қолайлы.* Осы жерден селоны бақылап, ондағы жағдайды білуге *қолайлырақ* еді (Қ. Қайсенов). Бір *ыңғайлылау* жермен құзға түсіп келеміз (Ә. Бірмағамбетов). Мектеп жасына дейінгі балалардың әрқайсын бөлек шынықтырған *ыңғайлырақ* (Б. Хабижанов). Тарас дүрбісін алды да, *оңтайлылау* жерге барып, көшедегі қимылдың бәрін көңілге тоқып тұр (Ә. Шәріпов).

**Қолақпандай, қолағаштай, кетпектей, кетпендей.** *Қолақпан тәрізді, үлкен, кесек, ірі.* Кенет есіктің *қолақпандай* ағаш тұтқасы көзіне оттай басылды (Т. Ахтанов). Дина дауыс шыққан жаққа жалт қарап еді, қолында қалағы бар, мұрны *қолағаштай* күс тұмсық жігіт екен (С. Жүнісов). Қолы *кетпектей*, баржиган саусақты Баспақбайды Шойынқол деп те атайды (М. Жұмағұлов). Басынан тиген *кетпендей* жұдырық жалп еткізді («Лен. жас»).

**Қолаң, сүмбіл (шаш).** *Мақпал қара толқынды ұзын қалың шаш.* Оның да екі бұрым ғып өрген *қолаң* шашы тірсегіне түседі (С. Мұқанов). Пісте мұрын, *сүмбіл шаш*, меруерт тісті, Көрген жанды қойғандай таңырқатып (Ү. Кәрібаев).

**Қолбасшы, сардар, қолбасы сөйл.** *Самсаған сары қолға басшылық ететін әскербасы.* Мінбеге Калинин майданының *қолбасшысы* шықты (С. Бақбергенов). Сарбаздар Исатай батырды өздерінің *сардары* етіп

белгіледі (Ә. Әлімжанов). Бұл өңірдегі ұрыстарға талантты қолбасшылар басшылық етті (Ә. Нұршайықов).

**Қолғап, биялай.** *Жүннен немесе былғарыдан жасалған қолға киетін киім.* Алуа шам жарығында ыңылдап, қой жүнінен қолғап тоқып отыр екен (С. Алдабергенов). Қара торы, ашаң жүзді жас жігіт биялайын шешіп, қол ұсынды («Қаз. әдеб.»).

**Қолдырау, күлдіреу, күлбіреу.** *Дененің жарақат түсіп сулануы, ойылуы.* Оның алақаны, саусақ ұштары теңбілденіп, әр жерінің терісі отқа күйгендей қолдырады (Н. Фабдуллин). Қайыс етік құрысқан аяғын қажап, өкшесі күлдіреп алынып қалды (Ә. Нұрпейісов). Содан барып теріде кәдімгі күн көзіне күйгендей күлбіреген жаралар пайда болады (Б. Хабижанов).

**Қолөнерші, майдагер тарихи.** *Қолөнерімен айналысатын шебер.* Қолөнерші шеберлер киім тігіп, кесте салған таң-тамаша көрсетсе өнер (Н. Ахметбеков). Бала жасынан күнгейдің қан базарын көріп өскен маған әр жерде отырған майдагерлері бар, епетейсіз кең өулі оншалық таңсық көрінбейді (О. Сәрсенбаев).

**Қолпылдау, қолқылдау.** *Кең болғандықтан қолп-қолп ету.* Бұлар қолпылдаған керзі етіктерін есік жақ бұрышқа сілкіп тастап, сырт киімдерін шешініп жатқан (С. Мұратбеков). Оның үстіне қара мақпал бешпенті тым мол, етек-жеңі, омырауы қолқылдаған бос (Ә. Сараев).

**Қолтаңба, автограф кітаб.** *Автордың кітапқа, суретке өз қолымен жазған жазуы.* Арада шамалы уақыт өткенде алғашқы космонавтан қолтаңбасы бар суретіне коса мынадай хат келді (А. Сейдімбеков). Жиналған жастар автограф сұрап, Құдайбергенді көпке дейін араларынан жібермеді («Егемен Қазақстан»).

**Қолтырауын, крокодил.** *Ыстық жақтарда болатын, бауырымен жорғалайтын су мақұлығы.* Ежелгі мысырлықтар құдайларына құрбандық ету үшін қыз балаларды өздері өулие тұтатын қолтырауынға жегізетін болған («Жұмысшы»). Крокодилдер Африкада, сондай-ақ Азия мен Африканың ыстық жерлерінде мекендейді («Зоология»).

**Қонақ, мейман.** *Жолаушылап келген, әдейілеп келген адам.* Оның жанына еріп келген жас қонақты бұрын көрмеген-ді (А. Байтанаев). Мейманға сарандығын қоймас болса, Азуын алты қарыс қағу керек («Ақан сері»).

**Қонақсыз, меймансыз, кісісіз.** *Қонағы жоқ.* Ашып жүрем қабақты, Мейлі баймын, кедеймін, Мен қонақсыз тамақты тамақ демеймін (Т. Молдағалиев). Бір күн меймансыз, ойын-күлкісіз отыра алмаймын («Бозінген»). Әкемнің ағасы Жанұзақ атамның үйі әншейінде кісісіз болмайтын («Жетісу»).

**Қонақтау, қонақшылау, меймандау.** *Адамның қонақ болуы, түнеп шығуы.* Амантай қай жерде қонақтап жүр екен? – деді Итбай Асқардың сұрағына жауап бермей (С. Мұқанов). Анасы жаз кезінде

немерелерін ертіп, бір жамағайындарына *қонақшылап* кеткен екен (К. Юсупов). Әуелде біздің ауданға жолдарыңыз түсе қалса, біздікіне соғып *меймандаңыздар*, – деді («Қазақстан әйелдері»).

**Қонақүй, мейманхана, қоналқа, қонақжай қарап.** *Жолаушылар мен жүргіншілерге арналған үй, жататын орын.* Мұсабай үйінің жанындағы *қонақүй* – ақ отау екен (М. Әуезов). Әр жерден барған қонақтарға арналып «Интурист» *мейманханасында* үлкен банкет берілді (С. Мәуленов). Онаша тұрған екі үйге жеткен соң *қоналқа* да сұратқан жоқ, аттан секіріп түсіп үйге кірді (Ф. Мүсірепов). Бізді үлкен мөлдір көл жағасына салынған *қонақжайға* әкеп түсірді (М. Әуезов).

**Қонды, күйлі, қомды, семіз, құр көне.** *Денесін май басқан, жегілмеген, мінілмеген.* Жүргенбай біздерге *қонды* қойларды қолымен нұсқап көрсетті (С. Мәуленов). Дүйсекеңнің астындағы *күйлі* қара көк ат – оның жекеменшігі (Б. Сокпақбаев). Құр ат, *қомды* түйе, атпал қойдың іріктілерін сұрыптап, базарға айдатты (М. Әуезов). *Семіз* бойдақ қой сойылып қазанға салынды (Б. Майлин). Патша әкімнің сыбағасы – тоқты-торым емес, құлын, тай *құрлары*, семіздері (С. Мұқанов).

**Қоңкию, дүңкию, дүрдию.** *Ауыз бен мұрынның көнтііп, дөңес-теніп көрінуі.* Төсекте жатқан мұрны *қоңқиған* сары бала – өзіңнің інің (Е. Мырзахметов). Ол мұрны *дүңқиіп*, қабағының астынан қарайды (Р. Токтаров). Сейілханның аузы *дүрдиіп* ісіп кеткендіктен тілдесудің өзі қиын болды (Б. Тұрсынбаев).

**Қоңыз, зауза.** *Қанаты қатты, тас қабықты шыбын-шіркейлер тобына жататын жәндік.* Форточкадан еніп қалған қанатты *қоңыз* күж етіп, терезені бір сүзіп кетті (Ф. Мұстафин). Питомниктің топырағында зиянкестер – *зауза*, сым құрт және ауру қоздырғыш саңырауқұлақ болмауы керек (М. Ахметов).

**Қоңырсу, көңірсу, күңсу.** *Мұрын жара бықсу, жаман ісі шығу.* Әп-сәтте үкпелі көк текенің *қоңырсыған* ашы ісі мұңк ете қалды (Б. Момышұлы). Кейде мұрныңды *көңірсіген* май, күкірт иістері тіліп өтеді (Ф. Мүсірепов). Өзіміз осылай қара шыбынсыз, *Күңсіген* иіссіз тұрмыс құрсақ, неміз кетеді екен (Е. Қонарбаев).

**Қоңырсық, көңірсік.** *Қоңырсыған жағымсыз иіс.* Жер ошақтағы оттың *қоңырсық* иісі танауға келіп тиді (К. Оразалин). Өртенген шөп, жусанның *көңірсік* иісі көзді ашытып, тынысты тарылтып барады (М. Жұмағұлов).

**Қора, қотан.** *Мал қамауға арналған орын, жай.* Малды бақсаң қойды бақ, Май кетпейді шарадан, Итті асырасаң сырттаннан Қой бермейді *қорадан* (Мақал). Қой *қотанындағы* діңгектің басына орнатылған электр шамдары айналаны жарқ еткізді («Дала шұғыласы»).

**Қораз, өтеш.** *Тауықтың еркегі.* Үнсіз жатқан ана мен қасірет шеккен жас қыздар таңғы *қораздың* алғашқы қышқыруын да есітті (М. Әуезов). Таң да жақын шығар, қаланың *өтештері* дауыстай бастады (С. Шарипов).

**Қораздай, өтештей.** *Қораз сияқты, өтеш тәрізді.* Тынымсыз шақырған таңғы *қораздай* («Соц. Қаз.»). Ол қыздың шақырған *өтештей* бақыруы себеп болғандықтан, ол шоқының атын жұрт өтеш деп кеткен (С. Мұқанов).

**Қора-қопсы, қора-жай.** *Мал қамауға, отын, шөп үюге арналған жайлар.* Шөл құмдарды қыстайтын қазақтар тұрақты тұрғын үй, *қора-қопсы* салмайды (Х. Арғынбаев). Бұл – ұлы суретшінің тұрған үйі, *қора-жайы*, шеберханасы (С. Мәуленов).

**Қоралас, қотандас.** *Мекен-жайы ұласып, жалғасып, қатар жатқан.* Болса да ел аралас, мал *қоралас*, Біздермен кем сияқты араласың («Айтыс»). Ақжол бидің ауылы Жәнібек ауылымен *қотандас* отыр еді (І. Есенберлин).

**Қорапталу, құндақталу.** *Сыртын қаптау.* Келе жатқан үсті брезентпен *қорапталған* жүк машинасы екен (К. Тоқаев). Оқты белбеулері мен қолтықтарындағы *құндақталған* мылтықтарын көргенде, бұлардың аншылар екенін үйдегілер айтпай-ақ аңғарды (І. Есенберлин).

**Қораш, жұпыны.** *Кеңіл толмайтындай сүреңсіз, қарапайым.* Бұл үй – сырт көрінісінде көзге *қораш* көрінгенімен, ішкі мазмұны бай үйдің бірі (С. Мұқанов). *Жұпыны* ғана үйдің сыртқы қақпасы ашылып, тысқа бір бала жігіт шықты («Қаз. мұғ.»).

**Қораштық, жұпынылық.** *Қарапайымдылық, сүреңсіздік.* Өз кимылының ақылға сыймас *қораштығын* Бек осы кезде барып бір-ақ аңғарды (М. Мағауин). Ол жылдары киімнің *жұпынылығы* студенттер үшін қасиетті бір белгі саналатын (К. Жұмаділов).

**Қорбию, қоқию, қоқаю, қоржию.** *Кең киім киіп қомпию, қоқыраю, қодию.* Аяғындағы кирза етігінің қонышы кең, белін қынап бұған мол гимнастерка да *қорбиюп* қолпылдап тұр (Т. Ахтанов). Қораптың алдыңғы жағына *қоқиып* Максұт орнықты (Н. Фабдуллин). Ол жарықтықтың да *қоқайған* бөркі қалыпты (Р. Токтаров). Шананың алдында енгезердей болып тұлып киіп, *қоржиган* Байжан отыр (Х. Рахимов).

**Қорғау, қорғаштау, қорғалау.** *Қауіп-қатерден аман алып қалу, арашалап алу, қамқорлық жасау.* Жандай досын белгісіз қауіптен *қорғау* үшін аз уақыт орнынан қозғалмаған Сақа олардың қарасы үзіле бой көрсетпей, соңдарынан еруге ыңғайланып еді (С. Мұқанов). Мынаны қарашы, интернатта талқанымды талай бөліп беріп едім, бұзықтарға қорлатпай *қорғаштаушы* едім (Ә. Тарази). Кіре берістегі босағаға сүрініп, Алена қолдарымен ішін *қорғалап*, жер еденге етпетінен құлады («Жұлдыз»).



**Қорек, нәр, талшық, талғажау, қалжау, аужал қарап., құнар сөйл.** *Жұмырға жұқ боларлық, өлместей ас.* Құлынның алғашқы айдағы негізгі қорегі – сүт (А. Сыздықов). Қос уыс бидай – нәр осы, Түсірмей жейміз ақырын (Қ. Мұқашев). Әркім картоп, ол-пұл жеміс алып, үзіп-жұлып дегендей, біразға дейін *талшық* етті (С. Жүнісов). Күзде жинаған тары-талқанын қыс бойы *талғажау* етті («Қаз. әдеб.»). Сен жерінді сат та, содан түскен қаржыны кемпірің екеуін өмірлеріңе *қалжау* етіндер (Қ. Исабаев). Балам соның тіршілігінен *аужал* алып телміреп отырушы еді (М. Әуезов). Түнге қарай қазға дән немесе *құнары* мол дөңді дақылдардың қалдығы беріледі («Құс өсіруші»).

**Қорқақ, жүрексіз, үрейшіл, су жүрек, қоян жүрек.** *Өжет те өткір емес, батылы жоқ.* Әзберген қырсық мінезді, қыршаңқы тілді болғанымен, қуыс кеуде *қорқақтың* бірі болатын (М. Әуезов). *Жүрексізсің, қорқақсың, Ебедейсіз, торқақсың!* (Қ. Мырзалиев). Жасы кіші *үрейшіл* Қасым қорқып, Омекен мен Садуақас екеуінің ортасына жатты (Б. Соқпақбаев). Мына кісі мені табансыз, *су жүрек* деп ойлап қалмаса не қылсын, – деп абыржыды (Б. Тоғысбаев). Әйкекенмен түспеймін десе, Сапардың *қоян жүрексің* дегелі тұрғанынан именіп, сыр бермей қалды (М. Иманжанов).

**Қорқақтық, жүрексіздік, батылсыздық, үрейшілдік. Қоян жүректік, қорқақ болушылық.** Бір қысталау кезде *қорқақтық* жасаған біреуді атып тастап аэродромды жалғыз қорғап қалған (Ә. Әбішев). Мұндай жазалар әскери уставты орындамаған, ұрыс майданында *жүрексіздік* көрсеткендерге қолданылады (Қ. Аманжолов). Ол менің *батылсыздығымды, бостығымды* әжуалап тұр екен (Ә. Нұршайықов). *Үрейшілдік* пен қоян жүректік совет жауынгерінің рухына жат нәрсе (Б. Момышұлы).

**Қорқу, үрейлену, шошыну, батылсыздану, жүрексіздену, жүрексіну, тайсалу, айбыну, қорқақтау, пысу.** *Зәресі ұшып сескену, имену, қаймығу.* Жүнісбай, шынында да, *қорқу*, біреуден ықтап, шайлығу дегенді білмейтін (Б. Соқпақбаев). Әдеп сақтағаны болмаса Мәкен бұл сәтте де *үрейленіп* қорыққан жоқ еді (М. Әуезов). Ақырын айтса да, осы сөзінен өзі *шошынғандай* Мария үнсіз сілейіп тұрып қалды (Ф. Дінісламов). Сіз олай сөйлеменіз, – деді ол бригадирге *батылсыздана* қарап (Д. Исабеков). Көз қиығымен Әсия жаққа *жүрексіздене* қарап еді, жүзі жанып, қасына кілбік күміс қырау тұрыпты (М. Қабанбаев). Ең ауыр тірлікті абыроймен атқарып келе жатқан ер жігіттің көпшілік алдына шығып сөйлеуге *жүрексінді* дегенге сену қиын (А. Байтанаев). Кенжетайдың *тайсалмаған* кескінінен Кошкин сескеніп қалды (С. Мұқанов). Әкем қатарымда тұрса, арыстанға да *айбынбай* ұмтылар едім (Б. Жақаев). Конвертті ашып *қорқақтап*, хатқа екеуі үңілді, әр жолына жалтақтап, әр сөзінен түнілді (Қ. Мұқышев). Жылқының бөрі қорқып, *пысып* жүр («Лен. жас»).

**Қорқыныш, үрей, құт, зәре.** *Адамды сескендіретін ерекше құш, қатер. Қорқыныш* қысып зар қаққан бала дәл бір от басып алғандай шыр-шыр етеді (М. Әуезов). Оны Зәуреден айырылып қалған ба деген *үрей* мазалай берді (Ө. Қанахин). Ертеңгі күні не деп жауап берерін білмей *құты* қашты (А. Сүлейменов). Қырқадан асып, қалың шеңгелді шағын қой иіргендей жерге жеткенімде *зәрем* зәр түбіне кетті, – деді ол (Қ. Әбдіқадіров).

**Қорқынышсыз, үрейсіз.** *Қорқынышы жоқ, қауіп-қатерлі емес.* Күзетшінің даусын елемей, қараңдаған біреу еш *қорқынышсыз* таяп келеді (К. Сегізбаев). Содан бері балалар да аулада еш *үрейсіз*, алаңсыз ойнап жүр (Ө. Бөриев).

**Қорқынышты, зәрелі, үрейлі.** *Адамның зәре-құтын аларлық, кісі шошырлық.* Нақ осы *қорқынышты* кезіңіз ғой, еш нәрсе бола қоймас, бәрі де өтер (Б. Майлин). Түрмеде өлім күтіп минут санаған *зәрелі* мезгіл ойда сайрап тұр (З. Шашкин). Сәмидің көзіне *үрейлі* бір қорқыныштың ұшқыны бір сөніп, бір жанып тұрғандай көрінді (Х. Есенжанов).

**Қорлану, қорабалану.** *Бір нәрсені көп жинап баю.* Бұл елдерде көне мәдениеттің мол мұрасымен бірге *қордаланып* келе жатқан жаңа мәдениет бар (Ф. Мүсірепов). Күздегі бір отар қой төлі қосылған соң, жазда *қорабаланып* көбейіп кеткен (Ф. Орманов).

**Қорлық, зәбір, жәбір, жапа, зымыстан.** *Біреудің біреуге көрсететін озбырлығы, үстемдігі.* Назым Хикмет туған елінің елдігіне тиіп жатқан *қорлыққа* ерекше жауап берді (Ф. Мүсірепов). Жұман бар *зәбірін* ұмытып, енді бас сауғалай бастады (Ф. Мүсірепов). Ағаш, тау арасына сіңіп кеткендері қайтып келіп, ақтардан көрген зорлық, *жәбірлерін* айта бастады (Ж. Саин). Ол қара басының қамынан қасындағысының *жапасын* көбірек ойлайды (О. Сәрсенбаев). Бұлбұл құс *зымыстан* көрмей, гүлстанның қадірін білмес (Мақал).

**Қортию, мыртию, тайпию.** *Бойдың қысқа болып, ұсқынсыз көрінуі.* Көзіңді күшік құрлы бір ашпассың, *Қортиған* шірігінді құдай алмай («Айтыс»). Ол *мыртиып* алып, кабинаға секіріп мінді (Т. Нұрмағамбетов). Тап осы жерде менің бала кезімде бірнеше *тайтқан* үй болатын («Алматы ақшамы»).

**Қорым, қабірстан.** *Өлгендердің сүйегі қойылатын қалың бейіт.* Қанағат алдың атты жетектеп, ата-бабасы, туған шешесі жатқан *қорымға* қарай беттедім (М. Дүзенов). Таласпа, осы *қабірстанда* отырып, мен бәрін де біліп отырмын, – деді Ишан жекіп (С. Мұқанов).

**Қорыту, сіңіру.** *Денесіне ендіру, бойға сіңу.* Тамақты отқа пісіріп жеу организмнің асты *қорыту* мен сіңіруге жұмсайтын қуат мөлшерін азайтты («Жалпы биология»). Өсімдіктер көмір қышқыл газын *сіңіріп*, органикалық заттар түзеді («Қазақст. мект.»).

**Қорыту, тұжырымдау, түйю.** *Нақтылы бір тоқтамға келу, тұжырым жасау, түйіндеу.* Өмірдің өзі азап пен рахат деген ғой

бұрыңғылар, – деп, *қорытты* ойын Молжан ақсақал (Б. Кенжебаев). Сонда жұмыс орны дайын болса дейсіз ғой, – деп Досан әңгімесін *тұжырымдады* (М. Әбдіхалықов). Шопандар ұсынысын басқарма мәжілісінде қарауға ой *түйді* (М. Дүзенов).

**Қорытынды, тұжырым.** *Белгілі бір істен жасалған байлам, шыққан нәтиже.* Ұлжан бықсыған отты жандыра отырып, Гүлзипаның сөзіне *қорытынды* жасады (Б. Майлин). Ақырында жеке ел болайық деген *тұжырымға* тоқтады (З. Шашкин).

**Қос, күрке, жаппа, лашық, кепе, шайла, ұраңқай, итарқа, абылайша, көлеңке, балаған.** *Уақытша тұруға арналған баспана.* Тілесең кішкене *қос* жасап алып, күні-түні бау-бақшаның басында болады (С. Омаров). Бір жылқының құнаны болды, бір ешкі, екі лағы болды, өзіне бөлек *күрке* салып, өзінше тұрағы болды (С. Мұқанов). Бір кездерде сәндеп тұрып салған сияқты болған *жаппа* тамдар қазір көңілге қораш-ақ көрінеді (Ә. Ибрагимов). Бұл шетте жыртық, шоқпыт *лашықтар*, құрым қара қостар, кішкене күркелер де бар (М. Әуезов). Қарасу мен Қазыбай көлдерінің ақшыл сары құмдауыт жағасында жүздеген төбесі шошақ *кепелер* тұр (М. Жұмағұлов). Ауыл кешке шабырға иек арта қонатын көрінеді, үй тікпей-ақ, *шайла* тұрғыз, – деді (Т. Әлімқұлов). Үлкен үйлер тігілмей, *ұраңқай*, жаппа, *итарқа* деген неше түрлі кішкене, тар, аласа күркелер тігіледі (М. Әуезов). *Абылайшаның* жан-жағы түріп тасталынған, іші көрпе, жастық, кілем, ішік, жиған жасауға жайнаған (І. Жансүгіров). *Көлеңке* деп болымсыз баспананы, киізден тігілген *балағанды* атаған (С. Қасиманов).

**Қосарлап, жұптасып, екі-екіден, пар-парлап, қос-қостап.** *Екеу-екеу етіп.* *Қосарлап* қара тұлпарын, Қалмақтың ханы Шажасы, Алып қашты өз жанын (С. Бегалин). Осы құстың бір ғажабы – бір еркек, бір ұрғашы құс болып ғұмыр баки *жұптасып* тіршілік етеді (Ш. Құмарова). Осы кезде барлығы орындарынан тұрып, *екі-екіден* билей жөнелді (Ә. Тарази). *Пар-парлап* жеккен арғымақ, сықырлап жолға толғанда, Аттылар кетті алды ұзап (Ғ. Қайырбеков). Кірсең адасқандай сан бөлмесі бар, *қос-қостап* кілемдерді тұсқа да, еденге де төсеп тастаған (Х. Рахимов).

**Қосылу, бірігу, араласу.** *Бір-бірімен тоқайласу, миласу, басы қосылу.* Күңгірт тартқан төрт қабырғада жалғыз қалуға шыдай алмай, көпке *қосылуға* сыртқа шығып кетті (Т. Ахтанов). Ағзам мен Жүніс бүкіл Орта Азия күшінің *бірігуін* талап етті (З. Шашкин). Кетіпті *араласып* аспан мен жер, Әлде өрт, әлде боран, әлде нөсер (Қ. Аманжолов).

**Қосылықы, қосыңқы.** *Аздап қосылған, қосыла тұскен.* Екі ауылдың арасы қашық емес, *қосылықы* («Егемен Қазақстан»). Қастарының арасы *қосыңқы*, соған қарағанда әйел жанды болар, – деп жеңгелері күлісіп жатыр (Қ. Сәрсекеев).

**Қосынды, қоспа.** *Қасиеттері әртүрлі заттардың қосылған түрі.* Микстураны әртүрлі шөп пен дәрі препараттарының қосындысынан жасайды (Б. Айтқожина). Қорғасын мен мыс кесектері, сап алтындай сарғайған қоспаларымен шағала тастар шұбартып жалындап, жымың-жымың қағады (Ғ. Мүсірепов).

**Қосындысыз, қоспасыз.** *Қосындысы жоқ, қоспасы жоқ.* Аулымның көже деген асы бар, *Қосындысыз* табиғи өз күйінде (Т. Бердияров). Су қосылған және қаймағы қалқып алынған сүт *қоспасыз* таза сүтке жатпайды (С. Сейітов).

**Қотан-қотан, қора-қора, отар-отар.** *Қой мен ешкі малының бастары қосылған тобыры, жиыны.* Үйір-үйір жылқы, топ-топ сиыр, *қотан-қотан* қойлар бәрі де қалып жатыр (С. Шарипов). Басын жерден алмай жайылып жүрген *қора-қора* қойлар (М. Қаратаев). Әр жерде *отар-отар* қой, табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқы көрінеді («Жас қайрат»).

**Қошеметтеу, қолпаштау, дәріптеу.** *Біреуге қошемет көрсету, көтермелеп мадақтау.* Ананың ақ батасынан артық дүниеде не бар, – деп, Молдабек бәйбішесін әдейі *қошеметтей* түсті (Ә. Нұрмаханов). Осылар мені аяқ астынан неге *қолпаштап* кетті? – деп ойлады Қозыбай әлгілердің соңынан қарап тұрып (Қ. Жұмаділов). Елдің еңбекті, еңбек адамын ерекше *дәріптеп*, құрмет төріне отырғызатыны да міне осыдан («Балдәурен»).

**Қошеметші, қошеметкер.** *Біреуді мадақтап көтермелеуші.* Баяғы қауқылдаған көп *қошеметші* де, қасы мен қабағына қараған қарақұрым қол да жоқ (Ә. Кекілбаев). Бұл сөзді мақұлдаған *қошеметкерлер* де аз болған жоқ (А. Машанов).

**Қошеметшіл, қошеметқой, сыйлағыш, сыйлампаз.** *Қошемет ете білетін, қошемет құмар.* Әлібек ауылдың кәдімгі қу десе де қу, сұм десе сұм, парақор, өзінен жоғарыларға *қошеметшіл*, төменгілерге өктем адам еді (Б. Момышұлы). Байдың *қошеметқойлары* егіннің жел жағындағы кедейлердің қыстауына от қойып, шегірткені үркітіп жіберген екен (Ж. Арыстанов). Ыбырай сынды ұлы адамды ұмытпау – үлкенді *сыйлағыш* ағайын үшін жақсы жоралғы (Ж. Молдағалиев). Қолынан іс келмегендігінің есебін кісі *сыйлампаздығымен* жылтыр-жылпостығымен толтырғысы келеді (С. Байжанов).

**Қоюлау, қоюырақ.** *Қоюланыңқырап кеткен.* Балық майы – сарғыш түсті *қоюлау* келген сұйық май (Е. Оразақов). Көже құйғанда Рамазанға *қоюырақ* етіп, маған сұйығырақ құятын тәрізді (Б. Соқпақбаев).

**Қояншық, эпилепсия.** *Кенеттен естен тандырып құлататын, ұстамалы талма ауруы.* Жабысып Ауғанбайға *қояншық* дерт, Жын буып бес жыл ұдай жатты ауырып (З. Шашкин). *Эпилепсияны* тудыратын нақты себеп, оның өрістеуіне жол беретін жағдайлар әлі де толық ашыла қойған жоқ («Денсаулық»).

**Қуандыру, қуанту.** «Қуан» етістігінің өзгелік етіс формалары. Жарын күткен, қыз күткен *Қуандырып* жігітті, Жалғадың сен үздіккен Үміт пенен үмітті (Қ. Мырзалиев). Ажал аузынан аман құтылғанын білдіріп, бала-шағасын *қуантпақ* (С. Ләмбеков).

**Қуану, шаттану, масаттану, насаттану, масайрау, мәздену, мазаттану, мазатсу жерг.** *Қуанышқа бөлену, шат-шадыман болу, көңілі өсіп, жайдарылану.* Жалт қараған бойда Тәлімді көріп, Елдос *қуанып* кетті (А. Байтанаев). Апам мені оқыған деп, іштей толқып *шаттанады* (Н. Серәлиев). Кенжетай көп назары бір өзінің аузына қарағанын сезіп, *масаттанып* отыр («Қаз. әдеб.»). Барлығы шат-шадыман, жеңіске *насаттанған* халық (Ә. Әлімжанов). Қуанды ана *масайрап*. Қолына алып баланы (Жамбыл). Әбеке, *мәзденуіңіз* тым ертерек болып жүрмегей, әуелі нысананың не болғанын байқалық (Ә. Көшімов). Бұл күнгі талай құлдар, талай күндер ұзамас, қатарға енер, *мазаттанар* (С. Дөнентаев). Бір ағашқа қонды да, Асықпай жемек болды да, *мазатсып* қарады оңына, солына (Абай).

**Қуаныш, сүйініш, шаттық.** *Бір нәрсеге масаттанып риза болу сезімі, көңілділік.* Украина, сәлем бауыр-құрдастар, Шаттығыңа *қуанышын* бір қосқан (Ғ. Қайырбеков). Серік пен Таймұрза *сүйініштерін* білдіріп, жандары қалмай қолпаштай берді («Қаз. әдеб.»). Әбіш хаты Мағрипаға жеткенде, оның *шаттығы* соншалық зор болды (М. Әуезов).

**Қуаныш-күйініш, қуаныш-реніш, қуаныш-кейістік.** Мұндайда өзіңе жан-тәнімен берілген адамның *қуаныш-күйінішінді* сенің өзіндей ұғып, сенімен бірдей толғана білетін абзал жан болғаны қандай рахат (А. Жолдасбеков). Жігіт пен қыздың ойы тең, ақылы сай, бір-бірінің *қуаныш-ренішіне* өмір бойы ортақ, жанымен жаны үндес болуы керек (Ә. Нұршайықов). Қалған ғұмырына жетерлік *қуаныш-кейістікті* енді жалғыз баладан тартпақ (А. Жақсыбаев).

**Қуанышты, көңілді, шат-шадыман, мәз-мейрам, мәре-сәре, масайраған, арқа-жарқа, мәз, шат, шадыман, шадыманды, насатты, шаттықты, жүрекжарды.** *Ризашылық сезімге бөленген, көңілі көтерілген.* Бұл кезде майдандардан *қуанышты* хабарлар келіп жатты (Ә. Бектемісов). Сөкен өте *көңілді* екен, қарқылдап күліп қарсы алды (Ғ. Мүсірепов). Жігіттер масайрап, *шат-шадыман* болып жатты (М. Әуезов). Тербелген бесіктегі жас баладай, *мәз-мейрам* қуанышты ел жүрегі (А. Лекеров). Үй ішінің *мәре-сәре* қуанышы іңір бойына созылып, бірсыпыра отырды (С. Бегалин). Өңіне қарасам, *масайраған*, шаттанып отырған адамның өңі (С. Жүнісов). Ұлбосынның баласы армиядан келіп, үй іші *арқа-жарқа* болып жатыр («Жетісу»). Бірден байланысып, бала-шағаның амандығын біліп, өздерімен сөйлесіп *мәз* болып қалдық (Т. Кәкішев). Күннің жылы нұрына жан-жануарлардың бәрі *шат* (Х. Әбішұлы). Баяғыдай сыңғырлай шалқитын *шадыман* күлкінің ізі де қалмаған (Ә. Әлішев). Өн бойын *шадыманды*

сезім билеген Әбуәлиев Жалбыр ақсақалмен сөйлесті («Самғау»). Бәйбіше *насаатты* жүзбен жайқандап келеді (Ә. Нұрпейісов). Ет жеп тойынатын болдым-ау деген *шаттықты* ойдан ұйқым шайдай ашылып кетті (Б. Соқпақбаев). *Жүрекжарды* жақсы хабарды естіп, үлкен ұжымда қуанышқа бөленбеген адам қалмады («Жетісу»).

**Қуғындау, қудалау, соңына түсу.** *Біреудің қыр соңына түсіп, ізін бағу, аңду.* Жоқ әлде, маған бола сендерді де *қуғындап* жатырма?! (С. Бақбергенов). Осыншама *қудалайтындай* Мадиярға сіздің не жазығыңыз бар еді? (С. Омаров). Шынтас бұрынғыдан бетер оның *соңына түсті* (С. Адамбеков).

**Қуғын-сүргін, үргін-сүргін.** *Қыспаққа түскен аласапыран заман.* Ол *қуғын-сүргіннен*, қамаудан, айдаудан қайтып оралғанда осы кенді сағалаған (Т. Әлімқұлов). Соғыс жаңа аяқталған кез, ел арасындағы *үргін-сүргін* әлі басыла қойған жоқ (О. Тәжиева).

**Қулану, қуақылану, қутындау, құлдырандау, бұлаңдау, қылмындау.** *Қутың қағып қулыққа салыну, ойнақылану.* Осыдан кейін мен де *қуланып*, қозы жарыстыруға Ілияспен тең түсіп жүрдім (Қ. Шөкенов). Қойшы-ей, саған да ой келе ме? – деді Қанипа *қуақыланып* (Ә. Нұршайықов). Етегіңдегі не, әй? Бізге кәмпит әкеле жатқаннан саумысың, – деді Шұнақ *қутыңдап* (Т. Дәуренбеков). Өзім де соны айтуға асығып отыр едім дегендей құлшынып, *құлдыраңдап* кетті Мадияр (С. Омаров). Ақбөбек сәйкілікпен бұраңдады, *Бұлаңдап* қыр көрсетіп құр алдады (Б. Адамбаев). Торғынның мына аяқ асты *қылмыңдауы*, екі келіншектің қосыла күлгені Жанайға ұнаған жоқ (С. Мұратбеков).

**Қулық, пәлелік, жөгілік.** *Біреуге арамдық ойлаушылық, пәле іздеушілік.* Ойпырай, соншама *қулықты* қайдан үйренген десейші! (Б. Аманшин). *Пәлелік* өз басыннан кетпесін, балаға тиіскені несі! (Ә. Нұрпейісов). Ондай *жөгілікке* жүрегім шаппайды (Б. Әбдіразақов).

**Қулықсыз, айласыз.** *Қулығы жоқ.* Бұл сөздерді ол ешқандай *қулықсыз*, жай ғана шынайы үнмен айтты (Т. Жанұзақов). Жаңағы оның *айласыз* айта салғаны жанына тисе керек, көк түтек ашу көмейіне тығылып, төгіп жіберуге тәс отыр (Б. Нұржекеев).

**Қума, жалғас.** *Бірінен кейін бірі орналасқан.* Көп бөлмелі үйлер көбінесе *қума* болып келеді («Білім және еңбек»). Жатып-тұратын бөлмеге *жалғас* балалардың бөлмесі орналасқан болу керек (А. Байтанаев).

**Қураған, кепкен, қу.** *Кеуіп кеткен, құрғақ.* Өз үйінің терезесі алдында *қураған* көрі терек болушы еді (М. Иманжанов). Жаманның үсті су *болса кептестей* көрер; жаман адамға мал бітсе, кептестей көрер (Мақал). *Қу* шөптен басқа нәр жоқ үстінде бір, түргініп тапқан ерең мал ғана азық (Х. Бекхожин).

**Қурау, кеуреу.** *Құрғап, кеуіп қаудырап қалу.* Жаңбырсыз ерте *қураған* тықыр бозды ұстардай қырып, шаң мен шіркейден дамылсыз

пысқырған көп жылқы өрттей қаптап, көк жиекті көрсетпей жіберді (Ғ. Мүсірепов). Шоқтық шетінен *кеуреп* үзіліп қалған қаптаған тобылғы тұқылдары (Ә. Әзиев).

**Қусыру, қаусыру.** *Бір нәрсені шетінен бастап ысыру, еңсеру, тықсыру.* Кей уақытта қызылдар күшейіп ақтарды бірте-бірте *қусырып* келе жатыр екен деген хабарды да алып қоямыз (С. Сейфуллин). Жаудың етек-жеңін *қаусырып*, тынысын тарылтып келе жатқан әлемет күш (С. Бердіғұлов).

**Қуыстау, үңгу, үңғу, үңгірлеу, кеукетеу, кеулеу.** *Бір жерді қуыс жасап үңгірлеп қазу.* Қаратөбенің үңгірін біреу тарам-тарам тасты шағып, әдейі *қуыстап* қазған тәрізді (З. Шашкин). Балағаннан орын тимеген Кенжебек қатарлылар сабанды *үңгіп* ұйықтайды (Л. Құрманбаева). Ол қабырғаны *үңғып* жасаған қуысқа қолын сұғып, қара хром папка алып шықты (Қ. Исабаев). Қазылған қабырғасын *үңгірлеп* жатуға ыңғайланды (З. Шашкин). Шөптің арасын *кеукетп* алып, мен бақылап, көріп жатырмын (Б. Сокпақбаев). Астын *кеулеп*, киім қоятын қуыс жасаттырды (С. Адамбеков).

**Құбыла, батыс, күнбатыс, мағырып көне.** *Шығысқа қарама-қарсы күн бататын жақ. Құбыладан* қаптаған тұтас алапат бұлт күннің көзін қайтадан сірестіріп басып алды (С. Жүнісов). Сонау *батыс* көкжиектен көтерілген қою қара бұлтқа қарай берді (Ж. Тілеков). Түріктің жіктелген рулары Орта Азиядағы Алтай тауынан шығып, жайлы мекен, кең қоныс қуалап *күнбатысқа* тараған (С. Сейфуллин). Әдейі іздеп *мағырып* пен машырақтан келіп түр (М. Исқақов).

**Құбылмалы, айнымалы, тұрлаусыз, тиянақсыз, аумалы-төкпелі.** *Қылт етпе, толқымалы, тұрақсыз, байлаусыз (мінез).* Әйтсе де ол үй иесі келіншектің жүріс-тұрысына, *құбылмалы* мінезіне ылғи да таңданып қалатын (М. Сүндетов). Менде жоқ *айнымалы* ала мінез, Өмірлік бір күн үшін сертті бұзар (Ө. Тұрманжанов). *Тұрлаусыздан* сөз ұқпа, Аузы оның епті деп («Үш ғасыр жырлайды»). «Сенің өзің парьқсыз, жеңіл өмір сүрген *тиянақсыз* қу боларсың», – деді (Т. Ахтанов). Мұндай *аумалы-төкпелі* мінезі бар әйелдерді Дәурен өз өмірі ішінде көп көрген (С. Бакбергенов).

**Құбыр, колонка.** *Жер асты арқылы сұйық затты тасымалдайтын тұрба.* Осы биіктен *құбыр* арқылы әрбір үйге су бармақ (Ғ. Қайырбеков). Көшелердің бәрінде жана көмілген су *колонкасының* ізі жатыр («Қаз. әдеб.»).

**Құдай, тәңір, Алла, Алла тағала, жаратқан, жаратушы, жасаған, құдірет, ие, пір, хақ, жаппар, рахим кітаб., жалғыз қарап.** *Бар әлемді жасаушы құдіретті күш, табынушы аруақ.* Сені сегіз қырлы етіп жаратқан *Құдайдан* да айналайын (С. Жүнісов). Әншейінде *тәңірге* құлшылық ете бермейтін қарт Сейіттің бұл жолы соларға еліге қалғанын бірден ұқты (Ә. Әлімжанов). Жас жүрегім қозғалса бір *Аллаға* тілегім, ол қарағым оналса, тынышар еді жүрегім (Абай).

Өйткені Алла тағала адамды жаратқанда не істегісі келетінін адам өзі шешсін деген (Қ. Шүлембаев). *Жаратқан* ием өзі жар бола көрсін деп тілейік (Ауызекі тіл). Үкенді жау шаппайды, Үкенді дау қақпайды, *Жаратушы* жар болса, Үкенді сау сақтайды (А. Асылбеков). *Жасаған* ием сізге тым болмағанда жөні түзу бір кісінің ақылын да бермеген екен (С. Омаров). Содан бері *құдіретке* жалбарынумен келеді бейшара (С. Омаров). Мен ұрпақсыз өттім, жалғыз *ием*, бар болсаң жалғыз бауырымды панаңа ал (Ф. Мұстафин). Сиынған *тірім* ерен-ді, Ойлаған ойым терең-ді («Ғашық-наме»). Төнеке сенің ерің болса, менің бауырым еді, *хақтың* жазуы солай шығар (Қ. Мұханбетқалиев). Қашаннан сөйлеп жүрген мен бір жорға, я *жаппар*, өткен бабам, өзің қолда («Айтыс»). Берегөр Алла *рахим* (Абай). Мұны бір *жалғыздың* өзі біледі («Жетісу»).

**Құдай, құдая, құда.** «Құдай» сөзінің тілімізде қолданылып жүрген нұсқалары. Адамнан қорықпасаң да Құдайдан қорқуың керек («Қаз. әдеб.»). Құдая, елді сақта сотталғаннан, теңселіп екі қолын бос салғаннан (М. Әуезов). Құданың жазуы осылай, қызметіңді атқар да жүре бер, – деді шешесі Маһираға (Б. Майлин).

**Құдайшыл, аллашыл, діншіл, діндар, тақуа, сопы.** Дінге берілген, Аллаға сиынғыш. Құнанбай мешіт салдырған, мен ондай құдайшыл адам емеспін (Д. Әбілев). Тұрар Сұлтанқұл қартқа қолғанат болып үнемі бірге жүргендіктен, аллашыл атасының көп сопылық машықтарына құлағы үйір боп кеткен («Қаз. әдеб.»). Басқалармен салыстырғанда мұсылман халқы өте діншіл дегенді жұрт көп айтады (Ә. Шәріпов). Нұрышты ораза ұстап, намаз оқымайды деп ауылдың діндар адамдары жақтырмайды («Лен. жас»). Ол – намазын қаза қылмайтын, аузынан Құдай түспейтін тақуа кісі (Ф. Қайырбеков). Үйін күндіз-түні басып жататын мұриттердің кейбірі құдайшыл сопыларға тым ұқсай да бермейді (О. Сәрсенбаев).

**Құдандалы, жекжат, іліктес, сүйекшатыс, ілік-шатыс.** Қыз алысып, қыз беріскен, қарым-қатынас. Бұлар – алты атасынан бермен қарай құдандалы жекжат (Б. Тәжібаев). Құдағи, құдандалы жекжаттыз, асықпаныз, жездем ойлансын, – деп Қадишаны қайта отырғызды («Жұлдыз»). Бір іліктесіме жетектетіп жібердім бүгін (М. Әуезов). Қарияның менің әкеме әріден қосылатын сүйекшатыс жақындығы да бар екен («Мәдениет және тұрмыс»). Біздің үйдегі жеңген жағынан ілік-шатысымыз бар (Ү. Бағаев).

**Құз, шың, сораң.** Таудың ең биік қиыр басы. Тау бүркіттері ұясын биік құзға, жалтыр беттегі кемерге салады (А. Сейдімбеков). Шығып тұрмыз асқар таудың шыңына, тұрмыз ескі мұнаралы зәулімде (Қ. Бекхожин). Тарбағатай тауы заңғар биік, сораңдары аспан меңзеген, сай-саласы үлкен (С. Бегалин).

**Құз, шыңырау, күзер көне.** Тұңғыық терең. Төмен қарасан, көз жетпейтін түпсіз терең құз (А. Токмағамбетов). Бір жарқ



етті нажағай бет алдынан, Терең құз, түпсіз шыңырау алда тұрған (И. Байзақов). Мен мұндай өте алмаймын күзеріңнен («ХХ ғ. қаз. ақын.»).

**Кұйқылжу, ойнақшу.** *Мың құбылып тез өзгеріп тұру.* Аяштың аңқау, ақ көңілдігіне, мінезінің құбылып, құйқылжып тұратынына қызығатын (Б. Тілегенов). Көзін ойнақшытқан келіншек күлімсіреп, қылымсып басын изеді (Ж. Әділбаев).

**Кұйрық, бөксе, дүм сөйл.** *Адамның белінен төменгі жуан мүшесі.* Солдаттар жерге түсіп, біреуі тасқа құйрығын қойып отырды (З. Ақышев). Таста әрі, бөксеңді бұлтитпай! Сен қай бір арық қызсың (С. Мұқанов). Орын тигендер дүмін басты да, орын тимегендер иін тіресе түрегеліп тұрды (Т. Әлімқұлов).

**Кұйылғыш, төгілгіш.** *Піскеннен кейін дәнді дақылдың жерге төгіле беретіндігі.* Күріш деген – құйылғыш дақыл, піскеннен кейін төгілгіш болып дән түсе бастайды (Ы. Жақаев).

**Кұйылу, ағу, төгілу, саулау, сорғалау, сауылдау, дірдектеу, сиектеу, шүмектеу, себелеу, сүмектеу, парлау сөйл.** *Сұйық заттың күшті қарқынымен атылып шығуы, сау-сау етуі.* Қанның артерияларға құйылуы тоқтаған кезде қан қысымы тіпті төмендеп кетеді (М. Қайрақбаев). Қан ағуды тоқтату әдістерін білу суға батқан адамға жәрдем көрсетудің түрлі әдістерін үйрету үшін керек («Халық мұғ.»). От жақпай қайнап жатыр азан-қазан. Тасыған суы жерге төгілуде (Е. Бердин). Бункерден саулаған дәнді қаптап, онан арбаға тиеп жанталасып жатыр (Ә. Әбішев). Қамшының ұшы тиген иегінің астынан қан сорғалап қоя берген-ді (И. Есқараев). Баданадай ірі бидайлар апанға сауылдап құйылып жатыр (Б. Майлин). Үйректің тамағынан дірдектеп ағып жатқан қанға көзім түсті (Н. Фабдуллин). Мұрнынан қан сиектеп, Есі шығып дірдектеп («Манас»). Тұрдым қарап, Шүмектеген жаңбырға (Д. Қанатбаев). Сыртта жаңбыр кешелі бері толассыз себелеп тұр еді (М. Сәрсекеев). Киіз үйдің жырттығынан сүмектеген су кең жайылып барады («Лен. жас»). Бұзау емшекті сорады, сол кезде емшектен сүт парлап ағады («Қымыз»).

**Құлазу, қаңырау.** *Иесі болмай, пайдаға аспай бос қалу, аңырап қалу.* Кеше ғана құлазып тұрған сары бел бүгін жер шұрайы, ел мекені, еңбек кіндігіне айнала бастапты (Ғ. Мұстафин). Бірақ Сайрам маңындағы бұрынғы кен орындары қайтып іске қосылмай, қаңырап бос қалды (Д. Досжанов).

**Құлақтану, хабарлану, есту.** *Болған жаңалықтарды білу, хабардар болу.* Ақан сері келіпті деген хабарға асқа жиналғандар түгелдей құлақтанды (С. Жүнісов). Бұлар танысып болғанша, алақандай Қарағанды хабарланып та болды (Ғ. Мұстафин). Жыын деп жұрттың Үйгентасқа кетіп жатқанын Аққайқыда ести сала Әтіке мен Сейітбаттал атқа қонды (Б. Нұржекеев).

**Құлақшын, кастрол.** *Темірден жасалған, екі жағында ұстайтын құлағы бар цилиндр формалы үлкен ыдыс.* Апам құлақшынға су толтырып құйды (Б. Соқпақбаев). Орыс тілінен енген *кастрол* сөзінің қазақша балама атауы – жергілікті жерде айтылып жүрген *құлақшын* сөзі («Ана тілі»).

**Құлама, кемеш.** *Таудың, өзеннің, жардың тік қабағы.* Екі жағасы құлама биік жар қабақ, ортасы терең арна (А. Байтанаев). Шаршы котанның төрт жағы шөп басқан кемеш жар («Қаз. әдеб.»).

**Құлама, сарқырама.** *Судың құлап аққан тұсы, екпінмен төмен құлаган су.* Көп ұзамай біздің автобус Ниагара су құламасының жанына келіп тоқтады (Ә. Шәріпов). Мен Қызылқайың сарқырама-сының жағасындағы көрі қайыңның түбінде ойға батып отырмын (О. Бөкеев).

**Құламалы, құлауық.** *Құлама болып келген.* Толғанса төгілмей ме сөз нөсері, Өзендей оршып аққан құламалы («Айтыс»). Адыра қалғыр, қу топырақ. Құдығы да құлауық. Қоныс болып жарытпадың, – деді кінәлап (Ж. Нәжімеденов).

**Құлдилау, гөмендеу, ылдилау, еңістеу.** *Жоғарыдан төмен қарай жылжып тұсу.* Балалар да тай-құнандарына тез-тез мініп етекке құдилады (Ғ. Сланов). Самолет қала төбесін бір рет айналып өтіп, қонуға төмендеді (Ж. Молдағалиев). Аттылар төбеден ылдилай шапты (И. Есқараев). Біраздап соң барып жол кілт оңға бұрылады да, теңізді жиектеп еңістейді (Е. Әлімқұлов).

**Құлқын, жұтқын.** *Қара бастың қамы, пайдасы.* Болмадым жастан құмар бақ-дәулетке, Ермедім құлқын үшін алдау епке (Қ. Төкежанов). Мұндай ұсақ мінезді адамдардың көздейтіні бір ғана тұтқыны жұтқынның (С. Бегалин).

**Құлпырғыш, құлпырмалы.** *Неше түрлі болып құбылып тұрған.* Әкесі базардан жарқ-жарқ еткен небір құлпырғыш маталар, қоржын толған басқа да заттар әкелді («Балдырған»). Күн шықты құлпырмалы арайменен, Апталып қалды алтынмен маңай, белең (Ж. Нұрқанов).

**Құлықсыз, ықылассыз, ынтасыз, зауықсыз, пейілсіз.** *Ұнжыргасы тұскен, көңілсіз, ниетсіз.* Айдар үйге қызыққанымен, қазір оны көріп шығуға құлықсыз (К. Баялиев). Бригадир тағы бір жерге жұмсайды-ау деп, ықылассыз орнымнан тұрдым (Ғ. Сапаев). Ол әзіл айтқан болып, ынтасыз ғана ыржиды (С. Бегалин). Үйінде бес күн жатып, Қодарқұл қызметке шықты, зауықсыз, селқос еді (Ә. Тарази). Онсыз адам жаны қанағат таппас, ал пейілсіз әрекетте ынта жоқ (Т. Тілеуханов).

**Құмай, кезқұйрық.** *Ұсақ жәндіктермен, өлекселермен қоректенетін ірі жыртқыш құс. Құмайдың дене тұрқы 125-150 сантиметр, салмағы 8-12 килограмм (ҚСЭ). Жыртқыш құстардан көксары, кезқұйрық, саз құладаны кездеседі («Қазақстанның аң байлығы»).*

**Құмар, құштар, әуес, іңкәр, ынтық, ынтызар, мұштақ көпе.** *Жан-тәнімен берілген, социальдықты үйір.* Сонымен қабағ қазақтардың үй тұрмысын, тіршілік салтын білмекке *құмар* (Б. Соқпақбаев). Мен тіршілікке аса *құштар* адаммын (С. Жүнісов). Оның бұрын да қолының икемі бар, техника тіліне *әуес* (З. Шашкин). Адамбайдың көптен бері *іңкәр* болып жүрген қарақат көз кара қызы бар еді (Д. Досжанов). Көпке дейін Күләштің өнерге сонша *ынтық* екенін елемей жүріппін (Қ. Байсейітов). Тоқабайдың қалыңдық құшып, сүйоге, күйеуіне *ынтызар*, келісімен тиюоге, дайындалған ойы бар (Абай). Көп жылады зынданда тақаты жоқ, Сізді бір көрмек үшін болып *мұштақ* («Ғашық-неме»).

**Құмарлық, нәпсі, әуестік, құмарпаздық, құштарлық.** *Әйелжан-дылық, жан-тәнімен берілушілік.* Ғашықтық, *құмарлық* пен ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол (Абай). Мына отырған Ережеп пен Сүлейменнің екеуі де *нәпсінің* құлы (Ә. Нәбиев). Егін егуге деген *әуестігім*, диканшылыққа деген құштарлығым, менің шамалауымша, сол жылы пайда болды (Ы. Жақаев). Араб елінің әйелге *құмарпаздығы* көршілес елге аңыз болып жайылған («Мың бір түн»). «Жақын» деген сөзге өзгеше мән беріп, *құштарлықпен* айтты (Ә. Тарази).

**Құмартқан, құныққан.** *Арман етіп көкसेген, аңсары ауып қызыққан.* Өзім де қатты *құмартқанмен*, тағдыр ондай нәрсені маған қимады (А. Машанов). Анау оған *құныққан* көзбен әрі назды жанармен қарап, жүрек шөлін алаулы сүйіспен басады (Б. Момышұлы).

**Құмартқыш, құмарпаз.** *Бір нәрсеге қызығып, ынтық болу.* Сол әр нәрсеге *құмартқыш* қылығың әлі қалмаған-ау деймін (С. Байжанов). Мен аңшылыққа әуес емеспін, ал *құмарпаздар* аң аулауға барайық деп қолқаласа, кет әрі де жасамаймын (Ә. Жылқышиев).

**Құмдақ, құмдауыт, құмайт, құм-қайраң, құмшауыт жерг.** *Құм басқан, құмы көп жер.* Түбі *құмдақ*, лайы жоқ, суы көз жасындай мөп-мөлдір екен (Т. Оразов). Изен – ыстыққа шыдамды, құмды, *құмдауыт* топырақтарда өсетін шөп («Тарту»). Жол жыңғыл өскен *құмайттың* арасымен жүруші еді (С. Мұқанов). Құрақ түбі *құм-қайраң*, тайыз екен, аяқтарын созып жіберді (Ғ. Мүсірепов). Арыс өзенінің астынан өткенде екі жақтауды Қаратаудың тасымен өрсін, өйткені өзеннің асты *құмшауыт* (Д. Досжанов).

**Құмыра, көзе.** *Балшықтан күйдіріп жасаған ыдыс.* Саз балшықтан алуан түрлі *құмыралар* жасалды (С. Түрдиев). Қираған алабажақ *көзелерді* тауып алып, әрлі-берлі аударыстырып көреді (О. Сәрсенбаев).

**Құмырсақа, шымал.** *Топтанып тіршілік ететін, бунақ денелі жәндік.* Аты *құмырсақаның* илеуінен секірген кезде басындағы кепкасы ұшып кетіп еді, оған да қараған жоқ (Ә. Әбішев). Қолым мен мойныма *шымал* қаптап кетті (Н. Ғабдуллин).

**Құнарлы, тыңайған, шұрайлы, құйқалы.** *Өсімдік жақсы өсетін, топырағы нәрлі.* Топырағы *құнарлы*, ауа райы жылы аймақта өсімдік

тозаңдағаннан бастап, 35-40 күн аралығында пісіп жетіледі (Д. Әбілев). Жүгері Қаратал совхозының күнгей-шығыс жағындағы *тыңайған* жерге егілген (З. Ыбыраев). Түгін тартсаң, майы шыққан *шұрайлы* жерді мекендеу кімнің болса да арманы ғой («Қаз. әдеб.»). Төре аулының күзеу құдығы – күзгі малға шөбі шүйгін, *құйқалы* қоныс (С. Омаров).

**Құнарсыз, нәрсіз, жұғымсыз.** *Қуат-күші кем, жұғымы төмен, нәрлі емес.* Малдың азығы *құнарсыз* өрі жетімсіз болса, суық сумен суару өте зиянды (С. Омаров). Нан да *нәрсіз* тоқ отырып жеп көрсен, Бал да дәмсіз жаның шығып кеткен соң («Шығыс жұлдыздары»). Өлеңшөп пішені түйеге *жұғымсыз* келеді, күнжара, шорт сияқты жемдерді түйе де ұнатады (И. Жұмағұлов).

**Құнарсыз, өнімсіз, жартымсыз, тауапсыз көне.** *Көлемі, мөлшері аз, жарымайтын, жалшымайтын.* Айдаболдың *құнарсыз* ақысы ішіп-жеуінен артылмады (А. Хангелдин). Завод коллективін қол күшімен істелетін көптеген *өнімсіз* жұмыстан құтқарады (Ж. Дүйсекеев). Аудың балығы *жартымсыз* деп жатыр (Ә. Нүрпейісов). Қамбада *тауапсыз* ғана астық қалған («Лен. жас»).

**Қүнжың қақты, құнтаң қақты, құнтыңдау, құнжың-қүнжың етті.** *Қүнжың қағып* өгізден түсе салып барып үйдің есігін ашты (М. Иманбаев). Той күні жеңгетайына бұрын жетіп мүше алуға құмартып, құнан-тайын *құнтаң қақтырған* боз балаларды елестетеді (Қ. Салғарин). Жиып алып денесін, ұршықтай тез оралған, *Құнтыңдаса* құндыздай, Көз тоймайды қараудан («Халық ақындары»).

**Құнарсыздану, нәрсіздену.** *Құнарынан, қоректік затынан айырылып қалу.* Кейіннен осы қара топырақтың өзі *құнарсызданатын*, өнімді мол беретін халден айырылады (Н. Нұрахметов). Яғни топырақтың ең беткі жұқа қабаты ғана құнарланады да, төменгі қабаты *нәрсіздене* бастайды («Білім және еңбек»).

**Құнарсыздық, нәрсіздік.** *Құнары жоқтық, нәрсіз болушылық.* Мал рационының *құнарсыздығынан* және сиырлардың сүтті аз беруінен осы аталған жайттер байқалады (Қ. Нұрғалиев). Қалтырап тоңуға қан азаюы, тамақ *нәрсіздігі*, витаминдердің жетімсіздігі себеп болады (О. Сейкетева).

**Құндақтау, жөргектеу.** *Жас сәбиді жөргекке орау.* Бір жастау әйел жол шетіне шығып, емшектегі баласын *құндақтай* бастады (І. Есенберлин). Аялы қолда талпынтқан, Қаймақты сүттей қалқытқан. Суық болса *жөргектеп*, қорғасын октай балқытқан («Үш ғасыр жырлайды»).

**Құндау, бағалау.** *Бір нәрсенің құнын, қадірін арттыру.* Өзіңді түгіл суретті, Осынша *құндап* ұстаған. Айнымас асыл жүректі, Сабыры кеткен күшті адам (Ф. Қайырбеков). Адамды тіріде тек *бағалайық*, Ардақтап әнкелейік, ағалайық (Ж. Молдағалиев).

**Күнсыздану, инфляция экон.** Күрделі қаржы жұмсап, ақшаның құнсыздануын тоқтатуға және елдегі жағдайды бірқалыпқа келтіруге тырысқан («Егемен Қазақстан»). *Айналымдағы ақшаның шамадан тыс көбейіп кетуі.* Өткен жылы инфляцияның деңгейі 6-7 пайыздан аспады («Жас Алаш»).

**Құралпы, құралыптас, қатарлы.** *Жас мөлшері шамалас, теңдес, құрбылас.* Жасы мен құралпы, аты Төлеу екен (М. Иманбаев). Жасы мен құралыптас, ол – Текеде шығатын қазақ газетінің редакторы (С. Мұқанов). Мен қатарлы оқыған қыздардың алды Москвада оқу бітіріп, үлкен білімді маман болды, – дейді Қамар (С. Бегалин).

**Құрама, құранды, құрамалы.** *Әр нәрсемен құралған қосынды, әр жақтан жиналған.* Мына көзілдірік киген, бурыл сақалды, құрама тісті ол кезде жап-жас жігіт еді (С. Бегалин). Құлжа төңірегі өте құранды, онда неше қилы ұлт пен халық бар (С. Бақбергенов). Емелев басқарған құрамалы отряд үш күннен соң Тастаққа ат қойды (Ж. Арыстанов).

**Құрбандық, тасаттық.** *Бір нәрсенің жолына бағышталған садаға, құрбан салу әдеті.* Әбіш қына құрбандық айтып, мал шалып жатқанынан хабардар етіп қойды (М. Дүйсенов). Тасаттық бергенде жер ошақтар қазылып, қазан-қазан ет асылып жатқан (Д. Әбілев).

**Құрғақсу, кеберсу.** *Шөліркеп су, сусын ішкісі келу.* Тандайы құрғақсып, шөліркеп келеді (А. Байтанаев). Әлден уақытта тандайы кеберсіп, өз тілі өз аузына сыймады (С. Жүнісов).

**Құрғақшылық, қуаңшылық, тақыршылық.** *Жауын-шашынсыздық, шөп өспей қалушылық.* Сол жылы жауын тамбай, құрғақшылықтың аяғы қатал қысқа ұласты (Б. Тоғысбаев). Ол жақта биыл қуаңшылық көрінеді (Ө. Қанахин). Көктемде жауған сел жауындар өткен жылдардағы тақыршылықтың қарулығын биыл бір еселеп қайырғандай (Ә. Әлімжанов).

**Құрғау, кебу, дегду, тобарсу, кеберсу, сорғу.** *Суы азайып құрғаққа айналу, құрғақсу.* Осы арықтың жері, топырағы қар кетісімен аса тез құрғайды екен (М. Әуезов). Қалайда күн шығып, жер кебуін тосуға тура келді (Ж. Молдағалиев). Қар кетіп, көк алғаш тебіндеп шығып, жер дегди бастады (М. Әуезов). Қыстақ көшелеріндегі толарсақтан асатын батпақ желмен тобарсып, әжептеуір дегдіген екен (З. Жәкенов). Бұрында, сәуірдің басында-ақ, қар қалмай еріп, жер әп-сәтте дегдіп, кеберсіп қалатын (О. Бөкеев). Қырман сорғығаниша мен сендерге бір әңгіме айтып берейін (М. Мағауин).

**Құрғұлақ, діңгене.** *Организмде «С» витаминінің жетіспеуінен болатын ауру.* Ол қозықұйрықтың жуаның құрғұлақтан құлантаза айықтыратынын жақсы біледі («Мәдениет және тұрмыс»). Діңгене – зат алмасуының бұзылуынан тістің қызыл иек еттерінің қанап ауыратын ауру («Түсіндірме сөздік»).

**Құрдай, құрша (жорғалау).** *Аяғынан тік тұрып, жаны қалмай қызмет етті, бәйек болды.* Күнту Ырғызбайлар келісімен-ақ алда-

рында *құрдай* жорғалады (М. Әуезов). Шөпішті оязға айтып, болыстың кандидаттығына өткіздіргенін біліп, қазір алдымда *құрша* жорғалайды деп Тәшен сенген еді (К. Оразалин).

**Құрдан-құр, бостан-бос, тектен-тек, құр бекер, тек, текке, босқа.** *Босқа әуре, қараптан-қарап, жайдан жай, әншейін, негізсіз.* Олар *құрдан-құр* бет-бетімен есі шығып тырағайлап барады (О. Бөкеев). Топталып ап қылжақтап, *бостан-бос* көше таптауды машық көрмедім (З. Шашкин). Ол еңбек үшін жаралған адам, мен оны *тектен-тек* мақтап отырғаным жоқ (Т. Қойшыманов). Абзал адамдар жөнінде мен *құр бекер* сөз бастағаным жоқ («Қазақст. мұғ.»). Қандай қызда ләззат бар жан татпаған, сұлуы бұл заманның тек жатпаған (Абай). Түк білмейтін надан халық *текке* қырылып қаламыз ғой деп қорқады (С. Шәріпов). Қаржыны *босқа* шашуға болмайды (С. Ерубәев).

**Құрдас, құрбы, теңдес, қатарлас, жасты, жастас, тұрғылас.** *Бір жылы туған, жасы бірдей адамдар.* Менің ойыма, сол бір балалық шақтағы *құрдасымның* жұмбақ сыры түсті (К. Жұмалиев). Бұл Бекзаттың мектепте сонау бірінші кластан бастап бірге оқыған *құрбысы* (С. Бақбергенов). Өзіммен *теңдестерден* де, өзімнен үлкендерден де үйренгенім көп екен (Б. Момышұлы). Бертаева өзімен бір звенода істейтін *қатарластарының* тұрмысынан мысалдар келтіреді («Самғау»). Менімен түйдей *жасты* жалғыз ұлы Раш, өкінішке орай, ана жылы машина аударылып апат болған (К. Баялиев). Мұндай бұйымдар қазірде Болат *жастас* баласы бар басқа да үйлерден кездеседі (Ж. Жұмаханов). Жас жағынан Шоқанмен *тұрғылас* ол оңаша күтпек болған төреге алғаш көп кісіні жолатқысы келмеді (С.Мұқанов).

**Құрлық, континент кітаб.** *Жан-жағын мұхит пен теңіз қоршап жатқан ұлан-байтақ территория.* Мұғалім глобусты шыр көбелек айналдырып, жердің жұмыр екенін, бес *құрлыққа* бөлінетінін түсіндіріп айтып берді (С. Омаров). Жүгеріні тағамға көбірек қолданатын Африка *континентінде* халық рақпен басқа елдермен салыстырғанда едәуір аз ауырады (С. Субханбердин).

**Құрсақтану, буаз болу.** *Құрсақ біту, құрсақ көтеру.* Құрсағы жуан боз бие Құлын салмас деменіз. Құлын туған құлаша *Құрсақтанбас* деменіз («Қазақ ақын. шығ.»). *Буаз болған* саулыққа қарағанда қозысы емген қой жемшөпті көп қажет етеді (Т. Айнабеков).

**Құрт ауруы, өкпе ауруы, туберкулез.** *Өкпеге суық тиоден пайда болатын ауру.* Ыстық-суықта күтімсіз жүріп, аяғында *құрт ауруына* шалдықты («Лен. жас»). Көктемдегі Үшқоңырдан көшкенде ақ жанбырды көтере алмай, Исабаев шопанның қорасының төлдері *өкпе ауруына* ұшырады (С. Бегалин). Тек *туберкулезден* жер шарында жылына 3 миллион адам өледі (Е. Оразақов).

**Құрту, жою, жоғалту.** *Көзін жойып құрту, жоқ қылу.* Ой, анауың жігіт екен, танкіні *құртты* ғой (М. Фабдуллин). Шалқарда генерал Коровочкин дегеннің әскерін *жойып* жібердік (С. Бақбергенов). Енді

не де болса қабір басынан ел қайтып келгенше қалайда көзін жоғалту керек шығар (С. Омаров).

**Құрылым, құрылыс, құрылғы.** *Бір нәрсенің белгілі құрамы.* Роман-ның композициялық құрылымының бір қызықты жері – ол шығармадағы басты екі мақсатқа, атап айтқанда, бас герой мен екінші геройды халық өмірі арқылы көрсетуге бағындырылған (І. Омаров). Күрделі құрылысты, көп клеткалы жануарларға қарағанда, қарапайым жәндіктердің тітіркенуге жауап қайтаруы оңай («Жалпы биология»). Жанасуға болатындай электро-техникалық құрылғылар жақсы изоляцияланады («Қазақстан мектебі»).

**Құрылдақ, құрылдауық.** *Құрылдай беретін.* Көлге жақындаған сайын құрылдақ бақаның құр-құр еткен үні құлаққа анығырақ естіле бастады («Жұлдыз»). Мейірімсіз ана да бірдей, Табансыз шана да бірдей. Мейірімсіз апа да бірдей, Құрылдауық бақа да бірдей (К. Әміров).

**Құрылтай, конференция.** *Көп адам қатысып, келелі мәселелер қаралатын үлкен жиналыс.* Биыл Астана қаласында дүниежүзі қазақтарының үшінші рет ұйымдастырған құрылтайы өтті («Жас Алаш»). Конференция – әр алуан ұйым өкілдерінің белгілі бір мәселені талқылап шешуге арналған мәжілісі («Түсіндірме сөздік»).

**Құрым, ыс.** *Түтін тозаңынан пайда болатын қара дақ.* Сол жағындағы қырық жамаулы құрым лашықтың иесі – Далабай шал (С. Омаров). От жақпаған үйінің сұры қашып, Ыстан қорыққан қазақтың құрсын заңы (Абай).

**Құрыстау, сірестіру.** *Бойын жаздырмау. Құрыстап* денең делсал боп, Буының сыздап сырқырар (С. Мәуленов). Тұла бойды мықтап ұстаған суық буын-буындарын қозғалтпай, сірестіріп тастаған (М. Дүйсенев).

**Құсбегі, құспаз.** *Әртүрлі саят құстарын қолға үйретіп, баптаушы. Құсбегі* саятшылар қаршыға алып, Кеш болса өзен бойы құстар шулап (И. Байзақов). *Құспаздармен* өткізетін семинарымызға екеуміздің бірдей қатысуымыз қажет (Ә. Нұршайықов).

**Құтқару, босату, азаттау.** *Пәле-жаладан, қылмыстан арылту, азат ету.* Қолымнан келетін нәрсе болса, басымды құрбан қылсам да сендерді аштықтан құтқарар едім (Б. Майлин). Мен Қаленді босаттырамын деп айттым ғой, сол сөзім – сөз (Х. Есенжанов). Ауылда да сол өрттен азаттаған, сенсің нағыз өзімнің отандасым («Партия туралы өлеңдер»).

**Құшақтау, құшу.** *Құшағына алу, қапсыра қысу.* Анасы Сәкенді құшақтап, маңдайынан сүйді (А. Сатаев). Далабай қызды қаусыра құшып, өзіне тақады да, уылжып тұрған ернінен сүйіп алды (Д. Досжанов).

**Қыдыр, қызыр, қырық шілтен.** *Халық аңызында ақ сақалды шал бейнесінде ел аралап жүретін әулие.* Ақыры үміт үзілуге айналғанда, тұрмыс құрғандарына бес-алты жыл толғанда қыдыр дарыды (М. Мағауин). Жылап жатқан жерінде, Тілегін құдай берді, Ақ сақал-

ды кісі болып, Хазірет *қызыр* келеді («Батырлар жыры»). Қыдыр ата жар болып, *Қырық шілтен* қолдай гөр, Жолымды құдай оңдай гөр («Батырлар жыры»).

**Қыдырғыштау, қыдырыстау, кезбелеу.** *Бір жерлерге арнайы бару.* Ештемеге зауқы жоқ, көрші үйлерге де *қыдырғыштамайды* (Т. Нұрмағамбетов). Аралдың бір қойнауында тұратын балықшы қызы Қызылордаға *қыдырыстап* барады (Б. Әбдіразақов). Қайғының зардабынан *кезбелендім*, Арқа, Сыр алабы ғой кезген жерім («Шаттық жыры»).

**Қыдыру, кезу, тентіреу, аралау, шарлау.** *Ел аралап бос жүріске салыну.* Үйленіп алғаннан кейін ол үй *қыдыруды* әдетке айналдырды (Ә. Нұршайықов). Әбден іші пысқан соң, ермек іздеп көше *кезуге* шығады (К. Баялиев). Жұмыс уақытында бүйтіп *тентіреп* кететіні болмаушы еді (Р. Тоқтаров). Жаяулап дәмін таттым талай елдің, *Аралап* суын іштім талай жердің (С. Сейфуллин). Еркінді іздеп табайық деп жан-жақты ұзақ *шарлап* көріп еді, босқа сарылды (А. Байтанаев).

**Қыдырымпаз, қыдырғыш, қыдырма, қыдырмашы, тентіреуік, қыдырынды сөйл.** *Орынды, орынсыз қыдыра бергіш. Қыдырымпаздың аяғы ас пен тойда тынығар* (Мақал). Ауылға барғанда Сәкен қатардағы еңбекшілердің үйіне *қыдырғыш*, сөйлескіш, дәмін татқыш келетін (С. Мұқанов). Үсті-үстіне келіп жатқан *қыдырма* қонақ та, шақырма қонақ та көп (С. Әбдірайымов). Тұмар мойын ат мінген *қыдырмашы* жігіт-желең бір ауылдан бір ауылға сапырылысып бағарды (Ә. Кекілбаев). Желпінген омыраулар күрт құлап, *тентіреуік* көңілдер мен тіміскі көздер анау бұлыңғыр көк жиекке қадалды (Ә. Кекілбаев). Мынау бір-екі *қыдырындыны* зынданға тастаңыз, – деді қазы жұмыскерлеріне (Ы. Алтынсарин).

**Қыз, қыз бала, әйел бала, қызалақ қарап., қырықжеті этногр.** *Әйел жынысты бала.* Есікті сықыр еткізіп ашып, талдырмаш *қыз* кірді (С. Сматаев). Оның үйіне әлгінде машинадан егде кісі және *қыз баласы* бар, екі адам түсті («Жетісу»). Жазға салым Хадиша қайтыс болғанда, артында бір еркек, бір *әйел баласы* қалған (М. Әуезов). Он үш жасар бойшаң *қызалақ* түнде бізге тағам дайындап берген (Ә. Сәрсенбаев) Үй иелері мен жеңгең *қырықжеті* туды деп сүйінші сұрады (Ауызекі тіл).

**Қызанақ, алжұмыр, помидор.** *Қызыл, сарғыш түсті бір жылдық көкөніс.* Оңтүстіктің кайсыбір аудандарында помидорды *қызанақ* деп атайды («Қаз. әдеб.»). Жұмажан салмағы бір жарым килограмдық алып *алжұмыр* өсірді («Соц. Қаз.»). Бұрын картоп пен *помидорды* да білмейтін қазақтың қазірде үй басында бақшасы бар (Р. Ыдырысов).

**Қызараңдау, қызарақтау, шамдану.** *Ыза болу, шамына тию.* Дауыс өктем шықты да Әйтiкeн *қызараңдап* жан-жағына қарады (Ж. Мусин). Асау екен мынау, – деп, мазактап тұрған бізге *қызарақ-*



*тай* карап, орнынан түрегелді (Қ. Жаркенов). Отағасы-ау, жөн сөзге де былай *шамдануыңыз* өзіңіздің адамшылығыңызға лайық емес қой (Ә. Әбішев).

**Қызба, қызу қанды, қызымпаз, қызбалықты.** *Ұшқыр мінезді, лап етпе.* Жоқ жерден шатақ шығарғысы кеп тұрған *қызба* жігіттер де бар (М. Дүзенов). Жақыпбек ойлағанын бет-жүзін бар демей, тіке айтып тастайтын *қызу қанды* жігіт еді (М. Иманжанов). Күрес пен бәйгеге *қызымпаз* қазақтар бұндай жиынды жанжалмен аяқтайтынын ол білетін (С. Мұқанов). Аздаған *қызбалықтың* өсері ме, жайшылықта көп сөйлемейтін Жақып ешкімге сөз бермей қойды («Түсіндірме сөздік»).

**Қызбалану, қызыну, қызу.** *Қызып кету, өршелену, өрекпу.* Келелі жайды сөз еткен екенбіз, ашуланбай, *қызбаланбай* әңгімелесейік (Б. Момышұлы). Мен де *қызынып*, аттың басын ыңғайлап-ақ алып ем, Арыстан алдымнан кес-кестеді (Б. Майлин). Батыр Қамбар *қызады*, Ердің түгі шығады («Қамбар батыр»).

**Қызбалық, қызулық, ұстамсыздық.** *Ұшқыр мінезділік жасау, алды-артын бағдарламаушылық.* Тым болмаса біздің сақалымызды сыйлап, *қызбалығыңды* доғарсаңшы (Б. Момышұлы). Тілеуқабақов бұл жолы жас кезіндегідей *қызулық* білдірген жоқ (І. Есенберлин). Егер сыр шашып *ұстамсыздық* етсеңдер, өз обалдарың өздеріңе (С. Бегалин).

**Қызғылт, қызғылтым, қызғылттау, қызғыл, қызылдау.** *Ақшылдау келген қызыл түс, солғын қызыл.* Балшекердің қоңыр жүзіне қуаныш лебі тарап, *қызғылт* нұр жүгірді (Т. Тілеуханов). Ақшыл жүзінде *қызғылтым* нұр ойнап, мүлдем құлпырып кетеді екен (О. Сәрсенбаев). Көкжиектен күннің көтерілгені таудың жотасын шалған *қызғылттау* сәулесінен байқалып тұрды (С. Мұқанов). Күн сәулесі тарамданып, көгілдір аспанның беті *қызғыл* тартты (С. Талжанов). Сары – жалпы түйеге ортақ түс, түйенің біразынын түсі *қызылдау* («Қаз ССР ҒА Хабаршысы»).

**Қыздырмалау, елірту, құтырту.** *Қолтығына су бүрку, жел беру.* Мәдібек сездірмей түртіп, *қыздырмалап*, Сейдуәлиге мені жамандатып, сөзін қостай берді (С. Сейфуллин). Айтқұл оның қолтығына су бүркіп, *еліртіп* қояды (З. Ақышев). Айнабай Есімбекті *құтыртқаныммен* қанағаттанбай, енді Әбдірахманды басқа жөн мүдіртуге де кірісті (Б. Майлин).

**Қызметші, қызметкер, даяшы, даяршы сөйл., күтуші сөйл.** *Біреуге жалданып күн көруші адам.* Қоншы руынан шыққан Мір хакберді бек үй ішін, *қызметшілерін* қалмақ шабуылынан аман сақтау үшін Ыстықкөл жағасына аттанды (І. Есенберлин). Қатша кіші балаларымен қаладағы бір байдың үйіне жалданып, *қызметкер* болып жүр (М. Әуезов). *Даяшы* жігіт ханға иіліп, сыртта Батырбек шешен келіп тұр депті (С. Омаров). Бір *даяршы* жігіт үйге кіріп, қолымызға

су құйды (С. Көбеев). Айғаным *қутуші* әйелді ғана отырғызып, Құс-мұрыннан шығатын керуен жолына түсіп тартып берді (С. Бегалин).

**Қызшыл, қызжанды, қызқұмар.** *Қызды құрметтейтін, қызды ұнататын.* Піспеген нандай бозарып жүріп, мұның *қызшылын*, – деді жактырмаған кейіппен Дәлдуге (Т. Қойшыманов). Біздің ауылдың нарқасқа жігіттері шетінен *қызжанды, қызқұмар* ғой, – деп жиналғандарға көз тастады («Жалын»).

**Қызығу, құмарту, ынтығу, құштарлану, әуестену.** *Көңілі кету, ынтызар болу, ден қою.* Ұшында күлтеленген сәнді шашағы бар, ақ жібек белбеу – менің көптен *қызығып* жүрген нәрсем (Б. Сокпақбаев). Бос *құмарту* бар да, шын жақсы көру бар емес пе? (Ж. Молдағалиев). Отырар төбені көргенше *ынтыққан* балалар есікке лап қойысты (Н. Серәлиев). Әңгімесін айта берсе екен, соны тыңдай берсем деп *құштарландым* («Самғау»). Жасынан жеті жылдық теміржол мектебіне оқуға түскен Роза сегіз жасынан бастап ән айтумен *әуестенеді* (Б. Тәжібаев).

**Қызықтау, тамашалау.** *Таң-тамаша болу, таңдану, таңырқау.* Сейілдеп, ауылдан едәуір ұзап кеткен Елдос жаздың көгілдір кешін *қызықтап* тұр еді (А. Нысаналин). Бұрын тау көрмеген солдаттар көздерін алмайды, *тамашалап* келеді (З. Ақышев).

**Қызықты, қызғылықты, қызық, әсерлі, тартымды.** *Көңілді, қызығышылық тудыратын.* Мұндайда өлке табиғаты ұяң мінезді, сезімтал әсем қыз сияқты көрікті де *қызықты* (Ф. Сланов). Аузын ашса, неше алуан *қызғылықты* әңгімелер фонтанша атқылайтын Сағатбай орнына келіп отырды (Б. Сокпақбаев). Бүгін оның үйіне әкеле жатқан жаңа журналы ғана емес, *қызық* жаңалығы да бар (Ә. Нұршайықов). Ол шопан еңбегі – барша жұртымыз қадірлейтін қасиетті еңбек екенін *әсерлі* тілмен қысқа ғана айтып өтті де, әдемі бір ой түйді (Н. Фабдуллин). *Тартымды* оқиғасы бар фильмдер көп шығарылуға тиіс («Лен. жас»).

**Қызықшыл, қызыққұмар, қызыққой.** *Қызыққа жаны құмар, әуесқой.* Батырдан барымташы туылар даңғой, Қызшыл да, *қызықшыл* да әуре жан ғой (Абай). Бұл өзі қатардағы жауынгер, көдімгі *қызыққұмар* бозбала (О. Сәрсенбаев). *Қызыққойлар* ұзақ қол созып, өншіге үлкен ықылас қойды (К. Сегізбаев).

**Қызылжанды, қызылшыл.** а) *Жылтырағанға жаны құмар, әдеміге әуес.* Барынша *қызылжанды*, бірақ кезінде оны қолына түсіре алмай кіжінген Тотия дүние жинауға келгенде еш тайынбайды (Ш. Құмарова). Қызыл шелектерін бір-бірлеп шеше бастап еді, қыздың *қызылшыл* көңілі бәсеңдеп қалды бір сәтке (А. Жүнісов). ө) *Ет дегенде өліп тұратын, ет жанды.* Ет дегенде өліп-өшіп тұратын *қызылжанды* адамдар болады (Ауызекі тіл). «Ет дегенде бет бар ма» дегендей, *қызылшыл* қазақтар қонаққа қой сойылуын пайдаланып, сорпасын ішуге жиналған көрінеді (С. Мұқанов).

**Қылдырықтай, қылдай, қындай, жіп-жіңішке.** *Өте талдырмаш келген, қыпша бел.* Әлпеш *қылдырықтай* белі үзіліп кетердей майысып, құлаштан келі түйіп жатыр (Н. Серәлиев). Оның белі *қылдай* болып пернеде ойнаған қолдары да жігітті тарта берді (Ж. Жұмаханов). Белі *қындай*, тұла бойы сымдай майысқан, көздері күлімсіреп тұратын бір сұлу қыз (Ж. Жұмаханов). Қыз мүшесі бұзылмаған: белі әлі *жіп-жіңішке*, құмырсқа бел қалпында (Ғ. Мүсірепов).

**Қылжақ, қылжалаң.** *Жөн-жосықсыз істелген тәлкектік, айтылған сөз.* Ой, койшы енді, сенің де *қылжағың* қалмайды екен, – деп Сейіл кейіді (Қ. Мәшһүр Жүсіпов). Содан ба, кейде оқтай қадалады, Еш зілсіз досымның да *қылжалаңы* (Б. Аманшин).

**Қылжақбас, қылжақшыл.** *Ылғи қылжақтап жүретін, бейпіл ауыз.* Бұл қатындардың *қылжақбастығына* дауа жоқ қой, Танабайды аттан аударып алып хахалап, у да шу болады (Ш. Айтматов). Туған халқының арасында төңірдей қоқандайтын біздің Шодайып сияқтылар, – деді Банзаров, *қылжақшыл* қалпын байқап, ойын сөзден шыңға қарай бейімдегісі келіп (С. Мұқанов).

**Қылжандау, қылжыңдау, қылжақтау, қылжалаңдау.** *Қылжаң-қылжаң ету, жөн-жосықсыз сөйлеу.* Қоста Сәтбай көздерін ойнатқан болып, *қылжаңдап* Гуляны қажап отыр (С. Сейфуллин). Үйдегі жұрт күліп *қылжыңдап* отырса да, Рахымжанның өні маған едәуір әсер берген тәрізді болды (С. Сейфуллин). Аянның әшейін *қылжақтағаны* болмаса, Дунияны ренжітем деген ойы жоқ еді (Қ. Ысқақов). Ол *қылжалаңдаған* Ыбырайымды ауыз бөлмеге ертіп әкетті (А. Жақсыбаев).

**Қыли, қитар, шапыраш.** *Екі көзінің жанары бір-біріне қиғаш біткен.* Оның бұрын жұмылып тұратын *қыли* көзі, қыли емес сол көзі екеуі де жабылып кетіпті (М. Иманбаев). Маңдайы еңкіш, екі көзі де мұрнын көздеп тұрған *қитар* адам екен (Ә. Шәріпов). Беті жалпақтау, *шапыраш* көз жырық ерінді шикіл сары әйел екен (К. Тоқаев).

**Қылилану, қитарлану, шапыраштану.** *Көру бағыты қалыпты күйден ауытқу, қисаю.* Есік жақта ыржия күліп, көзі *қылиланып* кеткен Әбдібай да отыр (С. Мұратбеков). *Қитарланған* шағыр көз қожасының сөзіне мейірі қанған секілденіп күлім қағады (Б. Майлин). Соқыр шалдың сау көзі *шапыраштанып* шыға келді (Р. Ниязбеков).

**Қыл-қыбыр, жүн-жұрқа.** *Малдың түгінен алынатын өнім.* Анданда тері-терсек, *қыл-қыбырын* арқалап, базарға бара жатқан алыпсатарлар көрінеді (М. Әуезов). Дәмелі аудандық тері-терсек, *жүн-жұрқа* дайындау бөлімі бастығының іс жүргізуші хатшысы еді (Ө. Қанахин).

**Қылқылдау, қыңқылдау.** *Қайта-қайта сұрай беру, тынышын алу.* Содан бері Сәнтайда тіпті маза жоқ, түні бойы *қылқылдап* құлағының күрт етін жейді (О. Сәрсенбаев). Қожа қаншама тықыршып *қыңқылдағанымен*, қатыны Ардақтан соң қайтып бала көтерген жоқ (О. Бөкеев).

**Қылмындау, қылмаңдау, қылмию.** *Қылмың-қылмың ету, құл-меңдеп жағымды көрінгенсу.* Екі көзі себенсіз күлімдеп, жем көрген бүркіттей Жәнібекке *қылмыңдап* қарай береді (Қ. Жұмаділов). Ағай, ертерек білмедік, қан төгіспей-ақ бітісетін едік, – деп арбап, *қылмаңдап* келе жатыр еді (З. Ақышев). Студент жігітке ол да қыз көзімен *қылмия* қарағандай болды (Қ. Жұмаділов).

**Қылпықсыз, қылапсыз, қылаусыз.** *Қылпығы жоқ тап-таза.* Мәңгі-бақи қар тұрмайтын *қылпықсыз* жалаңаш таулар ғана қара кошқылданып тұр (Б. Қыдырбекұлы). Және Мендігерейдің жатқан жері *қылапсыз* таза, тамағын тоқ етіп ұстауды көбірек ескерткенді (Х. Есенжанов). Бұл – дала қосы емес, кең де жарық бөлмесі, *қылаусыз* таза ақ төсегі, үй сыртында саялы бақшасы бар демалыс үйі (З. Қабдолов).

**Қылтамақ, жаман ауру сып., рак.** *Адам ағзасында болатын қатерлі ісік ауруы.* Оның күйеуі Жұрқабай былтыр *қылтамақ* ауруынан қайтыс болған (С. Омаров). Құлтайдың шешесі *жаман аурумен* ауырғанына бір жылдай уақыт болды («Жетісу»). Жер бетінде 25 мыңнан аса зерттеуші мен дәрігерлер *рак* ауруы мәселесімен айналысуда («Қазақст. мұғ.»).

**Қылшылдау, қылпылдау, қылпу.** *Өткір болып қылпылдап тұру.* Сары сапты кездігін *қылшылдатып* қайрап, қайыс белбеуінің қынынан тастамайды (З. Ақышев). Барлыбай алдында бас, қолында жүзі *қылпылдаған* көк кездік пісуі жеткен құйқаны ұсақтап турап отыр (З. Шүкіров). Торға алмасқа немене, Айбатыңмен арбасып, Айқасып жаумен қалғанда, *Қылтып* тұрған қылышты (Б. Бұлқышев).

**Қылымсу, тәлімсу.** *Қысылып-қымтырылған болып, бөлсіну, наздану.* Кездескен шақта қыз болып *қылымси* қалсам, маған сол соқтығар ма еді (С. Мұқанов). «Ораза, намаз тоқтықта, *тәлімсіген* молданың сәлдесі қалар боқтықта» дегендей, намазды құнттайтын жайым болды ма менің (С. Мұқанов).

**Қылып, қып.** *«Қыл» етістігінің көсемше түрі.* Қылып жүрген ісіңнің бәрі қыңыр, Қисықсың иттің артқы сирағындай (Майлықожа). Бейберекетті алып, мезі *қып* жіберетін қарасуық жел биыл соққан жоқ (С. Мұратбеков).

**Қылышкер, найзагер.** *Қолындағы соғыс қаруымен шабуға, найза-лауға төселген, соғыс өнеріне шебер.* Үлкен ұлы сексеуілдей мығым қайыс қара болатын; әрі *қылышкер*, әрі *найзагер*, көздемей көзден тигізетін мерген еді (Ә. Кекілбаев).

**Қымбаттау, қымбатырақ.** *Бағасы, нарқы артығырақ, құны жоғарылау.* Шұбар аласын «Алшынбай жылқысының тұқымы» деп, онаша асықпай *қымбаттау* бағамен сатты (Ә. Бектасов). Бұл бұғының пантысы маралдікіне қарағанда *қымбатырақ* келеді («Қазақстан аң байлығы»).

**Қым-ғуыт, шытырман, шырғалаң, шым-шытырық, бытықы-шытықы.** *Адам түсініп болмайтын қым-қуғаш оқиға.* Индия адамдарының семьяларындағы неше алуан *қым-ғуыт* қайшылық жағдайларын роман етіп жазуға болады (М. Әуезов). Ғайсаннғын туу тарихына бастан-аяқ зерттеп, сын көзімен қарайтын болсаңыз, ешбір шындыққа жанаспайтын *шытырманға* кіріп кетесіз (М. Тоқжігітов). «Жылқы өлгеннің» атын естігені болмаса, затын мүлде білмейді, жолы *шырғалаң*, қауіп-қатері мол (З. Асабаев). Ал менің ойым бұдан әрі Бақытжан тағдырына байланысты *шым-шытырық* оқиғаларға ауысты («Лен. жас»). Араларыңда ондай-мұндай, *бытықы-шытықы* әңгімелер болып па еді? (М. Иманжанов).

**Қымтау, шымқау.** *Айнала шетін қайырып бітеу.* Келер, келсін деп, қайта-қайта айтып тапсырдық қой, – деп көрі кемпір Зылиханым көрпесін *қымтап* жапты (Б. Майлин). Кеше ғана қырқынан шыққан Төлеутайды көрпеге *шымқап* орап алған (С. Омаров).

**Қымызқор, қымызшыл.** *Қымызды көп ішетін, қымыз құмар.* *Қымызқор* Шыңғыс бұндайы кездесе, аяқ түгілі сүйретпені еңсеріп тастайтын (С. Мұқанов). Жөңкенің таз тауында *қымызшылға* қызық боп, Күндіз-түні сауында, Жалсыз арық, желін сау, Мана көнек не күйде (І. Жансүгіров).

**Қыңсылау, қаңсылау.** *Ит тұқымдас аңдардың ащы дауыс шығаруы.* Осы кез жаға жақтан ит *қыңсылы* естіліп, қария Қияластың үнін бірден таныды (Ә. Сараев). Абайсызда таяқ жеген тазы *қаңсылап*, көшені басына көтерді (С. Талжанов).

**Қыңыр, қасарғыш, қасарыспа, сіреспе, қарыспа, қасарма, қарысқақ, ерегісшіл.** *Жөнсіздігіне қарамай өз дегенінен қайтпайтын бірбеткей, бір мойын.* Жарылқасын қаншама бұра тартар *қыңыр* болғанмен, бұндай ұсақ әрекеттің адамы емес (А. Байтанаев). Оспан Абайға қарағанда алып жықпа *қасарғыш*, айтқанынан қайтпайтын өжет мінезімен көзге түсетін (М. Әуезов). Бригадирдің *қасарыспа* мінезіне өрен төзсе де, Сағира өзін тежеп жұмсара сөйледі (С. Алдабергенов). Ұрыспақ түгілі сендей *сіреспені* төмпештеп алуға хұқығым бар емес пе? – деп, інісінің жылтыр қара иегінен көтерді (М. Хасенов). Секретарь жас маманның *қарыспа* мінезін ұнатпады (М. Дүзенов). Ол тіл алмайтын *қасарма*, бір қисайса, келісімге келмей, қитабанданып жатып алады (Ә. Нұрпейісов). Алғыс айтар ер жігіт, қыз жаураса нөсерге, Құшаққа енер өр үміт. Қыз *қарысқақ* десең де (Қ. Бекхожин). Оның біреудің соңына түссе, сүріндірмей қоймайтын *ерегісшіл* әдеті барып Батырбек естіген (А. Жақсыбаев).

**Қыпылықтау, қылықтау, қыпылдау, қыпыңдау, қипыңдау, қипылдау.** *Тынышы кетіп мазасыздану, дегбірсіздену, тықыршу.* Бөлекбас өзінің аңдамай сөйлегенін енді ғана сезіп, екі жақтан бірдей қысылып, *қытылықтап* отыр (Ә. Әбішев). Ол күйкентайша қайта-қайта *қытықтап*, еңсесін көтере берді (С. Бакбергенов). Қашан кезегім ке-

ліп қалар екен деп, *қытылдап* отырғандар да көп (Ғ. Мүсірепов). Мырқалдан көрген зөбірін айтар ма екен деп *қытыңдап* тұрды Тайман (Ғ. Әбішев). Енді кезек маған келе ме деген қауіппен Қадес *қытыңдай* түсті (Х. Есенжанов). Мүтәліп апайдың назарын бағып, шықпа жаным шықпамен *қытылдап* отыр (Д. Досжанов).

**Қырағы, көреген, қыран, жігі** *сөйл. Тез байқағыш, көргіш, аңдағыш.* Алысты түгел шалатын қыранның көзіндей *қырағы* көз қиядағыны байқап, орнынан бір қозғалып қойды (Ә. Әлішев). Көптің көзі *көреген* (Мақал). Әмен – ақылды, өткір тілді, *қыран* көзді жігіт (З. Шашкин). Күйшінің *жіті* көзі қыздың әр қимылын қапысыз бағады (Т. Ахтанов).

**Қырбықтану, қырбақтану** *сөйл. Ұшқындап қар жауу. Қырбықтанған* қиыршық қар – Тоңазыған көз жасы, Жанарынан аспанның Жылағанында шығып па ең, Қуанғанында шығып па ең («Қанат қақты»). Қар ұшқындап, *қырбақтанып* жауып тұр («Таң нұры»).

**Қыргүйек, мизам көне, сентябрь кітаб.** *Күздің алғашқы айы. Қыркүйектен* бері тынбай тұрған суық қара жұл тұла бойын кезіп, денесін мұздағатады (Н. Серәлиев). *Мизамда* аспан шайдай ашылып, ми қайнаған ыстық болды (С. Жүнісов). *Сентябрь* айына дейін облыс мектептері түгелдей күрделі жөндеуден өтті («Қазақстан мұғалімі»).

**Қырғызу, қырдыру.** *Қырып-жоюға жол беру.* Қатарынан тұрғызып, Ғашықтарды *қырғызып*, Жүрген кезде өстіп ол, Болып қалды бір қызық (Қ. Мырзалиев). Бү күнге дейін тұрдырып, Осынша жанды *қырдырып* Тұрғаның ерлер қалай? – деп, Келе батыр зарланды (Махамбет).

**Қырқылу, қыршылу.** *Киімнің жеңішының, балағының тозып жыртылуы.* Дәулеттің шалбарының балақтары *қырқылып*, жалбырап қалыпты (Ауызекі тіл). Үстіндегі шекпенінің де жағасы мен жеңдері *қыршылған* (І. Есенберлин).

**Қыркым, қырықтық.** *Қойды жаппай қырқу науқаны.* Біз сол еңбек қызған *қыркым* үстінен келіп түстік (С. Әлжіков). Мамыр айының бас кезіне дейін шаруа қожалықтары *қырықтықты* аяқтап, қойды жайлауға айдайды («Жас Алаш»).

**Қырқысу, шабысу, қидаласу.** *Қырық пышақ болып таласу, соғысу. Қырқысып* жатыр жаумен, төгіп қанды, Бар әлемнің ақ ниет адал жаны («Бейбітшілік даусы»). Қонысқа таласып, жауласып, бірін-бірі *шабысқан*, мал өсіріп күнелткен шаруалар (С. Сейфуллин). Бірақ ұзақ *қидаласуға* қарсы адамның күшінен қорыққан Бәйтік атының шапшаңдығына сүйеніп, қаша ұрысқанын жөн көрген (К. Оразалин).

**Қырсығу, қасарысу, қитығу, қиястану, шөлжестену, қиңырлану, сіресу, табандау, қасару, қасқару.** *Айтқанына көнбей, өз дегенінен қайтпай қою. Қырсыққан* жігіт мал таппас, адасқан жігіт жол таппас (Мақал). Сарыбала *қасарысқан* жоқ, жасауылға еріп Әсияның алдына барды (Ғ. Мұстафин). Бағанадан бері *қитыққан* қобызшының оң қолы іске енді-енді ғана қосылғандай (Т. Әлімқұлов). Байсал оның сөзіне шамданып, қабағын *қиястана* түйіп алып, бір қырынан қикарлана

қарады (Ә. Әбішев). Екеуінің *шалкестеніп* отырғанын сезген Ира қапысын тауып, қойшының қара торы қызын еске алды (Т. Әлімқұлов). Қадірхан балама шамданып жүр еді, тегі сондай бірдемеге бұл да *қыңырланып* қалған ба, – деді (З. Шашкин). Бақыт шырағым, *сіресу*, шіренуіңді еліңе, кеңсене барғанда қойғын (Ә. Нұршайықов). Жақсыны дұрыс болмас жамандаған. Жаманға қадір білмес, бір сөз айтсаң, Тырысып болмас іске *табандаған* («Ақан сері»). Дәмеш әу бастан-ақ Жантөреге рай бермей, кірпідей жиырылып, *қасарып* отырып алды (С. Омаров). Халқын үшін *қасқарып*, жанды ортаға саласың, Қаймығып қалсаң жасқанып, Азып туған баласың (С. Бегалин).

**Қырсық, пәле, кесел, кесапат, кесір, бәлекет.** *Адамға кездесетін кеселді кедергілер.* Қандай пәле дерің бар ма? Әйтеуір, бір *қырсыққа* кезіккен ғой (Ә. Нәбиев). Бүркіт мұндай *пәледен* тез құтылу үшін сен қазір баруың керек (І. Есенберлин). Колосковтың алдына екі түрлі *кесел* кесе-көлденең тұра қалысты (Ж. Тілеков). Пайымдасаң, әр жерлерде бар азған, жауыз сұмға бір *кесапат* жолығар (Мақтымқұлы). Нүрәлінің *кесір* мінездері өзінің үйінде де көп байқалады (Б. Соқпақбаев). *Бәлекетті* бастаған, Басыңа бөле тастаған, Екі бетте тамтық жоқ, Кісі демей Қасқарау, Сені жолға тастаған (Жамбыл).

**Қырсықтау, қыңырлау, қиқарлау.** *Аздап қырсық мінезділеу.* *Қырсықтау* еді, келе ме, келмей ме, – деп, кінәлі адамдай күлімсіреді (Ш. Мұртазаев). Сағынтайдың әзіл сияктандырып, осылай *қыңырлау* сөйлейтін мінезін бұрыннан білетін (Ә. Нұршайықов). Оның өзі *қиқарлау*, өзінің айтқанынан басқаны істемейтін (М. Мағауин).

**Қыртыс-қыртыс, қатпар-қатпар.** *Мыж-мыжы шыққан, қыртыстанған.* Молланұр қысылған пішінімен қап-қара, *қыртыс-қыртыс* қос алақанын молдекеңе ұсынды (М. Гумеров). Қазыбектің шалбары да *қатпар-қатпар* қыртыстанып, екі тізесі көмпиіп шығып кетіпті (Б. Тілегенов).

**Қырындау, қиыстау.** *Тұзу емес, сәл-пәл қырын.* Ол бізді көргесін сәл *қырындау* бұрылып, анадай барып тоқтады (Р. Тоқтаров). Бағытымыз дұрыс болғанымен, біз сәл *қиыстау* барады екенбіз (Н. Баяндин).

**Қысасы, есесі, қаруы.** *Біреудің істеген жамандығына берілетін жауап іс-әрекет.* Мұның *қысасын* Сәуле қайтара алады деген ой оның басына келген де жоқ (А. Әбішев). Қас жауынан *есесін* Қанмен алсын дегейсің («Сәлем саған, Украина»). Омар да қарап қалған жоқ, жеген таяғының *қаруын* қайтарса керек (Ф. Мүсірепов).

**Қысқа, келте, шолақ, молақ, молтақ сөйл.** *Ұзын емес, шолтиған, кетілген.* Темір кессең, *қысқа* кес, ұзарту оңай (Мақал). Үстінде *келте* тігілген ақ тоны бар жігіт ақ қайынға сүйеніп жайбарақат тұр (С. Бақбергенов). Роза үстіне алабажақ, әлеміш, *шолақ* жең көйлек киген (Т. Ахтанов). Милығы тар малақайдың шықшытқа ғана жеткен құлағы *молақ* (С. Жүнісов). Өзі сәл *молтақ* мұрындау, шиедей қыпқызыл ерінді келіншек екен (Ж. Молдағалиев).

**Қысқалау, қысқарақ, келтелеу, келтерек, шолақтау.** *Онша ұзын емес.* Құлағы орман тышқанының құлағына қарағанда *қысқалау* келеді (Х. Қыдырбаев). Сол сияқты кеуде бітімінің мөлшері де ірі болады да, қол-аяғы біршама *қысқарақ* келеді («Семья тәрбиесі»). Үстіндегі *келтелеу* көйлегі денесіне жабысып қалған тәрізді (Ж. Молдағалиев). Уақыт тығыз, уақыт тіпті *келтерек*, Тын өлкеге келсең де ерте ентелеп (Ә. Сәрсенбаев). Жолға шығарда Хакім үстіне *шолақтау* сары тон тауып киген (Х. Есенжанов).

**Қысқарту, келтелеу.** *Қысқа ету.* Қазыққа байлаған арқанды *қысқартып* байлады (К. Асанов). Ахметше ауа жайылып кеткен Әлімбектің әңгімесін *келтелеп* қана тұжыруға тырысты (Х. Есенжанов).

**Қысқару, шолау, шолтию.** *Киімнің кішірейіп, қысқа болып қалуы.* Келіншектің мол тігілмеген көйлегі көлікке мінгесін, одан сайын жоғары шығып, *қысқарып* кеткен (Ж. Нәжімеденов). Келте қара шашыңыз түбіт бопты *шолайып* (І. Жансүгіров). Көйлектері *шолтиып*, бірінің қолынан бірі ұстап, қырдан түсіп келеді (Б. Майлин).

**Қыспақ, қыса, қапас.** *Көрген қиыншылық, қиын-қыстау, зорлық-зомбылық.* Дауыс шығып еді, Бағлан мына *қыспақтан* құтылғанына қуанғандай тұра жөнелді (Ә. Әбішев). Көрдік міне нысанды, Жаланащ-жалпы шуылдап. Бала-шаға қотанда Алты ай қыс көрген *қысаны* («Пернедегі термелер»). Тоғыз ай *қапаста*, қамауда, қараңғыда болдық (С. Сейфуллин).

**Қысталаң, қысылшаң, қытымыр, қысылтаяң, қысаң, қиын-қыстау, қиын-қыспақ, қилы, алмағайып, қилы-қилы, кералаң көне, қысалаң сөйл.** *Ауыр азапты күн, аласатыран жағдай, дүрбелеңге толы кезең.* Осындай *қысталаң* шақта қырсықтың да дайын тұратыны бар емес пе? (С. Сарғасқаев). Осындай *қысылшаң* мезгілде әкесі келіп баласын өлімнен құтқарған (С. Талжанов). *Қытымыр* күнде тіресіп, біз де қарап жатпадық (Жамбыл). Ол өзінің осы бір *қысылтаяң* жағдайдан аман құтыларына сенбесе де, тәуекел етіп келеді (К. Тұрсынқұлов). Соғыста, *қысаң* тұрмыста, қиян-кескі ұрыста, Кезіп кеп долы даланы Орманнан тапсаң пананы (К. Аманжолов). Нелер *қиын-қыстау* кезеңде бірін-бірі қолтықтан демеп, котелоктегі асты бөліп ішті (Ә. Нұршайқов). Жиренше тапқырлығының арқасында нелер *қиын-қыспақ* жағдайдан құтылып шығады (М. Фабдуллин). Мынау сол бір *қилы* кезеңде бақыт үшін жанын пида еткен абзал жандардың қаны (Е. Өтетілеуов). Күн туды *алмағайып* ер басына, Жауыннан асырмаса айла, амалын (К. Жұмалиев). *Қилы-қилы* күн туса, қолға түсіп қалып жүрмесін («Заман Қазақстан»). Ұлы ақынымыздың өз заманында түрлі *кералаң* жағдайға киліккенін көреміз (С. Талжанов). Қыс тегі *қысалаң* бір тар кезең ғой, Нөсерде кешкендейсің өткел суды (К. Бекхожин).



**Қыстау, қыстақ.** *Малшы ауылдың қысқы мекені, қора-қопсысы.* Әлгі кісі ең алыс түкпірлерде жатқан шопандар *қыстауын* көргісі келді (Ә. Әлімжанов). Таяу жердегі *қыстақты* аралап жүріп, ол Төлеубекпен кездесті (К. Оразалин).

**Қыстыгүні, қыста.** *Қыс күндері, қыс кезінде.* Әлгі *қыстыгүні* боранда барып паналайтын орманшы Омарың мен боламын (С. Сейітхазин). Бірақ *қыста* аңға салған бүркіттерін ол жаз бойы түлетуге кіріскен еді (І. Есенберлин).

**Қысық, қысыңқы.** *Сығырайған, еңсіз, жұмылтыңқы (көз).* Қазір осы соңғы құлқына бағып, *қысық* көзінің кенет күлкі шақырып, зыр жүгіретін кішкене қарашығы жылт-жылт етеді (З. Қабдолов). Әбекен семіз бетіндегі *қысыңқы* көздерін күлімдетіп, Танагөзге қарай берді (Ғ. Мұстафин).

**Қысым, қыспақ, сығым.** *Біреудің біреуге көрсететін жәбір-жапасы.* Басқарма айыпты кісілерді біраз *қысымға* алды (О. Сәрсенбаев). Бағлан мына *қыспақтан* құтылғанына қуанғандай тұра жөнелді (Ә. Әбішев). Жеңген жаудың *сығымынан* зорға құтылған ол жүні жығылып, бір жаққа кетті (М. Әуезов).

**Қысырау, тусырау.** *Жауын-шашын болмағандықтан, игерусіз қалу.* Нағыз қоңыр бұйра кең өріс суат жоқтықтан *қысырап* жатыр (Ә. Кекілбаев). Ықылым заманнан *тусыраған* бедеу жер қарс-қарс айырылып, бозбауыр шым аунап түсіп жатыр (З. Иманбаев).

**Қытай, шүршіт көне.** *Қытай Халық Республикасының байырғы халқы.* *Қытай* жұртында ескі заң бар екен, біреуді алдағандығы мойнына түскен кісінің қолын кесетұғын (Ы. Алтынсарин). Көшпенділер өлденеше жүз жыл бойы өздерін құл етпек болған *шүршіттермен* жағаласты (М. Мағауин).

**Қышқылтым, қышқылдау, қышқылтымдау, ашқылтым, ашқылтымдау.** *Сәл-пәл ашқылтым, кермектеу, ащылау.* Ашымалдың *қышқылтым* дәмі аузыма келіп, жұтынып қоямын (С. Сарғасқаев). Ораз жерден қияқты жұлып алып, аузына салып *қышқылдау* дәмін тамсанып-тамсанып, түкіріп тастайды (З. Шашкин). *Қышқылтымдау* көк дәмі жаныңа жайлы тиді (Ө. Қанахин). Осы арада мен Ержанға қалай достасқанымды айттым да, *ашқылтым* айранның бір кесесін тастап алып, жүріп кеттім («Қаз. әдеб.»). Көп ұзамай дөңгелек үкі аузынан исі *ашқылтымдау* қара көк теңіз суы бұрқ ете қалды (Ә. Сәрсенбаев).

**Қышыма, қотыр.** *Жан-жануарлардың терісіне шығатын жұқпалы ауру.* Қой тегіс қырқылып болғаннан кейін кейбір қойдың терісінде *қышыма* жараларының барлығы байқалады (Ш. Дәрмағамбетов). Өгіз, түйелерің *қотыр* болмасын, Жылқы қыршаңқы, жауыр, соқыр болмасын (К. Қуанышбаев).

# Л

**Лағу, ләйлу.** *Басы ауған жаққа бетімен кету.* Ақан ысқырып шақырса да, Құлагер басындағы адамға бой бермей *лағыт* кете берді (С. Жүнісов). Нұрлан жаны қысылған соң *ләйліп*, басы ауған жаққа қарай тартты (З. Шашкин).

**Лажсыздық, шарасыздық, амалсыздық, айласыздық.** *Басқа істер айла-шарасы болмаушылық.* Амангелді өмірде бірінші рет *лажсыздықты* басынан кешті (М. Жұмағұлов). Қысылғанда *шарасыздықтан* гөрі айла істеген жөн емес пе (С. Бақбергенев). Комиссар менің қынжылысыма ортақтастығын да, *амалсыздығын* да сездіріп, басын ғана изеді (Ә. Сәрсенбаев). *Амалсыздық, айласыздық* діңкені құртқан тәрізді (М. Әуезов).

**Лайсаң, лайсоқ.** *Жауын-шашыннан жердің езіліп, ми батпақ болуы.* Көшелерде жауын селінен *лайсаң* болып, жүргінші адам сиреді (М. Әуезов). Дүниеде қонақты қыс емес, жаз емес, аласапыран *лайсоқ* көктемде шақыра көрмеңіз (Б. Қыдырбекұлы).

**Лайық, лайықты, лайқат.** *Ыңғайлы, дұрыс, сайма-сай.* Құрманбектің кимылында батырға *лайық* қайрат, кеудеде кернеген ерлік, ызаның екпіні жақсы көрінеді (М. Қаратаев). Өзіміздің арада тап Шәкірге *лайықты* қызы құрғыр бола қойды ма (С. Сейфуллин). Өзі жоғары лауазымды қызметкерге *лайқат*, байсалды да қарапайым мінезге бай адам көрінеді (Ғ. Сланов).

**Лайықсыз, қолайсыз.** *Қалыптасқан қоғамдық нормамен үйлеспейтін, ұнамсыз, жәнсіз.* Ақан секем алған ауыл ішіне келіп, көзге түсе беруді *лайықсыз* көрген (С. Жүнісов). Түнделетіп келуді *қолайсыз* көріп, сыйлы әкімдерді ертемен орнынан баспақ болды (Т. Әлімқұлов).

**Лайықтау, сәйкестеу.** *Бір нәрсенің ыңғай, ретіне сай келтіру, ыңғайлау.* Кенжетай домбырасын даусына *лайықтап* алып, өзінің жатаған қоңыр дауысымен ән салды (Д. Әбілев). Сондықтан олар өз әрекетін жаңа жағдайға *сәйкестеп*, білдірмей, астыртын жүргізеді (Ш. Өтепов).

**Лақап, қауесет.** *Жалған хабар, алыпқашты сөз.* Өлтіруші бұзықты жеңіл жазаға кеседі деген *лақап* тарап тұр (М. Әуезов). Жылан ордасын көрген бақытсыздыққа ұшырайды деген *қауесет* бекер (Қ. Қайымов).

**Лаң, бүлік, жанжал, шатақ, сойқан, әреке жерг., ілік сөйл.** *Елді дүрліктіріп, шырқын бұзатын, әбігерге түсіретін жағымсыз әрекет, қылық.* Мәди Атамановтың жолшыбайғы елге салып келген *лаңын* бұл елге де салып, үдете түсетінін де біледі (Ә. Әбішев). Қасен жігіттердің осынша бүлініп, *бүлік* іздеп тұрғандарына күйіп кетті (С. Торайғыров). Думан күлкі енді-енді қыза бастағанда, тыста шарт-шұрт *жанжал* шықты (С. Омаров). Несін айтайын, өзі бір *шатақ* іс

екен, басым мәңгіріп қалды, – деді ойланып (Н. Фабдуллин). Жұрттың бұл *сойқан* ісін көргенде шалдың есі шығып, басы айналды (Ә. Бөриев). Қайран халқым, азғаның ба *әрекемен* осындай (М. Әуезов). Ашуы әбден қозса керек, *ілік* жасағылары келетін шығар (С. Омаров).

**Лаңдау, ойрандау, сойқандау.** *Лаң салу, бүлік шығару.* Бұл бықсыма өсекпен *лаңдатуың* бүгін менің ошағымнан бастаса, ертең басқаларға ауысады (Ш. Хұсайынов). Қайбір тегін келді дейсің, *ойрандайын* деп жүр де (С. Мұратбеков). Егерде қарсы болсаң тас-талқан қып, *Сойқандап* кетеміз деп, бастан аттап (Н. Ахметбеков).

**Лаңкес, терроршы.** *Террорлық әрекетті қолданушы және соны жақтаушы.* Кейбір Таяу Шығыс елдерінде Эль-Кайда *лаңкестері* бой тасалап жүргені белгілі болып отыр («Егемен Қазақстан»). Халыққа қыруар қасірет тудыруған *терроршыларға* халықаралық көлемде бірлесе қарсы тұру ғана өзінің игі нәтижесін бермек («Жас Алаш»).

**Лаңшы, бүлікші.** *Лаң салушы, бүлдіруші.* Кенет бізге түйілді *лаңшы* тағы, Ұзын сымдай, найзадай тамшылары (Қ. Бекхожин). *Бүлікшілерге* осылайша тыю салып тастаған ол ерден көтеріліңкіреп тұрып, қамшысын әлдебіреуге нұсқап, қатал өмір етті (К. Оразалин).

**Лаңшыл, бүлікшіл, сойқаншыл, сойқанды.** *Сойқан салуға әуес, бүлік салғыш.* Қызымнан алты көш аулақ жүрсін, көрдің бе сенің еліңнің итіне шейін *лаңшыл* келетінін (Ө. Қанахин). Бұл оңтүстік аймақ жүрген *бүлікшіл* генерал Беловты тез талқандауға мүмкіндік берді (З. Мұхамеджанов). Атаманның *сойқаншыл* отрядының момын еңбекші халыққа істеген жан түршігерлік айуандығы суреттеледі (Д. Еркінбеков). Еркек кіндіктің бәрі соның *сойқанды* тобына кетіп, шал-шабан қалған жоқ па ауылда (М. Жұмағұлов).

**Лаңшылдық, сойқандық, бүлікшілік, сойқаншылдық.** *Лаң салушылық, бүлікшіл болушылық, Лаңшылдық, сойқаншылдық* олардың қанына сіңген деп, тұтас бір халықты жазғыруға болмайды («Заман Қазақстан»). Жау іздеп суырылған сапы қыннан, сермелсе *сойқандықтың* сәті туған (Қ. Бекхожин). Бұл жайға сүйсінгенімен, болып жатқан *бүлікшілік* Сұлтанмахмұт көкірегін дауыл сыпырған теңіздей төңкерістеді (Д. Әбілев).

**Лаулау, лапылдау, қаулау, заулау, маздау, алаулау, жалындау.** *Қатты маздап жану, жалындау.* Көп өтпей қарағай тамызық *лаулап* жанып, пеш дүрілдеп кетті (Х. Рахимов). Жалыны *лапылдаған* өрт лаулап аспанға көтерілді (Қ. Қайсенов). Барған сайын күшейіп, *қаулап* бара жатқан өртті қалай сөндіреді (Р. Тоқтаров). Кештің қара көлеңкесінде *заулап* жанған оттың сәулесі үйдің ішін тегіс жарық қылды (Б. Майлин). Төңірегі темір күректің өткір жүзімен қыршылған жер ошақта от *маздап* жануда (Ж. Мұзапаров). Қорған ішінде *алаулап* от жанып, шай қайнатып, ас дайындаған бірнеше адамдар жүр (Қ. Әбдіқадыров). *Жалындап* жанған жер ошақтың басында екіден, үштен жиылып отырған қатындар әлденені айтып, өздерінше дабырлап отыр (Б. Майлин).

**Лебіз, лепес.** *Сөйлеген сөз, айтылған пікір.* Дала данышпандығына қарата айтсақ, әлгіндей *лебізді* біз өзіміздің Абайымызға арнайымыз (М. Әлімбаев). *Жақсы лепес* – жарым ырыс, аузыңызға май, – деді әжей иегін кемсеңдете сөйлеп (М. Гумеров).

**Леп, қызу.** *Жанған оттың ыстық жылуы.* Лаулап жанған оттың ыстық *лебіне* малдас құрып, жылынып көп отырдық («Жұлдыз»). Қазан асылған соң, тезек мол жағылып, от *қызуы* үй ішін ысыта бастады (М. Әуезов).

**Лингвист, тілші.** *Тілді зерттеуші, тіл білімінің маманы.* Егер ол университеттің филология факультетіне түссе жап-жақсы *лингвист* болар еді («Білім және еңбек»). Тарихшылар Отанның тарихын, *тілшілер* сол елдің сөйлейтін тілін, географтар табиғатын үйретеді (К. Қазыбаев).

**Лоқсу, лоблу.** *Жүрегі айнып, құсқысы келу.* Аскардың басы айналып, *лоқсық* қысқан соң тұруға әрекеттенді (Ә. Әлімжанов). Шу мен қою қараңғылықтан оның басы айналып, жүрегі *лоблиды*, құсқысы келеді (С. Мұқанов).

**Лом, сүймен.** *Қатты жерді, мұзды оятын ұшы сүйір жуан сом темір.* Жер жалғанда қатты. *Ломды* салғанда шақ етіп кейін серпеді (І. Жансүгіров). Болат *сүйменнің* ұшынан мұз қиыршықтары жаңа көтеріліп келе жатқан күн сәулесімен жарқ-жарқ етеді («Лен. жас»).

**Лоқы, лоққа.** *Мініс көрген жылқыны ыстықтай отқа қойғандықтан, шоқтығы ісіп, іріңдеп кеткен ауру.* Лоқы қоздырғышы – жіңішке, жұмыр гельминттер (ҚСЭ). Молда жауыр аттың *лоққасынан* аққан қанды іріңдей, қызғылт сары сияға малып алып жүгіністі жазуға кірісті (І. Жансүгіров).

**Лықа, сықа (толтыру).** *Қанасынан асырып, нығыздап толтыру.* Балалар қапшықтарын *лықа* толтырып, аузын байлағанда күн таудан асып кетіп еді (Қ. Жаркенов). Сатан шақшаларға насыбайды *сықап* толтырған соң төбеге тартты (І. Жансүгіров).

## М

**Мағына, мазмұн, мән, маңыз сөйл.** *Бір нәрсенің өмірдегі алатын орны, қызметі.* Керегі болмаса, пайдасы жоқ болса – *мағынасы* да жоқ (Ж. Жұмаханов). Біздің қоғамымызда еңбектің түрі емес, *мазмұны* шешуші рөл атқарады (Е. Байзақов). Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, үннің тәтті оралған *мәні* оятар (Абай). Халық шаруашылығында қой шаруашылығының *маңызы* өте зор (М.Ермеков).

**Мағыналас, мәндес.** *Мағына жағынан жақын, ұйлес.* Мұндағы баламалар бір-бірінен алшақ сөздер емес, мағынасы жақын, *мәндес* атаулар (М. Әлімбаев). Үш бірдей хат мазмұндас, *мағыналас*, сыры бір хат («Лен. жас»).

**Мағыналы, мазмұнды, мәнерлі.** *Мағынасы терең, мазмұны кең.* Жұптық өмір – адам өмірінің ең *мағыналы* кезеңі (Н. Ғабдуллин). Ол шын мәнінде *мазмұнды* да қызықты өмір сүргісі келеді (С. Байжанов). Бұл отырғандардың ішінде сөз қадірін білмейтін, *мәнерлі* сөзді сүймейтіні жоқ-ты (Ә. Әбішев).

**Мағыналылық, мәнділік.** *Мағыналы болушылық.* Баяндамашы сөзінің *мағыналылығы* мен түсініктілігіне ерекше көңіл бөледі (Қ. Жарықбаев). Т. Жароковтың поэмасы тақырыптың *мәнділігі* мен маңыздылығы, көркемдік жаңа формамен де қадірлі, құнды («Қазақст. мект.»).

**Мағынасыз, мәнсіз, мазмұнсыз, мәніссіз.** *Мән-мағынасы жоқ, түсініксіз, ұғымсыз.* Қазақша білетін орыс түсінбеген адамша оған *мағынасыз* пішінмен бір қарап қойды да үн қатпады (Х. Есенжанов). Жаңақалада болуы керек, – дей салды Жәутік Аққисымның осы бір *мәнсіз* сұрағынан тезірек құтылу үшін (Е. Домбаев). Одан әрі «оларды неден жаратыпты, қандай материалдан жасапты» деген *мазмұнсыз* сұрақ туады (М. Тоқжігітов). Төсекте жатқанда ұйқысырап *мәніссіз* бірдеңелерді айтып сандырақтайтын (С. Омаров).

**Мадақ, мақтан, қолпаш, қошемет, марапат.** *Біреудің істеген ісіне қарай берілетін баға, құрмет, ізет.* Сіздің жүзіңізге қызығып, бірер *мадақ* сөз айтсақ, оған өзіңіздің көріктілігіңіз, күн жүзіндей нұрыңыз айыпты, – деді Ақан (С. Жүнісов). Ей, Қойдым, айтпа маған *мақтаныңды*, мақтанып, тыңдамаймын шапқаныңды (Т. Жолдыұлы). Белгілі адамдардың төңірегінде сөз қозғай, қошемет, *қолпашты* соған үйіп-төгіміз де жатамыз (І. Омаров). Баубек жас оқушылардан көптеген *қошемет* хаттар алған еді («От ортасы»). Бәрі де бас иеді ұстаз тұтып, осы ғой зор құрмет, *марапатың* (Ә. Жәмішев).

**Мадақтау, мақтау, дәріптеу, көтермелеу, қошеметтеу, марапаттау, дәстерлеу.** *Біреудің еңбегін, ерлігін, өнерін үлгі-өнеге тұту, көкке көтеру, көтермелеу.* Бөрібай жақсы көріп, *мадақтаған* жігітін «Ол көкжал ғой, қасқыр ғой» деп, қасқырмен теңестіретін (Ө. Тұрманжанов). Сәлімгерей, сіз есті адамсыз, мен мұны көзіңізге *мақтау* үшін емес, расын айтамын (Х. Есенжанов). Қалпе атаулы мешіт салғызғаны үшін Құнанбайды шынымен көп *дәріптейтін* (М. Әуезов). Бірақ неге екенін сол жарыста озғандарды *көтермелеу* жағы жоқ (С. Мәуленов). Әлден уақытта барып сатырлаған шапалақ, *қошеметтеп* жабырлаған дауыстар естілді (К. Баялиев). Оргаларына өзі келіп, өнерін көрсетіп отырған жасты қайтіп дөттерің шыдап *марапаттамайсыңдар* (Р. Тоқтаров). Бұл суретте де көне заманға еліктеу, сол ертегіге айналған өткен хикаяларды *дәстерлеу* сезіледі (І. Есенберлин).

**Маза, тыныштық, тыным, дамыл.** *Іс-әрекеттен қол үзген, алаңсыз қалған, жайбарақат күйі.* Домбыраға күндіз-түні *маза* жоқ, өзіме де *маза* жоқ (С. Аққошқаров). Жігіттің *тыныштығын* бұзбайын

деп ойлаған қыз Ақынқұлдың бетіне қарап қойып, үнсіз отыр (С. Мыңжасарова). Соғыс қасіретінен белі бүгілген кемпір-шалдарға енді *тыным* керек (К. Көпішев). Мен сорда жастан бері *дамыл* бар ма, не еңбек сіңірмедім малы барға (С. Торайғыров).

**Мазақ, ажуа, кекесін, келемеж, мысқыл, сықақ, күлкі, келеке, тәлкек.** *Біреуді кеміту, мұқату үшін айтылатын шенеу сөз, шақпа сөз.* Бүгін мына жерден, ертең ана жерден жылт етіп, қарусыз халықты қан қақсатып жүрген бір топ қарақшыға *мазақ* болған сендерді қайтсем екен (Р. Райымқұлов). Өзгеге олақ болғанмен, олар *ажуаға* шебер (С. Бегалин). Сержаның *кекесініне* мен күйіп-пісіп, ашуланып қалатынымын (Ә. Сәрсенбаев). *Келемежге* үйір Шукарь шал Макардың суретін айна-қатесіз келтіреді (І. Омаров). Өтініші мен *мысқылы* аралас осы тәрізді өзіл-қалжың Қасболатты жан-жақты қаумалап әкетті (С. Омаров). Абай Құлыншақтың сабырлы *сықағына* қызығып, күліп жіберді (М. Әуезов). Досқа *күлкі*, дұшпанға таба болып жүрме, – деп жанашырлық тілектестігін білдіріп жатыр (Ө. Қанахин). Енді маған жетпегені сенің осы *келекең* еді (К. Байсейітов). Әділжан үн қата алмай қыздың *тәлкегіне* тап болғанын сезінетін («Лен. жас»).

**Мазаққор, мазақшыл, мазақтағыш. Мазақтай бергіш, мазақтауға үйір.** Нұрқасымның өңінде *мазаққор* жымыиыс бар екенін байқап, Болысбек тез секем алды да, тыйыла қойды (Д. Рамаданов). *Мазақшыл* серігін қостаған Шыңғыс та ақылы тайыз арзан күлкісімен қарқ ете қалды (Ә. Сәрсенбаев). Момын жұртты *мазақтағыш*, қалжыңбас жандайшаптар мыжырайып отырған Сандыбайды көріп, соны қолға алды (Ф. Мүсірепов).

**Мазақтау, ажуалау, келемеждеу, келекелеу, мысқылдау, тәлкектеу, сайқымазақтау, сықақтау, кекесіндеу, кекету.** *Біреудің қытығына, намысына тиіп, сөзбен қағыту, мұқату, шенеу, түйреу.* «Қап, мынаны-ай, тағы да қызғаншақ деп *мазақтап*, көзімді шұқитын болды-ау» деп өкіндім (Н. Серәлиев). Бұрынғы бұрынғы ма, Сәдірбекті балалар онан сайын *ажуалады* (С. Бегалин). Қытығына тиген адамды *келемеждейтін* оның әдеті (Ә. Әбішев). Арлығының адал ниетін *келекелеп*, менің де у құяды жүрегіме (Ә. Сәрсенбаев). Сабақ үстінде Құраштың кей мінезін оғаш көріп, ішімнен *мысқылдап* отыратын болдым (А. Жақсыбаев). Жанбосын сөзбен *тәлкектеп* қоймайды, осы тұста мені басынып-ақ жатыр (Б. Соқпақбаев). Жігіттер оны *сайқымазақтап*, тәлкек қылды (І. Жансүгіров). Қожақ моншадан келгелі Петр Денисовты *сықақтап* келекелеумен отырды (Ә. Нұрпейісов). Ілмелеп салған жерден *кекесіндеп*, қылады ұрыс-жанжал сөздің артын (Ә. Нұршайықов). Тағы бір-екі күн ұйықтай түссендер еді! – деп, Жәкең шал оны *кекетіп* тастады (Ф. Мүсірепов).

**Мазалы, жайлы, тыныш. Мазаны алмайтын, мазасыз емес.** Алты қанат салқын отаудың бірі төріне, бірі кіре беріс қапталына жайғасқан аталы-балалы екеу сырт көзге мейлінше *мазалы* отыр еді

(А. Сүлейменов). Атам аса сабырлы, анау-мынауға сөйлей қоймайтын жайлы кісі (Ауызекі тіл). Жуасын қалыпты, бүгін *тыныш*, мазаны алған жоқ, – деді келіні атасына («Қаз. әдеб.»).

**Мазасыз, мазаң, беймаза, қазымыр, тынышсыз.** *Тыным таптай сөйлеп мазаны кетіретін, тынышсыз.* Күн шыға өзен бойлап кеткен екі адам ғана осы айдалада *мазасыз* күйге түскен (С. Жүнісов). Осы кезде ғана дабыр-дұбырға толы *мазаң* шақ аяқталып, жұрт аяғы сирей бастайды (Ғ. Мүсірепов). Өткен түнде де жаңағы *беймаза* ойдан көпке дейін көзі ілінбей, ұйқысы шала болды (М. Гумеров). Әйелі *қазымыр*, келіні шайпау болып, Көтеш қартайған шағында ошақ басының қызығын көре алмапты (М. Мағауин). Біздің балалардың *тынышсыз* екенін білесіздер, тезірек кетпесек болмас (Ә. Тарази).

**Мазасыздық, мазаңдық, беймазалық, қазымырлық, тынышсыздық.** *Мазасыз болушылық.* Соңғы күндері Әсемнің жан дүниесін өзгеше бір елегізген *мазасыздық* билеп алды (Қ. Жұмаділов). Қой, сөзді қайтесің? – деп үй иесі әйелінің *мазаңдығына* қысылғандай кейіп танытты (Қ. Тоқмырзин). Болысбек кеудесін қайта көтеріп, баяғы *беймазалығына* басты (Д. Рамаданов). Бұл жолы оның жүзінен аспандай қараған астамшылық пен *қазымырлықтан* басқа ештеме байқамады (Ә. Кекілбаев). Бұл үйдің тағдырына талай кездесетін *тынышсыздық* пен *мазасыздыққа* енді Құралай да ортақ (Ж. Жұмаханов).

**Майдангер, майданшы.** *Майданда болған, соғысқа қатысқан.* Бұл ұлы мейрамда біздің ортамызға *майдангерлер* келіп отыр, лебіздерін тындаңыздар, – деп, аупартком секретары сөзді маған берді (Ә. Нұршайықов). 1945 жылдың жазында *майданшы* атаулы елге қайтқанда, Шәуілдір іргесіндегі Темір станциясының басы да ығы-жығы, абыр-сабыр адамға толып кеткен (Ж. Жұмаханов).

**Майдандасу, шайқасу, сайысу, айқасу, соғысу, ұрысу, белдесу, атысу, қағысу сөйл.** *Қан майданда жаумен алысу, соғыс салу, кескілесу.* Комиссар Жангелдин – қызылдар мен ақтардың *майдандасқан* жерінен шығып, өзі сол майданның жуан ортасында болған кісі (С. Сейфуллин). Ол сіз бен біздің бақытымыз үшін Отан жауымен *шайқасты* (С. Байжанов). Қарсы тұрған *сайысыт* сан ажалға, Айтыңдаршы анадан күшті бар ма? (М. Рашев). Алты күндей *айқасып*, Жауымен әбден *шайқасып*, Алды-артына қарамай, Бәрін де қырып салады («Батырлар жыры»). Ақтұяққа мінеді, он мың қолға тиеді, үш күн, үш түн *соғысыт*, Жауды шөптей жапырды (Жамбыл). Үрмәш енді екінші Прибалтика майданында *ұрысты* жаумен (Ә. Әлішев). Осы мезгіл ішінде талай рет жаумен бетпе-бет *белдескен* (Қ. Қайсенов). Олар жатақ қаласының шетіне кіре бере әр үйді паналап, андысып *атысуға* көшті (Қ. Жармағамбетов). Намысы күшті ел едік, жаумен талай *қағысқан* (А. Токмағамбетов).

**Майлы, майсақ сөйл.** *Майы көп, май мол сіңген.* Қоңыр домбыра алдарына дастарқан жайылып, *майлы* қуырдақ келгенде барып тыным

алды (Қ. Жұмаділов). Түйе жүнінің *майсақ*, жұққыш кірі көйлегінің алдын қоп-қоңыр ғып тастапты (К. Оразалин).

**Майлырақ, майлылау.** *Май көбірек, семіздеу.* Еттің жұмсақтау, *майлылау* жерлерін саусағымен тіміскілеп теріп алып, қарпып асады (С. Сарғасқазев). Тамақ таси жүріп, сорпаның қоюынан, ботқаның *майлырағынан* өздеріне мол етіп, жымқырып алып қалды (Б. Соқпақбаев).

**Маймыл, мешін.** *Дене құрылысы жағынан адамға ұқсас сүт қоректі жануар.* Тұтайды түнде тоғайда шырақ, Жосиды *маймыл* бұтақта шулап (Ғ. Орманов). *Мешін* жылы Қаракұрымға бағынышты елге жар салып, Үгедей бүкіл Шыңғыс ұрпағын жиды (І. Есенберлин).

**Майысқыш, майысқақ, иілмелі, иілгіш.** *Солқылдап майыса беретін.* Қазық жасаған ағаштың бұтағы солқылдақ, игенде бірден сынып кетпейтін *майысқыш* болуы керек (Дефо). Су өсімдіктерінің сабағы *майысқақ* келеді де, су толқынымен ғана қозғалады (Т. Таубаев). Қайыңның қатты және *иілмелі* тұқымдарынан жиһаз, ыдыс, қораптар, тағы басқа уақ-түйек бұйымдар жасалады (М. Ахметов). Шетен ағашы қатты, бірақ булаған кезде *иілгіш* келеді («Туған жер қазынасы»).

**Майысу, маймию.** *Бір жаққа қисайып иілу.* Шоқ талдар, итмұрын, мойыл ағаштары жел өтіне шыдамай, *майысып* елбек қағады (Р. Токтаров). Сәлделі кісі ұзақ отырып, жұрттың қары талған кезде алақандарын *маймитып* әкеп бетін сипады (С. Мұқанов).

**Мақал, мәтел, нақыл.** *Үлгі-өнеге ретінде айтылатын әрі қысқа, әрі нұсқа бейнелі, өткір сөз.* «Жаман өз сыбағасынан құр қалады» деген қазақтың *мақалы* надан өз сыбағасынан айырылады деген сөз ғой (С. Дөнентаев). Жібермей жалғыз *мәтелін*, Танау ғана делдиіп, Ішке бүгіп жөтелін, Геройым менің қалды ұйып (Х. Ерғалиев). Сөйлесуге әңгімесі сай, әңгімесіне *нақылы* сай, біз сияқты кедейлерді елеп, бірінші рет ақыл айтқан осы жампоз (Х. Есенжанов).

**Мақрұм, жұрдай, құр алақан, ада.** *Бәрінен айырылып, түк қалмау.* Дүниенің басқа қызығынан *мақрұм* етсеңіз де, ілтипаттан, достықтан қалдыра көрмеңіз (Ж. Мұзапаров). Соғыс өзінің жеті ағайынды жұтын ала келді, ауыл ер-азаматынан *жұрдай* болды (Ө. Қанахин). Мына сендердің әкелерің де оқу-тоқудан *құр алақан* қалды (О. Сәрсенбаев). Сусыннан *ада* боп қалған соң көрші ауылға адам шаптырып, бір мес қымыз алдырды (Т. Әлімқұлов).

**Мақсат, тілек, тілеу, мұрат, мақсұт, мүдде, мүддаға кітаб.** *Алға қойған, орындалмақ нысаналы міндет, тәтті үміт, игі арман.* Ата-ана балаларына нені қандай *мақсатпен* жасайтынын түсіндіріп, қалай істеуді көрсетеді («Семья тәрбиесі»). Сұлу денелі, таза жанды, *тілегі* бір-екі жастың қайнар басынан көлге қадам басқанын көрген бөгде жан бұл екеуін айдында жүзген қос аққудай көрер еді (Ғ. Сланов). Ұзақ жылдар еңбек етіп, абыройдан абыройға жете берсін деп ақ *тілеуімізді* айтамыз (Ж. Бектепов). Екі жақсы қосылса, сол ғой бақыт, орындалар *мұраты* ойдағысы («Еңбек күйі»). Ақан болса,



көптен көкейінде жүрген *мақсұтын* ойланумен отыр (С. Жүнісов). Шоқан езілген өз халқының *мүдделерін* батыл қорғауға шығады (М. Елеусізов). Бегай, сабақты ине сәтімен деген ғой, сәті бүгін түсіп, кеуілдегі *мүддағамды* айтқалы отырмын, – деді ол (А. Тоқмағамбетов).

**Мақсаттас, мұраттас, мүдделес, ниеттес, тілеуқор, имандас, тілектес, тілеулес.** *Мақсаты ортақ, тілегі бір.* Сіз бен біз жұмыс бабындағы *мақсаттас* жолдастар да, тағдырлас достар да емеспіз бе (Ж. Тілеков). Орыс пен қазақ халықтарының ежелден *мұраттас* һәм *мүдделес* екендіктерін дәлелдейтін дерек тіпті көп (Р. Бердібаев). Екеуі *ниеттес*, бірінің үйіне бірі барғыштап, араласып тұратын сыйлас көрші еді (З. Шашкин). Борабаев Күзенбаевтың *тілеуқоры* болып шықты (Б. Қыдырбекұлы). Ол өзінің сол *имандас* досымен іштей осылай айтысып келе жатты да, көзінің қырын Мәдиге тастады (Ә. Әбішев). Олар қазақтың оқығандарынан М. Сералин мен С. Көбеевті өздеріне *тілектестер* ретінде қабылдайды (Б. Кенжебаев). Қазірде бұның өзгеше жаны ашыған *тілеулесі* Бөжей еді (М. Әуезов).

**Мақсаттастық, мүдделестік, тілектестік, тілеулестік.** *Мақсат-мүддесінің ортақ болушылығы.* Оларды табыстырған, жан ашыр дос қылған арман-мүддесінің ортақтығы, *мақсаттастығы* еді («Жас Алаш»). Байыптап қарасақ, халықтарымыздың әдеби мұрасында ежелден келе жатқан ұқсастық та, *мүдделестік* те мол екен («Қаз. әдеб.»). Абай қашқан қыз бен қуғандар жайын әйелге *тілектестік*, көмектестік ретімен жазған (М. Әуезов). Шақырғанмын, бірақ *тілеулестігін* айтты да келмей қалды (Б. Тоғысбаев).

**Мақсатшыл, мұратшыл, мақсаткер** *сөйл.* *Мақсат қойғыш, талапты, арманышыл.* Бала Мұхтар осындай *мақсатшыл*, зейінді еді (А. Әуезов). Мұндай *мұратшыл* үрдіс ақын шығармасының өне бойынан аңғарылатын негізгі арқау дер едім («Қаз. әдеб.»). *Мақсаткер* қызметкер аз уақытта-ақ институт басшысының назарын өзіне аударды.

**Мақтану, қораздану, күпию, күпілдеу, қоқилану, ісіну, кебіну, күпсіну, мардамсу, бөсу, күпіну, күбіну** *сөйл.*, *күмпілдеу сөйл.* *Өзінше ісіп-кебу, көкірек керу, өзін мықтымын деп санау.* Ғылым таппай *мақтанба*, орын таппай баптанба (Абай). Көтерер надан байлар мұрнын көкке, Артықсып, *қоразданып* тектен-текке («XX ғ. қазақ ақындары»). Он кісілік күшім бар деп *күпиіп* жүретін Қанай Камқордан сезіктенетінін аңдатпайтын (К. Оразалин). Күні бұрын *күпілдемей-ақ* қояйық, ерлікті тыңға барғанда көрсетейік (С. Омаров). Бүгінгі жиынға Байғазы *қоқиланып*, аса зор маңыз беріп отырғандай (М. Қаратаев). *Ісіндің, кебіндің*, Сонда да не пайда? Түрі жат өгіздің, Сен қайда, ол қайда? (Абай). Ондайлардың *күпсінген* мінездері өзгеге тек күлкі екендігін өздері сезбейтін шығар (С. Сейфуллин). *Мардамсыған* отряд көшкен ауылдарды қуа-қуа кейін қайтарып келе жатты (Ғ. Сланов). Мен судың астында алпысқа дейін санап жата аламын, – деп *бөсті* Садық (С. Мұратбеков). Жамбыл-ау, *күпінесің* неге сонша?

Құтқарып қыз біткенді қалған жанша («Айтыс»). Тақ үстінде кеуде қағып *күбініп*, зұлымдыққа шырақ жағып құбылып (Қ. Мұқанев). Мастанып аз табысқа жүргендер бар, *күмпілдеп* күні бұрын үйге сыймай («Айтыс»).

**Мақтаншақ, күпілдек, кеппе, күмпілдек сөйл.** *Өзін-өзі асыра бағалайтын, мақтан сүйгіш.* Әрбір қайратсыз қорқақ – *мақтаншақ*, ақылсыз – надан келеді (Абай). Ала жылан, аш бақа *күпілдектер* кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр (Абай). Бозінген жаулығына кір жуытпайтын, мақтаншақ, өзі *кеппелеу* қатын болатын (Ж. Аймауытов). Ол аузымен айды алып, қолымен күн орнататын өлердей *күмпілдек*, көбік ауыз, көкмалта еді (Н. Келімбетов).

**Мақтаншақтық, мақтангершілік.** *Мақтан сүйгіштік, мақтаншақ болушылық.* Оның арты *мақтаншақтыққа*, кісі күлерліктей құбыжық қылықтарға дағды алдырып кетеді (А. Байтанаев). Мұнысы жөн білгендіктен гөрі *мақтангершілікке* көбірек ұқсайтын еді (О. Сәрсенбаев).

**Мақтаныш, мақтан.** *Бір нәрсеге ризашылықтан туатын көңіл-күй. бетке ұстар нәрсе.* Абай өз халқының адал ұлы, жалынды патриоты, ұлттық *мақтанышы* болды (М. Ақынжанов). Осы жол үстімен байтақ елдің бетке ұстар *мақтаны* әлемге аты әйгілі Мұхтар аға өтеді деген хабар жеткен (Е. Тұрсынов).

**Мақташы, мақтакер жерг.** *Мақта теруші. Мақташылар* қараша айының аяғына дейін мақта тереді («Оңтүстік Қазақстан»). Терім маусымында аспанға бұлт айналса *мақтакерлердің* зәресі ұшатыны бар емес пе (Ш. Шалқаров).

**Мақұл, құп, жарайды, дұрыс, жақсы, хош, бопты жерг., ләббай экспр.** *Біреудің айтқан ұсынысын, пікірін қолдау ретінде айтылатын қошемет сөз. Мақұл,* келесі рейстен қалмаймын, сау болыңыз деумен сөзін аяқтады (Ә. Әбішев). *Құп,* көзір атқа жіберейін деп тез түрегеліп, үйіне қарай кетті (С. Сейфуллин). Ендеше, *жарайды,* Теміркені көндіруді мен мойныма алайын (Ә. Нұрпейісов). *Дұрыс!* Мақұл, Ленин мектебі болсын деп, көпшілік шулады (Б. Майлин). *Жақсы,* жігіттер! Мен де сендерге қосылдым, не де болса, бірге көрейік («Жұлдыз»). *Хош,* шырақ, әке-шешеннің халін көрген шығарсың, аурулы болып отырып қалған жайы бар (Е. Әлімжанов). Барып жолығамыз дейсіңдер, *бопты* сөйлесіп көріңдер (Б. Соқпақбаев). *Ләббай,* тақсыр! – деп Перизат терезеден әрі қараңғы бөлмеге сүңгіп кетті (Ә. Тарази).

**Мал-жан, мал-жай, мал-басы.** *Үй іші, қора-қопсы жиынтығы.* Атаның құнын елемей, Қияндағы қысыр ерегіске *мал-жанын* салатын қазақ емес пе (Т. Әбдіков). Ұлбала күндегі әдетімен ерте тұрды да, *мал-жайды* жайғастырып болып, төргі бөлмені біраз тәртіпке салды (Ә. Нұрмаханова). Нарымбай мырза, көштеріңіз байсалды болсын, *мал-бас* аман ба (С. Шарипов).

**Малжаңдау, қаужану, шайнаңдау.** *Тағамды ауызға салып қажалау, малжаң-малжаң ету.* Ойын үстінде құрт па, көмпит пе малжаңдап жеп жүреді (Б. Соқпақбаев). Шал мен бала жанторсыққа құйып үйден алып шыққан тәтті қымызды ішіп, бауырсақ жеп, *қаужанып* отыр еді (С. Омаров). Тамақ ішіп отырса керек, әлденені *шайнаңдап* жеп тұр (Қ. Жұмаділов).

**Малсақ, малқор, малжанды, малқұмар.** *Малды бағып-қағуға жан-тәнімен берілген, мал десе ішкен асын жерге қоятын.* Малсақ шопандар қойын шөбі шүйгін, суаты мол алыс өріске әкетсе керек (З. Жәкенов). Қазақтың *малқор* да дүниеқоңыз байының маңында еңбек етуші кедей еңбегін ғана жегізбейді, ар қорлығын да көреді (М. Әуезов). Біз әңгімелеп отырған Жазекең аталарың да *малжанды* шаруажай адам (Ә. Қалмырзаев). Сәлімжанның әкесі жарықтық аса *малқұмар* адам еді («Жетісу»).

**Малту, жүзу.** *Қол-аяғының, денесінің қимылымен суға батып кетпей, ілгері жылжуы.* Ертай баяу *малтып* келеді (З. Шүкіров). Ойнасам деймін толқынмен, үйренсем деймін *жүзуді* (Т. Исабеков).

**Малу, батыру, матыру.** *Бір затты сұйық заттың ішіне салып алу.* Ол дауысын нығырлаңқырап, қантты шайға *малып* сорып қойды (І. Жансүгіров). Қалашты *батырып* жейтін шикі қаймақ мынау (С. Мұқанов). Үйінде су бар болса да, әркім шелегін *матырып* былғай тұрғанда, судың да тазасынан алуға құмар (Ш. Құмарова).

**Мама, мама ағаш, діңгекағаш, дере, атағаш** *сөйл.* *Ат байлайтын діңгек ағаш.* Салт атқа мінген екеуі аттарын үй жанындағы *мамаға* байлап, өздері Оразға қарай жүрді (Б. Дәулетбаев). *Мама ағашқа* атымды байлап, Қайнар ауылындағы үйіме кірдім (Ш. Әлдибекұлы). Аттарын аула бұрышындағы *діңгекағашқа* байлады (А. Байтанаев). Түнделетіп жеткендер әкелген аттарын бөлек *дереге* байлап, от жағып, екеу-үшеу шүңкілдесіп отыр екен (Ж. Молдағалиев). Тұяқ жерге түсіп, атын қос жанындағы *атағашқа* байлады (И. Салахов).

**Мама бие, қасаба.** *Сүті көп, желіні үлкен сүтті бие.* Ең алдымен бұрын сауылып жүрген *мама биелерді* ғана біртіндеп, құр-құрлап ұстап кіргізіп сауып көргеніміз мақұл, – деді Жаксылық (С. Әлжіков). *Қасаба* биелер мен саяқ жылқының лезде-ақ қарындары кампиып шыға келгенін бала көріп тұр (Ө. Қанахин).

**Маман, кадр.** *Кәсіп пен шаруашылық саласына даярланған қызметкер.* Келген еді бір орыс, Зерттеп біздің даланы. Аты Сидор Семеныч, Өзі ағаш *маманы* (Т. Жароков). *Кадр* халық шаруашылығы мен түрлі ұйымдарда, мекемелерде істеуге даярланған қызметкерлер құрамы («Түсіндірме сөздік»).

**Мамыр, зауза көне, май** *кітаб.* *Көктемнің соңғы айы, календарлық бір жылдың бесінші айы.* Биылғы *мамыр* айы Алматыда әдеттегіден гөрі салқындау болды (Ауызекі тіл). Биыл *зауза* айының алғашқы күндерінен басталған сұрапыл елді мезгілімен тамақтарын пісіріп іше

алмастай халге жеткізді (Қ. Жұмалиев). Аңызак жел *май* айында оңтүстік-шығыс бағыттан соғады (М. Ахметов).

**Мамық, мапа.** *Ұладай жұмсақ майда.* Бірақ ұйықтау қайда, ақ *мамық* жастыққа бас тиісімен ұйқы шіркіннің қайда кеткенін білмей де қалды (Ә.Тарази). Сыртылдама он саусақ, Майдалап *мапа* түтілші, Шыртылдама шынашақ, Шыр айналшы, шүйке ілші («Жұлдыз»).

**Манаурау, ыргалу, ыргатылу.** *Жайбарақаттыққа салынып баяу қозғалу.* Ұйқыдан енді оянған әкем *манаурап*, қолын жуып отыр екен (С. Сарғасқаев). Омарбай үлкен бір шаруа бітіргендей *ыргала* басып орнына қайтып келді (М. Мағауин). Семіз сары әйел *ыргатылып* сөйлеп, мұғалімдерге тиісті (А. Жақсыбаев).

**Мансапқор, шенқұмар, мансапшыл, мансапқұмар, баққұмар, әкімшіл, мансапкер, төрешіл сөйл., мансапшы сөйл.** *Мансап сүйгіш, атақ-дәрежеге үйір, билік етуге құмар.* *Мансапқорлардың* қасынан Шықпайтындарға ашынам. Жалданып өскен жасынан, **Жағымпаздарға** ашынам (М. Мақатаев). Қынжыламын күр кеуде, *шенқұмар* болған жандарға (Қ. Бекхожин). Баққұмар, *мансапшыл*, екіжүздінің образын көрсету үшін Абай ең мысқыл, ең кекесін сөздерді таңдап алады (Қ. Жұмалиев). Сенің *мансапқұмар* емес екеніңе көзім жетті, – деді әкесі (Ауызекі тіл). *Баққұмар* адам оңайлықпен басын ие қоймайды, қайткенмен де ел тізгінін қолға алуды ойлайды (Қ. Жұмағұлов). Ғажайып жаңа тақ иесінің кәдесі бойынша *мансапкерлер* жаңа бұйрық жарнамалар таратты («Мың бір түн»). Ол бірақ та *әкімшіл* кейбіреудей бедел көздеп, тақ үшін таласпайды (Б. Алдамжаров). Тілемсековтың *төрешіл*, әкімқұмар, дөкір екендігіне бұл бір айғақ (Б. Қыдырбекұлы). Мен *мансапшы* емеспін, атақ үшін дәрежесі үлкендердің алдында көлендеп әр табанды бір жалайтын (Ә. Әбішев).

**Мансапқорлық, шенқұмарлық, атаққұмарлық, мансапқұмарлық, әкімшілдік, төрешілдік.** *Әкімшілікке үйір болушылық, мансап сүйгіштік.* Оның мына ісі нағыз баққұмарлық пен кәдімгі қара бастың қамы – *мансапқорлық* (Ш. Шалқаров). Ақыры жігіт *шенқұмарлықпен* бір мықтының сұлу қызына үйленді («Қазақстан әйелдері»). *Атаққұмарлықпен* халықтың алғысын ала алмайсың, алысқа бармайсың, шырағым («Парасат»). Оны шілбиткенмен емес, *мансапқұмарлық* тесіп бара жатқан ішін кеулеп, тіске түскен қанқұрттай (Ш. Құмарова). Ол әдебиеттегі *әкімшілдікке*, жылтырауықтыққа мүлдем қарсы болды («Қаз. әдеб.»). Ол жұмыстағы *төрешілдікті*, қағазбастылықты қатаң сынға алды (Ә.Қарағұлов).

**Ману, мимырттау, мамырлау.** *Жайлап баяу қозғалу, ыргатыла ақырындап жүру.* Күн түске тақалғанда әкем тоғайға қарай *маңып* бара жатты (Б. Соқпақбаев). Миябайдың бес жылқысы өзен жағасында *мимырттап* жайылып кетіп барады (Ә. Асқаров). Өзіңнің етіңнен ет кесіп әкетсе де міз бақпастан ұйқылы-оюу *мамырлап* жүретінің сол екен ғой (З. Қабдолов).

**Маңқа, мұрынбоқ.** *Мұрыннан шығатын сарғыш түсті қоймалжың.* Алмасын деп, талмасын деп, *Маңқа*, қолқа болмасын деп, Жеміне қосып қыз Құртқа, Қызыл дәрі жегізді («Қобыланды батыр»). Баланы құрттайынан *мұрынбоғын* ағызбай, сүртіп жүруге дағдыландыру керек (Ауызекі тіл).

**Маңызды, мәнді, мазмұнды.** *Маңызы зор, аса құнды.* Тұтқынға түскен үш неміс офицері осы *маңызды* мәліметтерді берді (Ә. Әлішев). Естимесең, білмесең, мәз болып бір күлмесең, тыңда қызық әңгіме, маңызды да, *мәнді* де (Ә. Дүйсенбаев). Оның өмірлік мақсат-мұраты биік, ол шын мәнінде *мазмұнды* да қызықты өмір сүргісі келеді (С. Байжанов).

**Маңыздылық, құндылық, бағалылық.** *Маңызды болушылық.* Көркем әдебиет неғұрлым алдымызда тұрған ұлы құрылысқа атсалыса алса, солғұрлым оның *маңыздылығы* арта түседі (Ф. Мүсірепов). Бұның қалай, кіммен ақылдасып, кімнің батасын алып едің? – деп, еңбектің құны мен *құндылығында* ешкімнің шаруасы болған жоқ (Ә. Тарази). Поляк ақынының поэмасының *бағалылығы* да осы сияқты шындықтық бетін аша алуында (Р. Бердібаев).

**Маңырауық, маңырағыш.** *Маңырай беретін, көп маңырайтын.* Бағылан қозы *маңырауық*, маңырайды ауық-ауық. Биік таудың жары – қауіп, қыстың қалың қары – қауіп (М. Әлімбаев). *Маңырағыш* малдың даусы құлақ тұндырады («Лен. жас»).

**Марапаттау, наградтау.** *Құрметті мемлекеттік белгіні беру, бағалы сыйлық тапсыру.* Үздік еңбегімен құрметке бөленген ғалымдар мен өнер адамдары үкімет наградаларымен *марапатталды* («Алматы ақшамы»). 1939-1941 жылдары шексіз шеберлікті еріксіз *мойындап* жас суретшіні үш рет күміс медальмен *наградтады* (Қ.Нұрмаханов).

**Мардымды, құнарлы, жартымды, мандымды.** *Көңіл толарлықтай, ауыз тұшырлықтай.* Ахмедияр қыздың көңілін аулап, бірде-мелер айтпақ боп көріп еді, онысынан да *мардымды* ештеңе шықпады (Ә. Қанахин). Бұл оқу-үйренудің ең *құнарлы* жолы десек, қателеспесек керек (Ф. Мүсірепов). Бұл туралы он кітап жазылса да, *жартымды* ештеңе айтып болмас еді (С. Бегалин). Күшті пікір болмаған жерде *мандымды* іс те болмайды (Ж. Арыстанов).

**Мардымсыз, болмашы, болымсыз, шамалы, мандымсыз.** *Болар болмас, жеткіліксіз, жартымды емес.* Жетісайдағы қазіргі барлау жұмысының *мардымсыз* екенін айтты (З. Қабдолов). Салық жағы көпшілік дауыс алып, Зерен ауданына *болмашы* ғана үлес тиген (С. Жүнісов). Бұқара тіршілік етуге қажетті *болымсыз* азық-түліктің өзін үлкен бейнетпен тауып жүрді (С. Қасиманов). Бізде әдебиеттен хабары *шамалы* адамдардың сында қандай нәтиже шығарғанын көріп келеміз (М. Қаратаев). Ол заманда қой шаруашылығының беретін өнімі *мандымсыз* болды (М. Ермеков).

**Мардымсыздық, жартымсыздық, шамалылық.** *Мардымсыз болушылық.* Жетісайды зерттеп іздеу, барлау жұмыстарының әлі де *мардымсыздығы*, бөлінген қаражаттың *жартымсыздығы* сыналды (З. Қабдолов). Араб халқының жерінің ыстық болатыны, ондағы ағаштың *шамалылығы*, судың тапшылығы белгілі (М. Тоқжігітов).

**Мас, қызу.** *Ішімдік ішіп есірген, ләйліген.* Бір-екі *мас* аузына келгенін айтып, көрінгенге соқтығады (А. Тоқмағамбетов). Жаңа ғана стол басына келер алдында, Ақбаянмен билеп жүрген кезінде *қызу* секілді еді (І. Есенберлин).

**Масайрау, жадырау, масаттану, масаю, рақаттану, жырғау.** *Көңілі көтеріліп, жылышырайға ену.* Өзіне қарасам, *масайрап* шаттанып отырған адамның өні (С. Жүнісов). Көзіне бір нұр ойнай, *жадырай* түскен Шаймерден тағы да сөйлеп кетті (М. Иманжанов). Жиналып отырғандардың бәрін өзінің баласындай көріп, *масаттана* күлімдеп Дәулет тұр (Ә. Әбішев). Әйелдер үйді басына көтере ән салып, дарақы күлкіге басып, көңілдері *масайып* тараған (С. Жүнісов). Суына *рақаттанған* адам мен мал, Жемісі неше алуан шекер мен бал (С. Адамбеков). Жаңа бастық келіп, Жақсы айлық алып, *Жырғап* қалдық («Советтік шеғара»).

**Масаң, масаңдау, масалаң, қызу, мастау.** *Ішімдіктен масайған, қызып қалған.* Шолпан жым-жылас жоғалыпты да, орнында *масаң* жігіт отыр (С. Сматаев). Мәдидің бұл сөзінің байыбына бара алмаған *масаңдау* біреуі даурыға айқай салды (Ә. Әбішев). Соның бәрі ұзақ түнде *масалаң* күйде отырған *қызу* адамдар (І. Жансүгіров). Мақу әсіресе *мастау* кезде өзін шенеп айтқан сөзге ішек-сілесі қатып күлетін көрінеді (Х. Ерғалиев).

**Масаю, масаңдану, масаурау, қызу.** *Аздап мас болу, ішіп қызып алу.* Қызылдар келсе, бәрімізді де қырады, – дейді *масая* бастаған Майыр көзіне жас алып (М. Мағауин). Мен аздап ішіп, *масаңданып* құтылып кетпек болдым (Ж. Молдағалиев). Дәру исі жанымды желпіп сипап, *масаурадым* біржола уландым ғой (К. Салықов). Қымыз ішіп *қызған* топтың дәл ортасында Бейсенәлі отыр (С. Бақбергенев).

**Маскүнем, ішкіш, араққұмар, араққор, алқаш кітаб., арақкеш** сөйл. *Ішкіліктің соңына түскен, ішімдікке салынған.* Мансапқор, *маскүнем*, ұры-қары құрыса, қой үстіне бозторғай жұмыртқаламақ (Ғ. Мұстафин). Былтырдан бері өзі құсаған *ішкіш* біреумен үйір боп, ақыры соған шығатын болды (А. Жақсыбаев). Өзі *араққұмар* неме емес пе екен деп қауіптенеді (Ж. Тілеков). Кейбір *араққор* адамдардың көзінің ағы және денесі сарғайып кететіні мәлім (Е. Оразақов). Ауылда *алқаштар* көп. Оларға тыйым салатын қарттарды да көре алмаймыз («Жас Алаш»). *Арақкеш*, апиыншы, пәңгі шайтан, кесел қып мал мен басын өрбітпеген (Әсет).

**Мата, кездеме, бұл, кезмал жерг.** *Мақта мен жүннен және жібектен тоқылған еңдей бұйым.* Асыл *матадан* тігілген көйлек

Маржанның денесінде бейне сексеуілге кигізе салғандай салбыран жүретін (М. Иманжанов). Қолыңа тиып-тебен түссе, келгенінше *кездеме*, тәтті ала кел деген (М. Қуанышбаев). Бай ауылдарға о да осылай көп арбамен *бұл* әкеліп сатып кететін (Ғ. Мүсірепов). Бұл тоқыма фабрикасында қымбат *кезмалдар* тоқылады («Жетісу»).

**Маубас, мәнжубас.** *Көп ұйықтайтын, ұйқышыл.* Кәкежанның *маубас* екенін білесің, түсте бір ұйықтап алмаса, көңілі көншімейді, — деді Қалиса (С. Мұқанов). Мына *мәнжубастың* тауып кеп жүрген көкегі ғой, — деді жеңгей кінәсін күйеуіне аударып (О. Әубәкіров).

**Махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық, асықтық** *поэт. Құштарлық сезім, ынтықтық көңіл.* Қазақтың ескі тұрмысында әйелдің *махаббат* бостандығы үшін күресуі Әуезовтің көптеген шығармаларында көрсетілген (Р. Нұрғалиев). Қыз бен жігіт арасында тұтанған *сүйіспеншілік* оты үйленген соң ошақ басын шұғылалы нұрға бөледі («Қазақст. әйелд.»). *Ғашықтық* келсе, жеңер бойынды алып, жүдетер безгек ауру сықылданып (Абай). Айтыңызшы мүмкін бе, шынымен-ақ *асықтық* сізді жеңгені ме (М. Әуезов).

**Махшар, ақырет, о дүние.** *Діни ұғым бойынша өлгеннен кейінгі адам баласының құнәсы тексерілетін жер.* Ақ еркем, алтын сәулем, Баян айым, *Махшарда* тәңір алдында өзім табам («Қозы Көрпеш»). Кебінін өлгендердің жинап алып, *Ақыретке* барғанда шырылдарсың (Жамбыл). Бұл дүниеден *о дүние* жақсы болса, Адамға айтпай қожалар кетер ме еді («Айттыс»).

**Мәжілісқор, мәжілісқұмар.** *Мәжіліс құруды ұнататын.* Соңынан ілесе бере іркілген *мәжілісқорлардың* зөрелері ұшып, үрпіісіп тұрып қалады (С. Жүнісов). Бастығымыз соңғы кездері *мәжілісқұмар* болып алды («Лен. жас»).

**Мәжілісхана, мәжіліс залы.** *Жиналыс өткізетін, мәжіліс құратын үлкен бөлме.* Бұл бөлме жұрт жиналып, мәслихат құратын *мәжілісхана* іспетті (М. Сқақбаев). Кездесу институттың үлкен *мәжіліс залында* өтті («Алматы ақшамы»).

**Мәзір, меню.** *Асханадағы тағамдардың жиынтық көрінісі.* Мейрамханада осы кездесуге арнап жайылған дастарқан *мәзірі* көңілімізден шықты (Ауызекі тіл). Мынау «*меню*» деген қағаз, не керегің осының ішінен табылады (С. Жүнісов).

**Мәйітхана, морг.** *Өлген адамды уақытша сақтап қоятын ұй, суық орын.* Оны екі рет өлді деп есептеп, лазареттен шығарып *мәйітханаға* апарып тастаған (Ә. Нұршайықов). Өлікті *моргқа* жібергеннен кейін істің мән-жайын білді (К. Тоқаев).

**Мәлім, мағлұм, аян, белгілі, мәшһүр.** *Жұрт білетін, елге таным, көпке жария.* Үнді діні бойынша өлікті өртейтіні *мәлім* ғой, біз оны көзімізбен көрдік (Т. Ахтаңов). Нұрмұхамбет – Балуан Шолақ менің атым, Бар елге *мағлұм* болған асыл затым («XX ғ. қаз. әдеб.»). Сенің жайың ерге *аян*, Менің өмірім елге *аян* (Ж. Саин). Әрқайсысы

өртүрлі маман еді *белгілі*, Зеңбірекші біреуі Асқан жұрттан ерлігі (С. Мәуленов). Атырауға аты *мәшһүр* Есбай күйшінің бала шағын еске түсірді (М. Сатыбалдиев).

**Мәлімдеме, мағлұмдама.** *Белгілі бір оқиға туралы хабарлама.* Қасым дейтін біреу кіріп келіп, отырған жұртқа тығыз *мәлімдеме* жасады (С. Төлешов). Қазір сіздерге мына Батырбек жасақшылар советінің *мағлұмдамасын* оқиды, тынышталыңдар, – деді ол (Х. Есенжанов).

**Мәліметсіз, мағлұматсыз.** *Мәліметі жоқ, хабарламасыз.* Ресми *мәліметсіз* бұл маңызды іс қолға алына қоймайды («Жетісу»). Бұл тақырыпқа көбінесе терең даярлықсыз, *мағлұматсыз* және шеберліксіз кірісетіндер бар, – деді Д. Қонаев жолдас («Уақыт және қаламгер»).

**Мәліметсіздік, мәлімсіздік, мағлұматсыздық.** *Мәлім еместік.* Мұның бәрі *мәліметсіздіктің* кесірі («Егемен Қазақстан»). Әйелдің сөзінен Мөлкенің ұққаны – Бегайдардың бір жаққа кеткен және қашан ораларының *мәлімсіздігі* (Т. Әлімқұлов). Терең даярлықтың болмауымен қоса *мағлұматсыздық* та өз кесірін тигізбей қоймайды («Жетісу»).

**Мәлімсіз, беймәлім, намағлұм, аянсыз.** *Жұртқа белгісіз.* Оның даусы жас Мұхтардың көңілін басқа бір *мәлімсіз* дүниеге таныстырғандай (К. Оразалин). Оған ғаламат құпия – осы уаққа дейін *беймәлім* болып келген сыр ашылған еді (М. Мағауин). Алланың ісі *намағлұм*, Жауыздың тіліне ермеңіз («XX ғ. қазақ ақындары»). Аһ, дариға-ай, не ойлайын, Опасыз өткен дүние боқ. Өттің дүние баянсыз, Аллаға іс пе *аянсыз* («Батырлар жыры»).

**Мән-мәніс, мәніс, гәп.** *Бір нәрсенің сыр-сипаты, мағынасы.* Тиіп-қашып тыңдай жүріп Саржан бұрынғы білгенінің *мән-мәнісін* енді ғана аңғарғандай болды (Ж. Жұмаханов). Бұл сөздердің *мәнісі* жиырма күннен кейін Омардың зердесіне анық жетіп, намыстан өліп кете жаздады (Ә. Тарази). Жаудың осы араға қос тігуінде бір *гәп* болса керек (Ж. Арыстанов).

**Мән-жай, жай-жапсар.** *Бір нәрсенің жағдайы, жай-күйі.* Сарагүл ата-анасына *мән-жайды* түсіндірді де жолға шықты («Қазақст. әйелд.»). Сәтбай ықыласпен амандық сұрасып, елдің *жай-жапсарын* сұрасып, сөйлесіп отыр (С. Сейфуллин).

**Мәңгі, бақи.** *Мәңгілікке созылатын.* Айырылғанын көрсем дағы дененің, Жүрегіміз *мәңгі* айырылмас сенемін (С. Дөнентаев). Қаншасы жер бетіндегі тіршіліктен *бақи* дүниеге ауып кеткен, сүйектері жер астында (Т. Әбдіков).

**Мәңгілік, бақилық.** *Мәңгі бақилық, тұрақтылық.* Олар менің жасыма жетпей тұрып-ақ *мәңгілік* өшпес өмірге ие болды (Н. Келімбетов). Жақсылық пен жамандық – адам өмірінде күнделікті кездесетін *бақилық* болмыстар (С. Мәуленов).



**Мәртебе, меймана.** *Бақ, дәреже.* Сәкен Сейфуллинмен жақын дос болғанымды өзіме зор *мәртебе* көрем (С. Талжанов). Осы күні *мейманасы* асқан үш адам бар, солардың бірі – Досқананың Ескенесі («Жұлдыз»).

**Мәселе, проблема.** *Шешуді, зерттеуді керек ететін іс-әрекет.* Сібірден Атлант мұхитына дейін жол ашылатын еді, – деп, замананың күрделі бір *мәселесінің* шешілетінін де айтады (Қ. Исабаев). Астық өндіруді арттыру – келелі *проблема* («Соц. Қаз.»).

**Мәтін, текст кітаб.** *Белгілі бір шығарма немесе оның үзіндісі.* Тақтаға әзірленген оқушылар шығып, өлең *мәтіні* бойынша әңгімелесті («Қазақст. мект.»). Оның алдында баяндама *тексті* салынған папка ашылып жатыр (Ә. Нұршайықов).

**Мәути, мәтек, тайғұмар, шертпек.** *Ойыннан жеңілген кісінің төбесінен шертіп алатын ұпай.* Екеуі Дүйсенді тапжылтпады. Кезекпекезек шашы ағарған тақыр басының күйкасын іреп *мәути* алады (Б. Шалабаев). Сейіт «қасқырмын» деп, Сендерге қас қылдым деп, *Мәтек* ап басымыздан, Тартты кеп шашымыздан (С. Әлімқұлов). Ойыннан көбінесе мен жеңіліп, *тайғұмар* алып жүрдім («Қаз. әдеб.»). Осылайша біріміздің асығымызға түкіріп, бірімізден *шертпек* алып, онан қалған асықтарды құлаштап тұрып лақтырып жіберді (С. Мұратбеков).

**Мегежін, көшіл.** *Шошқаның ұрғашысы.* Сонымен қоса жыл басынан бері шошқа фермасы жақсы *мегежіндермен* толықтырылды (С. Ғабдуллин). Қойды *көшіл*, түйені шошқа дейді, елге мәлім онысы емес мақтан («Айтыс»).

**Межелі, мөлшерлі, мезгілді, мерзімді, мәрелі, мұғдарлы кітаб.** *Алдын ала келісіп белгіленген, жоспарланған, дiттенген.* Айдар Таукеңе сырын әне шертем, міне шертем дегенше, *межелі* жерге, Жамбыл станциясына да жетті (Қ. Баялиев). Поезд жолдың *мөлшерлі* жеріне келіп тоқтаған соң, шал түсуге жиналды (І. Жансүгіров). Жалғыз жалшы шыдар ма? Міне, осынша жұмысқа *Мезгілді* уақыт күнінде, Бермеген соң тынысқа (С. Сейфуллин). Жексеннің күзеттегі взводы *мерзімді* уақытынан кейін көп кешікпей бекініс орнын тағы да ауыстырды (Қ. Оразалин). Екеуің де жассың, *мәрелі* күніңді айтсаңшы тойынды өзіміз-ақ жасайық, – деп тықыр таята сөйлейтіндер де кездеседі (Қ. Құттыбаев). Жылқының алды Тама тауына қарай өткен соң, алдына түс те, түстенетін *мұғдарлы* жерлерін өзің басқарып отыр (С. Талжанов).

**Мезгіл, мезет, мерзім, шақ, дәуір, маусым, кез, кезең, уақыт, уақ, замат.** *Күннің, айдың, жылдың, өмірдің қандай да бір өлшемі.* Әсем салдық өлгенше кім қыларлық, Оған да *мезгіл* болар тоқталарлық (Абай). Жиырма бес жыл сарғая күткен осы бір қуанышты *мезет* еді (І. Есенберлин). Кездескен кездердің *мерзімі* есте сақталмағаны – өкініш (С. Мәуленов). Осы совхоздың жылқысын өзінің

жігіт *шағынан* бағып келеді (Ж. Тұрлыбаев). Сақып баланың *дәуірді* жастық шақтап бері мақсат қылған жұмысын ойлайды (Б. Майлин). Саулықтар күйектен өткен *маусым* мерзіміне байланысты бірнеше топқа бөлінді («Шопан сырласы»). Әр нәрсенің *кезі* бар Туып я өлген, Әр нәрсенің *көзі* бар жанатын я сөнетін (С. Мәулеиов). Егін еккен *кезеңде* туыпты оны бір ана (К. Мұқашев). Сөзін оқы және ойла, Тез үйреніп, тез жойма, жас *уақытта* көңіл – гүл (Абай). Ел тарысын қаралап, күзектеріне қонып, күзем алып жатқан *уақ* (І. Жансүгіров). Бір *заматта* елмен бірге ұйып тыңдап отырған бригадир жігіт шошып оянғандай орнынан ұшып тұрды (К. Жұмаділов).

**Мезгілдік, мерзімдік, маусымдық.** *Мезгілге тән, уақытқа қатысты.* Бірінші сөйлемдегі бірыңғай баяндауыштар кезегімен болатын істі білдіріп, *мезгілдік* қатынасты білдіреді («Қазақст. мект.»). Әйелдер егіс даласында жұмыс істейтін кезде ғана ашылатын *мерзімдік* балалар алаңы болатын («Қазақст. мұғ.»). Қазақстан жағдайында бие сауу және қымыз ашыту *маусымдық* қана жұмыс («Қымыз»).

**Мезілеу, ығырлау.** *Мезі ету, ығыр қылу.* Бұл күн сайын осы мезетте қайталана-қайталана *мезілеген* жәйттер (О. Бөкеев). Осындай нәрсіз сабақтардың оқушыларды *ығырлайтыны* күнделікті тәжірибеде байқалып жүр («Қазақст. мұғ.»).

**Мейлі, күй, бәрібір.** *Не болса, о болсын, күл болмаса, бұл болсын деп енжар қарау.* Егер қисық көрінсе, *Мейлің* таста, Мейлің күл. Егер түзу көрінсе, ойлап-ойлап құлаққа іл (Абай). Арызымды айтайын *Құй* болар, күй болмас (Абай). Нұрды іштім, уақытты іштім, бақытты іштім, *бәрібір* қанбай қойды шөлім менің (К. Баянбаев).

**Меймандос, қонағуар, қонақжай, қонақжайлы, қонақшыл, мейманшыл, қонақпаз, қонаққұмар.** *Қонақ күткіш, өзіндегі барын қонақтан аямайтын.* Ежелден *меймандос* қазақ халқы малын сойып, қымызын беріп полкті жақсы құрметтейді (К. Әміров). Николай тұрғын халықтың жатырқау дегенді білмейтін тым *қонағуар* халық екенін осы алғашқы кездесудің өзінде-ақ аңғарды (С. Шаймерденов). Масайрап, мәз болысып Кәкен, Құсбек, *қонақжай* бар көдесін жатыр істеп (Қ. Ыдырысов). Биік, толық денелі, сұлу, қызыл шырайлы, кескінді Ефросинья Ивановна *қонақжайлы* кісі екен («Көктем лебі»). Онымен келіп жеттік барар жерге, *Қонақшыл* күтіп алды сүйген ел де (Қ. Қуанышбаев). Ұрлық істеп беті күйген адамдай *мейманшыл* үйдегі үш жанға қарауға көз шыдамайды (Ә. Нәбиев). Беркімбайға арқа сүйеп ең шұрайлы жерге қойған Есімбектің өзі де жомарт, *қонақпаз* еді (Б. Майлин). Сауыққой, *қонаққұмар* қойлы ауылдың әсте бір тарқамаған той-думаны (Ө.Жайлауов).

**Меймандостық, қонағуарлық, қонақжайлық, қонақжайлылық, қонақшылдық.** *Қонақтан ештеңесін аямаушылық, барын солардың аузына тосушылық.* Әңгіме осы қонақтарына жасаған *меймандостығы*, күтуі, тазалығы, тәртібі жайында болса дейміз

(А. Тоқмағамбетов). Өз басым бұл халықтың ақ жарқындылығын, қалтқысыз ақ қоңілін, сонымен бірге тынымсыз еңбекқорлығын, *қонагуарлығын* ұнатамын (С. Сарғасқабев). Өз елінің *қонақжайлығын*, сауықшылдығын дәріптеп жататындар да бар (Т. Әлімқұлов). Өз елінің *қонақжайлығын*, сауықшылдығын дәріптеп жатқандар да бар (Т. Әлімқұлов). Біз оларды құрмет етіп, ортамызға алып, қолдан келген сыйымызды жасап *қонақшылдық* көрсеттік (С. Бегалин).

**Мейманханалық, қоналқалы.** *Қонып шығуға жарарлық, қоналқа боларлық.* Әр жерден келген қонақтарға *мейманханалық* сый-сияпат пен күтім көрсетіледі («Түркістан»). Ұзақ сапар бойында ысылып сандақталып алған қалашылар *қоналқалы* бұл кеште де атқарылатын істерін тез реттеді (Ә. Көшімов).

**Мейрам, мереке, той.** *Салтанатты сауық-сайран, қызық думан.* Кеңесіп бірінші май *мейрамында* әлемге еңбекші тап мақтанады (И. Байзақов). Алдағы *мереке* қарсаңында бірнеше күнге демалысқа босап Сәтжан да үйіне қайтты (С. Бегалин). Бұдан кейін отыз күн ойып, қырық күн *тойын* зор салтанатпен өткізіп, Гүлбаршынды өзі алды («Алпамыс»).

**Мейрамдық, мерекелік.** *Мерекеге қатысты, мейрамға арналған.* Мәңгі жасайтын Рудакиден бастап бүгінгі Тәжікстанның жас ақындарын қоса біздің бүкіл мың жылдық поэзиямыз осы *мейрамдық* сапарға аттанғалы отыр («Лен. жас»). Қазір ұлы ақынның туылғанына жүз елу жыл толуына арналған *мерекелік* концерт даярлануда («Егемен Қазақстан»).

**Мейрамшыл, мерекешіл.** *Мереке өткізгіш, мейрамдағыш, ойын-сауықшыл.* Сахалар – *мейрамшыл* халық («Жас Түркістан»). *Мерекешіл* халық болғандығымыздан шығар, қазақта той көп («Жас Алаш»).

**Мейіздену, сірнелену, сіреулену.** *Әбден кеуіп, қатаю.* Әбден *мейізденіп* қалған теректен ұшқан шыңылтыр жаңқалар жайрап жатыр (О. Бөкеев). Әбден *сірнеленген* сол белгінің сыртымен делдиген танауын деміл-деміл оскылап қойып, кайдағы бірдемені көлденең тарта қояды (С. Сарғасқабев). Ол досының сабалақ-сабалақ болып *сіреуленген* жабағы шашына, түстен де айырылған жейдесі мен шолтиған жырым балақ шалбарына тағы бір қарап өтті (Ә. Сатыбалдиев).

**Мейірбандылық, жақсылық, қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік, имандылық.** *Біреуге жаны ашып ықыласы тұсушілік, қамқорлық.* Қарт фельдшер Киреевтің еңбегіне, жаралыларға деген *мейірбандылығына* қатты сүйсініп отыр (Б. Момышұлы). Ләззат оның сол *жақсылығын* өмір бойы ұмытар емес (Т. Ахтанов). Бұл кісі Сарманға, әсіресе өзінің жатақ балаларына деген *қайырымдылығымен* қатты ұнайды (Ә. Әлімжанов). *Рақымдылық*, мейірбандылық әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп өзіне ойлағандай оларға да болсын деу (Абай). Анасының сол *мейірімділігі* Әлімханның қазір көз алдынан елестеп өтіп жатыр (Б. Тұрсынбаев). Пайғамбардың Хадистерінде ақжаулықтарды *имандылыққа* шақырады («Жас Алаш»).

**Мейірлену, мейірімдену, емірену, елжіреу, елбіреу, егілу, еру, босаңсу.** *Ықыласы түсіп жақсы көру, ниеті ауу, жан-тәнімен берілу.* Ақжігіт Асылбайдың маңдайынан *мейірлене* сипап жауап берді (М. Құмарбеков). Табиғат біржола *мейірімденіп* алғандай, теңізді түптеп сапырмай, аңқылдап самал еседі (Ә. Сәрсенбаев). Әжем саусақтарымен ұстаған күйі *емірене* келіп, бетімнен сүйді (Ә. Сараев). Ақ көңілді әділ жан табылар деп көрейін, Я сүйсе, я күйсе *елжірейін* төнейін (Абай). Сұлу әйелдің *елбіреп* келіп сүйгені Сыздықтың көңілінен дүниедегі барлық әйелді ұмыттырғандай болды (М. Әуезов). Сөйтсе де оларға дән риза болып, көңілі босап, *егіліп* барады (Н. Серәлиев). Өлі бойға жан жүгірді, қайратым құрыш болды, нан, Мұз жүрегім май сықылды *еріп*, от боп күйді жан (Абай). Құлыным-ай, – деген Жұмынтайдың *босаңсыған* үні естілді (К. Исабаев).

**Мейірімсіз, рақымсыз, қайырымсыз, қарарсыз, имансыз, тасбауыр, тасжүрек, қаукөрік.** *Ешкімге жаны ашымайтын, өте қатыгез, қатал.* Махмұт ағасының мұң-зарын, жүрек қайғысын шағып, *мейірімсіз* ажалды қарғап отырған сияқты (Д. Әбілев). Бетімен жіберілген балалар өзімішкі келеді де, ата-аналарына *рақымсыз* болады («Семья тәрбиесі»). Байдың аты Рахым болғанымен, рақымы жоқ, *қайырымсыз* қатал еді (С. Мәуленов). *Қарарсызбен* дос болсаң, жазымың сонан табылып, қаларсың бір күн қошыңнан («Халық поэмасы»). Мынау Думан бір *имансыз* екен ғой, – деп, үй иесіне шағына қарады (С. Адамбеков). Апыр-ай, үйінен қара су татқызбайтын нағыз *тасбауыр* сараңның өзі болмаса нетті (С. Баязитов). *Тасжүректің* деген жауынгерлердің де жүрегі майда тілмен жібірліктей болды («Аялы жандар»). Баксыбай *қаукөрік* пендеге сыр ақтарған өзін де кінәлайды, Қарамендеге бүгін елжірейтін түрі жоқ еді-ау (С. Сматаев).

**Мекеме, басқарма, идара.** *Белгілі бір жұмыс саласын басқарып ұйымдастыратын ұйым.* Кейін көп жыл бойы советтік мекемеде қызмет атқарып, ақырында қапысын тауып бандиттер азаптап өлтірген Жампейістің өмірі бір қызық роман (С. Мұқанов). *Басқарманың* кезекті мәжілісінде сол аталған маңызды мәселені талқылайтын боламыз (М. Иманжанов). Ертеректе қолданылған «*идара*» сөзі мекеме, кеңес, басқарма дегенге ұқсас мағынаны білдіреді («Қаз. әдеб.»).

**Мекек, орын, тұрақ, жай, қоныс, мекен-жай, мекен-тұрақ, кірті көне, қияу көне.** *Тұрақтап тұратын жер, қоныстаған ауыл.* Жаз жайылым, қыс қыстау – баршасы Абайдың қайын жұртының *мекені* (К. Оразалин). Өлсем *орным* қара жер сыз болмай ма? (Абай). Сол күні түстен кейін біз оны машинамен *тұрағына* жеткізіп салдық (К. Исабаев). Ауылдың бергі шетінде тұрған жатаған шатырсыз үй – Дүрия кемпірдің *жайы* (Ә. Тарази). Бұл баз тұрған жер, қой фермасының жазғы *қонысының* бірі болатын (М. Әуезов). Шырағым, *мекен-жайың* қайда? – деген оқыс сауалдан жігіт сасып қалды (О. Бөкеев). Енді көрісеміз бе, жоқ па, *мекен-тұрақтарыңды* жазып жіберіңіздерші

(М. Қабанбаев). Әл-ғұсман патша жұрты екен, Дін исламның кірті екен (Доспанбет жырау). Көп көпіркүлдың қияуы. Жапанда қонды қыбайға («Қобыланды батыр»).

**Мекендеу, қоныстану, жайлау.** *Белгілі бір жерге орын теуіп, тұрақтап тұру.* Есіл, Нұра, Тобыл, Ертіс өзендерінің аңғарларын мекендеген түркі тайпалары XIV-XV ғасырларға дейін ислам дінінен сырт болған (М. Тоқжігітов). Қазіргі біз қоныстанып отырған жерде бірінші борзданы Асан салыпты (К. Баялиев). Қора қойын Қашыршыны жайлаған қыр Алтайы елімен сөйлесуге қос атты Құдайменді батырдың өзі жүрмек болды (І. Есенберлин).

**Мекендік, қоныстық.** *Мекенге тән, қоныс боларлық.* Туып-өскен елдің отандық, мекендік мағынасы өте кең (Е. Ысмайылов). Мұқа, қалай, қоныстық жер таптыңыз ба? – деп, одан жайлау жайын жапартармағай сұрап жатыр (С. Мәуленов).

**Мелшию, сілею, сіресу.** *Бір орыннан қозғалмай үн-түңсіз, сазарып тұрып қалу, ләм-мим демеу.* Бірде үнсіз мелшиіп тың тыңдайды, Құлағында аққудың арман әні (М. Мақатаев). Рахым әкесінің жатысына көңілсізденіп, сілейіп есік алдында тұрып қалды (Т. Сағымбаев). Бұл сөзді естігенде Бексұлтан өткір көздерін генералдан алмай сіресіп қалды (Ж. Жұмаханов).

**Мендік, өзімдік.** *Маған тән.* Ғұмыр бар шығар әлі, Мендік бір он жыл қалмады деймісің (Р. Тоқтаров). Маған деп арнаған өзімдік бір нәрсені алмақ болған шығармын («Жұлдыз»).

**Менменсу, тәкаппарсу, паңсыну, маңызу, маңғазу, нығызу, сыздану, астамсу, кекірею, әспенсу, кекірттену** *сөйл. Көкірегін көтеріп, өзін әлдеқандай етіп көрсету, жоғары санау.* Прокурор Есімбекке менменси қарап басын изеп өте шықты (Е. Оразақов). Кешегі тәкаппарсығаны есіне түсіп, Асқар үндеген жоқ (С. Мұқанов). Бикеш сол паңсынған қалпында үлкен қой көздерін Тәттібетке қадап қалды (А. Сатаев). Нағашы «ал жүрейік» дегенде мен маңызси қалдым (С. Мұқанов). Талабы бар жасты құрметтеймін, маңғазсыған ағаны ұнатпаймын (Ә. Нұршайықов). Майбасар бұл тұста қайтадан нығызсыт, дардая түсіп: Е, соны айтсаңшы, – деді (М. Әуезов). Әйткеннің соңғы күндері сыздануы тым тереңдеп кеткен (Ж.Мусин). Мына сөз астамсыған биге дәл маңдайдан қамшымен тартып жібергендей өсер етті (Т. Рахымжанов). Меруерт әрдайым өзін кішіпейіл ұстайтын, кекірейіп тәкаппарланбайтын (І. Есенберлин). Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін, Ойлашы, сыртын қойып, сөздің ішін (Абай). Әйелінен қай жері артық деп әспенсиді екен, мәжнүн, әулекі неме (З. Жәкенов). О, Кеңесбай, тыңда сөз, Айтатұғын келді кез Кекірттеніп паңданбай («XVIII–XIX ғ. қазақ ақындары»).

**Менсінбеушілік, кемсінүшілік, қомсынүшылық.** *Өзгені жаратпай паңданушылық.* Ұжымда бірін-бірі менсінбеушілік, кекеп-мұқату атымен жоқ (Ж. Ыбыраев). Тәуелсіздік алғаннан кейін корей халқының

ұлттық тілін, мәдениетін *кемсінушілік* біржолата жойылды («Халық мұғ.»). Көк етікті кезікпей, көн етіктің *қомсынушылық* уақыт алғанға ұқсайды («Қаз. әдеб.»).

**Меншіктену, иемдену, иелену, еншілену.** *Иелік ету, қожа болу, өзіне қаратып алу.* Есілдің екі жақ аңғарын түгел *меншіктенген* Зілқара, Шопан дейтін байлар болады (С. Мұқанов). Бұл күнге дейін сырттан құшақтап, *иемденіп* алған көп байлыққа қанды шеңгелін енді ғана салғалы келеді (Ф. Мүсірепов). Жошы ханның *иеленген* жерлерін осы бес ұлы үлесіп, бөлісіп алды (С. Сейфуллин). Мен түскенде нағашысы *еншілеген* жалғыз құнанын жайратып салды (М. Сатыбалдиев).

**Меніңше, менімше** *сөйл. Менің ойымша, менің пайымдауымша.* *Меніңше* жазушы немесе суретші атағын алу үшін қойылатын талапты қайта қарау қажет (Ф. Мүсірепов). Егер оны ойлап шығаратын автор болса, *менімше*, оған алтын медаль сыйлауға да болар еді (Е. Оразақов).

**Меңгеру, игеру, баурау.** *Бір істің амал-тәсілін, қыр-сырын, тетігін емін-еркін біліп, үйіріп әкету.* Ол өзінің құрдастарымен бірге металлург деген құрметті мамандықты *меңгеріп* жүр (Т. Жанұзақов). Жас лейтенант мұндағы жаңалықтарды лезде *игеріп* алды (Т. Бигелдинов). Енді жаңа техниканы *баурау* мәселесі түр (Ф. Мұстафин).

**Меңгерусіз, игерусіз.** *Меңгерілмеген, игеріле қоймаған.* Техниканың соңғы жетістіктерін *меңгерусіз* өндірісті дамыту қиын («Лен. жас»). Қазақстанның тың даласы ерте заманнан *игерусіз* жатқан еді («Соц. Қаз.»).

**Меңдеу, жеңу, дендеу, нықтау, асқыну.** *Үстемдік алып кішею, басымдық көрсету.* Үйден күліп аттансам да, былай шыға қалың ой *меңдеп*, ұзақ мұнайдым (Н. Фабдуллин). Сірә, шаршаған секілдімін, әлде қайғы *жеңейін* деді ме? (І. Есенберлин). Ауру *дендеп* кетсе, оны жеңіп алу қиын екені де мәлім (Ф. Орманов). Бірінің артынан бірі тізбектеліп келген ойлар оны мүлде *нықтап* барады (Н. Фабдуллин). Мезгілінде, әрі жете емдемесе, ауру *асқынып*, өкпеге шабады (М. Исабаев).

**Мердігер, міндеткер.** *Белгілі бір жұмысты орындап шығуды мойнына алушы.* Бұл құрылыстың бас *мердігері* — Қостанай құрылыс тресі («Соц. Қаз.»). Актіге қол қойылып, *міндеткерлер* ұйым басшыларымен жұмыла іске кірісті («Жас Алаш»).

**Мерез, сифилис.** *Денені ірітіп-шірітетін жұқпалы жыныс ауруы.* Жақындаса *мерезі* жоқ қой жұғатын, — деген Гүлжан даусы да қатқыл шықты (М. Дүйсенов). Әйтпесе сіз *сифилиспен* ауырған қызыңызды емдетер едіңіз ғой (Қ. Исабаев).

**Мерейлену, мәртебелену.** *Абыройы арту, көңілі көтерілу.* Міне, бізде қандай тамаша адамдар бар, ізгі жанды адамдар бар деп *мерейлендім* (С. Байжанов). Сіздің өлеңдеріңізді бірнеше рет газеттен оқығам дегенге кәдімгідей *мәртебеленіп* қалдым (Б. Бодаубаев).

**Мертігу, майып болу, жазымдау.** *Бір жері сыну, жаралап алу.* Бірақ ауыр *мертігуден* оңала алмаған Олжабай түс ауа қайтыс болды

(З. Жакснов). Арам олген сиырымның құнын төле, әйтпесе *майып боларсың* – дейді шал Зікірдинге (О. Сәрсенбаев). Аспалы бұрғыдан сақ болғайсың, қолыңды *жазымдап* алма (Ж. Жұмаханов).

**Метис, мулат.** *Екі түрлі нәсілдің арасынан шыққан тұқым.* Ақ нәсіл мен сары нәсіл арасынан шыққан буданды *метис* дейді («Зерде»). Кемпірдің балаларының екеуі де *мулат*, әжесіне тартқан көрікті еді («Қаз. әдеб.»).

**Мешел, рахит.** Жас балалардың сүйегіне известь тұзының, витаминнің жетіспеуінен болатын ауру. Бала *мешел* болмас үшін туғаннан бастап оны «Д» витаминімен қамтамасыз ету керек (Е. Оразақов). *Рахит* ауруы емшектегі сәбилердің арасынан көп байқалады («Қазақст. әйелд.»).

**Милау, мисыз, миғұла, су ми, миқата.** *Ойлау қабілеті төмен.* Малдан басқа қара көрмей әбден *милау* боп кеткен неме далдақтап шаба жөнелген ғой (Ә. Кекілбаев). Сол күйі ақыл-естен айырылған *миғұла* жанға ұқсап, мәңгіріп қарайды (З. Шүкіров).

**Мойылдай, қап-қара.** *Қараның қарасы, тым қара (тұс).* *Мойылдай* қара шашын оң шекесіне қайырған от көзді, қара торы жігіт ағасы отыр (Д. Жанботаев). Арынның құлағын жапқанша алдырмай қоя беретін шашы *қап-қара* (З. Ақышев).

**Мойынтұрық, жарма.** *Арба-шанаға жегілген өгіздің мойнына кигізілетін ағаш қамыт.* Қысы-жазы өгіздердің мойындарынан *мойынтұрық* түспейді (Е. Салықов). Көбігі бұрқыраған өгіздерге Алтынсары жақындап еді, мойындарын *жарма* соғып, қаны аққан қып-қызыл жара (С. Мұқанов).

**Мола, бейіт, зират, мүрде, мазар, мазарат, қабір, көр, оба, там сөйл.** *Өлген адамның сүйегі жатқан жер, орын.* Ақырында қайғылы ана осы балаларының *моласына* барып жан тапсырды (І. Омаров). Машина Сұлтанмахмұт *бейітінің* жанынан өтіп, отарға қарай тура тартты (З. Шашкин). Қазақ *зиратының* жанындағы астылы-үстілі көк төбелі үйді көрген жоқсың ба? (М. Тоқжігітов). Сондай-ақ туған еліңнен, Сен бөлек салсаң іргенді, Іздеушің болса, көмілген Таба да алмас *мүрдеңді* (Т. Молдағалиев). Қалмақпен соғыстағы Төле бидің ерлігін, ол кісінің неге Қарлығаш би атанған, *мазарының* Ташкентте екенін айтты (Ә. Тарази). Көтеріп *мазаратқа* қойды апарып, Күләйім Бабалымен мұңды ғаріп, Ақанай көр ішінде туды бала («Көрұғлы»). Перзент дәулет мол бердің, Өз құрбымнан асырып, Ертелі-кеш жылаймын, Әулиелер аруағы, *Қабіріне* бас ұрып («Батырлар жыры»). Армансыз барып *көрімнің* аузын жапқасын. Дүниедегі тірілер, Жамандық іздеп бақпасын (М. Мақатаев). Зерттелген үш *обадан* өлікті күйдіріп, басын оңтүстікке немесе оңтүстік батысқа беріп қойған сүйектер ашылды (КСЭ). Өзен жарының дәл құлай берісінде қадірлі бір өліктерге бірнеше *там* салынып жатқан сияқты (Ф. Мүсірепов).

**Молшылық, байлық.** *Жиналған мол дәулет, мал-мүлік, қисапсыз дүние.* Ойда егін, қырда мал, молшылыққа кіріпті (Ө. Тұрманжанов). Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды *байлығың*, баққан жылқың (Абай).

**Монтию, томпию.** *Моп-момақан, сүп-сүйкімді болып көріну.* Балалар *монтиып*, өз бөлмелерінде тәп-тәртіпті бола қалысты (С. Бегалин). Кішкентай Ергеі мұрны пұштиіп, *томпиып* қана ұйықтап жатыр (К. Жұмаділов).

**Мұғалім, оқытушы, педагог, ұстаз.** *Оқу орындарында оқушылар мен студенттерге білім және тәлім-тәрбие беретін оқу пәнінің мамандары.* Қапанның азырақ түзеле бастағаны бұл ауылға Қасен *мұғалім* болып келгеннен былай қарай еді (Б. Майлин). Оқу ауыр болса да, *оқытушы* мен оқушылар күлісіп, желпінісіп алады (Ф. Мұстафин). Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының тұңғыш мұғалімі, *педагогы* (Ы. Ақынжанов). Алпысбай – оқytудың теориясы мен методикасын жақсы меңгерген тәжірибелі *ұстаз* («Қазақст. мек.»).

**Мұғалімдік, оқытушылық, педагогтік, ұстаздық.** *Білім және тәлім-тәрбие беретін мамандарға тән қасиет, ағартушылық қызмет.* Дәрігерлік, *мұғалімдік* дегендер – жақсы-ақ қызмет (Н. Әбдікәрімова). Ыбырай саналы өмірін *оқытушылық*, ағартушылық жолына жұмсады (М. Ақынжанов). Отан соғысы аяқталған соң ол *педагогтік* жұмысына қайта оралды («Қазақст. мұғ.»). Осында өзінен бұрын шәкірт ұстап, шамалы *ұстаздық* қылған шал бар еді (Д. Досжанов).

**Мұжу, қаужау.** *Сүйектің етін тазарта жеу.* Қозының үйден шыққан мойнын *мұжып*, Жетімнің қорлығына еті қызып, Мұжыған омыртқаны оған берді (С. Керімбеков). Екеуінің де жүзі салғырт. Лашын алдына түскен жаңа сүйекті *қаужауға* кірісті (М. Мағауин).

**Мұжылу, қажалу, кемірілу, мұқалу.** *Бір нәрсенің жеміріліп тозуы, таусылуы, кемуі.* Қартаяды таулар да, Қыр арқасы *мұжылып* (С. Мәуленов). Жол жүргенде аяқтың *қажалуы* азап екенін менен кем білмейсің ғой (Т. Жанкелдин). Жұтқан сабақ сүйегі *кемірілмей*, Қалмады кемірілсе жемірілмей (С. Мұқанов). Мойымаған, білмеген *мұқалуды*, Мықты едіңдер, не деген мықты едіңдер (Т. Қызықбаев).

**Мұзойнақ, мұзайдын.** *Сырганақ тебу үшін арнайы қатырылған мұз.* Аяз қатты болса да бүгін мейлі, *Мұзойнақта* сәбилер күлімсірейді (С. Жиенбаев). *Мұзайдынында* коньки спортынан әртүрлі жарыстар, шайбалы, допты хоккей ойындары өткізілді (ҚСЭ).

**Мұқабашы, тыстаушы.** *Кітап қаптауы.* Кикымов Елубай *мұқабашы* болып, қырық жыл жұмыс істеді («Қаз. әдеб.»). Зейнеп баспаханада *тыстаушы* болып жұмыс істейді («Егемен Қазақстан»).

**Мұқату, кеміту, кекеу.** *Біреудің кем-кетік кемшілігін айтып сөгу, мінін бетіне басу.* Кездескен сайын сары Сатай мені бір *мұқатып* қояды (О. Сәрсенбаев). Кенесарыны ел бастады, қол бастап көтеріліс шығарды деп *кеміту* ақылға сыймайды (Ж. Бектұров). Оның «жабағы сақал» деп *кекегеніне* Қаңбақбай қабақ шытқан жоқ (З. Жәкенов).



**Мұқатушылық, кекетушілік.** *Мұқатып, кекеткендік.* Бірақ Азияның өңінен жаттық, *мұқатушылық* таппаймын (А. Лекеров). Қара басты мінез көп, қорлау көп, *кекетушілік* көп (Ғ. Мүсірепов).

**Мұнара, күмбез.** *Өте биік етіп тұрғызылған сәндік, әшекейлі құрылыс.* Тік *мұнараның* қаз-қатар төбеден көтерілген бойлауық берік жуан діңгектері самсап жоғары әуелеген (К. Оразалин). Қарашы Қарағанды *күмбезіне*, бойлаған мұнарасы күн көзіне (Қ. Аманжолов).

**Мұра, мирас, мұрас** *сөйл. Атадан балаға қалған дүние-мүлік, байлық.* Мен саған *мұра* атап отырғанда, азын-аулақ байлығымды қалдырайын деп едім (О. Әубәкіров). Көшімханның ұрпақтары бір өңірдің жұртына қараңғылық пен қайыршылық құру мен құлдыраудан басқа не *мирас* қалдыратын еді (Ә. Нұршайықов). Біреуге мирас – малдан, біреуге талдан дегендей, маған ақша, дүкендер *мұрасқа* қалды (Ғ. Сланов).

**Мұрагер, мирасқор.** *Мұраға, мирасқа ие болушы, орнын басушы адам.* Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол *мұрагерім* болады («Ел аузынан»). Біздер – ақынның *мирасқорлары* Сұлтанмахмұт мерекесін поэзия тойына айналдырып, кемеңгер ақын есімін жаңғырта түсуіміз керек («Қаз. әдеб.»).

**Мұрагерлік, мирасқорлық.** *Атадан балаға берілу жолы, дәстүрге айналған заңдылық.* Есенейдің жалғыз інісі *мұрагерлік* сұрап отыр, соның ішінде әмеңгерлігі де бар (Ғ. Мүсірепов). «Аға өлсе, іні мұра» деген қазақтың *мирасқорлық* салты көп адамға ұнайды («Алматы ақшамы»).

**Мұрап, сушы.** *Егін суару шаруашылығымен айналысатын адам.* Қазір Ыбекең – колхоздың бас *мұрабы*, өз әріптестерінің шәкірттерінің кеңесшісі, ақылшысы («Қаз. әдеб.»). *Сушы* саны молдау болса, бүкіл егіндікке суды бірден құлатып бітер еді (Т. Иманбеков).

**Мұрсат, пұрсат, мәулет, мұрсатана** *сөйл. Еркіндік, қарсы болмаушылық.* Ниеттері түзу екен, баласы бір жылға болса да *мұрсат* алып, үйге келді (З. Шүкіров). *Пұрсат* берсеңіз, бірер күннен кейін жауап берейін, – деді ол (С. Омаров). Генерал 35 мың қолының тұрақтап, 40 күн тынығып алуына *мәулет* беруін сұрапты (К. Тоқаев). Қорысбайдың балалары Торғасқаны көріп, тынықтыру үшін енді үш күнге *мұрсатана* берді (С. Талжанов).

**Мұршасыздық, шарасыздық.** *Мұршасыз болушылық.* Студент ақыр аяғында институтта аяғына дейін *мұршасыздық* көрсетеді («Қазақст. мект.»). Секең *шарасыздық* күйде ауылға қайтып келе жатыр (З. Иманбаев).

**Мұсылман, пұсырман** *көне. Ислам дінін ұстанушы адам.* Маманнан келген кісі қымыз ішпек, Аузына *мұсылманның* тәубе түспек («Айман-Шолпан»). Үш өзен Самар даңды су, су болғалы екеуі, көпір менен *пұсырман* Ерлерімен даулы су («Ер Тарғын»).

**Мүдделі, үделі.** *Арман-тілегі, мақсаты бір.* Бүкіл халыққа ортақ *мүдделі* жұмыстың соңына түсіп жүргеннен кейін сен де менің баламсың, – деді ол (Қ. Исабаев). *Үделі* үмітке ұштасып жатқан өмір ырғағы мұның балапан жүрегін әлпештеп әлдилегендей сезінер еді (Е. Тұрысов).

**Мүлде, мүлдем, тіптен, тіпті, шілі, мұқым.** *Үзілді-кесілді тыйым ретінде айтылатын үстеулік сөздер.* Осыдан кейін өзі тұйық мінез әкем *мүлде* сөйлеспейтін болып алды (Б. Шаханов). Үй ішіне қолғабыс тигізуден енесі биыл *мүлдем* қалған (Ә. Әлішев). Ойпыр-ай, ата-анадан *тіптен* жас қалған екенсің, шырағым (М. Иманжанов). *Тіпті* шыдамаған соң, тұрды да үйіне қарай жүре берді (М. Дүйсенов). *Шілі* қорқа бермендер, қажет жерінде көмегімізді аямаспыз (Ә. Әлішев). Орхон жазуының нұсқаларында шығыс септік жалғауы мен оның қосымшасы атымен болмаған («Қазіргі қазақ тілі»). Әділ сайға түскен бойы етек-жеңі *мұқым* түрініп алды да, жүгіруге ыңғайлана беріп, артындағы жолдастарына қарады (Ә. Сәрсенбаев).

**Мүлт, мүлтік, қалт.** *Қате, жаңылыс, дәл емес.* Мұны өңдеп, *мүлт* басқан жерлердің бәрін түзеп, қажетке жаратқаннан гөрі басқа бір тақырып алып, зерттеу онайға түседі (М. Мағауин). «Неменеден *мүлтік* жібердік, қандай ағаттық болды екен» деп, іштей күйзеліп, қамығып тұрғандай көріндіңіз маған (С. Байжанов). Халық айтпады, халық айтса, *қалт* айтпайды (Мақал).

**Мүлтіксіз, ақаусыз, мінсіз, кінәратсыз, қалтқысыз, мүлтсіз.** *Кем-кетігі жоқ, кемшіліксіз.* Біз ант етеміз алдында, өсиетін *мүлтіксіз* орындалар қалпында (А. Асылбеков). Адал махаббат, *ақаусыз* жарасқандық пен сәби уілі ғой отбасына баянды бақыт әкелетін (Ө. Қанахин). Әркімде бір қате бар. Өзін сынап ойланса, біреу *мінсіз* атанар, басына бақ айналса (Қ. Бекхожин). Бәрі де *кінәратсыз*, қитықсыз жақсы өтіп жатыр (Ғ. Мүсірепов). Халық игілігіне *қалтқысыз* қызмет етуден артық құрмет бар ма? (А. Жолдасбеков). Жүгіреді темір төсек ілгерінді, кейінді. Қимылы – өлшеу *мүлтсіз* есеп, Сағат ырғақ бейімді (С. Сейфуллин).

**Мүлік-жиһаз, мүлік-мүкәлман, мүкәммал кітаб.** *Ірілі-уақтылы дүние, бұйым.* Айшуақовтың өз үйі ішінде іліп алар *мүлік-жиһазы*, тойып ішер тамағы жоқ құлазыған құрым үй (С. Омаров). Әкелген өртүрлі заттары: киім-кешек, құрал-сайман, жабдық-жасау, *мүлік-мүкәлман* дегендер тау боп үйіліп қалды (Ө. Қанахин). Оның Ақбақайда орыс байларынікіндей мол *мүкәммалы*, қарағай үйлері бар (Б. Аманшин).

**Мүмкін, ықтимал.** *Белгілі бір істің болу-болмау жайындағы екіқиштылық, күдіктілік.* Осылардың ішінде *мүмкін* Боранның туыстары да жүрген шығар (Н. Әбуталиев). Үріксе, жүгірсе, саулықтардың іш тас-тауы *ықтимал* (Ж. Еділбаев).

**Мүмкіндік, мүмкіншілік, мұрша.** *Қолайлы жағдай.* Бір дәрігер жолдасының айтуынша, адамның жүз жиырмаға дейін жасау мүмкіндігі бар екен (Т. Иманбаев). Жау қарсыда ғана болса, біраз бөгелуге мүмкіншілігіміз бар, әзір оқ атпандар (У. Қыдырханов). Ашуға әбден булығып тұрғандықтан, шалдың бір ауыз сөз де айтар *мұршасы* болмады (Т. Нұрпейісов).

**Мүсәпір, сорлы, байқұс, бишара, пақыр, бейбақ, мүскін, пұшайман, міскін** *сөйл. Жоқшылық пен кемтарлықтың зардабын шеккен, халі мүшкіл, бақытсыз.* Ана мүсәпірге бірдеме беріндерші, жеті шелпек бер (С. Жүнісов). *Сорлының* аты сорға жығылады, Сордан шықса, орға жығылады (Мақал). Қолдан келер қайрат жоқ, Бағанағы *байқұс* шал, Ауылда тұрып күледі (Абай). *Бишарасың* сүйер жарың болмаса, Бишарасың сенер жаның болмаса (Ә. Тәжібаев). Ол *пақыр* жалғыз ұлының қазасын естіген күні жынданып шыға келгенді (Б. Әбдіразақов). Паналап барған *бейбақтарға* әкең бұта құрлы бола алмаған (С. Мұқанов). Мен ауылға хат жазған сайын сол таза, *мүскін* пенделердің хал-жайларын сұраймын (С. Шаймерденов). Шыңғысхан не өлтірмей, не тілдеспей *пұшайман* ғып қойды (Ә. Кекілбаев). Алмагүлдің ойынша, Шырынкүл – күйеуі өліп, бақыты күйген *міскін* адам (С. Омаров).

**Мүсәпірлік, сорлылық, бейшаралық, пақырлық, кәріптік, пұшаймандық, мүсәпіршілік, мүскіндік.** *Қаріп-қасерлік, бағы жанбаушылық, шарасыздық.* Ана өрең деп өксігін басып, *мүсәпірлік* шеккен мұңды жүзін Зинаға аударды (Ф. Дінісламов). Ақысыз ауыр еңбек, *сорлылық* пен бейшаралық, қазақ жалшысының күні осы болатын (Ф. Мүсірепов). Жастықта бір күлгенің бір қаралық, күлкі баққан бір көрер *бейшаралық* (Абай). Жоқшылықты бұл *пақырлық* деп санамайды (М. Дүзенов). Ә дегенше, үшеуі *кәріптік* күйге түсті де қалды (Б. Майлин). Индет – адам басына түскен *пұшаймандық* (М. Әуезов). Осындай *мүсәпіршіліктен* жек көретінім жоқ, – деді Ахмет («Ер даңқы»). Еңбекке жарамай, бос отырып қалудан өткен *мүскіндік* жоқ шығар («Парасат»).

**Мүсәпірсу, пұшаймандану, мүләймсу.** *Бейшаралық халге түсу, кенсу, мүсәпір болғансу.* Бастығын ауыз аштырмай қойған соң *мүсәпірсіген* кейіпте Қалкенге жалтақ-жалтақ қарай берді (М. Қуанышбаев). Тәліп аяғымен теуіп тұрғызуға оқталды да, оның мына *пұшайманданған* бейшара кейпін көріп, ойланып қалды (К. Баялиев). Қарашы, бәрінің сап болғанын, – деді маған *мүләймси* қарап (А. Әлсеров).

**Мүшелеу, жіліктеу.** *Малдың етін мүше-мүшеге бөліп бөлшектеу, бұзу.* Биенің ішін жарған соң да Қатша мол етті *мүшелеп* бұзысуға қатты көмек етті (М. Әуезов). Әкем қой алдырып, Қаныштар келгенше *жіліктен*, сойып тастады (Т. Оразов).

**Мүшелтой, мерейтой.** *Белгілі бір межелі жасқа толғанда жасалатын той.* Биыл Бидаулет ағаның *мүшелтойын* өз аулында туыстар

арасында өткіздік («Жетісу»). Атақты ақынның *мерейтойын* күзде Жайық бойында өткізбек ойымыз бар («Егемен Қазақстан»).

**Мығым, нық, шымыр.** *Дене бітімі тығыршықтай, мықты, жұп-жұмыр.* Іле-шала сайдың тасындай ірі, *мығым* келген жайсаң жігіттермен Сөлмен де жетті (Б. Тілегенов). Бірі кетсе мықтының, өзгелері, әрине, көрсете алмас *нықтығын* (Ш. Смаханұлы). Оспанов орта бойлы, *шымыр* денелі тығыршықтай ақ сары кісі екен (Ө. Тұрманжанов).

**Мықты, берік, бекем, мызғымас, мелжемді.** *Осал емес, нық, мығым.* Арқан *мықты*, төзімді болу үшін шүйкенің сыртына ие ешкінің, не жылқының қылы қосылады (С. Қасиманов). Қорғаны шойын қола сондай *берік*, қойыпты айналдыра су жіберіп (Т. Ізтілеуов). Тынысты тарылтпау үшін жаға түймелерін түгел ағытып, белдерін жалпақ құрмен *бекем* таңып тастаған (З. Жәкенов). Атадан мирас болып келе жатқан асыл арман *мызғымас* сенім (Ж. Арыстанов). Бет әлпеті жалпақтау, шықшытты, ақылға біткен өткір, ойлы көзді, *мелжемді* кісі екен (М. Қаратаев).

**Мықын, бел.** *Дененің омыртқа тұсындағы жамбас сүйегі мен сүбелігінің аралығы.* Ол қос бұрымы тура *мықынына* түскен сымға тартқан күмістей нәп-нәзік қасы-көзі қиылған сұлу екен (М. Иманжанов). Кім екен деп келіп ем түйе қуған, қатын ғой күлдәрімен *белін* буған (Абай).

**Мылжалау, мыжғылау, мыжу, мелжемдеу.** *Мыжа-тыжасын шығару.* Жыланның дәрменсіздігін сезген Бекмұрат қойсын ба, көзді ашып-жұмғанша жыланның басын *мылжалап* тастады (Қ. Әжікеев). Даңқты Зояның ағасы Александрдың самоходкасы жаудың төрт зеңбірегін жаныштап, фашисті *мыжғылады* (С. Хайдаров). Жәмила сонда жығылып танды есінен, Әжібай тағы *мыжыды* тізесімен (С. Торайғыров). Амангелді қолы патша өкіметінің әскерін осы шөл-тақырға алдастырып шығарып алған да, қапысын тауып, *мелжемдей* қырған (С. Мұқанов).

**Мылжындау, былшылдау, мыжу, мыжындау, мылжу, езбелеу, езбалдақтау, езмалталау.** *Не болса соны сөйлеп жұртты жалықтыру, көк езулікке салыну, шатып-бұту.* Шай үстінде Қарабала келді де, түсін айтты ма-ау, ел арасының өсегін айтты ма-ау, *мылжындап* отырып алды (Ә. Сараев). Әлгі Болдыбектің Сарысы деген де сонда, о да *былшылдап* аузына келгенін айтты (С. Сейфуллин). Не болса соны *мыжып* сұрайтын неғылған екі есті деген зілді сөзді сыртына шығармаса да, іштей Нұрқасымның ойламасына кім кепіл (С. Бердіқұлов). Ертең қартайғанда солар осы шалдай *мыжындап*, ақылғөйсіп бітеді ғой (М. Сүндетов). Мақсат – осыларды қайта *мылжып* езу емес, осылардың түпкі тамырын тудырған себебін айқын ашып көрсету (М. Қаратаев). Дос тұрса төзіп үндемей, Ашыттың миын *езбелеп*, күндіз де демей, түн демей, қаланы кеттік кезбелеп (С. Асанов). Ой, неменеге *езбалдақтайсың*, айда тартық ілгері (Ә. Көшімов). Үшінші баланың күні бойы *езмалталап* отыратыны бір-ақ нәрсе (Ф. Мүсірепов).

**Мылжың, мыжыма, көкмылжың, көкөзу, езбе, езмалта, мылжыңбай, тантық, қырт, езбалдақ, көкіме қарап., мыжың сөйл.** *Бос сөзге үйір, мыжып көп сөйлейтін.* Қойшығұл – бір сөзін қайталай беретін *мылжың* (С. Мұқанов). Ондай *мыжыманың* сөзін тыңдап отыратын уақыт та жоқ (Ауызекі тіл). Оңбаған *көкмылжың*, үш жыл бойы алдап келесің, – деді ол инженерге (С. Адамбеков). *Көкөзу* пысықтарды қың демей-ақ қылғи салатыны бар (Ә. Әлімжанов). Ту, неткен ділмар, неткен *езбе* мына қонақтарың, – деді ол кейіп (А. Жолдасбеков). *Езмалтаның* сөзінде шындық бар деп сезінбе (Мақал). Не керегі бар осындай *мылжыңбайдың*, – деп кейде қайтарып тастайтынмын (Б. Аманшин). Есер шіркін есіріп, болып алды тым *тантық* (Абай). Олардың біреуі – Ырғызбайдың белгілі *қырты* Жұман (М. Әуезов). Әбунүсіптің сол *езбалдағына* мына отырған қошеметшілерінің кейбіреуі аузын аңқайта ганданғансыды (Д. Әбілев). Тұу, *көкіме* екенсің ғой, ұйқы бер адамға (Т. Тобағабылов). Сары үрпек қыз «ағай-ай, *мыжың* екенсіз!» – деді ақыр соңында өбден күйіп кетіп (О. Сәрсенбаев).

**Мынау, мына.** «Осы» деген мағынаны білдіретін *сілтеу* есімдігі. Ел жайы өзіне мәлім, *мынауы* теріс дейтін адам жоқ екенін біледі (Б. Майлин). Өзінің айыбы жоқ және ескі кегі ұмытылмаған Бақтығұл *мына* сөзге шыдамады (М. Әуезов).

**Мыңтамыр, жаужапырақ.** *Арық жиегінде өсетін дәрілік өсімдік.* *Мыңтамыр*, жуа, рауғаш, жапырақ, қанжыға, қоға, сасық, аққой болып, Бөлінеді жуалар мен таусарымсақ (І. Жансүгіров). Бақырдан үлкен *жаужапырақтың* үстіне төгілген, жидіп піскен балықтар желініп бітті (С. Мұқанов).

**Мырза, береген, бергіш, берімпаз, жомарт, дарқан, шығымды, мәрт, шүлен көне, сақы кітаб.** *Біреудің сұрағанын қайтармайтын, қолы ашық.* Отанның малын олжа көрме, ол – халықтың дәулеті, оны шашқанды *мырза* көрме, ол – халықтың дәулеті (Мақал). Жомарт күз *береген* күз, алтын күз деп, жылдың осы тамаша мерзіміне қастерлеп тағылмаған ат бар ма (Б. Соқпақбаев). Мырзаларды қадірлейін десен, осы күнде ашық *мырза* елде жоқ, мал *бергіш* *мырза* иттен көп (Абай). Сендердің соншама *берімпаз* болғандарыңды да көргеміз жоқ («Бал дәурен»). Кедейлік қайда оңдырған. Ер жігіттің қолын байлап, *жомарттың* қолына тұсау салған ғой (А. Әуезов). Не деген молшылық ед, Арқам менің? Не деген берекелі ед, *Дарқан* елім (Ө. Тұрманжанов). Нұрғайшындай қолындағысын елге үлестіретін *шығымды* адам сирек ұшырасады (Ауызекі тіл). Жігіт те тым *мәрт* екен, сөзге келместен тағы бір сом бере салады (О. Дастанов). Жомарт болған, *шүлен* болған жақсы-ақ, бірақ бұл кез келгеннің қолынан келе бермейді (М. Мағауин). Теріскейде жылқышы жомарт, күнгедейде қауыншы *сақы* (Т. Әлімқұлов).

**Мырзалық, бергендік, жомарттық, мәрттік, шүлендік, сақилық, шығымдылық.** *Мол қолдылық, қолы ашықтық.* Әлім бұл жолы да қонақжай, *мырзалығынан* танбапты (С. Шаймерденов). Аузына арақ тисе, шешіле сөйлеп, *бергендігі* де молайып кететін адам-ды (К. Оразалин). Ақан табан астында Балпанның осынша *жомарттығын* мақтап өлең шығарады (Ә. Кекілбаев). Батырға тән кеңдігіне, *мәрттігіне* қоса жөн-жоба, кісілікке де көшелі жігіт болар, – деп ойлады Наймантай (А. Сейдімбеков). Той істеуші мал иесінің *шүлендігі* үшін «Қыдыр даруын» тілейді (С. Сейфуллин). Ақылын сөйле тазаның, *Сақилыққа* салсаң қол, қайнасын отта қазаның («XX ғ. қазақ ақындары»). Жеңгеміздің қолы тар, *шығымдылығы* жоқ адам еді (Ауызекі тіл).

**Мырзасыну, дарқансу, жомартсу, шүленсу.** *Орынсыз мол қолдылыққа салыну, жоқ жерде берген болып көріну.* Сен сол жылуынды жұртқа *мырзасымай* Жамалыңа аман-есен жеткізіп ал (Д. Әбілев). Мен ойыңызды ләпкеде *дарқансып* кеткеніңізден-ақ білгенмін (Қ. Исабаев). Жүретінін анық сезген кемпір жалған *жомартсын*, жылы шырай танытқан болды (С. Алдабергенов). Қоқымның аяқ астынан *шүленсіген* мырзалығы оны есінен тандырғандай қуанышқа бөледі (З. Жәкенов).

**Мысалы, мәселен, мәселенки, айталық.** *Бір нәрсені анықтап түсіндіру үшін келтірілетін дәлел, айғақ.* Қазақ даласы көлге бай, *мысалы*, бір ғана Бурабай маңында сексен көл бар (С. Жүнісов). Сіздердің әрқайсыңызда, *мәселен*, екі көз, екі құлақ болса, біздің әрқайсымызда он көз, он құлақ бар екенін ұмытпаңыз (М. Гумеров). Ондай күндері құрғырыңды, *мәселенки*, өзіміз де тартып қаламыз кейде («Ара»). *Айталық*, табиғат жағдайы біздің ауданмен бірдей көрші ауданда әр гектардан жиырма центнерден астам өнім алынды («Егемен Қазақстан»).

**Мысқылды, ажуалы, сатиралы, юморлы.** *Мысқыллы бар, мысқыл араласқан.* Карпюк ызалы, қожайын оған *мысқылды* күлкімен өткір көздерін қадай қарайды (Ж. Тәшенов). Тұла бойын аяздағы қыраулы темірдей қарыған *мысқылды*, *ажуалы*, кекесін көздерден өтіп, Жалмұқан киіз үйге кірді (С. Жүнісов). Мақал-мәтелдің көбінде сатира жоқ, ал *сатиралы* немесе *юморлы* рендері бар мақал-мәтелдерге езу тартпай қалмаймыз («Қазақст. мект.»).

**Мысқылсыз, ажуасыз.** *Мысқыллы жоқ.* Асқар осы сөзді *мысқылсыз* көпшіліктің алдында айтты (Қ. Жұмалиев). Ол рұқсат сұрамас-тан есікке таяу тұрған орындыққа отырды да, ешбір *ажуасыз* парасатты үнмен аман-есенсің бе, Биғайша, – деді (І. Есенберлин).

**Мысы, пысы.** *Бір нәрсенің сесті, ызғарлы күші.* Келініне асылық сөйлеткен осы бір жүз сомның *мысы* екенін енді білді (С. Досымов). Өзі осалдың сені басар *пысы* жоқ, Ол бір сорлы астары бар, тысы жоқ (Қ. Мырзалиев).

**Мін, кемшілік, олқылық, ақау, жарықшақ, кінәрат, шіркеу.** *Бір нәрсенің бойындағы кем-кетік, жетімсіздік.* Ойға түстім, толғандым, Өз *мінімді* қолға алдым (Абай). Біздің басты *кемшіліктеріміз* бір-бірімізден үйренбейміз, бір-бірімізді үйретпейміз (С.Бақбергенов). Жұмыстың қай жерінде *олқылық* болса, Қорғамбек ылғи соған жұмсалудан келеді (Б. Майлин). Қаншама *ақау* іздеп көрсем де, пальтодан мін таба алмадым (М. Иманжанов). Ылғи етектен аласың, жағаға жармасасың, *жарықшақ* тауып, жала жинайсың (Б. Аманшин). Байыбына жете түсінгендер Нұрақанды кінәлауға титтей *кінәрат* таппай отыр («Лен. жас»). Соқыр, қисық болса да, Бай ұлында *шіркеу* жоқ («Алдаспан»).

**Мінәжатшыл, сыбығш, табынғыш.** *Құдайға сиынуға, мінәжат қылуға құмар.* Бір кездегі аюдай ақырған айбары жоқ, әбден *мінәжатшыл* боп алған (Н. Серәлиев). Әжем өте діндар, Құдайға *сыбығш* боп алған (К. Асанов). Асылы, түсінбейтін аса құпия нәрсеге кісі *табынғыш* келетін сықылды (Ж. Нәжімеденов).

**Мінгі, мініс, мінгіш, мініскер, мінер.** *Мінуге ұйретілген, мінуге жарайтын (ат).* Бұл үй Перовскийдегі уездік әкімшіліктің *мінгі* аттарына арналып салынған ұзынша сарай екен (С. Мұқанов). *Миністеріміз* жарау жылқылар еді, шоқытып отырып, Ихансудың басына түмсық тіредік («Саятшылық»). *Мінгішке* сәндігі жоқ Күреңнен жігіт енді таза түңіледі (Қ. Сатыбалдин). Сүйекші тізгінді босатып, болар-болмас тебінгенде Өмекейдің *мініскер* аты ілгері қозғала берді (Д. Исабеков). Қасқарау елі жүз қой, сауар бие, жүк артар түйе, *мінер* ат береді (К. Әзірбаев).

**Міндеттілік, міндеткерлік, мердігерлік.** *Міндетті болушылық.* Жолаушының ол сөзінде *міндеттілік*, тәртіптің белгісі бар еді (Ғ. Қайырбеков). Бұл қоғам халық бұқарасын еңбек етуге *міндеткерлікте* ұстау үшін өзінің орасан үлкен аппаратын құрды («Қысқ. саяси экон.»). Құрылыс-монтаж және *мердігерлік* жұмыстардың жоспары жүз пайыз орындалды («Алматы ақшамы»).

**Міне, мінеки.** *Көз алдындағы затты нұсқайтын сілтеу есімдігі.* Бөктер қызғалдақ атып, гүл шашып, көк майса шөбі иін тіресіп *міне* тұр (М. Әуезов). Жаңадан гана көкке өрлеп, Қанатын жая бастады, *Мінеки* осы көктемде, Жапырақ жайды жас талы (М. Құттықов).

**Міну, қону, қонжию.** *Бір нәрсенің үстіне отыру, жайғасу, орналасу.* Қыз да көріп тұрыпты, Қайығына *мініпті* (С. Жиенбаев). Осы апақ-сапақ зауал шақта Бойков арбасына *қонды* (С. Омаров). Қара күшке де осы керек, атылып барып, оның арқасына *қонжиып* алды («Лен. жас»).

**Міншіл, сыншыл.** *Бір нәрсенің мінін табуға құмар.* Сыншыл да *міншіл* ежелер оны талай рет ел салтына имек боп, әрекет те жасап көрген (Ә. Сариев). Жұрт көзі байқағыш та *сыншыл* ғой, одан ешкім еш нәрсе жасыра алмайды («Жұлдегерлер»).

# Н

**Нағыз, қаса, қас.** *Барып тұрған, тап өзі, айны қатесіз.* Шынында, бас пайданды білмейтін *нағыз* миғұла сенің өзіңсің (М. Мағауин). Қарны төк *қаса* надан үкпас сөзді, сөзді ұғар, көкірегі болса көзді (Абай). *Қас* жүйрікте сын болмас, Қас сұлуда мін болмас (Мақал).

**Надан, топас, малғұн, мақұлық экспр.** *Ой-өрісі тар, білімсіз, өнерсіз.* Басында ми жоқ, өзінде ой жоқ. Күлкішіл кердең *наданның* (Абай). Қаншама *топас*, тасбауыр болса да, жақсылыққа жібімейтін адам жоқ (Ө. Қанахин). Құтылып кетпесін, ұстаңдар анау *малғұнды* (Б. Дәулетбаев). Қандай ортада, қалай өскен бұл екі аяқты *мақұлықтар* («Қаз. әдеб.»).

**Надандық, насықтық, соқырлық, қараңғылық, наданшылық сөйл.** *Ой-өрісі тарлық, білімсіздік. Надандықпен* кім айтса, Ондай түпсіз сөзге ерме, Сізге айтамын қауіпім бұл (Абай). Адам тағдырына, жолдас тағдырына көз жұмып қарау *насықтық* емес пе? (С.Еркебаев). Біреудің білместігі, *соқырлығы* үшін адам өлтіріп, қан ішуге бола ма екен (Б. Тілегенов). Алтынсарин болса ауылда мектеп ашып, *қараңғылықпен* бел шешіп күресті (З. Ақышев). Егерде көнбей қалсаң *наданшылық*, Әр күні сізге дайын бір жүз шыбық. Мың жаның болса дағы құтылмайсың, табылмас енді менен майда қылық (Абай).

**Назалы, қапалы, өкпелі.** *Наразылық қалыпта, көңілі толмаған күйде.* Тотия тағдырына *назалы* еді, шешесі туа сап қайтыс болған (Ш. Құмарова). Балкия баласының *қапалы* екенін қабағынан сезіп қалды (Ә. Әбішев). Бірақ өздері жаңағы сөзден біртүрлі ынғайсызданып, бәрі де бір кісідей томсарған *өкпелі* жүз танытты (Р. Тоқтаров).

**Назария, теория.** *Белгілі бір идея көзқарастың тұжырымдалған қорытындысы, соған әсер ететін ғылыми принцип.* 1990 жылы Қазақ еліне келген соң дініміз, тіліміз, тарихымыз, фөлсафамыз туралы айтылып жүрген пікірді, ғылыми *назарияны* (теорияны) тыңдап келдім (М. Бұлғтай). *Теория* – түрлі қоғамдық құбылысты түсіндіріп, соған әсер алатын ғылыми ілім («Философия»).

**Назарлау, назар аудару.** *Зейін салып қарау, көңіл қою.* Айналасын қоршаған әріптестерін көзінің астымен бір *назарлап* қойды да, іске қайта кірісті (Е. Салиханов). Әсіресе Кастылецкий деген оқытушы Шоқанға ерекше *назар аударды* (С. Бегалин).

**Назқой, назшыл.** *Наздана беретін, назданғыш.* Үлде мен бұлдені таңдап киетін ерке, *назқой* қылдырықтай жіңішке әйел екен (Б. Аманшин). Күлімдеп тұратын *назшыл* нәркес көзі ақылынан адасқан адамның көзіндей тұңғыықтана өзгереді (Т. Әлімқұлов).

**Найзағай, нажағай, жасыл, жай.** *Ыстық және суық ауаның соқтығысуынан болатын күшті жарқыл.* Бертін келе *найзағайдың* электрден келіп шығатынын көптеген ғалымдар түсіне бастады



(Қ. Әбдіғаров). Кенеттен қою қара бұлт аспанды қаптап, *нажағай* шатырлап, өткінші қалың нөсер көзді ашып-жұмғанша кұйып берді (М. Мырзағұлов). Бір күні аспаннан *жасыл* түскендей, сол құдайдың сүйіктісі тағынан жалп ете қалды (Ж. Төшенов). Суық хабар ана мен жас келіннің төбесінен *жай* түсіргендей болды (М. Иманжанов).

**Найзалау, түйреу.** *Найзамен шапшып алу, сұққылау.* Сарбаздар құлаған солдатты *найзалап* өлтірген кезде үшінші солдат өз тобына жетті (З. Мұхамеджанов). Бірі ұрып, бірі қағып, бірі *түйреп*, аз жағы аттан түсіп жатыр күйреп (И. Байзақов).

**Нақты, нақтылы.** *Басы ашық, айқын, деректі.* Өзінің Мусин жоніндегі бар ойын ірікпей, түгел айтып, *нақты* ұсыныстар жасамақ (З. Қабдолов). Арнайы келіп араламасаң, *нақтылы* шаруа жайын анық біле бермейсің (М. Хасенов).

**Намазғөй, намазшыл.** *Намазын қаза етпейтін діндар.* Барлап қарасам, арабша сөздің мазмұнына осы күнгі *намазғөйлердің* өздері түсінбейді (Ж. Еділбаев). Кейбіреулердің бірәдір атын көтеріп, оразшыл, *намазшыл* болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды (Абай).

**Намысқор, намысшыл, намыскер, намысқой, намысты.** *Ар-абыройын, ел намысын сақтағыш.* Құнияз – ер мінезді, *намысқор*, балуан жігіт (Ғ. Мүсірепов). Жеңілем, өлем демедім, *намысшыл*, кекшіл өр едім (Д. Әбілев). Жас жігіт кереметтей *намыскер* болып өсті (Қ. Жұмаділов). Мергендер дәмеленген түгел атты. Бәрі де тигізе алмай, сіле қатты, *Намысқой* мақтаншақтау жігіттерге күлкісі көпшіліктің жаман батты (И. Байзақов). Қазақтың сол кездегі кейбір қызы секілді бетімен жер басқан жасық емес, *намысты*, өжет еді Нәзигүл (З. Жәкенов).

**Нандыру, сендіру, иландыру.** *Бір дерекке иландыру.* Мені бір үлкен адам ғып көрсетіп *нандыр*, сонсоң оларға айтатын сөзімді өзім білермін (С. Шарипов). Шебер қаламгердің суреттеген оқиғасы оқушыны кәміл *сендіріп*, өзіне тартып отырады (С. Мәуленов). Бірін-бірі қалай *иландырарын* білмеген Шыңғыс пен Төлеген өзінен сұрамақ болып Шоқанды іздетті (С. Мұқанов).

**Нанушылық, сенушілік, иланушылық.** *Сөзге, пікірге иланып қалушылық.* Бұлардың іс-әрекетінен айтқан уәдеге *нанушылық* байқалмайды («Соц. Қаз.»). Философ Бэкон шіркеу беделіне *сенушілікке* ерекше қарсы тұрады (З. Ақназаров). Жан туралы жоққа сенудің себебін тек дінге *иланушылықтан* іздестіріп қана қоюға болмайды (М. Мұқанов).

**Наным, сенім, иланым.** *Бір нәрсеге, біреуге көзі жетіп иланушылық сезімі.* *Наным* жоқ, анты бар, Ел нұсқасы кетті ғой, Елмін деген салты бар (Абай). Ол өзінің Белгіғұловқа деген шексіз *сенімін* де, қуанышын да білдіргендей болды (С. Шаймерденов). Бұл *иланым* сенімсіз көңілге уаныш, қуаныш әкелгендей болды (Т. Әлімқұлов).

**Нанымсыз, нанғысыз, сенімсіз, сенгісіз, иланғысыз.** *Адам сене қоймайтындай. Сенуге, илануға болмайтын.* Дастанда кейбір *нанымсыз* жәйттер де ұшырайтыны белгілі (Р. Бердібаев). Жаманнан жақсы туылады – адам айтса *нанғысыз*, Жақсыдан жаман туылады – бір аяқ асқа алғысыз (Мақал). Мені *сенімсіз* адам деп қорқатын болсаң, өз жөніме кете берейін (С. Омаров). Ерлік деген қан майданнан, Өзге жерде *сенгісіз*, Туатыны қандай жаннан, Дәл мен үшін белгісіз (Б. Әбдіразақов). Азаматым барындағы бақытым, көрген қызығым енді ешкім *иланғысыз*, өтірік сияқты (Е. Мырзахметов).

**Нанымсыздық, сенімсіздік. Нанымсыз болушылық.** Өсте шығармадағы оқиға *нанымсыздығы* жазушылық шеберлік дәрежесінің төмендігін көрсетеді («Қаз. әдеб.»). Өзіне деген *сенімсіздік* оны тағы да меңдеп алды (Т. Алшынбаев).

**Нар, мар. Үлкен, ірі, мықты.** Өзім жиған алтын дән, Алтын тау боп үйілсе, нағыз ер, – деп *нар* туған (М. Жаманбалинов). Дөңгелек біткен *мар* арша, Көзіме қанық үйімдей (Ғ. Орманов).

**Наразылық, қарсылық.** *Бір нәрсеге разы болмаушылық, қарсы тұрушылық.* Мұнда көп жұрттың әділетсіз патшаға *наразылық* білдіріп көтерілуі орынды-ақ (М. Дүзенов). Жангаласқан бай-кулақтардың *қарсылығын* Әкімбай сол жолы көрген (Р. Райымқұлов).

**Нарттай, қып-қызыл, анардай. Шиедей болып қызарған, албыраған.** Баланың беті шығыс жақтан *нарттай* болып шығып келе жатқан күннен нұр алып, балбырап жатты (К. Жүнісова). Ақбаян тағы екі беті оттай жанып, *қып-қызыл* боп төмен қарап кетті (І. Есенберлин). Түйіншекті жазып еді, *анардай* қып-қызыл теңіз балығының қуырланған бір кесегі екен («Қаз. әдеб.»).

**Насихат, рауаят, өсиет. Кеңес, ақыл берудегі нұсқау.** Той секілді жұрт жиналған жерде өлең болсын, шаригат, *насихат* айту болсын, бас бөйгі Ахметтікі еді (С. Торайғыров). Ол кісі парсы, араб ақындарының ғазалдарын, *рауаяттарын* оқып беріп, Шоқанға мағынасын түсіндіретін (С. Бегалин). Базаралы жақында Абайдың Дәрменге айтқан *өсиетін* еске алды (М. Әуезов).

**Наубайхана, нанхана сөйл. Нан пісіретін кәсіпорын.** Бұл колхоздың өзінің диірмені, нан пісіретін *наубайханасы*, механикалық шеберханалары бар (А. Дауылбаев). Бөгендегі *нанханадан* көмеш әкеліп, үй басына біреуден үлестіретін еді (З. Шүкіров).

**Наша, есірткі, көкнар. Басты айналдырып есіртетін улы зат.** Жақсы өн-күйді жіберсе айтып, *наша* тартқан адамдай қалам елтіп (С. Мұқанов). Заң бұзушылардың үлкен тобын *есірткімен* сауда жасайтындар құрайды («Жас Алаш»). Апиын – *көкнар* өсімдігінің түйінін тіліп, содан шыққан сөлден жасалады («Соц. Қаз.»).

**Нашақор, апиыншы. Наша тартқыш, нашақұмар.** Е, сен онда Ташкенттің *нашақоры* сияқты болған екенсің (М. Әуезов). Несіпбаев Алыбай өңі *апиыншының* өңіндей сап-сары, өндірішегі сорайған көксау біреу (Б. Соқпақбаев).

**Нәтиже, қорытынды, түйін.** *Белгілі бір іс-әрекеттен, тәжірибеден туындайтын шешім, байлам.* Бұл – менің сендерді әдсбиетке үйреткендегі еңбегімнің *нәтижесі*, жемісі (Е. Әлімқұлов). Бұл жетістік – ондаған жылдар бойы су қоймасында жасалған коллективтік еңбектің *қорытындысы* (М. Тайыров). Ойласаң осы малдар қалай өскен? *Түйінін* әр нәрсенің еңбек шешкен (Қ.Тәкежанов).

**Нәтижелі, жемісті.** *Табысы мол, өнімі көп.* Ағаш өсірудің *нәтижелі* болуы топырақты сапалы өндеуге байланысты (А. Балтабаев). Абай үшін бұл күз айрықша бір *жемісті*, шабыттты еңбек күзіне айналып келеді (М. Әуезов).

**Нейбет, құр, бос, құралақан, құрқол.** *Ештеңесі жоқ, жалаң өзі, соқа басы.* *Нейбет* келіп, әншейін тамашалап жүргендер де жоқ емес (С. Омаров). Еңбек қылсаң, қара жер де береді, *құр* тастамайды (Абай). Мырза келін атанғысы келмесе де, Ұлпан ешкімнің қолын *бос* қайтармай бере берді (Ғ. Мүсірепов). Сенің әйеліңнің мінезі шәлкес еді, *құралақан* барсаң, шыбын жаныңды қуырдақтай қуырады-ау (Ә. Әбішев). Қаладан арнайы шақырылған жігіттер мен қыздар да тойға *құрқол* келмеген екен (С. Омаров).

**Некесіз, шата.** *Заңмен қуәландырылмаған, жолдан тапқан бала.* Гүлжанның сүйген жігіті сотталып кетті, одан *некесіз* бала тапты (С. Омаров). *Шата* неме оны шалып жықты, – деп жеңілген жағы дау айтпақ болды (А. Жақыпбайұлы).

**Не қылып, неғып.** *Не әрекет жасап, не істеп.* Кешеден бері қандай істі тындырып, *не қылып* жатқандарыңды айтыңдаршы, – деп сұрады («Лен. жас»). Бұл үйде Сара бар ма, отыр *неғып*, Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып (Біржан).

**Неліктен, неге, неғып, қалайша.** *Белгілі бір істің болған себебін білу үшін қойылатын сұрау есімдігі.* Бұның іздеп келгеніне Зағираштың *неліктен* қуанғанын ол енді ғана ұғайын деді (А. Жақсыбаев). Ішіңіз *неге* ауырады екен, қарап көрейін, су жақпады ма екен? (Б. Қожабеков). Бұларың *не, неғып* соншама кешіктіңдер? – деп ол реніш білдірді (Қ. Әбдіқадыров). Осынау жердің *қалайша* көркейгенін, болашақта қандай болатынын білгім келеді (Қ. Әміров).

**Немесе, не, я, яки.** *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын жалғаулық.* Осы хатты алып оқығандарың *немесе* естігендерің тағы бес адамға хабарлап жеткізіңдер (М. Дүйсенов). Жүгенді қайыстан, былғарыдан тігеді *не* түйеді, әшекелейді (С. Қасиманов). Оның ұйықтап отырғаны *я* ойланып отырғаны мәлім емес (М. Әуезов). Бұл жерде ашып сөз сөйлеу *яки* ойын айту орынсыз болар деп ойлаған Задабек сөз қозғаған жоқ (С. Бегалин).

**Немістер, германдар көне.** *Батыс Еуропадағы тұрғын халық.* *Немістер* – Герман Федералды Республикасының негізгі тұрғын халқы (ҚСЭ). Орта ғасырда *германдар* Батыс Еуропада өздерінің бір орталыққа біріккен мемлекетін құруға тырысты («Орта ғасыр тарихы»).

**Несібелі, ырысты, ризықты, талайлы, салымды.** *Ырыс-несібесі мол, аузының салуы бар, бір нәрсе орала кеткіш, нәсіпті.* Әркімнің келешектен өмірі зор, Дүниеде жалғыз сен бе *несібелі* («Айтыс»). *Ырысты* өлкенің өндірістік қуаттарын игеру қызу қолға алынады («Лен. жас»). *Ризықты* жан екенсің, келе қалдың наның мол, адал еңбек-қарекетін, түгендейді бәрін сол (Ж. Өмірбеков). Таз екенін қайтесін, *талайлысын* айтсаңшы (Мақалнама). Өз келіндерін Жаңылмен салыстыра қарап, бұл жағынан да Достың баласының *салымды* екенін көрді (М. Дүзенов).

**Неткен, қандай.** *Ерекше, айрықша, өте.* Қайтіп жаның ашымас, *Неткен* заман қатыбас Еткен еңбек, төккен тер Қалай түкке татымас (Жамбыл). Көктемнің жайма-шуақ күнінде ну орманда сайраған бұлбұл әні *қандай* сүйкімді (С. Омаров).

**Ниеттестік, тілеуқорлық, мұраттастық.** *Ниеттес болушылық.* Бұл қозғалысқа көп жерлерде орыс еңбекшілері де *ниеттестік* білдіріп, қолдап отырды (К. Әзірбаев). Дос-жарандары, ағайын-туғандары *тілеуқорлық* ниеттерін білдіріп жатыр («Әдебиет және искусство»). Абайдың «Онегинді» өте-мөте ұнатуында Пушкинмен іштей ұғысушылық, бағдарластық, *мұраттастық* бар-ды («Қаз. әдеб.»).

**Ноғала, шалғырт.** *Көзге тұскен ақ шел.* *Ноғала* бола бастаған көзге қант пен қарағай көмірінің үгінділерін салатын (Х. Арғынбаев). Әлеуке жанды ондасаң, *Шалғырты* бар көзінде, сарқып бәрін алған соң, Шалмақшы екен өзінді («Манас»).

**Нөмірлеу, цифрлау.** *Белгілі бір тәртіппен реттік сан есімін қою.* Қозылар туылған кезде енесімен екеуі бірдей *нөмірленеді* («Дала шұғыласы»). Барлық 23 әріпті рет-ретімен *цифрлап* белгілеңіз («Лен. жас»).

**Нұрлы, шұғылалы, сәулелі.** *Жарқырап жайнаған, шұғыласы мол, сәуле шашқан.* Қыздың сыр тарта жаудыраған *нұрлы* жанарын жаңа ғана көргендей болды (Ө. Қанахин). Өтті күндер, өмірдің атты таңы, Дала нұрға бөлгенді *шұғылалы* (З. Ыбыраев). Расында да екі жастың қазіргі түрлері бұлттан шыққан күн секілді *сәулелі*, қуанышты еді (І. Есенберлин).

**Нұсқау, көрсету, сілтеу, мезгеу, меңзеу.** *Біреуді бір жаққа бағыттау, жолға салу.* Кінәлі кісідей төмен қарап, *нұсқаған* жеріне Оралхан отыра кетті (Ә. Нұрмаханова). Бұларға жол *көрсетіп*, Бейсен бастап келеді екен (С. Бақбергенов). Екі бала Қалима *сілтеген* жаққа құстай ұшты (Р. Тоқтаров). Жұмысымды тоқтатып, Бекше *мезгеген* тұсқа бұрылдым (Ә. Сәрсенбаев). Оның бұл сөзі сонар күнгі із дегеннен гөрі әлдеқайда ауқымды, терең бір тың ойды *меңзеген* еді (Қ. Найманбаев).

**Нүкте, ноқат.** *Кішкентай ғана қара дақ.* Үлкен ала көздерін тереңге беріп, *нүктеге* қадалып қалған (З. Иманбаев). Оның гүлдей солған жүзі, мұздай қатқан қабағы, терең қайғылы көзі бір *ноқатқа* қадалып қалған (С. Сейфуллин).

**Нығайту, күшейту, арттыру.** *Бір нәрсенің қарқыны, қалпы бұрынғыдан жақсара түсу, түзелу.* Жаңа кездесу ескі достықты *нығайтып*, жаңғырта түседі (С. Мәуленов). Ұйымды *күшейтумен* бірге клубты түзету мәселесі келіп шықты (І. Жансүгіров). Ыстығын өр көңілдің *арттырады*, сағынып енді көрген ғашығындай (Х. Ерғалиев).

**Нығарлау, нықтау, нығырлау** *сөйл.* *Салмақ түсіре, мән бере шегелеп айту.* Даусын көтермесе де, әр сөзін шегелеп, *нығарлап* айтып шықты (Т. Ақтанов). Әшірбек бір шағын жиналыста баяндама жасап тұрғаннан әрмен әр сөзіне факті тіркеп, *нықтап*, нығайтып жатыр (А. Байтанаев). Адамға атақ та, абырой да тек еңбек арқылы келеді, – деді жігіт *нығырлай* сөйлеп (К. Туғанбаева).

**Нығыз, тығыз.** *Мызғымистай берік, мықты.* Ерге тақымы жабысып, ат-матымен құрыштан құя салғандай *нығыз* отыр (Қ. Жұмаділов). Мұғалімдер оқушылардың ата-аналарымен *тығыз* байланыста болуы қажет («Семья тәрбиесі»).

**Нығыздау, тығыздау<sup>1</sup>.** *Біршама нығыз, тығызырақ.* Бірақ жетілуінің бұдан бұрынғы кезеңімен салыстырғанда анағұрлым *нығыздау* келеді (Т. Күлтебаев). Орманның осы бір *тығыздау* тұсынан бұлардың лап беріп кірулері керек (Ә. Нұршайықов).

**Нығыздау, тығыздау<sup>2</sup>, сықау, нықтау, нығарлау, нығау, кептеу.** *Үйіп-төгіп қысап салу, лық толтыру.* Түйелердің ізіндегі сүйретпелер жолдың қарын *нығыздап-ақ* тастаған (Ә. Әлішев). Жүнді *тығыздап* қаптау үшін қанар аузының төрт бұрышынан жіп байлап, қораның төбе ағашына іледі (М. Ермеков). Сатан шақшаларға насыбайды *сықап* толтырған соң төбеге тартты (І. Жансүгіров). Салжан есікті *нықтап* жаба, жаулығын жүре жөндеп, шығып кетті (Т. Нұрмағамбетов). Әкесі қапты толтыра, керекті дегендерін *нығарлап* салып берді (Т. Дәуренбеков). Қапқа және шелекке *нығап* толтырып қар алдық (С. Сейфуллин). Ұдайымен екі күн соққан боран даланың қарын айдап әкеліп, орман панасындағы жертөлелерге *кептеп* тастағаны (С. Шәріпов).

**Нығыздық, тығыздық.** *Нығыз болушылық.* Заводта басылған киіздің қалыңдығы мен *нығыздығы* соншалық, тебен ине әрең өтеді («Лен. жас»). Қалың өскен балғын шөптің *тығыздығы* сонша, қай жағына қарасаң да, ашық жатқан топырақ көзге шалынбайды (Ө. Қанахин).

**Нысап, қанағат, тойымдық, тойым, салауат, шүкір, қарар, тауық көне, ынсап** *сөйл.* *Барға ризашылық, місе тұтушылық.* Қанағат, тоқтам, ар, *нысап*, қасиеттер ғой ең әсем (Ө. Жайлауов). Талап, еңбек, терең ой, *қанағат*, рақым, ойлап қой (Абай). Бүгін бар қуатың бетіңе шығыпты, тек жұрт көзіне *тойымдық* берсін! (Б. Нұржекеев). Көңіл шіркінде *тойым* бар ма? Әбсаттар іштей бұл тіршілігін пәлендей қанағат ете қоймаушы еді (О. Сәрсенбаев). Өткенге *салауат*, қалғанға береке (Мақал). Аман-есен жүргеніме *шүкір* етем күнде мен (Т. Молдағалиев). Енді келіп тағы да бір тоқты бересің дейді, иман жоқ, *қарар* жоқ өзінде (С. Сейфуллин). Күлшекеме *тауық* берсін деп, шыдап бақтық (С. Әлжіков). Кешеден бергі ессіз құмарлық, тойымсыз *ынсап* зым-зия жоқ болған сияқты (Ж. Түменбаев).

## О

**Оғаштану, ерсілену, әбестену, оजारлану.** *Оғаш қылық көрсету. Оғаштануын* деп қалды Шоқанның бұл сөзін ұнатпағандар (С. Мұқанов). Бекше мені мазақтап *ерсілене* күледі (Ә. Сәрсенбаев). Кұдайларың кеп, көкіректеріңді керіп, Шегір мен Қайырға не деп көкідіндер, *әбестенбе* Бөпи (Ш. Хұсайынов). Сөзіңнің бізге мәлім кестелері, ойға алып *оजारланба* ештеңені («Айтыс»).

**Ожар, оспадар, ұрда-жық, әпербақан, кеудемсоқ, кеңкелес, одыр, адыр сөйл.** *Алды-артына қарамайтын, өрескел мінезді. Жақыптың* өр кеуде, бәсекеқұмар, *ожар* мінездерін білетін (С. Бегалин). Оның бейпіл сөз, *оспадар* қылығы жоқ (С. Байжанов). Жап-жас жігітті танып-біліп болмай, *ұрда-жық*, сотқар деп қалай айтарсың (Ғ. Мүсірепов). Ыбырай талай ақ көз жынды офицерді көре жүре, онан өткен *әпербақан* адамды жолықтыра қоймаған (Ж. Молдағалиев). Мен *кеудемсоқ* Тілеубайдың бойында адамгершілік асыл қасиеттің бірі де жоқ деп білемін («Лен. жас»). Мәліғаждаровтың артық қимылға батылы жетпей *кеңкелеспен* керісіп береке таппасын деп түйді (Т. Әлімқұлов). Сайра, мен бір күн де болса ұлық атандым, сен сылқым атандың, *одыр* мінез ұрда-жық орталарыңа бір түсті (Ш. Хұсайынов). Қанаев *адыр* мінезді өкілдердей кекірейіп кербезденбей, шіренбей, осы көптің бірі болып, жұпыны ғана түрмен отыр (Б. Майлин).

**Оजारлану, оспадарлану, кеудемсоқтану.** *Оғаш мінез көрсету, дөрекілік жасау.* Езіліп отырған қартқа енді қарағанында тұғырында сілкінген кәрі бүркіттей *оजारланып*, қайраттанып шыға келген адамды көрер еді (К. Ахметбеков). Ол *оспадарланып* қол жұмсауды не ащы сөздермен салғыласып, ұрысып жатуды сүймейтін (А. Лекеров). Бимағамбеттер *кеудемсоқтанып* жатқан жоқ (М. Сатыбалдиев).

**Ожарлық, оспадарлық, әпербақандық, кеудемсоқтық, есерлік, одырлық, кеңкелестік.** *Дөрекі мінезділік, есерсоқтық.* Нұрби шешесінде де нақ әкесі тәрізді *ожарлық*, бір беттілік барын бүгін ғана ұғып, өзі де аң-таң боп қалды (С. Бақбергенев). Шынайы сезімнің айдыны *оспадарлыққа* баруы мүмкін емес (С. Еркебаев). Тыңға келген жас комсомолға қол көтеру – байсалды басшылық емес, *әпербақандық* (С. Жүнісов). Егескенін жеңбей тынбайды, сонда *кеудемсоқтықпен* емес, білімімен, дәлелімен (С. Мұқанов). Қазір ойласам, біздің сонымыз көзсіз ерліктен гөрі ес білмеген *есерлік* пе деп қалам (Ө. Қанахин). Өзі болмысынан *одырлыққа* жоқ, үркектеу сияқты екен (Т. Иманбеков). Надір бұл отарды Шұнақтың керенау, *кеңкелестігі* үшін емес, анау анасының бір ауыз тілегі үшін бергізіп еді (Б. Тоқтаров).

**Озат, озық, үздік, екпінді, озғын.** *Еңбек пен оқу сайысында елден ерек озып шыққан, алдыңғы қатарлы, маңдайалды.* Өмірбайға көп иектей беретіннің бірі – баяғы қызылшашы *озат* қыз Жауһар (Ш. Құмарова).

Сөйтіп жүріп өзінің *озық* студент болғанын байқамай қалды (Т. Ахтанов). *Үздік* оқушылардың суреттері құрмет тақтасынан орын алған («Қазақ. мұғ.»). Коммунистік жастар Одағы қай жұмыста болса да өзінің бастамасын көрсететін *екінді* топ болуға тиіс (Ш. Өтепов). Кейбір терең өсиет, *озғын* ойлары бұның тыңдаушыларының санасына жетпеуі мүмкін (М. Әуезов).

**Озаттық, озықтық.** *Алдыңғы қатарлылық, үздік шығушылық.* Олар ұдайы іскерлік көрсетіп, *озаттық* пен жаңалықтың ұйытқысы болуда («Қазақстан әйелдері»). Қоймашының қызы бұл мәселеден де өзінің *озықтығын* көрсетті (Д. Досжанов).

**Озбыр, жұлымыр** *экспр.* *Біреуге жәбір көрсетуші, зорлықшы.* Бақайшағына дейін қаруланған *озбыр* айлакер жауды жеңу үшін әскери қару-жарақты жіті меңгеру керек (Т. Бердияров). Бұл – жиырма бестегі жігіттей жырынды, ат құлағында ойнаған *жұлымыр* бала («Қаз. әдеб.»).

**Озықтау, озығырақ, озыңқы, озыңқырақ.** *Алдыңғы қатарлырақ, маңдайалдылау.* Несін жасырайын, кей ретте менен *озықтау* да байқалады (Ә. Омарбаев). Төрт пәуеске жегілген ұзын көк арбаға төрт пәуеске тіркеліп *озығырақ* келе жатыр (Ф. Мүсірепов). Бұл кезде Ташкент еңбекші бұқара шоғырланған, Мәдениеті де *озыңқы* қала болатын (Ш. Өтепов). Оқудың *озыңқырақ*, мектеп көрген, Пейішке бармағымның жолын үйрет («Айтыс»).

**Ой, ойпаң, ойыс.** *Төмен жақ етек, ойлау келген жер.* Жайлау бар бұл тауларда шөбі шалғын, Көк майса *ойы*, қыры бәрі балғын (Жамбыл). Отарда жатқан Қаршыға бір бедеуге мінеді. *Ойпаң* жерден орғытып, жарлау жерден ырғытып, Тегіс жерден сырғытып, аяндамай жетеді («Қыз Жібек»). Ішкі күштердің әрекетінен жер бетінде биік таулар мен *ойыстар* пайда болады (С. Жортанов).

**Ойбай, нбай, үйбай.** *Таңалғанда, сасқанда, абыржығанда, тағы басқада айтылатын одағай сөз.* Жүрегім, *ойбай*, соқпа енді, Бола берме тым күлкі, Көрмейсің бе, тоқта енді, Кімге сенсең, сол – шикі (Абай). *Ибай*, ауырттыңыз ғой, – деп Дәметкен қолын өзіне тартайын деді (Б. Майлин). *Үйбай*, қу күнім, мыналардың мойындағысы мылтық! – деп алдымен дауыс көтерді (Ә. Көшімов).

**Ойбай, аттан.** *Қорыққанда, сасқанда, шошығанда, жау шапқанда дабыл қағу үшін айтылатын одағай сөз.* Аты бар, өзі жоқ, атып кеттіңдер ме, өлтіріп кеттіңдер ме, *ойбай?* (Ф. Мүсірепов). Жылқышы *Аттан!* *Аттан!* – деп, жым-жырт тау ішін шошыта жаңғыртып айғай салып жіберді (М. Әуезов).

**Ойдағыдай, көңілдегідей.** *Алдын ала жоспарланған қалыпта, ойлағандай.* Мұғалімдік қызметінді *ойдағыдай* атқардың, қоғам жұмысына белсене қатынастың (С. Омаров). Күні бұрын жоспарланған жұмыстар *көңілдегідей* орындалмағанына директор қатты реніш білдірді («Қаз. мұғ.»).

**Ойлампаз, ойдағыш, ойланғыш.** *Көп ойлайтын, ойлай беретін.* Бұл Мұса баяғыдан *ойлампаз* жан, сондықтан солғын тартып өңі де азған (Д. Еркінбеков). Густав, сіздің жаңалық *ойдағыш*, ізденгіштігіңіз – басқа шен иесі ұлықтардан өзгешелігіңіз (С. Бегалин). Ыбырайым, өзін сол кездегі *ойланғыш* қалпыңнан мүлдем өзгермеген сияқтысың («Қаз. әдеб.»).

**Ойлау, ойыстау, ойпан, ойпандау, ойпауыт.** *Шұқырлау, төмендеу жер.* Арба *ойлау* жерден орғытып өтіп, қырлау жерден секіріп өтті (А. Жағанова). *Ойыстау* жерде тұрған көшпелі автобустың радиоторабы үздіксіз жұмыс істеуде (Ш. Дәрмағамбетов). Осы бір ауыл аймағындай ғана *ойпаң* жерде қазір қалың шие өсіп тұр (Ө. Қанахин). Біздің бекініміз *ойпандау* жерде болатын (М. Ғабдуллин). Дәл үстінен түспесең таптырмайтын *ойпауытқа* орналасыпты (М. Қаназов).

**Ойлы-қырлы, кедір-бұдыр, ойқы-шойқы.** *Тегіс емес, бір жері ой, бір жері қыр.* Оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған қатпар тасты, *ойлы-қырлы* қырқада екі жүздей сарбазы орналасқан (І. Есенберлин). *Кедір-бұдыр* жерде зеңбірек екі жағына қарай кезек-кезек теңселеді (Ә. Нұршайықов). Құдайдың кең жазығы жетпегендей, қайдағы бір *ойқы-шойқы* жерге тығылғандарын айтсаңшы (Қ. Сатыбалдин).

**Ойнас, ашына, көңілдес, зина, әуейі, тамыр.** *Еркек пен әйелдің жасырын түрдегі қарым-қатынасы, етек байланысы, жасырын көңіл қосушы.* Бай қатындарының некелі байларымен қатар жасырын көңіл байлары, *ойнастары* болады (І. Жансүгіров). Ғабдолла Қалдыбайдың сөзіне құлақ аса қоймай, кеш бата *ашына* әйелдің үйіне қарай аяндады (З. Шашкин). Баяғы қыздан күйеуін қызғанып жүрген әйел енді мына ер адаммен өзі *көңілдес* бола бастайды (К. Тұрсынқұлов). Шарифаттың айуынша, *зина* жасамаған күнде де, әйелдің тартар азабы еркектен әлдеқайда ауыр (С. Мұқанов). Нұрхан қартаң күйеуінің көзіне шөп салды, осында бір бойдақ жігітпен *әуейі* болды деседі (Ж. Жұмаханов). *Тамыр* болсаң тамыр бол, ашына бол, Жел сөзіме қызықсаң, басыма бол («Айтыс»).

**Ойран, бүліншілік.** *Тас-талқан болушылық.* Соғыс *ойраны* сағат сайын өршіп, дабыл үстіне дабыл қаққандай күңіреніп орман үстінен будақ-будақ қара түгін көрінеді (Б. Момышұлы). Осындай *бүліншіліктің* ең ортасында жүрген Амантай ешкімге қойындар деген жоқ (С. Мұқанов).

**Ойсырау, омсыраю.** *Бір нәрсенің мөлшері күрт азайып, босап қалу.* Сталинград түбінде неміс фашистерінің *ойсырау* жеңілуі кеудені бір желпіп тастаған еді (С. Сарғасқаев). Құмы үгітілген үйінді топырақтың ортасы *омсырайыт* жатыр (З. Шүкіров).

**Ой-тота, ойша.** *Ешбір дерекке сүйенбей, ойлау арқылы, болжаумен.* Тарихи шындықтан шығып кетіп, Қабанбай сияқты ұлы тұлғаларды *ой-тота* орынсыз мадақтау олардың абырой-атағына нұқсан келтіреді («Егеменді Қазақстан»). Жаңағы процестердің бәрін *ойша* шолып, көз алдынан өткізіп шықты (Ә. Ибрагимов).



**Ойынпаз, ойыншыл.** *Ойын құмар, ойынға берілгіш.* Өміртай құртайынан үй көрмей ойнайтын, түрлі ойынды жаны сүйетін *ойынпаз* бала болды (Ө. Тұрманжанов). Бұл да кішкентай ғой, бала сияқты *ойыншыл* (М. Гумеров).

**Ойыңқы, ойықтау, ойысыңқы.** *Жартылай ойылған, сәл ғана ойық.* Бұлардың формасы екі жағы *ойыңқы* дөңгелек (М. Қайрақбаев). Тұқымның түсі тегіс қызыл, сопақтау келген, тұмсығы *ойықтау*, айнала жиегінде жіңішке сызығы бар (А. Алманиязов). Табиғат жасаған ба иіп садақ, Ішіне *ойысыңқы* биік қабақ (Б. Ырзабаев).

**Оқа емес, оқасы жоқ.** *Еш әбестігі жоқ, ештеңе етпейді. Оқа емес,* турасын айтсам, тіпті маған жаман да болған жоқ (Р. Райымқұлов). *Оқасы жоқ,* мен қашан уақыт табылса, сонда істеп үйренгенмін (Б. Соқпақбаев).

**Оқалау, зерлеу.** *Зермен көмкеру.* Олардың әйелдері мен қыздарының киген киімдері *оқалап* сірестіріп тастаған қызылды-жасылды әдемі (Қ. Сатыбалдин). Той басқарушының мақпал шалбарының балағы *зерленген*, басында оюланған ақ киіз қалпақ (Т. Жармағамбетов).

**Оқтай, оқтаудай, сымдай.** *Тартқан сымдай, тұп-тұзу, тіп-тік.* Қала көшелері *оқтай* тұзу, бір жақ шетінен қарағанда екінші жағында келе жатқан адам көзге түсетін (З. Шашкин). Қара бұжыр шал дене бітімі еңгезердей, екі өкшесін астына бастырып, *оқтаудай* тіп-тік шаншылып отыр (З. Шүкіров). *Сымдай* тұзу тар көше бойы лек-лек болып шұбырған адам (Б. Майлин).

**Оқушы, шәкірт.** *Мектеп қабырғасында оқу оқып, тәлім-тәрбие алатын жас жеткіншектер.* Ол дәптердің сыртқы бетінен 5 «б» сынып *оқушысы* Теміров Телтай деген жазуды оқыды (Е. Өтетілеуов). Сабаққа биыл түсетін жас *шәкірттер* қолдарына тимегеннен кейін байырғы оқытқан балаларын қабылдаудан бас тартқан еді (К. Оразалин).

**Оқушылық, шәкірттік.** *Оқушыға тән. Оқушылық* дәуірдің ішіне қайта батқандай сол кезді еске алып, қозғалмай жата бердім (Ғ. Мүсірепов). Мұхтар *шәкірттік* дәуірді басынан өткермей-ақ, іштен өсіп-пісіп кеп, әдеби майданға білек түре араласқан (М. Әлімбаев).

**Оқыған, зиялы.** *Көзі ашық, білімді адам.* Қазақ *оқығандары* екі жүйеге бөлінгенін біз тарихи фактілерден жақсы білеміз (С. Мұқанов). Ол жақтарда қазақтан шыққан белгілі адамдармен, *зиялылармен* жолығып, сыр тартқан (Ә. Тарази).

**Оқымысты, ғалым, ғұлама, ғылымпаз.** *Көп оқыған білімдар адам, ақыл-ой иесі.* Бір журналдың бетінен атақты *оқымысты* Фарадейдің портретін көріп, мейлінше қайран қалдым (С. Омаров). Қайратсыз ашу – тұл, Тұрлаусыз ғашық-тұл, Шәкіртсіз *ғалым* – тұл (Абай). Өзі білмейтіні жоқ *ғұлама* адам, тұрған бойы академик дерсін (К. Исабаев). Бөлендік бақыт нұрға бүгінгілер, *Ғылымпаз* өсті елімде білімділер (К.Әзірбаев).

**Оқыра, сәйгел, шанышқақ** сөйл., **сәйгелдек** сөйл. *Жаздың ыстық күндерінде сиыр малына тиетін сона тәрізді жәндік, инелік, шыбын.* Ыстық-суыққа бірдей шыдамы жоқ сиырлар даладан оқыра қуып келсе, ауылда да тыныштық таба алмай, аласұрып жүр (М. Әуезов). *Сәйгел* қуған сиырларда ес жоқ, құйрықтарын шошайта, көздерін шатыната тым-тырақай шапқылауда (Ғ. Мұстафин). Арқаның жерінде сиырдың жауы – *шанышқақ* дейтін инелік шыбын (Ә. Бірмағамбетов). Арбаның бірі менен бірін соғып, Сиырды *сәйгелдектің* алдын алған (С. Торайғыров).

**Оқыралау, сәйгелдеу, шанышқақтау.** *Сиыр малына сәйкел тиіп, тым-тырақай болу.* Өре құлататын оқыралаған сиыр емес қой белсенділер, – деп жымия қарады қыз (А. Жүнісов). Түстен кейін жауды қаладан айдап шығып, *сәйгелдеген* сиырдай жөңкілтіп, қуып бердік (Ә. Нұршайықов). Өгіз *шанышқақтап* келіп, талға қойып кетті (З. Иманбаев).

**Оқырман, оқушы.** *Әдебиет оқитын қауым.* Бүгінде М. Әуезовтің, О. Сүлейменовтің әдеби шығармаларын шетелдік оқырмандар өз тілдерінде оқиды (Б. Кеңбейілов). Көп тындап, көп тексердім осындайды, Мақтарлық мінез табылмайды, *оқушы* оқып, өзі баға берер (С. Сейфуллин).

**Ол, о.** *Үшінші жақты білдіретін жіктеу есімдігі.* Кейде ол болмашы бірдемеге даурыға сөйлеп, шаңқылдап ұрсып кетеді (Ә. Сатыбалдиев). Ақәжем – бүкіл қазақтың анасы, о кісіге жаман адам келін болмайды (М. Дүзенов).

**Олай, ондай.** *Дәл соншалық.* Жоқ, Қанатжан, ол шындық емес, сен олай ойлама (М. Дүзенов). *Ондай* болса, біз тезірек барып, істің мән-жайын анықтайық (Ауызекі тіл).

**Олақ, орашолақ, шорқақ, шалағай, долаң, қырсыз.** *Іс істеуге бейімі жоқ, ебедейсіз, епсіз.* Ат ерттеу, арба жегу, мал азықтандыру сияқты күнделікті жай жұмыстардың өзіне олар олақ (М. Иманжанов). Жасынан қалада өскен жеңгем ауыл тіршілігіне орашолақ еді (Б. Сокпақбаев). Жұмабай ұялшақ, сөзге шорқақ, тұйықтау кісі болса да, байдан именбей сөйлесе береді (Ғ. Мұстафин). Салақсыған шалағай старшиналардың екі аяғын бір етікке тықты (Т. Ахтанов). Азамат сөзге, әзілге долаң, құлық білмейтін олақ көрінді (Б. Майлин). Ұзақов жолдас өзінің өмірге икемсіз, іске қырсыз екенін танытты (Т. Тілеуханов).

**Олжа, пайда, кіріс, табыс, ұтыс, алапа көне, мал сөйл.** *Ойламаған, құтпеген жерде кездескен ақшалай-заттай табылған игілік.* Осы кезде Жомарттың ителгісі аққуды ілген екен, Жомарт олжасын қызға ұсыныпты (Т. Ахтанов). Мемлекетке сатылған астықтың әрбір центнерінен орта есеппен 3 сом 74 тиыннан таза пайда түсті («Лен. жас»). Жомарттың есебінше, колхоз кассасына кемі бір-екі миллион сом кіріс енгізбек (Ғ. Мұстафин). Тек қаракөл елтірісін енгізуден ғана совхозға жарты миллион сомдай табыс кірді («Лен. жас»). Атты әкеліп, осындай олжалы ұтысты тиегенде ұзын қорапқа сыймағанын қапқа

толтырып, үстіне салды (З. Иманбаев). «Егін жақсы шықса, халыққа үлкен *алапа*» деген, әуелі әрқайсысына алапа үлестір («Қаз. әдеб.»). Демендер өнбес іске жұбаналық, Ақыл тапсақ, *мал* тапсақ қуаналық. Қызды сүйсең бірді-ақ сүй, таңдап тауып, Көрсө қызар, күнде асық – дуаналық (Абай).

**Ол жақ, о жақ, ояқ сөйл.** *Аталған жер.* Алып кел, әпкел, әкел сөздерін қатар қолданып жүргеніміз тәрізді, *ол жақ, о жақ, ояқ* сөздерінің де сәл-пәл реңдік айырмашылығын ескеріп, үш нұсқасын да қолданысқа енгізуіміз сөздік құрамды молықтыра, байыта түспек («Ана тілі»). Өткен жылы үйім өзен судың жағасында болғанмен, *ояққа* жел соқпайды, терлейді деп, үйімді жотаға көшірдім (Н. Қазыбеков).

**Олжалы, табысты.** *Түскен мол кірісі бар.* Бір жолы көктемде Сапар теңізден аса *олжалы* болып қайтты (Ф. Сланов). Өткен жыл Қазақстан үшін теңдесі жоқ *табысты* жыл болды («Егемен Қазақстан»).

**Олжасыз, табыссыз.** *Олжалы емес, табысы жоқ.* Жазғы үш айда сыртқа жұмысқа аттанғандардың *олжасыз* қайтқаны жоқ (Ауызекі тіл). Әшірдің қымызшы болып орналасқанына жыл болып қалды, *табыссыз* емес (А. Хангелдин).

**Оллаһи, білләһи.** *Құдай ақы, шынымен.* *Оллаһи*, ұмытып кетіпін, кешір мені (І. Жақанов). Түрі қандай қорқынышты еді, *білләһи* жай емес (Ф. Мүсірепов).

**Ол-пұл, оны-мұны.** *Ұсақ-түйек, жеңіл-желпі зат.* Қалған егінді тез орып, жинап шықтым да, *ол-пұл*ымды жаңа орылатын егін басына тасып алдым (Ф. Орманов). Бұл тұста Қарлығаш тез-тез киініп, *оны-мұнысын* жинастырып, сыртқа қарай бет бұрды (Ж. Жұмаханов).

**Омалу, омығу.** *Ешқайда шықпай, бір жерде отырып қалу.* Әжем Балабектің шешесінің жанында. Үйде *омалып* қалған мен ғана (Н. Серәлиев). Бір күні үйде отыра-отыра *омыққан* көңілден серпілу мақсатында тоғайға барды (Е. Домбаев).

**Омбы, қасат.** *Жел, боран үйіп, тапталған күртiк, қасат қар.* Машина мұз боп қатып қалған *омбыға* келіп, алдыңғы екі дөңгелегі батты да кетті (Ж. Жұмаханов). Биіктігі екі мың бір жүз метрдей тау басына қыстай жиналған *қасат* қар маусым айына дейін еріп таусылады (Д. Досжанов).

**Омыру, опыру.** *Бүтін затты шорт сындырып бөлу.* Бір дәу кеме келіп-ақ қалған екен, онсыз да қаусап тұрған жаман қайықты ортасынан екі бөліп, *омырып* өте шықты (Ә. Сәрсенбаев). Тізбегіндей тырнаның Зулаған сансыз машина, *Опырып* жаудың құздарын, Волгаға құрал жасауда (З. Қалауова).

**Омырылғыш, опырылғыш.** *Опырылып кететін, опырылып қалғыш, тез сынғыш.* Сапалы тұздалған қиярдың қабығы қатты тістегенде *омырылғыш*, иісі ұнамды, түсі сарғыштанып тұрады («Келіншектер»). Бұрғыланып жатқан қыртыстың құламалы, *омырылғыш* екені Сәменнің есінде («Дала қырандары»).

**Оңай, жеңіл, жеңіл-желпі, қиындықсыз, қиықсыз.** *Қиындығы жоқ, ауыр емес.* Егіннің шықпауын жауынға аудару – жазадан құтылудың *оңай* жолы (З. Шашкин). Тату семья үй іші шаруашылығы мәселесін *жеңіл* шешіп отырады («Семья тәрбиесі»). Керім ептеп аяқ басуға жараған соң таяқ сүйене жүріп, *жеңіл-желпі* жұмысқа араласты (А. Байтанаев). Қыста қар аз, әрі жұқа түскен жерде құландар еш *қиындықсыз* өзіне керекті қоректі тауып жейді («Қазақст. аң байлығы»). Алдынан кездескен жау шебін кедергі көрмей, шабуыл *қиықсыз* ілгері басып барады (Ф. Мүсірепов).

**Оңаша, оқшау, бөлек, үркесок, шетеу.** *Өзгеден жеке-дара, дербес.* Мәжіліс тарқаған соң директор *оңаша* қалып, бас инженер мен парткомның секретарымен ұзақ ақылдасты (Т. Әлімқұлов). *Оқшау* тұрған ұзын сарайды көктеп өте бергенімізде, екі-үш солдат қол көтеріп, кес-кестей жүгірді (К. Тоқаев). Хабеннің белсеніп *бөлек* қора баққанына қарай қыс өте жақсы болды (С. Бегалин). Жолаушы киырдағы еліне, ел шетіне *үркесок* паналаған үш қанат күркесіне асықты (Ә. Кекілбаев). Жеті үркерге айтып арыз ұлылықшы екеуміз, Ес білетін сен екеуміз ұйқылы елден *шетеуміз* (Т. Әлімқұлов).

**Оңашалау, оқшаулау, шеткерілеу, шетеулеу.** *Оңаша шығару, бір нәрседен шет кету.* Мана Шамалғаннан келісімен Шелпек мұны *оңашалап*, өзінің бірдеңеге сезіктенгенін аңғартқан (С. Сарғасқаев). Инеш өзімен бірге оқитындардың ешқайсына да жоламай, *оқшаулана* отырды (С. Шаймерденов). Сейіл құрып кеткендердей *шеткерілеп* екі әйел сөйлесіп тұрды (Т. Әлімқұлов). Айдың, күннің аманында жалпақ елден ешкім *шетеулемейтін* тұл өңір өз сыбағасын сақтап жатыр (Т. Әлімқұлов).

**Оңашалық, оқшаулық.** *Оңаша, жеке-дара болушылық.* Ләззаттың да іздегені *оңашалық* еді, не де болса ақтарылып сөйлесіп, өзінің белгісіз халінен құтылғысы келді (Т. Ахтанов). Екі жігіттің жүрісінің *оқшаулығын* былай қойғанда, жүрістері өте көңілсіз (Б. Тұрсынбаев).

**Оңтүстік, түстік.** *Солтүстік бағытқа қарама-қарсы жатқан төрт құбыланың бірі.* *Оңтүстіктің* жылы қысына бейімделген өсімдіктерді Сібірдің суығына үйретпек болып еді (С. Шаймерденов). Жабайы барбарис Қазақстанның *түстігінде* көп кездеседі (С. Субханбердин).

**Оңу, көгеру.** *Ойлаған мақсатына жету, жетісу.* Саған опа бермеген, анаға опа бермеген адам қайда барып *оңар* дейсің (А. Нұрманов). Жауынменен жер *көгерер*, Батаменен ер *көгерер* (Мақал).

**Опалы, опашыл, опадар.** *Шын берілген, тұрақты, сатып кетпейтін.* Алып батырды табатын, ер жігітке *опалы* жар болатын әйел тұлғасын жасау да қоғамдық өмір қажетінен туған (Р. Бердібаев). Балташ жолдасқа *опашыл*, уәдешіл болатын (Ж. Аймауытов). *Опада-рым*, хан қызы, Дұға қылып тұрыңыз («Ғашық-наме»).

**Опасыз, баянсыз, сатымсақ, сатқын, биопа, сатынды сөйл.** *Айтқан сөзінде тұрмайтын, құбылмалы.* Жақсылық кіршіксіз таза

ұяң қыз сияқты еді де, Қалбағай оны оқиелетіп алып, кешірім сұрап жалынған *опасыз* жігіт секілді еді (Ғ. Сланов). *Баянсыз* махаббаттың әуресіне, мұң шертіп, наз төгемін мен несіне? (Қ. Бекхожин). *Сатым-сақ* ардан кешкен арзан ақын болма, жуандарға қостаушы, құптаушы, қошеметші болма (М. Әуезов). Достарыңды қалдырып, *сатқын* болып келдің бе? Үміт жібін жандырып, тірі қалам дедің бе? (Ж. Қашқынов). *Биона* дүниеде ерге шықпай, Келіп пе ед, жарықтығым, үйде отырғың («Айтыс»). Ол сұмдықты істейтін хан, сұлтан болар *сатынды* (М. Әуезов).

**Оралу, шырмалу, матасу.** *Шешіліп кетпестей болып байланып қалу.* Әбдіқай биік жардың етегінде *оралып* жатқан атына тұра жүгірді (Ә. Ибрагимов). Бұрыштағы өрмекшінің торына *шырмалып* қалған қара шыбын босанып кете алмай, тыпырлап жатыр екен (С. Ғаббасов). Қыран ұшып келген бетте кірем деп те *матасады*, оралып қалады («Шопан сырласы»).

**Орам, оралым, айналым.** *Айналып, оралып шығатын жер көлемі.* Мұқаң облыстық партия комитетінің секретарымен бірге Шымкенттің екі-үш *орамына* барып қайтыпты (Ә. Омаров). Әлиханды Киевтің батыс шетіндегі бір *оралымына* апарып орналастырды (Қ. Тұрсынқұлов). Сайлау жайдақ шауып келе жатқан жарыс *айналымы* 7 километр еді (Т. Әлшерев).

**Орамал, жаулық, шәлі.** *Әйелдердің басына салып, шашын жабатын киімі.* Мейрам мен Щербаков жеткенде бастарына *орамал* байлаған екі қыз қарап тұр еді (Ғ. Мүсірепов). *Жаулығын* басына тұмшалай ораған, үсті-басы малмандай су болып Жамал үйіне кірді (Б. Майлин). Бет-аузын үлкен *шәлімен* қымтаған орта бойлы толықша әйел шанадан түсе қалды да, Текейге қарсы жүрді (Х. Рахимов).

**Орасан, қабағат.** *Өте ерекше, аса күшті.* Қоңырқұлжа өткен жылғы қыстың *орасан* қатты болғанын есіне түсірді (І. Есенберлин). Мұнан соң бар бітімімен алға құлай ұмсынып, соншалық *қабағат* шапшандықпен жүгіре жөнелген (О. Бөкеев).

**Орман, тоғай.** *Әртүрлі ағаштардың табиғи шоғыры.* Ұзыны да, көлденеңі де елу шақырым қалың *орманның* іші толған партизан отрядтары (З. Ақышев). Ертістің бер жақ беті кең жазық, қалың тоғай екенін, *тоғайда* үйенкі, терек сияқты ағаштар өсетінін біледі (С. Мұқанов).

**Орманды, тоғайлы.** *Орман-тоғайы бар, орман өскен.* Андыз Іле Алатауының *орманды* өңірлерінде өседі (С. Субханбердин). Бірталай көшті артына салып ап, тура Қарашоқымен *тоғайлы* өзенін өрлеп келеді (М. Әуезов).

**Ормансыз, тоғайсыз.** *Ағаш өспеген, орманы жоқ.* Төңірек елсіз, *ормансыз*, көлсіз өзіме мәлім жазық дала (С. Мұқанов). *Тоғайсыз* иен дала емес, басқа бір орман жолымен жүріп келе жатқандай (Ж. Өмірбеков).

**Орналасу, кіру, түсу.** *Орын тебу, орнығу, тұрақтау.* Қол жұмысына жарамағандықтан, қойманың күзетшісі болып *орналасты* (Қ. Жұмаділов). Ол вузды бітірген соң сонда қызметке тұрып және институтқа *кірдім* (С. Сейфуллин). Ол кезде институтқа *түсу* үшін қазақ тілінен де емтихан тапсыру керек болатын (Б. Бұлқышев).

**Орнату, құру.** *Бірдемені бір жерге қондыру, орналастыру.* Алтын-дап шаңырағына шоқ *орнатып*, Шеңбері шымқай күміс күмбезденген (Н. Ахметбеков). Төрт адам суды далаға төгетін насостарды *құрып* тұр (С. Ерубасев).

**Орта, олқы.** *Белгілі мөлшерге жетпеген, толық емес, кеміс.* Қатты сусаған солдат құдық басында тұрған *орта* шелек суды басына бір-ақ көтерді («Жұлдыз»). Егер бәріміз жұмылып істемесек, жұмысымызға көңіл толмай тұрады, *олқы* жері көзге түсіп қалып отырады (З. Ақышев).

**Ортақтас, еншілес, иелес.** *Бір нәрсе екеуіне тең, екеуіне де ортақ.* Ушаков күні бойы осы сияқты теңеулермен пайда *ортақтастарын* сыбап жүрді (Ғ. Мүсірепов). Құлақ тосам үніне, тағдырыммен *еншілес*, Бір көрмесем күніне, Көңілім менің көншімес (С. Сейітов). Ортақ игілікке *иелес* дос-жарандармен қауышу – өзім үшін де зор ғанибет («Алматы ақшамы»).

**Ортақшылдық, қоғамшылдық, көпшілдік.** *Ортақшыл, көпшіл болушылық.* Шын жолы адамдықтың *ортақшылдық*, Сенде бар, менде жоқ деп санаспайық (Қ. Тәкежанов). Ол адал еңбегімен, *қоғамшылдығымен* көзге түсіп, ұжым құрметіне бөленген («Алматы ақшамы»). Жүсіптің ұйымдастырғыш та *көпшілдік* қасиеті ерекше еді (М. Қаратаев).

**Орталық, астана, елорда, пайтақ кітаб.** *Мемлекеттік дәрежедегі саяси-әкімшілік өкімет басқару орындары орналасқан басты қала.* Республикамыздың *орталығы* болып саналатын бас қаламыз Орынбордан Қызылордаға, одан Алматыға, енді Астанаға ауысып, төрт мәрте өзгерді («Алматы ақшамы»). *Астанамыз* Алматы талай тойды тойлады. Талай тойда ән шырқап, Сандуғаштай сайрадым (О. Шипин). Отырарды жау шауып жатса керек. Хорезм шаһы Мұхаммет *пайтағын* тастап қашыпты деген сөз бар (О. Сәрсенбаев). Астана қаласы *елорда* болып жарияланып, Сарыарқа төрінен орын алысымен Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласына ауысты («Туған тіл»).

**Ортаю, азаю, кему.** *Бір нәрсенің саны азаю, көлемі кішірейіп, орта түсу, төмендеу.* Жаңа заман адамының қолымен орнаған игілік мөлшері *ортайып* көрген емес (С. Хайдаров). Мезгіл түн ортасына таянған сайын көшеде машина мен жүргіншілер *азая* бастады (Қ. Исабаев). Қант қызылшасының әрбір гектарынан соңғы жылдары небәрі 266 центнер ғана өнім алынады, ал оның қанттылық сапасы *кеміп* кеткені байқалады (М. Ерлепесов).

**Осалдық, әлсіздік, әлжуаздық, қауқарсыздық.** *Өзіне-өзі сенімді болмаушылық, бойдағы кемшілік, мін.* Тағы да бір кемшілік

мынау екен, Өзін ұқпай, өзгені сынау екен. Байқамай өз басының *осалдығын*. Менмен ғып бұл адамды бұзады екен (М. Әшпирбеков). Мен қорқатын бір-ақ нәрсе бар, достар, ол өзімнің бойымдағы *әлсіздік* (К. Мырзалиев). Болбырлық, *әлжуаздық* ер жігітке де, қыздарға да үлкен мін (С. Бердіғұлов). Жылап отырып өзінің жалғыздығын, *қауқарсыздығын* шақты (Р. Тоқтаров).

**Осы, бұл, үшбу кітаб.** *Нақтылықты, дәлдікті білдіретін сілтеу есімдігі.* Өзіңді сүйген халқыңа еңбегіңді сіңірдің, *осы* жігер, осы күш өзімізде барлығы (Ү. Кәрімов). *Бұл* мақалада осы жайында құнды деректер келтірілген («Қаз. әдеб.»). *Үшбу* хатты жазған адамдар сенің келуіңді күтеді (С. Мұқанов).

**Осылай ету, өсту.** *Осы айтылғандай етіп істеу.* Бұлар ылғи кісіні жазғырғанда *осылай етіп* текке қоқаштап күйдіреді ғой (К. Ахметбеков). Қатарынан тұрғызып, Ғашықтарды қырғызып, жүрген кезде *өстіп* ол, Болып қалды бір қызық (К. Мырзалиев).

**Осында, мұнда, бұнда.** *Қимылдың орнын, мекенін білдіретін мекендік үстеу.* Бағилаш әлгі өзінде *осында* келіп, Қожахметтің тізесін шынтақтай отыра қалған (Д. Әбілев). Көрінген соң бір дидар Алла оңғарып келгенде, Сынаушы сонда табылар *Мұнда* жатқан елден де (Абай). *Бұнда* отырғандардың бәрі – билеттері қолына тисе ертең-бүрсігүндері жүргелі отырғандар («Қазақст. әйелд.»).

**Отандас, елдес.** *Бір елден, бір жерден шыққан.* Ол жастардың махаббаты әке-шешесінің еркінен тыс екенін, аталастан *отандас* артық екенін ұғынды (С. Қирабаев). Ол – менімен *елдес* жігіт (С. Мұқанов).

**Отаншыл, қаншыл, патриот кітаб., елжанды сөйл., елшіл сөйл.** *Отанына шын берілген, Отан сүйгіш.* Тасытып талабымды тартылған күй, *отаншыл* жігерімді өрлетеді (А. Лекерев). Сұлтанмахмұт енді мырзалардың *қаншыл* қызғаншақтығын мінеді (Д. Әбілев). Абай өз халқының адал ұлы, шын досы, жалынды *патриоты*, ұлттық мақтанышы болды (М. Ақынжанов). *Елжанды* абзал азаматтарымыз осы қиын-қысату күндері қасық қаны қалғанша жаумен шайқасты («Түркістан»). Едігедей *елшіл* бол, Егескен жерде кек алған (А. Лекерев).

**Отаршы, отарлаушы.** *Бір елді өзіне тәуелді етуші.* Торғайда, Арыс пен Жетісуда халық патша *отаршыларына* қарсы көтеріліске шықты (Ә. Әлімжанов). *Отарлаушылар* үшін Бирман халқының сауатсыз болғаны қолайлы болды (Ә. Шәріпов).

**Оташы, сынықшы, жарықшы.** *Сынған, қираған сүйекті орнына салатын епсекті, емші адам.* Қаусаған қабырғаларды *оташы* дұрыс сала алмаған ба, қалай, байғұс шалдың бебеу қаққан даусы екі ай бойы бір тынған емес (Ә. Әбішев). Олар оның аяғы сынысымен *сынықшы* қартты алып келіп, соған көрсеткен (А. Рақышев). Сақ етер тиді саныма, Сақсырым толды қаныма. *Жарықшылар* жоқ па екен, Жармай білте саларға (Доспамбет).

**Оташылық, сынықшылық.** *Сытық салумен шұғылданушылық, оташы болушылық.* Қой сылттып ақсаі бастасымен, оташылық жасамасаң, қойдың бақайы күп болып ісіп кетеді («Саржайлау»). Аспанға қарап отырып, көзін тарс жұмып алып, бармақтарының ұшымен сипалап салатын *сынықшылдығында* дау жоқ (Ә. Сараев).

**Оттампаз, өтшыл, отшаң.** *Көп жайылып оттайтын, оттауға бейім.* Онсыз да *оттампаз* малдың ішегі майланып қалған («Самғау»). Қалай десек те малдың да, *отшыл* аңның да құныға жейтін шөбі осы (С. Мұқанов). Біраз демігін басқаннан кейін *отшаң* керқұнан жайылғысы келіп, отты жерге ұмтылады (С. Бегалин).

**Оттық, ақыр.** *Малға жемішөп салатын, шарбақпен қоршалған жер.* Атқа шөп салатын талай *оттықтың* талқаны шықты (З. Ақышев). Бет алдыңыздағы ұзынша қабырғадағы талдан тоқылған *ақырда* қыстыгүні ала сиыр мен оның торпағы байланады (Б. Соқпақбаев).

**Отырықшы, отырық сөйл.** *Кошпелі емес, бір жерге тұрақтап қоныстанған.* Бұл Жайыққа таяу жердегі *отырықшы* елдердің арасындағы мектеп-ті (Х. Есенжанов). Өнер-білімді халық *отырық* болып, медресе, мектептер салып, тәртіп-тағлим арқасында тапқан («Айқап»).

**Ох, ах, па, паһ, пау.** *Таңдану, таңырқау сезімін білдіретін одағай сөз.* *Ох*, шіркін, сондағы дөмі-ай! Әлі таңдайымнан кетпейді («Бөй-шешек»). Қарады капитанға осы келген. *Ах*, Зағаров, хош келдіңіз кездестік пе? Қуанды адамдай бір досын көрген (Қ.Бекхожин). *Па*, шіркін, қандай жақсы өлең, кімнің шығарған өлеңі? – деп сұрадым (Б. Момышұлы). *Паһ*, шіркін, азаматым, балуан еді ғой (С. Мұратбеков). *Пау*, шіркін, сенің жер-көктегі бидайықты жусатқың кеп жан ұшырып жүргенінді Нықан білсе болды ғой, – деді («Лен. жас»).

**Ошарылу, аңтарылу.** *Бір нәрсеге бөгеліп қалу.* Қарасай біртүрлі бүкшиіп *ошарыла* отырып қалған (М. Әбдіхалыков). Далабай әңгіменің желісі мүлде басқа арнаға ауысып кеткен соң, не істерін білмей, *аңтарылып* тұр (Р. Өтесінов).

## Ө

**Өзара, өзді-өзі.** *Бірімен-бірі, өзді-өзімен.* Анда-санда жігіттердің *өзара* сыбырласқаны болмаса, жұрт тым-тырыс, үндерін шығармай тындады (С. Шарипов). Қонақтар *өзді-өзі* дуылдасып, өткен-кеткеннен жөн сұрасып жатыр («Қаз. ертегі.»).

**Өзбек, сарт көне.** *Өзбекстан Республикасының жергілікті тұрғын халқы.* Олардың ішінде орысы мен *өзбегі* де, қазағы мен татары да бар (А. Хангелдин). Бұл там Мәтмұрат *сарттың* ас қоятын сарайы еді (З. Шүкіров).



**Өздігінен, өзінше.** *Өз бетімен, өз еркімен, өздігімен.* Мен немене *өздігінен* ойлай білмейтін құр ербиген қолсаққа болғаным ба? (М. Иманжанов). Кітапты оқығанда оны шын мағынасында түсініп, *өзінше* талдау жасаған жөн (Д. Айдаров).

**Өзен, дария.** *Белгілі бір арнамен ағатын табиғи су.* Желсіз түнде жарық ай, Сәулесі суда дірілдеп. Ауылдың жаны терең сай, Тасыған өзен гүрілдеп (Абай). Суық жел *дария* бетін жыбырлата соғып өтіп, қыздардың денелерін түршіктіріп жіберді (К. Құттыбаев).

**Өзімшіл, менменшіл, менмен, меншіл, дарашыл.** *Қара басының қамын ғана ойлайтын, өз пайдасын ғана білетін.* Кісіміп белгілі білгіш, Біреуге сондай-ақ күлгіш, Бұлықсып бұлданып босқа *Өзімшіл* оңбаған шерміш (Абай). Өзінің кемшілігін өзі білмеген оқушы нағыз *менменшіл*, *өзімшіл* сол (Н. Ғабдуллин). Нән, жуан, *менмен* кеуде намыс ері, Суық қол Батыраштың жібергені (І. Жансүгіров). Шектен шыққан *шеншіл* бар, Өр көкірек *меншіл* бар. *Меншіл* меншіл келеді, Өзгеге *сеншіл* келеді (М. Рашев). Мақталған, басқа балалардан оны артық тұтқан, үй шаруасынан босатылған бала да *дарашыл* болып өседі («Семья тәрбиесі»).

**Өзімшілдік, менменшілдік, менмендік, эгоизм.** *Өзімшіл болушылық.* Рас сөзге ор қазып, тор құрмақ не деген нысап, құры *өзімшілдік*, һәм *өзімшілдік* – әрбір адамды бұзатын пиғыл (Абай). Эгоизм, *менменшілдік*, *өзімшілдік* адамды рухани жағынан тайыздыққа апарып соқтырады («Қазақст. мект.»). Сізде *менмендік* бар да, іскерлік жоқ көрінеді, – деді Алма (З. Шашкин). Мұның бәрі Сабыржанның *эгоизмін* асқындыра түсіп, *менмендік*, өркөкіректік қанына сіңуге айналды (О. Сәрсенбаев).

**Өйдеу, олай деу.** *Олай деп айту.* Асан атаның *өйдеуінің* себебі бар шығар, кім біліпті (Ауызекі тіл). *Олай деме*, шырақ, сабыр сақтағанымыз жөн шығар (Ауызекі тіл).

**Өйту, олай ету, үйту сөйл.** *Ол айтылғандай істеу.* Бір ғылымнан басқаның Бәрі де кесел асқанға, *Өйтен* адам жолығар Кешікпей-ақ тосқанға (Абай). *Олай ете* қоймас деп ойлаған едік (Ауызекі тіл). *Үйтіп*, бұлдіріп қайтесің, жиен (О. Сәрсенбаев).

**Өкпелеу, бұртиу, бұртаңдау, кілтиу, торсию, торсылдау, торсаңдау, тосыраңдау.** *Біреуге өкпе-реніш білдіру, ренжу, кінә арту.* Қанат кетерінде Айкүміске *өкпелеген* қалпын өзгертпестен, енді айналып көрмейтін кісіше қатты бір зіл тастады (Ғ. Сланов). Біз күлекүле жәрмеңкеге жеттік. Баяубай бізге *бұртиып*, өкпелеп үйіне кетті (І. Жансүгіров). Сол ма манадан бері көжеге өкпелеген баладай *бұртаңдап* жатқаның (Ө. Қанахин). Қатар балалардың өзiлiн көтермейi, *кілтiе* қалатыным бар едi ауылда (З. Шүкiров). Неге хат жазбадың? – деп оған Нұрила *торсыып*, өкпе білдірді (С. Сарғасқаев). Проводниктен шай сұрап, өлі дайын емес деген жауапқа ол *торсылдап* ренжіп жүр (Д. Исабеков). Тынышбай *торсаңдап*, теріс қарап, қайтадан

жастығына құлап түсті (Б. Тілегенов). Бір атым насыбайға өкпелескен абысындардай, *тосыраңдай* қашатын қылық менің ғана мінім бе? (О. Бөкеев).

**Өкпешіл, өкпеші, өкпелегіш, қылтима, кілтима, ренжігіш, кідікшіл, кінәмшіл, кінәшіл.** *Не болса соған өкпелей беретін, кілт еткіш, кінә таққыш.* Бала кезде мен *өкпешіл* әрі тілазар болдым (Б. Соқпақбаев). Таныстарыңның ешқайсысына болмайды деме. *Өкпешіні* көбейтіп аласың (М. Дүйсенов). Көңілімнен кетпедің, Сенің көңілің мендей ме? *Өкпелегіш* деп мені, Өкпеледің сен кейде (Б. Нәжімеденов). Белі ауырмастың бір парасы – Қаланың кейбір *қылтимасы*, Кейбір дәйдің шыртимасы (Ш. Смаханұлы). Содан ешкім жоламай, Сорайып тұр *кілтима*, Саудаға да обал-ай, Жұрт алмайды бір түйме (Ә. Ахметов). Жоқ, мен *ренжігіш* адам емеспін, алаң болмаңыз, – деп жауап берді (Х. Есенжанов). Кем-кетік көңілі жарым адам *кідікшіл* болады (Т. Ахтанов). Жеңгесіне арзанқол шыттан көйлек, жаулық әперіп, аз нәрсемен *кінәмшіл* ағасын ырза қып аттандырып еді (Ә. Нұрпейісов). Жас бала *кінәшіл* да талғамшыл келетінін есте тұтқан жөн (С. Сарғасқаев).

**Өксік, еңкіл.** *Қатты күйініп жылаған кездегі ықылық.* Азаппен жиған ақ сүтін, Мезгіл-мезгіл сорушы ең. Жұмыста апаң жоқ күтім, *Өксікпен* өкпе соғушы ең (І. Жансүгіров). Сонда да жасты көзін сүрте-мүрте, *еңкілімен* қоса балағат сөзі тыйылмай, естілер-естілмес зар-зар етеді (М. Қуанышбаев).

**Өктемсу, ендіркелеу.** *Тым еркін болу, бой бермеу, киіп-жару.* *Өктемсіп* келе жатқан жау танкісі Төлenniң зығырданын қайнатып жіберді (К. Тұрсынқұлов). Оның көз алдына еркімен *ендіркелей* жүретін тыйымсыз күндері, моп-момақан Жәмидің именіп тұратын бейнесі елестеді (С. Бегалин).

**Өкшелес, деңгейлес.** *Бір-бірімен шамалас, қатарлас.* Оза алмай, *өкшелес* түсіп жүрсем де, айып па (Б. Тоқтаров). Киікбай аулымен *деңгейлес* көк жазыққа салынған ауыл үйлерінің қабырғасы сол жылы-ақ қаланып біткен (Б. Соқпақбаев).

**Өкілетті, хұқықты.** *Толық еркі бар.* Бұл істі шешіп беруге жоғары әкімшілік орындары ғана *өкілетті* («Жас Алаш»). Тең *хұқықты* Қазақстан халықтарының мызғымас достығы салтанат құрды («Егемен Қазақстан»).

**Өкімет, үкімет.** *Мемлекеттің саяси үстемдігі, билігі.* «Барлық *өкімет* пролетариат диктатурасына берілу керек» деген ұран көтерді («Азаматтық аясында»). *Үкімет* бөлісті шығарғанда осы бөліс арқылы елдегі жер теңсіздігін бітіргелі отыр (Б. Майлин).

**Өкіну, қынжылу, опыну сөйл.** *Бір нәрсеге іштей қатты ренжу, опық жеу, қиналу.* Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ, *өкінгеннен* не пайда? (Абай). Жұмыскерлеріне сүйсінердей бір ауыз тиянақты сөз айта алмағанына өзі де қатты *қынжылып* келеді (Ф. Мүсірепов). Нүсіп өткен

опасыздықтарының бәрін ойлай келіп, қараптан-қарап отырын *опынды* (А. Хангелдин).

**Өкініш, опық.** *Белгілі бір сәтсіздікке байланысты туған реніш, қапы қалушылық.* Алды үміт, арты – *өкініш*, алдамшы өмір, желігіп жерге тықпас кісің бар ма? (Абай). Бұл секілді жаужүрек жандармен бірге су түбіне кетсең де *опық* жоқ, – деді ол (Д. Әбілев).

**Өкінішсіз, опықсыз.** *Өкінішті емес, өкініші жоқ.* Өзінде *өкінішсіз* өткен менің көңілді жастық шағым – көктемдерім (І. Мәмбетов). Барша өміріміз *опықсыз* өтсін, әрдайым арманымызға жете берейік (Ө. Қанахин).

**Өкінішті, өксікті, қамырықты, опықты.** *Уайым-қүйініші көп, қайғы-қасіреті мол, опық жеген, мұң-шерге толы.* *Өкінішті* көп өмір кеткен өтіп, *Өткіздік* бір нәрсеге болмайтын жетік (Абай). *Өксікті* елдің көңілі үшін би ауылында жиылыс болатын болды (Қ. Тапшықов). Әр адамда оның көкейін кернеген ерекше *қамырықты* бір ой болатын көрінеді ғой, ағасы (Ә. Көшімов). Күні кеше артта қалған *опықты* күндерді ұмытқандай болатын (Ш. Мұртазаев).

**Өлгенше, өлгенінше.** *Өмірінің соңына дейін, ақырғы демі біткенше.* Алғыр құс, ағағы зор Ақан сері, *Өлгенше* ол жоқтаған Құлагерді (Д. Еркінбеков). Ғани *өлгенінше* кедей жастары, халық қамы үшін жанын аямай қызмет еткісі келді (Ш. Өтепов).

**Өлексе, өлік, өлімтік, жемтік.** *Өлген адамның, не жануардың көмілмей қалған денесі.* Ақ тұяқ атты бір қара «Қарасайлап» қалмады, *Өлексемен* үйілді Алатаудың сайлары (Жамбыл). Байдалы *өлік* үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті (М. Әуезов). Енді бір сәтте жүргіншілер өліп қалған жылқышылар мен жылқылардың *өлімтігіне* кездеседі (Н. Ғабдуллин). Әр жерде сирағы, бас жүні шашылып қалған *жемтіктер* көрінеді (М. Әуезов).

**Өлермендік, жанкештілік, жансебілдік.** *Өлер-тірілеріне қарамаушылық, жан аямаушылық, өжеттілік, батылдық.* Тек осы *өлермендіктің* арқасында ғана ол екінші кезенді тең аяқтады («Спорт»). Солдаттардың ер-тоқымын үйіп тастап, мал қолға тиісімен жыттық, міне, Жүкесі, бұнын аты – *жанкештілік* (Ғ.Мұстафин). Ол қанша әйел жабылса да, әл бермей, бір қолымен бауырына тас қып қысып алған баланы алып қашып, *жансебілдікпен* алысып жүр (Ә. Нұрпейісов).

**Өлу, қайту, үзілу, өту, кету, қиылу, мерт болу, қаза табу, дүние салу, қайтыс болу, мүрдем кету, опат болу, ома қабу, шетінеу, жан тапсыру, жан тәсілім ету, көз жұмды, бақилыққа аттану.** *Жүректің соғуы тоқталып, өмірдің таусылуы, көз жұму, жан беру, демі біту.* Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін *өледі* (Мақал). Сырбайдың бұрынғы әйелі *қайтып*, жасы отыздан асқан бір әйелді алды (С. Мұқанов). Ермұхан Бекмахановтың өмірі, 1965 жылы дәрігерлердің ажалдан құтқару жолындағы барлық қам-қаракетіне қарамас-тан, мезгілсіз *үзілді* («Ана тілі»). Ол *өтерден* он бес минут бұрын

қолын шошайтып баласын қасына шақырып ап, сыбырлады (З. Шашкин). Жалғанға келген адам *кетіп* жатыр, құданың құдіретіне бар ма шара (Қ. Қажарбаев). Қыршынынан *қиялды* ғой талай боздақ соғыста, Міне, содан мылтық көрсек, тітіркеніп тұрамыз (Т. Шопашев). Болайын деп тұрған бала екенсің, жалғыз жүріп *мерт болмасаң* жарар еді, – деген екен сонда батыр (М. Рүстемов). Ол былтырғы қыста ұзақ ауырып жатып *қаза тапты* (М. Әуезов). Онан соң қайта сөзге келген де жоқ, сол жерде Сарыбай да *дүние салды* («Қозы Көрпеш»). Тік інге аяғын тығып алған хан астындағы қаракер арғымақ мойнын астына ала жығылған бойы жұлыны үзіліп *мүрдем кетті* (Қ. Салғарин). Әкесі жау қолынан *қайтыс болғанда* Дарқан сегіз-ақ жаста еді (Р. Райымқұлов). Әкесі де, шешесі де *опат болған*, Сол үйде осы қыз ед қалған тірі (Т. Жароков). Әрі ақын, әрі құрбым намысым бір Дейтұғын өл де *ома қап* мен емеспін (М. Әуезов). Үйдің қожасы Миялы жағында бір ағайыны *шетінеп*, соның жаназасына кеткен екен (Б. Аманшин). Есік алдына хабар беруге қойған солдатқа оқ тиіп, тілге келмей, табанда *жан тапсырған-ды* (Ә. Нұрпейісов). Жан балам, – деген сөзді айтуға ғана шамасы келді де, іле *жан тәсілім етті* (З. Шашкин). Сөйтіп ол өз ісін ғалым болып бастады, батыр болып *көз жұмды* (Н. Баяндин). Әкей бұ фәни дүниеден *бақилыққа аттаныпты*, арты қайырлы болсын, – деп бастады ол сөзін («Қаз. әдеб.»).

**Өлшемді, мөлшерлі.** *Мөлшері шамаланған.* Жұмыс технологиясы түбегейлі жетіле қоймағанмен, бұл бригадалар *өлшемді* жұмыс күніне көшкен (Ә. Ысқақбаев). *Мөлшерлі* витамин күнделікті тамақ құрамына еттен, бауырдан, сүттен және басқалардан келіп жатады (Б. Омарұлы).

**Өлшемсіз, мөлшерсіз.** *Өлшемделмеген, шамалаусыз.* Мұнда *өлшемсіз* кесінділердің ұзындықтарын өрнектейтін сандар әлі күнге дейін белгісіз («Қазақст. мект.»). Көп, мол екен деп *мөлшерсіз*, мезгілсіз ағыза беруге болмайды (Ғ. Мұстафин).

**Өлшеу, таразылау, безбендеу, гірлеу сөйл.** *Заттың салмағын, көлемін белгілі өлшем арқылы анықтап білу.* Бақылауындағы сиырлардың ертелі-кеш салмағын *өлшейді* (Ж. Тілеков). Қырманшылар машинаға артқан бидайды *таразылап*, каладағы қоймаға жіберіп жатыр («Соц. Қаз.»). *Безбендеп* жыл табысын жар саламын, өмірді көркейту ғой аңсағаным (М. Рашев). Сойылған малдың етін *гірлеп* өлшеп, базарда отырған алыпсатарларға арзандау бағамен өткізді («Жетісу»).

**Өлім, ажал, қаза.** *Адам өмірінің тоқтауы, бітуі, сарқылуы.* Көп жасамай, көк ораған, жарасы үлкен жас *өлім* Күн шалған жерді тез орған, Күншіл дүние қас *өлім* (Абай). Мезгілінен ертерек *Ажал* неге сұқтанды, Ажалдан ісі ірірек, жүрегі бір-ақ тоқталды (Т. Жароков). Көріп қайтайын, өмір бар да *қаза* бар, батамды беріп қайтайын дегені сен едің (М. Әуезов).

**Өлімді, қазалы, ажалды.** *Өлімі бар.* Өлеңді жерде өгіз семіреді, *өлімді* жерде молда семіреді (Мақал). Мұның бәрі *қазалы* үйдің жүгін біраз жеңілдетіп тастайды (О. Сәрсенбаев). Жезмұрт құтылып кетті, қырық күн қан жауса да, *ажалды* өледі деген осы-ау (Ж. Саин).

**Өлісіреу, өлімсіреу.** *Бойдағы күш-қуаты азайып қалжырау, өлетін жандай әрең қимылдау.* Өлісіреген жүрекпен ақырын ғана иек қағудың орнына Ғаббас сақылдап күліп еді (М. Әуезов). Оның *өлімсіреген* түрін көргенде бетім дуылдап жанып қоя берді (Б. Қонарбаев).

**Өмір, ғұмыр, дүние, жалған, тірлік, тіршілік, дәурен.** *Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің өсу, даму процесі (өлімге қарама-қарсы).* Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ, Бүгінгі *өмір* жарқылдап алдар бірақ. Ертең өзін қайдасың, білмейсің, өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ (Абай). Қожа Ахмет Ясауидің мұрагерлері өлімге иман, тіріге *ғұмыр* тілейді (Д. Досжанов). Жарлығын бір Құдайдың біле алмайсыз, оған өлім тілеме, *дүние* тіле, кеткенше кедейлігің қызалмайсыз («Айтыс»). Қарындасымнан айырылып, жер бауырлап, жалғыз қалдым мынау *жалғанда* (О. Сәрсенбаев). Өлмектің артынан өлмек жоқ, тірі адам *тірлігін* істейді ғой (С. Омаров). Жас болғанымен *тіршіліктің* әрбір жүйесіне Асқардың көзқарасы бар (С. Мұқанов). Тіршілікте ойна да күл, Бұл *дәурен* екі айналып келмегі жоқ (Ы. Сандыбаев).

**Өмір бақи, мәңгі бақи, ғұмыр бақи.** *Өмір бойы, әрқашан, өле-өлгенше.* Ақбөпе сияқты жеңгемді жатжұртқа жіберме, *өмір бақи* жылаумен өтпесін (С. Жүнісов). Отан үшін өмірін қиған Боранның есімі туған ел-жұртының есінде *мәңгі бақи* сақталмақ (З. Қабдолов). Олар енді қайтып *ғұмыр бақи* жүздеспейді (Т. Әбдіков).

**Өмірбаян, өміртарих, ғұмырнама кітаби.** *Жеке адамның өмірі жайындағы толық мәлімет.* Әуелі оның *өмірбаянын* сұрадым, сосын өзімнің *өмірбаянымды* айтып бердім (А. Жақсыбаев). Ол өзінің *өміртарихын* өте әріден бастап баяндады («Жас Алаш»). Жырлап та, шырақп та айтқың келе беретін, айтқан сайын жаңа қуат, соны серпінмен жаңғыратын, мәңгі өлмес *ғұмырнама* (О. Бөкеев).

**Өмірлі, ғұмырлы.** *Өмірі ұзақ.* Баланың Амангелді атын қойды, Той қылып өздерінше барын сойды, Тарқасты бата беріп жиналған көп, *Өмірлі* болсын балаң абыройлы (О. Шипин). Табиғат-ай, сенің құбылыстарың ғажайып-ау! Біреуді ерте солдырасың, біреуді *ғұмырлы* етесің (Қ. Мүсірепов).

**Өмірлік, ғұмырлық.** *Өмір бойы, тұрақты.* *Өмірлік* азық балаңа, Сілтесе, бар деп алысты: Барар-ау ана соған да, Не дерсің ғажап сол күшті (Ғ. Қайырбеков). Ыбыш ағайға *ғұмырлық* дос болу – әрбір қазақ қызының арманы (З. Шашкин).

**Өміршен, өмір сүргіш.** *Өмір сүруге бейім.* Ұласқан ағаштар питомник арқылы өсіргендерге қарағанда *өміршен* және қысқа төзімді келеді (Ш. Хабибуллин). Жан-жануарлардың өзінің табиғи ортасында *тіршілік* еткендері *өмір сүргіштігімен* ерекшеленеді («Зерде»).

**Өнегесіз, тәлімсіз.** *Тәлім-тәрбиесі жоқ. Өнегесіз, үлгісіз өскен жетім балаға қыз бермеймін (З. Иманбаев). Тәлімсіз жыңды мінезі Ел жүрегін жаралар, Оқуға салмай көңілін, Бүлдірсе күтпей өмірін, Ақымақтыққа арандар («Ақын жырлары»).*

**Өнегесіздік, тәлімсіздік.** *Өнегесіз болушылық, тәлімі жоқтық. Қазақ ертегілерінде өнегелілік пен өнегесіздік қарама-қарсы қойылады («Қаз. әдеб.»). Қазақтың қиял ертегілерінің геройлары озбырлықпен, қиянатшыл тәлімсіздікпен, қатыгез өшпенділікпен күресте көзге көрінеді («Қаз. әдеб.»).*

**Өнерпаз, мініскер, өнерлі, шебер, майталман, өнершіл.** *Қолынан алуан түрлі іс келетін ісмер адам. Әсемпаз болма әр неге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де – бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан! (Абай). Оның қолы да епті, мініскер, атам заманғы радиоқабылдағышты өз қолымен жөндеген екен (Т. Нұртазин). Мәкен өнерлі, ісмер, кесте мен оюға әсіресе шебер екен (М. Әуезов). Қанат мұнай өндірісінің басында сол істің шебері болып та алды (Ф. Сланов). Қазакең әділ сөздің майталманы, Көңілге зіл алғаны байқалмайды (Қ. Ыдырысов). Өнершіл халық өзінің барлық шеберлігін сәулетті сарайлар, көркем ескерткіштер салуға, оларды безендіруге арнаған (С. Бакбергенов).*

**Өну, өнду, манду.** *Ілгері басу, нәтижелі болу, өнімді болу. Өмір бар жерде өну, өсу болмай тұрар ма (Р. Райымқұлов). Ылғи да осы ғой, істеген ісің өндімей-ақ қойды, – деп кейіді («Қаз. әдеб.»). Бұрын ері мойнына кетіп, мандымай жүрген шаруашылық қатарға қосылып, тез көтеріліп кетті (Қ. Жұмаділов).*

**Өнімді, өнікті, түсімді, өнімтал.** *Жетістікке жеткізетін, түсімі мол, нәтижелі. Әр адамның бағасына бір ғана өлшеуіш бар, ол – өнімді адал еңбек (С. Мұқанов). Қорық территориясында 1200 өнікті өсімдік өседі («Қазақст. мұғ.»). Қай жерде қай түлік тиімді де түсімді болса, сол түлікті көп өсіру керек (Т. Әлімқұлов). Ол, біріншіден, тарының өзі шығарған ғажайып өнімтал сортын тарту етті («Октябрь өрендері»).*

**Өнімсіз, жартымсыз, мардымсыз, мандымсыз.** *Өнімді емес, көңіл толарлықтай емес. Өнімсіз іске шеп-шебер, Майданға түспей несі өнер. Сиырша тойса мас болып, Өреге келіп сүйкенер (Абай). Базар асханадан алатын жартымсыз асынан жырып, немересінің аузына тосады (Ә. Ақбаев). Құлқын сәріден тырбанып көкеаязданып қатқан маядан мардымсыз шөп суырды (А. Нысаналин). Ол заманда қой шаруашылығының беретін өнімі мүлде мандымсыз еді (М. Ермеков).*

**Өңкию, дөңкию, өңірею.** *Ірі денелі адамның қолапайсыз болып көрінуі, қорбиюы. Денесі еңгезердей, бойы нар түйедей, қазан бас Кеншімбай өңкиіп алда келе жатыр (С. Омаров). Жиырмаға таяп қалған жігіттің кішкентай балалардың арасында дөңкиіп отыруы өрескел (С. Жүнісов). Абдал ілби басады, өңірейген дәу қара бастықтан шошып қалғандай (А. Нұрманов).*

**Өңмендеу, өзеуреу, езеуреу.** *Кеуделеп киіп-жару, орынсыз ентелеу.* Еркек басымен *өңмендеуін* қарашы ұятсыздың, – деп, оған кейіп қалды (Қ. Жұмаділов). Егер балаға *өзеуресем*, Тәрбияның көңіліне қаяу салам ба деген оймен ол баладан бойын сырғақтау ұстауға тырысады (С. Мұқанов). Ісінде де береке жоқ, сонда да жер мөлшерін білемін деп, *езеуреп* қоймады (Ә. Тарази).

**Өре, сөре, жайма.** *Үстіне құрт, ірімшік, т. б. заттар жайып кептіруге арналған төрт аяқты биік қондырғы.* Не қалды, көшкен елдің жұрты қалды, *өреде* жаңа жайған құрты қалды (И. Байзақов). Бояуы көшкен қарақожаалақ пеш, жерге төселген шоқпыт құрым киіз, босағада тұрған *сөре* – бәрі де Раушанға жат көрінді (Б. Майлин). Дәу табақ көжені жалғыз отырып әкесіне көрістірген соң, көрші үйлердің *жаймадағы* құртын не қылсын (О. Бодықов).

**Өрен-жаран, бау-шарбақ, үрім-бұтақ, зәузат, тұқым-тұқиян, туған-туыс, туған-туысқан.** *Бір атадан тараған бала-шаға, ұрпақ, туған-туыс.* Жер аударған жақтан қашқан бай-молдалардың *өрен-жарандары* Қамыскөлдiң төңірегінде тығылып жүрген көрінеді («Қоғамдық тәртіп»). Маған қарасты бала-шаға, *бау-шарбақ* бәрі бір жерде тұрады («Жұлдыз»). Өз кіндігімнен тараған *үрім-бұтағым* отыз жетіге толып, бүгінде ақар-шақар ауыл болдық (Ф. Дінісламов). Осы зиратта жатқан бүкіл үрім-бұтақ, *зәузаттарын* тегіс атап, солардың рухына бағыштап бетін сипады (Қ. Жұмаділов). *Тұқым-тұқиянынан* түгел айырылып, қаңқайып қара басы қалғандар да тіршілік етіп жүр (Б. Нұржекеев). Ояз Абайдың әйелі мен *туған-туыстарын* көргісі келетінін айтты (Қ. Оразалин). Оның көз алдынан *туған-туысқаны*, туып өскен жері елес беріп өтіп жатты (Ә. Шәріпов).

**Өршелену, өзеуреу, өңештеу, кеңірдектеу, арындау, аршындау, өкіректеу, өкірештеу, өкірендеу, өңмеңдеу, омыраулау, өндіректеу, өңірендеу, кеуделеу, адуындау, өжектеу қарап., жанығу экспр.** *Біреудің сөзіне, істеген ісіне жеңістік бермей таласып отырып алу, қырсығу, ерегісу, екілену, екпіндеу.* Мұғалімнің «тынышталындар» деген даусы шыққан сайын оқушылар кезек-кезек тәртіпсіздік істеп, *өршеленіп* кететін («Халық. мұғ.»). Маған мәшине керек, мәшине! – деп, Құлке *өзеуреп* телсіне берді (Б. Тоғысбаев). Жұрт осы бір дәлелді сөздерді теріске шығара бастамаста, Фалым *өңештей* бермес еді (С. Шаймерденов). Бастық шіркін бастық қой, қайда болса да *кеңірдектеп* сөйлейді (Қ. Бекхожин). Арқалық, ақымақсын *арындаған*, Аңғал жігіт қақпанға арандаған («Батырлар жыры»). Алматыда *аршындап* қазақ ақын келдіретін бұл сөзді жаза алатын (С. Мәуленов). Шаймұраттың ақырын сөйлейтін түрі жоқ, өлердей ішкен мас адамдай *өкіректейді* (Қ. Сатыбалдин). Қойсайшы, үйде кісі жатыр дегеніне қарамай, анау *өкірештеп* Сақыштың жанын қоймайды (Қ. Жұмаділов). Жұматай *өкірендесе*, Биғайшаның денесі суық су құйғаннан жаман мұздап, қалтырап кетеді (Б. Майлин). Жау аш кенедей жабысып,

есерлене ентелеп, *өңмендей* берді (С. Сейітов). Е, сен *омыраулап*, баса-көктеп көшпей-ақ, хабар салып, тілдесіп алсаң нетуші еді (М. Әуезов). Ахметбек пен Қайыр кітап-қағаздарын бірге оқып, қызыл кеңірдек боп таласып, *өндіршектеп* жататын (Б.Тілегенов). Омырауында дөңгелек жез знагы бар бір *өңіреңдеген* жендет кіріп келді (С. Бегалин). Оның көзі өзіне қарай *кеуделеп* келіп қалған машинаның доңғалағына түсті (К. Сегізбаев). Келесі сәтте қыз инженердің *адуындай*, алқына сөйлеген сөздеріне оралды (Т. Нұртазин). Бұл арада шалмен *өжектеп* сөз таластырып жатудың реті де жоқ қой (Б. Тілегенов). Онысын мынау *жанықтырып*, үсті-үстіне тепкілеген тақымы мен қамшысынан аңғарып келеді (Ә. Кекілбаев).

**Өршу, өктеу.** *Үдей, күшейе түсу.* Өкпек жел өкпе тесердей *өршиді*, қаңбақ қуалап, қаралы күйдің үнін әкеліп құлаққа ұрғандай болады (З. Асабаев). Суық жел күндіз-түні *өктей* соғып, Кей-кейде құйды нөсер тасырлатып (М. Әшірбеков).

**Өрімдей, өндірдей, уыздай, қылқандай, өрімтал сөйл.** *Жап-жас, уыздай, ұлбіреген, ұылжыған.* *Өрімдей* талай сұлу мөлдіреген, Жүрегі жыра гартып елжіреген. Жықса да Бағыданы тұрды тілеп, Қасымға қарсы болып көлденеңнен (И. Байзақов). Ей, Еламан, мына алдында тұрған *өндірдей* жігіттерді көресің бе? – деп көрсетті (Ә. Нұрпейісов). Өмір бақи қыз білегінен ұстап көрмеген *уыздай* бозбалалар ұйқыда (Т. Бердияров). Даңқты Сәкеннің аузына *қылқандай* жас жігіттер қадала қарап қалды (Х. Есенжанов). Жұмабек атқыштар ротасына алғаш келген кезде жап-жас *өрімтал* бала жігіт еді (С. Сейітов).

**Өрісті, өңірлі, алқапты.** *Өрісі мол, ұлкен аймақты.* *Өрісті* далам, өр далам, Бір өзі байтақ мол ғалам, Жырыма арқау сен ғана, Кең далам, сен деп толғанам (З. Ыбыраев). Кең *өңірлі* Сарарқа – мал жайылымына қолайлы өлке («Соц. Қаз.»). *Алқапты* кең өлкемнің аймағынан Жерімде ойын, тауымда той, ойда думан, Көтерілген қыртыстың қырқасынан Қатарласа қалың топ қызу қырман (Ж. Сыздықов).

**Өсек, өсек-аян, пыш-пыш, сыбыс, сыпсың, қауесет, дақпырт, ғайбат.** *Ұшқары ойдан құралған алыпқашпа сөз, әңгіме.* Жамантайдың баласы Көжек деген, Әркімге *өсек* тасып безектеген (Абай). Мәжиттің мінезі өткір, адал болатын-ды, *өсек-аян*, ғайбат дегенді білмейтінді («Қаз. әдеб.»). Ол ағайын арасының *пыш-пышына*, ру арасының жанжалына араласпады (Т. Әлімқұлов). Дәрігер қызға таласып, қырсық, бөле содан басталыпты деген *сыбыс* тарап кеткен (К. Тоқаев). Жұрттың *сытсыңына* қарағанда сол банды ішінде Құланжан да болған дейді (А. Нұрманов). Ертеңінде-ақ «Ойбай, Қарлыға кемпірдің баласы Қалан шөп артқалы жатқанда ұсталыпты» деген *қауесет* ду ете қалды (О. Тәжиева). Қамқор туралы естіген *дақпыртқа* өкпе назын артатын Мамыр шешесінен естіген Жүгенбай сөзінен шошыды (К. Оразалин). Сен сол кезде дүниеде не болып жатқанын, зұлымдық қайсы, адамдардың *ғайбаты* қайсы, опасыздық, өсек деген бәлелерді бір сәтке ұмытасын (М. Құттықов).



**Өсектеу, жамандау, даттау, пыш-пыштау, ғайбаттау.** *Біреуді сырттай сөз қылып өсек айту, сөз тасу.* Арынның ісін ала қыстай әңгіме қылып, *өсектеп* жүрген жұрт жеме-жемге келгенде шұғыл өзгеріп, құбыла қалды (Р. Токтаров). Жандарал елден Абайды *жамандан* түскен арыз болса, оны ерекше ықыласпен тындайтын (М. Әуезов). Жақсы жүрген жерін мақтап жүреді, жаман жүрген жерін *даттап* жүреді (Мақал). Түбіме жеттіндер, *пыш-пыштап* сөз тасиды. Екінін бірі шағыстырып және тынбайды (Д. Досжанов). Біреулер күліп, біреулер қостап, біреулер *ғайбаттап* жатыр (О. Сәрсенбаев).

**Өсекшіл, өсекқұмар.** *Өсек айтқыш, өсекке әуес.* Таза жүрек, ақ пейіл Ренжітпейді жолдасын. Өзін жалтақ, *өсекшіл*, Болсаң өмір оңбассың (Ы. Сандыбайұлы). Он төрт жасқа шыққанда ауылдың *өсекқұмар* әйелдерінен өзінің Бектенбергеннің қызы екенін естіді (М. Жұмағұлов).

**Өсиеттеу, өнегелеу, ғибраттау.** *Үлгі-өнеге айту, үлгі көрсету.* Абай атамыз міне дәл осы баянды еңбекті сол кезде де *өсиеттей* білді (І. Омаров). Табиғат *өнегелеп* сол бірлігін, Мойнынан түсіргендей мол бір жүгін (Е. Ибраһим). Ел игілігі үшін аянбай тер төккен абзал азаматтарымызды *ғибраттаған* әдеби шығармалар жарық көрді («Мәдениет және тұрмыс»).

**Өстен, канал.** *Су ағатын жасанды арна.* Жоғарыдан *өстеннің* суын пайдаланамыз («Оңтүстік Қазақстан»). Ертіс-Қарағанды *каналының* басшылары Қалқаманға бет алып бара жатты («Қаз. әдеб.»).

**Өстіп, осылай етіп.** *Осы айтылғандай етіп.* *Өстіп* жанымызды шүберекке түйіп келе жатқанда тар қапастай тау құшағы ашыла берді (Ө. Тұрманжанов). *Осылай етіп* келе жатқанда алдымыздан өлдекімдердің даусы естілді (Қ. Қайсенов).

**Өсу, біту, шығу, өну.** *Дән мен тұқымның жан-жаққа тамыр тартып көгеруі.* Түптеп *өсетін* өсімдіктер бір жылдық және көп жылдық шөптесін өсімдіктерден де кездеседі (Т. Мұсақұлов). Қына тасқа *бітеді*, Білім басқа бітеді (Мақал). Тау басына шөп *шықты*, Шөп шыққанда көп шықты (М. Әлімбаев). Сепкен тұқым тұнған лайдың астында қатады да, жұқа және жұмсақ лайдан тез *өніп* шыға келеді (С. Мұқанов).

**Өсімтал, өнімтал, өскелең, өскіш, өңгіш, жетілгіш, өсімпаз, өсімді сөйл.** *Тез жетіліп, тез өскіш, көбейгіш, өңгіш.* Алдымен қоғамдық малдың аса *өсімтал* түрі – қой түлігін көбейтудің тиімділігін айтар едік (Т. Айдаралиев). Микробтардың кейбіреуі сыртқы ортаға өте төзімді, өте *өнімтал* және әртүрлі ортаға бейімделгіш келеді («Аса жұқпалы ауру»). Ғаббас *өскелең* егінге су жіберіп, арам шөптерін жұлып баптады (С. Қасиманов). Ерте туылған қозы жылдам *өскіш* келеді, ондай қозыдан жүн көп қырқылады («Шопан серігі»). Арам шөп тез шыққыш, *өңгіш* келеді («Түсіндірме сөздік»). Тез *жетілгіш* ұзын жүнді қойдың жүні жып-жылтыр болады (М. Еркеков). Баласындай балдыр-

ған, Бөкең соны өсірді. Түйе жақсы көретін ащы шөптер *өсімпаз* келеді де, жайылып тойған түйе көбінесе шөгіп дем алады (М. Тілеуғабылов). Қарасаң қайран қалдырған Қанты болды *өсімді* (Ф. Дінісламов).

**Өсіңкі, өсік.** *Аздап өсіп кеткен.* Бұл еліктердің жүні қалың, жібектей жылтыр, аздап *өсіңкі* келеді (Шопан серігі). Сақал-мұрты *өсік*, қас-қабағы түксиген өңшең ашулы жандар (Т. Бердияров).

**Өткінші, өткіншек, өтпелі.** *Тез арада өтіп кететін.* Ахметтің ашуы *өткінші* жауынның бұлтындай тез тарады (А. Хангелдин). Жаздың осындай сұрапыл *өткіншек* жауынын жақсы көремін, – деді комиссар терезеден көзін алмай (І. Есенберлин). Кейде адамда осындай бір төмендейтін кез болады, бірақ ол *өтпелі* нәрсе (Қ.Жұмаділов).

**Өткір, қиғыр, кескір.** *Қайралып жүзі өткірленген, бірден кесіп түсетін.* Оның поэзиясы қылыштан қиғыр, қанжардан *өткір* халықтың қолындағы қаһарлы қару болды («Мәдениет және тұрмыс»). Құлағын *қиғыр* қылыштай қайшылап, таң шапағатымен сәулеттеніп тұр (А. Тоқмағамбетов). Сүйінші мінді қара атты, Жолдасы мінді көк атты. *Кескір* қылыш, найза іліп, Екеуі кетіп барады («Батырлар жыры»).

**Өтімдірек, өтімділеу.** *Сөзі жүретін, айтқанын істете алатын.* Сөзім *өтімдірек* болып, нысанаға дәл тиюі үшін лауазымын атауды мақұл көрдім (А. Шамкенов). Бастықтың бірі ұяң мінезді, сыпайы болса, енді бірі тым *өтімділеу* сияқты (З. Асабаев).

**Өтініш, тілек, өтіл жерг., үзір көне.** *Белгілі бір істің орындалуы жайлы талап, ұсыныс.* Менің сенен *өтінішім*, қарағым, бізге арнайы келіп малшылардың тұрмысын өз көзіңмен бір көрсең екен (Ә. Әлімжанов). Ел-жұрттың *тілегін* тындамай, Андас бет алды ақыра береді (К. Әзірбаев). Әңгімелесіп отырғанда Шілбике тағы да бір *өтіл* айтыпты (Т. Жармағамбетов). Мұнда тағы бір-екі күн болыңыз, – деп, *үзір* қылып жібермеді (С. Торайғыров).

**Өштесу, қасасу, қастасу, қастану.** *Араз болып жауласу, дұшпан болу.* Екі «дос» бір-біріне *өштеседі*, Қастанбай Торайғырдың тас па жаны («Айтыс»). *Қасасқан* жау Қызылбас, Қанқор Қадан қол бастап, Шауып кетті Қиятты (М. Әуезов). Армандары кеткен мүлде астасып, Ағайынның арасына сөз тасып, Бір адаммен достасудың орнына Ораламыз екі адаммен *қастасып* (Қ. Мырзалиев). Сөйтіп отпен күрес кетті басталып, Екеуі де алған сонша *қастанып* (Е. Ибраһим).

## П

**Пайғамбар, нәби.** *Алланың дінін, уағызын қауымға таратушы, әулие, көріпкел.* Исламда әулиелердің ең үлкені *пайғамбарлар* мен сахабалар болып саналады (О. Дастанов). «*Нәби*» деген сөзді білмесендер айтайын, ол пайғамбар деген мағынаны білдіреді (Х. Есенжанов).

**Пайдакүнем, пайдакер, пайдақор, пайдашыл, пайдақұмар, құлқынқұмар, құлқыншыл, құлқынның құлы.** *Ебін тауып, тегін пайда түсіруді мақсат ететін жырды, жемқор.* Бұлар да Россияға келіп сіңісіп кеткен *пайдакүнем*, жемқорлар (Б. Соқпақбаев). Қарыз алған – айлакер, қарызға берген – *пайдакер* (Мақал). Халық мұрасын көрінген саудагер мен *пайдақорлардың* талан-таражына салдырып отыруына бола ма? (А. Машанов). Американдық *пайдақұмарлар* алтынға бай кен орындарын сатып алды (Е. Бекмаханов). Орын сатқан *пайдашыл*, Жұлып қалар майдашыл (Қ. Әміров). Маған ақша тапсам болды деп білетін *құлқынқұмар* саудагер магазин иесінің қылығына қынжылмасқа болмады (Ә. Шәріпов). Хан, сұлтандар өздерінің *құлқыншыл* пейіліне бақты («Қазақ ССР тарихы»). Қоғамның мүлкін қорғаған – халықтың ұлы, Қоғамның мүлкін қармаған *құлқынның құлы* (М. Әлімбаев).

**Пай-пай, паһ-паһ, пәлі, бәлі.** *Бір нәрсеге таңырқап таңданғанда, сүйсінгенде көңіл қошын білдіретін ишарат сөз. Пай-пай*, қандай әдемі еді, Ту-у, ауызға салғандай болатын (М. Сүндетов). *Паһ-паһ*, жануардың өрге қарсы сілтеуін-ай, – деп таңырқап шулады (З. Жәкенов). *Пәлі*, мына Николай баяғы дүлейді жеңген отыз төрттің бірі болып шықты ғой (Е. Тұрсынов). *Бәлі*, ана бір келіншекті қара, – деді бір кезде Мұратбек жерден жеті қоян тапқандай елең етіп («Лен. жас»).

**Пайшы, жарнашы.** *Тұтынұшылар одағының мүшесі.* Ақшаға ештеңе жоқ, әуелі *пайшы* болу керек («Түсіндірме сөздік»). Бұл салада 150 мыңнан астам *жарнашы* бар (Ж. Боданов).

**Пайым, парық.** *Бір нәрсе жайындағы түсінік, ұғым.* Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар, Сомалап ақшасына санап алар, Біреу ұқпас бұл сөзді, Бағасын *пайым* қылмай-ақ аң-таң қалар (Абай). Аңы мен тұщыны Татқан талай халығым, Айыра білер ел-елдің Ақ пен қара *парығын* (Жамбыл).

**Пайымдағыш, пайымшыл.** *Бір нәрсеге мән беріп байқай алатын.* Досжанның әр нәрсені *пайымдағыш*, сергек жан екенін әредік байқап, танып та қалып еді (А. Байтанаев). Жан сезімі терең Жаппар *пайымшыл* да ғой (Е. Әкімқұлов).

**Пайымдау, бағамдау.** *Бірдеменің мән-жайын түсініп, аңғару.* Өзің қандай, мен қандай, жалыным аз бойымда. Көне тартқан шағым бар, көзіңді сол *пайымда* (Жамбыл). Ол ұзақ жолға шықпас бұрын бөрің де өзінше *бағамдап*, болжаған (К. Сегізбаев).

**Пайымды, байыпты, орнықты, бағамды, салдарлы жерг., байымды сөйл.** *Істеген ісіне ұқыпты, сенімді.* Батыр болса бола білсін қайырлы, Кеудесі кең, ақыл-ойға *пайымды* (Мақтымқұлы). Айжан *байыпты* мінезіне көшіп, сабырлы үнде ақыл салды (З. Шашкин). Директор телефон құлағын байыпты, *орнықты* адамға тән қимылмен көтерді (З. Шашкин). Ақын творчествосына қатысты *бағамды* байламдарды жинақтап біраз табуға болады («Қаз. әдеб. »). Абрек көпті

көрген *салдарлы* кісідей маңғазданып сөйлеп кетті (С. Омаров). Фарифолла институтта өткен ғылыми конференцияда өте мазмұнды, *байымды* еңбегімен көзге түсті («Лен. жас»).

**Паналау, қорғалау, сағалау, саялау.** *Біреуге арқа сүйеп тірек ету, қорған тұту.* Айзада шешесін *паналап*, бөденедей бір уыс болып, оның қойнына кіріп кетті (Ж. Тәшенов). Бұтаға *қорғалаған* торғай да аман қалмаушы ма еді (М. Әуезов). Қысың қатты болса, қамысты жерді *сағала* (Мақал). Олар қол ұшын беруге жараған өздеріндей шаруаларды *саялады*, солардың көмегімен жұмысқа орналасты (Е. Естаев).

**Панасыз, қорғансыз.** *Қамқоршысы жоқ, қорғанышсыз, тірексіз.* Балалардың алды Сигат деген әке-шешесі, туысқан-туғаны жоқ 12-13 жасар бір *панасыз* бала еді (С. Мұқанов). Олар қарсылық көрсете алмайтын *қорғансыз* момындарды аса айуандықпен, арсыздықпен тонайды, талайды (Ж. Молдағалиев).

**Панашыл, қамқоршыл.** *Біреудің мұң-мұқтажын ойлап, қамын жегіш.* Біздің жердің адамдары жуас, мейірбан, *панашыл* келеді (Ж. Жұмаханов). Жансейіт жолдасына дегенде ішкен асын жерге қоятын көпшіл де *қамқоршыл* жан екен (М. Хасенов).

**Парақор, парашыл, жемқор, жегіш, жебір, жеміт, жемпаз.** *Пара алғыш, парашыл, алымпаз.* Әлібек ауылдың кәдімгі қу десе қу, сұм десе сұм, *парақор* адамы еді (Б. Момышұлы). Ол кез – көп бидің «сыбаға» деп, «жол» деп мол параны бадырайтып алып жататын *парашыл* кезі (М. Әуезов). Ертеде Садық деген қаһарлы *жемқор* хан болыпты («Қаз. ертегі»). Адалдық үшін алысып, *жегішке* ақы төлетті. Бас шайқаймын дегеннің Басына салды әлекті (Абай). Оның өлең-жырлары *жебір* билер мен кеудесін керген байларға бөгелектей тиді (Х. Есенжанов). Кәрі құда – ең сұрамсақ, әсіресе алымпаз, тойымы жоқ, *жеміт* құда (М. Әуезов). Енді міне Тобықтының *жемпаздары* қасаптың да семізін құртып барады (М. Әуезов).

**Парақорлық, парашылдық, жемқорлық.** *Парақор болушылық, пара алғыштық, Парақорлық* аса қауіпті, төзуге болмайтын қылмыстық әрекетке жатады («Соц. Қаз.»). *Парашылдық*, ырымшылдық бәрі бізге жат ескінің қалдығы («Лен. жас»). Ру басшылары мен старшиналардың озбырлығы және *жемқорлығы* шаруалардың шыдамын тауысады (И. Кенжалиев).

**Парасатсыз, санасыз, түйсіксіз.** *Парасатты емес.* Айт дегенде іркіліп, Бойымды алам тартайын, *Парасатсыз* жамандай, Жүрексініп саспайын («Ақберен»). Байлаусыз тақыл, Атадан бала ойы өзге, *Санасыз* ойсыз жарым ес, Өз бойында – ар емес (Абай). Рахима аз да болса көмегі бар, *түйсіксіз* жан емес, бәріне түсінеді (А. Байтанов).

**Парасаттау, милану, ойлану, парықтау.** *Ақылға салу, толғану.* Қазір отырып дусыз-дүрмексіз оңашада қайтадан *парасаттайды* (Д. Әбілев). Әдетте дәлелсіз, дәйексіз жазылған сынға оқушы илана бермейді, *милана* бермейді (М. Әлімбаев). Терезеге қарап отырып, ұзақ

*ойланып*, ақыры осыған келісті (Қ. Асанов). Онда менің жас уақытым гої, бірдецені *парықтайтын* кезім бе екен (Ө. Қанахин).

**Парасатты, ұлағатты, салауатты, көшелі, парықты, ойшаң, ойлы, қасалықты, тоқтаулы.** *Ой-өрісі кең, білімді, зерделі.* Ол бір сабырлы да *парасатты* адам екен, жайлап менен жөн сұрап отыр (Қ. Қайсенов). *Ұлағатты* адамның аузынан салиқалы сөз естіп, сол күні бір жасап қалдық (Н. Әбуталиев). *Салауатты* жігіт ағасына қарт ауылдастары риза болып, таңдай қағысты («Қазақст. мұғ.»). Байсалды да сабырлы жігіт қашанда *көшелі* қарияның сөзіне күдік келтіріп көрген жоқ (С. Санбаев). Өзі кай нәрсенің де жөнін білетін тындырымды, *парықты* жігіт десетін болды ауылдастары («Дала дауылпаздары»). Біздің бүгінгі балалар – бойшаң ғана емес, *ойшаң* да балалар («Уақыт және қаламгер»). Шындықты сүйетін *ойлы* бала көрінесің, осы бетіңнен тайма, – деген еді сабырлы кейіппен салмақтай сөйлеп (З. Шашкин). Лекер, Бітімбай мен Аталықты, Жанғожадан кім көрген қапалықты. Байұзақ одан соңғы адамы еді, Бәрі де кісі-ақ еді *қасалықты* (Абай). Арынғазы, сөз жоқ, жұмысқа бейім, *тоқтаулы* адам (А. Жақсыбаев).

**Парасатшыл, ойшыл.** *Сана-сезімі мол, білімді, білгір, көп ойлайтын.* Байсалды да табанды, *парасатшыл* да сыршыл жан деп таниды оны (Д. Әбілев). Ол – сол кезінде де жазушы, сол кезінде де ақын, сол кезінде де *ойшыл* (Ғ. Мүсірепов).

**Парлау, қосарлау, жұптау.** *Екі-екіден жұп жасау.* Арбалардың барлығына кілең қызыл қасқа өгіздер *парлап* жегілген (Т. Сағымбаев). Кезекті шығармасын жазып отырып, әр жеріне *қосарлап* алуан түрлі суреттер де салған (М. Әлімбаев). Қазылар белдесетін жігіттерді осылай *жұптап* шықты да, күрестіре бастады (Ә. Кекілбаев).

**Парлау, қалықтау.** *Аспанға шарықтап ұшу.* Баба бүркіт барлап ұшады, бала бүркіт *парлап* ұшады (Мақал). Жомарт жаздың мау-жыраған тынық күнінде *қалықтаған* бозторғай аспан әуенінде ән салады (Ә. Нәбиев).

**Партияшыл, партиягерлік, партияқор.** *Жікке, топқа бөлінуге құмар.* Жаулардың жақсылары *партияшыл*, Бәрі де бұзық ойлы, көнілі қара («Айтас»). Жарылқанға мылтықтың атылуы Тәйтіктің елді екіге жарған *партиягерлік* бүлігінен шықты (Ш. Хұсайынов). Жиында Қарадырдың барлық атқамінер пысығы, нелерызғарлы жуан, нелер сұрқия *партияқорлар* бар (М. Әуезов).

**Парыз, қарыз, міндет, борыш.** *Атқарылуға тиісті қызмет, қас-терлі іс.* Атаңның адал батасын, анаңның ақ сүтін ерлікпен ақтау – саған *парыз* (А. Бек). Анаңды Мекеге үш мәрте арқалап барсаң да, *қарызыңнан* құтыла алмайсың (Нақыл сөз). Ержан батыл сөйлеп бір кезде: «Білмегенді үйрету. – біздің *міндет*», – деді (Қ. Ұябаев). Жолдастары Құлшыбайды құрметпен жерлеп, ақырғы *борыштарын* өтеді (С. Омаров).

**Парықсыз, байыпсыз, бәтуасыз, берекетсіз, пайымсыз, берекесіз, оспадарсыз.** *Істің мән-жайын, парқын білмейтін, әр нәрсеге атүсті қарайтын.* Сөзге *парықсыз*, әлденелері айта салатын Нұржамал соның үшін де Жақыпбек десе күлдік ұрып, ізет білдіріп тұратын болды (М. Иманжанов). *Парықсыз, байыпсыз* дарақыланған күлкілер көбейе түсті күпеді (С. Бердіғұлов). Асылы бұл соқыр тазы жетектеп сонарға шыққан *бәтуасыздың* талабы іспетті (Б. Әбдіразақов). Санаулы болсақ та, ұятқа қалдырмаймыз. *Берекесіздердің* жүгін өзіміз-ақ көтереміз (С. Хайдаров). Қорам оқта-текте дүңк еткен *пайымсыз* сөзімен тағы да бір көрініп кетеді (Р.Райымқұлов). Құнарлы жер *берекетсіз* пайдаланылып, құнарынан айырылған жер шөлге айналды («Соц. Қаз.»). Өзі шаршап келе жатқан әйел әлгі балалардың *оспадарсыз* мінездеріне ызаланып, жарылып кете жаздады (М. Дүйсенов).

**Пасық, бықсыма, бықсық.** *Қулығы мен бәле-жаласы бар арам ойлы, арам пиғылды.* Сиыр сушыл келеді, *пасық* адам күншіл келеді (Мақал). Ол мылжыңның кеудесі толған бырсып жатқан *бықсыма* арамдық (М. Әуезов). Жок, жолдастар, ондай *бықсық* ойдың адамы мен емеспін (І. Жансүгіров).

**Патша, падиша.** *Бұрынғы кездегі ел билеуші.* Персия *патшасы* Кир өз армиясындағы әскерлердің бәрінің атын білген («Ғалам ғажаптары»). Машырап дуана Хорезм *падишасының* қолынан қаза тапты (О. Дастанов).

**Пәк, таза.** *Өмір талқысына түсіп бұзылмаған, бүлінбеген, адал, ақ.* Өзі *пәк* болған соң Үриядай «апаның» қоқан-лоқысына барынша сенеді Айбала (А. Токпанов). Жас бала өзін таза, бұзылмаған, Бақшада бір *таза* гүл үзілмеген («Қаз. әдеб.»).

**Пәктік, нақақтық, күнәсіздік, пәкізелік.** *Пәк болушылық, күнәсі жоқтық.* Кейбір мінезің, көңіліңнің *пәктігі* аумай қалыпты Ақаңнан (Ә. Шүкіров). Әлі де *нақақтығын* ойлап күйіп жүр еді (М. Әуезов). Жұқа ернінен нәресте күлкісі арылмаған сүйкімділік – періште *күнәсіздігін* елестеткендей (Д. Әбілев). Шешесін сағынып жүргендіктен еркелетіп, баланы *пәкізелікпен* құшақтағысы келеді (Р. Токтаров).

**Пәлен-түген, пәлен-пәштуан.** *Анадай-мынадай, оғып-бұғып, өйтіп-бүйтіп.* Әзірге *пәлен-түген* екен деп қорытынды жасауға тым ертерек (М. Дүйсенов). Әйтеуір *пәлен-пәштуан* деп, ғылым мен оқудың түбіне бойлайтындай Алматыда орын тауып қалып қойды (К. Сегізбаев).

**Пәтуасыз, құбылмалы.** *Сөзінде тұрмайтын, айнығыш, айнымалы, кілт етпе.* Ол өзі көп сөйлейтін, даурықпа, *пәтуасыз* адам болатын (Ғ. Ахметов). Бұл жалғаннан *құбылмалы* адамдар, жоғала ма мәңгі бақи жарандар («Шығыс жұлдыздары»).

**Пейіш, жұмақ, ұшпақ, жаннат, иранбақ, гүлстан поэт., ұжмақ сөйл.** *О дүниедегі рахат орын, бейіш.* Бұл дүниеде жазықсыз қиямет

тартқан адамның орны *пейиште* бөлек болады екен («Қаз. ертегі.»). Ол дүниеге барғанда *жұмақта* болуы үшін күніне бес рет намаз оқу керек делінген құранда («Қазақст. мұғ.»). «Мың күнгі *қишақтан* бір күнгі тіршілік» деген (С. Мұқанов). Қасиетті өзеннің жағасынан тағы да бір пенденің жаны *жаннатқа* қарай сапар шекті (Т. Ахтанов). *Иранбақ* дегеніміз – шығыс ертегілеріндегі жаннат бағы («Түсіндірме сөздік»). Бұлбұл күс зымыстан көрмей, *ғұлстан* қадірін білмес (Мақал). *Ұжмағының*, басқаның керегі жоқ, Ұлы Отанның жетеді нұры маған (М. Мақатаев).

**Пендешілік, пенделік, күнөкарлық.** *Адамға тән осалдық, қателік, кемшілік.* Жасаған ием, *пендешілікпен* артық-ауыз айтқанымыз болса, кешіре гөр, – деп түс-тұстан жамырай шыққан дауыстар естілді (Н. Қазыбеков). Оныңыз рас, менікі тек *пенделік* қой, – деді кенеттен басы салбырап кеткен көршісі (Қ. Исабаев). Бұлай деу *күнөкарлық*, мұндай сөздер үшін Құдай жазасыз қоймайды (Қ. Жарықбаев).

**Перде, шымылдық.** *Есік-терезеге, театр сахнасына құрылатын әр түрлі матадан жасалған бұйым.* Міне, соңғы акт ойнады. Шығарма аяқталды. Сахна *пердесі* жабылды (Қ. Бақаев). Сахна *шымылдығы* ашылып, залдағы жұртшылық ұлттық киім киген оркестр артистерін жылы шыраймен қарсы алды (Ж. Рсалдин).

**Перзентхана, нәрестехана, сәбиxана, бөбекхана.** *Екіқабат, жүкті әйелдердің босанатын үйі.* Өмірге енді есік ашушыларға – *перзентхана*, ойнайтынына – балабақша, оқушыларына – мектеп әзір тұруға тиіс (Ж. Ертілесов). Енді «дом малюток» – *нәрестехана*, «детский ясли» – бөбекхана деп қолданысқа енгізсек, дәлме-дәл келіп тұр («Қаз. әдеб.»). Өздері қамқорлыққа алған *сәбиxана* үйіне тиісті көмектерін беріп келді («Түркістан»). Мынау неке туралы куәлік пен *бөбекхананың* менің босанғанымды растайтын анықтамасы, – деп әйел столға қойды (М. Сәтұлы).

**Періште, жебірейіл, перизат.** *Діни ұғым бойынша, Құдайдың әмірін жеткізіп тұратын, табиғаттан тыс мифтік көмекшілер.* Ұлы Алланың әлденеден қаупі бардай ең сүйсініп жаратқаны *періштелері* болыпты («Қаз. әдеб.»). Жеті қабат жерді өткен, Кідірмеген тоқталып, Ұстамаса *жебірейіл*, Көтерген жерді өгізді Өтпекші екен қак жарып (Жамбыл). Ол *перизат* болғанда, біз адамзат, екеуі дос, құрады күнде кеңес («Батырлар жыры»).

**Пешене, тағдыр, жазмыш, маңдай, махпуз кітаби.** *Діни наным бойынша, әркімге әуелден белгіленіп қойылған Алла тағаланың бұйрығы.* Не көрсем де осы өлеңім – *пешенемнен* көремін (Ш. Әлдибекұлы). Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек, *тағдыр* жоқ өткен өмір қайта келмек (Абай). Егер сен осыған тұрсаң, мен *жазмыш* салған ауыртпалықтың қандайын болса да көтеруге бармын (С. Жүнісов). Тәңірінің *маңдайға* жазғанын үйде тосам (С. Мұқанов). Тәңір бар боп, мен тартқан азабымды, Әділ емес *махпузда* қойса сызып (Т. Әбенov).

**Пиғыл, ниет, нысай.** *Түпкі ой-пікір, мақсатты ой.* Адамның ішкі *пиғылы* қатпаршақтай қыртысы мол, ұңғыл-шұңғылы мол дүние ғой (Ғ. Сланов). Сұлтанның қалаға келуі Әбдіразманның қырға тез аттанып кетуі *ниетін* жеделдете түсті (Х. Есенженов). Саған келіншектің *нысайын* түйгендей болып, қымызды қылғытып жіберіп, шараны қайырды (І. Жансүгіров).

**Планета, нысан қарап., ғаламшар** *поэз. Күнді айналатын, күннен жарық және жылу алатын үлкен алып дене.* Күн жүйесіндегі *планеталардың* ішінде Жерде ғана тіршілік бар («Астрономия»). Күнді айналып жүретін аспан денесі планетаны *нысан* деп аударғандар бар («Қаз. әдеб.»). Жер жаным, *ғаламшарым*, сиқыр күшің, шұғыла табиғаттың сыйысың ғой («Қаз. әдеб.»).

**Поэз, отарба тарихи.** *Бір я бірнеше локомотивке тіркелген вагондар тізбегіне тұратын теміржол составы.* Мен көрдім Қызылжардың *отарбасын*, Отарба тұлпар екен күші басым. *Поезбен* аралауды еттім арман, Ақмола, Қызылжардың екі арасын (Ғ. Малдыбаев).

**Пысық, ширақ, жылпың, қағылез, самдағай.** *Еті тірі, ылдым-жылдым, епті, ылпың-жылпың.* Қалтай аса *пысық*, сөзге ұста, қалжыңқой әрі тілді ер жігіт еді (М. Әуезов). Ол қырықтан асқан жасына қарамастан қимыл-қозғалысы шапшаң, әрі *ширақ* (М. Дүзенов). Екі кісінің алдыңғысы – қаршығадай күнтиып қалған *жылпың* боз бала (І. Жансүгіров). Бұл кезде қазақтың осынау *қағылез* жігіті ысылған, бойы өскен, соғысу тәжірибесіне кенелген (Т. Ыдырысов). Бірыңғай бойдақ малдың ферма бастығы Күзембай жалаңдаған *самдағай* жігіт еді (Ә. Ибрагимов).

**Пысықай, пысықсымақ.** *Пысық болып көрінетін жылтос.* Момын шаруаның маңдай тер, табан ақысымен тапқанын атқамінер *пысықай* қулар бірге жескен (Б. Адамбаев). Үкімет кедейдікі дегенді жамылып, ауылдың *пысықсымақтары* күн беретін емес (Т. Дәуренбеков).

**Пысықсу, тыштаңдау, тидақтау сөйл.** *Өзінше пысық болып көріну, тыштың-тыштың ету.* Сындырмаспын сағынды мен ешқашан, елжірескен сезіммен тыныстармын, күр *пысықсыт*, етпей-ақ қақшан-қақшаң (Ғ. Орманов). Ғазиз болса *тыштаңдап*, көптің көзінше аты-жөнімді атап, жұртқа күлкі қылды (Ө. Қанахин). Әй, осы саған не жоқ, *тидақтап* жұрттың мазасын алдың («Жұлдыз»).

**Пысынау, ыстықтау.** *Ыстықтан, қапырықтан терлеп-тепшіп мазасыздану, күйіп-жану.* Жігіттер ыстықтан, қымыздан және киініп атқа мінгендіктен, *пысынап* терлеген (С. Сейфуллин). Ол әбден қара терге түсіп, *ыстықтаған* соң сырт киімінің түймелерін ағытып тастады (С. Нұрғожаев).

**Пышақ, кездік, қанжар, лөкет, бодау.** *Бір нәрсе кесуге арналған өткір жүзі бар, сабы бар құрал.* Жұман енді қынынан үлкен сары *пышағын* алды (М. Әуезов). Ел орынға отыра бергенде кісесінің қынынан *кездігін* іздеді (С. Талжанов). Ойда жоқта қолында *қанжары* бар ал-



памсадай екі жігіт тап берді, – деді Алтай (М. Гумеров). Қоңырқұлжа беліндегі *локетін* суырын алып, дорбаның жібін кесіп жіберді (І. Есенберлин). Ол суырмадан *бодауды* алып нан турады («Түсіндірме сөздік»).

**Пышылдақ, пышылдауық, пысылдақ.** *Пыш-пыш, пыс-пыс еткіш, пышылдаған.* Жатырмысың әлі ұйықтап, *пышылдақ* мұрнын пышылдап («Ара»). Шеше алмасаңыз, шешіп берейін: *пышылдауығы* – мұрын деген сөз екен, жылтырауығы – көз екен (О. Әубәкіров). Сен *пысылдақ* ұйқыдан бас алмайтын жаман атқосшы боларсың (М. Сәрсекеев).

**Пікірлес, ойлас, идеялас.** *Көзқарасы, ойы бір жерден шығатын.* Мұхтардың атасы Әуез Абайдың құрдасы ғана болып қоймай, сонымен бірге *пікірлесі* де болады (М. Қаратаев). Ол кезде бар жалқаулықты, олақтықты тек қана «Дөңіздің» лаңына жауып, ақтаушылармен *ойлас* едім (Ф. Мүсірепов). Ол не дегеніңіз, ең бастысы – олар *идеялас* қой, – деді Дархан (Қ. Қойтыбаев).

**Піше, азбан, ақта.** *Піштірілген, тарттырылған еркек мал.* Сүрлемнің малға жұғымдылығын байқау үшін *піше* тайыншалар бордакылауға қойылды (Қ. Құсайынов). Лақ текедей бақылдап, Мазамды алдың шыдатпай. Қойдағы *азбан* қошқардай (Жамбыл). *Ақта* нар дегеніміз – шатыс нар түйенің піштірілгені (Ш. Жанәбілев).

**Пішу, тарттыру, кестіру.** *Еркек малдың енін сылып алу немесе үзіп тастау, ақтау.* Жылқышы өзінің бір-екі айғырын *пішті* де, көп жылқыға қосып жіберді («Қаз. ертегі.»). Айғырлық қылатын немерей, ат қып *тарттырып* жіберем (Ә. Нұрпейісов). Тұқымға жарамсыз, етке тапсыруға арналған еркек малдарды дер кезінде *кестіріп* жіберудің маңызы зор (Ш. Қалықов).

**Пішіндес, өндес, түстес, тұрпаттас, сынайлас, әлпеттес, пошымдас.** *Тұр-тұрпаты ұқсас, бейнелес, іспеттес.* Кемпірдің бетінде ерекше бір қайрат білінеді, еркек *пішіндес* кесек (М. Әуезов). Солдаттар да бір *өндес*, бір түстес сол даланың өзінен жарылып шыққандай (Х. Әдібаев). Раушан апай бүгін аспан *түстес* көгілдір қамзол киіп, иығына көгілдір орамал жамылған екен (Ә. Сәрсенбаев). Осы *тұрпаттас* өнер шанырағы Қарағанды қаласының «Дружба» көшесінде де бар (С. Байжанов). Ішінде жылан жатса да, бала жылап жатса да сездірмейтін мерез адам *сыңайлас* (О. Бөкеев). Бір сәтте аузын сәл ашып, дүниеге сүйсіне танданып қараған бала *әлпеттес* болып кетті (Т. Ахтанов). Бұл көрінген адам *пошымдас* мақұлық екен (О. Сәрсенбаев).

**Пішінді, пошымды, кескінді, тұрпатты.** *Түрі ұқсас, тұрпаты бірдей.* Сыдықтың әйелі – еңгезердей, еркек *пішінді* адам (Б. Майлин). Кеуделі, апайтөс, еркек *пошымды* әйел екен (О. Сәрсенбаев). Кешегі арыстан *кескінді* бұлт енді қабанға ұқсай қалыпты (Ә. Сәрсенбаев). Ер *тұрпатты*, ер мінезді қыз шынымен жасып, мұндайған сияқты (С. Мұратбеков).

## Р

**Рабайсыз, сиықсыз, кебежедей.** *Көз тартпайтын ұсқынсыз, көріксіз, ажарсыз.* Кішкене қаңқаға қара теріні қаптай салғандай *рабайсыз* арық (Т. Ахтанов). Осы бір *сиықсыз* адамның қазіргі көрінісі соншалық аянышты да еді (Ә. Шәріпов). Көкпаршылардың *кебежедей* біреуі серкені тақымға басып алып, додадан сытылып шығып, оқшаулана берді (Қ. Найманбаев).

**Разы, риза, тәнті, ырза.** *Адамның бір нәрсеге соншалықты қанағаттанғандығын білдіретін сүйсіну сезімі.* Біздің ісімізге командование *разы* көрінеді, бәрімізге алғыс айтуда (М. Ғабдуллин). Сол кісінің Шадрин бейнесі жайлы *риза* болғанын біз Мұхаң екеуіміз талай естідік те (І. Омаров). Осы сөзге оның қасында отырған жұмысшылар да *тәнті* секілді (Ж. Саиң). Сөзіңнің басы – ыржың, соны – қылжың, жүгенсіз жүре бермек сенің *ырзаң* (Абай).

**Разылау, ризалау.** *Риза ету, көңілдендіру.* Құдаларды құдайдай күтіп, *разылап* қайтару – міндет («Парасат»). Егер ештеңе қаламаса, ат мінгізіп, *ризалап* жіберуге тырысқан (Ф. Оңғарсынова).

**Разылық, ризалық, тәнтілік, ырзалық, ризашылық.** *Белгілі бір нәрсеге қанағаттанғандық, көңіл толғандық, сүйсінгендік, көңіл хоштық.* Әкесі Майлыбайдан бастап, адамдарының бәрінің де бет-ажарында *разылықтың* белгісі бар (С. Мұқанов). Қарапайым еңбек адамдарына шын, таза жүрегінен алғыс айтып, *ризалығын* білдірді (Ә. Шәріпов). Глинов *тәнтілік* белгісін білдіргендей қолын Черноносостың тізесіне салып қысты (К. Тоқаев). Әжесі арнайы келіп көңілін сұраған ағайынтуғандарына *ырзалық* білдірді («Қазақст. әйелд.»). Махмұт сүт ішіп отырып, Токбикеге өте бір *ризашылықпен* қарайды (Д. Әбілев).

**Рай, рабай.** *Адамның көңіл күйі мен пішіні.* Маған жақсы *раймен* қарап, жымындап қалды (Н. Серәлиев). Қар көзі отсыз, суық еді, не нәрсеге болсын нем кетті, бұзық *рабаймен* қарайтын (О. Бөкеев).

**Рақат, ләззат, қызық, ғинаят кітаб.** *Жанның жай табушылық сезімі, жақсылыққа кенелу хошы.* Қарт адамға тыныштық – жан *рақаты* ғой, шіркін (А. Байтанаев). Өмірдің қызығын да, рақаты мен *ләззатын* да еңбектен ғана табасың (С. Шаймерденов). Қорлық, мазақ көрген Ғазизаның көзінен дүниенің барлық *қызығы* кетті (М. Әуезов). *Ғинаят* тілге құдайдан, Мәдет тіле пірлерден, Ақылменен іс қылған, Көзіңді кімге сатасың («Қыз Жібек»).

**Рақатты, сүйінішті.** *Ләззаты мол, қуанышқа толы.* Бал күнім сенде өтті балалығым, Әлемнің *рақатты* көктеміндей (С. Мәуленов). Жұрт *сүйінішті* пішінмен маған қарап еді, мен де мақтанышымды сыртқа шығарғандай кеудемді толтыра бір дем алдым (Ә. Сәрсенбаев).

**Рақмет, алғыс, бата.** *Ізгі ниет, ықылас, ерекше ілтипат.* Жігітім, саған көптен-көп *рақмет*, – деді ол баяу үнмен (З. Шашкин). Тірісінде

*алғыс алмасаң, енді тым құрыса өлі аруағынан қарғыс алма (М. Әуезов). Батаменен ер көгереді, Жаңбырменен жер көгереді (Мақал).*

**Рақым, қайырым, мейірім, қайыр, шапағат, шарапат, мейір-шапағат, дәремет.** *Біреудің біреуге жасайтын тіл көмегі, қол қайыры, жанашырлық ықыласы.* Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, *рақым* ойлап қой, Бес асыл іс көнсеніз (Абай). Жұртшылық түгел сыйлайтын, *қайырымы* мол Рахмет бабайды неге мазақтадың (Ә. Сәрсенбаев). Бір-екі рет қатты бір *мейірімі* түскен қыздың қылығына мейлінше риза болды (Ө. Қанахин). Иә, ешқайсысынан *қайыр* жоқ. Күйеу болса – анау, бала болса – мынау (М. Гумеров). Қолымнан келген *шапағатымды* әуелі саған жасап бағам (Б. Соқпақбаев). Жақсының *шарапаты* тиер тар жерде, жаманның кесапаты тиер әр жерде (Мақал). Тағдыр еншісіне *мейір-шапағат* жазбағандай, қашан болса да түрінкі ерні контііп, қабағы түйіледі де жүреді (Н. Әбдікерімова). Ол – аңызак аптап ыстық күнде көлеңкесін көпке түсірген қою көлеңкелі ағаш сияқты талайға *дәреметін* тигізіп, жақсылық істеген мейірбанды адам (Ө. Тұрманжанов).

**Рақымды, қайырымды, рақымшыл, шапағатты, қайырлы, мейірімді, мейірлі, мейірбан, мейірбанды, мейірманды, шарапатты, қайырымшыл, мейірімшіл, мархабатты.** *Қайырымы мол, қамқоршыл, қайырымшыл.* Айналайын, ата-анаға *рақымды* болсын деп, атыңды да Рақым қойып едім («Дала қырандары»). Егер адамдар бір-біріне *қайырымды* болмағанда, көбіміз аштан өліп қалатын едік (Ж. Өмірбеков). Бұл жігіттей *рақымшыл* жігіт кездесе берер ме маған (А. Тоқмағамбетов). Дәрігерлер мен ауруханадан қайырымды, *шапағатты* кім бар, не бар? (Т. Нұртазин). Шаяхмет бай қазақ болмаса да, қазақ байларынан әлдеқайда *қайырлы* бай екен (І. Жансүгіров). Анасының жүзі ерекше *мейірімді*, нұрлы, инабатты көрінді (Ж. Еділбаев). Мектеп-интернат тәрбиеші, ең алдымен, *мейірлі* ана, зор үлгілі ұстаз (М. Әуезов). Тағы да бір *мейірбанды* жандарға кездескенімізге қуаныштымыз (А. Шамкенов). Оған өзінің Қоспан үшін қиналғанын айтқысы келіп, байсалды, *мейірбан* кескінінен аумап қасында отыр (Т. Ахтанов). Ұйымшыл барлық совет адамдары *Мейірманды* анадан бір туғандай (К. Әзірбаев). Қазіргі қазақ әдебиетінің ересек буындарының ішінде Сәкеннің аялы алақаны тимеген, ақылды сөздерінің *шарапатты* шұғыласы нұрландырмаған бірде-бірі жоқ (С. Мәуленов). Ерекен – көңілшек, *қайырымшыл* адам (Б. Майлин). Ендігі жерде *мейірімшіл* болғайсың (Т. Тобағабылов). Менің *мархабатты* әкемді еске түсіріп, оның қиын күндерде қамқорлық көрсеткенін еске түсірдіңіз, – деді Зина Есімге (А. Лекеров).

**Рас, шын, имандай.** *Жалғаны жоқ, өтірік емес, дұрысы, тұрасы.* Тарих менің айтқанымды *расқа* шығармауына қандай кепілің бар (І. Есенберлин). Бағлан оның көзінен әлденені көргісі келгендей ұзақ

кадалып тұрды да, бар *шынын* айтты (С. Омаров). Отағасы-ау, менің *имандай* тілеуім сол емес пе, немере сүйсем деймін дағы, – деді Күләп Мәжитке (С. Алдабергенов).

**Рауандау, қылаңдау.** *Таң бозарып ата бастау, бозғыл тарту.* Атқанша *рауандап* таң ағарып, Сөнбейді бір бөлмеден түнде жарық (Д. Әбілев). Бұлар ымырт жабыла ерте жатып, таң *қылаңдай* бере ерте тұрып, өзгеше ынталы қарекет соңында (М. Әуезов).

**Рәсуалау, ысыраптау.** *Төгіп-шашып шығындау.* Астықты төгіп-шашып *рәсуаламай* жинап алу үшін уақытты тиімді пайдаланған жөн («Лен. жас»). Мен өмірімді көп жылдар бойы *ысыраптаған* жанмын («Абзал жандар»).

**Рәсуасыз, ысырапсыз.** *Рәсуа етпей, артық шығынсыз.* Зор еңбекпен жиған-тергенімізді *рәсуасыз* іске жарату – алдағы міндет («Соц. Қаз.»). Үздік егінші астықты *ысырапсыз* жинау және мемлекетке өткізу жөнінде бастама көтерді (С. Хайдаров).

**Рәсуашыл, ысырапқор, ысырапшыл.** *Ысырапқа жол бергіш.* *Рәсуашылардың* кесірінен ғана біздің шаруашылық өткен жыл жүздеген пұт астықты шығындаған («Жас Алаш»). Сен секілді *ысырапқор*, қылжақбас куды ұлы құрылысқа жібермеймін, – деді бастық (Ә. Омарбаев). *Ысырапшыл* қатынға хан дәулеті де бұйым емес (Мақал).

**Ренжу, кею, назалану, қапалану, қыжылу, кірбеңдеу, қабаржу, қаяулану, дықтану, күйіну, кею, кейістену, налу, назырқау экспр.** *Қапа болып, реніш білдіру, қамығып-қаяулану, дықтану, күйіну, кейістену.* Әй-шәй деспей тату өскен Бектастың *ренжіп* аттанғалы отырғанын көрді (С. Мұқанов). Осы жағдайды өзіңнен естісем, тап мұндай *кейімес* едім (Н. Фабдуллин). Мыналар мені қапқа салып сүйреткендей етті-ау деп *назаланды* Әзім (Т. Бердияров). Қартқожа өзгелердің санатынан алдырып, өгей баладай елемегеніне қатты *қапаланды* (Ж. Аймауытов). Жау қастығын жасырын істейді, ақылсыз дос ашық істейді, – деді Мейрам *қынжыла* сөйлеп (Ф. Мұстафин). Ғазизаның *кірбіңдеген* қабағында қалың уайымның салған ізі бар (М. Әуезов). *Жаным, неге қабаржып* тұрсың, осы екі-үш күннен бері неге мазам жоқ («Соц. Қаз.»). Көңіл *қаяуланса*, үміттің де аспаны аласарып кетеді екен (Ә. Әбішев). Осы үй өз анасын шеттетіп жүргенін сезген балалар күн санап ренішін іштеріне жинап, *дықтанып* өсіп келеді (Ә. Нұрпейісов). Мақаланды *күйіне* отырып шын жүректен жазған екенсің, сондай күшті шығыпты (І. Есенберлин). Уайым, қайғы, қасірет, *кею*, ашулану – бәрі де өмірді қысқартады, адамды ерте қартайтады (Е. Оразақов). Осы жағдайды күні бұрын ескерткенінде әке-шешен де онша *кейістене* қоймас еді, – деді ол («Жұлдыз»). Жүрегім лүпілдеп қоя беріп, әлгі іштей қорлануым мен *налуым* көрінің ұйқысындай быт-шыт болды (Д. Исабеков). Мөңке аға, *назырқамашы*, еңсенді көтерші (Ә. Нұрпейісов).

**Ренжіңкіреу, дүрдараздану, қоңырайысу, кейіңкіреу.** *Риза болыңқырамау.* Оған іштей *ренжіңкіреп*, бірақ ешкімге білдірмей біраз жүрдім (К. Байсейітов). Осы сіз бала болып барасыз ба, әлде әдейі істейсіз бе, – деді Басалқы *дүрдаразданын* (Д. Досжанов). Көрінген жерде *қоңырайысып*, сәлемдеспей жүретін болсақ, сонда не болғаны (С. Шаймерденов). Әй, қатын-ай, бүйтпесең сен қатын боламысың, – деп Битабар *кейіңкіреп* қалды (С. Шаймерденов).

**Реніш, кірбің, кірбелең, кейіс, қыжыл, өкпе, кикілжің, қынжылыс, кірбең, кіркілжің, нала, налыс, наза, керкіл, қапа, қырқылжың.** *Бір нәрсеге риза болмаудан, көңіл қалудан пайда болатын қаяу, күйініш, көңіл кірі.* Қоспан сөзінің ар жағында бір үлкен *реніш* қалғанын Қаламұш түсінді (Т. Ахтанов). Ерқазаның жүзіне қарап, бір *кірбіңді* байқадым (Ф. Сланов). Хрущевпен өнеукүні ұрсысып айырылған Гасфорттың көңіліндегі *кірбелең* әлі тарап болмаған (С. Мұқанов). Кімге достық көп еттім, түбі болды бір *кейіс* (Абай). Өңшең көңілді адамдар мұның көкірегіндегі *қыжылды* қайдан білсін (М. Сатыбалдиев). Нұржанның өз үмітінен жұбаныш таппаған өкінішті ойы қоштаспай кеткені үшін қызды ауыр *өкпеге* де қияр еді (С. Торайғыров). Таң атқанша тағы бір *кикілжің* боларын сезіне қалған Көпей Талтаяққа қатал дауыспен зекіп тастады (Ф. Мүсірепов). Оның өнінде *қынжылыс* барын аңғарған Кенжебек енді егжейлей беруді лайықсыз көрді (А. Хангелдин). Қабағында бір *кірбең*, көңілінде бір қаяу бар (Б. Тілегенов). Жоғалттым-ау тағы да шіркінді мен Күйгелектеп жүргенде *кіркілжіңмен* («Қаз. әдеб.»). Өн бойын дерт асқан, жаны жара, көңілі *нала* (І. Есенберлин). Бұл жолы менің әжем өз баласына *налыс* білдірді (Ә. Сәрсенбаев). Өнегеле үлкенді сыйламасаң, жолығарсың шоқпардай *назасына* (Жамбыл). Біраз *керкіл* болып та қалды сол арада, қалайда қонақтарды өкпелетуге болмайды (Ә. Көшімов). Айналып көзін тұр салып, Қараңғы тартып көңілі, Қыз Назымның ішіне *Қапалығы* сыймады (Қамбар). Осы *қырқылжыңның* әрі сол Бахыттың кесірінен болғалы отыр (С. Мұратбеков).

**Реніссіз, кірбеңсіз, кейіссіз, кеюсіз, налусыз, күйінішсіз.** *Ешбір өкпе-наласыз.* Екі-үш күн бұрын ескертіп, кемпір-шалдың ризалығымен *реніссіз* кетуімізге де болатын еді ғой (С. Мұратбеков). Қабағы *кірбеңсіз*, көңілі ашық көрінген ұстазын іштей кемірген зор уайым бар екен (Т. Ахтанов). Жолда шана үстінде-ақ тынығып алғанмын, – деп *кейіссіз*, сыпайы ғана тіл қатты (Н. Фабдуллин). Әкесін сол кездегі *кеюсіз* бір көрмедік, Айша бірақ сезбеді, Бесігінде тербеліп (Қ. Бекхожин). Бар қиыншылыққа қарамастан, ол еш *налусыз* жұмысын істей берді (Ауызекі тіл). Ақын көрген-сезгендерін кексіз сөйлеп, *күйінішсіз* айтады (Ә. Тәжібаев).

**Ренішті, жабырқаңқы, түнеріңкі, тұнжыраңқы, жабыңқы, жабырқаулы, өкпелі, кейіңкі, кеюлі, кірбеңді, кейісті, қапалы, қынжылулы, ренжулі, күйінішті, қаяулы, жазғырыңқы.** *Қабағы са-*

лықы, *цнжырғасы түсіңкі, көңілсіз, қамығыңқы*. Шәрипа осыдан үш жыл бұрын отбасында болған *ренішті* жайды айтып кетті (Т. Нұрғазин). Қай ауылды көрсен де *жабырқаңқы*, күлкі, ойын көрінбейді, сейілсеруен (Абай). Оттың төр жағында отырған Оспанның бет-әлпеті жауар бұлттай *түңнеріңкі* (С. Омаров). Алтынбек Құралайды *түңжыраңқы* қарсы алды (Ж. Жұмаханов). Көшедегі адамдар басын төмен салып, *жабыңқы* кетіп барады (С. Шаймерденов). Гүлсімнің *жабырқаулы* отырған шағында үйге ойламаған жерден Оразбай келді (А. Алдабергенов). Әлде хан *өкпелі* ме ерулікке, Көңілі не, кеше күтпей жібердік пе (І. Жансүгіров). Құлыншақ Құнанбайға *өкпелі*, Сүйіндік болса, ол да бұрыннан *кейіңкі* (М. Әуезов). Ымырт түсе тарады жұрт. Әбден налып, *кеюлі* еді, ал Қалдыбай кейінде еді (Ә. Сәрсенбаев). Дәмелінің *кірбеңді* сыңайын көрген Күнтуар байсалды кейіпке ауыса қойды (С. Омаров). Жолшыбай жүгіріп келе жатқан Саяның көз алдына өз шешесінің ызбарлы, *кейісті* кескіні елестеді (С. Шаймерденов). Талған жүрек ынтығымен қайта табысып, *қапалы* көңіл ашылар бір күн болса (Ө.Қанахин). Ұшақ командирі кабинадан *қынжылулы* күйде шықты (Қ. Қайсенов). Әйтеуір ішімнен қатты *ренжюлімін* (Ө. Қанахин). Көңілінде тағы да Абай сөздері, *күйінішті* арманға толған ақын өлеңдері есінен шығар емес (І. Есенберлин). *Қаяулы* көңіл қашан да нәзік қой, жан-жарасына тие кетеді (Ә. Әбішев). Мұғалима *жазғырыңқы* пішінде әкеме қарады (Ә. Сәрсенбаев).

**Рет, қабат, мәрте, мәртебе, дүркін, қайыра, есе.** *Бір емес, әлденеше, қайта-қайта*. Біз айына төрт *рет*, демек апта сайын жиналып, тындырылған шаруа жайында есеп беріп отыратын едік («Жас Алаш»). Ұлық түнерген қалпымен екі-үш *қабат* қолын соқты да, суық отырып қалды (А. Сатаев). Мен аптасына екі *мәрте* көркемөнершілер үйірмесіне қатынасамын (С. Омаров). Кейбіреулер үш тонналық машинамен үйінен астықты екі-үш *мәртебе* әкелді (Ж. Саин). Бәйбіше бүгін екі *дүркін* қонақ жөнелтіп, жаңа ғана жантайып еді (Ф. Мұстафин). Қарасақал осы тамашаны бізге екі-үш *қайыра* көрсетті де, қолын жайды (Т. Ахтанов). Соңғы он жылдың ішінде қазақтың мұғалім әйелдерінің саны төрт *есе* өсті (Р. Есенжанов).

**Ретсіз, тәртіпсіз, жүйесіз, қисынсыз.** *Қалай болса солай, жүйе сақталмаған*. Әкелген тауарлары *ретсіз* әр жерде үйіліп жатыр («Алматы ақшамы»). Өзеннің жағасындағы Танабай ауылы шикі қыштан, шымнан, тастан араластыра *тәртіпсіз* салынған үй, қоралар еді (С. Сейфуллин). Шаруашылық бекітіліп берілген жайылым мен шабындықтарды *жүйесіз* пайдаланып жүр (К. Баялиев). Сөздері *қисынсыз*, әр жерде аяғы бір-ақ тиетін ұйқассымағы бар (Д. Досжанов).

**Ретсіздік, жүйесіздік.** *Жүйелі тәртіптің жоқтығы, ретсіз болушылық*. Ақанның шығармаларын тақырыбына, мазмұнына, жанрлық сипатына қарай топтап беруде *ретсіздік* те байқалады («Қаз. әдеб.»).

Адамзат дамуының екінші кезеңінде қоршаған ортаның ерекшелігін ескермейтін *жүйесіздік* орын алды («Парасат»).

**Реттеулі, тәртіптеулі, қаттаулы.** *Жүйеге келген.* Қалауыңыз білсін, айтпесе бізде ісқағаздары әр уақытта та *реттеулі* тұрады, – деп күлді бас бухгалтер (Н. Фабдуллин). Полкаларда *тәртіптеулі* кітаптар мен журналдар (Т. Дәуренбеков). Базаргүлдің столында иіс су құйылған қырлы сауыттар, оға мен бояудың дөңгелек қалбырлары, *қаттаулы* басқа да заттар түр (Ж. Жұмаханов).

**Ретті, тәртіпті, жүйелі.** *Ретке келтірілген, орынды, жөнді.* Сөз тапқанға қолқа жоқ деген, бұл әзілің *ретті* де орынды болып шықты (С. Бегалин). Іс жүзінде ол айқыш-үйқыш емес, мақсатты, белгілі бір *тәртіпті* сызықтар, мәнді, мағыналы сандар (С. Байжанов). Көшелері түзу, үйлері *жүйелі* тәртіппен салына бастады (С. Байжанов).

**Реттілік, тәртіптілік, жүйелілік.** *Ретті, жүйелі болушылық.* Сөздердің әсем безендірілуі, азық-түлік тауарын сақтау *реттілігі* бірден көзге түседі («Қазақст. әйелд.»). Ауылдың жаңа салынған үйлері *тәртіптілікпен* орналасқан (М. Дүйсенев). Жеңілден ауырға бірте-бірте өте отырып, *жүйелілікпен* игеріп алу негізіне құрылған («Семья тәрбиесі»).

**Реті, жөні, ыңғайы, орайы, оңтайы, қисыны, қапысы, ебі, қыбы, қидыны, иіні, қолайы, қиғы жерг., қисынқасы қарап.** *Бір істің сәті түскен жағдайы, қолайлы кез.* Әуелі оқуға түсіп алайын, сосын бөрінің де *реті* келер (Ә. Әлішев). Алшынбай кірісіп аяқтап көрем деген соң, Майырдың да өктей қоятын *жөні* жоқ (М. Әуезов). Осы күні кім болса да, жұмыстың, шаруаның *ыңғайына* қараған заман ғой (М. Хасенов). Егде мұғалім *орайын* пайдаланып салмақ салып жіберіп еді (Қ. Жаркенов). *Оңтайы* келген істі насырға шаптырып, өзім бүлдіріп алмай тұрғанда таяйын (М. Сүндетов). Мен мына Еркін көрген мақлұқтың Несси екенін тағы да қайталаймын, өйткені басқа еш нәрсенің *қисыны* жоқ (Н. Мұраталиев). Әсіресе, бүгінгідей көделі күндері жау *қапысын* тауып бір қимыл жасап қалуы да мүмкін еді (Ә. Нұрпейісов). Бұл шал бөтен шал емес, қыдыр еді, *Ебін* тауып даруға кезі келді (Абай). Оқасы жоқ, оның *қыбын* табармын (К. Тоқаев). Жұмыс арасында бір *қидынын* тауып, магазинге кірдім (Ауызекі тіл). Құры қарап отырудың еш *иіні* жоқ деп, тапсырманы орындауға кірісті (Ә. Мархабаев). Қой асығы демей-ақ, *қолайыңа* жақса, сақа қой (Мақал). Асқа шақырмасақ та, ошақ майлар кешінде бірге болатын *қиғы* бар еді (С. Талжанов). Ретті сөзімді *қисынқасы* келгенде айтып қалайын (Ауызекі тіл).

**Рызык, несібе, нәсіп, ырыс, салым, нәпақа, рыздық, рызык сөйл.** *Адамның талайына жазылған, бұйырған ішіп-жем, құнкөріс.* Содан бері ұлан-асыр *рызыкқа*, көл-көсір иен дәулетке талай рет бас

шайқадық, көз тұндырдық («Тербеледі тың дала»). Жер жүзіне әмір жүргізу – көктегі тәңірінің өзі маңдайыма жазған *несібе* деп ұққан Шыңғыс та өтті (М. Мағауин). Қыс түскенше тіршілікке сеп бола ма деп ау аулауды кәсіп, *нәсіп* етудеміз (Ә. Көшімов). Елдің *ырысы* мен дәулетін қолдан жасап жатқан адам аяғын алпаң басады (Т. Ахтанов). Туғаннан *салымың* бөлек жаратылған ғой («Самғау»). Жасымнан осы өнерге бейім боп өскен басым өзіме үлкен *нәпақа* тапқанымды енді білгендеймін (А. Байтанаев). Мен – астық, мен – халықтың *рыздығы*, мен – сенің көркің менен бидайың (Ф. Малдыбаев). Жеріміздің сырын білсек те, *рызығын* алуды көбіміз білмейміз (Ә. Әбішев).

**Рулы, тайпалы.** *Бір рудан тараған.* Отыз тістен шыққан сөздің отыз рулы елге тарайтынын ұмытсаң, онда екеуміз де опатпыз (А. Мекебаев). Бұлардың ең көп *тайпалысы* Бай ұлы болса, одан Беріш, Шеркеш, Адай, тағы басқасы тарайды (Т. Әлімқұлов).

**Рушыл, жікшіл, қаншыл.** *Ел арасына, ұжымға жік салып, бөліп-жаратын, алалық тудырғыш.* Ол ел бүлдірген сұрқия *рушылдарға*, байларға қарсы шықты («Қаз. әдеб.»). Тәйт әрі, осындағы барып тұрған *жікшіл* осы Ажар, Жарқын, сендерсің (М. Әуезов). Анашыл боп, жаңашыл боп өскенде, Күншіл болма, *қаншыл* болма, ұлым сен (Қ. Бұғыбаева).

**Рушылдық, жікшілдік, жершілдік, қаншылдық.** *Қоғамдық топтардың арасына іріткі салып, алалық тудырушылық.* *Рушылдық*, ұлтшылдық сияқты зиянды беталыста тартынбай, таймай күресуіміз керек (С. Бегалин). Ескіліктің етек тартар ең кесірлі әрекеттерінің бірі – рушылдық, *жікшілдік* екені белгілі («Лен. жас»). Осы елдің *жершілдігін* қайтерсің, бір-бірімен жаудай алысып жатқандары (Ә. Қанахин). Сайлау кезіндегі *қаншылдық*, талас-тартыс, жұлқысу бұдан да күштірек (М. Тиесов).

**Рұқсат, лұқсат, ұрықсат сөйл., ұлықсат сөйл.** *Басқа біреудің тарапынан екінші біреуге берілетін ризалық келісім.* Дүйсен қарағым, маған төрт-бес күнге *рұқсат* бер (Б. Майлин). Үйге кіргізбесең де қорана түнеп шығуға *лұқсатың* бар ма екен (Ф. Мүсірепов). Қол көтеріп, маған айтсаңдар болмай ма, *ұрықсат* беретін едім ғой (Ә. Шәріпов). Балтабек ұста дүкеніне барып келем деп, Амантайдан аз уақытқа *ұлықсат* алды (С. Мұқанов).

**Рұқсатсыз, келісімсіз, лұқсатсыз, ұлықсатсыз сөйл.** *Рұқсатын алмай, келісім сұрамай.* Сын әлі де именшек, бұйығы, инабат сақтап, *рұқсатсыз* кіріп келуге тұратын жерге де сыпайыгершілікпен есік қағып енеді (З. Серікқалиев). Жүніс ұжым басшысының *келісімінсіз* біраз адамға несие берген («Жетісу»). Сарыбала Әділовтың кабинетіне *лұқсатсыз* кірді (Ф. Мұстафин). *Ұлықсатсыз* кіруге болмайды, тәртіп керек (М. Дүйсенов).



## С

**Сабаз, азамат, марқасқа, жігіт, шаһбаз** *кітаб. Біреудің жақсы іс-қимылына, мінез-құлқына, кісілігіне риза болғанда айтылатын көтерме сөз.* Баяғыда қоқандық Бабахан сұлтанның жеңдетін жекпе-жекте өлтірген Ғайып батырды естуің бар шығар, сол *сабаз* біздің бабамыз болады (З. Асабаев). Халқымыздың ардақты ұлы, *азамат* ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров ел тонаушы бай үйіне еңбексіз жиналған жиһазды көрді (С. Қасиманов). Сегіз қырлы, бір сырлы деген мықты *марқасқа* бағлан жігіт болса керек (Т. Ахтанов). Жарай-сың, *жігіт* екенсің, – деп Жұмабек ризалық сезімін білдіріп жатты («Қаз. әдеб.»). Халқы үшін жаннан безген *шаһбаздарға* қылатын жанын құрбан етер ерлер қайда (М. Көпеев).

**Сабақ, дәріс.** *Мектеп жүйесінде өтілетін пән және сол пәндерден оқушыларға берілетін тапсырма.* Көктем мен күзде, жұмыстың қарбалас, қауырт шағында балалардың *сабағын* қарау қиын болып жүр (Ф. Оңғарсынова). *Дәріс* берілу үшін тәртіпке қойылған тарихи аңғармен құрылған құрал боларлық қорытылған кітап болу керек (С. Сейфуллин).

**Сабалақ, ұйпалақ.** *Ұйна-ұйна болған, түте-түте болған.* Петрушкин ойланып, жалғыз қолының сыртымен *сабалақ* сақалын сипалады (К. Тоқаев). Қаудай боп өскен *ұйпалақ* шашы мен қаба сақалдың арасынан аңшының ашулы көзі қос ауыз мылтықтың аузындай суық қарайды (Ш. Мұртазаев).

**Сабалақтану, ұйпалану.** *Ұйна-ұйна болып қобырау.* Көп тосқын сияқты *сабалақтатып* шаш қоймағаны бар осы жирен әйтеуір жүрегін суыл кернеген осы сәтте Төреханға ұнап та отыр (А. Сүлейменов). Шашы түйенің шудасындай *ұйпаланып*, түп жағы жабағыдай ұйысып қалған (С. Мұқанов).

**Сабасына түсті, ашуы тарқады.** *Ақылы орнына түсті, қызбалығы басылды.* Осымен сөз біткендей болып, алғашында тегеуріні тау жығардай кабинетке екпіндей кірген капитан *сабасына түскендей*, сабырлы кейіппен шығып кетті (Қ. Сатыбалдин). Атантайдың қызына қол созғанға Тана бидің сүйегі қорланып, Құрбанды өлтіртпей *ашуы тарқайтын* болмады (С. Торайғыров).

**Сабаулау, сабау.** *Бір нәрсені таяқпен ұрып-қағу.* Бұдан кейін әйелдер күзем жүнін төбе қылып үйіп, келесі күндері тулаққа салып *сабаулай* бастайтын (Х. Арғынбаев). Жүн *сабау* үстінде жастар жарыса қимылдап, оны ойын-күлкіге, әзіл-оспаққа айналдырып әкетеді (С. Мұқанов).

**Сабылу, сенделу, сарсылу.** *Дуре-сарсаң болу, қара терге түсу.* Ол үш күн *сабылып* қызды іздеп таба алмай, қалжырап қайтты (Ә. Нұрпейісов). Ол бір-екі ай жұмыссыз *сенделіп*, бос жүріп қалды

(С. Досымов). Бірнеше адам *сарсылып*, әлденеше күн отардан отар қалдырмай, малды біртіндеп санап шықты (С. Бақбергенев).

**Сабыр, тағат, шыдам, төзім, дегбір, байсал.** *Қиындыққа төзе білу қасиеті.* Күйік күшті түскен соң, Кетеді екен *сабырдан*. Қызықты күнім қалмады, Жылаған айтып зарымнан (Абай). Хат жазбай мені неге жазаладың, *Тағат* жоқ, тағы бүгін мазаландым (З. Шүкіров). Жанбыр сәл басылайын деген соң жаураған Мұрат отыра беруге *шыдамы* жетпей, торпақты алдына салып айдады (Т. Сағымбаев). Ақыл мен *төзім* – адам бақытының талмас қос қанаты (С. Досанов). Салқия сәлемі, неге екені белгісіз, бойдақ жігітті *дегбірінен* айырды (Ғ. Мұстафин). Сен өте ойшыл едің, көңілді едің, мақтаныш сенің *байсал* көрінгенің (А. Бақтыгереева).

**Сабырлы, байсалды, салмақты, ұстамды, сарабал, тағатты, басалқы.** *Өзін-өзі ұстай білетін қасиетке ие.* Ол осыншама ауыр жағдайға тап бола тұра, жай кездегідей бізбен *сабырлы* сөйлесті (Н. Әбуталиев). Өзі *байсалды* басшы, кішіге аға, үлкенге іні бола білетін адам десіп, мақтасып отырғанын естіген (Қ. Тоқмырзин). Сәбира күйеуі ауданға қанша жыл басшы болса да, баяғы *байсалды* мінезінен аумайды (Т. Ахтанов). Қағазбайдың әйелі Зәуре орта бойлы, шұбар жүзді, *салмақты* адам (Б. Соқпақбаев). Саурықта аз сөйлеп, көп тыңдауды ұнататын бір *ұстамды* мінез болушы еді (С. Омаров). Сыр-баз, *сарабал* ағаның сыр-сымбатынан дәйім де мөлдірлік аңғарылатын (Ұ. Бағаев). Екі-үш күн жол жүріп келсе, мазасызданып кететін күйеуінің мына *тағатты* қалпына таңғалды (Ә. Тарази). Балғабай – қырықтың қырқасына ілінген, *басалқы* мінезді, кейбір ретте сөзге де сараң жігіт (Қ. Ұябаев).

**Сабырлылық, байсалдылық, салмақтылық, ұстамдылық, маңғаздылық, салиқалық, байыптылық, басалқылық.** *Шыдамдылық қасиеттің үлгісін көрсетушілік, төзімділікке ие болушылық.* Емдеу ісі дәрігерден де, наукас адамнан да үлкен төзімділікті, *сабырлылықты* тілейді (Ш. Көшербаев). Ол керекті жерінде өз бойынан *байсалдылық* та, ізет те таба білетін (М. Иманжанов). Жүзінде *салмақтылық* пен қайсарлықпен қатар асау жігер ойнайды (І. Есенберлин). Ашуға өзін жібермей Сәткүлдің *ұстамдылық* жасағанына Еркебай риза болды (Ә. Жылқышиев). Оның мінезінде жетекшіге тән *маңғаздылықтан* гөрі биязы ойнақылық молырақ (Ә.Сәрсенбаев). Перзентінің әрекет қимылы мен тірлігін *салиқалықпен* бағып жатқанға ұқсайды (М. Қамазов). Жүріс-тұрысында, сөйлеген сөзінде *байыптылық* бар (Қ. Қуандықов). Сонан соң Ф.Шарипованың ойынан аңғарылған құптарлық нәрсе – салқын *басалқылық*, ұстамдылық (Қ. Уәлиев).

**Сабырсыз, тағатсыз, ұстамсыз.** *Сабырлы емес, ұстамдылығы жоқ.* *Сабырсыз*, арсыз, еріншек, Көрсө қызар, жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін, Ала бақан алтыауыз (Абай). Сұлтанмахмұт та сағатына қа-

рап қойып, Мәликенің келер минутын *тағатсыз* күтуде еді (Д. Әбілев). Соңғы кезде Адайбек жоқтан өзгеге ашуланғыш, ызакор, *ұстамсыз* болып кетті (С. Санбаев).

**Сағыну, зарығу, аңсау, өксеу, көксеу, емсеу көне, еңсеу көне, өгейсу сөйл.** *Біреуді көруге құмарту, ынтығу, сарғая күту.* Үйдегі үлкен-кіші түгел Әмірені құшақтады, *сағынып* қапты (М. Тоқжігітов). *Зарығып* көрген балаға тіл тимесін деп жаман ат қою – атаң қазақтың салты (С. Мұқанов). Бұрынғылар да қол ұстасып, тізе қосып, ынтымағы жарасқан ел болуды көп *аңсайтын* (С. Жүнісов). Ғабит өткенді *өксеп*, артына қарайламайды (А. Тоқмағамбетов). Азаттық пен тыныштық *көксегенім*, ұйықтамақ пен ұмытпақ деп білемін (Абай). Еділді көріп *емсеген*, Жайықты көріп жемсеген, Таудағы тарлан шұбар біз едік (М. Өтемісұлы). Таудағы өскен тастүлек, *еңсейді* де жемсейді («Шора батыр»). Өлген әйелімді *өгейсіп*, жүдей бастадым (З. Шүкіров).

**Сағынышты, арманды.** *Сағына күткен, көп армандаған.* Осы хатты әрқайсың өз үйіңнен келген *сағынышты* сәлемдей көріп оқып шық (Р. Ыдырысов). Бұл ескерткіш қазақ халқының ер жігіт, ару қызының *арманды* өмірі ғой (С. Бегалин).

**Садаған, зекетің (кетейін).** *Бала-шағаны айналып-толғанғанда, сондай-ақ жалынып-жалбарынғанда айтылатын, «құрбандығың болайын» деген мағынаны білдіретін еркелету.* Садаған *кетейін* шырақтарым, аман-есен келдіңдер ме, – деді ана күбірлей сөйлеп («Түркістан»). Ой, қарашығым сол, *zeketің кетейін*, құрбандығың болайын, – деп асты-үстіне түскен атасына Жәміш тіктеріп қалды (С. Жүнісов).

**Садақ, жақ, жай, керіс көне.** *Кермесіне жебе салып тартатын атыс құралы.* Қырық мерген *садақты* тағы бір дүркін тартып үлгіргенше ес жиып алған әскер сендей сапырылысып, лап қойды (К. Ахметбеков). Қыпшақ сыпайлары ұшып бара жатқан құсты *жақпен* көздемей, бірақ тартып түсіретін шетінен мерген болатын (І. Есенберлин). Толғай-толғай оқ атқан, Он екі тұтам *жай* тартқан, Қабырғасын қақыратқан (М. Өтемісұлы). *Керіс* – серіппелі ағаш шыбығының екі ұшын қайыспен тартып, доғаша иіп жасаған қол қару, садақ (ҚСЭ).

**Садақа, құдайы, қайыр, нәзір, қолқайыр, нияз, құрбан.** *Кембагал адамдара, құдай жолына ақшалай немесе заттай берілетін сыйсияпат.* Садақа үлестіріп болысымен, жұрт зират сыртына шыға бастады (Ж. Молдағалиев). Ертеңіне ауыл ақ тайлақты жетелеп, Көкбөрінің басына барып *құдайы* беріп қайтуға аттанды (Ә. Кекілбаев). Үйінде алтын-күміс үйіліп жатса да, маған бір тиын *қайыр* беруді де аяды («Камбоджа ертегілері»). Қаптап жүрген қайыршы, дуаналар басына ылаң түсіп, белі босап тұрған жұрттан *нәзір*, садақа дәметіп, көрінген кісіге қарап дұға қылады (І. Жансүгіров). Құдай жолына, әулие-әмбиелер жолына берілетін қайыр-садақаны *нияз* дейді («Қаз. әдеб.»).

*Қолқайыр* – әр адамның тапқан табысынан берілетін садақа (ҚСӘ). Бір нәрсенің жолына арнап берілген садақаны да *құрбан* дейтініміз бар («Ана тілі»).

**Сазару, саздану, безеру, бедірею, безірею.** *Міз бақпай мелшіп қарап қалу, көз алмай тесірею, түсін суыту.* Тәңірберген оның тегін келмегенін білмеді де, сұлу жүзін суық ұстап, *сазарып* қалды (Ә. Нұрпейісов). Үйіне тату құрбың келсе кіріп, *сазданбасын* қабақпен имендіріп (Абай). Тіл қатпай, дыбысын шығармай *безеріп* жатқан Жалбайдың Аманқасына барды (Ғ. Мұстафин). Неге *бедірейдің?* Белсендігіне нұқсан келтіретін сөз айттым ба мен? (Б. Майлин). Өй, *безірейген* без бүйрек! Бетіңді тіліп жіберейін бе осы?! (О. Сәрсенбаев).

**Саздақ, саздауыт, сазды, саздау, саздауық, саздауықтау, саздауытты, батпақты, батқалақ.** *Батпағы мол, миы шыққан (жер).* Кешке жаңбыр қатты жауыпты, жолдың *саздақ* жерлері көп (Ж. Өмірбеков). Қамыс, құрақ, қоға өскен *саздауыт* жағада киіз үйлер тұр (М. Жұмағұлов). Аяқ астынан жауын жауып, жерді *сазды* батпаққа айналдырды (М. Мырзақұлов). *Саздауға* біткен құба тал, Кімдерге сайғақ болмаған (М. Өтемісұлы). Егер *саздауық* жердің қалың масасы үн қоса ызыңдап, үстімізге топталып жүріп алмаса, денеміздің ашық жерін шағып, мазамызды кетірмесе (С. Мұқанов). Құмның қияқ өскен *саздауықтау* бір тұсына бес кісіге бір тоярлық тамақ апарып қойдық (С. Мұқанов). Жер асты суларының жер бетіне жақын жатқандығынан пайда болған *саздауытты* жерлер де бар (Д. Досжанов). *Батпақты* топыраққа көбінесе құрақ, қамыс, өлең және әртүрлі арам шөптер өседі (Н. Баяндин). Шаруа болса, мәнісін әрқайсысының ойлап тап. Есектің жолы қатқалақ, Кетіретер есін *батқалақ* («Қаз. ақын. шығ.»).

**Сай, сәйкес, лайық, үйлесімді, сәйкесті, орайлас.** *Бір-біріне дәлме-дәл, ұқсас, үйлес.* Ақылыңа сөзің *сай*, Сіз – жалын шоқ, біз бір май, Ыстық сөзің кірді ішке, Май тұра ма шыжымай (Абай). Дала-ның мал дәрігерлерінің халаттары жер түсіне *сәйкес* көк болады (Ө. Тұрманжанов). Құрманбектің кимылында батырға *лайық* қайрат, ерлік екпіні жақсы көрінеді (М. Қаратаев). Жеңгем киімнің өз түсіне *үйлесімді* жамау табады (Б. Соқпақбаев). Осындай жолмен шығарма мазмұнына *сәйкесті* суреттерді алдын ала қамдау керек («Қазақст. мект.»). Біздің қазақта бұл ойыңызға *орайлас* келетін жақсы мақалдар бар (С. Бақбергенев).

**Сайгүлік, сандак, тұлпар, дүлдүл, пырақ, тарлан, арғымақ, ала, күлік көне.** *Шашасына шаң жұқпас жұйрік ат.* Айшылық жерге асқанда Аққудай ұшса ақ қарда, самғауына сай келмес, *Сайгүліктің* шабуы (Т. Жароков). Оскырып таудың тағы тарланындай, не *сандак* жылқының жүр арғымағы (А. Тоқмағамбетов). *Тұлпардан* тұғыр озбас шабылса да, Оған да үкі, тұмар тағылса да (Абай). Топтан озған

*дүлдүлден*, жұртта қалған ит озды (Мақал). Жаңуар ақ арғымақ *пырақ* қой, қанаты болмаса, тұяқты малда оған жетер жылқы жоқ болар (Ә. Нұрпейісов). Қазақта жүйрік аттың синонимі көп: тұлпар, пырақ, *тарлан*, сөйгүлік, күлік, т.б. (М. Әлімбаев). Осықырып таудың тағы тарланындай, Не сандақ жылқының жүр *арғымағы* (А. Тоқмағамбетов). Мінген аты *ала* еді, Қылшық жүнді қара еді («Батырлар жыры»). Күңіретті ойды, қырды өншен *күлік*, Арқаны дүрілдетті дүбір қылын (І. Жансүгіров).

**Сайқымазақ, жатыпатар.** *Өткір тілді қалжыңбас, қуақы.* Үлкен күнә жасадың, інішек, – деп өзінің әдеттегі *сайқымазақ*, құбылма даусына салды (О. Сәрсенбаев). Әкесі Қазыдай ел шулатқан ер болмағанмен, *жатыпатар* қулығы жаудан қашып құтылар ақылы бартын (І. Есенберлин).

**Сайлы, сайлаулы.** *Керек-жарағы сай, бәрі түгел.* Қой қоралары да *сайлы*, жем-шөбі жеткілікті болған, құдықтары да бар («Мәдениет және тұрмыс»). Қызыңызбен біздің үйге жүресіз, той жабдығы *сайлаулы*, ел күтіп отыр (Ғ. Сланов).

**Сайлы, сайлауыт.** *Сай көп, сайы бар.* Дүкенбайдың газигі қары қалың *сайлы* жерлерге келгенде жиі тұрып қала берді (С. Қалиев). Тағы да ылғи *сайлауыт* жерлерді қуалап жүріп отырды (С. Сейфуллин).

**Сайрағыш, сайрауық.** *Сайрай алатын, әнші.* Әдетте *сайрағыш* құстар ұясын көзге көмескі, жасырын жерге салады (Қ. Қайымов). Бұтаққа қонған *сайрауық* құстар тынбай әндетеді (О. Сәрсенбаев).

**Сайрандау, еркіндеу, тайрандау, масайрау.** *Сауық-сайран құрып еркінсу, шаттану.* Біздің үйге бір келсеңші, өзіміз оңаша отырып *сайрандайық* (Қ. Жұмаділов). Қайыркеннің *еркіндеп* дем алатын күпі тек жексенбі (С. Бегалин). Тағы да бұрынғы жуандар, жондылар *тайрандайтын* болды (С. Сейфуллин). Ақанның өңіне қарасам, *масайрап*, шаттанып отырған адамның өңі (С. Жүнісов).

**Сайыскер, сайысшы, сайыпкер, жарыскер.** *Сайыс өнеріне шебер адам.* Өтеулінің күш алып кеткенін сезген Майқан қалған *сайыскерлермен* жекпе-жекке шықты (Н. Оразов). Мұнда келе қалсаңыз *сайысшылардың*, палуандардың, боксерлардың өнерін тамашалайсыз («Спорт»). Қиядағы қыранды қызылдауға шақырған *сайыпкер* аңшының тәсіліне салғандай еді (З. Шүкіров). Дәл осы кеңседе болашақ екі *жарыскер* Қасымтай мен Бұрқан қол қысысып серт байласты (Ұ. Бағаев).

**Сақ, абай.** *Өз ісіне ықтиятты, ұқытты.* Генерал майордың *сақ* күзетшілері бөгет болып, Алтыншашқа жолыға алмайды (І. Есенберлин). Ол аяғын мысықша *абаймен* басып, үйге кірді де жол сөмкесін алып шықты (Л. Сералиев).

**Сақалтай, қозықұмай, қозыжегіш, сақалдақ сөйл.** *Тау құздарын мекендейтін жыртқыш құс.* Жыртқыш құстардың арасындағы ең

көріктісі – *сақалтай* (Х. Қыдырбаев). Жан бара алмайтын биік құздарда өте үлкен *қозықұмай* мекендейді (Б. Мұханов). Бақсам *қозы-жегіш* немесе *сақалдақ* аталатын дала бүркіті бір қозыны көтере ұшып барады екен («Қазақстан ауылшаруашылығы»).

**Сақина, білезік, жүзік.** *Сәндік үшін қол саусағына салатын таза металдан жасалған жұмыр әшекей.* Салалы саусақтарға қатар тізілген күміс *сақиналар* көрден кесені қоңыраудай сыңғырлатып қояды (М. Дүзенов). Қолда төрт елі *білезік*, қынама бел, күрең қызыл мақпал камзолым бар (М. Сүндетов). Аудан орталығына дейін шығарып салған Ерік қыздың сүйіріктей әдемі саусақтарын ұстап тұрып, алтын *жүзік* кигізді (О. Бөкеев).

**Сақпан, балақпан сөйл.** *Тас атуға арналған құрал.* Шарт-шұрт тартылған *сақпан* дауысы естіліп қалады (Қ. Наменгеров). Зырылдауық жасап, *балақпан* атып, таңның атуы, күннің батуы бір дамыл таппаймыз (Ө. Қанахин).

**Сал, сері, серілеу.** *Әдемі киініп, сауық-сайран құратын өлеңші, әнші жігіт.* Біржан аз уақыт ішінде халқына белгілі әнші, ақын, *сал* болып аты шығады (А. Жұбанов). Бір *сері*, бір палуан екі жігіт дүркіреген думан тойдың дәл үстінен шықты (Ә. Бөриев). Жас шағында қалада орысша оқыған, өлең жазатын сылқым *серілеу* жігіттің өзі осы (М. Әуезов).

**Салақ, ұқыпсыз, құнтсыз.** *Шаруаға, іске құнты жоқ, қырсыз.* Қайсыбір иесі *салақ* үйдің жаңа дүниесі де ескідей көрінеді екен (Ә. Әбішев). Оқушылар оқу құралдарын, дәптерлерін *ұқытсыз* ұстайтын жолдастары жайында айтты («Қазақст. мек.»). Бұған дейін Нұрбек ауырып қалған таныстарына жиі барып тұруға *құнтсыз* еді (С. Досанов).

**Салақсу, салғыртсу.** *Жұмысқа немқұрайды қарау, мән бермеу.* Тез өскен лауазымның қызығына бүтіндей беріліп, үй тіршілігіне *салақсынды* (І. Хожабаяев). *Салғыртси* бермей, реті келіп тұрғанда қимылдап қалайық (Б. Тілегенов).

**Салалану, жүйелену, тармақтану.** *Сала-салаға бөлініп, ретке түсу.* Фосфор жеткілікті болған жағдайда картоптың тамыры *салаланып*, тармақталып өседі (Б. Шағыров). Мидың маңдай тұсы жедел өседі, жоғарғы нерв жүйесінің процестері *жүйеленіп* тәртіпке түсе бастайды (Қ. Жарықбаев). Бұлдырты, Шідерті сияқты қыр өзендері төмен құлдилап, *тармақтанып* ағып, келе-келе тарамданып, Тайпақ алақанына жоғалып жатыр (Х. Есенжанов).

**Салалас, жүлгелес.** *Қатар жалғасып жатқан, байланысып жатқан.* *Салалас* екі мысал келтіріп берейін (Ғ. Мүсірепов). Біздің атақонысымыз Шыңғыс тауымен *жұлгелес* Абралы, Дегелең таулары болады (С. Бегалин).

**Салбыраңқы, салыңқы, түсіңкі.** *Төмен салбыраған, түсіңкіреген.* Жүзіне қарап едім, *салбыраңқы* қалың ерні де дірілдеп келе жатыр

екен (К. Исабаев). Ол орта бойлы, жалпақ мұрынды, төменгі ерні *салыңқы* жігіт еді (Б. Момышұлы). Кең тымағының *түсіңкі* маңдайының астынан көмірдей қап-қара көздерінің ызалы оты жайнап жалтылдайды (С. Сейфуллин).

**Салғыласқыш, керісекек.** *Айтысып-тартысып керісе беретін.* Сақал-мұртың шықпай жатып, *салғыласқыш* болайын екенсің (Д. Әбілев). Ұрысқақ болса, балаң -- жау, *керісекек* болсаң келінің -- жау («Алдаспан»).

**Салдар, зардап.** *Зиянды әсер, кері нәтиже.* Жаудан күту жақсылық -- Зарыққанның *салдары*, Байдан күту жақсылық -- Тарыққанның *салдары* (Жамбыл). Шым-шытырық түс көру де шаршап жатқанның *зардабы* болуы керек (А. Байтанаев).

**Салдарсыз, зардапсыз.** *Зиянды нәрсенің кесірінсіз.* Зиянды іс-әрекет пен дағдының *салдарынсыз* саналы түрде өмір сүру -- басты мақсатымыз («Жас Алаш»). Қазіргі уақытта аурудың 90 пайызы ешқандай *зардапсыз* жазылады (Т. Қалжеков).

**Салдық, серілік.** *Сал мен серіге тән іс-әрекет, сері болушылық.* Мен *салдықты* тастағанда ғана кез болдыңдар емес пе (К. Әзірбаев). Оралбай -- ойын-сауыққа әуес, бой түзейтін *серілігі* де бар жігіт (Ж. Жұмаханов).

**Салқындау, суыну, суықтау.** *Суық тарту, салқын қалыпқа түсу.* Үй иесі әйелдің *салқындату* үшін құдық түбіне қойған айранының бір кесесін ішіп алып жата кетті (Ғ. Ахметов). Магманың *суынуына* байланысты мұхит қабаттары пайда болған екен (М. Маташев). Дірілдеді, тоңды ма? Қалмасын деп *суықтап*, Қымтады оны қойнына (С. Қалиев).

**Салмақ, ауырлық.** *Бір нәрсенің ауыр я жеңілдік өлшемі.* Алып келіп өлшегенімде балықтың *салмағы* сексен килограмм тартты ғой (Ә. Сәрсенбаев). Дененің *ауырлығы* дегеніміз -- ол жердің денені тарту күші (Х. Әбішұлы).

**Салпақтау, сабылу, сандалу, сенделу, салпаңдау, салпылдау, сарпылдау, тентіреу.** *Табанынан таусылып көп жүру, әуреге түсу, қыруар уақытын өткізіп алу.* Асылханға атқосшы болып, мен де бірталай уақыт *салпақтадым* (Қ. Жұмаділов). Олар үш күн *сабылып*, қызды іздеп таба алмай, қалжырап қайтты (Ә. Нұрпейісов). *Сандалды* сар далада су таба алмай, Шөлдегі жүрт қайтеді бос қамалмай (Абай). Ол бір-екі ай *сенделіп* бос жүріп қалды (С. Досымов). Жалғыз шүрегей бұйырмай, қара кешке дейін құр *салпаңдайды* (Н. Ғабдуллин). Жігіттер Мұхамбеттің бос қалған қорамсағын алып, *салпылдап* кері қайтқан (Д. Досжанов). Отыз құлы таусылды табанынан, су төгіп таң атқанша ол *сарпылдап* (Абай). Жұмыс уақытында бүйтіп *тентіреп* кететіні болмаушы еді, не болды екен? (Р. Токтаров).

**Салпаңбай, сандалбай, сандалма.** *Мақсатсыз-мәнсіз құр сандалатын.* Үш мастер, қалғандары доп қаумалар ғана халі бар *салпаңбай-*

лар (С. Бердіғұлов). Мынау екі көштің арасындағы *сандалбай* жүріс әлем-тапырақ екі дүниенің арасындағы жөн-жосықсыз жүріс еді (О. Бөкеев). Күні бойы *сандалмамен* уақыт оздырған ол кешке қарай көрші биік үйдің терезесінен сығалап көзін талдырды (Ж. Тілеков).

**Салт, рәсім, дәстүр, ғұрып, әдет, жөн, жоралғы, жөн-жапсар, жосық.** *Өмірде тұрақтанып қалыптасқан, жалпыға бірдей үйреншікті қылық, ырым, кәде.* Отқа табыну *салты* ертедегі халықтардың бәрінде де болған (М. Исақов). Құдайы мейманды қондырмау – қазақта жоқ *рәсім* (Ж. Өмірбеков). Есіркеген қазақтың ескі *дәстүрімен* «ой, бауырымдап!» ауылға қарай шаба жөнелді (І. Есенберлин). Қонақ әдетін істегеннен кейін, жатар алдында мейманға ақ ұсынатын *ғұрып* бар («Қаз. әдеб.»). Қазақ *әдетінде* қайғыға ұшыраған адамды дос-жарандары кезекпен қонаққа шақырып, көңілін көтеру бар (С. Мұқанов). Жолдан, *жөннен* сен адасты екен деп, адаса алмаймын, ел адаспайды (А. Хангелдин). Бізде баяғыдан келе жатқан қонаққа мал арнап сою *жоралғысы* бар (Қ. Сатыбалдин). Осы ауылда *жөн-жапсарды* түгел сұрасып алған Быков Байжанның танысына үш әйелді мінгізіп берді (Ғ. Мүсірепов). Ол – *жөн-жобаны* білетін, әдепті, жолдасын сыйлай алатын кішіпейіл, әдепті әйел (С. Бақбергенов). Ол ата-бабаның жол-жобасын, хұқық, шарият *жосықтарын* жатқа соғады (О. Сәрсенбаев).

**Салтшыл, жорашыл, дәстүршіл, ғұрыпшыл.** *Әдет-ғұрыпты берік ұстағыш, дәстүріне берік.* Ұйғыр – ұлттық дәстүріне берік *салтшыл* халық («Жетісу»). Жолға бағынған жақсы аға Төлеген, *жорашыл* жар Жібек, мұрашыл іні Сансызбай болып, бәрі де үйлескен келісім көрсеткендей (М. Әуезов). Қазақ шіркін *дәстүршіл* ғой, «Қонақ кәдесі» деп, тұс-тұстан жамырасып ес жиғызбай барады (М. Сүндетов). *Ғұрыпшыл* қыздар өскен шоқынып, Машаға жапты сан түрлі жала (Т. Әлімқұлов).

**Салып, сап.** «*Сал*» етістігінің көсемше түрі. Қалима ашуланып, қолындағы қамшымен қара жерді *салып* жіберді (Ә. Бөриев). Жүк тиеліп болғанда Нұралы бармаймын деп қиғылық *сап*, арбадан түсе қашты (Д. Исабеков).

**Салыстыру, салғастыру.** *Екі не одан да көп заттар мен құбылыстардың бір-бірінен артық-кемін байқап көру.* Өзімнің кескінім мен Балжанның суреттерінің кескінін *салыстырып* көрдім (Б. Тоғысбаев). Ескі тізіммен *салғастырып*, не бар, не жоғын анықтап, ертең келіп қорытындысын айтарсыздар (С. Ғаббасов).

**Самал, самиян.** *Жайлап соққан майда қоңыр жел.* Ашық терезеден оқыс соққан *самал* келді (М. Әуезов). Сахара салқын *самал, самиян* жел, Жақсы еді жаз жайлауға ойылымыз («Ақберен»).

**Самарқау, марғау.** *Жай, баяу, жайбарақат.* Қой жайылымын қимағандай *самарқау* жылжиды (А. Сейдімбеков). Жылы төсекте бойы шымырлап, *марғау* ұйқының құшағына ене берген (Д. Досжанов).



**Самарқаулық, марғаулық.** *Жайбарақаттық, сұлбырлық.* Бәсекелестер бұл жолы *самарқаулыққа* бармай, бірден қызу айқасқа кірісіп кетті («Лен. жас»). Жаңағы бір саябыр тапқан шақта кірпікке ілінген ұйқы, бойды билеген *марғаулық* әп-сәтте адыра қалды (А. Бекбосынов).

**Сампылдау, қауқылдау, сапылдау.** *Дауысты көтеріңкі шығара, самп-самп етіп сөйлеу.* Енді бір сәттен соң *сампылдап* сөйлескендеріне дейін естілді (Ш. Мұртаза). Қайырлы жиын болсын, мереке, – деп, Күлісіп қарт пен қарттар *қауқылдасып* («Айтыс»). Шымырбек тағы да *сапылдай* жөнеліп еді, Шегебай зірк етіп, оның сөзін бөліп тастады (Б. Тілегенов).

**Самырсын, қарағай.** *Биік болып өсетін қылқанды жапырақты ағаш. Қарағай, самырсын* ағаштары сондай биік, басыңды қанша шалқайта қарасаң да ұшын көре алмайсың (З. Космодемьянская).

**Сана, ес, ақыл.** *Объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің, естіген, көргенді ойда сақтаудың адамға ғана тән ең жоғарғы формасы.* Қазақтың қайсысының бар *санасы*? Қылт етерде дап-дайып бір жаласы (Абай). Адам *есі* туған күннен бастап дайын да жетілген күйде болмайды («Семья тәрбиесі»). Ашу – дұшпан, *ақыл* – дос, Ақылына ақыл қос (Мақал).

**Санақ, есеп.** *Белгілі мерзімде жүргізілетін сан анықтау ісі, мәлімет, хабар.* 1897 жылғы *санақтың* мәліметі бойынша Ақмола облысында қазақтар жалпы халықтың елу бес пайызы болған («Қазақ ССР тарихы»). Сол Мерке ауданында сатушылар қай тауардың қай фермаға, қай отарға сатылғаны жөнінде *есеп* беріп отырады (К. Баялиев).

**Саналы, зерделі, жетелі.** *Әр нәрсені ақылмен ойлай білетін, толғамды, есті.* Бүгінгі ауыл қазағы бұдан елу жыл бұрынғы емес, ойлы, *саналы*, дүниетанымы өзгеше («Лен. жас»). Абай болса, *зерделі* тыңдаушысын енді тауып, асыл жырларымен осы елге қызмет етіп жүр (Х. Ергалиев). *Жетелі* жастың қайсысы жетілуді, жақсы болуды аңсамайды (Ж. Арыстанов).

**Саналылық, ойлылық, жетелілік.** *Саналы болушылық, санасы молдық.* Жүктеген міндетін жоғары *саналылықпен*, аса жауапкершілікпен атқарады (Е. Оразақов). Күлімдеп тұратын қой көздерінен енді тек адалдық, ақжарқындық қана емес, *ойлылық* аңғарылады (А. Жұмаділдин). Тумысынан *жетелілігі*, қызметтен алған тәжірибесі мол болса да, Сүлеймен өз білімінің аздық ететінін аңғара білді (Ж. Арыстанов).

**Санасу, есептесу.** *Бір нәрсені ескеріп, елеу.* Балалардың психологиялық ерекшелігімен *санасып*, олардан талап етілетін істі сендіріп отыру қажет («Семья тәрбиесі»). Ата-анаңның көңілімен *есептескен* жөн болар, тағы бір апта аялда (А. Байтанаев).

**Санатория, курорт.** *Демалып, денсаулық түзететін емдеу орындары.* *Санатория*, сәнді тау, Көңіл жарқын, күн ашық, Тұр төгіліп

бақша-бау, Алдық біраз тыңайып (Қ. Аманжолов). Елімізде өкпе ауруын емдеуге арналған *курорттар* мен санаторийлер көп (М. Сисекенов).

**Санатында, есебінде, ретінде.** *Бір нәрсенің қатары, есебі бойынша.* Ойлы санаткерлер *санатында* Шоқан әртүрлі ағымдағы кісілермен пікірлес болды (Т. Әлімқұлов). Талай рет жанкүйер *есебінде* мені стадиондағы футбол ойынына ертіп барғандары да бар (Ә. Бүркітбаев). Ақаңды білімді де білікті ғалым *ретінде* институтта дәріс беруге шақыратын («Соц. Қаз.»).

**Сандалу, сандырақтау, оттау.** *Жоқтан өзгені айту, аузына келгенін көку, танту.* Түктің исін білмеген соң сен неме беталды *сандалма*, білдің бе, – деді (З. Жәкенов). Мынау не *сандырақтап* тұр, ол қыздың Омбыда несі бар, – деді Мұстафа (З. Ақышев). Жәйіне отыр *оттамай*, ісінді біл, Тұлпарға әкеп теліме есекті алып (М. Мақатаев).

**Сандық, абдыра, кебеже, бөгіре, абажа, әбдіре жерг.** *Әртүрлі бұйым салуға арналған үй жиһазы.* Қыздың ойы осыған тыйылды, Айна, тарақ *сандығына* жиылды, Үйде тұрған өтірлердің қалдығы, Ақырғы рет жағасына құйылды (Х. Ерғалиев). Үйдегі *абдыраның* түбіндегі сурет бар хаттарды апама білдіртпей оқып алғам (Ш. Құмарова). Гвинея негрлері аталарының сүйегін *кебежеге* салып сақтап, бір нәрседен қысылғанда сол сүйектермен сөйлесіп отырады екен (М. Исаков). *Бөгіре* – кішірек қол сандық, сандықша («Түсіндірме сөздік»). *Абажа* – үй жиһазы; кебеженің үлкен түрі. Тақтайдан жасалып, көбіне киізбен, кейде былғарымен, қаңылтырмен де қапталады. Астына әшекейлі жүкаяқ қойылады (ҚСЭ). Қыз-келіншектер де жігіттерден қалыспай түйеге *әбдірені*, кебежені теңдеп артып жатыр (С. Талжанов).

**Саңлақ, сайдақ, сайдауыл, сайдауыт сөйл.** *Сен тұр, мен атайын, ығай мен сығай, елден ерек.* Бізде дүниеге әйгілі болған адамдар көп, мәселен: Абай, Шоқан, Мұхтар, Қаныш, Күләш деп, біраз *саңлақтарды* айтып, орнына отырды (Б. Момышұлы). Шығыпты талай *сайдақ* жұлқынысып, Таппаққа тегін олжа ынтығысып (К. Райбаев). Ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған *сайдауыл* жігіттер Доғалға қарай лек-легімен аттанып бара жатты (Ж. Мусин). Қайратты бойжеткен шөмеле салып жүрген *сайдауыт* жігіттердің қайсысынан да асып түспесе, қалысар емес (Ж. Тілеков).

**Саңырау, керең, мүкіс, тосаң.** *Құлағы жақсы естімейтін (адам).* *Саңырау* адамдар бар жағдайды кісінің қас-қабағынан, қимылынан таниды (Т. Ахтанов). Айғаным *керең* адаммен сөйлескендей сампылдай сөйлейді, даусы қатты шығады (А. Байтанаев). Құлағы *мүкіс* күйеуіне бірдемені естірте айтып, Жадыра да шәңкілдеді (С. Талжанов). Шал құлағының *тосаңы* бар еді, сөзінді естігем жоқ дегендей, тырс үндемеді (С. Сейітов).

**Саңыраулық, керендік.** *Керен, болушылық.* Айтқанды естімесе, өзінің *саңыраулығына* көрсін («Түсіндірме сөздік»). *Керендік* адамда іштен туылғаннан, жарақаттан және тұрмыста кездескен ауру салдарынан болады (М. Исанбаев).

**Сапар, жол.** *Бет алып шыққан бағыт.* Жақсы көретін жеңгесі Қожаштың атының басын ұстап тұрып, «*сапарыңыз сәтті болсын*», – деп күлді (С. Көбеев). Бір кемеде бір қазақ Алыс сапар алдында Шыға қапты *жолға* ұзақ Жатпай тыныш аулында (Ә. Тәжібаев).

**Сап-сары, шикіл.** *Ашық сары, нағыз сары.* Жеңгемнің бипаз қолы *сап-сары* құймақ пісірді (Б. Сокпақбаев). Гүлдердің кейбіреуі қызыл, кейбірі ақ, көк, *шикіл*, ол тағы басқа түсте болады (С. Сейфуллин).

**Сапыру, араластыру.** *Ойын картасының жұбын жазып, өзара алмастыру.* Қарташылардың картаны *сапырмай*-ақ үлестіре салатын әдеті болатын (Ауызекі тіл). Ойын сайын картаны *араластырып* отырмаса, карта араласпайды (Ауызекі тіл).

**Сараң, қытымыр, қатты, қарау, сырдаң, сығырдаң, шығымсыз, қарынбай, шығайбай, нес жерг., қарабай сөйл.** *Ешкімге ештеңе бергісі келмейтін, қолы тар.* Ол өзі барып тұрған *сараң*, бір тиынды дүние көретін еді (І. Жансүгіров). *Қытымыр* байдың тастаған сүйегі сорлылардың екі бүйірін емес, екі көзін шығарғандай еді (С. Көбеев). Дастарқанның болмайды берекесі, Ері сараң, әйелі болса *қатты* (Кенен). *Қараудың* қазынасы қарғаға бұйырар (Мақал). Түзде мырзаң, үйде *сырдаң*, сөзі қылжаң еркесіп (Абай). Университеттің профессоры Джорж Бейкер – *сығырдаң*, өзімшіл, ақсүйек адам (Т. Әбдіков). Судыр Ахмет басқадан ішіп-жегенде болмаса, өзі ешкімге ештеңе татырмайтын *шығымсыз* кісі еді (Ә. Нұрпейісов). Сендерге дес бермей жүрген Мекетайдай *қарынбайларды* сөзбен сілейтті (М. Хасенов). Қабырға өзенінің бойындағы *шығайбайдың* бірі еді, қорыққанынан берген ғой (А. Нұрманов). Ешкімге еш нәрсе татырмайтын, шектен шыққан сараңды *нес* деп атайтынымыз бар («Қаз. әдеб.»). Сартабан өмірі малмен өткен оны жұрт барып тұрған *қарабайдың* өзі деп те атайды (С. Мәуленов).

**Сараңдану, сараңсу.** *Сараң болу, сараң тарту.* Мен *сараңдануға* тиіс емеспін, оған өмірдің өзі де ерік бермеген болар еді (Ә. Нұршайықов). Алғашқы күндері Аянға шанамызды сырғанауға беріп жүрдік те, келе-келе шетімізден *сараңси* бастадық (С. Мұратбеков).

**Сарап, талқы.** *Көптің пікір таласынан өткізіп, сыналатын орын.* Ол сарыла кітап ақтарып, сан алуан ойларын *сарапқа* салды («Бал дәурен»). Өткен ғылыми мәжілісте екі диссертацияны *талқыға* салдық (Ауызекі тіл).

**Сарапшы, сыншы.** *Біткен іске баға беруші, мініші.* Қатаң *сарапшының* жауабына риза болып, қошемет сөздер айтылды (Ә. Әлішев). Ел аралаған *сыншы* болады, Тоғай аралаған үйші болады (Мақал).

**Сарбуын, сарық.** *Буында сарсу жиналып, іскен ауру. Сарбуын* ауруы қимыл-қозғалысы аз егде жастағылар арасында жиі кездеседі («Денсаулық»). Жоламан аяғының *сарығы* сыздағанын сезді (Ә. Сараев).

**Сарғаю, сарғыштану.** *Сары тұсқа айналып, өңін өзгерту.* Алды *сарғайып*, сабағынан үзіле бастаған жапырақтар қалбаңдап ұшып түседі (С. Баязитов). Беткейінің бидайы қамырланып, төскейінің бидайы *сарғыштанып* жатқан бітік егіннің тіпті шеті де ойылмаған (Б. Тоқтаров).

**Сарғылт, сарғыш, сарғылтым, сарғыштау, сарғайыңқы, сарғылттау.** *Сарыға жақын солғын тұс.* Алып еменнің *сарғылт* жапырақтары күн сәулесіне шағылысып, бейне алтын секілді көрінеді (Қ. Қайсенов). Қара сапиянмен тысталған, *сарғыш* чемоданды көтеріп, Ораз жол бастады (З. Шашкин). Қорадан еті толық *сарғылтым* жүзінің майы жылтылдаған орта жастағы еңгезердей кісі шықты (Қ. Толыбаев). Көрдіндер ме, анау жұлдыздың түсі өзгелерден гөрі сәл *сарғыштау*, – деді әкесі (Р. Райымқұлов). Сан рет көз жасы тамып, сиясы айғыздалған *сарғайыңқы* беттер мынадай сөздермен ашылған еді (Р. Тоқтаров). Елтірілердің түбі қаралау, ал ұшы ақшылдау, *сарғылттау* немесе қызғылттау болып келеді (Ә.Мырзағалиев).

**Сарқ-сарқ, сарқ-сұрқ, бұрқ-сарқ, бұрқ-бұрқ.** *Сұйық заттың қатты қайнаған күйі, қалты.* Ортадағы екі темір пеш жан-жағына жалын атып, есік жақтағы төрт үлкен қазан *сарқ-сарқ* қайнады (Ғ. Мүсірепов). Самаурындар да булығынан буы бұрқырап, қақпағын көтере *сарқ-сұрқ* қайнап, екі иінінен дем алады (С. Жүнісов). *Бұрқ-сарқ* еткен сары самаурын жұмыстан түнере қайтқан Қаппаспен үйге бірге кірді (Б. Қыдырбекұлы). Отанның сары қазаны *бұрқ-бұрқ* қайнап, Орнаған осы араға ошақ сайлап (Ғ. Қайырбеков).

**Сарқылу, суалу, тартылу.** *Судың азайып қалуы, өзен-көлдің арнасынан төмендеп қалуы.* Құркөл суының *сарқылып* бара жатқаны рас па, әке? – деді Тұнғатар әр сөзін салмақтай айтып (М. Хасенов). Қыстаудың шығысына қарай төрт шақырым жерге біткен Бетпақкөл шілде туа *суалып* қалады (С. Мұқанов). Су *тартылар* шақта аңдардың кенет қоныс аударатын әдеті (Х. Есенжанов).

**Сарт-сарт, сарт-сұрт.** *Екі заттың жиі соқтығысынан пайда болатын сартылдаған дыбыс.* Осы аралықта ұзын-ұзын ақ сойылдар кезек-кезек қағысып, *сарт-сарт* тиіседі (М. Әуезов). Әужан біресе қағазына қарап, біресе алдындағы есеп шотты *сарт-сұрт* қағады (З. Ақышев).

**Сарылу, сарғаю, сарсылу.** *Бір нәрсені ұзақ күту, зарығу.* Екі-үш күн осылай *сарыла* күтіп, келмеген соң мүлдем күдерімді үздім (С. Жүнісов). Аянберген әбден *сарғайды*, тосқан кісілердің бірсыпырасы тарап кетті (І. Жансүгіров). Көп қиналыстың, күні-түні *сарсыла* отырудың алғашқы үлкен қорытындысы 1937 жылдың жазында белгілі болды (Ә. Жәмішев).

**Сасқалақ, күйгелек.** *Болмашыға сыр білдіріп, абдырап қалатын, сабырсыз.* «Мен не деймін?» деген күйкі сұраулар *сасқалақ* Әлімбектің мазасын да кетіре бастап еді (Х. Есенжанов). Ол кейінгі кезде аяқ астынан *күйгелектеніп*, абдырағыш болып алған (А. Хангелдин).

**Сасу, иістену, мүңку.** *Иісі шығып бұзылу, табиғи қасиетін жою.* *Сасыған* малмамен, айранымен үйіне қалай барсын, молда-екең өз аулына қарай тартады (М. Қуанышбаев). Қыран құстар *иістенген* ет жесе, дертке шалдығады (Ш. Айманов). Көл жиегінен шіріген қамыс пен құс нәжісінің қышқылтым иісі *мүңкіп* келіп тұншықтырып жібере жаздады (Ә. Тарази).

**Сасық, мүңсік.** *Сасып кеткен, иістеніп кеткен, нашар иіс.* Нұржан жұмыстан алқынып келіп, ыстық шайды ішкен соң *сасық* тер бұрқырап шыға бастады (Б. Майлин). Олардың жанында ұзақ тұрып қалса, бойына әлгілердің *мүңсік* иісі сіңіп қалардай тез кетуге асығатын (Б. Мұқаев).

**Сатқақ, тышқақ.** *Асқынған іш ауруы, дизентерия.* Бір жағынан кебежедей болып ішің суға толса, екіншіден күн өтіп кетсе, *сатқақ* болуың да ғажап емес (С. Талжанов). Иістенген жаман су тоқтының ішін бұзып, *тышқаққа* ұрындырды (М. Ермеков).

**Сату, саудалау.** *Затты өз құнына тұратындай етіп бағалап беру немесе алу.* Шамасы келгендер базарға ет, май, тірі қой апарып *сатады* (Б. Соқпақбаев). Қалай өткізем деп қам жеме, *саудалауын* өзіме бер, алатын кісіні де өзіме табам (К. Тоқаев).

**Сатушы, дүкенші, магазинші кітаб. сатарман.** *Сауда орнында тұтынушыларға товар сатып тұратын қызметкер.* Мұнда ол аудандық үлкен магазинге *сатушы* болып орналасты (Ә. Нұршайықов). Осы күні *дүкеншіден* бай адам жоқ (С. Жүнісов). Дүкенге барсам, *магазинші* орнында жоқ, бір жаққа шығып кетіпті (Ауызекі тіл). Есік аузындағы жолаушыларды тұс-тұстан қаумалаған *сатармандар* бірінен-бірі озғындап ұсынады (Қ. Қазиев).

**Сатылап, басқыштап, жайлап, ептеп.** *Ретін тауып, бірте-бірте, бірден емес.* Елге келген соң ол басшы қызметтерге *сатылап* жоғарылай берді («Қаз. әдеб.»). Азбанқұлды *басқыштап*, жалбызбалап, Ханға қолын жеткізбек кейбір мұндар (Т. Әбдірахманов). Мен әділетсіздік туралы сөйлегенде *жайлап*, сабырмен сөйлеу дегенді білмеймін (С. Бақбергенов). Ішіне сақтап қулығын, *Ептеп* барып барлайды, Бұлғақтатып құйрығын, Қарғаның көзін алдайды (Абай).

**Сатымдық, сатын.** *Сатуға арналған, сатылатын.* Дүкен, магазиндерінің іші неше түрлі *сатымдық* нәрсеге лық толған (С. Шарипов). Қолдарында *сатын* малы болмай, қатты қысылып, бізге келіпті («Лен. жас»).

**Сауат, хат.** *Оқып, жаза білетіндік, көзі ашықтық.* Осы қалаға қызметке келген адам *сауаты* болса болғаны, алдымен кітапханаға

барады (А. Байтанаев). «Айқап» журналына қазақтың сол кездегі оқығандары, *хат* білген адамдары көп қатынасты (Б. Кенжебаев).

**Сауатсыз, қараңғы.** *Хат танымайтын, оқымаған, білімсіз.* Қазақтың ол кездегі *сауатсыз* билеріне патша өкіметі аты-жөні жазылған жүзік жасатып беретін (С. Мұқанов). *Қараңғы* қазақ көгіне Өрмелеп шығып күн болам. *Қараңғылықтың* көгіне Күн болмағанда кім болам (С. Торайғыров).

**Сау бол, қош бол, қош-есен бол, қош-сау бол.** *Ауырмай, сырқамай аман болуды тілеп айтылған сөз. Сау болыңыз, ағай, – деп қыз трубканы ілді (Х. Ерғалиев). Қош бол, қош бол, ұлы өлкем, Біз қайтармыз күні ертең (К. Аманжолов). Қош-есен болыңыздар, ағайын жұрт, – деп қолын бұлғады («Түркістан»). Онда тіпті жақсы, мен кетейін. Қош-сау бол! – деп Лидия Андреевна шығып кетті (Ә. Шәріпов).*

**Сауға, араша.** *Жанжалдасқан екі жақты басу үшін айтылатын тоқтау сөз.* Ақырғанға шыдамай Баймағамбет сасады, *Сауға* сұрап басына Жалынып есік ашады (О. Шипин). Бір кісі үшін *арашаға* бара алған адам мың кісі үшін де соны істей алады (Р. Тоқтаров).

**Саудагер, алыпсатар.** *Алған затын қымбат бағаға сатып күн көруші, кәсіп етуші адам. Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр, қолдан беріп қор болып ала алмай жүр (Абай). Сауда маркасы бар товарлар көп болса, өзге алыпсатарлардың товарлары жақсы өтпейді («Алматы ақшамы»).*

**Саудагерлік, сауда-саттық, алыпсатарлық.** *Арзанды қымбатқа сатып күн көрушілік, кәсіп етушілік.* Қазіргі кәсібі ауылдан келген әулетті адамдарды үйіне түсіріп, *саудагерлік* жасап, пайда табады (С. Мыңжасарова). Ұсақ *сауда-саттықпен* күн көріп отырған Омардың нағашыларының үй тұрмысы да тым төмен екен (О. Сәрсенбаев). Астананың теміржол вокзалдарында билетпен *алыпсатарлық* жасау әлі үзілді-кесілді тоқтаған жоқ («Алматы ақшамы»).

**Саусақ, бармақ.** *Қол басының алақанға қосылатын салалы бөлшектері.* Көзіне құйылған ащы терді күйелі *саусақтарымен* анда-санда бір іліп тастап, Балкия келе жатты (Ә. Әбішев). Соқыр қарт етектей сакалын балуан *бармақтарымен* салалап тарап отыр еді (Ф. Мүсірепов).

**Сауығу, жазылу, оңалу, түзеу, сақаю, айығу, райлану.** *Ауру-сырқаттан, дерттен айығып, беті бері қарау.* Апам *сауығып* келгенше осында болмайсың ба? (С. Жүнісов). Кеселіңнің неден екені бөлендей жұмбақ емес, жұмбақ сол кеселден *жазылу* жолы (І. Есенберлин). Қалаға келісімен дәрігер шақырып, емдеу істеліп, бір жетіде *оңалдым* (С. Бегалин). Балалар санаторийлерінде аяқ-қолдарының буыны, өкпесі ауыратын балалар емделіп, денсаулықтарын *түзеп* отырады («Қазақст. әйелд.»). Аурудан аман-есен *сақайып* кетуіңізге тілектеспіз (Ауызекі тіл). Операция неғұрлым ерте жасалса, адамның соғұрлым аурудан тез *айығып* кетуіне күмән жоқ (С. Табынбаев). Ай бойы төсек

тартып ауырып жатқан әкесінің өңі кіріп, басын көтеріп, *райланып* қалыпты («Әдебиет және искусство»).

**Сауықтану, думандау, сайрандау.** *Ойын-тамаша құру.* Несін сұрайсың, көктен іздегеніміз жерден табылып, *сауықтай* жүріп кеттік (Ш. Айманов). Тербетіп өлеңіммен ел жүрегін, Той қылып, дүрідетіп *думандадым* (Х. Өтеғалиев). Апырай, бұл жұрт той-томалаққа құмар, кейінгісі *сайрандағысы*, ішіп-жегісі келеді (М. Жұмағұлов).

**Сауықшы, думаншы, думангер.** *Той-думан құрушы, ойын-тамашасы.* Абайлар тоғай ішінен шығып, сумаңдаған аяңмен дәл қастарына жеткенше *сауықшыл* топ байқамапты (М. Әуезов). *Думаншылардың* ішінде әнші балаға оқтын-оқтын шүйіліп-шүйіліп өтетін қырғи көз сақа келіншектер де аз емес (Ә. Кекілбаев). Артық деп ұқпа сөзімді, Қайсы бір ұлын *думангер*, Сыйламай жүрсе өзінді, Алысқа жұмса, туған жер (Қ. Мұқашев).

**Сауықшыл, сауыққой, тамашашыл, қызықшыл, думаншыл, сайраншыл.** *Той-думанды жақсы көретін, өнерпаз.* Қазақтардың *сауықшыл* халық екенін ориенталист ғалымдар ертеден байқаған-ды (І. Омаров). Шешеммен бірге туған нағашы ағайым Рахмет те әнді жақсы айтатын, *сауыққой* жігіт еді (С. Бегалин). Ауылдың *тамашашыл* жас-желеңі сол үйге кіріп-шығып, көңіл күлкісін көбейтіп жатыр (Е. Тұрысов). Өлеңін айтып, билеп жүретін *қызықшыл* халық музыка мен бидің адам жанының азығы екенін күнбе-күнгі дәстүрінен көрсетіп келеді (А. Жұбанов). Шопан қызметінің өзі оны *думаншыл*, сауықшыл, өршіл, еңбекшіл жасайтын сияқты (Ұ. Бағаев). Ол көбіне-көп қасындағы *сайраншыл* әбжіл жігіттермен билеп, көңіл көтереді (О. Сәрсенбаев).

**Саятшы, саяткер.** *Құс салып, аң аулауды кәсіп еткен аңшы.* Қаршыға салу қызығына мүлдем беріліп алған *саятшылардың* ауылдан шыққандарына бір аптадан асып кеткен (І. Есенберлин). Қасенмен бірге құсбегісі Нұрмақ, *саяткері* Нұғман Қожа, зергер Оспан өнершілері бар (Ә. Бектасов).

**Саятшылық, саяткерлік, саятшылдық.** *Құс салып, аң аулауға кәсіптенушілік, құмарлық.* Бала күнінде құс салып, *саятшылық* істеген жерлер Шоқанның көзіне оттай басылды (Б. Соқпақбаев). *Саяткерлік* Сымайыл ақсақалдың сүйегіне сіңген ата кәсібі болатын («Жүлдыз»). Нағашысының *саятшылдығына* Танабайдың зығырданы қайнады (Ж. Еділбаев).

**Саяхаттау, сапарлау, жолаушылау.** *Алыс жерге сапарға шығу, ел аралау.* Біздің елімізге *саяхаттан* келетін туристердің арасында елімізге қарсы пиғылдағы адамдар да кездеседі («Қазақст. мұғ.»). Көрдім мен қанша тауларды *Сапарлап* алыс жақтарға (С. Жиенбаев). Өзіміздің де өлең айтушыларымыздың алдын *жолаушылатып* Петерборға дейін жіберіп отырмыз (К. Оразалин).

**Саяхатшы, жиһанкез, жиһангер.** *Саяхат жасаушы, жол тартқан адам.* Ана жылы Баян төңірегін аралап қайтқан бір *саяхатшы* бұл жер Швейцариядан артық болмаса, кем емес деген екен (З. Ақышев). Жер шарын жаяу кезіп жүрген белгілі *жиһанкез* осы мезгілде Үнді жеріне жетеді (К. Тоқаев). *Жиһангер* ғалым, ғалам неден жаралды дегенге жауап бер, – деді Сұлтан (Ш. Хұсайынов).

**Сәйкестік, үйлестік, үйлесімділік, жарасымдылық.** *Бір нәрсенің ыңғай-ретіне үйлес, ұқсас болушылық.* Мал баққан шаруалар өздерінің тұрғын үйлерін жыл мезгіліне *сәйкестікпен* өзгертіп отырады («Қазақ ССР тарихы»). Тұрмыс құрған еркек пен ұрғашының соншама ұзақ жылдар бойы бірге тұруға жарарлық мінез-құлық *үйлестігі* болуы – ең басты шарт (Ө. Қанахин). Семья тәрбиесінің маңызды ерекшелігі оның қоғамдық тәрбиемен табиғи *үйлесімділігінде* («Қазақст. мект.»). «Қара атқа күміс тұрман салғандай екен» деу сол *жарасымдылықтың* белгісін көрсетеді (С. Мұқанов).

**Сәби, нәресте, бөбек, бөпе, әлди.** *Жаңа туған, есеймеген жас бала.* Қара көз, *сәби* бөбегім, аса берсін өнерің, батыр болып өсе бер Жанарыңды жанғызған (Жамбыл). Уылжыған *нәрестені* қанша сүйсе де, көжектің мауқымы басылмады (Т. Ахтанов). «Өлмегенге өлі балық» дегендей, ендігі ойым – екі кішкентай *бөбектің* қамы (С. Жүнісов). Әлди-әлди, ақ *бөпем*, ақ бесікке жат бөпем (С. Сейфуллин). Бой балқытқан *әлдиіндеі* ананың, тәтті күйге мейірлене қанамын (З. Қалауова).

**Сәкі, нар кітаб.** *Жатып дем алу үшін тақтайдан биіктеу етіп жасалған орын.* Түрменің ішінде он екі кісі қатарласып жататындай ғана тақтай *сәкіден* басқа дөнеңе жоқ (М. Дәулетбаев). Отырған жігіттер үнсіз шешініп, *нарға* шығып, ұйқыға кетті (С. Жүнісов).

**Сәл, әнтек, шақ, сәл-пәл, сәл-кем, болар-болмас, аз-кем.** *Болмашы ғана, азғана, шамалы.* Сапар бұл сөзін қаншама нық айттым десе де, даусы *сәл* дірілдеп, солғын шықты (М. Иманжанов). Сол топтан *әнтек* кейін үлкен көштің алдын бастап келе жатқан сүп-сүр жүдеу бәйбіше екен (М. Әуезов). Арман қапелімде қалай қарай жүрерін білмей, мейманхананың алдында *сәл-пәл* тұрып қалған еді (Қ. Найманбаев). Жүрегім айнығандай болған соң басқышқа *сәл-кем* сүйеніп қалдым (М. Сатыбалдиев). Мен күліп жіберуге *шақ* қалдым (Т. Сәукетаев). Қолдан достық жасап ем *болар-болмас*, Итмұрындай наданның жыртты бірі (Абай). Төлеутай трамвай күтіп *аз-кем* тұрды да қалаға қарай жаяу жүріп кетті (Қ. Найманбаев).

**Сәлде, шалма.** *Діни адамдардың бастарына орайтын ақ матадан жасалған киім.* Кітапты молда теріс оқыр, Дағарадай боп *сәлдесі* (Абай). Науан қазірет ой астында ақ *шалмасы* ағараңдап, үнсіз отырып қалды (С. Жүнісов).



**Сәлдеу, шамалылау.** *Өзгеге қарағанда аздау, төмендеу.* Жалпы киім киісі Тойбазардан гөрі *сәлдеу* (Қ. Сатыбалдин). Басқа шаруашылығымыздың да шекесі қызып тұрған жоқ, *шамалылау* (З. Асабаев).

**Сәлемдеме, сауқат, сәлем-сауқат, сыбаға.** *Біреу арқылы заттай күйінде беріп жіберілетін аманат нәрсе.* Замандас екеуіңізге жіберген, бұл азбынша *сәлемдемеді* қомсынбай ала тұрыңыздар (С. Жүнісов). Біздің қолымыздан дәм татсын деп, сізге азғана *сауқат* жібердік (С. Омаров). Ағатайы сіз емделіп жатқанда «осы жігітке хат жаз, *сәлем-сауқат* жібер, қуант» депті (С. Омаров). Осы абысын, жеңге, келін атаулының бір машығы – жылына екі мезгіл Құнанбай үйлеріне *сыбаға* әкелуші еді (М. Әуезов).

**Сәлеметсіз бе, амансыз ба, есенсіз бе, жақсымысыз, армысыз.** *Амандық, саулық сұрасу, амандасу.* *Сәлеметсіз бе*, апай! (Е. Қонарбаев). *Амансыз ба*, шешей! (Б. Соқпақбаев). *Есенсің бе*, айналайын! (Қ. Қайсенов). *Жақсымысыз*, әжей! (І. Есенберлин). Өскен ел, туған жерім, *армысың*, жауға оқ атып, тойтарып жүрмін, – дейді солдат Омар (Ж. Аяшев).

**Сәндену, сылаңдау, сыланып-сипану, әсемсу, ыздию сып., жасану, қырымпаздану, әсемдену, жасаулау.** *Үсті-басын әдемілеп, сылаң қағу, шірелу.* Жанна шашына алма гүліндей аппақ бантик тағып, *сәнденіп* келді (Қ. Жұмаділов). *Сылаңдап* өскен бұл ақ тоқал да бұрынғы сән-салтанаттан жүрдай болған (З. Жәкенов). *Сыланып-сипанып* тойға келген Әйкенге әркім-ақ сүйсінетін де, қызығатын да еді (Ә. Бөриев). Жамалдың қас-қабағын керіп, *әсемсіп*, бөлсіп айтқан сөздері осы тәріздес болды (Б. Қыдырбекұлы). Дерев ақ галстукті байлап, өмір бақи үстіме жаман киім кимегендей *ыздия* қалдым (Б. Қыдырбекұлы). Оқушылар кәдімгі мейрам күніндегідей *жасанып*, бар тәуір киімдерін киініп келіпті (С. Омаров). Бастығы қашан көрсен де мереке-тойға баруға әзірленіп жүрген адамдай *қырымпазданып*, кербезденіп жүруші еді (Ж. Мұзапаров). Макаровтың тойға баратындай таза киініп, қырынып, *әсемденіп*, айнаның алдында тұрғанын көрдім (Б. Момышұлы). Осыдан кейін Мұхтар баласын барынша *жасаулап* аттандырып салды (С. Шаймерденов).

**Сәнқой, сылаң, сәншіл, қырымпаз, әсемпаз, қырымпоз.** *Сән қуушы, сәнқұмар.* Пушкин ақсүйек әдебиетінің тіліндегі *сәнқойлыққа* қарсы шығады (М. Қаратаев). Назгүлдің *сылаң* жүрісі де, толқында-ла төгілген мақпал қара шашы да Айқынның көзін тартып әкетті (Ә. Әбішев). Тұйықтап деген сөз бар бұйық туар, Бұйықтан деген сөз бар қиық туар. Шешесі *қырымпаз* боп қымаңдаса, Баласы бір мәймөңке бұзық туар («Айтыс»). Мырзаның осы бір жылтырағанға жаны құмар *сәншіл* екендігін ойлап, таңырқап қояды («Әдебиет және искусство»). *Әсемпаз* бодма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан, сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар қалан (Абай). Жандарбек те домбырашы, өлеңші, *қырымпоз* дегендей сері жігіт екен (С. Мұқанов).

**Сәнқойлық, әсемпаздық.** *Сәнқой, әсемпаз болушылық.* Қыс ішінде бүгінгідей суықта оның осындай жеңіл жүрген *сәнқойлығына* бір жағынан таңырқай да қарадым (Е. Мырзахметов). Үстіндегі киім, *әсемпаздығы* оның көптен бері әскер қызметінде екенін сездіргендей еді (А. Бек).

**Сәресі, сахар.** *Ораза кезінде аузын бекіткен адамның таң алдында ішетін тамағы.* Бұлар Абдыра бекетінен *сәресін* ішкен соң-ақ шығып кетті (І. Жансүгіров). Кәрібай молда *сахарын* ішіп, таң намазын оқығаннан бері, дәйек тұтып үйде отыра алмады (Б. Майлин).

**Сәуегей, әулие, көріпкел.** *Болашақты болжай білетін, «көріпкелі» бар адам.* Қарияның осы бір қалпы көрмесе де естіген, ерте заманғы *сәуегей* әулиені елестеткендей (С. Шаймерденов). Бақсы ислам дінінен бұрынғы заманда пайғамбар, *әулие* тәрізді болған (С. Сейфуллин). Оны асқан білгір, *көріпкел* тәуіп санаған адамдар сонау Ташкент, Самарқанд жағынан да келіп емделген (Е. Оразақов).

**Сәуегейлік, көріпкелдік.** *Көріпкелі бар, болжағыштық.* Маған *сәуегейлік* қайдан келсін, бірақ сол тұспалымның дұрыс шыққанына күні бүгінге дейін қайранмын (М. Әлімбаев). Серғазының емшілік өнерімен қоса *көріпкелдігі* де бар деседі білетін адамдар («Алматы ақшамы»).

**Сәуір, көкек, апрель кітаб.** *Жазғытұрым кезіне сай келетін жылдың төртінші айы.* *Сәуірде* күн күркірер, күн күркіресе, көк дүркірер (Мақал). Туғанда *көкек* айы құстар келіп, Сұңғиді су түбінен маржан теріп, Су шайған түбіндегі қайрақ тастар, Тас емес, ақтарылған алтын дерлік (Д. Әбілев). Көз жұмдың былтырғы өткен *апрельде*, Табытың түсірілді тақыр жерге (С. Мәуленов).

**Себебі, өйткені, үйткені сөйл.** *Олай етуге итермелеген нәрсе.* *Себебі* мен жұмысқа кешігіп бардым (Ауызекі тіл). Жаксы көргендіктен де оларға қатал болғым келеді, *өйткені* олардың алдында алынбаған қамал жатыр (М. Иманжанов). Торғайдың жыры өктем, *үйткені* ол таңды түн бөгей алмайтынына сенеді (Қ.Жұмалиев).

**Себеп, сылтау, желеу, уәж.** *Белгілі бір іс-әрекеттің болу-болмауына негіз болатын дәлелді жауап, айғақты дәйек.* Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретінінің бір *себебі* – жұмысының жоқтығы (Абай). Есеней айныды да, «күяным ұстап қалады» деген *сылтаумен* Шыңғыс түскен үйге барған жоқ (С. Мұқанов). Қалампыр «оқитын сабағым бар» деген *желеумен* қонаққа барудан біржола бас тартты (М. Гумеров). Көп *уәж*, бәтуадан соң молда жуаси бастады (А. Сүлейменов).

**Себепкер, себепші.** *Бір нәрсенің іске асуына себеп болушы, әсер етуші.* Шәкіртінің музыкаға қабілетін жіті аңғарып, оның бойындағы талант отының маздауына *себепкер* болған Әшіғалиевке мың да бір рахмет (Ф. Мүсірепов). Біздің онда барып оқуға түсуімізге *себепші* болған, жәрдем еткен Ғани еді (Ш. Өтепов).

**Себепсіз, негізсіз.** *Ешбір себебі жоқ, негізді емес, дәлелсіз. Себепсіз көп күлетін жеңіл күлкісі де ышақ кескендей тыйылды* (Ө. Тұрманжанов). Сөйте-сөйте «бөрінен асқан мықты бір пір болса керек» деген дәлелсіз, *негізсіз, шалағай түсінік туған* (М. Тоқжігітов).

**Себепшіл, сылтаушыл.** *Себеп айта беретін, сылтау іздеген. Мұның үлкен қылмыс екенін, ендігі жерде ешбір «бөгде» себепшілерге жол берілмейтінін ескертеді* (Қ. Әбілдаев). Жалқау адам *сылтаушыл*, жүре алмайды «ондырмай» (Қ. Жапсарбаев).

**Сезімтал, сезгіш, сезінгіш, сезімді, сезімпаз, сезімшіл, сезгір сөйл.** *Істің жөн-жобасын, ретін, қисынын тез байқағыш, аңғарымпаз. Қыз жүрегі тым нәзік болғанымен сезімтал келетінін есті адамның бәрі біледі* (Б. Дәулетбаев). Ақын жүрегі *сезгіш* келеді (І. Есенберлин). *Сезінгіш* жүрегім есіктен аттап кірген бетте-ақ үй ішін ала құйын кезіп өткенін бірден байқады (Б. Соқпақбаев). Мен жазбаймын өленді ермек үшін, жоқ, барды ертегіні термек үшін, көкірегі *сезімді*, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бермек үшін (Абай). Сүйген жүрек көнгіш те, *сезімпаз* да болып келеді (С. Талжанов). Сыршыл, терең сезімді ақын болған Абайдың өндерінде де бір алуан сыршылдық, *сезімшіл* күйшілдік айқын тұрады (М. Әуезов). Торғай қанша *сезгір* болғанымен, жыланды көрсе болды абдырап қалады (Қ. Әжікеев).

**Сезімталдық, сезгіштік, сезімпаздық, сезімділік, сезгіштік, сезікшілдік, секемшілдік.** *Сезімтал болушылық. Ж. Саин марқұмның соңғы өлендері де сыршылдық, сезімталдық ой-пікір байлығымен тартатын еді* (С. Қирабаев). Махаббат пен достықтың, *сезгіштік* пен сергектіктің ұясы болған әйел жүрегінің діріліне не жетсін (Ә. Нұршайықов). Даңқ деген кіршіксіз жүректің *сезімпаздық* аямпаздық қасиетіне дүниеде не тең келер (Ә. Сәрсенбаев). Қазақ оқушылары Пушкин өлендерінің күшін, өмірлік мағанасын, *сезімділігін* түсінді (М. Қаратаев). Ақынның ерекшелігі *сезгіштігі* мен тапқырлығында («Қаз. әбед.»). Бәрі қосылып сол бір кездің *сезікшілдік* пен *секемшілдік*, қалтырақтық елестерін көз алдымызға әкелді («Қаз. әдеб.»).

**Сейілу, серпілу, сергу.** *Уайым-қайғыдан арылып тазару, айығу, саңлақтану. Өзі айтқандай, қой ішіне кірген соң уайым-қайғыдан да сейіліп, белін бекем буып алған* (Ф. Сармұрзин). Толқып келген ой теңізінен *серпілу* үшін мен қолыма кітап алдым (Ә. Әлімжанов). Сағынған жарын сарғайып, еліне сонда бір алсын, отырса сәулем мұңайып, *сергіп* бойы қуансын (М. Хакімжанова).

**Секектеу, секеңдеу, селтеңдеу, селтектеу.** *Ұшып-қонған жеңілтек мінез көрсету, шошаңдау. Иә, баяғы секектеген екі қыз Ира мен Галя да дін аман* (Ә. Әзиев). Айтпақшы, бүгін дүкенде әлгі бір *секеңдеген* әдемі келіншек істейді (А. Жағанова). Не оқуда жоқ, не қызметте жоқ, босқа *селтеңдеп* жүрген баласын Оспанға тапсырды (М. Дүйсенов). Өне бір *селтектеп* жүрген қу тірсек Бірке дейтінің екінің басу керек (С. Көбеев).

**Секемшіл, кірпияз, кіді.** *Көңіліне алғыш, талғампаз, жеркеншек.* Оның бұл сөзі *секемшіл* Есеналының шекесіне балғамен ұрғандай тық ете түсті (Ж. Тілеков). Бұрынғы хатшының аса ұқыпты, *кірпияз* кісі болғаны көрініп тұр (Қ. Жұмаділов). Ақындар ерке халық, *кіді* халық, шамдансаң, бүркіт сөзбен бұруі анық (М. Әлімбаев).

**Секіру, қарғу, ырғу, орғу, ыршыну.** *Бір жерден екінші жерге екпінімен атылу, түсу.* Айтжан бекіністің есігіне қарай жақындап келді де, окоптың ішіне *секіріп* түсті (М. Фабдуллин). Бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ *қарғып* түсем деп, мертігеді, жатады (Абай). Өтемістің аттан қалай *ырғып* түскенін білмей қалдым (С. Қалиев). Атан түйедей екі үлкен бұғы алдымыздан *орғып* өтіп, бір қайың шоғына кіріп жоқ болды («Қаз. әдеб.»). Бір жылан қапты таянып, Шақпақшы мені жайы оның, Шегіндім кейін *ыршынып* (Ө. Тұрманжанов).

**Сел, топан, тасқын.** *Жер бетін басқан қардың құрт еруінен, қатты толассыз нөсерден.* Нөсерден кейін қатты *сел* жүріп кеткен даланың реңі үрей туғызады (А. Сатаев). Биыл ерте көктеп, қанат жайған шеңгел мен жыңғыл ақтарылған *топанның* астында сүметіліп, бүрсең-бүрсең етеді (О. Сәрсенбаев). Кемерінен асқан теңіздің *тасқын* суы кең жазираға жайылып шығып дүркірей жөнелді (А. Сатаев).

**Селқос, енжар, сүлесоқ, салғырт, немкетті, немқұрайды, сүле сөйл.** *Жан-тәнімен емес, ықылассыз, құлықсыз, көңілсіз.* Айналадағы өмірге тым *селқос*, салқын қарайтын болғанмын (Б. Соқпақбаев). Бізде шаруаға әлі де немқұрайды, *енжар* қарау басым (З. Шашкин). Жігіт *сүлесоқ* күйде сахна төрінде тұрған рояльдің қақпағын ашты да, кез келген пернені басты («Бал дәурен»). Қазіргі заман суреткері адамның жан дүниесіне *салғырт* қарай алмаса керек (І. Омаров). Төлеген талай қызметте жүріп, партия жұмысына осынша *немкетті* қараған адамды көргені сол (Б. Тоғысбаев). Кейбір мектептерде еңбек сабақтарына *немқұрайды* қарайтын мұғалімдер де кездеседі (Қ. Жарықбаев). Тұрсынбай отырғандарға *сүле* ғана амандасып, оңаша айтары барын аңғартып, Ушаковқа қарап тұрып қалды (Ф. Мүсірепов).

**Селқостану, енжарлану, салғырттану, самарқаулану, марғаулану, селсоқтану.** *Мойны жар бермеу, құлықты болмау, еріншек тарту.* Төлеубай *селқостанып*, ешкіммен сөйлескісі келмеді (Н. Фабдуллин). Ақанның көңілі *енжарланып*, ұйқысы шала болды (Т. Әлімқұлов). *Салғырттанып* төмен қарап отырған ол кенет орнынан ұшып тұрды (З. Жәкенов). Қажу, *самарқаулану* оған жат, оның жан құмары – жасампаз еңбек (Т. Мұртазин). Жаудың екі пулеметі анда-санда бір үн беріп, *марғаулана* бастады (Ф. Мүсірепов). Үй шаруасы, уақ-тиек тіршілігі ойына енді түсіп, Шолпан бұдан былайғы жолда біртүрлі *селқостанумен* болды (А. Хангелдин).

**Селқостау, самарқаулау, марғаулау, салғырттау, енжарлау, селсоқтау.** *Ықыласы болыңқырамай, немқұрайдылау, көңілсіздеу.* Хал-

жайымды *селқостау* сұрап болған соң, ол маған тікелей қарап, келген шаруасына кірісті (І. Есенберлин). Екі жағы да жүпі жығылғанын байқатпай, дөң айбатпен сырт орай ұшырасып, *самарқаулау* тілдеседі (Ә. Кекілбаев). Бір сағат кешіккендеріне қысылған олар жоқ, екеуі де *марғаулау*, маңғаздау («Қаз. әдеб.»). Алғашқыда *салғырттау* тындап еді, артынша емініп, барлық жайды ежіктеп, қайта сұрап алды (С. Бакбергенов). Ермек бұларды жаңа байқағандай, *енжарлау* қарап өтті (Қ. Жұмаділов). Бала наразы түрде аяғын *селсоқтау* басып, баспаханадан шығып үйіне қайтты (Х. Есенжанов).

**Селқостық, енжарлық, селсоқтық, сүлесоқтық, салғырттық, самарқаулық, немкеттілік, немқұрайдылық.** *Істеген іске жан-тәнімен берілмеушілік, көңілсіздік, ықылассыздық, құлықсыздық.* Әнуар жергілікті жерлерде жылқы өсіруге мән берілмейтіндігін, қымыз өндірудегі *селқостықты* айтты (Қ. Сәрсекеев). Желкеме мінген *енжарлық* пен жалқаулық қолымды іске жібермеді (А. Сарбопин). Далабайды кейінгі кезде *селсоқтық*, салғырттық мінез басып алған (Д. Досжанов). Оның әншейіндегі жігерлігін *сүлесоқтық* иектеп кеткен сияқты («Білім және еңбек»). Салақтығымыз бен *салғырттығымызды* мойындамасқа лажымыз жоқ сияқты (М. Әлімбаев). Ондағы тырбанып жатқан әрекет қазір жоқ, оның орнын енжарлық, *самарқаулық* басыпты (А. Хангелдин). Табиғаттың өзі берген байлыққа *немкеттілікпен*, жауапсыздықпен қарауға жол берілмесін («Қазақст. мұғ.»). Жаңа адам тәрбиелеу жолындағы күресте *немқұрайдылыққа* төзуге болмайды (Б. Мәдиев).

**Семіздік, қоңдылық, толықтық, еттілік, етжеңділік, жуандық, күйлілік.** *Семіз болушылық.* Маңдайыңның түгі бұйра маңқиған, *семіздіктен* сиырлары төрт тағандап жалпиган (А. Тоқмағамбетов). Қазір олар малдың *қоңдылығын* арттыру үшін жарысқа түсуде («Жетісу»). Ұзын бойлы болса, бәлкім оның бұл *толықтығы* көзге бірден түсе де қоймас еді (Н. Баяндин). Сәл-пәл жалпақтығы, *еттілігі* болмаса, Кәрібай шалдан аумаиды (Е. Домбаев). *Етжеңділігіне* қарамастан тегеурінді қолдардан мысықша ширатылып сытылып шыққан («Таң нұры»). Бойы ұзын болғандықтан, дененің өткінші *жуандығы* біліне де бермейді (Ж. Жұмаханов). Ақылов малдың *күйлілігіне*, малышының көңілділігіне масаттанды (Б. Тұрсынбаев).

**Семізірек, қоңдырақ, семізшелеу, қоңдылау.** *Майлылау, толығырақ, аздап семіз.* Аралап жүріп қойдың *семізірегін* тандап алғысы келді («Ақ бидай»). Менің байқауымша, сенің қолда баққан малың *қоңдырақ* («Қаз. әдеб.»). Бір *семізшелеу* келген сары қыз менің жанымға келіп тұра қалды (І. Есенберлин). Имаш бір күні өріске шыққанда байдың *қоңдылау* қойын сойып, үйіне әкелген еді (С. Алдабергенов).

**Семіру, шелдену, майлану, тойыну, толу, толысу, шайлану, қоңаю, қоңдану, етею, торалу, еттену.** *Ет алып, май басу, оңалу.*

Қара өгіз екі жылдан бері көп мінілмей, жүні жылтырап *семіріп* қалған екен (З. Ақышев). Әбден *шелденген* мал қыстан да қысылмай қонды шығар еді (Т. Қауыпбаев). Құйымшағы *майланған* қойлар төзімді, қыстыгүні басқа қойлардан берік болады (М. Ермеков). Елге келгелі жаман аттың бүйірі шығып, *тойынып* қалған екен (Ә. Нұрпейісов). *Тола* түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза киімі әсіресе көркейткендей (М. Әуезов). Мұраттың тұлғасы бұрынғыға қарағанда кәдімгідей *толғысып*, жұмырланып қалған екен (Б. Соқпақбаев). Жайлау шөбі сарғайып, қой-қозымыз *шайланып* тұрған жоқ (Ұ. Бағаев). Жұттан аман қалған мал көкке тойынып, тез арада *қоңайып* кетті (С. Омаров). Төлдерін бөліп алғаннан кейін саулықтар тез *қоңданады* («Абзал жандар»). Менің қасымда ол үлкен, есейген, *етейген* адам секілді (О. Бөкеев). Шалдың соғымға сайлап, күтімге қойған жылқысы тез *торала* бастады (К. Ахметбеков). Оның енді-енді *еттеніп*, бұғағы тола түскен беттері бөрітіп бусанып жатыр екен (М. Қуанышбаев).

**Сенгіш, иланғыш, нанғыш.** *Әр нәрсеге сене беретін.* Сенісерге келгенде, Сене бер талғамай, Жұрты құрғыр *сенгішке* тұра ма қулық жасамай (Абай). Қойбалаға көп сене берме, Сырымның түбіне жеткен сол *иланғыштығы* ғой (Ә. Әлімжанов). Кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, *нанғыш* және тентек бала болса керек (М. Әуезов).

**Сенгіштеу, нанғыштау, иланғыштау.** *Аздап сенгіш, біршама иланғыш.* Жасынан ырым-жырымға *сенгіштеу* болып өскен Бөлебай осы жат дауыстан бір түрлі секем алғандай (О. Сәрсенбаев). Аузын ашса, көмейі көрінетін Шамалған басқаның айтқанына да *нанғыштау* еді (Ауызекі тіл). Әнуар да, Айсұлу да момын, әрнеге *иланғыштау*, әлі ширап піспеген жастар деп таниды (А. Байтанаев).

**Сенгіштік, нанғыштық, иланғыштық, сенімпаздық, сенімшілдік.** *Сенгіш болушылық.* Мейрамның тұла бойында тұнып тұрған адамға деген *сенгіштік* пен ілтипат (Б. Әшімов). Аңқаулығыңыз, *нанғыштығыңыз*, кіп-кішкентай күніңізден-ақ өлең шығарғаныңыз – бөрі қандай қызық, Махмұд аға (Д. Әбілев). Алмагүл көзін ашып, балаларда ғана болатын *иланғыштықпен* сүйкімді ғана езу тартып жымыып қояды (И. Салахов). Бұл өлеңде саби жанының *сенімпаздығы*, аңқаулығы жырланған (З. Серікқалиев). Бұл сияқты әрекеттен ата-ана мен баланың арасында бір-біріне *сенімшілдік*, жақындық туады («Семья тәрбиесі»).

**Сену, нану, илану.** *Бір-бірінің сөзіне шүбә келтірмей ұғысу, түсінісу.* Мен орыс елшісінің айтқандарына *сенем* және орысқа адал болам деп ант егемін (Ә. Әлімжанов). Сөз жоқ артық, әрине, құй *нан*, мейлі, құй нанба (Қ. Мұқышев). Сол сөзге *иланып* алған Құнанбай соған қатты жаза бұйыратын түрі бар (М. Әуезов).

**Сенуші, иланушы, нанушы.** *Сөзге, пікірге налып қалушы.* Тіпті қазірдің өзінде жан бар дегенге *сенушілер* кездеседі (З. Ақназаров).

Әйткенмен осы өсекке *шланушылар* бойын аулақ салып, қырын қарай бастағаны Бекарысты қамықтырды (З. Жәкенов). Бір-біріңе өшіктіріп, қасақана айтқан ғайбат сөздеріне *нанушы* болмандар, – деді Нүрсейіт («Лен. жас»).

**Сергу, ширау, пысу, әлдену, қуаттану, қунау, тыңаю, тынығу, демалу, тынымдау.** *Бой жазып, тыным алу.* Ол азырақ *сергу* үшін көшеге шықты (С. Бегалин). Базаралының зор, балғын денесі бұл кезде қатайып, *ширап* алған еді (М. Әуезов). Семіз туған бұзау тез *пысып*, тез өседі (С. Мұқанов). Бірер шыны ыстық шай ішіп, *әлденіп* алдым (Б. Соқпақбаев). Ақсақал Жамбыл келед жанаттанып, Жазылып бүкіш белі *қуаттанып* (Жамбыл). Осы сасырды ауырып, әлсіреген малға берсең, *қунап* шыға келетін (О. Бөкеев). Шәке мен Баймағамбет қуана жүгірісіп, біраз *тыңайып* қалған аттарды жетектеп алып келді (М. Әуезов). Ұзақ жүріп шаршаған шығарсыз, ордама жүріп *тынығып* кетіңіз («Қаз. ертегі.»). Есімқұлдың үйінде аунап-қунап, *демалып* қалғандаймыз («Ақ бидай»). Соншама қыруар іс қысылыс шақ, тіпті жоқ *тынымдауға* сәл бір мұрат (К. Бекхожин).

**Сермеу, серпу, сілтеу.** *Қол мен аяқты кере созып ұрып жіберу.* Қаранар қылыш ұстаған қолын жоғары көтеріп, қатты *сермен* қалды (Р. Райымқұлов). Шашын қолымен кейін *сертіп*, көшенің ұзына бойына еңкейіп үңіліп те қарады (К. Оразалин). Қаржас сойыл *сілтесуге* енді үлгіртпей жету қажет (Д. Әбілев).

**Серне, деңгене жерг.** *Бірнеше жігіт боп бірігіп, мал сойып, бас қосу салты.* Пішен шабу, егін салу аяқтала, елдегі еркектер жиналып, *серне* де жесіп жүрді (С. Жүнісов). «*Деңгене*» деп бірнеше жігіттің бір қойды (көбінесе марқаны) бірлесіп сойып, етін оңаша жеп, сайрандауын айтады («Ана тілі»).

**Сертгесу, антгасу.** *Ант берісу, уағдалы сөз берісу.* Жазықсыз жапа шеккен жандар үшін кек алуға *серттесіп* тарқасты («Жұлдыз»). Алыстан жемін андап алып, бас қосқанда *анттасып*, баталасып, бірін-бірі қайрайды (М. Әуезов).

**Сертгесу, бәстесу.** *Екі адам өзара егесіп бәс тігісу, жарыққа түсу.* Дәмештің қолын алып *серттескендей* бетіне қарап біраз тұрды (С. Ерубаев). Балық жеуде балықшылармен *бәстесе* алмайды екем (С. Мұқанов).

**Сертшіл, уәдешіл, уәдегей, антшыл, антқор.** *Сертте тұрғыш, уәдеге берік.* Еркін *сертшіл* жігіт еді (Ф. Мұстафин). Баяғының Баян сұлулары сертке берік, *уәдешіл* еді (О. Сәрсенбаев). Ферманы әртүрлі әдіспен басқаруға болады, сыпайылық, ділмарлық *уәдегей* мінез-құлыққа тіреледі («Қаз. әдеб.»). Жарқылдап жарыққа ұмтылып, жанып бара жатсақ та жалт бермеуге бел байлаған *антшыл* күндер екен (О. Сәрсенбаев). Бұрттың *антқор* Манасы Асқа келер деп ойлап, Келген екен Қоңырбай, Ас үстінде басам деп («Манас»).

**Серуен, сейіл.** *Бой жазып қыдырушылық, көңіл сергіту әрекеті.* Біраз күннен кейін хан балгерді қала сыртына *серуенге* ертіп шығыпты (С. Талжанов). Қырдағы *сейілден* қайтқан екі жас қаладағы ағайын-туысқан ортасына қайта келді (М. Әуезов).

**Серуендеу, сейілдеу.** *Бой жазып сейіл құру, көңіл көтеру.* Айтылған сәтте Мұхаңа келсек, әлдеқашан тұрып, аз-кем *серуендеп*, бізді күтіп отыр екен (Е. Тұрысов). Мейманханаға орналастым да, *қыдырыстап* қайтайық деп көшеге шықтық (С. Омаров).

**Серік, серіктес, жолдас.** *Сапарға бірге шыққан не жұмыс істейтін т.б. мүдделес адам.* Сәкен Славгород пен Кереку арасына өзіне *серік* болған адамның тек атын ғана атайды (А. Сатаев). Ол мынау жауынгерлік саптағы қанды көйлек *серіктестерінен* айырылғысы жоқ (Ә. Сәрсенбаев). Жаман жігіт *жолдасын* жауға алғызар, өзін ұятқа қалғызар (Мақал).

**Сетік, жырық.** *Танауы жыртылған.* Отарбай *сетіктің* соңына ілескен Сәрсен сияқтылар әр жерден шыға бастады (М. Мырзағұлов). Шіркіннің тұмсығының *жырығы* осындайда үлкен пайда тигізіпті (Т. Бердияров).

**Сегінеу, сөгілу.** *Ыдырап тарқатылу.* Балауса қыз шұлығының *сетінеп* кеткен жерін алақанымен сипалап қымсына түсті («Қаз. әдеб.»). *Сөгілгенін* тіктім, жыртылғанын бүктім, – деп, шебер де сөйлеп жатыр (С. Кенжезахметов).

**Сида, сидаң, сидам.** *Биік өскен жапырақтары сирек, бұтақсыз ағаш.* Көшенің екі өңірін қаз-қатар тізілген кәрі емен, *сида* теректер жапқан (М. Мағауин). Ағаштардың *сидаң* бұтақтары жұқа киінген адамдай бүрісіп, суыққа сыртын береді (С. Мәуленов). Әр жерде екеу-екеу, үшеу-үшеу *сидам* теректер қараяды (Ә. Сараев).

**Сиқырлау, арбау, гипноздау.** *Құлық-сұмдықпен бас айналдырып, дегеніне көндіру.* Әлібек Жапашты жақын тартып, *сиқырлай* бастады (Д. Әбілев). Жабылып жас балғынды ортаға алып алдады, ақыл айтты, *арбады* енді (Д. Еркінбеков). Белгілі бір жағдайда кез келген адамды *гипноздауға* болады («Ғалам ғажаптары»).

**Сиқыршы, сиқырлағыш, жөкей көне.** *Гипноз жолымен көз бояушы адам.* *Сиқыршы* арбап есін алғандай жұрт жым-жырт болып тына қалды (Ж. Мусин). Бұл шерулі қалың қол, Адам емес, өзі екен, *Сиқырлағыш* пері екен, Адам жүрмес жер екен («Манас»). Мен едім осы елдегі қанды қақпан, Арбаушы *жөкей* жылан секілденіп, Ежелден сендей қуды деммен тартқан («Бозінген»).

**Сингармонизм, үндестік заңы.** *Сөз ішіндегі және сөз арасындағы дауысты дыбыстардың үндесіп тұруы.* *Сингармонизм* – негізінен жалғамалы тілдерге тән фонетикалық заңдылық («Ана тілі»). *Үндестік заңы* еркіндік үндестік, езулік үндестік деп екіге бөлінеді («Қазіргі қазақ тілі»).



**Сирақ, жіліншік.** *Аяқтың тізеден тобыққа дейінгі бөлігі.* Екі иығымнан лай су борбайларым мен *сирақтарыма* сорғалап, бақайларыма барып іркіліп тұрады (С. Сейфуллин). Масақбай жығыла-сүріне есіктің басқышына *жіліншігін* сындыра жаздап бөлмесіне кірді (С. Мұқанов).

**Сирек, селдір, әредік, сұйық, шанжау көне, қадау сөйл.** *Жиі емес, тығыз емес, қою емес.* Боржабай – орта бойлы, жуантық денелі, дөңгелек бетті, қалың ерінді, *сирек* сақалды, таңқайта басқан *сирек* мұртты, қоңыр өнді кісі (С. Мұқанов). *Селдір* сақал, бет әжімі терен қатыңқы адам барлық тәшкешілердің тасыған көмірін жалғыз жөнелтіп тұр (Ф. Мұстафин). Зеңгір аспанда *әредік* жұқа бұлттар қалқиды (С. Сейфуллин). Шамалыдан соң *селдір сұйық* қамыстар кездесе бастады (Ө. Нұрпейісов). Құба жонның қырына шығып көз жібергенде көгалды қуалай *шанжау* қонған қара лашықтар көрінді (Ф. Мұстафин). Көзі көк, жалаң иек, *қадау* сақал, қарны шертік, жауырын жоқ, бойы тапал (С. Торайғыров).

**Сиреу, селдіреу, сұйылу, саябырсу.** *Жілігі кему, азаю, баяулау, бәсеңсу.* Қиып алып отынға пайдаланғандықтан талдар да *сиреген* (М. Мағауин). Тоқпақтай жұп-жуан, қос бұрым да *селдіреп*, жіңішке-ріп қалған (М. Әбдіхалықов). Мына жігіт жасына жетпей тым *сұйылып* кеткен *селдір* шашын иығына түсіріп, еркіне қоя берген (Ө. Қанахин). Сағынтай қобызшының көзі тірісінде осындай әңгімелер жиі айтылады екен, кейін *саябырсыды* мүлдем («Егемен Қазақстан»).

**Сыық, сұрық, іспет.** *Сыртқы тұр-тұрпаты, сыртқы көрінісі.* Қазір адам қызығарлық *сыық* қалды ма бізде (Б. Тілегенов). *Сұрқынан* сайғақ қашып, соғым көшкен суы жоқ, шөбі де жоқ шөлдер көрдім (К. Райбаев). Тұр-түсі мен *іспеті* көз тартарлық емес екен («Түркістан»).

**Сыыр, қара мал, ірі қара, зеңгі, мөшке көне.** *Сұт беретін аша тұяқты ірі мал.* Жалғыз басты кемпір кедей екен, мал дегенде жалғыз ғана көк *сыыры* бар екен («Қаз. ертегі.»). Шымболат 4-5 жылда жылқы санын бес жүзге, *қара малды* төрт жүзге жеткізді (С. Мұқанов). Республикада 7 миллионнан аса *ірі қара*, 32 миллион қой бар («Халық бақыты үшін»). Құйымшағына сона қадалған *зеңгідей* тайралаңдап кетіп еді (Т. Әлімқұлов). Екі *мөшке* мен шолақ аттан айырылған күні жайың білінер (Б. Майлин).

**Сню, сару.** *Дәрет сындыру, зәр төгу.* Бақа *сисе* – көлге сеп (Мақал). Кел, Көксеген, мына иісті қарашы, жаңа ғана *сарытты* деп, Жангүдей бөгіліп тұра қалыпты (С. Бегалин).

**Собық, сота.** *Жүгері өсімдігінің дән байлайтын жері.* Осыны биылғы егінді аралап жүріп теріп, ең жақсы *собықтарды* қырқып алдым (С. Мұқанов). Біздер жүгерінің *сотасын* жинай бердік (Қ. Наменгенов).

**Соғыстыру, қағыстыру, шағылыстыру.** *Жақсы ниет білдіріп, ішкілік ішкізу.* Ол стаканын *соғыстыруға* жоғары көтерді (З. Шашкин). Асаба сөзін сөйлеп болып жұртпен стаканын *қағыстырып* шықты («Парасат»). Балташ ұшып түрегеліп, өркімнің стаканына бір *шағылыстырды* (Ж. Аймауытов).

**Содан соң, сосын, сонан соң, сонсоң, сонсын сөйл.** *Сол айтылғаннан, сол істелінгеннен кейін.* *Содан соң* біраз жерге дейін еңбектеп жетті де, басын көтеріп, арқасын қарағайға сүйеп отырды (Қ. Исабаев). *Сосын* жаяу ауылға қарай беталып жүре бердім (С. Шәріпов). *Сонан соң* өлеңнің адамға етер өсерін ақынның ағынан жарылған адалдығы мен сезім шынайылығы белгілейтінін естен шығаруға болмайды («Қаз. әдеб.»). *Сонсоң* дәптерді бетіме лақтырып жіберді де, әдепсіз сөз айтты («Халық мұғ.»). От жағып *сонсын* қасына, Қою күйін пісіріп отырғанда қапыда, Бір тасын апты түсіріп (К. Мұқышев).

**Созбақтау, созбалау, созбалаққа салу, созақтау, созбалаңға салу, созбайға салу.** *Бір нәрсені кешееуілдету, көпке создыру.* Төл алуды *созбақтамай*, ерте аяқтасақ жақсы-ақ болар еді («Дала шұғыласы»). Көпшілік ынғайының өз жауабына қарай ойысқанын түсінген Сапаров көп *созбалауды* қаламады (М. Әбдіхалықов). Осы жігітпен екі-үш рет онда-мұнда қыдырып, көп *созбалаққа салмай* қосылып тындық (О. Сәрсенбаев). Жұрт кешкі тамағын ішіп болуына қарай *созақтап*, біртін-біртін жинала бастайды (Б. Соқпақбаев). Форманы әне береді, міне береді деп, *созбалаңға салып* жүр (Б. Соқпақбаев) Ұзақ *созбайға салған* ұлдарын Жаңыл күшпен тұқыртып, ақыры көндірді (С. Жүнісов).

**Созу, ұзарту.** *Қысқа күйден ұзын қалытқа келу, тұсу.* Екі қолын екі жаққа *созып* жіберіп, Сапар шалқасынан түсіп, ұйықтап жатыр (М. Иманжанов). Көлеңке басын *ұзартып*, Алысты көзден жасырса, Күнді уақыт қызартып, Көкжиектен асырса (Абай).

**Созылмалы, созылыңқы, созалаңқы.** *Ұзаққа созылған, созыла түскен.* Осыдан жарым жыл бұрын Дәмештің әкесі *созылмалы* өкпе ауруынан қайтыс болған (Ұ. Доспанбетов). Барлық *созылыңқы* ауруға шалдыққандар диспансерлік есепке алынған (О. Сейтенова). *Созалаңқы* ауыр қыстын шаруашылыққа зардабы көп болды (Т. Нұрмағанбетов).

**Сойыс, сойым.** *Қажетті кезде сойылатын семіз мал.* Зиялы кісілер жолы түсіп келе қалса, *сойыс* малы болсын деп, бес-алты қойын қысы жазы қолда ұстап бағатын (К. Тоқаев). Пішеншілердің орта қазанына керекті *сойым* малды әкелуге де Сәпей барады («Лен. жас»).

**Соқа, сабан, омаш көне.** *Жер жырту үшін қолданатын ауылшаруашылық құралы.* Әкеліп бер көк шолақты, Мырқымбай, Тез қамытта ағаш *соқа* жегелік (Б. Майлин). Күз бен көктемде бұл жерлерде трактордың дарылды үні ұласып, өткір түренді *сабандарымен*

жер қыртысын қопарып тастады (Б. Кербабаев). Диканшы қазақтардың шаруашылығында көбінесе *омаш*, сабан тағы басқа жабайы саймандар қолданылды («Қазақ ССР тарихы»).

**Соққан, сығыр.** *Құдай ұрған, ант атқан.* Ол нағыз соққанның өзі болып шықты (Қ. Мұхамеджанов). Ертең өкен мен екеумізді тағы арыз қыласың-ау, *сығыр* (М. Әуезов).

**Соққы, тойтарыс.** *Шабуылдың бетін қайтаратын батыл, әрі қушті қимыл-әрекет.* Оның қасына Мұрат кіріп келіп, бірден естен тандыратындай соққының түрін көрсетті (Ж. Жұмаханов). Ыбырай шал Әзімхан *тойтарысынан* жым бола қалды (Д. Әбілев).

**Соқтандай, соқтадай, соқтауылдай, сойталдай, сомадай, со-маладай, сойдауылдай, сойдауыттай, білдей, таудай, дығырдай, дыңдай, дыраудай, дырдай, зіңгіттей, келепандай, сойылдай, дардай сойл., бақандай сойл., ортан қолдай.** *Кесек түлгалы, сайдың тасындай, мынау деген, бірінен-бірі өткен ірі.* Баяғы бұйығы Сережа – қазір *соқтандай* жігіт, әйгілі бір заводта цех бастығы (Б. Соқпақбаев). Сейітхан бұл кезде жиырма тоғыз жастағы *соқтадай* жігіт еді (Қ. Қамбаров). Бала деп жүрген Қаламұштың *соқтауылдай* жігіт болып қалғанын Жаңыл атқа мінгізіп жатып байқады (Т. Ахтанов). Арада бірер жыл өткенде Сейітбек те тепсе темір үзетін *сойталдай* жігіт болды (О. Тәжиева). Төр алдында *сомадай* боп отырған Жауғаш отағасы бірер күрсініп қойды (Б. Майлин). Салт басты *сомаладай* екі еркектің тапқан-таянғанында береке жоқ (С. Жүнісов). *Сойдауылдай* бес-алты азамат блиндаждың төбесін жабуды ертеңге қалдырды (Ә. Сариев). Бастыбай жанында *сойдауыттай* бес жолдасымен жылымнан оралған-ды (Б. Әбдіразақов). Кешегі соғыс алдында туылған нәресте Еркеш міне енді үлкен азамат, *білдей* инженер (А. Мұздыбаев). Өзін әбден толықсып, *таудай* боп кетіпсің (М. Дүзенов). Қасына екі *дығырдай* жігіт қосып беріп, Алатауды «Алғабасқа» аттандырып жіберейін (Қ. Сатыбалдин). Мұны жан басына шағып жіберсеңіз, кәдімгі *дыңдай* үш жігіттің нормасы шыға келер еді (Т. Қаупынбаев). Екі-үш жылдан кейін Болат бала *дыраудай* болып өседі (Б. Майлин). Мен сырттан оқып, бейнетпен институт бітірдім. *Дырдай* қызметкерге айналдым, бір совхоздың бас экономисімін (М. Мағауин). *Зіңгіттей* екі жігіт тура қуған соң, байғұс баланың жүрегі ұшып кеткен ғой («Жалғыз салт атты»). Жақия жалпақ жаурынды *келепандай* дәу жігіт екен («Жас Алаш»). Оған разы болмасаң, *Сойылдай* сегіз ұлым бар, о да болсын сенікі («Қаз. ертегі»). Туыла салысымен тымаққа салып асыраған Алданыш атты ұлы бұл күндері *дардай* азамат (Е. Әзімбаев). Әлгі жарықтың мұның талап отына май құйып, бір ой оқытып, ақырында *бақандай* бақсы етіп шығарған (О. Сәрсенбаев). Мұны жан басына шағып жіберсеңіз, кәдімгі *ортан қолдай* үш жігіттің нормасы шыға келер еді (Т. Қаупынбаев).

**Соқыр, көр, зағип, өз.** *Көру мүшесінен айырылған, жанары зақымдалған.* Қасында жолдастары – ақсақ, *соқыр*, Қайыр тілеп шулайды опыр-топыр (Абай). Атаң жылап *көр* болды-ау, Тауысып көздің мөлдірін (Әсет). Денелі, сұсты адамның кірпіктері дірілдеп жұмылған *зағип* көзіне аянышпен қарады (С. Жүнісов). Барлық денем сау, тек көзім ғана соққының зақымынан өз боп қапты (С. Бақбергенов).

**Соқырлық, зағиптық, әздік.** *Соқыр болушылық, көре алмағандық.* Екі көзім түн болды, жарық дүние көре алмай, Шалқып та бір жүре алмай, *Соқырлық* ауыр іс еді («Пернедегі термелер»). Көрмеу үшін көп сұмдықты жердегі, *Зағиптығым* жақсы ма деп отырмын (М. Әлімбаев). Сүймесем, айтар ма едім, саған? Бейшенді *әздікке* қимаймын, білдің бе (И. Жақанов).

**Солай ету, сөйту.** *Сол айтқандай істеу, сондай ету. Солай етпекші* болып отырғанда, сиыр фермасының жанында тау-теңіз етіп үйілген қи бар екенін көрдік («Дәрігер мерейі»). *Сөйткенше* болмады, қан бетті сызып, сақалды жуып, омырауына тамып, көзінің алды қарауытып, бас айналып бара жатты (М. Дүйсенев).

**Солбырау, салбыраю, сөмпю, сөлбірею, сөлпеңдеу, сөлпию, солбыраю.** *Ұнжырғасы, еңсесі түсіп көңілсіз күйде болу.* Ойнаған жоқпын мен бірақ, өлеңмен оңай сайқалдай. Сондықтан кейде *солбырап*, Тасада қалам байқалмай (Қ. Шаңғытбаев). Мен *салбырайып* сыртқа бет алдым (Ө. Қанахин). Захарович мойнына су құйылып, *сөмпюіп* шықты (Е. Қонарбаев). Көбіне басын салбыратып *сөлбірейіп* жүретін (С. Санбаев). Үрейі ұшқан жапон эскадралары да олардың соңынан *сөлпеңдеп* ерді (С. Ерубаев). Қақабай шарасы қалмағандай, *сөлпиіп* Степанның ыңғайына көне берді (Б. Тілегенов). Аралбай сонда көтерем болған жылқыдай аяғын сүйрете басып, *солбырайып* шыға келді (С. Омаров).

**Солтүстік, теріскей, терістік.** *Оңтүстікке қарсы жақ.* Батыспен *солтүстіктің* арасынан келеді салт жолаушы бір-екі адам (И. Байзақов). *Теріскейден* соққан желдің екпіні әрі суық, әрі күшті (С. Мұқанов). Мұқай қараңғы тартқан, *терістіктен* салқын леп ұрып тұр (Қ. Нұрғалиев).

**Солу, сему, сену.** *Құш-қуаты әлсіреп, құрай бастау, еті қашу.* Шырмауық сабақтарында әлі *солмаған* жапырақтар байқалады (А. Жұмаділдин). Жайнап тұрған гүл де *семіп*, басын төмен иіп, шоқтары бүрісе бастапты (К. Жүнісова). *Сеніп*, қатып, құрайсың, – деді шофер (М. Рашев).

**Сомалау, бағалау, нарықтау.** *Сатылатын затқа баға қойып белгілеу, бағасын шығару.* Тіпті *сомалап* ақша бермесе, қонаққа шақырсын, күтсін (Ж. Алтайбаев). Өздері бір жылқыны отыз бес сомға *бағалатты* (І. Есенберлин). Сүйтсе де әркім өзін есті есептер, *Нарықтап* базар бір-ақ бұл қылмайды (І. Жансүгіров).

**Сона, бүгелек.** *Жануарды шағатын қос қанатты қан сорғыш.* Омырауы ақ көбікке малынған күрең бие сауыры мен қабырғасына маза бермеген көк бас *сонадан* әбден мезі болса керек («Бәйшешек»). Бұл арада малдың мазасын алатын шыбын-шіркей, маса, *бүгелектің* бірі де жоқ (Ш. Ахметов).

**Сонадайдан, сонадан, анадайдан.** *Көз көрім жерден, алыстан.* Сарысудың Телікөлге құйған жағасында *сонадайдан* қол бұлғап бес там тұр (С. Мәуленов). *Сонадан* көз тартады мына бір үй, жазу бар «Мектеп» деген маңдайында (Ж. Қашқынбаев). Сынық мүйіз қара сиыр *анадайдан* телміріп, ашкөздене қарап тұр (Б. Соқпақбаев).

**Сонан, содан.** *Сол кезден, сол айтылғаннан кейін.* Сонан бері рахымсыз көп жыл өтті, Орақ келер, орылар мезгіл жетті (Абай). *Содан* Берікті көргенім жоқ (Ж. Саин).

**Сонау, анау.** *«Сона бір», «ана бір» деген мағынадағы сілтеу есімдігі.* Мына ояңнан *сонау* Үшқараштың белдеуіне дейін таспадай созылып қарабарқын айдау жер жатады (Б. Әдетов). *Анау* қыр астында дүние түйдек-түйдек түтіліп, соғыс жүріп жатыр дегенге сенгің келмейді (С. Елубаев).

**Соншама, соншалықты, сонша, сондай, соншалық, мұншама, мұншалық, мұншалықты, мұндайлық, сондайлық, бұнша, бұншама, мұнша, осынша, оншалықты, осыншалық, осыншалықты, осыншама, оншама, әлейім, оншалық.** *Тіптен көп, кереметтей, өлердей, шектен тыс.* Соншама ауыр бейнет солай бітсе, Қас тағдыр, мен жеңілдім, мені сөкпе (Ф. Қайырбеков). Жоғарыда музыкалық аспаптардың *соншалықты* көп болғанын атап өттік (І. Омаров). Райханның зәресі ұшқаны *сонша*, үні шықпай қалды (З. Шашкин). Жібекті Шабал, Төлегенді Байғали ойнап, спектакліміз *сондай* тамаша өтті, жұрт өте риза болды (Қ. Байсейітов). Ақсақал, құдай ақына, мен сізді *соншалық* жақсы көрем, туған әкемнен кем көрмеймін (Ш. Айтматов). Кім айтар мына ғашық бала мен емес деп? *Мұншама* ғашық болар жан емес деп (Қ. Аманжолов). Менде де *мұншалық* мейір бар, теңіздей сезім бар деп түк ойласамшы (Б. Нұр-жекеев). *Мұншалықты* сұлулықты көрместе ем, егер де мен дала қызы болмасам (М. Айтқожина). Оның *мұндайлық* салмақты боп, ойға қалған түрін бұған дейін байқай қоймаған едім (А. Жақсыбаев). *Сондайлық* күшті куәлері бола тұрып, Өмірәлінің кейін неғыл үндемей қалғанына таңы бар (Б. Нұржекеев). Ай, сабазым, неге *бұнша* сабылдың? – деді Әдхан Нұрғалиға (Ф. Мұстафин). Құдығын жөндеп қазбайтындардың *бұншама* жерді талқандауы таңдандырады (Ф. Мұстафин). Әсеке, ерте кезде қаз, үйрек тау көлінде *мұнша* көп болмайтын (К. Оразалин). *Осынша* қалың орманнан тіпті құстың да даусы естілмейді (Қ. Қайсенов). Келінім *оншалықты* жөнсіз адам көрінбейді, қайта Елеместің оғаш мінезін келемеждейтін сияқты (К. Баялиев). *Осыншалық* қуатты қайдан алдық, әр тынысын

уақыттың пайдаландық (Р. Өтегенов). Мектеп бітірісімен өзінің *осыншалықты* қабілетін көрсете білу екінің бірінің қолынан келе бермейді («Лен. жас»). *Осыншама* тұнжыраудың себебін мен кейін ғана түсіндім (Ә. Сәрсенбаев). Қуанышы қойнына сыймаған Сәуле машина табылмағанына *оншама* ренжіген жоқ (С. Сарғасқаев). Ол мына қауырт етек алып бара жатқан *әлейім* жұмыстың байыбына бара алмай, қайран қалып тұр (Б. Соқпақбаев). Колхоздың тауық фермасы жолдан *оншалық* қашық емес, әудем жер (Б. Соқпақбаев).

**Сонымен, қысқасы, әлқиса.** *Солай етіп, содан барып, сайып келгенде.* *Сонымен* жарты сағат уақыт өткенде Қасен биіктің басына келіп шықты (М. Әуезов). *Қысқасы* тамағы тоғайып, көйлегі көгеріп дегендей, ел санатына тез қосылып кетті (С. Омаров). *Әлқиса*, жұрт өзәірдің бұл сөзін естіп, жауап таппай тарап кетті («Батырлар жыры»).

**Соңғы, кейінгі, кейіндегі, бертіңгі, ақырғы, аяққы, артқы, ақтық.** *Алдында емес, бітер, таусылар жағында.* Байұзақ одан *соңғы* адам еді. Бәрі де кісі-ақ еді қасалықты (Абай). Олардың соғыс басталғаннан *кейінгі* тағдырлары маған белгісіз (Т. Жанұзақов). *Кейіндегілер* келгенше уақыт бар, көретін нелерің бар (Ә. Әбішев). Теміржол жүрісі тәртіптелген *бертіңгі* уақытта Алматыға бес-алты күнде барып жүрді (С. Мұқанов). Ауданнан да бірнеше адам қатысып, Ғазизаны келесі күні бүкіл ауыл адамдары *ақырғы* сапарға шығарып салды (С. Сарғасқаев). Қасқалдақтың қанындай егін суын, *Аяққы* елге жібермей бастан құртар (І. Жансүгіров). Ораз көк «Волганың» *артқы* есігін ашып, чемодандарды жүк артатын қоймасына салды (З. Шашкин). Хаты деп *ақтық* жазған ғашық жардың, Есіңе ал, дұғана мен ынтызармын (Б. Майлин).

**Соңы, аяғы, ақыры, шегі, шегі, арты.** *Бір нәрсенің таусылар, бітер жері, кезеңі.* Сөзімнің басы ыржаң, *соңы* қылжаң, жүгенсіз жүре бермек – сенің ырзаң (Абай). Мына топырдың *аяғы* бірдемеге апарып соғып жүре ме дегенім де (Ғ. Мүсірепов). Мылтық дауыстарының *ақыры* түн ортасынан былай ғана біртеlep саябырлап, басылғандай болды (Қ. Тайшықов). Бұлар батыл шабуыл жасайтын жердің *шегіне* жеге бергенде алда еңбектеп келе жатқан парторг Сәтбаев орнынан ұшып тұрды (Б. Жетпісбаев). Майор олардың барлығын жарым жолдан қайтарып, қаланың арғы *шетіне* жіберді (Б. Момышұлы). Алды өмір, *арты* ажал арасында Егесіп келе жатты тырс үндемей (Қ. Аманжолов).

**Соңыра, соңынан, соңырақ, соңдау, әлтаман, жайырақ.** *Соңына таман, біраздан кейін, артынан.* Бес жүз сом ақысын қазір аласыз ба, *соңыра* аласыз ба? – деп сұрады (Ғ. Қабышев). Оның бетін қайтарып тастаса, *соңынан* өкініп жүрмей ме? – деп сұрады (Б. Алдамжаров). Бұл айтылған заттардың бәрінен *соңырақ* әуе кемесін – аэроплан жасалып шықты (С. Сейфуллин). Мұның бәрі көңілдегі талап қана екенін ол *соңдау* сезді (Р. Райымқұлов). Ә, айтпақшы, сенің Алматыдағы

мекен-жайыңды ерте-жарықта жазып алмасам, *өлтаман* қолым тимей кетеді (С. Ғаббасов). Жамал апай *жайырақ* келем деп кетті, – деді Балапан (Н. Сералиев).

**Сопақ, атжақты.** *Бет пішіні дөңгелек емес, ұзынша келген.* Ол – орта бойлы, иықты, *сопақ* бетті, әлі денесі толысып жетпеген ақ сары жігіт (Ә. Сараев). Қарымсақов – ер тұлғалы, ұзын бойлы, *атжақты* қара сүр кісі (С. Омаров).

**Сопақтау, сопақша, сопақшалау.** *Сопайып келген, ұзыншаланған.* Бәкештің бет әлпеті де әдемі, *сопақтау* боп біткен, қара торы күлім көздің өзі (М. Дүзенов). Атжақты, ашаң, *сопақша* бетіне үлкен қоң мұрын да ылғи жараса бермейді (З. Қабдолов). Фариданың бұрынғы ашаң денесі толысып, *сопақшалау* жүзі дөңгеленіп, аққұба өні нұрлана түскен (А. Лекерев).

**Сораңдау, сереңдеу, ербеңдеу, арбаңдау.** *Ербең-ербең етіп өрескел қимылдау.* Артем *сораңдап* жан ұшыра жүгіріп келеді екен (Т. Сағымбаев). Көше бойы *сереңдеп* жүгіріп жүрген жасыл шинельділер (Р. Хайруллин). Тырнадай *ербеңдеген* ана бір ұзын сирақ ат енді артымызға түсті (С. Мұқанов). Қажекең шапанын лақтырып тастап, аренаға *арбаңдап* шыға келді («Лен. жас»).

**Сораю, сойдию, сидию, сомпию.** *Ұзарып осу, ұзару.* Бір ғажабы, кей бала өсіп кеткен *сорайып* (Қ. Баянбаев). Көксеректің тістері ақсиып, *сойдыып* тұр екен (М. Әуезов). *Сидиган* теректердің арасында екі биік үй бар екен (Ә. Тарази). Алыстан жүгерінің собығындай *сомпийып* көрінген Байжан моласы екен (Ж. Өмірбеков).

**Сортаң, тұздылау.** *Біршама тұзды, тұзы аздау.* Қазақстанның кейбір жерлері шөп жөнді шықпайтын тастақ немесе *сортаң* болып келеді (М. Еркеков). Алабота өсімдігі *тұздылау* жерлерде де өсе береді («Қазақст. мект.»).

**Сотқар, бұзақы, ұрыншақ, сойқан, содыр-сотқар, содыр, шалдуар, аусар, сотанақ, тентек, қолшыл, теле-тентек, тәйтiк қарап., содыр-сойқан сөйл.** *Мінезі шадыр, жүрген жері лаң, жан-жалқой.* Бірақ Бабата мешіті, оның медресесі – бәрі де осы жуан бел, өзі *сотқар*, қолшыл үлкен бай Сырбай болыстың жерінде (М. Әуезов). Ересек *бұзақылар* мұны оған-бұған жұмсап, әуелі шылымға үйретіп, онан соң араққа үйретіп, аяғы ұрлыққа машықтандырады (Ө. Тұрманжанов). Бертінде *ұрыншақ*, қолшыл болып және барымташы жортуылшы жігіт жігіттен көп шықты (М. Әуезов). Сылбыр мен болбыр да, *сойқан* мен соқыр да, жалқау мен марғау да, оңбаған мен олшақ та осында (Ж. Мусин). Қала мен далаға кезек жортатын ұры-қары, *содыр-сотқарлар* да мұны ықтап жүреді (К. Оразалин). Қатқан сойылды оңды-солды үйірген *содырлар* ешкімді маңайлатпады (З. Жәкенов). Жасаған *шалдуар* қылықтары есіне түскенде ол жерге кіргендей болады (Ө. Қанахин). Сүгірдің мұндай шойқара

денесіне сай келген оның *аусар* мінезі де көңілге қонып тұрған жоқ (Ж. Жұмаханов). Қыдыр тұқымының *сотанағы* Сүгір салған ылаң жұртты абыржытып кетті (А. Тоқпанов). Ағайынды екі жігіт *қолшыл* қатал Сәлменнің дүре жазасына солайша бірдей ұшыраған (М. Әуезов). Қанша *тентек* болса да, Аралбай енді сөзден ұтылып, тұйыққа тіреліп қалды (С. Омаров). Егер мен қолыма тұнғатарларды ұстасам, жұрттың *теле-тентегін* жөнге салайын деп ойлады, – деді ол (Т. Рахымжанов). Мына *тәйтік* балаға тым болмаса тәйт демегені несі (Ә. Нұршайықов). Мұның *содыр-сойқан* мінезіне қарай оны жұрт кейде Содырбай дейтін де көрінеді (Ә.Қарағұлов).

**Сотқарлау, бұзақылану, содырлану, шалдуарлау, аусарлану.** *Бұзақылық істеу, тентектік жасау.* Мынау батыр деп айтсын деп әдейі батырсынып, *сотқарланатынмын* (М. Иманжанов). *Бұзақыланғанының* үстіне жаман оқитынын дәлелдеп, мектептен шығармақшы (Ш. Хұсайынов). Қыр сондарынан қалмай *содырланып*, шоқпарларын сүйретіп жүр («Жұлдыз»). *Шардуарлап* шалыс бассам, ініңді алғын жазалап, сонда ғана қолға қонар қулығы жоқ таза бақ (Н. Оразов). Жан жолдасы Бекеттің Олжай деген батыры *аусарланып* елірген (М. Әуезов).

**Сотқарлану, содырлау, сотанақтау, бұзақылау, қияңқылау, шалдуарлау, аусарлау.** *Мінезі аздап сотқар.* Нүсіпбай дейтін *сотқарлау* жуан білек бір баламен жанжалдасып қалдым (Б.Сокпақбаев). Тұмарбай ұр да жық, *содырлау* жан болғанымен, сөз мәнін түсініп, астарын сезе қояды (Қ. Исабаев). Жәкібайдың менен үш-төрт жас кіші *сотанақтау* баласы бар (Б. Сокпақбаев). Жұрт санасында баяғы бір *бұзақылау, қияңқылау* Нұржан тұр (А. Байтанаев). Сол арада мінезі *шалдуарлау* Сәду маған домбыра орнына от басынан көсеу әкеп ұстата салды (Ә. Қанахин). Сол кезде жасы жиырма бестегі аса ірі денелі, *аусарлау* мінезді Мырзахмет маңайдағы қазақ ауылдарының бас балуаны атанған (С. Мұқанов).

**Сотқарлық, бұзақылық, содырлық, шалдуарлық, аусарлық, тентектік, сотанақтық, жүгенсіздік, бейбастық, бұзықтық, басбұзарлық, қияңкестік, бейбастақтық, бейбастықтық сөйл.** *Мінезсіз, жанжалқой адамдарға тән қасиет.* Бұдан екі жыл бұрын *сотқарлық* себепті екеуі де үш жылдан түрмеде отырып келді («Қазақст. мек.»). Былай қарағанда *бұзақылығы*, қулығы жоқ момын жігіт (А. Жақсыбеков). Оған құдай қарғап ұл бермей жүргені де осы *содырлығынан* ғой (С. Сейтхазин). Баланың *шалдуарлықтан* түзелгенін айт («Қазақст. мек.»). *Аусарлық* қой істеткен, Кешір оны, Күнішім (Д. Әбілев). Кедей Мұса *тентектігімен* қоса, жаңағы өзіңіз айтқандай, жүректі де, тілді де адам болғандықтан, аға сұлтанға да тізе бүгіп, бас имепті (З. Ақышев). Жәнібектің Тілеу дейтін баласының *сотанақтығы* бар (Б. Сокпақбаев). Ахтанбердиев осы *жүгенсіздік-*



тен келе айқасқан еді, ақыры түбіне жетіп тынды (Б. Тоғысбаев). Ей, Сапақ, сенің *бейбастығыңды* мұнда ешкім көтере алмайды (С.Сейфуллин). Құлақ естіп, көз көрсе *бұзықтықты*, хақ сөзді айтпай шыдап жасырмадым (Қ. Тәкежанов). Бұл нағыз *басбұзарлық* қой, машинаны көрші ауданға айдауын, – деді Биохмет ашуға басып (Ж. Жұмаханов). Мен *қияңкестігім* үшін қысылып қалдым (Қ. Әміров). Алайда қасындағы мұртты жігіт *бейбастақтық* сөздерді бөліп, бізбен сөйлесіп кетті (Н. Көшекбаев). Кім көрінгеннің *бейбастықтығына* жол бере алмаймын (Ж. Арыстанов).

**Сотталу, айдалу, кесілу.** *Қылмыс жасап жазықты болғандығы үшін бас бостандығынан айыру.* Ғ. Әбдіғұлов он екі жылға *сотталды* («Соц. Қаз.»). Қазақ даласы патша үкіметінің түрмесі болды. Патшаға қарсылардың бәрі де осылай қарай *айдалды* (Х. Бекхожин). Ана жылы сен *кесіліп* кеткенде Дөңгелектің баласы есіктен де қараған жоқ (Ж.Алтайбаев).

**Сотты, істі.** *Қылмыс жасап, шатылған, қылмысты болған.* Бірсыпыра үлкен адамдардың басын *сотты* қылып жатса керек (С.Сейфуллин). Құлмырза қалай *істі* болғанын қысқаша айтып беріп, Жәлел ықыласпен тыңдап отырды (М. Дүйсенов).

**Сөз, тіл, гәп.** *Адам баласының қоғамдық өмірде бір-бірімен түсінісіп, пікір алысатын қатынас құралы. Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады* (А. Байтұрсынов). Шешеннің *тілі* ортақ, шебердің қолы ортақ (Мақал). Талай ғасыр құрып кеңес, көп ойлаған осы *гәпті*, Жұмбақ болмас, бір шешілмес, Ұлы адам бір амал тапты (Қ. Аманжолов).

**Сөздік, лұғат.** *Мағынасын ашып, басқа тілге аударылып, алфавиттік тәртіппен берілген сөздер жиынтығы.* Сатып алған *сөздігімде* елу мыңдай сөз бар екен (С. Мұқанов). Ғылымның көп тарауының терминдерін түсіндіретін орысша-қазақша *лұғаттар* кейінгі жылдары көптеп басылып келеді («Қазақст. мект.»).

**Сөздікші, лексикограф.** *Сөздік құрастырушы.* Әсет Болғанбаев – Тіл білімі институтындағы тәжірибелі *сөздікші* («Ана тілі»). Көптеген тәжірибелі *лексикографтар* қатысып, құрастырған қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі жарық көрді («Жұлдыз»).

**Сөзуар, сөзшең, сөйлеуік, сөйлегіш, сөйлемпаз, сайрампаз, тақылдақ, тақылдауық қарап.** *Тыңдаушыны ұйыта білетін, сөзге жүйрік.* Екеуі де *сөзуар*, от ала келіп, отыз әңгіме шертетіндердің дәл өзі (С. Шаймерденов). Мағжан *сөзшең* зайыбының шұбыртпа сөзін бөлуге мәжбүр болды (М. Хасенов). *Сөйлеуік* бала Баттал Айсұлудан оның оқуы жайын сұрай жөнелді (М. Әуезов). Шыңғалиевты өте білгіш, өте *сөйлегіш* деп риза болатын (Х. Есенжанов). Пішініне қарағанда біртүрлі *сөйлемпаз* адам секілді (Б. Майлин). Оның үстіне бұл *сайрампаздың* аузын құмға толтыру пәлендей қиынға түспейтінін біледі (О.Сәрсенбаев). *Тақылдақ* Меруерт тағы бірдене айтып, тиісе берер

деп қысылды (С. Мыңжасарова). Өзін оқуға зерек деп еститінмін. Бірақ мұндай *тақылдауық* екенін білмеуші едім (Т. Иманбеков).

**Сөзуарлану, сөзшендену.** *Көп сөйлеп шешенсіну.* Дәулеттің соғысқа кірген жерін оқығанда, Сырбай *сөзуарланып* кетті (С. Мұқанов). Оның мас болған белгісі *сөзшеңденіп* кетуі ғана («Жұлдыз»).

**Сөзуарлық, сөзшеңдік, сөзгерлік, әңгімешілдік.** *Көп сөйлегіштік, сөзуар болушылық.* Абай өлең жазғанда бос сөздікке, *сөзуарлыққа* салынбайды («Қаз. әдеб.»). Кәмшатқа оның ашық-жарқындылығы, *сөзшеңдігі* ұнады (Д. Исабеков). Мені *сөзгерлік* салтыңа басып, күнілгері дайындап алған жаттанды сұрақтарыңмен қақпайлама («Лен. жас»). Атам басқа қариялардағыдай *әңгімешілдіктен* ада, сөзге саран, сөйлесе тек шаруа жайы (Н. Мұраталиев).

**Сөйдеу, солай деу.** *Осылай деп айту.* «Сарекең *сөйдеген* екен» деп, көзінен су аққанша күліп отырғандарды талай көрдім («Бөй-шешек»). Халықтың қадірменді ұлы қария Қазыбек би *солай деді* (Ә. Әлімжанов).

**Сөйлескіш, әңгімелескіш, тілдескіш.** *Сөйлесуге құмар, сөйлесе алатын.* Байділдин конференциядан кейін Сәкеннің пәтеріне келгіштеп, оңаша *сөйлескіш*, бірге серуендегіш боп кетті (С. Мұқанов). Шопандардың, әсіресе қыс, күз күндерінде өрісте жүргенде бірімен-бірі кездескіш, *әңгімелескіш* келетін әдеті («Октябрь өрендері»). Жұмыс барысында адамдармен тіл табысып сөйлесе білу, *тілдескіш* болу да керек екен («Парасат»).

**Сөйлесу, әңгімелесу, тілдесу, жауаптасу, мәслихаттасу, сұхбаттасу, лебіздесу.** *Отырыс жасап, өзара пікір алысу, ой бөлісу.* Ендігі жайды басты бір адаммен *сөйлесіп* шешу керек (М. Әуезов). Сол шығасыға душар болған лейтенант жұмсақ вагонда келе жатып, жолаушы Боранбаевпен *әңгімелесіп* отыр (Т. Әлімқұлов). Хакім қалайда қызбен жолығып, *тілдесіп*, неге ренжігенін өз аузынан білгісі келді (Х. Есенжанов). Осы аз күн ішінде оязбен менің *жауаптасуым* мүмкін (М. Әуезов). Малшылармен *мәслихаттасуда* Байжан өз есебін де ұмытпайды (С. Мұқанов). Сізбен бір сырласып, *сұхбаттасудың* еш жөнін таба алмай-ақ қойдым (И. Жақанов). Бану Жақыпбекпен *лебіздесуді* соңғы күндері өте ұнатып тұратын болған (М. Иманжанов).

**Сөйлеу, айту, деу, үндеу, тіл қату.** *Көңілге келген ойды, пікірді, хабарды басқа біреулерге жеткізу.* Келеді өлең еселеп, Үлгері жазып жатамын. Бір емделіп, бір *сөйлеп*, Мол рахатқа батамын (Қ. Аманжолов). Алдына тура бара алмай, Барып жауап ала алмай, *айта* алмадық зарынды (Жамбыл). Ол осы кезде «есті әйел ер жігіттің гүлі мен көркі» *деген* ұстаз сөзін ішінен қайталап тұрған сияқты (С. Бақбергенов). *Үндеп* «мен істедім» деп тану деген ала қойшының ойына да келмеді (І. Жансүгіров). Тәңірберген бірер рет *тіл қатып* еді, Еламан үндемеді (Ә. Нұрпейісов).

**Сөйткенше, солай еткенше.** *Солай істегенше, солай айтқанша.* *Сөйткенше* болмады, қан бетті сызып, сақалды жұлып, омырауына тамды (М. Дүйсенов). *Солай еткенше* болмай жігіттер жаудың пулетметшілеріне кездесіп қалып, ұрыс басталып кетті (Қ. Қайсенов).

**Сөндіру, өшіру.** *Оттың, шамның жарығын басып тастау, жандырмау.* Ауылдың бәрі де шамдарын *сөндіріп*, қалың ұйқыға кіріп жатыр (Б. Майлин). Біреулер өрт *өшірумен* шұғылданса, біреулер жаралылармен айналысуда (Ө. Сәрсенбаев).

**Сөре, текше.** *Киім-кешек, ыдыс-аяқ, кітаптар, т. б. қойылатын тақта.* Иіс сабын, айна-тарақ, иіс су толып тұрған *сөрелерге* қарадым (Ө. Нұрғалиев). Тіпті болмаған соң Орынғали кітап қоятын *текшеге* қол созып жіберді де, екі парақ жыртылған кітаптың бетін алып қарады (М. Дүйсенов).

**Суайт, суқит, алдамшы, өтірікші, алдампаз, алдағыш, алдаушы, алдамыш, жалғаншы, жалғаншыл.** *Болмағанды болды деп, жалған сөйлейтін, өтірікті судай сапыратын, құлықпен күн кешетін.* Ертеде өтірік айтпаса, отыра алмайтын бір *суайт* болыпты («Қаз. ертегі»). Айтқанды орындмайтын бізді бір *суқит* деп ойлайсың ба? (Б. Қыдырбекұлы). *Алдамшының* алдаған сөзіне еріп, қолда барын сыпырып беру жөн емес (С. Торайғыров). Талай *өтірікшіні* көріп едік, бірақ сіздей өтірікшіні көрген емеспіз (С. Адамбеков). Оларға карта тәсіл жүйесіндей, *алдампаз* айлакердің күресіндей (Т. Жароков). Рахат мені тастап қоймадың тыныш, асыл жар, ағайын, дос – бәрі *алдағыш* (Абай). Қыз жылап айтқан екен барлық сырын, себебін келе жатқан бүйтіп ұрын, *Алдаушы* болам ғой деп сенгіш ерге, Жойма деп жалынышты әбүйірін (С. Сейфуллин). Әлде бұл сырттан жылтырап көрінген сайқал қатынның *алдамыш* айласы ма (К. Тоқаев). Ақсақалды *жалғанишыға* қимаған Кәмаш абдыраған қалпында үнсіз тұрып қалды (М. Мағауин). Келе-келе *жалғанишыл*, атақшыл жандар ұлы мағынаны тар мағынаға бұрып кеткен (Ж. Жұмаханов).

**Суайттық, алдампаздық, алдамшылық, өтірікшілік, алдаушылық.** *Өтірік айтушылық, суайт болушылық.* Әй, Жұман, сенің *суайттығың* қашан қалады («Қаз. әдеб.»). Кейбір теріс пиғылды адамға шын айтуға болмайды, кейде *алдампаздық* та керек (Ш. Өмірәлиев). Жалған дүниенің *алдамшылығын* қазбалап қайтеміз, бала (Ш. Хұсайынов). Адамға жат қылықтар мыналар: *өтірікшілік*, сатылғышық, жылпостық, уағдаға опасыздық («Шарапат»). Ханның қу жасауылына түлкіні теңеп, түлкіні қулықтың, *алдаушылықтың* суреті қылатын болған (С. Сейфуллин).

**Суғару, суару.** *Малға су беру, шөлін қандыру.* Мады *суғару*, азықтандыру, астын тазалау жұмыстары да механикаландырылған (Қ. Серікбаев). Әр қойшы өз отарын өз құдықтарынан *суарады* екен (М. Тиесов).

**Суғару, суландыру.** *Егіске, бау-бақшаға, тағы басқаға су жіберіп ылғалдандыру.* Болат аптасына бір реттен еккен көкөнісі мен бау-бақшасын *суғарады* (А. Машанов). Бос жатқан жерлерді *суландыру* үшін орасан зор су жүйесі салынып жатыр (Ә. Шәріпов).

**Судырлау, сыбдырлау, сыбдырау, судырау.** *Сыбдыр қағу, сыбдыр-сыбдыр ету.* Баяу толқып *судырлайды* жапырақ (Т. Әбдірахманова). Жан-жағым жасыл терек жапырақтары кешкі самалмен баяу *сыбдырлайды* (Ә. Сәрсенбаев). Арырақтан құрғақ сары қамыс анданда себепсіз *сыбдырап* қояды (Ә. Тарази). Зәулім теректің теңге жапырағы үздіксіз *судырайды* («Білім және еңбек»).

**Су жаңа, дүр жаңа.** *Ешкім ұстамаған, ине-жіптен жаңа ғана шыққандай.* Әскери киімдері *су жаңа* (С. Алдабергенов). Сыр бойында бір бәйшешек түр дара, Ақ алтыннан тау тұрғызған *дүр жаңа* (Қ. Дәрібаев).

**Су қараңғы, глаукома.** *Көзі ештемені көрмейтін соқыр.* Сақтанбаса, екі бірдей көзіңді *су қараңғы* ғып кететін (Т. Ахтанов). *Глаукома* – көз ауруының ауыр түрі, су қараңғы деген мағананы білдіреді («Ана тілі»).

**Сумақай, сұғанақ, сумаңдағыш.** *Сумаңдап, ылпың-жылпың қағып тұратын.* Суық қолды *сумақайлар* мен жемқорларды жер-жебіріне жеткізе сынайды («Қаз. әдеб.»). Ұры байымайды, *сұғанақ* семірмейді (Мақал). Ол өте жылпос, *сумаңдағыш* адам («Жұлдыз»).

**Сумақайлану, сумаңдау, сұғанақтану, жылпостану, сыпсыңдау, сүйреңдеу, сыпылдау.** *Жылмаң қағып, жылп-жылп ету.* Бір көрген қызға қырындап *сумақайлана* беру қадетімде жоқ (О. Бөкеев). Әй, тентек қыз, тек отыр *сумаңдамай* (Н. Серәлиев). Соның өзін *сұғанақтанып* жүріп әрең саттым (М. Хасенов). Махмұт ештеңе айта қоймаған соң, ол *жылпостана* дарақы әзілге басты (Қ. Толыбаев). Одан да байының ел-жұртын, қонақ-қопсысын сыр бермей, *сыпсыңдамай* күтсін (М. Әуезов). Бағила ерні *сүйреңдеп*, бір сөйлеп кетсе, тоқтамайды (Т. Ахтанов). Бәсе, көргенсіз ит *сыпылдап* ана жақта өсек айтып жүр екен ғой (С. Мыңжасарова).

**Сурет, картина.** *Біреудің, бір нәрсенің қағазға не басқа бір нәрсеге түсірілген бейнесі.* *Сурет* алуан түсті бояумен аппақ қалың қағазға түсірілген екен (Ф. Дінісламов). *Картина* – майлы бояумен салынған көркемдік мәні бар сурет туындысы («Түсіндірме сөздік»).

**Сусағыш, қаталағыш, шөлдегіш, шөлдемпаз, шөлдеуік.** *Сусап су ішкісі келе беру, таңдайы кеуіп шөлдей беру.* Күні бойы аптап ыстық далада мал соңында жүрген адамның *сусағыш, қаталағыш* болатыны белгілі («Мәдениет және тұрмыс»). Шамадан тыс толық бала көп терлейді, *шөлдегіш* келеді («Қазақст. әйелд.»). Отқа қыздырынып отырған адам *шөлдемпаз* болады (С. Сейфуллин). Шаршаған адам *шөлдеуік* болады (Н. Оразов).

**Сусамыр, диабет, сусақ жерг.** *Шөлдетіп, суды көп ішкізе беретін ауру.* Сусамыр ауруына шалдыққандар суды көп ішеді (Х. Қыдырбаев). *Диабет* ауруына шалдыққанда ағзада қант алмасуы бұзылады (Е. Оразаков). Сусамыр ауруын Орал өңірінің қазақтары *сусақ* деп атайды (Ауызекі тіл).

**Сусылдақ, судырақ, суылдақ.** *Су-су еткіш, сусыл қаққыш.* Үп еткен жел жоқ, құстың да *сусылдақ* қанаты естілмейді (Ш. Құмарова). Өзеннің жиегін жасыл қоға мен *судырақ* көк құрақ көмкерген (Ө. Қанахин). Анадай жерден күректеп *суылдақ* тасып, қазықтың түбіне құйды (Ж. Нәжімеденов).

**Сусылдау, судырау, суылдау.** *Су-су ету, сусыл қағу.* Әуіл-дектің шерлі үнімен қосыла қамыс та үкілі басын шайқап, сыбырласа *сусылдасты* (Х. Әдібаев). Зәулім теректің теңге жапырағы үздіксіз *судырайды* («Білім және еңбек»). Естідің бе қанатымның *суылдауын*, Ұстап көр сұңқар болсаң шүйілдегі (Ә. Тәжібаев).

**Сусымалы, сырғымалы, сусыма, сырғыма, сыпырма.** *Тез жыл-жығыш, суси беретін.* Алдымызда Батпақтың *сусымалы* шағылдары (Ә. Бірмағамбетов). Қымбат ағаштан жасалған үй қабырғалары *сырғымалы* екен (Ғ. Мүсірепов). Ол өзіне бір көйлектік *сусыма* сары жібек матаны алды (Ш. Шалқаров). Соңғы бораннан кейін бұл жердің көп жерін көлденең *сырғыма* басып қалған («Самғау»). Бұл жерлерде *сыпырма* жел, кума жел, жаяу борасын деген көп болады («Лен. жас»).

**Суық, мұздай, тастай, зәрлі, ызғар, өт.** *Дене тітіркенетіндей, сүйектен өтетіндей, соншалықты ызғарлы.* Суық жел суын бүркіп, сүйрең қақты, Бүріккен су сай қуалап ирең қақты (А. Тоқмағамбетов). Сәбира *мұздай* сумен жуынғанда бір сәтке болса да бойы сергіп, ширап қалғандай болды (М. Дүйсенов). Өзеннің суы *тастай* екен (Ә. Шәріпов). Жиналған жұрт көктемдегі *зәрлі* суға түсуге бата алмапты (С. Талжанов). Көктемнің *ызғарын* Гүлжан вогоннан түсе бергеннен-ақ сезінді (М. Дүйсенов). Егер боран үдесе, қойды желдің қарсы *өтіне* қуалап, жылғамен ықтата айдаңдар («Лен. жас»).

**Суықтық, салқындық.** *Суық болушылық.* Бүгін даланың *суықтығы* отыз градустан асатын шығар (Ш. Дәрмағамбетов). Жақсы мінез, жақсы лебіз бар жерде күннің *салқындығы* көңілсіздік тудыра алмайды (Ш. Мұртазаев).

**Суыр, тарбаған жерг.** *Кемірушілер тобына жататын кішірек айуан.* Суыр далалық жерде өмір сүреді де, қыста ұзақ ұйқыда болады (Ғ. Мұстафин). Інінен ұзап шыққан *тарбағанды* аулап, көрі бүркіт аспанды шарлап жүр (М. Дүзенов).

**Суырма, тартпа.** *Стол, шкаф сияқты мебельге орнатылған, ұсақ-түйек зат салуға арналған кішкене жәшік.* Ол касса жәшігінің *суырмасын* ашып, іздестірген болады (А. Байтанаев). Енді мөрін байсайын десе, мөрі кеңседегі стол *тартпасында* қалып қойыпты (Ж.Тілеков).

**Суырмалы, тартпалы.** *Суырмасы бар.* Ертінді құйылған сауыттар ыдыс түбі тұратын ойықтары бар үш қатарлы *суырмалы* сөреге орналастырылған («Қазақст. мект.»). Төргі терезенің алдында көп *тартпалы* көнетоз жазу столы қойылған (Б. Соқпақбаев).

**Сұғу, тығу.** *Бір заттың ішіне екінші бір затты салу, орналастыру.* Жұмағұл керегенің көзінен қолын *сұғып* жіберіп, есікті ашты (З. Ақышев). Майсор хатты оқып шықты да, қағазды бүктеп-бүктеп өз қонышына *тығып* жіберді (Д. Әбілев).

**Сұғанақтық, сұқтық.** *Сұғанақ болушылық, жемқор болушылық.* Үзіп-жұлқып жесем екен деп *сұғанақтық* қылушылар да жоқ емес (Б. Майлин). Арыстан аш та болса, тоқтығын қоймас, Түлкі тоқ та болса *сұқтығын* қоймас (Мақал).

**Сұққылау, піскілеу, піспектеу, шанышқылау, піскектеу.** *Үшкір нәрсемен бірдемені қайта-қайта түйреу, шаншу.* Тырнағының астына ине *сұққылап*, партизандардың қайда екенін айт деп азаптады (Н. Көшекбаев). Жарас инені сияға батырып алды да, білегімді қыса ұстап, *піскілей* бастады (Т. Әбдіков). Су қайтқанда ауыл тайлы-таяғы қалмай, *шанышқылап* сазан аулайтын (М. Сүндетов). Ол жуан инесін Қантайдың білегіне *піскектей* отырып, туған жылын жаза бастады (С. Мұратбеков).

**Сұлау, серею, тыраю, шолжию, шанию, тырқию сөйл.** *Ұзынан түсіп құлап жату, керіліп-созылу.* Мен көрдім ұзын қайың құлағанын, бас ұрып қара жерге *сұлағанын* (Абай). Қалжыраған қарт *серейіп* сұлық жатыр (С. Алдабергенов). Ермек күндегі әдетінше әжесінің ауыз үйдегі беті бедерлі ағаш төсегінде құлаш жайып, *тырайып* жатыр (К. Сатыбалдин). Шынында да, *шолжиып* қарап жатқанша, отынын жарып, суын әкеп, ауыртпалықтың бір жағын көтерген дұрыс (С. Байжанов). Барған жерде *шаныып* жата кетуді әйел затына лайық көрмейтін (Ә. Ибрагимов). Біләловтың түнде үйінде *тырқыып* ұйықтап жатуына болмайтын ба еді (Ә.Нұршайықов).

**Сұлу, әдемі, әсем, көркем, ару, әрлі, бәденді, ажарлы, шырайлы, келбетті, кескінді, көрікті, сиықты, келімді, зипа, айдай, реңді, өңді, қияпатты көне, райлы сөйл.** *Кескін-кейпі келіскен, тұр-тұрпаты жарасқан, көз тартарлықтай.* *Сұлу* аттың көркі – жал, Адамзаттың көркі – мал (Абай). Ол кезегін өткізіп жіберудің қисынын таппай, қипақтап отырғанда бес-алты жастағы баланы ертіп *әдемі* жас келіншек кірді (К. Тоқаев). Ол жалтыраған жез шылапшын мен қашқардың *әсем*, сопақ құманын әкеп, су күйды (М. Әуезов). Күнайым талай жаннан *көркем* екен («Құламерген»). Арқаның *ару* қызы Еңбек Ері, Келемін алыс жақтан іздеп сені («Қазақ әндері»). Залдың орта тұсында өңкей ажарлы қыздар, *әрлі* әйелдер (З. Қабдолов). Толықшалау келген *бәденді* әйел қызметінен қайтты (Ә. Көпбаев). Бір кезде осы үйдегі жеңгеннен сымбатты да, *ажарлы* да әйел жоқ еді (С. Мұқанов).

Ақ бетінен нұр тамған Күнайым қыз күн екен. Қызыл беті *шырайлы* Қызарып шыққан гүл екен (С. Мұқанов). Күлөнда қолаң шашты, алма бетті, Қыз болды құралайдай бір *келбетті* (Ж.Саин). Оны дөңгелек жүзді қара көзді *кескінді* әйел жылы ұшырай қарсы алды (С. Шаймерденов). Көріп алсаң *көріктіні*, таңдап алсаң тектіні, сонда көңіл толмай ма? (Абай). Ғайнидай сұлу қызға *сиықты* жігіт табылмай ма (Ә. Нұрпейісов). Ішінде бір бойжеткен қыз көрінді, жаралған сырт денесі бір *келімді* (Е. Бердин). Сұлусындар *зипа* бойың есімде («Түсіндірме сөздік»). Әбунасырдың көз алдына толған *айдай* аппақ қыз елестеді (Д. Досжанов). Тайман адамға әсер қалдыратын байсалды, *реңді* жігіт екен (З. Қабдолов). Бақытжан – әрі жас, әрі *оңді*, қыз қызығатындай балғын жігіт (М. Дүйсенов). Қырық асып, елуге аяқ басқан, Денелі ақ сұр адам, *қияпатты* (Ш. Әбенев). Қоңырқай тартқан шырайлы, сүйкімді жігіттің *райлы* келбетіне қарағысы келе берсіді (А. Токмағамбетов).

**Сұлулық, әдемілік, көркемдік, көріктілік, келістілік, ажарлылық, әрлілік.** *Көрсө көз тартарлықтай қасиеті бар ажарлылық, әсемділік, тартымдылық.* Қыздың үлбіреген қызғылт жұқа еріндері *сұлулығын* асыра әрлендіре түскендей (С. Омаров). «Бота көз, жез бұйдалы тайлақтай» деген теңеулер сұлу қыздың көзінің *әдемілігін*, өзінің әсемдігін жеткізеді («Тарту»). Бұл қала біздің Фрунзеден үлкен де, *көркемдік* жағы да едәуір артық па дедім (Т. Бигелдинов). *Көріктілігім* үшін сүйсе де ол мені, мен оны көріксіздігі үшін сүйдім (Ж. Қыдыров). Шешесі қыздарының *ажарлылығын* мақтан тұтатын сыңайлы («Қаз. әдеб.»). Жас адамның беті табиғи *әрлілігімен* сымбатты көрінеді («Мәдениет және тұрмыс»).

**Сұмдық, әлемет.** *Адам таңданарлық, шошырлық.* Мынандай *сұмдық* көрініс бәрін естен тандырғандай («Егемен Қазақстан»). *Әлемет* жаңбыр жер бетінің ойлы-шұңқыр жерлерін суға толтырды (А. Машанов).

**Сұмдық, жошын.** *Қара ниеттілік, оңбағандық.* Ел ортасында құлақ естіп, көз көрмеген *сұмдықты* өз қолдарымен істеп шыққан топ атқа міне сала, жан-жаққа шашырай тарады (М. Әуезов). Өрістегі малды сұраусыз алмас болар еді, мынау қай *жошыныңыз* (К. Ахметбеков).

**Сұмпайылық, сұрқиялық, сұмқайлық.** *Сұмпайы болушылық.* Жақсылық пен жамандықты, шындық пен жалғандықты, сұлулық пен *сұмпайылықты* айыра білуге үйретудің аса бір маңызы бар (М. Әлімбаев). Ұлдай әйелдің Ақмарал екеніне көзі еркін жеткен соң, бұл жолы да өзінің *сұрқиялығына* басады (Қ. Жұмалиев). Іші тар, жағымсыз қылықты адамдар өздерінің *сұмқайлығын* қоймайды («Жас Түркістан»).

**Сұмырайлану, сұмдану, сұрқиялану.** *Жексұрын болып көріну.* Екеуі белгі беріп сырт айналып, Үзілді оқты көзі *сұмырайланып* (Н. Баймұратов). Сүйел қара *сұмдана* күліп, тақиясын бір шекесінен

екінші шекесіне лықсытып ауыстырып киген (Д. Әбілев). Неміс офицерімен рюмка соғыстырып, *сұрқиялана* күліп отырғанын ол көз алдына келтірді (Қ. Қайсанов).

**Сұңғақтық, бойшандық, бойлылық.** *Бойы ұзын болып келгендік, биіктік.* Бойының *сұңғақтығы*, жылдам басып тік жүруі Ажардан ауған жоқ (Б. Шалабаев). *Бойшандықтың* кесірінен төменге көзім түспей, байқамай қалыпшын (Х. Есенжанов). Самат өзінің ұзын *бойлылығымен* алыстан-ақ топ ішінен танылды («Алматы ақшамы»).

**Сұңғыла, көзел.** *Тез сезе қоятын, көп білетін.* Қыздың осы бір ажарын мұндай істе өзін *сұңғыла* санайтын Уәли іштей жақсылыққа жорыды (Т. Ахтанов). Түз кезіп, үйден безіп күш құраған әр елдің өжет туған *көзелдері* (Ф. Орманов).

**Сұп-суық, мұп-мұздай.** *Өте суық, айтарлықтай суық.* Жылқышы тұратын бөлменің іші *сұп-суық*, терезелерін қалың қырау басқан («Қаз. әдеб.»). Жер тірейін деп созған қолы қап-қатты, *мұп-мұздай* бірденеге тиді («Лен. жас»).

**Сұр, сұрғылт, сұрқай.** *Қуқыл тартқан бозғылт.* Аспандағы *сұр* бұлттан күн көзі көрініп, ол да бізге қуаныш қосқандай жарқырап тұр (Б. Момышұлы). Сұр алжапқыш, сұр кенеп, тегіс *сұрғылт* киіндік, Тізе қосып тізіліп, Іске тастай түйіндік (С. Сейфуллин). Ауыл үстін боз тұман, *сұрқай* бұлт басып тұрды (С. Сарғасқаев).

**Сұрақ, сауал, сұрау.** *Біреуден жауап берілуін талап ететін сөз.* Донбас шахтерлері Қарағанды жайлы білгісі келіп, біздерге көп *сұрақтар* берісті (С. Хайдаров). Біз не *сұрау*, не жауап бере алмай, жерді шұкі бердік (Ф. Мүсірепов). Еламан *сауалына* жауап іздегендей үнсіз сазарып, тұрған жігіттерге қарады (Ә. Нұрпейісов).

**Сұраншақ, тіленшек, тілемсек, сұрампаз, тіленгіш, сұраншы, еміншек.** *Әркімнен көзін сатып, не болса соны сұрай бергіш.* Түртіншек, *сұраншақ* боп пайда іздесе, Ақындық қайыршыдай кімге ұнар (Қ. Тәкежанов). *Тіленшек* көңілдің өтірік жорамалы да деген оймен Ақшам хатшысының әр қимылын бақылап жүрді (М. Сқақбаев). Біреулер Томекенді пасық, мақтаншақ дейді, біреулер *тілемсек* дейді (С. Адамбеков). Дәуренбай – әншейінде алдына барған *сұрампаздың* бетін қайтармайтын, түйықтау адам (О. Сәрсенбаев). Сен сияқты *тіленгішпен* бір жүрмей, Байдың өзі оза шапты кідірмей («Шығыс жұлдыздары»). Жігерсіз, бар болғыр, досқа күлкі, дұшпанға таба болып енді *сұраншы* болуың ғана қалып еді, – деді Қалампыр Баймырзаға (С. Мұқанов). Кеудесінде ұшқыр сезім күрсіне бебеу қағып, *еміншек* арсыз қайыршы тәрізденген менмендік аңқылдай ыңырсыды (С. Талжанов).

**Сұрапыл, дүлей.** *Қиян-кескі, ойран-топыр, ұйқы-тұйқы.* Сескеніп ұясына күн тығылып, *сұрапыл* астан-кестен, ойран-топыр, әйтеуір бір ғажайып болды бүлік (Қ. Аманжолов). Иен дала, жалғыз қыз



табиғат пен адам жекпе-жегі, үскірік демі сүйек қапқан *дүлей* боран (Е. Рахимов).

**Сұрау, өтіну, тілену, қолқалау.** *Өз ықтиярымен бір затты істеуге тілек білдіру, қалау.* Сын сағатта сынға түсу үшін өзім қайта-қайта *сұранып* майданға кетіп барамын (Ж. Төшенов). Мен өзімнің *өтінуім* бойынша астан соң, сырттағы нардың үстіне төсек салдырдым (Ж. Жұмаханов). Көп жерде өзі *тіленіп* әскерге кірген жастар бар (С. Сейфуллин). Аз уақыт отырыңыз, — деп Алексей *қолқалағасын*, Ботагөз күпісін шешті де, көрсеткен орындығына отырды (С. Мұқанов).

**Сұрау, сауалдау.** *Сұрақ қою.* Білмегендеріңді ұялмай, қысылмай *сұрап*, біліп алғандарың дұрыс (Ауызекі тіл). Білмеген сөзді білдіреп *сауалдап* сауат ашқандай (Майлықожа).

**Сұрлау, сұрша, сұрғылтау.** *Сұр түстілеу.* Кең балақты *сұрлау* шалбарының қалтасынан шылым алып шекті (А. Байтуғанов). Жанары жалын *сұрша* қыз Келеді күнде үйіме, Мейлі аптап, мейлі лайсаң күз қараған емес біріне (І. Мәмбетов). Сәкеннің *сұрғылтау* өңі қоңырқайлау, толқынды қою шашының өңі шылқай қара, қалың ұзын мұртты, қара сұрлау (С. Мұқанов).

**Сұрықсыз, өңсіз, ұсқынсыз, бәденсіз, көріксіз, реңсіз, кескінсіз, түрсіз, келбетсіз, сүреңсіз, кейіпсіз, қияпатсыз, репетсіз, дидарсыз, өң-сұрсыз сөйл., сиықсыз, сүрепетсіз сөйл.** *Кескін-келбеті келіспеген, реңі нашар, сұры қашқан.* Айналаның барлығы жып-жылмағай өңсіз, *сұрықсыз* бірдеңе (Ә. Әбішев). Қасымжанның әйелі *өңсіздеу* келген мосқал әйел дастарқан жайып, шай жабдығына кірісті («Әдебиет және искусство»). Көзді ашып-жұмғанша бұған кепкасын баса киген *ұсқынсыз* біреу пышақ ала ұмтылды (М. Сатыбалдиев). Тек көзінің сәл қысықтығы демесең, тосын көрген кісіге онша *бәденсіз* де емес (С. Омаров). Тәрде үстінде жаман ескі матрасы бар, сыры шытынаған, *көріксіз* темір кереует (Т.Ахтанов). Айнала атырапқа көз салсаң сарғыш көде, бетеге басқан *реңсіз* дүние жатыр (М. Әуезов). Майор Матвеев *кескінсіз*, аласа бойлы, мыжырайып қалған кісі еді (С. Бақбергенов). Екеуі де *түрсіз* емес, сымбат-сыны жоғалмаған, қалпынша сақтаулы адамдар (А. Байтанаев). Науша басқалардан өзін онша *келбетсіз* әйелмін деп санамайтын (А. Байтанаев). Шоқан келген кезде ол бірнеше үйден тұратын *сүреңсіз* елді мекен болатын (Ж. Бейсенбаев). Бір қанішер *кейіпсіз* қара құлға, байлауын да үйретті, шешуін де (Б. Майлин). Өздері әуелден-ақ *қияпатсыз* жандар ма, әйтеуір бет-әлпеттеріне екінші рет қарағың келетін емес (Ф. Сланов). Қыз менің *репетсіз* түрімді көріп, басымнан өткен уақиғаны сұрады («Мың бір түн»). Бұдан төрт жыл бұрын бұл өңір дәл осындай бұйрат құм, қораш сексеуіл, *дидарсыз* дала еді (Ұ. Бағаев). Құжамардай *өң-сұрсыз*, жарасынан қан да ақпай, жатыр екен қимылсыз (М. Әлімбаев). Осы бір *сиықсыз* адамның көрінісі соншалық аянышты еді (Ә. Шәріпов).

Артта қалған мына дүние бос даңғыраған суық бөлмедей *сүрепетсіз* көрініп кетті (Б.Шаханов).

**Сұрыптағыш, айырғыш.** *Талдай отырып сұрыптайтын.* Уитни 1793 жылы талшық *айырғыш* машинаны ойлап шығарған («Зерде»). Астықты електен өткізетін *сұрыптағыш* машинаны іске қосу керек («Жетісу»).

**Сұрыптау, іріктеу, сорттау, екшеу.** *Таңдап-талғап ала білу, саралау, талдау.* Сөйлем сөзден өседі, оны таңдап, *сұрыптап* ала білу керек (Б. Қыдырбекұлы). Ертеңіне сондағы тәуір әншілерді *іріктеп* алады да, даярлыққа кіріседі (С. Омаров). Биязы жүнді қой тұқымдары аралас болса, оларды қырыққанда жүнді *сорттауына* да көп еңбек жұмсалады (С. Омаров). Шынтас он бес адамды, ішінде Жанар, Нағима бар, іріктеп, *екшеп* алды (Т. Ахтанов).

**Сүзбе, қатық, тұзқұрт жерг.** *Айраннан сүзіп жасалған, тұздалған дәмді тағам.* *Сүзбеден* де құрт жасап, сөреге кептіріп, қыс айларында сорпаға қатады (С. Мұқанов). Сиыр сүтінен істелген *қатықты* да сорпаға қосса дәмді болады (С. Сейітов). Тұздалған, тұз қосқан сүзбені Арқада *тұзқұрт* деп те атайды (Ауызекі тіл).

**Сүзгі, сүзгіш.** *Сұйық затты сүзіп, тазартуға арналған құрал.* Камфора майдың сұйық бөлігінен тоназыту, *сүзгіден* өткізу, преске салып сүзу арқылы бөлінеді (С. Сұбханбердин). Жанбыр, қар суларын *сүзгіштен* өткізіп, пайдалануға әбден болады (Б. Тілегенов).

**Сүзу, мүйіздеу.** *Мүйізбен қағып жіберу.* Өстіп құдаларды жөнелте алмай жатқанда әлгі бұзауды сиыр *сүзіп* немесе қасқыр жарып кетпесін, – деді шал (М. Қуанышбаев). Тентектікке жасынан кім лағымды үйретті, Жем іздеген қасынан *мүйіздейді* үйректі («Балдырған»).

**Сүйекші, жерлеуші, қабірші.** *Өлікті молаға апарып қоюшы.* Көктемде өлген Қодарға күземде келіп *сүйекші* болған кімді көрдің, – деп Майбасар қарқ-қарқ күлді (М. Әуезов). *Жерлеушілер* сонда барып, төмпешіктен қабір қазды (С. Керімбеков). *Қабіршілер* оның сүйегін зираттың шет жағындағы ағасының қасына апарды («Жұлдыз»).

**Сүйемелдеу, сүйемелеу, демеу, қолтықтау, көтермелеу.** *Қолтықтан алып көмектесу, жәрдемдесу.* Бір топ жігіт Мұқажанды жан-жағынан *сүйемелдеп* үйге кіргізді (Қ. Қайсенов). Сергей Лизаны ұйқыдан оятып алғандай *сүйемелеп*, қаз тұрғызды (Ә. Әзиев). Сақып кемпір құлап кете жаздады, бір әйел оны қолтығынан *демен* сүйей берді (Н. Фабдуллин). Маңғыстың келіншегі кішкентай арық әйелді *қолтықтай* үйге кіргізді (Т. Ахтанов). Үш жас жігіт алдынан шығып, аттан түсірді де, төбеге дейін *көтермелеп* әкелді (М. Жұмағұлов).

**Сүйеу, демеу, медеу, медет, сүйеніш, сүйемел.** *Көмек көрсетуші, қолдаушы, жәрдемші күші.* Қыс ортасы ауа бір мезгіл көк шөпке немесе концентратқа тойса, малға көп *сүйеу* болады (С. Мұқанов). Арқа сүйерім, көңілге *демеу* қыларым – өзімнің адалдығым (Ж. Саин).

Мамыржанның ниетін Досым қайдан білсін, «тоныңды алып қалмас» дегені *медеу* болып шақыруға бел буды (Ә. Тарази). Төрт жыл су астында, сүңгуір флотта қызмет атқарғанда жарты жылдың қызығын *медет* тұтып еді (Қ. Ысқақов). Алдабергеновтың бұларға қояр жалғыз *сүйеніші* – адалдығы (С. Бақберген). Сүйеу жоқ, *сүйемел* жоқ есіл батыр, сұмдардың сұм кінәсін кешірді ақыр (Ғ. Қайырбеков).

**Сүйеуші, сүйемелші.** *Көмек көрсетіп, жәрдем беруші, қолдап-қорғаушы. Сүйеушісі* жоқтарға жұмысқа орналасу да қиындап кетті (Ауызекі тіл). «Әкең өлсе де, әкенді көргендер өлмесін» дегендей, осы қиын-қыстау кезіндегі әкемнің дос-жарандары *сүйемелші* болды («Қазақст. әйелд.»).

**Сүйкімді, сүйікті.** *Қадірменді, жағымды, қасиетті.* Ол өзін-өзі ұстап, өзіне тән салмақты да *сүйкімді* қалпынан аумады (Д. Әбілев). Қырға шықсам ең *сүйікті* қызымын, үйде отырсам, ең *сүйікті* анамын (Ш. Шілдебаев).

**Сүйсінушілік, ләззаттанушылық, рақаттанушылық.** *Рақатқа батушылық.* Жас баланың қылығына *сүйсінушілік* – табиғи нәрсе («Семья тәрбиесі»). Әнді жиналған жұрт тыңдап, мейірі қанып, іштей *ләззаттанушылық* байқалады («Қазақст. әйелд.»). Жай *рақаттанушылық* сезімнің қойылып кетуі – қарын рагінің неғұрлым ерте байқалатын белгісі (Х. Әбисатов).

**Сүйіну, сүйсіну, тұшыну, ләззаттану, рақаттану.** *Біреудің іс-әрекетіне, қылығына көңілі толып ризалық білдіру, мейірлену.* Қыздың құрбысына *сүйінуі* сирек қой, оларда қызғаныш басым болады (М. Сүндетов). *Сүйсіне* алмадым, сүймедім, сүйегім жасып, сор қалың (Абай). Ол өмірдің дәмдісіне *тұшынып*, ащысына ашырқанып, бәрін де басынан кешірді (С. Алдабергенов). Асқан сұлулық тек қана *ләззаттандырып* қана қоймайды, ол адамның адамгершілік қасиетін арттырады («Семья тәрбиесі»). Бұқтырма өзенінің көкорай шалғынын қыз шашындай сипап *рақаттандым* (Ә. Нұршайықов).

**Сүйінші, шүйінші сөйл.** *Қуанышты хабарлаушыға берілетін жоралғы, сыйлық.* Біреуден біреу *сүйінші* сұрап, ауылдан ауылға ат шаптырып, қырдағы ел мез-мейрам болды (Т. Ыдырысов). Бұрынғы-соңғының ырымы ғой, бірің барып *шүйінші* сұрай берсеңдер болады (Б. Нұржекеев).

**Сүйір, үшкір, ұшты, істік.** *Ұш жағы сүйірленіп келген, істіктей.* Мүйіз сапты *сүйір* кездік қол жетер жерде жатыр (З. Шүкіров). Сүйектен істелген ине сынбайды, әрі *үшкір* болып келеді (Е. Байзақов). Аралар арқама, бетіме, басыма тарс-тарс соғып, *ұшты* инелерін етіме піскілей бастады (А. Сарбөпин). Зәулім үйлер күмбезінің *істік* найзалары күн көзіне шағылысады (С. Мәуленов).

**Сүмендеу, сүмірею, сүмпю.** *Сүмең қағып, еңсесі түсу, құтты қашу.* Ол ұлықтың артынан *сүмеңдеп* кетіп бара жатыр (М. Әуезов). Арба

үстінде екі адам теріс қарап *сүмірейіп* бара жатты (Ғ. Мұстафин). Амал бар ма, салым суға кеткендей *сүмшіп* үйден шықтым (М. Тоқжігітов).

**Сүмесін, сүме.** *Сауын малының сүтінен алынатын азық-түлік, өнім.* Еңбек сауып, мал *сүмесін* емген ел аштан өліп, көштен қалған емес (С. Ақтаев). Сүтке сүт қосылса – *сүмесін*, сөзге сөз қосылса – демесін (Мақал).

**Сүңгі, гарпун.** *Теңіздегі ірі балық пен аңдарды аулау үшін пайдаланатын ұшы үшкір істік, найза.* Ұзаққа созылған жаңбыр тасқыны аяқталып, балықшылар *сүңгі*, ауларын қайыққа тиеп жолға дайындалды (Т. Әбдіков). Атлант мұхитында ұшы істік темірден жасалған найза іспеттес баулы лақтырма құрал *гарпунмен* кит аулау дами бастады («Білім және еңбек»).

**Сүңгігіш, сүңгуір, сүңгімпаз.** *Жақсы сүңгі алатын.* Ертедегі ең жақсы жүзгіштердің әрі мықты *сүңгігіштердің* бірі грек Скиллиас болған (Б. Елқондиев). Өз денесінің ебдейсіздігіне және ірілігіне қарамастан, кит өте *сүңгуір* келеді (Қ. Қайымов). Сүңгіген балапандардың кейбірі балдырғанға оралады да, *сүңгімпаз* балалар оларды ұстап алады (С. Мұқанов).

**Сүрлем, пішендеме.** *Арнайы әдіспен бабына келтіріп даярлаған жем-шөп, мал азығы.* Жүгерінің дәні өте құнды азық болса, көк шөбі, *сүрлемі* сауын сиырлар үшін де сондай бағалы (Қ. Құсайынов). Әрбір шаруашылықта дерлік пішен, *пішендеме* де кезінде әзірленіп жиналған екен («Соц. Қаз.»).

**Сүрлеу, сорап жерг.** *Көптен бері жүрілмеген ескі жолдың сілемі.* Өткен жаздан бері ат тұяғы тимеген қаптал *сүрлеумен* көтерілдік («Саржайлау»). Жол *сорабы* аяқ астынан күңгірттеніп байқалғанымен, арғы сілемі тұңғыық ішіне көміліп кеткен (Ә. Әзиев).

**Сүріншек, сүрінгіш.** *Сүріне бергіш.* Қорыққан кісі *сүріншек* ұранның шетіне барып етпетінен түскенде жігіттер үстіне қона түсті (Қ. Тайшықов). Әр аттың басындағы аяңшылдық, жүйріктік, *сүрінгіш*, төзімділік, тағы осы сияқты толып жатқан қасиетті Досан түгел біледі (Б. Соқпақбаев).

**Сүтті, құнарлы, желінді, саранау, мама сүт.** *Желіні ұлкен, сүтті мол, сүтті көп беретін.* Қазақ жылқысының биелері далада бағылғанына қарамастан *сүтті* келеді (Д. Керімбаев). Сауса сүті сарқылмас, Мен *құнарлы* биемін, Сауған сайын иемін (С. Мұқанов). Үстіміздегі жылы Украинадан он шақты *желінді* сиыр алдырдық («Соц. Қаз.»). Алты мыңға аяғын жимайтын бауыры бұлақ *саранау* сиырлар бізде жоқ, – деді (Х. Ерғалиев). Желіні бұтына сыймай, шатқаяқтап қалған *мама* сиырлар ыңыранып барады (С. Жүнісов).

**Сүю, өбу.** *Баланы жақсы көріп, құшырланып өліп-өшу.* Болатбекті алдыма алып, ұзақ-ұзақ құшақтап, беттерінен кезек-кезек *сүйе* беремін (Ж. Жұмаханов). Асылады еркелеп жас бөбегі, Алып қолға ана құшып *өбеді* («Пернедегі термелер»).

**Сүю, гашық болу.** *Махаббат сезімімен құмарта, ынтыға жақсы көру.* Бірақ жар танып, таңдан *сүю* көрінген қыз бен жігіттің қолынан келе бермейді (Ө. Қанахин). Шынында бай қызы есігіндегі жалшысына *гашық болса*, бұған күдіретті әке ғана қарсы (Х. Есенжанов).

**Сыбаға, телім.** *Әркімнің өзіне лайықты, тиесілі үлесі.* Қазақ романының қазынасына С. Мұқанов қосқан *сыбаға* айырықша бағалы (Р. Бердібаев). Кейде үш жүзге, ата ұлына *телім* де беріледі («Жас Алаш»).

**Сыбай-салтаң, бойдақ, салт басты.** *Үйлі-баранды болмаған, үйленбеген, басы бос.* Ол *сыбай-салтаң* да емес, оның шиеттей баласы бар («Қаз. әдеб.»). Сен менен кетіп, анау елуге келгенше *бойдақ* жүрген Келдекбайға тием десең де еркің (Ә. Әбішев). Бұл төртеуі де *салт басты*, бойдақ жігіттер, совхоздың жаңа салынған қонақ үйінің бір бөлмесінде тұрады («Қаз. әдеб.»).

**Сыбану, түріну.** *Білегін жалаңаштау, жеңін тиру.* Қыз-келіншек үй тігер, Бұрала басып былқылдап, Ақ білегін *сыбанып* әзілдесіп сыңқылдап (Абай). Білектерін *түрінген* төрт-бес жігіт ақ тайлақты әп-сәтте жайратып тастайды (Ә. Кекілбаев).

**Сыбыр, күбір, күңкіл.** *Өзара ақырын ғана әңгімелескенде әрең естілетіндей етіп айтылған сөз.* Әсіресе қыз-келіншектердің арасында *сыбыр* көбейе түскен («Лен. жас»). Қараңғылық құшағынан мың сан ауыздың сыбырлап сөйлеген *күбірі* естілді (Ә. Әлімжанов). Құлағы ауыр кемпір екеуінің бұл өзара *күңкілін* қайдан естісін, әлі сол ызалы қалпында тыржиып отыр (О. Дастанов).

**Сыбырлау, күбірлеу, күңкілдеу.** *Өзгелерге естіртпес үшін естілер-естілмес етіп айту.* Не деген сегіз қырлы, бір сырлы жігіт бұл деп, қыздар да бір-біріне *сыбырлап* жатты (Ж. Саин). Біреу-міреуді оятпау үшін ол баяу ғана *күбірлеп* сөйледі (М. Тиесов). Тек жұмыскерлер жатағының үйшіктерінің жандарында ақырын *күңкілдеген* дыбыстар естіледі (С. Сейфуллин).

**Сығылысу, қысылысу, сыналасу, қыстырылу.** *Қалың нөпір болып іін тіресу, топырлау.* Еркек пен әйел екі топ боп, есікке кептеліп, *сығылысып* кіріп жатыр (Б. Майлин). Автобустың арт жағынан болса да *қысылысып*, орын алып үлгірдік (Б. Соқпақбаев). Шамасы бұл маңда киіздей тұтып, *сыналасып* жатқан жау әскері тегіс дүрліккендей (Ә. Нүрпейісов). Сөзге бөгет болғысы келмеген олар босаға жақтағы бір топ баланың арасына *қыстырылып* отыра кетті (С. Мұқанов).

**Сығыраю, сықсию, сықсыраю.** *Көзді сәл жұмыңқырап қарау, сығыраңдау.* Ол сынық көз әйнегімен *сығырайып* көрпе тігіп отыра берді (О. Тәжиева). Кішкене жыпылық көздерін жиі қағып, *сықсия* күле тұрып Дәндібай сөйледі (М. Әуезов). Ол маған шегір көзімен *сықсырая* қарап: – Мүсәпір шал, нанбайсың ғой, – деді (М.Иманжанов).

**Сыз, дым, ылғал.** *Су сіңген жер.* Астында *сыз*, кесе жатқан тоңы жоқ, Жинап қағып қойған бәрін үлгеріп (А. Тоқмағамбетов). А, Құдай,

жер *дымы* кенпей тұқымды сіңіріп тастайтын кеңшілігінді бере гөр, – делі бір кезде (М. Иманбаев). Қар кетсе де, жерден *ылғал* мен ызғар исі шығып тұр (Ғ. Сланов).

**Сызғылау, шимайлау, айғыздау.** *Бір заттың бетіне айқыш-қйқыш ирек түсіру, ретсіз, жөн-жосықсыз сызбалар салу.* Бірде Анар бес жасар баласының үй қабырғасын бормен *сызғылап* тастағанын көрді («Мәдениет және тұрмыс»). Ол енді не салсам екен деп, қағазды әрлі-берлі *шимайлап* зерігіп отырды (А. Жақсыбаев). Таудың сай-сала белеңдерін көшкін мұз тереңдете қазып, *айғыздап* барады (А. Машанов).

**Сыйғызбау, шыдатпау.** *Құн көрсетпеу, маза бермеу.* Рәзия ең аяғы шал мен баланы да *сыйғызбай*, ана үйге қуып жіберді дейтін көрінеді (М. Гумеров). Отымен кіріп, күлімен шығып жүрсе де, Аққаным ақыры Анарды *шыдатпады* (З. Шүкіров).

**Сыйластық, сыйласушылық.** *Сый-құрметке иелік, сыйлас болушылық.* Екі жақтың *сыйластығы* көріні де, жасты да жарастырып жатты (Б. Дәуренбеков). Қарлығаш екеуміздің арамызда ерекше бір жақындық, *сыйласушылық* барын екеуміз де сезетінбіз (А. Лекеров).

**Сыйлау, құрметтеу, қадірлеу, қасиеттеу, қастерлеу, әспеттеу, құндау.** *Құрмет көрсету, қошемет білдіру, қадір тұту.* Қазақтың үлкен дәстүрінің бірі – үлкенді *сыйлай* білу, оған еркелей білу (Б. Момышұлы). Есті кісіні тауып, *құрметтейін* десең, әділет, ұят, ынсапқа есті кісі елде жоқ (Абай). Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момындарды қадірлемейді, өздеріндей арам қуларды *қадірлейді* (Абай). Мен Лениннің өз анасын қадір тұтып, *қасиеттеп*, қабірінің топырағын сипап тұрғанын еске аламын (С. Мәуленов). Бұдан бір жарым ғасыр бұрын дүниеден өткен Шоқан есімін қазір әрбір ұлт қасиеттеп, *қастерлеп* атайды (С. Мәуленов). Шертісті не сыр *әспеттеп*, Ұрланды, кімнен қызғанды? (Ж. Молдағалиев). Келуге хақым бар ма еді, Қасиетті мына мекенге. Қазіргі жүрек дәрмені *құндауға* мұны жетер ме (Ғ. Қайырбеков).

**Сықаққой, сықақшыл, мысқылшыл, ажуашыл.** *Біреуді сынап-мінеп мазақ еткіш, мысқылдап келекелеуге бейім.* Бай күйеудің жолдасының ішінде әнші күлдіргіш, әжуалағыш, *сықаққой* адамдар да болады (Б. Алтынсарин). Малтекең сауықшыл, отырған жері күлкілі, *сықақшыл*, біреуді келеке етуге жаны құмар адам еді («Қаз. әдеб.»). Қазақша ойыншы, күлдіргі, *мысқылшыл*, сықаққой аталатындардың бәрі де табиғатында артист болып туылғандар (С. Мұқанов). Әлияның тілі тым өткір, *ажуашыл*, кейде тіпті тым астарлы келетінін аңғарған едім (Ж. Жұмаханов).

**Сықақшы, мысқылшы, сатирашы.** *Әзіл-оспақпен кем-кетікті көрсетіп келемеждеуге шебер, тәлкекші.* Әйгілі *сықақшы* ақынның осы өлеңді ғасырлар өтсе де ескермей, ел есінен кетпей келе жатқаны

кімге де болса аян (М. Рашев). Юморшы, *мысқылышы*, міне бұл – Құлайдың шын еркесі (Ж. Алтайбаев). *Сатирашының* алға қойған мақсаты турасында қол жеткен табыстары да баршылық («Қаз. әдеб.»).

**Сықырлауық, сықырлақ.** *Сықыр-сықыр еткіш.* Аздап *сықырлауығы* бар ағаш есіктің топшысына су тигізсе, үні шықпайды (С. Мұқанов). Қоңыр ат жеккен *сықырлақ* арбасына отырып, үйге бет алды (З. Иманбаев).

**Сылбырлық, босандық.** *Белгілі бір істі орындауда енжар, құлықсыз болушылық.* Егін жинау – *сылбырлықты* көтермейтін аса жауапты науқан («Соц. Қаз.»). Сенің қазіргі қалпыңнан *босандық* көріп отырған сияқтымын (С. Омаров).

**Сылдырлау, сыңғырлау, шылдырлау.** *Сылдыр-сылдыр ету, сылдыр қағу.* Ісләмның құлағына ақырын *сылдырлап* келе жатқан шолпы даусы естілді (М. Әуезов). Әлдекім жөткіріне берді, *сыңғырлаған* үзеңгілер қақтығысып кетті (М. Сүндетов). Мен әлдеқалай *шылдырлаған* телефонның трубкасын көтеруге тұра жүгірдім (Т. Әбдіков).

**Сымбатты, мүсінді, сындарлы, дидарлы, мүсінді, науша көне.** *Дене бітімі сымға тартқандай, түп-түзу.* Осындай *сымбатты*, ажарлы әйелге кім ынтықпайды, кім ғашық болмайды (Д. Исабеков). Алқам-салқам ескі күпі кигенімен, *мүсінді* дене аттың жүрісіне қарай ширап кетті (Ғ. Мүсірепов). Дудар бұйра шашты, әрі *сындарлы*, әрі сұлу жігіт болса керек (Ә. Сәрсенбаев). Ақ *дидарлы* нұр көрейін тоқтағанша қаным мына, Емде, өмірге жыр берейін, Людмила Павловна (Т. Шопашев). Жайшылықтың өзінде көркіне көз тоймайтын *мүсінді* Ақбақай шынар мінгесін өзгеше құлпырып кетті (Е. Тұрысов). Тал шыбықтай майысқан *науша* қыз имене кіріп, кесе, шәйнек әкелді (Б. Әбдіразақов).

**Сымпию, сыпырылу, тотию көне.** *Қолда барынан айырылып, жер соғып қалу, жұрдай болу.* Жылқы мен түйені доңызға беріп, қыстан *сымпийып* шыға келдік емес пе? (К. Қуанышбаев). Ол қалтасындағы ақшаны ұттырып, *сытырылып* шыға келді («Жетісу»). Бүйте берсең, абыройыңнан жұрдай болып, жалғыз *тотиярсың* (К. Оразалин).

**Сынағыш, мінегіш, шенегіш, сынампаз.** *Сын айтқыш, мін таққыш, сынга алғыш.* Өз басының міні көп адам өзгені *сынағыш* келеді деген осы ма әлде (Н. Қазыбеков). Сырттан баққыш, *мінегіш*, Сүрінгенге күлегеш, Жақсылардың жаңылғанын тілегіш, Қазақ аз ба қауымда (Ә. Тәжібаев). Ал мына жер *шенегіш* Согников деген кісінің қазақ тілін жетік білуі Шоқанға сондай жақсы болды (С. Бегалин). Ерғожаның қалжыңшыл, адамнан сөз тартуға құмар, *сынампаз* кісі екені көрініп отыр (Ғ. Сланов).

**Сынау, шенеу, шаншу, түйреу, сынақтау.** *Кемшілікті айтып сынга алу, сөзбен сілкілеу.* Бір кезде мұны өсекшіл деп, өлеңдерін *сынап*,

зықысын шығарушы еді (Б. Майлин). Ыбырай өз шығармаларында ескішлікті, кері тартпалықты *шенейді* (М. Ақынжанов). Әйелі шамырқана *шанышты* сөйлеп, өжет мінез көрсетті (З. Жәкенов). Қанипа оған жылы шырай бермей, ауыр сөзбен *түйреп*, үнемі бетін қайырып тастайтын (С. Омаров). Жұпар қыз талайларды *сынақтаған*. Бір жоқ байырғылап тұрақтаған (Н. Ахметбеков).

**Сынғыш, сынғақ.** *Тез сынып қалатын.* Итенгектің майда сабақты бұтақтарының түсі көк, *сынғыш*, сулы боп келеді (Р. Ибраев). Сабағының жуандығы орташа, қатты, *сынғақ* емес (М. Ерлеспесов).

**Сындарлы, салиқалы.** *Байсалды да ұстамды.* Әрнеге шыж-быж ете күйіп-піспейтін, адамға одыраңдамайтын бірсыдырғы *сындарлы* мінез иесі еді ол (Ш. Құмарова). Бұл күндері Қабиба шешей жетпіске жетіп қалған *салиқалы* да сабырлы қария (А. Сатаев).

**Сыпайылау, сыпайырақ, биязылау, бипаздау.** *Әжеттәуір сыпайы, айтарлықтай биязы.* «Мың асқанға бір тосқан» дегендей, *сыпайылау* болсаң қайтеді, балам (М. Гумеров). Таласты жерде жүлде алып, Талайдың аузына құм күйған Жантөре әдепкіде *сыпайырақ* келді (С. Омаров). Бұлардың үшіншісі – аққұба, *биязылау* кісі – оқу комиссары екен (Д. Әбілев). Жаңа ғана күліп, *бипаздап* сөйлеген Қарасай да Райханды көргенде тілі күрмеліп қалды (С. Жүнісов).

**Сыпайысу, сынықсу.** *Сыпайы болғансу, инабат сақтағансу.* Енді не тұрыс бар, үйге кірейік, қонақ жайғассын, – деді Нарбота *сыпайысып* (С. Омаров). Ол кезде мүләйім пішінде болып *сынықсып*, кішік болып келеді (М. Әуезов).

**Сыпырғыш, сыпыртқы.** *Үй іші, қора-қопсы, көшені сытыру үшін пайдаланатын нәрсе.* Күнде пеш қасында қаздып тікесінен тік тұратын *сыпырғыш* еденде сұлап жатыр (Ф. Дінісламов). Әйелдер дереу *сыпыртқы* тауып, су сеуіп, үйдің ішін тазартып сыпыруға кірісті (С. Мұратбеков).

**Сыпырып-сыыру, жинап-теру.** *Ештеңесін қалдырмай, бәрін түгел бір жерге жинастыру, үю.* Әлі де мал-дүниеге көзі тоймай, ойдан-қырдан *сыпырып-сыырып* жатқан Оспан анау (М. Әуезов). Көкем мен апам өмірдің сыр-сипатын дұрыстап түсіндірместен, өздерінің бар ауыртпалығын *жинап-теріп* маған артты да, өз жөндерімен үнсіз кете берді (М. Дүзенов).

**Сыр, құпия.** *Ешкімге айтылмаған, бұрын жария болмаған ой-пікір.* Жауға жаныңды берсең де, *сырыңды* берме (Мақал). Саған айтпай жүрген бір *құпиям* бар еді, жеңгетай (С. Жүнісов).

**Сыралғы, сырdeste, сыр мінез.** *Бірін-бірі көптен білетін, көңілі жақын, ниеттес, танымал-таныс.* Оған не деп барады, бұрынды-соңғы *сыралғы* жан да емес (А. Байтанаев). Бірінің ойын бірі қабағынан сезетін *сырdeste* құрдас достар рақаттана күлісіп алды (Х. Әдібаев). Өйткені ол малға *сыр мінез* қазақ халқының ұғымына тез жетіп, көкейіне бірден қонатын (М. Ермеков).



**Сырғактау, сырдақтау, сырттау, тайғактау, тайсақтау, жылыстау, жоламау, жуымау, безіну, сырдаңдау** *сөйл. Іргесін аулақ салып сөйлескісі келмеу, аулақтау, қаймығу, жеріну.* Жұмыстан кейін менен *сырғактап* қашып жүрген Ержанның жолын тостым (Т. Қойшыманов). Сұлтанғазының да *сырдақтап*, өзімен бірге отырғысы келмей жүргенін көрді (Ж. Молдағалиев). Аманжол олардан шеткерілеп *сырттай* жөнелді (А. Тоқмағамбетов). Екі ұлының бірінің- біріне айтатын ашу сөздерін түп-тура жеткізуден әсіресе *тайғактайтын* (М. Әуезов). Төңірегін қоршаған қалың топ, қыз-келіншектерден *тайсақтап*, қасына жақын бара алмады (С. Бақбергенев). Бір бала көп ішінен *жылыстап* шығып бара жатыр екен (О. Сәрсенбаев). Осы Биғайша мен келгеннен кейін біздің үйге *жоламай* қойған (Ә. Нұршайықов). Қаптап жүрген өз адамдарымыздың бірде-бірінің бізге *жуымауын* көрдің бе? (Ә. Әбішев). Әмірші өз-өзінен дөңбекшіп жатқан ұйпа-тұйпа төсектен құдды бір құбыжықтан қашқандай *безіне* түсті (Ә. Кекілбаев). Аларда жылмандап келеді, берерде *сырдаңдап* кетеді (А. Асылбеков).

**Сырғалық, бөбешік.** *Құлақтың сырға өткізетін жұмсақ жұқа еті.* Дұғай Ісекеңнің *сырғалығы* созылыңқы үлкен құлағына қарап алады да, сөз бастайды (Ғ. Қабышев). Сол жақ құлағының төменгі *бөбешігін* сырға жырса керек, қойға салған еңдей шүнтип түр (М. Сатыбалдиев).

**Сырғауыл, сырық.** *Жіңішкелеу келген ұзын ағаш.* Екі-үш жігіт өзеннің бір жағынан ұзын *сырғауыл* арқылы екінші жағасына секіріп түсті (Ғ. Сланов). Үйіңе *сырық*, жылқыңа құрық, асына адалбақан іздеп, сонау Бұхараға жан қинап несіне барасыңдар (Ө. Тұрманжанов).

**Сырғыту, сыру, жылжыту, тайдыру.** *Бір амалын тауып біреуді біреу орнынан кетіру, құтылу.* Бұл – қазақ қызметкеріне жағдай бермегендік, *сырғытудың* әдісі (М. Әуезов). Әттең, оның орнына лайықты кісі табылса, *жылжытып*-ақ жіберер ем (С. Бегалин). Құланды қақтан қайырған, Хандарды тақтан *тайдырған*; Қарсыласып келгенде Қақ жүректен салдырған («Қаз. әдеб. хрестоматиясы»).

**Сырлау, лактау.** *Сырмен бояу, сыр жағу.* Заводта үй *сырлайтын* бояулардың әлденеше түрлісі болады екен (Ы. Алтынсарин). Таяқтың өне бойы неше түрлі бояумен *лакталған*, жалт-жұлт етеді (З. Ақышев).

**Сыртқары, тыс, тысқары, шеткері, шеткей.** *Қагаберіс, шет, бөлек, аулақта.* Тәрбиеден *сыртқары* кеткен жанды жазалау да керек, бірақ ерғашты етіп алмау керек (Ж. Жұмаханов). Сонда біз тапсырмадан *тыс* қала береміз бе? (С. Мыңжасарова). Жер шарынан *тысқары* планеталар арасындағы саяхатқа адам баласы күшті даярлықтар жүргізіп отыр (Х. Әбішев). Құлахмет ағайдың төрт бөлмелі шағын үйі қаланың түстік жағына таман, *шеткері* (Д. Исабаев). Жүреді сақтық жасап *шеткейде* елік, Қууға аңшы болсаң кетпей ме ерік (Т. Исабеков).

**Сыртқарылау, тысқарылау, шеттеу, шеткерірек.** *Қаға берістеу, аулағырақ.* Екі үйдің *сыртқарылау* жанында екі көк арба, бір ырдан ағаш арба тұр (С. Сейфуллин). Екеуі үйден *тысқарылау* шығып, әңгімелесіп отырды («Соц. Қаз.»). Сәрсен олардан сәл *шеттеу* шығып, қолын сермеп команда беріп тұр (Т. Ахтанов). Жол үстінен *шеткерірек* төрт-бес қоңыр үй тұр, ең үлкені төрт қанат (С. Шәріпов).

**Сырт-сырт, тырс-тырс, тысыр-тысыр.** *Сыртылдаған, тырсылдаған үн, дыбыс.* Күз жауынының алғашқы ірі тамшылары машина әйнегіне *сырт-сырт* тамып, мөлдір моншақтары молая берді (Ә. Нұршайықов). Төбеден аққан тамшы *тырс-тырс* етеді (Д. Досжанов). Кешелі-берлі терезеге *тысыр-тысыр* тиген жаңбыр тамшысының дыбысы естілмейді (М. Сүндетов).

**Сыртта, тыста.** *Есік алдында, далада.* Күндіз ыстық, түн суық, Үйге енді *сыртта* тұрмастан (А. Тоқмағамбетов). Сонда да *тыста* отырған жөн болар, – деп жорамалдады Шоқан ішінен (С. Мұқанов).

**Сырттан, бәйтөбет.** *Қасқыр алатын тегі жақсы алғыр ит.* Малды баксаң қойды бак, Май кетпейді шарадан. Итті асырасаң *сырттаннан*, Қой бермейді қорадан (Мақал). Жүйрік ілкімді аттары, алыса кететін *бәйтөбеті* бар ауылдарға бұл үш бөрі сирек жанасады (Ә. Көшімов).

**Сырылу, ығысу.** *Отырған орнынан бір жаққа сырғу, жылжу.* Ол мені көріп іш тартып, қасынан *сырылып* орын берді (Ауызекі тіл). Шал барған балаға қасынан орын беріп, өзі әрі қарай *ығысып* отырды («Тұлпар»).

**Сідік, несеп, зәр, сарық көне.** *Адам мен жан-жануардың кіші дәреті.* Ол тура ұмтылып, *сідігін* шаптырған ат бауырына кірді («Жұлдыз»). Оба ауруы негізінен кемірушілердің *несептері* мен нәжістері арқылы тарайды (Н. Шоқанов). Тағам заттарының организмге керексіз *зәрмен*, нәжіспен, термен бірге сыртқа шығарылады (М. Қайрақбаев). Теңіздің тоғыз бал ұштырмасына төтеген шынжыр иттің *сарығындай* көлдің толқынына шыдамайды деген қайдан шыққан ақырзаман (Ә. Сараев).

**Сілекей, сілемей.** *Адамның немесе айуанның ауыз қуысынан бөлініп шығатын сұйық зат.* Тек тұяғын ғана қыбырлатып келе жатқан екі өгіздің де аузы көпіріп, *сілекейі* шұбыра бастады (Ғ. Мұстафин). Көптен қымыз ішпеген Асқардың аузына *сілемейі* жайылып, мұрнына кірген тәтті иіс тағатын қалдырмады (С. Мұқанов).

**Сілку, қағу.** *Белгілі бір заттың шаң-тозаңын соғып тазарту.* Абай мол шапанын шешіп, жолдың шаң-тозаңын *сілкіп*, қайта киіп жатқан (М. Әуезов). Әйтпін кабинадан шығып, шаң басқан үсті-басын *қақты* да, ішке кіріп кетті (Р. Райымқұлов).

**Сілімтік, сімтік, сімілтір, сүмелек.** *Адамгершілік қасиеттен жұрдай, жеккөрінішті адам.* Талайлардың көз жасы үшін арамза *сілімтік-*

*терден* аямай өш алудамыз (Т. Ыдырысов). Ондай сұқым, *сімтік* шалдарды жаратпай «Не бар екен? Жатсайшы!» деп отыратын (Ж. Аймауытов). Бағана маған айбалта ала жүгірген *сімілтір* құлдың енді кеп әкеме қол көтеруін, – деп Қасымәлі кіжінген (З. Жәкенов). Әй, Қатай, Бөпіш қалада біреуге жалданып жүр деген, ол да біздің ауылдың *сүмелегі* (С. Жүнісов).

**Сірә, тегі, тегінде, зады, задында, зәуде, асылында, асылы, негізінде, әсілі, затында, шамасы, тәрізі сөйл.** *Бір нәрсенің болғандығын дәл білмей, болжаммен айтылғанды білдіретін модаль сөз.* Дүниеде *сірә* сендей маған жар жоқ, Саған жар менен артық табылса да (Абай). *Тегі*, мені өз адамы десе керек (Ә. Сәрсенбаев). *Тегінде*, сіздің бір тілшіге ренжіген жайыңыз бар ау?! (Х. Ерғалиев). *Зады*, Сәкеннің кей нәрсені сәл кешігіп ұғатын шабандығы бар-ды (Т. Әлімқұлов). *Задында* батылдық пен жасқаншақтық адамдардың бәріне де жұғымтал келсе керек (Ж. Мусин). *Зәуде* болса мына жігіт мені атуға келген екен деп ойладым (Н. Тұрсынбаев). *Асылында* қай жазушы болса да өзін қоршаған өмірге салғырт-салқын қарай алмақ емес (М. Қаратаев). *Асылы*, адамды бір-біріне жақындастыратын да, бауырмал ететін де ел басына төнген қауіп, ауыр сын екен ғой (М. Құрманалин). *Негізінде* ол қалаға келген жоқ еді (Б. Соқпақбаев). *Әсілі*, әлдекімдерге ұқсап ас үстінде сөз сөйлеуді жаратпайтын болса керек (С. Алдабергенов). *Затында* бүкпесі жоқ, ашуы тез келіп, тез қайтатын, қылтың-сылтыңы көп Тынышбай аңқылдап өзі жетті (Б.Тілегенов). *Шамасы*, атыламау деген күдікке бойымды бермеген болуым керек (А. Сүлейменов). Мырзалар, *тәрізі* мына жігіт біреудің сөзін сөйлеп тұр, – деді тәртіпке шақырған өкіл (Қ. Исабеков).

**Сіреспе, столбняк кітаб.** *Бұлшық етті жиырып сірестіріп тастайтын жсқпалы ауру.* Топалаң мен *сіреспенің* қоздырғыштары қайнаған суда көп уақытқа дейін өлмейді (Т. Телеуғалиев). *Столбняк* – жараланған жерге улы микроб түсуінен қозатын аса қауіпті жұқпалы ауру (М. Исамбаев).

**Сірне, сөл.** *Өсімдіктің бойындағы сұйық зат.* Шешем ұнды майға қуырды да, соңынан бір кесе жібектей созылған *сірнені* үстіне құйып жіберді (Айни). Егер бала тамағы ауырып, жеміс жеуден қалса, жемісті сығып *сөлін* ішкізу керек (С. Нұрғожаев).

**Сіркіреу, сілбілеу, себезгілеу, себездеу, себелеу.** *Жаңбыр мен қардың баяу, ұзақ жаууы.* Осы кезде күздің сылбыр жаңбыры да *сіркірей* бастады (І. Есенберлин). Үш күннен бері *сілбілеген* ақ жауын айықпай тұр (М. Әуезов). Оқтын-оқтын жеңіл жауын *себезгілеп* өтеді (Қ. Боқасов). Түні бойы толассыз *себездеп*, сілбіреген жылы ақ нөсер жауған (Ә. Әзиев). *Жау, жау, жаңбыр, себелей* бер, Нұр тамшысын көктен төмен, Шелек-шелек селдете төк, Қан жуылсын жер жүзінен (Ә. Сәрсенбаев).

**Сіріңке, оттық сөйл.** *От жағу үшін пайдаланылатын басына күкірт жағылған жіңішке шырты.* Кемзалының қалтасынан жалмажан *сіріңке* іздеп, сүртіп әкеп қойған шамының мойнын көтерді (Р. Тоқтаров). Қызыл шырайлы жігіт *оттық* ұстаған қолын алдына қарай жайлап созды (Ә. Нұрпейісов).

## Т

**Табан, таған.** *Аяқтың жерге тиетін, жер басатын бөлігі.* Бұрын мұндай жүріс көрмеген әкемнің алғашқы күндері екі *табаны* қолдырап, жаяу жүруге жарамай қалды (С. Мұқанов). Баттасып басқан ізі қалған екен, Жұғыпты аяғының *тағанына* (Әсет).

**Табанды, тұрлаулы, тұрақты, баянды.** *Алған бетінен қайтпайтын, сөзге берік.* Бұл шығармада қажырлы ерлердің *табанды* ерліктері, кескін-кейпі көрсетілді (Ғ. Мүсірепов). Мадиярдың аузынан артық сөз шықпайтын, өз ісіне берік, *тұрлаулы* жігіт (С. Омаров). Командирдің беделді жүзі, *тұрақты* сөзі шаршаған жауынгерлерге медет, тірек, жетектер тізгін сияқты (Б. Момышұлы). Түбінде *баянды* еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған (Абай).

**Табандылық, тұрлаулылық, тұрақтылық.** *Қиыншылыққа төзе білушілік, сөзге беріктік.* *Табандылық* қолға қонар құс емес, Жалтақтаған жандардың бұл ісі емес (А. Шамкенов). Оның әр сөзінен *тұрлаулылық*, ойшылдық, арманшылдық байқалады (Ж. Мусин). Оқушының аса жауапты міндеті – *тұрақтылық* көрсету, Шыдамды болу («Семья тәрбиесі»).

**Табансыз, тұрлаусыз, тұрақсыз, сырғақ, сырдаң, тайғанақ, тайғақ.** *Сөзі мен ісі үйлеспейтін, орнықсыз, берекесіз.* Болғаныма *табансыз* Қатты ұялдым, қысылдым. Жас төгудің жарамсыз іс екенін түсіндім («Жыл он екі ай»). *Тұрлаусыздан* сөз ұқпа, Аузы оның епті деп, Нашардан шыққан жақсының Сөзін жерге тастама, Атасы нашар өтті деп («Үш ғасыр жырлайды»). Жұмабайдың мінезі әрі ұшқалақ, әрі *тұрақсыз* екені баршаға аян (Б. Соқпақбаев). Әли сырт мінезі *сырғақ*, жеңілтек көрінгенімен, ісіне берік (Б. Нұржекеев). Ол аяқ астынан *сырдаң* мінез көрсетіп, тайсақтай бастады («Лен. жас»). Айнығыш жан дүние құлы Біз бе ек, сәулем, *тайғанақ*. Біз емес пе дүние шыңы, Қайда ойының, қайда бақ (А. Жұмағалиев). *Тайғақ* мінезді Досан менің бұлай тегін келуімнен қипақтаңқырап қалды (С. Мұқанов).

**Табыну, жүгіну.** *Бас ию, құлдық цру.* Ән күдіретіне *табынып*, ғажайып бір дүниеге еніп кеткендей масайрап келеміз (С. Хайдаров). Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп ғылымға *жүгініпті* (Абай).

**Табышы, сиыршы, бақташы, бадашы.** *Табындап қара мал бағатын адам.* Келісімен совхоздың аға *табыншысы* болды (Ә. Нұршайықов). Не көрмеді бұл Жәуке, қойшы да, *сиыршы* да, жылқышы да болып көрді (Б. Майлин). Бір қорадағы екі жүз сиырға *бақташы* боп жүрген екі кісінің құдықтан шелектеп су тартуы – мардымсыздық (Б. Тоқтарова). Қатын менен баланың, Қойшы менен түйеші, Жылқышы мен *бадашы*, Талайын сабап көлбетті («Батырлар жыры»).

**Табыстау, аманаттау.** *Аманат етіп тапсыру.* Қойды бала-шағаға *табыстадым* да, жолға шықтым (Қ. Нүсібәлиев). Ертайды немере туыстарының үйіне *аманаттап*, күздің қара суығы түсе анасы қойын бағып, қыстауға көшіп кеткен-ді (Д. Жанботаев).

**Тағамдық, тамақтық, астық.** *Тағам боларлық.* Сары майдың адамға аса жұғымды, *тағамдық* қасиеті мол (С. Сұбханбердин). Өсімдіктің құнарлы *тамақтық* заттарының дені жапырағы мен гүлінде болады (И.Жұмағұлов). Шұбаттың сусындық та, *астық* та маңызы өте жоғары («Денсаулық»).

**Тағдырсыз, жазмышсыз.** *Тағдырдың бұйрығынсыз.* Мен дайын қай уақытта кел десең де, *Тағдырсыз* дұшпан аңдып ештеңе етпес (Айтыс). Бү фәни дүниеде *жазмышсыз* ештеңе де болмайды, — деді иман («Қаз. әдеб.»).

**Тағзым, тәжім.** *Қошемет қылушылық, иіліп ілтипат білдірушілік, ізет көрсетушілік.* Жігіттер бір-бірлеп ақын қасына келді де, кішілік ілтипатпен *тағзым* етті (З. Шашкин). Бидай басы – *тәжім* еткен сұлудай, Тұрған жазда көзді тартып көркейе (Т. Жароков).

**Тазалау, сыпыру, сұрту.** *Үй ішін, дүние мүлікті жуып-шайып жинастыру, жайғастыру.* Кемпір үй ішін бүгін *тазалап*, тап-түй-нақтай ғып жиған екен (Ә. Нұрпейісов). Сақып шағырдан бұған, қауқиған сыпырғышпен үйдің ішін *сытыра* бастады (Б. Майлин). *Сұртті* шаңын шкафтың, *сұртті* шаңын кітаптың. Орнында тұр барлық зат, Енді оған кім мін таксын (А. Шамкенов).

**Тазару, аршылу, арылу.** *Бойдағы жаман пигылдан құтылу, қол үзу.* Өртеңнің орнындай қайта *тазарған* жүрегі үлкен сезімге, шынайы достыққа ашық болмақ (Т. Ахтанов). Сен жыласаң, көзден жасым тамшылар. Сен қуансаң, қайғы-шерім *аршылар* (Б. Майлин). Жүрегі сыздап кеткен Сейіл осы бір сұмдық ойдан кейін тез *арылғысы* келді (Р. Райымқұлов).

**Тазы, құмай, құбарлан көне.** *Қашқан аңды бұлтартпайтын жүйрік ит.* Әр таудың түлкісін әдісін білген *тазы* алады (Мақал). Жел, құйын, ағын, бәйгі көк, Ұшқыр құс, *құмай*, атқан оқ – Бәрі де жүйрік өзінше, Көңілден бірақ жүйрік жоқ (С. Сейфуллин). Ерлері бар еді егескен, Дұшпанымен шенескен, *Құбарлан* ертіп, құс салған, Лашын, сұңқар ұстаған («Ақберен»).

**Тайғанақ, тайғақ, сырғанақ.** *Табан тіреп тұра алмайтындай (жер).* Жарқабақтау, *тайғанақ* жағаға әупірімдеп шыққан торы ат дүр сілкініп алып жылыстай тартты (С. Жүнісов). Жануар торы ат жауын езген *тайғақ* сүрлеумен бір сүрінбей, мысықша өрмелейді (С. Мұратбеков). Есік алды *сырғанақ* екен, абайсызда тайып жығыла жаздадым («Жетісу»).

**Тайғанақтау, тайғақтау, сырғанақтау, тайқалақтау.** *Қайта-қайта тая беру, сырғанап беру.* Асқар кеудесін кере демін алып, сырғанақ тепкендерге қарай мұздың үстімен *тайғанақтай* беттеді (С. Мұқанов). Басында мәңгілік қар жатағын қиын асулардан жалпақ табан түйенің өзі *тайғақтап* өрең өтеді (С. Бакбергенов). Әлсіз аяқтары *сырғанақтап*, сүріне құлап, «Аяшы, атиашы» деп жалынғандай шыршыр етті (Б. Соқпақбаев). Машиналар біресе *тайқалақтап*, біресе шоқақтап маза берер емес (Ф. Сармұрзин).

**Тайлығу, тайсалу, тайсақтау, тайсалақтау, тайғақтау, тайғанақтау, тайсану, тайыну, беттемеу, шайлығу, бұлтақтау, қайпақтау** *сөйл., ығысу сөйл. Беті қайтып бата алмау, жасқаншақтау, тартыну.* Кіршіксіз тазамын деп жұртқа жалтармай, жасқанбай тура қарауға неге *тайлығам* (Ө.Тұрманжанов). Басқа түскен өкініш, қиындықтан *тайсалып* торығу ер жігітке жараспайды (С. Омаров). Оның ештеңеден жасқанып *тайсақтайтын* түрі жоқ (Б. Тілегенов). Ол менің қолымда еш қарудың жоқ екенін көре тұра *тайсалақтап*, кейін шегіншектей берді (Ә. Нұршайықов). Соның көбі әуелі *тайғақтап*, бұлтара жауап беретін (М. Сәрсекеев). Андушы бар деген сөз менің үрейімді ұшырды да, мен тез *тайғанақтай* жөнелдім (Ә. Әбішев). Қандай оттан сендер таярсың, қандай ажалдан мен *тайсанармын?* (М. Әуезов). Мынауы теріс дейтін адам жоқ екенін біледі, сонан соң несіне *тайынсын* (Б. Майлин). Қалаға кегелі бір жұмадай болып қалса да, сол жаққа баруға именіп *беттей* алмай қойып еді (К. Жұмаділов). Жүнісбай біреуден қорқу, ықтап *шайлығу* дегенді білмейтін (Б. Соқпақбаев). Түлкідей *бұлтақтап* бір жотадан бір жотаға жортып, әлі құйрығын ұстатар емес (Б. Момышұлы). Байсалықов *қайпақтай* сөйлесе де дөгтеп жатыр (Ф. Мұстафин). Ол не дерін білмей сасқалақтап, үні тұтыға шығып, *ығыса* берді (С. Сарғасқаев).

**Тайраңдау, тайрақтау, тайтаңдау.** *Түйе малының тайраң-тайраң етіп желуі.* *Тайраңдап* орғыған түйе үстінен Деев көкжал бөрілердің үлкен бір тобын көрді (М.Қаратаев). Қырда бота *тайрақтап*, Ойда құлын ойнақтап, қутындапты қозы-лақ (Ө.Тұрманжанов). Әкем мені мойнына мінгізіп, түйеше *тайтаңдап*, ат боп желетін (Р. Әбуталиев).

**Тайсалыңқырау, қаймығыңқырау, именіңкіреу, ығыңқырау.** *Қаймыға тұсу.* Балалар сенер-сенбесін білмей *тайсалыңқырап* тұр еді (Б. Жетпісбаев). Жаңа өлеңдерім сенің аузыңа татымай қалмас па екен деп *қаймығыңқырап* жүрген жайым бар (Ф. Сланов). Еділбай

*именіңкіреп* атасының соңынан ерді (Ж. Нәжімеденов). Ана бас бухгалтер менен *ығыңқырап* жүр еді («Қаз. әдеб.»).

**Тайталасу, қиталасу, жағаласу.** *Таласыл-тартысу, қарсыласу.* Есей *тайталасқан* егесте жанынан гөрі арын қорғауды өзіне мұрат деп біледі (Ә. Нұрпейісов). *Қиталаса* жүріп екі жүз сиыр алдым ғой өйтеуір (М. Әуезов). Соғыс жылдары майданда ер азамат жаумен *жағаласып* жатқанда, ел ішінде қиыншылық көп болған ғой (Ж. Жұмаханов).

**Тайыз, саяз, таяз.** *Суы аз, терең емес.* Ол өзеннің *тайыз* шетін ғана шалпылдатып, ортасына бара алмады (С. Мұқанов). *Саяз* сулы, батпақты ащы көл Көксерекке үлкен қорған болып алды (М. Әуезов). Ол сол жерде ағып жатқан жіңішке *таяз* өзенге шомылып та шықты (Ж. Жұмаханов).

**Тайыздау, саяздау, таяздау.** *Өзен-көлдің суының тартылып қалуы.* Жайық өзені жылма-жыл *тайыздап*, құм шөгіп барады (С. Хайдаров). Өзен суы мүлдем төмендеп, *саяздап* қалған, малта тастардың үстімен ағысы сылдырлап өтеді (Ж. Өмірбеков). Қазір енді Көксу тармағы *таяздап*, Сырға оралмайтын болды («Мәдениет және тұрмыс»).

**Тайынша, тана.** *Бір жас пен екі жас аралығындағы сиыр малы.* Бірен-саран оқшау шыққан *тайынша*, құнажын болса, сөйгелдің қуғынына ұшырап, құтырғандай жосып жүр (М. Әуезов). Ірі қараның бірден екі жасқа дейінгілерін *тайынша, тана* дейді («Қаз. әдеб.»).

**Тақия, тебетей, кепеш, топы кітаб., телпек қарап. Кестелеп, сыртып, өрнектеліп жасалған, дөңгелек, жеңіл бас киім.** Біржанның оқалы *тақиясының* жібек шоғы ыргала түседі (М. Әуезов). Серкебай жаз бойы басынан бір тастамаған терсіңді ақ *тебетейін* оң шекесіне қисайта қондырды (Н. Қазыбеков). Көпшілігі қазіргі теңізшілерше киінсе, бірен-саран адамдар қызыл *кепеш* киіп алыпты (Ә. Сәрсенбаев). Танабайдың қызы үкілі қызыл шұбар *топысын* киіп, үйге бір кіріп, бір шығады (С. Сейфуллин). Қарекен шынтақтап жатқан орнында *телтегін* түзетіп киіп, бетін бір сипады (Е. Оразақов).

**Тақиялы, тебетейлі.** *Тақиясы бар, тақия киген.* Ана *тақиялы* өзбек саудагерлері ұсақ-түйек саудасын жасап жатыр (С. Бегалин). Бұл кезде қара *тебетейлі* шәкірттер тобы бізді қоршап алған-ды (Ә. Сәрсенбаев).

**Тақсыр, ағзам, мәртебелім, алдияр, құлдық.** *Абырой-атағы жоғары, билік басындағы адамға айтылатын қошемет сөзі.* Ай, *тақсыр-ау*, ай, тақсыр, Бойың жетпес биікпін, Бұлтқа жетпей шарт сынбан (Махамбет). Патша *ағзамға* тіл тигізгендер асылып, атылып түгесілетіндей ойлайтын (К. Оразалин). *Уа, мәртебелім*, бұйрығыңыз орындалды, шақырған адамдар тегіс жиналды («Әдебиет және искусство»). «*Алдияр, құп*» деді де, қусырып қол, Тездетіп ер Шәнеке еңсесі зор, Қарулы қайтпас қайсар қырық жігітті, Ертіп ап, алға қарай тартты енді жол («Абылай»). – Төреңізге *құлдық* тақсыр, сіз дұрыс айтып тұрсыз, – деді Жүніс иіліп (Х. Есенжанов).

**Тақ-түк, тақыл-тұқыл, қалт-құлт.** *Бірде бар, бірде жоқ, жетер-жетпес.* Күйзелген елде астық жетіспей жатыр немесе *тақ-тұқ* қана жетіп отыр («Жетісу»). Төлебайдың тапқаны *тақыл-тұқыл*, тамаққа ғана жарайды (С. Мұқанов). Қалың беріп қатын алуға күйі болмай, сұр бойдақ атанып, шешесі мен екеуі *қалт-құлт* күн кешіпті (К. Жұмаділов).

**Тақым, тақылжыр жерг.** *Тізенің астыңғы ішкі жағы.* «Шу» – деді де *тақымын* қалды қағып, Жұлдыздай шұбар тұлпар жөнелді ағып (Ш. Әбенев). Ақбілек құрысып қалған *тақылжырын* уқалап жазып, шапанын сілкініп жамылды (Ж. Аймауытов).

**Тақыр, тақыршақ, газығыр, татыр, кебір.** *Шөлейт өңірдегі өсімдік өспейтін құқыл жер.* Құм болғанда құстың қанатын қиятын қиып, Тұлпардың тұяғын тілетін *тақыр* жер (Н. Әбуталиев). Көп жыл бойы көрмеген туған жерде Ыстық қой асық атқан *тақыршақ* та (Д. Әбілев). Сыр бойындағы сортаң сол бір от орнындай *тазығырдан* басталып кетіпті (Ф. Мүсірепов). Нәр жіберіп далаға, Гүл майса еттік *татырды* («Халық акындары»). Құйын ойнаған адыр-адыр құмның, ойпаңдағы *кебір* мен сордың арасында да көңілді жерлер кездеседі (Ж. Арыстанов).

**Талак, көкбауыр.** *Қарыңға жабыса біткен, қан түзетін мүше.* Бруцеллез ауруымен ауырған адамның *талағы*, бауыры үлкейіп, бұлшық еті қатты сыздай бастайды («Шопан сырласы»). Адам жазыла бастағанда бауыр мен *көкбауырдың* іскені қайтады (А. Дайыров).

**Талак етті, тәрк етті.** *Дүниеден, тіршіліктен безді.* *Талак етіп* бұл ғаламды, Болды мәлім кеткенің, Кінәсі жоқ адамды Қатты соққан не еткенің (Абай). Енді мал сойылатын болып, домбырашы шақыртылып жатқасын, мұндай сый-құрметті *тәркі етуге* ұялып, отыра берді (Ж. Тілеков).

**Талаптану, талпыну, ұмтылу, тырысу, қарману, ынталану, тырбыну.** *Белгілі мақсатқа жету үшін аянбай еңбек етіп, тырмысу, әрекеттену.* «А, Құдай, өзің берден» түк шықпайды, *Талаптанып*, талпынсаң, сонда бермек (С. Торайғыров). Жастар ауыр халден шығу жолын іздеп, алға ұмтылып *талтына* түсті (Ш. Өтепов). Бақыттан дөметпейтін, жақсылыққа *ұмтылмайтын* басы жұмыр пенде жоқ (К. Жұмаділов). Жалғыз-ақ ескертейін дегенім, қисық отырсаңыздар да түзу сөйлеуге *тырысыңыздар* (Ә. Тәжібаев). Сара ақын екеніне көзің жетпей, Осындай қайдан білдің *қармануды*-ай («Айтыс»). Бесаспап іскер құрылысшы қай салаға барса да, *ынталана* еңбек ете берді (С. Мыңжасарова). Барлық ауыл болып *тырбына* еңбектеніп, жерде бір түйір де дән қалдырмау үшін күресті (Ә. Әлімов).

**Талапты, талапшыл, ізденімпаз, ынталы.** *Талабы мол, ұмтылғыш.* Айтатын өнегелі сол ұрпағыма, Өнер қашып құтылмас *талаптыдан* (М. Әшірбеков). Адам жас кезінде әр нәрсеге ұмтылғыш, *талапшыл* келеді екен (Ә. Қалмырзаев). Қалтаев – ішкі сезімге бай актер, оның



үстіне *ізденімпаз* (Ф. Оразаев). Бұл сыйлық еліміздегі ең үлкеніміз, ең *ынталы* Алмасқа беріледі (Н. Сералиев).

**Талаптылық, талапшылдық, ынталылық.** *Талапты болушылық.* Оның бойынан сергектік те, өзіне-өзі сенген өршілдік те, *талаптылық* та табылады («Білім және еңбек»). Өмір тәжірибесі, *талапшылдық*, жауапкершіл сезімі күшейе түсетінін көрсетіп отыр (Ә. Жәмішов). Ол өзінің асқан зеректігі мен *ынталылығы* арқасында көп пәнді меңгереді (Р. Бердібаев).

**Талғампаз, талғамшыл, талғағыш, талғамды.** *Талғамы күшті, талғағыш.* Ботагөз жасында өте тәкаппар, *талғампаз* қыз болғанымен, кейін аяулы әйел, жақсы дәрігер болып еді (Ә. Нұршайықов). Ауылдың қыздары *талғамшыл* ғой, біз сияқты қарапайым, қатардағы солдатты қайтсін («Лен. жас»). Алғашқы бір-екі айда екіғабат әйелдер тамақ *талғағыш* келеді (К. Өтегенова). Тұрмағамбет жасынан-ақ талапты да *талғамды* болған (Ж. Арыстанов).

**Талдау, саралау, сараптау, жіліктеу, жіктеу.** *Бір істі жеріне жеткізе отырып тексеру, іріктеу.* Ғылым тарихын *талдап* қарасақ, талай тамаша істерге тап боласың (А. Қалығұлов). Баспаның жанындағы жазушылар күнбе-күнгі газет-журналдардың материалын *саралаудан* босамайды (Ф. Мүсірепов). Бұл төрт том талай талқылау, *сараптаудан* өтіп келіп отыр (С. Хайдаров). Ол кісі жатқан шежіре еді ғой, тарихтың сан тарам тарауларын жіктеп, *жіліктеп* беретін («Бал дәурен»). Аурудың неден пайда болғанына және оның клиникалық ету барысына қарай ол бірнеше топқа *жіктеледі* (С. Нұрғожаев).

**Талқылау, сарапқа салу.** *Бір істі тексеріп, егжей-тегжейіне жету.* Сіздің баяндамаңызды кең *талқылау* үшін басқа мәселені кейінге қалдырсақ деймін, – деді Сафонов (Ә. Әбішев). Жүнісбайға жүгінем, Сөзді *салсын сарапқа*, Шыбыл – шыбыл болғалы Бір кәдеге жарап па? (Жамбыл).

**Тал түс, талма түс, шаңқай түс.** *Күннің тас төбеге келген кезі.* Бұл бөлменің іші *тал түстің* өзінде ала көлеңке боп тұрады (Ә. Көшімов). *Талма түс* кезінде тобылғы түбінен қоян ыршып шықты (Ф. Мүсірепов). *Шаңқай түс* мезгілінде қара пәуеске жайлау жолының шаңын көтеріп, Керекуге қарай беттеді (Д. Әбілев).

**Талықсу, талмаусырау, талмаусу.** *Шала-шарпы есінен тану, есеңгіреп қалу.* Әбдірахман *талықсып* кеткенде мұны арттағы екі жауынгердің бірі ұстап қалды (Х. Есенжанов). Қыңқ етіп бір дыбысты шығармады. Азырақ *талмаусырап* нашарлады (Абай). Санаулы, қалқа жаным, қалған күнім, *Талмаусып* шықпай жатыр көрдің бе үнім (С. Торайғыров).

**Тамақтану, азықтану, қоректену, ауқаттану, түстену сөйл.** *Тамақ ішіп нәр алу, ішіне ел қондыру.* Ахмет жұмыстан келіп *тамақтанғаннан* кейін газеттерді қарай бастады (С. Алдабергенов). Біраз бой сергі-

тіп, *азықтанып* алған жолаушылар тағы да тартып кетті (С. Бегалин). Организм сыртқы ортаның заттарымен *қоректенеді* («Халық мұғ.»). Олар асханаға барып *ауқаттанып* алды (С. Мұқанов). Қонақ болыңыздар, әйтпесе тым болмағанда *түстеніп* кетіңіздер (Ә. Бөриев).

**Таму, тамшылау.** *Сұйық заттың сыздықтап ағуы.* Сүт тамақты жібігер, Айран *тамса*, ірітер (Қырғыз жырлары). Сасулы Күлөнданың жан анасы, Көзінен *тамшылайды* ыстық жасы (Ж. Саин).

**Тамыр, жүйе, жүйке.** *Қан жүретін, қан айналып тұратын жол.* Ахмедиярдың жүрегі лүп-лүп соғып, шеке *тамыры* солжылдап, қаны басына шапшиды (Ә. Қанахин). *Жүйем* босап сағынып, Тұла бойым иеді (С. Сейфуллин). Мезофильдің астыңғы және үстіңгі бетін аралай сосуд талшық шоғының *жүйкелері* таралады (Т. Мұсақұлов).

**Танбау, жазбау.** *Алған бетінен қайтпау.* Араға мезгіл салып, үзіліспен сұраса да, өз айтқанынан *танбады* (К. Тоқаев). Мұны сендер үшін Құдай тағалаға күндіз-түні құлшылық етуден *жазбай* келе жатқан әулие апа Марияның атынан сұраймын (К. Исабаев).

**Танту, көку, тантирау, тантирақтау.** *Орынсыз мылжыңдау, қисынсыз бос сөз сөйлеу.* Боқының ұлы оның сыртынан кіжініп, аузына келгенін *тантитын* көрінеді (З. Шашкин). Алда талай жылым бар, – деп бастан, әр нәрсені айтып *көкіпті* баласы (М. Әлімбаев). Айтарыңды ойлап алған артық-ау, Айтып алып, өкінгенің – *тантирау* (Мақал). Көп шатып *тантирақтап* сөзді ұзартпа, Қанеки, шошығаның немене сөз («Қозы Көрпеш»).

**Тану, шырамыту.** *Адамның тұр-түсін тап басып білу.* Оның аудандық Советте нұсқаушы болып істейтін жігіт екенін Есенжол *тани* кетті (С. Алдабергенов). Мен де сізді *шырамытамын*, бірақ қайдан көргенімді есіме түсіре алмай тұрмын, – деді ол (Қ. Қайсенов).

**Танығыш, танымпаз.** *Танып-білуге шебер.* Қане *танығыш* болсаң, анау өрістегі бір қора қозыдан туған егіз қозыны танып алып келші (К. Әзірбаев). Иттің әр нәрсені *танымпаз* зеректігі сонау ерте кезден-ақ адамдардың назарын аударған («Білім және еңбек»).

**Таныс, танымал, өрістес жерг.** *Бірін-бірі көптен білетін, сырмінез.* Балқия заводтың іргесіндегі жер үйлердің тұсынан өте бере талай *таныстарына* кездесті (Ә. Әбішев). *Танымал* біреу кездесіп қалар ма дегендей байқап, иін тірескен жұрттың ара-арасымен вокзалға кіруге есік алдына келдім (С. Сейфуллин). Аманбай – бұл елмен бұрыннан *өрістес*, бай-кедейіне бірдей кірімді, ысылған егде жігіт (Ғ. Мұстафин).

**Таныстау, танысырақ.** *Біршама таныс.* Алғашында ол бір *таныстау*, білетін адамына ұқсады (Ә. Нұршайықов). Ол бізді өзіне *танысырақ* көшемен алып жүрді («Әдебиет майданы»).

**Таң, шап.** *Жан-жануардың санының түйіскен жері, ішкі жағды.* Ұялы қасқыр келсе, жалғыз тайдың *таңынан* тарттырдым мен қашан оған («Жұлдыз»). Шал берген қозының терісіне қарасам, бақайшақтарына, құйрығына, *шаптарына* шейін бұйра (С. Мұқанов).

**Таңба, дақ, тап, таңдақ, таңлақ сөйл.** *Денеге түскен тыртық, белгі, із, мор.* Мына пистолетте сізден басқа бөтен кісінің қолының *таңбасы* жоқ (К. Тоқаев). Оның биіктеу қабағында жасында ат тепкен тұяқ *дағы* қалып қойыпты (Ф. Мұстафин). Сол күйе бетіне тиген бе қалай, саусақтарының *табы* тұр (С. Талжанов). Қашан қар түскенше тыным жоқ, көш жолының қара топырағын шығарып, *таңдақ* қылып тастайды (Қ. Ысқақов). Балбырап тұрған денемнің әр-әр жеріне қызыл *таңлақтар* түсіп, оң көзім шодырайып ісіп шыға келді (Ә. Бүркітбаев).

**Таңғы, таңертеңгі, азанғы, ертеңгі.** *Таң атқан кездегі.* Бір күні ол *таңғы* намазын оқып болды да, әлі шырт ұйқыда жатқан балаларын оятты (І. Есенберлин). *Таңертеңгі* тамақтан кейін Сәуле асықпай киінді (Н. Ғабдуллин). Күрішшілер *азанғы* шайды ғана ішіп, сәске түсте жапырлап күріштікке барады (Ы. Жақаев). *Ертеңгі* асты тас-тама, кешкі асқа қарама (Мақал).

**Таңдағыш, таңдампаз.** *Таңдай білетін.* Шай – күтімді тілейтін, топырақ *таңдағыш* дақыл («Білім және еңбек»). Баланың *таңдампаздық* қабілетін дамытуға мектеп жасына дейін-ақ көңіл бөлген жөн («Қазақст. мект.»).

**Таңданғыш, таңырқағыш.** *Таңдана беретін, қызық көргіш.* Жас бала аяқ басқан сайын әр нәрсеге әуестенгіш, *таңданғыш* келеді («Қазақст. мект.»). *Таңырқағыш*, қызық көрген, есіркіген жанарлар оңменінен өтті (Т. Тілеуханов).

**Таңдану, таңырқау, таңғалу, сұқтану, тамсану, ғажаптану.** *Аңтаң болып қызығып қарау, ішіп-жеп тесіле көз тігу.* Маған бұрыннан таныстығын білдіріп, Жібектің сөйлесе кеткеніне өзім *таңдандым*. (Ж. Өмірбеков). Тамара бұлардың кенеттен жетіп келгеніне *таңырқап*, не дерін білмей күйеуіне қарады (А. Жақсыбаев). Мен біреудің денсаулығы үшін өз денсаулығын құрбан етушілерге *таңғаламын* (Қ. Мұхамеджанов). Ол ішінен *сұқтана* қараған көзін аударып жіберді (І. Есенберлин). Атаман кенен дорбадағы уылдырыққа бас бармағын бір батырып ап, аузына салды да, *тамсана* басын шайқады (Ә. Сәрсенбаев). Тахир мұны естіді *ғажаптанып*, Қайрылды кім екен деп көзін салып («Ғашық-наме»).

**Таңдау, талғау.** *Көп нәрсенің ішінен біреуін іріктеп, сұрыптап алу.* Осы маңнан жер алыңыз, жақсы жер *таңдасып* берейік (Д. Исабеков). Бақыт адамның басына қона бермейді екен, таңдап, *талғап* қонады екен (С. Байжанов).

**Таңдаулы, таңдамалы, талғаулы, ығай-сығай, бірегей, маңдайлы.** *Бірінен-бірі өткен, мынау деген, маңдайалды.* Мұратбектің колхоздың *таңдаулы* шофері екені рас (З. Ақышев). Қазақ драматургиясының *таңдамалы* шығармалары Москва сахнасында қойыла бастады (Ф. Мүсірепов). Әр сөздің сөйлемде атқарар қызметі, *талғаулы* орны

болады (Қ. Жұмалиев). Амантай ылғи *ығай-сығай* жігіттерді ертін алды (С. Мұқанов). Тұңғық түпсіз, телегей, Білімнен жолдар тараған, Топтан озған *бірегей*, Туады алып анадан (Ж. Сыздықов). Ешкім еш жерде атап айтпаса да, әркім-ақ мұны қазақ студенттерінің *маңдайлысы* деген пікірде болды (Т. Ахтанов).

**Таңертең, азанда кітаб.** *Таң атып, ел тұрған кез, ертемен.* Қашан ұйықтағанымды өзім де білмеймін, *таңертең* оянсам, бас жағымда Нығмет пен Әбдірәсіл тұр екен (Ж. Алтайбаев). *Азанда* қызметке барам, қайтып кеп кітап оқимын, іңірде көше қыдырам (З. Шашкин).

**Таңқылау, тәмпиштеу, кейкілеу, таңқыштау.** *Мұрны келтелеу, қысқалау.* Кішкентай бөлмеде мұрны *таңқылау*, түсі қоңыр, денесі ықшам, шымыр жігіт отыр («Қаз. әдеб.»). Ол қараторының әдемісі екен, *тәмпиштеу* мұрны өзіне тәп-тәуір жарасатын (Б. Нұржекеев). Күсеміс кескін-кейпі жағынан да әкесіне тартқан өңі қоңыр, тұмсығы *кейкілеу*, безеу бет кескінсіздеу еді (С. Мұқанов). Қара көзді, қиылған қасты, *таңқыштау* мұрынды қыз суреті көз алдына келді (С. Тоқбергенов).

**Таңсық, жеңсік, әуес.** *Сағынып жейтін әуес тамақ.* Жұрт жамырасып дастарқанға төгілген жеміс-жидек тәрізді *таңсық* базарлық дәмге бас қойды (М. Қаназов). Біз алып келген жидені *жеңсік* көріп, үлкендер де қаузайды (Ө. Қанахин). Көбінесе ет, балық сияқты белокқа бай тағамға *әуес* адамдар баспамен жиі ауырады (С. Нұрғожаев).

**Таң-тамаша, аң-таң.** *Таңырқаған қалып-күй.* Мен мына кереметке *таң-тамаша* боп, аузымды ашқан күйі тұрып қалыппын (Ш. Әбдірахманов). Сәуленің көзі бақырайып, біресе Таймасқа, біресе жүзікке қарап, көзі шығып барады, *аң-таң* (Ғ. Мұстафин).

**Тапанша, пистолет.** *Жақын жерге атылатын кішкене қол мылтық.* Абырой болғанда, *тапаншасы* қолынан түспепті (З. Асабаев). *Пистолеттің* ішіндегі жалғыз оқта тұр өмірің (С. Мәуленов).

**Тапжылмау, мызғымау, қозғалмау, сепсімеу жерг.** *Табан аудармай бір жерде тұрып қалу, мізбақтау.* Кеше түсте де Дәулет үйіне қайтпай, қосауызын тізесінің арасына қысып, есік алдында *тапжылмай* отырып алды (Ә. Сараев). Доңғалақ белшесінен батып, машина қасарған өгіздей *мызғымады* орнынан (Қ. Мұқанбетқалиев). Жер қозғалса да *қозғалмайтын*, қорғасындай салмақты адам (Ө. Тұрманжанов). Міне, апрель ортасы ауып барады, дала қары әлі *сепсімей* жатыр (Ж. Орманбаев).

**Тапқырлық, тапқыштық.** *Таба білушілік, тапқыр болушылық.* Жанат ылғи ерлікті, *тапқырлықты*, қайсарлықты өзгеше сүйіп, құштарлықпен әңгімелейтін (Ө. Тұрманжанов). Ептілік, қажырлық, шалшандық, мұндайда өте керек тез *тапқыштық* (А. Тоқмағамбетов).

**Тапсырма, аманат, тапсырыс.** *Орындауға тапсырылған міндетті іс, қызмет.* Олардың командирлері полковникке келіп жайды баяндап, қысқа-қысқа *тапсырма* алып кетіп жатты (Б. Момышұлы).

*Аманатым*, балам, саған, Күзет берік Ұлы Отанды Алдырмандар алдағанға, өкең сепкен алтын дөнді («Ақын жырлары»). Жолдас ферма бастығы, қандай *тапсырыс* бересіз (Б. Майлин).

**Тапсыру, жүктеу, міндеттеу, арту.** *Бір істі біреуге аманат етіп сенім арту.* Маған *тапсырып* еді жеңгейлерді де, сіздерді де ертіп әкел деп (Х. Есенжанов). Сейдахмет төл алу кезінде бар ауыртпашылықты Нұрманға *жүктейді* (С. Бегалин). Қолын қойған осы бұйрықтарды тез болыстарға жеткізуге *міндеттеді* (І. Есенберлин). *Артса* да ауыр міндет ел тілегі, Абыржып өзгермейді оның түсі (М. Хакімжанова).

**Тап-тұйнақтай, мұнтаздай.** *Үй іші, қора-қопсының тап-таза жинақы болуы.* Қабен жататын бөлмені *тап-тұйнақтай* ғып тазалап, еденіне кілем төсеп, жайнатып қойыпты (З. Қабдолов). Бала бақшасының іші-сырты *мұнтаздай* таза, көзге оғаш еш нәрсе көрінбейді («Лен. жас»).

**Тапырақтау, тарпандау, тапыраңдау, тапырлау.** *Тарпаң-тарпаң басу.* Бота жалт беріп, *тапырақтап* тұра қашты (Ш. Мұртазаев). Миы шыққан жерді *тарпаңдап* басқан әлгі іздерімізге әп-сәтте су толып қапты («Оныншы асу»). Кенжеханның астындағы аты да дүбірге елігіп *тапыраңдады* (Б. Тоғысбаев). Даладағы үркіп, тынышсызданып тұрған мал *тапырлап* дүрліге қашты (Ж. Тәшенов).

**Тар, тараң сөйл.** *Көп емес, азғана.* Уақыт *тар*, жағдай қысылтаян, айнала қап-қараңғы түн (Б. Момышұлы). Менің хатқа түсер ойым да, сөзім де қысқа, уақытым да қысқа, уақытым да *тараң* (Ж. Жұмаханов).

**Таразы, безбен, кір кітаб.** *Белгілі бір заттың салмағын көрсететін өлшеуіш.* *Таразыға* тартқан кезде малдың қондылығы анықталады («Мал бордақылау»). Лепес бір жағына сәкі тақтай қақтырып, оның үстіне салмақ өлшейтін *кір* орнатты (З. Шүкіров). Қырық кесек тамағы, өлшеп, алып беруге қажет *безбен* («Айтыс»).

**Таразышы, таразбан, таразыгер, кірші сөйл.** *Таразыға салып заттың салмағын өлшеп тұратын адам.* Қырманда *таразышы* боп істеді ғой (С. Мұратбеков). Колхоз базарының *таразбаны* Олжабай тату көршісі Тілеуден ұялды (С. Адамбеков). *Таразыгер* қоймаға әкелген жүкті өлшеп, қабылдап алып жатыр («Мәдениет және тұрмыс»). Біздің *кіршіміз* ауырып қалып еді, соның орнына сізді берді (Ә. Әбішев).

**Тарбию, арбию.** *Сорайып ерекше оғаш көріну.* Бұтақтары *тарбиған* қу ағашта дәу ақ мойын қара құстар қонақтап отыр (Қ. Сатыбалдин). Мүйіздері *арбиып*, көздері бақырайып өздері тіпті қорқынышты-ақ! (Б. Соқпақбаев).

**Тарғыл, тарлан.** *Теңбіл шұбар тұс.* Кешегі қарасан дақтардың *тарғылы* жоғалып, салбыраған еріндеріне күлкі іздері орала бастады (Р. Тоқтаров). *Тарлан, тарлан, тарлан* тас, Тарықса шығар көзден жас, Тар қияда торықты тоқсандағы бұл қу бас (Қ. Бекхожин).

**Тарқату, ыдырау, сетінеу.** *Тұтас тұрған заттың жыртылып сөгілуі.* Әйелдер жіптің үзіктерін қайтадан *тарқатып*, түйіп, бұзауына бас жіп етіп алатын (Ғ. Мұстафин). Енді кемпір онсыз да *ыдырап*, жыртылуға сылтау таппай жүрген кимешегін айырып-айырып тастады (Ж. Нәжімеденов). Балауса қыз шұлығының *сетінеген*, кеткен жерін алақанымен сипалап, қымсына түсті («Қаз. әдеб.»).

**Тармақ, тарау, сала, тарам.** *Тұтас бір заттың күрделі бір бөлегі.* Алатаудың бір *тармағы*, ол созыла-созыла Тянь-Шань тауының жолдарымен астасып кетеді (Б. Қожабеков). Повесть – романның бір тарауы десек, ал әңгіме – повестің бір тарауы («Қазақст. мект.»). Совхоз шаруашылығының тағы бір *саласы* – түйе мен жылқы (Ш. Ерманов). Алыстағы жатаған көк таулардан шығатын *тарам* көп жол жазыққа құлағанда биік қарағанға сіңіп, көрінбей кетеді (Ғ. Мұстафин).

**Тармақтау, тараулау, тарамдау, салалау.** *Тарау-тарау етіп бөлу.* Еліктің текесінде *тармақталған* кішкене мүйіздері болады да, ешкілері тоқал болады (Қ. Қайымов). *Тарауланған* жолдарымен ерсілік-қарсылы азық тартқан құмырсқалар тізбегі мен тіркесі бір үзілмейді (Ө. Тұрманжанов). Қаланың терістігіне қарай тура тартқан жол жан-жаққа *тарамдалып* бөлініп жатыр (Қ. Найманбаев). Фосфор жеткілікті болған жағдайда картоптың тамыры *салаланып*, тармақталып өседі (Б. Шағыров).

**Тармақты, тарамды.** *Жеке тармаққа бөлінген, тармақталған.* Елік сымбатты аң, еркегінің мүйізі көбінесе үш *тармақты* болып келеді (Х. Қыдырбаев). Лимон – сабағы *тарамды*, тікенекті, жапырағы ірі, өзіне тән жағымды иісі бар өсімдік (Ж. Әбиев).

**Тарпаң-тұрпаң, арпаң-тарпаң.** *Тасыр-тұсыр, тапыр-тұпыр.* *Тарпаң-тұрпаң* тайлағым, Ботақаным, маймағым, Қара көзің мөлдіреп, Жібек жүнің желбіреп, Енеңе еріп келесің (С. Боранбаев). Дәрменнің көз алдына бір сәт *арпаң-тарпаң* басып келе жатқан Еркеш елестейді (А. Мұңдыбаев).

**Тартпа, сор, ұйық, ұйма жерг.** *Тартып кететін батпақты жер.* Аяғының асты былқылдақ, салмай салайын десе, батып кететін беті ғана тобарсып жатқан *тартпа* (А. Жұмадилдин). Одан былайырақ арасы бір көш жер. Майсор, Жарсор деген екі *сор* бар (З. Ақышев). Оған бір түссең, қайтып шыға алмайсың, *ұйық* тереңіне тартып әкетеді (М. Қалдыбаев). Адам түгіл ит түссе де батып кетерлік айнала *ұйма* мен қарасу (Ж. Тілеков).

**Тартылым, тартылыс.** *Тарту кұші, тарту ерекшелігі.* Бүкіл әлемдік *тартылым* заңының ашылуы бұл шындықтың жаңа дәлелін келтірді («Марксистік философия»). Ньютон бүкіл әлемдік *тартылыс* заңын ашқан (А. Қалығұлов).

**Тартынбау, тайынбау, қайтпау.** *Не де болса көріп алу, қаймықтау.* Не ойы барын кім білсін, Бижамал *тартынбады* (Б. Тоғысбаев). Өзінің намысы үшін Бағлан неден болса да *тайынбауға* бекінгенді

(Ә. Әбішев). Ісімнің әділ екендігін білгендіктен, мен айтқан сөзімнен *қайтпадым* («Жетісу»).

**Тартысу, белдесу, тіресу.** *Біреумен біреу қақтығысу, арпалысу, ерегісу.* Іргелі елмен *тартысу* қайткенмен оңай жұмыс бола алмады (И. Байзақов). Ыбырайдың аузын аштырмаған Етекеңмен кім *белдесер* деседі ел (С. Бегалин). Мә саған! – деп бұқаша *тірескен* екеу төмпештесіп жатыр (Ж. Арыстанов).

**Тарығу, тарылу.** *Жоқшылық көріп қысылу, қиыншылықтан зәбір шегу.* Өмірдің ащы-тұщы дәмін татып, бір кезде *тарыққан* адаммын (З. Шашкин). Бар шабылса табылар, жоқ шабылса *тарылар* (Мақал).

**Тарылу, тараю.** *Бір нәрсенің азайып, кішіреюінен қиындық туу.* Үнім де өзімдікі емес, тынысым *тарыла* қырылдап шықты (З. Жәкенов). *Тарайып* тыныс, тамыр зорға соғып, Төбемде қанат жайып, ажал төніп («ХХ ғ. қаз. әдеб.»).

**Таспиқ, тәспі.** *Діндар адамның Құдайға сиыну кезінде қолына ұстап санап, тартып отыратын моншақ тізбектері.* Таспиғы бар қолында Әулие болып селкілдеп, Жеңілсініп елпілдеп, Бұлар да жүрді еркіндеп («Қамбар батыр»). Саудасы жүрмей қалғандықтан дүкеншілердің кейбірі *тәспісін* ұстап мүлгіп отыр (С. Шарипов).

**Тасу, тасымалдау.** *Бір жерден екінші жерге жеткізу.* Табақ-табақ ыстық асты Майбасар пәтеріндегі жігіттер жүгіре басып *тасып* жүр (М. Әуезов). Кәсіпкерлер өндірген тұздарын Ертіс пен Сібірге *тасымалдады* («Лен. жас»).

**Тат, тот, дат.** *Темір және темір тектес заттардың дымқылданып бүлінуінен болатын зат.* Темір *таты* қолыңа жұғар болса, керосинге бір малып, сабындап жусаң кетеді (Ф. Сланов). Қайрош кішкене күрегі алып, кірігіп қатып қалған *тотын* тазалады (Ө. Тұрманжанов). Іші-сырты *даттан* тазарған алты мылтық сап дүзеп тұрды (Ж. Молдағалиев).

**Таттану, тотығу, тоттану.** *Тот басу, бұзылу.* Таза темір – күмістей ақ, жалтыраған, *таттанбайтын* металл (Е. Бірімжанов). Қалайы металдарды біріне-бірі біріктіру үшін және тез *тотығатын* металдардың бетін қаптау үшін осы әдіс қолданылады (А. Мырзабаев). Кетпеннің *тоттанған* жүзін таптап жатыр едім, бір кішкене ақ сары қыз келіп, құшақтай алды (Қ. Қазиев).

**Татуласу, жарасу, достасу, елдесу, табысу.** *Өзара бірін-бірі түсінісіп, жақындасу.* Екеуі *татуласып*, бір-бірінен кешірім сұрап, үйден бірге шыққан еді (Қ. Сауырқенов). Күләйым мен Бекасыл *жарасқан* соң екі кемпірге бәрі майжұма көрінеді (М. Сатыбалдиев). Бір-біріне қонаққа барысу, «ақсарбас, көкқасқа» айтысып баталасу, тамырласып *достасу* көп (М. Әуезов). Жауластыру жаушыдан, *елдестіру* елшіден (Мақал). Кеше біз өмірлік жар болып *табысқанда* осы оттың басында қол ұстасқанбыз (С. Бегалин).

**Таудай, үйдей.** *Өте үлкен, дәу, аса ірі.* Өзің әбден толықсып, *таудай* болып кетіпсің (М. Дүзенов). *Үйдей* тастарды әңгелек ойнатып, тау тасқыны келіп қалды (Ф. Сланов).

**Тауқымет, нәубет, тақсірет, тезі, селебе жерг., тақбезе көне.** *Адам баласына кездейсоқ кездескен ауыр азап, қиыншылық.* Тоқтағұл Сібірге айдалып, талай жыл *тауқымет* көрді (Р. Бердібаев). Патша жарлығы бұқара халыққа төтен келген ауыр *нәубет* боп тұр (Ә. Нұрпейісов). Екеуі де кедейліктің *тақсіретін* тартып, тұрмыстың ауыр азабын арқалаған бейнетқор жандар (С. Омаров). Ақырында катал өмір *тезі* Сәрсенді сабасына түсіреді де, баяғы үйреншікті шаруасына ойыстырады («Қаз. әдеб.»). Бұл бір көпке келген *селебе*, азамат басына түскен ауыртпалық (Ж. Аймауытов). Жетіспеушілік пен жүдеушіліктің *тақбезесін* біраз тарттың ғой (М. Хасенов).

**Таусылу, түгесілу, біту, құру, сарқылу.** *Бір нәрсенің шегіне жету, тамам болуы.* Жоңышқаның бір бүйірі опырылып *таусылуға* айналды (С. Нарымбетов). Күн қызбай тұрып басталған жұмыс түс қайта *түгесіліп* қалды (Ж. Молдағалиев). Тас жол *бітіп*, жай жолмен белеске шыға келгенде, аяқ астында қымыз фермасы көрінді (Ф. Мұстафин). Әкемнен қалған аз ғана мал төрт-бес жылда *қуруға* айналды (С. Омаров). Үлкендер жағы самауырдың *сарқылуына* қарап қалды (Қ. Жұмаділов).

**Таусыншақ, алқынды.** *Жуылған сабынның қалдығы.* Ол көбінесе жұмырланған, жуылған сабынның *таусыншағы* сияқты келеді (А. Машанов). Қоржынның түбінде жүретін қара сабынның *алқындысы* болушы еді, соны тауып алып, жуып азар кетірді (Н. Оразов).

**Тау-төбе, тау-теңіз.** *Көп қылып жиналған үлкен үйінді.* Есік алды айнадай таза, қыс бойы күрелген қар екі жаққа *тау-төбе* болып үйіліп қалыпты (М. Хасенов). Сөйтсем, сиыр фермасының жанында *тау-теңіз* етіп үйілген қи бар екен («Дәрігер мерейі»).

**Тауық, мекіен.** *Етін, жұмыртқасын тағамға жұмсайтын үй құсы.* *Тауықты* тойындыра алмайсың, Қызды киіндіре алмайсың (Мақал). Біздің фермада *мекіен* басы жылына орта есеппен жүз отыз жұмыртқа береді («Лен. жас»).

**Тауықхана, тауыққора.** *Тауық тұратын, тауық қонақтайтын қора.* *Тауықхананы* аулағырақ салмасан, есік алды үрпек бас шөжелерге толып кетті (Қ. Әжікеев). Тауықтар уақыты келгенде *тауыққораға* өздері кіріп қонақтайды (Ауызекі тіл).

**Тауысу, түгесу.** *Бір істі бітіру, аяқтау.* Елжас шайын *тауысып* ішіп, екі алақанымен кесесінің бетін жапты (А. Жақсыбаев). Педагогиканың сыры да мол, сипаты да көп, оның бәрін айтып *түгесу* қиын (З. Қабдолов).

**Таю, айну, тайқу, қайту.** *Сертінде тұрмау, уәдеден шықпау, сырғақтау.* Сарғайған соң бұл дерттен Бүгілді белім, жар *тайған* соң әр серттен (Абай). Жігітті осыншама әуреге сап, қыз жеме-жемге



келгенде *айнып* кете ме деймін (А. Байтанаев). Төкежан бұл жерге келгенде, ерегістен амалсыз *тайқып* кетті (М. Әуезов). Сәндібала күйеуінің Қалипаға деген әуелгі беттегі жаман ойынан *қайтқанына* қуанды (М. Дүзенов).

**Таяқ, аса, келдек, кестек, көстек.** *Қолға ұстайтын құралдың бір түрі.* Шалтайдың көзінде көзілдірік, бір қолында *таяқ*, екінші қолында кітап болатын (Ә. Әбішев). Есігінің алдында *асаға* сүйеніп тұрған Дәулетжанды көрді (Ж. Тәшенов). Жүрегім тас төбемнен шықты, біреу абайсызда *келдекпен* қойып жібергендей сәл есеңгіреп жаттым (К. Ахметбеков). Сол сәтте Сармолланың басына бірінің шоқпары, бірінің *кестегі* зілдей тиді (М. Әуезов). Қақпанның қанды аузына байланған білектей *көстек* екіге бөлініп қалған (З. Иманбаев).

**Таяну, сүйену, асылу.** *Бір затты таяныш етіп тұру.* Айымбетті киіндіріп, қос балдақ *таяндырып* сүйемелдеп, тысқа алып шықты (С. Омаров). Болатқан бір аяғымен ептеп басып, балдаққа *сүйеніп* шығып барады (Ж. Өмірбеков). Балдағына *асылып*, үйге Ақан кірді (З. Шашкин).

**Тәбет, зауқы.** *Адамның асқа деген қалауы, ниеті, көңілі.* Қуырған балықтың исі қандай әдемі, бірден *тәбет* шақырады (Ө. Қанахин). Жұмағұл шөлдеп те қалып еді, бірақ қымызға *зауқы* соқпады (З. Ақышев).

**Тәкаппар, кер, өркөкірек, көкірекшіл, асқақ.** *Өзінен басқаны менсінбейтін өзімшіл, менменшіл.* *Тәкаппар* сұлу менсінбей өте шықты қасымнан, ең болмаса көз қырын да тастамайды-ау! (З. Шашкин). Танымайтын адамдарға Сәкен барып тұрған *кер*, өркөкірек адам сияқты боп көрінетін (С. Мұқанов). Атамыз тірі пендеге кеудесін бастырмайтын *өркөкірек* болыпты («Қаз. әдеб.»). Теректей тентек кеуде *көкірекшіл*, Мінезі кейбіреудің кісі кейір, Әр кезде сөзі жылы, өзі көпшіл, Білімді адам келеді кішіпейіл (А. Тоқмағамбетов). «Күйшіде» ханның *асқақ* мінез, тентек қызының өркөкіректігін, нашарға зорлығын көреміз (С. Мұқанов).

**Тәкаппарлану, маңғаздану, маңыздану, асқақтау.** *Өркөкірек болу, тәкаппар болу.* Фериза жылап-сықтамай, қалшиып, *тәкаппарлана* тұрып алды (Е. Ибрагимов). Бұл қандай әулие, барамын деп, күні бұрын кісі салып, *маңғазданып* жатқан (З. Ақышев). Ой, шіркіннің бірдемені тындырғандай *маңыздануын-ай*, деп мен мияғымнан күлдім (Б. Нұржекеев). *Асқақтаған* адамда тоба болмас, Ел қарғаған адамда мола болмас (Жамбыл).

**Тәкаппарлау, менмендеу, паңдау, өркөкіректеу.** *Айтарлықтай тәкаппар.* Оңдыбайдың әйелі төңірекке тыжырына қарайтын *тәкаппарлау* адам екен («Ақ бидай»). Мұндай *менмендеу*, өзімшілдігі басым қылық тілшіге ұнамай қалды (С. Бақбергенев). Әуелгі кезде *паңдау* көрінгенмен, артынан мінезі орнықты, ақылды да талапты қыз сықылданды (С. Мұқанов). Өзі кекшіл, өрі сезімтал да *өркөкіректеу* Зағипаға Шолпанның сөзі табанға басқан шоқтай тиді (Х. Есенжанов).

**Төкаппарлық, кесірлік, кекірттік, кесапатық, өркөкіректік, өрлік, паңшылдық, асқақтық, маңғаздық, паңдық.** *Өзімшілдікке салынушылық, менменшілдік көрсетушілік.* Өңі салқын, төңірекке тыжырына қарайтын *төкаппарлау* ма, қалай? (Т. Ахтанов). Қазір Күнзия есіне оған еткен талай *кесірліктері*, кейбір ерсі қылықтары түседі (З. Шүкіров). «Совхоз ашсам – алақанымда, жұмсам жұдырығымда» деген тұжырымға келісімен, оған бір *кекірттік* пайда бола бастады («Соц. Қаз.»). Ақты төгу, ант бұзу – қазақ ұғымында үлкен *кесапаттық* (М. Әуезов). Анасы қызының бойындағы үлкен кемшіліктерді – эгоистік, *өркөкіректік*, төкаппарлығын байқамаған («Мәдениет және тұрмыс»). *Өрлік* пен маңғаздықтық томағасын ауыл аясында сыпырып, қалаға ұлық арасына барғанда көтерілген аяққа сауырын тоса беретін боп шықты (А. Сүлейменов). Төмен салмай көзінді, Тыңда менің сөзімді *Паңшылдықтан* пәк келін (Ә. Ахметов). Енді *асқақтықты* қой, Нұрқан, жетті, көзімізді ойып болғансың (М. Әуезов). Оның жүріс-тұрысында өз кәдірін білетін адамға тән *маңғаздық* бар (А. Жақсыбаев). Отырған отырысында, қозғалыс-қимылында бір *паңдық*, төкаппарлық байқалады (І. Есенберлин).

**Төк-төк, құр-құр.** *Тезгеу үшін айтылатын одағай сөз.* Осының алдында қатаң ескерту алып, жұмыста *төк-төкпен* өзгер қалған (А. Жақсыбаев). Сауарда не ұстаған уақытта тыныш тұру үшін жылқыға *құр-құр* сияқты сөздер айтылады (Х. Арғынбаев).

**Төптіштеу, бажайлау, түбегейлеу, башпайлау.** *Бір нәрсені жан-жақты баяндап айтып беру, түсіндіру.* Теміржолдың жайын Жақсылық оған *төптіштеп* түсіндіре бастады (Қ. Жұмаділов). Төркінге бара берудің пәлендей жақсы тірлік еместігін *бажайлайды* (Д. Досжанов). Алмабек қайдан білетінін айтқан жоқ, секретарь да *түбегейлеп*, одан әрі сұрамады (Ж. Жұмаханов). Менің өмірімді *башпайлап* сұрап, миымды ашытпаңдар (О. Сәрсенбаев).

**Тәрбие, тәлім, тағылым, сабақ.** *Жеке адамды қалыптастырудағы жүйелі процесс, үлгі-өнеге.* Сондағы алған *тәрбиесі*, көрген-түйгені бұны кейін біраз биікке көтерді (А. Жақсыбаев). Қанша дегенмен қала *тәлімін* көріп қалған емес пе, даусын қыспай, еркін тұрып айтты (Б. Нұржекеев). Абай ішінен «бала ата-ананың *тағылымымен* өседі» деп ойлады (М. Әуезов). Біздің елдің өткен өрелі жолы көп елдерге *сабақ*, қазіргі күніміз, жарқын өміріміз үлгі, өнеге (Т. Сыздықов).

**Тәрбиелеу, баулу, баурау.** *Адамның мінез-құлқын жетілдіріп, өнегелі іске үйрету.* Егер сіз бен біз дұрыс *тәрбиелей* білсек, «жаман бала» деген ұғым ізсіз жоғалатыны талас тудыра қояр ма екен (М. Иманжанов). Сүйінбай – құр бата беруші ғана емес, жас ақынды *баулып*, үйретуші ұстаз (Е. Ысмайылов). Дегенмен де, адам заманының саятшысы, неге *баураса*, соны іледі (Ш. Хұсайынов).

**Тәркілеу, қаттау, көмпескелеу кітаб.** Айыпты адамның мал-жайы мен үй-мүлкін еріксіз мемлекет пайдасына алу. Ұйымдасқан қылмысқа қатысқандардың дүние-мүлкі *тәркіленді* (Ауызекі тіл). Тіпті үстімізге тігіп отырған үйіміз де есепке алынып, асыра сілтеушілікпен *қаттауға* жатқызылыпты (О. Сәрсенбаев). Ақыры ірі байлардың мал-мүлкін, дүние-байлығын *көмпескелеп*, өздерін жер аударған (Р. Нұрғалиев).

**Тәрте, жетек, арыс.** Арба-шананы сүйрету үшін арнайы жасалған тұзу оқтық ағаш. Сәбира делбені Жапарға беріп, арбаның сол жақтағы *тәртесіне* сүйене ұстап жүрді (Р. Әутәліпов). Бәрімізге баскөз боп келе жатқан шал сынған *жетекті* көргенде, басын шайқады (Н. Ғабдуллин). Екі айналмай жатып осымен кестердей үш *арысты* сындырды, бұлардың не? (Қ. Қуанышбаев).

**Тәріздену, сияқтану, секілдену, сықылдану.** Бір нәрсеге ұқсап, сол *тәрізді боп көріну*. Мен Телібайдың қасында отырғанда, Бүбіш мектепке кетіп қалатын *тәрізденіп* қипақтай бастадым (Б. Нұржекеев). Төл алу аяқталуға жақындағанда Әбдібекке байланысты әңгіме шындыққа айналатын *сияқтанды* (С. Балғабаев). Сыбдыр еткен дыбыс оған жылан *секілденіп*, әрбір таса бұрышға әлдекім жасырынып тұрғандай көрінеді (Ә. Әлімжанов). Үш қора үш төбешіктің басында бұзылған мола *сықылданып* тұр (Ғ. Мұстафин).

**Тәрізді, тәріздес, сияқты, сықылды, секілді, тақылетті, тақылеттес, рәуішті, іспетті, іспеттес, сынды, мәнзелдес, рәуіштес, сипатты, есепті, зәлітті сөйл.** Бір нәрсені екінші затқа ұқсастыру үшін қолданылатын шылау сөз. Оқығанда тамсандырар ауызды, Сонау байтақ дастандарды, аңызды, Түндер бойы тебіреніп жанымен Әрбір адам өзі жазған *тәрізді* (С. Мәуленов). Қоңырау *тәріздес* сапсары гүлдер алақандай көк жасыл жапырақтың арасынан күн сәулесіне шағылыса жарқырайды (М. Гумеров). Шешек, сүзек *сияқты* індеттен ауылдар соңғы жылдарда түгел арылды (С. Мұқанов). Ет пен қымыз *сықылды* ас жоқ дейді, Ол немене жоктықтың әсері емей (Абай). Ынтыға тыңдап еді, ат дүбірі алыстап бара жатқан *секілді* (І. Есенберлин). Сардар қазір мүлдем ауру адам *тақылетті* емес, сау кезіндегідей ширақ (З. Қабдолов). Адам тағдыры да табиғат *тақылеттес* – суығы да, қоңыр салқыны да, ыстығы да, жайма шуағы да болады (М. Сүндетов). Сахна бейне бір кемпірқосақ *рәуішті* сан алуан түсті бояумен жалтылдайды (Ә. Шәріпов). Оспанның шешесі Күнбала салиқалы мінезімен ауыл иесі бәйбіше *іспетті* (С. Омаров). Ол ел өміріндегі қат-қабат қоғамдық өзгерісті сол қалпында, шып-шырғасын бұзбай оқырманға жеткізуші шарайна *іспеттес* («Егемен Қазақстан»). Ол Дәулет *сынды* басшының көңіліндегісін тауып, ұнап қалған (А. Байтанаев). Магнитқадан көтеріле ұшқан бозғыл түтін аспанның төсін арда емген қазбауыр бұлт *мәнзелдес* (С. Талжанов). – Талабыңа

нұр жаусын!.. – Осы *рәуишес* ізгі тілектер жан-жақтан жаңбырша жауды (Ә. Әлішев). Ол бірінші курста оқып жүріп-ақ тың тақырыпта ғылыми *сипатты* кітапша жазып үлгірді («Лен. жас»). Айдардың мына жыры осындай бір жаңа жырдың басы *есепті* (М. Әуезов). Күйген кірпіштен томпайта жасаған моланың іргесі, жердің тереңіне төрт-бес метрдей сіңіп, жалпы түрі киіз үй *зәлітті* боп жасалған екен (С. Мұқанов).

**Тәтей, төтежан, тәтетай, тәтеш.** *Тәте сөзіне ізет білдіру, жалыныш, еркелеу мәнін үстемелейтін сөз.* Құлиман *тәтей* маған бірдеме деген болуы керек, бірақ мен ештеме естімедім (Б. Нұржекеев). Біз концертке кеттік, *төтежан* (Қ. Мырзалиев). Үйге барып келейінші, *тәтетай*, кешікпеймін, – деп жығыла жабысты (З. Жакенов). Кешіріңізші, *тәтешім*, енді қайтып қайталамаймын, – деп төмен қарады («Алматы ақшамы»).

**Тәттірек, тәттілеу.** *Әжептәуір тәтті.* Столдағы жемістен гөрі ағаш бұтағынан үзіп жеген жеміс *тәттірек* болар (С. Мұқанов). Талқаны көкшіл, дәмі қант қосылғандай *тәттілеу* (Б. Соқпақбаев).

**Тәуелді, міндеткер, кіріптар, жалынышты, басыбайлы.** *Жеке басының еркіндігі жоқ, біреудің жетегінде.* Сұлтанға *тәуелді* боп артына мінгесіп отырған соң, бермеймін деп қайдан айтайын (Б. Соқпақбаев). Мәз бола күлген шофер қайта-қайта бас иіп, *міндеткер* екенін танытты (Р. Райымқұлов). Түу, бұл неткен адам еді, өз есігіме өзімді *кіріптар* етіп қойды (Қ. Сатыбалдин). Ғанидың дауысы жан алқымға тығылғандай *жалынышты* түрде дірілдей шықты (М. Иманжанов). Салтықов балалық шағында помещица шешесінің *басыбайлы* шаруаларға еткен зәбір-жапасын көріп ержетті («Қазақст. мұғ.»).

**Тәулік, сөтке.** *Күн мен түнді қоса есептегенде ұзақтығы 24 сағатқа тең мерзім.* Он төрт *тәулік* бойы теңіз үстінде болдық (А. Нұрманов). Төрт *сөтке* Делиде күні мен түні бірдей ескілі, жаңа тарих ескерткіштерімен, еңбектерімен таныстық (М. Әуезов).

**Тәштию, тыштию, шәлтию.** *Өз әліне қарамай әлдеқандай болып көріну.* Ол кездегі ауылнайымыз Шәлтік деген *тәштиген*, қу жақ, сары көсе болатын (С. Жүнісов). – Құлан аға, мені жіберіңізші, бұл *тыштиган* неменің аузын бақадай ашырайын (А. Нұрманов). Осы сары Сатайды қашаннан суқаным сүймеуші еді, *шәлтиін* мына тұрысы тіпті жынымды келтіргені (О. Сәрсенбаев).

**Тәбіну, тепектеу, тепеңдеу.** *Көлікті жүргізу үшін, екі бүйірінен аяқпен соққылау.* Атын *тебініп* тарта жөнелген Балғабайға Бүркітбай қарап еді, беліне қыстырған ақ балтаның жүзі жарқ-жүрқ етті (С. Мұқанов). Есбол *тепектей* жортып жайлаудағы бір ауылға келді (З. Иманбаев). Алдағы адам аяңға көшпей, биесінің өкпесін тепкілеп, *тепеңдеп* келеді (Т. Әлімқұлов).

**Төбірену, толғану, тербену.** *Бір пәрсеге жан дүниесімен толқып берілу.* Азын-аулақ өмірдің ішінде *тебірене* еске алатын сәттердің болғаны да жақсы (Ш. Құмарова). Ақан сұмдық бір сырлы үнмен *толғана* сөйлеп кеткенде, Шорақазы іштей елігіп отырды (Т. Әлімқұлов). Іштей қайғы, дерт пысып, көкіректі өрт қысып Айтуға көңілім *тербемді* (Абай).

**Төбіреніс, толғаныс, толқыныс.** *Жан толқуы, терең ойға шомуы.* Оның жан дүниесінде бір *тебіреніс* болғанын ішім сезді (Н. Ғабдуллин). Бұл күндері жасы қырықтарға келіп қалған шокша сақалды, кең маңдайлы Бұхар жырау да осындай *толғаныс* үстінде еді (І. Есенберлин). Тайжанмен тұрып барып көрісіп, орнына қайта отырған Шолпан өзгеше бір *толқыныста* қалды (А. Хангелдин).

**Тегеш, тегене, керсен, шара, астау.** *Ас, су құю үшін жасалған ернеуі тік, иіңғыл үлкен ыдыс.* Бір кезде екі әйел келіп *тегешке* етті түсіріп алып кетеді (К. Әзірбаев). Сұлусары үлкен *тегегене* қымыз құйып алып, сапыра бастады (С. Мыңжасарова). Ере келген жігіт ішіне толған қымызы меймілдеген үлкен қара *керсенді* қайқая әрең көтеріп алып шықты (С. Мұқанов). Үлкен *шараға* наннан кептірілген сухар, пияз, бұрыш салынып, майлы сорпа құйылып дайындалды (Ә. Сәрсенбаев). Жылан жылынан жуылмаған қара кетік *астау*, қара шолақ шекпен майлық (І. Жансүгіров).

**Тегін, бос, ақысыз, ақысыз-пұлсыз.** *Ақы сұрамай, төлеусіз, тегіннен-тегін.* Зейнеткер болсам да жыл сайын маған бір сапарға *тегін* билет берді (Ж. Жұмаханов). Құл табан, кескіл тұмсық Бөстекбайым, Кісіге *бос* берермін бір мін тапқан (Абай). Музейге жетісіне екі рет қаржысыз халықты, мектеп оқушыларын *ақысыз* кіргізіп тұрады екен (Т. Ахтанов). Бір топ энтузиастар қоғамдық негізде ешқандай *ақысыз-пұлсыз* жүз баспа табақтай көлемді де күрделі ғылыми еңбек дайындауға ұйғарды («Қаз. әдеб.»).

**Тегіндік, тегіншілік.** *Жайшылық, бекерлік, тегін болушылық.* Әй, қайдам, мына жүріс *тегіндік* пе, әлде бір қызба көңіл жеңілдік пе (А. Ершуов). Атының құйқылжыта шауып келе жатқанына қарағанда бұл *тегіншілік* емес (Т. Жармағамбетов).

**Тегістеу, тегісірек.** *Кедір-бұдыры аздау, жазықтау.* Көше жиегінің бұдырмақ тастарына аяқтары қақтыға берген соң, *тегістеу* жер іздеп, жолдан шыға жүрді (С. Сейфуллин). Біздің арғы құм жағымыз бергі бетке қарағанда *тегісірек* келеді («Лен. жас»).

**Тежеу, тарту, тізгіндеу, ауыздықтау, мұрындықтау.** *Аттың басын тартып, қарқынның бәсеңдету, біреуді беталды еркіне жібермеу.* Атының басын *тежеместен* сыдырта қырманға келіп бір-ақ тартты (Т. Дәуренбеков). Қалдыбек тура үйге жақындағанда ғана, атының басын *тартты* (С. Мыңжасарова). Атам деп ап-асау тайды *тізгіндеп*, Әкеп берді мінсін бала біздің деп (Т. Молдағалиев). Денесі қызып

алған ат *ауыздықтан* отырғанның өзінде зорға әл береді («Лен. жас»). Ғалияның оны арбай, қуатын да, қайратын да, сана-сезімін де *мұрындықтаған* түйедей жетегіне алғанын абайламай отырмысың (С. Мұқанов).

**Тежеусіз, қағусыз, тізгінсіз.** *Ешбір тежелмеген, тыйым салынбаған.* Бірақ еркін етіп тәрбиелемеймін деп, баланы ешбір *тежеусіз* жіберуге болмайды («Қазақст. мұғ.»). Өзі де жасынан *қағусыз* өскен бала өткір тілді әзілқой еді (Қ. Тайшықов). Өз еркі өзіне тиген *тізгінсіз* бала не істеуші еді (Б. Тілегенов).

**Тез, жылдам, шапшаң, шалт, дереу, лезде, сәтте, заматта, демде, шұғыл, жедел, зәуметте, іле, әудемде, әндемде, әп-сәтте, қас-қағымда, жаушы-жалам қарап., зәудемде сөйл.** *Көзді ашып-жұмғанша, лездің арасында.* Қу тақтайлар сатырлап, гуілдеп *тез* жанып кетті (Ғ. Мүсірепов). Сәмен директордың кабинетіне *жылдам* басып кірді (С. Бегалин). Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын, Бірінің бірі *шатшаң* ұқпас сөзін (Абай). Ал қимылына келетін болсақ, сенен *шалт* болмаса, шабан емес (Ж. Еділбаев). Аяш *дереу* төрге көрпе салып, жастық тастады (А. Хангелдин). Бала үйреткенді *лезде* қағып алып, көрсеткенін бұлжытпай орындайтынына көзі жеткен (С. Мыңжасарова). Ербол жаныма сол *сәтте* жетіп келді («Лен. жас»). Салт атты сарбаздар сойылдарын оңды-солды сілтеп *заматта* жоқ болды (І. Есенберлин). Апасының үйге келгендегі алғашқы қуаныштары *демде-ақ* өте шықты (С. Алдабергенов). Абай айтқанына өкінгендей болып, *шұғыл* айналып бұрылып кетті (М. Әуезов). Мирзоян қазақтың ән-күй театрын ашуды *жедел* қолға алды (Ғ. Мүсірепов). Дүйсенбі оның сұраған затын *зәуметте* тауып әкеліп берді (Д. Досжанов). Жәнібек сауалға бұрыннан әзір адамдай *іле* жауап қатты (Ө. Хасенов). «Досанның келіншегі Қырмызы ұл тапты!» – деген жаңалық *әудемде* барша елге тарады (С. Омаров). Машинаға мінуім мұң екен, баратын жерімізге *әндемде* жетіп-ақ келдік (Ауызекі тіл). Жігіт *әп-сәтте* болып өткен бұл өзгерістерге түсіне алмай аң-таң (Ғ. Мүсірепов). *Қас-қағымда* көз алдыма келе қалған сондағы көріністі өмірімде ұмыта алармын ба (С. Сматаев). Сатан да *жаушы-жалам* шылбырға ұмтылып еді, кермеге бойы жетпеді (І. Жансүгіров). Ол машинаға *зәудемде* жетіп келіп, қарғып мінді (С. Хайдаров).

**Тездік, жылдамдық, шапшаңдық, шалттық. Тез болушылық.** Осыларды орындау мерзімі соншалықты *тездікті* талап етеді (Т. Тілеуханов). Уақыт донғалағы көз ілеспес *жылдамдықпен* зымырап отыратын кез келер (А. Байтанаев). Қыранның алғырының өзі оның *шатшаңдығында* (Д. Әбілев). Осы кезде келіншек көз ілеспестей *шалттықпен* есікті жапты да, сыртқы ілгегін сала қойды (С. Алдабергенов).

**Тезірек, тездеу, жылдамырақ, шапшаңырақ, жылдамдау, шапшаңдау. Тезденіңкіреп, жылдамдатыңқырап.** Елшілікке барғандар болыстың әлгі сөзінен кейін ауылға *тезірек* жетіп, жолаушыларды

күтқаруға асыққан екен (Н. Оразов). Бермейік бұл дастанға *тездеу* шешім, Достарым Алмабекпен кездесесің (Т. Молдағалиев). Жанар *жылдамырақ* басып ілгері кетті, жастарға қосылды (К. Қазыбаев). Мақсат *шапшаңырақ* басып, алда келе жатқандарды қуып жетті (С. Сарғасқаев). Олар аяқтарын *жылдамдау* басып, пулеметке асылғанға жегіп келді (С. Мұқанов). Тұлпардың шабысы тым *шапшаңдау* екен (К. Тоқаев).

**Тексеру, тергеу, байқау.** *Бір нәрсенің егжей-тегжейіне жетіп білу, анықтау.* Орта Азия мен Кавказдың өсімдіктерін *тексеру* үшін көптеген экспедициялар жіберілді (С. Субханбердин). Ысқақ содан бері тақақтап, Саматтың бұра басқанын *терейтін* болды (Т. Нұртазин). Мұрат тауып алған бес тиыны бар ма екен деген кісіше қалтасын сырттан *байқап*, ұстап қойды (Ө. Тұрманжанов).

**Тектес, текті, тұқымдас.** *Шыққан тегі бір.* Алғашқы кездерде Орта Азияда және моңғол *тектес* нәсілдердің барлығы да ноғайлар деп аталған болу керек («Қазақ ССР тарихы»). Сәкеннің бет сүйегі шығыңқылау болғанмен, келбеті моңғол *тектілерден* гөрі Кавказ тектілерге ұқсайды (С. Мұқанов). Ол кезде қаланы түркі *тұқымдас* халықтар мекендеген (Д. Досжанов).

**Текті, затты, заты.** *Шыққан жері қасиетті, әдепті, тәрбиелі.* Жаңағы болайын деп тұрған бала екен. *Текті* жердің баласы-ау, сірә (Т. Иманбеков). Қазақша өзі ғаят шежіре ақын, Болмаған заманында ондай *затты* (Әсет). Келіннің көзі тіктеу болғанмен, жүріс-тұрысы, мүсін-сымбаты *заты* әйелді танытады (Т. Әлімқұлов).

**Текіректеу, шоқырақтау, шоқандау, шоқыту, шоқақтау.** *Қатты шаттай, желе жорту.* Топтан бір-екі кісі сытылып шығып, жалғыз тобеге қарай желе *текіректеді* (М. Әуезов). Жүрістері суыт, копаң-копаң *шоқырақтап* үздік-создық шұбатыла желіп барады (С. Жүнісов). Топ басында *шоқандап* бара жатқан сауырлы биік аттың Кертөбел екенін ол бірден таныды (Ә. Сараев). Көктемнің көгілдір даласында қыз *шоқытып*, кейде ағызып келе жатыр (Х. Мұстафин). Жағыпар қария да көк шолақпен *шоқақтай* жөнелді (Е. Әзімбаев).

**Телефон соғу, телефон шалу, звандау, телефондау сөйл.** *Телефон арқылы сөйлесу.* Бір тығыз жұмыс болып қалып, *телефон соқпистан* келіп қалдым (С. Бегалин). Майлыбаев күн жылылығын білмек боп, Кузьменкоға *телефон шалды* (К. Тоқаев). Түнде көкең *звандады*, облыста шаруалары бітпей қалса, бүгін мұнда келмей қалуы да мүмкін (Ә. Тарази). Бір күні Күләш *телефондады*, даусында өбден шаршаған адамның белгісі бар (К. Байсейітов).

**Телмең қағу, телім қағу.** *Бір нәрсені сұрап мазалау.* Енді оларды *телмең қақтырып*, біреуге жаутаңдатып коюдың реті болмас («Жүлдыз»). Тіпті осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын төсінде талай адам бір жапырақ нан үшін *телім қағым* күн кешті емес пе (Ы. Кененбаев).

**Телу, меншіктеу.** *Меншігіне айналдыру, иелігіне беру.* Қолға түскен археологиялық деректерді сапасына қарап, белгілі бір уақытқа *тели* салу ағаттық болар еді (А. Сейдімбеков). Ең жайлы орынды *меншіктеп* алып, соған нық бекініп отыр (М. Әуезов).

**Телулі, тән.** *Біреуге, бір нәрсеге қатысты.* Біреуге *телулі* өндердің де шынтуаттап келгенде авторы белгісіз болып шығатыны да кездеседі («Егемен Қазақстан»). Әр гүлдің өзіне *тән* әдемілігі, өзіне *тән* көркі бар (М. Гумеров).

**Темірші, ұста.** *Темірден әртүрлі зат жасаушы. Теміршінің* қолында темір еріп су болар (Мақал). Қаланың шетінде *ұстаға* тағаны үш тиынға сатыпты (Ы. Алтынсарин).

**Теміршілік, ұсталық.** *Ұста өнерін кәсіп етушілік.* Зергерлік, *теміршілік*, етікшілік, ершілік өнерін жалғастырушылар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді («Қаз. әдеб.»). Амангелді кей кезде от басында бір нәрсені шыңылдатып, *ұсталық* істейтін (Р. Амангелдиев).

**Теңге, ділда, сома, дәлдір, елгей, жамбы, сом кітаб.** *Жүз тиынға тең ақша.* Колхоздың биылғы ақшалай табысы бес-алты миллион *теңгеге* жетпек (Б. Токтаров). Ғаббас қайтарында жиырма *ділдаға* бір күшік сатып алады (С. Қасиманов). Өзі болса, геология бөліміне осы қаржыдан берілген *соманың* біразын маман даярлауға жұмсауды қажет деп білді (М. Сәрсекеев). *Дәлдір* деп ерте кезде күміс ақшаны айтқан («Ана тілі»). Мұнымен қоймаймын екеуінді, Үйден барып беремін *жүз елгейді* («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»). Бір жолы бөйгесіне Құлагердің, Он жылқы, екі *жамбы* алып едім (Т. Әлішеров). Қағаз ақша шыққан соң *сом* деген ат пайда болды (І. Омаров).

**Теңгелік, сомдық.** *Теңгеге, сомға тең келетін.* Бір *теңгелік* күмісті лақтырды (Абай). Шәден шалбарының қалтасына қолын салып, бес *сомдық* пен үш *сомдықты* шығарып, Келеске ұстатты (Т. Нұрмағамбетов).

**Теңеу, теңгеру.** *Бірдей емес екі затты бір-бірімен тепе-тең ету, бірдейлестіру.* Аялап ана бөбегін, Талпынтты ғылым шыңына. Орындап арман тілегін, *Теңеді* қызын ұлына (М. Хакімжанова). Өзге істі татиды деп айта алмаймын, Елімнің еңбегіне *теңгеруге* (Қ. Айнабекұлы).

**Теңселу, ырғалу, гербелу.** *Әрі-бері шайқала қозғалу.* Қанат көп ойлардың соңынан *теңселіп* жүріп келіп, кереуетіне жата кетті де, көзін жұмды (Ғ. Сланов). Бойшаң сабақтар жел ығын бағып, майыса *ырғалады* (Қ. Толыбаев). Екеуі жұбын жазбай алтыбақанға отырып *тербелгенде*, Қадиша көзінен бір жарқылдаған от көруші еді (Қ. Жұмаділов).

**Теңіз, дария.** *Кеме жүретін ұшы-қиыры жоқ мол су. Теңіздің* жағасында қалың қамыс, Ішінде бір кеме бар шалға таныс (Абай). Үй салған Ніл *дарияның* жағасына, су жайған тоған алып даласына («Дастандар»).



**Теңізші, матрос.** *Теңізде қызмет атқаратын адам.* Баласын *теңізші* болсын деп жүргенде, танк оқуына кетіп қалды (С. Сейітов). Теңіз-кеме офицерінің де, *матростарының* да киім формалары жақсы келеді екен (Б. Момышұлы).

**Тепкі, тепкін.** *Аяқпен ұрған соққы, теуіп жіберушілік.* Байдың соңғы сөзі өмірдің *тепкісіне* түсіп, басы айналған шебер үйшігі тағы бір жыл қыстату екенін сорлы Сандыбай ұға алмайды (С. Талжанов). Мұны айтатын жатағандау келген, *тепкіні* темірдей Нұрбек еді (І. Жансүгіров).

**Терең, тұңғыық, түпсіз, шұңғыл.** *Түпсіз терең су, құлама-құлди жер.* Жол үстінде көзге түсіп жүрермін деп, *терең* сайдан өтіп алып, қырға қарай салды (Б. Майлин). *Тұңғыық*, тыныш теңіз беті жыбырлай бастады (І. Жансүгіров). Бір сәтке аяқ астындағы мұз ойылып, *түпсіз* тереңге түсіп бара жатқандай сезінді (Т. Дәуренбеков). Көріні ауылға баратын жолда *шұңғыл* сай бар (Б. Сокпақбаев).

**Тершен, тершіл.** *Көп терлейтін.* Адай жылқысының бір қасиеті *тершең* емес, безбүйрек, қағылез келеді («Тарту»). Жігіттің *тершіл* ыстық маңдайын жүрегіне басты (С. Омаров).

**Теріс, қате, бұрыс, жаңсақ, шет, ағат, қақас, қағыс, ұшқары, тетір, қисық, қалып көне, надұрыс көне.** *Дұрыс емес, жөн емес, оң емес.* Бала үлкендердің айтқандарына қарай өзінің *теріс* істеріне ұяла бастады (Қ. Жарықбаев). Кейде мамандық таңдағанда жастар қателеседі дегендей, мен де *қате* түскен болармын (С. Шаймерденов). Ол өз дегенінен дұрыс болса да, *бұрыс* болса да қайтпайтын бір жігіт еді (Ш. Мұртазаев). Әлбетте, соңғысы – *теріс, жаңсақ* ұғым (С. Байжанов). Айтқан сөзім *шет* болса, сынамайық қалысқа (Жамбыл). Олардың ойы *ағат* екенін енді ғана түсініп тұрмын (Қ. Жармағамбетов). Жас жалшыда *қақас* ой, қалтқы мінез бола ма? (І. Жансүгіров). Әмірші қатты шошынды, *қағыс* естідім бе деп қалды (Д. Досжанов). Әбіш өз ойының бұл жөнінде *ұшқары* екенін аңғарды (М. Әуезов). Адам басқа біреудің *тетір* мінезін көріп отырып қалай шыдасын (Б. Қыдырбекұлы). *Қисық* тәрбие қырсығын тигізбей қоймайтындықтан, ол тәрбиешіні де, тәрбиеленушіні де шарпуы ықтимал (М. Әлімбаев). Халық айтпайды, халық айтса, *қалып* айтпайды (Мақал). Айттым-ау деген айбарлы сөз, сүздім-ау деген сарқынды ойларын мынасы дұрыс, мынасы *надұрыс* саралай алмасын біледі екен (А. Сүлейменов).

**Терістеу, тетірлеу.** *Онша дұрыс еместеу.* Самалды көбірек еркелетіп, оның *терістеу* сөзін де оңға бұра сөйлейтін (Ә. Әбішев). Қылығының *тетірлеу* болғанын сезінген Зәуре тізерлеп отыра қалды да, нанын жей бастады (Б. Сокпақбаев).

**Терістік, қателік, тетірлік.** *Дұрыс еместік, теріс болушылық.* Өз ісінің *терістігін* енді жете түсінгендіктен, қатты ұялып отыр

(Н. Ғабдуллин). Ата-ана баласының *қателігін* дәлелдеп, көзін жеткізсе, бала түзеле бастайды («Қазақст. мүғ.»). Ел іші тентексіз бола ма, анда-санда болса да *тетірлік* пен тентектік кездеспей қоймайды («Соц. Қаз.»).

**Тесік, саңлау.** *Тесілген жер, жырықша.* Терезенің пердесі бар, ашық жер жоқ, Саңлау болар көрінбейді *тесік* те («Сәлем саған, Украина»). Болыппын жыртқық үйдей *саңлауым* көп, Тұрғандай жан-жағымнан жел үлдеп (Жамбыл).

**Тиесілі, тиісті, тиесі.** *Қажетті, міндетті.* Колхозшылар өздерінің еңбек күндеріне *тиесілі* ақысын білгеннен кейін еңбегінің нәтижелі болуына тырысады (С. Қаженбаев). Бұдан екі жүз жылдай бұрын маралоты ғылыми медицинада өзінің *тиісті* бағасын алды (С. Сұбханбердин). Матрена бір-екі шыны шай ішіп, *тиесі* ақшасын алғаннан кейін үйіне қайтты (К. Тоқаев).

**Тиімді, пайдалы, ұтымды, ұтықты, ұтқыр, ұтырлы сөйл.** *Пайдасы, табысы мол.* Өзімізге қажет жас мамандарды өзімізден, осы жерден өзірлей бастаған өте *тиімді* (С. Бақбергенев). Көбірек қимылдап, көбірек жүріп-тұрсаныз, денсаулығыңызға сол *пайдалы* (Н. Әбдікерімова). Жоспарды артығырақ орындау шаруашылық үшін *ұтымды* болды («Жас Алаш»). Дәрмен тағы да *ұтықты* дау бастады (М. Әуезов). Абай сөзінде ақындық тебіреніс, шешендік *ұтқыр* сөздер бар («Қазақст. мек.»). Мына бір орынсыз қалжың килікті де, *ұтырлы* сәтті қолынан шығарып алды (Ә. Сараев).

**Тиімділік, пайдалылық, ұтымдылық.** *Тиімді болушылық.* Дұрыс тамақтанудың, бір мезгіл дем алып, бір мезгіл серуендеудің де айтарлықтай *тиімділігі* бар («Қымыз және шұбат»). Демек, шайдың адам ағзасына *пайдалылығы* сол кездің өзінде-ақ белгілі болған (С. Сұбханбердин). Сұлтанмахмұттың тапқыр қайраткерлігін мінсіз *ұтымдылық* деп таныды (Д. Әбілев).

**Тиімсіз, пайдасыз, ұтымсыз.** *Тиімді емес, ұтымды емес, пайдасы жоқ.* «Күріш өсіру *тиімсіз*. Колхоз үшін пайдасы аз, оны егіп өуре болудың қажеті жоқ» деген үгіт көбейе бастады (Ы. Жақаев). Капитан мырза, ендігі қарсыласуларың *пайдасыз* болады (Б. Момышұлы). Біздің сөзіміздің шотаяқ тәрізді іліп-тартпа *ұтымсыз* екені рас та шығар (С. Бегалин).

**Тиісу, соқтығу, ұрыну, қақтығу, шаптығу, шүйлігу, шүйілу, байланысу, ілінісу, ұстасу, шатасу сөйл.** *Пәле іздеп біреуменен шатақтасу, ұстасу.* Сен де жоқ жерде біреуге *тиісіп*, бөлеге қалайын деп жүрсің ғой? (А. Нұрманов). Сәмбеттің *соқтығарға* қара таппай китығып тұрғаны бірден белгілі (С. Мұратбеков). *Ұрынарға* қара таппай жүретін Есікбай басқа балаларға істейтін қылығын Аянға да істеді (С. Мұратбеков). Ол үзіліс кезінде жып-жылтыр балаға тиіскісі келіп, талай *қақтықты* (Б. Тоғысбаев). Екі ұртыңды кампитып, Сөйлейсің

сен аптығың, Елінде ер бар ма? – деп, Сұрайсың және *шаптығың* (Жамбыл). Шолпанды желіктіріп жүрген осылар деп *шүйліккен* байлар қастандыққа барыпты (Ә. Қалмырзаев). – Олардың көз жасына неге көңіл бөлмей жүрсің? – деп, Мұқаметқали Өміржанға ызғарлана *шүйілді* (С. Бегалин). Біреумен *байланысып* шатақ шығарарда Нұрқаттың долданып өндірішкітей түсетіні Нұрланға да жас шақтан таныс-ты (З. Шашкин). Айтқұлдың Әужанға «өтірік айтасың» деп *ілінісе* кеткелі отырғанын Мәузия сезіп отыр (З. Ақышев). Жарылды ауыл таптасты, жағаласты, *ұстасты*, қыр соғысты, қырман боп (І. Жансүгіров). Мен сенімен орынсыз *шатасқаным*а кешірім сұраймын (Т. Дәуренбеков).

**Тозақ, тамұқ.** *Діни наным бойынша, күнәкар адамдарды о дүниеде азаптайтын, қинайтын жер.* Түзікті бейіске шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіреді (Абай). Олардың ұғымында о дүниеде *тамуққа* түссе, отқа күймейді (С. Мұқанов).

**Тозақы, күнәкар.** *Қылмыскер болған, барынша айыпты, жазықты.* Боз тұлпарды өлтірген Нығымет қандай тозақы (Кенен). Кісі өлтірген бәрібір күнә, қылмыс. Сондықтан ол – *күнәкар* адам (М. Жұмағұлов).

**Тозыңқы, көнелеу, ескілеу.** *Тозыңқыраған, ескіріңкіреген.* Қыздың үстіндегі киімі *тозыңқы*, алыс жолдан азап шегіп келе жатқандай сияғы бар екен («Мың бір түн»). Гүлжан басына ағасының *көнелеу* қоңыр бұйра бөркін киді (Ғ. Мұстафин). Үстінде ескі шапан, басында *ескілеу* бөркі бар шоқша сақалды қартты көрдім («Таң нұры»).

**Той-думан, той-дүрмек, ойын-сауық, сауық-сайран, ду-думан, ду-дүрмек, қызық-думан, той-тамаша, той-тобыр, той-томалақ, ырду-дырду.** *Әртүрлі қуанышпен байланысты өтілетін дүрмекті жиын.* Атқа мінуден қалып, үйде отырған ақын *той-думанды* сағынады (С. Бегалин). Бірақ та қалып жүрмін *той-дүрмектен*, шығайын десем-дағы бой түзеп мен (Қ. Көпішев). *Ойын-сауық* аса қызу боп басталып, таң апшақ болып атқанша солғындаған жоқ (М. Әуезов). Ұзаққа созылған ән мен би, *сауық-сайраннан* кейін біз тамаққа отырғанда күн де кешке айналған еді (Ә. Сәрсенбаев). Ыбырайдың жүрген жері ойын-күлкі, *ду-думан* еді, әні де, әнгімесі де таусылмайтын (Ы. Сандыбайұлы). Танитын, танымайтын жандар тегіс араласа қабаттасып, *ду-дүрмекті* көбейтті (К. Оразалин). Жастар жиналған кезде кең дүние одан сайын кеңейіп, *қызық-думан* болып жататын (Т. Жангелдин). – Иә, ақсақал *той-тамаша* осы даңғыл жол үшін болар (Б. Момышұлы). Аяз бұларды сыртынан білетін-ді, бір-екі рет *той-тобырда* көргені де бар (Ә. Тарази). Сәтмағамбет пен Далабай іргелес ауылдан бір саба қымыз әкеліп, *той-томалақ* жасаған (С. Омаров). Ол жас кезінің өзінде-ақ *ырду-дырдуға* құлықсыз еді (Ә. Кекілбаев).

**Тойлау, мерекелеу, мейрамдау.** *Бір оқиганың қуанышты құрметін еске алып қызықтау, тамашалау.* Ол сол жылы Сәбит Мұқановтың 60 жылдығын *тойлауға* Алматыға келген болатын (С. Мәуленов). Бүгін Әуезовтің немерелері оның туған күнін *мерекелеп*, ескерткішінің тұғырына гүл шоқтарын қояды («Қаз. әдеб.»). Енді жыл сайын өзге халықтар сияқты біз де Бірінші Майды *мейрамдайтын* боламыз (Б. Момышұлы).

**Тоқал, тұқыл, мұқыр, мүйізсіз.** *Мүйізі жоқ, мүйіз өспеген.* Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп, құлағынан айырылыпты (Мақал). *Тұқыл* ақ ешкі есік алдына байланыпты (Т. Иманбеков). Кіші Нарынға қоңыр күзде көшіп келген Мәртін шал *мұқыр* қоңыр сиыр, екі қой, бір ешкі сатып алды («Бал дәурен»). *Мүйізсіз* мал қорада және жайылымда, сол сияқты поезбен, машинамен тасыған уақытта бір-бірін жарақаттай алмайды (Ф. Әбішев).

**Тоқпақ, қолағаш.** *Бір басы жуан әрі жұмыр келген қазық қағатын құрал.* Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер (Мақал). Бүйіріме кірер өз қазығым болғанда, оны қаққан *қолағашқа* дақ түскен жоқ (Қ. Оразалин).

**Тоқтау, доғару.** *Жүріп жатқан жұмысты кідірту, бөгеу.* Жұмысты неге *тоқтаттың?* – деді Есентай екі иығынан демалып, булығы сөйлеп (А. Жақсыбаев). Ақыры сол жылдың жазында маған Жуанағаштағы молдалықты *доғаруға* тура келді (С. Мұқанов).

**Тоқтау, бөгелу, тоқырау.** *Жол жүріп келе жатып, сәл тежелу.* Абай ұлықтар үйіне жақындау отырған бір кедей ауылдың қасына кеп *тоқтады* (М. Әуезов). Ол шаршап келе ме, байқап келе ме, әйтеуір қарауы да, *бөгелуі* де көп (Ф. Мұстафин). Аттардың бабына қарай түсте және кешке ұзағырақ *тоқыраумен* біз ілгері жөнеп отырдық (С. Мұқанов).

**Толас, тыным, саябыр.** *Сәл тыныс тапқан шақ, сәл кідіріс.* Ән *толасы* болғалы үй іші жапырлап, әр тұстан сөйлесіп, күбірлесіп, күлісіп жатыр (М. Әуезов). Не күйде екен Сарадыр, Желіккен желі жапан түз. Тартты ма екен *саябыр* (Т. Жароков).

**Толастау, басылу, саябырлау, баяулау, ақырындау, тыну, аяқсу, сабырлау.** *Іс-әрекеттің тып-тыныш қалыпқа келуі, тынышталуы.* Жанжалдасқан екі жақ та кішкене *толастай* бастады (М. Әуезов). Дыбыр-ду *басылған* соң Арман бой созып қарап, қыратта шоғырымен кетіп бара жатқан қуғыншыларды көрді (Н. Оразов). Таң біліне *саябырлаған* жел күн шыға біржола тынды (С. Мұқанов). Жаңбыр тоқтап басылды, жел *баяулап*, Тау-тауларға мінгесті бұлт баяулап (И. Байзақов). Үрдіс жүрісті поездың өз ырғағын сәл өзгертіп, баяулап, *ақырындай* бастауы ой жібін үзіп жіберді (С. Шаймерденов). Жүрт әуелде құлаққа ұрған танадай *тына* қалды (Б. Тәжібаев). Станцияда дабырлап жүргендер орны-орнына отырып, дабыр-дүбір *аяқсыды*

(І. Жансүгіров). Шеген аузына түскен бір-екі ауыз сөзін әдемілеп айтуға тырысып, *сабырлана* сойледі (А. Хангелдин).

**Толу, шыпылдау, ернектеу, ернеулеу, лықылдау, емізіктеу, шүпілдеу, мөймілдеу, иіндеу, меймілдеу сойл., сықию сойл.** *Судың, тамақтың асып төгілуі, бетімен-бет болып тұруы.* Кіші Қарой – екі жақтан келетін сумен *толады* да одан Есіл суы Үлкен Қаройға қарай анталайды (Қ. Исабаев). Қазанға суды толтыра *шыпылдап* құйып, астына от қойдық («Қаз. әдеб.»). Қорадағы қаңырайған абажадай темір бөшкенің ішін суға шүпілдете толтырып *ернектетіп* қояды (Б. Тілегенов). Ол төрт құлақты қара қазанды жер ошаққа асып, ішіне *ернеулетте* су құйып жатыр (Д. Исабеков). Таң атысымен шоферлер машиналарына тақтай отынды *лықылдата* тиеді («Ақ бидай»). *Емізіктенген* қара сабаның жанында Балдай отыр, алдында бір шара қымыз (Б. Майлин). Артынша еңгезердей бір жігіт ернеуіне шейін *шүпілдете* қымыз құйылған дәу шара әкеліп, Абайбектің алдына қойды (С. Санбаев). Шешесі кішірек бір тостағанға қымызды *мөймілдете* құйып, баласына ұстатты (Ә. Омарбаев). Әжептәуір қомақты қара саба бес биенің екі күн жинаған сүтіне *иіндеп* тұр (Ғ. Мұстафин). Әуез зерен тостағанға *меймілдете* құйған сусынды қылқылдата қатты жұтып, басына төңкере салды (А. Мекебаев). *Сықия* асылған жабағы етін бабымен пісіруді қадалаған Жаңқаш еді (Ә. Әзиев).

**Толы, бірінді.** *Ыддыстың ернеуінен аса шытылдаған қалпы.* Тұрар төменге түсті де, су *толы* шелекті көтеріп алды (С. Шаймерденов). Құсайынның қатыны да кішкене тегешімен *бірінді* қымызын сасқалақтап тысқа алып шықты (С. Сейфуллин).

**Толықша, толықшалау, толықтау.** *Онша семіз емес, орташа күйлілеу.* Үстіне ақ халат киген *толықша* сары әйел елден ерек дауыс салып, арулардың үрейін ұшырды (О. Сәрсенбаев). Басына жұқа жібек орамал тартқан орта бойлы, *толықшалау* келген бір әйел ғана күлімсіреп тұр (Н. Ғабдуллин). Есік көзіне жақындап қалғанда қырықтар шамасындағы *толықтау* орта бойлы жігіт соңынан қуа жетті (Р. Тоқтаров).

**Толымды, толық.** *Жеткілікті дәрежеде.* Шоқанның сұрақтарға *толымды* жауап беріп, үлкен кісілердің өзі түсінбейтін жайларды ажырата айтқанына іштей тандану да жоқ емес (С. Бегалин). Сейілдің осы бір адал сырын оқып білгендей Батыржан көңілдегісін *толық* баяндауға кірісіп кетті (Р. Райымқұлов).

**Томырық, дүңк, ноқай, мойыс, морт.** *Өз дегені болмаса көнбейтін, тік мінезді.* Момақан Нұртайдың алған бетінен қайтпайтын осындай *томырық* мінезі де бар (О. Сәрсенбаев). Осындай сөзді Асқар естісе ғой, оспадар *дүңк* мінезді адамды аурухананың маңынан жүргізбес еді (И. Жақанов). Кекен-кекең еткен *ноқай*, даңғой офицер залым болыс арамдығын түсінер деңгейде емес (Р. Нұрғалиев). Ол

айтқан бетінен қайтпайтын *мойыс* мінезіне бағып, көнбей отырып алды («Лен. жас»). Әкенің *морт* мінезіне қанық қызы «шамына тиермін» деп, жақындамады (С. Жүнісов).

**Томырықтау, дойырлау, ноқайлау.** *Аздап томырық, тік мінезділеу.* Жаңыл болмаса, оның өзі кісімен келісімі шамалы *томырықтау* адам ғой, — деді апам уайымдап (Б.Шаханов). Оның өзі тұйықтау, *дойырлау* кісі еді (Т. Әлімқұлов). Орталықтан шалғайда жатқандықтан ба, сәл *ноқайлау* (Б. Тоғысбаев).

**Тонау, үптеу.** *Біреудің дүние-мүлкін қарақшылық жолмен тартып алу, ұрлау.* Есілдің екі жағындағы елдерді күнде бір *тонап* отырған Қожықенді Керейге ауыз салайын деді де (Ф. Мүсірепов). Олар ұрлықпен, кісілердің үйлерін *үптеумен* кәсіп еткендер екен (Ө. Тұрманжанов).

**Тонаушы, қарақшы, жолбасар.** *Жол торып, кездескен адамды тонап алушы. Тонаушылар* ұсталып, бәрі де жауапқа тартылды (Ауызекі тіл). Қайсар әлі күнге мұхитта кезіп жүрген *қарақшылар* туралы айтып берді («Тұлпар»). Ол кәдімгі *жолбасар* ұрыларша шапан, бөркін айналдыра киіп, мұрны мен аузын қызыл орамалмен таңып алыпты (М. Әуезов).

**Тоңазытқыш, мұздатқыш, суытқыш** *сөйл.* *Азық-түлік бұйымдарын белгілі температурада сақтап тұратын салқындатқыш құрылғы.* Шолпан *тоңазытқыш* ішінде тұрған әзір тағамдарды алып, стол жасады (Р. Тоқтаров). Піскен помидорлар *мұздатқыштардың* ішіне салып тасылса, тиісті жеріне сапалы түрде жетеді (Д. Әбілев). Ішіне ауа *суытқыш* кондиционер орнатылған (Т. Ахтанов).

**Тоңғақ, жаурауық.** *Суыққа төзімсіз, мұздауық.* Сіз жаралы болып көп қан жоғалтыпсыз, қаны аз адам *тоңғақ* келеді (Ә. Шәріпов). *Суыққа жаурауық* асыл тұқымды қойды шөп үйілген Жалаулы ішінде қыстатқан (С. Бегалин).

**Тоңу, жаурау, бүрсеңдеу, дірдектеу, бүрсектеу, мұздау.** *Суық өтіп бүрсең қағу, қалтырау.* Күн ызғырық еді, желдің өтіндегі біз қалшылдап *тоңып*, шыдай алмай барамыз (Б. Майлин). Бүркіт расында да әбден *жаурап* қалған екен, оңай жылынар емес (І. Есенберлин). Жыртық киіз үйде *бүрсеңдеп* жүретін Бақтығұлға мынау үйі бір қонып кетер болса да, үлкен сый сияқтанды (М. Әуезов). Бұйығып тұрған қойлар желдің өтіне шыққасын *дірдектеп*, бүгежектеп келеді (Т. Ахтанов). Жылы күркеден салқын далаға шыққан бойда дірдек қағып, *бүрсектей* жөнелесің (С. Мұратбеков). Қыргүйектен бері тынбай тұрған суық қара жел ұры иттей сумандап тұла бойын кезіп, денесін *мұздатады* (Н. Серәлиев).

**Топталу, үймелеу, жиналу, шоғырлану, ұйлығу.** *Бір жерге топ-топ болып ұйысу, шоғырлану.* Біраз адамдар арыда, Абайдың бейіті басында *топтальсып* қалыпты (К. Оразалин). Оқушылар газетке *ұймелесіп* тұрғанда, қоңырау соғылды (М. Иманжанов). Капитан

комитет мүшелеріне, жасақшыларға түрменін қарауыл пунктіне *жиналу*ды тапсырды (М. Қуанышбаев). Енді бір кезде қыз-бозбала бір жерге *шоғырланып* иіріле қалды (Т. Ахтанов). Үлкендер кетісімен ауыз үйде *қйлығып* тұрған ауыл жастары кең бөлмеге лық толды (С. Жүнісов).

**Торлау, қаптау.** *Бұлт басып, күннің көзін көрсетпеу.* Аспанды *торлаған* кара ала бұлттан басқа биікте қанат серіпкен тірі құс жоқ (С. Жүнісов). Не жаумай, не жылжымай тұтасқан кара бұлт аспанды *қаптап* алыпты (Б. Нұржекеев).

**Торсық, жанторсық, қауақ.** *Сусын құю үшін ысталған теріден жасалынған шағын ыдыс.* Ауызсу жоқ, *торсық* пен қарынға құйып апарған сусынымыз бітіп қалды (С. Бегалин). Бала *жанторсыққа* құйып үйден алып шыққан төтті қымызды тостағанға құйып ішіп отыр еді (С. Омаров). Қолдарында сусын құйған *қауақтары*, орақшы қатындар шұбырып қырдан асады (З. Шүкіров).

**Тору, торуылдау, анду, қарақтау, сырғалау көне, кежеуілдеу сөйл.** *Біреудің сыртынан бақылау, шолу.* Қасына үш-төрт жауынгер ал да, сол үйді *торы* (Х. Есенжанов). Иығына мылтық асқан жалғыз жаяу, бұларды сыртынан *торуылдап* жиекте жүрді де қойды (Ә. Нұрпейісов). Бас киімінді әкел, *андып* жатқан адамға ұқсатып қоялық, қараған замат көзіне түссін, қалай-қалай емес (Б. Нұржекеев). Жаман қасындағысын *қарақтайды* (Мақал). Ат мінесін, Қарабай, бек тағалап, Ақсақ қасқыр аулында жүр *сырғалап* («Қозы Көрпеш»). Мүсеке, атқа мініп төңіректі *кежеуілдесек* қайтеді (С. Сейфуллин).

**Тоспа, бөгет.** *Су жиналатын қойма.* Су жолдарындағы *тоспалар, бөгеттер* қамыстан, ағаштан салынған (Б. Әбдіразақов).

**Тосқауыл, кедергі, ілгішек, оралғы, тосқын, тосқау сөйл.** *Жүріп тұрған іс-әрекеттің жолында кездесетін қырсық.* Зайра бәрін бір күнде-ақ бітіре салам деп құлшына кірісіп еді, оған болмашы кедергілер *тосқауыл* болды (А. Байтанаев). Азамат соғысының осынау қиынқыстау кезінде әлеуметтік міндеттерді орындауға *кедергілер* көптеп кездеседі (Ш. Байбатшаев). Бір жағдайда іліп қалып, өткізбей қоятын бір *ілгішек*, енді бір жағдайда түкке тұрмайтын бірдеме болып қалды (Ғ. Мүсірепов). Оқысын, жеңеше, етегіне *оралғы* болмағанымыз жөн, – деді Мырзабек (Т. Дәуренбеков). Ақ келіннің аруағы атты ма, асқан Сапақ *тосқынға* кездесті (С. Талжанов). Екі-үш күннің ішінде Есік-қорғанның іргесіне биіктігі отыз метрдей тоған жасалып, тасқынға *тосқау* қойылды (О.Сәрсенбаев).

**Тостаған, зерен кітаб.** *Ағаштан жасалған сырлы да өрнекті дөңгелек шағын ыдыс.* Апам бір *тостаған* сорпаны құйып алды да, өзін-өзі зорлап өзер дегенде ішті (Т. Сұлтанов). Ол аздап тыныстап алып, қутуші ұсынған *зерен* толы қымызды қайтарған жоқ (Д. Досжанов).

**Тосу, күту.** *Биреудің алдынан шығып қарауылдау, қарайлау.* Жәмила шешеміз баласын күнде *тосып*, жолын қарап отырады (Ш. Дәрмағамбетов). Алты ай бойы бұл ауыл *күтіпті*, бізді армандай, Айғағы соның мына бір Гүл бағы – қызыл ормандай (Ж. Молдағалиев).

**Тосын, тосаң.** *Бір нәрсемен таныс емес, сырт, бөгде, бөтен.* Тосын көзге бұл өрескелдеу көрінетін шығар («Жас Алаш»). Тосаң көзге іліге де бермейтін әлденелер тұрақты да байырғы дәстүрге айналған (Ғ. Мүсірепов).

**Тосырқау, сонырқау, тосаңсу.** *Бөтен санау, жатсыну.* Бұрын көрмеген адам екеніне көзі жеткен соң *тосырқай* қарады (С. Адамбеков). Аққу-қаздар алыс жақтан ән шырқап, Оралды өне, айдын көлін *сонырқап* (Қ. Бекхожин). Бастапқы кезде Токтасын үйренбегендіктен *тосаңсып* жүрді (Т. Нұртазин).

**Тою, лықию, бөгу, бөрту, тояттау, тоғаю, сылқию, тыңқию, ыңқию, мелдектеу.** *Тамақты кеңірдектен ішіп-жеп қанағаттану.* Ол сорпа мен нанға *тойып*, бойы жылынып, сәл мызғып алды (З. Ақышев). Әкім құрт езген майлы сорпаны сіміріп алып, *лықып* шегіне берді (Ә. Әзиев). Қымызға *бөккен* адамдардың жағасы жайлауға кетіп, аузынан сілекейі ақты да қалды (І. Жансүгіров). Етті жеп, қымызды ішіп *бөртін* алып, Әңгіме соқтық қолды серпе-серпе (С. Дөнентаев). Қарбыта *тояттаған* қыран бүркіт тұғыр үстінде қалғиды (Ғ. Сармұрзин). Ол біраз ішіп-жеп *тоғайып* алған соң ғана еңсесін көтеріп, жадырай түсті (Қ. Тоқаев). Жұман әлден соң күлкіні ұмытып, етке *сылқия* тойып алды (М. Әуезов). Ол сүтті саулықтың уызына *тыңқият* тойып алды (М. Тиесов). Нанды жей-жей *ыңқыт* тойынған жұрт, қалғанын қойын-қоншына тыққыштай бастады (Т. Бердияров). Жемсауы *мелдектеген* қыран, аң ұстап, өзі тояттаған төңіректен еш уақытта ұзап кетпейді (Ә. Көшімов).

**Төбелесқой, төбелескіш.** *Төбелесқұмар, жұдырық жұмсағыш.* Біздің елде баяғыда бір ұрыншак, *төбелесқой* тентек жігіт жанжалды іздеп жүреді екен (С. Жүнісов). Сотқар, *төбелескіш*, әумесер жындылар да Жасыбайдың маңынан мол табылады (Қ. Жұмаділов).

**Төбелестіру, соғыстыру.** *Қуш қолданып шекісу.* Кейде екі баланы татуластырудың орнына өшіктіріп *төбелестіріп* те қоя саласың (Ө. Тұрманжанов). Бала кезімде бөдене *соғыстыруды* жақсы көруші едім (Ә. Жылқышиев).

**Төбелесу, сойылдасу.** *Бірін-бірі ұрып жанжалдасу.* Түн ортасы болған кезде бір нәрсенің сарт-сұрт естілген дыбысымен шошып оянып қарасам, екеуі жұдырықтасып, қызыл ала қан болып, *төбелесіп* жатыр екен («Қаз. ертегі.»). Боқшабаев мылтықтың оқыс атылуынан, *сойылдасудан*, айкай-шудан үркіп-қорқуды білмейді (Б. Соқпақбаев).



**Төзімділік, төзімшілдік, төзімпаздық.** *Төзімді болушылық.* Ақтұмалықтар осы бір егде әйелдің *төзімділігіне*, сабырлылығына қайран болатын (Ә. Әлімжанов). Мұндай жағдайға *төзімшілдік* істеуге болмайтыны айқын (К. Күленов). Редактор қатулана еркін тістеп, ағасының сал сүйек *төзімпаздығына* зығыры қайнады (Р. Райымқұлов).

**Төзімпаз, төзімді, төзімшіл, төзімтал.** *Неге болса да төзе алатын.* *Төзімпаз* халқымыздың бақытына, Сен ғана қамқоршымыз қателеспе (Ә. Сәрсенбаев). Ұлбосын – көп үндемейтін, сабырлы, *төзімді* бала (Б. Майлин). Алтай қызын үй салтының езгісі бөріне де *төзімшіл*, көнпіс, қорғансыз, үнсіз күнге айналдырды («Қаз. әдеб.»). Адам баласы мұншама *төзімтал* бола береді екен (М. Сатыбалдиев).

**Төзімсіз, шыдамсыз, көнімсіз.** *Еш нәрсеге төзе алмайтын, көнбіс емес.* Көп адамдар суыққа *төзімсіз* келеді де, олар тұмауратып, жөтеліп жиі ауырады (С. Нұрғожаев). Бұл қойлар қар тегуге де жаман емес, жалғыз-ақ жазғы ыстыққа *шыдамсыз* (С. Бегалин). Қиындыққа *көнімсіз*, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге тырысатын біреу еді (Ауызекі тіл).

**Төл, бала.** *Жан-жануардың, малдың соңынан ерген ұрпағы.* Бұғы ана азғана *төлін* ертіп, шыңның құзар басына шықты (Ш. Айтматов). Аздықөпті төрт-бес жылқы, бәрі көк биенің *балалары* ғой (Ж. Аймауытов).

**Төлдеу, балалау, қозылау, құлындау, боталау, бұзаулау, лақтау.** *Мал мен жан-жануардың тууы, төл әкелуі.* Қаратай қойлы ауылға нағыз мал *төлдеп* жатқанда келді (Ө. Тұрманжанов). Ұрғашы аю көктемде ұйығып, жеті айға толғанда, январь, февраль айларында *балалайды* (Х. Қыдырбаев). Айша келін дұрыс айтады, боз қойдың бүгін-ертең *қозылайын* деп тұрғаны рас, – деді Атекең (Ғ. Мүсірепов). Сұлу мүшелі жорға торы бие биыл *құлындады* (Ғ. Сланов). Осы жерге қойған күні *боталаған* боз інгеннің ботасы әлі енесіне еруге жараған жоқ (С. Бегалин). Әне бір көк сиыр үрпін ашып тұр, бүгін *бұзаулайды*, байқандар (Ғ. Мұстафин). Бөкендер *лақтау* үшін мына ауа райы жылы жаққа ойысып келген («Саятшылық»).

**Төлеу, өтеу, өндіру.** *Бір заттың құнын орнына салу, қайтару.* Сен алдымен маған он жыл бойы тартқызған шығынымды *төле* (М. Дүзенов). Анамның қабағына қараған ер-азаматтың жақсылығын тірі болсам *өтермін* (К. Қазыбаев). Киімнің құны үшін 150 сом ақшаны сот арқылы клубтан *өндіріп* алды (М. Қосшығұлов).

**Төмпешік, төмпек, төмпеш сөйл.** *Құм, топырақ, тағы басқа заттан үйілген кішкентай ғана дөңес.* Серік пен Қалампыр беттерін егістікке беріп, *төмпешіктің* үстінде отыр (М. Гумеров). Әлгі маңнан биіктеу *төмпек* тауып, атты соған жақын тарттым (Б. Соқпақбаев). Бір *төмпешке* шығып, айналаға дүрбімен қарап, ештеңе көре алмайды (С. Сейфуллин).

**Төңірек, өңір, атырап, аймақ, айнала, маң, маңай, атырау.** *Жер көлемінің аумағы, аясы.* Ол қазақ даласының Мойынкүм мен Арал төңірегін кезді (Ғ. Мүсірепов). Отар жайылатын Теректі сайы Тарбағатай өңіріндегі ең жақсы жайлау болып саналады («Алғы шепте»). Қайсар *атырапқа* көзін салды, Жігері өршеленіп оттай жанды (Т. Жароков). *Аймағын* көк жасыл төбелер қоршаған шағын село күн нұрына шомылып күрленеді (М. Иманжанов). Күн қызылшұнақ аяз, *айнала* көз жеткісіз кең жазық (Ғ. Мұстафин). Бұл *маңдағы* қазақ көршілерінің әйелдері Дөмежанды аса жақсы біледі (М. Әуезов). Алыстан қарағанда үй *маңайында* ешкім көрінбейді (М. Әбдіхалықов). Бес-алты-ақ сағат арасы, үш жүз мың кетті шамасы, өр түске енді *атырау*, Ай сұлу, сірә жақын-ау (Ш. Смаханұлы).

**Төреші, қазы.** *Спорт ойынында төрелік ететін адам.* Кім озса бас бөйгіге қызыл нар тігіледі деп, *төреші* айғай сап тұр (О. Тәжиева). Соңғы жұдырықтасудан кейін *қазылар* тобы екеуіне де тең ойын деп тоқтатты («Білім және еңбек»).

**Төрешілік, қазылық.** *Төреші болушылық.* Біздің де берер бағамыз, айтар *төрешілігіміз* осы (С. Аққошқаров). *Қазылықпен* дүниеде жедің пара. Бұл сөзді айтпасаң қалай-қалай (Айтыс).

**Төрлету, жоғарылату.** *Төрге шығу, төрге тыру.* Жоғары шық, *төрлет*, балам, – деп кемпір киіз үйдің есігін көтерді (Б. Дәулетбаев). Ол кебісін тез шешіп, денесін тік ұстаған күйінде төрге *жоғарылады* (К. Оразалин).

**Төртпаған, рубаят кітаби.** *Төрт жолдан ғана тұратын шағын өлең.* Кітапқа енген әрқайсысы төрт жолдан тұратын өлеңдердің формасы «рубаят» деп аталады, қазақша оны кейде «төртпаған» деп те айтып жүр (А. Көбесов).

**Төсек, кереует.** *Адам жатып демалуға арналған орын, төрт аяқты үй мүлкі.* Сикорский қасындағыларға *төсек* астын қарауға көзімен ым қақты (Ғ. Мүсірепов). Абажадай бөлмеде бір темір *кереует*, сары сырлы ағаш стол мен төрт орындық тұр (І. Есенберлин).

**Төскей, төс.** *Тау мен төбенің беткей жағы.* Екі аңшы келе жатқан бөктер шымы тұтас бетегелі *төскей* болатын (М. Әуезов). Досай ауылынан аттана шыққанда таудың *төсі* тұтасымен күңіреніп кетті (І. Жансүгіров).

**Төсек, төсек-орын, көрпе-төсек.** *Ұйықтап дем алуға, жатуға арналған төсеніш.* Күлөнда Төке мен хатшыға *төсекті* төргі үйге қатар салды (М. Дүзенов). Ауыл адамдары *төсек-орын*, аяқ-табақ дегендерді де жинап, көшуге даярланып қойыпты (С. Мұқанов). Бәтима *көрпе-төсекті* жинастырып, еденді жуып бола бергенде Беркін кіріп келді (М. Дүйсенов).

**Төселу, ысылу, ширау.** *Белгілі бір жағдайға дағдыланып, жаттығып іскерлігін арттыру.* Жастарды өздігінен жұмыс істеуге үйрету,

*төселдіру*, машықтандыру үшін сабақты өткізу сапасын жақсарту керек («Халық мұғ.»). Фани жұмыста *ысылып*, іскерлік ұйымдастырушылық қабілетін арттырады (Ш. Өтепов). Күн асқан сайын *ширап*, арада жыл өтпей-ақ нағыз ысылған өз адамы болып алды (С. Сарғасқаев).

**Төсеу, жаю, салу.** *Үй ішін киіз-көрпемен жабдықтау.* Аққұлы мен Күләш есік алдына киіз *төсеп*, сонда кешкі шайын ішіп отыр екен (Ә. Тарази). Үй иесі көрпе *жайып*, жастық әкеліп *салды* (Х. Есенжанов).

**Төсеулі, салулы.** *Төселіп қойылған, салынып қойылған.* Кірген үйіміздің іші жылы, еденде киіз *төсеулі*, қабырғада кілемдер ұстаулы екен (Ауызекі тіл). Үйге келсем, төсектер *салулы*, бірақ ешкім жатпапты (С. Мұратбеков).

**Төс түйістіру, төс қағысу, төс соғыстыру.** *Адал дос болуға ант беріп, қушақтасты.* Екеуі орнынан тұрысып, кеуделерін ашып *төс түйістіріп*, «өле-өлгенше адал доспын» деп айтысып, нан жеді (Ә. Тарази). Екеуі *төс қағысып*, ант-су ішіп достасты («Лен. жас»). Смаш бір кезде менің Сатылған ағайыммен *төс соғыстырып* дос болған адам екен (Б. Сокпақбаев).

**Төсті, төстек.** *Төсі шығыңқы, кең кеуделі.* Әзімхан – орта бойлы, жауырынды, кеуделі, *төсті* жігіт (С. Сейфуллин). Ехлас оның бұлшықты, тып-тығыз, жауырынды әрі *төстек* келген денесіне риза болды (Х. Есенжанов).

**Төте, тіке, тура** *Айналыс, бұрғылысы жоқ тұп-тура.* Не де болса ұрымтал төте жолдар тауып, жерді ұта жүруді ойлау керек (М. Әуезов). Осы жолмен *тіке* тартсаңдар, қалаға екі сағаттай уақытта жетесіңдер (Ә. Ибрагимов). Біздің ауылдан қалаға баратын *тура* жол осы, – деді жүргізуші («Жетісу»).

**Тулау, мөңку, тоңку.** *Аттың бас асаулық жасап, ырыққа көнбеуі.* Машинадан үріккен қаракер ерін бауырына алып, *тулап* жатыр (З. Шүкіров). Ақ тай мойнын ішіне салып, басынан асырмақ боп орткып *мөңкіп* еді, Оспан шалқалап жатып алды (М. Әуезов). Құлағын жымитып, тұра қалып, артқы екі аяғын арбандатып *тоңқып* та көрді (Ш. Мұртазаев).

**Туасылы, туылғалы, туғалы, тумысынан, туасы сөйл.** *Туылғаннан бері, жаратылысынан.* Сен мені *туасылы* құс ұйқылы екен деп ойлап жүрме (З. Шүкіров). Анамнан *туылғалы* мұндай нәрсені көрмеппін (Б. Сокпақбаев). Ол *туғалы* бауырмал, көпшіл адам (Ауызекі тіл). Оның бойында *тумысынан* қалмай келе жатқан бір міні бар (С. Омаров). Мәмбеттердің отырған жеріне *туасы* көрмеген адамдар келді (І. Жансүгіров).

**Туыс, туысқан, ағайын, тума, туыстас.** *Бір әулеттен тараған адамдар.* Бұл жігіт біздің үйдегі хирургтің *туысы*, – деп Сағат Келдібайды Темірешке таңыстырды (Ф. Сланов). Абай Құдайберді балаларын өзімен *туысқан* Оспаннан да, өз балаларынан да қатты

еркелететін (М. Әуезов). Былтыр осы жаққа, әкемнің *ағайындарына* көшіп келгенбіз (С. Бегалин). Халықтың Әбілхайыр мен оның *тумаларының* қол астынан кетіп қалуы, көшіп кетуі – олардың зорлық-зомбылыққа қарсы тұруы («Қазақ ССР тарихы»). Бұл мысалдарды *туыстас* тілдерден әдейі келтірдік (М. Әлімбаев).

**Тұғырлы, зерелі.** *Тұғыры бар, тіреуші бар.* Ол өзін көтеріп тұрған аса берік тас *тұғырлы* сарай деседі («Білім және еңбек»). Көтерді көкке мойнын *зерелі* зеңгі зеңбірек, Қан жуып майдан қойнын Жер кетті мидай елжіреп (Д. Әбілев).

**Тұжырымды, байламды, шешімді.** *Белгілі бір істің, ойдың қорытындысы боларлық, айқын, тиянақты.* Жамбылдың поэзиясында ерекше көзге түсетін бір шеберлік *тұжырымды* ойды білдіретін мақал (Е. Ысмайылов). Ұстазына ұлықтың алдында жігіт *байламды* ештеңе айта алмады (М. Дүзенов). Жұмабай жиналғандарға ешқандай *шешімді* ұйғарымын айта алмады («Мәдениет және тұрмыс»).

**Тұйықтану, бұйығылану.** *Ешкімге сыр ашпау, тұйық мінезді болу.* Сонан бастап баланың мінезі күрт өзгеріп, *тұйықтанып* кетті (Ө. Күмісбаев). Кешегі түнгі оқиғадан кейін бұрынғыдан ары *бұйығыланып* алған Слитаның мүлдем ұнжырғасы түсіп кеткен (Т. Жанұзақов).

**Тұйықтау, бұйығылау.** *Біршама тұйық, оншалық ақ жарқын емес.* Бұлар өзі сөйлегеннен гөрі тындауды ұнататын, *тұйықтау* да сабырлы адам екен («Дала дауылпаздары»). Ол – әдетте аз сөйлеп, көп тындайтын *бұйығылау*, ұялшақ жігіт (Ф. Мұстафин).

**Тұқымсыз, ұрпақсыз, тұяқсыз.** *Тұқым қалмаған, ұрпағы жоқ.* Орнында бар оналар деген, Құдайға шүкір, өзім әкеден жалғыз қалсам да, қазір балалы-шағалымын, *тұқымсыз* емеспін («Жетісу»). Бір әкеден үшеу едік, Төлеубектен ғана бала жоқ, *ұрпақсыз* («Мәдениет және тұрмыс»). Еш нәрсе көрмей сен сорлы, Өткенің бе *тұяқсыз*. Естірткелі келіп тұр Анаң сорлы сиықсыз («Батырлар жыры»).

**Тұлға, тұрпат, сымбат, бейне, мүше, бітім, сипат.** *Адамның дене бітімі, кескін-келбеті.* Барлық *тұлғасы* Құнанбай тектес бұл жас әйел осы үйдің келіні, Абайдың әпкесі – Мәкіш (М. Әуезов). Қолындағы келте шоқпарынан гөрі *тұрпаттарынан* кісі қорқарлық, бойлары екі метрге жуық жігіттер еді (С. Бердіғұлов). Жұманның жасы биыл он сегізге толғанымен, бой *сымбатына* қарасаң жиырма бестегі жігіт дейтінсің (Ә. Әбішев). Бикасап – бес биенің сабасындай тұлға *бейнесінде* өзгеше адам (Б. Майлин). Жазығы қатын демесең, Қартайса да ілгері Ілкі қыздан *мүшесі* («Қыз Жібек»). Самалдың сымбаты мамасының бойжеткен қыз кезіндегі ажары мен *бітімінен* әсте айнымайтын (З. Жәкенов). Түсінен бір кеткен жоқ қыз *сипаты*, Тіліне оралады сүйікті аты (Ә. Тәжібаев).

**Тұлдырсыз, тап-тақыр.** *Еш нәрсе өспеген, жалаңаш.* Жері таулы да, сұсты, жылқыларға жайсыз тигенімен, *тұлдырсыз* тақыр емес еді

(Ә. Серікқалиев). Жатақхана маңы *тап-тақыр*, шаңытып жағыр (С. Сарғасқаев).

**Тұлым, тұлымшақ.** *Жас балалардың шекесіне, шүйдесіне қойылатын ойма шаш.* Шекесінде Қамбардың бар екен алтын *тұлымы*, Сұрап алған Құдайдан Әлімбай ханның құлыны («Қамбар батыр»). Кеше ғана *тұлымшағы* жалбыраған асау қыз еді, енді үйлі болды (А. Байтанаев).

**Тұмсық, мұрын.** *Жан-жануарлар мен адамның иіс сезу мүшесі.* Бұғылар қарға *тұмсықтарын* тығып алып, әлденені малжандап, аласұра жеп жатыр (Р. Тоқтаров). Мәкіш апайдың *мұрнынан* екі баласының екі түрлі жұпар иісі кетпей-ақ қойды (Р. Тоқтаров).

**Тұмшалану, бүркену.** *Бас-аяғын қымтап жабу, орау.* Басын көрпемен аяғына дейін *тұмшаланып* алған кемпірі қозғала қоймады (С. Мұратбеков). Тек Райхан ғана кішкене көрпесін бастан-аяқ қымтана *бүркеніп*, тұрмай жатты (С. Баязитов).

**Тұнба, тұндырма.** *Тұндырылған сұйықтық.* Осыны айтты да Рысқұл шелекте тұрған қымыз *тұнбасын* бір қолына алып, далаға шығып кетті (М. Тиесов). Жусанның *тұндырмасы* – өзіне ғана иіс бар қоңырқай-көкшіл, ащы сұйық дәрі (С. Сұбханбердин).

**Тұну, шөгү.** *Лайланған сұйық заттардың тыныш күйге түсуі.* Қазанға толтырған қар еріп, ертеңгісін *тұнып* тазарып қалыпты («Шопан серігі»). Ерітіндіні қалдықтан сүзіп, бөліп алғаннан кейін ерітіндіден арнаулы әдіс арқылы алюминийдің сулы тотығы *шөктіріледі* («Соц. Қаз.»).

**Тұнық, мөлдір.** *Таза қалтында, лайланбаған.* Өзені *тұнық*, бұлағы тастай суық, көгалы ұшан-теңіз, ұзыны мен көлденені бірдей, құнан шаптырғандай, Шалқар десе шалқар еді (М. Әуезов). Басыңнан суын мұздай *мөлдір* бұлақ, Күрілдеп көбік шашып төмен құлап, Мың түрлі әнге қосқан сарындарын, Көш жерден құрыш қанып естіп құлақ (С. Сейфуллин).

**Тұңғыш, алғашқы.** *Алғаш көргені, бастапқы.* Ақылбай Ділда мен Абайдың ерте ер жетіп қалған *тұңғышы* болатын (М. Әуезов). Мұңлы түстей бұлдырап алыста қалған балалық шағымды, *алғашқы* ұстазымды еске түсірдім (С. Омаров).

**Тұрақтау, байыздау, баяндау.** *Бір орнында табандап тұрып қалу, орналасу.* Ол 1940 жылы Алтай өлкесінде біраз *тұрақтап* тұрып қалды (С. Мәуленов). Ол нағашы жұртында да көп *байыздай* алмай, Алматы асып, оқудың соңына түскен (К. Асанов). Қазылған окоптың біреуінде де орыс солдаттары *баяндап* тұра алмады (І. Жансүгіров).

**Тұрақтылау, тұрақтырақ.** *Біршама тұрақты, баяндылау.* Селің мекенің *тұрақтылау* көрінеді, – деп Гусев ажырасарда Қоспанның адресін алып еді (Т. Ахтанов). Бұл табиғи система *тұрақтырақ* және жылдар бойы онша өзгеріске ұшырай қоймаған («Жалпы биология»).

**Тұрақтылық, орнықтылық.** *Тұрақты болушылық.* Жас әйелге келе жатқан кештің қалғаны бір тамаша адамның *тұрақтылығы* мен батырлығы бәйгеге түсетін осы сағатына айналды (І. Есенберлин). Өзінің кішіпейілдігімен, *орнықтылығымен* көрі-жастың тілін табады (Ү. Бағаев).

**Тұрғылықты, жергілікті, тұрғын.** *Бір жерде туып-өскен, мекен еткен.* Ол жердегі *тұрғылықты* елдің хал-тұрмысын, дәстүр салттарын сұрастырып, баласымен ұзақ өңгімелесті (С. Фаббасов). *Жергілікті* адамдардың айтуына қарағанда, Севан көлінде бір кезде «Ак томар» деген арал болыпты (І. Омаров). Сағади мен Шайхан – қазір осы Қызылқұм өңірінің белгілі *тұрғыны* (А. Байтанаев).

**Тұрлау, тұрақ, тиянақ, байлау, опа, баян.** *Табан тіреп тұрарлық тұжырым, іс-қыллық.* Күйік, өкініш, опық атаулы айналып келгенде Нұрхан төңірегінде ғана *тұрлау* тапты (Ж. Жұмаханов). Ішкіш адамның сөзінде *тұрақ* болмайтынын Ғатау біледі (М. Гумеров). Жүрегім, нені сезесің, Сенен басқа жан жоқ па? Дүниені, көңілім, кезесің, *Тиянақ* жоқ па? Қой, тоқта! (Абай). Әкем оның сөзін қабағы түйіліп, салқын тыңдап отырды да, өз *байлауын* кесіп айтты (Н. Фабдуллин). Өзіңе *опа* көрсетпеген біреудің баласын бағып отырғаның үлкен азаматтық емес пе (М. Дүйсенев). *Баяны* жоқ ерден без, Байлауы жоқ сөзден без (Мақал).

**Тұрмақ, тұрсын, түгіл.** *Атау тұлғалы сөзден кейін тұрып, болымсыз мағынаны білдіретін шылау сөз.* Шаруаның көзі жібек *тұрмақ* бөзге түсетін (С. Мәуленов). Байсымбектің кешегі айтқаны былай *тұрсын*, бүгінгісі одан да асып кетті («Жетісу»). Әліби Орынборда Аманкелдімен қоштасқалы бері үш ай *түгіл*, төрт ай өтті (М. Жұмағұлов).

**Тұсау, тұсаулау, шідерлеу.** *Мініс көлігіне тұсау салып, екі, үш аяғынан байлау.* Атты адам атының сулығын аузынан алды да, аяғын мықтап *тұсады* (Айни). Сосын айдаған аттардың сонынан ермесін деп, көлігінен түсіп, оларды *тұсаулады* (Т. Жармағамбетов). Таңат үйінен қайтысымен тарлан боз атты тепсеңге *шідерлеп* қоя берді де, тамның ішіне енді (Ғ. Сланов).

**Тұс-тұстан, жан-жақтан.** *Айналасын анталап.* Жастар тобы Айтанды *тұс-тұстан* алқымға алып, қысып жатыр (Б. Мәдиев). Бәрі жапырлап, *жан-жақтан* анталап кеп Жұмабекті қоршап алды (Б. Тілегенов).

**Тұтату, тамызу.** *Түтін тұтетіп жана бастау, от алу.* Бауыржан сигаретін мүштікке салып, темекі *тұтатуға* кірісті (Ә. Нұршайықов). Ол далаға шығып, күннің райын болжап алды да, темір пешке от *тамызды* (О. Бөкеев).

**Тұтқындау, қамау.** *Қамауға алып, түрмеге отырғызу.* Үш күн өткен соң, бір түнде Молдажанды *тұтқындап* алды да кетті (З. Шашкин). Стражникті шақыртып алып, өмір берді, – Әкет! *Қама!* Күзет берік болсын. Ешкіммен тілдеспейтін болсын (Д. Әбілев).

**Тұтқыр, тұтқыш.** *Ұстағыш, жабысқан жерінен айырылмайтын, тұтып қалғыш.* Оған *тұтқыр* лентаны орап, сыртынан велосипед рүлінің резиналы қабын кигізу керек («Тракторист»). Танинді сулы жараларды кептіру және *тұтқыш* дәрі ретінде қолданады (Ә.Әбішев).

**Түту, құру, ұстау.** *Қабырғаға, керегеге шымылдык, киіз тәрізді жиһаздарды іліп қою.* Қар жауса да тоңбайды бай баласы, Үй жылы киіз *тұтқан* айналасы (Абай). Маған бергені ұйықтайтын орны бөлек, оның алдында қызыл торғын шымылдык *құрған* шағын екі бөлме екен (С. Мұқанов). Үй ішіне масаты қызыл киіз төсеп, кілемдер *ұстаған* (С. Сейфуллин).

**Түтулы, ұстаулы.** *Ілініп қойылған, ұсталған.* Барлық бөлмелерде де *түтулы* түкті кілемдер мен түскиіздер көрінеді (М. Қаратаев). Төргі бөлменің екі қабырғасында қымбат екі кілем *ұстаулы* («Таң нұры»).

**Тұтығу, кекештену.** *Сөзді дұрыс айта алмай, тілі құрмелу.* Есен асыға сөйлегенде *тұтығып* та қалады екен (С. Талжанов). Кейде екі сөз айтса да бақташы Ыбырайымдай біреуін жұтып қойып, *кекештеніп* қалады (Ә. Сараев).

**Тұшымды, татымды, дәмді.** *Жанға жайлы, құлаққа жағымды (сөз).* Қонақтарынан *тұшымды* әңгіме шықпаған соң ара-арасында өзі сөйлеп кете берді (Ә. Сараев). Құрманғазы атындағы өнер институтының *татымды* істері көпке өнеге боларлық («Қазақст. мұғ.»). Жігіттер мұның сөзінің *дәмдісін* тындап, дәмсізін күлкі қылды (І. Жансүгіров).

**Тұшымсыз, татымсыз.** *Дәмі жоқ, іске жарамсыз.* Бұлардың көңілге қонымсыз, *тұшымсыз* әңгімелері тындаушыларын жалықтырғандай («Соц. Қаз.»). Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, *татымсызға* қылған болыстықтың өзі адамды бұзады (Абай).

**Тұянадай, жып-жинақы.** *Үй іші әп-әдемі, ықшам. Тұянадай* үш қанат отаудың төрінде Әсия мен Сарыбала, бір бүйірде келіншегімен Аманбай (Ғ. Мұстафин). Бес қанат қоңыр үйдің сырты жұпыны көрінгенімен іші *жып-жинақы*, сәнді екен («Қаз. әдеб.»).

**Түбелікті, баянды, түбегейлі, түпкілікті.** *Баянды етіп тиянақталған.* Әсіресе оның жер атмосферасының ұшы-қиырын *түбелікті* анықтамақ болған еңбегін атап өткен жөн (А. Қалығұлов). Зәбір көргендерге бұл қоныстары да *баянды* болмады (А. Машанов). Жәукеннің Оспанды қалыңмалдан қыстамауының *түбегейлі* себебі де бар (С. Омаров). Мұнайға орасан бай Ембі ауданын өркендетудің *түпкілікті* жоспарын жасау керек («Соц. Қаз.»).

**Түгелдей, түгелімен, толықтай, бүкілдей, тұтастай.** *Барлығы бірдей, сыпыра, шетінен.* Екеуінің арасындағы тартыста Ерекен де, Мәлік те болғанын Нұрлан *түгелдей* жеткізді (З. Шашкин). Біздің ауылдың тұрғындары Әбішті *түгелімен* «қара дәу» дейтін («Мәдениет

және тұрмыс»). Емтиханды *толықтай* тапсырып біттім, нәтиже ойымдағындай болып шықпады (Қ. Найманбаев). Осы тұста Назарын *бүкілдей* аударып өкеткен бір ерекше көрініс бар (Ғ. Сланов). Бір қабырғаға *тұтастай* колхоздың құрмет тақтасы ілінген («Мәдениет және тұрмыс»).

**Түгендеу, түгелдеу.** *Бір нәрсенің санын, есебін анықтау.* Құдыққа жақындаған малдарымды түстеп, *түгендеп* жіберіп, егіз қозының біреуі жоқ екенін байқадым (Ө. Тұрманжанов). Қарт басын көтерген соң көпке дейін жатпай, мылтығын сипап, оқтарын *түгелдеді* (Қ. Әбдікадіров).

**Түзеу, жөндеу, оңдау, дұрыстау, оңау сөйл.** *Жөнге келтіріп, дұрыс қалыпқа түсіру.* Асанов берген әмірінің қате екенін сезсе, соның қисынын тауып білдірмей *түзеп* жіберетіні бар (З. Шашкин). Жезді білген батыр, оның ізін жасыруды да, документті *жөндеуді* де біледі (Б. Қыдырбекұлы). Бекболат екі жігіттің үзенгі, ауыздықтарын да *оңдап* берді (С. Шарипов). Сөзін *дұрыстап* сөйлей алмай, жиналғандарды үркітіп алмаса жарар еді (Б. Тоқтаров). Қыры кеткен шаруаны қайтадан қалпына келтіріп, *оңау* мәселесі оңайға соқпады (Ауызекі тіл).

**Түйе, қаптағай, нар, оқпақ, ойсылқара, астаубас, үлек, айыр, жампоз, аруана, мая.** *Бір я екі өркешті күйіс қайтаратын ірі мал.* Тәкежанның қалың жылқысы мен қой, *түйесі* де ауыл маңында жоқ (М. Әуезов). *Қаптағай* дегеніміз жабайы түйе, енді түсіндің бе (Н. Баяндин). Толарсақтан саз кешіп, тоқтамай тартып шығуға, қос үлектен туған көтепті, Қара *нар* керек біздің бұл іске (Махамбет). *Оқпақ* – дене бітімі қораш, аяқтары сорайған ұзын, жапырақ өркеш, жүні сұйық сіңіре будандастырудан алынған түйе («Ана тілі»). *Ойсылқара* – ата-баба аруағына біткен мал деуші еді (Б. Әбдіразақов). *Астаубас* – біртуманың ішіндегі сүйегі ірі еркек нар (Х. Арғынбаев). Қас *үлектен* туған көтепті қара нар керек біздің бұл іске (Махамбет). *Айырдан* туған *жампоз* бар. Нарға жүгін салғысыз. *Аруанадан* туған *мая* бар, Асылын айуан десең нанғысыз (Махамбет).

**Түйеші, түйекеш.** *Түйе бағушы.* Ол күн бата түйелерін жинап жүрген *түйешіге* тап болады (С. Қайдаров). *Түйекештер* түйесін жатыр екен жазылап, қайсыбірін білесің қояйын дедім жазып ап (А. Тоқмағамбетов).

**Түйнеме, түйнек.** *Түйіліп ауыратын іш ауруы. Түйнеме* – қазақ халқына ертеден белгілі іш ауруы (Е. Оразақов). Арайдың келіншек боп түскеніне бір жыл толар-толмастан күйеуі *түйнектен* қайтыс болды (Ш. Мұртазаев).

**Түйрегіш, түйреуіш.** *Бір нәрсені түйреп, бекітіп қоятын қапсырмалы бұйым.* Сөгіліп кеткен жең иығын *түйрегішпен* ұстатып қойды (Ж. Молдағалиев). Менікі де үш *түйреуішпен* түйреліп тасалған (Қ. Қазиев).



**Түйтпек, түйтін, түртінек.** *Оны-пұны, күйбең іс, ұсақ-түйек жұмыс.* Күннің жарымы анау-мынау бітпейтін шаруа *түйтпекпен* өтті («Қаз. әдеб.»). Үй ішінің *түйтіңімен* жүріп, сәскенін болып қалғанын бір-ақ білді («Фермаға кел»). Дәл кешегісіндей өнімсіз *түртінекпен* жамау жамауға кірісті (Д. Исабеков).

**Түйтпектеу, түйтіндеу.** *Қарап отырмай оны-мұны шаруа істеу.* Бір уыс жұтаң шаруасын жалғыз өзі *түйтпектеп*, баласына салмақ салмайтын (С. Жүнісов). Асан кешкілік үй төңірегінде *түйтіңдеп* жүргені (З. Асабаев).

**Түйіндеу, түйнектеу.** *Көкөністің түйін салып, түйнек тастауы.* Наурыздың орта шенінде күздік алмалар *түйіндейтін* (С. Сарғасқаев). Асқабақ *түйнектегенде* бір өркеннің бойынан алтыға дейін асқабақ пайда болады (А. Алманиязов).

**Түйісу, тоғысу, тоқайласу.** *Екі жақтан келген заттардың бір жерде болуы, табылуы.* Екі корабль ғарышта жүріп *түйісті* (К. Қазыбаев). Қаланы екі теміржол кесіп өтеді, бұл екеуінен сыртқары және төрт теміржол *тоғысады* (Ә. Шәріпов). Тоқсан жол *тоқайласып*, он бір одақ, Мәскеуден үзілмейтін ұлы қонақ (С. Керімбеков).

**Түксию, тұнжырау, түнеру.** *Қабақты қарс жауып, ашулы кейін көрсету.* Менің сізге қояр сұрауым бар еді, – деп *түксиген* қара кісі орнынан ұшып тұрды (Б. Майлин). Төлеу түк деместен төмен қарап, *тұнжырап* қалды (Ә. Нұрпейісов). Әлі *түнеріп* келе жатқан Жүністің кату қабағы зарлауықтың өзінен бұрын жеткен үнінен шайдай ашылып кетті (Х. Есенжанов).

**Түкіріктеу, сілекейлеу, сілемейлеу.** *Түкірігін жағу.* Саусағын *түкіріктеп*, бояудың бірін езіп қабырғаға жақты (Р. Тоқтаров). Ол да менің бетімнен *сілекейлемеген* жер қалдырмады (С. Сматаев). Мені *сілемейлей* сүйіп, құшақтап, ағайым ақыл айтып тұр (Б. Соқпақбаев).

**Түлкі, қармалжық, қарсақ.** *Терісі бағалы, үлпек құйрықты, ит тұқымдас жыртқыш аң.* Құсы да, иесі де қоразданар, алпыс екі айлалы *түлкі* алғанда (Абай). *Қармалжық* – мойны шымқай қара емес, аздаған көк қылшығы бар қара *түлкі* («Ана тілі»). Жапаннан *қарсақ* ін қазар, хан салдырған жәрмеңке, Жырақ болсын бізден бұл базар (Махамбет).

**Түмен, он мын.** *Мыңнан он есе көп сан.* Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі *түменге* (Мақал). Нарынқол аулының тұрғыны 1989 жылғы есеп бойынша *он мыңнан* асқан («Жетісу»).

**Түнемел, түнеме сөйл.** *Жолаушылар түнейтін орын, жататын жер.* Үш қыз төменгі қабаттағы *түнемелге* кетті (К. Ысқақов). *Түнемеге* жетіп тоқтау үшін олар ауылдан түс ауа шықты (С. Санбаев).

**Түнеріңкі, тұнжыраңқы.** *Қабағы салыңқы, түксиген.* Оттың төр жағында отырған Оспанның бет әлпеті жауар бұлттай *түнеріңкі* (С. Омаров). Алтынбек Құралайды *тұнжыраңқы* қарсы алды (Ж. Жұмаханов).

**Түнеу, кону.** *Біреудің үйіне жатып шығу, қонақтау.* Амангелді күн ұзаққа жол жүріп, кешкісін бір ауылға *түнеді* (М. Жұмағұлов). Сол күні Сүлейменнің үйіне *қонып*, ертеңінде соның баласымен тағы да медресеге кеттім (Б. Тұрсынбаев).

**Түнеугүні, түнеугі, анада, өнеугүні, сондағы.** *Бұдан бірнеше күн бұрын. Түнеугүні* әңгімені Айғыз өз құлағымен естіген (Қ. Исабаев). Ендеше жылқышы Ермекбайдың *түнеугі* айтқанына мән бермеуге бола ма (Р. Тоқтаров). *Анада*, Ерғали барып қайтқанда бір сөзінен денем түршіккен (Ф. Мұстафин). *Өнеугүні* Қаратау кеніне барғанда көп нәрсені, адам білмейтін ғажап машиналарды көрдім (А. Байтанаев). *Өнеугүнігі* уәдесінде тұрса, Есенгелді бүгін біздің отарымызға келіп қалар (Н. Фабдуллин). Сол Хасеннің әкесі жайында сұрағанда, профессордың көз алдына *сондағы* оқиға еріксіз елестеп кетті (І. Есенберлин).

**Түңілу, торығу.** *Үміт ұзу, жақсылық күтпеу.* Түсі игіден *түңілме* деген, қол-аяғы балғаның сабындай, жұтынып-ақ тұр (Р. Тоқтаров). Басқа түскен өткініш қиындықтан тайсалып, *торығу* ер жігітке жараспайды (С. Омаров).

**Түңілушілік, торығушылық.** *Күдер ұзушілік.* Творчество иелері *түңілушілік*, бойкүйез әуендерге жиі барып, қамырық күйлерге беріледі («Лен. жас»). Елеусіз жанының түкпіріндегі томаға-тұйық *торығушылық* бар (Т. Әлімқұлов).

**Түпкі, түбегей.** *Негізгі, бастанқы.* Нәсір Талғаттың *түпкі* ойын аңғарып, оған күле қарады (К. Тоқаев). Оның *түбегей* мақсатын құдай білсін (Б. Аманшин).

**Түр, түс, пішін, бөден, ұсқын, сүрең, сұрқы, сықыпты, порым, пошым, сыңай, әліп, сұр, түсі-тұрқы, қияпат, нұсқа, кескін, мүсін, сиық, тұрпат, сүдін, жамал, нысай.** *Адамның көз, мұрын, ауыз орналасқан алдыңғы жағы.* Көп жігіттер алдымен *түрге* қарайды екен (Н. Серәлиев). Мыңның *түсін* танығанша, бірдің атын біл (Мақал). Хайдардың кескін-кейпі әкесінің *пішіні* сияқты болатын (Н. Фабдуллин). Көктемнің бұлыңғыр жабырқау күнінде көз жіберген Гүлшараның ақ маңдайы жарқырап, бет-*бөдені* нұрлана түседі (Ә. Көпбаев). *Ұсқын* менен түрі жоқ, Күннен-күнге кер кетті, Ажар, көрік бет те жоқ, Ақыл да жоқ, ес те жоқ (Н. Байғанин). Дәрігердің қаннен-қаперсіз байсалды *сүреңін* көргенде Қалияның жүрегі орнына түсті («Жалын»). Бүк түсіп, белі иіліп жатыр сұлап, Бозарып өңі-түсі кеткен *сұрқы* (Д. Еркінбаев). Ол неміс офицерінің арсыз, жексұрын *сықыптына* жирене қарады (Қ. Қайсенов). Елестейді көзіме майданда жүрген *порымың* (М. Жансаева). Ағасының сырт *пошымы* да өзімен салыстырғанда бөлек, кереғар еді (Н. Әбуталиев). Жылым жігіт, жұрттың *сыңайын* байқап қойды (Б. Майлин). Келе жатыр жүз адам, *Әлпеттері* тым жаман («Батырлар жыры»). Қазанның қара

суық дауылы теңіз жағасындағы балықшы ауылдың *сұрын* кетіріп-ак тастапты («Қаз. әдеб.»). Кейбірінің *түсі-тұрқы* тап сондай, тамаша ұқсастық (Б. Нұржекеев). Сазоновқа Жапардың көз тоқтатып қарағаны осы еді, *қияпатына* көңілі толып, директордың жаңағы айтқанын мақұлдап, көңілі дауалап қалды (Т. Нұртазин). Сыйласарлық тектінің кім танымас *нұсқасын*? Күнде өзімшіл ептінің несін адам ұстасын (Абай). Аяғы күс-күс болып жарылып кеткен, *кескіні* де қарайып тотыққан (М. Фабдуллин). Гүлжанның оң жағында бара жатқан Нұрила *мүсіні* көзіне жылы ұшырап кетті (З. Шүкіров). Қазір адам қызығарлық *сыық* қалды ма бізде (Б. Тілегенов). Қолындағы келте шокпарынан гөрі *тұрпаттарынан* кісі қорқарлық (С. Бердіқұлов). Ой, *сүдінің* күрсын, Қаратаудың жылқысы бәріне де жетеді (Ә. Нұрпейісов). Сары алтын, сапы меруерт қарағым-ай, Көргенде *жамалыңды* көңілім қош («Ақан сері»). Бекбол азғана таңырқаған *нысайға* мініп, көз алмай қарады (М. Әуезов).

**Түрегелу, түру.** *Отырған орнынан көтерілу, аяғын тік басу.* Ырғалып орнынан ол әрең тұрды, *Түрегеліп* антұрған шалды көрді (Абай). Әңгіме осы араға келгенде, Қатира орнынан *тұрып* қоштаса бастады (Қ. Жұмаділов).

**Түрме, абақты.** *Қылмыстыларды қамайтын орын, үй.* Сібір *түрмелері* жазықсыз адамдарға толып кетті (Б. Мәдиев). Күзетіп түр күні-түн Тас *абақты* тар қақпа, Әрбір жүрек үмітін құйып жатыр сол хатқа (С. Мәуленов).

**Түртпектеп, түрткілеу.** *Шет пұшпақтап сыр тарту, бірдемені білгісі келу.* Мені *түртпектеп*, ызаландырып сөйлетіп, құпия сырымды біліп алғысы келді (М. Мағауин). Әрі-бері *түрткілеп* сөзге тартып едім, онымнан ештеңе шықпады (О. Сәрсенбаев).

**Түрту, нұқу.** *Біреуді біреу қозғау салып шұқу.* Едіге иығынан біреудің ақырын *түрткенін* аңғарды (М. Мағауин). Қандай тұқым, – деді Кәмал күбірлеп, жұдырығымен оны бүйірден *нұқып* қалып (М. Иманжанов).

**Түртіншектеу, түртінектеу, іздену.** *Бір нәрсені өз бетінше қарастыру, тырысу.* *Түртіншектеп* бұл байғұстың да жұмысы тау-сылмайды (М. Құмарбеков). Аздап хат-сауатының арқасында *түртінектеп* өз бетінше газет оқығаны болмаса, арнаулы білімі де жоқ (К. Баялиев). Шәкірттерді ойландыарлық сұрақтар қойып, оларды өздері *ізденетін* іске қосуға тырысатын («Қазақст. мект.»).

**Түршігу, тітіркену, тіксіну.** *Қорқып сескену, шошыну.* Рахымбай оның от шашқан бадана көзін көріп, тастай түйілген қалың қабағын, шапшаң қимылын көріп *түршіккен* (М. Жұмағұлов). Асқардың ішкісі келмей *тітіркеніп* еді, Тамара рюмканы өз қолымен тосып, еріксіз ішкізді (С. Мұқанов). Мұхтар тығулы мылтығын суырып алған Қасымбекті көргенде денесі *тіксініп* кетті (К. Оразалин).

**Түрік, түркі.** *Қытшақ, қарлық, оғыз, аралық топ деп бөлінетін туыс халықтардың жалпы атауы.* Бұл ұғым жалғыз арасында емес, *түрік* тектес елдер мен моңғолдарда болған (М. Фабдуллин). Қазіргі кезде *түркі* халықтарының саны екі жүз миллионға жуықтап қалды («Ана тілі»).

**Түс, зауал.** *Күннің орта мезгілі, сағат бір кезі.* Балалардың сабағын бітіріп, *түстен* кейін тартқан Асқар терезеге қарап біраз түрегеліп тұрды (С. Мұқанов). *Зауал* ауа үйінен шыққан Нұрқасым ауыл іргесіндегі арықты жағалап, базға баратын жалғызаяқ жолға кеп түсті (Н. Серәлиев).

**Түсіндіру, ұғындыру, үйрету.** *Біреулерге білмегенін білдіру, оқыту.* Мұны *түсіндіру* үшін азырақ шегіне түсуге тура келеді (Ә. Көшімов). Ойынды біреуге *ұғындыру* үшін, алдымен өзің ұғынып ал (М. Әлімбаев). Ата-ана өзінің баласына ұдайы ақыл айтып, кеңес беріп, оны *үйретіп* отырады (С. Көбеев).

**Түсіну, ұғу.** *Бір нәрсенің мән-жайын білу.* Санасына тоқу, миға қону, жадында қалу мұның бәрін бір түнде *түсіну* мүмкін де емес (С. Жүнісов). Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді, сөзді *ұғар* көкірегі болса көзді, Қадірін жақсы сөздің білер жанға Тапай айтпа оған да айтар кезді (Абай).

**Түсініксіз, ұғынықсыз, ұғымсыз.** *Анық емес, ұғымды емес.* Бұған қосыл адвокат санаға бір *түсініксіз* сөз айтты (Ә. Тарази). Екеуі бір-біріне *ұғынықсыз* сөз айтты, әрқайсысы өзі үшін сөйлеп, өзін ғана тыңдайтын сияқты (Р. Тоқтаров). Мағынасы *ұғымсыз* бірдеңені бірдеңедей оқыған үстіне оқығысы, ұғынғысы келеді (А. Хангелдин).

**Түсініктеме, түсіндірме, растама.** *Белгілі бір нәрсе жайында деректеме.* Әсіресе Бағжанов *түсініктемені* қашан бересің деп алқымынан алды (Е. Оразақов). Енді толық етіп *түсіндірме* жазып тапсырыңыз, – деді бастығы (Е. Оразақов). Аздан соң созыла тұрып, өзінің ауырып ерте қайтқанын, дәрігерлік *растама* барын айтты (С. Шаймерденов).

**Түсінікті, ұғынықты.** *Белгілі, анық та айқын.* *Түсінікті* нәрсені түсіндіре беруден де жалығады кісі (Р. Тоқтаров). Оның сөздері әрі *ұғынықты*, әрі қарапайым, әрі дәлелді де келетін («Аялы жандар»).

**Түшкіру, пысықу.** *Аузы-мұрнынан кенет еріксіз дем шығару.* Меңсұлу отыра беріп, дәрі сінген бөлменің исі қолқасын атып, қатты *түшкіріп* қалды (Р. Райымқұлов). Тісің барда ысқыр, мұрның барда *пысықыр* (Мақал).

**Тыйылу, тоқталу.** *Қимыл-қозғалыс бірден кідіріп, тұрып қалу.* Әдетте шұбырып жататын машина бүтін *тыйылды* да қалды (М. Әбдіхалыков). Осы кезде бүлікшілер жақтан оқ ату *тоқталып*, күңгір-күңгір дауыстар естілді (Р. Райымқұлов).

**Тыйым, тоқтам, тежеу.** *Заңды талап, қойылатын шек.* Соттат тез сойқып анау жігітінді. Салмаса еркектерге заңмен *тыйым*, Қалмайды арашалап үгіт бізді (Ф. Игенсартов). Тек «Байбұраның қанды қақпаны» деген үрейлі сөз ғана ұйқыға *тоқтам* салғандай еді (К. Сегізбаев). Шолпан сөзі *тежеу* салып, өз ісінің оқыс екендігін мойындады (А. Хангелдин).

**Тықақтау, тақақтау, тықсыру, ғышқырту, дікектеу, дігірлеу, дікілдеу, дікіндеу, қуыру сөйл.** *Екі аяғын бір етікке тығып жанын шығару. Тықақтамай тұра тұршы!* Мынаның жас қуырдағын жеп аттанайық (М. Әуезов). – Еркектің де қолы істейді ғой, әкеліндер, әкеліндер, – деп, *тақақтатты* Жадыра (С. Талжанов). Жаңа бастықтың беті жаман, *тықсырып* барады (Ф. Мұстафин). Байға жағу үшін жұмыскерлерді көбіне осы шегір *тышқыртып* жүреді (С. Сейфуллин). Намаздан түскен ашаны колхоздың кассасына өткіз деп, күнде *дікектейтін* болды (М. Дүзенов). Кісімізді шығарып бер, біз оны өлтіреміз, – десіп, төрт ағайынды жігіт кезек-кезек *дігірлеп* жағы сенбейді (К. Шәкенов). Абылай ат үстінде күпілдейді, Ойқастап, қоразданып *дікілдейді* (С. Сейфуллин). Бай ағайымыздың әйелі есіктен аттараттамастан-ақ *дікіндеп* қоя берді («Қаз. әдеб.»). Босқа салпандап ойнаған балаға сол керек, – деп, апамдар Шәкір екеумізді бірақ *қуырып* алған (Ә. Қалдыбаев).

**Тыққыштау, тықпыштау.** *Үсті-үстіне тығу.* Тоқтының қарнын тазартты да, ішіне тоқтының етін белгілі тәртіппен *тыққыштай* бастады (Ө. Қанахин). Жұрт тапқан-таянғанын үйіне тасып, қалтасына *тықпыштаса*, мен далаға шашылыппын (Д. Досжанов).

**Тылтию, тыртию.** *Киімнің денеге шақ келмей тар болуы.* Костюм-юбкасы әдейі тар тігілген бе, әйтеуір *тылтиып* денесіне жабыса қалыпты (О. Сәрсенбаев). Шырынгүл бұл жолы үстіне *тыртитып* омырауы ашық ала шыт көйлек киген екен (О. Сәрсенбаев).

**Тым, аса, өте, тіптен, өлгенше сөйл., өлердей сөйл.** *Күшейткіш мән туғызатын үстеулік сөз.* «Кеңарал» совхозында ет-сүттің өзіндік құны *тым* жоғары (С. Хайдаров). Әйел бұған *аса* бір сүйкімді аналық мейірімділікпен қарап тұр екен (С. Бақбергенов). Республикада жер асты сулары *өте* көп (С. Әбдірайымов). Ал ақылды, білімді адамдар *тіптен* көп (Т. Әлімқұлов). Асылжан салған суретке *өлгенше* қызығып, Қарлығаш мейлінше қуанды (С. Омаров). Абайды бастығы жандал боп, *өлердей* жек көреді (М. Әуезов).

**Тындырымды, тындырымпаз, тыңғылықты, тиянақты, тынымды, тұрлаулы.** *Істеген ісіне ұқыпты.* Шопан Лезбайдың қақ-соқта ісі жоқ, біртоға, жуас, іске *тындырымды*, өтірікке аяқ баспайтын адам («Қаз. әдеб.»). Өзінің *тындырымпаз* екенін білсе жаман емес, бұл өз басының жеке қасиеті (М. Гумеров). Ұзын бойлы көк көз жігіттің ашық күлкісі, *тыңғылықты* ісі үш қыздың үшеуіне де бірдей

ұнаған (Ә. Әлімжанов). Қатардағы жауынгер әскери тапсырманы *тиянақты* орындайтындығымен көзге түсті (С. Сейітов). Қойбағар жұмыстың ауыр-жеңіліне қарамай, шама-шарқынша істеп *тынымды* бала атанды (М. Хасенов). Мадияр – оңайлықпен қате баспайтын, аузынан артық сөз шықпайтын, өз ісіне берік *тұрлаулы* жігіт (С. Омаров).

**Тың, ту.** *Бұрын пайдаланылмаған, егін салынбаған жер.* Амангелді *тың* жерді игеру туралы үлкен дүбірдің басталған шағында комбайн штурвалына отырды («Ердің даңқы»). Ертіс алқабының ғасырлар бойы *ту* жатқан тың даласы нағыз құнарлы, астықты өлке болды (Ә. Нұршайықов).

**Тың, соны, жаңа.** *Жаңалығы бар, ескі емес.* Оның географиялық *тың* пікірлері география ғылымының одан әрі дамуына жол ашты (Н. Баяндин). Ауданаралық жарыс талай-талай *соны* бастамалар мен игі істің қайнар көзіне айналды (М. Жанәділов). Бекболаттың екі қайтара жіберген адамдары *жаңа* бұйрықтар алып келді (Қ. Тайшықов).

**Тыңдау, есту.** *Кұлақ қойып, зер салу, сөз ұғу.* Үш жастағы бала үлкендердің сөзін (тақпақ, өлең, ертеке) *тыңдауға* өте өуес келеді (К. Жарықбаев). Сізден апам бір-екі ауыз сөз *естимін* деп, үстел басына әдейі келді (Ә. Нұршайықов).

**Тыңшы, жансыз, үш әріп қарап., салпаңқұлақ сөйл., үндемес сөйл.** *Астыртын жұмыс істейтін тың тыңдаушы адам. Тыңшылар* көшелерде түнде қаңғып, қаланы судай сүзген қармақ салып, қай үйден сыбыр, дыбыс шығады деп, жабысып тұрады аңдып (Ф. Орманов). Қаладан тіл алуға *жансыз* етіп Әйтиевтің қайнағасы партизан Ерғалиды жөнелтті (Х. Есенжанов). Төңкерісшіл, турашыл, Смағұл қайтсем қазағымды ертерек ел қатарына қосам деп, жан таппай жүріп, *үш әріп* үндеместердің улы оғынан мерт болған (Д. Досжанов). *Салпаңқұлақ* қой бұл арамызға әдейі әкеп жатқызып қойған (Р. Токтаров). Қой бағып біраз бой жасырып көріп еді, *үндемес* қойды ма, іздетіп тауып, қайта апарып жауып қойған жоқ па? (Р. Токтаров).

**Тыртындау, тырбандау, тыраштану, тыртақтау.** *Өз қолынан келмейтін іске ұмтылу. Тырбың-тырбың етіп әрекеттену.* Толтыра алмай *тыртындап*, көк шолақтың сауырын өкініш еді өмірі, Бір жаза алмай бауырын (Ө. Тұрманжанов). Басы-көзін тер жуған арлан өзінің биік жарға шыға алмай *тырбаңдап*, өрмелеп келе жатқанына түсінбеді (С. Жүнісов). Адамның өз шама-шарқын салмақтап, сарапқа салып алмайынша, жоқтан бар құраймын деп *тыраштауы* әбестік-ақ («Лен. жас») Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай, қолы жетпес нәрсеге *тыр-тақтаған* (Абай).

**Тырысқыш, ұмтылғыш.** *Қандай да бір істі тындыруға әрекет еткіш.* Қатарынан кем болмауға *тырысқыш* намысқой да, Баржоғынды есеп беріп жатпайды (А. Байтанаев). Өзі қандай қарапайым, еңбекшіл, өнер-білімге *ұмтылғыш*, ізденгіш жан (О. Сағынтаев).

**Тышқақтау, садыралау.** *Малдың іші өтуі.* Қыс бойы құрғақ шөп жеп тұрған қойлар көк шөпті құмартып көп жеп қойса, іші бұзылып *тышқақтайды* (М. Ермеков). Мал өріске шығып, көкке басы тиген соң алғашқы екі-үш күн қинала *садыралап*, тышқақтап жүрді де, тез оңалып кетті. (Ө. Тарази).

**Тышқан, қаптесер, қосаяқ, қалқанқұлақ, күміс құйрық, тоқалтіс, борша, ақ тышқан, көртышқан, соқыртышқан, алпауыз.** *Кеміргіштер тобына жататын сүйір тұмсықты сүтқоректі жәндік.* Үстіне арыстанның ойнақтапты, Бір *тышқан* іннен шығып сол арада (С. Торайғыров). Мәселен, *қаптесер, тоқалтіс*, тағы басқа зиянкес кеміргіштердің әрекеті салдарынан дөнді дақылдар өнімі 6-8 пайызға кемиді (Х. Қыдырбаев). Зейнегүлдің жертөлесі *қосаяқтың* іні сияқты жерді үңгіп, жантая қазылған (С. Мыңжасарова). Борша – Алтай мен Қалба тауларында таралған *ақ тышқан* («Түсіндірме сөздік»). Бірақ *көртышқан* жерді алдыңғы аяқтарымен қазады да, *соқыртышқан* топырақ арасынан өзіне жолды басымен және күшті дамыған күрек тістерімен қазады («Жалпы биология»). *Алпауыз* – егінді қиып тастайтын сары ала тышқан, зиянды мақұлық («Ана тілі»).

**Тыю, ауыздау.** *Жағымсыз іс-әрекетке жол бермеу, қойдыру.* Ата жолын бұзғанды тыйсаң, әуелі өзінді *тый!* (Ғ. Мұстафин). Мен өзімді талай *ауыздамақ* болдым, өзіме-өзім ұрыстым, өзімді сөктім, сынадым (Ж. Аймауытов).

**Тізбектеу, тізбелеу, тізу, тізімдеу, тізгіштеу.** *Бірінен соң бірін тәптіштеп реттеу.* Осы бір сапардың өзінде көрген-білгенімді *тізбектеп*, айта берсем, таңға таусылмас еді (Ж. Тілеков). Ол даңқты ғалымдар мен қоғам қайраткерлерін *тізбелеп* айтып жатыр (Ж. Ыбыраев). Аузын ашса көрінер кірсіз тісі, сықылды қолмен *тізген* іш қайнайды (Абай). *Тізімдеп* барлық жырды қаттасаң да, таппайсың жалғыз өлең қырға арналған (К. Жұмалиев). Қармақтарына қапқан балықтарын бір-біріне көрсетіп *тізгіштеп* жатыр (Ө. Қанахин).

**Тізім, тізбе.** *Бір нәрсенің қағаз бетіне рет-ретімен жазылған аты.* Құжаттарды ақтарып отырып Асқар атылуға бұйырылған адамдар *тізімінен* Асан мен Ботагөзді тапты (С. Мұқанов). Нұржігіт ауылнай шеке-сінен қарап, майданға баратындардың *тізбесін* жасады (Б. Майлин).

**Тік, түзу.** *Тікесінен-тік, тікпе-тік.* Одессаның Ленинградқа біраз ұқсайтыны рас, көшелері *тік* және кең, үйлері де біркелкі көркем (С. Мұқанов). Кеннің жатысына қарсы тіреулі самсаған крентер телеграф бағанасына *түзу* тартылған (Ғ. Мұстафин).

**Тіке, тікелей.** *Тұп-тура, еш ауытқусыз.* Ол қолымды қысып тұрып, бетіме *тіке* қарады (А. Жақсыбаев). Менің *тікелей* жүрген шаруам – елдің кітап оқуы (Ғ. Қайырбеков).

**Тікен, тікенек.** *Кейбір өсімдік жапырағында болатын үш жағы үшкір зат.* Ол етегін тырнап, иығын жиденің *тікені* жыртса да

тоқтаған жоқ (М. Дүйсенов). Залалы көп, пайдасы аз *тікенек* ұрынды екен қызға неге тікелеп (Х. Ерғалиев).

**Тікелей, тікесінен.** *Салған жерден, бірден, турасынан, тұп-тура, төтесінен.* Тікелей түскен күн сәулесі туберкулез құрттарын бірнеше минуттың ішінде-ақ құртады (Н. Көшербаев). Сондықтан генерал-губернатор оған әңгімені *тікесінен* қойды (І. Есенберлин).

**Тікию, тікею, тікшию.** *Тіп-тік болып шанышылу.* Бактығұлдың ұзын мұрты *тікиіп*, түгін сыртына теуіп алды (М. Әуезов). Сырбай тайлақты түйесін қолда күткендіктен, өркештері *тікейген* семіз болатын (С. Мұқанов). Ат басын ықылассыз қайта бұрып алып, құлағын *тікшиітіп* тау жаққа қарады (Ш. Мұртазаев).

**Тілазар, қырсау, кежір.** *Ешкімнің тілін алмайтын, жұмсағанға бармайтын.* Қой дедім ғой сендерге, неғылған *тілазар* баласындар (М. Иманжанов). Әуел бастан иілгіш-құлағыш мінезі жоқ, тура бетке айтатын *қырсау* Қалмұрат сәл бөгеліп қалды (О. Сәрсенбаев). Ал енді бірлі-жарым *кежір*, керенау табыла қалса, «сөлендеп бос жүреді не оңар дейсің?», – деп, көпшілік ондайды айыптап отырады (С. Шаймерденов).

**Тілалғыш, елгезек, елпілдек, елпек.** *Айтқанды екі етпейтін, елпілдеп тұратын.* Шаруаға икемді, *тілалғыш* жасты үлкендердің жақсы көретін әдеті (А. Жақсыбаев). Ол тілалғыш, *елгезек*, жұмсағаныңа шауып тұратын еді (Р. Тоқтаров). Нақыш – жалпылдаған ақ көңіл, біреудің сөзін екі етпейтін *елпілдек* қыз (М. Дүзенов). Тілалғыш, *елпек* жақсы бала деп, мені мұғалімдер өте жақсы көреді (Б. Тұрсынбаев).

**Тіл білімі, лингвистика.** *Тіл заңдылығын қарастыратын ғылым саласы.* Сапекең көп жылдар бойы А. Байтұрсынұлы атындағы *Тіл білімі* институтында жемісті еңбек етіп келеді («Ана тілі»). Қазіргі таңда қазақ *лингвистикасы* шарықтап дамыған ғылым саласына айналып отыр («Егемен Қазақстан»).

**Тілгілеу, тілімдеу, кескілеу, тілгіштеу сөйл.** *Теріні ырситып жаралау, жарақаттау.* Көкжал артқы санын да, сауырын да, құлақ шекесін де ырситып *тілгілеп* кетіпті (Ө. Тұрманжанов). Гүлнардың еріндері кезеріп, терісі *тілімденіп* кетіпті (С. Мұқанов). Кілем үстінде көк жібекті жайып салып, қайшымен олай да бұлай *кескілеп* отыр екен (Х. Ерғалиев). Ақықтың ойынша, бөгеліссіз жер қыртысын *тілгілеп* аудару керек (М. Мырзағұлов).

**Тілек, тост сөйл.** Құдайы тағамға жиналған дос-жаранның айтқан ақ *тілегі* оң болып, балаңыз елге аман-есен оралсын, – деді Жамалбек («Заман Қазақстан»). Бибінің денсаулығы үшін *тост* көтеру – біздің жолымыз (Ж. Еділбаев).

**Тілерсек, тірсек, қылта.** *Жан-жануардың артқы аяғы мен адам аяғының бүгіліп жазылуына қажетті сіңір.* Есік жақта *тілерсектері* дір-дір етіп, екі ешкі мен бір арық торпақ байлаулы тұр (Ф. Мүсірепов). Кетерде күштің біреуінің *тірсегін* киып қалдырды да, екінші біреуін –



ең кенжесін алып жүріп кетті (М. Әуезов). Оспан Жиреншені *қыл-тадан* қатты шымшын алды (М. Әуезов).

**Тілеқор, тілеулес, тілектес, тілекші.** *Жақсылық тілейтін, ниеті жақсы адам.* Рақмет, *тілеуқор* ағатайым, – деді Мәди шын ықыласын білдіріп (Ә. Әбішев). Әкем төніректегі *тілеулес* үйлердің басты адамдарын жинап алды (С. Мұқанов). Сенің абырой асып, мәртебеге жетуіңе *тілектес* болып қалдық (А. Хангелдин). Әне, кішкене кілем үстінде жатқан нәресте – *тілекші* әженің тұңғыш немересі, қылығы тәтті Нәдия (Ә. Сәрсенбаев).

**Тілмарлау, тілділеу.** *Қара сөзге шеберлеу, біршама шешен.* Жаңылдың мына өзілі жалпы *тілмарлау* болса да, Жақыпбекке ұнап кетті (М. Иманжанов). Әлгі келген екеудің біреуі өр мінез, *тілділеу* екен («Түсіндірме сөздік»).

**Тіл қатты, үн қатты.** *Сөйледі, үн шығарды.* Ол өзімен бірге салт келе жатқан қартқа *тіл қатады* (Н. Фабдуллин). Жандырып қыз күйігі сырланған күй, тіл қатпай, *үн қатумен* ұрланған күй (І. Жансүгіров).

**Тілші, журналист, газетші.** *Мерзімді баспасөзге мақала, хат-хабар жазып тұратын редакцияның тұрақты қызметкері.* Бір газеттің *тілшісі* Дәрібектің суретін түсіріп, аты-жөнін жазып алды (С. Омаров). Бейімбет бұл кезде өрі үлкен жазушы, өрі маңдайалды *журналист* (Ф. Мүсірепов). Тілшімін, *газетшімін* қатардағы, жолда өткен батар күні, атар таңы (Ә. Ахметов).

**Тілшілік, журналистік.** *Тілші болушылық, журналистке тән.* Қасымдағы досымның қызметі – *тілшілік* (С. Мәуленов). М. Сералиннің *журналистік* таланты осының арқасында шарықтап кемеліне келді (Б. Кенжебаев).

**Тіміскі, тіміскек, түртіншек.** *Әр нәрсені бір тіміскелеп, түртініп жүретін.* Олай-бұлай жортақтап із кесіп, *тіміскі* Ақтөс те аласұрып жүр (Д. Досжанов). Тіл бар деп кім ойлайды тіл астында, *тіміскек* түлкі жүр деп қыр астында (Б. Адамбаев). Құрылыс бригадирі өте *түртіншек* адам еді («Алматы ақшамы»).

**Тінткілеу, іздеу, тіміскілеу, тіміску.** *Бір нәрсені табу үшін ақтарып-төңкеру.* Жанар ағасына еркелеп сөйлеуді, ақша сұрап, қалтасын *тінткілеуді* мүлде қойды (Р. Токтаров). Мұхтар папиросын ерніне қыстырып, жанынан шырпы *ізdedі* (Ш. Шалқаров). Біздің деревняға солдаттар келіп *тіміскілеп* жүрген соң, қорқып үйімнен түн ішінде қашып кеттім (Ә. Шәріпов). «Уа, малғұн хайуан, *тіміскіп* жүрген сен бе едің?» – деп, көк күшікті кебіспен бір салды (Д. Досжанов).

**Тіптен, тіпті, сірәда.** *Мүлде тым, айтса айтқандай.* Бойы *тіптен* кішкентай, жетер-жетпес тақтаға келіп отырды ең алдыңғы партаға (О. Шипин). *Тіпті* шыдамаған соң тұрды да, үйіне қарай жүре берді (М. Дүйсенов). Жарық дүниеге келіп, көзін ашар-ашпастан осындай халге душар болған бейкүнә сәбиді көргеннен ауыр ештеңе бола қоймас *сірәда* (Ә. Қанахин).

**Тірек, таяныш, сүйеніш, сүйемел, бел сөйл., тұтқа сөйл. Сенімді қолдаушы, арқа сүйер, демеуші.** Дәмеш апай өзіне оны *тірек* санап, ақыл-кеңес сұрайтын (Ә. Әлімжанов). Ғани – жарлы жастардың басшысы, жанымен сүйетін *таянышы* болды (Ш. Өтепов). Дәулет – Ғатаудың оң қолы, *сүйеніші*, ауылдасы (М. Гумеров). Достардың ыстық демі, жәрдемге ұсынған қолы өрдайым қиыншылық күндерінде *сүйемел* болып отырады (Т. Жармағамбетов). Сен миллиондаған халықтың Сүйеніші едің, *белі* едің (Жамбыл). Адам ғой өмір *тұтқасы*, Ұясына өлем түр сыйып, толқиды егін далаға тәңірісіне бас иіп (С. Мәуленов).

**Тіреуіш, сүйеуіш, тиянақ.** *Тіреп я сүйеп қоятын нәрсе.* Түндіктеріне *тіреуіш* қойылатын киіз үйлер шағын-шағын төмпелер секілді (С. Шаймерденов). Биыл алма бітік шығып, кейбір бұтақтарына *сүйеуіш* қойдық (Ауызекі тіл). Киізді білектегенде оның екі жақ басына жуан ағаш, жинаулы ши сияқты нәрселерден *тиянақ* қойып отырады (С. Қасиманов).

**Тістеу, қыршу<sup>1</sup>.** *Тісін батырып дақ салу, жарақаттау.* Бұл да *тістеп* жатыр, тісі шалғы орақтай өткір екен (Қ. Қараманұлы). Ақшолпан қыбын тауып, жандармның қолын *қыршып* алды (Ә. Әлімжанов).

**Тістеу, қыршу<sup>2</sup>.** *Тісімен бір нәрсені жібермеу, тісін батырып дақ салу.* Бір торғай мақтаны тұмсығымен *тістеп* алып, ұшып кетеді (Ы. Алтынсарин). Білгендері үйретпеді, үйретуге бейімделгендерінің жүйкесі жетпей, олақ шәкірттің бармағын *қыршыды* (Т. Әлімқұлов).

**Тістеуік, тістегіш.** *Тістеп алғыш.* Тебеген, *тістеуік* қияңқы жылқылар, сүзеген сиырлар бөлек байланылады (Ә. Әбішев). Ойпырмай, неткен асау едің, *тістегіш* те тебеген, – деді Арыстан (М. Әуезов).

**Тітіреу, шіміркену.** *Бірдемені денесі ұнатпай сескену.* Айшаның көзі жасқа толып, тұла бойы қалтырап, *тітіреп* кетті (И. Салахов). Төлеген түйенің егін *шіміркеніп* әрең жеді (Б. Тоғысбаев).

## У

**У, зәр, заһар.** *Ағзаға әсер етіп, денеге зардабы жайылып, өлімге дейін душар ететін химиялық зат.* У жайылып күптей болып талауратқан алақанда дәл жыланнның тісі тиген жерінен Жамал тілімен сора бастады (Ғ. Мұстафин). Түн ішінде өкемнен бір ағайды *зәрі* күшті жылан шағыпты деген хабар алдым («Мын бір түн»). Асайын айтып кеткен жайсыз хабардың улы *заһары* Балзияның жас денесіне тез жайылды (С. Омаров).

**Уа, ау, уау.** *Біреудің зейінін өзіне қарату үшін айтылатын ишарат сөз.* Тірлігімде мына мен де қарсымын, *Уа*, достар, өзім жайлы жазуға (Қ. Мұқашев). *Ау*, сендер неғып жүрсіңдер? – деді Бәрібай бір

күні Рабиғаға (Б. Майлин). *Уау*, Бибі, бос тұрма, жұмыс бар, жүр бері, – деді біреу (Д. Әбілев).

**Уайым, шер, мұң, зар, қайғы, қасірет, күйік, қамырық, құса, қам, аза, құста, құса-мұң, күйініш, күмірем көне.** *Адам басына түскен қиыншылық пен тауқыметтің зардабы, күйініш.* Жарасовтың *уайымы* – қазір әсіресе адам жайы (М. Әуезов). Қарғыс атқыр соғыс кімнің жүрегіне *шер* боп қатпады дейсің («Бәйшешек»). Шолпан көңілді көрінгенімен, Айман жүзінде абыржу аралас ойлы *мұң* бар (Қ. Мұхамеджанов). Бірінің соңынан бірі ілесе екі жауап хат келді маған, біріншісі – толып тұрған *зар* мен *шер* (Ә. Нұршайықов). Ұлтуған баланың қылықтарын, сөйлеген сөздерін қызықтап, бір ауық көңілі сейіліп, өзінің *қайғысын* ұмытқандай болды (С. Мұратбеков). Оның басында қаншама *қасірет*, *мұң* ізі барын аңғаруға болады (С. Бақбергенов). Ана байғұс бала *күйігіне* төзе алмай, төсек тартып жатып алды (С. Омаров). Көңілде *қамырығы* көп жар қара жамылған бойымен ақ үйден шығып кетті (М. Әуезов). Жылап-жылап ішін өртеген *құсасы* аз-кем басылған соң, Бақыт қайтадан есін жиды (Ө. Қанахин). Торжан көңілінен шықпайтын бір *қамды* қайта оятты (Т. Әлімқұлов). Жау әкелген *аза* мен қазаны көз алдыға келтірмек болсаң, сол қоңыр үйдің иесін біл (М. Иманжанов). Сарғайып қалды ма, қапаста *құста* боп жатыр ма? – деп, түн ұйқысын төрт бөледі, – деді манас Абайға (М. Әуезов). Тұрмын түнек құшағында айнала түн төңірегім. Кеуде толып *құса-мұңға*, Көлдей толқып еңіредім (С. Мәуленов). Кейде не істерге, не дерге білмей дал боп, өз-өзінен қатты *күйініш* жәйттерге де ұшырап жүр (Ө. Қанахин). Ой, күлмей *күмірем* қап! – деді маған өкпе тұсымда ойынға қарап тұрған біреу (Б. Қыдырбекұлы).

**Уәде, пәтуа, уағда.** *Белгілі бір іс жөнінде берілген келісім сөз, тоқтам, шешім.* Ертеңінде таңертең түндегі *уәде* бойынша Қайранбай да бізбен бірге жүрді (С. Мәуленов). Олар топтан озып оқшауланып ұзағырақ сөйлесті, ақыры *пәтуаға* келді (М. Құмарбеков). Директор *уағдасы* бойынша, бізді бір сағатта қуып жетпек (Ж. Өмірбеков).

**Уәделесу, уағдаласу, пәтуаласу, сөз байласу, келісу.** *Бір-бірімен уәде жасасу, сөз берісу.* Екеуі ертең қасқырлар жасырынатын тауға баруға *уәделесті* (М. Тиесов). Үшеуі ұзақ сөйлесіп, үрейлі хабарды ешкімге әзір сездірмеуге *уағдаласқан* (С. Жүнісов). Сарапшы тобы таңдап-таңдап он адамды іріктеп алуға *пәтуаласты* (Т. Кәкішев). Бүгінгі осы жерде бас қосуларының ең бастысы Жаңқабекке Гүлсімді атастырып, құдалыққа *сөз байласу* білем (С. Бегалин). Әмірхан сездірмеді ішкі сырын, *Келіскен* күні бұрын Ақбөпемен, Естіді ел шетіне келісімен, Келед деп Ақбөпенің күйеуі ұрын (И. Байзақов).

**Уәделі, уағдалы.** *Уәде белгіленген, уәделескен. Уәделі уақытта* мен барсам, апам мені белгіленген жерінде күтіп тұр екен (С. Мұқанов). Күлөңданы *уағдалы* сағатта күркенің алдында күтіп алдым (О. Сәрсенбаев).

**Уәзір, ақтаяқ көне.** *Ел билеуші ханның, патшаның кеңесшісі.* Мұның бәрін істеп жүрген ханның *уәзірлері* еді (М. Жұмағұлов). Жетіп келді әскерге, *Ақтаяқ* екен патшаның, Келмембетке кез келді («Қамбар батыр»).

**Удай, зәрдей.** *Тұзы көп, тұзды.* Естай қуырдақтың бір қасығын аузына салып еді, тұзы *удай* екен (Қ. Жұмаділов). Ат жалын құшып, тұла бойына *зәрдей* жайылған қорлану оты, кекті қасірет ішін өртеп барады (А. Нұрманов).

**Уқалау, уалау сөйл.** *Бір нәрсені қолымен ысқылап үйкелеу.* Райханның оң жақ аяғының башайлары боп-боз үсіп кетіпті, қанша *уқаласаң* да жан кірер емес (С. Жүнісов). Анда-санда барбиған саусақтарын тарбитып жіберді де, Мысықбек буындарын сырт-сырт еткізіп *уаланды* (Ғ. Мұстафин).

**Улау, уыттау, зәрлеу.** *У беру, у дарыту.* Салықтың өлімі жөніндегі аңыздың бірінде ол кездін әкімдері оның прогресшіл бағытын ұнатпай *улап* өлтірді деген (А. Жұбанов). Мал дәрігерлері алдын ала сақтық шарасын істеп, тотияйын ертіндісін қосып *уыттаған* дәріні егеді екен (Ғ. Сланов). Қырық шишаға су құйып, суға қосып – у құйып, *зәрлеп* дұға салады (Манас).

**Улы, зәрлі, заһарлы, уытты, шаяндай.** *Уы мол, тез уландыратын.* Саңырауқұлақтардың жеуге жарайтынын *улысынан* ажырата алам, – дедім мен (С. Айни). Кенеттен аш өзектегі ескі жара жарылып, соның *зәрлі* уыты тұла бойын дуылдатып өртеп бара жатқандай (З. Асабаев). Артынан байқаса, одан қалғандар ертеңінде істелген емнің септігінен емес, *заһарлы* тамыр түйірлерін аз жұтқандар екен (З. Ақбаев). Сейтен жылан екенін бірден сезді, таулы жердің жыланы *уытты* келеді (І. Есенберлин). Нұрқаттың да тілі *шаяндай*, шаққан жеріне қан шығарады (З. Шашкин).

**Улылық, зәрлілік, уыттылық.** *Уы мол болушылық.* Одан әрі бромның *улылығын*, кездесетін жерлері жөнінде айтылды («Қазақстан мектебі»). Бұдан шылым қимайының *зәрлілігін*, өмірге қауіптілігін аңғарамыз (Е. Оразақов). Арық малдың етіндегі туберкулез қоздырғышы отыз минут қайнатқанда *уыттылығын* жоймайды (Т. Телеуғалиев).

**Усыз, зәрсіз, уытсыз.** *Уы жоқ, уы болмайтын.* Аждаһаның осы түріне аяқсыз кесіртке-амфисбена ұқсас болады, ол *усыз*, зиянсыз жәндік («Қазақст. мект.»). Көңілі таза адамдардың қайғы-қасіреті де *зәрсіз* болады екен-ау, – деп ойлады Ләззат (Т. Ахтанов). Олардың 25 пайызын қышқылға төзімді, *уытсыз* микробтың қатарына жатқызады («Малды туберкулезден сақта»).

**Уыстау, шеңгелдеу.** *Уысын толтырып ұстау.* Қалтадан күміс ақшаларды *уыстап* алып көрсеткенде, кім де болса есінен танып қала жаздайды (Б. Соқпақбаев). Ол салалы саусақтарымен ақ қарды *шеңгелдеп* алды да, жұмарлап қысып-қысып жіберді («Саржайлау»).

## Ұ

**Ұғым, түсінік, ұғыныс, таным.** *Белгілі бір зат, құбылыс жайындағы адамның танымы.* Халықтың ұғымында кез келген адам азамат бола бермейді (С. Хайдаров). Әлі өзіндік толық пікірі мен *түсінігі* жоқ бала өз мінезінің несі жақсы, неменесі жаман екенін ажырата алмайды («Семья тәрбиесі»). Жігіттердің байға барып арыз айтамыз дегендерінің шала *ұғыныс* екендігін түсіндірді (І. Жансүгіров). Оқылған өлендерден біздің ақындарымыздың дүние *тапымы*, шабыт қарымы, ой салмағы көрініп жатты (С. Мәуленов).

**Ұғымды, түсінікті.** *Көкейге қонымды, ұғынықты.* Қазақ әні емес, бірақ сондай бір мұңлы шермен, *ұғымды* күймен ырғалған майда қоңыр, назды қоңыр толқын кетті (М. Әуезов). Өмірдегі шынайылықты дұрыс бейнелей білген искусство ғана әрі *түсінікті*, әрі өмірлі болмақ (С. Бакбергенов).

**Ұғымдылау, ұғымдырақ, түсініктілеу, түсініктірек.** *Көңілге қонымдырақ, анық та айқынырақ.* Балаларға арналған кітап түсінікке жеңіл, тілі әрі қарапайым, әрі *ұғымдылау* болғаны жөн («Қаз. әдеб.»). Оқыған әңгіменің мәтіндік материалын жазу арқылы түсіндіру *ұғымдырақ* болады (С. Көбеев). Теңіз маңындағы елдің өмірін баяндайтын шығарманың оқиғасы оқушыға *түсініктілеу* ма дейміз (І. Омаров). *Түсініктірек* болуы үшін осы «Спартак» совхозының өзін аралайық (Ә. Нұршайықов).

**Ұғымталдау, ұғымпаздау, ұғынғыш, түсінімпаз, түсінгіш.** *Тез ұғатын, ұғып алығыш, зерек.* Оны Дәулет ағай *ұғымталдау* шәкіртім деп есептейтін де өте жақсы көретін («Білім және еңбек»). Тындаушы *ұғымпаздау* болса, сөйлеуші шешен болар (С. Бакбергенов). Ол тұрмыс сырын терең байымдаған дана қария, басқаның қайғы-мұңын *ұғынғыш* ізгі жан (І. Омаров). Әйткенмен ұшқырланып отырған ойын бөсеңдеткен *түсінімпаз* түрі жаман екен (С. Мұқанов). Қыздар затында қу, *түсінгіш* халық қой (Е. Әкімқұлов).

**Ұзағырақ, ұзақтау.** *Біршама ұзақ.* Біраз күннен кейін мен *ұзағырақ* жолаушылап кеттім (Ғ. Мүсірепов). Келер жаз дегені *ұзақтау* көрінді (Т. Нұрмағамбетов).

**Ұзарту, ұзайту.** *Бір нәрсенің арақашықтығы мен мөлшерінің арта түсуі, ұлғая беруі.* Әр жігіт халық жасын *ұзартады*, көтерсе ауыр жүкті кезегімен (М. Әлімбаев). Ұлым, қызым – өмірім, Сөнбес жағып шырақты, *Ұзайта* бер жолыңды, Босатпа бірлік тобынды (Жамбыл).

**Ұзындау, ұзынырақ, ұзыншақ, ұзынша.** *Біршама ұзын.* Адай жылқысы түркі *ұзындау*, шомбал және сүйектілеу болып келеді (А. Иманғалиев). Маған енді бір *ұзынырақ* шалғы саптап беріндер (Қ. Жұмаділов). Есіктің екі жағында *ұзыншақ* екі тақтай орындық

бар скен (Ә. Тарази). *Ұзынша* үйдің ортасын кірпішпен бөлген скен (Б. Майлин).

**Ұйғыр, тараншы көне.** *Орталық Азиядағы көне түркі халқының бірі.* Ұйғырлар – Шығыс Түркістанның байырғы тұрғыны («Түбі бір түркілер»). Ертеректе ұйғырларды *тараншылар* деп те атаған (Сонда).

**Ұйқышыл, ұйқышы сөйл.** *Көп ұйықтайтын, ұйқыдан бас көтермейтін.* *Ұйқышыл* әрі жалқау отыр тағы, гүртінен мал жоғалтып, түртіп түлек (А. Тоқмағамбетов). Өнге қосар кешкі ауаны жаңғыртып, Үйден шықпас *ұйқышы* бір құрдасым (Н. Бәдіғұлов).

**Ұйтқымалы, ұйтқыма.** *Үйірлене, қызулана соғатын.* Балалық шағындағы осы бір *ұйтқымалы*, кекшіл мінезінің жұқанасы отыздан асқанша жабысып қалмай келеді (С. Омаров). *Ұйтқыма* боран қазір құтыра жөнелді (Қ. Құрманғалиева).

**Ұйымдасу, бірлесу, ұжымдасу, бірігу, ұйысу, серіктесу, ынтымақтасу, ұшқасу, қолдасу сөйл.** *Тізе қосып бірігу, қоғамдасу.* Кедейлер өзен жағасына ірге теуіп, *ұйымдасып* үй салуға сөз байлап тарасты (С. Талжанов). Жері мен тағдыры бір орыс жұртшылығымен *бірлеспей*, бізге жарық сәуле жоқ сияқты (І. Есенберлин). Үлкенді-кішілі ғалымдарымыздың *ұжымдаса* атқарған еңбегінің жемісі бағаланып отыр («Қаз. әдеб.»). Азамат, жүнжіме, жүрме бос, Қол ұстас, *бірігіп*, тізе қос (С. Сейфуллин). Колхоз боп *ұйысқанымызға*, міне, табаны күректей отыз бес жыл болыпты (С. Мұратбеков). Кейінірек те оның өзі *серіктесу* жайлы ұсыныс жасады (З. Шүкіров). Екі ел арасындағы қарым-қатынас экономика мен мәдениет саласында *ынтымақтасу* жолымен өріс алып келеді (Ә. Шәріпов). Қанекей десіп тағы да қолтықтасып, *ұшқасып* ілгері басты (Д. Досжанов). Кешегі ұрыста автоматчиктердің бірінші взводы үшінші батальонмен *қолдасып*, шабуыл жасаған еді (М. Фабдуллин).

**Ұйымшылдық, ынтымақшылдық, ынтымақтылық.** *Ұйымшыл болушылық.* Бұхар жырау өзінің өткір жырларымен халықты *ұйымшылдыққа*, бірлікке шақырды (С. Мұқанов). Ол кездегі *ынтымақшылдық* сол кездің жағдайы туғызып отыр («Соц. Қаз.»). Мұндай жетістіктерге көп ұлтты республика халқының *ынтымақтығы* арқасында жетіп отырмыз («Жас Алаш»).

**Ұйысқақ, ұйысқыш.** *Тез ұйысатын, ұйыса бергіш.* Қатты жел дағдылы сарынмен *ұйысқақ* талдарды шайқап тұр (З. Иманбаев). Күтімді болып, қыстан жақсы шыққан қойдың жүні қалың болады да, *ұйысқыш* келеді ғой («Жетісу»).

**Ұйысу, білтелену, жабағылану.** *Шаш пен жүн-жұрқаның бытысып, тұтасып қалуы.* Қуандықтың шашы тараусыз *ұйысып*, дударланған (Б. Майлин). Оның соңынан *білтеленген* жалы дізесін соғып жарау, ұзын күрең айғыр жөнелді (Ғ. Мұстафин). Жүннің *жабағыланып* кеткен шетін қиып, тәртіпке келтіреді («Лен. жас»).

**Ұйытқы, түрткі, қозғау.** *Бір істің басталуына әсер етушілік, себеп болушылық.* Дихан Әбілев осы жаңа ағымға *ұйытқы* болып, басқалардың да делебесін қоздырып, соңынан ертіп кетті (Ғ. Мүсірепов). Бұл хаттың есіме түсуі көп көріністің көз алдынан өтуіне *түрткі* болады (К. Қазыбаев). Мусиннің кейінгі әрекеттері, ол туралы түскен сигналдар да деканға үлкен *қозғау* салды (З. Қабдолов).

**Ұқсас, тәріздес.** *Айнымайтын, дәл сондай.* Жаңғозының әкесіне *ұқсас* келбетіне ол ұзақ уақыт, қызықтап қарайтын еді (Ж. Молдағалиев). Алайда адам мен адам *тәріздес* маймылдар арасында орасан зор айырмашылық бар («Жалпы биология»).

**Ұқсастау, тәріздестеу.** *Біршама ұқсас.* Көкшетау елінің киімі орыс я татар киімдеріне *ұқсастау*, ыңғайлы келетін (С. Мұқанов). Нақ қазіргі бейнесін басқа бір нәрсеге теңегісі келсе, түлкі *тәріздестеу* дер еді (Б. Қыдырбекұлы).

**Ұқсатымпаз, ұқсатқыш.** *Жоқты бар етіп ықтияттай алатын.* Әжемнің *ұқсатымпаздығынан* пенсиядан үнемдеген ақшасына маған ақ жейде, шалбар сатып алып қойыпты (А. Жақсыбаев). Үй іші тіршілігіне құнтты *ұқсатқыш* әйелдер болады ғой (Б. Соқпақбаев).

**Ұқсау, тарту, айнымау.** *Адамның бір-бірімен ұқсас болуы, үйлесім келуі.* Абай бейнесін Қанабек ойнағанда, Абайға құйып қойғандай *ұқсайды* (Ғ. Мүсірепов). Ботакөз аумаған жасындағы әкесі, аузынан түсіп қалған сықылды, *тартқан* да қойған (С. Мұқанов). Сүйемін әкесіне тартқан көзін, Досымның *айнымаған* тура өзін (Ғ.Қайырбеков).

**Ұқыпты, мұқият, мұқиятты, ықтиятты, құнтты, құнақты, қылап.** *Істеген іске жауапты қарайтын, жинақы.* Ол қайда жұмсаса да, тапсырған істі шапшаң, *ұқыпты* орындайтын (С. Мұқанов). Мұқан аударманы теруге жіберер алдында міндетті түрде *мұқият* қарап шығатын (С. Мәуленов). Ауру өзін-өзі *мұқиятты* таза ұстаса, ағайынтуғандарына және басқа адамдарға тигізер әсері мүлдем азаяды (Т. Қалжеков). Ол мектепте оқып жүргенде-ақ *ықтиятты* еді (С. Сарғасқаев). Жоқты бар етіп ұқсатпа білетін, үй іші тіршілігіне *құнтты*, алтын саусақ әйелдер болады (Б. Соқпақбаев). Анығында да Төлеген *құнақты* жігіт еді (Ж. Аймауытов). Биғайшаның үй шаруасына *қылап* жан екені көрініп тұр, илеген нанының жұқалығы қағаздай («Тоғызыншы шежіре»).

**Ұқыптылық, мұқияттылық, ықтияттылық, құнттылық.** *Өз ісіне жан-тәнімен берілгендік, жинақылық.* Үй ішінің тазалығы да, *ұқыптылығы* да балаға әсер етеді («Қазақст. мек.»). Олардың тыңғылықты ісі, *мұқияттылығы* мен ұқыптылығы жергілікті тұрғындарды талай қайран қалдырды (С. Сейітов). Сауыншылардың еңбекқорлығында, *ықтияттылығында* шек жоқ (Ж. Мусин). Ғылым талантпен бірге ерекше *құнттылықты*, табандылықты керек етеді («Соц. Қаз.»).

**Ұл, ер бала, еркек бала, атұстар этногр.** *Еркек жынысты бала.* Бесінші жылға аяқ басып, Кәбира екіқабат болды да, мезгілді күнді өткізіп, егіз ұл тапты (Қ. Әбдіқадыров). *Ер балалар* көгілдір майка, қара түсті шолақ дамбал киеді («Халық мұғ.»). Жарамайсың жалғыз-ақ, *Еркек бала* сен болсаң, Өлеңім бәрі кетсе де, Аямай бата берер ем (Айтыс). *Атұстарың* болды, бауы берік болсын! (С. Мұқанов).

**Ұлан, өрен.** *Жас өспірім, жеткіншек.* Жарысып тайлы ұландар ашамайлы, тай ұшып, тепкішегі жалп-жалп етер (І. Жансүгіров). Көкең алған Әлібиден тапсырма, Депті оған елден өрен жас жина (Ғ. Қайырбеков).

**Ұлан-байтақ, кең байтақ, ұлан-ғайыр.** *Шексіз-шетсіз көсіліп жатқан (жер).* Ұзын жолда біз өткен Өренде көп тәлім бар, Төрі толған түлікке *Ұлан-байтақ* жерім бар (Жамбыл). Слетке біздің *кең байтақ* республикамыздың түпкір-түпкірінен небір саңлақ домбырашы, қобызшы, сыбызғышылар ағылып келді («Қаз. әдеб.»). Қазақстан – батысты, шығысты, оңтүстік пен солтүстікті қаусырып жатқан *ұлан-ғайыр* республика (С. Мәуленов).

**Ұлт, ұлыс, милләт тарихи.** *Адамдардың тарихи, әлеуметтік, этникалық тұтастығы.* Өз ұлтын жақсы көрмеген өзге ұлттарды ұнатпайды (Ә. Нұршайықов). Қазіргі түркітілдес халықтар отыз шақты ұлт пен *ұлыстан* құралады («Ана тілі»). Бай да жоқ, кедей де жоқ, көрі мен жас, бар *милләт* бір пиғылдас, дін қарындас (М. Әлімбаев).

**Ұлтшыл, ұлтжанды.** *Өз ұлтының мүддесін қорғаушы, ұлтын сүйші.* Қаншама ел қамын күйттеген абзал азаматымызды *ұлтшыл* деп қидалап келген («Жетісу»). Жас ұрпақты білімді, іскер, *ұлтжанды* етіп тәрбиелеу – басты міндетіміз («Егемен Қазақстан»).

**Ұлтшылық, ұлтжандылық.** *Ұлтын сүйшілік, ұлтжанды болушылық.* Алаш қолын бастаған, *Ұлтшылдық* туын ұстаған (И. Байзақов). Әлеуметтік, қоғамдық салада жетістікке жетелейтін азаматтарымыздың отансүйгіштігі, *ұлтжандылығы* болса керек («Жас Алаш»).

**Ұлыс, гайна.** *Бірнеше аталардан құралған әулеттер тобы.* Бұл ақ орда – бүкіл *ұлыстың* басшысы, қара қылды қақ жарған әділ би Торғауыттың үйі (С. Талжанов). Балықшылар бір *тайна* ел: шетінен сінірі шыққан кедей (Ә. Нұрпейісов).

**Ұмтылу, оқталу, кезену, ұмсыну.** *Ілгері қарай ентелеу, талпына түсу.* Мені анадайдан таныған әпкем де қуанып қарсы *ұмтылды* (С. Мұратбеков). Әлгі бір байда есесі кеткен Батыраш тағы бірдеме дейін деп *оқтала* беріп еді, қасындағы Қотыраш етегінен басты (С. Жүнісов). Жирен орыс Ақбілекті сүйем деп, тағы *кезенді* (Ж. Аймауытов). Абай ән шыққан жаққа *ұмсына* түсіп, қатып, жабысып тындап қапты (М. Әуезов).

**Ұмытшақ, ұмытқыш, жаңғалақ, жаңылшақ, жаңылғыш.** *Естен шығарымпаз, жадына сақтай алмайтын.* Ұмыта ғой деп қайтерсін



маған, менсіз де жетер *ұмытшақ* адам (Қ. Баянбаев). Кейде оралып сезімі бала шақтың, Уәдені *ұмытқыш* шала шақтың, Есекдөме еріксіз кетеді ертіп (Қ. Жармағамбетов). Ине, ине, инемін, Іскер қолда биледім, Жалқауды мен сүймедім, *Жаңғалақты* түйредім (Ж. Смаков). Пай-пай, осы күннен күнге *жаңылшақ* болып барам, – деді ол (Қ. Ахметбеков). Саусақтар да *жаңылғыш*, көз көргенді қол көтермейді (С. Сматаев).

**Ұнасым, үйлесім, жарасым, келісім.** *Мән мен мағынаның сәйкестігі, қисындылығы.* Өлең деген – әр сөздің *ұнасымы*, сөз қосарлық, орайлы жарасымы (Абай). Екеуінің әнінде домбыраның қос ішегінің үніндей *үйлесім* бар (С. Досанов). Ақ пима, күрең пальто, ақ түбіт орамал қыз сымбатынан *жарасым* тапқан тәрізді (Ә. Сәрсенбаев). Аңшы Оңғардың әдемі әні менің де көкейімде *келісім* тауып отыр (А. Сейдімбеков).

**Ұнату, жарату, жақтыру.** *Жақсы көріп іш тарту, көңіліне жағу.* Жан едім әсем әнді сүйіп айтқан, *Жағымды* көпке бірдей жұрт *ұнатқан* («Қазақ әндері»). Тергеуші капитан қарсы алдына оны отырғызып, *жаратпаған* ниетпен шұқия қарады (М. Қосшығұлов). Абай мәжілістің шырқын бұза келген қонақты *жақтырған* жоқ (М. Әуезов).

**Ұнау, жағу.** *Біреудің көңілінен шығу, тәуір көріну.* Ал, жігітім, *ұнау* үшін қызға сен, қыздың сырын, қыздың жанын ұғып көр (Ш. Мұхамеджанов). Сатылған мінезінің сынықтығымен жұрттың бөріне *жағады* (Б. Соқпақбаев).

**Ұнтақ, үгінді.** *Ағаштың үгітілген, ұнтаққа айналған қалты.* Ол жұмысқа кірісіп, бірнеше жылдан соң ағаш *ұнтағынан* қағаз жасау әдісін тапты (Қ. Қайымов). Жамылышқа ең қолайлысы – жеңіл, жылы карағайдың *үгіндісі*, қамыс, таза сабан сияқты заттар (А. Балтабаева).

**Ұнтақтау, үгіту, талқандау, ұнтау, ұсату.** *Тұтас тұрған ірі затты үгіндіге айналдыру, туралап майдалау.* Дәнді, жемді диірменге тартып жарып, *ұнтақтап* берсе, оны мал толық жеп қояды (Ш. Бөрібаев). Біз қолымыздағы нанымызды *үгітіп* алып, шағалаларға тастадық («Лен. жас»). Апам қуырылған арпаны келіге түйіп *талқандап*, сүт пен қаймаққа араластырып жегізетін (Ауызекі тіл). Шөптің түбірін кептіріп, *ұнтап* суға қайнатады (Х. Арғынбаев). Сабанды малға турап *ұсатып* берсе, ол сабанды үнемді пайдалануға мүмкіндік береді (Ә. Қарасаев).

**Ұрандау, атойлау.** *Ұран салып дабыл қағу.* Басына қызыл орамал байлаған бала «Алдиярлап», *ұрандап* келеді екен (Ә. Әбішев). Атандым майдан шебіне, *Атойлап* жауға енемін. Ардақты туған еліме Азаттық алып беремін (Б. Ысқақов).

**Ұраншыл, ұрангер.** *Ұран салғыш, ұрандағыш.* Бекбол бар атаулыға иттей өш еді де, тым *ұраншыл*, айғайшыл, қатыгез-қатал болып алды

(О. Сәрсенбаев). *Ұрангермін*, ұшқырмын, елгезекпін, Мен алдымен межелі жерге жеттім (Қ. Баянбаев).

**Ұрғылау, ұрғыштау, пергілеу, сабалау, соққылау, түйміштеу, түймештеу, тоқпақтау, қойғылау, қойғыштау, төмпештеу, төпелеу.** *Үсті-үстінен төпел тұра беру.* Ұзын бөренені сүйреп әкеліп, биік емен дарбазаны дүңкілдетіп *ұрғылаумен* болды (О. Сәрсенбаев). Ол қолындағы бүктеп ұстаған дырау қамшыны етегіне *ұрғыштап*, менің жолымды тосып тұр (Б. Соқпақбаев). Алуа қолын босатып алды да, жұдырығымен кепкіліні бас-көз демей *пергілесін-ай* кеп (Ө. Ахметов). Оқ тиген аққу діріл қаға жанталасып, қанатымен өзін-өзі *сабалайтын* (Ө. Әбішев). Ол белдікті қолына алып, отырған жерінде Асанды *соққылай* берді (А. Байтанаев). Балтақескен мұзды шақырлатып, күрекпен *түймештеп* жатыр (К. Оразалин). Арқасынан, басынан *түйміштеп*, нығарлап та жіберді (С. Бегалин). Сырын білмеген адамға соншама қылапсыз сеніп, құшағымды ашып кеткеніме өлердей өкініп, өз басымды өзім *тоқпақтадым* (Ө. Тұрманжанов). Ертеңінде есікті біреу *қойғылап* ұрып, шырт ұйқыдан әрең оятты (З. Шашкин). Ол келе сала мылтықтың дүмімен *қойғыштап* жатыр (М. Жұмағұлов). Олар Садуақасты ортаға алып *төмпештеп* жатыр (С. Сарғасқаев). Арт жақта біреу астындағы атын басқа, көзге *төпелеп* құйындатып келе жатыр (Қ. Сатыбалдин).

**Ұрлану, қолды болу.** *Біреудің затының білдіртпей жымқырылып кетуі.* Тонның *ұрлануына* Мархабаевтың да қатысы бар деуге ешқандай негіз жоқ (Ж. Тілеков). Ғарапа кешінде алжаспай төбе көрсететін Құныс *қолды болды* ма, әлде деспісінен жаңылды ма (Х. Есенжанов).

**Ұрлату, алдыру, қолды болу.** *Жаудың қолына түсу, жоғалу.* Өзіңмен бақталас ауылдың бөрілері болыстыққа таласып кек қуып, пәле іздеген, атты *ұрлатқан* солар (С. Әлішев). Екі жылқы *алдырдым*, Май төбенің жонынан (Жамбыл). Қыстың бір сұрапыл боранды түнінде көк бесті *қолды болар* (З. Иманбаев).

**Ұрлау, жымқыру, қымқыру, зытыру, қымту, қымтыру сөйл.** *Біреудің бір затын білдіртпей алып кету.* Жұмаштың «кітап *ұрлаған* білім ұрлағанмен бірдей» деп, көңіліне жаққан кітапты қымқырып кететіні болушы еді (Қ. Жұмаділов). Оның өңі құқыл тартып тұр екен. «Жаңағы ақшаны *жымқырған* осы болар» деп ойладым ішімнен (Қ. Туғанбаева). Адал еңбекпен ақша табайық дегенің дұрыс, бірақ козы *қымқырамын* деп ойламаңдар (М. Хасенов). Молдекең он сомдықты «бисмилла» деп қойын қалтасының түбіне *зытырып* жіберді (С. Алдабергенов). Енді дымын қоймай тасып кететін болды, тым құрмаса бір-екі шөмелесін *қымтып* қалайық (Қ. Қазиев). Ұры лагерьден босапты, жұмысқа ынтасыз, қолына іліккенді *қымтырып* күнелтеді екен (Т. Нұртазин).

**Ұрпақ, әулет, тұқым, түлек, тұяқ, зүрият, жұрағат қарап., буын сойл.** Бір атадан тараған үрім-бұтақ. Пушкин мен Абай сияқты ұлы ақындар – адам баласы *ұрпағының* мәңгі замандасы (М. Иманжанов). Үлкен қазіретке жасаған құрметін Шорман *әулеті* маған да көрсеткен (Д. Әбілев). Бір *тұқымнан* қалған жалғыз тұяқ емес пе, қайтып жананатқа қияр? (М. Дүйсенов). Мектеп дирекциясы өздері тәрбиелеп ұшырған *түлектерін* естен шығармайды (Б. Мәдиев). Әйтеуір Дәлелден қалған бір *тұяқ* азамат болып, астанада оқып жүргеніне мәз, қазір соны көңіліне медеу тұтады (З. Жәкенов). Байтұрсын аулының жігіттері болса бүкіл Торғай бойындағы қалың өлкені ығыр еткен *зүрият* (К. Сәрсекеев). Шоқанға арналған ескерткішті Шоқанның *жұрағаты* Шота Уәлихановпен бірлесіп жасап жүр (С. Байжанов). Үмітпенен сені тосып, Топтап жасап тоқсан жылды. Үш *буынның* басын қосып, Қуанды атаң көңілі тынды (С. Бегалин).

**Ұрсу, зікіну, зіркілдеу, ақыру, тілдеу.** *Ашу шақырып, зілді сөз айту, сөгу.* Кәмеш ұлына *ұрсайын* деді де, өзі өрең тұрған баланы бүлдіріп алармын деп, оны алдай бастады (У. Қыдырханов). Ол қоңырауды басып жіберіп, есік алдындағы секретарьға *зікініп* сөйледі (Б. Қыдырбекұлы). Петман аупартком бюросында ашумен *зіркілдей* сөйледі (З. Қабдолов). Ашуы кеп батырдың, Даусы шығып *ақырды* (Жамбыл). Салиха үйінде сауыншы боп жүргенде Төлебай оны талай *тілдеп*, талай сабаған (С. Мұқанов).

**Ұрсысу, шекісу, кежілдесу, айғайласу.** *Бірін-бірі жазғырып, сөзге келу.* Жездем көрінгенмен *ұрсысып*, есепшіден босап қалды (Ш. Күмісбаев). Екі қыздың ойда-жоқта *шекісіп* қалғанына және оған өзінің себеп болғанына Шеген әбден қысылды (Б. Нұржекеев). Кейде вагон есігінің алдында *кежілдесіп* тұрып алады (Т. Ахтанов). Орданың ауласында бірінің-бірі атының басына ұрып, *айғайласып* жатқандары (Б. Аманшин).

**Ұру, сабау, соғу, сою, желкелеу, төмпештеу, тепкілеу, таяқтау, төбелеу, жұдырықтау, қамшылау, қол жұмсау, тоқпақтау, тую, пергілеу, түйгіштеу, шекелеу, ұрып-соғу, сойылдау, жүндеу, мұштау.** *Біреуді-біреу таяққа жығып, ұрып-соғып жазалау.* Есей қорыққан немісті Миронов ротасының бір жауынгері *ұрып* жықты (Ә. Нұрпейісов). Мал ашуы жанын жеген ол қорғансыз кедей сорлыны *сабап*, тепкілей берді (Р. Райымқұлов). Өткен қыста таспамен, шоқпармен өзіңіздің үш көкжалды *соғып* алғаныңызды неге айтпайсың (С. Қалиев). Елден сен әулиемісін, неге қашып кетесін, – деп, шыбықпен *сойдым* (К. Қазыбаев). Содан кейін олар үлкендердің жұдырығын, *желкелеуін* бірге көрісті (М. Жұмағұлов). Садуақасты ортаға алып, *төмпештеп* жатыр (С. Сарғасқаев). Бай мені өкпеге *тепкілеп*, өлімші қылды (Ө. Тұрманжанов). Ауылдан үріп шыққан иттерді бір кісі атпен қуып, *таяқтап* ауылға қайта тықты (Н. Баяндин). Әлсіреп

өбден мендеген әйел тепсе де, *төбелесе де*, қабағын көтере алмады (І. Жансүгіров). Жақып Фазизаны жығып салып *жұдырықтап*, тепкілей бастады (М. Әуезов). Қаншама тебініп үздіксіз *қамшылап* ұмтылса да, баланың мінген байталы биеге жетіп қайтарар шамасы жоқ (Х. Есенжанов). Мұғалім Тынысбеков оқушыларға *қол жұмсауды* әдетке айналдырған («Лен. жас»). Сырын білмеген адамға соншама сеніп, өз басымды өзім өлердей *тоқпақтадым* (Ө. Тұрманжанов). Аралбайды Оспан көк желкеге жұдырығымен *түйіп* жіберді (С. Омаров). Алуа кішкентай жұдырығымен кепкіліні бас-көз демеі *пергілесін-ай* кеп (Ө. Ахметов). Егер Дәріш болмаса, оны келе жатқан есуас бала тоқтатып алып, *түйгіштеуден* де тайынбас еді (А. Байтанаев). Тұрсын жынданған адамдай-ақ қос жұдырығымен өзін-өзі *шекелеп*, олай бір, бұлай бір теңселеді (Ә. Көшімов). Ол замандағы қазақ әйелдері қызы мен жігіттің онаша отырғанын көрсе, жігітті *ұрып-соғып* қуып шығар еді (З. Ақышев). Олар тігулі тұрған үйлерді *сойылдап*, қызметшілерді сабап, ат ойнатты (Ж. Жұмаханов). Сатымбет ретін тауып қамқорды *жүндеп* тастауды Қанайға жасырын нұсқаған К. Оразалин). Қорлығың сенің өтті деп, Сандалтқаның жетті деп, Біреуі келіп *мұштады* (Ү. Кәрібаев).

**Ұры, ұрлықшы, ұры-қары, кезеп, ұрлағыш, баукеспе.** *Ұрлық істеп әдеттенген, ұрлықты кәсіп еткен адам. Ұрылар* тастай беріп түнгі олжасын, Жан-жаққа тым-тырақай зытты қашып (І. Есенберлин). Жасында көп тоналған адам үлкейе келе *ұрлықшы* болады (С. Сұбханбердин). Қоңырқұлжа *ұры-қарыдан* тоқалының мал-мүлкін қорғау үшін, сойыл сүйреткен елу жігіт берген (І. Есенберлин). Аман-есен жүрсің бе, Тезек төре, елден жылқы қоймаған *кезеп* төре (Айтыс). Губернияның алыс түпкірлерінде қол құрап, топтар сайлаған өңкей жылқы *ұрлағыш, баукеспелердің* сирағын қырықты (Б.Аманшин).

**Ұрық, тұқым, дән.** *Әртүрлі өсімдіктердің өсіп-өнуіне негіз болатын жанды түйін.* Емші көктем, жаз айларында неше түрлі шөптің *ұрығын* жинап та дәрі-дәрмек жасайды («Жас Алаш»). Көп жылдық жабайы шөптердің *тұқымын* табиғи жайылымдарға септі (С. Әбдірайымов). Торғайлар да күнбағардың *дәнін*, нанның уағын жақсы көреді (Ө. Тұрманжанов).

**Ұрықтық, тұқымдық.** *Ұрық боларлықтай. Ұрықтық* тамырлар тұқым өскен кезде ұрықтан дамиды (Н. Шоқанов). Нұрбек мені азынаулақ *тұқымдық* бидай тауып келу үшін жұмсады (Т. Иманбеков).

**Ұрылу, соғылу.** *Бір нәрсеге ұрып алу, соғып алу.* Доптың баспен *ұрылуы* өте бір ыңғайлы сәтте болды («Спорт»). Маңдайым талай тасқа *соғыларым*, Талайдың кезеп тұрған оғы барын (Ғ. Қайырбеков).

**Ұрыншақ, соқтыққыш, соқтықпа.** *Орынсыз әркімге тиіскіш, соқтыға бергіш, біреумен байланысқыш.* Жомарт Жақыпты да, Баймақанды да онша ұнатпайды, бірі тым ауыр, екіншісі тым шапшаң, *ұрыншақ* дейді (Ғ. Мұстафин). *Соқтыққыш* жуандар, содырлы сайқалдар кімге көкірек кермеген (М. Әуезов). Бұл училище дегенінде де ауылдың сүзеген бұқаларына ұксаған *соқтықпа* жігіттер көп болады екен (Х. Рахимов).

**Ұрыс, соғыс, шайқас, соқтығыс, қақтығыс, айқас, атыс, қырқыс.** *Мемлекет пен қайшы топтардың арасында болатын қарулы күрес.* Пулеметтің қасына үш кісі қалдырып, басқамызға *ұрысқа* дайындалуға бұйырды (Б. Тұрсынбаев). Сол кезде біз аумалы-төкпелі заманда *соғыс* алапатын тартып сорлайтынымызды білдік пе? (Л. Құрманова). Орда төңірегінде, Нарын мен Бекетай құмында талай қырғын *шайқастар* болды (С. Бақбергенов). Полициямен *соқтығыста* 70 адам өліп, 200 адам жараланды («Қаз. әдеб.»). Днепр бойындағы *қақтығыста* біз жеңгенмен, екі жақтан да адам шығыны көп болды («Соц. Қаз.»). Жаумен кездейсоқ күтпеген жерден тап болған *айқаста* бірнеше жолдастары қаза тапты (Ә. Шәріпов). Қала жақта қырғын *атыс*, шайқас болып жатқан еді (Б. Тілегенов). Адамзат тарихында болмаған мұндай *қырқыста* біздің жауынгерлердің көрсеткен ерлігіне ешбір теңеу айтуға келмейді (І. Омаров).

**Ұрысқақ, ұрысқыш, шаптықпа.** *Көп ұрсатын, болар-болмасқа ұрсатын.* Аш адам *ұрысқақ*, ақсақ кой тырысқақ (Мақал). Әжем бұл күндері жоқ нәрсеге байланысқыш, кім көрінгенмен *ұрысқыш* боп кетті (С. Мұқанов). Оның тез ашуланғыш, *шаптықпа* мінезі о бастан жоқ (А. Байтанаев).

**Ұсақ, уақ, майда.** *Кішігірім, майда-шүйде, ірі емес.* Қызыл балықтың сыртында терісіне жабысып тұрған *ұсақ* тікендер болады (Ә. Сәрсенбаев). Күлген кезде оң жақ қасы сәл жоғары көтеріліп, шиедей еріндерінің ар жағынан тізіліп аппақ та *майда* тістері көрінетін (Д. Исабеков). Олар ін қазылған жерден шығып қалған *уақ* жылтыр қара тасты қайта-қайта алып көрді (А. Хангелдин).

**Ұсақ-түйек, уақ-түйек, майда-шүйде, бөлек-салақ, анау-мынау, қиқым-сиқым, көди-сөди сөйл.** *Кесек әрі ірі күйіндегі дүние емес, қиқым-сиқым, оны-мұны.* Бекарыс таңсәріде тұрып, ауладағы *ұсақ-түйек* шаруасын тындырды (З. Жәкенов). Шал *уақ-түйек* майда шаруасын құлқын сәріден бастап, күн қызбай бітіріп тастады (Қ. Ысқақов). Мен *майда-шүйде* қағаздар болмаса, өзін білетінді жібергенім жоқ (З. Шашкин). Дәрмен *бөлек-салақтарын* сумқаға

салып, жинала бастады (Т. Әлімқұлов). Талас суы қатгы тасығанда *анау-мынау* көпірді шыдатпайды (С. Бегалин). *Қиқым-сиқым* ағаштарды жиып, от жақтық (Н. Көшекбаев). Осыны алысымен толық етіп *көди-сөдиін* түгел тізіп хат жаз («Қаз. әдеб.»).

**Ұсақтық, майдалық.** *Ұсақ болушылық, ірі еместік.* Осы бір *ұсақтықты*, мәнсіз абыр-сабырды адамдар өздеріне-өздері қасакана ойлап тапқандай (Ә. Кекілбаев). Туу, шіркін-ай, өзіңе осы қайдан жұққан *майдалық*, үйге келсең бәсе боп отырмайсың жайланып (Т. Иманбеков).

**Ұсату, майдалау, ұсақтау, уату, қиқымдау.** *Бір затты бөлшектеп ұнтаққа айналдыру, үгіту.* Завод ол кезде руда тасын пешке қолдан *ұсатып* салатын-ды (Ә. Сатыбалдиев). Ернар балық консервісін ашып, кішкене ақ табаққа салды да, көк жуа аршып, оны *майдалап* турай бастады (Ө. Қанахин). Лапастың ішінде бір қайыңды жаңғырыққа салып қойып, Ұлбосын ағаш *ұсақтап* жатыр (Б. Майлин). Тәкежан көрі, күсті саусақтарымен түйіршіктерін укалап *уатып* отыр (І. Есенберлин). Столының үсті *қиқымдалып* жыртылған қағазға толып кетті (Б. Соқпақбаев).

**Ұсқынсыздау, кескінсіздеу, сұрықсыздау, көріксіздеу, өңсіздеу.** *Тұр-пішіні онша келіспеген.* Секретарь әйелдің бетінің қызылы болғанмен, дене бітімі *ұсқынсыздау* екен (К. Тоқаев). Горбачев елуден асқан, сөзге сараң, сырт пішіні *кескінсіздеу* келген кісі еді (К. Әміров). Оның өзі *сұрықсыздау* екенін байқайды (Ж. Еділбаев). Жаулығы көзіне түскен *көріксіздеу* кішкентай әйел мойнын ішіне тығып, шай құйып отыр (О. Сәрсенбаев). Қонақ отырған бөлмеге *өңсіздеу* келген көрші әйел өз шаруасымен кіріп шықты («Түсіндірме сөздік»).

**Ұсталу, тұтылу, тұтқындалу.** *Қолға тұсіп, тұтқын болу.* Егер енді бірнеше минутта тығылып үлгірмесем *ұсталып* қалу қаупі төніп отыр, – деді ол (С. Мұқанов). Ақбілек ақтардың *тұтылғанын* сонда білді (Ж. Аймауытов). Ана бір жылдары, екеуі бірге *тұтқындалып* кетті (Ғ. Мүсірепов).

**Ұстау, қармау, тұту, алу.** *Бір нәрсені қолына алу, қолымен қымтү.* Есікті жауып, анықтама беретін бөлмеге қарай ұмтыла беріп еді, сырт жағынан біреу келіп *ұстай* алды (М. Хасенов). Білім де, өнер де, мамандық та – бәрі де жас шағында *қармап* қалмасаң ұстатпайды (С. Байжанов). Көз жазбай оң қолымен руль *тұтып*, Ентігіп сол қолымен сусын жұтып («Бейбітшілік жасасын»). Аршадан кертін жонып, тиек салдым, ызаны тарқатуға домбыра *алдым* (С. Сейфуллин).

**Ұсыну, ұмсыну.** *Бір затты біреуге қолымен беру, ишарат қылу.* Қоңырат омырау қалтасынан көмпит *ұсынып* жатып, баланың етегіне қарады (Р. Тоқтаров). Қазақта қымызды ішер алдында осылай бір *ұмсынып* алатын дәстүр бар (С. Ақтаев).

**Ұту, жеңу.** *Екі жақ болып сайысқанда, біреуі екіншісін тізе бүктіру.* Құлжабай Алтынбеков әріптесін 2 минут 10 секундта таза *ұтты* («Спорт»). У-шудан адам құлағы тұнады. Кімнің *жеңгені* айтпаса да белгілі еді (Б. Соқпақбаев).

**Ұтылу, жеңілу.** *Сайыс үстінде, айтыс кезінде ұтысқа ие бола алмау.* Мансүр бәсекелесінен небәрі бір секунд *ұтылып*, күміс медаль алған («Спорт»). Әрлі-берлі тартысып, ісі арамы *жеңілді* (Абай).

**Ұшақ, аэроплан көне.** *Аспан арқылы адам және жүк таситын өуе кемесі.* Біз мінген Алматы – Астана бағытындағы *ұшақ* баратын жерге уақытында қонды (Ауызекі тіл). Сөйте тұра оған карамай, егер ақша тапсаңдар, Қазақстанға бір *аэроплан* берейін деп бізге уәде қылып отыр (С. Сейфуллин).

**Ұшқыр, зымырауық, ұшпа.** *Салған жерден жылдыздай агатын.* *Ұшқыр* атпен зырлатып тастағанда, Жарқ-жарқ етіп ілінер көк дауылпаз (Абай). «Тау» десек, кең театр діріл қағып, Шаңқ етіп шаңыраққа үнің барып, төменге сорғалаған нажағайдай, Немесе қаршығадай *зымырауық* (Ғ. Қайырбеков). Әй, жастар-ай, *ұшпа* жүйріктей арындап-арындап барлығын ұмытасыңдар («Қоғамдық тәртіп»).

**Ұшқырлық, жүйріктік.** *Жүйрік болушылық.* Болдыруға айналған аттың өдепкі *ұшқырлықпен* едәуір жер ұшқанына да рахмет (К. Ахметбеков). Әсіресе бір сары қасқаның *жүйріктігі* бүкіл Алматы облысына әйгілі еді («Қаз. әдеб.»).

**Ұшқыш, пилот кітаб.** *Өуе кемесін жүргізуші адам.* Батыр *ұшқыш* Нұркен Әбдіров жалындаған самолетін бір топ неміс танкерінің үстіне құлатып, Гастеллоның ерлігін қайталады (Б. Мәдиев). *Пилоттардың* кабинасынан радист қыз шыға келді (Б. Аманшин).

**Ұшы, шеті.** *Бір нәрсенің таусылған жері, шегі.* Қасым арқанның бір *ұшын* өзіне қарай тарта берді (І. Есенберлин). *Шетіне* орамалдың түйдім сусар («Қазақ өндері»).

**Ұшықтау, аптау, аластау.** *Ескі наным бойынша, індетті қуып шығарудың ырымын жасау, емдеу.* Тұр, балам, тысқа шыға көр, кара сумен *ұшықтап* қояйын (Е. Тұрысов). Әжем әрдайым сиырдың желіні іссе болғаны, *аптап* жіберетін-ді («Қаз. әдеб.»). Ауруларды, ауырғандарды отпен *аластап*, сумен емдеуге үлкен мән берген («Қаз. әдеб.»).

Ұялу, қысылу, шімірігу, қызару, ұялақтану, бетінен оты шығу сөйл. *Әдеп сақтап ыңғайсыздану, кішірею.* Ағай, сіз бізге ұнайсыз, – деп жас жігітке қарап еді, ол *ұялып*, төмен қарады (Б. Әшімов). Күнтуар күжірейген желкесін сипалай, көдімгідей-ақ *қысылып* қалды (О. Сәрсенбаев). Бетің *шімірікпей* өкендей кісілерді алдайсың, осының жарай ма? (Ш. Хұсайынов). Досы Сейтен де *қызарып*, ештеңе дей алмай, айналаға қорғана жалтаңдайды (М. Иманжанов). Мен бірнеше рет окталып, сұрай алмай, *ұялақтаным* отыр едім (Б. Тұрсынбаев). *Бетінен оты шыққан* кара торы жігіт домбыра тартты («Лен. жас»).

**Ұялашақ, ұяң, именшек, бұйығы.** *Мінезі ашық емес, сынық мінезді, қымсынғыш.* Кісінің бетіне тура қарауға батпайтын *ұялашақ* қызбен қалай сөйлесудің амалын таба алмай отыр Ақжан (М. Хасенов). *Ұяң* адам ұялашақ келеді, ұятсыз адам сұраншақ келеді (Мақал). *Именшек* келін сыбыр-күбірге көшкен (Б. Тоғысбаев). Әкесі Әлімбет *бұйығылау*, ешкімнің бетіне қарсы келмейтін момын жуас кісі еді (С. Балғабаев).

**Ұялашақтық, ұяндық, бұйығылық, именшектік.** *Мінезі тұйықтық, қымсынғыштық.* Қанша сахнада жаттықса да, қазақ қыздарына тән *ұялашақтық* Гүлжазираны билеп өкетті (С. Мынжасарова). Кереуеттің қасындағы орындыққа отырған Гүлжанның жүзінен баяғы *ұяндық* сезілмейді, батылдық байқалады (Ж. Еділбаев). Гүлшаштын жаратылысында *бұйығылық* жоқ («Лен. жас»). Кейбіреулер бұған қызы мен әкесінің тек сөйлесе алмайтындығы, әке алдындағы табиғи *именшектік* сыр жасырушылық кінәлі дегенді айтады («Лен. жас»).

**Ұятсыз, имансыз, саппас, дұзқара, бетсіз, тәртіпсіз, бейбастақ, жүгенсіз, арсыз, бетпақ, ұждансыз, намыссыз.** *Ар сақтамайтын, бетімен кеткен, тәрбие көрмеген.* Ұяң адам ұялашақ келеді, *ұятсыз* адам сұраншақ келеді (Мақал). Астапыралла, мынау Думан бір *имансыз* екен ғой (С. Адамбеков). Енді Дәмешпен де күндес болғын келді ме? Ту, *саппас!* (М. Әуезов). Дереу құдаларға хабар бер. Алып кетсін, мына *дұзқара* қаншығын (Ө. Қанахин). Ол сенің байың емес, ұялмайсың ба, мына жұрттан, *бетсіз* (С. Мұратбеков). Кластағы ең *тәртіпсіз*, тентек Теміртай да Оналбекке тоқтайды (Ө. Тұрманжанов). Күнжан *бейбастақ* өскен, бетімен кеткен ұрыншақ әйел болатын (С. Талжанов). *Жүгенсіз* кеткен қатының әлгі шалдың қызының бес жүз сомын алдап алып құрыпты курортына (С. Досымов). Әділетсіз, ақылсыз, *арсыздарды* көре тұра көңілің тыныш тұрмас (Абай). Мынау неткен *бетпақ* еді, жүзі жанбайды ғой (І. Жансүгіров). Ойран болмай жүрегім айта алмаймын, *Ұждансыз* сұм зиянкес қылықтарын (С. Сейфуллин). Ар, *намыссыз* наданды, Ірілерге санама (Ө. Тұрманжанов).



**Ұятсыздау, арсыздау.** *Ұят, арды онша білмейтіндеу.* Құдай-бергеннің байқауынша, осы жігіт аз-кем *ұятсыздау* сияқты, тым еркін (Ж. Жұмаханов). Серіктің бұл әрекеті *арсыздау* қылық екенін өзі аңғара ма екен («Қаз. әдеб.»).

**Ұяттау, ұятырақ, ұяттылау.** *Сиықсыздау, қолайсыздау, сәл ұятты.* Тым құрмаса қол ұсынып сәлемдеспегенім *ұяттау* болды-ау деп ойлады (М. Скакбаев). Осының өзі *ұятырақ* болды-ау, – деді ол ішінен (Ғ. Мүсірепов). Әріннен садаға кетсін, кейінірек болмаса, өзiрге *ұяттылау* боп тұрмыз, – деп әзер құтылатын (Ә. Ибрагимов).

## Ү

**Үбірлі-шүбірлі, ұрпақты, тұяқты, үрім-бұтақты, тұқым-түкиянды, жанды-жақты, ақар-шақар сөйл., әулетті, зәузатты көне.** *Өсіп-өнген, өрісі кеңейген, туған-туысы мол.* Немере сүюді, *үбірлі-шүбірлі* болуды армандаушы едім (Ә. Әлішев). Дәулетжан біреу болып ілесіп еді, екеу боп оралып, екеуі үшеу, төртеу болып *ұрпақты* болуын тілеймін, – деді Ахметжан (Ж. Жұмаханов). Баласы бір кісінің *тұяқты* едің, Төрт ата ұлы Дулатта қуатты едің (Майлықожа). Сүйіндік атаның балалары қазір *үрім-бұтақты*, бір рулы ел болды («Советтік шекара»). Әлімжаннан тараған ұрпақ *тұқым-тұқиянды* болып өсіп-өнді («Қазақст. әйелд.»). Мәмбеттердің бауырлары бар, *жанды-жақты* дейтін көрінеді (С. Мұратбеков). Соғыстан бұрын *ақар-шақар* іргелі үй еді (З. Иманбеков). Жер жәннатын жерлеген, Байтелі, Қаман, Дәулетті, Жапекпенен төртеуі Бәрі ерлер *әулетті* (Жамбыл). Омекен өзінің ата-тегін, жекжат-жұраттығын, бүкіл *зәузатын* жіліктеп беретін (С. Мәуленов).

**Үгілгіш, үгілмелі, үгітілгіш.** *Тез үгіліп кететін.* Жылдар – ол шексіз бір күшті, *үгілгіш*, әрі тас құмдай, құмырскадай құрылысшы (Ж. Молдағалиев). Қылтаның сыртқы қабатындағы тау жыныстары *үгілмелі* («Қаз. әдеб.»). Ақтөбенің фосфориті тез *үгітілгіш*, құмдақ (А. Машанов).

**Үгіттеу, уағыздау, насихаттау.** *Ақыл-кеңес айтып насихат жүргізу.* Ыбырай өз халқын мәдениетке қарай қызықтыра *үгіттеді* (М. Ақынжанов). Педагогика ғылымы да баланы ұрып тәрбиелеудің теріс екенін *уағыздайды* (С. Байжанов). Озат тәжірибені *насихаттау* ерекше сүйсінерлік іс болып отыр (С. Тәжіғұлов).

**Үгітші, уағызшы, насихатшы, үгіттеуші.** *Уағыз айтушы, үгіт жүргізуші. Үгітшілер* өнегелі ісімен де, жалынды сөзімен де басқаларға үлгі болуда (К. Серікбаев). Мұнда да ол мұсылман дінінің *уағызшысы* әлгі Бегеевті мысқылдайды (С. Талжанов). Колхозда 9 саяси хабаршы, 92 *насихатшы* жұмыс істейді (Д. Қасенов). *Үгіттеушілер* майын тамызып алдап соқты (М. Мырзақұлов).

**Үдеу, өршу, ұлғаю, өрбу.** *Бір нәрсенің бастапқы қалтынан арта түсуі, дамуы, көбеюі. Жел үдей* түсіп, кейде қап-қатты қар ұшқыны бет-көзге тие бастады (Р. Райымқұлов). Там үйлерге айнала топырақ төгіп, су шашты, бірақ бұл бөгет өрттің *өрішген* жалынын тоқтата алған жоқ (К. Оразалин). Жел қатайып, боран *ұлғайып* барады (Т. Ахтанов). Кейбір поэмалардың композициясы да, сюжет *өрбуі* де, геройлардың нақтылы образдары арқылы талданған (Ф. Мүсірепов).

**Үзбен, кеспе, салма.** *Ұнды илеп, жұқалап жайып, жіңішкелеп кесіп істелетін тағам.* Ыстықсыз жайы келмес қонақтың, бір әдемі *үзбен* даярла (С. Мұқанов). Қамыр деген жарықтықта бабына келтіріп, пісіріп илеп, шаштайғып *кеспе* жасаса болмас па еді, түге (Т. Бердияров). Әміржан шешесі алдына әкеп қойған *салманы* қомағайлана іше бастады (К. Әміров).

**Үздік-создық, ілгері-кейінді.** *Біресе ілгері, біресе кейін шұбатылған.* Бірнеше трактор қатарынан *үздік-создық* тырылдай жөнелгенде, ол амалсыз оянды (М. Мағауин). Біреумен кездеспек боп уәде байласқан адамдай сая жолды бойлап *ілгері-кейінді* жүрді де қойды (Ө. Қанахин).

**Үздіксіз, толассыздық.** *Үздіксіз болушылық.* Клетка тіршіліктің *үздіксіздігін* қамтамасыз етіп, тұқым қуалау қасиетін де жеткізіп отырады («Жалпы биология»). Бұл мандағы ат тұяғы дүбірінің *толассызыдығына* халық үйреніп кеткен («Түркістан»).

**Үзеңгілес, қанжығалас.** *Қатар жүрген тең-құрбы.* Әріптестерін, *үзеңгілестерін* әрдайым ол осылай сағына мазасыздана күтеді (Ө. Қалмырзаев). Біз жағынан құрдас әрі *қанжығалас* адамдармыз (Х. Есенжанов).

**Үзілді-кесілді, кесіп-пішіп.** *Алдын ала ада-жұда ұйғарылған.* Біздің білімнің орнын ерекше көрсету үшін, *үзілді-кесілді* кесіп айтқанды ұнамды көрдік (М. Әлімбаев). Бұл жөнінде ойлаған ойынды, аздықөпті тексергенінді, тапқан өзгешелігінді *кесіп-пішіп* айта қою – қолдан келе бермейтін жұмыс (Ф. Мүсірепов).

**Үйдек-түйдек, ұмар-жұмар, үйме-жүйме.** *Бірінен соң бірі, тобымен.* Әлі де сөреге жете қоймай, *үйдек-түйдек* жүгірген жұрттын

соңынан алды-артыма қарамай замғап келем (Б. Соқпақбаев). Шана ауып кетіп, екеуі *цмар-жцмар* қарға құлады (С. Мұқанов). Тәттіге таласқан балалар Сайлаубектің маңында опыр-топыр, *үйме-жүйме* (Ә. Әлішев).

**Үйездеу, күйездеу.** *Қүннің шыжыған кезінде жылқы мен қойдың шыбындап, тұмсығын бір-бірінің көлеңкесіне тығып тұруы.* Бұлақ бойындағы көгалда *үйездеп* жатқан бір отар қой кездесті (Ұ. Бағаев). Үй-үйдің көлеңкесінде *күйездеп*, бастарын бір-бірінің бауырына тыққан қойларды Қайша үркітіп келе жатыр (К. Оразалин).

**Үйелмелі-сүйелмелі, едел-жедел, тетелес, үрпе-шүрпе сөйл., үпір-шүпір сөйл.** *Бір-біріне жасы жағынан тетелес, шамалас. Үйелмелі-сүйелмелі ұл-қызы аралас бес-алты бала әжесінің маңында шүпірлеп жүр (К. Жұмаділов). Сапаның қолында қазір бойлары бір тұтам едел-жедел сегіз ұлы, екі қызы бар (Б. Тілегенов). Шілденің қайнаған ыстығында өзімен тетелес балалар жиналып, осы өзенге суға түсуге келетін (Н. Нұрманов). Оның қасындағы үрпе-шүрпе төрт қыз өзінен айнамайды (Ф. Мұстафин). Оның үпір-шүпір балаларының бірі мойнынан құшақтап, бірі кеудесіне мініп, бірі шашынан сипайды (А. Жұмаділов).*

**Үйеме, үйме.** *Бетімен-бет болып толған.* Біздің алдымызға әкелген *үйеме* қара табақ майы шылқылдаған қуырдақ тамаша дәмді екен (С. Мұқанов). Бәйбіше барын асқан екен, *үйме* табақ етті әкеліп алдымызға қойды (Б. Майлин).

**Үйлендіру, аяқтандыру.** *Екі жасты үй етіп шығару.* Осы інімді *үйлендіруге* ауыл аралап, қыз көріп жүрміз (М. Қуанышбаев). Жасы жиырмадан асып бара жатқан сол баланы (Текебайды) *аяқтандырып* жіберу арманым еді (С. Мұқанов).

**Үйлену, отасу, отандасу.** *Ерлі-зайыпты болу.* Петр Денисов сол жылы депода өзімен бірге істейтін жеке басты жетім қызға *үйленіп* тұрмыс түзеді (Ә. Нұрпейісов). Есептеп көрсе, Рамазан екеуінің *отасқанына* қырық жыл болыпты (Н. Ғабдуллин). Осы Оразбикемен *отандасқалы* бері ілкі үміт түртпектей беретін (Қ. Найманбаев).

**Үйлесім, ұйқасым.** *Үйлесіп, үндесіп келушілік.* Екеуінің әнінде де шебер шертілген домбыраның қос ішегінің үніндей *үйлесім* бар (С. Досанов). Мақалалардың құрылысында сөз *ұйқасымы* айрықша орын алады (М. Ғабдуллин).

**Үйрек, шүрегей, сұқсыр.** *Башпайларының арасы кең, қысқа мойынды, жалтақ тұмсықты суда жүзетін құс.* Базардан келген ақ үйрек, *үйректің* аты – безбүйрек. Алып келсең еді Қамбарды жаға-

сынан сен сүйреп («Қамбар батыр»). Басқа үйректерден гөрі *шүрегейдің* жұмыртқасы ел жайлауға қанша кешігіп келсе де уыз болады (Б. Майлин). Топ-тобымен шүрегей аралас *сұқсыр* үйректер ерсілік-қарсылы ұшып-қонып дуылдап жүр (С. Бегалин).

**Үйіп-төгу, жарылқау.** *Қарық қылу, жетістіру.* Жүніс те барлық жақсылықты оның басына *үйіп-төгіп* жатыр (О. Дастанов). Қарағым, бетіңнен *жарылқасын*, заманыңның тетігі техникада тұр ғой, ықтиярың білсін (Р. Райымқұлов).

**Үлбіреу, уылжу, тамылжу.** *Көз тартып құлпыру, бал-бұл жану.* Бұл жолы ол ағайынның көңілінен шығып, *ұлбіреген* қыз алыпты (Б. Соқпақбаев). *Уылжыған* әдемі қыздан мен бұндай өткір сөзді еш күтпеген едім (Ә. Сәрсенбаев). Әдеппенен *тамылжып*, мінезі тәтті болмайды. Шырқап, қалқып, сорғалап тамылжиды, Жүрек тербеп, оятар баста миды (Абай).

**Үлгі, өнеге, мысал, нұсқа, ғибрат, ұлағат, тәлім, өрел көне.** *Адамдардың бір-біріне қарым-қатынасынан туатын тәрбие жиынтығы.* Сізден көрген *үлгімізді*, Бәйтеке, батырға әлімізше көрсетіп жатырмыз (Кенен). Жасынан өнер мен ғылымды *өнеге* еткен Есіркеген төрт жыл Семейде орысша оқығанда көп жағдайды түсінді (І. Есенберлин). Еңкейіп, екіндіге күн құласа, Көріксіз көрінбей ме дүние бір? Осының бәрі *мысал* ойлағанға (Жамбыл). Ақылдының сөзі қысқа, айта калса үлгі, *нұсқа* (Мақал). *Ғибрат* айтар сәуегей болмасақта, Құрбы-құрдас оқы да, ойла өзің (Қ. Аманжолов). Ұстаз еңбегі, ұстаз *ұлағаты* ізбасар – шәкірттерінің көптігімен бағалы ғой («Самағау»). Қанша дегенмен қала *тәлімін* көріп қалған емес пе, даусын қыспай, еркін тұрып айтты (Б. Нұржекеев). Білдірмекке баяндап, Көргенімді айтамын, *Өрел* қылып өткенді, Бітірсең жатқа тұтып кеткенді бағыр, пиғылдан (Ы. Шөреков).

**Үлгілі, өнегелі, тәрбиелі, тәлімді, тәртіпті, көргенді, ғибратты.** *Жақсы тәрбие алған, әдепті, қылықты.* Қамбар сабақты жақсы оқиды, тәртіпті, *үлгілі* бала (С. Шаймерденов). Жұмабек Мырзашты өзіндей емес, білімді, *өнегелі* жігіт көрді (Б. Тілегенов). Фазиза – салмақты, таза, *тәрбиелі* бала (М. Әуезов). Райхан көргенді, салауатты семьяда өскен *тәлімді* қыз болатын (Р. Ниязбеков). Ол өз ісіне ұқыпты, *тәртіпті*, тіл алғыш солдат атанды (М. Ғабдуллин). Тәрбиенің ең әсерлісі, ең өнегелісі – өзіңнің тәрбиелі, *көргенді* болғанын ғой (М. Әлімбаев). Атақты адамдар жөнінде жазылған естеліктердің қызықты да *ғибратты* еңбек екенін жастарымыздың ескергені жөн (М. Әлімбаев).

**Үлгілілік, өнегелілік, тәлімділік, тәрбиелілік, көргенділік.** *Үлгілі болушылық, тәрбие көргендік.* Ата-ана да, мұғалім де *үлгіліліктің* нышанын байқатуы тиіс («Қазақст. әйелд.»). Жұмыс адамдарынан да ол дәл осындай әділеттілік пен *өнегелілік* көрсетуін талап етеді («Лен. жас»). Жай ақыл бір бөлек те, әрбір жасқа өнеге көрсету *тәлімдікке* тәрбиелеу бір бөлек («Білім және еңбек»). Сен мендей бол деп айтпасаң да, өз *тәрбиелілігіңді* көрсете бер (Ж. Өмірбеков). Соған қарағанда олар әдептілік, *көргенділік*, сыйласу дегеннің мәнін теріс түсінбейтін тәрізді («Лен. жас»).

**Үлес, ұпай, жарна, мүше.** *Тиесілі сыбаға, тарту-таралғы, қарымта.* Астықтың да, малдың да өнімі көп болғандықтан, еңбеккүнге колхозшылар бай *үлес* алды (С. Мұқанов). Роза да кезегі келгенде сөз *ұпайын* ұттырмауға тырысты («Қаз. мек.»). Ондай қол араласса, *жарна* бағасының көтерілерін білсе де, өз жарнасын жат елге қия да алмады (Ф. Мүсірепов). Жас жігіттер кейін қалған көшке қайырылып кеп, көңілі құлап жүрген қыздан *мүше* алады («Лен. жас.»).

**Үлестіру, тарату, бөлу, үлеу.** *Бір затты әркімге жекелеп қолмен беру.* Бәйге *үлестіру* үшін қалың жиын топталып, ортасынан алаң жасап, дөңгелей отырып қатар түзету керек болды (М. Әуезов). Ас пісірушілер жұмысшылардың кешкі тамағын *таратуға* көпірге кеткен екен (І. Есенберлин). Сұрастыра келсем, ауылнай тұқымды *бөлгенде* мұның мойнына екі пұт тары жазып қойыпты (Б. Майлин). Екеуіне ауыр жүкті *үлеймін*, Екеуін де кідіруге болмайды, Екеуіне бақытты жол тілеймін (Х. Ерғалиев).

**Үлкен, дәу, дәй, дөкей, зор, орасан, дырау, әйдік, ірі, ұлы, нән, дыр, ноян, сом, төбедей, зораң, шоң кітаб., шой қарап., қожбан сөйл.** *Көлем жағынан аумақты, қомақты.* Ертістің *үлкен* суына қарай үңілген еңіс, құлаберісте пар ат жеккен жеңіл трашпенке зырлап келеді (М. Әуезов). Құлан қараша үйге таяй бергенде, қотан жақтан бір *дәу* көк ит үріп шықты (А. Нұрманов). Менің әкем Қарпық – кішігірім Алатау секілді, *дәй* денелі тұлғалы адам (О. Әубәкіров). Бейсембай жолдастың еріккенде жазып тастайтын *дөкей* романындай кітап болатын тізім жазылып қалды (І. Жансүгіров). – Е, балам, қазір ондағыдай *зор* атан қайда, ондағыдай ұзын құрық қайда (К. Жұмаділов). Күшейді біздің шабуыл, Қиратты жауды шулатты, *Орасан* жеңіс болды бұл («Сәлем саған, Украина»). Жақып қолындағы *дырау* қамшысының өрімін қыса, білеп тұрып алды (М. Әуезов). Мерқасым баланы *әйдік* көк есекке мінгізіп, отты жерге қой жаю

үшін Байсеркеге жіберді (К. Әбдіқадыров). Дуадақ – Қазақстан даласын мекендейтін ең ірі құстардың бірі (Т. Алшынбаев). Сол сенің арғы ұлы атаң еді дегенде, Бір жылы толқын ойнайды менің денемде (Т. Молдағалиев). Алда нән жайынның жонындай сағымдана қаратып бір мұнар елестейді (Б. Момышұлы). Сол майданда болдым демек «ірі едім», Біркелкі лек ішіндегі *дыр* едім (С. Сейфуллин). Мұның бәрі – бір жаз түгіл екі жылға созылатын *ноян* жұмыс (М. Дүзенов). Нар тұлғалы жігіт ту сыртынан тіпті *сом* көрінеді екен (Б. Нұржекеев). *Төбедей* тұлғасына қарамастан, жүзі жайдары, ақжарқын, ақылды адам Мықтыбайға еліктемейтін (Ә. Әлішев). Әжем де қапсағай денелі, *зораң* адам ғой, бірақ бұл күнде картайып, шөгіп кеткен (О. Сәрсенбаев). Ол тек кітаптың бірінші бетіндегі *шоң* мұрын, салалы ұзын сақалды шалдың суретіне қайран қалды (Ә. Нұрпейісов). Ол нықты, кеудесі де шалқак, қол еңбегі үшін жаралған *шой* жігіт еді (Ө. Ахметов). Биеге мінген, оң жақтағы *қожбан* қара жылқышы Сейфолла екенін мен бірден таныдым (Ә. Көшімов).

**Үлкендеу, үлкенірек, зорлау, зорырақ, дәуірек, ірілеу.** *Біршама үлкен, әжептәуір үлкен.* Екі бәйтеректен *үлкендеу* екі жаңқаны алып, жанқалтама салдым (Ө. Қанахин). Күйеулер үйіне *үлкенірек* жігіттер келді (М. Әуезов). Сіздің картаңыздағы көлемі менің дәрежемнен *зорлау* көрінеді, түсіндіріп көмектесуіңізді сұраймын (Б. Момышұлы). Бұдан *зорырақ* та дәмем бар, – деді Шәрипа Мұраттың қолтығынан қолын бұлқына босатып (Т. Нұртазин). Мүмкін Сәруардың немересі Дәрмен ғана болмай, одан *дәуірек* болар (Т. Әлімқұлов). Бүркіт тым аш болмаса, кептерге тимейді, оның сүйіп жейтіні кептерден гөрі *ірілеу* болады (Ә. Жылқышиев).

**Үлкендік, ағалық.** *Туысқандық, бауырмалдық жолмен жөнге келушілік.* Бізгүтты *үлкендік* жолмен ақылын айта келіп, соңынан Абайдың тілегін жеткізіпті (К. Оразалин). Мақанның туысқандығында, *ағалығында* да мін жоқ, бірақ соқпағы бөтен болып жүр (Ж. Арыстанов).

**Үлкенсіну, нәнсіну, зорсыну.** *Өзін-өзі зор санау, мықтысыну.* Өзін *үлкенсініп*, мұртын көтерген болады (С. Мұратбеков). Қанша *нәнсінгенімен*, жаңа заман желі қағып, еріндері тобарсыған, жүректері біраз шайқалған (Ғ. Мұстафин). Біреуге бас ұрып *зорсынып*, Біреуге үстемсіп қорсынып, Біреуді тең көріп менсініп, Біреуді өзімнен кемсініп, Тіпті мен көргем жоқ (Ә. Тәжібаев).

**Үлкею, зораю.** *Көлемі арту, көбею, үдеу.* Бекболат жай ақырындап басын көтеріп келеді, көзі *үлкейіп* барады (С. Шарипов). Ағаштар да *зорайып*, қап-қара боп төніп тұр (Ш. Құмарова).

**Үміт, дәме.** *Белгілі бір істің, ойдың жүзеге асуына білдірілген көңіл қошы.* Қиыр шеттегі бір болжалсыз *үміт* үшін Орал тауынан мысқалдап терген алтын, күмісті құлазыған далаға апардық (Ғ. Мүсірепов). Абыр-сабыр басылып, бүкіл ауыл қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болатын шығар деп *дәме* етіп отыр (М. Иманбаев).

**Үміткер, талапкер.** *Белгілі бір істен үмітті адам.* Бет қайда сауға сұрар, коялық дер; Арсыз жау өмірінен әлі *үміткер*, Жындана түсті қайта бұрынғыдан (Қ. Аманжолов). Дүниежүзіне үстемдік жүргізудің *талапкері* өздері екендігін ашықтан-ашық жариялаған болып шықты («Соц. Қаз.»).

**Үндемес, жұм-жұм, тымпи, жым.** *Алқа-қотан отырып, құлмей ойнайтын ұлттық ойын.* Қані, Ақмадия, *үндемес* ойнап отыр ма едіңдер, жоқ ойнап отырған ойындарың бар ма еді (С. Сейфуллин). Қалқам-ау, бірдеме десеңші, осылай *жұм-жұм* ойнағандай үндемей тұрамыз ба? (І. Есенберлин). «*Тымпи*» ойынын көбінде жастар жиналған жерде ойнайды («Соц. Қаз.»). Нәзипаның үйінде алқа-қотан отырып, *жым* ойнады (І. Жансүгіров).

**Үндемеу, үн қатпау, сөйлемей, ләм демеу, ләм-мим демеу, мәу демеу.** *Жұмған аузын ашпау, үн шығармау, дымын шығармау.* Сырбай *үндемей*, құлағын өзгелердің сөзіне салумен қанағаттанады (С. Мұқанов). Ешқайсысы *үн қатпай*, жым-жырт отырып тыңдады (С. Мұқанов). Орыс тіліндегі сөздерді орынсыз қолданып *сөйлемей*, қарапайым түсінікті тілде сөйлеу керек («Ана тілі»). Тәжімұрат та *ләм деместен*, аяғын сүйрете басып, төрге тақау тұрған креслоға келіп жайғасты (Ө. Қанахин). Кемал анықтап біліп алғанша Назар жайында *ләм-мим* деп ешкімге ештеңе айтуды жөн көрді (Х. Рахимов). Қаламы жүрдек, көкірегі зерек Далабай басқа түссе біз көндік деп, *мәу демей* осы орынға облыстан бекіп келген (Д. Досжанов).

**Үндес, сарындас, әуендес, мазмұндас.** *Мазмұны үйлес, бір сарындағы.* Ұлт қозғалысының туын көтерген жалынды ақын Махамбет – қазақтың батырлық жырымен *үндес* (Ғ. Мүсірепов). Көптеген жыр жолдары ырғағы мен ұйқасы жағынан қазақ, қырғыз эпосымен *сарындас* (Р. Бердібаев). Аққу, бұлбұл *әуендес* туғалы атым, Сұлулыққа, ән-жырға сұғанақпын (Ж. Молдағалиев). Бұлармен қатар бір-қатар түркі тілдес халықтарда осы аттас, *мазмұндас* жырлар ұшырайды (К. Сейдаханов).

**Үндестік, сарындастық, әуендестік.** *Бір-бірімен сәйкестік, үйлесімді болушылық.* Көшенің ақ шағаладай үйлері лайықты орналасып, өзара бір-біріне *үндестік* тапқан («Қаз. әдеб.»). Мұндай ұқсастық,

үндестік, *сарындастықты* басқа да бірталай шығармадан кездестіруге болады (Р. Бердібаев). Шығыстың ұлы ақындарының шеберлік өнерін жетік меңгеріп, оның қазақы бұтағын өсірген ақын ұлы Абайдың *әуендестігін* сезеді (Ж. Арыстанов).

**Үнділеу, үндірек.** *Үні басымдау, үні қиштірек.* Оның ағай дегенге іші жыли бастады білем, даусы *үнділеу* шықты (Б. Қожабеков). Тасмағамбет жарықтық *үндірек* ұзағырақ сүрені тандап алған секілді (Ж. Молдағалиев).

**Үнемқор, үнемшіл.** *Ысырапқа жол бермейтін.* Бір ғажап жері ондайлар тақуа емес, – *үнемқор*, тиын жинауға қомағай, тырысқақ (К. Тоқаев). Ол айтқанды екі етпейтін, бір тиынды текке шығын жасамайтын ұқыпты *үнемшіл* қызметкер (Ж. Жұмаханов).

**Үнемі, әмен, әманда, әмсе, әрдайым, әрқашан, әркез, дәйім, ылғи, ұдайы, үдере, қашанда, үзбей, әрнешік, дәуем, лайым, үрдіс жерг., әмбе кітаб.** *Қай уақытта болса да, әр кез, әр уақытта.* Жасынан әнді сүйіп өскен Мәншүк мектепте оқыған кезде *үнемі* хор үйірмесін басқарды (Ә. Нұршайықов). Шыңғысхан адамды қыру, қалаларды жою жөніндегі қанқұйлы тактикасын *әмен* қолданып отырды («Қазақ ССР тарихы»). Кемпір *әманда* өзімен-өзі әңгімелескендей, күбірлеп сөйлейтін (Х. Есенжанов). Сенің өмір жайлы ойланатының, *әмсе* ізденіп, қарманып, білмегенді сұрап жүретініңе қуанамын («Лен. жас»). Айсұлуды Әсия *әрдайым* бауыр тартып, жақын жүреді (М. Әуезов). *Әрқашан* асығып шапшаң сөйлейтін Ғалымжан оған бар жайды баяндап үлгерді (Н. Ғабдуллин). Бетінің шырайы қашып болмаған, ашан, қағылез әйел *әркез* жасаң көрінеді (Т. Әлімқұлов). Қырылдап сөйлейтін, даусы *дәйім* қарлығып жүретін жігіт еді (Ғ. Мұстафин). Ақан шырақ, басыңа *ылғи* бәле тілеп аласыңау (С. Жүнісов). Оспан ауылына тағы да бата оқыршы көп келіп, алғашқы он күн *ұдайы* қонақ күтумен өтті (М. Әуезов). *Үдере* сокқан жел ызыңынан өзге дүние қараң (О. Бөкеев). Қыстан арық шыққан немесе ауырған қойдың жүні *қашанда* ажарсыз келеді (М. Ермеков). Аталар, әсіресе әжелер алғашқы кезде телесерияларды *үзбей* көріп жүрді («Түркістан»). Не көрдің, есіттің, *әрнешік* білдің, соны тездікпен ұқ (Абай). Осылай ойлайтын Ақтілеу қарындасына *дәуем* ақылын айтып, ағалық кеңесін береді (Ә. Әлішев). Рахмет оныңызға, *лайым* солай болсын, – деді өзіне-өзі енді келген Жәния (С. Шаймерденов). Енді бірер сағат *үрдіс* айқас бола қалса, оның ар жағында оқты санап беретіндей халге жетіппіз (Ғ. Мүсірепов). Оның мұндай істі істегені жалғыз бұл емес, *әмбе* солай («Соц. Қаз.»).



**Үнсіз, дыбыссыз, дыбырсыз, сыбыссыз, тілсіз.** *Үн шығармай, дыбысын білдірмей.* Найманбек жымия түсіп қойып, әкесінің ақылын *үнсіз* тыңдап отыр (Б. Тоқтаров). Ол есікке таман орындыққа *дыбыссыз* келіп отырды (Ф. Қайырбеков). *Дыбырсыз* барып машина нөмерін жазып алмақ болып еді, көзі жетпеді, ештеме көре алмады (Д. Жанботаев). Жолаушы әлдекімді шошытып алмаймын дегендей, аяғын аңшыларша *сыбыссыз* соза басып, ілгері жөнелді (С. Санбаев). Олар сак, бір-бірін көз қараспен, *тілсіз* ұғып келеді (Ж. Жұмаханов).

**Үпті, жасаулы, жиһазды, дүние-мүлікті.** *Дүние-мүлкі көп, жасауы мол.* Жұмабайдың үйінің іші *үпті* де, тап-таза, кірсең шыққын келмейді (Б. Сокпақбаев). *Жасаулы* деп, малды деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба (Абай). Мол *жиһазды* кең бөлменің төргі қабырғасында ілулі тұрған тау суретіне таңырқай қарады әуелі (С. Омаров). Қасымның әке-шешесі әлді-ауқатты, *дүние-мүлікті* адамдар болған («Мәдениет және тұрмыс»).

**Үргіш, үреген.** *Көп үретін, үрпін тұратын.* Ереуілді бұл күндерде біздің ауылдың иттері де *үргіш*, малдары да жүргіш сияктанып, күні-түні мазасызданды да кетті (С. Мұқанов). *Үреген* иттер мен бақырауық түйелердің шуылына ырдуан арбалардың шиқылы қосылып, ауыл бірден кең даланы күңіреніпте қозғалды (Ф. Мұстафин).

**Үркек, шошымалы, үргелек жерг.** *Кез келген нәрседен шошығыш.* *Үркек* атпен келе жатқан кісіні көрген кейбір балалар қызық көргендей, үркітудің талай әдісін қолданып еді (С. Мұқанов). Тұғыр жайлы болса, бүркіт *шошымалы* болмайды (З. Шашкин). Өзі *үргелек* еді, одан сайын үркітіп, дүрліктіріп бітті (Ж. Нәжімеденов).

**Үрлеу, соғу, гуілдеу, уілдеу, улеу.** *Дүркін-дүркін үргілеу, жел есу, азынау.* Бөзіл орнынан тұрды да, май шамды *үрлеп* өшіріп тастады (Б. Сокпақбаев). Қораның ішінде қарсы жел *соқса*, биязы жүнді қойларға аса қауіпті болады (М. Ермеков). *Гуілдеп* сокқан кара боран жолаушыны ұшырып әкете жаздады (Қ. Жұмаділов). Құйған нөсердей, *уілдеген* желдей, ботасы өлген нардай, иесіз қалған иттей, алуан түрлі үн шығады (Қ. Әбдіқадіров). Қонақ үй – есік-терезесінен жел *үлеп* тұратын жайдақ бір бөлме (Ә. Нүрпейісов).

**Үрлеу, үру.** *Екі ұртты ауаға толтырып, ауыздан қайта-қайта дем шығару.* Зейнеп оны көргенмен үндемей, бықсып жатқан отты *үрлеумен* болды (Ж. Тәшенов). Тоқтаңыздар, қолымды *үрпін* жылытып алайын, жігіттің қолы үсісе, жедел жәрдем тұр дайын (Қ. Аманжолов).

**Үрпию, сексию, ербию.** *Шаштың ұйпа-тұйпа болып көрінуі, додалануы.* Сәуле мен Перизат Бөлекбастың *үрпиген* басы мен

ежірейген көзіне қарап, бірін-бірі шымшылай бастады (Ә. Әбішев). Құдайберген үйге кірген кезде оттың басында Сәуле *сексип* түрегеп тұр екен (С. Талжанов). Сәлима ақбозданған бөлме ішінде шашы қобырап, *ербип* отыр (М. Сүндетов).

**Үру, абалау, шәуілдеу, арсылдау, шабалақтау, шабалану, аупылдау, бапылдау, маңқылдау, арпылдау.** *Иттің өршеленіп дауыс шығаруы.* Қасқыр алатын есті ит, Сұлтаным қайтыс болғалы, тіптен келген кісіге *үруді* де қойды (С. Жүнісов). Тыстан *абалап* ит үргені естілді де, бірақ лезге бармай басыла қалды (Қ. Тайшықов). Шанадан түсе бергенде Серікқалиды екі-үш ит *шәуілдеп* қарсы алды (Қ. Исабеков). Ашық тұрған қораның қақпасынан бір мысық жүгіріп шығып еді, артынан *арсылдап* екі үлкен қара төбет шықты (М. Қаратаев). Көршілес үйлердің иттері *шабалақтап*, төңіректі азан-қазан етті (М. Сүндетов). Далада қара төбет әлденеге *шабаланып*, үйді айнала жүгірді (Ш.Құмарова). Өзенге жақындай бергенде *аупылдап* үрген иттердің даусын естіп, ауылға тақап келгенімізді білдік («Жалын»). Үлкен ақ төбет *бапылдап* қоя берген соң шегініп кетті (З. Иманбаев). Байдәулеттерді әуелі сабалақ жүнді төбет *маңқылдап* қарсы алды (Қ. Исабаев). *Арпылдаған*, шәуілдеген, ұлыған иттер төңіректен кетпей қойды (С. Мұратбеков).

**Үстем, басым, өктем, өкім сөйл.** *Сөзі өтімді, күшті, пәрменді.* Айжан ақылды да ұстамды қалпымен күйеуіне *үстем* еді (С. Алдабергенов). Елде оның творчествосында әншілік, композиторлық жанр *басым* болып, жаңа әндер шығарып, оны өзі орындауға кіріседі (Қ. Әзірбаев). Жер жүзінде еңбек, ғылым деген екі күштен *өктем* еш нәрсе жоқ! (Ж. Арыстанов). Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері, Жолықпай сөзі *өкімге* жүрген шығар («Ақын жырлары»).

**Үстемдеу, өктемдеу, өктемірек, үстемірек.** *Біршама үстем, басымырақ.* Бұлар бүгін *үстемдеу* болса, ертең бәрібір көп жеңеді (Х. Есенжанов). Динаның үні енді бағанағыдан гөрі де *өктемдеу* шықты (Х. Рахимов). Тұрыңдар деймін, – деген шалдың *өктемірек*, зілді даусы тағы естілді (Б. Тілегенов). Бүгін әр сөзде Абайдан *үстемірек* болмаса өзін кіші танытпай дардайсып келген Оспан қазір бір сәтте өзгерді (М. Әуезов).

**Үстемдік, үстемділік, басымдық, өктемшілік, өктемділік, үстемшілдік.** *Сөзі өтімділік, үстем болушылық.* Бұған дейін *үстемдік* құрып келген Мерген қазір Ақбөтидің ұстаса – уысында, жұмса – жұдырығында (М. Дүзенов). Екіталай егесте ол арқалы байлардың

малып алдына сап, озімсініп жұмсай беретіндіктен де *үстемділікке* еркін еді (Т. Иманбеков). Алғашқы кезде жаудың күші мен техникасында үлкен *басымдық* болды («Қазақ ССР тарихы»). Қуанып кеткенін молда сезіп қоймасын дегендей Манап дереу *өктемшілікке* басты (Е. Қонарбаев). Үнінде өтінуден гөрі не қылсаң да айт дегендей *өктемділік* басым (М. Сәрсекеев). Монополиялар *үстемшілдігінің* халыққа қарсы мәні барған сайын айқын көрініп отыр («Саяси экономика»).

**Үстірт, үстіртін, ұшқары, жеңіл-желпі, жүрдім-бардым, астын-үстін, шала-пұла.** *Қалай болса солай, немқұрайды, асығыс-үсігіс.* Әрине, үйлену мәселесіне *үстірт* қарауға болмайды (Е. Оразақов). Біз республикамыздың жануарлар дүниесімен *үстіртін* ғана танысып өттік (Б. Мұханов). Тергеуші болмаса да, мұндай мәселені *ұшқары* қарауға хақымыз жоқ (Ә. Әбішев). Бұл уәдеге *жеңіл-желпі* қарап, жауапты сөзді ескерусіз қалдыруға болмайды (М. Иманжанов). Көпшілік қауымның игілікті жұмысына *жүрдім-бардым* қарауға болмайды (С. Омаров). Салиқа істің пайымына түсінбей, *астын-үстін*, қалай болса солай сөйлей салатын әйел еді («Соц. Қаз.»). *Шала-пұла* орындалған жұмыста сапа болмайды («Қаз. әдеб.»).

**Үсу, ұшу.** *Аязға, боранға ұшырап, үсікке шалдығу.* Шұнақ аяз аямас Тоңып үсіп, қатсаң да, Сызғырады, күледі, *Үсіп* өліп жатсаң да (С. Сейфуллин). *Ұшып* жаурап біткен сорлы жан адам қолы бойына тие бере сіресіп, есінен айырылып талып кетті (М. Әуезов).

**Үшкірлеу, үшкілдеу, үшкілтім.** *Үшкілдене біткен, сүйірлеу.* Басында *үшкірлеу* дөңгелек такия, аяғында жұп-жұқа құрым башпак (Р. Токтаров). Бетінің ұшы қызыл шырайланып тұрған Орынбасар шешей *үшкілдеу* мұрнын сипап қойды («Қаз. әдеб.»). Теңгедей ғана *үшкілтім* көк жапырақтар бұтақтарға тізіле, жіпке ілінгендей салбырап тұр (М. Мағауин).

## Ф

**Фәлсафа, философия.** *Табиғаттың, қоғам мен ойлаудың даму барысындағы жалпы заңдылықтар жайындағы ғылым.* Орта ғасырда мұсылман елдерінен шыққан ойшылдар тобының ілімін ғылымда *фәлсафа* деп атау дәстүрі бар («Қаз. әдеб.»). Кейінірек оларды орыс тіліндегі әдебиетте «араб тіліндегі *философия*» деп атайтын кездері болды («Қаз. әдеб.»).

# Х

**Хабар, дерек, дәйек, мәлімет, ақпар, мағлұмат, тіл сойл.** *Бір нәрсе туралы алынған жан-жақты мәлімет.* Сол күні солдат алады екен деген *хабар* Ертістің екі жағына тарап кетті (І. Жансүгіров). Кейбір *деректерге* қарағанда, мәлік індеті түйеге де жұғатыны байқалады (Х. Арғынбаев). Боранбаев топан туралы әңгіме бастап, ғылыми *дәйектерге* қазақтың аңызын қосып, қисынды-қысынсыз сөз сөйлеп отыр (Т. Әлімқұлов). Қазақстанда 1945 жылғы *мәлімет* бойынша, бір миллиондай ақбөкен тіршілік етеді екен (Қ. Қайымов). Қолының ебі бар біреуге арыз жаздырып, «*ақпарының* бәрі өтірік» дегізіп, әлекке салып қоймасам ба! – деді ол (С. Адамбеков). Ара-арасында сұрақ беріп, аз сөзден көп *мағлұмат* алғысы келеді (С. Жүнісов). Сенімді біреулерін кезек-кезек жансыз есебінде жұмсап, үнемі *тіл* алып отырады (С. Мұқанов).

**Хабардар, құлағдар, хабарлы.** *Болған іс, оқиға жайында дерегі, мәліметі бар.* Ысқақтың естіген-түйгені көп, дүниеде не болып, не қойып жатқаннан түгел *хабардар* (Б. Соқпақбаев). Яғни көзге келген сәуле көру нервтерін тітіркендіріп, миға хабарлап, оны *құлағдар* еткенше белгілі уақыт кетеді (А. Қалығұлов). Ерінің жай-жапсарынан *хабарлы* болса керек, келе торы айғырдың мойнынан құшақтай алады (Ж. Нәжімеденов).

**Хабарландыру, хабарлама.** *Құлақтандыру ретіндегі жарнама.* Түрлі бояулармен құлпырта жазған *хабарландыруды* Қасымова бірінші болып келіп оқыды (С. Шаймерденов). Ақыры қаңтар айында біреудердің ақылымен газетке баламды іздеп *хабарлама* бердім (М. Сатыбалдиев).

**Хабарлау, мәлімдеу, мағлұмдау, жариялау, құлақтандыру, әйгілеу, ақпарлау.** *Болған немесе болатын оқиғаның мән-жайын айтып беру, жеткізу.* «Бүгін тырна биін көре алмай, қапы қалмаңдар?» – деп, Өміртайдың артист балалары үйме-үй кіріп, *хабарлап* та шықты (Ө. Тұрманжанов). Аурудың қаупі мен қиындығы жөнінде Федор Иванович қысқа ғана *мәлімдеп* отыр (М. Әуезов). Әнеугүні барып, өзіңізге жағайды түгел *мағлұмдаған* едім, – деді қойшы жігіт (Д. Досжанов). Сол екі арада оқудың басталғанын *жариялап*, мектеп дәлізінен қоңырау соғылды (С. Омаров). Маңайдағы ағайын-туысқандарды *құлақтандыру* керек (Ә. Көшімов). Ауыл әдетінше жас әйел бірінші рет жүкті болуын әкесіне, шешесіне өзі барып, *әйгілеуге*

тиісті емес (С. Мұқанов). Осы жайды келесі күндері тамақ тасушы бала кейбір камераға астыртын *ақпарлап* қойды (Ж. Тілеков).

**Хабаршы, жаршы, шапқыншы көне.** *Хабар жеткізуші, жар салушы адам.* Әуіп палуанның көнбей жатқандығын айтып, Қызылбас екінші рет ұстазына *хабаршы* шаптырды (А. Сарбопин). Жар салып *жаршы* ауылға барып келді, Нұраға жұртты жинап алып келді (Н. Ахметбеков). Алпысбай жатқан ауылға *шапқыншы* болып кісі келді (М. Дәулетбаев).

**Хайуанат, мақлұқат, жан-жануар, жан-жәндік.** *Жануарлардың жалпы атауы.* Мен алуан түрлі *хайуанатты* аулайтын бірқатар аңшылармен таныс едім (Ә. Көшімов). Жаратқан неше түрлі *мақлұқат* қып, Бірінің арзан, бірінің қымбат парқын (Майлықожа). Жылқы *жан-жануардың* ішіндегі ең сұлуы әрі сүті де, еті де өте дәмді болған (С. Кенжахметов). Аспанда жұлдыз жиі жыбырлаған, *жан-жәндік* бәрі ұйқыда қыбырлаған («Қаз. ақын. шығ.»).

**Халық, ел, жұрт, қауым, халайық, әлеумет, жамағат, жаран.** *Біртектес ұлыстардың қауымдасқан тобы, көпшілік.* Вокзал басы адам адасып кетерліктей қаптаған *халық* екен (Қ. Толыбаев). Мына араның екі бетіндегі *ел* бұрынғыдай емес, бүгінде мидай араласып жатыр (Ф. Сланов). Сен жамандап кетсең де, Мені *жұрттым* қимайды (Жамбыл). Шопан *қауымның* жай-жапсарын да қатар сөз қылған орынды болар еді (К. Ахметбеков). Тыста тұрған *халайық* орыс чиновниктерінің киіміндегі төрені көріп, үрпиісіп қалды (Ж. Молдағалиев). Жазушының *әлеумет* өкілі ретіндегі бір қызметін атап көрсетуді мақұл көрдім (Ж. Өмірбеков). – Ау, *жамағат!* Ақсақал, би, болыстар! – деп, Тұрлыбай орнынан тұрып, ортаға келді (Ф. Мұстафин). Жан-жағына қараңдар, Күн көріп жүр күліп-ақ Сенен басқа *жарандар* (Абай).

**Хан, қаһан көне.** *Кейбір халықтарда болған ел билеуші шонжар.* Қазақ-қазақ болғалы көрдік қой талай *хандарды*, өткіздік қой біз бастан азапты, ауыр күндерді (Жамбыл). Моңғолдар Қарашаны дектетіп, *қаһанаға* өкелді (Д. Досжанов).

**Хаттау, актілеу, қағаздау сөйл.** *Есепке алынған заттарды тізімге, хатқа түсіру.* Ауданнан келген және бір өкіл мен ауыл активтері мүліктерін *хаттап*, тізімін алумен айналысқан (Р. Райымқұлов). Қылмысты жігітті ұстап алған заң қызметкері қолма-қол *актілеп* тиісті орынға жеткізді («Түсіндірме сөздік»). Осы кәрі кемпірін қызының қолына біржола көшіріп *қағаздап*, хаттап, бөлініп алғаннан кейін де үйленуге рұхсат етпей ме (Х. Есенжанов).

**Хат-хабар, хабар-ошар.** *Деректі мағлұмат, дәйекті хабар.* Оның бір келіп кетуін жылына сұраймын, маған ерегескендей Мәкеннен де *хат-хабар* болмай қойды (Т. Қойшыманов). Қыс бойы совхоз орталығынан да *хабар-ошар* болмады (Т. Нұрмағамбетов).

## III

**Шабарман, атшабар.** *Би-болыстың тапсырмаларын бұлжытпай орындайтын хабаршы.* *Шабарман* жібермегеніне қарағанда, өйтеуір тегін шақырмаған шығар деп шамалаған (С. Омаров). Бейбіт елдің арасын *атшабар*, стражник сияқты беймаза шолақ әкім кернейді (М. Әуезов).

**Шабу, ору.** *Шалғымен, орақпен шөп, егін жинау, қырқу, кесу.* Шалғынды қайра, шөбіңді *шап*, малға сай қырманыңды даярла (С. Керімбеков). Орақтарын ала келсін, азғана күрішті *орып* алайық (С. Алдабергенов).

**Шабу, жосыту, ағызу, құйғыту, ызғыту, құйындату.** *Атты екпіндетіп, бар пәрменімен заулату.* Бес-алты жігіт қарақшыны қуа *шаба* жөнелді (І. Есенберлин). Олар *жосытып* шапқылап тау асып кетті (М. Әуезов). Баптап мінген ала жирен қасқасымен *ағызып* алады (Ғ. Сланов). Жаяуға атты теңдік берген бе, шаңын да көрсетпей *құйғытып* жотадан асты (Е. Тұрысов). *Ызғытып* келе жатыр едім, далақтаған біреу көлденең шықты (Ш. Хұсайынов). Кенет күншығыс жақтан *құйындата* шапқан салт атты көрінді (І. Есенберлин).

**Шабуыл, атака.** *Қарсыластар күшіне қарсы шыққан аттаныс.* Олар осындай кездерде көршілес елдеріне жойқын *шабуыл*, қанды жорықтар жасайды (Қ. Жұмалиев). Біздің әскер бөлімдері жауға тойтарыс бере отырып, қарсы *атакаға* шығып, көптеген қару-жарақты қолға түсірді (Ә. Шәріпов).

**Шабындық, шалғындық, пішендік.** *Шөбі қалың шыққан, құйқалы жер.* Биыл атты адам кірсе адасатын *шабындықтан* шөп шауып жүр (Ш. Мұртазаев). Шаруашылықтың шөл даласындағы 15 мың гектар *шалғындықты* көлдете суаруына мүмкіндік береді («Соц. Қаз.»). Бұлардың бөліміне тиген *пішендікке* шабатын машиналар да келді (С. Бегалин).

**Шабыну, сабалану.** *Моншада ыстық буға сыбыртқымен қызара бөртіп өзін ұрғылау.* Жұрт моншада осы буға әбден *шабынып* алады да, жүгіріп шығып көлге күмп береді (Қ. Тұрсынқұлов). Ыстық ұрып

тұрған сөреге шығып, сыбыртқымен *сабалану* керек, – деді Досан («Қаз. әдеб.»).

**Шабыс, жарыс.** *Аттың бағын сынайтын, бәйгеге қосатын, думанды жер.* Бәйге аттарды *шабыс* болатын жерге кинамай әкелетін де, тек шабын алдында кермеге әкеп байлайтын (Х. Арғынбаев). Бұл атты әкем биыл ерекше баптап жүрген, жаз *жарысқа* қосамын деген де ойы бар (Н. Фабдуллин).

**Шабыттану, рухтану.** *Қандай да бір істі орындауға құлшына, жігерлене кірісу.* Гүлбанудың сөзі мені *шабыттандырып* жіберді (Б. Мұқаев). Адам санатына қосылып, бойыма қайрат, жігер, шабыт беріп жібергендей бой жазып, *рухтанып* кеттім (Ө. Тұрманжанов).

**Шабытты, рухты.** *Шабыты жоғары, рухы көтеріңкі.* Бүгін бір *шабытты* көңілмен отырған Абай талай қызық сөздер айтты (М. Әуезов). Бабалардың ерлік тұлғасын суретші акын өлеңнің *рухты* сезіміне сай бейнелей алған (Ш. Сариев).

**Шағылысу, ұрықтану.** *Жан-жануардың ұрық сеуіп, тұқым шашуы.* Саршұнақтардың ұрғашылары індерінен сыртқа шыққан соң бірнеше күннен кейін-ақ *шағылыса* бастайды (Х. Қыдырбаев). Қошқарларға сөбіз, түрлі жармалардың барлығы дер кезінде беріліп, 35 күннің ішінде мал толық *ұрықтанып* болды («Алғы шепте»).

**Шағын, кішігірім, мөлдек, шәпеті.** *Кішірек, үлкен емес, көлемі ықшам.* Қарсы алдымызда шамасы екі бөлмелі ғана *шағын* ақ үй тұр (С. Мұқанов). Түбегейін айтсақ, ол бөлімше *кішігірім* бір совхозға татиды (Ғ. Сланов). Осы бір *мөлдек* тойдың өзіне Кенжемен көңілі жақын көршілері риза болып, әкесінің жомарттығына тәнті болды (С. Бақбергенев). Бірінші көргеннен-ақ осы бір кескіні жүдеу, киімі жұпыны, *шәпеті* денелі осы жігіт болар-ау деген ойға тірелдім (С. Талжанов).

**Шағындап, шақтап, шамалап, ептеп, аздап, тамызықтап, сыздықтап.** *Лоқылдатпай аз-аздан, мөлшермен.* Апам бір тарелкаға *шағындап* сары май салып әкеп қойды (С. Омаров). Тек үй ішіне ғана *шақтап* асқан ет екен (М. Жұмағұлов). *Шамалап* ішетіні бар Төлеген: «Ішсек ішейік» деп келісе салды (Ө. Қанахин). Мен қаталап тұрғаным, *ептеп* сусындап, дем алайын (А. Сатаев). Оның басытқысына тұз, ашудас немесе мүсәтірдің бірін қосып, *аздап* май құяды (С. Қасиманов). Пляжкада бір жұтым, Қалған суын нормалап, *Тамызықтап* тамызды, Су жүгірді сорғалап (А. Тоқмағамбетов). Тау қатпарларының әр жерінен *сыздықтап* аққан бұлақ пен ескі құдықтарды сағалайды тұрғындар («Лен. жас»).

**Шадырлау, шайпаулау, шәлкестеу, қиястау, шақарлау, до-лылау, ызақорлау.** *Мінезі аздап шадыр.* Шырағым-ау, мінезін *шадырлау* еді, тұмсығын жарға соғып бүлдіріп аларсың (С. Досымов). Енең ғана *шайпаулау*, ал атаң – тамаша адам (Ж. Молдағалиев). Қоқыш Дүйсенбай сияқты ертегі айта білмейді, өзінің мінезі де *шәлкестеу* (Қ. Кенжетаев). Асқар бала кезінде *қиястау*, тез ашуланғыш, бірақ біреудің айтқанына тез сенетін аңқылдақ еді (Ә. Әлімжанов). *Шақарлау* бірбет баласын әлдекіммен ілкісіп, таяқ жеп қала ма деп қорқады (М. Сқақбаев). Өзі бір *долылау* әйел сияқты әсер қалдырды (Ауызекі тіл). Сәлімжан *ызақорлау* інісіне басу айтқан болды («Қаз. әдеб.»).

**Шадырлық, шақарлық, шайпаулық, шәлкестік, долылық, қиястық.** *Зорлық-зомбылыққа төзбейтін оғаш мінезділік, шәлкем-шалыстық.* Бұрын мінезінде, жүріс-тұрысында *шадырлығы* болғанмен, оның қайтымы тез еді ғой (З. Ақышев). Кейде қадалған жерінен қан алатын *шақарлығы* да бар (Б. Тілегенов). Оның сотқар, *шайпаулығын* бұрыннан-ақ білесің ғой, әжем де айтпаушы ма еді (О. Тәжиева). Мінезінің *шәлкестігімен* жұртқа аты шыққан Дәметкен бұл жолы Есімді жеті атасынан бермен қарай сыбады («Қаз. әдеб.»). Жылайын деп едім, *долылық* буып көзімнен жас шықпады (Н. Мұраталиев). Кеше кешке Нұрғаным Оспанды әдейі бір кежірлік, *қиястықпен* әзілдей сынамақ болған еді (М. Әуезов).

**Шайқор, шайшыл.** *Шайды көп ішетін, шайға әуес, шайқұмар.* Мен кішкентай кезімнен *шайқор* едім (Б. Мұқаев). Әсіресе көрі әже *шайшыл*, қағаз шайшыл болатын (М. Әуезов).

**Шайнау, күйсеу, жеу, асау, соғу сөйл.** *Тамақты аузы тыным таптай жей беру, ашқарақтанып қылғыту.* Нанға тағы да тиісіп бердім, *шайнап* келемін, қылғып келемін (М. Хасенов). Төлеубек сары май мен жентті қара нанға жағып, *күйседі* де отырды (Ә. Нұршайықов). Ашыққан балалар нан *жеген* әкелеріне қарайды (С. Ерубәев). Мен де аш бөрідей етті қарбыта *асап*, бірде шайнап, бірде шайнамастан жұтып отырмын (Б. Майлин). Салду дастарқаннан әлі бас көтерген жоқ, нан мен пиязды *соғып* отыр (Б. Аманшин).

**Шай-пай, шай-су.** *Асыққанда ішілетін жеңіл-желпі тамақ.* Қазір Бикәмал да келіп қалар, *шай-пай* қамдап жіберер (Ғ. Қабышев). Алтыншаш *шай-суын* апыл-ғұпыл ішіп, жұмысына асықты (М. Сатыбалдиев).

**Шайтан, пері, жын, сайтан, албасты, ібіліс, ыбылыс, марту кітаб.** *Көзге көрінбейтін, жамандық пен зұлымдықтың күші иесі.* Неше



түрлі жын-пері, *шайтандарды* айта отырып, солар арқылы адам баласын қорқытатын (М. Ғабдуллин). Көше бойындағы қаз-қатар тізілген ағаштар шашы жалбыраған ертегілердегі *періге* ұқсайды (З. Шашкин). Мені жетелеген *жын* ба, шайтан ба, білмеймін, сол жігітті іштей жақсы көрдім (Т. Қойшыманов). Ақанның қыстауынан *сайтанның* отын көрдік деп жүр олар (Ш. Хұсайынов). Адамзаттың қасақы зияндысы *албасты* деген болады деп нанатын (С. Сейфуллин). Мөлдір бұлақты ластап, жағасын жын-шайтанның ошағына айналдырған *ібілістің* өзі екен (Р. Райымқұлов). Қыры жоқ, қасиеті жоқ басшы болса, *ыбылыс*, жын иектемей нетеді, – деді ол (М. Әуезов). Мына таякпен әйелді қатты-қатты ұрсақ, ол *марту* өзінің жолын табады, – деді молда таяғын көрсетіп (Д. Еркінбеков).

**Шақ, тура, дәл.** *Денеге лайық, құйып қойғандай.* Өзіме *шақ* етік табылғанына мен одан бетер қуандым (Б. Соқпақбаев). Маған шақ киім, саған да *тура* келеді («Жетісу»). Менің магазиннен сатып алған костюм-шалбарым өзіме *дәл* болды («Соц. Қаз.»).

**Шақа, шақалақ.** *Жаңа туылған нәресте.* Ойбай, шүйкедей *шақа* ғой әлі, – деп бетінен иіскеп, саусағымен мұрнынан түртті (Б. Нұржекеев). О, Ханым, мен сені *шақалақ* күніңнен білем (Т. Бердияров).

**Шақыраю, шақкию, шақшию.** *Күн сәулесінің көп түсуі, шыжып төбеден өту.* Шілденің *шақырайған* күні бүгін ми қайнатып тұр (М. Тоқжігітов). Мұнда әкелмес бұрын бұларды әуелі көп уақыт қараңғыда ұстап, сосын *шаңқиған* күннің астына шығарды (Ә. Әлімжанов). Уақыт өтіп барады, күн *шақшиып* төбеге келді (К. Тоқаев).

**Шақыр-шұқыр, қарш-қарш, шықыр-шықыр, қатыр-құтыр.** *Екі заттың үйкелісінен пайда болатын, жанға жайсыз сықырлаған дыбыс.* Қызыл тас кетпеннің жүзіне тиген сайын *шақыр-шұқыр* дыбыс шығады (О. Сәрсенбаев). Қазанғап сүймен ұстаған қолдарын төбесінен асыра көтеріп, көкше мұзды *қарш-қарш* ұра бастады (Ә. Сәрсенбаев). Белімді ары-бері қозғап қалып едім, *шықыр-шықыр* еткен дыбыс шықты («Соц. Қаз.»). Арпа берсең, атқа бер *қатыр-құтыр* шайнасын, Қызды берсең, жасқа бер, Құшақтасып ойнасын (Мақал).

**Шақырым, километр.** *Бір мың метрге тең қашықтық өлшемі.* Ал мынау тор бие жеңіл шанамен желгенде сағатына қырық *шақырым* алады (О. Сәрсенбаев). Біздің ауыл қаладан елу *километр* жерде (Ауызекі тіл).

**Шал, қария, қарт, шал-шауқан сөйл.** *Көрген-білгені көп, жасы ұлғайған ер адам.* Бағанағы байғұс *шал* ауылда тұрып күледі, Қошемет қылып қарқылдап (Абай). Ол әңгіме десе ұйып қалатын, әсіресе көпті

көрген *қарияларға* үйір еді (С. Мәуленов). Шыққан бойда почташы *қартқа* келіп, болған әңгімені айттым (С. Баязитов). Жиналған жерде ауылдың бар *шал-шауқаны* мұны әңгіме етпек (А. Сүлейменов).

**Шалағай, дайынсыз, жаңғалақ.** *Тыңғылықты іс істей алмайтын, жүрдім-бардым.* Асығам деп жұмысты *шалағай* атқаруға болмайды (С. Мұқанов). Ербол *дайынсыз* адам, бұл жұмысты оған сеніп тастап кетуге болмайды («Соц. Қаз.»). Қалтасын қаққан қаңғалақ, жұмыста ылғи *жаңғалақ* (Қ. Бекхожин).

**Шала-шарпы, шала-пұла.** *Қалай болса солай, үстірт, жарым-жартылай.* Күлпаш құмандағы сумен беті-қолын *шала-шарпы* шая салды (З. Жәкенов). Қандай істе болса да, *шала-пұла* орындалған жұмыста сапа болмайды («Қаз. әдеб.»).

**Шалбар, сым жерг.** *Бұтқа киетін сырт киім.* Ертеректе халқымыздың сөйлеу тілінде қой терісінен тігілгенді *шалбар* деп, матадан тігілгенін *сым* деп, ажыратып айтушы еді («Ана тілі»).

**Шалғышы, шалғыншы.** *Шөп шабушы.* Малшылардан үйренсем малды баққан, *Шалғышыдан* үйрендім шөпті шапқан (Д. Әбілов). Шөп шабуда қайрат көрсетер *шалғыншы* менің әкем мен Қадыр екеуміз (С.Бегалин).

**Шалдығу, ұрыну, ұшырау.** *Бір қырсыққа, құйзеліске тап болу.* Жұттыққа *шалдыққан* елдің бірі Семей уезінің Қызылтаң болысы еді (К. Тайшықов). Неше рет қарсы алдынан жолыққан дінгекке, үйдін бұрышына қаққан қазыққа *ұрынып*, құлап түсті (Р. Тоқтаров). Қап, әлгілер бірдемеге *ұшырамаса* жарады, – деп Жылқайдар да тықырши берді (К. Жұмаділов).

**Шалдыру, оттату.** *Көлікті жол-жөнекей отқа қою, азықтандыру.* Аманқұл мен Бақы әңгімемен аттарын *шалдырып* аяндатып, жылқының екінші шетінде жүрген Қарымсаққа қарай жүрді (Х. Есенжанов). Байжұмалар аттарының ауыздығын алып, көгалға *оттатып* тұр (К. Жұмаділов).

**Шалық, елірме.** *Бас айналып, мең-зең боп ауыратын ұстамалы ауру.* Жанысбайдың *шалық* ауруы барған сайын күшейіп кеткен (С. Омаров). Мына жатқан қайыныңыз *елірме* деген аурумен ауырып, жаңа ғана төсектен тұрған беті ғой (О. Әубәкіров).

**Шамалас, қарайлас, мөлшерлес.** *Белгілі мөлшерге жуық.* Сырт келбетіне қарағанда жастары да *шамалас* болу керек («Жас Алаш»). *Қарайлас* екеміз, мен отыз жетідемін, – деді Жекейдің жауабын естіген соң (Б. Нұржекеев). Жарық пен көлеңке өлшеулері кілең *мөлшерлес* жүреді («Қазақст. мұғ.»).

**Шамалы, қаралы, жуық, тарта.** *Мөлшерлік ұғымды білдіретін шылау.* Зеңбіректің он бес шамалы добы атылды (С. Шарипов). Қодардың алдында жүз қаралы адам түр (М. Әуезов). Семей облысының шаруашылықтарында төрт миллионға жуық мал қыстатылғалы отыр («Лен. жас»). Жүзге тарта қойдан төрт килограмнан жүн қырқылып еді (С. Бегалин).

**Шамасынша, шама-шарқынша.** *Әлі келгенше, күйі жеткенше.* Тік түрегеліп торды ұстап, өз шамасынша тартып қарады (Қ. Қайсенов). Осы ауылдағы бас көтерер азаматтар шама-шарқынша қаражат қоспақшы (Б. Тоғысбаев).

**Шамданғыш, шамданшақ, шамшыл, шамырыққыш, шамырқанғыш.** *Тез ренжіп, шамданып қалғыш.* Ол тосын сөзге шамданғыш, күйгелек сияқты көрінеді (М. Иманжанов). Өзі туралы айтқанда шамданшақ адамдай кібіртіктеді (Н. Келімбетов). Аузы жеңіл біреу әлдеқалай оған қыз екенін айта қалса да, ызакор, шамшыл көріп жылап қоя беретін (Ә. Нұрпейісов). Жоқтан өзгеге шамырыққыш жүйкесі жай тапқандай болады (Ә. Кекілбаев). Әсіресе ол шаруаның көзін таба алмайтын шалағайларға шамырқанғыш («Өнегелі өмір»).

**Шамданғыштық, шамшылдық.** *Шамданғыш болушылық.* Осылардың шамданғыштығы, дүңк етпе мінездері қайда кеткен («Мәдениет және тұрмыс»). Мұның шап етпе шамшылдығына, сырт күңкілге күйіп-пісетініне мез болатын (Т. Тілеуханов).

**Шанақтау, шешек ату.** *Гүл қауашығының ашылуы.* Ойдағыдай күтіп-баптаған қоза шанақтап, гүл аша бастады («Лен. жас»). Гүлдердің шешек атуындағы құпия сырларды осы тәсіл арқылы пленкаға түсіріп алуға болады (Қ. Сиранов).

**Шанаш, шанақ сөйл.** *Малдың терісінен істелген сусын құятын ыдыс.* Кейбіреуінен көтерген шанаштарының пұшпағы дүрдііп, ішіндегі қымызы судай шайқалып лықылдайды (Қ. Сыдықбеков). Құрымға салынып, ысқа ұсталып қатырылған теріден саба, торсық, көнек, шанақ істелді («Қаз. әдеб.»).

**Шанду, шырмау.** *Шешілместей етіп байлап тастау.* Бар базарлығын ит шанаға тағып, шандып, арқан ұшын баласының астына басып берді (Ғ. Мүсірепов). Аяқ-қолды тас құрсаудай шырмал буып тастаған арқан сәл қозғалса, жанын көзіне көрсетеді (С. Сматаев).

**Шанжа, бөрене.** *Ұзындау боп кесілген онша жуан емес қарағай.* Ауласын шанжамен, бөренемен қоршап береміз (Б. Дәулетбаев). Төбесіне бес-алты бөренеден арқалық салып жапқан командир блиндажы көрінеді (Ә. Сәрсенбаев).

**Шантию, қампию, сыздау.** *Қарны қампию, қарны торсию.* Жігіттердің «қой» дегеніне қарамастан, суық суды қарны *шантиғанша* ішті (С. Сарғасқаев). Соңғысының қанжығасына таңулы едеуір *қампиған* бір қоржын бар (Б. Аманшин). Қымызды көбірек ішіп жіберсем керек, қарным *сыздап* жүре алмай жүрмін (С. Мұқанов).

**Шаншу, түйреу, пісу, қадау, сұғу.** *Үшкір, өткір затпен бір нәрсеге қадап кіргізу.* Ерегіскен дұшпаныңды найзасымен *шанышқан* (Жамбыл). Лашын құстай саңкылдап, жапыра жауға тигенде, онды солды *түйреді* (Жамбыл). Түйенің жанына жетіп келіп, үшкір кездікпен саннан *пісіп* жіберді (Т. Жармағамбетов). Шүкір, шүкір, – деді мая салып жатқан бір-екі қария айырларын шөпке *қадап* тұрып (М. Қуанышбаев). Пышақты өзіңе *сұқ*, өз етің ауырмаса кісіге *сұқ* («Бозінген»).

**Шаншулы, сұғулы.** *Шаныштып қойған.* Қолына сондай жердегі қарға *шаншулы* тұрған құрықты алды (А. Смаилов). Белі буулы, найзасы *сұғулы* (З. Ақышев).

**Шаншылту, шаншылдыру.** *Бір затпен түйреу, бірдемені қадау.* Астындағы атты майлы жаядан осып-осып жіберіп, құйрығын *шаншылтып* қуа жөнелді (Р. Тоқтаров). Онысы айналдыра жіңішке сыммен шанды керіп, аспанға тік *шаншылдыра* орнатқан ұзын сырыққа барып тірелді (К. Зәкенов).

**Шаншыма, шаншу.** *Түйреп шаныштып кететін ауру.* Жүрегінің әсіресе осындай ашу қысты сәттерде сәлем беріп кететін *шаншымасы* бар-ды (А. Сүлейменов). Ауруда *шаншу* жаман, сөзде қаңқу жаман (Мақал).

**Шанышқы, айыр жерг., аша сөйл.** *Тамақ алып жеуге арналған төрт бұтақты құрал.* Зағиранш жымыып, *шанышқымен* тұздалған қиярды әперді (А. Жақсыбаев). Табақтағы етке жабыла қол салмауымыз керек, жеке-жеке тарелка, қасық, *айыр* дегендерді қолдануымыз керек (Ж. Жұмаханов). Стол үстінде мойын созған хрусталь шынылар, тамақ жейтін *ашалар* толып тұр (Б. Қыдырбекұлы).

**Шаң, тозаң.** *Ауада не жер бетінде болатын күлдей майда топырақ.* *Шаң, тозаң*, су булары және басқа нәрселер ауада неғұрлым аз болса, күн сәулесі микробтарды солғұрлым тез өлтіреді (Т. Тілеуғалиев).

**Шаңдату, шаңыту, тозаңдату.** *Шаңын бұрқырату, шаң шығару.* Ауылдың қарсы бетінде көп жылқы *шаңдатып*, көлден су ішіп, қырға шығып барады (І. Жансүгіров). Осыған орай қаптай шапқан көкпаршылардай орамалмен бастарын таңып тастаған көп атты *шаңыта* шоқырақтап келе жатты (Ж. Арыстанов). Еденге су сеппей сыпыру

үйді *тозаңдатып*, микробтың жоғары көтерілуіне себеп болады (М. Исамбасв).

**Шаңдауыту, шаңыту.** *Шаңы мол болу, шаң қалың басу.* Кеуде керіп дем алғандай паң дала, төрт жыл бойы *шаңдауытқан* демігіп (Ә. Жәмішев). Жер де, көк те аппақ боп *шаңытып* тұр («Қазақст. мект.»).

**Шаңды, шаңдақ, шаңдақты, тозаңды.** *Шаңы шыққан, шаңы мол, тозаңы мол.* *Шаңды* жол, шаңқай түс, ми қайнайтын ыстық (Е. Тұрысов). Ертесіне аттылы-жаяулы адамдар *шаңдақ* жолдың сорабына бадырайып түскен жалаң аяқтың ізін көріп кідірісті (С.Байхонов). Шықтым-ау өзер тақырға, *шаңдақты* жерден сытылып, Ауылым екен жақында, Ажалдан келдім құтылып (Қ. Көпішев). *Машина тозаңды* көшемен жүріп келеді (К. Әбдіқадіров).

**Шаңқай, шаңқан, шымқай, шаңқыған.** *Тап-таза, сүттей аппақ.* Шағала келмей, жаз болмас; *Шаңқай* болмай боз болмас («Жас Алаш»). Дүңгірдей-дүңгірдей *шаңқан* ақбоз киіз үйлерді тігіп тастады (І. Жансүгіров). Орақшы әйелдер бір жазылып, бір бүгілгенде *шымқай* ақ жаулықтары күн көзіне жарқ-жүрқ шағылысады (Ш. Құмарова). Жаңа үйлер аппақ *шаңқыған* жарасып жерге тұр сәні (Ғ. Орманов).

**Шаңқылдау, саңқылдау.** *Шаңқ-шаңқ, саңқ-саңқ етіп қатты үн шығару.* Қасындағы он шақты серігіне *шаңқылдап* бірдене айтып тұр (О. Сәрсенбаев). Бөлменің жартылай ашық қалған есігінен біреудің *саңқылдаған* даусы естіліп жатыр (Қ. Исабаев).

**Шаң-тозаң, шаң-топырақ.** *Шаң да, тозаң да.* Төлеубай өзінің *шаң-тозаң* басқан кір-кір сиқынан қысылып, бір түрлі ыңғайсызданды (Н. Ғабдуллин). Орақ басталған күні бет-жүздеріне *шаң-топырақ* толып, көздері ғана жылтырап оралды (Ә. Бөриев).

**Шаң-шүң, шаңқ-шаңқ, шаңқ-шүңқ.** *Шаңқылдаған үн, дыбыс.* Байсалбай терезенің желдеткішін ашты да, Нысан үйі жағынан шыққан *шаң-шүңның* бәрін естіді (Ә. Қалмырзаев). Тесік есік алдындағы ақ жаулықты әйелдердің *шаңқ-шаңқ* сөйлегендері ғана құлағына жетіп тұрған (А. Мекебаев). Бір бұрыштан «дұрыс», бір бұрыштан «бұрыс» деген айғай-жанжал *шаңқ-шүңқ* етеді (Қ. Исабаев).

**Шапақ, шұғыла.** *Күннің қызыл арай сәулесі.* Саз беріп таң *шапағы* қызарады, Сәулесін судан тартып күз алады (Ж. Саин). Күннің алтын *шұғыласы* көк теңіздей тұнған төңіректі неше құбылтады (С. Сейфуллин).

**Шапқыншылық, шабыншылық.** *Біреудің жерін басып алу үшін жасалған қарулы шабуыл.* *Шапқыншылыққа* ұшыраған ауылдың ішін-

де Кәкімбек үйі халінің қаншалық ауыр екені белгілі (С. Мәуленов). Мұның арты айтыс, *шабыншылық*, барымталауға айналады (Ә. Бектасов).

**Шарана**, шырыш. *Жатындағы төлді, нәрестені қоршап тұратын жұқа қабыршақ*. Жаңа туған қозының танауын, аузын *шаранадан* дереу тазартып, енесіне жалату керек (С. Омаров). Қой туған бойда қозысына тап беріп, үстіндегі *шырышын* жалай бастайды (Ә. Кекілбаев).

**Шарапхана**, кабак кітаб. *Әртүрлі ішімдік сатып алып ішетін орын*. Ол базардағы *шарапханаға* барып ішкен (О. Сәрсенбаев). Кәне, тайып тұр, бұл үй *кабак* емес саған (С. Сарғасқаев).

**Шаруақор**, шаруақой, шаруакеш, шаруашыл, шаруагер, шаруажай. *Шаруаға қыры бар, шаруаға етті, еңбексүйгіш*. Айғаншанын әке-шешесі *шаруақор*, момын жандар болатын (С. Алдабергенов). Мына беріле қимылдап жатқан *шаруақой* халық зор қуаныш сезіміне бөленеді (Ә. Нұршайықов). Нүрекен – істің қыбын білетін тәжірибелі *шаруакеш* адам (С. Байжанов). Мен өзіндей *шаруашыл*, Жұмсақ илеу үйлі ме, Көгалды қуып ән салып, Өлеңнен қолым тиді ме (Абай). Қарны теңкиіп жатқан қойды *шаруагер* қазақтың сыни көзімен басаяғын тұтас шолып өтті (О. Сәрсенбаев). Әлгі сары ала таңнан *шаруажай* бола қалыпты (Ә. Кекілбаев).

**Шаруақорлық**, шаруақойлық, шаруакештік, шаруагерлік, шаруажайлық. *Шаруақор болушылық, еңбексүйгіштік*. *Шаруақорлығың* тракторда жүргенде тіпті керек екен (Ж. Мусин). Жетпістен асса да, малсақ *шаруақойлығынан* танбай жүрген Бөлеген ақсақал аз-кем әңгіменің басын қайырды («Лен. жас»). Сауықшыл Төлеке *шаруакештік* қасиеттен де құр емес болып шықты (Т. Сағымбаев). Шадыман ерлігің мақсат-мұратыңнан көрінеді, *шаруагерлігің* алақаныңнан көрінеді (Б. Тәжібаев). Бектепберген жай ғана рудникті *шаруажайлықпен* шолып қарады (М. Жұмағұлов).

**Шаршағыш**, шаршампаз, шаршауық. *Тез шаршайтын, шаршай беретін*. Ауру адам кейде жүрегінің жиі соғып, дүрсілдейтінін сезеді, *шаршағыш* болады (Б. Омарұлы). Көп ауырып, әлсіреген адам *шаршампаз* болады («Түсіндірме сөздік»). Ол жауының сол жағын ала ұрыс салмақшы, сол қол әманда *шаршауық* келеді (Д. Досжанов).

**Шаршап-шалдығу**, шаршап-шаңырқау. *Әлі құрып қажу, болдыру, діңкелеу*. *Шаршап-шалдығып*, әбден титығымыз жетіп түнделете өзенге кеп қойдық (Ө. Қанахин). *Шаршап-шаңырқап*, аздап тынығып алайын деп, бір түп шоқ жыңғылдық көлеңкесіне кеп қисая кеттім (Ө. Тұрманжанов).

**Шаршы, текше.** *Метрмен, километрмен белгіленетін көлем өлшемі.* Бұл жердің бір шаршы метрінде үш жүз сабақ, әр сабақта екі мың дөп бар екен (Ғ. Мұстафин). Осыны көрген Бөженов Қосколден басқарма орталығын салдыруға алпыс текше метр ағаш жаздырып алды («Жұлдыз»).

**Шарық, аяққайрақ.** *Түрліше жүзді аспаптар, қайрайтын ағашқа орнатылған дөңгелек тас қайрақ.* Шарыққа ұсталған орақ жүзінен ұшқан ұшқын иығынан аса атылып жатты (Н. Оразалин). Орақты осы аяққайрақпен қайраймыз («Түсіндірме сөздік»).

**Шатаққой, шатаққор, шатаққұмар, шатақшыл.** *Ілік іздеп тұратын, шатаққа жаны құмар.* Әлгі шатаққой шалды қай жер жұта қойды (Б. Нұржекеев). Меніңше, ол шатаққор жігіт болса керек (Е. Оразақов). Ол жұдырығын ала жүгіретін шатаққұмар, тентек еді («Білім және еңбек»). Шатақшыл балалардың таласа кететіні бар (С. Сарғасқаев).

**Шатпақтау, қойыртпақтау, шатып-бұту, шөлдірлеу, шүлдірлеу.** *Әр нәрсені бұтып-шатып сөйлеу.* Жастардың шатпақтауы да естіген құлаққа түрпідей тиеді («Қазақст. өйелд.»). Ол орысша, татарша, қазақша бәрін араластыра қойыртпақтап сөйледі (Д. Әбілев). Зәкір Серік жайында сөз бастағанда, шатып-бұтып аяқ жағын жұтып қоятын (Ә. Бүркітбаев). Сейсімбет саңылаусыз сақаулардың әдетімен шөлдірлеп сөйлей берді («Қаз. әдеб.»). Орысша тілін бұрап, әрпіл-тәрпіл шүлдірлеуін қойды да, ана тіліне көшті (Р. Хайруллин).

**Шатынау, шытынау.** *Кенет шырт етіп жарылу, сыну.* Мұз шатынап сына бастады (Б. Әбдіразақов). Газиктің алдыңғы жел қаққыш терезесі тесіліп, шытынап, тарам-тарам сыныпты (Ә. Тарази).

**Шатыр-шұтыр, сатыр-сұтыр, тасыр-тұсыр.** *Сатырлаған, шатырлаған қатты дыбыс, тарсыл-гүрсіл.* Төбедегі қап-қара бұлт шатыр-шұтыр етіп, найзағай ойнай бастады (Ә. Нұрпейісов). Қар басып, аяз қысқан ағаш бұтақтары сатыр-сұтыр сынып жатты (Ә. Шәріпов). Тасты жерде тарылдап шапқан көп аттың тасыр-тұсыры естілгендей болды (М. Әуезов).

**Шаужай, шылауы сөйл.** *Атқа мінген адамның шылбыры мен тізгінінің түйіскен жері.* Шөгел көкбестіге мініп жөнеле бергенде, Аман шаужайынан ұстай алды (Ғ. Мұстафин). Атам бригадирдің алдынан шығып, шылауына жармасты (Ә. Бөриев).

**Шаю, шайқау.** *Сумен жуып тазарту.* Бай купец өйелдің үш қызметкері кірді жуып болған соң, суға шаюға әкетті (З. Шашкин). Мәзке керегенің басындағы ілулі тұрған көнекті алып, сумен ішін шайқай бастады (Х. Есенжанов).

**Шөлкем, шағыр, шадыр, шайпау, шамкес.** *Мінезі нашар, мінезді емес.* Бұл бригадада шалыс басып, шөлкем сөйлейтіндер жоқ (С. Шаймерденов). Алдына келсе тістеп, артына келсе тебетін *шағырдың* дәл өзі (Ә. Әбдіхалықов). Мінезі *шадыр*, тез ашуланғыш, бірақ ықыласы таза молданы Ербол ренжіткісі келмеді (М. Әуезов). Ал адам ретінде білмейтін, біреулер әйелі *шайпау* дейді (У. Қыдырханов). Қанбақбайдың тілі тотияйындай, мінезі *шамкес* кісі (З. Жәкенов).

**Шәугім, шәйнек, құмған.** *Шүмегі мен тұтқасы бар іші сыйымды ыдыс.* Оның үстінде, ұзын аяқ мосыда үлкен қара *шәугім* асулы тұр (М. Әуезов). Жайдар *шәйнекті* алып, күйеуінің қолына су құйды (Ш. Айтматов). Мен ұшып тұрып, *құмғанды* оң қолыма ұстап, сол қолыммен шылапшынды атамның алдына қисайттым (Б. Нұржекеев).

**Шебер, мәш.** *Қолынан іс келетін, бармағынан бал тамған.* Толыбай ағашқа да, темірге де елден асқан *шебер* (Ә. Әбішев). Көздеп атқан шымшықты, Мергендікке *мәш* екен. Ерегіскен екі құл Екеуі бірдей жас екен («Манас»).

**Шеге, мық көне.** *Басында мәймөңкесі бар үшкір жіңішке темір.* Уысында болат балға. Бойлатады *шегелерді* Нелер аттың тұяғында (Қ. Аманжолов). *Мығы* бар сауыр етік табанында, Құдайға құлшылық қыл заманында («Қозы Көрпеш»).

**Шегу, тарту.** *Темекінің түтінін ішке қарай тартып, сору.* Үшеуі осылайша төңірекке қарайлай отырып, үн-түнсіз шылым *шекті* («Қаз. әдеб.»). Бозжанов диванға шықпай жайласып отырып алып, шылымын *тартты* (С. Шаймерденов).

**Шегіну, тартыну, кейіншектеу, көткеншектеу, шегіншектеу.** *Жетекке жүрмей тартыну, ілгері баспау, артқа тарту.* Тапанша кезенген милиционер селк етіп, кейін *шегінді* (А. Сатаев). Алғаш енесінен бөлінген жас мая *тартынып*, жалтақтап боздап, жүрмей көп әуреледі (Ө. Тұрманжанов). *Кейіншектен*, ұйлығып тұрған қойдың ішінен бір серке суырылып шығып, суға түсті (С. Талжанов). Енесінен ажырасқан құлын *көткеншектен* барып, үйіріне қаша жөнелді («Лен. жас»). Келіншек есікке қарай *шегіншектен*, мүлде қызарып кетті (С. Бақбергенов).

**Шейіт, шаһит.** *Елі үшін, халқы үшін құрбан болған.* Ол майданда *шейіт* болып өткен құрбысы Әлебестің үйіне де кірді (Қ. Сыдықбеков). Отан үшін олардың *шаһит* болғанын білмейді екенсің ғой (Ф. Сланов).

**Шексіз, шетсіз, шалқар.** *Ұшы-қиыры жоқ, кең-байтақ.* Көсілген *шексіз* дала Шыққан күн құлақтанып жаңа ғана (Ф. Қайырбеков). Алты әлемге тегіс қол создырарлық қос мұхит, сансыз дария, шексіз,



*шетсіз* ен дала, байтақ дүние (Х. Есенжанов). Қазақстанға келген С.М. Киров осынша кең, *шалқар* өлкені бір-ақ шолғысы келгендей еді (Ж. Арыстанов).

**Шелек, бақыр, мосы жерг.** *Су тасуға арналған тұтқалы үлкен темір ыдыс.* Екі *шелекті* иығына салып, Күләш суға кетіп бара жатты (Б. Майлин). Бұрынғы кезде металдан істелген шелекті *бақыр* деп те атаған (ҚСЭ). Шелектің үлкендеу түрін Алматы облысы тұрғындарының *мосы* деп атайтыны бар («Жетісу»).

**Шелтию, тәштию, шелпню, шілтию.** *Арық адамның жіп-жіңішке болып шәниі қалуы.* Енді ұлықсып *шелтиіп* тұра беруді жөн көрмей, әңгімеге айналдырмақ болдым (М. Мағауин). Мына шіркінге атақ тимей жүр екен, тиіп еді, *тәштиіп* шыға келді (Ж. Мусин). Оспан сабау басты, салт қамшылы, *шелтиген* жұқа қара бала екен (Б. Тоқтаров). Сержан – сегіз-тоғыздар шамасындағы, *шілтиген* арық бала («Мәдениет және тұрмыс»).

**Шеткерілік, шеткейлік.** *Шеткері болушылық.* Шеткеріліктің аты *шеткерілік*, орталықтан өте алыс (С. Бегалин). Бұл әрі *шеткейліктің*, әрі атты казак станицасының ерекшелігі еді (Ф. Мүсірепов).

**Шеше, ана.** *Баланы ақ сүтін емізіп асырап-сақтаушы, мәпелеп өсіруші тұлға.* Розаның *шешесі* орта жастан асқан, байсалды қазаққылау кісі екен (Т. Ахтанов). *Анам* едің, жаман сөз айтпаймын, бірақ кімнен кім айырылмай жатыр (М. Әуезов).

**Шешежан, шешетай, шешеке, шешей, маматай сөйл., мамашым сөйл.** *Шешені құрметтеп, жалынып айтылған сөз.* Бастан бақыт құсы ұшып, Ол құс қайта қонар ма? Қонғанменен *шешеке*, Бұл жалғанда оңар ма («Батырлар жыры»). *Шешетай*, ұстай тұрыңызшы бөпемді («Жұлдыз»). Әкем мінген қара атты Міңуге келдім, *шешеке*, Бууға келдім беліме Ақалмас семсер болатын («Батырлар жыры»). *Шешей*, төрлетіңіз, жайласып отырыңыз, – деп жігіт ізет білдіріп жатыр («Жұлдыз»). Атқан таңмен, шыққан күнмен бірге күт, *Маматай*, ұшқан балапаныңды (Ә.Тәжібаев). Жыламышы, *мамашым*, – деп, бала қос алақанымен бетін басып керуетке құлай кетті (С. Омаров).

**Шешелес, аналас.** *Анасы бір, бір шешеден туылған.* Біләл – Махамбетшенің Жәмиладан туылған кіші ұлы, *шешелес* інісі, Сарыбала – немере інісі (Ф. Мұстафин). Олар Асанның қолына келіп билейтін *аналас* туыс, айырылмас досы болып кетіпті (С. Қасиманов).

**Шешелі, аналы.** *Шеіесі бар.* Кемітіп жұмсайтын «келін» деп, *Шешелі* жігіт сүймеймін, Шешесі бар екен кем иек, Сол үшін оған да

тимсймін (Ш. Смаханұлы). «Алпыс қасқыр *аналы*, Жетпіс қасқыр балалы» Аузынан қан ағып, Көпке қарсы шапқанда (А. Әбдіқадіров).

**Шешен, шежіре, ділмар, майталман, тілді, тілуар, тақтақ, сөзгер, самар кітаб., ділуар сөйл.** *Тілге бай, сөзге жүйрік, сегіз қырлы, бір сырлы.* Ол сөзге ағып тұрған шебер, ділмар, топты бастар көсем, дау шешкен *шешен* болатын (Ә. Әбішев). Семізбұғыда Рафық Сыздықов деген *шежіре* ақсақал бар (А. Сатаев). Ноғайбай өткір көзді, алғыр сөзді, сауатсыз болса да өте *ділмар*, шешен кісі болған (Кенен). Жасы сексеннен асқан *майталман* өнер иесі қартты Мұқан қатты сыйлайтын (К. Оразалин). Біләлдің бұл жездесі – жасынан сөзге араласқан *тілді* кісі (Ғ. Мұстафин). Зейнекей жолдас сөз білетін, тоқпақтап соғатын *тілуар* кісі екен (А.Тоқмағамбетов). Сөздері топқа салынған Бұрынғы шешен *тақтақ* (А. Наушабаев). Жігіт жағынан «жар-жар» айтатын Асан болады, ол бір *самар* көрінеді (М. Әуезов). Данышпан, білгір халықтан, *ділуар, сөзгер* топтан, үлгілі жолгер қарттан шығады, – депті («Қаз. әдеб.»).

**Шешендік, ділмарлық, тілділік.** *Сөзге жүйріктік, шебер сөйлеушілік, шешен болушылық.* Алпекеннің, біздің әжеміздің *шешендігі*, отағасылығы тұрғанда біздің әділ ісіміздің ақыры қайырлы болуға тиіс (Ғ. Қайырбеков). Оның жайшылықтағы *ділмарлығы* қазір де көрініп тұр (Ұ. Доспанбетов). Бұл Қозының тұстасы, *тілділігімен* «Сарыжорға» атанған Тобылғы шешен болатын (К. Ахметбеков).

**Шешенсу, шешендену, тілмарсу, ділмарлану, ділмарсу.** *Мақалдап, мәтелдеп жатық сөйлеу.* Ахмед елші қызық бір шежіре шерткендей *шешенсіп* сөйлей жөнелді (Д. Досжанов). Жайшылықта сөзге доғал ол, көбірек ішсе *шешенденіп* алады да басқаны сөйлетпей қояды (С. Мұқанов). Сөйлегенде шешенсіп, *тілмарсып* кететін Үрмәш осы Қаракөздің қасында айтуға сөз таба алмай кібіртіктеп қалды (Ә. Әбішев). Қаншама жеңгесі *ділмарланса* да жүрек түбінде әлдене жетпей тұрғандай бір қуыс орын қала берді (З. Шашкин). Жанай өзінің аяқасты осынша *ділмарсып* шешен боп кеткеніне қайран қалды (С. Мұратбеков).

**Шиедей, шикандай.** *Қыт-қызыл болып семірген, май басқан.* Екеуі де піскен алмадай дөп-дөңгелек, бет шырайлары, еріндері *шиедей* қыпқызыл (С. Мұқанов). Құлан оның *шиқандай* жүзіне, семіздігіне қарап, бұның дәулетті адамның баласы екенін аңғарды (А. Нұрманов).

**Шиелену, түйлігу, шандылу.** *Шешілмейтіндей етіп байлау.* Гауһар *шиеленіп* байланған беліндегі жіпті шеше алмай өуреленіп отыр (С. Мыңжасарова). Ал онда батанды бер, кештім, *түйліккен* түйі-

німнің бәрін піштім (Т. Ізгілеуов). Тақтайға оран, сыммен *шандылған* қармақты көк темір (Т. Әлімқұлов).

**Шиеленісу, шилығу, ушығу, ұшығу, асқыну.** *Араздық пен өкпеназдың күшейіп үдей түсуі, өршуі.* Терания таптық қайшылықтар *шиеленісіп*, тап күресі формасына ие болды (Д. Дулатов). Ерлікпен өлген Шарбандазаны өз көзімен көріп, өзі де *шилығып* өсе бастады (С. Бақбергенов). Өзінің артық сөйлеп, әңгімені *ушықтырып* алғанын Әмірхан енді ғана сезген еді (М. Хасенов). Мен әңгіме бетінің *қишығып* бара жатқанын сезіп, Гришаны бүйірден түрттім (С. Мұратбеков). Ол әңгіменің *асқынатын* түрін сезіп, басты адамдармен астыртын хабарласты (С. Сейфуллин).

**Шикі, қам.** *Піспеген, пісуі кем.* Жолай буфеттен кешкі шайға деп жылқы сүрін, қоран толы *шикі* жұмыртқа сатып алды (Д. Досжанов). Тек аяғыңды қажамайтын етік ки, қанша дегенмен ол қатқан *қам* тері ғой (Р. Райымқұлов).

**Шикілеу, шикілтім.** *Пісіп жетіңкіремеген, шала піскен.* Қарашы, енді *шикілеу* піскен жұмыртқаның сарысы мен варенье жұқтырған (Р. Райымқұлов). Тұзы татымай жатқан *шикілтім* дәмге сарымсақ езіп, ысыра салатын салпы етек даяшылар да кездеседі («Қаз. әдеб.»).

**Шиқан, сыздауық.** *Көбінесе суық тигеннен дене қызарып, ісініп, іріңдейтін тері ауруы.* Сөйтіп *шиқанның* бірінен кейін бірі, біртін-біртін әлденешеуі шығып, жұмыс істеуге кедергі келтіре бастады (С. Сейфуллин). Суықтың әсері ме, дәл кеудесіне *сыздауық* шығып, бірнеше күн өлердей қатты қиналады (Р. Токтаров).

**Шиқылдақ, шиқылдауық.** *Шиқ-шиқ ететін, шиқылдап қалған.* Жабаевтың кабинетінде бір ескі *шиқылдақ* диван болушы еді (Ғ. Қайырбеков). *Шиқылдауық* өгіз арба мен ат арбаны, қол соқа мен орақты, шалғыны машина мен комбайнның ауыстырғанын көресіз (Б. Токтаров).

**Ширақтық, сергектік, ширақтылық, самдағайлық, қунақылық.** *Ширақ болушылық.* Ол сол ойын дағдылы ішпіндік, *ширақтығымен* қолма-қол іске асыруға асығады (М. Әуезов). Ол ақынға біткен *сергектікпен* желпіне сөйледі (Ш. Есмұрзаев). Бүкіл дене тұрпатынан жинақтылықтың, *ширақтылықтың*, *самдағайлықтың* желі еседі (С. Байжанов). Бүгінгі қысырақ алу науқаны ойында жатқан Шоқан орнынан әдеттегі *қунақылықпен* ұшып тұрды (С. Бегалин).

**Шойтаңдау, шойталаңдау, шойралаңдау.** *Ақсаңдап жүру.* Ол халықты көргеннен кейін балдағына асылып, үш аяқпен *шойтаңдап* жетіп келді (Ә. Нұршайықов). Күзетші Нұрқан *шойталаңдап* келді

(А. Жұмаділдин). Қыздар гүл шоқтарын тарту еткен кезде мен де *шойралаңдап* олардың ортасында жүрдім (А. Сатаев).

**Шоқай, шәрке, шәркей, шарық.** *Көнтеріден, тағы басқа арзан заттан лекерлеп, бүріп жасалған жеңіл аяққым.* Қасына қоя салған сірі *шоқай* су сұрап өлген жайын балықтың аузына ұқсап қалыпты (Ғ. Мүсірепов). Төріне қос қорықтың қосын тікті, Шорманның *шәрке* киген қосшылары (Ғ. Малдыбаев). Кесесін қоя сала, *шәркейін* аяғына іліп, сыртқа жүгірді (Ә. Бөриев). Бұлардың өздерінің де үстінде лыпасы, аяғында *шарығы* жоқ (М. Әуезов).

**Шоқнар, сойыл, гүрзі, сайғак.** *Соққы беретін берік ағаш қару. Шоқпарымызды* жинап, әлгі бақталасымыздың аулын шабамыз, малын барымталаймыз (С. Балғабаев). Жәрмеңке жақтағы сайдың аузында *сойыл* сүйреткен аттылар көрінді (Ж. Кәрменов). Дұшпанның ойған төбесін, *Гүрзисін* көкке ойнатып. Өлігіне толтырған, Жоңғардың биік белесін («Ағиық»). Ауыл арасында келе жатқан, кетіп бара жатқан топ-топ атты кісілердің қолында, тақымдарында *сайғак* (С. Сейфуллин).

**Шоқынды, шоқыншы сөйл., шоқыншық сөйл.** *Өз дінін сатып, өзге дінге табынушы.* Ол барып тұрған азғын *шоқынды* екен, – деушілер де болды (С. Бегалин). Маған ерекше ой салған қора сыпыратын Илья деген *шоқыншы* қалмақ (С. Бегалин). Әлгі *шоқыншық* ноғайға бұдан да өткізіп, көзіне көк шыбынды үймелетеміз депті (Ә. Кекілбаев).

**Шолғындау, барлау.** *Шолғынға шығу, бағдарлап байқау.* Шыңғыстауды ол түгел сүзіп, *шолғындап* шықты да ең биік шыңының бауырына көшті доғарып, үй тіктірді (О. Бөкеев). Баба бүркіт *барлап* ұшады, бала бүркіт *парлап* ұшады (Мақал).

**Шолтию, шонтию, құнтию, шүнтию.** *Мейлінше қысқару, кішірею.* Уай, мақтанғаныңмен, сүйменің *шолтиып* қысқарып қалыпты ғой, – деді анау (С. Сейфуллин). Сәкеннің мақаласы басылыпты, бірақ та оның соңғы абзацы *шонтиып* қалған сияқты (Т. Көкішев). Қарашы, мына тайлардың шашын алдырған баладай әп-әдемі болып *қүнтиып* шыға келгенін (С. Бегалин). Қараса құлақтары *қүнтиыпты*, кесіліп шолақ мұрын *шүнтиыпты* (І. Мәмбетов).

**Шомылу, жуығу.** *Суға түсіп тазару.* Ол аттан түсе сала Сабындыкөлге армансыз *шомылып* алды (М. Сәрсекеев). Қасымда *жуығандарға* көз қырын тастасам, бөрі де мен танымайтындар (С. Мұқанов).

**Шошандау, шұнандау, жеңілтектену, ұшқалақтану, шоштандау, тұштандау, тышталаңдау, ұшып-қону сөйл.** *Жеңіл мінез көрсетіп, тышталаң-тышталаң ету.* Аузы-басың *шошандап*, Өсек-

тен баска айтпаған, Бәлекеттен қайтпаған, Ұялатын бетің жоқ (Жамбыл). Қолынан келер ісі болмаса да, көңілмен бозбала коп *шұнаңдаған* («Айтты»). Баласының *жеңілтектеміні* кеткенін Сапақ жақтырмай қалды (С. Талжанов). Жайшылықта да жеңілтек мінезді ол *қиқалақтана* қалатын еді (С. Мұқанов). Жә, *шоштаңдамай* тұра тұр, бала сөзін айтып болсын, – деп, тыйып тастады (М. Ақынжанов). Бұл *тұштаңдан*, ешкінің лағындай тастан-тасқа секіргенге мені ұнатпайды екен десем, бар көңілі менде екен («Береке бастауы»). Келіндер, жігіттер, *тышталаңдаған* немені аттан жұлып алып, лақтырындар өртке (Ә.Сәрсенбаев). Кей қыздар тәрізді ол *ұшып-қонып* тұрған жоқ, салмақты, ұқыпты (І. Есенберлин).

**Шошу, үрку.** *Секем алып сескену, үрейлену.* Көк шолақпен тепектеп, Тор шолақты жетектеп, Жанай берме көшіңді, Түйелерім *шошиды* (Жамбыл). Жолдасымен отқа, суға бірге түсуге еш уақытта іркілмеген Әзімханның қорқу, *үрку* әдеті болған емес (С. Сейфуллин).

**Шөгір, шөңге.** *Шидің, қамыстың, құрайдың тұқылы. Шөгірлері* қадалған табаныма. Қойды ма жалаңаш деп мейірім етіп (С. Торайғыров). Міне, мен жалаңаяқ жүгірген жер, Сан рет табаныма *шөңге* кіріп (М. Сарикова).

**Шөл, шөлейт, шөлдеуіт, аңырақай, шөлең.** *Суға тапшы қуаң аймақ, сусыз құрғақ ең дала.* Құйды жаңбыр сел қаптап бір сағатта, *Шөл* даланың аңсаған мейірі қанды (Қ. Жұмалиев). *Шөлейт* даланың ауа райына төзімді ағаш отырғызу жұмысы үнемі жүргізіліп келеді (С. Бакбергенов). Арқаның көп атырабына ортақ сусыз *шөлдеуіт* құмай дала қоңыр жүдеу аспанның астында көсіліп жатыр (С. Хайдаров). Туған жері бірде жазан да жайсан, бірде кенезесі кепкен *аңырақай* (О. Бөкеев). Жаңбырлы жылдары осы құмайт, *шөлең* жерде қара оттар бігік шығады (І. Есенберлин).

**Шөлдеу, шөліккеу, сусау, қаталау, қаңсу, шаңқу, шаңырқау, аңқасы кебу, кенезесі кебу.** *Таңдайы құрғақсып, аузы кебірсіп, сусын ішкісі келу, қаны кебу.* Терендегі сасықтау сары судың ісін сезіп, *шөлдеген* өгіз де мұрнын шүйіріп төмен еңкейді (С. Мұқанов). Жаһанның данышпаны, дауылпазы, Шөлдетпей, *шөлікетпей* сусындатып, Нұрыңды құйып тұрсың миллион мұңға (С. Керімбеков). *Сусап* кеп салқын қымызға мейір қандырған соң, тысқа шықтық («Алғы шеп»). Біраздан соң тіліміз аузымызға сыймай, *қаталап* шөлдей бастадық (Б. Соқпақбаев). Ыбырайы да құрылыс басынан *қаңсып* келгенде осы кесемен айран жұтушы еді (Д. Досжанов). Бөгеннің қойнауына теңіз жасап, суланды *шаңқиган* шөл неше белес («Пернедегі термелер»).

Сонда мына аптабымен түншықтырып, тандыр кентірген, *шаңырқаған* шақтан құтылар мезет туар еді (Ә.Әзиев). Бұл – сан ғасыр бойы шөл кептіріп, *аңқасы кеуіп*, иесіз жатқан ен алқапты игерушілер туралы тұңғыш роман («Қаз. әдеб.»). Тіршілік атаулының тамырына тарап, *кенезесі кепкеннің* таңдайын жібітетін су жарықтыққа не жетсін (М. Рашев).

**Шөміш, ожау, бақыраш жерг.** *Сұйық ас пен су құюға арналған сабы бар ыдыс.* Әжем қазан толы сүтті қара *шөмішпен* сарқырата сапырып тұр екен (Ж. Тұрлыбаев). Иісі аңқыған сары кымызды күміс *ожаумен* сапыруға кірісті (І. Есенберлин). Ол қайық ішіне іркілген суды *бақырашпен* төкті (Х. Есенжанов).

**Шөп, пішен.** *Мал үшін шабылып дайындалған азық.* Рахым бала-сымен екеуі күні бойы *шөпті* тасып қораға үйіп те болды (М. Әуезов). Ауылдың ер-азаматы қыстау төңірегінде *пішен* шабысып жатқан-ды (К. Жұмаділов).

**Шөп, от, көк.** *Жер бетіне шығатын көгорай шалғын, балауса.* Жасыл *шөбі* жайқалушы ед, Тау самалы есілгенде (М. Хакімжанова). Қай жерде *от*, қай жерде самал деп көшіп жүрген малшының қолы тие ме, – деді Зұлқия (М. Иманжанов). *Көгін* шабамын де, қонысқа бай ауыл қонып қойса, пішенсіз қалатын (М. Әуезов).

**Шөпсіз, отсыз.** *Шөбі аз, оты жоқ (жер).* Жері *шөпсіз*, тақырлау екен (Ауызекі тіл). Ол жоңғар қақпасы баурының жері қуаң тартып, малы *отсыз* қалғанын бір көрген емес (Б. Тоқтаров).

**Шөпті, шөптесінді, шөптесін, отты, шүйгін, шүйгінді.** *Шөбі мол, шөп қалың өскен.* Шөлкөде – *шөпті*, сулы, мал өсіруге қолайлы жайлау (Ауызекі тіл). Бұйрат-бұйрат құмның бір *шөптесінді* тұсына қойын қаптата жайып тұр (Н. Әбуталиев). Енді аздан соң тастақ жер бітіп, *шөптесін* беткей басталды (С. Байжанов). Буаз биелерге жері *отты* күзгі және қысқы жайлымдар бекітіліп берілді (А. Иманғалиев). Шайлатып *шүйгініне* маркаларын, ән шырқап шопандарың жасады той (М. Хакімжанова). Төскейдегі Ойқұдық шөбі мол, *шүйгінді* жайлау еді (А. Әуезов).

**Шөпші, пішенші.** *Шөп шауып, мал азығын дайындайтын шаруа адамы.* Кешкісін *шөпшілермен* қара қоста ішетін қара көже қандай тәтті еді (Р. Тоқтаров). *Пішеншілер* шалғыларын иықтарына салып, шабындық басына барды (С. Көбеев).

**Шу, шуыл, у-ду, у-шу.** *Қатты шыққан дауыс, азан-қазан үн.* Ауыл шетінде *шу* шығып жатқанын Дәркембай естісе де, Базаралыға айтпай отыр екен (М. Әуезов). Оның елегізген құлағына жел-

дің *шуылынан* аш қасқырдың ұлыған шуылы естілгендей болды (С. Бегалин). Қаланың орталық алаңға жақын көшесі *у-ду*, ығы-жығы халық («Түсіндірме сөздік»). Алпыстан астам атты өздері келген өткелге жеткізгенде, қала жақтан *у-шу* болған берекесіз дыбыс шықты (Х. Есенжанов).

**Шұбар, шауқар, секпіл, бұжыр.** *Бетінде ұсақ-ұсақ қоңыр дағы бар.* Жылқының шұбары жүйрік болады, адамның *шұбары* бүлік болады (Мақал). Мәліктің *шауқар* қара жүзі күренігіп, маңдайына тілім-тілім әжім жиналды (З. Шашкин). Қашанда мейірімді, ұзын бойлы *секпіл* бет мұғалімді ол тәуір көреді (К. Әміров). Осыдан бір апта бұрын Әлімбек *бұжыр* қызын ұзатып, бұл амал жоқ, тойға барған (Ә. Тарази).

**Шұбат, қымыран.** *Түйе сүтінен ашытылып жасалған сусындық тағам.* Екеуінің де түйе сүтінен жасалатыны, бірақ ашыту тәсіліне қарай бірі *шұбат*, бірі қымыран аталатынын түсіндіруге тура келді (О. Сәрсенбаев). Түйенің сүті таптырмайтын шипалы ақ дәм – қазақтың сүйіп ішетін *қымыраны* болған (Ө. Тұрманжанов).

**Шұғылдану, айналысу.** *Белгілі бір іске маманданып, кәсіп ету.* Бұрын қазақтар мал бағумен *шұғылданды* («Қазақ ССР тарихы»). Егіннің бірнеше жыл жақсы өнім беруі шаруаларды бұл кәсіппен *айналысуға* әуестендірді (М. Елеусізов).

**Шұқыр, шұңқыр.** *Ойылып қалған, қазылған жер.* Машина *шұқырдан шұқырға* ұрынып, сарт-сұрт етіп, орғи-орғи барып тегіске шықты (Т. Нұртазин). Ауыр снарядтар қазған *шұңқырлардың* түбінде көлкілдеген қарлы су күн санап молайып келеді (Ғ. Мүсірепов).

**Шұқырша, шұқанақ, шұқыршақ.** *Кішкентай шұқыр.* Мені ұзын жолдың жиегіндегі *шұқыршаға*, ағып жатқан бұлақтың басына көміңдер (Ө. Тұрманжанов). Ол көгал арасындағы су толы *шұқанақтардың* біріне ұрынған еді (М. Мағауин). Төкей бұл көлдің аржақ, бер жағын *шұқыршағына* дейін жақсы біледі (Х. Рахимов).

**Шұлғу, іззеу.** *Біреудің сөзін қостау, мақұлдау.* Бәрі де қатарынан тандай қағып, бастарын *шұлғып*, аса сүйсінген ажар танытты (М. Әуезов). Күштілерім сөз айтса, бас *іззеймін* шыбындап, Әлсіздің сөзін салғыртсып, Шала ұғамын қырындап (Абай).

**Шұрайсыз, құнарсыз.** *Шұрайлы емес, құнары жоқ.* Олар көбінесе *шұрайсыз*, ескірген аңызға жерге өседі (Ә. Әлімжанов). Су тасқыны егіншілікке қолайлы көп жерді *құнарсыз* күз далаға айналдыруда (Ә. Кәкімжанов).

**Шүйілу, түйілу, шүқшию.** *Сұсты көзбен ызғар шаша қарау.* Шопандарға бүгінгідей қысым жасайтын болсаңыз сізбен басқаша сөйлесемін, – деп ол Таубайға *шүйіле* қарады (Қ. Жұмаділов). Бір-біріне *түйіле* қарап, түнере тілдеседі (Д. Әбілев). Оның беті күнгірт тартып, маған *шүқшия* қарап сөйледі (З. Шашкин).

**Шүйіркелесу, күңкілдесу, әмпейлесу, шүңкілдесу, сырласу, шұрқырасу** *сөйл. Бірін-бірі жақсы көріп, сүйсініп ауыз жаласу.* Ұзын бойлы, ашаң жүзді Андрей Жабай қартпен бірден-ақ *шүйіркелесе* кетті (С. Мұқанов). Кешкі шайды алдарына алып, үшеуі *күңкілдесіп* отыр (З. Шүкіров). Олар сәтті жерді жаңа тапқандай, ауыздары жабысып, *әмпейлесе* қалыпты (С. Омаров). Әминаны сыртқа шығарып жіберіп, екеуі сыбырласып, *шүңкілдесіп* ұзақ отыратын (А. Жағанова). Еркін сөйлесіп *сырласудың* реті келмесе де, бірін-бірі үнсіз іштей ұғысты (Ә. Әлішев). Олар кеңсе алдында бірімен-бірі *шұрқырай* амандасты (М. Хасенов).

**Шүкір, тәубе, тоба, шүкірана.** *Жаман емес, осыған да риза.* Осы бергеніңе *шүкір* дегендей, екі қолын қусырып, нарттай жанып Әлекеңнің мырзасы тұр (Б. Майлин). Енді міне, Ғалидан хабар келді, Құдайдың мұнысына да *тәубе* (Б. Тоғысбаев). Асқақтаған адамда *тоба* болмас, Ел қорғаған адамда мола болмас (Жамбыл). Бергеніңе *шүкірана* тағдырдың, Бүгін міне қатар қалам тербейміз (М. Әлімбаев).

**Шүкіршіл, тобашыл, тәубешіл.** *Шүкір, тоба деп жүретін.* Қанағатшыл адам *шүкіршіл*, – деп отыратын атамыз («Мәдениет және тұрмыс»). Жаман сопы *тобашыл*, жаман адам табашыл (Мақал). Кәріліктің таянғанын ойлаған сайын *тәубешіл*, алыс-жақынды танығыш, бауырмал (А. Жақсыбаев).

**Шүкіршілік, шүкірлік, тәубелік, тәубешілік.** *Ризалық білдірушілік, Құдайға тәубе білдірушілік. Шүкіршілік,* ағам да бар, інім көп, той-думансыз үйде отырар күнім жоқ (Қ. Ыдырысов). Екі көрпе табылғанына да *шүкірлік* (З. Шашкин). Енді қалған кемді күнін *тәубелікпен* өткізбес пе (М. Қаназов). Зағипа шешей екі баласын көріп, оған да іштей *тәубешілік* еткен сыңай танытты (Ә. Бектемісов).

**Шүметей, шөметей, насыбай сып., татағы.** *Ұл баланың жыныс мүшесі.* Жүсіп Қожа жас бүлдіршіндердің *шүметейін* шертіп, мұсылмандыққа бейімдеп қоятын (Қ. Жұмаділов). Томпиған, топас Медеу, отқа борбайын қақтай, *шөметейін* салбыратып отыр (Ж. Аймауытов). Ағасы бөбегін жоғары көтеріп, *насыбайын* иіскеді (Ж. Аймауытов). Шал сәбидің *татағынан* насыбай атқандай «әпшу» деп жатыр («Жұлдыз»).



**Шығарма, туынды.** *Белгілі бір автордың ойдан шығарып жазған еңбегі.* Біздің жазушыларымыздың көптеген шығармалары дүние-жүзіндегі ондаған шетел тіліне аударылды (Ә. Шәріпов). Әсіресе ақынның «Аққудың айырылуы» ерекше жылы, көркем жазылған туынды (Р. Бердібаев).

**Шығым, өсім, өнім, түсім.** *Егіннен, малдан алынатын өнім, түсім.* Басқа артельдің қырманын аралап, егіннің шығымын тексеріп осылай қарай оралған болатын (Ғ. Сланов). Қазіргі уақытта қала маңындағы көптеген совхоздардың табынындағы сиырдың өсімі тым аз (Қ. Нұрғалиев). Жүгері мен тарыдан түскен өнімнің қыстық азыққа мол жететін түрі бар (Ә. Әлішев). Бұрындары совхоздың шығыны аз болмаушы еді, екі жылдан бері оның түсімі де айта қаларлықтай көбейді («Абзал жандар»).

**Шығымды, шығымтал.** *Шығымы жақсы, өнімі көп.* Оның аузынан бидайдың шығымды жаңа түрін пайдаланайық деген сөз шықты (І. Есенберлин). – Осындай дән басқа дәннен күнге де, желге де шыдамды, піскенде түспейтін әрі шығымтал келеді (Ғ. Сланов).

**Шығын, өлім-жітім.** *Өлімге ұшырау, қаза болу.* Жау үлкен қарсылық көрсеткенімен, шегінуге мәжбүр болды, екі жақтан да біраз шығын бар (Ә. Әлішев). Мал қыстың суығын көтере алмай өлім-жітімге ұшырайды («Жас қайрат»).

**Шығынсыз, өлім-жітімсіз.** *Аман-есен, қазаға ұшырамаған.* Қыстан малды шығынсыз шығарды (С. Мәуленов). Малшылардың еңбегінің арқасында малды өлім-жітімсіз қыстан алып шықтық («Соц. Қаз.»).

**Шығынсыз, шашаусыз.** *Шығын шығармай, ысырап етпей.* Егінді шығынсыз жинап алу ең басты міндет болып отыр (З. Шашкин). Бір түйір дән ексек, шашаусыз жинадық, қора соғып, мал бақтық (М. Сатыбалдиев).

**Шығыс, күншығыс, шарқ кітаб.** *Күннің шығып көтерілетін жағы, төрт тараптың бірі.* Жер дүниені қызыл күрең нұрына малып, шығыстан күн шығып келеді (Ж. Исмагулов). *Күншығыстан* қаулап қалың жоңғар келе жатыр, – деді жуан даусын кең кернеп (І. Есенберлин). *Шарқ* Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық қозғалысы ғасырлар бойы жалғасып келді («Жас Түркістан»).

**Шығысу, ұғысу.** *Бір-бірімен келісіп, ынтымақта болу.* Жұпты жазбай біз көптен. Жүрміз солай шығысып, Қалғандаймыз жөргектен, Жанымызбен ұғысып (Н. Жанаев).

**Шыдамдырақ, төзімдірек, төзімділеу, көнбістеу.** *Әжептәуір шыдамды.* Үшінші сатыдағы личинкалар суыққа *шыдамдырақ* келеді (Ө. Қарамендин). Қызылша бұл дақылдарға қарағанда суыққа *төзімдірек* болады (А. Ажкеев). Надан аристократтар оқығандарынан гөрі *төзімділеу* келеді, өйткені олар қарапайымдылау (Ш. Уәлиханов). Қазақ жұмысшыларының ағылшындарға тағы бір тиімді жері – олар *көнбістеу* келеді (М. Дүйсекеев).

**Шыдамсыздану, тынымсыздану, тыпыршу, тықыршу, жыбыршу, мазасыздану, тынышсыздану, шыбжыңдау, шыбжықтау, күйгелектену, дегбірсіздену, сабырсыздану, шыжбақтау, шыжбықтау.** *Мойынға алған жауапты істі бітіру жолында күйіп-жану, тынымсыз әрекеттену.* Ол мәселенің қалай қарай ойысарын білмей *шыдамсызданып* отырған (А. Жақсыбаев). Есімбек Рәбиғаны күтіп, сағат өткен сайын *тынымсыздана* бастады (Е. Оразақов). Ауызғы үйде *тытыршып* шыдай алмай отырған Алексей докторды құшақтай алды (С. Ерубаев). Күн суынып кетпей қайтуды ойлап, солдаттар да *тықырши* түседі (З. Ақышев). Үй қожасы қонақтың өзі де тысқа шыққыштап, *жыбыршып* жүрді (Т. Әлімқұлов). Түн ішінде фрицтердің неліктен *мазасыздана* қалғанын анықтау үшін солай қарай бір топ барлаушы жібердік (М. Фабдуллин). Перизат болса күн бата салысымен-ақ *тынышсыздана* бастады (Д. Исабеков). Ол тағы да *шыбжыңдап* сөзге киліге кетті (Е. Мырзахметов). Сен шөже торғайларша *шыбжықтап* әр сөздің басын шата берме (С. Әйешев). Тілеуқорлар мазасызданып, *күйгелектеніп* отыр (Қ. Сатыбалдин). Өзі *дегбірсіздене* күткен жолаушылар поезы бірінші жолға келіп тоқтады (Ө. Қанахин). Шоқаев мұны естігенде онан бетер *сабырсыздана* түсті (С. Шәкібаев). Әбікен өз-өзінен *шыжбақтап* қарадай соқтықты (Т. Тілеуханов). Сол жерде де ол аузына келгенін айтып *шыжбықтады* (М. Қуанышбаев).

**Шыдау, төзу, көндігу, көну.** *Басқа тұскен қиыншылыққа мойынсұнып, төзімділік көрсету.* Өзінің еш айыбы жоқ және ескі кегі ұмытылмаған Бақтығұл мына сөзге *шыдамады* (М. Әуезов). Бұрғылау жұмыстарының бейнетіне *төзу* кез келгеннің қолынан келе бермейді-ау (С. Хайдаров). Басқа барар жері жоқ ол, іштей бұған да *көндігуге* бекінді (С. Мұқанов). Жүре берсен, көре бересің, көре берсең, *көне* бересің (Мақал).

**Шыжу, ысу.** *Күннің қатты қызуы.* Иә, біз сол кезеңде туылғандықтан, сол уақыттың отына *шыжып*, жануымыз да анық (Ш. Хұсайынов). Күннің қатты *ысуы* атамның жағдайын қиында-тып жіберді (Н. Мұраталиев).

**Шыжылдау, шыжбалақтау, шыжбалаңдау, шыбжындау, шыбыжықтау, шыбжалаңдау, шыжалақтау.** *Шыр-шыр етіп шыжақ қағу.* Құлыным-ау, бір жерің ауырып тұрған жоқ па? – деп, Ақлима *шыжылдап*, қу жанын шүберекке түйіп жүр (Б. Тілегенов). Мен үгіттегенім жоқ, – деп Тайжан *шыжбалақтап* еді, отырғандар оған алара қарады (О. Иманәлиев). Ыбырайым бір нәрсенің байыбына бармай, құр *шыжбалаңдап* жүр (А. Жақсыбаев). Гүлбарам *шыбжыңдап* орнынан атып тұрды (Т. Тілеуханов). Сонан соң шыдай алмай, *шыбыжықтап* қайта кірді (Ә. Нұрпейісов). Не қыларын біле алмай құр *шыбжалаңдап* жүгірісіп, кіріп шыға берді (С. Торайғыров). Қой, жазым болады, – деді Бәтима *шыжалақтап* (Ғ. Мұстафин).

**Шыжың, бұртташ көне. Жан-жануар мен адамның зәрін ұстап тұра алмайтындай халде болуы.** Егер *шыжыңмен* ауырған адам жүзім жесе, ол кілт әлсірей бастайды (С. Сұбханбердин). Түйе малы *бұртташ* болып та ауырады (Ауызекі тіл).

**Шықпырту, осу, тілу, тарту.** *Қамшының астына алып сабау.* Тілазар кесірлігім үшін шешем қолына түскен затпен *шықпыртып* ұрады (Б. Соқпақбаев). Салт атты біреу қолындағы қамшымен Мұқажанды *осып* өтті (Б. Тілегенов). Желмеске амал не, өткір қамшы жуан санды *тіліп* келеді (Ғ. Мұстафин). Әкесіндей кісіні құтырған атшабардың екеуі екі жақтан қамшымен *тартып-тартып* жіберді (М. Әуезов).

**Шықылдақ, шықылдағыш.** *Шық-шық еткен дыбыс шығарғыш.* Балзия қабырғадағы *шықылдақ* сағатқа қараса, түнгі тоғыздан асып барады екен (С. Омаров). Менің аузым сондай *шықылдағыш* сауысқандардан талай күйген-ді (Ә. Әбішев).

**Шықылдау, шықылықтау.** *Шық-шық ету, шықыл қағу.* Бұл ауылдан күмбілдеген сабаның орнына *шықылдаған* дауыс қана естіліп жатады (Ғ. Мұстафин). Бірі *шықылықтап*, бірі үріккен құстар мен мүлгіген мола о дүниеге ұқсап кетеді Қаратайға (А. Жүнісов).

**Шылапшын, леген, кірлен жерг.** *Беті-қол жууға пайдаланатын металдан жасалған жайпақ ыдыс.* Кемпір ауызүйден *шылапшын* мен құман әкеліп Ғалияның алдына қойды (Т. Ахтанов). Үйге иығында сулық орамал, қолында *легені* мен құманы бар Мақұлбай енді (Т. Дәуренбеков). Ол «қол жуыңыздар» деп *кірленді* бір қолына ұстап, мойнына орамалды асып тұр (Б. Қыдырбекұлы).

**Шылқу, малыну, сеңгелдеу сөйл.** *Үсті-басы су-су болып немесе терлеп-тепшіп малмандай болу.* Үстімдегі суға *шылқыған* киімдерімді темір пешке құрғатып жіберіп тұратын болды (С. Сейфуллин).

Ербол сөреге жеткенше әбден терге *малынып*, екі иығынан дем алып қатты ендікті (С. Сарғасқаев). Түнімен жаңбырдың астында қалып, үсті-басымыз суға *сеңгелдеп*, үйді зорға таптық (Ауызекі тіл).

**Шылым, темекі.** *Ішке тартып пайдалану үшін жасалған өсімдіктің кептірілген ащы үгіндісі.* Үшеуі төңірекке қарап отырып, үн-түнсіз *шылым* шекті («Қаз. әдеб.»). Ингаляциямен дем алып жүргендердің ішінде ең болмаса уақытша болса да *темекі* тартуды қоя алмайтындары болады (М. Сисекенов).

**Шылымқор, темекішіл, шылымшы сөйл.** *Шылым тартып үйренген, шылымқұмар.* Көптеген *шылымқорлар* темекінің зиянды екенін жақсы біледі («Лен. жас»). Азық әбден таусылған, *темекішіл* жігіттер шыдамай ағаштың мүгін тартуға кіріскен («Қаз. әдеб.»). Әдетте бұл тастың астында тоғызыншы класта оқитын *шылымшы* Қабыштың темекісі мен сіріңкесі жататын (Е. Домбаев).

**Шымды, шымдауыт.** *Шымы көп, құйқалы (жер).* Егер алаңның топырағы өте *шымды* немесе көп жылдық өсімдіктің орны болса, оны күзде дискілеп, артынша жерді жырту керек (А. Ажекеев). Нағашым тұратын селоның жері – *шымдауыт*, құнарлы жер (Б. Соқпақбаев).

**Шымшуыр, қысқаш, көсеу, қысқыш, мәстемір көне.** *Жаққан оттың шоғын, шаласын ұстауға арналған ұзын сапты темір құрал.* Жерошақ басына келіп, жүресінен отырды да, *шымшуырды* алып, отты көсеген болды (Б. Майлин). Есіктің дәл көзінде шашылып леген, *қысқаш* тәрізді заттар жатыр (Б. Соқпақбаев). Ыстық жалыннан екі беті қызыл күреңітіп кеткен ол сөнуге айналған отты *көсеумен* қопсытты (М. Сүндетов). Үзілген сымның екі ұшын кере тартып, *қысқышпен* ұстатты («Самғау»). *Мәстемірмен* бойлатып көсеп, от басында еңкіштеу кемпір отыр (Қ. Жұмалиев).

**Шымшыма, шақпа (сөз).** *Астарлы қағызпа сөз.* Карповқа *шымшыма* әзіл айтады, онысы басшы бойына жарасымды, ақылды әзіл (Ф. Оразаев). Өзіне арнап айтқан әркімнің *шақпа* сөздері Асайынның екі бетін дуылдатып барады (Ө. Қанахин).

**Шымырлану, шымырқану.** *Шыныға, шыңдала түсу.* Жолы болмауды басынан қанша кешірсе де, Абдолла қажымады, *шымырланып* шыңдала берді (С.Талжанов). Бостандыққа шығатын мерзім жақындаған сайын ол қайсарлана, *шымырқана* түсті («Қаз. әдеб.»).

**Шынайылық, риясыздық.** *Шынайы, риясыз болушылық.* Роза орыс аруының сыршыл сезімін *шынайылықпен* жеткізеді (Б. Тәжібаев). Осындай шынайы сезімі мол Бұлқышев туындылары *риясыздығымен*, боямасыздығымен баурайды (М. Әлімбаев).

**Шындық, ақиқат, растық, хақ.** *Оқиганың болған-болмағандығы жайындағы дұрыс пікір, шын қорытынды. Шындықты* айт, шыжғырса да табанды бол, Тартынба, дәл төбеңнен ажал төнсе («Қаз. әдеб.»). Ойлашы, бір әділдік бар емес пе, *Ақиқат* жоқ жерде өмір тар емес пе? (К. Райбаев). Хақиқат пен *растық* қиянаттың дұшпаны (Абай). Мына керімсал осы қалпынан жазбастан әлсін-әлсін соғып тұрса, бар тіршіліктің берекесі қашары *хақ* (А. Байтанаев).

**Шыны, әйнек.** *Кварц құмының ертіндісінен жасалған түссіз, мөлдір жұқа зат.* Үлкен терезенің *шынысынан* ай сәулесі құйыла түскен үй іші самаладай көрініп тұр (І. Есенберлин). Ол *әйнекті* қағып еді, көне есік сықырлап, тыныш түнді жаңғырықтырып ашылды (М. Қаназов).

**Шынығу, шыңдалу.** *Рухани жағынан пісіп-жетілу, ысылу.* Жұмысшы табы еңбек пен күрестің қатал мектебінен өтеді, *шынығады* («Қысқ. саяси экон.»). Бұл күнде өзі де ұстаздыққа жеткен, әлі де *шыңдалу* үстіндегі өнерпаз (Ж. Шәкәрімов).

**Шынылау, әйнектеу.** *Бір нәрсенің бетіне әйнек салу.* Қақабайдың үйінде *шыныланған* үлкен екі шкаф толы араб, парсы, өзбек, татар тіліндегі кітаптар болатын (Ә. Бектасов). Тек рамкаға салып, бетін *әйнектеп* сақтағандықтан суреттер бұл уақытқа жеткен сияқты (А. Байтуғанов).

**Шынында, шындығында, расында, ақиқатында, шынымен, расымен, шынтуайтында.** *Түптеп келгенде, ақиқатына келсек, сайып келгенде. Шынында* пайдалы қазбалар байлығынан Қазақстан өз елінің мақтанышы десек, артық болмайды (О. Бейсеев). *Шындығында* сіздердің жұмыстарыңыз – үкімет және халық алдындағы аса жауапты да өте игілікті іс («Ауыл ажары»). *Расында* Сұлтанмахмұттың түсе қоятын жері жоқ еді (Д. Әбілов). *Ақиқатында* ол кез бұл қылмысты бастан-аяқ тексеріп жататын уақыт жоқ еді («Түркістан»). Айтжан жалт беруге ұялды ма, әлде *шынымен* састы ма, орнында қалт тұрып қалған (Ж. Молдағалиев). Ол осы ғажайып жерден *расымен* айырылам ба дегендей жан-жағына қайғыра қарап келе жатты (І. Есенберлин). Болған істің жай-жапсары *шынтуайтында* олай емес-ті (Ә. Әлішев).

**Шыңылтыр, шаңылтыр.** *Ызғары бет қаритын құрғақ, қызыл-шұнақ аяз.* Шытынаған *шыңылтыр* аяз шымшып қана бетті қарып тұр (М. Қаратаев). Дала сықыр-сықыр, *шаңылтыр* аяз бетті қариды (Ш. Құмарова).

**Шырағым, жарығым, шырақ, сәулем, сәулетай, сәулетайым, сәулешім, жарық дүнием, айым, күнім, жұлдызым, шыбыным.** *Баланы, өзінен кішіні жақсы көріп, еркелеткенде айтатын сөз.* Жасырағын бізде бөтен сыр жоқ, *шырағым* (М. Дүзенов). *Жарығым*, жүдеп барасың, жабырқайсың да отырасың, не болды саған, – деді Хадиша (С. Мыңжасарова). Ол менің атымды да атамай үнемі *шырақ* дейді («Қаз. әдеб.»). Сондағы сыртыңнан айтқан сөздерім үшін кешіре көрерсің, *сәулем* (Қ. Тұрсынқұлов). Толықсып туып алтын ай Арқаның өсем түнінде, Назданып күліп *сәулетай*, Еркелік наз бар үнінде (С. Бегалин). Құдайдан сұрап алған *сәулетайым* менің, – деп әжесі немересіне мейірлене қарады (Ауызекі тіл). Оранған гүл бақшаны өсем үйлер, Дөп мені шақырады кел, *сәулешім* (Айтыс). *Жарық дүнием* деп әдетте ата-анасы бала-шағасын еркелеткенде, сағынғанда айтады («Ана тілі»). Күні кешеге дейін, *айым, күнім* деп, мұның бетінен қақпайтын өмірдегі жалғыз аяулы анасын Дәмежан қалай жерге қаратып, тайып отырмақ (Ә.Қалмырзаев). *Жұлдызым*, – деп баланы, жақсы көретін адамын еркелеткенде айтады («Ана тілі»). Садаған кетейін, *шыбыным-ау*, тіл-көзден сақтай гөр, – деп, апам бетімнен сүйді (Ә. Жылқышиев).

**Шырақ, шырағдан, шам.** *Кешкі мезгілде үй ішіне пайдаланатын жарық беретін бұйым.* Стол үстіндегі май *шырақ* селт етіп құлай жаздап, жарығын жыпылықтата орнында қалды (Б. Момышұлы). *Шырағданның* білтесі әбден қысқарған, сығырайып қана болар-болмас жанып тұр (А. Нысаналин). Қалтасынан шақпақ алып тұтатып, пеш қырында тұрған тас *шамды* жақты (М. Әуезов).

**Шырпы, ши жерг.** *Сіріңкеге салатын, басына күкірт жалатқан, жіңішке тал шыбық.* Шылым тұтатқанда сіріңкенің *шырпысын* қалай болса солай еденге тастау – өте бір қолайсыз әдет («Қазақст. әйелд.»). Миябай жерде жатқан сіріңке *шин* көтеріп, тісін шұқыды (Ә. Асқаров).

**Шырын, шірне, шәрбат, сығынды.** *Өсімдіктің бойынан алына-тын тәтті, дәмді тағам.* Әйелдер нан пісіріп, жеміс *шырынынан* сусын дайындап, той жабдығына кірісуде (Т. Әбдіков). Бұтақтарын майыстыра салған мәуелерден *шірне* тамшылайды (Қ. Әбдіқадыров). Көгілдір жүзім *шәрбатынан* бір кесесін жұтып салды (І. Есенберлин). С витамині мол қарақат шырынын, итмұрын тұндырмасын, помидор, апельсин *сығындыларын* ауру адамға күнде беруге болады (Е. Оразақов).

**Шікірею, шекірею, шірену.** *Біреуді менсіңбей шекесінен қарау.* Зиялы жігіттің *шікіреюді* білмейтін кішіктігін, қарапайымдылығын аңғарып, іштартушылар да бар еді (Т. Әлімқұлов). Басқа төрелер секілді *шекірею* онда жоқ (Қ. Жұмалиев). Ноғайбай мырза *шіренген*, Домбыра алған бұл кім? – деп теріс көзбен қарады (Жамбыл).

**Шілде, әсет көне, июль кітаб.** *Жаз мезгілінің екінші айы. Шілде айында оңтүстік өңірінде ауа райы 30-35 градусқа дейін ысиды (Ауызекі тіл). Әсеттің айы туғанда, Үш мыңдай кісі қол болып, Бір алты күн жол қонып, Қиылдан әскер төгілді («Исатай-Махамбет»).* Тас төбеге өрлеген *июль* күні тіпті күйдіріп тұр (С. Баязитов).

**Шіреу, бұлдану.** *Өзін-өзі жоғары санап менменсу, төкаптарсу.* Әкесінің үйіне келгендей жайғасып, *шіреніп* отырғандарға жыны тырысады (Н. Серәлиев). Ол жаратылысынан *бұлдануды*, көкірек керуді білмейтін («Қаз. өдеб.»).

**Шіркей, маса.** *Қанаты бар қан сорғыш жәндік.* Жел жақтан *шіркейге* түтін салып, іргеде қи төсеп, Сәмен мен Бәтима әңгіме шертеді (А. Нұрманов). Мақтаның іші күндіз тынысты тарылтқан қапырық болса, кешке қарай тұтаса гулеп *маса* көтеріледі (Д. Досжанов).

## Ы

**Ыдыс, аяқ.** *Ас салуға, тамақ құюға арналған зат.* Үйдің ішінде ас-су салған *ыдыстар*, үй ішінің кейбір тозған керексіз жиһаздары (С. Мұқанов). Есім ши жакқа барып, *аяққа* айран құя бастады (М. Әуезов).

**Ызбарлы, қаһарлы, кәрлі, ашулы, ызалы, қыжылды, зәрлі сойл.** *Түсі суық, ашу шақырған, ашуға мінген.* Сәрсен әкесіне ызаға толы *ызбарлы* көзбен қарады (Ж. Тәшенов). Қалаубектің *қаһарлы* даусы саңқ етті (А. Байтанаев). Құнанбай қанша *кәрлі*, зәрлі болса да, мынадай кінәдан қатты сасып, құп-қу болып дірілдеп кетті (М. Әуезов). Есік ашқан жігіттің де көзі шатынап, біреуді жұтып жіберетіндей *ашулы* еді (С. Адамбеков). Әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғандықтан күл, *ызалы* күлкі – өзі де қайғы (Абай). Есесі кеткен адамның *қыжылды* әңгімесі қандай татымсыз естілуші еді (С. Смағай). Мені өзіме таныс *зәрлі* дауыс шошытып оятты (Б. Соқпақбаев).

**Ызғарлану, зілдену, сұстану.** *Зіл тастау, кәрлену, сұс көрсету.* Есендік сөз сөйлесіп артын күтпей, Қамшысын екі бүктеп тізе бүкпей,

Байтабын Төлегенге *ызғарланып*, Сөйледі екіліне көп ежіктей (К. Ахметбеков). Атаман зөрлене қадалып, сәл кідірді де: – Сен кімсің? – деді *зілденіп* (Ә. Әбішев). Ыкылас ішінен мазақ қылған старшынға *сұстана* тіктене қарап, назарын тайсалдырды («Лен. жас»).

**Ызғарлы, зәрлі, аязды.** *Ызғары күшті, бет қаратпайтын.* Күнбатыстан соққан *ызғарлы* жел жауған қарды ұшырып, жаяу борасындатып тұр (Е. Бекенов). Ышқына соққан *зәрлі* жел ауаны осып-осып жіберді (Т. Ахтанов). Құлақшыны артына қарай сырғыған, кара бұйра шашын *аязды* жел желбіретіп тұр (Б. Момышұлы).

**Ызыл, ызың.** *Шыбын-шіркейдің ызыңдаған үні.* Малда дыбыс, көлде шу, желде *ызыл* жоқ, Маңайды манаурадым Мүлде ұмытып (І. Жансүгіров). Қатаң соққан қыстың желі айтылар айналасындағы аспан мен жерді ұйтқытып, араластырып ұзақ *ызың* салып тұр (М. Әуезов).

**Ызылдақ, ызылдауық.** *Ызылдай беретін.* Ең кішкене ілмектерге *ызылдақ* масаны жем етіп шаншады (К. Күленов). Күн көтерілген сайын *ызылдауық* кара шыбын көбейіп кетті (Т. Жармағамбетов).

**Ызылдау, ызыңдау.** *Ызыңдаған үн шығару, ыз-ыз ету.* *Ызылдап* ұшып келе жатқан қоңыз оның шекесіне тиіп, жерге құлап түсті (Т. Жармағамбетов). Қызылорданың қысының *ызыңдай* соғатын өткір желі маңдайыңнан темірдей қарып, бет бақтырмайды (С. Мұқанов).

**Ық, ықтасын, ықтырма, ықтың сөйл.** *Қора-қопсының желден, суықтан қорғану үшін ыңғайлы таса, ықтау жер, қалқасы.* Мен районо үйінің *ығындағы* орындыққа келіп отырдым (М. Серәлиев). Киімдері жеңіл ол екеуі бүрсең қағып, *ықтасын* іздеді (Ә. Сараев). Бір күні малға *ықтырма* жасап, әлек болып жатыр едік (А. Сейдімбеков). Анау бір шоқы мұзды бұзып әкеліп, есік алдына *ықтың* қаласан кайтеді (Ә. Сәрсенбаев).

**Ықтау, паналау.** *Боран-шашыннан қорғанып, таса жерге тығылу.* Жауын басталысымен қойлар бір жартасқа барып *ықтап* тұра қалды (С. Бегалин). Екеуі жауыннан қалың қарағайдың ішіне кіріп, екі жықпыл тасты *паналады* («Білім және еңбек»).

**Ықтау, ықтасындау.** *Қаға берістеу, қалқалау.* Жүр, анаубір *ықтау* жерге барып әңгімелесейік, – деді ол («Қаз. әдеб.»). Жиденің көлеңкесі *ықтасындау* әрі қоңырсалқындау екен (О. Сәрсенбаев).

**Ықтияр, ерік, ырық, ыңғай.** *Адамның келісім берген, келіскен ниеті, көңілі.* Ауруға өмір бейне бұлдыр сағым, Ауру жеңсе кетеді *ықтиярың* (К. Жұмалиев). Асауға ырық бермей, *еркіңе* тез көндірдің,



ендігісін өзін біл, өкінерім жоқ (Т. Қауһынбаев). Ат үстіндегі қыздың әккі екенін сезгендей *ырқына* көніп, жүйткі жөнелді (М. Жұмағұлов). Ол үшін машиналар жұмыстың *ыңғайына* қарай қамтамасыз етілуі керек (Д. Әбілев).

**Ықтиярлы, ерікті, ырықты.** *Өз еркімен, зорлықсыз, қалауымен.* Жергілікті халықтан *ықтиярлы* түрде өрт сөндіруші жасақшылар ұйымдастырылды (Ө. Орынбаев). Кімнің қайда баруы *ерікті* болуы керек (Ә. Сәрсенбаев). Ал қызықсыз кітапты оқу *ырықты* зейінді керек етеді (К. Жарықбаев). Ақшаны ішкі қалтасына *мұқияттан* тығып жатқан Әмірге қарап, оның ойына кенет жастық шақ түсті (Х. Есенжанов).

**Ықтияттау, мұқияттау, құнттау.** *Ұқыптан тәптіштеу.* Шешенден қалған аз дүниені *ықтияттан* ұстайтын бір шүйкебас алатын кез жетті (С. Жүнісов). Қызара сасқалақтаған Дәрмен әлгінде ғана *мұқияттан* тіккен бойтұмарын сөге бастады (Ж. Арыстанов). Қолынан дәптерін түсірмей колхозшылардың еңбеккүндерін *құнттан* жүреді (Қ. Сыдықбеков).

**Ықтыру, нықырту, тықсыру.** *Бет қаратпай тойтарып тастау.* Әлдеқашан *ықтырып* қойса да, әлі одан қауіп ойлап көз қиығын тастамайды (С. Елубаев). Бір нәрсе десең, бұл көгеріліп кетеді, – деп шалды кемпір *нықыртып* тастады (А. Тоқмағамбетов). Екінші кезек отыз кісі боп кеп табылды да, Базаралыны *тықсырып*, қараша тасынан шеттетіп әкетті (М. Әуезов).

**Ықылас, ынта, зейіл, талап, пейіл, көңіл, зауық, ілтиспат, әлпеті, іждағат, мезірет сөйл., құнт сөйл.** *Бір нәрсені істеуге ұмтылушылық, бейіл қоюшылық.* Расында, бәйбішенің Нартайлыққа деген *ықыласы* да бөлек (А. Жүнісов). Мен оқуға деген *ынтамды*, ынтығымды жоғалтқаным жоқ (Ө. Қанахин). Енді бәрінің де *зейілі* салпы ауыз Омарға ауды (Н. Қазыбеков). Армен еткен баланың Қайырмайық *талабын* (Д. Әбілев). Білдіріп *пейіл*, ықыласын, Кілемін жайды далаға (Ғ. Орманов). *Көңіл* қойып, озып шық, Тең құрбыңнан қалыспа («Қырғыз өлеңдері»). Олар дүние бір өзінің ермегі, көңіл ашар *зауқы* үшін жаралғандай көріп, ойына келгеннің бәрін істеп бағады (І. Омаров). Бақытжанның атын қала халқы ерекше *ілтиспатпен* атайды (Р. Өтесінов). *Әлпеті* көп әйтеуір: суреткер табиғатты, көктемді адамдарға үлгі еткендей еді (Б. Сарбалаев). Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, парыздарды білмекке *іждағат* ләзім (Абай). Бұл оның – отырамыз, соя бер, барынды әкел – деген *мезіреті* еді

(Д. Досжанов). Құннан да, қадірден де қалдық құрқол *құнт* қылмай, қуып құлқың, құлды қанап («Үш ғасыр жырлайды»).

**Ықыластану, ынталану, көңілдену, зейілдену, ниеттену, пейілдену, зауықтану.** *Ықылас қою, көңілі түсу, мейірлену.* Айғаным оны *ықыластана* тыңдап, ұзақ үнсіз отырды (С. Бегалин). Айдаркин телефонды аса *ынталана* көтерді (С. Бегалин). *Көңілденіп* ішкен шай Әміржанды көтере түскендей болды (Б. Майлин). Мұндай кезде бел шешпей, аса *зейілденетін* Зейне үйде отырмай, үнемі шаруа басында болады (С. Бегалин). Оның шамалауынша ұғыну, *ниеттену* аз көрінеді (М. Иманжанов). Ақшал ақсақал да ақын ініге ықыласы құлай, *пейілдене* сөйледі (Ә. Ибрагимов). Шоқан осы кезде Петербургтың ғылыми қоғамдық өмірін *зауықтандыратын* журналдарды түгел оқып шықты (М. Елеусізов).

**Ықыласты, зауықты, құлықты, ынталы, зейінді, іждағатты.** *Ықылас-зауқы бар.* Тыңдаушы *ықыласты* болса, сөйлеуші шешен болады (С. Бақбергенев). Қартайғанда жігіт жинап, шабуылға аттана беруге аса *зауықты* болмаған (Х. Есенжанов). Өзінің де совхоздан кетуге онша *құлықты* емес екендігі сезілгендей («Бал дәурен»). Анасы сияқты екі баласы да еңбекке өте *ынталы* еді («Қазақст. әйелд.»). Шәріпқалидың шынында *зейінді* екені де рас (Ә. Сәрсенбаев). Өзін болайын деп тұрған *іждағатты* балаға ұқсайсың (Ә. Шәріпов).

**Ықыластылық, ниеттілік, пейілділік.** *Ықылас қоюшылық.* Мен қазір өз атымнан жазатын қағазды дайындап берейін, – деп директор аса *ықыластылық* білдірді (С. Бегалин). Ата-ана арасындағы сыйластық *ниеттілік* балаға жақсы әсер еткен сияқты (Ш. Әмірәлиев). Бұндай достыққа үлкендер мейірлі, кішілер *пейілді* болса, әрине, жемісі мол ғой (М. Әлімбаев).

**Ықылым заманда, атам заманда, баяғы заманда.** *Өте ерте уақытта, есте жоқ ерте кезде.* Демек, сонау *ықылым* заманның өзінде-ақ бұл төңіректе отырықшы тіршілік, мекен-жайлар болған деген сөз (Ә. Сәрсенбаев). Біздің ата-бабамыз *атам заманнан* Еділ-Жайық өңірін мекендеп келген («Жалын»). *Баяғы заманда* толқыған теңіз жағасында кемпір мен шал балық аулап тіршілік етіпті («Парсы ертегілері»).

**Ылғалдану, дымқылдану, сулану, дымдану, дымығу, дымқостану.** *Ылғал тарту, дымқыл болу.* Жер беті *ылғалдана* қоңырқай тартып жатыр (М. Әбдіхалықов). Топырақтың ұзақ уақыт бойына шамадан тыс *дымқылдануы* оның сілтілігін арттырды («Жетісу»). Жаңбыр жауғанда, қала бақтарының *сулануына* мүмкіндік туады

(«Лен. жас»). Топырақтың *дымдануы* 30-40 сантиметрден ары емес (М. Әуезов). Кішкене үйінің *дымыққан* күлімсілеу ісі мұрнына жып-жылы тиеді (Ж. Аймауытов). Бұл маңайдың егіні суарылатындықтан, жерінің беті *дымқостанып* жатады (С. Мұқанов).

**Ылғи, кілең, кіл, ыңғай, шылғи** сөйл. *Бәрі бірдей, әр кезде де.* Тойдың соңына дейін отыратын *ылғи* жастар («Жас Алаш»). Журналға *кілең* мінсіз жақсы шығармалар түсіп тұрса құба-құп (С. Мәуленов). Бақандай жеті адам қол қойыпты, *кіл* атақ, лауазымы бар мықтылар (Б. Соқпақбаев). Жол бойында *ыңғай* ақ қойлар жайылып жүр (А. Байтанаев). Шыңғыс ордасында ғана болмаса, *шылғи* ақ үйлер қазақ ауылдарында өте сирек кездеседі (С. Мұқанов).

**Ылди, құла беріс, еңіс, құлама, еңкеу** сөйл. *Өрдің, жотаның төменгі жағы, түсе берісі.* Анау *ылдида* бұлардың аттары қаңтарулы қалған (Қ. Мұханбетқалиев). Ертістің суына қарай үңілген еңіс, *құла берісте* пар ат жеккен жеңіл трашпеңке зырлап келеді (М. Әуезов). Жарыс жолы ойлы-қырлы. *Еңіске* самғағанмен, қырға келгенде тыпырлап қаласың (С. Сарғасқаев). Екі жағасы *құлама* биік жар қабақ, ортасы терең арна (А. Байтанаев). Қыздар ана *еңкеудегі* өзенге суға кетіп барады (О. Сәрсенбаев).

**Ылдилау, еңістеу.** *Әжептәуір еңіс, ылдиырақ.* Бір *ылдилау* жерден түсе бергенде, бөшке аунап кетеді (М. Ғабдуллин). Үсенғалидың түйесі жар жағалап келді де, бір *еңістеу* жерден төмен түсті (Н. Оразов).

**Ылдым-жылдым, ылпың-жылпың.** *Тез ойлап, тез шешетін ширақ, пысық.* Басқалардай емес, Ыбырайым *ылдым-жылдым* еді (Ш. Айтматов). Өзі *ылтың-жылтың*, шаруаның қара қыртысын айналдырады (Р. Токтаров).

**Ылығы, ұйығу.** *Ит тұқымдас жануарлардың қрықтануы.* Бұл уақыт қасқырлардың *ылығытын* кезі екен (С. Мұқанов). Қасқыр жылына бір рет *ұйығады* да, күшіктейтін орын тауып алуға тырысады (Х. Қадырбаев).

**Ым, ишарат, ишара.** *Қолмен, көзбен берілетін дыбыссыз белгі.* Қағазды пештің тақтайына қыстыр да, өзің тез шық, – деген қыздың *ымын* түсініп, соны істей бастадым (С. Мұқанов). Оғының көздеген нысанасына дәл тигенін сезген Зейнеп дереу легеннен шығып, күңіне алып кет деп *ишарат* етті (І. Есенберлин). Бірін-бірі *ишарамен*, сөз айтыспай түсінісіп жатыр (С. Талжанов).

**Ымдау, ишаралау, ишараттау.** *Ыммен белгі беру, ишара жасау.* Ол менің *ымдауымды* дереу түсіне қойды (Ж. Еділбаев). Қара мұртты ішіп болдым дегенді *ишаралап*, кесенің аузын басты (Ә. Кекілбаев).

Дәурен үндеген жоқ, оның нені *ишараттап* отырғанын іштей түйді де, үн-түнсіз отыра берді («Саржайлау»).

**Ымыраласу, бітісу.** *Сөз байласу, тіл табысу.* Байлар қажы мүрдесінің басында анттасып, *ымыраласты* (З. Жәкенов). Кедей мен бай, малсыз бен әлді *бітісе* алмайды, туыса алмайды (Б. Тілегенов).

**Ымырашыл, ымырагер, келісімпаз.** *Ымыраға келгіш, келісім жасағыш.* Оларды басында адасқандар деп атады да, артынан *ымырашылдар* деді (І. Жансүгіров). Көп қасарыспай келісімге келуге әзір адамды *ымырагер* дейміз («Қаз. әдеб.»). Өздерінің *келісімпаз* саясатымен олар партия қатарының күшін әлсіретті («Жалын»).

**Ымырашылдық, келісімпаздық.** *Өзара сыбайластыққа салынушылық, орайласушылық.* Осындағы он шақты мұғалім өзара *ымырашылдыққа* жол беріп, жұмыстың берекетін кетірген (І. Қожабаев). Шығармаларды бағалаған кезде *келісімпаздық* болмауға тиіс («Қаз. әдеб.»).

**Ымырт, іңір, апақ-сапақ, кеугім сөйл.** *Күн батып, қараңғы түскен алакөлеңке кез.* Ол *ымыртта* үйіне келгенде, бәйбішесі төрде отыр екен (Ж. Тәшенов). *Іңір* түсіп, қараңғы болып қалғанын Аяш тысқа шыққан соң білді (А. Хангелдин). *Апақ-сапақта* көзге көрінбей әлдекімдер сыбырласып жүрген сияқты (Ш. Мұртазаев). Көлеңке қоюланып, *кеугім* түсе бастады (К. Жұмаділов).

**Ындын, құлқын.** *Қара бастың қамы, өз пайдасы.* Нартайлақ Шабанбайдың *ындынына* енді-енді қанықты (А. Жүнісов). Сөзінде тұрмау, ісінде береке жоқ, өз *құлқыны* үшін болса да сатып кете беретін жігіт (Б. Майлин).

**Ынжық, жасық, жігерсіз, ез, езбе, бозөкпе, күйрек, еріксіз, қор, тауансыз, сабалақ жерг., шірік қарап., борбас сөйл., былжыр сөйл.** *Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен, сылбыр.* Жанәділ *ынжық*, қорқақ, бірдеңеге берілсе, тез ат құйрығын кесе алмайтын босан болатын (І. Есенберлин). *Жасық* болма, әкең ештеңеден беті қайтпайтын өткір еді (А. Жақсыбаев). Өз билігіне өзі ие бола алмаған *жігерсіз* қыздың соңынан қашанғы жүгіремін (К. Хасенов). Адамның қорлауына адамның *езі* ғана көнеді (Ф. Мұстафин). Кеудесі жалған қулық ой, Бәрі де пысық, *езбе* емес, Құмары оның – айт пен той, Пайда мен мақтан – өзге емес (Абай). Бәсе, нағашыңа тартқан *бозөкпе* боларсың деуші едім, дауыс көгеруге жарар түрің жоқ қой, – деді аға сұлтан (І. Есенберлин). Ел дейтін адал басшы әзір сирек, көпшілігі табансыз, қорқақ *күйрек* (С. Торайғыров). Ер *еріксіз* болса, ел көріксіз болар (Мақал). Мұқайға дейін ақыл айтады, сонда менін кім болға-

ным, *қордың қоры* болғаным ба? (Ғ. Мұстафин). Маған ол ешқандай қарсы сөзге жоқ, *тауансыз* адам сияқты көрініп еді («Бәйшешек»). Қырдың бір *сабалағы* шығар, – деп ойлап еді, тілегі орнынан шықпады (Б. Шалабаев). Сенің сағмаған биігіне жердегі *шіріктердің* ешқайсысының да қолы жетпейді («Білім және еңбек»). Мен сені бесаспап десем, бозкүйік, *борбас* па едің (К. Тоқаев). Жүсіпбек орта бойлы, арық, тіпті жадағай, аңқау, *былжыр* (Ғ. Мұстафин).

**Ынжықтау, жасықтау, жігерсіздеу.** *Сөзін тіке айта алмайтын батылсыздау, бостау.* Бірақ әлгі жігіт *ынжықтау* екен де, ата дәстүріне қарсы қауқар жасай алмаған (О. Сәрсенбаев). Кейбір *жасықтау* жігіттер де оларға қосылып, көздерінің жасын төгіп-төгіп егіліп кете барады (С. Жүнісов). Гүлсім Бәкірдің *жігерсіздеу*, батыл емес, жасқаншақ болып қалғанын байқап қалды (С. Алдабергенов).

**Ынжықтық, жасықтық, жігерсіздік, болбырлық, бостық, ездік, шіріктік қарап., былжырлық сөйл.** *Бойкүйездік, босаңдық, сылбырлық.* Қыз оның адам түңілер *ынжықтығына* ашуланып, жанына жетіп келді (Ө. Ахметов). Қыз алдында жасадым ба *жасықтық*, Аса алмадым құрғақ үміт, қиялдан (А. Асылбеков). Амал не, жетекшілердің *жігерсіздігінен* бөлінген қаржы пайдаланылмай босқа қалды («Лен. жас»). Шырағым, мұндайда *болбырлық* жар соқтырады емес пе? («Қаз. әдеб.»). Осының бәрі жалғыз тоқалдың ылаңынан, көкемнің *бостығынан* болып отыр (М. Әуезов). Жездемнің *ездігі* ме білмеймін, менімен ашып сөйлесуге де бата алмайды (Т.Ахтанов). Әшімнің келіншекпен жатып, тіл қата алмауын *шіріктікке* бағалады (К. Оразалин). Бетіне басып ұялту да – *былжырлығы* мен жігерсіздігі («Семья тәрбиесі»).

**Ынтасыздау, құлықсыздау, марғаулау.** *Ынтасы кемдеу, ықылас-ниеті онша емес.* Шопан селдір сақалын тісіне басып біраз тұрды да, *ынтасыздау* келісті (С. Шаймерденов). Күтіп тұрған көңілсіз минуттарды алдын ала сезгендей, аяғын *құлықсыздау* басып келеді (К. Жұмаділов). Ой-тілектерімді ортаға салсам, тағы да Қаныштан басқасы *марғаулау* қалып танытқандай болады (М.Әлімбаев).

**Ынтымақсыз, алауыз.** *Береке-бірлігі жоқ, ынтымақты емес.* Білеміз *ынтымақсыз* іс оңбайды, Тартынып, шу-шулеткен кісі оңбайды (С. Торайғыров). Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсеқызар жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін, Алты бақан *алауыз* (Абай).

**Ыңқылдау, ыңырсу, ыңырану, ышқыну.** *Жаны күйзеліп ыңқы-ыңқы ету, күйзелу.* Жарасын ауырлап *ыңқылдау* деген бұл жігітте мүлде жоқ екен (З. Қабдолов). Жаралы жігіттердің *ыңырсыған*, ышқына

қырылдаған үндері құлаққа шалынады (З. Жәкенов). Науқас адам анда-санда бір қинала *ыңыранып* қояды (Ә. Нұршайықов). Әлде бір жері ауырып кетті ме, *ыңырану мен ышқыну*дың аралағындағы бір үн шықты (М. Мағауин).

**Ыңылдау, ыңырсу.** *Өзімен-өзі отырып, жай дауыспен әнде-ту.* Ол екеуі домбыра тартып «Аққуымды» *ыңылдап* айтып отыр (Т. Жармағамбетов). Есіктен құлақ салып тыңдасам, Данагүл жалғыз өзі *ыңырсып* өлең айтып отыр («Жетісу»).

**Ырғақ, нақыс, нақыш, нәш, саз, әуез, мақам, мәнер.** *Өлең мен өннің өзіне тән ырғақты үні.* Жанқыз Шолпан айтқан өннің *ырғағына* еріп, ырғалып та қояды (А. Хангелдин). Ел арасындағы өншілерден гөрі ән иесінің өз аузынан, өз *нақысымен*, өз ырғағымен ән есту тыңдаушыларға армандай көрінді (А. Хангелдин). Тәжірибелі өнші қазақ өнінің *нақышын*, асқақ әуенін Азия, Африка елдеріне де жеткізе білді (Е. Салихов). Қайыржан «Балбырауын», «Қайран шешем», «Сылкылдақ» күйлерін *нәшіне* келтіре тартады (С. Хайдаров). Клубқа жиналғандар асқақтата ойнаған оркестрдің *сазымен* билеп жүр (М. Қосшығұлов). Бал татыған көмейінен мың бұралып шыққан *әуез* қыз бойын да шымырлатып әкетті (Ә. Нұрпейісов). Толқындалған *мақамды* әуез төгілді (Т. Әлімқұлов). Қазақ болса дағы «шай қыламыз», «бек құптаймыз» деп, өзбек тілінің сөйлеу *мәнерімен* сыпайы қабылдаған (Д. Досжанов).

**Ырғақсыз, ұйқассыз.** *Ырғағы, ұйқасы жоқ, байланыссыз.* Кейбір шығармалар жүйесіз ішкі *ырғақсыз*, нақышсыз жазылып жүр («Қаз. әдеб.»). Өлең жолдарының ұйқасын құрамай, *ұйқассыз* терме, тақпақ өлеңдер жазумен әуестенеді (Ә. Шәріпов).

**Ырғақты, нақысты, нақышты, ұйқасты.** *Белгілі бір сазға, ұйқасқа құрылған, сарынды, үнді.* Композитордың мұншама *ырғақты*, мұншама көтеріңкі күйді қағазға қалай түсіргеніне таңғаласың (С. Хайдаров). Көрші бөлмедегі шалдар да *нақысты* жаңа өнге амалсыз құлақ түріп, тына қалған (С. Жүнісов). Оның қоңырлау даусы зор болғанмен, екпіні *нақышты* еді (С. Мұқанов). Қазақ халқы ойдың көркем образдылығына, тақпақтап айтылатын *ұйқасты* өлең сөзге қашаннан әуес келетін (І. Омаров).

**Ыржың, ырбаң, ыржалақ, ыржалаң, ыржан, жырбаң, жырбак, ыржак.** *Арзан құлкі, бос әулекілік.* Наркестің орынсыз *ыржыңына* ыза боп кеттім (Ә. Сараев). Қазақтар өздерінің *ырбаңы* бар ма, пышылы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма, сонысынан дүниеде қызықты нәрсе бар деп ойламайды (Абай). Кісі келіп отырғанда,

орынсыз *ыржалақ* күлкіден пышақ кескендей тыйылды (З. Шашкин). Ол осыдан кейін ынғайсыздау *ыржалаң* күлкімен табалдырыққа жылжи берді (О. Сәрсенбаев). Орынсыз *ыржаң*, Болымсыз қылжаң, Бола ма дәулет, нәсіп бұл (Абай). Орынсыз *жырбаң* отырғандардың мазасын алды («Жетісу»). Еркектің қасиетін кетіретін *ыржақтан* Елжан да жалығайын деді (А. Жақсыбаев).

**Ыржындау, ырбаңдау, ыржақтау, ыржалақтау, ыржаңдау, жырбаңдау, жырбақтау, жыртақтау, ыржалаңдау, ыржалақтау** сөйл. *Бос әулекілікке салыну, жырбаң-жырбаң ету, ыржалаңдау.* Құмарбектің қуанышында шек жоқ, басын изеп *ыржыңдап* күле береді (С. Досанов). Ыржаңдап, қатыным деп *ырбаңдамай.* Ер болсаң, бұрынғы ердің еткенін ет (Айтыс). Ішіп кетер, жеп кетер сұмдар жиылып, Мәз болып байды мақтап *ыржақтаған* (С. Торайғыров). Ыбан әуелі жымыңдады да, бір кезде *ыржалақтап* оқыс күлді (С. Жүнісов). Ол енді мен қайтейін деп *ыржаңдай* берді (С. Алдабергенев). Кім десем... Бәсе Содия қайнаға екен ғой, – дейді *жырбаңдан!* (Ғ. Сланов). Неге керек дегенімде, «Жақсы жігіт, ұнады маған» деп, *жырбақтап* күле береді (К. Тоқаев). Кейбірі жайдары, ашық боламын деп, Орынсыз адамдармен *жыртақтаған* (Абай). Ораз қолын ербеңдетіп, көбірек сөйлеп, *ыржалаңдап* күле берді (Қ. Салғарин). Бабаның сонда жатқан қу басы да лажсыз күлер еді *ыржалақтап* (Х. Ерғалиев).

**Ырым, жора, әбірет. Жақсы ниетке негізделген нышана, көрініс.** Жаңа туылған жас балаға арнап шілдехана, алғаш рет жолға шыға қалса, «тоқым қағар» деген секілді *ырым* жасайтын (М. Ғабдуллин). Халық жасаған әдебиет, мәдениет мұралары сол халықтың әдет-ғұрып *жораларымен* біте қайнасып жатады («Аялы жандар»). Сонда атасы: «Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған *әбірет*», – деді (Ы. Алтынсарин).

**Ырың-жырың, ию-қию, іренде-шіренде, ырду-дырду.** *У-да шу, айқай-ұйқай, шаң-шұң.* Біреу ахахаулап күліп, біреу ысқырып, ән аяғы *ырың-жырың* болды (Б. Қыдырбекұлы). Лашықтардың адамдары *ию-қию* болып, кешкі қойды сауып жатыр (І. Жансүгіров). Үйге келсем, ағайым мен жеңгейім *іренде-шіренде* (Б. Соқпақбаев). Не істерін білмей *ырду-дырду* болған семьяға енді өзгеріс жасауға болмайды (Қ. Исабаев).

**Ырыссыз, ризықсыз. Ырысы жоқ, бақталайсыз.** Атығай, Қарауылымыз – бір ауылмыз, *ырыссыздың* тайындай тебіспеңіз (Айтыс). Үмітсіз кісі – *ризықсыз* кісі (Мақал).

**Ыстау, қақтау.** *Етті түтін шалдырып баптау.* Ол үш бақан бойы самсыған етті *ыстап* жатыр екен (Ғ. Мұстафин). Жерошақтың басында айнала отырып алып, отқа *қақтап* пісірген бөдененің еті-ай деп есіме алам (Ә. Жылқышиев).

**Ыстық, қапырық, аптап, ыссы.** *Жаздығүңгі тымырсық ауа, қапас.* Дала шыжыған *ыстық*, қозы, лақ үй іргесінен көлеңке іздейді (Ә. Нұршайықов). Ашық далаға қарағанда, орманның өз ішінде желсіз тымырық, *қапырық* кез көбірек болады (Ө. Орманбаев). Күн еңкейіп, *аптабы* қайтып, бесіндікке барыпты (Ғ. Мұстафин). Күн *ыссы* болып, шөлдеп қалса керек, шеткі үйден сусын ішкісі келіп кетті (Т. Ахтанов).

**Ыстықтау, ыстығырақ, ыссылау.** *Әжептәуір ыстық.* Семіздеу болсын, тоқ болсын, *ыстықтау* болсын, көп болсын Солдаттың ішіп-жейтіні (Қ. Аманжолов). Бүгін күн кешегіден гөрі *ыстығырақ* екен (Ауызекі тіл). Күн *ыссылау* болса, малдан биік, салқын жерге жаямыз («Алғы шепте»).

**Ыстықтық, ыссылық.** *Ыстық болушылық.* Ал мен өзім күннің дәл осындай *ыстықтығын* қалаймын (Ә. Жәмішев). Ауа райының *ыссылығына* байланысты жазда малды күн көзінен қорғау үшін көлеңке жасалады (Т. Құрманғалиев).

**Ысырап, рәсуа, набыт жерг.** *Қырсыздықтан болатын шығын, зиян.* Егіні орылып кеткен жерлерде қаншама астықтың *ысырап* болып шашылып жататыны рас қой (С. Мұратбеков). Жалғыз адамның еңбегі емес, бір ауылдың еңбегі босқа *рәсуа* болды-ау (З. Шашкин). Осының өзі жетіп жатыр, нанды көп жеп *набыт* етуге болмайды (С. Алдабергенов).

**Ытқу, ыту, ыршу, атқу, шоршу, оршу сөйл., ортқу сөйл.** *Тұрған жерден шұғыл ырғу, секіру, қарғу.* Жазира бақшаны бұзау талқандап жатпасын, – деп үйден *ытқып* шыға жөнелді (С. Нарымбетов). Сатым тақымын қысып-қысып жіберіп еді, құла бие *ыта* жөнелді (Ж. Нәжімеденов). Екі палуан бір-біріне тағы ұмтылды, Махмұт *ыршып* ұстаттырмай жүр (І. Жансүгіров). Абайдың мол денесі өте шапшаң бұрылып, отырған орнынан *атқып* тұрды (М. Әуезов). Андасанда *шоршып* секірген балықтың даусы естіледі (Р. Токтаров). Сайтанның *оршуын* қарашы, – деп бір жекіп қалды (М. Сәрсекеев). Қыз еліктің лағындай *ортқи* жүгіріп, жігіттен едәуір озып кетті («Мәдениет және тұрмыс»).

**Ышқыру, қышқыру.** *Құлақ жара қатты дыбыс шығару.* Сырттан әлдененің *ышқырған* үні келеді («Лен. жас»). Анасының арқасында ұйықтап келе жатқанда паровоздың *қышқырған* даусынан шошып жылағаны есінде (С. Мәуленов).



# I

**Із, жым.** *Адам, мал, аң, т. б. аяғының жерде қалған ізі, таңбасы.* Біздің келе жатқан жолымыз аң соңынан түскен мергендердің ізі (Б. Момышұлы). Бұл жолы аңшылар Ахмет Сайынның қабағындағы қалың шілік ішін аралап, қоянның *жымына* түсті (С. Жүнісов).

**Іздемпаз, ізденгіш.** *Көп ізденетін, ізденуге құмар.* Ол жер бетінде бір-ақ адамға – қазақ ғалымы, ұлы *іздемпаз* Қаныш Сәтбаевқа ғана борышты болатын (М. Сәрсекеев). Әбекең мейлінше еңбекқор, жалықпайтын *ізденгіш* дарын еді («Мәдениет және тұрмыс»).

**Іздемпаздық, ізденгіштік.** *Іздемпаз болушылық.* Завод салына бастаған кезден бері жалғасып келе жатқан зерттеушілік, *іздемпаздық* дағды бұл күнде кемеліне келіп, кең өріс алған (Ә. Жәмішев). Жомартов өзінің талаптылығымен, *ізденгіштігімен* танылып келе жатқан жас ғалым («Алматы ақшамы»).

**Іздену, тімтіну, шұқыну** *сөйл. Бір нәрсені білуге талпыну, талаптану, тырысу.* Ол тоқырап, бір орнында тұрып қалған адам емес, творчестволық оқу, *іздену* жолында (С. Мәуленов). Абай орысша жазылған кітап, әңгіменің көп жерлерін *тімтірудің* арқасында өздігімен ұғатын болған (М. Әуезов). Баймырза үйінен шықпай, көржерді ермек қылып *шұқына* беретін (С. Мұқанов).

**Іздестіру, қарастыру.** *Бір нәрсені табу үшін әрекет ету.* Ағаш өңдеудің арзан әдістерін *іздестіру* біздің елде көптен жүргізіліп келеді (Н. Нұрахметов). Мұхит, бәрінен бұрын адамдарды орнымен пайдалануды *қарастыру* керек (Ф. Сланов).

**Ізінше, іле-шала.** *Тез арада, көп кідірмей.* Қызбен бір тілдесуге ынтызар болып, *ізінше* ере шықтым (М. Иманжанов). Ат арбаны ала жөнелгенде құлап қалған Қанай *іле-шала* көрі торының артынан салған-ды (К. Оразалин).

**Ілгек, ілмек, күршек, ілгіш, ілме** *сөйл., ілмешек* *сөйл. Есік, терезе сияқты нәрселерді бекітіп қоятын темірден жасалған тиек.* Бөлменің есігі бергі жақтан жабылады екен, іштен ілетін *ілгегі* жоқ (К. Сатыбалдин). Сүт пісірім уақыттан соң жаңағы кран *ілмегі* дәу қазанды тағы да қайта көтереді («Білім және еңбек»). Осы бойымен кіріп келмекші ме? «Қой еңгізбеймін!» – деді Мәлике *күршекті* іліп (Р. Тоқтаров). Есіктің *ілгішін* де салып қойғаның дұрыс болар, – деді

Андрей (Т. Жангелдин). Салынған есігіне түгел *ілме*. Бірақ сен есік ашып, оған кірме (С. Мұқанов). Ауылды жерде күндіз тұрсын, түнде де есікке *ілемшек* салудың не екенін білмейді (Ө. Қанахин).

**Ілгерілеу, ілгерірек, алдарақ, озықтау.** *Алга таман, сәл ілгері, озыңқырап кеткен.* Сәлімжан серіктерінен озыңқырап, *ілгерілеу* кетіп бара жатты («Қаз. әдеб.»). *Ілгерірек* барып көрмек болды (Ауызекі тіл). Олар бұл жағынан бізден *алдарақ* (Ауызекі тіл). Несін жасырайын, кей ретте ол менен *озықтау* (Ә. Омарбаев).

**Ілдалда, ілекер.** *Қажетке әрең жарап тұрған, жоқтан бар.* Бізде жөні бүтін үй жоқ, малымыз тұратын қора жоқ, бәрі әншейін *ілдалда* баспана (Т. Нұртазин). Аяқкиім молшылығы жасалғаннан кейін қайыстан шоқай, киізден байпақ жасау сияқты *ілекерлер* де құрыды (С. Қасиманов).

**Ілдалдалау, ілекерлеу.** *Бірдеме етіп амалдау, ептеп-септеу.* Бәтжанның тозған киімдерін *ілдалдалап* кішкентайларының үстін жүдетпеуге тырысады (С. Жүнісов). Маман шоферлер жоқтан бар жасап, *ілекерлеп* жүр (С. Омаров).

**Ілесу, еру.** *Біреудің соңынан қалмай бірге жүру.* Малшылар қойды тау жақтан ескен салқын желге қарсы қаптата жайып, өздері артынан салтанатпен жай ғана *ілесіп* келеді (С. Бақбергенов). Үлкені қайда бастаса, өзгесі соңынан *еруге* бар (І. Есенберлин).

**Іле-шала, ізінше, жедегабыл, едел-жедел сөйл.** *Қолма-қол, тезбе-тез, кідіріссіз, бірінен соң бірі.* Шатыр-шұтыр дыбыс шықты да, *іле-шала* нөсер жауын сабалап құйып берді (Ә. Қалмырзаев). Үйге кірген әкесінің *ізінше* сырттағы киіз, кілемдерді жинаттырды (Х. Есенжанов). Төмен қарай бір аунап түскенде арт жағынан біреудің *жедегабыл* жығылғанын байқаған едім (Ә. Нұршайықов). Екі кесе қымызды Қабекең *едел-жедел* сіміргенде маңдайынан сүп-суық тер бұрқ ете түсті (З. Жәкенов).

**Ілмектеу, күрмеу, күрмелеу.** *Ілмек етіп байлау.* Арқанның бір ұшын *ілмектеп* артқы аяқтың шашасынан іліп алды да шабынан өткізіп, білегіне байлады (Қ. Ысқақов). Бұзауды бас жіптің бір ұшымен мойнынан *күрмеп*, екінші ұшымен қазыққа қазықбау шалып байлады (Х. Арғынбаев). *Күрмелеп* белді шарт буып, айсыз бір тұнық түндерде Найзаны көкке лақтырып, Найзамен шаншып жүргенде (С. Жиенбаев).

**Ілмию, ілбию, ілініп-салыну.** *Арып-ашып, жүдеп-жадап, әрең-әрең қозғалу.* Терезе тұсынан үйге қарай сиптелей басып *ілмиген* ұзын қара кісі өте берді (І. Есенберлин). Үйге әуелі әскери адам, оның соңынан *ілмиген* қу сүйек арық әйел кірді (Б. Соқпақбаев). Анар өстіп *ілініп-салынып* жүріп, тағы бірер күнді өткізді (А. Байтанаев).

**Ілу, асу, қыстыру.** *Туісті затты бір нәрсеге іліп қою, арту.* Шал ат тізгінін апыл-ғұпыл қауағашқа *іле* салып үйге кірді (К. Баялиев). Иығына мылтық *асқан* жалғыз жаяу бұларды сыртынан торуылдап жиекте жүрді де қойды (Ә. Нүрпейісов). Бауланған қоғажайдың екі басын қайтарып, Сырбай белдеуге *қыстыра* салды (С. Мұқанов).

**Іліктіру, іліндіру.** *Бір нәрсеге қолын жеткізу, кенелу.* Аң қағып жүр екенсіздер ғой, – деді қарт колхозшы, – қалай, ештеңе *іліктіре* алдыңыз ба? (А. Хангелдин). Құлпаш сол перзентті ел қатарына *іліндіру* үшін небір тақсірет тартпады дейсіз (З. Жәкенов).

**Ілімді, ілімдар.** *Ілімді жақсы білетін, білімді.* Байеке болсаң *ілімді*, келтіре берме жынымды, неше түрлі сөз айттым, ойланып көр мұнымды (Айтыс). Сен жақсылап тыңда, адам ілімдар емес, уақыт *ілімдар* (Н. Қазыбеков).

**Ін, кеуек, апан.** *Жерді үңгіп қазып жасаған жабайы аңдар жата-тын орын.* Егеуқұйрық *інді* жардан және жоғары қарай қазады екен (С. Мұқанов). Елсіз бір жарды жағалап келе жатқанда, *кеуегінен* шығып қоян қашты (М. Әуезов). Құлан соның арасына кіріп еді, қасқырдың *апанына* тап болды (А. Нұрманов).

**Індет, эпидемия.** *Жұқпалы аурудың етек алуы.* Бұл тек бізге келген *індет* емес, біздің болысқа, қала берді бүкіл Торғай уезіне тегіс тараған *індет* (Қ. Салғарин). Кейде бірен-саран ауру халық арасына тарап кетеді, медицинада мұны *эпидемия* деп атайды (Ж. Сұлтанов).

**Іні, бауыр.** *Бірге туған ер адамдардың жас жағынан кішісі.* Екі ағасы мен бір *інісі* әскерге алынды, шалдар мен әйелдер ғана қалды (З. Иманбаев). Мамам қайда? – деген сұрауына әйелі: – Балқаштағы *бауыры* келген еді, сол ертіп кетті, – деп жауап берді (Қ. Жұмаділов).

**Іргелес, маңайлас, жапсарлас, шекаралас, шектес, сыбайлас.** *Бір-біріне жақын, бір-бірімен жалғас.* Жылда *іргелес* ауылдарға шығып жүрем комбайннан мін тауып, атүсті жөндеп жібергің келеді, – деді Мұрат (Т. Нұртазин). Көлдің айналасында бірімен-бірі *маңайлас* жеті үй отыр (Б. Нұржекеев). Ауылдың диқандары *жапсарлас* аудандарға

барып, астық әкеліп жүрді (К. Әміров). Ол аудан Қазақ Республикасымен *шекаралас* еді де, Кенжеғұлдың әкесі сонда паналап барғанды (Р. Райымқұлов). Қатын-балалары да *шектес* қонған ауылға үзбей қатынасып, түскі шайларын бірге ішіседі (Ж. Кәрменов). Бүкіл Жоңғариядағы қара топырақты және оты мол жерлер осы *сыбайлас* жатқан үш алып – Кеген, Текес, Қарқара ғана екен (Ш. Уәлиханов).

**Іркілдеу, кілкілдеу.** *Былқылдап толу, ірк-ірк ету.* Ертелі-кеш үй жұмысы қажытқан әйел бір кездегі *іркілдеген* етінен айырылып, қара көсеудей сидиып қалыпты (О. Сәрсенбаев). *Кілкілдеп* ісінген қабағының астынан көзі әрең жылтырайды (Т. Ахтанов).

**Іркілу, жиналу.** *Бетімен аққан судың бір жерде тұрып қалуы.* Ол жер ат тұяғы батса мөлдіреп су *іркілетін* солқылдақ шымдауыт болатын (А. Сейдімбеков). Түні бойы жауған жаңбырдың суы шұңқырларға *жиналып* қалыпты («Жетісу»).

## СОҢҒЫ СӨЗ

Тұлғасы басқаша болғанмен, мағынасы бір-біріне жуық, бірінің орнына бірі қолданыла беретін лексикалық бірлікті **синонимдер** деп атаймыз. Синоним сөзін грек тілінен (synonimon) аударғанда «қатар атау» деген мағынаны білдіреді. Тілдегі синонимдер – сөз қорының асыл қазынасы. Өйткені тілдің бай да оралымдылығы, оның сөздік құрамының қандай дәрежеде дамып жетілгені көп ретте синонимдер арқылы көрініс табады. Қай тілдің болса да көне заманнан бергі даму тарихы, лексикалық, грамматикалық жағынан жетіле түсуі оның сөздік құрамындағы синонимдік қатардың молайып, толығып отыруымен де ерекшеленеді.

Синонимдердің нәзік стильдік реңкі, экспрессивті-эмоционалды бояуы оны орнымен қолданғанда, басқа сөзбен тіркесе айтылуынан байқалады. Көп ғасырлық бай, әдеби дәстүрі бар халықтың лексикалық, морфологиялық жағынан дамып жетілген тілінің көрінісі ондағы қалыптасқан синонимдік бірліктердің әр алуандығымен, оның лексика-семантикалық жүйесінің күрделілігімен айқындалады. Соған орай синоним сөздер сөз байлығының құнарлы бір саласы болуымен қатар, әр халықтың ұлттық таным-түсінігін, болмысын да танытады. Әдетте сөз логикалық дәлдігімен, ойлаған ойдың реңктерін өз бояуымен нақты көрсете алса ғана мәнерлілік сипатқа ие болады. Мазмұн мен мақсатқа сайма-сай лайықтап алынған сөздер ғана мәнерлі деп танылады. Сөз де қиюластырып қалаған кірпіш сияқты шеберлікті керек етеді. Шешен де шебер сөйлеудің бір ұшы – тілдегі синонимдерді қисынын келтіріп, реңкін айқын ажыратып, тап басып, орнымен үйлестіріп жұмсай білуде.

Тілдің табиғатын айқын сезініп, синонимдерді таңдап, талғап пайдаланып, сөйлем ішінде дұрыс қолданудың күнделікті қарым-қатынаста айрықша маңызы бар. Лексиконы синонимге бай адам сөз мағыналарының нәзік реңктерін дөп басып, қолдану шеберлігінің арқасында шешен сөйлеп, ойын анық та тартымды жеткізе біледі. Демек, синонимдер – тіл байлығы дегенде біз сөздердің жеке тұрғандағы жай тізбегі деп түсінбейміз, олардың кең қолданысқа

түсіп, көңілдегі көрікті ойды мүлтіксіз шебер жеткізудегі мәнді қызметін айтамыз.

Қазақ тіліндегі синонимдерді жүйелі түрде зерттеу, оның сөздігін құрастыру өткен ғасырдың елуінші жылдарының ортасынан басталады. Содан кейінгі жарты ғасырлық кезеңде синонимдерге қатысты тақырыпта бірнеше кандидаттық, докторлық диссертация қорғалды. Ғылыми жұмысының негізгі бағыты қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясын зерттеуге арналған филология ғылымының докторы Әсет Болғанбаевтың «Қазақ тіліндегі синонимдер» атты монографиясы (1970 ж.) қазақ тіл біліміндегі іргелі ғылыми еңбек ретінде бағаланды. Оның құрастыруымен «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі» 1962 жылы тұңғыш рет жарық көрді. Бұл сөздік 1975 жылы екінші рет басылып шықты. Ғалым өз еңбегінде қазақ тіліндегі синонимдік қатардың бәрінен гөрі етістікте, сондай-ақ зат есім мен сын есімде көбірек кездесетінін атап көрсетті<sup>1</sup>. Автор сөздіктің алғы сөзінде: «Қазақтың синоним сөздер байлығы өлі күнге жиналып-теріліп біткен жоқ. Оның жиналғанынан жиналмағаны көп, зерттеліп жүйеленгенінен тексеріліп сараланбағаны басым»<sup>2</sup>, – деп ескерткеніндей, синонимдер сөздігін құрастырудағы тәжірибенің жоқтығынан синонимдік қатарды құрайтын сөздердің айырым белгісін дәл анықтап, оларды жинақтап, топтастыруда едәуір қиындықтардың болғаны мәлім.

Синоним сөздер әртүрлі жолмен, атап айтқанда, сөздің мағыналық жағынан дамып, қосымша жанама мағыналық ренктің жасалуынан, әдеби тіл лексикасының жергілікті ерекшелікке жататын сөздер есебінен, көнерген сөздер мен кәсіби лексика есебінен бауы арқылы, басқа тілдегі сөздердің тілге енуінен қалыптасады. Бұл – синонимдердің пайда болуының басты жолдары.

Мағынасы әр басқа, түлғасы ортақ омонимдерге қарама-қарсы тілдік құбылыс ретінде синонимдердің мағыналары бір-біріне жақын, өзара мөндес сөздер. Әрі синонимдік қатар құрайтын сөздер әр алуан сөз табына жатпайды, бір ғана сөз табына қатысты. Әр басқа сөз табына жататын сөздердің синонимдік қатар құрауы тек бірлі-жарым сан есімнен ғана ұшырасады. Мысалы, *екі – қос – пар – егіз, екіден бірі – жартысы – жарымы, төрттен бір – ширек* сияқты сан есіммен синонимдік қатар құрайтын сөздер басқа сөз табына (зат есімге, сын есімге) жатады.

<sup>1</sup> Болғанбаев Ә. Синонимдер және олардың жасалу жолдары // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1958, №8.

<sup>2</sup> Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы, 1975. 17-б.

Қазақ тіліндегі синонимдік қатар құрайтын сөздер барлық дерлік сөз табынан кездеседі.

Мысалы, зат есім синонимдері: *күш – қуат – әл – қайрат, арыз – шағым, аспан – көк – әуе, уәде – серт – ант, қайғы – уайым – шер – мұң, тірек – таяныш – сүйеніш, ауру – науқас – кесел – дерт – сырқат, қораз – әтеш, шеше – ана, тәулік – сөтке, тұрме – абақты.*

Сын есім синонимдері: *кіршең – кіршіл, күшті – әлді, қарулы – қайратты, үлгілі – өнегелі – тәлімді, үлкен – дәу – зор – нән – ірі – дей, қабілетті – дарынды – талантты, сытайы – биязы – сынық, жабайы – тағы, тәрбиесіз – көргенсіз, түсінікті – ұғымды, жаман – нашар.*

Етістікке жататын синонимдер: *кіру – ену, көгеру – көктеу, шайқасу – сайысу – айқасу, үйлендіру – аяқтандыру, шаншу – түйреу, түнеу – қону, менсінбеу – қорашсыну – қомсыну – олқысыну – кемсіну, балағаттау – боқтау – тілдеу, ұстау – тұту, атойлау – ұрандау, таяну – сүйену.*

Үстеуге қатысты синонимдер: *шала-шарпы – шала-тұла, үнемі – ұдайы – ылғи – әрқашан – дәйім, бекер – текке – босқа – бекерге, тым – аса – өте, соң – кейін, жылдам – тез – шатшаң, ерекше – айрықша, мана – бағана, әдейі – қасақана, мүлде – мүлдем – тіптен – атымен.*

Есімдікке жататын синонимдер: *анау – ана, қанша – неше – қаншау – нешеу, барлық – барша – күллі – тамам, барлығы – бәрі, әлдекім – әлдебіреу, сол – со, бұл – бұ, ешқандай – ешбір, ештеме – дәнеге – ештеңе, міне – мінекей, сонау – сона.*

Одағайлар: *қап – өттең – өттегене, паһ-паһ – пай-ай, құп – ләббай, апырай – апырмау – ойпырмай – ойпырмау – япырай – япырмау, тәйт – тек – жә.*

Еліктеуіш сөздер: *арс-арс – ауп-ауп – шәу-шәу, шаңқ-шаңқ – шаңқ-шүңқ, гүр-гүр – күр-күр, сарт-сарт – сарт-сұрт және т.с.с.*

Шылаулар: *бірақ – алайда – дегенмен – әйткенмен – себебі – өйткені – неге десен, не – немесе – я – яки.*

Сан есімдер: *үш – үшеу, төрт – төртеу, он мың – түмен.*

Қазақ тіліндегі синонимдер лексикалық (*адым – қадам, азат – бостан, алыс – қашық – қиыр – қиян – шыған, соң – кейін, дейін – шейін*), морфологиялық (*сезімтал – сезгіш – сезімді – сезімпаз – сезімшіл, түйіндеу – түйнектеу, тұрттектеу – тұрткілеу, таразышы – таразбан, ашушаң – ашуланшақ, ашуқор – ашуланғыш – ызақор*), синтаксистік (*есіктен шықты – есік арқылы шықты, келіп тұрды – келіп жүрді*), фразеологиялық (*аза бойы қаза болды – ат-тонын ала*

қашты, көз ілмеді – көз шырымын алмады), сөзжасамдық (бейкүнә – күнәсіз, беймезгіл – мезгілсіз, пішіндес – кейіптес – кескіндес – өңдес, түстес – келбеттес – тұрпаттас – сыңайлас – әлеттес) синонимдер деп ажыратылады.

Мақал-мәтелдің бір-бірімен синоним болып жұмсалуды да синтаксистік синонимге жатады.

Қайсыбір ғалымдар қай тілдің лексикасында болса да бір мағынада ғана айтылатын екі немесе бірнеше сөз жоқ, сондықтан бұл сөздердің ұқсастығын абсолюттік ұқсастық деуге болмайды деп есептейді<sup>3</sup>. Дегенмен, тілдік бірліктердің мағыналық жағынан жақындығы әрқалай болатындықтан, зерттеушілер синонимдік сөздердің де әртүрлі екендігіне баса назар аударып келді. Синонимдік қатардың кейбір топтарының арасында сәл-пәл мағыналық немесе реңктік айырмашылықтың да аңғарылатыны белгілі. Синонимдік бірліктің келесі бір тобына абсолют синонимдер жатады.

Қайсыбір синонимдік сөздердің бір-бірінен реңктік, стильдік айырмашылығы бірден айқын аңғарыла бермейтіндіктен, оны тек контекстке, мәтінге қарап сезуге болады. Сондықтан синоним сөздердің басым көпшілігін бірін-біріне ауыстырып айта бергенімізбен, олардың белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп айтылатыны, белгілі бір сөйлемдерде ауыспай қолданылатыны да аз емес. Сырттай қарағанда *адам*, *кісі* сөздері мағыналық реңкі мен қолданысында еш айырмашылық жоқ абсолюттік синонимге ұқсайды. Алайда ана тілінің табиғатын сезінетін адамдар олардың сөйлемде жұмсалыуындағы нәзік нюансты аңғара алады. «Бізге *адам* (*кісі*) керек», «бүгін екі *адам* (*кісі*) келді» дегенде бұл екі сөзді ауыстырып қолдана беруге болады. Ал «*адам* емес», «*адам* баласына жуымайды», «*адам* деген – ардақты ат», «үйге *кісі* келді», «мына *кісіден* сұраңыз», «*кісі* баласы кінәмшіл», «мына *кісі* кім?» дегенде аталған екі сөз бір-бірін алмастыра алмайды. Сондай-ақ *кәрі кісі*, *кәрі адам*, *қарт кісі*, *қарт адам* деп қатар жарыстыра қолданғанымызбен, жан-жануар аттарымен тіркесте *кәрі* сөзі ғана айтылады: *кәрі сиыр*, *кәрі жылқы*, *кәрі ит*.

Ана тілінің ерекшелігін сезіне алатындар *дауыс* пен *үн* синонимдік қатарының да қолданылу ерекшелігін айқын ажыратады. Себебі *дауыс* дегеннің мағынасында нақтылық, демек құлақпен еститін ұғым басым. Мысалы, *адамның даусы*, *жас баланың даусы*, *мотордың даусы*. Ал *үн* сөзінің мағынасы мұнан гөрі кеңірек. Онда нақтылық та, бейнелеп

<sup>3</sup> Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). Алматы, 1962. 67-б.



айту мағынасы да бар. Демек, *үні* сөзі нақтылықпен де, абстракті ұғымды білдіретін зат есіммен де тіркесіп айтыла береді. Мысалы, *адамның даусы, адамның үні*, бірақ *Азия үні* (даусы емес), *қазақ үні* (даусы емес). *Ескі мен көне* синонимдерінің қолданылуында да айырмашылық бар. *Ескі* сөзі нақты затпен (ұстайтын, көретін, денемен сезінетін) байланысты айтылады: *ескі киім, ескі мүлік*. Ал абстрактілі зат есіммен *көне* сөзі тіркеседі: *көне жазбалы тіл, көне шағатай тілі, көне өзбек тілі*. Демек, синоним сөздерге қойылған айырым белгіні негізге ала отырып, синонимдік қатарға енгізуге болатын атаулардың мағыналарына бастан-аяқ талдау жасаған жөн болады. Бұл жерде ескеретін мәселе – синоним сөздердің әрдайым бірінің орнына екіншісі талғаусыз қолданыла беруін заң деп қарауға болмайды. Синонимдік қатарға енетін сөздер қолданылуына қарай емес, көбіне жалпы мағыналарының үйлес келуіне қарай топтастырылады.

Белгілі бір ұғымды білдіретін мәнделс сөздердің топтарын **синонимдік қатар** дейміз. Әрбір қатарда бір сөз басқа синонимдерге қарағанда басым айтылып, басқа сөздерді өзінің төңірегіне топтауға негіз болады. Ондай сөздер тіркес сөз (доминат) немесе басым синоним деп аталады. Басым синоним болатын сөздер өзінің негізгі мағынасында ғана келуге тиіс. Тіркес сөз әрбір қатарға енетін сөздердің әртүрлі мағыналық, стильдік, қолданылу ерекшеліктеріне қарай таңдап алынады.

Көп мағыналы сөздердің бірнеше лұғаттық мақалада беріліп, әр алуан сөздермен жекелей синонимдік қатар құрауы жиі кездеседі. Тілдегі көп мағыналықпен байланысты кейде белгілі бір синонимдік қатардағы әрбір жеке сөздерден басқа синонимдік қатарлар туып, бірімен-бірі ұласып, шексіз кете беруі де мүмкін. Мұндай жағдайда әрбір сөздің белгілі контекстегі пайда болған мағыналық реңктері емес, оның тұрақтанып қалыптасқан, жалпыға мәлім мағыналары негіз етіп алынады. Кейбір сөздердің екі немесе одан да көбірек негізгі мағыналары болады да, бір сөз бірнеше синонимдік қатарда қолданыла береді. Мәселен, *дүние* деген сөз сөздікте төрт түрлі синонимдік қатарға (*әлем, жаратылыс, зат, өмір*) енгізілді. Бір қатардағы синонимдер көбіне бір ғана ұғымды білдіретіндіктен, ондай ұғым аяқталып, шектеліп отырады. Әрбір ұғымның аяқталған шегін, жеткен жерін оның логикалық бірлігіне қарай ажыратып білуге болады. Ол үшін ең алдымен әрбір жеке сөздің мағыналарын жете білу керек. Мәселен, *талас – дау – ұрыс – керіс – жанжал* деген бес сөз белгілі контексте мағыналарының үйлес келуіне қарай бір синонимдік

қатарға ұйыстырылады. Бірақ әрқайсысының мағыналарын зер салып талдасақ, мынадай ерекшелікті аңдауға болады. «Талас» деген сөз белгілі бір адамдардың арасында бір мәселеге жай ғана келіспеушілікті білдірсе, «дау» соның басылмай, қыза түскенін көрсетеді. «Ұрыс» – келіспеушіліктің өршіген түрі. Барлығының жеткен жері, шарықтау шегі – «жанжал». Бұл – белгілі бір ұғымның шектеліп біткен жері. Мұндағы болған оқиға, қимыл-әрекет тек жай таластан басталып, қатты сөзбен аяқталып тұр. Егер мұнан әрі оқиға қызып дами берген болса, жанжал төбелеске (қол күшіне) ауысады. Бұл екеуінің ұғымы екі басқа. Біріншісінде ой, пікір, сөз таластары болса, екіншісінде күш таластары басым қолданылады. Басқа синонимдік қатарлар да осы тәртіппен топтастырылады.

Синоним болатын сөздерді мынадай үш түрлі белгілер арқылы танып білуге болады<sup>4</sup>.

1. *Мағыналық реңктер*. Бір ұғымды білдіретін мәндес сөздердің де бір-бірінен сәл мағыналық айырмашылығы болады. Мәселен, бір сөз бір сөзден мағына жағынан сәл жоғары, я өнтек төмен болуы мүмкін. Мысалы: *алып – алпауыт, атқыш – мерген, белсену – құлшыну*, т.б. Енді бір ретте біреуінің мағынасы екіншісінен сәл кең, я тар болуы ықтимал. Мысалы: *соғыс – ұрыс, ұстаз – мұғалім, байлық – мүкәммал*, т.б. Мәндес сөздердің бір сыңары көп мағыналы, қалған сыңары бір мағыналы болуы мүмкін. Мысалы, *ат – есім*. Синонимдердің біреуі деректі, нақтылы ұғымда тұрса, екінші сыңары дерексіз жалпы ұғымда қолданылады. Мысалы: *маңдай – пешене, бала – перзент, іш – құрсақ, күзетші – сақшы*, т.б. Синонимдер ауыс мағынада қолдану қабілетіне қарай да дараланып бөлінеді. Мәселен, *көмей* мен *көмекей* дегендердің алғашқысы *пештің көмейі, тоғанның көмейі* деп ауыстырып айтуға көнеді де, соңғысы мұндай қатынасқа түспейді. Яғни *тоғанның көмекейі, пештің көмекейі* деп айтылмайды. Синонимдер бір-бірінен сөз тудыру қабілеті жағынан да ерекшеленеді. Мәселен, *жол* мен *сапар* сияқты мәндес сөздердің алғашқы сыңары сөз тудыруға соншама қабілетті (*жолдас, жолаушы, жолшыбай, жолдама, жолсыздық, жолақ*, т.б.), ал оның *сапар* сыңарының сөз тудыру мүмкіндігі аз, яғни қабілетсіз.

2. *Стильдік реңктер*. Сөздердің стильдік реңктері олардың неше алуан функционалдық стильде қолданылуымен тығыз байланысты. Әрбір тілдің қаншалықты дамығандығы сол тілдегі стильдік салалардың санымен қоса, сапасымен де мөлшерленіп өлшенеді.

<sup>4</sup> *Болғанбаев Ә.* Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы, 1962. 11-12-бб.

Әдеби тілі ерте дамыған тілдердің стильдік белгілері айқын сараланып, жігі бір-бірінен болініп тұрады. Ал жазба әдебиеті кенжелеп дамыған елдерде сөздердің стильдік түрі мен жігі ажыратылмай, бір-бірімен араласып жатады. Қазақ тіліндегі сөздердің стильдік түрі мен жігі өткен ғасырдың 50-жылдарынан кейін ғана саралана бастады. Сондықтан оның нақтылы саны мен түрін кесіп-пішіп, үзілді-кесілді жүйелеп, таратып айтып беру әзірге қиын. Дегенмен, қолға жиналған материалдарға сүйене отырып, сөздердің стильдік мәнін мынандай түрге бөлуге болады: а) қадір тұтып сыйлағандықты білдіретін реңктер (*есім – ат, ақсақал – қария*); ө) салтанат құру, көтеріңкі түрдегі реңктер (*жұлде – бәйге, мерекелеу – тойлау, азамат – жігіт*); б) поэтикалық реңктер (*асқар – биік, қол – әскер, шапақ – арай*); в) дәрекілік мәндегі реңктер (*бет – сықпым, ерке – шолжың, ақсақ – шойнақ*); г) кекесін, мысқыл түрдегі реңктер (*қожаңдау – қодыраңдау, қораздану – қоқилану, еліру – желпілдеу, жеңілтектену – тқштандау*); д) кеміту, менсінбегендік мәніндегі реңктер (*көлік – бұт артар, еркек – бөрік киген, адам – тірі жан*).

3. *Сөз қолданысындағы реңктер*. Тілдегі сөздер көп замандар бойына өмір сүріп қолданыла келе олардың әрқайсысы өзіне лайықты меншікті қоныс, тұрақты мекенжай табады да, біржола орнығады, тұрақтанады, бет алды ауа жайылып жүре бермейді. Сөздерді сөйлегенде де, жазғанда да сол қалыптасқан меншікті орнына дәл жұмсауды қажет етеді. Мәндес сөздердің бірінің тіркесіндегі сөзбен екінші сыңары да тіркесе бермейтіндігі жиі байқалады.

*Ел және халық* дегендер мағыналас болғанымен, *ішіне ел қонды* деп айтылады да, *ішіне халық қонды* деп айтылмайды. *Шөміш* пен *ожау* да сондай. *Шөміштен қысты* (қақты) деп айтуға болғанымен, *ожаудан қысты* деуге келмейді. *Бет жыртысты, жүз шайысты* дегендер де осыған жатады. Сол сияқты *биік* пен *бойшаң* да – синоним. *Биік адам, бойшаң адам* деп айтылғанымен, *биік тау* деп айтылады да, *бойшаң тау* деп айтылмайды. Синонимдер бір-бірінен қолдану жиілігі жағынан да өзгешеленеді. Мәселен, күнделікті сөз қолдану тәжірибесінде *қалың* деген сөз *ну* деген синонимдік сыңарына қарағанда жиі қолданылады. Сондай-ақ *өмір* деген сөз *ғұмыр* дегеннен гөрі көбірек айтылады. Сөз нәзіктігін түсіну, әсіресе түсіндіру – өте қиын іс. Демек, синоним болатын сөздердің не мағынасында, не стильдік мәнінде, немесе сөз қолдану жүйесінде әйтеуір бір өзгешелігі болуы – міндетті шарт. Ал дублеттерге мұндай шартты белгілер мүлдем қойылмайды, олардан талап етілмейді де. Дублеттер қайда

қолданылса да, барлық жерде де бір-бірінен ешбір айырмашылығы білінбей тұруы керек. Тек сондай теңбе-тең, бірдей жұп сөздер ғана **дублет** деп танылады. Синоним мен дублеттердің арасында нақтылы көзге бадырайып көрініп тұрған ерекшелікті табу өте қиын. Сәл мағыналық ерекшелігі байқалса, дублет деп жүрген сөзіміз синоним болып шығады. Керісінше, аз ғана мағыналық, стильдік немесе қолданылу өзгешелігінен ажыраса болды, синоним деп танылып жүрген сөздердің дублетке ауысуы оп-оңай.

Сөз бен сөздің арасындағы зәредей ерекшелікті тани білу үшін де жай көз емес, жіті көз керек. Мәселен, *жұмырық* пен *жұдырық*, *қабырға* мен *қабыртқа* дегендер нақ бірдей дублет сияқты. Теренірек үңіліп қарасак, бұлардың әрқайсысынан әртүрлі ерекше белгілерді табуға болады. *Жұмырық* – қолдың саусақтарының жай жұмылған қалпы. Мысалы: *ашса алақанында, жұмса жұмырығында* деп айтылады. Ал *жұдырық* деп жұмылған саусақтардың бір нәрсені ұруға тас түйін болып түйілуін айтамыз. Сондықтан да болса керек, *жұдырықтау, жұдырықтасу* деп айтылады да, *жұмырықтау, жұмырықтасу* деп айтылмайды. Мысалы: *қорыққан бұрын жұдырықтайды, жыгылғанға жұдырық, жуан жұдырықты адам делінеді. Қабырға мен қабыртқа* да солай. *Қабырға* – жан-жануарлардың омыртқасы мен төс сүйегін байланыстырып тұратын бір жақ тұтас сүйегі. *Қабырғасына батты, қабырғасымен кеңесу* дегендер содан алынған. Ал *қабыртқа* – сондай сүйектердің әрбір талы. Мәселен, *малдың бір жақ қабырғасын түгел сөгіп алды да, үш тал сүбе қабыртқасын қазанға салды* деуге болады. *Үйдің қабырғасы, қабырға сағат, қабырға газет* делінеді, бірақ *қабыртқа газет, қабыртқа сағат* емес.

Ана тілінің синонимдер байлығын еркін білу – өз ойыңды соншалықты дәлме-дәл етіп жеткізе алу деген сөз. Әрбір ой халық тілінен сұрыптап алған сөздер арқылы жүзеге асады. Тіл ойды ғана білдірмейді, сонымен бірге сезім мен ерікті билеу үшін де қолданылады. Тіл әсерлі де тартымды болуы керек. Бүгінгі қазақ тіліндегі неше алуан стильдік мүмкіншіліктің бәрі де бай синонимдердің қызметі арқылы көрінеді.

Қазіргі кезде тіліміздегі синонимдер мән-мағынасы мен қолдану аясына қарай сала-салаға бөлініп, саралана бастады. Қазақ тілінің синонимдері саны мен көлемі жағынан да, синонимдік қатарлардың молшылығы жағынан да өте бай. Бір ұғымды білдіру үшін кейде 20–30 синоним сөз қолданыла береді. Синонимдердің қолданылу өрісі өте кең, сөйлегенде, жазғанда белгілі бір ойды сегіз саққа жүгіртіп, тілді

соншалықты оралымды етеді. Әр адамның ойлаған нысаналы мақсатына, көңіл күйі, қозқарасының әуеніне қарай айтайын деген пікірін басқа кісілерге нақтылы, дәл әрі көркем етіп жеткізуде синонимдердің атқаратын қызметі соншама үлкен. Кімде-кім мәндес сөздердің нәзік мағыналық ерекшеліктерін дұрыс аңғарып, керекті жерінде лайықты қолдана білген болса, ондай адамның сөйлеген сөзі, жазған еңбегі соншама мәнерлі де тартымды болмақ. Қаламы төселген, тілге шебер кісілердің жазғандары әрқашан өте тартымды, өрі көркем болып келуінің негізгі тетігі олардың тілдік материалдарды орынды, асқан шеберлікпен пайдалана білуінде.

Жас буынды тілге жетік етіп тәрбиелеп, синонимдерді дұрыс пайдалануға баулу үшін, ең алдымен, мектепте оқушыларды өздері білетін сөздердің мағыналарын дұрыс танып, дәл жұмсай білуге дағдыландыру қажет. Синоним сөздердің нәзік мағыналары қалай ажыратылып, қалай қолданатындығын үнемі қадағалап отыру міндет. Мұғалімдер, әсіресе тіл мен әдебиет пәнінің оқытушылары оқушылардың сөздерді қалай болса солай, жауапсыздықпен теріс қолдана салуына жол бермеуге тиіс. Ұқыпты педагог бұл іске ерінбей көңіл бөліп, тынбастан жұмыс істейді. Оқушыларды сөзді дұрыс жұмсай білуге, мұқияттылыққа баулиды, ойлаған ойын дәлме-дәл, көркем етіп баяндауға жаттықтырады. Сонымен қатар әртүрлі тақырыпқа мазмұндама, шығарма жазғанда да синонимдерді орынды пайдалануға үйретеді.

Қазақ тілінің синонимдік байлығын емін-еркін игеру тек мектеп оқушыларының ғана жұмысы емес. Сонымен қатар бұл – студенттер мен жоғары оқу орындары оқытушыларының, насихатшылардың, журналистер мен жас жазушылардың, сайып келгенде, барлық қалам қайраткерлерінің төл ісі. Синонимдерді игерудің әсіресе аудармашылар үшін өте қажет екендігін аудармадан мол тәжірибесі бар қаламгерлер көп сөз етеді.

Синонимдерді қолданудың Ә. Болғанбаев атап өткен мынадай тәсілдері бар<sup>5</sup>:

1. Алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған тексте бір рет пайдаланған сөзді қайталамас үшін оны басқасымен алмастырады. Мысалы: Ерегісте *ер* өлер, екі *батыр* егессе, екеуінің бірі өлер (Мақал). Айнала шабытты *еңбек*, қызу *жұмыс*. Бізде үздік көп жастар жекедара («Айтыс»). Шайқалған елге тиянақ бер! Елді *бейбіт*, жұртты *тыныш* ет! (І. Жансүгіров). Қаладан қашық тұратын ауылға бәрі

<sup>5</sup> Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы, 1962. 7-8-бб.

қат, бәрі зәру (Ә. Нұрпейісов). Көл *тартылар*, дария *сарқылар*, бірақ Күнікейдің күші сарқылмас (Ғ. Мүсірепов). Ой адамды асыл мұратқа *бастайды*, ой адамды зұлымдыққа да *жетелейді* («Соц. Қаз».).

2. Белгілі бір ұғымды гүрлі белгілерімен жан-жақты сипаттап көрсету үшін синонимдер бір-біріне қарсы қойылып та, салыстырылып та, ыңғайласып та тұра береді. Мысалы: *Бет* көрсе, *жүз* ұялады (Мақал). *Қауіп* бар жерде *қатер* бар (Мақал). Ақтамақ *жымиса*, ол *ыржияды*. Ақтамақ мырс етсе, ол жарқылдап күледі (Ғ. Мұстафин). Залдың орта тұсында өңкей *ажарлы* қыздар, *әрлі* әйелдер отыр (З. Қабдолов). Хан баласы ақсүйек, Ежелден табан аңдысқан. Ата *дұшпан* сен едің, ата *жауың* мен едім (Махамбет).

3. Белгілі бір ұғымды әр жақтан толық сипаттап беру үшін 2 немесе 3-4 синоним сөз қатарынан қолданылады. Мысалы: Балташ жолдасқа *опашыл*, *уәдешіл* болатын (Ж. Аймауытов). Майлыбайдың уысындағы күміске өзді-өзі *таласып*, *қырылысып*, *төбелесіп*, өліп қала жаздады (Ж. Аймауытов). Жылатушы көп болса, *уатушысы*, *жұбатушысы* да мол болған ел сорлы бола ма? (М. Әуезов). Дәл қасымызда үш *бастау*, *қайнар*, *бұлақ* бар. Соларды пайдаланайық дейміз (Ә. Тәжібаев). Жау әскерін *тәжірибелі*, *әккі* генералдар басқарады (Т. Ахтанов). Бандалатов қыр қазақтарының қонақжайлығына, жомарттығына *қызыға*, *құмарта* қарайды екен (Т. Әлімқұлов). Жақып *езіліп*, *еріп*, *балқып* кеткен сияқты болады (Ғ. Мұстафин). *Ибалы*, *инабатты*, *ізетті* жандар қазақта баршылық («Жас Алаш»). Қатар қолданылған синонимдер бір-бірінің мағынасын толықтырып тұрады. Біреуіндегі кемшін мағыналық, стильдік реңк басқаларынан табылып, бүтін бір ұғымды әртүрлі белгілерімен жан-жақты алып көрсетеді.

4. Тілдегі синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданғанымыз сияқты бұларды қосарлап та пайдалануға болады. Мысалы: *құш-қуат*, *құрбы-құрдас*, *ар-қуат*, *аман-сау*, *үлгі-өнеге*, *азып-тозу*, *қорқытып-үркіту*, *қажымай-талмай*, *өткен-кеткен*, *даусыз-талассыз*, *мұңды-зарлы*, *өніп-өсу*, т.б. Екі синоним сөз қосарланып қолданғанда бұлардың бұрынғы жеке мағыналары абстракцияланып (яғни жалпыға айналып), білдіретін ұғымның көлемі кеңейеді. Мұндағы күрделі ұғым екі сөздің дара мағыналарының жиынтығынан шығады. Мәселен, *үлгі-өнеге* деген қос сөз барлық жақсы қасиетті жинақтап тұрған болса, *азып-тозу* деген қос сөз барлық күйзелушілік пен жетімсіздікті топтастырып тұр. Тілдегі синоним болып жұмсалатын жеке сөз атаулылардың бәрі бірдей

талғаусыз қосарлана бермейді. Бұлардың ішінде де талай заманнан бері жұпталып айтылып, тиянақталған, мағына жағынан, көркемдік мәні жағынан аз да болса ерекшеліктері барлары ғана қосарланып қолданылады деп түсіну керек.

5. Қазақ тілінде мағыналас екі сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейтеді. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде *плеоназм* дейді. Мысалы: *кең-байтақ ел, айдын шалқар көл, қырмызы қызыл жібек, заңғар биік тау, зәулім биік үй, қызыл жоса қан, нән семіз жылқы, жайдары жарқын мінез, орасан зор жұмыс, құр бекер жүріс*, т.б. Синонимдерді жекелеп, жалғыз-жарымдап жұмсаудан гөрі плеонастикалық тәсілмен жұптап қолдану әлдеқайда мәнерлі болып ұғынылады. Мәселен, *байтақ жер* дегеннен гөрі *ұлан-байтақ жер* деп айту әлдеқайда күштірек мән туғызады. Сол сияқты *ғажайып оқиға* дегеннен *таңғажайып оқиға* дегеннің мәні басымырақ түседі.

6. Синонимдер тек жеке сөздерден ғана емес, сөйлемдер арқылы фразалық тіркестерден де кездесетінін атап өттік. Көңілдегі көрікті ойды сөзбен кестелеп айтып беру үшін фразалық тіркестер тілде орасан зор қызмет атқарады. Мәселен, *басқыншы жауды талқандады* деген сөйлемдегі *талқандады* деген сөздің орнына *жермен-жексен етті, күлін көкке ұшырды* десек, сөзіміз әлдеқайда әсерлі шыққан болар еді. Сондай-ақ екі синоним сөздің қатар қолданылғаны тәрізді мағына жағынан өте жақын екі фразалық тіркес те қаз-қатар жұмсала береді. Мысалы: *Қатерлі қауіп* төнген күндер де өтті, итжығыс, бірде олай, бірде бұлай (Қ. Айнабекұлы). *Бармақ шайнап, сан соғып*, құсамен өткен өмір ғой бұл да бір (Қ. Жұмаділов). Бұл салада да жетістіктермен қатар *әттеген-ай дегізіп, сан соқтырарлық* олқылықтар да бар («Жетісу»). Исекең Бекболаттың *ер жүректігін, қайтпас қайсарлығын* көрсететін мысалдар келтіреді («Жетісу»).

7. Синонимдерді жеке сөз бен жеке сөз, қос сөз бен қос сөз, фраза мен фраза күйінде ғана емес, араластырып та жұмсай беруге болады. Мысалы: *Ақсақал абдырады, састы, қысылды, жан терге түсті* (Ж. Аймауытов). *Гүлнаш апай ақтарылмады, шешіліп сыр жармады* (Т. Әлімқұлов). *Жолыққан жанның бәрі де оған атүсті, асығыс жауап берді* (Ж. Жұмаханов). *Ойдың да шикісі бар күлді-көмеіш, Сүйкімсіз арам астай адам жемес. Дүмбілез, дұбарасы бар* оның да, Әрі-сәрі, не ол емес, не бұл емес (Ә. Оналбаев). *Ел-жұрт, халқы* мен ата-анасын көреді («Батырлар жыры»). *Әй, балалық-ай, соған да қайғырады, – деп жұмсақтап, жайып-шуып* айлаға көшті («Лен.жас»).

8. Синонимдерді қолданудың тағы бір тәсілі – *парафраза*. Мұны кейде *перифраза* деп те атайды. Бұл сөздің мәнісі жеке сөздің орнында оның түсінігін сипаттап беру болып шығады. Мәселен, *Алматы* дегеннің орнына *Қазақстанның оңтүстік астанасы*, *М. Әуезов* деудің орнына *«Абай жолы» романының авторы*, *Күләш* деудің орнына *қазақтың бұлбұл әнішісі* деп қолдануға болады. Парафраза бір заттың белгілі бір қасиетін айрықша атап өткісі келгенде немесе соған ерекше назар аудартып, ден қойғызу мақсатында қолданылады. Кейде бір сөзді қайталамай, ойды түрлендіріп баяндау үшін де жұмсалады.

9. Мағынасы жағымсыз сөздердің мәнін тыңдаушыларға жеңілдетіп, жұмсартып айту тәсілін тіл білімінде *эвфемизм* деп атайды. Бұл да тіл мәдениетінің бір тәсілі болып саналады. Мәселен, *өсек-аяң* дегеннің орнына *жаяу почта*, *ұзын құлақ*, *сымсыз телефон* деп, *өтірік* сөз дегеннің орнына *қоспа* деп, *өсекші* дегеннің орнына *жеңіл ауыз* деп, *пара* дегеннің орнына *ауыз бастырық* деп, *ұрлық* дегеннің орнына *жиендік* деп, *қартаю* дегеннің орнына *жасы ұлғаю* деп жұмсартып қолдана беруге болады. М. Әуезов «Абай жолы» романында Абайдың өлімін мынадай эвфемизмдер арқылы бейнелеген: «Осылайша айналасы айыкпаған сұр тұман, суық заман ішінде ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде Абай және қаза тапты. Ұлы кеуденің демі тоқталды. Шөл даланы жарып аққан дариядай игілік өмір үзілді. Сонау бір шақта тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғыз шығып, зәулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті». Мұнда жазушы Абай деудің орнына бірде *ұлы жан*, бірде *ұлы кеуде*, бірде *игілік өмір*, бірде *зәулім өскен алып шынар* деп парафраза тәсілімен ерекше назар аудартқызып отырған болса, *өлді* деген жағымсыз сөздің орнына *дүниеден көшті*, *қаза тапты*, *демі тоқталды*, *үзілді*, *құлады*, *кетті* сияқтанған эвфемизмдер қолданған.

Мұхаң кейде синонимдердің ішінен біреуін ғана таңдап алып, соған ерекше ден қойғызып отырды. Мәселен, жазушының Фатимаға арнап жазған бір хатын («Қазақ әдебиеті», 5 ақпан, 1998 жыл) оқығанымызда «жүз» деген сөзді «жүз көріскенде» деп үш мәрте, «жүз бен жүз» деп бір рет қолданыпты. Мұндай сөз қайталаудың орны бөлек. Бұл ана тілі табиғатын ерекше сезінуден туған ерекше бір сөз қолданыс тәсілі болса керек. Демек, сөз қайталаудың орынсызымен қатар орындысы да болады деп түсінген жөн. Синонимдерді орнын таппай, жай қолдана салу кейде ұғымға кері әсер етеді. Мысалы: *Отырыстарда, кештерде «арақ іш» деп зорлайды. Тілі мен жағына сүйенген әр зорлаушының зорлау стилі әртүрлі* («Алматы ақшамы», 3 ақпан, 1993 жыл). Осындағы



ішімдікке байланысты «зорлау». «зорлаушы» дегендер теріс қолданылған. Оның орнына «арак іш деп қыстама» деп қолдану орынды. «Зорлау» қара күшпен еріксіз болатын іс-әрекет, ал «қыстау» сөз арқылы орындалатындығын екіншісі ажырата бермейді.

Міне, бұл айтылғандардың барлығы да синонимдердің тілдегі атқаратын қызметінің орасан зор екендігін көрсетеді. Тіл білімпаздарының синонимдер жайлы айтқан құнды пікірлері қай тілге қатысты және қай кезеңде айтылғандығына қарамастан, өз құнын еш уақытта жоймақ емес. Қайта барлық тілдегі синонимдерге ортақ қағида ретінде әрдайым айтыла бермек.

Тіл – халықтың аса маңызды қатынас құралы болатындықтан, ондағы сөздер халық тілінің байлығы ретінде танылатыны мәлім. Зерттеушілер синонимдер түгілі мағыналық тепе-теңдіктегі дублет сөздер мен сөз варианттарын да тіл жүйесінің сымбаты мен гармониясына нұқсан келтіретін кездейсоқ құбылыс санап, нұсқау берудің нәтижесі әрдайым дұрыс бола бермейтінін ескертеді. Өйткені тіл шұбарлауға итермелейтін сөз қолданудағы ала-құлалық пен тұрақсыздықты аластауға жағдай жасай отырып, тілді байытуға, түрлі амал-тәсілді жетілдіруге, стильдік өң беруге септігі тиюі ықтимал тенденцияны дамыту мақсаты көзделетіні белгілі.

Сөздің әр алуан варианттары мен дублет сөздер тұлғаларында айырмашылығы бар, бірақ мағыналары тепе-теңдікті білдіретін болғандықтан, сырттай синонимдерге ұқсайтын, омонимдерге қарама-қарсы тілдік құбылыс. Алайда синонимдердің семантикалық ұқсастығы болғанымен, әрқайсысының өзіне тән не сәл-пәл мағыналық, не реңктік, не стильдік, не эмоциялық ерекшеліктері бар екені белгілі. Ал сөздің вариант қатарлары бұндай ерекшеліктерді білдірмеуі тиіс. Соған қарамастан түрлі контексте қолданыла беретіндіктен, кей уақыт бір сөздің варианттарын әртүрлі бөлек сөздерден (синонимдерден) ажырату қиын соғады. Синонимдердің бір сөздің варианттарынан ажыратарлық дәл критерийінің айқын еместігі, синонимдер табиғатының да күрделі жақтары әлі жете зерттеліп біте қоймағанын аңғартса керек. Әртүрлі сөздерге жататын синонимдерді кейде бір сөздің варианттарынан ажыратудың қиынға түсуінің тағы бір себебі вариант тұлғалардың кейбірінің жүре келе мағыналық жағынан саралануымен немесе стильдік реңкке ие болуымен байланысты. Қайсыбір мағыналық толық тепе-теңдікте тұрған түбірлес сөздерді абсолют синонимдерге жатқызамыз. Мысалы, *құрттай* – *құртымдай* – *құртақандай* – *қиттай* – *құйттай* – *титтей* – *титімдай* –

*тинамдай – тинақымдай – шиттей – биттей – битімдей* деген секілді көпшілігі түбірлес сөздер осылайша синонимдік қатар құрайды. Сондай-ақ *садақа* мен *садаға*, *жаңқа* мен *жоңқа*, *шұқыр* мен *шұңқыр*, *қыстау* мен *қыстақ*, *күзеу* мен *күзек*, *сұрау* мен *сұрақ* төрізді түбірлес сөздерді мағына жағынан нақ бірдей деп айтуға мүлдем болмайды. *Қоңырсу* мен *көңірсу*, *пысылдау* мен *пышылдау* сияқты сөздер де бір-бірінен өзгеше. Мысалы: Тамызықсыз жас отын *пысылдап* жанбайды. Бала мұрны *пышылдап*, төсекте ұйықтап жатыр екен. Машинаның балонынан *пысылдап* жел шықты. Осындағы *пысылдау* дегеннің орнына *пышылдау* деп қолдануға болмайды. *Пышылдау* тек жанды заттарға айтылса, *пысылдау* жандыға да, жансызға да бірдей жалпылама жұмсала береді. Осы төрізді *аппақ/әппақ*, *лағынат/нәлет*, *заңғар/зеңгір*, *арырақ/әрірек*, *лазым/ләзім*, *қанық/көнік*, *қане/көне*, *залым/зәлім/зұлым*, *өмір/ғұмыр*, *ана/әне*, *мұрсат/мұрса*, *жаудыра/жәудіре*, *мағлұмат/мәлімет*, *мағлұм/мәлім*, *қанық/көнік*, *нәрсе/нәсте* сөздері де баспасөзде қатар қолданылып жүр.

Жалпы айтқанда, сөздің синонимдік қатары мен жарыспа сөз тұлғаларының аражігін дәл ажырату мүмкін бола бермейді. Тіпті мағынасы тепе-тең бір сөздің дыбыстық варианттарының да тілімізде абсолют синоним ретінде қолданылып жүргені аз емес: *бейіл – пейіл*, *айғайла – айқайла*, *бәле – пәле*, *мана – бана*, *дақ – тақ*, *дырдай – дыңдай*, *жәбір – зәбір*, *қостау – қоштау* және т.с.с.

Мұндай синонимдер сөз тұлғаларының ықшамдалуы арқылы да жасалады: *хал/өл*, *ахуал/өл*, *жағдай/жәй/жай*, *барлығы/бәрі*, *ажар/әр*, *шаһар/шәр(і)*, *заһар/зәр*, *қаһар/кәр*, *сағат/сәт*, *жағдаят/жәйт*, *ғалам/әлем*, *харекет/әрекет*, *қаріп/әріп*, *тағлым/тәлім*, *тағзым/тәжім*, *кілең/кіл*, *ғұмыр/өмір*, *мағлұм/мәлім*, *тағлым/тәлім*, *хайуанат/хайуана/хайуан/айуан*, *бәлки/бәлкім*, *аяулы/аялы*, *әнеки/әне*, *замана/заман*, *жүбауратты/жүбатты/жүатты/уатты*, *қадам/қадым/адым*, *газиз/әзіз/әз*, *біржолата/біротала/біржола*, *құдай/құдая/құда*, *берекет/береке* т.б. Зерттеушілер абсолют синонимдерге қазақ тіліндегі сөздің тұрақты варианттарын да жатқызып жүр. Олардың ішінде үндестік заңына қатыстысы да (*ғана – қана*, *құрлы – құрлы*, *ғой – қой*, *мен – бен – пен*), басқа да сөздер бар (*дейін – шейін*, *риза – рзы* – *ырза*, *нәсіп – несіп*, *залал – зиян*). Тұрақты варианттардың ішінде өзіндік ерекшелігімен айрықшаланатыны – семантикалық түрі: *быжалақта – шыжалақта*, *быж-быж – быж-тыж*, *быр-быр – пыр-пыр*, *бырт-бырт – пырт-пырт*, *быттыю – баттыю*, *гөй-гөй – көй-көй*, *гу-гу – ку-ку*, *гуле – куле*, *гуілде – куілде*,

*гүж-гүж* – *күж-күж*, *гүжіл* – *күжіл*, т.б. Ода-ғайлардың мелодика мен интонациялық құбылмалығы контексте түрлі варианттардың келе беруі үшін қолайлы екен. Мысалы, әртүрлі көңіл күйіне, нақтылы жағдайға қарай бір сөздің *апырай* – *апырой* – *апырмай* – *ойпырай* – *ойпырмай* – *ойпырым* – *япырай* – *япырмау* – *япырмай* – *япырым* секілді семантикалық варианты абсолют синоним ретінде қолданыла береді. *Әттең/әттегене*, *ойбай/ойбұй/ұйбай*, *па/наһ/най*, *наһ-наһ/най-най*, *оһо/еһе*, *бай-бай/най-най*, *бәлі/нәлі*, *ей/әй*, *оһ/аһ/үһ*, *ой/ай*, *уа/уай*, *айқай/айхай/ойхой/айхой/ ойһой/айһай* да осы секілді. Қазіргі көркем әдебиетте жарыса қолданылып жүрген қайсыбір абсолют синонимдердің кездесу жағдайлары мынандай: а) сөйлеу тіліндегі жергілікті колоритті құрайды; ә) қайталамау үшін қолданылады; б) кейде (әсіресе поэзияда) сөз түрлендірудің, өленнің өлшем ұйқасы мен буын санын ескерудің әсері байқалады; в) жеке кейіпкердің сөз саптау ерекшелігін байқатады.

Баспасөзде қолдану жарасымдығын тауып, әдеби тілде орныға алған вариант сөздердің синонимдерден бөлек, мағыналық жағынан әр басқа атауларға айналатыны да кездеседі. Оған бір кездері жарыспа тұлғаларға жатқызып келген *өкімет* – *үкімет*, *ұлық* – *ұлы*, *кішік* – *кіші*, *қазір* – *әзір*, *ғаламат* – *әлемет* сөздері мысал болады. Варианттардың мағыналық саралануына көп мағыналылықтың (полисемия) ықпалы басым болса, олардың артық сыңарын реттеуде омоним сөздердің тұлғалық даралануының елеулі ықпалы бар екен. Мысалы, *тырнақтау* – *тірнектеу*, *азар* – *әзер*, *ауан* – *әуен*, *зар* – *зәр*, *оп* – *өп*, *мына* – *міне*, *дару* – *дәру*, *тап* – *тәп* сөздері осылайша дараланған. Икемді емле ережесінің игі әсері арқасында қазақ тіліндегі бұрыннан айтылып келген жарыспа тұлғалардың тұлғалық жағынан болсын, мағыналық жағынан болсын реттелуі байқалады. Мысалы, бұрынғы сөздің омонимдік қатарларын *қайтып* – *қайтіп*, *хан* – *қан*, *бұлай* – *былай*, *қат* – *хат*, *ысыру* – *сыру*, *ием* – *ем*, *қас* – *хас*, *халық* – *қалық*, *хақ* – *қақ*, *хош* – *қош*, *қру* – *ру*, *ауыру* – *ауру* түрінде ажыратып жазу қалыптасты.

Дублеттер мен варианттар мағыналық тепе-теңдіктегі сөздер деп есептелгенімен, олардың семантикалық даму бағытында елеулі өзгешеліктер болса керек. Өйткені дублеттер фонетикалық, әсіресе морфологиялық варианттардан гөрі синонимдерге өте-мөте жақын. Сондықтан да көп уақыт жарыса қолдану арқылы жалпы халыққа танымал болған тепе-тең мағынадағы дублет қатарын лингвистер кейде **абсолют синоним** деп те атайды. Дей тұрсақ та, дублет пен

синонимдердің әрқайсысын даралап бөлетіндей өзгешеліктері де жоқ емес. Бұл екеуінің ұқсастығы – сыртқы дыбыстық формасы мен мағыналық бірлестігінде. Синонимдерге қойылатын басты шартты белгі – олар дыбыстық формасы жағынан бір-бірінен дараланып, белгілі бір ұғымды білдіруі қажет. Синонимдердің сыртқы тұлғалық ерекшелігі ұқсаспай да (*азамат – жігіт, ақылды – есті, құрғау – кебу, бүкіл – күллі, мүмкін – ықтимал*), ұқсасып та (*озық – озат, құмар – құштар, нығыздау – тығыздау, омыру – опыру, көксеу – өксеу, ұсыну – ұмсыну, одыраю – адыраю*, т.б.) келе береді. Синонимдерде кездесетін осы белгілер дублет сөздерден де табылады.

Дублеттердің синонимдерге айналуға бейім тұруынан қайсыбір кезде олардың ара жігін ажырату қиынға соғады. Таяу уақытқа дейін дублетке жатқызылып келген кейбір сөздердің мағыналық жігінде немесе стильдік реңкінде, қолданылу тәсілінде сәл-пәл болса да өзгешілік болатындықтан, синонимдік қатар құрауға бейім тұрады. *Ерсі – сөкет – әбес, тонау – ұптеу, керімсал – ыстық жел, келістіруші – мәмлегер, наубайхана – нан пісіретін ұй, төлші – сақманышы, жәрдем – үме, емексу – дәмету, есерсоқ – кеңкелес – келесау – әулекі, куәгер – айғақкер, сіріңке (шағатын) – оттық (от алдыратын), дәріс – сабақ, ақын – шайыр, біз – үскі (жуан, үлкен біз), еңгезердей – зіңгіттей, татиды – арзиды* сөздері тепе-тең мағынаны білдіретініне қарамастан, жалпы халықтық сипатқа ие болғандықтан, дублет емес, синонимдік жұп құрмақ. Баспасөзде қатар қолданыла келе синонимдік қатар құрап кетуі мүмкін *бозы – делбе, барқыт – мақпал, бөшке – күбі, шөмеле – кепене, музыка – саз, рақаттану – жырғау, дәуіт – сиясауыт, үнемі – дәуелі, шапағат – дәремет, көрпе – жуырқан, тебен – жуалдыз* жарыспаларының алдыңғы сыңары басымырақ қолданылып жүр. Нағыз тепе-теңдікте тұрған сияқты көрінетін *кілт/ашқыш, сірә/жүдә, дәу/нән, таңертең/азанда, керемет/әйдік, тықақтау/тақақтау, қажет/әжет, мол/ырғын, рахаттану/жырғау* секілді уақыт сынынан өткен ұқсас тұлғалардың сәл-пәл мағыналық, стильдік реңкіне сәйкес синонимдік қатар түзейтіні анық.

Әуелде бір сыңары жергілікті ерекшелікке жатқан *бұлбұл/сандуғаш, райхан/раушан, қала/шаһар/кент* (поселок), *арай/шапақ, дала/сахара, төреші/қазы, ұлгі/гибрат, мәре/көмбе, асар/үме, тыныш/тиыш, іш/құрсақ, маңдай/пешене, хабаршы/жаршы, әңгімелесу/сұхбаттасу, қолғап/биялай, темекі/шылым* атаулары – қазір бүкіл халыққа түсінікті синоним сөздер. Жергілікті ерекшеліктің жүре келе синонимдік қатар құрағандары мен мағыналық жағынан

дараланғандары бар. Мысалы, мола – қабыр – мурде/там, тамақ – ауқат, елгезер – елек – елеуіш, бақай – башпай, корші – қоңсы – ауылдас/сыбай/хошына, бұршақ – көмбе/қонақ, айыр – аша, ақша – теңге – сом – түл – ділда – манат, қодық – көдек, бапкер – атбегі – саяпкер/атсейіс, өте – тым – жүдә, бастау – бұлақ, ежелгі – бағзы, қамыт – қақыра – шым ұй, сараң/пес, мол/ырғын, делбе/кеңкелес, пысық/сарамжал, ботқа/атала, қалау/зауыгу, жауынгер – сарбаз, есер/келесау, ерен/әйдік, бәкі/шаппа, ерсі – сөкет, тайынша/баспақ, тұлпар – дүлдүл, керемет/әйдік, кәрі/лақса, төлем/бодау, пайымдау/бағамдау, салғыласу/тәжікелесу, мезгіл/мәуірт, сөздік – лұғат, бейнет – мехнат, есіркеу/жебеу, бәрі – баршасы – әммесі, құмыра – көзе, куәгер – айғақкер, шұбат – қымыран т.б. сөздері баспасөзде жарыса қолданып жүр (Таяқша арқылы бергеніміз қалың оқырманға кеңінен таныс бола қоймағандары). Үлкен – зор – дәу – нән – докей, өте – рә, ежелгі – бағзы, қала – шаһар – кент, және – әм, ерсі – сөкет – әбес, еңгезердей – зінгіттей, ақын – шайыр, есерсоқ – кеңкелес, атақты – мәшһүр жарыспаларының көп бөлігі көркем әдебиетте, кітаби жазу стилінде қолдану арқасында әдеби тіл нормасына айналып үлгірді.

Сөз нұсқаларының екі бірдей сыңары ешбір мағыналық реңктік өзгеріске ұшырамай-ақ, дублет ретінде тілде ұзақ уақыт қалып қоюы мүмкін. Мысалы: қақпа – дарбаза, ұлкен – дөкей, тұрмақ – малақай дегендер пәлендей мағыналық реңкпен дараланып, жеке-жеке бөлініп кетеді деп алдын ала сөуегейлік жасау өзiрге қиын. Бір дублеттің басында бар ерекшелік барлық дублет атаулылардан да табылады десек, онда қателесеміз. Әр дублеттің табиғаты көбіне әр басқа. Тегінде вариантты сөздердің қайсысы әдеби тілге жанасымды дегенді анықтау жекелеген адамдардың иелігіне берілмей, Тіл білімі институтында жиналған картотека қорындағы мол материалдарға негізделіп шешілсе, сонда ғана нақтылы шындыққа біршама жақындар едік. Біздіңше, вариантты сөздердің бәрінің де үлкен сөздіктерге тіркелуі қажет. Бұлардың бірлі-жарымын әдеби тілге алып қалып, қалғандарының сөйлеу тілінің аясында жатпай өмір сүре берулеріне ешбір шек қойылмауға тиіс. Әдеби емес формалар мен жеке сөздерді қолдануға тыйым салып отыру – баспасөз қызметкерлерінің борышы. Кейбіреулер сөздің әдеби тілдің аясында қолданылмауы олардың тілден біржола ығысуымен, мүлдем жоғалуымен барабар деп түсінеді. Бұл – негізінен теріс көзқарас. Әдеби тілде қолданылғандар түгелге жуық сөйлеу тілінен де ұшырасып қалуы мүмкін. Ал сөйлеу тіліндегілердің бәрі бірдей әдеби тілде кездеспейді. Сондықтан да сөйлеу

тілі дублетке де, синонимге де өте бай келеді. Көркем шығарма тілі де дублет пен синонимге өте бай. Көркем шығармада кездескеннің бәрін әдеби тілдің нормасы, соның элементі деп тануға болмайды. Көркем әдебиеттен барлық стильдік элементтердің нұсқалары табылады. Бірақ олардың бәрін бірдей әдеби норма, нұсқа деп есептемеу керек. Көркем шығарма тілдегі стильдік салалардың негізгі бір түрі ғана екендігін әрдайым естен шығармау қажет.

Тіл мәдениетін көтеруді қандай жолдармен іске асыру керек, ең алдымен, осы мәселе жан-жақты және түбегейлі зерттелуге тиіс. Біздіңше, бұның басты екі жолы бар сияқты. Бірі – тілдегі барды сұрыптап пайдалану, саралау жолымен іске асса, екіншісі – жоқты жаңадан іздеп табу, жаңғыртып жасау жолымен жүзеге аспақ. Тілдегі жоқты іздеп табу, оны тыңнан жасау қандай қиын болса, бардың өзін ұқсатып кәдеге жаратудың өзі де оңай жұмыс емес. Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы кемшіліктердің ең үлкені синонимдердің мән-мағынасын ажырата білмеуде екендігін мойындау керек.

Әдеби норма тілдің дыбыстық, грамматикалық құрылысы мен сөздік жүйесінің ең өміршең элементтерінің таңдаулыларын іріктеп алу негізінде жасалып, қалыптасады. Әрбір тілдің әдеби нормасы осы тілдің ең жоғарғы өңделген формасы болып табылады. Бұлар нормативті сөздіктерде көрінеді. Сөйтіп баспасөз, радио, театр, теледидар, кино арқылы таралып, мектептегі сабақ жүйесінің негізін құрайды. Біздегі дублеттердің көпшілігі әлі күнге сараланбай бет-бетімен жамырай, жарыса, жапа-гармағай қолданылып жүр. Сондықтан барлық қаламгерлер болып, соларды терең тексеріп, әрқайсысын әртүрлі қызметке жеге білуіміз керек. Дублеттердің бір сыңары актив қызмет атқарса, екінші сыңары пассив қызметке жұмсала беруі мүмкін. Бұл ретте әрбір қаламгер мен баспасөз қызметкерлерінің атқаратын қызметі ерекше. Олар өздерінің үлкенді-кішілі туындыларына соншама жауапты сыншы болғанда ғана бұл ізгі мақсат түпкілікті жүзеге аспақ.

## МАЗМҰНЫ

<i>ҚАЖЫБЕК Е.</i> Тіл мөйегі – сөздікте (Сөздік өндірісі – замана талабы) .....	5
Алғы сөз .....	9
Сөздіктің құрамы мен құрылымы .....	12
Қазақ әліпбиі .....	15
Сөздікте кездесетін шартты қысқартулар .....	16
А .....	17
Ә .....	92
Б .....	112
В .....	167
Г .....	168
Ғ .....	168
Д .....	169
Е .....	191
Ж .....	208
З .....	256
И .....	266
К .....	270
Қ .....	315
Л .....	382
М .....	384
Н .....	412
О .....	418
Ө .....	428
П .....	438
Р .....	446
С .....	453
Т .....	504
У .....	550
Ұ .....	553
Ү .....	565
Ф .....	575
Х .....	576
Ш .....	578
Ы .....	603
І .....	613
Соңғы сөз .....	617

«Арыс» баспасының директоры  
Ғарифолла ӘНЕС

Баспаға А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының  
Ғалымдар кеңесі ұсынған

**СЕЙДІН БИЗАҚОВ**

**СИНОНИМДЕР  
СӨЗДІГІ**

Редакторлар  
**Ш. ЖАМЫҚАЕВА,  
Д. МАХРАНОВ**

Суретші  
**Л. И. ТЕТЕНКО**

Техникалық редакторы  
**С. АҚЫЛОВ**

Беттеген  
**Ә. МОМЫНОВА**

Терім, беттеу жұмыстары «Арыс»  
баспасында атқарылды.

ИБ № 683

Теруге 08.10.2007 берілді. Басуға 12.11.2007 қол  
қойылды. Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ . Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі «Aris». Офсеттік басылыс. Шартты  
баспа табағы 39,5. Есептік баспа табағы 40,0.  
Таралымы 50000 дана. Тапсырыс № 1332.

«Арыс» баспасы,  
050009, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143.  
Тел./факс: 242 65 56, 385 74 67  
E-mail: arys@nursat.kz  
[www.arys.kz](http://www.arys.kz)

Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорация-  
сы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002,  
Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41-үй.



Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті  
төмендегі көпшілікқолды сөздіктерді дайындап,  
жарыққа шығарды:

**2006 жыл**

- *Орфографиялық сөздік*

**2007 жыл**

- *Диалектологиялық сөздік*
- *Орфоэпиялық сөздік*
- *Орысша-қазақша сөздік. I том*
- *Орысша-қазақша сөздік. II том*
- *Синонимдер сөздігі*
- *Тұрақты теңеулер сөздігі*
- *Фразеологиялық сөздік*

*Ескертпе үшін*

*Ескертпе үшін*



**АРЫС**

ISBN 9965-17-465-2



9 789965 174650